ALTYNSARIN AKADEMIASY

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМНЫҢ



# ЖИНАҒЫ

## СБОРНИК

МЕЖДУНАРОДНОГО ФОРУМА «КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ МОДЕРНИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

## PUBLICATIONS

OF THE INTERNATIONAL FORUM «CONCEPTUAL FUNDAMENTALS OF MODERNIZATION OF THE EDUCATION AND SCIENCE SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»



**III бөлім**

Астана, 2023

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ШЖҚ РМК

Министерство просвещения Республики Казахстан
РГП на ПХВ «Национальная академия образования им.И.Алтынсарина»

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМНЫҢ**

# ЖИНАҒЫНЫҢ
# III БӨЛІМІ

# III часть
# СБОРНИКА

**МЕЖДУНАРОДНОГО ФОРУМА «КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ МОДЕРНИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

# Part III of the
# PUBLICATIONS

**OF THE INTERNATIONAL FORUM «CONCEPTUAL FUNDAMENTALS OF MODERNIZATION OF THE EDUCATION AND SCIENCE SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»**

Астана 2023

ӘӨЖ 37+001 (574)
ББК 74+72 (5Қаз)
Қ18

*Бас редактор:*
Тыныбаева М.А. – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті, PhD

*Ғылыми редактор:*
Булатбаева К.Н. – п.ғ.д., Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері

*Редакция алқасы:*
Резуанова Г.К., филол.ғ.к, доцент, Астана халықаралық университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері;
Мұхамедханова А. К., тарих ғыл.кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері;
Жакиянова Ж.Г., PhD, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері;
Актанова А.С. ф.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері;
Арғыматаева А.Ж., PhD, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері;
Ермолдина Э.Т., PhD, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері;
Смагулова М.Г., лингвистика магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

«Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың тұжырымдамалық негіздері» халықаралық форумның жинағы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 2007(984) б. – Қазақша, орысша, ағылшынша.

«Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың тұжырымдамалық негіздері» халықаралық форум аясында қазіргі білім беру саласының өзекті тақырыптары бойынша үш конференция өткізілді. Онда ғалымдар, педагог-практиктер, білім беру орталықтарының мамандары мен әдіскерлері, қосымша білім беру педагогтері, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері, докторанттар мен магистранттар білім беруді жақсартуға және ғылымның дамуына жәрдемдесуге бағытталған өз зерттеулерімен және практикалық тұжырымдарымен бөлісті.

Бұл жинақта сол конференциялардың материалдары (баяндамалар мен ғылыми мақалалар) жинақталған.

Мақалалардың мазмұны үшін авторлар жауапты.

ISBN 978-601-7353-51-3 © Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**
**Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

# «ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ДЕҢГЕЙЛІК МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУ ТЕТІКТЕРІ»

**атты**

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

(2023 жылғы 26 қазан)

*OR11465474 «БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ» ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ*

# БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫҢ МӘТІН АРҚЫЛЫ МӘДЕНИТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Әбілда Ұ.И.**
педагогика ғылымдарының магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«125 High school Almaty-2», Алматы қ.

**Аңдатпа:** Соңғы уақыттарда білім беру жүйесінде білімалушылардың дүниетанымын кеңейту, таным көкжиегін дамыту мақсатында «мәденитаным-дық құзыреттілік» ұғымы жиі қолданылуда. Мәтін арқылы оқушылардың мәденитанымдық құзыреттілігі қалыптасатыны мақалада дәлелденіп отыр. Білімалушылардың мәтін арқылы мәденитанымдық құзыреттілігін арттырудың психологиялық негіздері мақалада тереңірек қарастырылады.

**Аннотация:** В последнее время в системе образования все чаще используется понятие «культурная-познавательная компетентность» с целью расширения кругозора обучающихся, развития кругозора познания. В статье подтверждается, что через текст формируется культурно позновательной компетенции учащихся. Психологические основы повышения кпк обучающихся через текст подробно рассматриваются в статье.

**Abstract:** Recently, the concept of “cultural competence" has been increasingly used in the education system in order to expand the consciousness of students, develop the horizons of knowledge. The article proves that the cultural competence of students is formed through the text. The psychological foundations of improving the cultural competence of students through the text are discussed in detail in the article.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі қоғам талабына сай негізгі бағытын білімалушылардың ой-сезіміне, қабілетіне, қабылдауына, жалпы танымдық аймақтарға бағыттап, назар аударуда. Білім берудің басты мақсаты – озық ойлы, өзіндік талдау жасай алатын, жеке пікірі бар, шығармашылық тұрғыдан ерекше ойлай алатын, жан-жақты, қабілетті, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, мәдени құзыретті тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыда білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында құзыреттілікті қалыптастыру тәсілі қолданылып жүр. Мақаламызда білімалушылардың мәтін арқылы мәденитанымдық құзыреттілігін арттырудың психологиялық негіздерін қарастырмақпыз. Психологиялық негіздерге тоқталмас бұрын, құзырет, мәдениет, таным түсініктеріне анықтама беріп, мәденитанымдық құзыреттілік ұғымына тереңірек үңілсек.

Құзыреттілік ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субьектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens», белгілі сала бойынша жан-жақты, хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді [1, 30]. Білімалушылардың заман ағымына ілесіп, тұлға болып қалыптасуы үшін жан-жақтылық, нақтылық қасиеттері болуы абзал. Әр білімалушыны тұлға ретінде қалыптастыру – қоғамның міндеті әрі білім беру жүйесінің басты мақсаты.

Құзыреттіліктің кәсіби, әлеуметтік, азаматтық, интеграциялық, танымдық т.б. түрлері бар. Білімалушыларды жан-жақтан қаумалаған ақпарат көздерінен барлығын емес, керегін ғана сіңіріп, оны қажетіне қолдана алуды үйрету үшін құзыреттіліктің түрлерінің ішіндегі танымдық құзыреттіліктің, әсіресе мәденитанымдық құзыреттіліктің орны ерекше.

Таным – тұлғаның әлем, қоршаған орта және өзі туралы ойларының нәтижесі. Мәдениет – адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі. Мәдениет адамсыз жаралмайды.

Белгілі американ психолог-гуманисі А.Маслоу: «Мәдениет біздің психологиялық және биологиялық табиғатымызға өте жақын, сондықтан оқытудың негізі ретінде қарау керек»,-дейді [2, 57]. Мәдениет, таным, құзыреттілік ұғымдарын біріктіре отырып, мәденитанымдық құзыреттілікке түсініктеме беріп өтсек. Мәденитанымдық құзыреттілік дегеніміз – құндылықтарға негізделген білім мен дағдыны игеріп, бойына сіңіріп, өмір сүру салтына пайдаланып, үздіксіз дамытып отыратын қабілеттің болуы. Аталған компоненттерді жүйелі түрде ұйымдастырғанда ғана мәденитанымдық құзыреттілік қалыптасады.

Білімалушылардың бойына мәденитанымдық құзыреттілікті қалыптастыруда мәтіннің қызметі орасан. Тұтас, жүйеленген, бас-аяғы жұп-жұмыр, ойы аяқталған, оқырманның танымын кеңейтетін мәтіндер кез келген уақытта «тәрбие құралы» бола алады.

И.Р.Гальперин «Текст как объект лингвистического исследования» атты еңбегінде: «Мәтін аяқталған сөйлеу үдерісінің туындысы болып табылады. Бұл туынды жазбаша құжаттың идеясында объектіленген, құжаттың, шығарманың түріне сәйкес әдеби сипатта өңделген, атаудан (тақырыптан), әр түрлі лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыста топтасқан ерекше бірліктер қатарынан тұрады. Мәтін – бұл мақсаты мен прагматикалық мәні бар шығарма»,-деп анықтама берген [3, 18]. Ғалымның пікірінше кез келген мәтіннің айтар ойы, өзіне тән ерекшелігі, мақсаты болады. Мәтіннің мақсатты болуы білімалушыға мәтін арқылы белгілі бір тақырыпты түсіндіруде, тың ой қозғауда, құзыреттіліктерді қалыптастыруда пайдасы көп. Мәтін – ауызша тараған барлық пайдалы ақпараттарды білімалушыларға жазбаша түрде жеткізу. Мәтінді білімалушыларға жеткізіп қана қоймай, саналарына сіңіре отырып, өмірінде пайдалануға да амал жасау керек.

Бір мәтінді әр білімалушы әртүрлі қабылдайды. Мәтіннің айтар ойын бірі терең түсініп, өмірінде пайдаланса, екіншісі жартылай қабылдайды, үшіншісі мүлдем түсінбеуі мүмкін. Мәтінді ұсынбас бұрын білімалушылардың психологиялық қасиеттеріне (қабылдау, ойлау, ес, зейін, қиял, т.б.), жас ерекшеліктері психологиясына, тұлға психологиясына назар аудару керек. Бір сыныпта отырса, демек бірдей қабылдайды, түсінеді деу қателік болмақ.

XX ғасырда психологтар бала дүниеге келгеннен бастап 7 жасқа дейінгі аралықты балалық шақ кезеңі деген тұжырымға келген. Ұзақ уақыт зерттеудің нәтижесінде қазіргі психология балалық шақ бала бастауыш сыныпты аяқтағанша, тіпті жасөспірімдік кезеңге дейін созылады дейді. Әлі балалық кезеңнен өтпеген білімалушыға күрделі, айтар ойы терең мәтінді ұсынсақ, жеткілікті дәрежеде қабылдап, ой қорыта алмайды.

Ұсынған мәтініміз ұғыныңқы, мақсатты және нәтижелі болуы үшін ең алдымен психологиялық негіздерге, оның ішінде білімалушының танымдық жан қуаттарына, басқаша айтқанда танымдық аймағына назар аударғанымыз жөн.

Танымдық аймаққа:

1. Зейін
2. Түйсік
3. Қабылдау
4. Ес
5. Ойлау
6. Қиял кіреді. Мәтінмен жұмыс кезінде, әр балаға құндылықтарды сіңіріп, құзыреттіліктерді қалыптастыруда танымдық аймақтың қаншалықты маңызды әрі керек екенін білу үшін әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Мәтінмен жұмыс кезінде ең алдымен білімалушының зейінін мәтінге аударту керек. Оқу жұмысында зейіннің маңызы өте үлкен. Оқудың табысты болуы көбінесе мұғалімнің оқушылардың зейінін қаншалықты оқуға аудара білуіне байланысты [4, 131]. Зейін – сананың өзіне қатысы жоқ дүниелерге назар аудармай, қажетті дүниелерге ден қоюы. Зейін ырықсыз, ырықты, үйреншікті деп үшке бөлінеді. Мұғалім мәтін мазмұнына шолу жасап, қызықтырса, білімалушы ырықсыз зейін салады. Яғни еркінен тыс назар аударады. Мәтінге қызыққан соң, соңына дейін оқып ырықты зейін аударады. Мәтіннің өзін қызықтыра алатынын, мәтіннен керегін табатынын білгеннен кейін үйреншікті зейін салады. Бала зейінін әрдайым тәрбиелеп отыру керек.

Зейін қойып оқыған мәтіндегі ақпараттарды түйсікке аударамыз. Түйсік –

ақпараттардың санамызда, миымызда бейнеленуі. Түйсік таным процестеріне жатады, өйткені адам таным процестері арқылы дүниені таниды. Түйсік басқа психикалық процестерге – қабылдауға, есте сақтауға, ойлауға, қиялға материал береді [4, 148]. Түйсік арқылы білімалушы мәтіннен әсер алады, ой түйеді.

Түйсік арқылы миға жеткен ақпараттарды сан жағынан емес, сапа жағынан бейнелейтін түйсіктердің жиынтығы – қабылдау. Әр білімалушының қабылдауы әртүрлі. Тұтастай қабылдау немесе іріктеп қабылдау – білімалушынің ерекшелігі. Мысалы, мәтінде қайырымдылық, жауапкершілік және еңбекқорлық жайлы ақпараттар берілсе, бір білімалушы тек жауапкершілік немесе қайырымдылық жайлы айтылған қатарды, екінші білімалушы тұтас мәтінді қабылдауы мүмкін.

Санада қабылданған мәліметтердің сақталуы ес деп аталады. Есте қалдыру процесінде мәліметтердің ерекшелігі маңызды. Білімалушы мәтіннен бірнеше сөйлемді немесе тұтас мәтінді бір оймен есте сақтайды. Мәтінді есте сақтауда ассоциация маңызды. Кез келген жағдайда шешім қабылдау керек болса, ассоциация арқылы есте қалған мәтіндер көмекке келеді.

Есімізде сақталған ақпараттардан ой қорытылады, ойлау процесі жүреді. Ойлау – адамға ғана тән процесс. Білімалушы мәтінге зейін қойып, түйсініп, қабылдап, есте сақтаған соң барып ойланады. Мұғалім ұсынған мәтін әр білімалушыны ойландыра алса, ол – үлкен жетістік. Ойдан ой туады. Мысалы, мәтінде жауапкершілік туралы айтылса, білімалушы сол мәтін аясында ойланып, өз ішіне үңіліп, өзінің жауапкершілігінің сапасын анықтайды.

Мәтінде айтылған ақпараттар жайлы білімалушы ойлана отырып, өз басында жаңа дүниелер, ерекше идеялар тудырады. Бұл – қиял. Ойдан ой туудың нәтижесі – қиял. Қиялдау үшін білімалушының санасында білім қоры, нақты, жан-жақты ақпараттар болуы керек. Оқу барысында қолданатын мәтіндеріміз де жоғарыда аталған компоненттерге сай болғаны дұрыс.

Кез келген мәтін білімалушының зейінін аудартатын, түйсік арқылы жеңіл түрде қабылдай алатын, есінде қалып, ойландыра отырып қиялдауға ерік беретін болса, білімалушы саналы түрде мақсат таңдайды, ойлау қабілеті дамиды, білім қоры молығады, жан-жақты болады, мәдениетанымдық құзыреттілігі қалыптасады. Оқу барысында ұсынылатын мәтіндерді таңдағанда, құзыреттілікті түрлеріне қарай іріктеп, жинақтап бергеніміз абзал. Іріктелген мәтіндердің күнделікті өмірде қолданылуы да маңызды. Білімалушылардың мәдениетанымдық құзыреттілігін қалыптастыратын мәтіндердің бірнешеуіне тоқталып өтсек.

*Киікті ысқырып атқан...*

*Кейде бағзыдан жеткен бірлі-жарым сөздің өзінен аталарымыздың қай істе қандай ұстанымда болғанын, негізгі болмыс, танымын аңғара беруге болады.*

*Мысалы, «ысқырып атқан киіктің обалы жоқ» дейді. Қадірін білген адамға осы сөз – ұлы қазына. Бұл – бізге бабаларымыздың биік парасатын көрсетіп тұрған бір белгі. Алла адам үшін жаратқан соң киік несібе болады. Қажеттіліктен аулайды. Ғажап, сөйте тұра «ысқырып ат» дейді. Киікке де берілген бір мүмкіндік. Қапы кетпеуі тиіс. Өйтсе "обал болады" дейді ұлы далалық заң. Мұны екінші жағынан кімге, не істесең де ескертіп істе деген сыңайдағы мәтел ретінде пайдаланамыз, әрине.*

*Иә, аталарымыз әдетте түлкіге бүркіт салады, анда-санда болмаса түлкіні мылтықпен ату қалыптаспаған. Былайша, оның өзі түлкі мен бүркітшінің арасындағы тартыс секілді. Бүркітінің бабын келтіре алмаса, бүркітін оңтайлы жерден жібере алмаса, иә құсының шамасы жетпесе, түлкі құтылып кетеді. Ол – түлкінің мүмкіндігі. Тіпті бүркітке ілдірмей інге кіріп кеткен түлкіні құтылдыға санап, ініне түтін салдырмай кері қайтқан қарт құсбегі-лер болғанын да ескі көздерден естігеніміз бар еді. Әйтпесе, іннің аузына от жағып түтін салса, түлкі атып шығады, томағасы алынып дайын отырған бүркіт іннен шыға қашқан түлкіні басып қалады. Міне, осы әдісті қолданбай «Жә, мұзбалақ! Інге дейін іле алмаған өзіміздің көрейік» деп бүркітімен «кеңе-сіп» кері қайтқан атам Мұса жарықтықтың әңгімесін баласы Мәден ақсақал үнемі айтып отыратын* [5, 97].

Мәтінді берудегі мақсат: білімалушыларға адамзатпен қатар, жануарларға, өсімдіктерге, жалпы қоршаған ортаға ізеттелікпен, құрметпен қарау керектігін түсіндіру, саналарында мәңгі сақталуына үлес қосу.

Тапсырма: үлкендерден мәтінде айтылған ойға ұқсас мәліметтерді жинақтау, сыныппен бірге талқылау. Білімалушы тапсырманы орындау арқылы үлкендерден ғибратты әңгімелер естіп, санасына сіңіріп, келесі ұрпаққа жеткізеді.

Әр білімалушының табиғат, қоршаған орта туралы түсінігі әр түрлі. Бірі отбасында туғаннан жан-жануардан бастап, жыбырлаған жәндікке дейін мейірімге қарауды сіңіріп өссе, бірі керісінше... Жоғарыда баяндалған мәтінмен мазмұндас ақпараттарды оқығанда, қабылдағанда оқырман жағымды әсерге бөленеді. Автордың айтып отырған дүниесі өмірдегі шындық. Жазушы қоғамда болған оқиғаны өз көзімен көріп, көрген, түйген дүниесін көпшілікке жеткізіп отыр. Мәтін оқушының ойын дамытатын әрі тәрбие құралы болғандықтан, бұл мәтіннің де мақсаты білімалушыға әсер ету, ой салу.

*Тоғызқұмалақ*

*Той үстінде ойналатын ойындардың шығуын үлкен шығармашылық табыстарға жатқызуға болады. Сондай ойындардың бірі – тоғызқұмалақ. Бұл қазақ халқында ертеден бар ойын. Тоғызқұмалақта есептей білудің маңызы зор. Кім есепке жүйрік болса, сол ұтып шығады. Ойын үстінде адамның ойлағыштығы, тапқыштығы, есептегіштігі, түрлі әдістерді қолдана білуі анықталады. Бұндай құнды қасиеттер ойын барысында калыптасады. Сондықтан да тоғызқұмалақ ойынын жетілдіруге ерекше назар аудару керек. Кезінде осы ойынды ойнау үшін Абай өз ауылында үйірме де құрыпты. Сол заманның өзінде-ақ тоғызқұмалақпен әуестенушілер Абай ауылына арнайы жиналған. Мұнан басқа шахмат, дойбы ойындары да қазақ өмірінен тыс қалған емес* [6, 23].

Мәтінді берудегі мақсат: Қазақ халқында ұлттық ойындар өте көп. Оқушылар ұлттық ойынның санаулысын ғана біледі. Күнделікті өмірде көріп, естіп, ойнап жүрген ұлттық ойындардың пайдасын, ойнаудағы мақсатын түсіндіру, ойынға қызықтыру.

Тапсырма: егер бала тоғызқұмалақ ойынын білмейтін болса, дене шынықтыру пәні мұғалімінен, үлкендерден, ойнай алатын кісілерден, тіпті болмаса арнайы курстардан үйрену. Тоғызқұмалақты ойнауды білсе, сол ойынды ойнай алмайтын досына, жақынына үйрету керек.

Мәтіндердің мағынасы, мазмұны, тәрбиелілігі, танымдылығы, өзектілігі, көркемдігі жеке тұлғаның мәдениетанымдық құзыреттілігін қалыптастыруға қызмет етеді. Мәтіннің негізгі қызметіне білімалушыны нақты ақпаратпен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу мен білім беру де енеді. Білімалушылардың жас және білім ерекшелігіне қарай мәтіндер ұсынылады.

Мәтін білімалушылардың ой-өрісін, сөздік қорын байытумен қатар, қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасауына ұйытқы бола отырып, мәдениетанымдық құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды орынға ие. Мәтіннің бірнеше атқаратын қызметтері бар: білім беру, оқуға үйрету, ой дамыту, тәрбиелеу, тілді дамыту, т.б. Аталған қызметтердің барлығы білімалушыны тұлға ретінде қалыптастыруға негіз болады. Психологиялық негіздерге сүйене отырып, білімалушылардың бойына мәтін арқылы мәдениетанымдық құзыреттілікті қалыптастырудағы негізгі мақсат – саналы, құндылықтарға бай, озық ойлы тұлға тәрбиелеу. Мәтін білімалушылардың дүниеге деген көзқарасын өзгертуде, дүниетанымдық өрісін кеңейтуде, сөздік қорды молайту арқылы тіл байлығын дамытуда, мәдениетанымдық тәлім мен тәрбие беруде негізгі құралдың қызметін атқарады. О.Л.Каменская: «Мәтіндердің жиынтығы – жеке адамның тұтас дүниетанымынан көрінеді» [7, 51],-деп пікір айтқан. Бұл тұжырымда мәтін арқылы тұлғаның ой-өрісі кеңіп, таным көкжиегі қалыптасып, дүниетанымы кеңге қанат жаятыны нақты дәлелденіп отыр.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Құдайбергенова К.А. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және прак-тикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конферен-цияның материалдары. 2008. 30- 32-б.
2. Жусупова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. Алматы, 2011.- 316 бет.
3. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Изд. 5-е, стереотипное. Москва: КомКнига, 2007. – 144 с. ( Лингвистическое наследие XX века)
4. Жұмасова К. Психология: *Оқулық. 2-басылым*. – Астана: Фолиант, 2010. – 296 б.
5. Нұрғалымұлы Ұ. Дайағашшы: *Әңгіме, эссе, мақалалар/.* Астана: «Muqaba», 2019. – 256 б.

6. Мұрғабаева А. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшелігі мен рәсімдік негіздері: Автореферат. Алматы, 2006. – 26 б.
7. Каменская О.Л. Текст и коммуникация. – Москва, 1990.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Әбдіқаппар А.**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., профессор м.а. А.М.Жубандыкова

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері туралы жазылған.

**Аннотация:** В данной статье изложены теоретические основы формирования исследовательских навыков младших школьников.

**Abstract:** This article presents the theoretical foundations of the formation of students' communicative competence on the basis of personality-oriented education.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «21 ғасырдағы білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім беру мазмұнын жетілдіру қажет» екендігітуралы айтылған [1, 11 б.].

Осы орайда бастауыш сынып оқушыларының бойында зерттеушілік дағдыларын дамыту өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Зерттеу мен зерттеушілік іс-әрекет адам мен адамзаттың мақсаттары мен қажеттіліктеріне сай табиғат пен әлеуметтік өмірді шындықтың объективтік заңдарына сәйкес мақсат қою, болжау, жоспарлау, ізденушілік, тәжірибе жасау, жаңа нәтиже алу сияқты адам әрекеті ретінде түсіндіріледі.

Әл-Фараби алғашқы білімдер арқылы мәлім болған белгілі нәрселер – алғышарттар, бұлардан соң тексеру, зерттеу, үйрену және оқу арқылы келетін ғылымдар қалыптасады. Адам зерттеу және оқу арқылы танып білуге талпынатын нәрселер алғашқыда белгісіз болады. Ал егер адам оны зерттеп, оған қол жеткізсе, олар көздеулі мақсатқа айналады, егер осылайша зерттеп оқығаннан кейін адамда сенім, көзқарас немесе білім қалыптасатын болса, онда бұлар қорытындыға айналады, - деп тұжырым жасаған [2, 434 б.]. Бұдан біз ғылымның қалыптасу жолының негізі бірі ретінде зерттеуді қарастырғанын көреміз.

Философиялық сөздікте: Іс-әрекет адамның дүниемен істестігі, қарымқатынас тәсілі "Заттық іс-әрекет" деген анықтама берілген. Іс-әрекет барысындағы адам табиғатты шығармашылық тұрғыда өзгертеді, сөйтіп өзін іскер субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғат құбылыстарын ісәрекет объектісі етеді [3, 494 б.]. Анықтаманы тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік ісәрекетті дамытуға даярлауда өзі игерген табиғат құбылыстарын зерттеу ісәрекетінің объектісіне айналдыра алуы қажет. Бастауыш сыныптан бастап оқытылатын жаратыстану пәнінің аясында оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізе білуге баулу.

Ә. Нысанбаевтың ойынша, табиғат және оның зерттелу процесі адамның табиғатын ашуға әкеліп соқты. Адамның зердесі өзінің ұшан теңіз мүмкіндігімен, шығармашылық қабілетімен танылды. Зердені ғылыми негізде түсіну табиғаттың сырын ашуға, әсіресе жаратылыстанудың негіздерін дамытуға, таным теориясын адам өмірінің кейбір салаларымен байланыстары зерттеуге жол ашты [4, 145 б.]. Автордың пікірі біз үшін маңызды, өйткені зерттеушілік іс-әрекет адамның тікелей зердесі, яғни ақыл-ойының дамуымен байланысты.

А. Байтұрсынов XIX ғасырдың басында белсенді танымдық әрекеттің рөлін өте жоғары бағалады. Автор: «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімнің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы

қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру керек», - деген тұжырым жасаған [5, 336 б.].

Сартаева Н. Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияны қолдану оқу үдерісін қарқынды жүзеге асыруға және оқушылардың ақпараттық - оқу әрекетін, оқу-ойын әрекетін, тәжірибелік-зерттеушілік іс-әрекетін, өзбетінше әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, оңтайлы жол ашады деп, - тұжырымдайды [6, 99 б].

Зерттеушілік іс-әрекет туралы зерттеудің негізін қалаушылардың бірі - Д. Берлайн. Ол физиологиялық бағыттылық тұрғысынан берген анықтамасында «зерттеу іс-әрекет – беймәлімділіктің туындауынан ынтаны бәсеңдетпеуге бағытталған әрекет» деп көрсетеді [7, 206 б.],

*Зерттеушілік іс-әрекет* – білім алушылардың зерттеушілік дағды мен қабілеттіліктерін дамыту, танымның ғылыми әдістерін өздігінен пайдалану туралы білімінің болуы, талданатын теориялық факты мен құбылыстарды, үдерістерді тәжірибеде бақылау және олардың байланыс заңдылығы мен қарым-қатынасын айқындауға бағытталған белсенділігі.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін факторлардың негізіне теория мен практиканың бірігуі, білім беру үдерісінде өте жоғары деңгейде табысқа жетуге мүмкіндік береді, өйткені оның нәтижесін барлық қатысушыларға бірдей көрнекі етеді.

Сонымен, жалпы *«зерттеу» сөзінің түсінігі – танымдық қызметтің арнайы түрі ретінде ғылымға тән жаңа білім өндіру тәсілі* деп түсіндіріледі.

Ал «зерттеушілік іс-әрекетке» философиялық сөздікте – жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау туралы, қоғам туралы әрекет деген түсінік беріледі. Жалпы ғылыми-теориялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерде зерттеушілік іс-әрекеттің маңызын ашу мақсатындағы көзқарастарды талдай келе, оны анықтаудың бірнеше бағытталған іс-әрекеттер негізінде болғанын байқауға болады:

- зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру, дамыту негізінде оқу белсенділігі мәселелері және танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру тұрғысынан;
- жаңа білімді меңгеруге бағытталған зерттеушілік іс-әрекеті негізіндегі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тұрғысынан;
- оқыту проблемаларын шешуге бағытталған іс-әрекеттер тұрғысынан;
- ғылыми шығармашылық әдістемені меңгеруге, шығармашылық тапсырмалар мен міндеттерді шешуге бағытталған шығармашылық іс-әрекеттер тұрғысынан.

Бүгінгі таңда білімді адамдар ғана емес, сонымен қатар жаңа мәселелерді өз бетімен көре алатын, тұжырымдап, шеше алатын санаттағы адамдар қажет. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру және дамыту қазіргі білім берудің өзекті мәселесі болып табылады.

Дағды – адамның шеберлігі мен шығармашылығының негізі. Д.Пойа өзінің еңбегінде «Дағды – бұл шеберлік, жеке адамның өз мақсатына жету үшін қолында бар ақпаратты пайдалана білуі», - деп атап көрсетеді. [8, 33 б.]. Ғалым дағдыны көбінесе әрекеттегі білім деп атайды. Дағдылардың маңызды белгісі олардың жалпылануы болып табылады, нәтижесінде олар өзгермелі және әртүрлі жағдайларда сәтті жүзеге асады.

Дағды кең мағынасында – белгілі бір мәселелерді саналы түрде шешуге қалыптасқан дайындық. Дағды жаңа жағдайларда жақсы бағдарлауды қамтамасыз етеді және шығармашылық элементтерін қамтиды. Г.С. Костюк адам іс-әрекетінің әр түрлі нақты түрлері болса, соншалықты меңгерген дағдысы бар деп есептейді.

В.И.Андреев, Н.Г.Недодатко, В.В.Успенский, В.П.Ушачев сынды ғалымдар оқытушылық және зерттеушілік дағдыларды жеке топқа бөліп қарастырған. Ғылыми-зерттеу дағдыларын жеке топқа бөліп көрсету қажеттілігі техниканың, технологияның, ғылымның даму қарқынының өсуіне, ғылыми сипатта болмаса да, кез келген іс-әрекетке ғылыми көзқарастың рөліне байланысты.

Ғылыми зерттеу дағдыларына ғалымдар төмендегідей түсінік берген.

- «Оқу-зерттеу дағдылары» арқылы оқушылар мәселені шешу жағдайында, зерттеу тапсырмасын орындау процесінде танымның ғылыми әдісінің әдістемесін қолдана білуді түсінеді (В.И. Андреев);
- Зерттеу немесе зерттеудің қандайда бір бөлігін аяқтауға қажетті оқу жұмысының интеллектуалдық, практикалық дағдылары мен дағдыларының жүйесі (А.Г. Иодко);
- білім алушының ғылым негіздерін оқып-үйрену процесінде алған білімдері мен дағдыларына негізделген ғылыми зерттеу логикасына бағынатын және ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне сәйкес келетін ақыл-ой және практикалық әрекеттерді орындау қабілеті (В.П.Ушачев);
- мектеп оқушыларының танымдық ізденіске дайындығының негізінде қалыптасқан күрделі психикалық шығармашылық (интеллектуалдық және практикалық әрекеттердің, үйренген әрекеттің және бекітілген тәсілдерінің синтезі) (Н.Г. Недодатко);
- оның оқу-тәрбие процесінде іс-әрекетті ізденуге және түрлендіруге, сондай-ақ оның дамуына ықпал ететін жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеру қабілетін сипаттайтын тұлғалық қасиет (С.П. Балашова).

Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қарастырған ғалымдардың негізгі зерттеулеріне жалпы шолу жасау және талдау оқу-зерттеу дағдылары түсінігін анықтауда әртүрлі көзқарастардың бар екенін көрсетеді және оқу-зерттеушілік дағдыларға мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- жалпы білім беру дағдыларына қатысты (барлық білім беру пәндеріне байланысты);
- іс-әрекеттер жүйесін құрайды (практикалық және ақыл-ой сипатына қарай);
- ғылыми ізденіс логикасына бағынуы және оқушылардың оқу үдерісінде жаңа білімді игеру үшін саналы түрде пайдалануы.

Дағдылар іс-әрекет барысында қалыптасады. Жалпы психология тұрғысынан іс-әрекет – шындыққа белсенді қатынастың бір түрі, оның нәтижесінде адамның сыртқы әлеммен байланысы орнайды. Сыртқы жағдайлардың тым күрделілігі мен үздіксіз өзгеруіне байланысты филогенездің салыстырмалы түрде ерте кезеңдерінде тірі болмыстың қоршаған ортамен практикалық әрекеттесуін бақылаудың психикалық формаларының пайда болуына өмірлік қажеттілік туындады.

Бұл жағдайда қоршаған әлемді зерттеуден және жағдайдың бейнесін қалыптастырудан тұратын бағдарлау және зерттеу қызметін дамыту ерекше маңызды болды, оның негізінде бағдарлау жасалған жағдайларға сәйкес жүзеге асырылды. Осыған байланысты М.О. Лазарев былай дейді: «Баланың, жасөспірімнің, жастық шақтың адамдық болмысы, өсіп келе жатқан адам үшін шығармашылық, яғни зерттеушілік... белсенділік бірінші орында тұрады».

Ал, В.И.Андреев «Физиологиялық идеяларға негізделген оқу және зерттеу іс-әрекетінің басталуы адамда туа біткен зерттеу рефлексінің әсерінен және оның болуына байланысты жүзеге асады», - деп айтқан.

Осыған байланысты орыс физиологы И.П.Павлов былай деп жазды: «Зерттеу рефлексі деп атауға болатын рефлекс немесе мен оны «бұл не» рефлексі деп атайтын болсам, жеткілікті түрде бағалануы екіталай. Бұл рефлекс ғылымды тудыратын қызығушылықта ғана басқаларға әсер етіп, алысқа барады...».

Демек, қызығушылық, зерттеуге деген құштарлық тірі болмысқа табиғатқа тән және сыртқы жағдайлардың үздіксіз өзгермелілігімен дамып отырады. Дамыта оқыту жағдайында мұғалімнің біртұтас жүйе ретінде ұйымдастыратын тиісті іс-әрекеттер процесінде оқу-зерттеу дағдылары қалыптасады.

Психологиялық-педагогикалық және әдістемелік зерттеулерді талдау ғылыми-зерттеу әрекетінің көптеген түрлері бар екенін көрсетті, олар: зерттеушілік-шығармашылық, ізденістік-зерттеушілік, оқу-зерттеушілік, ғылыми-танымдық, жобалық-зерттеушілік, зерттеушілік, ғылыми зерттеушілік

Педагогикалық әдебиеттерде білім алушылардың зерттеушілік әрекетін кейде ғылыми зерттеушілік (О.И. Анисимова, Г.И. Артемчук, В.М. Гнедашев, Л.С. Левченко, В.В. Маскин,

В.И.Романчиков, В.М. Сиденко, Г.С. Цехмистрова, Л.С. Шевченко), оқу-зерттеушілік (А.Ю. Карлащук, С.М. Коршунов, И.А. Кравцова, Н.Г. Недодатко, И.В. Усачова) немесе эксперименттік-зерттеушілік деп атайды (В.И.Смагин).

Мектептегі оқу-тәрбиелік зерттеулерді жүргізу тәжірибесін, орта білім беру ұйымдарында оқытудың заманауи технологияларын, формаларын, әдістерін тәжірибеде қолдануды және оқушылармен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, қазіргі білім беру жағдайында мектеп оқушыларының оқу-зерттеушілік іс-әрекеті ғылыми-зерттеу жұмыстарынан басым екенін дәлелдеуге болады. Осыған байланысты оқушылардың оқу-зерттеу іс-әрекеті түсінігіне анықтама берген жөн.

Жоғарыда ғалымдардың ой-пікірін талдай келе біз, «оқу-зерттеу іс-әрекеті-бұл оқушылардың арнайы ұйымдастырылған, танымдық шығармашылық әрекеті, оның құрылымы бойынша ғылыми іс-әрекетке сәйкес келеді, ол мақсатпен, белсенділікпен, мотивациямен және білімділікпен сипатталады, нәтижесінде танымдық мотивтер, зерттеу дағдылары, субъективті жаңа білім немесе іс-әрекет әдістері қалыптасады» - деп анықтама береміз.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда зерттеу кезеңдерін, зерттейтін мәселені көре білуін, мәселеге қатысты болжамды тұжырымдау, мақсатты салыстыра, жіктеу, материалды құрылымдау, өздігінен бақылау, эксперимент жүргізе алу, өз көзқарасын, идеясының дұрыстығын түсіндіре және дәлелдей алу білігін қамтитын зерттеушілік әрекетті жүзеге асыру тәсілі ретінде қарастырған жөн деп санаймыз.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы /https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z30
2. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.
3. Философиялық сөздік. Редкол: Р. Н. Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энц. баспасы. 1996. - 525 б.
4. Нысанбаев Н.Ә. және т.б. Қысқаша философия тарихы. – Алматы, 1999. – 272 б
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 442 б.
6. Сартаева Н.Т. Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру: филос. док. PhD ... дис. - Алматы, 2019. - 182 б.
7. Берлайн Д. Мотивация поведения личности. – М., 1996. – 206 с.
8. «Исследовательский» подход к преподаванию математики: рекомендации для учителей по мотивам работ Д. Пойа/ [Электронный ресурс]: issledovatelskiy-podhod-k-prepodavaniyu-matematiki-rekomendatsii-dlya-uchiteley-po-motivam-rabot-d-poya.pdf


## КИБЕРПЕДАГОГИКА–ПЕДАГОГИКАҒЫЛЫМЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЛАСЫ РЕТІНДЕ


**Абдигалиева М.Б.**
педагогика ғылымдарының магистрі,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейі
Ақтөбе қ., Қазақстан



**Аңдатпа:** Мақала педагогика ғылымының инновациялық саласы ретінде киберпедагогика мәселелеріне арналған. Киберпедагогиканың қалыптасуының алғышарттарының кейбір аспектілері қарастырылады. XXI ғасырдағы адамды тәрбиелеу мен оқытудың өзекті мәселелерін шешуде тиімді білім берудекиберонтологиялық тәсілді қолдану қажеттілігінің негіздемесі келтірілген.

**Аннотация**: Статья посвящена проблемам киберпедагогики как инновационной отрасли педагогической науки.Рассмотрены некоторые аспекты предпосылок становления киберпедагогики. Авторами дан понятийный ряд киберпедагогики.


.

**Abstract:** The article is devoted to problems of cybermedicine industry as an innovative pedagogical science.Some aspects of the prerequisites for the formation of cyberspedagogics are considered. The authors give a conceptual series of cyberpedagogics.

Қазіргі әлемнің дамуы өте күрделі де жылдам және ол процесс ақпараттық-коммуникациялық бағытпен сипатталады. Адамның қажеттіліктері ақпарат алу, байланыс және басқалармен қарым- қатынас орнату тек тікелей ғана емес, сонымен бірге Интернет арқылы да қанағаттандырылады. Ол үрдіс білім беру саласына, білім жүйелеріне өз ықпалын кеңінен әсер етіп жатыр деп айтуға болады. Осы тұрғыда педагогика, психология салаларында жаңа ағымдар байқалады. Онлайн және офлайн оқыту формаларында оқу процесін сапалы қамтамасыз ету мақсатында балаларды, барлық санаттағы білім алушыларды, мұғалімдерді, оқытушыларды, ата-аналар мен ғалымдарды байланыстыратын педагогика ғылымының инновациялық салаларының дамуы. Бұл зерттеудің мақсаты - оқытуда АКТ-ны қолдану нәтижесінде пайда болған педагогика, психология әдістемелері мен теорияларындағы өзгерістерді анықтау және киберпедагогиканы педагогика ғылымының жаңа саласы ретінде қарастыра отыра, оның ұғымдарының сиппатамасын қарастыру.

Үздіксіз білім берудің мақсаты – адамның білім беру қажеттілік-терін толығымен қанағаттандыру екендігі белгілі, бұл оның өзін-өзі толық жүзеге асыруға деген ұмтылысының көрінісі де, тез өзгеретін әлемнің жағдайларына бейімделу болып табылады. Мұндай жағдайда адамның өзі оқу процесінің белсенді қатысушысы болады. Білім беру жүйесі жеке адамның, қоғамның және экономиканың қарқынды өзгеретін қажеттіліктеріне реакциясын қамтамасыз ететін икемді білім беру траекторияларын қалыптастыру үшін жағдай жасауды қажет етеді. Сонымен бірге, өзгермелі қоғамдағы білім ақпараттық және коммуникациялық, электрондық, цифрлық, компьютерлік және интернет-технологияларға әлеуметтік-экономикалық дамудан туындаған кең ауқымды білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырудың жалпы міндеттерін қояды.

Осы тұрғыда педагогиканың саласы ретінде киберпедагогикаға қазіргі жағдайда ерекше мән беріліп отыр.

Соңғы кезде педагогика және психология ғылымдарында қарастырылып отырылған проблемаға байланысты жаңа терминдер жиі қолданылып жүр. Олар *виртуалдық педагогика, коммуникациялық педагогика, интербелсенді педагогика, цифрлық педагогика, интернет-педагогика.* Сонымен қатар қазіргі білімдік бірлестікте **киберпедагогика** деген термин, ұғымды жиі кездестіреміз. Сол терминдер арасындағы ұқсастық пен айырмашылығы қандай, неліктен солай аталынады, мүмкін бұлар синоним бе деген сұрақтар да орын алып жатады. Ғылым кеңістігінде осы проблемаға байланысты әр түрлі пікір- таласты байқауға болады [1]. Қазақстандық авторлардың пікірінше, интернет-педагогика – бұл педагогиканың бір саласы, барлық жастағы, санаттағы білім алушыларды, стейкхолдерлерді қашықтықтан оқытудың барлық электрондық материалдарына бірыңғай жылдам қол жеткізу негізінде электрондық оқыту принциптерін іске асыратын жеке іздеу жүйесі. Интернет педагогикасының негіздері, дәстүрлі педагогика сияқты, жалпыадамзаттық құндылықтар, отбасы мен қоғамның құндылықтары, АКТ-ға негізделген заманауи дидактика [2].

Шын мәнінде, қоғамның даму тарихында алғаш рет ақпарат пен ғылыми білім оны жетілдірудің құралы ғана емес, оның әлеуметтік-экономикалық қызметінің негізгі өнімі болып табылады. Сонымен қатар, ақпарат пен білім – бұл ақпараттық қоғамның негізгі активтері мен өнімдері, оның одан әрі әл- ауқаты мен әлеуметтік дамуы тікелей байланысты. Ақпараттық және коммуникациялық, электрондық, цифрлық, компьютерлік және интернет-технологиялар осы дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын тағы бір рет атап өткен жөн.Ол технологиялардың дамуы тез және үздіксіз өзгерістермен сипатталатын ортаны тудырады [3].

Білім беру тарихына үңілсек, киберпедагогиканың пайда болуына, дамуына өз негіздері бар. Адам өмірінің мәдени, тарихи, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық негіздері уақыт өте келе тарихи сипаттағы ақпараттық төңкерістермен анықталды.

Мысалы, XX ғасырдың ортасын ақпараттық технологиялардың қалыптасуының,

компьютерлер мен компьютерлік желілерді, мәліметтер базасын құрудың бастау кезеңі деп айтуға болады. Осы кезеңнен бастап білім саласында жаңа оқу тәсілдері, жүйелері пайдалана басталады.

Олардың ішінде: бағдарламаланған оқыту (Б. Ф. Скиннер, Н.А. Краудер (АҚШ), (В.П. Беспалько, Ю.А. Самарин және т.б.); нейрожелілік педагогика (М.М. Бонгард); кибернетикалық оқыту тұжырымдамасы (С.И. Архангельский, Л.Б. Ительсон және т.б.); кибернетикалық дидактика (Ф.Хайманн) және т.б.

Ресей ғалымы В.А. Плешаковтың айтуынша, XX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың 90-жылдарына дейін жалғасқан уақыт – төртінші ақпараттық революция кезеңі. Бесінші ақпараттық революция, ғалымның пікірінше, XX ғасырдың соңында басталды (1990 ж. – Н.В.): "... ол қазіргі адамзатқа өркениет эволюциясының сапалы жаңа кезеңіне-киберэволюцияға көшуге мүмкіндік беріп, бүкіл әлемдегі әлеуметтік құрылымдардың жаңа түбегейлі өзгерістерінің катализаторы болды" [4].

Сонымен, біздің теориялық шолуымыз аясында мүлдем жаңа жағдайда адам іс-әрекетіне тікелей байланысты ақпараттық төңкерістердің салдары ерекше маңызды болып табылатынын атаймыз. Ал бұл процесс педагогика, психология ғылымдарының әдіснамаларына көп өзгерістерді енгізуді талап етті.

Мақаланы жазу барысында салыстыру және талдау әдістерін пайдаланып, логикалық пайымдауға жол бере отырып, синтездік әдіс қолданылды.

XXI ғасыр басында педагогика, психология ғылымдарында жаңа технологияларға, жаңа концепцияларға кең жол беріле бастады. Теорияға негізделген киберонтологиялық тұжырымдама дами бастады. Осы проблемаға жоғары мән берген ресей ғалымдары В.А. Плешаков [5], В.П. Беспалько [6], Н.А. Обыденкова [7], Н.А. Сляднева [8] және т.б.

***Киберонтологияны*** В.А. Плешаков «даму деңгейімен анықталатын киберқауіптіліктегі адам өмірі және/немесе тіршілік әрекеті» деп сипаттайды [9].

Киберонтологиялық тұжырымдамаға сәйкес адамның білімі оның өмір сүру жағдайларымен анықталады. Сондықтан адам өмірінің жаңа ортасы – киберкеңістік деген ұғым пайда болады.

Кейбір ғалымдардың түсінігі бойынша «киберкеңістік – ақпараттық-техникалық инфрақұрылым- ның өзара тәуелді жиынтығын, оның ішінде деректерді сақтауға, өңдеуге, түрлендіруге және алмасуға арналған ақпараттық және телекоммуникациялық желілер мен компьютерлік жүйелерді қамтитын ақпараттық ортаның Ғаламдық саласы" [10]. Бірқатар авторлардың пікірі бойынша, адам үшін "виртуалды" шындықты құратын құрылым, әлемнің техникалық, ақпараттық және әлеуметтік шындықтарының өзара байланысы

В.А. Плешаков оны "ноосфераның желілік ақпараттық бейнесі" ретінде сипаттайды.Кибервиртуалды кеңістік – ерекше әлем. Онда оған, яғни адамға, толық қатысудың әсері іске асырылады және іс жүзінде адамзаттың өмір сүруінің жаңа баламасы болып табылады. Сондықтан,киберкеңістік жеке тұлға психологиясымен тікелей байланысты.Адамдар киберкеңістікті өздерінің қарым-қатынасы мен мүдделерін көрсететін өзін-өзі көрсету ортасы ретінде жиі қолданады. Психоанализ тұрғысынан киберкеңістікті жеке адамның интрапсихикалық кеңістігі болып табылатын орта ретінде сипаттауға болады. Бүгінгі таңда киберкеңістік адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады, оны толықтырады және тіпті алмастырады (соңғысы әдетте кибер немесе интернет - тәуелділік ретінде қарастырылады). Жеке тұлғаның киберкеңістікке интеграциялану дәрежесіне сәйкес, киберкеңістіктен толық бас тартқан ,"Маугли" деп аталатындардан бастап, киберкеңістікке толығымен интеграцияланған "эмигранттар" деп аталатын адамдардың жаңа жіктелуі туралы айтуға болады. Мұндай жіктеу В.А. Плешаковтың еңбек- терінде сипатталған.Сонымен, тарих барысында киберкеңістіктегі белсенді өмірге, негізінен ақпаратты визуалды қабылдауға және білімді жүйелеуге көшкен адам, қазір жаңа технологиялардың әсерінен өз психикасын өзгертудің өте жылдам процес жағдайында екені мәлім.

Киберкеңістік ұғымымен қатар цифрлық орта, цифрлық білім беру ортасы, кеңістігі деген терминдер кездестіріледі. Ресей ғалымдары Е.С. Ларина және В.С. Овчинскийдің

түсінігі бойынша:

«Цифрлық орта – ақпараттық технологиялар мен киберкеңістіктің алуан түрлілігін беру арқылы физикалық әлемнің әртүрлі нысандарын басқаружелілер мен телекоммуникациялық арналар арқылы сигналдар түріндегі бағдарламалар» [11]. Авторлардың пікірі бойынша, оның инфрақұрылымы, құрылымы және ультра құрылымы бар.

Адам өмірі технологиямен тығыз байланысты, бұл адами қатынастардың сипатын түбегейлі өзгертеді. Дж. Палфридың айтуы бойынша, сандық дәуірдің балалары нарықтық тенденцияларды өзгертеді, сонымен қатар экономиканың көптеген салаларын, білім беру жүйесін және әлемдік саясатты түбегейлі өзгертеді [12]. Осыған байланысты әлеуметтік нормалардың жиынтығын, цифрлық әлемде навигация дағдыларын, ақпаратты пайдалану мәдениетін және оған сыни көзқарасты қалыптастыру қажеттілігімен байланысты көптеген проблемалар туындайтыны мәлім.

Тағы да бір назар аударатын жайт – әрбір адам әлеуметтік және психо-жастық мәртебесінен, этникалық және конфессиялық қатыстылығынан, отбасылық-неке жағдайынан, мүліктік және материалдық жағдайынан басқа, туғаннан бастап өмірінің соңына дейін әлеуметтенудің нақты әлеуетіне, сондай-ақ кибер әлеуметтену мүмкіндіктеріне ие.

Жүргізілген сараптама бойынша, біз ғалым В.А. Плешаковтың киберәлеуметтендіру үрдісіне беріп отырған анықтаманы жөн көреміз. Ол « адамның кибер әлеуметтендіруі жеке тұлғаның әлеуметтенуі ретінде – жеке тұлғаның өзін-өзі тану құрылымындағы сапалы өзгерістер процесі ретінде, сондай-ақ адамның қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық және компьютерлік технологияларды қолдану әсерінен және нәтижесінде пайда болатын жеке тұлғаның қажеттілік-мотивациялық сферасы ретінде», - деп анықтайды .

Кибер әлеуметтендіру процесінде адамда бірқатар жаңа, іс жүзінде киберологиялық күтулер мен мүдделер, мотивтер мен мақсаттар, қажеттіліктер мен көзқарастар, сондай-ақ киберкеңістікпен тікелей байланысты психологиялық және әлеуметтік белсенділік формалары пайда болады. Маслоу жасаған қажеттіліктер пирамидасына сүйене отырып, интернет қолданушылары өздерінің өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыруды да, квази-қанағаттандыруды да (қиялды, нақты қанағаттандыру емес) табады деп болжауға болады. Ал ондай процесс бір неше қиындықтарға әкелу мүмкін. Себебі әр тұлғаның дамуында, оның сана сезімінде өзіні ерекшеліктері бар.

Біріншіден, шындық деңгейлер арасындағы, әлеуметтік және ақпараттық феномен арасындағы психологиялық және іс-әрекет арасындағы кедергілер бұзылады. Қазіргі ақпараттық жүйеге батырылған адам классикалық шындықты оның виртуалдағы проекциясынан толық ажырата алмайды деп айтуға болады.

Екіншіден, өзіндік қызметінің, тұлғалық тәжірибенің және меңзей, яғни болашақ іс-әрекет арасындағы кедергілер ашық білінбейді. Ең алдымен, адамның өзара әрекетін және көрсетілетін виртуалды оқиғаларды, құбылыстарды виртуалды эксперимент ретінде қабылдау. "Адам-виртуалды объект" жүйеде өзара әрекеттесу процесінде көптеген нәзік психологиялық реакциялар болу мүмкін: осы үлгілерді жекелендіру, өзін-өзі өлшеу, оқыту, ақыл-ой эксперимент, виртуалды оқыту және нақты іс- әрекеттердің репетициясы. Ал осындай жағдайлардың қорытындылары психологиялық тұрғыдан әліде толық зерттелмеген.

Ақпараттық сауаттылықтың жаңа деңгейі жаңа психологиялық-педагогикалық тәсілдерге көшуді талап етеді. Олар денсаулықты сақтауды қамтамасыз етуі керек, оқушылардың ақыл-ойының белсенділігін арттыруға, шығармашылық және ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыруға, ақпараттық қоғамда берік орын алуға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның тұтас дүниетанымы мен өзін-өзі тануын дамытуға ықпал етуі керек. Бірақта, жаңа технологияларды қолдану білім сапасын өздігінен арттырады деп ойлау қате болар еді. Олардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін білім беру саласындағы мамандар киберпсихология және киберпедагогика білімін дамыту, зерттеу және белсенді қолдану қажет. Ақпаратты білімге айналдыруға арналған ақпарат көздері мен білім беру технологияларының алуан түрлілігіне қарамастан, білімді білімге айналдырудың бір ғана жолы бар екенін әрдайым есте ұстаған жөн: бұл өзгеріс адамның санасында жүзеге асырылады. Бұл жағдайда адамның

киберкеңістікпен өте қарқынды өзара әрекеттесуін ескеру қажет. Ақпараттық қоғамдағы өміріміздің шындығы – бұл өзара әрекеттесудің нәтижесінде XXI ғасырдағы адамның жеке ой-өрісі, санасы пайда болады және дамиды.

Осы тұрғыда киберпедагогиканың психологиялық бағыттары көп сұрақтарды тудырып, ғылыми ізденістерді талап етеді.

Жаңа ақпараттық қоғамның негізі – нейрондық желі, жасанды интеллектті кеңінен қолдану, цифрлық технологиялар, жаңа басқару технологиялары болып табылады. Қоғам кибер-виртуалдық формацияға енеді, онда болып жатқан процестер тек бақыланатын ғана емес, сонымен бірге осы технологиялар арқылы басқарылады. Ең бастысы, кибервиртуалистика білім беру, тарих, әлеуметтану, психология сияқты маңызды салаларды қамтиды, педагогика – киберпедагогикада жаңа парадигманың қалыптасуына ықпал етеді.

Киберпедагогика проблемаларын зерттеп жүрген ғалымдардың пікіріне сүйене отыра, кибер- педагогиканың негізгі мынадай мақсат-міндеттерін белгілеуге болады: жеке тұлғаның киберәлеуметтен- діру мәдениетін қалыптастыру үшін қауіпсіз жағдайлар жасау, осы процесті оңтайлы (жасына, адамның әлеуметтік мәртебесіне және т.б. байланысты) сүйемелдеу, оны киберәлеуметтендіру процесінде адамға уақтылы пара-пар көмек көрсету. Үздіксіз білім берудің мақсаты адамның білім беру қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру екендігі белгілі, бұл оның өзін-өзі толық жүзеге асыруға деген ұмтылысының көрінісі болып табылады және тез өзгеретін әлем жағдайларына бейімделу. Мұндай жағдайда адамның өзі оқу процесінің белсенді қатысушысы болады.

Қазіргі кезеңдегі қоғамның қарқындылық дамуы мен әлеуметтік институттарды ақпараттандырудың тереңдігі, барлық салаларды цифрландыру, басқадай факторлар білім беруді одан әрі ақпараттандыру, өзгеруін және жағыртуды талап етеді. Осы жағдайдайлар қоғамдық құндылықтарды өзгеруге апарып, адамды желілік сәйкестендіруге әкелді. Бүгінгі таңда адамға жаңа практикалық дағдылар мен теориялық білім ғана емес, сонымен қатар осы білім мен дағдыларды үнемі жетілдіру мүмкіндігі қажет. Басқаша айтқанда, адамзат өмір бойы киберәлеуметтендіру контекстінде үздіксіз білім беру мәдениетін жан-жақты дамытуы керек, өйткені жаңа технологиялар дәстүрлі білім беру процесінің шеңберін өзгертеді. Сондықтан педагогика ғылымындағы ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан кейбір ұстанымдар өзгерістерді талап етеді.

Жасалған сараптама бойынша, ғалымдардың пікіріне сүйене отыра, үздіксіз білім беру жүйесінің дамуында жаңа өзгерістерге сәйкес педагогика, психология ғылымдарындағы жаңа ұғымдардың, терминдердің өз орнын алып жатқанын байқаймыз. Осыған байланысты пайда болып жатқан негізгі ұғымдар:

- киберонотология;
- киберәлеуметтендіру;
- киберкеністік;
- цифрлық білім беру ортасы, т.б.

Бұл ұғымдар педагогика ғылымында инновациялық сала ретінде киберпедагогиканың негізін құрайды деп айтуға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. - 2019 жыл. – 328 бет.

2. Бахтиярова Г.Р. Қазақстан Цифрлық дәурде оқыту дизайнын құруда интербелсенді ідстерді пайдаланудын жолдары. Хабаршы «Педагогикалық сериясы» Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет. 2020. №1(65). – 65-71 б.

3. Карауылбаев С.К., Артюхина М., Жумабаева А.М., Муратова Г.И. Границы развития интернет- педагогики/ / Педагогика және психология. Абай ат. ҚазҰПУ,2020. – Б.2-10.

4. Плешаков В.А. Перспективы киберонтологического подхода в современном образовании // Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: педагогика и психология. 2014. № 3(29). – С. 1-18.

5. Плешаков В.А. Теория киберсоциализации человека: монография; под общ. ред. А.В.

Мудрика. – М.: МПГУ; HomoCyberus, 2011. – 400 с.

6. Беспалько В.П. Киберпедагогика. Педагогические основы управляемого компьютером обучения (E-Learning) / В. П. Обыденкова В.К. Эмпатия в интернет-среде киберпространства: философско-психологический аспект // Философские проблемы информационных технологий и киберпространства. 2013. № 2. – С. 56-67.

7. Сляднева Н.А. Социальная киберпедагогика // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. 2012. № 3. – С. 148

8. Плешаков В.А. Особенности виртуальной компьютерной социализации личности // Проблемы педагогического образования. Сб. науч. ст.: Вып. 25; под ред. В.А. Сластенина, Е.А. Левановой. –М.: МПГУМОСПИ, 2006. – С. 23-25

9. Бородакий Ю.В., Добродеев А.Ю., Бутусов И.В. Кибербезопасность как основной фактор национальной и международной безопасности XXI века (часть 1) // Вопросы кибербезопасности. 2013. –№ 1. – С. 2-9.

10.Ларина, Е.С. Россия и вызовы цифровой среды: рабочая тетр. / Е.С. Ларина, В.С. Овчинский [Электронный ресурс]– Режим доступа: URL: https://russiancouncil.ru/common/upload/WP15Cybersecurity-Ru.

11.Палфри Дж.Дети цифровой эры. – М.:Эксмо,2011. – 368 с.

12.Воинова О.И., Плешаков В.А. Киберонтологический подход в образовании: Монография / Под ред. В.А. Плешакова. – Норильск: НИИ, 2012. – 244 Беспалько. – М.: T8RUGRAM / Народное образование, 2018. – 240 с.

## XXI- ҒАСЫР ТАЛАПТАРЫНА САЙ БІЛІМ САЛАСЫ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ

**Аганина Қ.Ж.**
п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Педагогика және психология» кафедрасы,
Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мақала білім беру жүйесіндегі менеджментті дамыту және XXI-ғасырдың сын-қатерлерін ескере отырып, білім беру саласындағы менеджерлерді даярлауды жетілдіру мәселесіне арналған. Білім беру саласының болашақ менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық шарттарын анықтау мәселелері қаралды. Білім беру менеджерлерін даярлау бойынша элективті курстар бағдарламаларының құрылымдық-мазмұндық сипаттамасы берілген.

**Аннотация:** Статья посвящена проблеме развития менеджмента в системе образования и совершенствования подготовки менеджеров сферы образования с учетом вызовов XXI-века. Рассмотрены вопросы выявления научно-педагогических условий формирования профессиональной компетентности будущих менеджеров сферы образования. Дана структурно-содержательная характеристика программ элективных курсов по подготовке менеджеров образования.

**Abstract:** The article is devoted to the problem of management development in the education system and improving the training of managers in the field of education, taking into account the challenges of the XXI century. The issues of identifying scientific and pedagogical conditions for the formation of professional competence of future managers in the field of education are considered. The structural and content characteristics of elective courses for training education managers are given.

Бүкіл әлемде адами ресурс үшін ғаламдық бәсекелестіктің күшеюі өзектілікке ие болып отыр. Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты-өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау болып отыр . Қазіргі кезде білім беру жүйесін инновациялық білім беру жүйесіне көшіруге жұмыстар жасалуда. Ол үшін педагогтың жаңашыл білім беру жүйесі мен инновациялық білім беру мекемесін дамыту қажет. Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату – жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі.

Білім беруді жетілдіру заман талабына сай білім саласы менеджерлерін даярлауда олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі таңда аса өзекті қажеттіліктердің бірі

болып табылады. Білім беру саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту олардың іскерлік қабілеттіліктерін арттырып қана қоймай, жоғары білім беру саласын жан-жақты жетілдіруге қомақты үлес қосатындығы да белгілі.

Қазіргі заман талаптарға жауап бере алатын білім саласы менеджерлерінің құзыреттіліктерін іріктеу, оларды жаңа инновациалық технологиялар көмегімен қалыптастырудағы білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерін құрастыру мәселелері осы саланы зерттеуші ғалымдардың өзекті зерттеулеріне айналуда.

Білім саласының басшысы қазіргі заманғы мағынада менеджер, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайында жұмыс істейтін, ұйымында арнайы іс-шаралар туралы шешім қабылдауға тұрақты ұстанымы мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтылысы бар маман болып табылады. Ол менеджердің қабылдаған шешімі ақылға қонымды болып табылады және соңғы басқару әдістерін қолдануға негізінен әзір деп күтілуде.

«Постоянного улучшения качества» тұжырымдаманың авторы Э.Деминг сапа кемшілігінің тек 15%-ы тікелей орындаушының кінәсіне байланысты, ал 85% -ын басқару кемшіліктері деп атап өтті. Осындай зерттеу нәтижелеріне талай басшы маман даярлауға бағытталған зерттеулерде нақты көңіл бөлінетін болды.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің дамуы мен оны басқарудағы негізгі ерекшеліктердің бірі олардың әлемдік қауымдастықтың жаһандану-интеграция жағдайындағы жалпы әлеуметтік жүйеге өтуі болып табылады. Осындай жағдайда кез-келген жүйені басқару тұтас үрдіс және объекттің құрамдас элементтері арасындағы күрделі ішкі және сыртқы байланыстардың барлық жиынтығын ескере отырып, XXI-ғасыр талаптарына сай құрылуы тиіс.

Білім берудің реформалары мен жаңаруы жағдайында педагогикалық үрдістің гуманистік бағытын инновациялық педагогиканың көрінісі деп есептеуге болады.

Нарықтық экономика жағдайында кез-келген білім беру мекемесінің қызметінің тиімділігі көпшілігінен қазіргі таңдағы менеджменттің әдістері мен принциптерін қолдануға байланысты.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасында ҚР-ның білім беру жүйесінің әлсіз тұсы болып білім берудегі менеджменттің әлсіз дамуы көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік бағдарламаға сәйкес білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестері құрылып, 2015 жылға дейін 45%-ға дейін, 2020 жылға дейін білім беру ұйымдарының жетекшілері 100 % біліктілікті арттыру мен менеджмент саласындағы қайта дайындаудан өтетін болады делінген болатын [1, 2]. Өкінішке орай, қазір де бұл межеге жете қоймадық.

Білім беру мекемелеріндегі жетекшілердің рөлі өзгеріп келеді – басқару күтімінен және жалпы бақылау оперативті және тиімді басқару. Жүйелі ойлау қазіргі заманғы жетекшілерден нақты сенімсіздік жағдайында басқару шешімдерін қабылдау құзіреттілігінің жоғары деңгейін талап етеді. Тұрақты дамуға білім беру үрдісі үшін оның жауапкершілігі артуда.

Қазақстанның ғалымдары Б.А.Абыкаримұлы, К.С.Ахметкаримова, Р.Ш.Абитаеваның «Білім беру ұйымдары жетекшілерінің басқару құзіреттілігінің даму технологиясы» кітабында қазіргі білім берудегі кейбір қайшылықтарды атап көрсетеді. Олардың ойынша, білім – білім берудің орталықтанған парадигмасы мәдени форма ретінде, 21 ғасыр парадигмасына сәйкес келмейді.

Осыған орай көптеген қазақстандық ғалымдар (К.Н.Нарибаев, К.Ж.Аганина, Б.А.Альмухамбетов, З.А.Исаева, А.А.Жайтапова, З.М.Садвакасова және т.б.) болашақ мамандарды дайындау жүйесін, педагогикалық қызметкерлердің, білім беру орындарының жетекшілерінің – білім беру менеджлерінің біліктілігін арттыруды жетілдіруді жалпыұлттық приоритет деп қарастырады.

Білім беру менеджерлерін дайындауда олардың жалпы басқару теориясының кез-келген жүйесінің құрушылары мен ынталандырушылары болып табылатынын ескеру қажет. Осыған байланысты біздің қазіргі заманғы қауымдастықтағы ұлттық іскерлік мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, менеджерлер мен кәсіби-менеджерлер үлгілерін кәсіби

дайындау жүйесінің принципиалды негіздерін қалыптастыру қажет деп есептейміз [2, б. 120].

Білім беру менеджерлерін дайындауда осындай көлемді жұмыстарды іске асыруда аталған жұмыста негізгі аспектісі болып табылатын ***оқу үрдісін ғылыми-методикалық қамтамасыз ету*** қажет.

Білім берудің мазмұны мен білім беру менеджерлерін дайындау бойынша оқу әдебиеттерін іріктеу және оқу құралдарын дайындауда біз ЖОО-на арналған оқу әдебиеттері біздің қоғамымыздың заманауи әлеуметтік-экономикалық, психология-педагогикалық талаптарына сай болу керек деп көрсетілген бірқатар педагогикалық шарттарды таңдап алдық. Білім берудің мазмұны мен ЖОО-на арналған оқу әдебиеттерінің құрылымы:

- ҚР мемлекеттік саясатына;
- оқытудың заманауи тәсілдеріне;
- ғалымдардың заманауи ғылыми нәтижелеріне;
- оқытудың дидактикалық принциптеріне;
- оқытудағы заманауи технологияларына;
- этикалық нормаларға;
- ҚР-ның білім беру ұйымдарының шынайы материалды-техникалық шарттарына сәйкес таңдалуы шарт.

Білім берудің мазмұны мен білім беру менеджерлерін дайындау бойынша оқу әдебиеттерін іріктеуде менеджмент функциясының заманауи спецификалық ерекшеліктерін есепке алдық [3].

Осылайша, қазіргі таңдағы білім берудегі менеджерлерді дайындауда тек жалпытеоретикалық және фундаменталды емес, сонымен бірге педагогикалық ғылымдағы заманауи бағыт болып табылатын педагогикалық деонтологияның принциптері мен нұсқауларын есепке ала отырғанда гуманитарлық, пәнаралық, кіріктірілген білім мен шеберлік, заманауи инновациялық технологияларды қолдану маңызды.

Педагогикалық деонтология негіздерін есепке ала отырып білім беру менеджерлерін дайындау қазір ерекше өзектілікке ие мемлекеттік құжаттармен айқындалған және «Қазақстан-2050 – Мәңгілік ел» мемлекеттің даму Бағдарламасында ерекше көңіл аударылған жаңа білім беру мақсаттарын нәтижелі жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Білім беру менеджерлері - басқару мәдениеті: этикалық нормалардың интелектуалды, құқықтық, ақпараттық негізін меңгеруге тиіс мамандардың айрықша категориясы [4, б. 34].

Сондықтан білім беру менеджерлерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үлгісін дайындауда біз педагогикалық деонтологияның негіздерін есепке алдық. Міндетті түрде кәсіби менеджерлерге тән болуы тиіс нақты қасиеттер бар. Сондай қасиеттердің үш тобы бар: жеке, кәсіби, ұйымдастырушылық және іскерлік.

Жеке қаситеттерге бірінші кезекте жалпыадами мораль нормаларын әрдайым сақтауды талап ететін адалдық пен әдептілік, айналадағыларға деген қарапайымдылық пен әділеттілік жатады. Жетекші өзінің қол астындағыларды түсінуге, олардан құрметке лайық тұлғаны көруге, олардың жүріс-тұрыстарынан хабардар болуға, адамгершілікті болу және адамдарға қамқор болып, барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып әріптестікке ұмтылуға тырысуы тиіс.

Білім беру менеджері барлық сұрақтарда түбегейлі болуы , «жоғарыдан» және «төменнен» болатын қысымға төтеп бере білуі қажет, одан кейін өзі нық тұрып, өзінің көзқарастарын жасырмай, олар қолданатын құндылықтарды соңына дейін қорғап және басқаларға сол құндылықтарды жеке мысалы арқылы иеленуге жәрдемдесуге, берген сөзінде тұруы қажет.

Білім беру менеджерлері сыпайылықтан қоршағандардың барлық талаптары мен өтініштеріне келісе бермей тек анағұрлым маңызды жағдайда байланыс ұстап, достық және отбасылық қарым-қатынастарды қорғауы тиіс.

Осылармен қатар менеджердің жұмысы өте ауыр сондықтан оның жеке қасиеттерінің маңыздыларының бірі күйзеліспен тиімді күресуге, тағдырдың сындарынан қаймықпай өтуге, қайсар болуға көмектесетін шымыр денсаулық екенін естен шығармаған абзал. Жақсы

физикалық қалыпты сақтау үшін үздіксіз жаттығулар, қызмет түрін ауыстыру болып табылатын теңдестірілген жүктеме қажет. Әр нәрседе табысқа жету үшін күш пен энергияны барлық жұмыстарға рационалды түрде бөлу маңызды.

Алайда бір ғана менеджердің физикалық денсаулығы жеткіліксіз. Ол өзіне жүктелген шамадан тыс барлық қиыншылыққа шыдау үшін сезімтал, дені сау адам болуы да тиіс. Сондықтан алдын ала жағымды эмоцияларды: белсенділікті ынталандыратын толқу; адамды адамгершілікті қылатын мазасыздану; жаңа қызмет салаларын игеруге, алға басуға көмектесетін қызығушылық пен білуге құмарлық; байсалдылықты арттыратын сенімділікті өзінде қалыптастыру керек.

Басқарушылық шешімдерді қабылдауда менеджерден тек біліктілік қана емес, сонымен бірге өмірдің өткір жағдайларына дайын болып қарсы тұруды білдіретін эмоциалық кемелдену талап етіледі. Сонымен қатар, менеджерлердің көбісі осындай жағдайларда қабілетсіздік сезімінен зардап шегіп, өздеріне қосымша шиеленіс тудырып, ақырында күйзеліске алып келеді.

Қазіргі білім беру доктриналарының, стратегиялардың, жүйелердің және технологиялардың сан түрлілігіне қарамастан, білім беру менеджерлерін дайындайтын әмбебап идеяларды кездестіру қиын. Біз өз кезегінде білім саласы менеджерлерін дайындауда олардың құқықтық құзыреттілігі мәселесіне де ден қоямыз. Заманауи нормативтік-құқықтық реттеу тұрғысынан қарастырсақ, құқықтық құзіреттілік менеджердің өз кәсіби қызметі барысында туындаған мәселелерді шешуде заңнама мен нормативтік құқықтық актілерді тиімді қолдана білуге дайындығы деп білеміз. Аталған анықтамаға сүйенсек, білім саласының құқықтық құзіреттілігі оның нормативтік-құқықтық актілермен толыққанды жұмыс істеуінен көрініс табады. Яғни, құқықтық құзіреттілігі толық қалыптасқан білім саласындағы менеджер: үлгілік нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде ұйымның жарғысын дайындауға, білім беру процесіне қатысушылардың құқықтық мәртебесіне салыстырмалы түрде талдау жасауға, педагогикалық қызметкерлердің құқықтық пәндер бойынша біліктілік талаптарын анықтауға қабілетті [5].

Білім саласындағы менеджерлердің дәл осы құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуды көздейтін бағдарлама Абай атындағы ҚазҰПУ-да жүзеге асуда. Аталмыш білім ордасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылдың 24 шілдесіндегі №350 бұйрығына сәйкес, 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, «6М010300 – Педагогика және психология» магистратура мамандығы аясында «Білім берудегі менеджмент» тәжірибелік білім беру бағдарламасы енгізілген болатын. Элективті пәндер каталогының құрамына енген бұл бағдарламаға «Білім беру ұйымдарын басқарудың нормативтік-құқықтық негіздері» атты пән енгізілген. Бұл пән білім беру ұйымдарында басқарушылық қызметті атқаратын болашақ менеджерлерге еліміздегі білім беру ұйымдарының қызметін нормативтік-құқықтық жағынан реттейтін қағидаларды анықтауға, нормативті құжаттарды білуге септігін тигізеді [6].

Қосымша білім саласы менеджерлерінің құқықтық құзыреттілігін жетілдіру мен дамытудың күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі ретінде қарастырылуы да тегіннен-тегін емес. Өйткені, құқықтың моральдық қана емес, заңдық нормаларын білу қай салада да қызмет атқаратын менеджер үшін аса маңызды. Мектептен тыс қызметті жүзеге асыруда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң талаптарын сақтау, бала құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету жоғары жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті талап ететіндігі де сондықтан. Аталмыш Заңның 16-бабының 4-тармағына сәйкес, «баланы оның денсаулығына қауіп төндіруі немесе білім алуына кедергі келтіруі не оның денсаулығына және дене бітімі, ақыл-ойы, рухани, моральдық және әлеуметтік жағынан дамуына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген жұмысты орындауға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады» [7]. Бұл - мектептен тыс қызметті жүзеге асыруда қосымша білім саласындағы менеджерлер заң талаптарын қатаң сақтай отырып, баланың дамуына қандай да болмасын теріс ықпал ететін әрекеттерден оларды сақтандырып, құндылықтық бағдарларды қалыптастырып отыруы тиіс дегенді білдіреді.

Білім беру менеджері барлық сұрақтарда түбегейлі болуы, «жоғарыдан» және «төменнен» болатын қысымға төтеп бере білуі қажет, одан кейін өзінікінде нық тұрып, өзінің көзқарастарын жасырмай, олар қолданатын құндылықтарды соңына дейін қорғап және басқаларға сол құндылықтарды жеке мысалы арқылы иеленуге жәрдемдесуге, берген сөзінде тұруы қажет.

Білім беру менеджерлері сыпайылықтан қоршағандардың барлық талаптары мен өтініштеріне келісе бермей тек анағұрлым маңызды жағдайда байланыс ұстап, достық және отбасылық қарым-қатынастарды қорғауы тиіс.

Басқарушылық шешімдерді қабылдауда менеджерден тек біліктілік қана емес, сонымен бірге өмірдің өткір жағдайларына дайын болып қарсы тұруды білдіретін эмоциялық кемелдену талап етіледі. Сонымен қатар, менеджерлердің көбісі осындай жағдайларда қабілетсіздік сезімінен зардап шегіп, өздеріне қосымша шиеленіс тудырып, ақырында күйзеліске алып келеді.

Бірақ күйзеліс – белгілі-бір деңгейде басқаруға болатын ағзаның реациясы. Кейбір өлшемде ол белсенділікті арттыруда маңызды. Жеткіліксіз жүктеме мен өткір сезімдер моральдық жағдайын нашарлатуға әкеп соғады [8, 108].

Білім беру мекемелерінде жетекшілердің басқарушылық потенциалын, білім беру институттарын жаңа деңгейге шығаратын, сондай жоғары, қоғам талабынан туындайтын деңгейге жеткізуге болады. Бүгінгі күні өзектілік ұйым тұлғасына инновациялар мен инновациялық потенциалдарды енгізетін басқарушылық қызмет секілді мінездемелерді қамтиды. Білім менеджерін дайындау процесінің мұндай моделі білім беру процесінің жеке субъектілерінің дамытуға бағытталған және шығармашылық өзін-өзі дамуына ықпал ететін рефлексивті өзара іс-қимыл, кіріс ұйымдастыру арқылы өз қызметін функционалдық мазмұны негізінде жүзеге асырылады [9].

Білім саласы менеджері жоғары өнер деңгейінде адамдардың ұйымдастырушы, сондықтан білім менеджерлері - ол арнайы дайындықтан талап ететін мамандық.Осы кезеңде білім беру менеджерлері - бұл тұтас процессті сезіну қабілетін қалыптастыру, жеке процестердің әрбір дамуын қамтамасыз ету, олардың негізінде жатқан қайшылықтарды анықтауға қабілетті болуы, олардың шешу жолдарын табу.

Басқару басшының жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін: оның басқарушылыққа талпынысын және қабілетін, өз міндеті мен оны көре білуін қамтитын басқару тұжырымдамасын, басқару ниетін, сондай-ақ басқару ережесі мен ұстанымдары туралы ішкі шешімдерін зерттейді.

Басқарушылық – білім беру қызметі басқару білім беру, оның міндеттерді жүзеге асыру үшін профессор-оқытушылар құрамының табысты болуы үшін жағдай қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазіргі заманғы педагогика және психология осы күрделі проблемаларды шешу үшін тек ортақ көзқарастарды белгілеген (А.Г.Асмолов) [10] .

Инновациялық менеджерлерді оқыту бағдарламасы студентті қарқынды оқуға, әрқашан өзгеріп тұратын жағдайларға бейімделуге дағдылануға, барлық жаңа заттарды іздеп оны қабылдауға, ғылыми ойларды не түрлендіретініне үйрету. Кез-келген техникалық стартапты бастауда – бір компанияға ғылымдағы және бизнестегі адамдарды дұрыс жолмен әкелу оңай емес. Бастамадан енгізуге дейінгі барлық циклдағы инновация жетекшілері тәртіп аралық кеңістікте болатын құзіреттілік, инновациялық менеджерлер.

Инновациялық менеджерлер ортаның бірыңғай процесінің жүйелік интеграторы болып табылады, олардан түсіну мен техникалық өндірістіктегі ептілік, нарықтық білім мен жоғары технологиялық жабдықтарды білу талап етіледі (менеджмент, маркетинг және халықаралық экономикалық қаржылық қатынастар, эконометрика, модельдеу т.б.).

Білім саласындағы инновациялық менеджерлер - білім беру процесіндегі инновациялық өзгерістерді басқаратын субъект. Ол процесс басқарушы және материалдық, еңбек, ақпараттық, әлеуметтік, ғылыми-әдістемелік, экономикалық қорлар, ұстанымдар, функциялар мен қазіргі заманғы менеджменттің әдістерін қолдану арқылы жоғары білікті маман

дайындауға бағытталған педагогикалық функциялардың іске асуын қамтамасыз етеді. Ал бұл сипаттама жалпы білім жүйесіндегі инновациялық менеджмент ұғымдарының ғалымдар: Аньшин В.М., Дагаев А.А. , Л.Н. Оголева, П.Н Завлин, Р.Фатхутдинов зерттеулеріндегі анықтамаларына сүйеніп берілген.

Осы ғалымдар зерттеулеріндегі анықтамалар білім жүйесіндегі инновациялық менеджменттің мән-мағынасын толық сипаттап, оған төмендегі анықтаманы беруге мүмкіндік берді.

*Білім жүйесіндегі инновациялық менеджмент дегеніміз* – білім жүйесіндегі дәстүрлі емес басқарушылық шешімдерді жоспарлау, құрастыру және жүзеге асыруда оқыту мен тәрбие берудің жаңа мақсатын, мазмұнын, әдіс-тәсілдер мен формаларын кірістіру, қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне білім алушы мен оқытушының бірігіп жұмыс жасауын ұйымдастыру және білім сапасына қол жеткізуге бағытталған менеджердің басқарушылық қызметі [11, 60 бет]. Осы анықтамаға сүйене отырып, білім саласындағы инновациялық менеджментті жетілдіру бағытындағы зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасуда. Қазіргі таңда білім саласы менеджерінің өзін-өзі басқару, қаржылық және кәсіпкерлік құзыреттілігін жетілдіру бағытындағы зерттеулер өз өзектілігін байқатуда, осыған орай бұл бағыттағы зерттеулер де жалғасуда, өз кезегінде төмендегі мәселелердің шешімін табушы менеджерлер құзыреттілігін жетілдіреді деген ойдамыз.

Елімізде білім беру мекемелері де кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысады. Білім беру мекемелерінің ең негігі кәсіпкелік іс-әрекеті – ақылы түрде білім беру қызметін ұсыну. Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы. Оларға мыналар жатады: -заңды және жеке тұлғалармен шарт жасасу бойынша оқушыларды оқыту, мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, арнайы курстар мен пәндер циклдерін оқыту, репетиторлық қызмет, оқушылармен тиісті білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінен тыс пәндерді тереңдетіп оқытумен айналысу.

Мемлекеттік білім беру мекемелерінің ақылы білім беру қызметтерін көрсету тәртібін қолданыстағы заңнамаға сәйкес білім министрлігі айқындайды.

Мысалы жоғары оқу орындары жұмыс берушілердің үміттерін қанағаттандырмайтын және әлемдік трендтерге толық сәйкес келмейтін мамандарды даярлайды, ал өз кезегінде білім беру нарығында өз орның жоғалтуға әкеледі. Осы жағдайды өзгерту үшін Білім және ғылым министрлігі «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын ұсынды. Бұл түзетулер 2018 жылдың шілдесінде күшіне енді. Өзгерістер ЖОО қызметінің үш негізгі бағытын реттейді: академиялық, басқарушылық және қаржылық. [12-14]

Жоғарыда айтылғандай білім саласының менеджерлерінің қызмет түрлерінің саналуандығын ескере отырып, зерттеу нәтижесінде бірнеше бағыттағы курс бағдарламалары дайындалып Оқу бағдарламаларына енгізілді:

"Білім беру саласындағы Менеджмент",
"Білім берудегі инновациялық менеджмент",
"Білім берудегі стратегиялық менеджмент",
"Білім берудегі HR менеджмент",
"Білім берудегі қаржылық менеджмент",
"Тайм менеджмент Уақытты басқару",
" Менеджердің құқықтық мәдениеті"
"Мониторинг және статистика"
"Білімді және инновацияларды басқару "
"Білім берудегі мәдениетаралық менеджмент",
"Білім беру саласындағы Маркетинг" және т. б. [ 15]

Зерттеу мәліметтері көрсетіп отырғандай, Абай атындағы ҚазҰПУ базасында ғалымдардың жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындылары, атап

айтқанда: білім беру жүйесіндегі менеджментті жетілдіруге бағытталып қорғалған докторлық, магистрлік диссертациялар, дайындалып жарияланған ғылыми мақалалар мен оқу әдістемелік құралдар Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі менеджментті жетілдіруге, сонымен қатар XXI- ғасыр талаптарына сай білім саласы менеджерлерін даярлауда білім беру саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру ісіне үлкен үлес қосар деген ойдамыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Государственная программа развития образования Республики Казахстана на 2011-2020 годы,Астана-2010 -13 с.
2. Умирбекова Ж.Б. Организационно-педагогические основы менеджмента в образовании в условиях глобализации современного общества. - Диссертация на соискание ученой степени…д.п.н. - Алматы, 2010. С. 353
3. Аганина К.Ж, Утебаева Н.М. Подготовка менеджеров сферы образования как условие эффективного функционирования системы образования // Білім әлемінде. В мире образования. In the world of Education. № 2. 2011. С. 3-6
4. Аганина К.Ж. Білім саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігі /оқу құралы. Алматы, 2016 -240 б,
5. Нарибаев К.Н., Аганина К.Ж. Организационно-педагогические вопросы построению модели менеджера образования // Педагогики и психология Вестник КазНПУим. Абая№ 2. 2012. С. 34-39- 140 стр.
6. Сергеева В.П. Управление образовательными системами. – М., 2000.
7. Жайтапова А. Басқару мәселелері // Білім берудегі менеджмент в образований №3/2004/ 24 стр
8. Нарибаев К.Н., Нурлихина Г.Б., Аганина К.Ж., Жунусбекова А., Куанжанова К., «Подготовка менеджеров образования» / учебное пособие Алматы 2013. КазНПУ им.Абая -140 с.
9. Журавлева Л.В. Практические основы профессиональной подготовки менеджеров образования (Пособие). – «Дефис», Сургут, 2000.
10. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298- б.
11. Таубаева Ш.Т., Аганина К.Ж, Болатбаева А Ә. Білім беру жүйесіндегі инновациялық менеджмент. Оқу құралы. Алматы, 2017 ж,- 150 бет
12. https://ru.sputnik.kz/society/20180425/5411957/kazakhstan-vyssheye-obrazovaniye-izmeneniye.html
13. https://forbes.kz/process/education/bolshaya_peremena_1_1556256976/
14. http://fincenter.kz/kz/funding/podushevoe-funding/
15. Аганина К.Ж. Білім беру жүйесіндегі менеджмент /Монография Алматы, -2021г Таугул-Принт баспасы -232 бет.


.

# БІЛІМ САЛАСЫ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ


**Аганина К.Ж.**
п.ғ.д., профессор
**Тилеубаева А Е. Бухараева А.**
«Педагогика және психология» кафедрасының
1-курс магистранттары,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.



**Аңдатпа:** Мақала бүгінгі таңда аса өзекті қажеттіліктердің бірі болып табылатын білім саласын менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және оны дамытудың инновациялық бағыттарын іздестіру мәселесіне арналады. Педагог қызметкерлердің, соның ішінде білім беру саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту олардың іскерлік қабілеттіліктерін арттырып қана қоймай, білім беру саласын жан-жақты жетілдіруге қомақты үлес қосатындығы жайлы

зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасалынған. Білім саласы менеджерлерінің кәсіби құзыреттіліктерінің бірі өзін-өзі басқару және кәсіпкерлік құзыреттілігін қалыптастыру инновациялық бағыт ретінде қарастырылады.

**Аннотация**: Статья посвящена проблеме формирования профессиональной компетентности менеджеров сферы образования, которая сегодня является одной из наиболее актуальных потребностей, и поиску инновационных направлений ее развития. Проведен анализ научных трудов ученых-исследователей о том, что формирование и развитие профессиональных компетентности педагогических работников, в том числе менеджеров сферы образования, не только повышает их деловые способности, но и вносит весомый вклад в всестороннее совершенствование сферы образования. В качестве одной из профессиональных компетенций менеджеров сферы образования рассматривается инновационное направление формирования их компетенций самоуправления и предпринимательства.

**Abstract:** The article is devoted to the formation of professional competence of managers of the field of Education, which is one of the most urgent needs today, and the search for innovative directions for its development. The analysis of the scientific works of research scientists is carried out on the fact that the formation and development of professional competencies of teachers, including managers of the educational sphere, not only increases their business abilities, but also makes a significant contribution to the comprehensive improvement of the educational sphere. As one of the professional competencies of managers of the field of knowledge, the formation of their self-management and entrepreneurial competencies is considered as an innovative direction.

Қазақстандық педагогикалық білім беруді жаңғыртудың мақсаты – оның тиімді және динамикалық қызмет етуінің механизмін құрастыру. Осындай жаңғыртудың нәтижесі ретінде дайындық, қайта даярлау және педагогикалық кадрларға қоғам ұсынған талаптарға жауап беретін педагогтардың біліктіліктерін арттырудың жаңартылған жүйесі болуы тиіс. Маманнан жоғары кәсібилік және құзіреттілік, жинақылық, кәсіби бейімділік, үнемі өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілік талап етілетіні мемлекеттік құжаттарда ерекше атап көрсетілген [1-4].

Білім берудің реформалары мен жаңаруы жағдайында педагогикалық үрдістің гуманистік бағытын инновациялық көрінісі деп есептеуге болады. Нарықтық экономика жағдайында кез-келген білім беру мекемесінің қызметінің тиімділігі көпшілігінен қазіргі таңдағы менеджменттің әдістері мен принциптерін инновациялық тұрғыда қолдануға байланысты екені белгілі.

Білім саласындағы менеджментті дамыту бағытындағы зерттеулерінде біздің қазақстандық ғалымдар (К.Н.Нарибаев, К.Ж.Аганина, Б.А.Альмухамбетов, З.А.Исаева, А.А.Жайтапова, Ж.Б Умирбекова. А.Болатбаева, З.М.Садвакасова, Р.Ш.Абитаева және т.б) бүкіл әлемде адами ресурс үшін ғаламдық бәсекелестіктің күшеюіне байланысты Қазақстанда адами ресурстардың дамуы ұзақ мерзімді даму стратегиясының маңызды басымдылықтарының бірі болып табылатынын атап көрсеткен. [5-12].

Аталған бағытта Абай атындағы ҚазҰПУ-нің базасында «Білім беру саласындағы менеджмент» ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп, зерттеу жұмысының нәтижесінде білім беру ұйымдарында оларды қолдану үшін «Білім беру саласындағы менеджмент» білім беру бағдарламасының құрастырылып, білім саласы менеджерлерін дайындауда.

Жаһандану жағдайында елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен кіріктірілген жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – білім жүйесіндегі менеджментті жетілдіру бағытында өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, білім жүйесіндегі жаңа жетістіктерге жету барысында оң шешім қабылдай алатын кәсіби құзыретті білім саласы менеджерлерін дайындау болып отыр. Осы ретте білім саласы менеджерлері білім берудің қандай да бір деңгейінде болмасын басшылық қызметті атқарып қана қоймай, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен жетілдіруде нақты ұсыныстар беруге құзыретті маман ретінде танылатындығы белгілі.

Білім саласы менеджері жоғары өнер деңгейінде адамдардың ұйымдастырушы, сондықтан білім менеджерлері - ол арнайы дайындықтан талап ететін мамандық екені белгілі болып отыр. Осы кезеңде білім беру менеджерлері - бұл тұтас процессті сезіну қабілетін

қалыптастыру, жеке процестердің әрбір дамуын қамтамасыз ету, олардың негізінде жатқан қайшылықтарды анықтауға қабілетті болуы, олардың шешу жолдарын табу.

Білім беру менеджерлері - басқару мәдениетін, этикалық нормалардың интелектуалды, құқықтық, ақпараттық негізін меңгеруге тиіс мамандардың айрықша категориясы олардың менеджерлерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үлгісін дайындауда біз оның мазмұны мен құрылымын тұзудің әлеуметтік-экономикалық және педагогикалық психологиялық алғышарттарын қарастырдық. Міндетті түрде кәсіби менеджерлерге тән болуы тиіс нақты қасиеттері бар екені анықталды. Сондай қасиеттердің үш тобы бар: жеке, кәсіби, ұйымдастырушылық және іскерлік.

Жеке қаситеттерге бірінші кезекте жалпыадами мораль нормаларын әрдайым сақтауды талап ететін адалдық пен әдептілік, айналадағыларға деген қарапайымдылық пен әділеттілік жатады. Жетекші өзінің қол астындағыларды түсінуге, олардан құрметке лайық тұлғаны көруге, олардың жүріс-тұрыстарынан хабардар болуға, адамгершілікті болу және адамдарға қамқор болып, барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып әріптестікке ұмтылуға тырысуы тиіс.

Басқарушылық шешімдерді қабылдауда менеджерден тек біліктілік қана емес, сонымен бірге өмірдің өткір жағдайларына дайын болып қарсы тұруды білдіретін эмоциалық кемелдену талап етіледі. Сонымен қатар, менеджерлердің көбісі осындай жағдайларда қабілетсіздік сезімінен зардап шегіп, өздеріне қосымша шиеленіс тудырып, ақырында күйзеліске алып келеді. Осындай келеңсіздіктерді болдырмау үшін инновациялық іс-әрекеттердің қажет екенін және оны болдырмау бағытында зерттеулер жүргізген ғалымдардың (Г.К. Ахметова, З.А. Исаева, Н.А.Абишева, З.М.Садвакасова, А.А.Жайтапова, Ж.Б.Умирбекова, Д.Н. Кулибаева, Е.Ш. Козыбаев, Л.Н.Ким, С.К.Исламгулова) еңбектеріне талдау жасау барысында көз жеткіздік. Яғни, білім саласы менеджерлерінің бүгінгі талаптарға сәйкес, білім саласы менеджерлерінің өзін-өзі басқару құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жан-жақты зерттеу қажеттілігі артып отырғанын байқадық.

Жеке тұлғалық тұрғыдан менеджердің көп өлшемді шығармашылық қызметі мынадай құрамдас бөліктерден тұрады: мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және ерікті.

Жеке қызметі мен басқаруға қойылатын талаптар, оның басқару қызметін сипаттайтын негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- өздерін басқара білу - интегративті сыйымдылығы;
- қажеттілігін, уақытын ұтымды және тиімді пайдалану,
- басқалармен тиімді байланыс саралау, стресс түзету;
- жеке құндылықтар, негізгі өмірлік ұстаным;
- оң басқару шешімдерін қабылдау;
- жеке мақсаттары;
- білімге негізделген өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері;
- проблема шешу дағдылары;
- міндеттерін орындау кезінде табандылық танытуы;
- дәстүрді бұзуға қабілеттілігі, өзгеріс қажеттігі;
- идеялар қабылдауға қабілеті, қателіктерінен сабақ алу қабілеті;
- тәуекелдерді қабылдауға дайындығы;
- адамдарға ықпал ету қабілеті;
- басқарушылық жұмыс ерекшеліктерін түсіну;
- басқару және тиімді адам ресурстарын пайдалана білу;
- даярлау және дамыту қабілеті;
- тобын қалыптастыру мүмкіндігі;

Ол жеке түрде жоғарыда аталған талаптарды талдау, олардағы білім беру қызметін шығармашылық басқару және жүзеге асыру жөніндегі айқын шығармашылық танытуын атап өтуге болады. Барлық осы басқарушылық және педагогикалық шығармашылық магистральді элементі шығармашылық процесіне әлеуетті міндеттеме ретінде шығармашылық болжамға

әкеледі. Шығармашылық процесінің басталуын ынталандыру, сонымен қатар, эмоциялық және ерік және мотивациялық сала және нормативтік фактор шығармашылық ойлау болып табылады. Білім саласы менеджерлерінің осындай қабілеттерін жетілдіруде олардың өзін-өзі басқару құзыреттілігін жетілдіру бағытындағы қажеттіліктің артып отырғанын байқадық.

Жеке тұлғаны дамыту деңгейімен анықталатын шығармашылық басқару және педагогикалық қызметі үшін дайындау. Бұл, өз кезегінде, менеджерлердің кәсіби дайындау басты міндеттерінің бірі болып табылады. Өзін-өзі іске асыру үшін қажеттілігі - шығармашылық тұлғаның ең маңызды сипаттамасы [13].

Өзін-өзі реттеудің ең жоғарғы деңгейі оңтайлы стратегиясы мен тактикасын генерациялайтын, қызметтің субъектісі ретінде тұлғаны сипаттайды. Қызметтің тәуелсіздік бастамасын, жауапкершілік тақырыбын көрсету. Өзін-өзі басқару негізі өмір субъектісінің ұғыну процесі болып табылады. Бұл құбылыстың орталық бөлігі - өздік сана, адам - сана және өзі талдау құбылыстарының көрінісі.

Біз, әдетте, білім беру менеджерінің рефлексиялық лауазымының болуы, екі жағынан қажет деп қабылданған талаптарына келісеміз:

- мотивациялық, өзін-өзі сәйкестілік кезелімді көрсететін;
- тәртібі, рефлексия жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларын дамыту дәрежесін көрсетеді.

Казіргі кезде кәсіпкерлік құзыреттілік заман талабына сай кәсіби құзыретті маманға қойылатын негізгі талаптардың біріне айналуда. Кәсіпкерлік құзыреттілік – белгілі әр салада құндылықтар жасау, дайындау, талабына сай маманның дамытуға қажет білім, дағды, мінез-құлықтар жиынтығы. Бұл сонымен тәуекелге баруды да білдіреді. Құзыреттіліктер техникалық, мінез-құлықтық, ниетке негізделген және өнім жасауға негізделіп, келесі кәсіпкерлік қызметтерде көрініс табады:

- жасаушы;
- ұйымдастырушы;
- маркет зерттеуші [14].

Ғалымдар кәсіпкерлік құзыреттіліктерді қалыптастырудың негізгі үш әдістемесін көрсетеді.

- жеке қасиеттертерге негізделген әдістеме
- кәсіби қызметтік әдіс
- құзыреттілікті дамыту бағыты [15].

Осылайша, құзыреттілік – белгілі бір салада жетістікке жету үшін оқу процесінде қалыптасатын дағдылар, қабілеттер мен білімдерінің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Еуропалық Кеңестің қабылданған анықтамасына сәйкес, құзыреттілік – жеке және кәсіби дамуда, оқуда және жұмыста білім, дағдылар мен жеке қабілеттерін үйлесімде қолданудың дәлелденген мүмкіндігі.

Еуропалық Кеңес Парламентінде кәсіпкерлік бастамашылдық және икемділік сегіз негізгі кәсіпкерлік құзыреттің бірі ретінде көрсетілген:

1. Коммуникация;
2. Ақпараттық технологиялық сауаттылық;
3. Үйренуді үйрену;
4. Қоғамдық, азаматтық құзырет;
5. Бастамашылдық және икемділік;
6. Мәдени түсінігі және өзін ұсынуы [16].

Осы кәсіпкерлік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталып жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде зерттеушілер келесідей негізгі компетенцияларды атап көрсеткен: коммуникация, нетворкинг, коллаборация, өзгеріске икемділік, бастамашылдық (инициативность), креативтілік, командамен жұмыс жасау, өзін бақылау, уақытты үнемдеу мақсат қоя білу, жобалық менеджмент, мәселелерді шешу, жоспарлау, ақпараттық сауаттылық, құқықтық сауаттылық, нәтижелік, көшбасшылық, тәуекелшілдік. Сонымен қатар, білім беру саласы менеджерлерінің кәсіпкерлік құзыреттілігін арттыру үшін оны

бағалау аса маңызды екенін көрсете келе, бағалау арқылы менеджерлердің, педагогтардың құзыреттілік деңгейін анықтауға арналған шкалаларын дайындап, тренингтер мен менторлық сессиялар ұйымдастыруда [17].

Қорыта келгенде, білім беру үрдісінде міндеттердің шешімі тиімді және нәтижелі болу үшін білім менеджері жоғары, білім берудің жоғары инновациялы жағдайында ғана жүзеге асатын шығармашылық қабілетке ие болуы керек. Ал бұл лайықты кәсіби-шығармашыл білім менеджерін даярлайтын ұйымда ғана ықтимал. Сондықтан білім саласы менеджерлерін даярлауда заман талабына сәйкес менеджерлердің өзіндік құзыреттілігі мен кәсіпкерлік құзыреттілігін қалыптастыру инновациялық бағыт ретінде қарастырылып, осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын жалғастырған жөн деп есептейміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Білім туралы(2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30119920
2. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI ЗРК «О статусе педагога». "Казахстанская правда" от 31.12.2019 г., № 250 (29127/
3. Государственная программа развития образования Республики Казахстана на 2022-2026 годы, Астана-2020 -13 стр.
4. Приложение к приказу Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года «Профессиональный стандарт «Педагог».
5. Умирбекова Ж.Б. Организационно-педагогические основы менеджмента в образовании в условиях глобализации современного общества. - Диссертация на соискание ученой степени…д.п.н. - Алматы, 2010. С. 353
6. Аганина К.Ж, Утебаева Н.М. Подготовка менеджеров сферы образования как условие эффективного функционирования системы образования // Білім әлемінде. В мире образования. IntheworldofEducation. № 2. 2011. С. 3-6
7. Нарибаев К.Н., Аганина К.Ж. Организационно-педагогические вопросы построению модели менеджера образования // Педагогики и психология Вестник КазНПУим. Абая№ 2. 2012. С. 34-39- 140 стр.
8. Шепель В М. Человековедческая компетентность менеджера. Управленческая антропология для менеджеров./ https://marketing.wikireading.ru/293/
9. Жайтапова А. Басқару мәселелері // Білім берудегі менеджмент в образований №3/2004/, 24 стр
10. Аганина Қ.Ж. // Мектептегі экономикалық білім негіздері. Алматы , 2011ж -150б
11. Аганина Қ.Ж. «Білім беру жүйесіндегі менеджмент»/ монография.- Алматы: Тауприн, 2021. - 243 б.
12. Абитаева Р.Ш. Развитие управленческой компетентности руководителей организаций образования в системе повышения квалификации – Диссертация на соискание ученой степени…к.п.н. – Караганда, 2010. С. 204
13. Хуторской А.В. Білім беруді жобалауға құзыреттілік көзқарасты қолданудың әдістемелік негіздері // 2017. No 12. 85-91 б.
14. The Basics of Competency Assessment and Its Importance. https://possibleworks.com/blog/entrepreneurship-competency
15. European Commission. (2016). A new skills agenda for Europe. Retrieved from http://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=1223. European Commission, EACEA
16. Аганина К.Ж-Инновация жағдайында білім беру саласы менеджерлерін даярлау. // Білім әлемінде. В мире образования. In the world of Education. № 5 2017. С. 30-34.
17. Gulzhazira KOSMAGANBETOVA Kundyz AGANINA.//Entrepreneurial Competencies of Education Managers and Entrepreneurial Education in Kazakhstan// Материалы меж.конгресса. Турция 20.11.22/

# КОНСАЛТИНГОВАЯ МЕТОДИЧЕСКАЯ СЛУЖБА КАК ИНСТРУМЕНТ УПРАВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ РАЗВИТИЕМ УЧИТЕЛЕЙ

**Алимбекова А.С.**
Заведующий отделом развития МКШ учебно-методического центра управления образования Казахстан, Жамбылская обласать

**Аңдатпа:** Стратификацияланған жүйеде әдістемелік қызметтің дамуын басқару білім берудің жаңартылған мазмұнына және тиімді педагогикалық технологияларға көшу кезінде педагогтардың, мекеме басшыларының шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда әдістемелік қызметтерді дамыту оларды кәсіби басқарушылық-педагогикалық консультациялауға (консалтингке) негізделген педагогтарды кәсіби қолдаудың консультативтік, сараптамалық салалары етіп қайта құруға негізделеді. Консалтингтік әдістемелік қызмет мұғалімдерге өзіндік, жеке, тұлғаға бағдарланған білім беру траекториясын, сондай-ақ үздіксіз кәсіби өсу перспективасын құруға мүмкіндік бере отырып, мұғалімдердің кәсіби дамуына оң әсер етеді.

**Аннотация:** В стратифицированной системе управление развитием методической службой обеспечивает создание условий для реализации творческого потенциала педагогов, руководителей учреждений при переходе на обновлённое содержание образования и эффективные педагогические технологии. Развитие в этом контексте методических служб основывается на преобразовании их в консультативные, экспертные сферы профессиональной поддержки педагогов, построенных на профессиональном управленческо-педагогическом консультировании (консалтинге). Консалтинговая методическая служба влияет позитивно на профессиональное развитие учителей, позволяя учителям составлять собственную, индивидуальную, личностно-ориентированную образовательную траекторию, а также перспективу непрерывного профессионального роста.

**Abstract:** In a stratified system, the management of methodological service development ensures the creation of conditions for the realisation of creative potential of teachers and heads of institutions during the transition to the updated content of education and effective pedagogical technologies. The development of methodological services in this context is based on their transformation into advisory, expert spheres of professional support for teachers, built on professional managerial and pedagogical consulting. Consulting methodological service has a positive impact on the professional development of teachers, allowing teachers to make their own, individual, personality-oriented educational trajectory, as well as the prospect of continuous professional growth.

Современные социальные, экономические, политические условия развития общества в Казахстане выдвигают на первый план проблему развития системы образования и управления ею.

Значительное место в этой системе отводится методическим службам, относящимся к системе дополнительного профессионального образования. Традиционно организованный процесс методического обеспечения на разных уровнях системы в достаточной мере не удовлетворяет образовательные потребности педагогов и руководителей, т.к. многие специалисты этих служб не являются носителями обновленного содержания образования, прогрессивных педагогических и управленческих технологий, службы чаще выступают в роли инспекторов, а не экспертов-профессионалов, результатов деятельности педагогов и в целом образовательных учреждений. Это обстоятельство составляет сущность выявленной проблемы.

Управление развитием методической сферы в данном случае предполагает расширение поля услуг в стратифицированной системе, создание условий для реализации творческого потенциала педагогов, руководителей учреждений при переходе на обновлённое содержание образования и эффективные педагогические технологии.

Развитие в этом контексте методических служб основывается на преобразовании их в консультативные, экспертные сферы профессиональной поддержки педагогов и образовательных учреждений, построенных на профессиональном управленческо-педагогическом консультировании (консалтинге).

На протяжении последних 5лет учебно-методическим центромуправления

образования Жамбылской области, совместно с учеными НАО Ы.Алтынсарина, республиканским Центром профессионального роста и развития школами региона ведутся исследования по определению научных основ организационной структуры, содержания и технологии управления развитием консалтинговой методической службы на местном и региональном уровнях, его социальных и психолого-педагогических условиий, реализация которых обеспечит эффективность управления методической деятельностью, основанной на консалтинге. Объектом данной работы стала система управления методической службой на региональном и местном уровнях. В ходе исследования велось иучение процессов управления развитием консалтинговой деятельности методической службы.

В ходе исследования были изучены состояние проблемы управления развитием консалтинговой деятельности методических служб в педагогической теории и практике; определены теоретико-методологические подходы к построению структуры и технологии управления развитием консалтинговой деятельности методической службы; разработаны содержание и технология управления консалтинговой деятельностью методической службы; определены результативность разработанных структуры и технологии управления развитием консалтинговой деятельности методической службы на региональном и местном уровнях.

Мы исходили из предположения о том, что эффективность управления методической деятельностью, основанной на консалтинге, может быть значительно повышена, если: построить уровневую структурно-функциональную и матрично-проектную модели управления консалтинговой методической деятельностью, которые направлены на реализацию проектов развития системы образования районов и региона; осуществить переход на концептуально-программное, управленческое консультирование для разрешения проблем методическими службами на местах; осуществить переход в деятельности консультантов-методистов на ситуативное управление по конечным результатам работы образовательных учреждений и их педагогов; осуществить технологию консалтинга по основным направлениям деятельности в полном управленческом цикле: от информационно-аналитической до регулятивно-коррекционной функции.

По сути, консалтинг – это помощь, оказываемая внешними консультантами, в решениии той или иной задачи. В практике чаще всего пониматеся как оказание интеллектуальных услуг, консультирование.

Само понятие консалтинг довольно широкое, и ввиду этого оно мало что объясняет, ибо любая помощь клиенту при решении проблем имеет право называться консалтингом.

Консалтинг начинается с таких фаз, как: подготовка работы с клиентом (организацией); диагностика проблем; проектирование решения проблемы.

Клиентами консалтинговой методической службы могут выступить системы трех разных уровней:

1. Административного управления (руководитель методической службы города/района, методисты, руководители творческих групп, мастер-классов).

2. Коллективно-коллегиального управления (научно-методический, экспертный советы, творческие группы, лаборатории, мастер-классы, методические объединения и т.д.).

3. Коллективно-коллегиального управления образовательных учреждений (педагогический коллектив, методический совет, методобъединения, научные кафедры, творческие группы, мастер-классы ит.д.).

Базовым уровнем и важным направлением деятельности консалтинговой методической службы является помощь образовательным учреждениям в формировании системы информационно-аналитической деятельности как основного инструмента управления. Любое иное направление консалтинга начинается также с работы с информационно-аналитическими данными в виде фазы подготовки работы с клиентом и фазы диагноза проблем школьной жизни.

Консалтинговая деятельность создает условия прежде всего для обоснования и обеспечения миссии образовательных учреждений. Обоснование миссии образовательного учреждения направлено на организацию деятельности по:

- поиску, формированию и обоснованию системообразующей педагогической идеи;
- актуализации позитивных принципов деятельности педагогического коллектива, способствующих успешной реализации системообразующей идеи;
- разработке и обоснованию стратегических целей педагогического коллектива.

Консалтинговая деятельность в направлении поиска системообразующей педагогической идеи предполагает :

- Определние комплекса приоритетных проблем , которые обосновывают содержание и технологии образовательного процесса.
- Определние четкого различия между концептуальными и методическими проблемами.
- Формирование спектра педагогических идей, обуславливающих возникновение частных технологических целей.
- Вовлечение педагогов в анализ педагогической теории и практики.

Актуализация позитивных аспектов деятельности по успешной реализации системообразующей идеи предполагает учет условий эффективности решения проблем.Среди них:

- реальные возможности педагогического коллектива;
- наличие финансовых, материальных ресурсов;
- соответствие нововведений как средств решения проблем образовательного учреждения желаниям и возможностям тех, кто будет их реализовывать;
- простотота нововведений для понимания и пользования;
- обязательность системности нововведений и нежелательность их глобальности;
- направленность эффективных нововведений на повышение конкурентоспособности образовательного учреждения.

В миссии образовательного учреждения , методической службы могут быть предложены и обоснованы несколько стратегических целей, которые можно представить в виде «дерева целей».

Консалтинговая методическая служба в системе образования в информационно-методической части своей деятельности может быть ориентирована на выполнение трех основных функций:

- сбор информации, анализ и прогнозирование;
- формирование программы деятельности;
- осуществление рекламы маркетинга.

Информационно-аналитическая служба является основным центром, в котором концентрируется, обрабатывается и анализируется самая разнообразная внешняя информация. То же справедливо и по отношению к внутренней информации., но с некоторыми оговорками.

В развитии консалтинговой методической службы имеется два направления позитивного влияния на профессиональное развитие учителей. С одной стороны, наличие в стране рынка консалтинговых услуг позволяет учителям составлять собственную, индивидуальную, личностно-ориентированную образовательную траекторию, опираясь на многообразные источники информации и выбирая адекватную образовательную модель. С другой стороны, у учителей появляется перспектива самим стать специалистами, оказывающими консультативные услуги в тех областях, по тем вопросам, в которых они добились компетенции высокого уровня, что создает новый вариант мотивиации интенсификации профессионального развития. Первый вариант достаточно широко изучен. В данном случае конструктивнее остановиться на втором случае.

- Инновациялық технологияларды меңгеруі – мұғалім өзінің шығармашылық іс-әрекетінің арқасында тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру үшін қазіргі кездегі бар инновациялық технологияларды меңгеруі тиіс. Жаңа инновациялық технологияларды ғылыми ізденіспен тәжірибеге енгізуде өз үлесін қосуы қажет;
- Педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіптік, шығармашылық іскерлігі;
- Педагогикалық міндеттерді шешу барысында шеберлік танытып, өзінің білім, білік дағдыларын пайдалана отырып, білім алушыларға тиісті білімдер жүйесін меңгерту. Білім алушылардың білімдерін тексеруде оқытушының жүргізетін диагностикалық іс-әрекеті;
- Шығармашылық шеберлігі – оқытушы білім алушыларды оқытып қана қоймай, оларды тәрбиелеумен айналысатыны белгілі, колледж өмірінде небір қиын жағдаяттар кездесіп жатады, сондай жағдаяттарда өзінің шығармашылықпен ойлай білетіндігін, шеберлігін танытуы тиіс. Сонымен қатар білім алушылармен, топпен жүргізілетін түрлі мәдени шараларды ұйымдастыруда дайын жоспарларды пайдаланбай, сол топқа, топ ішінің құрамына, сипатына тән жоспарлар жасап, білім алушылар үшін, ата-аналар үшін, оқытушының өзінің өз ісіне қанағаттануы үшін қызықты іс-шара өткізе білуі шарт[3].

Жоғарыда аталған құзыреттілік құрамынан әр оқытушы өз жұмысына талдау жасап, қызметіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін мойындай алады. Өзіне-өзі сын көзбен қарай отырып, кемшілік болса, түзеп, артықшылықтарымен өз әріптестерімен бөлісе алады, олай ету әр маман үшін өте тиімді.

Оқытушының құзыреттілігі оның сабақты нәтижелі жүргізуіне де тікелей байланысты. **Сабақ нәтижелі болуы үшін оқытушылар төменгі ережелерді ескергендері дұрыс:**

- өте жинақы болу, білім алушылардың алдына қоятын мақсат нақты, айқын болуы және мақсатқа жетудің жолдарын ретімен, бірізділікпен жүргізе білу;
- білім алушыларды төмендетіп, жөнді-жөнсіз ұрыспау, олардың білмегеніне ренжімеу, мейірімді болу. Егер топтың көпшілігі түсінбеген болса, онда өзіңіздің кемшілігіңізді іздеңіз;
- білім алушылардың сөзін бөлмеу, соңына дейін сөйлеуге мүмкіндік беру, білім алушының жауабы дұрыс болмаса, ол қойылған сұрақтың нақты болмауынан;
- тапсырма мен нұсқау анық, білім алушы оқытушының талабын анық түсінетін болуы шарт;
- сабақ барысында білім алушылардың зейінін тұрақтандыру, егер ауытқулар болса, тақырыпты өзгерту немесе қосымша материалдарды пайдалану, білім алушылардың ынта-ықыласын, қызығушылықтарын қадағалап отыру;

- сабақты дәл уақытында бастау, уақытты үнемдей білу, тәрбиелік ақыл-кеңесті ұзақ уақыт айтып тұрудың қажеттілігі аз;
- білім алушыларға қойылған талап міндетті түрде жүзеге асуы керек;
- сабақтың өткізілу темпі интенсивті, бірақ оқу материалдарын білім алушылар толық меңгеруіне жағдай жасалуы шарт;
- білім алушылардың жауабын мақұлдап, ынталандырып, қоштап отыру қажет.

**Оқытушы қызметінде өз кәсіби құзыреттілігін жетілдіре отырып жетістікке жетудің алғышарттары:**

- сырт кескін-келбеті;
- пәндерді сабақтан тыс ақпараттармен қамтамасыз ету;
- мінез-құлқы, пайымдау мүмкіндіктері, оқу процесінде қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуі, әзіл-қалжыңға мән бере білуі;
- білім алушылардың жеткен жетістіктерін мақұлдай, қолдай білуі, шыдамдылық және төзімділік;
- басқалардың пікірін сыйлай білу, еркіндік, икемділік, кез-келген жағдаятты оңтайлы бағытта шешуге арналған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алу;
- білім алушылардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.

Егер оқытушы жоғарыда аталған шарттар мен өзін-өзі жетілдіруге арналған мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, онда оқытушы өз жұмысының нағыз шебері болатыны сөзсіз. Қазіргі қоғамға сай жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқытушының кәсіби құзыреттілігі де жетілген болар еді.

Сөз соңында айтарым, қоғамда әрбір педагог — өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасын мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрулі, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаларға үйретететін нәрселелерін өзі жақсы білуі керек»,- деген. Демек, бұдан алар сөз түйініміз: «Шығармашыл ұстаз — шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой түйіндеуге болады[5].

Абайдың негізгі эстетикалық ұстанымы-«Адам бол!». Адам өзін-өзі тану және өздігінен кемелдену үдерісі кезінде өз мүмкіндіктерімен шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алады және оны жүзеге асыруға міндеттіде. Абай өз пайымдауымен адамның жақсы және жаман қасиеттеріне қатысты нақты бағдар беретін адамгершілік мінез-құлық кодексін жасады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1) ҚазақстанРеспубликасыжаңаформацияпедагогыныңүздіксізпедагогикалықбілім берутұжырымдамасы.– Алматы, 2005.– Б.15

2) СериковВ.В.Личностный подход в образовании: концепция и технологии: Монография. Волгоград: Перемена, 1994

3) Степанова И.Н. Духовно стька к качество личности и проблемы ее воспитания.– Курган, 2004

4) Божович Л.И. Проблемы формирования личности: Изб.психол. труды/подред. Д.И.Фельдштейна.– М.:Ин-тпракт. Психологии; Воронеж: НПО «Модэк»,1995.

Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики. Учебник для студентоввысшихпедагогических учебных заведений –2-еизд.,М.:2001

# КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Кайболдиева Н.Ж.**
педагогика және психология ғылымдарының магистрі,
Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі
директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

**Аңдатпа:** Мақалада болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

**Аннотация:** В статье рассматриваются проблемы формирования профессиональной компетентности будущих специалистов.

**Abstract:**The article considers the problems of formation of professional competence of future specialists.

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекетіміздің тек саясат пен экономика емес, білім беру жүйесіне де үнемі назар аударуы еліміздің болашағы жайындағы кемел ойлардан туындап отырғаны түсінікті. Өйткені, ел байлығы тек мұнай мен газ емес, адам екені белгілі. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор – адам және жеке тұлға болып қала бермек.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Білім берудегі жаңа басымдықтар – студенттердің тұлғалық әлеуетін анықтау және дамыту, әлеуметтік үдерістер мен тұлғааралық қарым-қатынастарды ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде танылатын оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру болып отыр.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда.

Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы.

Құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда.

«Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді [1].

Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары «құзыреттілік» және «құзырет» сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. «Құзыреттілік» – хабардар болушылық, абыройлық; «құзырет» – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы.

Ғалым С.М.Вешниякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Кәсіби құзыреттілік competenens - қабілетті, белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері»,-деген анықтама берілген.

Ғалым Дж. Равеннің «Қазіргі заманға қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде «кәсіби құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама беріледі [2].

Л. М. Митина «құзыреттілік» ұғымына «білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесімде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері»,- деген анықтама береді [3].

Г.Ж. Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Білім беру құзырлары - бұл студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы»,- деп анықтама береді.

Б. Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау кажет. Кез - келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады»-, деп анықтама береді [4].

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама бере аламыз.

Сонымен педагог-психолог, ғалымдардың пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманнның бойында белгілі бір құзіреттіліктер қалыптасуы қажет:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік - еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [5].

Негізгі құзіреттіліктер түріндегі күтілетін кейбір нәтижелерге тоқталсақ, олар: болашақ маманды өз бетінше талдауға, өз қызметіне мақсат қоюға, жоспарлауға, жинақтауға, қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге, сыни тұрғыдан шешім қабылдауға, қарым-қатынас диалогына қатысуға, баламалы өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі түсінуге, өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге, ақпаратты сұрақ қоя отырып жауап алуға, нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға, өз білімін өзгермелі жағдайларда қолдана білуге үйрету.

Сонымен, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маман қандай болуы тиіс?

- Ғылымға негізделген теорияны практикада еркін пайдалана білетін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, білікті маман.
- Рухани – адамгершілік қасиеттері жоғары, кішіпейіл, абзал жанды азамат.
- Моральдық – этикалық ұстанымы жоғары, адамдармен мәдени қарым-қатынасты ұстай білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, басқаға да өзіне де талап қоя білетін тұлға.
- Өз мәдениетін, салт-дәстүрін басқаларға таныта білетін, ана тілін, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған азамат.
- Шығармашыл ізденіске ынта-ықылысы жоғары маман.
- Өзін-өзі тәрбиелей алатын, мәдени, кәсіби іс-әрекеттерді еркін ұйымдастыра білетін маман.
- Әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман
- Өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман.

Әрине, жұмысқа орналасу жас маманның өзіне байланысты. Ғалымдардың пікірі бойынша жақсы жұмысқа орналасу жас маманның 40% -кәсіптік біліміне, 60%- жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты екен.

Болашақ мамандарға кеңес: «Қалай жақсы жұмыс табуға болады?»

1) Білім алуға ұмтылу және өзі білімін үнемі жетілдірумен айналысу. Түрлі семинарларға, тренингтерге, конференцияларға қатысу.

2) Үнемі белсенді өмір позициясын ұстану.

3) Нақты алға қойған мақсат-міндетін анықтап, алға ұмтылу.

4) Еңбек нарығын бағдарлау, ол үшін жұмысқа орналасуға арналған бос орын жәрмеңкелеріне қатысу. Мұндай шараларға қатысу барысында жастар өз қаласында қандай мекемелер мен фирмалар бар екенін, олардың айналысатын іс-әрекетімен, қызметкерлерімен танысып, қандай мамандық иелері жеткіліксіз, олардың еңбекақылары қандай екендігі туралы ақпараттар біліп, жұмыс берушімен жүздесе алады.

5) Жұмыс іздеу барысында қандай мекемелерден көмек сұрау керектігін және сол мекемелердің қызмет көрсету түрлері қандай екендігін білу.

6) Өзіңнің айналаңдағы адамдардың іс-әрекетіне назар аударып жүрудің де маңызы бар, өйткені басқаларға қарағанда олар сіздің біліміңізді байытуы мүмкін.

7) Қазіргі заманға лайықты жеке тұлғалық қасиеттерді дамытып, өз бойында дербестік, бәсекеге қабілеттілік, шығармашылық, қарым-қатынас жасай білу,өз ой-пікірін еркін жеткізе алу қасиеттерін жетілдіру.

Сонымен, кәсіби құзыреттілік дегеніміз ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. ҚұрманалинаШ.Х.,МұқановаБ.Ж. Педагогика.

2. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация.

3. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя.

4. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

5. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлылығын дамыту//Білім берудегі менеджмент.

# ЦИФРОВОЙ МЕНЕДЖМЕНТ

# В УПРАВЛЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ РАЗВИТИЕМ ПЕДАГОГОВ

**Карибаева М.К.**
директор КГУ «Белоусовская средняя школа №1» Глубоковского района,
ВКО, Казахстан

**Аңдатпа:** Мақалада жалпы білім беретін мектептегі мұғалімнің кәсіби дамуын басқару мәселесі қарастырылған. Ақыл- ойды басқару тажірибесі сонымен қатар мектеп әкімшілігінің жұмысында GoogIeForms-ті пайдалану ұсынылады. Мұндай технологиялардың қолданудың өзектілігі білім беруді цифрландыру жағдайында мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамытуға және басқару процесін оңтайландыруға мүмкіндік беретіндігінде.

**Аннотация:** В статье рассмотрен вопрос управления профессиональным развитиемпедагога общеобразовательной школы. Представлен опыт применения технологии майнд-менеджмент, а также использования GoogleForms в работе администрации школы. Актуальность использования подобных технологий заключается в том, что в условиях цифровизации образования это позволяет развивать цифровые компетенции учителей и оптимизировать процесс управления.

**Abstract:** The article examines the issue of managing the professional development of a secondary school teacher. The experience of using mind management technology, as well as the use of Google Forms in the work of school administration, is presented. The relevance of using such technologies lies in the fact that in the context of digitalization of education, this makes it possible to develop the digital competencies of teachers and optimize the management process.

Как оптимизировать систему управления и высвободить время для самообразования?

Как справиться с растущим объемом информации и полюбить планирование?

Как увязать друг с другом и сделать понятными внутренние документы организации образования?

В процессе изучения и апробации различных форм цифрового взаимодействия с участниками образовательного процесса, мы выбрали наиболее приемлемый способ управления, Майнд-менеджмент. Это направление в тайм-менеджменте, отвечающее за повышение эффективности личной и корпоративной деятельности с помощью интеллект-карт. В основу метода интеллект-карт положены исследования и разработки английского психолога и консультанта по вопросам интеллекта, психологии обучения и проблем мышления Т.Бьюзена [1].




Рисунок 1. - Теория Т.Бьюзена

Интеллект-карты позволяют собрать всю информацию, относящуюся к задаче на одном листе, и окинуть ее одним взглядом. Держать в поле зрения все плюсы и минусы того или иного решения (рисунок 1).

Активизация ассоциативного мышления позволяет включить в рассмотрение важные факторы, которые были бы упущены при традиционном анализе [2].

В связи с этим возникает необходимость интенсификации процесса управления путем применения инновационных методов менеджмента.

В работе нашей школы в рамках цифровизации, а также снижения нагрузки на учителя является переход школы на электронный документооборот. С помощью использования облачных технологий Google Диска и возможности создания в нем различных таблиц, опросов, презентаций нам удалось создать необходимые формы отчетов педагогов, для того, чтобы они не сдавали больше их в бумажном виде.

Электронный документооборот в нашей школе - это заполнение общих форм/таблиц, когда завуч школы сам создает общую форму/таблицу со всеми нужными ему графами. Так экономится и время учителя на редактирование форм, и средства на распечатку порой лишних (как для учителя, так и для администрации) бумажных отчетов.

Приведу пример создания общих таблиц, которые заполняют педагоги нашей школы:

1. База данных (телефоны, e-mail)
2. Тема самообразования
3. График СОР и СОЧ (приложение 1)
4. Анализы СОР и СОЧ (приложение 2)
5. Рейтинг педагогов и методических объединений (приложение 3)

Очень удобно вести рейтинг среди педагогов, каждому члену администрации, опять же все доступно и открыто. Помимо рейтинга, самому завучу удобно вести различные базы:

1. Результативность педагогов
2. Результативность учащихся
3. База по курсовой подготовке
4. График аттестации педагогических работников.

Актуальность использования подобных технологий заключается в том, что в условиях цифровизации образования это позволяет развивать цифровые компетенции учителей.

Ожидаемые результаты:

1. повышение ИКТ-компетенции директора, заместителя директора, педагога;
2. мотивация на овладение новыми технологическими подходами в реализации управленческого менеджмента в условиях цифровизации;
3. оптимальное использование времени педагогов и администрации;
4. доступность технологий (при наличии интернета и хотя бы смартфона).

Мы стараемся идти в ногу со временем и в своей работе используем все виды социальных сетей.

Администрация, учителя, родители и учащиеся Белоусовской средней школы №1 уже на протяжении более 5 лет активно ведут социальные сети: Youtube, Instagram, Facebook, ВКонтакте, TiKTok, Telegram.




Использование социальных сетей в учебно-воспитательном процессе способствует обмену информацией, повышает мотивацию учащихся в учебной деятельности, стимулирует развитие творческих способностей и познавательный интерес. Все эти факторы положительно влияют на формирование знаний, умений и навыков.

Предложенная нами модель может быть интегрирована в любую общеобразовательную школу, но применять её необходимо целенаправленно, последовательно, постепенно и систематически для достижения наилучших результатов, для формирования умения осуществлять работу в такой форме взаимодействия. Эта модель цифрового управления

профессиональным развитием педагогов общеобразовательной школы направлена на повышения уровня владения базовыми педагогическими компетентностями педагога, благодаря которым создаются благоприятные условия для профессионального роста, повышении квалификации работников через развитие творческого потенциала личности педагога. Она будет создавать творческую атмосферу для обогащения инновационными методами реализации содержания образования, способствовать созданию творческих мастерских, в которых будет создаваться интеллектуальный продукт по решению проблем содержания образования и методов его реализации. Благодаря данной модели, в общеобразовательной организации будет создана целенаправленная и целостная система развития уровня профессионализма педагогов, которая включает в себя разработку и реализацию плана мероприятий по повышению квалификации педагогических работников, создание системы мотивации и системы стимулирования педагогов, а также системы ресурсов, позволяющих пройти обучение и реализовать свой творческий потенциал. Это, в свою очередь, будет содействовать профессиональному росту, профессиональной и личностной самореализации педагога, проектированию педагогом индивидуального образовательного маршрута профессионально-личностного развития, мотивировать его и ориентировать на инновационные процессы и использование современных технологий образования, поэтому они будут организовывать качественный и эффективный образовательный процесс и способствовать развитию качества образования в целом.

**Список использованных источников**


1. Бьюзи Т. Супермышление. Мн.: ООО «Попурри», 2003. – 304с.
2. Латыпов Н. Основы интеллектуального тренинга. Минута на размышление. СПб.: Питер, 2005. – 336 с.
3. http://www.mindmap.ru


Приложение 1

**Утверждаю:**
Директор КГУ "Белоусовская средняя школа №1"
отдела образования по Глубоковскому
району УО ВКО
_____М.К.Карибаева

***План - график проведения суммативного оценивания за раздел/сквозную тему, четверть***
***1 полугодие 2022-2023 учебного года***

***Класс: 7 "Б"***

| Четверть | Кол-во недель в четверти | Тема суммативного оценивания за раздел | Дата проведения | Продолжительность выполения |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қазақ тілі мен әдебиеті** | | |
| 1 | 8 апта 2 күн | БЖБ 1 " ҚазақстанРеспубликасының мемлекеттік тілі-қазақ тілін оқып үйренеміз" | 19.09.2022 | 20-25 |
| 1 | 8 апта 2 күн | БЖБ 2 "Уақыт-ұлы күш" | 11.10.2022 | 20-25 |
| 1 | 8 апта 2 күн | Тоқсандық жиынтық бағалау | 22.10.2022 | 45 |
| 2 | 8 апта | БЖБ 1 "Қазақстанның ежелгі қалалары.Ұлы Жібек жолы" | 23.11.2022 | 20-25 |
| 2 | 8 апта | БЖБ 2 "Спорт және денсаулық күтімі" | 13.12.2022 | 20-25 |
| 2 | 8 апта | Тоқсандық жиынтық бағалау | 26.12.2022 | 45 |
| | | **Русский язык** | | |
| 1 | 8недель2 дня | СОР 1 "Климат и изменения климата" | 30.09.2022 | 20 |
| 1 | 8недель2 дня | СОР 2 "Обычаи и традиции" | 20.10.2022 | 20 |
| 1 | 8недель2 дня | СОЧ 1 "Климат и изменения климата. Обычаи и традиции" | 26.10.2022 | 45 |
| 1 | 8недель2 дня | СОР 3 "Знания: мир и изучение иностранных языков" | 07.12.2022 | 20 |
| 2 | 8 недель | СОР 4 "Влияет ли ландшафт и климат на национальный характер?" | 23.12.2022 | 20 |
| 2 | 8 недель | СОЧ 2 "Знания: мир и изучение иностранных языков. Времена года." | 29.12.2022 | 45 |
| | | | | |
| | | **Английский язык** | | |
| 1 | 8недель2 дня | Summative assessment unit "Hobbies and Leisure" | 28.09.2022 | 20 |
| 1 | 8недель2 дня | Summative assessment "Communication and Technology" | 19.10.2022 | 20 |
| 1 | 8недель2 дня | Summative Assessment for the term 1 | 26.10.2022 | 40 |
| 1 | 8недель2 дня | Summative assessment unit "Holidays and Travel" | 25.11.2022 | 20 |
| 2 | 8 недель | Summative assessment "Space and Earth" | 21.12.2022 | 20 |
| 2 | 8 недель | Summative Assessment for the term 2 | 23.12.2022 | 40 |
| | | **Русская литература** | | |
| 1 | 8недель2 дня | СОР 1 "Притчи и легенды в литературе" | 20.09.2022 | 20 |
| 1 | 8недель2 дня | СОР 2 "Притчи и легенды в литературе" | 11.10.2022 | 20 |
| 1 | 8недель2 дня | СОЧ 1 "Притчи и легенды в литературе" | 18.10.2022 | 45 |
| 1 | 8недель2 дня | СОР 3 "Человек и природа" | 29.11.2022 | 20 |

Приложение 2

**КГУ "Белоусовская средняя школа №1" отдела образования Глубоковского района управления образования ВКО**

**Анализ по итогам проведения суммативного оценивания за раздел и суммативного оценивания за четверть**

за 2 четверть по предмету математика

Класс 6 "В"

Педагог Саблева ЕВ Количество учащихся: 23

Анализ результатов СОР и СОЧ

| Пред-мет | Ученик | Максимальный балл | Процентное содержание баллов суммативного оценивания | | | | % каче-ства | % успеваемо- сти |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | низкий | средний | | высокий | | |
| | | | 0-39% | 40-84% | | 85-100% | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 40-64 | 65-84 | 6 | 7 | 8 |
| | | | Количество учеников | | | | | |
| СОР 1 | 23 | 13 | 5 | 6 | 10 | 2 | 52,173913 | 78,260869 |
| СОР 2 | 23 | 14 | 2 | 2 | 4 | 15 | 82,608695 | 91,304347 |
| СОР 3 | 0 | | 0 | 0 | 0 | 0 | #ДЕЛ/0! | #ДЕЛ/0! |
| СОЧ | 23 | 20 | 0 | 8 | 10 | 5 | 65,217391 | 100 |

| | Достигнутые цели | Цели, вызвавшие затруднения |
|---|---|---|
| СОР 1 | 6.1.2.22 находить значения числовых выражений, содержащих рациональные числа<br>6.1.2.17 применять свойства сложения и умножения рациональных чисел<br>6.1.2.21 переводить бесконечную периодическую десятичную дробь в обыкновенную дробь<br>6.5.1.4 решать текстовые задачи с рациональными числами | 6.1.2.22 находить значения числовых выражений, содержащих рациональные числа<br>6.5.1.4 решать текстовые задачи с рациональными числами |
| СОР 2 | 6.2.1.3 находить допустимые значения переменной в алгебраическом выражении;<br>6.2.1.9 выполнять тождественные преобразования алгебраических выражений;<br>6.5.2.4 составлять выражения с переменными и формулы при решении текстовых задач. | 6.2.1.3 находить допустимые значения переменной в алгебраическом выражении;<br>6.5.2.4 составлять выражения с переменными и формулы при решении текстовых задач. |
| СОР 3 | | |

| № | Фамилия и имя ученика/ макс балл | СОР 1 | СОР 2 | СОР 3 | СОЧ |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 13 | 14 | | 20 |
| 1 | Алтаева Асемгуль | 11 | 12 | | 14 |
| 2 | Антропова Алена | 7 | 12 | | 13 |
| 3 | Байда Диана | 11 | 14 | | 19 |
| 4 | Беза Виктория | 10 | 10 | | 14 |
| 5 | Гейнбук Елизавета | 7 | 8 | | 13 |
| 6 | Гольцева Ксения | 9 | 12 | | 16 |
| 7 | Жданов Семен | 5 | 4 | | 18 |
| 8 | Завьялов Георгий | 8 | 5 | | 15 |
| 9 | Зенцова Злата | 8 | 14 | | 16 |
| 10 | Капрун Анастасия | 9 | 13 | | 15 |
| 11 | Клименко Дамил | 4 | 11 | | 10 |
| 12 | Климова Арина | 5 | 14 | | 9 |
| 13 | Литвинова Екатерина | 9 | 12 | | 11 |
| 14 | Мальгина Ирина | 10 | 12 | | 11 |
| 15 | Мынгатов Нариман | 8 | 12 | | 11 |
| 16 | Овлин Максим | 5 | 10 | | 14 |
| 17 | Павлов Максим | 11 | 7 | | 10 |
| 18 | Ракимова Аделина | 10 | 10 | | 12 |
| 19 | Федорова Екатерина | 5 | 13 | | 15 |
| 20 | Хан Кристина | 12 | 13 | | 18 |
| 21 | Шрайнер Яна | 9 | 12 | | 18 |
| 22 | Щербинина Вероника | 8 | 12 | | 12 |
| 23 | Щербинина София | 13 | 14 | | 18 |

Приложение 3

**ШҚО ББ Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің "№1 Белоусовка орта мектебі" КММ / КГУ "Белоусовская средняя школа №1" отдела**

Әдістемелік бірлестік қызметінің рейтингтік кестесі / Рейтинговая таблица деятельности методического объединения

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1. Персонифицированные критерии | | |
| 1.1 | Проведение открытых уроков в школе | 5 баллов за каждого учителя | |
| 1.2 | Проведение внеклассных мероприятий по предмету | 4 балла за каждого учителя | |
| 1.3 | Проведение открытых уроков на уровне района | 7 баллов за каждого учителя | |
| 1.4 | Проведение открытых уроков на уровне области | 10 баллов за каждого учителя | |
| 1.5 | Количество посещенных уроков у коллег, их обсуждение | 3 балла за каждый урок | |
| 1.6 | Посещение семинаров районного, областного уровня | 3 балла за каждый семинар | |
| | | Всего баллов | |
| | | | |
| | 2. Выступления учителей | | |
| 2.1 | На педсоветах, совещаниях при директоре, семинарах школьного уровня | 2 балла за каждое участие | |
| 2.2 | На заседаниях районных методических объединений, конференциях, мероприятиях районного уровня | 4 балла | |
| 2.3 | На конференциях, мероприятиях областного уровня, в ИПК, ЦПМ (в качестве лектора) | 7 баллов за каждое участие | |
| | | Всего баллов | |
| | | | |
| | 3. Публикации учителей | | |
| 3.1 | В районных газетах (Ақ бұлақ, Огни Прииртышья, instagram-странички, FB) – освещение проведенных мероприятий, авторские статьи аналитического характера | 2 балла за каждую публикацию | |
| 3.2 | В методических журналах, сборниках научно-практических конференций – статьи аналитического характера, по обмену опытом | 3 балла за каждую публикацию | |
| | | Всего баллов | |
| | | | |
| | 4. Участие в конкурсах учителей | | |
| 4.1 | Очные конкурсы профессионального мастерства и творческие конкурсы различного уровня (например, Учитель года) | 1 место – 5 баллов<br>2 место – 4 балла<br>3 место – 3 балла<br>сертификат – 2 балла | |
| 4.2 | Дистанционные конкурсы по информационным письмам (прошедшие через администрацию) | 3 балла за каждое участие | |
| 4.3 | Членство в жюри предметных олимпиад, экспертных советах и орг.комитетах конкурсов, конференций, «Зерде», «Мир вокруг нас» | 3 балла за каждого учителя | |
| 4.4 | Личное участие учителей в спортивных соревнованиях | 1 место – 3 балла<br>2 место – 2 балла<br>3 место – 1 балл | |
| | | Всего баллов | |

# КӘСІПТІК БІЛІМДЕГІ ДУАЛЬДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Кенганова А.Т.**
әдістеме бөлімі меңгерушісі, М. Тынышпаев атындағы ҚазККА
Ақтау көлік колледжі

**Аңдатпа:** Мақалада дулдық білім беру жүйесіндегі ерекшеліктер туралы қарастырылған**.** Кәсіптік білім берудегі дуалдық жүйенің бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға берілген мүмкіндік екеніне назар аударған.

**Аннотация:** В статье рассмотрены особенности системы дульного образования. Обратил внимание на то, что дуальная система в профессиональном образовании-это возможность подготовки конкурентоспособных специалистов.

**Abstract**: The article discusses the features of the Dulat education system. He drew attention to the fact that the dual system of vocational education is an opportunity to train competitive specialists.

«Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту жүйесіне қызмет ететіннің барлығы - біздің еліміздің болашағына қызмет етеді» -деп мемелекет басшысы Қ. Тоқаев атап көрсеткендей, дуалды білім беру жүйесі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік беріп, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналаса алуына кепілдік береді, демек «**Дуалды оқыту - кадрдың бәсекеге қабілеттілігінің кепілі**». Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет» — деп, бұл оқыту жүйесінің техникалық салада алар орнынын айқындап берген болатын. Сондай-ақ, колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеген. Осыған байланысты елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласында жаңа жүйе жасалына бастады.

Дуальды жүйенің негізі — болашақ жас маманды оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жоғарылату. Дуальды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастыру нәтижесінде, студент оқу бағдарламасын жақсы меңгеріп қана қоймай нағыз дайын маман болып, жұмыс берушілердің сұраныстарына, талаптарына сай кәсіптік-техникалық кадрлар даярлайтын болады және дуальды оқыту әдісінің тағы бір ерекшелігі — еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға тек білім мекемелерінің ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады.

Дуальды оқыту жүйесі барысында студент, өз мамандығын жетік меңгереді, практикалық білімін ертерек жетілдіреді, сонымен қатар қоғаммен тез тіл табысуға үйренеді, өз ортасында беделі «Білім айнасы» 2023 ж. 33 жоғары болады және жауапкершілікке тәрбиеленеді. Жұмыс үрдісінде студент өз мамандығына жаңаша көзқараспен қарайды және өз мамандығын жаңылмай дұрыс таңдағанын түсінеді. Осылардан басқа болашақ маман өндірісте жұмыс істей жүріп, жұмыс өтілін жинайды, қосымша табыс табады және оқу орнын бітіргеннен кейін, жаңа заман талабына сай шарттарға байланысты яғни, еш қиындықсыз қызметке орналасады. Дуальды оқыту жүйесінің өндірістік мекемелер үшін тиімділігі қандай?-деген сұраққа тоқталар болсақ: дуалды оқыту жүйесі өндірістік мекемелер үшін таптырмас мүмкіншілік болып табылады. Себебі, мекемелер өздері үшін мамандандырылған кадрлар дайындайды, жұмысшылар іздеу үшін және жұмысшылар таңдауда уақыт үнемдейді және шығынға ұшырамайды. Өндірістегілер жаңа мамандарды үйретуге, алғашқы бейімдеушілік жұмыстарына да уақыт үнемдейді. Мамандар өндірісте жұмыс жасағанда кейбір мәселелер туындамас үшін, жұмыс беруші оқу процесінің барлық уақытын тиімділікпен мұқияттылықпен өткізеді. Оқу орындарымен бірлесе отырып жұмыс жасау өндірістік мекемелер үшін де өте тиімді, себебі өзіне қажетті кадрларды ерте бастан дайындап, болашаққа білікті маман дайындайды .

Білім жүйесін жаңғырту аясында дуальды кәсіби білім беруді дамыту, жұмысшы кадрларының зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылды. Дуальды жүйенің негізі оқу орны мен өндірісте қатар оқыту болып

табылады. Бұл кәсіптіктехникалық білім берудегі басты проблема – оқу орнындағы теория мен заманауи өндіріс практикасы арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да, жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады. Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру, яғни, жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасында алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі.

Дуальды оқыту жүйесінің колледж немесе арнаулы оқу орындары үшін де тиімділігі жоғары екендігін атап өткен жөн. Олар: колледж өндірістік мекемелермен келісім шарт бойынша іскерлік қарым-қатынас орнатады, колледжді бітірген түлектерге деген қызығушылығы болады. Өндірістік процесстердегі өзгерістермен оқу орындары оперативті түрде ақпараттандырылып отырылады, мамандарға деген сұраныстарды (өндірісте қандай мамандар тапшы) біліп, сондай мамандықтар енгізуге бейімделеді. Оқу мекемесінің тартымдылық беделі артады, студенттер контингенті жоғарылайды.

Жастардың табысты еңбек етуі төмендегі факторлармен тығыз байланысты: біріншіден, бүгін білім алу көзі кеңейіп, өз бетімен оқимын деушілерге мол мүмкіндік туып отыр; екіншіден, білім әлемінде өз жолын тауып, өздігінен білім алуға ұмтылыс жасау; үшіншіден, адамның өзіндік қызығушылығы, түрлі мотивтері болуы; төртіншіден, жұмыс істейтін орында оның үнемі даму үстінде болуына жағдай жасалуы.

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлау елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ететін орта буынды кәсіби мамандар даярлау үшін негіз қалайды. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері ауқымының жедел қаркынымен өсуіне байланысты техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлауда сапалы ұмтылыстың қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты елімізде заман талабына сай білімді, озық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби білікті жұмысшы мамандар даярлауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында үлкен міндеттер мен талаптар жүктелеліп отырғаны белгілі.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ерекше рөл атқарады. Қазіргі таңда кәсіптік салада жанжақты білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өзіндік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді.

**Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз — теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы**. Ол алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуальды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуальды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі — Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуальды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау.

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуальды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет — мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру.

Әлеуметтік серіктестік аясында колледжіміз негізінен қызмет көрсету саласына білікті жас кадрларды даярлау үшін бірнеше мекемелермен, соның ішінде «Жүйелік басқару» мамандығы бойынша «Қазақстан темір жолы» ҰҚ АҚ филиалы «Маңғыстау магистральды желі бөлімшесі», «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы – «Батыс», «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, «NBKS Logistics» ЖШС, «OTPAN Logistics» ЖШС, «Вираж» ЖШС, «Автомотосервис» ЖШС, «Royal Cars Aktau» ЖШС, «Каскор ТрансСервис» ЖШС, «Ақжол құрылыс » ЖШС. «Бектранс» ЖШС, «МорпортАктау» мекемесімен және Казпочтамен келісім шартқа отырды. Бұл кәсіпорындардың жетекші мамандары әрбір жартыжылдықта өткізілетін аттестацияларға, диплом қорғауға қатысып, бітіруші түлектерді жұмысқа шақырады.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп – қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Оқу үрдісіне дуалды білім беру жүйесін сәтті енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді:

— талапкерлердің кәсіби өзін өзі билеуі;

— оқу мекемесінің тартымдылық беделінің артуы, студенттер контингетінің жоғарылауы;

— оқушылардың қызығушылығы мен сұранысына қарай бағдарламалар, элективті (икемді) курстар бағдарламаларын әзірлеу;

— мамандықты тереңірек ойланып таңдауға, социализация, тапқырлық пен шығармашылыққа бейімдейтін біліктіліктің дамуы;

— дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болып еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылуы;

— бітірушілерді дайындау деңгейінің жоғарылауы;

— бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықтың қысқаруы;

— бітірушілердің әлеуметтік бейімделуі;

— білім беру мекемелерінің жобаларды жүзеге асыру кезеңдерінде қосу арқылы кәсіпорындармен өзара әрекеттесу аясын кеңейту;

— білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылату.

Бұл мақсатқа жетудің негізгі сапалы білім беріп, дұрыс жолға бағыттаушы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайларды жасаушы – өз пәнін жетік білетін, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жаңашылдыққа ұмтылатын, өзіне сын көзбен қарай алатын оқытушылар мен оқу өндірістік шеберлері.

Біздің оқу ордамыз білім беру кеңістігінің әлемдік сахнасына шығуы үшін мамандарды даярлауда сапаға ерекше мән береді.

Дегенмен білікті де, білімді де білімді инженер педагогтардан құралған ұжым мүшелері алдағы тапсырмалар мен міндеттерді өз дәрежесінде орындап шығатындығына сенемін.

Дуальды жүйемен оқытудың жетістігі көп.

1. Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

2. Жақсы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

3. «Тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.

4. Жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.

5. Оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

6. Бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы оны күнделікті көріп, игереді.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуальды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер.

**Қорытынды.**

Еліміздегі кәсіби-техникалық білім беру жүйесі ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Өйткені, экономиканың қарқынды дамуымен кәсіби-техникалық маман иелеріне сұраныс та күн санап артуда. Соған орай, теориядан гөрі тәжірибеге басымдық берілетін дуальдық жүйені енгізу халықты жұмыспен қамту проблемасын шешудің бірден-бір тиімді жолы екендігі анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы;
2. Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңы;
3. «Дуалды оқыту жүйесі: кәсіби біліктілікті арттырудың жаңа мүмкіндігі»; «Білім айнасы» 2023 ж. 36
4. «ТжКБ жүйесіне халықаралық тәжірибелерге негізделген оқытудың дуалды жүйесін енгізу перспективасы».
5. «Қазіргі білім беру технологияларының әдіснамалық негіздері», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы 2008 ж;
6. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы 2009 ж;

## ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ДЕҢГЕЙЛІК МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУ ТЕТІКТЕРІ

**Колганатова Г.Б.**
Арнайы пәндер оқытушысы, М.Тынышпаев атындағы ҚазККА
Ақтау көлдік колледжі

**Аңдатпа:** Мақалада педагогтердің үздіксіз білім беру мәдениеті, ғылыми-теориялық қалыптастыруды бағалау деңгейлері, критерийлері мен әдістері туралы айтылған. Мұғалімнің бойында табылуы тиіс кәсіби дағды мен игеруі керек құзыреттіліктер туралы сөз қозғалады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін ажыратылып, кәсіби құзыреттілікті дамытудың негізгі жолдары көрсетіледі. Білім мен ғылым дамыған заманда аталған тақырып өзекті болып табылады.

**Аннотация:** В статье рассказывается о культуре непрерывного образования педагогов, уровнях, критериях и методах оценки научно-теоретического формирования. Речь идет о профессиональных навыках и компетенциях, которые должен приобрести учитель. Выделяют профессиональные компетенции учителя и указывают основные пути развития профессиональных компетенций. В эпоху развития образования и науки данная тема является актуальной.

**Abstract:** The article describes the culture of continuous education of teachers, levels, criteria and methods of evaluation of scientific and theoretical formation. We are talking about professional skills and competencies that a teacher should acquire. They highlight the professional competencies of the teacher and indicate the main ways of developing professional competencies. In the era of the development of education and science, this topic is relevant.

Мұғалім мамандығы қай заманда да қоғамдағы ең маңызды мамандықтардың бірі. «Алты алаштың басы қосылса, төр ұстаздыкі» деген қанатты сөз бекерге айтылмаған. Мұғалім қауымының тікелей міндетіне балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту кіреді. Сондықтан да оған қойылатын талаптар әр кез де жоғары болуы керек. Мұғалім балалармен олардың әртүрлі қабілеттері мен дамуына қарамастан ортақ тіл табыса білуі керек. Сонымен қатар, мұғалім өскелең ұрпаққа сыртқы келбетімен және кәсібилігімен үлгі болуға тиіс.

Бүгінде мұғалім мамандығы пән саласында, оқыту әдістемесі, формалары, технологиялары саласында үнемі жетіліп отыруды талап етеді. Педагогикалық жағдай әртүрлілікпен сипатталады және мұғалім оқыту мазмұнындағы болып жатқан өзгерістерге шебер бейімделуі керек. Құзыреттілік – берілген пәндік салада тиімді қызмет ету үшін қажетті білімнің, тәжірибенің және дағдылардың болуы. Бұл кез-келген салада жан-жақты білімі бар адамның сапасы.

Дамыған елдердегі білім берудегі жүйе ұстаздардың үнемі біліктіліктерін арттырып, профессионалдығын жоғарылатып отыруды талап етеді. Негізінен балаға білім беру – адамның, қоршаған орта мен елдің өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне бейімделу, жұмысты бастауға, өзін әрқашан тәрбиелеуге және дамытатын қабілетке ие біздің республика тұлғасын дайындау. Өз ойы бар, оны ашық жеткізе алатын, өз қызметінің нәтижелерін болжайтын және білім беру процесін модельдейтін ұстаз, алдағы мақсаттарға жетудің кепілі болып табылады.

Мұғалімнің келесідей кәсіби құзыреттіліктерін ажыратып, айтуымызға болады:

1. Зияткерлік-педагогикалық құзыреттілік – білімді, кәсіби қызмет тәжірибесін тиімді оқыту мен тәрбиелеуге қолдана білу, мұғалімнің инновацияға қабілеттілігі.

2. Коммуникативті құзыреттілік – бұл айтарлықтай кәсіби сапа, оның ішінде сөйлеу дағдылары, айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі.

3. Рефлексиялық құзыреттілік – мұғалімнің мінез-құлқын басқару, эмоцияларын бақылау, рефлексия қабілеті, стресске төзімділігі.

4. Сындарлы – білім алушының жеке басын жобалау, жасына және жеке қабілеттеріне байланысты оқу-тәрбие материалын таңдау және құрастыру қабілеті.

Біз заманнан қалмай, бірге даму үстінде болуымыз керек. Сол үшін де педагогтерді белгілі мерзімнен соң біліктіліктерін тексеріп, оң нәтиже көрсетсе дәрежелерін өсіріп отырады. Педагогтың құзыреттілігін дамытатын бірнеше жолын бөліп көрсетуге болады.

1) біліктілікті арттыру жүйесі. Біліктілікті арттырудың күтілетін нәтижесі – қызметкерлердің профессионалдық дайындығы:

- білім беру қызметкерлерінің заманауи құндылықтары жүйесіне ыңғайлы кіруіне ықпал жасау;

2) педагог қызметкерлерді атқаратын лауазымына, сонымен қатар біліктілік категориясына аттестаттау. Жаңа бағыттарды іске асыратын әдістің бірі педагог кадрларды аттестаттау екені белгілі. Бұл жердегі негізгі міндет педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейін, олардың әдіснамалық мәдениетін, кәсіби, өзіндік өсуін мақсатты түрде арттыруды ынталандыру.

3) педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеуі. Ұстаздардың өзін-өзі тәрбиелеуі маңызды фактор. Балаға тәрбие беретін адам бірінші өзінің әр ісіне жауап бере білуі шарт. Әр кезде өзін

жетілдіретін мұғалім ғана оқуды үйрете алады.

4) әдістемелік бірлестіктердің, педкеңестердің, семинарлардың, конференциялардың, шебер-сыныптардың жұмысына, конкурстарға, зерттеу процестеріне, вебинарларға, жобаларға белсенді қатысу.

Білім беру сапасын арттырудың бір жолы – педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Қазіргі мұғалім үшін оның кәсібі – өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі, қанағаттану мен тану көзі. Білім ордасы өмір бойы сабақ бермеуі керек. Ол өмір бойы үйренуге, алған білімін іс жүзінде тиімді пайдалануға үйретуі керек. Тек белсенді өмірлік ұстаным, кәсіби шеберлікті арттыру мұғалімге білім алушының басты құқықтарының бірі – сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұдан шығатыны, мұғалімді жетілдірудің ең маңызды құрамдас бөлігі – оның үнемі өзін-өзі тәрбиелеуге, уақытпен бірге жүруге, өз беделіне қамқорлық жасауға деген ұмтылысы.

Барлығы Қазақстанды әлемдік қоғамдастыққа нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздік алудың қысқа тарихи кезеңінде Қазақстан жаңа прогрессивті технологияларды пайдалана отырып, әлемдік өркениетке ықпалдаса отырып, экономикада серпіліс жасады. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары айқындалды. Бұл тұрғыда қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, адами капиталдың қоғам өмірінің жаңа деңгейінің негізін құрайтын және елдің экономикалық күші мен ұлттық қауіпсіздігінің маңызды факторлары, базасы болып табылатын әлеуметтік даму деңгейінің критерийлері ретіндегі рөлі мен маңызы артып келеді. Өз кезегінде, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білімге әсер етеді, одан ұтқырлықты және жаңа тарихи кезеңнің шындығына барабар жауап беруді талап етеді және тұтастай алғанда экономиканың даму қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек.

Қазір еліміздегі педагогтерге барлық жағдай жасалған десем қате айтқаным емес. Ұстаздар қауымын қуантатын тағы бір жаңалық «Педагог мәртебесі туралы» Заңының қабылдануы. Құжаттың мақсаты – педагогтердің мәртебесін арттыру болып табылады. Соынмен қатар өз мамандығын жақсы көретін, үнемі ізденіспен жүретін, бір сөзбен айтқанда өз ісінің шебері саналатын ұстаздарға жалақысына қосымша үстемақы төленеді. Атақ пен қатар жалақы артуы үшін шәкірт тәрбиелеп, «шәкірті ұстаздан озып» жақсы нәтижелер көрсетуі маңызды. Педагогтың өзі де біліктілігін дәлелдеп шыңдалып отыруы қажет. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагогтердің құзыреттілігінің деңгейлік мазмұнын анықтап, оны бағалау тетіктерін дұрыс бағамдай білу маңызды. Ұстаз құзыреттілігін жоғарылатып, бағалаудан сәтті өткен жағдайда үстеме ақы алады. Бұл мұғалім мамандығын таңдаған ұстаздарға үлкен мотивация деп есептеймін!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі – Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011.

2 Жарықбаев Қ. Б. Психология негіздері: оқулық. - 6-бас. өнд., толық. - Алматы: Эверо, 2005.

3 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: дисс....пед.ғ.д.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005.

4 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. –Алматы, 2008.

5 Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Камалова Г.Б., Исабаева Д.Н., Бостанов Б.Ғ. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері / Оқулық.-Алматы, 2014.

# АКТУАЛИЗАЦИЯ ОБНОВЛЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

**Кульгильдинова Т.А.**
д.п.н. профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана
г.Алматы, Казахстан

**Аңдатпа:** Мақалада шетел тілі мұғалімдерін даярлауда білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың модульдік тәсілі қарастырылған. Білім беру жүйесін реформалау инновациялық технологияларды енгізумен және оларды қолданумен қатар жүретіні атап өтілген. Жоғары мектеп жүйесіндегі білім берудің бұл сипаты болашақ мұғалімнің бойында жүйелік құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Білім беру бағдарламасында ғылыми дәлелденген қағидалар негізінде жаңартылған когнитивтік-лингвомәдени модуль, цифрлық визуализация модулі және кәсіби тілдік модуль қарастырылған.

**Аннотация:** В статье дается модульный подход к реализации образовательных программ в подготовке учителя иностранного языка. Отмечается, что реформирование системы образования сопровождается внедрением и применением инновационных технологий. Такой характер образования в системе высшей школы нацелен на формирование системных компетенций у будущего учителя. В образовательной программе рассмотрены когнитивно-лингвокультурологический модуль, модуль цифровой визуализации и профессионально-языковой, которые актуализируются га основе научно-обоснованных принципов.

**Abstract:** The article provides a modular approach to the implementation of educational programs in the foreign language teacher training. It is noted that reforming the education system is accompanied by the introduction and usage of innovative technologies. This type of education in the higher school system is aimed at the formation of systemic competencies of the future teacher. The educational program considers the cognitive-linguocultural module, the digital visualization module and the professional-language module, which are updated on the basis of scientifically based principles.

Для определения термина «актуализация» обратимся к психологическому словарю, где данное понятие определяется как действие, заключающееся в извлечении усвоенного материала целях дальнейшего использования из долговременной или кратковременной памяти [С.Ю. Головин]. Вместе с тем надо обратить внимание на глагол актуализировать, который означает перевод определенных действий из потенциального аспекта в реальное. Поэтому актуализация некоторых задач подготовки педагога связана с его компетенциями в методике преподавания и изучения иностранного языка. Таким образом, понятие актуализации в образовании предполагает внесение изменений и их реализацию,которые связаны с интеграцией научно-теоретических аспектов методики преподавания дисциплин языкового цикла с принципами внедрения их в учебный процесс школы. В этих целях в Казахском университете международных отношений и мировых языковим. Абылай хана разработаны модули для ОП, которые отличаются новаторским подходом, креативностью и ориентируют студентов на самосовершенствование. Реализация ОП для подготовки учителей иностранного языка представляет собой образец развития современного педагога, который в условиях оптимизации образовательного процесса реализует инновационно-синергетический аспект модульного подхода.

В свою очередь, блок компетенций, включенный в компетентностную модель учителя иностранных языков, рассматривается как совокупность ожидаемых результатов, которые соотносятся с блоками изучаемых дисциплин:

- профессионально-ориентированный блок компетенций составляет «ключевые компетенции», которые определяются как мировоззренческие, нацеленные на решение профессиональных задач на основе социально-правовых и исследовательских способностей;
- профессионально-базируемый блок компетенций формируется на базовых дисциплинах как способность и готовность к решению проблем по осуществлению профессиональной деятельности на основе метаязыковой подготовки будущих учителей;

- профессионально-идентифицирующий блок компетенций представляется дисциплинами профильного блока, отражающие специфику методических задач профессиональной деятельности иноязычного образования;

- межкультурно-коммуникативная компетенция формируется на основе дисциплин языкового цикла, целостно и системно определяемых средствами ИЯ.

Разработанная ректором, академиком НАН РК Салимой Сагиевной Кунанбаевой и внедренная в практику универсальная компетентностная модель специалиста поэтапно отражает профессиональную деятельность будущего учителя ИЯ. Состав компетенций построен на методологической базе становления межкультурно-коммуникативной и профессионально-компетентной личности как «субъекта межкультурной коммуникации». Компонентный же состав представленных компетенций требует такого уровня владения иностранным языком, который бы обеспечил профессионально-коммуникативные умения и субкомпетенции, отвечающие потребностям многоуровневой профессиональной коммуникативной деятельности будущего учителя.

Формирование четырех блоков компетенций обеспечивает эффективность профессиональной подготовки будущих специалистов, предопределяет ожидаемые результаты, обеспечивающие уровень подготовки профессиональных кадров, соответствующих квалификационным требованиям с дальнейшей перспективой развития педагога**.**

При создании образовательной программы важно определить единицу структурной организации учебного процесса. Образовательный процесс в условиях компетентностного подхода нацелен на создание ситуаций и поддержку действий, которые могут привести к формированию той или иной компетенции, а в качестве единицы предметного содержания при формировании профессиональной готовности студента выступает профессиональный концепт. Он предполагает реализацию принципов психолого-педагогического обеспечения модульной программы по предметному контенту будущей профессиональной деятельности, основанной на ведущей роли совместной продуктивной деятельности преподавателя и студентов, диалогического типа общения в ходе проектирования и реализации учебных профессионально ориентированных ситуаций. Профессиональный концепт или профконцепт как ведущий формируемый инвариантный элемент компонента учебного процесса в вузе отражает сущность и содержание профессиональной деятельности специалиста.

Автор данной концепции Кунанбаева С.С. рассматривает профконцепт как единицу базисного содержания профессии; как систему конструируемых педагогом (субъект обучения) условий, побуждающих и опосредующих активность обучающегося (субъект учения) в социальном и предметном контексте будущей профессиональной деятельности.

Прежде всего в качестве основного элемента профконцепта иноязычного образования определен модульный принцип, он предполагает построение педагогического процесса на основе интеграции базового иностранного и отраслевого языка. Так, согласно модульному принципу выстроен когнитивно-лингвокультурологический модуль, разработанный на основе интеграции содержания профессионального иностранного языка и задач иноязычного образования. Педагогический процесс становится всеобъемлющим благодаря такой интеграции, в рамках данного модуля студент получает возможность актуализировать единицу предметного содержания обучения, структура которого отражает единство когнитивного и лингвокультурологического компонентов. Следует отметить при этом, что когнитивный компонент предполагает развитие метаязыка профессии при работе с лингвокультурологической информацией, которое осуществляется через выполнение ситуационно-коммуникативных упражнений, включающих разнообразные когнитивно-визуальные способы представления лингвокультурологической информации через целенаправленное развитие рефлексии. Лингвокультурологический компонент отражает в учебном материале информацию об уровнях культуры и актуализирует содержание модуля когнитивно-лингвокультурологическими упражнениями, направленными на закрепление и отработку не только лингвокультурных единиц, но и метаязыка профессии. Когнитивно-

визуальные способы представления лингвокультурологической информации предполагают формирование у будущих учителей навыки создания игр по сюжетным картинкам.

С точки зрения профессиональной деятельности будущих учителей иностранного языка по использованию интегративно-коммуникационных технологий в образовательном процессе в КазУМОиМЯ осуществляется работа в определенной логической последовательности с учетом направленности педагогических действий на информированность, оказание помощи в осмыслении сущности данного процесса - его ценностного аспекта и значимости в становлении личности педагога. Отметим, что использование принципа действенности и оперативности знаний и их систематизации развивает способность к системному поиску способов решения задач. Данный принцип предполагает формирование у будущих учителей иностранного языка не просто действенные знания, а умение применять полученные знания в практической деятельности. Названный принцип выводит на применение, значит, на компетенцию, поскольку предполагает использование творческого подхода к процессу обучения.

Кроме того, будущий учитель придает деятельности детей определенную значимость, поскольку для них знания становятся необходимыми в реальной жизни. Когда учитель четко видит конечную цель обучения, то он прогнозирует инструмент для формирования у детей целеполагания. Это позволяет внедрять новейшие методики преподавания по той или иной дисциплине. КазУМОиМЯ им. Абылай хана в реализации ОП на основе интеграции новейших педагогических практик ежегодного усовершенствует образовательный процесс за счет включения в рабочие программы актуальных методик, соответствующих инновационному управлению образовательным процессом, который оценивается в соотнесении с явлениями культуры страны изучаемого языка. Сведения об изучаемой культуре лучше усваиваются при опоре на социокультурные особенности, полученные в процессе первичной социализации, то есть непосредственно в родной культуре.

В процессе актуализации связей между уже известными и изучаемыми языковыми и культурными явлениями развивается у студентов способность пользоваться новым материалом для решения актуальных задач через различные виды речевой деятельности. Извлеченная информацияи ранее усвоенная дают платформу для построения предвосхищающих смысловых гипотез.

Когнитивныйподход к реализации ОП требует использования заданий, побуждающих к использованию различныхинформационных ресурсов в учебно-познавательной деятельности.

Соответствие термину «сетевое поколение» учащихся, способных использовать различные способы получения информации, требует от студентовосмысления получаемой информации. В связи с этим в ОП даются дисциплины, которые обучают использованию различных информационных средств и ресурсов, Они должны рассматриваться как основные при работе с когнитивнокультурологическойинформацией и расширением лингвокультурологического объема знаний по иностранному языку. Подобные курсы формируют способность не только грамотно работать со справочными материалами, но и добывать новую иноязычную информацию, новые знания из бумажных иэлектронных источников с целью ее последующего применения в учебно-профессиональной деятельности. Дисциплины цифрового цикла также развивают навыкиисследовательской деятельности будущих учителей иностранного языка, которая соотносится с технологиями опережающего обучения на основе системногоподхода.

Исследовательская деятельность способствует увеличению объема языкового и культурного опыта обучающегося, что ведет к развитию его профессиональных компетенций.

Поэтому выделяя когнитогнитивные технологии как специальные технологии, направленные наразвитие познавательных и интеллектуальных способностей обучающегося, его творческого и ассоциативного мышления в процессе усвоения иностранного языка, следует отметить, что они восходят к когнитивно-визуальным технологиям,которые широко используются в иноязычном образовании. Появление новых информационно-

коммуникационных технологий дает возможность использовать новые способы кодирования и переработкиинформации в сфере образования. Когнитивно-визуальные технологии соотносятся с понятиями «визуализация» и «когнитивная визуализация», которые основаны на дидактическом принципе наглядности, согласно которому обучение строится на конкретных образах,непосредственно воспринимаемых учащимися. Актуализатором идеи использования интеллект-карт в обработке информации с позиций осмысления, можно назвать американског ученого Тони Бьюзена.

Интеллект-карты представляют собой работу по выстраиванию когнитивных связей. Они позволяют выявить основные идеи изучаемого материала и эффективно их структурировать.

Интеллект-карты могут выполнять различные функции в процессе обученияиностранному языку. Их можно использовать при объяснении учебногоматериала, контроле сформированности речевых навыков, проверке усвоенныхзнаний. При работе с текстовым материалом на всех этапах работа с ментальными картами позволяетактивизировать процессы осмысления и запоминания информации. Интеллект-карты представляют своего рода вид планирования. Например, при обученииписьму на иностранном языке, составление ментальных карт позволяет составить план той или иной письменной работы (эссе, изложения, статьи т.д.).

Понимание значимости своей работы и удовлетворение от качества ее конечного результата создает у будущих учителей положительный эмоциональный настрой и желание выполнить действия лучшим способом. 6. Обучение на модульной основе способствует формированию стремление изменить свои умения и навыки в результате изменившихся условий и в соответствии с ними. Это облегчает переход от учебно-дисциплинарной к личностно-ориентированной модели обучения. Использование модульного принципа создает условия для реализации фасилитационного и холистического подходов к организации педагогического процесса. Если говорить о фасилитации как подходе (от англ. Facilitate – создавать благоприятные условия), то она направлена на создание условий, которые благоприятно воздействуют на достижение образовательных результатов. Под понятием «холистический» (от англ. Whole – цельный) понимается подход к обучению, который может задействовать одновременно работу обоих полушарий головного мозга, связан со стимуляцией познавательной активности, а не на сообщении знаний в готовом виде.

Под руководством С.С. Кунанбаевой разработана технолого-управляющая и содержательно-профессиональная типовая программа по ситуативно-коммуникативному практикуму, базовому ИЯ и учебных комплексов для майноров, преемственных по годам обучения. Кафедры по трехкомпонентной подготовке модификационных программ иностранного языка представили макеты обновленных программ и подготовили учебники и учебные пособия. М*одернизация ОП «П*одготовка учителя иностранного языка» *осуществляется в соответствии с тремя верификациями содержания и технологии иноязычного образования по подпрограммам (БИЯ, Коммуникативно-ситуационный практикум, академический иностранный язык), подготовлены коллективом ППС учебники для реализации международно-адаптивной системы иноязычного образования.*

Основными и универсальными принципами, определяющими методологическую основу модульных образовательных программ признать следующие базовые подходы:

а) моделирование и презентация учебного материала по блочно-модульному формату (КЛК) по основным регистрам профессиональных сфер общения (профессионально-отраслевая коммуникация);

б) последовательность организации и включения учебного материала в процесс активного усвоения выстраивать в соответствии с комплексными требованиями к уровню языковых компетенций согласно фасилитационному и холистическому подходам к уровням владения иностраннымязыком;

в) обеспечить в технологической системе профессионально-отраслевого иноязычного образования целевую направленность учебного процесса на последовательное формирование

системы коммуникативных языковых компетенций, начиная от профессионально-ориентированных с переходом на профессионально-базируемые и профессионально-идентифицирующие (с учетом компетенций по специализациям и профилям).

**Список использованных источников**

1. С. Ю. Головин Словарь практического психолога/ Сост. С.Ю. Головин.»: Харвест; Минск; 1998.
2. Кунанбаева Лингвокультурологический подход в иноязычном образовании: методы и технологии// Материалы международной научно-практической конференции 4-5 февраля КазУМОиМЯ им. Абылай хана "Лингвокультурологический подход в иноязычном образовании: методы и технологии".- Алматы: 2010
3. Социокультурная концептуальная основа коммуникативного подхода в обучении иностранному языку// Вестник серии Филология 2012 № 2. // КазУМОиМЯ. – Алматы.

## FORMATIVE ASSESSMENT IN ENGLISH LESSONS

**Kurmanbayeva G.M.**
Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov(ARSU) master's student of the Faculty of Philology

**Андапта:** Бұл мақалада оқушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру мен бағалаудың жаңа тәсілі ұсынылған, сондай-ақ аудиториялық сабақтарда формативті бағалау құралдарын қолдану мысалдары келтірілген. Бағалау жүйесі жаңа деңгейге көтеріледі деген ой негізделген, өйткені бағалаудың заманауи формалары мен әдістері енгізілуде. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістерін қолдана отырып, оқушыларды бағалау мәселесі зерттелді. Бағалауға критериалды-бағдарланған тәсіл негізінде білім алушылардың білім беру нәтижелерінің сапасын мониторингтеу және бағалау тақырыбы ашылды. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі критериалды бағалаудың заманауи моделіне сәйкес келетін шет тілі сабақтарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдісі сипатталған.

**Abstract:** This article presents a new approach to the formation and assessment of students' knowledge, skills and abilities and provides examples of the use of formative assessment tools both during classroom lessons. The idea is substantiated that the assessment system is moving to a new level because Modern forms and methods of assessment are being introduced. The problem of assessing students using self-assessment and peer-assessment methods has been studied. The topic of monitoring and assessing the quality of educational results of students based on a criterion-oriented approach to assessment is revealed. A method for assessing the educational achievements of students in foreign language lessons corresponding to the modern model of criterion-based assessment in the education system of the Republic of Kazakhstan is described.

**Аннотация:** В данной статье представлен новый подход к формированию и оценке знаний, умений и навыков учащихся, а также приведены примеры использования средств формативного оценивания на аудиторных занятиях. Обоснована мысль о том, что система оценивания переходит на новый уровень, поскольку внедряются современные формы и методы оценивания. Изучена проблема оценивания учащихся с использованием методов самооценки и взаимного оценивания. Раскрыта тема мониторинга и оценки качества образовательных результатов обучающихся на основе критериально-ориентированного подхода к оцениванию. Описан метод оценки учебных достижений обучающихся на уроках иностранного языка, соответствующий современной модели критериального оценивания в системе образования Республики Казахстан.

### Introduction

Currently, significant changes are taking place in the activities of teachers in modern Kazakh schools, mainly due to the introduction of a new state educational standard. New, higher requirements for the results of students mastering general education programs require the search, study and application of new methods and approaches relating to most aspects of the learning process, in particular assessment.

Very often, schoolchildren and the products of their activities are assessed on the basis of the material they have learned. That is, teachers evaluate the final product based on the content submitted by students.

The importance of assessment is difficult to overestimate, but one must understand that its purpose is not only to measure learning outcomes over a period. It is equally important to use assessment to develop skills and abilities, improve the quality of knowledge, and develop an individual approach to working with students based on joint work - both with a teacher and in a team.

At the same time, teachers face an acute issue of the lack of technologies and effective methods for assessing meta-subject results. The assessment process should be varied - in form, methods, rating scale. This is the only way to implement an individual approach that takes into account the characteristics of each student. In this regard, we are increasingly turning to formative assessment technology.

The variety of modern forms and methods of teaching allows the teacher to expand the range of his educational activities. The emergence of electronic textbooks, interactive whiteboards, multimedia tools, educational films, etc. makes it possible to captivate students, increase their interest in the subject, and motivate them to learn new things. However, this leads to focusing work on the receptive model of learning, which poses a danger for the student to become a consumer of information. While the main task is to educate an independent personality, a figure capable of effectively and efficiently not only perceiving information, but also processing it.

The psychological characteristics of middle and senior students determine an increase in their ability to autonomous self-assessment, which creates favorable conditions for the development of the reflective-evaluative component of educational activity. The presence of clearly defined criteria makes it possible to make the process of assessing students' academic achievements open, objective, and to create conditions for increasing readiness for active reflection on one's role in the educational process and the formation of a subjective position.

This method will help reduce the authoritarian nature of the teacher's assessment activities and increase students' motivation for the effectiveness of educational activities, and also allows them to most effectively and quickly correct their "gaps" in knowledge, therefore, improve the quality of education, and not just measure the level of results in accordance with norms. Thus, through formative assessment, the child will be able to effectively develop evaluative independence.

**Research methodology**

Formative assessment for students can enable them to learn from their own mistakes; can help you realize what is important; can help understand what they are doing; can help discover what they don't already know; can help discover what they can't do.

The principles that define such a significant role of formative assessment in improving educational results make it possible to talk about its advantages compared to the traditional assessment system:

Forms the educational process - formative assessment techniques allow you to manage the attention of students at each stage of learning, taking into account the characteristics of the courses being studied and the level of results achieved.

• Learner-centered - focuses on monitoring and improving learning based on each individual's progress.

• Occurs continuously - a process that triggers the feedback mechanism and maintains it in a working state.

Whatever assessment technique the teacher chooses, it is important to remember that the assessment must necessarily be a manifestation of goodwill towards the child. An error or ignorance is a stimulus for knowledge, therefore the student should be stimulated to learn in exclusively positive ways: through praise, approval, support, and creating a situation of success.

The guiding idea behind formative assessment is feedback. Its main components:

• data on the desired level of achievement;

• data on the current level of achievements;

• a mechanism for comparing these two levels and determining the gap between them;

• a mechanism that allows information to be used to bridge the gap.

I would like to give examples of the use of various formative assessment techniques, which, in our opinion, are most effective in foreign language lessons

*“Achievement List” - a list of achievements for self-diagnosis of knowledge and skills, which is advisable to use before starting to study a topic, during, to obtain intermediate results, after completing its assimilation.

Example ("Smiles 4", Module 2, page 22 – The Legend of Korkyt Ata). Students are asked to fill out the table at the beginning of the lesson and complete it after studying the material at the end of the lesson.

| | In the beginning of the lesson | In the end of the lesson |
|---|---|---|
| I know about Korkyt Ata’s , family, hobby, place and date of birth | | |
| I can talk about Korkyt Ata using Fact file | | |
| I can ask and answer Yes/No questions about Korkyt Ata | | |
| I know how to write the profile of Korkyt Ata | | |

When using this form of formative assessment, the main factor is feedback for the teacher, what material the student has not mastered, what rule needs to be worked on, what similar material to offer for assessment next time. Feedback for the student will be the progress made in mastering the topic.

*“Test Creating” technique - compiling tests. Students independently formulate questions on the topic studied. The motivational component of this technique is whether the student is able to give an answer to the proposed question himself, or whether he wants to receive additional information on the topic. It is advisable to carry out this type of work as a consolidation of the material studied, or, conversely, before studying a new topic, in order to find out which aspects of the topic are interesting to students.

* (3-2-1 Summarizer). This technique is intended to complete the lesson. The numbers “3-2-1” mean the number of brief reflective reports required by the teacher from students. So, in English lessons, for example, after working on some text material, the teacher can ask students to answer questions containing the following provisions:

1) 3 new facts that students learn while working on the text;

2) 2 questions regarding the content of the text;

3) 1 example, based on personal experience and illustrating the attitude towards the material covered.

* The essence of the “Smart break” technique (smart exercise) is a combination of physical exercise and checking understanding or knowledge of any material. Students answer unambiguous (Yes/No - questions, Agree/disagree) questions from the teacher through pre-agreed exercises. For example, Yes - students stand up and raise their arms, No - students bend forward. You can complicate the task by offering the role of teacher to the student.

After testing some techniques, I noted those with which students work most actively, those that provide more complete information, and those with which students are reluctant to work.

Thus, students are more willing to perform self-assessment or peer assessment in pairs. To consolidate the material, I use the “Test Creating” technique - composing tests. At home, the students prepare mini-tests, and at the beginning of a new lesson, everyone receives a test from one of their classmates. Such work allows, firstly, to check how much the material has been mastered, and secondly, based on the questions compiled, you can determine what the student understands and what points are difficult.

The most used techniques in my work are the “Achievement List”, since it gives a more complete picture and quick feedback since tasks of this type can often be found in the “Smiles” teaching aid, which we use .

Moves such as Fingers Up and Stars and Wishes are the least popular. This is due to the fact that it is not easy for children to admit mistakes or talk about their weaknesses to a large audience. The use of such techniques must be treated with special attention, because students may inflate their results so as not to appear stupider than others, or, on the contrary, they will be too critical when assessing others, because personal attitude and subjectivity may affect them.

The student is interested in what the teacher is interested in. If students understand that assessments, concept maps, and even weekly reports are read by the teacher, provide feedback, and demonstrate to students the learning progress they have made, then formative assessment will have a great motivational effect.

Sum up, there are quite a variety of formative assessment techniques. The essence of using formative assessment is to improve the quality of a student’s education by understanding the student’s problems and overcoming them together. That is, formative assessment allows teacher to track student progress, gives students, and not just the teacher, information about the causes of errors, allows teacher to develop strategies for correcting and eliminating them, provides students with an understanding of assessment methods and criteria, thus making students responsible for learning and increasing cognitive motivation.

**References**

1. Pinskaya. M.A. Assessment in the context of the introduction of the requirements of the new Federal State Educational Standard. -M.: Pedagogical University “First of September”, 2013, 96 p.

2. Krylova O.N., Boytsova E.G. Techniques of formative assessment: methodological designer: methodological manual. - M.: LLC "Russian Word - Textbook", 2016. - 80 s.

3. Formative assessment - essence, technologies, - access mode: http://sandbox. openclass.ru/node/13 7655

4. Bogolepova S.E. Towards the Federal State Educational Standard: formative assessment. - URL:http://tea4er.ru/home/volume4/3428-2013-09-18-09-42-30

## МӘТІН – ЖАЗБАША БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ НЕГІЗІ

**Икрам Ұ.Ә.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **М.Н.Қойшыбаев**, ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор м.а., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

**Аңдатпа:** Бұл мақалада мәтін – жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретудің теориялық негіздерінің өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты негіздеме берілген.

**Аннотация:** В данной статье дается всестороннее обоснование специфики теоретических основ обучения текстово – письменной связной речи.

**Abstract:** This article provides a comprehensive justification of the specifics of the theoretical foundations of teaching text –written coherent speech.

Тілдің негізгі қызметі – қарым-қатынас құралы. Ол сөйлеу арқылы жүзеге асады. Жазбаша сөйлеу – естумен қабылданатын тілдік дыбыстардың, көрумен танылатын әріптер мен адамның тілдік әрекеттерінің күрделі байланысынан тұратын үрдіс.

Ауызша сөйлеу адамның бір-бірімен қарым-қатынас негізінде практикалық қажеттіліктің туындауынан пайда болғаны белгілі. Ауызша сөйлеу адамның бір-бірімен пікір алысып, ой бөлісуі үшін қажет болса, ал жазу осы ойды ұзақ уақыт сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу қажеттілігінен туындайды.

Ерте кезеңде ойды жеткізу құралы ретінде сөйлеудің таңбалық, бейнелік түрлері

қолданылып, ең ежелгі белгілер, петроглифтер, идеограммалар пайдаланылды.

Чех ғалымы Ч.Лоукотканың көзқарасы бойынша, ең алғашқы белгілер «тілге тәуелді болмаған, өйткені олар алдын-ала белгіленген шартты сигналдар түрінде бейнеленіп, бәріне бірдей түсінікті болған» деп жазады [1, 13 б.].

Ойды ұзақ уақыт ұмытпау үшін адам тек кинетикалық (ым, ишара) сөйлеуді ғана емес, мнемоникалық тәсілді ойлап тапқан. Ерте кезде жазбаша сөйлеуді «мнемоникалық сөйлеу» деп атау да бекер емес. Біртіндеп тіл жазу арқылы таңбаланып, қатынас құралы ретінде шеңбері кеңейіп, адамның ойы тіл арқылы, сөздер мен сөз тіркесі, сөйлем арқылы материалдық формаға енді.

Әдістемеде жазу, жазбаша сөйлеу және жазбаша байланыстырып сөйлеу деген ұғым бар. Оқушының жазу әрекеті жеке әріптердің элементтерін қолдана отырып, графика мен орфографияны меңгеруі арқылы қалыптасса, ал графикалық кодтың көмегімен өз ойларын басқаға жеткізу, құрылған ойды жазба таңбалармен қағазға түсіру оқушылардың жазбаша сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Ал мәтін құрып, өз ойын жүйелі түрде жеткізу жазбаша байланыстырып сөйлеу әрекеті арқылы іске асады.

Орыс-психологы Л.С.Выготский: «Жазбаша сөйлеу – бұл сөйлеу алгебрасы, өйткені ол балаға сөйлеудің ең жоғары абстракты түрі жоспарлы сөйлеуді үйретеді» деп жазады [2,75б]. Жазбаша сөйлеудің ойлауды дамытудағы рөлі жайлы А.Р.Лурия «ойлаудың жаңа әрі мықты құралы, ауызша сөйлеуге қарағанда ойлануға үлкен мүмкіндіктер туғызатын құрал» дейді [3,65б].

Ал даму теориясының негізін салушы ғалым В.В.Давыдов «жазбаша сөйлеу баланың ақыл-ой әрекетінің дамуында ерекше орын алатынын» жазған [4,32б].

Л.С.Рубинштейн: «Письменная речь есть самая многословная, точная, развернутая форма речи. В ней приходится передовать словами то, что в устной речи передается с помощью интонации и непосредственного восприятия ситуации» деп жазған [5, 339 б.].

Енді осы пікірлердің негізінде жазбаша байланыстырып сөйлеу ұғымына талдау жасап көрейік. Әдістемеде «байланыстырып сөйлеу» ұғымы жайлы нақты, ортақ анықтама жоқ десек болады. Байланыстырып сөйлеу ұғымын орыс ғалымдары қолданып жүрген «связная речь» сөзін калька жолымен аударғаны дұрыс емес деген пікірлер де жоқ емес (Н.Құрманова) [6, 21 б.].

«Шындығында бұл тіркестің қазақша мағынасы «тіл ұстарту», «тіл ширату» деп анықтайды ( А.Жапбаров) [7, 26 б.].

Сонымен «байланыстырып сөйлеу» дегеніміз не? Тілді оқыту әдістемесінде бұл ұғымды үш түрлі мағынада түсіндіреді: 1) өз ойын білдіру үрдісіндегі сөйлеушінің әрекеті; 2) сөйлеу әрекетінің жемісі, мәтін құрып сөйлеу; 3) тіл дамыту әдістемесіндегі бөлімнің аты [8, 192 б.].

Бастауыш сыныпта тіл дамытудың әдістемелік негіздерін зерттеген ғалым С.Рахметова: «Байланыстырып сөйлеу дегеніміз логика мен грамматиканың заңы бойынша құрылған, белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды білдіретін және өзара байланысты азды-көпті бөліктерден тұратын біртұтастық» деп, байланыстырып сөйлеудің өзіндік ерекшелігіне жан-жақты анықтама берді [9, 231 б.].

С.Рахметова байланыстырып сөйлеуге оқушыны ойлау,жүйелеу, материал жинақтау, текст құрастыру шеберліктері арқылы үйретуге болатыны жайлы ғылыми тұжырымдар айтып, оның әдіс-тәсілдеріне қысқаша шолу жасаған.

Жоғарыдағы пікірлерге сүйене отырып, тұжырымдайтынымыз, *жазбаша байланыстырып сөйлеу дегеніміз – тілдік және қатысымдық тұлғалардың сыртқы таңбалық және ішкі мазмұндық қасиетімен тығыз байланысқан арнайы заңдылыққа бағынуы арқылы іске асып, мәтін құру арқылы белгілі бір хабарды жарыққа шығаруға және қабылдауға ықпал ететін сөйлеу түрі.*

Байланыстырып сөйлеу сөз бен ойды жүйелеп, нақтылап жеткізу үшін қажетті тілдік құрал мен білікті, шығармашылық ізденісті қажет етеді. Бұл, әсіресе, байланыстырып сөйлеудің жазба түріне тән. Өйткені байланыстырып жазуда адамның ойлау ерекшелігі, ойдың

көрінісі қағаз бетінде бейнеленеді.

Мұнда мұғалім мәтін құруға үйретудің жолын ұсынып қана қоймайды, оқушының нақты мүмкіндігі мен шығармашылығын танып-білуге, соның негізінде жазбаша байланыстырып сөйлеуге деген қажеттіліктерін қалыптастырып, тілдік қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Оқушының жазба тілге үйренуі ең алдымен оның тілдік біліміне және сол игерген білімін тәжірибеде қолдана білу білігіне байланысты. Осының барысында ойын жазбаша білдіруге дағдыланады.

Бұл бағыттағы жұмыс бала мектепке келген күннен бастап жүргізіледі. Оқушылар мектепке келгеннен бастап сөйлеудің диалогтық түрін қолданады да, ал монологтық сөйлеуге келгенде қиналады. Бастапқыда мектепте келген баланың ауызша байланыстырып сөйлеуіне көбірек көңіл бөлінеді де, біртіндеп жазбаша байланыстырып сөйлеу әрекетін арнайы қалыптастыру көзделеді.

Сөйлеудің байланысы туралы Платон: «…сөйлеу тірі тіршілік иесіне ұқсауы тиіс, оның басы мен денесі, кеудесі мен аяқ-қолы бір-біріне сәйкес келіп, байланысып тұруы қажет»деп жазған болатын [10, 203 б.].

Байланыстырып сөйлеуде әрбір сөйлемнің беретін мазмұны келесі сөйлеммен іштей байланыста болуы шарт, яғни айтайын деген ішкі ой үзілмеуі тиіс. Сонымен, жазбаша сөйлеудегі «байланыстылық» – дегеніміз жазушының (сөйлеушінің) ойын сөзбен көркемдеуі, жазушының жазғаны оқырманға (тыңдаушыға) түсінікті болуы деген сөз. Байланыстырып сөйлеу контексте жүзеге асады. Ауызша сөйлеу табиғи түрде меңгерілсе, жазбаша байланыстырып сөйлеу жасанды дағды арқылы қалыптасады. Жазбаша байланыстырып сөйлеуде тілдік құралдарды таңдау қатаң талапқа, яғни ойды жүйелі түрде баяндауға бағынса, ауызша сөйлеуде еркін сөз тіркесі, қайталаулар, ойдың аяқталмай қалуы сияқты жағдайлар көп кездеседі. Ауызша байланыстырып сөйлеу мен жазбаша байланыстырып сөйлеудің арасында едәуір айырмашылық болғанымен, екеуінің арасында тығыз байланыс та бар. Мысалы, ауызекі сөйлеудің жазба түрдегі ғылыми еңбектен үлкен айырмашылығы болғанымен, ауызша баяндама мен жазбаша баяндаманың арасында айырмашылық аз. Бірақ бұл жерде жазғанды жаттап алып сөйлеуді, өзінен-өзі туындайтын ауызекі сөйлеуден ажырата білу керек.

Ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеудің өзара байланысы жөнінде Н.И.Жинкин «ауызша сөйлеусіз жазбаша сөйлеу мүмкін емес, жазбаша сөйлеу адамзаттың ойлап тапқан хабарын жазып алып отыру және оны әрдайым сақтау үшін қажет» деп жазады [11, 13 б.].

Сөйлеудегі байланыстың болмауының бір себебін, жазбаша сөйлеудің психологиялық ерекшелігін зерттеген И.Е.Синицаның ойынша, ауызша сөйлеудің жазба тілге ететін әсерінен деп есептейді [12,245б]. Оқушы ауызша сөйлеуде өз ойын жеткізе алмағандықтан, жазбаша да өз ойын байланыстыра алмайды деп санайды. Өйткені ауызша сөйлеудегі байланыстылық тек лингвистикалық тәсілмен (шылау, лексикалық қайталау, есімдіктер) ғана емес, ишарат, қол, бет қимылдары, дауыстағы үзіліс арқылы қамтамасыз етіледі.

И.Е.Синица сөйлеудің жазба түріндегі байланыссыздық ауызша сөйлеудегі осы құралдардың жоқтығынан деп түсіндіреді. Бұдан жазбаша сөйлеуді дамыту үшін ауызша сөйлеуді де жазба түрдегідей етіп дамыту керек деген пікір шығады. Бір сөзбен айтқанда, ауызша сөйлеуді «кітап тілімен сөйлейтіндей» етіп үйрету қажет дегенге келтіреді. Алайда бұлай ету мүмкін еместігі айдан анық. Өйткені тіл білімінде әрбір сөйлеу тілінің өзіне тән стилі, заңдылықтары, сөйлеу талаптары болатыны белгілі. Біздің ойымызша, оқушының өз ойын байланыстырып жаза алмауының бір себебі, ауызша сөйлеуге үйрету құралдарының жоқтығынан емес, оқушыларға ерекше құрылым бойынша түзілетін мәтінді түзу әрекетін арнайы үйретпегендіктен деп ойлаймыз.

Оқушының жазбаша сөйлеуіндегі байланыстың болмауының бір себебін психолог М.М.Мұқанов «адам ойы іштей сөйлеу алабына /ішкі ниетке / жетпей қалған кезде байланыссыз болады» деп түсіндіреді. «Ниет деп адамның өзіне ғана белгілі, бірақ сөз «қабығына» енбеген оның ішкі ойын айтады» [13, 114 б.].

Ал «бастауыш сынып оқушыларына арналған қазақ тексін» зерттеуші ғалым

Қ.Молдабеков оқушының ойын дәл білдіруге сөз таба алмай қиналатын себебін «осы тақырыпқа жататын ұғымдарды, әсіресе ұғымдар арасындағы байланысты меңгере алмағандықтан» деп түсіндіреді[14,345б].

Ұғым адам ойындағы зат немесе құбылыстың басты белгілерінің бейнесі. Сөздің мағынасын түсінбеген оқушыда сол айтылған зат немесе құбылыс жөнінде ешқандай ұғым қалыптаспайды. Осындай түсініксіз сөздерден кейін оқушы өз ойын жүйелеп айтуға қиналады. Сондықтан да Қ.Молдабеков жүйелі сөйлеуге үйрету үшін әрбір ұғымның «мағынасын ашу» тәсіліне көңіл қойған дұрыс деп санайды.

Оқушылардың мәтін туралы білімі оның ерекшелігін танытатын жеке және жалпы ұғымдардың байланысынан тұрады, яғни оқушының теориялық ойлауы осы байланысты талдау мен жинақтаудан, салыстырудан, ой қорытындысын жасаудан т.б. тұрады.

Н.Құрманова оқушылардың жазбаша, ауызша тілінде, көп ретте мәтін туындамай жататын себебін «оқушының сөздік қорының тапшылығынан, грамматикалық байланысу тәсілдерін дұрыс қолдана алмауы мен оқушыларда тұтастықтың құрылуы, сақталуы туралы ұғым қалыптаспауынан болады» деп түсіндіреді [15, 86 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеуіндегі байланыстың болмау себебі мынадай жағдайларға, 1-ден, оқушының жазатын ойы санада сөзбен бейнеленбегендіктен; 2-ден, жазатын ойдың өзінде жүйелілік болмағандықтан; 3-ден, мәтін құрайтын элементтерді (мәтінді құру жолын) дұрыс қолдана алмағандықтан болады деп түйіндейміз. Сондықтан бастауыш сыныптан бастап баланың ойлау әрекетінің нәтижесінде туатын жазбаша мәтіннің мағыналық, құрылымдық ерекшелігін оқушыға түсіндіру қажетігіне көз жеткіздік.

Тұжырымдағанда, жазбаша байланыстырып сөйлеу әрекетінің негізгі белгілері мен ерекшеліктері төмендегідей:

- жазбаша байланыстырып сөйлеу үрдісі мәтін құру арқылы жүзеге асырылады;
- жазбаша байланыстырып сөйлеу әдеби тіл нормаларына сай болуымен ерекшеленеді;
- жазбаша байланыстырып сөйлеу ойлау әрекетінің операциялары (индукция, дедукция, абстракция т.б.) арқылы жүзеге асады;
- жазбаша байланыстырып сөйлеу үрдісінде әрекеттің барлық түрі қатысады (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым, тілдесім);

Оқушыларды жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрету үшін мынадай білім, білік пен дағды қалыптасады:

- оқушыға мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері туралы білім беріп, оны өз тәжірибесінде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру;
- мәтін түрлері бойынша жазбаша байланыстырып сөйлеу әрекетіне жаттықтыру;
- мәтін стилі, жанры бойынша мәтін құрастыруға үйрету;
- мәтіндегі сөйлемдерді байланыстыру жолын меңгерту.

Демек, оқушылардың жазбаша байланыстырып сөйлеу әрекетін дамыту осы ерекшеліктері бойынша мәтін құру білігі мен дағдысына негізделе жүргізіледі.

Жазбаша байланыстырып сөйлеудің лингвистикалық негізін қарастырғанда сөйлеу үрдісінің нәтижесі болып саналатын мәтін және оның құрылымдық ерекшелігіне тоқталамыз. Өйткені, байланыстырып сөйлеуге үйретуде оқушыларға сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисін білу жеткіліксіз, олай дейтініміз, өз ойын жазу жеке сөйлемдерден тұрмайды, ол бір-бірімен логикалық және грамматикалық байланысқа түскен сөйлемдер бірлігі болып табылатын тұтас мәтіннен тұрады.

Мәтінмен жұмыс түрлерін С.Рахметова мынадай кезеңдерге бөліп көрсетеді: мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау; мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу; шығарманы оқу; әңгіменің жоспарын жасау; оқыған шығарманың мазмұнын айту; шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармалық жұмыстар [16, 56 б.].

Мәтінмен жүргізілетін осы жұмыстардың әрқайсысында оқушы ойын дамытуға өзіндік үлес қосады. Дегенмен бұлардың ішіндегі мәтіннің жоспарын жасау, сөйлемдер байланысын меңгеру, мәтін бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар оқушының өз ойын жазуға ерекше қызмет атқарады.

Н.И.Жинкин оқушыларды сөйлем құрастыруға үйреткен сияқты мәтін құруды да неғұрлым ерте үйрету керек екенін жазады. Бала белгілі бір ойдың төңірегінде байланыстырып сөйлеп, жаза алуы үшін кез келген сөйлем мәтін бола алмайтынын, ол белгілі бір тақырыпқа негізделіп құрылатынын ерте бастан ұғындыру қажет деп санайды [17, 258 б.].

Мәтінді лингвистикалық білімнің жеке саласы тұрғысынан қарастыру XX-ғасырдың 60-70 жылдарынан қалыптаса бастады. Лингвистиканың зерттеу объектісі ретінде мәтінге берілген анықтамалар да жетерлік. Олардың бірқатарына тән ортақ пікір бойынша, мәтін дегеніміз аяқталған тұтас ойды білдіретін сөйлеудің басты бірлігі.

Б.Шалабай: «Мәтін – әдеби тілдің жазбаша варианты негізінде пайда болған және өмір сүріп, одан әрі дамитын тілдік құрылым» деп анықтама берсе [50, 60 б.], А.С.Қыдыршаев: «Мәтін – тілдік сөйлеу қарым-қатынасының нақты бірлігі. Сөз сөйлеудегі ой ұшығы тек қана мәтін деңгейінде жүзеге асады, онда тіл мен ойлаудың әсер ету үрдісі жүретіндігін» жазады [18, 51 б.].

Мәтін –“textum”– латын тілінен аударғанда (ткань, сплетение, соединение) қосылу, бірігу деген мағынаны білдіреді. Тіл білімі терминдер сөздігінде «Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбегі. Мәтіннің құрылу шарттары: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мазмұнға ие болуы, аяқталғандығы, қарым-қатынас жасауды іске асыру мүмкіндігіне ие болуы» деген анықтама беріледі [19, 208 б.].

Бастауыш сынып оқушылары белгілі бір ойды жүйелі жазу үшін, яғни оларды мәтін құруды үйретумен байланысты оқытылады, өйткені мәтін құру жазба тілдің заңдылықтарына бағынады.

Бастауышта стилистика ғылымы жеке тарау болып оқылмағанмен, бірінші сыныптан бастап оқушыға өз ойын байланыстырып жазуға үйретуде стилистика мәселесінен де қарапайым білім, білік, дағды қалыптастыруға қажетті мағлұмат пен практикалық жаттығулар беріледі.

Біздің пікірімізше, бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде стилистика мәселесі де қамтылады. Мұның себебі, ойды мазмұнды, жүйелі жеткізу үшін тілдегі көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып (теңеу сөз, метафора, балама т.б), әдеби тіл және ғылыми тіл стильдері бойынша мәтін құруға жаттықтыруда стилистика заңдылықтарын білудің маңызы зор.

Мәтін стилистикасы көркем шығармалардың жазылу ерекшелігіне байланысты сөйлеу түрлерін қарастырады. Демек, бастауыш сыныпта әдеби тілдің функциональдық типтері бойынша (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) мәтін құрастыру жолдары үйретіледі.

Мәтіннің осы түрлерін құру арқылы оқушының ойлау үрдісі жүзеге асырылады, тілдік материалға реттеушілік сипат беріп, ойды жазбаша түрде жүйелі мазмұндау мәдениеті қалыптасады. Мысалы, әңгімелеу (хабарлау) мәтінінде сөйлемнің құрылымы бір-бірімен мағыналық байланысы арқылы оқиға дамытылып, өрбіп отырады.

Мәтінді бастауышта оқытуды зерттеген Т.Әбдікәрім «...мәтіннің бұл түрлерін үйретуде де оның екі қыры ескерілуі керек, себебі мәтінде сөйлеу мен ойлаудың заңдылықтары тоғысып жатады» деп жазады [20, 42 б.].

Бастауыш сыныпта оқушыны жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде мәтін түрлерінің белгілерін ажырату жолдарын қарастырған дұрыс деп санаймыз. Мұның себебі мәтін кез келген сөйлемдер жиынтығы емес, мағыналық, логикалық, композициялық жағынан байланысқан қатысымдық тұлға.

Қорыта келгенде, оқушылардың жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретудің негізгі жолы мәтінмен жұмыс болып табылады. Жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрету мәтіннің жүйелілік, құрылымдық тұтастығын таныту және өз ойынан мәтін құруға үйрету тәсілдері арқылы жүргізіледі.

Бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретудің лингвистикалық негіздерін анықтауда мәтін құру туралы мынадай білім-білік пен дағды қалыптастыру көзделді:

- мәтін туралы білім беру, оның түрлері бойынша (сипаттау, хабарлау, пайымдау) мәтін құруға үйрету;

- мәтіннің мағыналық құрылым ерекшеліктері туралы білім беріп, (тақырып, негізгі ой, жоспар) сол бойынша мәтін құрастыруға дағдыландыру;

- мәтін құрастыру үшін оны құрайтын элементтерді, композициялық құрылым (мәтін бөліктері, абзац, сөйлемдер байланысы) ерекшелігін таныту;

- мәтін құру білігі мен дағдысын өз ойын байланыстырып жазу шеберлігімен ұштастыру (жұмбақ құрастыру, өлең құрастыру, ертегі ойлап жазу, өз ойынан эссе, шығарма жазу);

- мәтіндегі сөйлемдер байланысының түрлерімен таныстырып, (тізбектік, қатарластық) олардың байланысу жолдары жайлы түсінік беру;

- мәтін стилдерінің ішіндегі ғылыми, әдеби, ресми түрлерінің бір-бірінен ерекшелігін таныта отырып, ажырата алуға, мәтін стиліне сәйкес мәтін құра алуға үйрету.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1.Лоукотка Ч. Развитие письма. – М: Из-во иностр. лит, 1950.- 282 с

2.Выготский Л.С. Проблемы развития психологии // Собр. соч: В 6 томах, – М: Наука, 1982. Т 2. - 317 с.

3.Лурия. А.Р. Развитие речи и формирование психологических процессов у ребенка. – М.: АПН РСФСР. 1956. - 94 с.

4.В.В.Давыдов. Теория развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования.– М.: Педагогика, 1986, -240 с.

5.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Санк-Петербург: Питер, 1999. - 720 с.

6.Құрманова Н. Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі. – Алматы: Ақтөбе университеті, 1999. - 125 б.

7.Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док... дисс. 13.00.02. –Алматы, 2004. - 376 б.

8.Львов М.Р. Словарь-справочник по методике русского языка. – М., 1997. - 256 с.

9.Рахметова С. Бастауыш класта оқушылардың тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док... дисс., 13.00.02. – Алматы: 1994. - 434 б.

10.Платон. Собр. соч. в 3-х томах. т 2. – М.: Мысль, 1970г. - 611 с

11.Жинкин Н.И. Развитие письменной речи учащихся III-YIII классов // – М., АПН. РСФСР. 1956. Вып. 78, с. -141-250.

12. Синица Н.Е. Психология письменной речи учащихся: автореферат дисс... док. псих. наук. – Киев, 1967. - 28 с.

13.Мұқанов.М.М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: Қазақстан, 1962. - 171 б.

14. Молдабеков Қ. Лингвостатические исследование казахских текстов для младших школьников: дисс... канд пед. наук, 13.00.01 – Алматы, 1985. - 218 б.

15. Құрманова Н. Мухлис.К. Текст теориясы мен әдістемесі. – Алматы: АлМУ, 2000. - 114 б.

16.Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. –Алматы: Ана тілі, 1991.
-180 б.

17.Жинкин Н.И. Механизм речи. – М.: АПН, 1958. - 371 с. .

18.Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл. докт. дисс. Алматы, 2001. - 317 б.

19.Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. - 432 б.

20.Әбдікәрім Т.М. «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулықтарында мәтін түзудің ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док... дисс., 13.00.02. – Алматы: 2007. -324 б.

# ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЕЙ В КОРОЛЕВСКОМ КОЛЛЕДЖЕ ЛОНДОНА

**Prof. Liviu Matei** (Ливиу Матеи)
профессор высшего образования и общественной политики,
Декан Факультета образования, коммуникаций и общества (ECS)
Королевского колледжа Лондона

**Аңдатпа**: Мақалада Лондон қаласындағы корольдік колледжіндегі мұғалімдер даярлау тәжірибесі туралы мәселе қозғайды. Корольдік колледжіндегі білім беру бағдарламалары туралы айтылады.

**Аннотация:** статья затрагивает вопрос об опыте подготовки учителей в Королевском колледже Лондона. Упоминаются образовательные программы Королевского колледжа.

**Abstract:** the article addresses the issue of the practice of teacher training at the Royal College of London. The educational programs at the Royal College are mentioned.

Королевский колледж Лондона занимает важное место в истории английского образования и является одним из старейших и самых престижных университетов Англии. На данный момент имеет более чем 120-летний опыт в области подготовки учителей.

С самого начала своей деятельности, учебное заведение сосредоточено на подготовке будущих педагогов. В настоящее время Королевский колледж Лондона является мировым центром передового опыта в области педагогического образования и образования в целом, как на национальном, так и на международном уровне. История исследований и обучения связана с решением актуальных проблем общества.

Королевский колледж Лондона предоставляет 3 образовательные программы (PGCE, магистратура и докторантура) в сфере подготовки учителей, которые являются одними из лучших в мире. PGCE (PostgraduateCertificateinEducation) предназначен для подготовки будущих учителей для средней школы. Программы магистратуры и докторантуры обучают специалистов в области образования на всех уровнях образовательной политики, как внутри страны, так и за ее пределами.

PGCE предоставляет профессиональное обучение, опираясь на передовые исследования в области образования, проводимые в Королевском колледже, необходимое для работы учителем средней школы в Великобритании, и позволяют выпускникам получить статус квалифицированного учителя для преподавания в средних школах. PGCE является программой начального обучения учителей (ITT), ведущей к получению статуса квалифицированного учителя (QTS) для преподавания в средних школах. Специальности PGCE: Информатика, Английский язык, География, Латынь с классической филологией, Математика, Иностранные языки (французский, испанский, немецкий), Религиозное образование, Естественные науки: Биология, Химия, Физика, Физика с математикой.

Программа оценена как выдающаяся (Outstanding) органом Ofsted и является первым выбором для тех, кто стремится достичь высших уровней успеха в профессии учителя. Преимуществом обучения по программе PGCE в Королевском колледже:

- выпускники имеют отличные перспективы трудоустройства: 95% были трудоустроены в школах на момент завершения курса в июне 2023 года. Многие школы активно обращаются к Королевскому колледжу в течение учебного года, чтобы нанять студентов на стажировку.
- Королевский колледж обучает учителей более 120 лет и преподаватели PGCE сами являются квалифицированными учителями и обладают богатым опытом в подготовке учителей.
- Королевский колледж заслужил репутацию как в области методов обучения, так и в стандартах подготовки новых учителей.
- Партнерство со школами. Студенты могут получить доступ к около 200 школам по всему городу и окрестностям, которые сотрудничают с Королевским колледжем.
- 120 дней на стажировки

- Предоставляется поддержка как со стороны преподавателей Королевского колледжа, так и менторов в вашей прикрепленной школе.

Оплата обучения и финансирование: студенты оплачивают обучение, однако предоставляется стипендии местным студентам, которые финансируются государством. Это соответствует политике государственного субсидирования образования для будущих учителей. Многие из иностранных студентов приезжают собственными стипендиями из своих стран.

Программа PGCE представляет четыре обязательных модуля и два практических блока, нацеленных на приобретение опыта преподавания в средних школах. Важно подчеркнуть, что подход к подготовке учителей строится не только на академической подготовке в рамках университета, но и на предоставлении студентам реального опыта работы в средней школе. Благодаря сотрудничеству средними школами в Лондоне, студенты получают уникальную возможность практиковаться в разнообразных образовательных учреждениях. Также образовательные программы включают семинары и стажировки, способствуют самостоятельному обучению студентов. Особое внимание уделяется академическим сессиям, а также наличию наставников, выбираемых из числа опытных преподавателей. Студенты также должны быть в курсе последних достижений в исследованиях в соответствующих областях, и для этого есть академические сотрудники, уделяющие половину своего времени исследованиям. Важно отметить, несмотря на практическую ориентированность, также уделяется внимание исследовательской базе.Продолжительность обучения обычно составляет 3 часа в день в течение примерно 120 дней. Это обеспечивает студентам значительное количество академического времени, включая визиты эдвайзером, встречи с наставниками и, конечно, обратная связь по проделанной работе. Программа PGCE, как правило, продолжается 10 месяцев после завершения бакалавриата.

Главная цель программы является подготовка высококвалифицированных учителей, однако многие выпускники находят себя в роли руководителей отделов и членов административных команд в школах, где они работают. Некоторые выбирают карьеру в сфере консультирования в области образования на национальном и международном уровнях.

Королевский колледж Лондона поддерживает разнообразные магистерские программы в сфере образования, включая программы, специализированные в базовом образовании, а также те, которые акцентируют внимание на аспектах управления образованием. Магистерские программы обладают своей уникальной структурой, включая семинары, онлайн-дискуссии, лекции и практические наблюдения, предшествующие написанию магистерских работ.

Программы предоставляют обширный доступ к библиотечным ресурсам, обеспечивая студентам доступ к информации и материалам, необходимым для успешного обучения и исследований.

Среди студентов преобладает много иностранных студентов. В связи с этим на усом уровне развивается международное сотрудничестве с партнерами из разных стран мира, направленное на развитие будущего образования и исследований в области подготовки учителей и образования в целом.

Королевский колледж Лондона проводит программы для развития навыков и политических решений в сфере образования в различных странах, включая Бразилию, Южную Африку, Ближний Восток и Центральную Азию. Цель данной программы обогатить образовательное пространство и содействовать развитию образования в мире.

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

**Мамайқызы А.**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: **М.Н.Қойшыбаев**, ф.ғ.к. қауымдастырылған
профессор м.а., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

**Аңдатпа:** Бұл мақалада педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетіне жан жақты негіздеме берілген.

**Аннотация:** В данной статье дается всестороннее обоснование деятельности будущих учителей начальных классов в педагогическом вузе, направленной на формирование профессионально-дидактической компетентности

**Abstract:** This article provides a comprehensive justification of the activities of future primary school teachers at a pedagogical university aimed at the formation of professional and didactic competence.

Жоғары оқу орнында оқитын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруды біз әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білімдер жүйесінің бірлігінде қарастырдық. Әдіснама дерексіз - қисындылық, категориялы - ұғымдық аппаратты қалыптастыру ұстанымдары мен әдістерінің жүйесі, таным объектісі мен субъектісінің өзара әрекеттестігін, сонымен қатар осы жүйе туралыілімді ашып мазмұндайтын талдаудың ең жоғары формасы, яғни әдіснама-тікелей түйсінуден дерексіз ойлауға, әлемді сезіммен көрнекі қабылдаудан, ол туралы дерексіз ойдың қалыптасуына дейінгі қозғалыс механизмін түсіндіретін ұстанымдар жүйесі.

Педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет жалпыдан, яғни кәсіптік білім берудің әдіснамалық білімдерінен (заңдылықтар, ұстанымдар, теориялар, тұжырымдамалар, әдістер, ұғымдар және түсініктер) жекеге - оқытудың жалпы әдістемесіне, яғни жалпы орта және жоғары педагогикалық білім беру дидактикасына бағытталады.

Жоғары деңгейдегі білім беру саласына қатысты негізгі философиялық заңдарды, яғни әдіснамалық білімді зерделеудің маңыздылығы болашақ мұғалімдерді білім кеңістігін қайта құруға қажетті жоспарларды жасауға бағыттайды. Олар тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне, шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдайлар жасайды. Педагогикаға қатысты әдіснамалық білімнің өзегі болып ғылыми зерттеулерде пайдаланылатын көзқарастар туралы білімдер және оларды педагогикалық практикада мақсатқа лайықты пайдалану іскерлігі саналады. Әдіснаманың келесі деңгейіне белгілі бір ғылымға тән әдістер, ұстанымдар, білімдер жиынтығы жатады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін пәндерді оқытуға даярлауда әдіснамалық білімнің бұл деңгейі жаратылыстану-ғылыми, жалпы кәсіби, тереңдетілген кәсіби іс-әрекет әдіснамасы туралы түсініктерін қалыптастырудан көрінеді.

Әдіснамалық білімдер жүйесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы жалпы білім беру және кейбір базалық пәндерді оқыту барысында педагогика әдіснамасы, кәсіби педагогикалық білім беру педагогикасындағы әдіснамалық тұғырлар, философиялық ілімдер бойынша алатын білімдері арқылы қалыптасады.

Теориялық білімдер жүйесін мемлекеттік стандарттағы базалық пәндерден берілетін білімдер – тұлғаның іс-әрекетте даму теориясы, іс-әрекет теориясы, пәндердің интеграциясы туралы теориялар көлемі құраса, ғылыми-әдістемелік білімдер жүйесі кәсіптендіру пәндері арқылы берілетін оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін, оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық заңдылықтары, педагогиканың теориялық негіздері, бастауышта оқытылатын пәндердің мазмұны, оқушыларды оқытудың әдістері мен тәсілдері туралы білімдер көлемі негізінде зерделенеді.

Кәсіби іс-әрекеттің әдіснамасы әдіснамалық білімнің нақты ғылыми деңгейдегі өзегі болып саналады. Оны біз жалпы кәсіби іс-әрекеттің объектісі мен субъектісінің әрекеттестігін сипаттайтын, оқушылардың оқу-шығармашылық іс-әрекетінің ең төменгі формасының жоғарыға дейін дамуын болжамдайтын ұғымдық аппаратты қалыптастырудың ұстанымдары мен әдістерінің жүйесі ретінде, сонымен қатар осы жүйені сипаттайтын ілім ретінде қарастырамыз.

Әдіснамалық білім деңгейлеріне жасалған талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамасы ретіндегі жүйені жасаудың қажетті шарты болып табылады, ол бүгінгі таңда қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай бастауыш сынып мұғалімін терең әдіснамалық және жалпы теориялық тұрғыда даярлау қажеттілігі мен оны педагогикалық жоғары оқу орындарында қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізделуінің жеткіліксіздігі; болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен жоғары оқу орнында жүзеге асыру әдістемесінің болмауы; бастауыш сынып мұғалімін дайындаудың қазіргі жағдайы мен педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы арасында кездесетін бірқатар қайшылықтардың шешімін қамтамасыз ететін әдістер мен құралдарды теориялық тұрғыда негіздеуге бағытталады.

Бұлар жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді дайындау белгілі бір заңдылықтар мен педагогикалық үдеріс ерекшелігін ескере, ғылым негізделген бағдарларға сүйену қажеттігін тудырады. Олар теориялық ізденісті практикамен байланыстыратын оқыту ұстанымдары болып табылады. Оқыту ұстанымдары оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын негізгі жағдайлар.

Ұстаным (принцип – латын сөзі) – басшылыққа алынатын идея, негізгі талап, қағида дегенді береді. Ұстанымдар – бұл үдерістің мақсаты мен заңдылықтарына сәйкес білім берудің мазмұнын, ұйымдастырылу формаларын және әдістерін анықтайтын негізгі қағидалар.

В.А. Сластенин және И.Ф. Исаев оқытудың ұстанымын «ұстаным – бұл практикалық мақсаттағы ғылыми нәтижелердің өзінің көрінісін түрлерде, соңғы нәтижелерінде және білім беру қызметінің тұрғызу нүктесі болып табылатын жинақталған ұғым» деп түсіндіреді [1, С. 3-23.].

Жалпы педагогикада ұстанымдар – бұл білім беру мен тәрбиенің мақсатына сәйкес оқытудың заңдылықтарын қолдану тәсілдерін сипаттайтын дидактика категориясы. Бұдан ұстанымды таным заңдылықтарының әдіснамалық бейнеленуі деп ойлауға болады. Келесі бір пікір бойынша ұстаным – бұл әдіскерлер үшін оқу материалының мазмұны мен оны оқу құралдарында баяндаудың логикасын, әдістер, құралдар және формаларды реттеу үшін қолданылатын тәжірибе нормасы ретіндегі білім .

Педагогикалық теорияда оқу жұмысын ұйымдастырудың ондаған ұстанымдары бар (жалпы педагогикалық, дидатикалық, психологиялық, арнайы және т.б.).

В.А. Сластенин және И.Ф. Исаев жоғары мектепте кәсіби педагогикалық мәдениет қалыптастырудың бірнеше ұстанымдарын атайды, олар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда да көкейкесті болады деп есептейміз:

- білім беру мен өз бетінше білім алуды өзара байланысты ұйымдастыру жүйесіндегі жекелік және саралау ұстанымы;
- жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісіне кәсіби-педагогикалық бағыттылық ұстанымы;
- ғылыми және педагогикалық қызметтің қайшылықты бірлігі ұстанымы;
- кәсіби-педагогикалық қызметтің әлеуметтік-мәдени детерминациясы ұстанымы;
- үздіксіздік және сабақтастық ұстанымы;
- оқытушының инновациялық қызметке қосылуы ұстанымы;
- тұлға қалыптастырудағы жүйелілік, тұлғалық-әрекеттік тұғырлардың бірлігі ұстанымы;

- кәсіби-педагогикалық өзін -өзі жетілдіру ұстанымы.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің негізін құрайтын ұстанымдарды былайша белгіледік: маманды даярлауға саралы көзқарас негізінде жүзеге асатын *педагогикалық үдерістің мақсаттылығы* ұстанымы; мұғалімді терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қажеттілігі мен осы даярлықтың практикалық-қолданбалық бағыттылығын күшейту арасындағы қайшылықты шешуге бағытталған *теорияның практикамен өзара оңтайлы байланысы* ұстанымы; болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың үздіксіздігін сипаттайтын *үздіксіздік және сабақтастық* ұстанымы және мамандық таңдаудың баламасы ретінде барлық білім жүйесінде (жалпы білім беретін мектептер, шағын комплектілі мектептер, гимназиялар, лицейлер) басқарушылық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік сипаттағы шаралар жүйесін жүзеге асыру негізінде жетілетін *жас маманның кәсіби бейімделуі* ұстанымы.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ұстанымдарын айқындауда мынадай екі комонентке сүйену керек деп есептейміз: инвариантық (болашақ қандай ма болмасын пән мұғалімінің) және вариативтік (болашақ бастауыш сынып мұғалімінің). Инвариантық компоненттерге жалпы болашақ мұғалім меңгеруге тиіс: әдістемелік дайындық, оқушылардың сабаққа ынтасын, қызығушылығын тудыра білуге дайындығы, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдана білуге дайындығы, оқушылармен қарым-қатынас мәдениетіне дайындығы, оқушылар білімін тексеруге және бағалауға дайындығы, сабақтың тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға дайындығы жатса, вариативтік компонентке бастауыш мектепте оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын меңгергендігі, бастауыш сыныптың тәжірибелі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен үйреніп, оны қолдана білуге дайындығы, бастауыш оқытудың ерекшеліктеріне сай оқытудың әдістері мен құралдарын, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды іріктей және қолдана білуге дайындығы, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне орай зерттеушілік жұмыс ұйымдастыра білуге дайындығы, математика пәнінен әр оқушының 4 сыныпта халықаралық TIMSS зерттеуіне сай дайындықты меңгеріп шығуына мүмкіндік жасауға дайындығы жатады.

Жоғарыда айтылған мәселелерге қорытынды жасай келе, басауыш сынып мұғалімдерінің ерекшелігіне орай мынадай ұстанымдарды бөліп қарастыруымыз керек деп есептейміз:

1. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі және орта мектептер мұғалімін дайындаумен сабақтастығы.
2. Теориялық білім берудің біртұтастығын оқытудың, тәрбиенің және дамытудың жиынтығы ретінде қарастыру.
3. Пәндік даярлаудың жүйелілігі, ол мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асады: жалпы ғылыми – жалпы кәсіби – тереңдетілген кәсіби даярлау – біліктілік (дипломдық жұмыс).
4. Оқытудың дамытушылық сипаты.

Осы айтылғандарға орай болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың өзіне тән ерекшеліктері жоғары білім беру жүйесіне қатысты нормативті құжаттарда тиісті орнын табуы керек.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру әдіснамалық тұғырлармен қатар белгілі бір теориялық қағидаларға негізделеді. Оларды біз мәселелерінің зерттелу бағытына қарай: педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері, жоғары мектепте оқытудың теориясы мен технологиясы, оқыту үдерісін белсендіру, оқу үдерісін басқару, біртұтас педагогикалық үдеріс, оқыту үдерісінде педагогикалық және ақпараттық –коммуникациялық технологияларды қолдану, жоғары оқу орнында оқытудың технологиясы, кәсіби педагогикалық білім берудің теориясы мен практикасы, жоғары мектепте оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері, жоғары білім беру жүйесін

жаһандану жағдайына бейімдеу сияқты бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің мәнін анықтауға негіз болған ғылыми қағидалар, зерттеулер ретінде жіктедік .

Осылардың ішінен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінің ерекшелігіне орай кәсіби – дидактикалық құзыреттілігінің қалыптасуына әсер ететін теориялық қағидалар ретінде тұлға, пәнаралық интеграция, біртұтас педагогикалық үдеріс және іс-әрекет теорияларын қарастырамыз.

Қоғамымызда оқушыларды тұлғалық тұрғыдан дамыту міндеті өзекті болып отырғаны байқалады, яғни қазіргі білім беру жүйесінде бұл міндетті тиімді шешу жолдарын іздестіру қажеттілігі педагогика ғылымының өзекті мәселесі қатарына жатады.

Тұлғаны қалыптастыру және оның тұлғалық ерекшеліктерін дамыту мәселесі класик педагог тар Я.А. Коменский, Ы.Алтынсарин, К.Д. Ушинский еңбектерінде қарастырылды

Болашақ мұғалімдерді дайындауда оқытылатын ғылым негіздері бойынша әдістемелік пәндердің, яғни *кәсіптендіру пәндерінің* маңызы зор. Олар психологиялық-педагогикалық пәндердің логикалық жалғасы іспеттес. Жекелеген пәндердің оқыту әдістемесін, технологиясын білу арқылы студент әдістемелік білімді, шеберлікті меңгеріп қана қоймайды, ол осы пәндер арқылы бастауышта оқытылатын пәндердің мазмұны, міндеттері, әдістерінің ерекшелігіне орай берілетін теориялық білім берумен ұштастыруды үйренеді, әр пәннің жеке әдістемесіне орай сабақ өткізіп, мұғалім мен оқушының іс - әрекетін дұрыс ұйымдастыруға машықтанады, қазіргі заман талаптарына сай оқыту технологияларын қолдануға ұмтылады.

Жеке пәндер теориясы мен технологиясы болашақ мұғалімдерге мектептің педагогикалық өмірінде, педагогика ғылымы мен жеке пәндердің оқытылу үдерісінде болып жатқан өзгерістерге сергек қарауға үйретеді. Жеке пәндер теориясы мен технологияларын оқытуда дәрістік сабақтармен қатар лабораториялық, практикалық сабақтарды әртүрлі жаңа технологияларды қолдана отырып өткізу маңызды.

«Бастауыш мектепте қазақ (орыс) тілдерін оқыту теориясы мен технологиясы» пәндері арқылы болашақ мұғалім «Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша оқушылардың бастауыш білім беру деңгейінің соңында күтілетін нәтижелерге жетуін қамтамасыз етуді үйрене алады, яғни қажетті ақпараттарды алу және іріктеу тәсілі ретінде сөйлеу іс-әрекеттерінің әртүрлілігі туралы қарапайым түсініктерін; алынған ақпараттарға қатысты өзінің ойын білдіру үшін алғашқы сөйлеу дағдыларын; оқу және өмірлік жағдаяттарда тілдік қатынас жасау үшін сөйлеу іс-әрекеттерін пайдаланудың қарапайым тәсілдерін; тілдік қатынас және қоршаған шынайылықты танып білу құралы ретінде ана тілі мен басқа тілдердің маңызын түсінуін; сөйлеу дағдыларын қолданудың қарапайым тәсілдерін үйренуді қамтамасыз ете алады.

«Бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы мен технологиясы» пәнін зерделеу болашақ мұғалімдерге білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген «Математика және информатика» білім беру саласы бойынша әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырады, яғни олар оқушылардың осы сала бойынша қарапайым математикалық заңдар мен терминдерді білуі; математикалық білімін пайдалана алуы; логикалық тұжырымдар жасау үшін математикалық тіл мен ақпараттық – коммуникациялық технологияның (АКТ) қарапайым дағдыларын пайдалана білуі; математикалық тілді (шартты белгілерді, символдарды, терминдік сөздерді) және АКТ дағдыларын пайдалана алу сияқты бастауыш білім беру деңгейінің соңында күтілетін нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік жасауды үйренеді.

«Бастауыш мектепте дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясы» пәнін оқып – үйрену оларға оқушылардың «Жаратылыстану. Адам және қоғам» білім беру саласы бойынша бастауыш білім беру деңгейінің соңында төмендегі күтілетін табиғат, адам, қоғам және олардың өзара байланысы туралы жалпы мағұлмат алу үшін қарапайым терминдер мен ұғымдарды білу; қоршаған болмысты танып білу үшін табиғаттағы және қоғамдағы бақыланатын құбылыстарды түсініп және түсіндіре алу; табиғат, адам және қоғам туралы алған білімдерін практикада қолдана алу; табиғат, адам және қоғам туралы білімдерінің маңыздылығын түсіну; қоршаған орта болмыстарын танып білу қажеттілігін түсіну сияқты

күтілетін нәтижелерге жетуін қамтамасыз ете отырып, кәсәби - дидактикалық құзыреттілігін дамытуға жағдай жасайды.

«Бастауыш мектептегі бейнелеу өнерін оқыту теориясы мен технологиясы», «Бастауыш мектепте еңбекті оқыту теориясы мен технологиясы» пәндері «Өнер және технология»білім беру саласы бойынша білім алушылардың бастауыш білім беру деңгейінің соңында күтілетін табиғат және тіршілік сұлулығын танып білу тәсілі ретінде өнердің негізгі түрлері туралы қарапайым түсініктерінің болуы; көркем-өнер шығармалары туралы білімдерін пайдалана алуы; өз шығармашылық қабілеттерін әр-түрлі көркем және музыкалық әрекеттерде жүзеге асыра алуы; өз білімдерін бекіту үшін көркем-музыкалық әрекеттерді пайдаланудың қарапайым тәсілдерін білуі сияқты нәтижелерге жетуіне мүмкіндік жасау арқылы осы саладан өздерінің кәсіби құзыреттілігін кеңейтеді.

«Бастауыш мектептегі дене тәрбиесін оқыту теориясы мен технологиясы» пәнін зерделей отырып, студенттер өз бойларына «Дене шынықтыру» білім беру саласы бойынша білім алушылар бастауыш білім беру деңгейінің соңында күтілетін нәтижелерге жетуіне қол жеткізуге жұмыстану дағдыларын қалыптастырады.

«Педагогикалық шеберлік» курсы студенттерге мұғалім мамандығының ерекшеліктерін ұқтырып, шығармашылықпен қызмет етудің, жаңашылдықтың, оқытудың қазіргі технологияларын меңгерудің жолдарын іздеуге баулиды. Компьютердің қазіргі кездегі мәнін түсінуге көмектеседі.

«Төменгі сынып оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмысының әдістемесі» пәні арқылы студенттер сынып жетекшісі ретінде оқушылармен жұмыс істеуді, тәрбие жұмысын жоспарлап, тәрбиелік шаралар өткізудің әдістемесін үйренеді.

«Ғылыми педагогикалық зерттеулер әдістемесі» ғылыми зерттеудің әдіснамалық мәні, көзқарастар мен қағидалар, ғылым және ғылыми әдістер, ғылыми педагогикалық зерттеу әдістерінің жүйесі, озық – педагогикалық тәжірибені оқып үйрену, ғылыми шығармашылығын жетілдіруге машықтану мен қатар бүгінгі күні көкейкесті болып отырған оқушылардың бастауыш сыныптан бастап зерттеу жұмысымен айналысу талабына орай оны ұйымдастыра білу сияқты дағдыларды меңгереді.

Бастауыш мектеп мұғалімі тек бір пәнді ғана оқытып қана қоймайды, бастауышта оқытылатын барлық пәннен сабақ береді. Сондықтан олардың кәсіптік даярлығына қойылатын талап басқа пәннен сабақ беретін мұғалімдерге қарағанда анағұрлым жоғары оның үстіне математика пәні ерекше тапқырлықты, тез ойлауды, логикалық ойдың ұшқырлығын талап етеді. Олай болса болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің математикалық даярлығын қалыптастыру өте күрделі мәселе. Оған бірнеше факторлар әсер етеді. Біріншіден, жоғары оқу орнына түскен студенттің математикадан алған білімінің деңгейі; екіншіден, студенттің осы мамандықты сүйіп, болашақта бастауыш сынып балаларымен жұмыс істеуге ұмтылуы; үшіншіден, жоғары оқу орнында математикадан және математиканы оқыту әдістемесінен тиянақты білім беріліп, білік, дағды қалыптастыру деңгейі; төртіншіден, пәнге қажетті оқу құралдарымен, оқу - әдістемелік кешенімен қамтамасыз етіліп, олармен жұмыс істей білуі; бесіншіден, алған білімін тәжірибеде қолдануға жағдай жасау (мектептерде өтетін педагогикалық практиканың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы т.б). Сонымен қатар, болашақ мұғалім болашақта өзі оқытатын математика пәнінің мақсатын, мазмұнын, мемлекеттік стандартын айқын біліп, оны оқытудың әдістемесін, қазіргі кездегі оқытудың көптеген жаңа технологияларының ішінен қажеттісін таңдай білуі тиіс және өзінің қызметін осы бағытта құра білуі керек.

Қазіргі студенттердің қосымша материалдармен, педагогикалық және басқа басылымдармен жұмыс істеуі жеткіліксіз. Сондықтан ең бастысы - студенттердің теориялық әдебиеттерге деген сұранысын, қажет ету қасиетін орнықтыру. Теориялық әдебиеттерді, басылымдарды тұрақты қадағалап отыру оқытуда туындайтын көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, мұғалімдердің балалардың берілген тапсырманы қабылдауын, түсінуін психологиялық тұрғыдан айқындай алмауы да жиі кездеседі. Сондықтан студенттерді оқушылардың психологиялық, интеллектуалдық даму ерекшеліктерін ескере

отырып, белсенді қызметін, саналы түрде оқуға, білуге баулу олардың маман ретінде қалыптасуына игі әсер етеді. Әсіресе, балалардың көзқарасы бойынша ең қиын деп есептелетін математика пәнінде мұның маңызы өте зор. Бұл жерде саралап оқыту, проблемалық жағдай туғызу, тірек сигналдары, ойын арқылы оқыту сияқты оқыту технологияларын қолдана білу табысқа жетелері сөзсіз. Болашақ мұғалімдердің оны игеруі үшін лекциялық сабақтарда, арнаулы курс барысында берілетін теориялық білімдермен қатар, лабораториялық, практикалық сабақтарда оқытудың осындай технологияларын қолданып өткізілетін сабақ үлгісін жасап, оны іске асырудың мүмкіншіліктерін қарастырған ләзім.

Болашақ маманның кәсіби – дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруда пәндік – бағдарлы жүйеден жобалау жүйесіне көшудің маңызы зор деп есептейміз. Студенттерді қазіргі бастауыш мектептің өзекті мәселелеріне немесе белгілі тақырыптар бойынша жобалық зерттеу жұмысына тарту оларды бастауыш сынып оқушыларымен осы бағытта жұмыс жүргізуге үйретеді.

Қазіргі еліміздің білім беру саласының алдына қойып отырған бірінші кезектегі міндеттері ұлттың бәсекелестік қабілетін арттыру және әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену, сол сияқты білім беу жүйесін халықаралық деңгейге көтеру үшін білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиалық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Сластенин В.А., Исаев И.Ф. Ведущие тенденции и принципы формирования профессионально-пеадгогической культуры преподавателя высшей школы// Формирования личности учителя: //межвуз.сб.научн.тр. –М.: Прометей, 1995. –С. 3-23.
2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ереже. –Астана. -2008. -40 б.
3. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. -Астана, 2007. -60 б.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография. - Алматы: Научно - издательский центр «Ғылым», 2001. -350 с.
5. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы (монография).–Астана,2001.-275 б.
6. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. –Алматы, 2008. -328 б.
7. Артықбаева Е.В. Отбор содержания педагогического компонента университетского образования на основе принципа профессиональной направленности: автореф. ...канд.пед.наук: 13.00.08.-Алматы, 2003. -30 с.


## ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ В МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛАХ


**Маликова С.Т.**
директор КГУ «Общеобразовательная школа №12
отдела образования Житикаринского района» УО акимата Костанайской области
г. Житикара, Костанайская область, Казахстан



**Андатпа:** Осы мақалада негізгі мектептің болашақ түлектерін әлеуметтендіру және кәсіби өзін-өзі анықтау мақсатында жетекші мектептің серіктестік шағын жинақты мектептермен ынтымақтастығы шеңберінде педагогикалық сүйемелдеуді практикалық іске асырудың өзекті тақырыптарының бірі қарастырылады. Болашақ түлектердің кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде шағын жинақты серіктестік мектептердің әдістемелік және тәрбиелік қызметін талдау әрбір мектепте

оқушыларға бейіндерді, пәндерді, әртүрлі практикалық қызмет түрлерін еркін таңдау мүмкіндігі жоқ екенін көрсетті.

**Аннотация:** В настоящей статье рассматривается одна из актуальных тем практической реализации педагогического сопровождения в рамках сотрудничества ведущей школы с партнёрскими малокомплектными школами с целью социализации и профессионального самоопределения будущих выпускников основной школы. Анализ методической и воспитательной деятельности партнёрских малокомплектных школ в вопросах профессионального самоопределения будущих выпускников, показал, что не у каждой школы имеется возможность предоставления учащимся свободного выбора профилей, предметов, различных видов практической деятельности.

**Abstract:** This article studies one of the current topics in the practical implementation of pedagogical support within the framework of cooperation between a leading school and partner small schools for the purpose of socialization and professional self-determination of future graduates of a primary school. The analysis of the methodological and educational activities of partner small schools in matters of professional self-determination of future graduates showed that not every school has the opportunity to provide students with a free choice of profiles, subjects, and various types of practical activities.

Кардинальные изменения социального и экономического плана, которые происходят в Казахстане в последнее время, вызвали острую необходимость реорганизации и обновления содержания всей парадигмы образования, а также перехода от устаревших традиционных форм преподавания к активному поиску инновационных и эффективных форм его осуществления. Следовательно, прослеживается тенденция улучшения качества процесса самоопределения будущего выпускника организаций основного и общего среднего образования с целью развития его способностей, удовлетворения профильных интересов и осознанного выбора будущей профессии. Для достижения этой цели предназначено введение на старшей ступени школы профильного обучения и профориентационного направления воспитательной работы по профессиональному самоопределению учащихся.

Анализируя методическую и воспитательную деятельность школ в вопросах самоопределения будущих выпускников, можно сказать, что не у каждой сельской малокомплектной школы имеется возможность предоставления учащимся свободного выбора видов практической деятельности, индивидуальных образовательных маршрутов. Отсутствие параллельных классов, небольшой контингент учащихся, отсутствие специалистов по конкретному общеобразовательному предмету, специализированных кабинетов новой модификации, интерактивного оборудования и широкополосного интернета, практически лишают обучающихся возможности выбора индивидуальной траектории обучения, учиться в соответствии со своими возможностями и потребностями с целью удовлетворения профильных интересов.

Депрессивное состояние сельских регионов и необходимость возрождения села стало одной из главных причин появления Стратегии развития современной малокомплектной школы. На сегодняшний день это является одним из важных и значимых направлений образовательной политики Республики Казахстан. «Концепция развития малокомплектных школ в Республике Казахстан» послужила основной мотивацией к обновлению содержания современного образования, интенсификации образовательного процесса в малокомплектной школе. Как показывает статистика, за последние годы количество основных малокомплектных школ увеличилось в 2 раза. Практически каждый четвёртый учитель осуществляет свою профессиональную деятельность, и каждый шестой казахстанский школьник обучается в таких образовательных учреждениях.

Использование интеграции внутренних и внешних ресурсов целесообразно применять для решения вопросов, связанных с нехваткой кадровых и материальных ресурсов малокомплектных школ. В качестве оптимального варианта привлечения и использования внешних ресурсов можно рассматривать создание активного сотрудничества ведущей и партнёрских школ, в котором будет происходить увеличение доли самостоятельной работы обучающихся на основе индивидуальных образовательных траекторий и маршрутов.

Организация специфического образовательного пространства на базе ведущей школы, предусматривает сессионную и межсессионную форму проведения образовательной и

воспитательной работы. В межсессионный период учебно-воспитательный процесс осуществляется на основе индивидуального обучения с использованием технологических карт и информационно-коммуникационного взаимодействия всех участников образовательного процесса, с учётом усиления практической и профильной направленности за счет использования активных методов обучения и проектно-исследовательской деятельности.

Выбирая вид будущей профессиональной деятельности, выпускники основной школы зачастую не осознают степени возможности осуществления своих намерений. Ребят не знакомят с определёнными требованиями, предъявляемыми данной профессией к физическим и психическим особенностям будущего специалиста. Кроме этого, будущие выпускники не подготовлены также и к тому, чтобы объективно понимать особенности своей индивидуальности и соотнести их с требованиями конкретной профессии.

Следовательно, основной упор в реализации профориентационной работы в малокомплектных школах необходимо делать с помощью следующих форм профориентационной работы с обучающимися:

- учебные занятия в предпрофильных классах;
- посещение факультативов и дополнительных курсов;
- тематические классные часы и беседы о профессиях;
- тренинговые тематические и практические занятия;
- целевые встречи с сотрудниками организаций ТиПО;
- сотрудничество со службой занятости, сельскими акиматами, летнее трудоустройство подростков на крестьянские фермы, лесные и рыболовные хозяйства и др.;
- посещение местных фермерских и крестьянских хозяйств;
- встречи с людьми востребованных профессий;
- обзор книжных и виртуальных выставок - «Білім және мансап», «Мансап және білім»;
- целевые экскурсии на промышленные предприятия города и района;
- научно-исследовательская работа учащихся в составе школьных научных сообществ;
- обзор художественной и научно-популярной литературы по профессиональному самоопределению на тематических сайтах интернета;
- профориентационные недели и декады (игры, конкурсы, выпуск листовок, буклетов, газет, буккроссингов и др.);
- тематические родительские собрания, конференции, лектории.

На каждом возрастном периоде школьного этапа необходимо осуществлять практическую реализацию запланированных целей профориентационной работы с помощью вышеперечисленных форм и методов работы:

***Начальная школа (1 – 4кл.)*** – формирование и расширение представлений о многогранном мире профессий, понимании роли трудовой деятельности в жизни человека и общества, через участие в различных видах познавательной и игровой деятельности.

На этап этапе младшего школьного возраста создается конкретный наглядный фундамент, на основе которого, в дальнейшем, формируется последующее развитие профессионального самосознания подростка. Исходя из этого важно воссоздать многообразный спектр детских воспоминаний о разнообразии мира профессий, чтобы затем, на фундаменте наглядного материала, взрослеющий ребёнок имел возможность анализировать профессиональную и трудовую сферу более осмысленно и ощущать себя уверенно в будущем трудовом коллективе.

Проводя работу по профессиональному самоопределению в младшем школьном звене, педагогам необходимо создать оптимальные условия для воспитания у школьников осознанного и ответственного отношения к трудовой деятельности, осознанное и ценностное отношение к выбору будущей профессии, уважения к работе и людям рабочих специальностей, бережного отношения к государственной собственности, к природным богатствам и окружающей среде.

***Первая ступень основной школы (5 – 7 кл.)*** – развитие познавательных интересов, мотивации, интеллектуальных и творческих способностей, связанных с предстоящим выбором будущей профессии.

Работа педагогов в профориентационном направлении продолжается через деловые и профориентационные игры, игры-погружения, игры-путешествия, игры-квесты и др. Использование активных методов обучения позволяют обучающимся более подробно и детально изучить всё разнообразие мира существующих профессий, представить своё место в этом профессиональном мире. Ученики 5-7 классов получают представление о многообразии рабочих профессий, востребованных в своей местности, делают первые шаги в проектной и научной деятельности.

***Вторая ступень основной школы (8 – 9 кл.)***. На данном этапе школьной жизни у ребят происходит дальнейшее развитие вторичной социализации, саморегуляции, профессиональной мотивации и самоопределения, готовности к детальному анализу своих собственных способностей и склонностей.

На данном школьном этапе должна идти качественная профориентационная работа среди обучающихся, которая должна быть направлена на своевременную помощь и содействие осознанному выбору профиля обучения, а в дальнейшем – и выбору будущей профессии.

Необходимо отметить, что практически на каждом уроке необходимо уделять внимание знакомству с новой профессией в форме проведения профессиональных проб.

На второй ступени основной школы также целесообразно проводить психологическую диагностику личностных качеств обучающихся, проводить детальный анализ полученных результатов профессиональной направленности, выдавать рекомендации детям, родителям и классному руководителю по вопросам профессионального самоопределения и осознанного выбора дальнейшей профессиональной деятельности.

Для управления профориентационным процессом в малокомплектных школах одними из приоритетных необходимо рассматривать вопросы определения критериев и показателей эффективности профессионального самоопределения обучающихся. Достижение поставленных целей профориентационной работы возможно только при системной и целенаправленной работе с обучающимися, при своевременном определении их реальных познавательных интересов, уровня мотивации, творческих и интеллектуальных способностей, формировании твёрдых убеждений и ценностного отношения к выбору будущей профессии. Следовательно, с точки зрения педагогики, правильность выбора будущей профессиональной деятельности означает меру соответствия индивидуального выбора профессии рекомендациям классного руководителя или педагога-психолога. При этом подразумевается, что педагогические рекомендации должны быть основаны на учёте как личностных, так и социальных потребностей. Соответственно, чем больше число обучающихся избирают рекомендованные им профессии в организациях ТиПО или профильное обучение в 10-х классах средних общеобразовательных организаций для дальнейшей учёбы и поступления в ВУЗы, тем выше качество и плодотворность профориентационной работы педагогов, и, в целом, школы.

Сформированность социализации и профессионального самоопределения будущего выпускника основной школы однозначно считается одним из главных критериев эффективности работы педагогического коллектива школы в профориентационном направлении. Показателем сформированности служат навыки соотносить главные требования конкретной профессии к человеку со знаниями своих индивидуальных особенностей и интеллектуальных способностей, а конкретно тех из них, которые непосредственно влияют на успех в дальнейшей профессиональной деятельности, т. е. профессионально важные качества будущего специалиста.

**Список использованных источников**

1. Концепция развития малокомплектных школ в Республике Казахстан на 2011-2020 годы – Астана, 2010.

2. Малокомплектная школа: проблемы и перспективы. Сер. «Прикладные исследования в области образовательной политики // Авторский коллектив: Нурахметов Н.Н, Караев Ж.А. и др. – Алматы, 2002. – 44 с.

3. Пряжников, Н.С. Оценка эффективности профессионального самоопределения / Н.С. Пряжников // Школа и производство - 1997. № 7. - С. 92-95.

4. Немова Н.В. Профильная ориентация девятиклассников: элективные курсы и «образовательные информационные карты» / Н.В. Немова // Директор школы. – 2005, № 6.

5. Степанский В. И. Психологические факторы выбора профессии: теория, эксперимент: учебно-методическое пособие. - Москва: Московский психолого-социальный ин-т, 2006. - 108 с. 29.

## ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БОЙЫНША ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ

**Мергазина Н.М.**
Психолог –эксперт, «Базылбек Ахметов атындағы орта мектеп» КММ
Ұлан ауданы Ново–Одесское ауылы, Шығыс Қазақстан облысы

**Аңдатпа**: Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларын өзгерту және білім беру жүйесін жаңарту мамандардың, атап айтқанда, маман психологтардың кәсіби деңгейінің сапалы жаңа деңгейін талап етеді. Осыған байланысты кәсіби міндеттерді шешуге теориялық және практикалық тұрғыдан дайын, кәсіби қызмет жүйесін құруға, қолдануға және түзетуге қабілетті жоғары білікті кадрларды даярлау мәселесі ерекше маңызға ие.

**Аннотация**: Изменение социально-экономических условий жизни современного общества и обновление системы образования требует качественно нового уровня профессионального уровня специалистов, в частности специалистов-психологов. В связи с этим особое значение приобретает вопрос подготовки высококвалифицированных кадров, теоретически и практически готовых к решению профессиональных задач, способных создавать, применять и корректировать систему профессионального обслуживания.

**Abstract**: Changing the social and economic conditions of life in modern society and updating the education system requires a qualitatively new professional level of specialists, in particular psychologists. In this regard, the issue of training highly qualified personnel, theoretically and practically ready to solve professional tasks, capable of creating, applying and correcting the system of professional service, is of special importance.

Практикалық психологияның қызметі бүгінде ерекше институт ретінде қарастырылады; Қазақстанның білім беру жүйесінің жаңа мазмұнға және технологиялық үлгіге көшуінен көрінетін білім беруді модернизациялаудың заманауи тенденциялары білім беруді қолдау жүйесін одан әрі дамыту қажеттілігін талап етеді. оқу процесіндегі бала. Осыған байланысты практикалық білім беру психологиясы қызметінің негізгі мәселелерін анықтап, оларды шешу жолдарын анықтау өзекті болып табылады.

Әдеби дереккөздерге теориялық талдау жасап, өзіміздің зерттеулеріміздің нәтижесінде педагог психологтарының кәсіби құзыреттілігінің мәні мен мазмұнын анықтадық.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі оның табысты кәсіби іс-әрекетінің негізі болып табылатын және белсенділік-рөлдік (білім, қабілет және дағды) және тұлғалық (кәсіби маңызды сапалар) сипаттамалары жүйесін қамтитын кешенді психологиялық білім ретінде қарастырылады. Кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін психолог білім беру мекемесіндегі әлеуметтік-психологиялық жағдай туралы жеткілікті білімі болуы керек, өзінің кәсіби дамуының және жалпы психологиялық қызметтің дамуының перспективаларын анықтай алуы керек. Оқу орнының ішіндегі және сыртындағы әртүрлі құрылымдармен өзара әрекеттесу үшін оңтайлы стратегияларды таңдай білу маңызды. Педагог психолог тек мұғалімдер мен оқушылар үшін психологиялық білім беруші ғана емес. Ол тиімді психологиялық әдістер мен технологиялардың көмегімен қол жеткізген оң нәтижелерді өмірге әкелетін тұлғаның идеалды бейнесіне сәйкестік позициясынан бағаланады.

**Психологтың тұлғасына қойылатын негізгі талаптарға келесі сипаттамалар жатады:**

1. Психолог жоғары (жалпы) ақыл-ой қабілетіне ие болуы керек, көрегенді, парасатты, еркін ойлайтын, ойшыл талдаушы, экспериментатор болуы керек.

2. Психолог әлеуметшіл, адамдармен жұмыс істеуді ұнатады, қоғамда мойындауға (мақұлдау) ләззат алады, адамдарға жомарт, белсенді топтарды оңай құрады, адамдардың атын жақсы есте сақтайды, қарым-қатынаста мейірімді, әдепті, дипломатиялық.

3. Бірлескен іс-әрекетті жақсы көреді, жеке тұлғаның мүддесін топтық мүддеге бағындырады, саналы, ұқыпты, міндеті мен жауапкершілігін сезінеді, күшті, жігерлі, өзін-өзі бағындыра біледі. Ол батыл және практикалық мәселелерді тез шешеді.

4. Психолог эмоционалды тұрақты, өзін-өзі ұстай алатын, байсалды, жағдайды шынайы таразылайтын, күйзеліске төзімді.

Психологтың кәсіби деңгейін бағалаудың негізгі критерийлері:

1. Психологиялық қызметтің даму концепциясында өзінің өмірлік және кәсіби ұстанымының болуы. (Мен не істеу керектігін ғана емес, оны қалай істейтінімді де білемін.)

2. Берілген оқу орнында оның ерекшеліктерін ескере отырып, қызмет көрсетуді дамытудың басым бағыттарын түсіну.

3. Мақсат пен міндеттерді өз бетінше тұжырымдай білу. (Мен қазір істеп жатырмын...) Жұмыс түрлерін таңдаңыз. Болжамдық функцияны орындай алу. (Неге мен мұны істеймін?)

4. Жұмыс істеп тұрған жүйенің болуы. (Кеңседе іргелі құжаттардың болуы, құжаттаманың болуы мен мазмұны, оны толтыру дұрыстығы.)

5. Психологтың әлеуметтік-педагогикалық жағдаймен жұмыс істей білуі, оқу-тәрбие ортасының әлеуметтік-психологиялық жағдайларын оңтайландыруға ықпал ету. (Қоршаған ортаны балаға жақындатыңыз. Кеңседегі жақсы ойластырылған аймақтар. Түс схемасы.)

6. Баланың (балалар тобының) кәсіби сауатты психологиялық бейнесін құра білу, психологиялық проблеманы анықтау және оны шешу жолдарын әзірлеу.

7. Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыра білу.

8. Басқа байланысты мекемелермен кәсіби өзара іс-қимылды ұйымдастыра білу. (Әлеуметтік-психологиялық орталықтар, т.б.)

9. Әртүрлі деңгейдегі психологиялық семинарларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу. (Қатысу формасы пассивті және белсенді.)

10. Психологқа сұраныс. (Есептік құжаттаманың нәтижелері бойынша, орындалған жұмыс түрлерінің саны бойынша, балалар мен мұғалімдердің пікірі бойынша).

Психологиялық мамандықтың ерекшелігі мен күрделілігі мемлекеттік қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде педагог-психологтардың біліктілігін арттырудың мазмұны мен формасына ерекше талаптар қоюды талап етеді. Атап айтқанда, ШҚО білім басқармасының «Шығыс» өңірлік орталығында бастауыш оқудың кәсіби шеберлігін қалыптастыру мақсатында ғылыми-практикалық семинарлар, конференциялар, семинарлар сәтті өткізілуде;

Педагог-психологтардың кейіннен қатысушылар-әріптестердің рефлексиясымен шеберлік сабақтары;

Бейнематериалдарды жасау алдыңғы қатарлы психологиялық тәжірибені көрсету негізінде ұйымдастырылады, сондай-ақ деректер базасы;

Дамудың негізі – білім мен ғылымға келіп тіреледі. Инновациялық процестер қазақстандық білімберу жүйесін қалыптастыруға және нығайтуға ықпал ететін негізгі векторлар болып табылады. Әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесінің сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай,білім беру жүйесінде өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында педагогтің кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі– жалпыпедагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтармен озық тәжірибені жетік меңгеру болып табылады. Осы орайда білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отырғаны белгілі. Ең бастысы – жеке тұлға, жеке тұлғаны қалыптастыру және оларды дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау. Осыған орай оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, жүзеге асырылуда. Олардың бәрінде бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады. Өйткені оқушы өзінің әрекеті арқылы ғана дами алады. Баланың білім алу, даму іс-әрекеттерін осы мақсатта сауатты ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білім алуға ұмтылуына түрткі бола білу мұғалімнің үнемі педагогикалық ізденісте болуын талап етеді[2].

Әр педагог өзінің миссиясын терең түсініп, заман ағымынан қалмай, оны іскеасыру бағытында кәсіби жағынан да, шығармашылық жағынан да еңбектеніп, жастарымыздың дамуына үлесін қосса, дамыған елдердің қатарынан көрінеріміз шексіз. Мен кәсіби және шығармашыл мұғалім ретінде өз кәсіби даму зертханаммен бөліскелі отырмын. Өзімнің ізденісімнен туындаған 6-сыныптарға арналған (оқыту қазақ тілінде) қазақ тілі пәнінен «Жиынтық бағалау тапсырмаларының жинағы» атты көмекші құралымды ұзақ мерзімді оқу

бағдарламасы негізінде дайындадым. Білім алушылар тарау бойынша тақырыптарды қалай қабылдағанын, қалай меңгергенін тексеру үшін бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастырдым.

Құрастырылған әдістемелік көмекші құрал білім алушының міндетті деңгейдегі білімді меңгеруіне, оны ынталандыруға мүмкіндік береді және тағы да тиімді жағы – білім алушының дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылып жүрген балл жинау әдісіне баулу. Көбірек балл жинауға ұмтылу арқылы оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы, ынтасы артады, өз білімін өзі бағалай білуге үйренеді.

Әдістемелік көмекші құрал «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын», «Оқу бағдарламасына», «Оқу жоспарына, «Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулыққа», «Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы», «Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарға» негізделіп дайындалған.

6-сыныптарға қазақ тілі пәнінен «Жиынтық бағалау тапсырмаларының жинағы» атты әдістемелік көмекші құралда тапсырмалары құрылымы жағынан жас ерекшелігіне сай, білім беру стандарттары мен типтік бағдарламалары талаптары басшылыққа алынды. Бұл білім деңгейін толық және терең бағалайтын ой қорытуды, салыстыруды қажет ететін тапсырмалар. Оқу сауаттылығы бойынша ұсынылатын тапсырмалар оқушының функционалдық сауаттылығын, тілдің прагматикалық қызметінің қоғамдық-әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі және шешендік үрдістегі рөлін меңгеруін тексереді, ал қазақ тілінің грамматкалық тапсырмалары негізгі білімін тексеру тапсырмаларынан құралады. Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары оқушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу жоспарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді және бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған.

Аталған тапсырмалар жинағының мақсаты – жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушыларды оқу сауаттылығын арттыруға, креативті қолдануға бағыттау. Әдістемелік көмекші құрал білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың білімдерін дамытып, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында жасалған.

Қазақ тілі пәні бойынша алған білімін өмірде қолданудың болашағы зор, ол оқушылардың білімін салыстырып, оқушы тарапынан кеткен олқылықтарды ашып көрсетіп, білім беру үрдісінде жеке жұмыс жүргізіп, орындаушылық және шығармашылық дағдыларын қалыптастырады. Аталған жинақ облыс көлемінде таратылуына ұсынылып, 2019 жылдың 24 желтоқсандағы №5 хаттамасына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы оқу-әдістемелік кабинетінің Әдістемелік кеңесінің шешімімен баспадан шығып таратылды[3].

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе білім» деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай, тәуелсіздік туын тіккен елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп. Қай елдің болсын өніп-өркендеуі, өсуі, дүниеде өзіндік орнын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады және білім беру жүйесі болашақ жастардың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушылардың білімін бағалауда жаңа қадам, жаңа өзгерістерді қажет етеді. Болашақ ұрпақтарды рухани бай, зияткерлік білімді, адамгершілігі мол етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше.

2015 жылдан бастап функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында тест тапсырмаларына мәтіндер енгізіліп отыр. Баланың білім алу, даму іс-әрекеттерін осы мақсатта сауатты ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білім алуға ұмтылуына түрткі бола білу мұғалімнің үнемі педагогикалық ізденісте болуында[4]. Осы орайда, оқушылар мен ата-аналардың сұранысын қанағаттандыру мақсатында өзімнің ізденісімнен туындаған жаңа үлгідегі тапсырмалар дайындадым. Жаңа үлгіде деп айтуымның айғағы, 2017-2019 оқу жылдары Ұлттық Бірыңғай Тестілеу орталығының құрастырған кітапшаларында, тек оқу сауаттылыққа назар аударылып, қазақ тілінің грамматикасы сырт қалып жатты. Ал, орта мектептердің ұйымдастыруымен өткен олимпиада, ғылыми жоба және түрлі байқауларда

қазақ тілінің грамматикасы бойынша тестер мен түрлі тапсырмалар орындауды талап етеді. Дайындаған тапсырмаларымның нәтижесін көру үшін мектепішінде 9-11 сыныптар арасында абробациядан өткіздім. Оқушылармен жүргізген жұмыстарым ҰБТ мен ОЖСБ тапсырған кезде оң нәтиже көрсеткеннен кейін «Мәнмәтін арқылы тілдік нормаларды меңгерту» атты тақырыпта әдістемелік құрал жаздым. Әдістемелік құралда оқу сауаттылығының тапсырмаларына қазақ тілінің грамматикасы кіріктіріліп тест түрінде жасадым. Кіріктірілген оқу сауаттылығына бір және бірнеше дұрыс жауапты сұрақтар енгізілген. Тапсырмалары құрылымы жағынан күрделірек болғанмен білім деңгейін толық және терең бағалайтын ой қорытуды, салыстыруды қажет ететін қажет ететін тапсырмалар. Оқу сауаттылығы бойынша ұсынылатын тапсырмалар оқушының функционалдық сауаттылығын, тілдің прагматикалық қызметінің қоғамдық-әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі және шешендік үрдістегі рөлін меңгеруін тексереді, ал қазақ тілінің грамматкалық тапсырмалары негізгі білімін тексеру тапсырмаларын құрайды.

Ұсынылып отырған материалдар негізінен мәтін түрінде берілген. Материал білім беру стандарттары мен типтік бағдарламалары талаптары басшылыққа алынды. Әдістемелік құралды құрастырған кезде мәтіндер оқу мақсатқа сай алынды. Оқу сауаттылығы мен эссе өмірге бейімдесе, грамматика сауаттылыққа бейімдейді. Жазған әдістемелік құралым 2017-2018 оқу жылында аудан көлемінде обрабациядан өткізіліп, нәтижесінде жоғары көрсеткіш көрсеткеннен кейін 2019 жылы облыстық

**«Педагогикалық идеялар фестивалі»** байкауына қатысып жүлделі I орын иеленсе, Республикалық байқауда III орынды иеленіп дипломдармен марапатталды. Әдістемелік құрал облыс көлемінде мұғалімдерге, колледж мамандары мен әдіскерлерге таратылды[5].

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Ол үшін мұғалім жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы болуы керек.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сай тәрбие тәсілдерін ұлттық психологияға бейімдеп, кәсіби бағдар беру оқушының талап-талғамын ескере отырып, тереңдетіп оқыту іске асырылуда. Болашақ ұрпақтарды рухани бай, зияткерлік білімді, адамгершілігі мол етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше.

Мектеп – білім мен өнердің қайнар бұлағы. Сол бұлақтан нәр алып жүрген мектеп оқушыларына білім мен тәрбиені қатар сіңірту үшін білім саласына көптеген өзгерістер енгізілуде. Соның бірі театр үйірмесі. Театр адам баласының бой түзейтін, оңы мен солын ажыратуға көмектесетін қара шаңырақ. Осындай қара шаңыраққа бейімдеу мақсатында дарынды, талантты оқушылардың басын біріктіріп, ойнай жүріп, ойлай алатын, ойлай жүріп, ойнай алатын оқушы тәрбиелеу. Мектеп табалдырығында өнерді сүйетін, сахнаны өз үйіндей көретін, әдебиет пен шешендікті бойына сіңіретін көркемсөз шеберлері баршылық[6]. Осындай дарынды оқушыларымыздың талантын шыңдау мақатында «Сахна тілі» атты авторлық кешен жаздым. Аталған авторлық кешен оқушыларды көркем әдебиетті оқуға баулып, сахнаға төселдіреді. Кешен авторлық бағдарламадан, мұғалімге арналған көмекші құралдан және оқушы дәптерінен тұрады. Ұсынылып отырған кешен 4 бөлімнен тұрады. Атап өтсем:

**1-бөлім.Театр және актер өнері.** Бұл бөлімде оқушылар театр және актер өнері туралы жалпы мағлұматты алады. Тақырыптардың не жайында екенін біледі. Оның мазмұнымен танысады.

**2-бөлім. Сахна тілі.** Бұл бөлімде оқушылар сахна тілінің заңдылықтарын, сахнадағы кейіпкердің рөлі туралы танысады. Кейіпкерлердің сөйлеу техникасын, сахналық сезімін, сахналық қарым-қатынастың маңыздылығын, сахналық қиялды өрбу жолдарын меңгереді.

**3-бөлім. Театрландырылған қойылымның түрлері.** Бұл бөлімде оқушылар театрландырылған қойылымның түрлері мен оның драматургиясының ерекшеліктері туралы туралы толық танысады. Драма – әдеби шығарманың бір түрі ретінде драманың сценарийлік өнердегі орнын меңгереді. Драмалық шығармаға талдау жасай алады. Пьесадағы кейіпкердің рөлін сомдап ойнауға үйренеді.

**4-бөлім. Драмалық композиция.** Оқушылар драмалық композициямен толық танысады. Мазмұнын талдап меңгереді. Театрландырылған қойылым сценарийінің аты, идеясы, тақырыбын ашып түсінеді.

Жас ұрпақ үшін кешеннің берері мол. Аталған авторлық кешеннен білім алған оқушыларым – 12 Халықаралық, Республикалық, 18 облыстық деңгейде өткен байқаулардың жеңімпаздары атанып, қанаттары шыңдалып, болашаққа қадам басса, ұстаз ретінде өзім де кәсіби жағынан өсіп, авторлық кешенім облыстық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында жүлделі I орынды иеленсе, Республикалық байқауда жүлделі II орынды иеленіп дипломдармен марапатталды. Аталған авторлық бағдарлама мектеп мұғалімдеріне, өнер сүйер қауымға және әдіскерлерге арналған [7].

«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» – деп, Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей, мұғалім әрдайым іздену үстінде болуы тиіс. «Ізденген жетер мұратқа» демекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде өз сабақтарымда оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін түрлі инновациялық технологияларды қарастырамын. Қазіргі дамыған заманда көк тақтамен сабақты меңгерту оқушы үшін қызық емес. Сабақтың кезеңдерін сақтай отырып, өтілетін тақырыпқа сай түрлі әдіс-тәсілдер мен ойынның түрлеріне енгізе отырып меңгертсек мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді[8].

Сабақты меңгертудің тиімді жақтарын қарастыра келе, әдістемелік құрал ретінде «Интербелсенді әдіс-тәсілдер мен қызықты грамматикалар топтамасы» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік құралды жан-жақтан іздестіріп құрастырып жинақтадым. Құралда әдістер мен тәсілдер және ойынның түрлері топтастырылған. Аталған құрал мұғалім үшін өте керекті құрал. Себебі, аталған құралда сабақты меңгерту мен қызықты өткізу үшін ойынның 103 түрі, әдістің 86 түрі, тәсілдің 12 түрі және қазақ тілінің грамматикасын меңгертуге 286 түрлі тиімді жолдары үлгі ретінде топтастырылған. Аталған құрал аудан көлемінде абробациядан өтіп, мектеп мұғалімдеріне септігі тиіп келеді. «Интербелсенді әдіс-тәсілдер мен қызықты грамматикалар топтамасы» атты мұғалімге арналған әдістемелік құралымды 2019 жылы облыс көлемінде өткен «Педагогикалық инновациялар жәрмеңкесі» атты байқауда қорғап, жүлделі III дәрежелі дипломмен марапатталдым. Бұл жағынанда мен кәсіби өстім.

Қорыта келе, оқыту үрдісіндегі ең маңызды бөлімінің бірі – оқытудың нәтижесін тексеру. Тексерудің барлық түрін, әдісін, формасын қажетті жағдайда орындау жүйелі түрде дұрыс қолдану оқыту сапасын жоғарылатып, оқушылар үлгеріміндегі жетіспеушілікті дер кезінде ашуға мүмкіндік береді. Оқушылардың функционалдық сауатылығын арттырып, өмірге бейім тұлға тәрбиеленеді. Мектеп табалдырығында алған білімдерін өмірде қажеттілікке жаратып, білім мен тәрбиені, өнер мен өнегені бойына сіңіріп өседі. Алған білімдерінің аясын кеңейту арқылы болашақта қыры мен сырын меңгеріп қана қоймай, кез келген жағдайда нақты шешім қабылдауға дайын, инновациялық технологияны меңгерген, рефлексия жасай алатын креативті оқушы болып шығады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әбдилдин Ж.«Ескіниҗаңамен, дәстүрді инновациямен сабақтастыру сәті туды». Егемен Қазақстан. 2017 ж.

2. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Егемен Қазақстан. 2010ж.

3. Тобугов М.Т. Қазақ тілі. 6-сынып. «Жиынтық бағалау тапсырмаларының жинағы» – Тараз, 2020 ж.

4. Ералиева М. «Оқытудың қазіргі технологиялары» Бастауыш мектеп, 2006 ж. №5.

5. Сулейменова Г.М. «Үш тілді меңгеру – полимәдениетті тұлға қалыптастыру кепілі». 2013ж.

6. Құдайбергенова Қ.С. «Педагогтың шығармашылық өнері» 2008 ж.

7. Сыздықова Р. «Сөз құдіреті» – Алматы, 1997 ж.

8. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы, ҚР Білім және Ғылым Министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы, – Астана,2016 ж.

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАҺАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ - ӘДІСТЕМЕЛІК ДЕҢГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУ ТЕТІКТЕРІ

**Тургунбаева Б.А.**
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
**Азимбай Ә.**
Төле би атындағы №8 гимназия директоры, білім магистрі,
педагог – зерттеуші, Тараз қ., Қазақстан;
**Аширбаева У.Н.**
Төле би атындағы №8 гимназия директорының ғылыми - әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, Тараз қ., Қазақстан

**Андатпа:** Қазіргі заманғы білім беру әр түрлі ғылымдардың таза прагматикалық деректерін ұрпақтан-ұрпаққа таратуға, білім, білік және дағдыларды беруге ғана емес, сонымен қатар жастарда оны қоршаған материалдық және рухани әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға, әр адамның біртұтас адамзат қоғамдастығына жататындығын түсінуге ықпал етуге, мәдени құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізумен айналысуы тиіс. Мұндай білім жаһандық білімдеп аталады. Жаһандық білім берудің мәні - оқушыларда әлем туралы кең, жаңа түсінік қалыптастыру. Мақалада педагогтардың оқушылардың жаһандық құзыреттілігін дамытуда кәсіби - әдістемелік деңгейін жетілдірудің тетіктері мен тәжірибесі сипатталады.

**Аннотация:** Современное образование должно не только передавать из поколения в поколение чисто прагматические данные различных наук, передавать знания, умения и навыки, но и способствовать формированию у молодежи целостной картины окружающего ее материального и духовного мира, пониманию принадлежности каждого человека к единому человеческому сообществу, передавать культурные ценности из поколения в поколение. Такие знания называются глобальными знаниями. Суть глобального образования заключается в формировании у учащихся нового представления о мире. В статье описываются механизмы и опыт совершенствования профессионально - методического уровня педагогов в развитии глобальной компетентности учащихся.

**Abstract:** Modern education should not only transmit from generation to generation purely pragmatic data of various sciences, transfer knowledge, skills and abilities, but also contribute to the formation of a holistic picture of the material and spiritual world surrounding young people, understanding of each person's belonging to a single human community, and transmit cultural values from generation to generation. Such knowledge was called global knowledge. The essence of global education is to form a new understanding of the world among students. The article describes the mechanisms and experience of improving the professional and methodological level of teachers in the development of global competence of students.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта білім беру ұйымдары түлектерін жаһандық контексте және жаһандық саяси - әлеуметтік жағдайға қатысты мәдениетаралық қарым-қатынас пен әлеуметтік ұтқырлық мүмкіндіктерін дамыту мәселелері қарастырылуда. Осыған орай, «жаһандық алмасу», «жаһандық білім», «жаһандық түлектер», «жаһандық құзыреттіліктер» сияқты терминдер қолданысқа енді.Жаһандану үрдісі білімге, технологияларға, адам әлеуетінің дамуының әртүрлі деңгейлеріне, соның ішінде жеке тұлғаларды, ұйымдарды, әлеуметтік топтарды және жалпы қоғамды - әртүрлі елдер мен мәдениеттерде жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Еліміздің жаһандық дүниеде дараланuы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

**Материалдар мен талдаулар.***Ж***аһандану**, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. *Global* - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) - жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құру үдерісі.Біздің тілімізде: ғаламдану, жаһандасу, ғаламшарлану, әлемилену түрінде қолданылып жүрген «жаһандану» дегеніміз қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрлық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын

танытатын ұғым. «Жаһандану» әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді.

Американдық зерттеуші Т.Фридманның көзқарасы бойынша, «жаһандану»- «ұлттардың, мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, ол жеке тұлғаларға, корпорацияларға, ұлт - мемлекеттерге бұрын - соңды болып көрмеген жылдамдықпен әлемнің кез-келген нүктесіне жылдам әрі арзан жетуге мүмкіндік береді» - деген [1].

Профессор И.Ф.Кефели жаһанданудың көп қырлылығын атап өте отырып, оны – мәдени-тарихи тұрғыда ұлттық мәдениеттің барлық түрін қамтитын жалпы адамзаттық мәдениет ретінде қарастырады [2].

Ағылшын зерттеушісі П.Скотт жаһандануды түбегейлі жаңа нәрсе болғандықтан, оны интернационалдандырудың жоғары түрі ретінде қарастырмау керектігіне тоқталады. Себебі жаһандану интернационалдандыруға қарағанда ұлттық шекаралардан асып, ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған деген пікірін білдіреді [3]. Келтірілген ой-тұжырымдармен келісе отырып, бұл үрдістен қалыс қалудың қиындықтарының және ұлттық құндылықтармен енбеген жағдайдағы ұтылар тұстарымыздың да болатынына назар аударамыз.

Жаһандану үдерісі қоғамның барлық саласын, соның ішінде білім беру жүйесін де айналып өтпегені белгілі. Атап айтар болсақ, Еуропада алғаш рет білім берудегі жаһандану мәселесі өткен ғасырдың 70 - жылдарында айтыла бастады. «Білім беруді жаһандандыру» ұғымын талдай отырып, профессор Е.В.Шевченко жаһандану білім берудің әлемдік, бірегей, әмбебап жүйесін құру үшін қолданылады, білім беру жүйелерінің арасындағы айырмашылықтар жойылады. Басқаша айтқанда, білім беруді жаһандандырумен үйлестіру теңдестіріледі» деген тұжырым жасаған [4].

Әлемдік педагогикада жаһандық білім берудегі тұжырымдамасының негізін қалаушы американдық философ Р.Хенви жаһандану үдерісіндегі білім беру астарларын қарастыра отырып төмендегідей бес ұстанымды басшылыққа алуды ұсынды: *дүниенің біркелкі еместігін қабылдау; ғаламшардың жай-күйін мойындау; басқа халықтардың мәдениетін түсіну; жаһандық динамиканы білу; адамның саналы таңдауы* [5]. Әрине, бұл ұстанымдар көкжиегі кең, адамзаттың ортақ құндылықтарын қабылдай білетін, өзін ұлтының бірегейлігін түсінетін тұлға қалыптастырудың негізі деп қарауға болады.

Мәселенің өзектілігі қазіргі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайда білім беру ұйымдары алдында тұрған жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінетін, кез-келген мәдениеттің өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас орната білетін, басқалардың көзқарастарына құрмет көрсете алатын, тілдерді меңгерген аналитикалық және сыни ойлауы дамыған, эмпатия және ынтымақтастық қабілеті мен құзыреттіліктері дамыған тұлғаны қалыптастыру міндетімен негізделеді.

Зерттеуші К.О. Оразбаеваның еңбегінде жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы төмендегідей мақсаттарды көздейтіндігі келтіріледі:

1. Әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануының кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсінік-пайыммен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтыру.

2. Жастардың бойында қоғамның экономикалық және әлеуметтік саласына деген практикалық таным негізін қалыптастырып, өзінің, отбасының, достарының, айналасының, жалпы қоғамның әл-ауқатын ойлайтын жауапкершілігін сезіндіру.

3. Шыққан әлеуметтік тегіне қарамай, талантты да белсенді, білімді де ойлы жастарды толық қолдау арқылы қоғамның әлеуметтік икемділігін қамтамасыз ету қажет. Осы арқылы жас буынның ақылды, денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз болып қалыптасуына жағдай жасау.

4.Білім мәдениеті мен қоғам алдындағы жауапкершілікке бағытталған кешенді іс-шараны жағымсыз нәрселерді (наркомания, бейәдептілік, т.б.) аластатуға бағыттай құру.

5. Білім – еркіндік пен таңдаудың көзі әрі дем берушісі. Білімге әлеуметтік тапсырыс беруші – жалғыз мемлекет емес, мүдделі мекемелер, ойлы да іскер адамдар болуы тиіс [6].

Жоғарыдағы ойларды тұжырымдай келе, жаһандық білім беруді әлемді тұтастай қабылдау, адамдардың дүниеге көзқарасы әртүрлі болғанына қарамастан, мұқтаждары мен ортақ тілектердің бар екендігін ескеру, болашақ ұрпақты соған даярлау дегенге келіп саяды. Себебі, жаһандандық өзгерістер адамдардың көптүрлілігінің бірігуін дамыту қажеттілігіне жауап беруі тиіс екендігі түсінікті. Олай болса, жаһандық білім беруді ұлттық білім беру кеңістігінің аясының артуы, соның нәтижесінде жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған мемлекеттер мен білім беру жүйелері арасындағы арнайы қарым-қатынастық қызмет атқаратын ерекше мегажүйе деген тұжырым жасауға болады. ондықтан, жаһандық білім беруді адамды өмірге дайындаудың бір жолы, амалы ретінде жақсы білім беруге қосымша көмек деп қана қараған жөн.

Жаһандық білім беру нәтижесінде қалыптасатын «жаһандық құзыреттіліктерге» тоқталсақ, мұндағы құзыреттіліктер дегеніміз - «білім - білік» пен дағды арасындағы байланысты орнату және жүзеге асыру қабілеті. Демек, жаһандық құзыреттілік - функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі деуге толық негіз бар. Бұл құзыреттілік жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну кез – келген мәдениеттің өкілдерімен құрмет қарым-қатынас орнатудың және адамның қадір-қасиетін жеке құбылыс ретінде қабылдаудың кілті болып табылады. Соның негізінде балалар мәдени, діни, нәсілдік және басқа да айырмашылықтардың басқалардың көзқарастарына қалай әсер ететінін білуге үйренеді.

Осы бағыттағы әлемдік зерттеулерді зерделей келе, жаһандық құзыреттіліктің құрылымына мына төмендегілерді жатқыздық:

- **білім, түсінік:** қазіргі кездегі жаһандық мәселелерді; мәдени әртүрлілікті, мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну;
- **дағдылар:** сараптамалық және сыни ойлау; айналаға құрметпен қарау және тиімді қарым-қатынас жасауға қабілеттілік, икемділік.
- **қатынас:** басқа мәдениеттерді құрметтеу; олармен өзара әрекеттесуге ашықтық; көзқарастар көкжиегінің кеңдігі, жауапкершілік.

Жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруда мектептегі берілетін білім мазмұнын тиімді пайдалануды талап етеді. Мысалы, оқылатын пәндердемета-пәнаралық мазмұн түзуде (география, әлеуметтік зерттеулер, тарих, биология, шет тілі және т. б.) ерекшеліктері; тек бірқатар мектеп пәндерінің мазмұны арқылы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаға берілетін интегративтілік құндылықтар арқылы да«soft skills» немесе «жұмсақ дағдыларға» тікелей назар аудару ескерілуі тиіс.

Қазіргі мектептерде жастарға қоршаған әлем, әртүрлі мәдени ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасау, жаһандық сипаттағы мәселелерді сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік беретін орта қамтамасыз етілуі керек. Дегенмен, мектеп оқушыларының жаһандық құзыреттіліктерін дамыту мәселесі еліміздегі мұғалімдер үшін жаңа педагогикалық мәселе қатарына жататындықтан, мектептер, жалпы білім беру саласының балалар мен жасөспірімдерді жаһандық мәселелерді шешуге дайындаумен айналысуында көптеген міндеттер тұр деп санаймыз. Осыған орай, мектепті басқаруда оқушылардың XXI ғасырдың әмбебап дағдылары мен құзыреттерін дамыту және бұл бағытта мұғалімдерді кәсіби тұрғыда жетілдіру міндеті ерекше өзектілікке ие деген болар едік. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлауда кәсіптік педагогикалық білім берудің және мектептегі әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін, нысандары мен әдістерін түбегейлі қайта қарауды талап етеді.

**Әдістер мер нәтижелер.** Қазіргі қоғамның білім беру жүйесіндегі қажеттіліктерін іске асыру әдістемелік құзыреттілігі бар педагогтардың сапалы даярлығына тікелей байланысты. «Әдістемелік құзыреттілік» кәсіби құзыреттіліктің бір түрі және мұғалімнің мамандық бойынша қызметін тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік, дағдылар жүйесі ретінде түсіндіріледі. Демек, мұғалімнің бұл сапасы – аталған білімдер, біліктер, дағдылар, жүйесін

кәсіби қызметте жүзеге асыруға дайын болуы дегенге келіп саяды. Бұл құзыреттілік педагог бойында ЖОО кәсіби білім алуда қалыптасып, тәжірибе, яғни қызмет барысында оларды әртүрлі педагогикалық жағдайларға бейімдей пайдалану жағдайында жетілдіріледі. Әдістемелік құзыреттілік педагогтің құндылық бағдарларын, оның педагогикалық қызметте шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруға дайындығын, педагогикалық әрекеттің сапасын сыни тұрғыдан бағалау және қайта қарастыру, қолданылатын әдістер мен жаттығулардың тиімділігін талдау қабілетінде көрініс береді. Сондай – ақ бұл тұрақты жетілуді, кәсіби тұрғыда дамуды қажет етеді. Педагог өз білімін толықтыруды, шеберлігін шыңдауды тоқтатқан кезде, оның ісінде тоқырау басталады.

Біз қарастырып отырған оқушылардың жаһандық құзыреттілігін дамытуда да педагогтардың кәсіби - әдістемелік деңгейін жетілдіру мақсатында мамандармен арнайы жұмыстар ұйымдастырылуы қажет деп есептейміз. Педагогикалық жаңашылдықтарды игеру, уақыт көшінен қалмау ұстазды мәртебелі, білімді сапалы етеді. Бұл ретте орта мектепте білім беру бағдарламаларының мазмұнының қайта қаралып, технологияларының жаңғыртылуы жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталу мен нәтижеге қол жеткізудің басты ұйымдастырушылық шарты деп санаймыз.

Тараз қаласындағы Төле би атындағы №8 гимназиясында өткен оқу жылында басталған эксперименттік жұмыста алдымен мұғалімдердің және оқушылардың жаһандық құзыреттіліктер туралы білім, білік деңгейлері анықталды. Мектеп оқушыларын білімдендіру мен тәрбиелеу үдерісін жаһандық талаптарға сай қайта қарау, оның теориясы мен ғылыми-әдістемелік негіздерін жаңарту, мектептерде оқытылып жатқан пәндердің білімнің ғаламдық үдерістермен байланысына назар аудару, олардың әлемдік азаматтарды қалыптастырудағы әлеуетін толық пайдалану қажеттілігі байқалды.

Осыған орай мектеп мұғалімдерімен өткен дәріс, семинар жұмыстарында «жаһандық құзыреттіліктер» ұғымының мәні ашылып жаһандық білім берудің ерекшеліктері талданды. Зерттеуге қатысушы шығармашыл топ мұғалімдері жаһандық құзыреттілігі қалыптасқан 4, 9, 11 сынып оқушыларының моделін құрастырды. Жасалған білім алушы моделі бойынша: көп мәдениетті қауымдастықтарда өзара әрекеттесуге және наным-сенімдер мен стереотиптерге қарсы тұра алатын, жаһандық құзыретті тұлға ретінде өзара байланысты әлемде өмір сүру үшін қажетті дағдылар мен көзқарастарға ие, әлем туралы білімді және жаһандық оқиғалар туралы ойлау кезінде сыни ойлай алатын, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсіну және бағалауға қабілетті; жаһандық немесе мәдениетаралық мәселелерге қатысты өз ұстанымы бар тұлғалар қалыптасуы тиіс деген тұжырым жасалды. (1 - Сурет)




1 сурет Жаһандық құзыреттіліктері қалыптасқан оқушылар моделі.

Ұжымдық талқылаулар нәтижесінде аталмыш құзыреттіліктің көпкомпонентті құрылымы айқындалды және зерттеудің мақсатына жету үшін мектеп пәндерінің мазмұнын кіріктіру қажеттілігі туындады. Осыған орай оқу жылы барысында педагогикалық шеберлік

орталығының тренерлерімен тығыз байланыс орнатылып, «Жаратылыстану-математика пәндерінде білім алушылардың сыни тұрғыда ойлауын дамыту», «Қоғамдық-гуманитарлық пәндерде білім алушылардың сыни тұрғыда ойлауын дамыту», «Мектептің білім беру үдерісінде оқушылардың бойында стрессқе төзімділікті қалыптастырудың тиімді жолдары», «Мектептің білім беру үдерісінде оқушылардың бойында өмір бойы білім алу, өзін-өзі дамыту құзіреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдары» тақырыбында семинар - практикумдар өтті. Оқу үрдісінде кіріктірілген бағдарламалар, таңдау курстары және элективті курстар бағдарламалары жасалды. Атап өтер болсақ «Жас көсбасшы», «Логика», «Елтану» таңдау курстары және «Олимпиада есептері», «Ұлттық мәдениеттану мәселелері», «Қазақ әдебиетін оқыту мәселелері» тақырыптарындағы элективті курстар аясында оқушылармен дәрістер жүргізілді.

Ұйымдастыру кезеңінде гимназия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында 5 семинар, 2 вебинар, 6 коучинг сабақтары ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралардың нәтижесінде гимназия педагогтері білім беру, тәрбиелеу, мектепішілік қосымша білім беру жүйесі арқылы өз тәжірибелеріне жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастырудың тиімді әдіс- тәсілдерін, формаларын енгізді.

Оқу жылы ішінде отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің теориялық - әдіснамалық негіздері анықталды, теориялық материалдарды жүйелеу негізінде оқушылардың жаһандық құзыреттілігін қалаптастырудың мотивациялық, танымдық, іс- әрекеттік компоненттерден тұратын теориялық моделі жасалды.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыратын шығармашылық топ, тәжірибелік сыныптар анықталып, эксперименттік жұмыстың жоспары даярланды, оқушылардың жаһандық құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейлері айқындалып, нәтижелері шығарылды. 3 жылға жоспарланған бұл зерттеушілік жұмыс алдағы уақыттарда жоспарлы түрде өз жалғасын табады.

**Қорытынды.** Жаһандық құзыреттер - бұл нақты дағдылар емес, жаһандық проблемаларды шешу кезінде басқа мәдени орта адамдарымен өзара әрекеттесуде қолданылатын білім, білік, көзқарас және құндылықтардың комбинациясы. Басқа адамдардың сенімдерін түсіну және қабылдауға қабілеттілік - қазіргі әлемдегі ең маңызды жұмсақ дағдылардың бірі. Олай болса, мектеп оқушыларында бұл құзыреттіліктерді қалыптастыру, білім беру саласындағы заман талабына сай объективті қажеттілік, біртұтас педагогикалық үрдістің құрамдас бөлігі деп қараған жөн. Бұл істің нәтижелі болуы ұстаздар ұжымының кәсібилігі мен әдістемелік деңгейінің жоғары болуын талап етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. ФридманТПлоский мир 3.0. Краткая история XXI века. – М.: АСТ, 2014. – 640 с.

2. Кефели И. Ф. Глобализм на перекрестке мнений // Социально-гуманитарные знания.- 2003, №2 - 3-1с.

3. Скотт П. Глобализация и университет // Alma Mater. -2000. №4. -3-8с.

*4. Шевченко Е.В. Вызовы глобализации и идея федерализма //Основы экономики, управления и права -2014. №6 (18)*

5. Hanvey R. An Attainable Global Perspective. New York: The American Forum for Global Education, -1976. -102p. -46p.

6. Оразбаева К.О. «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін \ қалыптастыру» Философия докторы (PhD)дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы - 2016 ж.

# МЕТОДИЧЕСКИЙ КОНСАЛТИНГ КАК ФОРМА АКТИВИЗАЦИИ РАБОТЫ МЕТОДИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ

**Тыныбаева А.Н.**
магистр психологии, заместитель директора по учебно-методической работе КГУ «Белоусовская средняя школа №1», п.Белоусовка, Казахстан

**Андатпа:** Бұл мақалада әдістемелік қызметтің жұмысын жетілдіру жүйесі негізделіп көрсетілген. Осы ретте, мақала авторы өз қызметінің нәтижесін жоғарлатуға қызығушылығы бар педагогтарға әдістемелік сипаттағы кәсіби қызмет көрсетуді әдістемелік консалтинг түрінде ұсынады.

**Аннотация:** В данной статье обоснована система активизации деятельности методической службы. Для этой цели автором предложен методический консалтинг как вид профессиональных услуг методического характера, предоставляемых педагогам, которые заинтересованы в повышении результативности своей деятельности.

**Abstract:** This article substantiates the system for enhancing the activities of the methodological service. For this purpose, the author proposes methodological consulting as a type of professional services of a methodological nature provided to teachers interested in increasing the effectiveness of their activities.

Современный уровень образовательной системы обусловливает необходимость овладения педагогами научно-теоретическими знаниями о современных образовательных технологиях, умениями самоанализа педагогической практики и прогнозирования результатов своей работы.

В повышении профессиональной компетентности работников образования важную миссию призвана выполнять методическая служба школы. В настоящее время содержание работы методической службы с педагогическими кадрами ориентировано на основные приоритеты развития казахстанского образования: более оперативно обеспечивать связь между педагогической наукой и новой практикой, активнее использовать сетевые информационные ресурсы, создавать эффективные условия для личностно-профессионального роста педагогов.

По мнению М.М. Поташника, личностно-профессиональный рост педагогов может осуществляться «двумя путями: посредством самообразования и за счет осознанного, обязательно добровольного участия учителя в организованных школой или методическими центрами мероприятиях, которые мы объединяем совокупным названием «методическая работа».

Вместе с тем, не стоит забывать о необходимости превращения школьной методической службы в «площадку» для организации и координации всех лучших ресурсов с целью создания оптимальных условий для личностно-профессионального роста педагогов, управления качеством профессиональной компетентности педагогических кадров, что обеспечит конкурентоспособность работников образования на рынке труда.

Наиболее приемлемой формой организации работы методической службы является консультирование по вопросам профессионального роста педагогов, затрагивающее вопросы самосовершенствования и развития у человека профессиональных способностей, организации его труда, эффективности его деятельности, определении перспектив развития. Мы назвали это **методическим консалтингом** – (от англ. - консультирование), вид профессиональных услуг методического характера, предоставляемых педагогам, заинтересованным в повышении результативности своей деятельности.

**Цель проекта:** создание методического консалтинга как обеспечение оптимальных условий для личностно-профессионального роста педагогов и качества профессиональной компетентности.

**Задачи проекта:**

1. Выявление, изучение и оценка результативности педагогического опыта коллектива школы.
2. Разработка эффективной системы стимулирования за высокие показатели в

профессиональной деятельности.

3. Структуризация методических объединений с целью систематизации их работы, разработка рейтинговой системы оценки деятельности педагогов и методических объединений в целом.

4. Активизация издательской деятельности методических объединений как формы распространения педагогического опыта.

5. Предоставление педагогическим работникам необходимой информации по современным достижениям науки и практики, оперативным данным по проведению конкурсов профессиональных достижений.

6. Оказание поддержки педагогическим работникам в организации и проведении методических мероприятий школьного, районного, областного уровня.

7. Деятельность по повышению квалификации педагогических работников, оказание систематической методической помощи в подготовке их к аттестации.

**Гипотеза:** создание методического консалтинга позволит обеспечить необходимые условия для личностно-профессионального роста педагогов и качества профессиональной компетентности как в школе, так и в педагогическом сообществе.

**Критерии оценки результатов методической работы в школе:**

- рост удовлетворенности педагогов собственной деятельностью;
- высокая заинтересованность педагогов в творчестве и инновациях;
- постоянное внимание администрации к деятельности педагогов, наличие системы стимулирования педагогической деятельности. Положительная динамика в росте профессионализма педагогов;
- высокий уровень профессиональной самодеятельности педагогов;
- своевременное распространение передового педагогического опыта;
- качественно организованная система повышения квалификации педагогов.

**Ожидаемый результат:**

- повышение профессиональной компетентности педагогов
- разработанная инновационная модель методической службы
- обобщение опыта методической работы на областном и республиканском уровне.

Для разработки модели методической службы «Методический консалтинг» послужили следующие основания.

1. Организация методической работы не противоречит базовым принципам: именно в процессе совершенствования своей деятельности педагоги могут приобрести опыт личностно ориентированного профильного обучения. Необходима длительная и кропотливая работа с педагогическим коллективом в целом и с каждым педагогом в отдельности. Содержание этой работы – это и формирование ценности самообразования, и передача накопленного опыта работы, и коррекция поведенческих стилей учителей. Речь идет об образовательной среде для педагогов, организованной таким образом, чтобы создавать у её участников собственный опыт взаимодействия в новой образовательной среде.

2. Методическая работа в условиях реализации инноваций требует повышенной активности, профессиональной ответственности, желания делиться содержанием методов работы с детьми в условиях ОССО. Педагог должен уметь формулировать профессиональные ценности, созвучные миссии и ценностям школы. Данную трудность можно преодолеть, разработав систему стимулирования повышенной и результативной активности педагогов.


3. Методическая работа в школе разворачивается в основном в форме формальной организации деятельности методических объединений и повышения квалификации на курсах. Проблема кроется в применении отлаженных приемов, в осторожном отношении к нововведениям, и как следствие, в низкой, мало результативной, немасштабной работе методических объединений, показывающих ситуативные достижения.

4. Попадая в ситуацию необходимости профессионального роста и личностных изменений, педагог сталкивается с требованием администрации, с одной стороны, скорректировать наработанные методы и формы работы по отношению к задачам школы и

перенимать опыт других педагогов, а с другой – создавать новые содержания, методы и формы своей работы, адекватные задачам современной школы. Методическая работа становится средством повышения компетенции педагога и средством его профессионального роста через издательскую активность, обобщение педагогического опыта, активизацию в конкурсах профессионального мастерства, успешное прохождение аттестации.

5. В целом организация методической работы должна претерпеть изменения, в виду того, что такие многие формы методической работы, стали носить лишь формальный характер. Исходя из этого, особую актуальность и значимость приобретает такая форма, как методический консалтинг, включающий в себя адресный сервис, творческие группы, «трио», «дуэт» по подготовке участников к профессиональным конкурсам различного уровня, которые носят неформальный характер взаимодействия между педагогами, что позволяет получать консультации и собираться “по интересам” в любое удобное время, не отягощая жизнь школы излишним временным структурированием.

**Семь шагов «Методического консалтинга»**




В качестве **первого шага** к достижению поставленных задач, коллектив был разбит на три группы, учитывая, что он разнороден по возрасту, педагогическому опыту, профессионализму.

*Первая группа*– часть учителей, обладающая высокими педагогическими способностями. Главные проводники новых технологий, открытые к изменениям, легко перестаивающиеся с одних требований на другие, способные работать в неопределенных, нерегламентированных условиях. Итог работы – печатный материал, описание методик, разнообразные дидактические материалы, участие в конкурсах, идеи проведения мероприятий.

*Вторая группа*– группа совершенствования педагогического мастерства. Для них организуются различные семинары по возникающим проблемам. Их направляют на мастер-классы, семинары, курсы повышения квалификации. Могут быть хорошими исполнителями и показывать неплохие результаты деятельности при наличии четкой инструкции, руководства к действию. Могут быть потенциальными преемниками первой группы.

*Третья группа*– группа становления педагогического мастерства. Ее составляют молодые педагоги. Для помощи молодым учителям организована школа молодого учителя, утверждены наставники, мониторинг результативности деятельности с последующим

консультированием по совершенствованию педагогической деятельности, методической работы. Системный подход к молодым кадрам позволяет достичь быстрого профессионального старта и результативности работы. Здесь воспитывается резерв активных педагогов.

В качестве **второго шага** по совершенствованию методической работы всего педагогического коллектива были пересмотрены стимулы профессионального развития педагогов, служащие вознаграждением за эффективное профессиональное развитие и активное участие в научно-методической работе.

| ***Мотивы к труду*** | ***Вознаграждения*** |
|---|---|
| Мотив самостоятельности, реализации себя в творческой педагогической деятельности | Содействие в разработке и утверждении собственной авторской программы, ее распространении. Возможность организовать и провести семинары |
| Мотив личного развития, приобретения новой информации | Направление на стажировку, курсы. Предоставление времени на методическую работу (работа на дому, система отгулов). |
| Мотив самоутверждения, достижения социального успеха | Направление на различные проблемные конференции, семинары для выступления и обмена опытом. Содействие в обобщении опыта, подготовке собственных публикаций и пособий к печати. Очерки о педагогах и их достижениях в социальных сетях |
| Потребность в причастности к делам коллектива | Вхождение в состав различных органов, решающих важные проблемы жизни школы |
| Мотив стабильности, защищенности | Гарантия имеющегося статусного положения в коллективе, среди родителей и учащихся<br>Способствование прохождению аттестации при наличии показателей, соответствующим требованиям к квалификационным категориям |
| Мотив состязательности | Содействие в выдвижении на престижные конкурсы. Включение в Аллею славы школы.<br>Премирование педагогов за особую результативность работы |

**Третьим шагом** стала реорганизация методических объединений, систематизация предметов ОГН и ЕМЦ, а также предметов эстетического цикла:

1. МО учителей дошкольного и начального образования
2. МО учителей предметов общественно-гуманитарного цикла
3. МО учителей предметов естественно-математического цикла
4. МО учителей казахского языка и литературы
5. МО учителей физического, трудового, эстетического воспитания.

Одновременно была разработана рейтинговая система оценки деятельности учителей и МО в целом.

**Четвертым шагом** реализации проекта стал подпроект по активизации издательской деятельности педагогов. Роль методического консалтинга в данном подпроекте заключалась в редактировании, верстке, согласовании заключения КЭС, получении рецензии на методичку, связь с издательством, согласование дизайна, выпуск пособий.

**Пятым шагом** явилась активизация участия педагогов в конкурсах профессионального мастерства: в очных – по разнарядке РайОО, в дистанционных – по информационным письмам оргкомитетов, включенных в перечень котируемых сайтов при аттестации. Основой повышения активности педагогов стала мотивация к успеху, положительный пример, повышение статусного положения в коллективе, среди родителей и учеников. Работа методического консалтинга в этом направлении сыграла также решающую роль: экспертиза работ учителей перед отправкой на конкурс, заполнение заявки на участие /готовые шаблоны заявок на конкретный конкурс/, доступность оплаты /через приложение Каспи/,

централизованная отправка материалов /на почту центра с почты завуча/. Таким образом, достигается релевантность участия в конкурсах и отслеживание результатов.

**Шестым шагом** в реализации проекта стал 100%-ный охват учителей обобщением педагогического опыта на семинарах различного уровня. Это очные выступления на конференциях, привлечение в качестве организаторов областных семинаров по линии «Шығыс» и «Өрлеу», проведение семинаров учителей-предметников на районном уровне. Причем, итогом каждого семинара является определенный продукт.

**Седьмым шагом** стала систематическая и результативная подготовка педагогов к прохождению аттестации. Основным требованием методического консалтинга по отношению к аттестующимся учителям явилась постоянная активность на протяжении всего аттестационного периода, а не непосредственно в год аттестации. Таким образом, достигается накопляемость материалов, их равномерность и систематизация по основным разделам портфолио педагога, отпадают вопросы соответствия учителя заявляемой квалификационной категории. Кроме того, методический консалтинг включает сопровождение учителей как в период прохождения тестирования, так и на втором этапе аттестации – оформлении портфолио.

Таким образом, систематизация методической службы школы путем применения методического консалтинга в разных направлениях работы позволит добиться быстрых и видимых результатов в личностно-профессиональном росте педагогов и повышении качества профессиональной компетентности.

**Список использованных источников**

1. Акперова И.А. Методический проект: урок для взрослых / И.А. Акперова // Методист. – 2013. - №8. – С.67-68.

2. Василевская Е.В. Методическая работа в системе образования: состояние, тенденции, проблемы. – М.: ACADEMIA, АПК и ППРО, 2008. - 178 с.

3. Василенко Н.В. Особенности консалтинговой деятельности в образовании // Теория и практика в образовании, 2010.

4. Лепешова Е. Мотивация труда в образовательном учреждении: общие подходы // Школьный психолог. – 2007. - №9. - с.40-43.

5. Поташник М.М. Управление профессиональным ростом учителя в современной школе. – М.: Центр педагогического образования, 2013. - 445 с.

6. Фурсенко А. Новое качество образования невозможно обеспечить без нового уровня квалификации учителей и директоров школ // Вестник образования. – 2010. - № 8.

7. Фурсов В.А. Обоснование методики балльно-рейтинговой оценки работников образовательных организаций // Оценка конкуретноспособности потенциала. – 2014. - №2.

## ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ ДЕҢГЕЙЛІК МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУ ТЕТІКТЕРІ

**Утегенова З.Д.**
Информатика пәні оқытушысы, М.Тынышбаев атындағы ҚазКҚА
Ақтау көлік колледжі

**Андатпа:** Бұл мақалада білім беру процесінде педагогтың, адамның дара тұлға ретінде қалыптасуына ерекше педагогикалық, психологиялық жағдай жасай алуы туралы жазылған. Үздіксіз кәсіби білім беру жағдайындағы педагогтердің құзіреттілігінің деңгейлік мазмұны және оны бағалау тетіктері сараланған.

**Аннотация:** В данной статье освещается возможность создания в образовательном процессе особых педагогических, психологических условий для становления педагога, человека как личности. Дифференцировано уровневое содержание компетенций педагогов в условиях непрерывного профессионального образования и механизмы их оценки.

**Abstract:** This article is about the ability to create special pedagogical, psychological conditions for the formation of a teacher, a person as an individual in the educational process. The level content of the

competence of teachers in the context of Continuing Professional Education and the mechanisms for its assessment are differentiated.

Әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ұстаз берген біліммен бағаланады. Сондықтан дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Бүгінгі таңдағы білім беретін техникалық кәсіби білім берудің басты мақсаты – студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беру және колледж ісін басқарудың тиімді жолдарын қарастырып, педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру болып табылады.

Білім беру мекемелерінің мұндағы мақсаты-білім беру процесінде педагогтың, адамның дара тұлға ретінде қалыптасуына ерекше педагогикалық, психологиялық жағдай туғызу. Бұл жалпы білім беретін колледждегі басқарудың әдіс-тәсілдерінің бәріне, мұғалім мен студенттің тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыруға, оның бейімділігін анықтауға бағыттайды. Сапалы білім мен саналы ұрпақты қалыптастырушы, әрине, ол – ұстаз. Ал ұстаздың анықтамасын дана Әл-Фараби былай деп көрсеткен: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсіне білетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын , дихрем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарайтын, табиғатынан әдептілік және әділдікті сүйіп, жақындарына да, жат адамдарға да, әділ, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

многоуровневой системы методической работы в регионе в целом и в институте развития образования и социальных технологий, в частности, является наличие наряду с региональным и муниципальным межмуниципального уровня. Методическую работу на этом уровне организуют методисты – окружные кураторы в западном, северо-западном, восточном и центральном образовательных округах Курганской области через внедрение таких форм организации работы, как: окружные курсы повышения квалификации, методические и научно-методические мероприятия, стажировки на базе учебно-технологических центров, опорных школ, деятельность консультационных пунктов, школ молодого педагога, творческих групп педагогов, педагогических клубов и др., а также взаимодействие с базовыми учреждениями профессионального (педагогического) образования. На каждом уровне методической системы формируется, накапливается методический ресурс, доступный всем участникам образовательной деятельности для повышения профессионального мастерства [3];

- сеть учебно-технологических центров и опорных школ, на базе которых проводятся авторские школы, стажировки для усиления практико-ориентированной направленности курсов повышения квалификации, методические мероприятия, педагогические марафоны для обмена передовым педагогическим опытом;

- командное повышение квалификации педагогических коллективов в форме инновационных курсов повышения квалификации, проектных сессий, педагогических десантов с целью решения актуальных для развития профессиональной компетентности педагогических работников общеобразовательных организаций задач [4,5];

- деятельность региональной ассоциации педагогов-наставников для профессиональной поддержки педагогов-наставников, обмена опытом, апробации и тиражирования лучших педагогических практик, обеспечения взаимодействия образовательных сообществ педагогов-наставников, начинающих учителей на основе возможностей цифровой образовательной среды, активное внедрение технологии наставничества – «учитель – учителю», «школа – школе»;

- реализация проекта «Скорая педагогическая помощь», деятельность профессионального сообщества в социальной сети ВКонтакте «Молодые педагоги Зауралья». Сейчас в нем зарегистрировано около 1,9 тыс. человек. Каждый из молодых педагогов здесь находит для себя интересную и полезную информацию, собеседников, наставников и единомышленников. В сообществе молодые педагоги смогут получить ответы на профессиональные вопросы, а опытные учителя – поделиться своими находками;

- региональная информационно-методическая образовательная среда, включающая специализированные сайты института: «Эффективный педагогический опыт Курганской области», сайт педагогических конкурсов ГАОУ ДПО ИРОСТ «Педагогическая олимпиада», «КурганВики», «Випград45», «Система электронного обучения ГАОУ ДПО ИРОСТ», Виртуальный Музей народного образования; профессиональные сообщества в социальной сети «Вконтакте», удаленный читальный зал электронной Президентской библиотеки и др. Огромную роль в повышении уровня профессиональных компетенций педагогов играет деятельность сетевых профессиональных педагогических сообществ на сайте doirost.ru. Здесь работают более двух десятков Интернет-сообществ: 12 сообществ учителей-предметников, сообщества руководителей образовательных организаций, учителей начальных классов, педагогов дошкольного образования, школьных библиотекарей, специалистов, задействованных в электронном обучении детей с применением дистанционных технологий. Среди новых сообществ - сообщества «Центры образования «Точка роста», «Инженерные классы», педагогов-наставников. В рамках сетевых интернет-сообществ на сайте работают 23 вебинарные комнаты. С использованием видеоконференцсвязи в год проводятся от 350 до 400 вебинаров, 15-20 конкурсов, в том числе международных и Всероссийских, размещены почти 2 тыс. методических материалов. Созданы более 20 виртуальных школ педагогов, руководителями сообществ ежегодно планируется проведение не менее 160 вебинаров по актуальным проблемам образования, ведется учет всех участников этих мероприятий. В сетевых интернет-сообществах сейчас зарегистрировано более 90% всех педагогических

работников области. Всё это благоприятствует организации работы педагогов по реализации индивидуальных образовательных маршрутов и тьюторов центра, осуществляющих их методическое сопровождение;

- многолетнее сотрудничество с учреждениями дополнительного профессионального образования регионов России и Стран Ближнего Зарубежья, в т.ч. в рамках деятельности международного методического центра «Академия педагогического мастерства: навыки XXI века»;

- деятельность областного редакционно-издательского совета и выпуск (в настоящее время электронного) журнала «Педагогическое Зауралье».

Созданная за многолетний период методическая система сопровождения повышения профессионального мастерства педагогов, в последние годы активно используется и развивается ЦНППМ.

Центр непрерывного повышения профессионального мастерства был открыт на базе института в сентябре 2021 года.

В методических рекомендациях для субъектов Российской Федерации по созданию и внедрению региональной системы научно-методического сопровождения педагогических работников и управленческих кадров Центр непрерывного повышения профессионального мастерства педагогических работников (ЦНППМ) определяется как «структурное подразделение организации, осуществляющей образовательную деятельность по образовательным программам дополнительного профессионального образования (ДПО), либо структурное подразделение организации, осуществляющей образовательную деятельность по образовательным программам высшего образования, осуществляющее непрерывное дополнительное профессиональное образование педагогических работников на основе диагностики профессиональных компетенций с учетом анализа запросов педагогических работников в овладении новыми компетенциями, необходимыми для профессиональной деятельности, обеспечивающее разработку и сопровождение индивидуальных образовательных маршрутов совершенствования профессионального мастерства педагогических работников».

Приказом № 168 по ГАОУ ДПО ИРОСТ от 23 июня 2021 года было утверждено «Положение о Центре непрерывного повышения профессионального мастерства педагогических работников».

Согласно Положения Центр непрерывного повышения профессионального мастерства является структурным подразделением института. В своей деятельности тесно связан со всеми другими центрами, отделами, кафедрами института, а также с муниципальными методическими службами Курганской области [6].

В Центре оборудованы 5 учебных аудиторий, три компьютерных класса, кабинет робототехники, комнаты для групповых и индивидуальных консультаций, помещение для организации коворкинг-пространства, лекторий – помещение для проведения публичных лекций, кабинет для проектной деятельности (учебная зона, обеспечивающая совместную учебную, творческую и игровую деятельность).

Центр имеет самое современное оборудование: лекционный зал оснащен проекционным, демонстрационным и звукоусиливающим оборудованием, обновлен парк компьютеров, приобретены многофункциональные устройства, разнообразная робототехника. Коворкинг-пространство оснащено необходимой оргтехникой. Веб-студия для создания презентаций, демонстрации опытов, проведения видеосъемки лекций, вебинаров, мастер-классов, интервью…

Целью деятельности Центра является создание условий для непрерывного расширения профессиональных знаний педагогических и руководящих работников в течение всей профессиональной карьеры, в том числе для удовлетворения образовательных потребностей и запросов, адаптации к меняющимся условиям профессиональной деятельности и социальной среды, подготовки к выполнению новых видов профессиональной деятельности.

Центр института развития образования и социальных технологий осуществляет анализ профессиональных запросов педагогических и управленческих кадров; создаёт условия для овладения новыми профессиональными компетенциями, необходимыми для осуществления трудовых действий.

Осуществляет управление процессом непрерывного развития профессионального мастерства педагогических работников и руководителей образовательных организаций через систему адресной поддержки и помощи спланированной в индивидуальных образовательных маршрутах на основе анализа результатов оценки уровня их профессиональной компетентности.

Центр в рамках региональной системы научно-методического сопровождения педагогических работников и управленческих кадров координирует методическую работу на всех уровнях образовательной системы Курганской области: региональном, межмуниципальном (окружном), муниципальном, институциональном.

Организует стажировки, практики и консультации педагогических работников в различных формах в образовательных организациях, транслирует новые образовательные практики, ориентированные на практический результат, для устранения профессиональных дефицитов педагогов и руководителей.

Занимается организацией работы профессиональных педагогических сообществ для обеспечения неформального обучения педагогических и управленческих кадров.

Центр организует обмен инновационным опытом, эффективными педагогическими практиками и внедрение активных форм методической работы на основе сетевого взаимодействия образовательных организаций.

Организует и проводит разнообразные педагогические конкурсы – Фестиваль педагогического мастерства, конкурсы проекта «Педагогическая олимпиада», региональные этапы педагогических конкурсов, проводимых Федеральным оператором, участвует в подготовке конкурсантов, направляемых на федеральный этап.

Организационно-методическое сопровождение конкурса на денежное поощрение учителей в рамках Приоритетного национального проекта «Образование» - тоже поручено Центру.

Курирует деятельность педагогических клубов Курганской области, проводит межрегиональный слёт педагогических клубов области и других регионов страны.

Организует проведение курсовых и методических мероприятий, направленных на совершенствование профессиональных компетенций педагогов и управленцев.

Разрабатывает образовательные траектории профессионального роста учителей-предметников, дает рекомендации по планированию деятельности педагогов и сопровождает их в процессе реализации индивидуальных образовательных маршрутов.

Проводит индивидуальные и групповые консультации по проектированию индивидуальных маршрутов повышения профессиональной компетентности руководящих работников.

Осуществляет организационно-методическое сопровождение деятельности региональной Ассоциации педагогов-наставников и организует работу сетевого интернет-сообщества Ассоциации.

Организует деятельность школ по реализации целевой модели наставничества педагогических работников.

Проводит работу по организации повышения квалификации педагогов школ области на курсовых мероприятиях Академии Министерства просвещения РФ в рамках федеральной системы научно-методического сопровождения педагогических работников и управленческих кадров.

Осуществляет организационно-методическую поддержку центров естественно-научной и технологической направленностей «Точка роста», создаваемых и функционирующих в Курганской области.

Реализует организационно-методическое сопровождение деятельности регионального УМО и региональных и межмуниципальных методических объединений педагогов и управленцев.

Организует и проводит межмуниципальные методические мероприятия, индивидуальные и групповые консультации с целью повышения профессионального уровня педагогов, включая мероприятия на базе окружных опорных школ.

Осуществляет организационно-методическое и научно-методическое сопровождение сайтов ГАОУ ДПО ИРОСТ, сообщества «Вконтакте».

Занимается изучением, обобщением и распространением эффективного педагогического опыта с целью оказания помощи педагогам, испытывающим профессиональные затруднения. Сопровождает сайт «Эффективный педагогический опыт Курганской области».

Проводит мониторинги: участия педагогов в федеральных курсах повышения квалификации, деятельности профессиональных объединений работников образования муниципального уровня, прежде всего территориальных методических объединений; состояния методической работы в муниципалитетах Курганской области, внедрения современных образовательных технологий в учреждениях общего образования, обеспеченности молодых специалистов наставниками, охвата педагогических работников муниципалитетов мероприятиями непрерывного развития профессионального мастерства.

Организует оценочные процедуры по единым федеральным оценочным материалам.

Готовит методические рекомендации по вопросам совершенствования путей непрерывного повышения профессионального мастерства педагогических работников и управленческих кадров [7].

С 2023 года реализует проект МетодСоюз45 — создаёт интерактивную карту методических ресурсов субъектов РСНМС [8].

Таким образом, абсолютное большинство педагогов и управленцев вовлекается в процесс непрерывного повышения профессионального мастерства на разных уровнях. Для этого специалисты ГАОУ ДПО ИРОСТ обеспечивают необходимые условия, реализуя различные организационные формы.

Благодаря функционированию и постоянному развитию региональной многоуровневой системы научно-методического сопровождения педагогических работников и управленческих кадров Курганской области реализована возможность: приблизить повышение квалификации педагогов к месту их работы и проживания, обеспечить свободный доступ всем работникам образования к методическим, аналитическим, нормативно-правовым и другим материалам, необходимым педагогам в практической деятельности; интегрировать ресурсы муниципальных методических служб для решения образовательных проблем в округах и регионе; использовать кадры образовательных организаций муниципальных округов и районов образовательного округа, достигших высоких результатов профессиональной деятельности, в интересах работников образования всего округа или региона; объединить усилия всех уровней РСНМС педагогов в обеспечении их профессионального роста.

**Список использованных источников**

1. Профессиональный стандарт педагога [Электронный ресурс]: http://ds15ladushki.edu22.info/wp-content/uploads/2019/05/profstandart-pedagoga_1.pdf (дата обращения 23.10.2023 г.)

2. Концепция создания единой федеральной системы научно-методического сопровождения педагогических работников и управленческих кадров [Электронный ресурс]: https://irost45.ru/cnppm/wp-content/uploads/2023/06/rasporiazhenie-ot-15.12.22-P-303.pdf (дата обращения 23.10.2023 г.)

3. Шатных А. В. Региональная многоуровневая система методического сопровождения работников образования Курганской области (проект «Ступени роста») // Методист. - 2018. - №3. – С.13-18.

4. Криволапова Н.А., Войткевич Н.Н. Организация повышения квалификации в системе

непрерывного педагогического образования Курганской области // Методист. - 2018. - №3. – С.8-12.

5. Ячменев В.Д. Управление профессиональным развитием руководящих и педагогических кадров с использованием технологии наставничества «Школа – школе» // Непрерывное педагогическое образование. - 2021 № 1(4). - С. 11-21.

6. Концепция центра непрерывного повышения профессионального мастерства педагогических работников // Институт развития образования и социальных технологий [Электронный ресурс]: https://irost45.ru/cnppm/wp-content/uploads/2023/05/Prikaz-ob-utverjdenii-koncepcii.pdf (дата обращения 23.10.2023 г.)

7. Шатных А. В. Деятельность центра непрерывного повышения профессионального мастерства по формированию регионального методического актива Курганской области // Непрерывное педагогическое образование. - 2021 № 2(5). - С. 27-35.

8. МетодСоюз45. Методические мероприятия субъектов РСМНС сайт. Курган. URL:https://методсоюз45.рф// (дата обращения: 23.10.2023).

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУҒА ТАПСЫРМАЛАРДЫ ЖОБАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Абуталипова А.Б.**
Филология магистранты, Б. Майлин атындағы №7
МГ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Рудный қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақ тілі, әдебиеті бойынша білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды жобалау ерекшеліктері бойынша автордың тәжірибесінен практикалық-әдістемелік дәлелдер келтірілген, тәжірибеде кәсіби құзыреттілікті арттыратын тиімді жолдары, ұсыныстар берілген.Әсіресе білім алушылардың оқу дағдысы арқылы ойлау дағдыларының машықталуына Блум пирамидасының деңгейлеріне қатысты тапсырмалар, сұрақтарды жобалау реті нақты көсретілген.

**Аннотация:** В данной статье представлены практико-методические доводы из опыта автора по особенностям проектирования заданий на развитие учебных навыков обучающихся по казахскому языку, литературе, даны рекомендации, эффективные пути повышения профессиональной компетентности в практике. Особенно четко обозначена последовательность оформления заданий, вопросов, относящихся к уровням Блум-пирамиды, к отработке обучающимися навыков мышления через навыки чтения.

**Abstract:** This article presents practical and methodological arguments from the author's experience on the features of designing tasks for the development of students ' reading skills in the Kazakh language, literature, gives recommendations, effective ways to improve professional competence in practice. In particular, the order of designing tasks and questions related to the levels of Bloom's pyramid is clearly outlined for students to practice thinking skills through reading skills.

Жаңартылған білім беру мазмұны енгізілген уақыттан бері үздіксіз кәсіби білім беру жағдайында педагогтердің құзыреттілігінің деңгейлік мазмұнын жыл сайын толықтыру білім министрлігі, Ұлттық білім және ғылым академиясының тарабынан белсенді үрдіске айналуда. Осы орайда білім беру мазмұнының жаңартылуына байланысты және де ғылым мен техниканың, әлемдік деңгейде жаһандық мәселелердің күрт өзгеруіне байланысты ел ішінде жас ұрпақтың үлкен өмірге әлеуметтеніп, қажетті дағдыларға ие болуы заман талабына айналғандықтан, кез келген педагогтің оқу және оқыту үрдісіне деген көзқарасын білім мен білігін арттыру, көтеру арқылы өзгерту көкейкесті мәселе болып тұр. Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі бола тұра, сонымен бірге жаңартылған білім беру мазмұны енгізілген уақыт аралығында бірлестік жетекші, директордың орынбасары, аудандық тіл мұғалімі Ассоциациясының мүшесі, тірек мектеп үйлестірушісі міндеттерін қоса атқаруда тек қана өзімнің ғана емес, басқа да педагогтердің кәсіби құзыреттілігін түрлі жаңалықтарды меңгерту, тәжірибе бөлісу мен тарату арқылы қамтамасыз ету тетіктерімен жұмыс жасауда ұғынғаным, өз тәжірибеме енгізгенім өте көп.

Мәселелерді шешуде өз тәжірибемде білім алушылардың жаңа талаптарға сай толыққанды түрде қажетті дағдыларды бойына қалыптастыру мен машықтауда функционалдық сауаттылығын оқу дағдысын қалыптастыру мен дамыту деңгейіне жеткізумен қызу жұмыс жасап келемін. Дәлірек айтатын болсам, оқу дағдыларын дамытуға арналған қызықты және қажетті тапсырмаларды әлеуметтік маңызы бар ресурспен қамсыздандыру

және оларды тапсырмаға енгізу, тапсырмаларды жобалауда өзіндік ерекшеліктерін түрлі сипатта белгілеп алудамын.

Оқу дағдысын қалыптастыру мен дамытуда оқу және оқыту үрдісінде түрлі әдістер мен тәсілдер, мақсат, мнідеттерді тиімді құралдар, оқыту формасына салып, жүзеге асыруда екеніміз айқын. Оқу дағыдысын қалыптастыруда оқу дағдысын қай мақсатпен, қандай міндетпен қамтамасыз етеміз деген сауал да тұруы әбден мүмкін, бұл орайда м**ақсат** ретінде оқу мәтіннен белгілі бір **техниканы / технологияны / оқу стратегиясын қолдана отырып,** белгілі бір мәселені шешу үшін қажет көлемде ақпарат алу мақсатында қолданып келемін [1]. Ал о**қу құралы** ретінде пәндік білімді, пәндік және жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру және бақылау үшін қолдануда қосымша бір ресурс ретінде ғана қарайтынымды, бұл орайда құралдан гөрі оқу мақсатына, қалыптастыруға қажетті дағды үшін оқу мақсатын бастапқы негіз ретінде фокусқа алу негізгі әрекет екенін нақты айтқым келеді. Оқу құралының басымдықтары осындай әрекеттер нәтижесінде бірден көрініп қалады. Мәселен:

– материалды игеру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

– тапсырмалар мәтінге және жаттығулар мен тапсырмаларға жазбаша нұсқаулар негізінде құрастырылады [2].

Осындай басымдықтарға қол жеткізуде мәтінмен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады деген сауал жас маманның, болмаса бала күтімі бойынша декреттік демалыстан шыққан, не болмаса жаңартылған бағдарламаның қыр-сырын әлі де түсінбей, қабылдай алмай жүрген мұғалімдерде осы сипаттағы сауалдар көп болуы әбден мүмкін. Осындай сұрақтардың легін жаза кетсем, тәжірибеме қызыққан педагогтер өзін елестетері анық:

– Мәтінмен жұмысты қалай жүргіземін?
– Мәтінді қалай ұғындырамын?
– Мәтінді не үшін оқимын деп қиналса ше?
– Неліктен оқушы мәтінді оқуы керек?
– Мәтін қолданбай, сабақты өткізе берсем қалай болады?
– Мәтін не үшін керек?
– Мәтін арқылы қалайша дағдыны қалыптастыруға болады?

Әрине, осындай сипаттағы сұрақтар көкейде көп болуы әбден мүмкін. Бірақ та кейбір педагогтер бұл жөнінде ашып сұрауға ұялады, қымсынады, қорқады. Ал кейбір білім беру ұйымдарында арнайы топтар құрылмақ түгілі, бұндай мәселені айтқызбайтын мектеп ортасы да болады. Педагог өз кәсіби құзыреттілігін көтеру үшін осындай сауалдарға жауап іздегені дұрыс. Білім курстарынан, мектептегі өзге де тәжірибелі педагогтердің сабағына, өзге де түрлі үйрету, оқыту, тәжірибе тарату семинар-практикумдарына, конференцияларына қатысу арқылы білігін арттырып, танымын кеңейткені жөн.

Алғашқы сұрақтың жауабы ретінде мұғалім өзі оқу мақсатын түсінуі керек, одан кейін мәтінмен жұмысты ұйымдастыру қажет. Бұл ретте Бенджамин Блум ұсынған оқу мақсаттарын ассимиляциялау және жіктеу категориясының таксономиясын ұғынып алған жөн.


Таксономия бойынша оқу процесі **білім** деңгейінен басталады: *фактілерді, даталарды есте сақтау және дыбыстау* және т.б. Одан кейін **түсіну** жүреді – алынған ақпаратты ассимиляциялау: оның **бұрын алынған ақпаратпен байланысы, жалпылау, басқа сөздермен қайталау**. Жаңа идеяларды ерекше жағдайларда **қолдану** және пайдалану оқушыға *есептерді шешуге, алынған ақпаратты таңдауға және өзгертуге* мүмкіндік береді. **Талдау** кезінде идеяларды **жинақтауға** қажетті *салыстыру, тексеру (жоспарлау, болжау)* жүреді. Соңында, **бағалау** деңгейінде оқушы зерттелетін материалды сыни тұрғыдан қарастыра алады және *белгілі бір идеяның құндылығын бағалау үшін дәлелдерді салыстыра алады*.

**Сабақтарда** біз әрқашан **прагматикалық мақсат** қоямыз: пәндік білімді қалыптастыру және сонымен бірге осы процесте оқу дағдыларын және осы дағдыларды құрайтын жеке әрекеттерді қамтитын дағдыларды дамыту. Сондықтан, мәтінмен жұмысты ұйымдастыра отырып, тақырып тұрғысынан қандай мақсатқа жету керектігін, оқушылар осы мақсатқа жету үшін қандай әрекеттер жасау керектігін және осы процесті қалай

ұйымдастыруға болатындығын нақты түсіну керек.




Осындай кестелі ойға Блум пирамидасы бұған қалай көмектесе алады? Өз тәжірибемнен тиімді нұсқасын ұсынудамын [3].




1. Мақсатты тұжырымдау және оны таксономия деңгейімен байланыстыру.

2. Содан кейін нәтиженің қалай ұсынылатынын анықтаңыз - ауызша түрде немесе артефакт жасалады, яғни нәтиже графикалық түрде немесе толық мәтін түрінде жазылады.

3. Ақпарат көздерін, оларға арналған тапсырмаларды, жұмыс түрін таңдаңыз (балалардың өзіндік жұмысы, тапсырмалар тізбегі немесе диалогқа негізделген өзіндік жұмыс).




4. Тапсырманы құрастырыңыз. Онда мыналар болуы керек: қызмет мақсаты және қызмет шарттары, нәтижені көрсету нысанын нұсқау, пайдалану қажет ресурстар туралы хабарлама және жұмыс уақыты.

| Тапсырма элементі | |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Жұмыс мақсаты | |
| Жұмыс шарттары (жеке / жұпта / топта) | |
| Нәтижесі | |
| Нәтижені ұсыну нысаны | |
| Жұмысүшін ресурстар | |
| Жұмыс уақыты | |

Осындай жұмыстарды атқару үшін ұғынып алған соң, оқу дағдыларын дамытатын тапсырмаларды таңдауда мұғалімге тағы не көмектеседі? деген сауал да алдан шыға келеді. Бұл сауал бойынша мәселені шешуде оқу міндеттері кешешінің арнайы конструкторын ұсынғым келеді. *Конструктор ғылым докторы Леонид Сергеевич Илюшинәзірлеген мақсаттарды құруға арналған дидактикалық іс-әрекет етістіктерінің тізімі негізінде әзірленді... Конструктор құрылымы түсіну деңгейлерінен, анықтамасынан, деңгейдің мәнінен, оқу тапсырмаларының негізгі құрылымын да ескеру қажет.*

| **Мәтінді түсіну деңгейлері** | **Когнитивті процесс** | **Анықтау мағынасы** | **Қимыл-етістіктері** | **Оқу тапсырмасының үлгісі** |
|---|---|---|---|---|
| | **Білім – жадыңнан қажетті ақпаратты ала білу** | | | |
| Жалпы түсінік<br><br>Ақпаратты анықтау | -Тану<br>-Есте сақтау | Ақпараттардың нақты элементтерінің орнын көбейту немесе анықтау | Хабарлама жасаңыз, тізімдеңіз, сипаттаңыз, қайта табыңыз, анықтаңыз, (бұл не, қайда), тұжырымдамаңыз, біліңіз, есте сақтаңыз, айтыңыз, фактілер келтіріңіз, қайталаңыз | Негізгі бөлімдерді атаңыз... Берілген класстың сан алуан түрлерін суреттен... таныңыз Барлығын бірге топтастырыңыз... ...қатысты түсініктердің тізімін жасаңыз Белгілір бір тәртіпте орналастырыңыз... |

Әр деңгей үшін тапсырма мысалдарын жазуда оқу мақсатына сәйкес әрекетті нақтылап алып, ол бойынша сатылай күрделендіруді ескеру қажет. Қарапайым тілде айтқанда, етістігіне мән береміз. Не істейміз? Әрі қарай не қыламыз? Содан кейін нені жасаймыз? Деп өсіре беру мүмкіндігін ескеру.

| | |
|---|---|
| Білу | Оқу мақсатына байланысты берілген ресурс жайында білім алушы не білуі қажет? Білуі үшін не істейсіз? |
| Түсіну | Параграф мәтіні және журнал мақалалары бар топтарда жұмыс жасай отырып, мәтін мазмұнын ұғыну үшін не істетесіз? Қаншалықты түсінді, соның кері байланысын жүргізуді қамсыздандыру. |
| Қолдану | Мәтіннен білгені мен түсінгенін қалайша қолданады? Қалай қолданады? Оны қалай бағалайсыз? Қалай және немен өлшейсіз? |
| Талдау | Білгені мен түсінгенін қолдану арқылы көрсеткен, қалыптасу деңгейіндегі үрдісті/ жартылай өнімді қалай бағалайсыз, қалай өлшейсіз? |
| Жинақтау | Талдап үлгірген жұмысты жинақтау дағдысына қалайша және қандай формада апарасыз? Оны қалай өлшейсіз? Жинақтау дағдысында қателіктер болса, онымен жұмысты қалайша жүргізесіз? |
| Бағалау | Осы сабақта өтілген мәселені өмірмен қалай байланыстыртасыз? Қандай құндылық алғандығына рефлексияны қандай әдіспен жүргізесіз? Білім алушының қалыптасқан дағдысын қалай бағалайсыз? |

Әлбетте, кез келген пән мұғалімі өзіндік оқу және оқыту үрдісін маңызды және мазмұнды материалмен байланыстырып, оны қарапайымнан күрделіге қарай өсіру мүмкіндігін ескерсе, білім алушылар тарабынан келетін мықты кері байланысқа қарап-ақ кәсіби құзыреттіліктің артуын байқай алады. Демек, кез келген педагог әрқашан іздену үстінде жүрген болса, өзінің кәсіби құзыреттілігін де қамтамасыз етер тетіктің де ресурсына қанық болатыны айқын.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


1. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты // Ана тілі газеті. 2012. № 5. 2-8 ақпан.
2. Оразахынова Н.А. Әдебиетті сатылай кешенді талдау //әдістемелік құрал, Алматы, 2012 жыл.
3. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2018 / Компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары. Астана, 2016.
4. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017.
5. Жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы /әдістемелік нұсқау хат, Астана, 2018.
6. Жалпы орта білім беретін мектептердің 11-сынып оқушыларына қорытынды аттестаттау жөніндегі нұсқаулық.


# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ӨЗГЕ ПӘНДЕРМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҰТЫМДЫ ЖОЛДАРЫ


**Аюпова Н.А.**
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ РКДИ, Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан
**Салихарова Н.А.**
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ РКДИ, Мониторингтік жұмыс секторының бас маманы Алматы қ., Қазақстан



**Аңдатпа:** Әдебиет деген тұтастай дәуірлерді сипаттайтын шежіре болса, халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі оның өн бойынан көрініс табады. Бұның өзі әдебиеттің басқа ғылым салаларымен тығыз байланысын көрсетеді. Сол себепті әдеби туындыны шынайы өмірмен байланысты меңгертуіміз қажет. Тіпті сонау көне дәуір, жыраулар дәуірін бүгінгі күнмен сабақтастыра, күнделікті өмірдің сан салалы мәселелерімен салыстыра оқыту арқылы оқушылардың пән бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қажетіне жарата білуге талпындырған жөн.

**Аннотация:** В то время как литература-это хроника, описывающая эпохи в целом, вся жизненная сила народа отражается в его произведениях. Это само по себе свидетельствует о тесной связи литературы с другими областями науки. Поэтому необходимо овладеть литературным произведением, связанным с реальной жизнью. Даже с учетом того, что древность, эпоха жырауов переплетаются с сегодняшним днем, сравниваются с различными проблемами повседневной жизни, необходимо поощрять учащихся к тому, чтобы знания, полученные по предмету, были востребованы в повседневной жизни.

**Abstract:** If literature is a chronicle describing entire eras, then the whole life of the people is reflected in its life. This in itself indicates the close relationship of literature with other branches of science. Therefore, it is necessary to master the literary work in connection with real life. It is necessary to encourage students to use the knowledge gained in the subject for everyday life by comparing the era of ancient times and ravines with the present day, comparing them with various problems of everyday life.


Жалпыға міндетті орта білім беруде оқытылатын пәндердің мазмұны біріге келіп, оқушылардың жан-жақты дамуына үлес қосары анық. Барлық пәннің мазмұнын жеткілікті игерте келіп, ұлы Абай айтқан «Толықадамның» қалыптасуына ықпал ете аламыз.

Р.Декарттың «Барлық ғылымдардың байланыстылығы сондай, олардың бәрін бірден оқыту – олардың біреуін басқасынан бөліп оқытудан оңай» [1], – деген сөзі осы күні қанатты сөзге айналып кеткен. Расында ғылымның қай саласын алсақта, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Әсіресе, функционалдық сауаттылықты арттыру мәселесіне келгенде ғылымның әр саласын жан-жақ қажіктеп, жіліктеп тастаудың өзі орынсыз. Өйткені оқушының жан-жақты, толыққанды білімалуы оның өмір сүруге деген бейімділігін одан сайын арттыра түспек. Барлық пәннен кешенді түрде кіріктіріле алынған білім оның кезкелген өмір жағдайына икемделуіне мүмкіндік туғызады. «Жігітке жеті өнерд еаз», «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл», – дегендей, оқушыларға кешенді әрі толық білімберу олардың жеке тұлға ретіндегі бәсекеге қабілеттіліктерін арттыра түседі. Шындығында, қолымыздан келгенше пәндерді өзара кіріктіре оқытудың нәтижесінде, оқушылардың түрлі қабілеттерін жетілдіріп, шабыттарын шыңдай түсеміз, білімалуға деген құштарлықтарын арттырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге жаттықтырамыз [2].

Пәндерді кіріктіре оқыту оқушылардың тұтас өмір, тіршілік, қоғамжайлы түсініктерін кеңейтіп, мектеп қабырғасында алатын білімнің өзінің болашақтағы және қазіргі тіршілік әрекетімен тікелей байланысты екендігін сезінулеріне мүмкіндік береді. Кіріктіре оқытудың негізгі ұстанымы – ғылым математика бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыт және жаратылыстану бағыты тәрізді жекелеген салаларға бөлінгенімен, әлемнің бір тұтастығы, тіршілік әрекеттерінің өз ара байланысты екендігі туралы түсініктерін кеңейту. Пәндерді кіріктіре оқытудың нәтижесінде оқушылар оқу материалын терең ірек түсініп, алған білімін өмірде қолдана білуге талпынатын болады.

Педагогикада пәндерді кіріктіре оқытудың үш түрі бар. Олар:

**Қазақ әдебиеті пәні төмендегідей пәндермен толық ықпалдасады:**

- Қазақ тілі;
- Өзін-өзі тану;

**Қазақ әдебиеті пәні келесі пәндермен жартылай ықпалдасады:**

- Қазақстан тарихы;
- Дүние жүзі тарихы;
- Орыс тілі мен әдебиеті;
- Ағылшын тілі т.б.

**Қазақ әдебиеті пәні келесі пәндермен блоктық негізде ықпалдасады:**

- География;
- Химия және биология;
- Математика;
- Физика;
- Информатика;
- Дене шынықтыру;
- Көркем еңбек [3].

Қазақ әдебиеті пәні өзге пәндермен қаншалықты тығыз байланысты және оларды кіріктіре оқытудың маңызы неде, әдебиет пәні қай пәнмен қаншалықты кіріктіріле жүргізіледі деген сауалдар төңірегіндегі мәселелерді қарастырғанды жөн көрдік.

Қазақ әдебиеті пәнін өзге пәндермен кіріктіре оқытуда қазақ тілі пәнінің алатын үлесі басым болып келеді. Әдебиеттің әрбір сабағы қазақ тілі пәнімен тығыз байланыста жүргізіледі. Қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында қазақ тілінің мақсат-міндеттері де кешенді түрде жүзеге асып жатады. Атап айтар болсақ:

1. Әдеби шығарманы оқу, оған талдау жасау оқушының сөздік қорын арттырып, сауатты жазуларына негіз болады.

2. Ой-өрістері кеңейіп, тіл байлықтары молайған оқушылардың сөздерді байланыстыру, сөйлем құрау дағдылары қоса дамиды. Ендеше, қазақ әдебиеті пәнін оқыта отырып, оқушының қазақ тілінің грамматикасын меңгеру деңгейлерін қоса жетілдіріп отырамыз.

3. Әдебиет пәнінде тыңдалым, оқылым, жазылым тапсырмаларын орындаудың

нәтижесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктері артады.


4. Әдебиет пәніндегі жазылым тапсырмасын орындату кезінде оқушылардың грамматикалық қателерді жіберуіне жол берілмейтіндігі анық. Бұрынғы дәстүрлі жүйені еске алатын болсақ, оқушыларға шығарма, мазмұндама жазу барысында оларға 5/5, 4/5 тәрізді екі баға қоятынбыз. Яғни бір баға оның берілген тақырыптың мазмұнын игеруіне, тақырыпты толық аша білуіне қойылса, екінші баға сауатты жазуына қарай қойылатын болатын. Қазіргі таңда да біз қазақ әдебиеті пәнінен эссе немесе басқа да жазылым жұмыстарын орындауы кезінде оқушылардың сауаттылықтарын назардан қағыс қалдырмаймыз. Бұл әдебиет сабағының қазақ тілімен тікелей байланыста жүргізілетіндігінің көрінісі болып табылады [4].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін кіріктіре оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларды шығармашылыққа баулу, сын тұрғысынан ойлауға қалыптастыру, жоғарыда аталған төрт дағды негізінде оқушылардың актив сөздік қорларын жетілдіріп, сауатты жазуға, шешен де шебер сөйлеуге жаттықтыру.

Қазақ әдебиетімен толық ықпалдастықта жүргізілетін пәннің бірі ол – өзін-өзі тану пәні. Әдеби көркем шығармалардың қай-қайсысының болмасын, өзін-өзі тану пәнінің мазмұндық өзегін құрайтындығы баршамызға белгілі. Әдебиет пәні дәл қазақ тілі сияқты, өзін-өзі тану пәнімен де күн сайынғы сабақта тікелей байланысып жататындығын ешкім жоққа шығара алмайды. Өйткені әдебиет пәніндегі әрбір көркем туындының мазмұндық-идеялық негізі адамның өзін-өзі тану әрекеттерімен, өзін-өзі жетілдіру жұмыстарымен тығыз сабақтастықта өріледі. Қай кезеңде жазылған туынды болса да, оның негізгі астарында адамгершілікке үндеу, сыпайылық, әдептілік, «үлкенге құрмет, кішіге ізет» етерлік түрлі ізгі қасиеттердің, өмір мен өлім, махаббат, ерлік, бірлік, отансүйгіштік, елжандылық пен ұлтжандылық тәрізді мәңгілік тақырыптардың өзек болатындығы анық. Осы орайда, әдебиет пәнінің жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуын қалыптастыратын «Өзін-өзі тану» пәнімен толық ықпалдасатындығын байқауға болады. «Өзін-өзі тану» пәні – адамды өмір сүруге үйрететін пән десек артық айтқандық емес. Пән арқылы бала бойындағы адам атаулыға тән асыл қасиеттерді дамытып жетілдіру, өмірдегі ең өзекті деген тақырыптар төңірегінде ой өрбіту – осы айтқанымыздың айқын дәлелі. «Өзін-өзі тану» пәнінің күнтізбелік жоспарындағы тақырыптардың барлығы өмірдің шынайы құбылыстарымен астасып жатыр.

Әдебиет пәніндегі тәрізді өзін-өзі тану пәнінің тақырыптық аясы өмірдің сан-салалы жағын қамтиды. Бұл тақырыптарды жан-жақты барынша терең талқылай отырып, өмірдің ақ пен қарасын белгілі дәрежеде ажырата білетін, ар-ұжданды жоғары қоятын, ата-ана мен ағайын-туыстың қадірін түсінетін, елін-жерін сүйетін азамат тәрбиелеп шығару мүмкіндігіне ие боламыз.

Әдебиет пәні мен өзін-өзі тану пәніндегі рухани-адамгершілік білім беру мазмұны төмендегідей болып келеді:




Сонымен әдебиет пәні сияқты өзін-өзі тану пәні де адами құндылықтарды оқытуға бағытталған. Расында, оқушы қай саланы таңдаса да, оның ең алдыменен адамгершілігі жоғары азамат болғанын мақсұт етіп, рухани дүниесі бай жеке тұлғаны қалыптастыруымыз қажет. Сол себепті қай пәнді оқытсақ та, бірлікті, өзара түсіністік пен сыйластықты, адамгершілікті басты нысан ететін өзін-өзі тану пәнін кез келген пәнде орайын тауып ықпалдастырып отырған жөн. Әдебиет пен өзін-өзі тану пәнінде оқушыларды бірлікке, ынтымақтастыққа, бір-біріне көмек беруге, адамгершілік қасиеттерге баулып, оқушылардың бір-біріне сыйластықпен қарауын, адамгершілік игі қасиеттерді бойына сіңіріп өсуін жүзеге асырамыз.

Ендеше, қазақ әдебиеті пәні қазақ тілі және өзін-өзі тану пәндерімен толық ықпалдасып, әр сабақта осы аталған пәндермен сабақтасып, ұштасып жатады. Тек сабақ барысында

олардың үндестігі, өзара байланысы жайлы оқушылардың түсініктерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар да жүруі тиіс.

Қазақ әдебиеті пәні әр сабақ сайын қазақ тілі және өзін-өзі тану тәрізді пәндер сияқты «тонның ішкі бауындай» тығыз байланыста жүріп жатпағанымен, кейбір пәндермен өзектес болып, өзара үндестік тауып жататыны мәлім. Солардың ішіндегі ең бастысы – тарих пәні, әсіресе, Қазақстан тарихы пәні. Қазақ әдебиеті пәнінің кезеңдерге дәуірлену сипаты тарихпен тікелей байланысты. Атап айтар болсақ,

- Халық ауыз әдебиеті;
- Ежелгі дәуір әдебиеті;
- Хандық дәуір әдебиеті;
- XIX ғасыр әдебиеті;
- XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті;
- Кеңестік кезең әдебиеті (Ұлы Отансоғысы жылдарындағы қазақ әдебиеті, Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиеті);
- Қазіргі қазақ әдебиеті немесе Тәуелсіздік кезең әдебиеті [3].

Оқушыларға қазақ әдебиетінің осындай кезеңдерге бөлінетіндігі, әр кезең әдебиеті өз заманынан үн қататындығы туралы түсініктерін қалыптастыру өте маңызды. Халық ауыз әдебиеті сонау жазу-сызу болмаған кезеңдегі, есте жоқ ерте замандағы ата-бабамыздың ой-арманы, мақсат-тілегі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен салт-санасы, дәстүрі, шаруашылығы бейнеленген халық мұрасы екендігін түсіндірсек, ал қойнауына сан ғасырлар енген ежелгі дәуір әдебиетінің өзінің ішкі кезеңдерге жіктелетіндігін Қазақстан тарихы пәніндегі кезеңдермен түсіндірген түсінікке жеңіл болмақ:

- Көне түркі дәуірі;
- Орта ғасыр тарихы.

Бұл кезеңдердегі тарихты еске түсіру, сол дәуірде жазылған әдеби туындыны жете түсінуге негіз болмақ. Сол себепті әдебиет сабағында әр дәуір тарихына қысқаша ғана шолу жасалатыны белгілі. «Миға шабуыл», «ББББ», «ББҮ» тәрізді стратегиялар арқылы тарихқа шолу жасау оқушылардың қаламгер өмірі мен шығармашылығын, әдеби туындының тақырыбы мен идеясын түсінулеріне жол ашады [5].

**Қазақ әдебиетінің тарихпен байланысы төмендегі аталған мәселелерде тоғыса түседі:**

| | |
|---|---|
| • Қазақ әдебиетіндегі ақын-жазушылардың тарихи тұлға екендігі; | Мысалы:<br>Қорқыт... Әл-Фараби.. Бұқар жырау... Махамбет Өтемісұлы... Абай Құнанбайұлы... Мұқағали Мақатаев... Мұхтар Шаханов т.б. |
| • Қазақ әдебиетінің әр дәуірінде көтерілген басты мәселелердің сол кезеңнің тарихымен тікелей байланысты болуы.<br><br>• Кез келген қаламгердің «өз заманының аузы, көзі, құлағы» бола білгендігі; | **Ежелгі дәуір әдебиетінің ерекшелігі – ерлік, елдік тақырыбы,** тасқа қашалып жазылған жазулар.<br>**Орта ғасыр әдебиетіндегі басты ерекшелік – ислам дәуірінің келуі, түркі тіліндегі жазылған шығармалардың туындауы,** ғылым салаларының дамуына байланысты шығармалардың жазылуы.<br>Хандық дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі толғаулардың басым көпшілігі сол кезеңдегі қазақ-жоңғар шайқастарына сәйкес, ерлік, бірлік тақырыбында келетіндігі, жыраулар шығармашылығының бір саласы олардың хандарға айтқан толғауларымен байланысты болып келетіндігі.<br>XYIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы ақындардың «зар заман» ақындары аталуының тарихи себебін түсіндіру.<br>XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі басты тақырыптардың тарихтағы көрінісін сипаттау, Алаш арыстарының қуғынға ұшырауына олардың әдеби мұраларының қатысы т.б. деректер; |

| | |
|---|---|
| | Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және одан кейінгі кезеңдегі әдеби туындылардың тарихқа қатысын саралап көрсету.<br>Желтоқсан оқиғасына қатысты туындылардағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселесі.<br>Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттегі басты тақырыптың қоғамда буындап отырған басты тарихи шындыққа, қоғамдағы келелі мәселелерге қатысын ашып көрсету т.б. |
| • Көптеген шығармалардың белгілі бір тарихи оқиғаларға арналғандығы. | Тарихи шығармалар:<br>«Күлтегін жыры», «Тонықөк жыры», «Қорқыт ата жыры», «Сабалақ» дастаны, «Көшпенділер» трилогиясы, «Дарабоз» романы т.б. |
| • Қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан қаламгерлердің заманының өткір мәселелерін тілге тиек етіп қана қоймай, қоғамдық мәселелерге атсалысқан қоғам қайраткерлері болғандығы; | Ежелгі дәуір әдебиетіндегі «Күлтегін жыры», «Тонықөк жырындағы» Күлтегін, Тонықөктердің тарихта кім болғандығы;<br>Хандық дәуір қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығының мол болуымен ерекшеленсе, бұл кездегі толғау авторларының барлығына жуығының жорық жырауы болғандығы, жыраулардың хан кеңесшісі болғандығы жайлы тарихи деректермен байланыстыра оқыту. |

Бұл аталып көрсетілген мәселелер қазақ әдебиетін тарих пәнімен байланыстыра, кіріктіре оқытудың маңыздылығын, қаншалықты қажет екендігін көрсете алады.

Қазақ әдебиеті пәні тарих пәнімен қатар, құқық негіздері, дінтану пәндерімен де белгілі дәрежеде жартылай ықпалдасады. Әдебиет сабағындағы кейібр шығармаларды оқу барысында адамның өзінің құқықтары мен міндеттерін білуі немесе түрлі діни ағымдағы адамдардың әрекеті жайлы бағамдай білулері үшін пән мазмұнын аталған пәндер бойынша алған білімдерін еске түсіріп байланыстыра оқыту тиімді болмақ.

Қазақ әдебиеті пәні орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерімен қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар ретінде жартылай ықпалдасады. Өйткені аталған пәндерде арнайы қазақ әдебиетінің тақырыптары қамтылуы керек. Қазақ әдебиеті біздің төл әдебиетіміз ретінде орыс және ағылшын тілдерінде оқытылуы аса маңызды. Бірақ қазақ әдебиеті пәнінің материалын игертуде жекелеген тақырыптардың орыс тілі мен әдебиетіне, ағылшын тіліне қатысы туралы, аталған тілдерден аударылған туындыларды оқыту барысында өзарас салыстыра оқыту тәрізді тақырыптарда тоқталғанымыз болмаса, әдебиет пәніне бұл пәндерді еш себепсіз байланыстыра беруге болмайды. Өйткені қазақ әдебиеті пәні қазақ тілінде жүргізілуі қажет. Ал орыс тілі мен әдебиеті пәнінде арнайы қазақ әдебиетінің бөлімдерінің қамтылуы заңды. Әсіресе, қазақ әдебиетін толық орыс тілінде не ағылшын тілінде меңгертетін курстар ұйымдастырылып, қазақ әдебиеті пәнімен кіріктіріле оқытылса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл оқушылардың өздерінің туған әдебиетін шет тілді оқырмандарға таныстыруға мүмкіндіктері болатындығын көрсетеді.

Әдебиет пәні толық немесе жартылай ықпалдасатын пәндермен күнделікті сабақта етене байланысып жататындықтан, оқушыларға олардың өзара байланысын ашып көрсету тиімді болмақ [6].

Қаламгердің өмірі мен шығармашылығын, шығармашылығына арқау еткен басты тақырыптарын меңгертуде ол өмір сүрген кезең шындығын, сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдаятты қоса меңгерту, ал әдеби туындыны талдауда шығарма мәтініндегі әрбір элементке мін беруге жаттықтыру оқушының дүниетанымын арттыра түспек. Бұл барлық мұғалімнің мойнындағы жауапкершілігі зор міндет. Тек кім қандай әдіс-тәсілді қолданады, оқыту технологияларының ішінде қайсысын таңдайды ол әрбір ұстаздың өз еркінде, әрбір мұғалімнің жеке шығармашылық ізденісін байқататын ұстаздық шеберлігінде екендігі айқын.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Р. Декарт. История философии в кратком изложении – М.: Мысль, 1991.
2. Раисова Б.Т. Кіріктірілген сабақтың тиімділігі неде? // ШҚО педагогика жаршысы 2008 ж.

№2.
3. Дуанов Ж.Б. Кіріктірілген сабақтарды өткізуде компьютерлік технологияларды қолдану // ШҚО педагогика жаршысы = Педагогический вестник ВКО. 2012 ж. - №1.
4. Нургалиева С.К. Кіріктірілген жаратылыстану пәндерінің мазмұнын таңдап алудың факторы ретіндегі оқыту мақсаттары // Білім= Образование. 2009 ж. №6.
5. Муфталова А. Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды пайдалану / Білім технологиялары = Образовательные технологии. 2011. №2.
6. Мұхамбетова Ш. Жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану үрдісінде студенттерді кәсіби әрекеттерге дайындаудың ғылыми-теориялық негізі // Білім = Образование 2010 ж. №2.

## ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ

**Базарбай Д.А.**
«Долон орта мектебі» КММ Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Бесқарағай ауданы, Абай облысы, Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада тілдік құзыреттілік мәселесі көрсетілген. Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту қарастырылған.Тақырып мазмұнына сәйкес таңдалған белсенді әдістердің оқушыларды оқуға тартуы, оқу мақсатына жетуіне ықпал етуі, сол арқылы коммуникативтік әрекеттің келесі дағдысына бағытталуы ескерілді.

**Аннотация:** В этой статье рассмотрена проблема языковой компетентности. Читательская грамотность - предусматривает обеспечение качественного усвоения учащимися содержания текста, формирование функциональной грамотности, а также развитие творческого и интеллектуального уровня учащихся. Учитывалось, что выбранные в соответствии с содержанием темы активные методы вовлекают учащихся в обучение, способствуют достижению цели обучения, тем самым ориентируясь на следующий навык коммуникативной деятельности.

**Abstract:**This article presents the problem of language competence. Reading literacy-it is envisaged to ensure high-quality assimilation of the content of the text by students, the formation of functional literacy, as well as the development of the creative and intellectual level of students. It was taken into account that active methods selected in accordance with the content of the topic involve students in learning, contribute to the achievement of the educational goal, thereby directing them to the next skill of communicative activity.

Қазіргі таңда тілдік құзыреттілік мәселесі – кез келген тұлғаға бағыттала отыра қалыптастырылатын бірден-бір маңызды қажеттілік. Әсіресе үздіксіз білім беру, үздіксіз білім алуда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуында тілдік құзыреттіліктерді оқу сауаттылығы арқылы бір жолда, бір қатарда алып жүру – жиі кездесетін фактор.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпы адамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады [1]. Әлбетте, қазіргі таңда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болып табылады. Осы ретте жаңартылған білім мазмұнының бірден бір талабы – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқушыларды үлкен өмірге бойына әлемдік деңгейді маңызы бар дағдыларды қалыптастырып, бекітіп тәрбиелеу, жан-жақты тұлға етіп қалыптастыру. Осыдан оқу сауаттылығын қалай қалыптастырамын, оқу сауаттылығы бойынша оқушылардың құзыреттілігін арттыру үшін нендей әрекетті қалай жасаймын деген сауалдар кез келген пән мұғалімдерінің көкейінде болары анық. Сауаттылық бойынша оқу дағдысына негізделген қандай қасиеттерге назар аудару керек, әлбетте, қандай

қасиеттерге негіздей отыра оқушының бойында қандай қабілеттерді анықтап, оны әрі қарай дарытып, бекіту қажет? Бұл орайда оқу сауаттылығының құзыреттілік моделін қалыптастыруда түрлі қабілеттер аясында жұмыс жасау керектігі айқын. Оларды бөліп атайтын болсақ:

– Ақпаратты табу және алу;
– Ақпаратты түсіну және оны біріктіру;
– Мәтіннің мазмұнын зерделеу және абағалау;
– Мәтіннен алынған ақпаратты әртүрлі мақсаттар үшін пайдалану.

**Ақпаратты табу және алу.** Бұл қабілетке жататын әрекетті орындай отырып, оқырман, ең алдымен, мәтіндегі ақпараттың жекелеген үзінділеріне баса назар аударады.[2]. Осы қабілетке қатысты ақпаратты табу мен алудағы әрекеттер келесі ретпен белгіленеді:

– Ізделіп отырған ақпараттың орнын анықтау (мәтіннің үзіндісі, гиперсілтеме, сайтқа сілтеме және т.б.);
– Мәтіннің бір үзіндісінде / әртүрлі үзінділерінде орналасқан ақпараттың бір немесе бірнеше бірліктерін табу және алу;
– Ақпараттың бар екенін / жоқ екенін анықтау.

**Ақпаратты табу және алу бойынша қабілетті дамыту үшін, келесі әдістемелік тәсілдерді қолдануға болады:**

1. Мәтіннен ... сипаттайтын ұғымдардың астын сызыңдар.
2. Өздерің барынша маңызды деп ойлаған 3-4 сөз тіркесін теріп жазыңдар.
3. фразаны жалғастырыңдар.
4. Мәтіннің тақырыбы ретінде 2-3 нұсқа ұсыныңдар.
5. Дұрыс жауап нұсқасын таңдаңдар.
6. Қалай … *(әрекетті орындау) екенін түсіндіріңідер.*
7. ... принципін тұжырымдаңдар.
8. Зертханалық жұмысты қандай бірізділікпен орындау керек?

**Ақпаратты табу мен алу, әрі қарай жұмыс жасауда қажетті бір қабілеттің бірі түсіну, яғни ақпаратты біріктіру және түсіндіру**. Бұл қабілетке жататын әрекеттер мәтіннен жалпы түсінік қалыптастыруға және мәтіндегі ақпаратты оқырманның тіліне көшіруге мүмкіндік береді. Оқырман біртіндеп осы үзінділерді ортақ көрініске біріктіреді. [3] Ақпаратты түсіну және біріктіру қабілеті келе әрекеттер нәтижесінде жүзеге асырылады:

– Фактологиялық ақпаратты (сюжет, оқиғалардың бірізділігі және т.б.) түсіну;
– Мәтіннің мағыналық құрылымын түсіну (мәтіннің тақырыбын, басты ойын / идеясын, арналған мақсатын анықтау);
– Таныс емес сөздің немесе сөйлемнің мәнін мәнмәтінге байланысты түсіну;
– Оқиғалардың немесе пікірлердің арасындағы жасырын байланыстарды анықтау (себеп-салдарлық қатынастар, дәлел – қарсы дәлел, тезис – мысал, ұқсастық – айырмашылық қатынастары және басқалар);
– Визуалды бейне мен сөзді мәтіннің арақатынасын белгілеу;
– Мәтіннің жекелеген бөліктерін жалпылау арқылы қорытындыларды тұжырымдау;
– Кейіпкерлердің сезімдерін, уәждерін, мінездерін түсіну;
– Тұжырымдалған ақпаратты (автордың ұстанымын, коммуникативтік ниетін) түсіну.

**Оқу сауаттылығының құзыреттілігін модельдеудегі ақпаратты түсіну мен біріктіру қабілетін дамыту үшін келесі әдістемелік тәсілдерді қолдануға болады:**

– Мәтінге кіріспе жазыңдар
– Қарапайым нұсқаулықтағы іс-әрекеттер тәртібін түсіндіріңдер
– Графиктегі осьтердің атауларын қалпына келтіріңдер
– Кестедегі бағандардың атауларын қалпына келтіріңдер
– Әңгіме кейіпкеріне мінездеме беріңдер
– Картаның арналған мақсатын түсіндіріңдер

– Суреттің арналған мақсатын түсіндіріңдер

– Орынға сипаттама беріңдер

– … *(флаердің / жыртпалы үшбұрыштың / жарнамалық хабарландырудың)* арналған мақсатын түсіндіріңдер.

– ... кластерін құрыңдар.

– ... макетін жасаңдар.

– ... жалпы және айрықша сипаттамаларын көрсететін Венн диаграммасын құрыңдар.

– ... жасау бойынша шеберлік сыныбын ұсыныңдар.

**Оқу сауаттылығы бойынша құзыреттілікке мәтін мазмұны мен формасын зерделеу және бағалау қабілеті де жататындығын ескеру қажет. Мәтіннің формасын зерделеу және бағалау** дегеніміз – мәтіннің қалай жазылғаны жайлы айту деген сөз.[3]

Үшінші қабілетті құрайтын әрекеттерді орындай отырып, оқырман мәтіндегі хабарламаны, салыстырып, қарама-қарсы қойып, болжап көру үшін, өз тәжірибесімен салыстырады. Бағалаушы пікірлер оқырманның жеке нормалары мен мақсаттарына негізделеді. Ақпараттың дұрыстығы да бағаланады. Осы қабілетті жүзеге асыруда келесі әрекеттерді негізге алған жөн:

– Мәтіннің немесе оның элементтерінің (мысалдарының, дәлелдерінің, суреттерінің және т.б.) мазмұнын автордың мақсаттарына қатысты бағалау;

– Мәтіннің формасын (құрылымын, стилін және т.б.), мақсаттылығын, автор пайдаланған тәсілдерді бағалау;

– Мәтіннің құрылымдық бірлігінің арналған мақсатын түсіну;

– Ақпараттың толықтығын, дұрыстығын бағалау.

– Бір немесе бірнеше мәтінде кездесетін қарама-қайшылықтарды табу;

– Мәтінде талқыланып отырған мәселе бойынша өз көзқарасын айту және оны негіздеу;

**Бұл қабілетті дамыту үшін, келесі әдістемелік тәсілдерді қолдануға болады:**

– Мәтіндегі _____ деген пікірді өз тәжірибелеріңнің негізінде растаңдар. Мәтіндегі _____ деген пікірді ... қолданылатын тәсілдері туралы өз түсініктерің тұрғысынан бағалаңдар.

– Мәтінде келтірілген дәлелдердің сапасы туралы өз пікірлеріңді айтыңдар. ... міндетті шешу үшін мәтіннің құндылығын анықтаңдар.

– Автор _____ мақсатына жете алды ма деген сұраққа қатысты өз пікірлеріңді айтыңдар және оны негіздеңдер, ол үшін мәтінді құрудың _____ тәсілін пайдаланыңдар.

– Автордың стилін талдау арқылы, оның міндеттерін анықтаңдар.

– Автордың стилін талдау арқылы, оның әңгімедегі кейіпкер қызға қалайқарайтынын анықтаңдар.

– Дәлелдер мен суреттердің автордың мақсатына қатысты маңыздылығынбағалаңдар.

– Диаграмманың арналған мақсатын анықтаңдар.

– Ақпараттың толықтығын, дұрыстығын бағалаңдар.

– Ұсынылған мәтіндерде қарама-қайшылықтар бар ма екенін анықтаңдар.

Мәтінде талқыланып отырған мәселе бойынша өз көзқарастарыңды тұжырымдаңдар және оны мәтіннен алынған үш дәлелмен бекітіңдер.

**Келесі қабілет – мәтіннен алынған ақпаратты әртүрлі мақсаттар үшін пайдалану.** Оқырман алынған мәліметтерді, өзінің қалыптасқан пікірін практикалық міндетті шешу үшін пайдаланады, болжамдарын ұсынады, құбылысты түсіндіреді, оқығанын шынайы өмірдегімен салыстырады.

*Келесі әркеттер мәтіннен алынған ақпаратты әртүрлі мақсаттарды қолдану үшін қажет болып саналады:*

– Фондық білімдерін тартпастан, мәтіннен алынған ақпаратты практикалық міндетті (сапарды жоспарлау, телефон таңдау және басқа) шешу үшін пайдалану;

– Мәтіннен алынған ақпаратты фондық білімдерін тарта отырып, практикалық

міндетті шешу үшін пайдалану;

– Мәтіннен алынған ақпараттың негізінде өз болжамын тұжырымдау;

– Мәтіндегі ақпараттың негізінде, оқиғаларды, процестің ағымын, эксперименттің нәтижелерін болжау;

– Мәтінде талқыланып отырған құбылыстар санатына жататын жаңа құбылысты түсіндіруді ұсыну (оның ішінде бір пән саласынан екінші пән саласына көшіре отырып);

– Оқылған мен қазіргі шынайы өмірдегінің арасындағы байланысты анықтау.

**Ең соңғы қабілет - жылдам / көріп оқу.** Оқушы сөзді және мәтінді дәлме-дәл және ойланбай оқи біледі, мәтіннің жалпы мағынасын бірден қабылдап, түсінеді. Жылдам оқу назар мен жады ресурстарына ауырлық салмайды да, олар біршама жоғары деңгейдегі түсіну процестері үшін пайдаланыла алады және жылдам оқу дағдысының әлсіздігі ресурстарға баспа мәтінді қорытуға қажетті біршама төмен деңгейдегі процестерді түсінумен салмақ салып қояды, бұл оқылғанды түсінуде недәуір төмен нәтижелерге апарып соқтырады.

– Мәтінде оқырманның қызығушылығын тудыратын немесе белгілі бір мәселеге жататын ақпараттың бар-жоғын анықтау. Әрі қарай оқу туралы шешім қабылдау – мәтінді әрі қарай оқу;

– Мәтіннің құрылымдық-мағыналық ұйымдастырылуы негізінде, мәтіндегі басты ойды табу;

– Басты ақпаратты бөліп алу нәтижесінде, маңызы төмен ақпаратты назардан тыс қалдыру;

– Логикалық-фактологиялық тізбек құрайтын сөздер-белгілер бойынша мәтіннің мағыналық мазмұнына бағдарлану;

– Мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу;

– Мағыналық бөліктердің арасындағы байланысты анықтау.

**Бұл қабілетті дамыту үшін, келесі әдістемелік тәсілдерді қолдануға болады:**

– Мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып, зерттеуді жоспарлаңдар

– Мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып, мәселені шешудің ең тиімді әдісін анықтаңдар

– Мәтіннен алынған ақпараттың негізінде, өз болжамдарыңды ұсыныңдар

– Оқиғалардың әрі қарай қалай дамитынын болжаңдар;

– Процесс әрі қарай қалай дамуы мүмкін?

– Мәтіннен алынған ақпараттың негізінде, эксперимент нәтижелері қандайболатынын болжаңдар

– Мәтіндегі ақпараттың өз қалаларыңда көріп жүрген жағдаймен қандай байланысы бар?

Осындай тәртіпте жұмыс жасауда білім алушылардың оқу сауаттылығы құзыреттілігін қалыптастыруда кез келген педагог өзіне тиімді алгоритм құрып алып, сол бойынша жұмыс атқаратын болса, нұр үстіне нұр.

## ФОРМИРОВАНИЕ СМЫСЛОВОГО ЧТЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Баймуратова А.М.**
учитель русского языка и литературы, школа-гимназия Кулан,
Жамбылская область, Казахстан

**Аннотация:** В настоящее время образование школьников не решило ряд задач, поставленных государственным образовательным стандартом. Одной из таких проблем является неспособность многих молодых людей сегодня работать с информацией. Для решения этой проблемы предусмотрено обучение школьников смысловому чтению и работе с текстом.

**Аңдатпа:** Қазіргі таңда мектеп оқушыларының білім алуы мемлекеттік білім стандартында

белгіленген бірқатар мәселелерді шешкен жоқ. Сондай мәселелердің бірі – қазіргі жастардың көбінің ақпаратпен жұмыс жасай алмауы. Бұл мәселені шешу үшін мектеп оқушыларын семантикалық оқуға және мәтінмен жұмыс жасауға үйретеді.

**Abstract:** At present, the education of schoolchildren has not solved a number of problems posed state educational standard. One of these problems is the inability of many young people today to work with information. To solve this problem, provides for teaching of schoolchildren to semantic reading and work with text.

Проблема детского чтения в современных условиях стала особо актуальной. Новые достижения в области информационно-коммуникационных технологий, гаджеты в какой-то степени облегчили поиск нужной литературы, сделали ее доступной в разных формах, однако необходимость формирования и совершенствования читательских навыков не отпала, а, наоборот, стала предельно значимой. Это связано, во-первых, с тем, что чтение остается важнейшим способом освоения знания, социального опыта, культурного просвещения человека. Во-вторых, сформированные читательские навыки учащихся становятся залогом успешности человека в будущем, делают его подготовленным к современным вызовам, конкурентоспособным.

До сих пор образование школьников не решило ряд проблем, поставленных государственным образовательным стандартом. Одной из таких проблем является неумение многих современных молодых людей работать с информацией. С целью решить эту проблему стандартом предусмотрено обучение школьников смысловому чтению (СЧ) и работе с текстом. Для того чтобы ученики научились самостоятельно учиться и организовывать свою жизнь, необходимо умение пользоваться информацией, которое развивается через смысловое чтение. Не все учителя представляют смысл, важность развития действия смыслового чтения. Многим не хватает приемов, чтобы вызвать мотивацию для его успешного освоения.

Основной задачей образования школьников в настоящее время становится развитие у них умения самостоятельно учиться. Это умение достигается в том случае, если ученик приобретет навыки смыслового чтения и умения работы с разным по форме и содержанию текстом. Смысловое чтение – это такое качество чтения, при котором достигается понимание информационной, смысловой и идейной сторон изучаемого текста. Цель смыслового чтения – максимально точно и полно понять содержание текста, уловить все детали и практически осмыслить извлеченную информацию. Смысловое чтение является более высоким уровнем развития речевой деятельности по сравнению с овладением устной и письменной речью [1].

1) поиск информации и понимание прочитанного;

2) структурирование текста;

3) преобразование и интерпретация текста;

4) оценка информации и пр. [2].

Основы смыслового чтения закладываются в начальной школе, как пишет Т.Шипакова [3]. Потом эта работа должна продолжаться всеми учителями-предметниками, так как работа с учебным (информационным) текстом происходит на всех уроках.На успеваемость ученика влияют, как установлено, многие факторы. Основным является сформированность навыка чтения. Рассмотрим подробнее, что дает школьнику работа с текстом, какие умения последовательно при этом развиваются:

1) восприятие текста (просмотр, установление фактов, анализ сюжета, воспроизведение, пересказ);

2) извлечение смысла, интерпретация текста, различение и сравнение, формулировка выводов;

3) создание собственного смысла (присвоение знаний в результате размышлений). Эти умения развиваются не у всех учеников, и работа по их формированию продолжается в основной школе. Кроме указанных умений, учителю необходимо научить школьников различать стили и жанры для активного пользования текстом в дальнейшем.

В качестве способов работы с текстом предлагаются парная и групповая. Конкретно:

1) чтение по абзацам;

2) ответы на вопросы слушающих;

3) коррекция ответов и уточнение.

При организации такого рода познавательной деятельности у учащихся формируются умения: анализировать задание; осуществлять поиск ключевых слов, вчитываться в инструкцию; отвечать на вопросы устно и письменно; определять последовательность событий в тексте; формулировать простые выводы; преобразовывать текст в таблицу; сопоставлять иллюстративный материал с текстовой информацией; опираясь на прочитанное, доказывать свою точку зрения, опровергать утверждения; находить нужную информацию в различных источниках.

К работе с текстом также относятся: чтение «про себя» с вопросами, чтение с пометками, возможность задавать «тонкие» и «толстые» вопросы.

Общность подходов к организации работы ученика с текстом проявляется у разных авторов через этапы и способы работы [4].

Краткое содержание технологии продуктивного чтения:

1) Этап предтекстовой деятельности;

2) Этап текстовой деятельности;

3) Этап послетекстовой деятельности.

(«Прогноз по заголовку», «Корзина идей», «Мозговой штурм», «Батарея вопросов», «Образ текста», «Знаю – хочу узнать – узнал», «Чтение в кружо»к, «Чтение «про себя» с вопросами», «Инсерт» (чтение с пометками), «Постановка проблемы» – предложение решения Составление плана «Тонкие» и «толстые» вопросы, «Реклама Создание паспорта».Каждый этап расписывается.

**1-й этап.** Беседа с учениками:

1) Подумайте, о чем может идти речь?

2) Какие ассоциации у вас возникли?

3) Мозговой штурм. Что вы знаете об авторе? Какие события могут быть описаны в произведении и пр.

4) Составьте из слов текста сжатый рассказ.

**2-й этап.** На понимание текста и создание его читательской интерпретации, постановка вопросов обобщенного характера. Высказывание по продолжению сюжета.

Задания для учеников:

1) Чтение в кружок. Каждый читает по абзацу. Все задают вопросы. Вопросы записываются.

2) Применение метода «Инсерт».

3) Поставьте проблему. Вспоминаются проблемы героев, предлагается решение.

4) Озаглавьте части текста.

**3-й этап.** Корректировка читательской интерпретации в соответствии с авторским смыслом.

Задача – обеспечить углубленное восприятие и понимание текста.

Организация обсуждения на основе «тонких» и «толстых» вопросов.

С учениками, освоившими начальные этапы работы с текстом, предлагаются более сложные способы совместной работы с текстом [3].

**1-й этап.** Воспроизведение.

Формирование эмоциональной оценки текста с помощью вопросов. О чем текст. Что понравилось, не понравилось. Почему. Производится первичная работа с названием.

**2-й этап.** Структурно-функциональный анализ текста.

Работа с частями текста. Применение схем, таблиц, других приемов визуализации. В художественных текстах анализируется сюжет, характеризуются герои. Отмечаются ключевые сцены.

**3-й этап.** Реконструкция смысловых структур. Вычленение эпизодов, построение альтернативных моделей. В художественном тексте – выдвижение гипотез относительно сюжета, смысла произведения в целом. Анализ языка.

**4-й этап.** Смысловая компрессия. Понимание текста – процесс перевода текста на другой язык. В результате образуется мини-текст – реферат, аннотация, резюме. Соотнесение нескольких текстов.

Для более эффективного освоения смыслового чтения более старшими учениками необходимо учесть проблемы, обусловленные недостатками данного вида образовательной деятельности. По результатам исследования PISA, направленного на оценку умений использовать естественно-научные тексты, выявлены проблемы: в способности учащихся к осмыслению текста различного содержания, формата, проблемы в рефлексии на тексты, использование информации из прочитанного в разных жизненных ситуациях. Школьники затрудняются, если им встречаются тексты разного характера: тексты, включающие диаграммы, таблицы, схемы и пр. Затрудняются найти информацию, соотнести информацию из разных источников и объединить ее.

Существуют и проблемы со смысловым чтением. Ученики испытывают трудности в видах речевой деятельности: восприятие, понимание информации, а также осмысление цели чтения, выбор вида чтения в зависимости от цели; извлечение информации из текстов различных жанров; определение основной и второстепенной информации; восприятие текстов художественного, научного, публицистического и официально-делового стиля; адекватная оценка средств массовой информации [5].

В исследованиях по данному вопросу выделяются основные виды чтения, которыми должны овладеть учащиеся и которые бы могли исправить указанные проблемы. Основные виды чтения – просмотровое, ознакомительное; выборочное, изучающее; рефлексивное [6-7]. Ознакомительное чтение направлено на извлечение ключевой информации или выделение главного содержания текста. Просмотровое чтение состоит в нахождении конкретной информации, фактов, необходимых для дальнейшей работы. Изучающее чтение служит для извлечения полной информации с интерпретацией содержания текста. Данный вид чтения формирует умения: сопоставлять разные точки зрения и разные по тематике источники информации; переносить информацию текста в виде кратких записей; различать темы и подтемы научного текста. Вдумчивое (рефлексивное) чтение позволяет понимать основную мысль произведения, прогнозировать содержание по заголовку, сопоставлять разные точки зрения, выделять не только главную, но и избыточную информацию, понимать душевное состояние персонажей, анализировать изменение своего эмоционального состояния.

Осуществление проблематизации требует умения анализировать устный и письменный текст, составлять к нему вопросы для прояснения проблемы. На уроках биологии, где проблема появляется из наблюдения фактов, вопросы помогают в нахождении конкретной информации для понимания и объяснения полученных фактов, что требует овладения поисковым чтением и умением поставить нужный тип вопроса. Такому умению учащиеся школы начинают обучаться в начальной школе. Необходимость такого обучения подтверждается известным высказыванием Алисона Кинга – «умеющие мыслить умеют задавать вопросы». Типы вопросов достаточно подробно изложены И.Загашевым [8-9].

1. Простые – на знание текста. Как? Где? Когда?
2. Уточняющие – на понимание текста. Правда ли... Правильно ли я понял.
3. Объясняющие (интерпретационные) – для анализа текстовой информации, на выявление причинно-следственных связей. Почему... (Ответ в прямом виде не должен быть в тексте).
4. Творческие – на синтез полученной информации, формулировка содержит элемент прогноза, предположения. Что бы произошло, если... Что было бы, если. Кстати, интересно.
5. Оценочные – на выяснение критериев оценки явлений, событий, фактов. Что лучше. Как вы относитесь.
6. Практические вопросы – на применение, поиск связи теории и практики. Где может пригодиться. Как можно использовать [10].

Учащиеся пятых классов переходят к освоению более сложных элементов смыслового чтения. В начале учебного года я поставила для себя задачу - научить школьников

структурировать текст. Для выполнения этой задачи учителю потребовалось выделить уроки, на которых эффективно обучать, а затем закреплять умение школьников структурировать текст, подобрать тексты, разработать вспомогательные и оценочные материалы.

Структурирование для учащихся пятого класса формируется за счет трех основных форм работы с текстом, таких как пересказ, изложение, дефрагментация текста. В начальной школе ребята привыкли к тому, что большую часть текста они заучивали наизусть. Это составляло при ответе на уроке большие сложности: забыл слова, забыл текст или нарушил логику пересказа, начав говорить уже о другом. Поэтому на уроках были поставлены и обсуждены первично вопросы о том, что такое текст, признаки текста, как можно работать с чужим текстом таким образом, чтобы донести его до другого человека. Таким образом ученики вышли на понимание текста, его темы, идеи, назначения и сделали вывод, что с помощью составления структуры (плана) текста приходит понимание, о чем говорится в нем и какой логике следует автор.

Как способ развития данного умения на уроках применяла проблематизацию, с помощью которой организовывалась совместная работа учеников в группе по решению общей задачи по структурированию предложенного им текста.

На начальной стадии освоения действия необходимо было выяснить, что дети понимают под структурированием текста. Речь шла о пересказе, изложении содержании текста. Для учеников это являлось шагом к формулированию проблемы. На основе совместных высказываний и их обсуждения было выяснено, что при структурировании текста необходимо разбить его на смысловые части, эти части расположить в логической последовательности и озаглавить.

На первых уроках ребятам предлагала предложения, которые нужно было расставить в нужном порядке. На следующем этапе дети уже самостоятельно составляли план эпизода, а потом целого текста. Данные задания предлагались во фронтальной и индивидуальной форме, затем во второй учебной четверти - в групповой. Поскольку не все ученики способны самостоятельно решить проблему структурирования текста, так как не могут его разделить на смысловые части, использовала прием дополнения словесной информации другим видом. Ученикам некоторых групп предлагала картинки, которые отражают отдельные части текста. Это наводит их на мысль о содержании фрагмента и его месте в тексте, помогает увидеть структуру текста. После первичного освоения структурирования текста и пробного применения этого действия на уроках организовывала его проверку.

1) Прочитать задание и ознакомиться с сопутствующими материалами.

2) Провести наблюдения.

3) Высказать и выслушать все версии и проверить их.

4) Сформулировать вывод-правило в виде схемы, кластера, рисунка (Составить план текста).

5) Оформить свой результат.

6) Договориться, кто будет представлять группу.

Для оценки работы каждого члена группы была совместно разработана рефлексивная карта. Считаю, что в карте не должны быть общие утверждения, из которых можно установить, понравился урок или нет, а отражено участие каждого ученика в уроке: его сложности, какие «страхи» имеются у него. Тогда по результатам карты можно помочь ему быть более активным, лучше понимать и усваивать материал.

**Рефлексивная карта**

Ф.И. ученика: На уроке я был(а) успешен, так как мне было сложно, потому чтопонял, как нужно структурировать текст не совсем понял, как структурировать текст; участвовал в обсуждении способа структурирования текста; не привык участвовать в обсуждении; сформулировал решение проблемы структурирования текста; боюсь неправильно высказаться, не хватает запаса слов; отвечал на вопросы учеников из других групп; другоепонял, как применять структуризацию текста в изложении.

По результатам работы я могу сделать вывод, что освоение смыслового чтения в 5

классах прошло достаточно успешно. Значительно больше учеников стали проявлять умение отвечать на вопросы, делать выводы.

**Список использованных источников**

1. Понятие смыслового чтения.
URL:https://www.sites.google.com/site/ucitelamv/home/cto-takoe-smyslovoe-ctenie
2. Савинов Е.С., Примерная основная образовательная программа образовательного учреждения.Основная школа / сост. – М.: Просвещение, 2011.
3. Шипакова Т., Смысловое чтение как основа формирования читательской компетентности. URL: https:// urok.
4. Потапова С.Г., Эффективные стратегии работы с текстом на уроке в школе. URL: https://www.eduneo.ru/.
5. «Новые известия» о результатах PISA. URL: https://web.archive.org/ web/20070902104058/ URL: http://school.edu.ru/news.asp?ob_no=22208.
6. Баталова О.В., Развитие смыслового чтения на уроках математики в 5-6 классах: Ин-т развития образования, 2015.
7. Программа развития универсальных учебных действий на ступени основного общего образования. URL: https://infourok.ru/programma-razvitiya-universalnyh-uchebnyh-dejstvij-na-stupeni-osnovnogo-obshego-obrazovaniya-4136029.html.
8. Загашев И., Новые педагогические технологии в школьной библиотеке: образовательная технология развития критического мышления средствами чтения и письма // Библиотека в школе. 2004. № 8.
9. Загашев И., Умение задавать вопросы // Перемена, весна. 2001. № 4.
10. Румбешта Е.А., Сергеева М.А., Освоение обучающимися начальной школы умения задавать вопросы как основы обучения решению проблем.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Галиаскарова А.М.**
қазақ тілі мұғалімі, педагог-сарапшы
№ 12 жалпы білім беретін мектебі, Жітіқара, Қазақстан

**Аңдатпа:** Автор пәнді тиімді және қызықты меңгеруге ықпал ете алатын мұғалімнің оқушылармен бірлесіп жасаған ойын форматтарына зерттеу жүргізеді. Мақалада жұмыс тәжірибесінен қазақ тілі сабақтарындағы ойындардың форматтары мен әдістері берілген. Ойын пішімдерін зерттеудің басты бағыты 4к құзыреттіліктерін дамытуға негізделген. Әдістердің мысалдары және олардың қысқаша сипаттамасы берілген. Бұл ойындарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану туралы ескертпелер жасалады.

**Аннотация:** Автором проводится исследование игровых форматов, разработанные учителем совместно с учащимися, которые могут способствовать эффективному и интересному обучению предмета. В статье представлены форматы и приемы игр на уроках казахского языка из опыта работы. Фокус исследования игровых форматов основан на развитии компетенций 4к. Приводятся примеры приемов, их краткое описание. Делаются заметки по использованию данных игр в образовательном процессе.

**Abstract:** The author conducts a study of game formats developed by the teacher together with students, which can contribute to effective and interesting learning of the subject. The article presents games formats and techniques at kazakh lessons from experience. The focus of studying game formats isbased on the development of 4k competencies. Examples of techniques and their brief descriptions are given. Notes are made on the use of these games in the educational process.

Қазіргі мұғалім үнемі өзгеріпотыратын жағдайларда жұмыс істеуі керек, бұл өз кезегінде оның кәсіби қасиеттерін - ең жалпы қабілеттері мен іс-әрекетке дайындығын жетілдіруді талап етеді. Педагогикалық теориялардың үнемі дамуы, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын әзірлеу және педагогикалық практикаға енгізу білім беру процесін басқару саласында кез-келген мұғалімді қосымша даярлау қажеттілігін тудырады. Басқару

үшін Сіз Құзыретті болуыңыз керек, өндірістің барлық жағдайларын толық және дәл білуіңіз керек, осы өндірістің техникасын оның қазіргі биіктігінде білуіңіз керек, белгілі ғылыми білімге ие болуыңыз керек. Менің ойымша, қазір мұғалімнің басты міндеті-білім алушының пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру және оны игерудің өзіндік траекториясын құруға көмектесу. Барлық осы алғышарттар оқу процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қажет етеді: білім беру бағдарламаларының мазмұны өзгермеген жағдайда материалды беру маңызды бола бастайды. Сондықтан қазір сабақтардағы, оның ішінде қазақ тілі сабақтарындағы жұмыстың ойын форматтарына ерекше көңіл бөлінеді. Сабақтарда ойын форматтарын пайдалану оқу процесін қызықты әрі оқушыларды қызықтырудың тиімді әдісі бола алады. Ойындар қарым-қатынас дағдыларын, лексиканы, грамматиканы және есту қабілетін дамытуға көмектеседі және оқушылардың мотивациясын жақсартуға көмектеседі. Олар сондай-ақ оқушылардың тілдік дайындық деңгейіне және нақты оқу мақсаттарына байланысты бейімделуі мүмкін.

Қазіргі білім беру процесінде сөз тіркесінің синонимі бар «ойын жаттығулары» «геймификация» термині ретінде белгілі. Шын мәнінде, олардың мағынасы бірдей нәрсені білдіреді: мотивацияны арттыру және сабақта қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін оқу процесінде ойын әдістерін қолдану.

Оқытудың геймификациясы немесе ойын форматы білім берудегі, оның ішінде қазақ тілі сабақтарындағы тренд болып табылады. Балалардың мүдделерін ескере отырып, балаларды ойын форматы арқылы қызықтыруға болады деген қорытынды жасауға болады. Біз сабақтың барлық кезеңін кез-келген оқушы сабақ тақырыбын игеретіндей етіп ұйымдастыра аламыз.

Мақалада мен әр мұғалім өз жұмысында оқушылардың әр түрлі жас санаттарына сәйкес келетін бірнеше қызықты форматтарды қарастыруды ұсынамын.

Сабақтың білімін жаңартудың басында немесе кезеңінде менің сүйікті әдістерімнің бірі-интерактивті «Домино» әдісі.

«Домино» қабылдау сізге өткен материалды тез қайталауға мүмкіндік береді, ал бірде-бір оқушы назардан тыс қалмайды. Оқушыларға интерактивтілік пен орындаудың мобильді сипаты ұнайды. Әрқайсысы екі тең бөлікке бөлінген картаны алады. Осы бөліктердің бірінде мысал немесе сұрақ, ал екіншісінде жауап немесе сипаттама жазылған, бірақ басқа картаға. Осылайша, топ мүшелері домино картасын қолдана отырып, тізбекте өз орындарын табады. Жұмыс барысында барлық оқушылар дұрыс жауап іздеумен бірлесіп айналысады, бұл әдіс қатысушыларға белсенді өзара әрекеттесуге және интерактивте жұмыс істеуге, диалогқа кіруге, қажетті ақпаратты табуға мүмкіндік береді.

Ойын формаларын қолдану сабақты әртараптандыруға және мотивацияны арттыруға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Интерактивті оқытуды қабылдау. Ұжымдық оқыту нысаны. Авторы-А.Каменский. Сынып екі топқа бөлінеді: «джокейлер» және «жылқылар». Біріншісі сұрақ карталарын алады, екіншісі дұрыс жауаптармен. Әрбір жокей өзінің жылқысын табуы керек. Бұл ойыншық тіпті жаңа материалды үйрену сабақтарында да қолданылады. Оның ең жағымсыз қасиеті-оқушылардың бүкіл тобына бір уақытта сыныпта жүру қажеттілігі, бұл мінез-құлық мәдениетінің белгілі бір қалыптасуын талап етеді.

Сабақтың мақсатын белгілеу үшін «алыпсатарлық» әдісін қолдануға болады. Сабақтың тақырыбы, оған «көмекшілер» деген сөздер ұсынылады. «Көмекшілер» сөздерін қолдана отырып, балалар сабақтың мақсаттарын тұжырымдайды. Бұл әдіс менің сабақтарымда тілде сөйлемдер құра алатын және сабақ туралы өз ойлары мен идеяларын білдіре алатын орта және жоғары сынып оқушыларымен өте жақсы «келеді».

«Фишкаларды» қабылдау. 2000-шы жылдардағы фишкалар есіңізде ме? Біз оларды жақсы көрдік, мектептің дәліздерімен жүріп немесе сыныпқа қарап, балалар үйіндіге жиналып, сол сәтті күтіп, фишканы жоғары лақтырып жіберді: ол қай жаққа бұрылады. Кейде олар оқушыларды сабақтан алшақтатады, ал 2 жыл бұрын мен олардың қайтып оралғанына таң қалдым және біздің қазіргі ұрпақ олармен белсенді ойнайды. Фишка - бұл кез-келген пәннің

сабағына арналған идеялар мен тапсырмалар бар нұсқаулық болуы мүмкін. Дайындық минималды. Бұл сабақтың кез келген кезеңіне оңай енгізуге болатын әрекеттер, ойындар және тапсырмалар. 4-сынып оқушыларымен сабақ өткізе отырып, мен оларға фишканың құпиясын ашуды және осы фишканы қазақ тілі сабағында қалай қолдануға болатынын түсінуді ұсындым. Оқушылардың алдында тапсырма нөмірлері бар фишкалар және ойын фишка қойылады. Топ мүшелері ойын фишканы тиын сияқты лақтырады және санмен төңкерілген орындау үшін тапсырмасы бар нөмірді көрсетеді. Мен бұл ойынды сабақтың тақырыбын анықтау үшін жиі қолданамын. Мысалы, мен ребуспен 4 фишка дайындаймын. Әр команда ребусты шешіп, 1 жұмбақ сөзді табады. Барлық 3-4 сөзді шешіп, оларды жинап, сабақ тақырыбын тұжырымдауды ұсынамыз.

Жаңа материалмен танысу кезеңінде сіз осы ойынды ұсына аласыз, онда оқушылар жаңа материалмен дербес танысады және тапсырмаларды орындайды. Немесе фишканың көмегімен рефлексия кезеңінде сіз бүкіл сабақты қорытындылай аласыз. Бұл ойын форматының үлкен плюс-бұл нұсқаулықты кез-келген сабаққа бейімдеуге болады, фишканы лақтыру жеткілікті, ал сәттілік сізге материалды үйренудің, өткенді қайталаудың немесе тақырыпты аяқтаудың қаншалықты керемет екенін айтады.

Нағыз жаңалық Web 2.0 сервисінің арнайы желілік платформаларын пайдалану болды, оларды пайдалану сабаққа дайындық уақытын қысқартады, формаларды әртараптандырады және сабақтың тиімділігін арттырады, оқушыларға ақпарат іздеуді жеделдетуге мүмкіндік береді. Мысалы, бекіту кезеңінде сіз балаларға әртүрлі квиздер ойнауға, жұмбақтар мен жұмбақтарды шешуге, басқатырғыштар жинауға немесе арнайы wordwall, Kahoot, Quiziz платформаларын пайдаланып жұп табуға шақыра аласыз.

Тәжірибеге біртіндеп енгізетін келесі формат – қазақ тілін үйренудің негізгі дағдыларын жетілдіруге көмектесетін Интернет-мемдерді (мәтіндік) пайдалану. Мен оларды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданамын: материалды бекіту, лексикалық бірліктерді қайталау, грамматикалық дағдыларды дамыту.

Мемдермен жұмыс істеу үшін жаттығулардың бірнеше түрі бар:

- мемдерге қол қоюды ойлап табыңыз;
- белгілі бір грамматикамен немесе лексикамен берілген тақырып бойынша мемді табыңыз;
- өз бетіңізше немесе топтарда берілген тақырып бойынша мем ойлап табыңыз;
- мемді ана тілінен қазақ тіліне аудару

Бұл әдіс шығармашылық пен креативті ойлауды, сондай-ақ материалды ұсынудың қызықты және ойын-сауық түрін көрсетуге өте жақсы көмектеседі. Оқушылардың белсенділігін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту құралдарының бірі интеграцияланған сабақтар өткізу болып табылады.

Сондай-ақ, мен қазақ тілі сабақтарында келесі ойындарды қолданамын. Бұл лексикалық бірліктерді қайталауға арналған ойындар. «Келесі әріптерден басталатын жануарлар мен құстардың аттарын кім тез есіне алады: а, ә, қ, ...?» Кім көп сөз айтса, сол жеңеді.

Лексикалық бірліктерді бір-бірімен және олардың дұрыс грамматикалық дизайнымен үйлестіруге арналған ойындар. «Олар осылай дейді ме?» Оқушыларға ит, аю, қоян, ... бейнеленген суреттер ұсынылады.

Олар осы сөздермен мүмкіндігінше көп сөз тіркестерін айтуы керек: иттің күші, ақ аю, қоянның құлағы, ақ қоян, қорқақ қоян.

Лексикалық ойындар

«Қайсысы жоқ?» («Кім қашып кетті?»)

Оқушыларға жануарлар бейнеленген сурет ұсынылады. Олар оны 1-1, 5 минут ішінде қарастырады. Содан кейін оларға бірінші суреттегілердің кейбір жануарлары бар басқа сурет көрсетіледі. Оқушылар кімнің қашып кеткенін айтуы керек.

«Бір сөзден көп сөз жасау» («бір сөзден көп сөз»)

Мұғалім сөзді атайды немесе тақтаға жазады. Оқушылар атаулары осы сөздегі әріптерден басталатын жануарларды атауы керек. «Түркі-түкті үй» («түсті үй») – заттардың

түстерін атаңыз (бұл ойында конструкторларды қолдануға болады).

Сынып екі командаға бөлінеді. Оқушылар Әлібек пен Жалқаубекке әдемі жарқын үйлер салады, олар жігіттердің әрқайсысының түсін дұрыс атауын қамтамасыз етеді «кірпіш». Егер оқушылар қателік жіберсе, ол өзін қою құқығынан айырылады «кірпіш». Үйді бірінші салған команда жеңеді. Мысалы:

Бұл қырғыз-қызыл. Бұқа қиырпыш-жасыл. Бұқа қиырпыш-ақ.

Осылайша, ойын технологиясын қолдану сыныпта тату ұжымды қалыптастыруға, оқушылардың жауапкершілігі мен өзара көмегіне тәрбиелеуге, оқушылардың өзін-өзі көрсетудегі дербестігін дамытуға ықпал етеді, келісімді іздеуге, не істеу керек және қалай істеу керектігі туралы ортақ пікір қалыптастыруға үйретеді, командада жұмыс істеуге үйретеді. Бұл технологияларды қолдану тәжірибесі бірге оқу оңай әрі қызықты ғана емес, сонымен бірге әлдеқайда тиімді екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл тиімділік оқушылардың академиялық жетістіктеріне, олардың интеллектуалды дамуына ғана емес, сонымен бірге адамгершілікке де қатысты. Бір — біріне көмектесу, кез-келген мәселелерді бірге шешу, сәттіліктің қуанышымен немесе сәтсіздіктің ащылығымен бөлісу-күлу, ән айту, өмірден ләззат алу сияқты табиғи нәрсе. Ынтымақтастықта оқытудың негізгі идеясы-бір нәрсені бірге орындау емес, бірге оқу.

Ойын технологияларын қолдану сабақта өзара түсіністік пен ынтымақтастық атмосферасын құруға көмектесетін ұжымдық өзара әрекеттесу процесінде оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға ықпал етеді.

Әр түрлі қабілеттері бар балалар табысты және сұранысқа ие болады. Әрбір оқушы, тіпті тілдік жағынан әлсіз және психологиялық тұрғыдан аз белсенді болса да, өзінің қиялы мен шығармашылығын, белсенділігі мен тәуелсіздігін көрсетуге мүмкіндік алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Варенина Л.П. Білім берудегі Геймификация // тарихи және халықтық білім. 2-6 басылым, Санкт-Петербург, 2019. – 317 б.

2. Д. Фрост мұғалімнің көшбасшылығы арқылы білім беруді өзгерту, АҚШ, 2014 ж

3. Әбішева А. Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері// Бастауыш мектеп. 2003. №3.

4. Баймұратова А, Қасымова Г. Ойын теориясы. Алматы, 2004.

5. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту// Отбасы және балабақша, 2002. №1, Б- 9-10

6. Қоянбекова.С. Ойын мақсатын талдау және оның мәні// Қазақстан мектебі, 2002, №1-2, Б-45-49

## ЖАС ҰРПАҚТЫ МІРЖАҚЫПТЫҢ МІНСІЗ БОЛМЫСЫМЕН БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕГЕ БАУЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Еншалла А.М.**
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор
№1 ЖОББМ, Ақсай, Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Алаш қайраткері, қазақтың маңдайына біткен шоқжұлдызы Міржақып Дулатұлының тарихи еңбегін жас ұрпаққа кеңінен және заманауи жолдармен насихаттап, ұлт зиялысының ұлы тұлғалық болмысымен ұрпақтың ұлттық санасын оятудың маңыздылығы жайлы жан жақты ой талданған. Жай жеке пікір күйінде қалдырмай, баяндаманың өзектілігін түрлі ракурстан ашып және шешу жолдарын да ұсынуға тырыстық.

**Аннотация:** В данной статье проанализирована всесторонняя мысль о важности пробуждения национального самосознания поколений, популяризация исторического труда деятеля Алаша, казахского созвездия Миржакыпа Дулатовича подрастающим поколениям широким и современным путем, а также о великой личности национальной интеллигенции. Не оставаясь просто личным мнением, мы постарались раскрыть актуальность доклада и предложить пути его решения.

**Abstract:** This article analyzes the historical work of Mirzhakyp Dulatovich, the figure of Alash, the

constellation of the Kazakh people, popularizing the younger generation in a wide and modern way, as well as the importance of awakening the national consciousness of the generation with the great personality of the nation's intelligentsia. We tried not to leave only a personal opinion, but to reveal the relevance of the report from different angles and suggest ways to solve it.

*"Жүз айтсақ та бір тілек: надандық түнегінде адасқан бейшара қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз!"*

*Міржақып Дулатұлы*

"Бостандық болып еді, өз тізгініміз өз қолымызға тиіп еді, не істедік? Бұрынғыдан артық қанша алысқа ұзадық?". Бүгінгі еңбегімді Міржақып Дулатұлының дәл осы сұрағымен бастағым келеді. Қу басымызға азаттық сыйлау жолында қысқа ғұмырында біз білетініміз бар, бізге жетпей жоқ болғаны бар, қаншама ерлік пен қаһармандық қадамдар жасап кетті. Дегенмен содан бергі ғасырдан аса уақыт өтті. Ал бүгінгі ұрпақтың сапасы мен санасы еркіндікке жетіп үлгерді ме? Бүгінгі буынды Алаш аңсаған арда ұрпақ деп дәріптей аламыз ба? Меніңше біз әлі де алғысөзде жазылғандай халықты жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз! Жоқ деп кесіп айтуға жарамас, десек те, ересегі бар, есеймегені бар, әлі де Алаштық арыстарымыздың тәрбиесіне көп зәруміз.

"Өз ісімізді өзіміз басқара алмасақ, бізді біреу келіп түзетер деу адасқандық." Міржақып сонау жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ осы ойды айтып кеткен болса, одан бері бір ғасыр өтсе де, бұл пікір тура сол күйі актуалды. Мен бүгінгі мақаламның мазмұнына сәйкес бұл ойды келесі сөйлемдегідей жалғағым келеді. Өз ұрпағымызды кеудемізді тік көтеріп тұрып айтатын арыстарымыздың жолымен, ізімен, сөзімен ұлтжандылыққа тәрбиелемесек, қазаққа сырттан басқа ұлт келіп, кемел ұрпақ дайындап береді дейсіз бе?! Демек, кемшілігімізді жіпке тізгендей түгендеп ғана қоймай, сол жоқтың орнын толықтыру Жақаңдардың ізін жалғаушы ұстаз ретінде біздің міндет деп білемін.

Жалпы қазақтың қай тұлғасын әңгімеге арқау етсек те, алты Алашқа азық болар сөз артылмаған ғой. "Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп, рақмет аламыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп, қарғыс лағнет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс" деп Жақаңның өзі айтқандай, олардың үкілеп жеткізген үміт шырағын сөндірмей, атадан қалған даналық тізбегін алдымыздағы шәкірт бойына ақ қағаздай таза кезінен құйып тастауымыз керек деп білемін. Әйтпегенде, сол Алаш қайраткерлерінің қарғыс лағнетіне екі дәуір көпірі болып отырған біз қалмасымызға кім кепіл?! Осындай түйсікті оятқан терең пайымдаумен бүгінгі мақаламды әдебиет алаңына ұсына отыра, келешектің кәдесіне жарайтын толғаулы ойлар мен түйінді шешімдер келтіремін деген сенімдемін.

"XX ғасырдың басындағы қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы оқыған азаматтарының бірі – қайраткер Міржақып Дулатұлы еді. Міржақып қоғамда да, әдебиетте де халқының тәуелсіздігін бірінші кезекке қойған, Алаш қозғалысының белсенді қайраткері болған. Сол себепті де Міржақып Дулатұлының есімі мен әдеби мұрасы туралы Кеңес үкіметі кезінде айтуға да, жазуға да тыйым салынды. Тек Қазақстан тәуелсіздігін алған тұста ғана Міржақып халқына қайта оралды. Есімі де, шығармашылық мұрасы да толық ақталды".

Ал арадағы 60 жылдан аса уақыт архивте шаң басып жатқан Міржақыптың қайраткер тұлғасы мен айбынды шығармашылығы сол кезең ұрпақтары үшін құлпы ашылмаған сыр сандықтай жабулы тақырып болды. Әрине осы кезеңде Міржақыптың мірдің оғындай дәл айтқан даналықтары мен ерлігінен мақұрым қалған халықтың көп бөлігі біраз шөліркеп, кейіннен тіпті ұмыт қалдыра бастады. Сол буын тәрбиелеген тәуелсіздік жылдарының жастары да ілуде біреу болмаса, Жақаңның жауһар туындыларының тереңіне бойлай алды деп айта алмаймыз.

Сондықтан да болар, "Ең алғаш роман жазған қаламгер", "Қазақтан шыққан тұңғыш математик", "Оян, қазақ!" жинағының авторы" деген секілді теңеулер жай ғана теория секілді жүректерге лайықты деңгейде жетпей жатқандай көрінді. Әдебиет тек шығармашылығын, тарих тек саяси рөлін қозғап қойғанымен, бұл екеуін біріктіре отырып, әр жас шәкірттің көңіл көзін ашып, "Мен Міржақыптай болғым келеді!" дейтін ішкі дауысы мен ұлы мақсұты оянған

жастарды көру арман болды. Бұл сөзімді білім саласына енді ғана терең бойлап келе жатқан мен ғана емес, ғылымда қаламы ширап, сиясы кеуіп, әбден төселген ғалымдарымыз да астарлап қозғап келеді.

Жақаң сегіз қырлы, бір сырлы азамат болған. Қай бағытты алсаң да, оның салып кеткен сара жолы бар. Бүгінгі ұрпаққа жетпей жатқан бір қасиет дәл осы Міржақыптың талаптылығы секілді.

“Өткенім мен бүгінім осы ғана. Өзім өскен ортадан шыққан, өзім алған білімді сіңірген бір адам үшін бұл аз шаруа деп санамаймын. Көп те емес болар. Әйтсе де, бар міндетімді осымен біттіге санап қол қусырар жайым жоқ. Ғұмыр болса, дәм жазса – ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адассам, халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қоса ұмтылып бағамын” деген Міржақыптың сөзін қараңызшы. Адам жемісті болған сайын алма ағашы сияқты иіле береді дегеннің дәлелі емес пе? Өзіне айтып тұр, бірақ артынан ілескен бүкіл халыққа темірқазық қылар алтын қағида іспетті. Биік, бірақ сол биіктігімен қарапайым. Сегіз қырлы, бір сырлы Міржақыптың өзі жасағанымнан жасарым көп деп иіліп тұрғанда, бүгінгі ұрпақтың сәл нәрсеге болдым, толдым деп аспандауы, өз өзін би көтеруі қаншалықты жарасымды?

“Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік” деп Алаш қайраткерлері мақсұт еткен азаттыққа жеттік. Бірақ қос қолымыз құрсаудан бос болғанымен, санамыз әлі құлдықтан босай алмай жатқан секілді. Керісінше бүгінгі ұрпақ қайтадан өз еркімен сол бодандыққа қарай қадам басып жатқандай. Бойымызды отарлықтан оңашалап алғанымызбен, ойымызды әлі де босата алмай келе жатырмыз. Мұндайда “Кешегі сөз – “Оян, қазақ!” болса, енді оянған халыққа айтар бүгінгі сөз – “Ойлан, қазақ!” Осы – менің түйіп, тұжырымдап айтарым.” деген Жақаңнан қалған жалғыз тұяқ Гүлнар Міржақыпқызының сөзі дәл айтылған дерсің...

Жалпы Міржақып болмысымен болашақ ұрпақты тәрбиелеу жолында алдымен Міржақыптың жүрген жолына терең анализ жасау керек деп білемін. Мен мұны Міржақыпты Міржақып еткен Алаш қозғалысына дейінгі өзінің шәкірт кезеңі және Алаш кезеңіндегі ұстаздық жолы деп екіге бөліп қарастырдым. Яғни Жақаңның бала кезіндегі қазақ даласындағы білім саласы қандай болды? Кем-кетігі қай жерінде еді? Сол кем кетіктің орнын бүгінгі кейіпкеріміз қалай және қайдан жамады? Әрине орыстың озық ойшылдарының қалдырған мұрасын меңгеру арқылы көкірек көзі ашылып, әлемдік білім сахнасына жол тартты. Және Міржақып заманындағы діни және әлемдік ахуал қандай болды? Сол алмағайып заманда халқының талайлы тағдырына алаңдаған Міржақып ұлт ретінде тарих сахнасынан жойылып кетпес үшін халық санасын оятудың қандай жолын тапты? Әрине тура өз тәжірибесі көрсеткендей ілім ізденумен, ұрпақтың санасын кеңейту арқылы. Демек 2 кезеңде де тұлғаны да, оның арғы жағында тұрған тұтастай ұлтты сақтап қалатын да білім, ғылым екені оқыған, тоқыған адамға Шолпан жұлдыздай көз алдарына анық көрінді. Демек бұл кезең үлкен бір өзгерістің, ұлт болашағы үшін күрестің, қарусыз майданға шығу алдындағы кезең екенін Міржақып өте жақсы түсінді. Міржақыппен қатар сол кезеңдегі мақсаттас, мұраттас ұлт жанашырлары да елді ояту жолындағы үлкен ізденіс үстінде еді және сол жолға жеткізетін жаңа әдіс те пайда болды.

Ресейдің отарлаушылық саясатының салдарын зиялы қауым жақсы түсінгендіктен, олармен күресудің жалғыз жолы жаңа әдіс пен жаңа стратегия құру деп шешті. Әрине реформалауды білім саласынан бастау керек екенін де білді. Яғни діни және дүниелік білімдерді тең оқытатын мектеп-медреселер ашу ісін қолға алды. Отарлаушылық кезеңге дейін Орта Азия мемлекеттері тек шариғат ілімдерін оқып, жаратылыстану ғылымдарынан тысқары қалып қойды. Ал жаңа жәдидшілдік әдісі осы екі ғылымды да теңдей оқытуды бастауымен ерекшеленді. Жәдидшілдік әдісті Алаш арыстарының түгелі дерлік қолдады. Және осы ағымды “Қазақ”, “Айқап” газеттері арқылы кеңінен насихаттап, халық санасын оятуға тырысты. Яғни діни негіздерді сақтай отырып, өркениетті елдердің ғылыми техникалық жетістіктері мен жаратылыстану негіздерін үйрететін жаңа білім беру жүйесін енгізуге күш салды. Бұл бағыттағы жазылған мақалалар мен басылымдарда Патша үкіметінің ұстанып отырған саясатына жария және жасырын түрде өз қарсылықтарын білдіріп отырды. Себебі өз

заманынан оза туған интеллектуалдар білім саласын көтеру арқылы ғана ел еркіндігіне қол жеткізе алатынын ұқты. Бұған дейінгі жалғыз білім беретін орда мешіт, медреселер еді. Ал мешіт, медреселер тек қана діни білім берумен ғана шектеліп, дүниелік білімдерді оқытпайтын. Міржақыптың өзі бала кезінде бірнеше жыл ауыл молдасынан сауат ашып, бірақ ол жерде әріп танығаннан арыға аса алмағанын, уақытының көбі зая кеткенін жазған еді. Яғни діни білімнің өзін терең үйретететін сауатты молдалар сирек болды. Сондықтан осы жәдидизм ағымы қазақ даласына келген сәтінде де дүмше молдалар тарапынан керітартушылықтар аз болған жоқ. Тіпті дүние ілімін меңгерген зиялы қауымды "сиқырмен айналысатындар" деп айыптап, кәпірге де балаған. Ал орыстың озбыр саясатының түпкі астарын терең білген Алаш зиялылары онымен күресудің жалғыз жолы оның ғылымын меңгеріп, онымен білім теңізінде қатар жүзіп, бәсекелесе алу деп білді. Бұл ойды Алаш ардақтыларына дейін хакім Абай да қозғап, қолдап кеткен болатын, Мысалы өзінің 25-қара сөзінде:

"Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Сен оның тілін білсең көкірек көзің ашылады. Әлдебіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі" деп өсиет етіп қалдырған еді. Демек Абай да әуелден жәдидшіл болғанын байқаймыз.

Яғни не болса да Алаштықтар қолдап, Міржақып алдыңғы шебінде осы бағытта өз потенциалын сарқып пайдаланған жәдидшілдік ағым қазақ қоғамының санасын сілкіндірді. Ол ел басына күн туғанда, мұқтаждықтан пайда болған білім берудің жаңа үлгісі еді. "Мұқтаждық – өнертапқыштықтың анасы" деген сөз осындайда айтылса керек. Керісінше дүниелік ғылымның тереңіне бойлаған сайын шариғат ілімінің көп даналықтарының да санаңда есігі ашыла бастайтынын, бұл екеуі бір-бірінен бөліп жаруға келмейтінін ұрандаған Алаш арыстарының жолы әлі күнге дейін өміршеңдігін дәлелдеп келеді.

Бұл реформалау түрі бүгінгі күні жәдидшілдік деп аталмаса да, әлі күнге дейін актуал тақырып дейтініміз бекерден бекер емес. Себебі қазіргі қоғамда да білім саласында баланс сақтау мәселесі басты мәселе. Жыл өткен сайын неше түрлі методикалар, технологиялар пайда болғанымен, жастарды жүйелі түрде білім ізденуге ішкі мотивациясын оятатын универсал әдіс болмай тұр. Бүгін оқығанын ертең ұмытып қалатын немесе қазір оқығанын қазір қайталап беріп, бірақ оқып тұрған нәрсесінің түпкі мәнін түсіндіре алмайтын оқушыларды көргенде жаның езіледі. Әрине санасының бір бөлігін әлеуметтік желі жалмап жатқан жастардың ғылымға деген қызығушылықтары жыл санап азайып келе жатқандығы алаңдатпай қоймайды.

Клиптік сананың құрсауында қалып қойған ұрпақтың ерекшелігіне ілесеміз деп біз де ақпаратты одан әрі қысқартып, тек тұздығын қалдырып, арғы жағындағы терең тұжырымдарды бала бойына сіңіріп үлгермей жатқандаймыз. Ақпараттық гигиена сақтану жастар арасында жоқтың қасы деуге болады. Не болса соны тұтынып жатқан бүгінгі жас ұрпақтың бойында әуелі ұлттық сананы ояту үшін осы Алаш арыстарын үлгі етпегенде кімді үлгі етеміз осыдан кейін? Мысалы Міржақыптың өзін сегіз қырлы бір сырлы болған деп жағарыдада жаздық. Бірақ ол әр саланың басын бір шалып қана қоя салды ма? Жоқ, ол қадам басқан қай саланы алсақ та, алдыңғы шепте жүрді. Әдебиет саласы ма, халық жата жастанып оқитын, тіпті сол кезеңде кеткен қыздың жасауына қосып беретін құнды кітап "Оян, қазақ!"-ты қалдырды. Проза ма, қазақтың ең алғашқы романы "Бақытсыз Жамалды" жазды. Математика ма, ең алғашқы жинақ "Есеп құралын" құрастырды. Бұл туралы "Дулатовтан бұрын қазақ тілінде "Есеп құралын" жазғандар болмаған. Сондықтан әкемді қазақтың тұңғыш математигі деуім жөн болар" деп Гүлнар Дулатова да өз естелігінде баяндайды. Сол секілді саясатта, жаратылыстану ғылымдарын насихаттауда т.б. салаларда да Міржақыптың алар орны ерекше.

Керек десеңіз, "Оян, қазақтың!" миссиясы тек қазақты оятумен ғана шектелген жоқ, тіпті түрікті де оятқан. Бұған дәлеліміз міржақыптанушы, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов бір сұхбатында: "Ол Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтқан, азаттықты аңсаған

азаматтардың қатарында болған Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік еді. Ататүрік 1917-1918 жылдары билікке келгенде досы, профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп, “Оян, қазақ!” кітабын түрік тіліне аудартқан. Осы кітапқа еліктеуден “Оян, түрік!” деген кітап та шыққан. Ал Жақаңның “Оян, қазағы!” Ататүріктің үстелінің үстінде тұратын болған.” леп жазады.

Мысалы Міржақыптар оқыған шығыс пен батыс ойшылдарының ішінде 1 ғалымның өзінің қалдырған мұрасы 600-ге жетіп жығылады екен. Бірақ көбінің өмір сүрген жылы 50 жылдан аспайды. Оны былай қойғанда Мұхтар Әуезовтің өзі “Абай жолын” 25 жыл бойы жазған екен. Сол қайнаған саясаттың ішінде, отаршылдықпен күресіп, Жақаңдардың ізінен ерген інісі бола жүріп те, бір тұлғаның өмірін баяндау арқылы қазақтың ең құнды мұрасын, бүтін бір дәуірдің тарихын жазып қалдырған. Немесе Міржақыптың өзі 50 жыл ғұмырында бір халықтың бүкіл ғұмырына азық болар ұлы мирас қалдырып кетті. Ол кезеңдерде уақыт 25 сағат болды дейсіз бе? Ал бүгінгі ұрпақ технология дамып, ілім іздену жеңілдеген сайын неге ұсақталып барады? Неге ештеңеге үлгермейді? Неге ауыз толтырып айтатын ауқымды дүниелер аз? Неге екі сөздің басын құрау жыл өткен сайын жастар арасында қол жетпес қабілет болып барады? Ал осыдан кейін қазіргі қазақ балаларының кумирі болуға кім лайықты?!

Бүгінгі мақаланның жазуғы негізгі мақсатым да осы. Егер алдымыздағы ұрпаққа осылай өзімізде бар кесек-кесек тұлғалардың өмір жолын, тұлғасын, көрсеткен үлгісін кеңінен ашар болсақ, олар бүгінгі құбылған заманда ақпараттық шудың арасында қалып қоймай, нағыз ілімнің қайнар көзін тауып, бұлақтың басынан білім ізденер еді. Сол кезде олардың бойына соңдарынан ілескен саяз ақпарттың бәрін қабылдап алмайтын мықты антивирус та орнатқан болар едік. Себебі олар қазіргі заманауи терминдермен сөйлейтін болсақ өз дәуірінің ең озық контентін жасаушылар болды және олар жасаған контенті, олар құрған стратегияны бүгінге дейін қайталай алмай келеміз. Ал бүгінгі буын өкілдері қандай контентті тұтынып жатыр? Олардан болашақта не күтеміз? Олар сіңіріп жатқан ақпарат ағымы олардың ұлттық болмысын ашуға қызмет етіп жатыр ма? Осы сұрақтар ойландырады...

Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, яғни, білім мен тәрбиеде ғылымның нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерді оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғарғы көрсеткіштерге жету деген сөз. Жоғарғы көрсеткіш білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу. Осы мақсатта жұмыс істеу бүгінгі күн педагогтарының көкейкесті мәселесі. Олай болса, бүгінгі күні тіл тағдырына тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де көңіл бөліп, «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген мақалдың мәніне шын үңілсек, оны оқыту дәрежесі де бізді ойландыруы тиіс.

Кез-келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің, оқыту процесінің белсенділігін арттырады, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады.

Оқу процесіндегі негізгі инновациялық технологиялар:

1.Кейс –технология

2.WEBтехнология

3. Коммуникациялық технология

4. Ақпараттық технология

5. Интерактивтік әдіс технологиясы

6. Мультимедия технологиясы

7. Телекоммуникациянемесе электронды оқыту технологиясы.

Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады.

Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі.

Технологияның тиімділігі, оның болашағы маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогы, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беру. Оқытушы көбінесе оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданғаны жөн.

Оқыту технологиялары оқу процесіне, сабақ түріне байланысты жан-жақты: проблемалық оқыту, ойын арқылы оқыту, тірек сигнал арқылы оқыту, компьютерлік оқыту, электронды оқыту, коммуникативтік технологиялар, инновациялық оқыту, жаңа технологиялар бойынша оқыту.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол

ашады. Тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын және олардың танымдық белсенділігін арттырады. Орфографиялық, лексикалық дағдыларын қалыптастырады. Компьютер әсіресе, тіл үйренушілердің әр түрлі тілдік жаттығу жұмыстарын орындау кезінде одан көп көмегін тигізеді. Негізінен мына әдіс-тәсілдер қолданылады:

1) Сұрақ-жауап диалогы, тапсырманың мәні компьютердің сұрағына тура жауап беру; сұрақ құрастыру үшін негізгі тілдік мәтін пайдаланылады.

2) Таңдап алынған жауаптар диалогы. Жауап беруші ұсынылған жауаптар тізбегінен өз жауабын таңдайды.

3) Бос орынды толтыруға арналған жаттығулар.

4) Сөздікті қаншалықты меңгергендігін бақылауға арналған жаттығулар: компьютер аударуды керек ететін сөздер тізімін ұсынады; орысша-қазақша жазылған сөздер ұсынылады. Олардың ішінен дұрыс эквиваленттерін тауып, жұп құрау қажет.

Компьютер интерактивті оқытудың жоғарғы сатысын қамтамасыз етеді. Бұл жаттығу жасау барысында оқушының іс-әрекеті компьютердің үнемі әрі тез реакциясы арқылы жүзеге асады. Оқушылар жұмыс қарқының өздері белгілейтін болғандықтан, компьютерлік оқу өз бетімен оқудың принциптеріне толық жауап береді.

Әдіскер ғалымдардың зерттеу еңбектерінен мұғалім өзіне қолайлысын, оқушыға тиімдісін ала отырып, оны өз сабақтарында қолдану үстінде кәсіби шеберліктерін арттырып отыруы тиіс.

Оқу-тәрбие процесінде жаңа технологияның кейбір аспектілерін даралап көрсетуге болады:

1. Тыңдаушылардың оқу үрдісіне қызығушылығын тудыру.
2. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, оны жетілдіру.
3. Кең көлемде дамытып, білімді терең игеруіне жағдай туғызу.
4. Білім сапасын көтеру.

Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады. Өйткені, компьютерді басқа құралдармен салыстырғанда оның басымдылығы жоғары:

- әр түрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындай алуы;
- бейнелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы;
- дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі.

Тіл меңгертуде компьютерді қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

−тіл үйренушінің өз бетімен жұмыс істей алуы;

−компьютердегі сілтемелерге сүйене отырып, өз іс-әрекетін өзінің басқара алуы;

−өз қатесін өзі тексеріп, өзі түзете алуы;

−тапсырмаларға қайта орала алуы;

Компьютерге үйретуші техника ретінде қарау, оны қазақ тілін үйрету үшін пайдалану мүмкіндігі оқыту үдерісін өзгертті және оқыту әдістемесіне түбегейлі түрде әсер етті. Психологтардың пайымдауынша, сабақта әр түрлі компьютерлік технологияларды пайдалану студентердің қызығушылығын арттырады және өз қабілетіне сенімділігін тудырады.

Ғалым Қ.Қадашева: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыта оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады. Бірақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты» дейді [2].

Бүгінгі күні мультимедиаға ұсынылған жаңа аудиовизуалдық техникалық құралдар әдістемеші қазақ тілі мұғалімдерінің тілді оқытуға жаңаша қарауын және өз әдістерінің жетілдірілуін талап етеді. Бұдан бірнеше жыл бұрын «Оқытудың техникалық құралдары», «Лаборатория» ұғымы – үнтаспа, оқу теледидарын пайдаланумен, лингафон кабинетіндегі сабақтармен немесе техникалық және нақты ғылымдар саласындағы зерттеулермен ғана байланысты болып келді, бірақ тілді оқытуда компьютерді, сондай-ақ интернет желісі ресурстарын пайдалануға ешқандай мүмкіндік болмады. Қазір қазақ тілін оқытушылардың

қарамағында компьютерлік техниканы қолдануға негізделген ОТҚ-ның (оқытудың техникалық құралдары) бірнеше түрі бар. Ал мұндай күрделі техникалық жүйені меңгеру арнайы дайындықты қажет етеді [3].

Оқыту процесін оңтайландыру – жаңартылған компьютерлік бағдарламалар базасында оқу лабораторияларын жетілдіруді және де мемлекеттік тілді оқытуда ОТҚ-ның аталған түрін қолдану әдістемесін әзірлеуді қарастыру қажет. Әрине, жаңа компьютерлік бағдарламалар мен тұтас ақпараттық оқу кешенін әзірлеу бүгінгі отандық жоғары мектептердің ең өзекті қажеттілігі саналады. Алайда оны қанағаттандыру – қазақ тілін оқыту процесінде компьютерді қолданудың теориялық негіздерін түпкілікті білмейінше, мүмкін емес. Енді осы үдерістің теориялық негіздері мен әдістемелік қағидаларын сипаттап көрсетелік.

1. Қағидалардың бірі жеткілікті мөлшерде жалпылама, белгілі шекте әмбебаптық сипатқа ие болатындығы белгілі, енді біреулері өзінің қолданылу саласында жекелік (даралық) сипатта болуы мүмкін. Бұлар осымен байланысты, бәрінен бұрын, тар шеңберде ұсынылатын жалпылама әдістемелік қағидаларды дамытады, нақтылайды.

2. Олардың қолданылуы қазіргі кезде мультимедиаға ұсынылған белгілі компьютерлік бағдарламалардың көмегімен қазақ тілін оқытудың нақтылы, қиын ерекшелігі саласымен шектелетін де әдістемелік қағидалар бар: тілдік жүйенің кейбір жекелеген қырын және де сөйлеу қызметі түрлерінің бірін оқыту қағидасы немесе мемлекеттік тілді оқыту негізінде оқу құралдарының айрықша маңыздыларын пайдалану.

Оқытушы қазақ тілі сабағында компьютерлік презентацияларды, дыбыс және бейне материалдарды, слайдтарды,қарапайым және күрделі анимациялы графикалық объектілерді пайдалана алады [4].

Желілік технологиялар мен мультимедиялық үйретуші бағдарламаларды пайдалану тіл үйретудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, психологиялық тұрғыдан компьютердің көмегімен тіл үйренушінің қызығушылығын, ынтасын арттыруға және әрбір жұмыс барысында қысылмай, өз білімін еркін қолдануына мүмкіндік болады. Мультимедиялық үйретуші бағдарлама тіл үйретуде өте тиімді. Тіл үйренушінің психологиялық, тілдік кедергісін жоюға көмектеседі. Оқыту жүйесіне енгізілген жаңа технология оқытудың тұлғасына, мазмұнына және әдістемесіне әсерін тигізеді. Ол оқытудағы уәждемені және оқыту үдерісіндегі дидактиканы күшейтеді.

«Мультимедия» латын тілінен аударғанда «көп орта» дегенді білдіреді.

Мультимедия – толық зерттелмеген оқытудың өте қиын технологиялық құралы. Оқыту барысын ұйымдастыруда оқытушының міндеті – жаңа технологияларды ұтымды пайдалану.

Мультимедиялық технологиялар оқытудың дәстүрлі қағидаларымен сабақтастықта болуы керек.

Мультимедия – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарды пайдаланып интерактивті бағдарламамен қамтамасыз ету. Мультимедия – бұл мәтінді, дыбысты, бейнені т.б. біріктіріп пайдалану. Мультимедия – бұл ақпараттық –технологиялық гипертекстi құрылым [5].

Жаңа технологияның көмегімен мемлекеттік тілді оқытудың әрбір кезеңінде шешуші фактор болып табылатын ауызша жаттығуларға толы болуы керек. Мұны елемеу оқытылып жүрген тілді практикалық игеру жолында бөгет болатын дайындық және тілдік жаттығуларының күштеп тықпалануына әкеп соғады. Алайда мұндай көзқарас дайындық жаттығуларының орындалу қажеттілігін теріске шығармайды, бірақ, біріншіден, олардың негізгі үлесі ауызша жаттығулармен салыстырғанда өте аз болады, ал, екіншіден, кез келген дайындық жаттығуларының орындалуын коммуникативтік мақсатқа жету үшін танылған құбылыстың тілде қалай қызмет атқаратынын көрсетумен аяқтау керек.

Мультимедиялық кабинеттерде интерактивтік тақтаны қолдану біріншіден, көп тыңдаушыларды қамтуға екіншіден, танымдық үдерісті жандандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл – өз алдына интерактивтік желілік оқытудың синхрондық моделінің баламасы. Қазіргі заманға сай мультимедиялық дәрісханалар негізінде тілді жеделдетіп үйретудің әдістемесі, «Қазақ тілі» мультимедиялық үйретуші бағдарлама әзірленуде.

Тілді жаңаша жаңғыртып оқытуда талап та, қарым-қатынас та өзгереді. Кез келген

оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындығы мен белсенділігін арттырғандығымен де, кейбір технологияда бұл құралдар басты идеяны және нәтиже тиімділігінің негізін құрап, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталған. Олар: проблемалық оқыту технологиясы, коммуникативтік технология, дамыта оқыту технологиясы, пікірсайыс, ойын әдістері т.б. Сонымен қатар қазақ тілін үйретуде оқыту әдістемесінің сапасын арттыру үшін жоғары белсенділікті дамыту әдістемесін де қолдануға болады.

Интерактивтік әдіспен сабақ өткізгенде оқытушы кеңесші ролін атқарады. Тіл үйренуші ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді, тілге деген қызығушылығы артады, яғни өз қажеттілігі үшін үйренуде ынтасы оянады. Оқытушы өзге тілді үйренуде маңызды болып табылатын тыңдаушы мен тыңдаушының арасындағы интеракцияны қалыптастыруға жағдай жасайды [6].

Жаңа әдістерді пайдалануы – бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған. Қазақ тілін үйренуде бұл әдістер арқылы елеулі нәтижелерге жетуге болады. Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Керимбаева М.С. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск. - Алматы, 2020 г.

2. Қ.Қадашева. Тілдік қарым-қатынас теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2021 жыл, 106 бет.

3. Қ.Ж. Бұзаубаева. Жаңа педагогикалық технология. Тараз., ТарМУ, 2013.

4. Б.Қ. Құлмағанбетова. Қазақ тілі сабағында технологиялық құралдарды пайдалану.- Мектеп, Алматы, 2019 ж.

5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы. ЖШС «Дайыр Баспасы», 2010 ж.

6. Иманғазиева Ж. Интерактивті тақтаны тиімді қолдану. «Информатика негіздері», №2-2011ж.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ЖОЛДАРЫ

**Магзумова Г.Б.**
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Дарынды балаларға арналған мамандандырылған №8 облыстық мектеп-лицейі,
Орал қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Баяндамада жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық гуманитарлық бағытындағы 11-сыныптың қазақ әдебиеті пәні бойынша «Смағұл Елубайдың «Жалған дүние» романының тарихи және көркемдік құндылығы» тақырыбындағы сабақты өткізу әдістемесі мен жолдары және қысқа мерзім жоспары ұсынылған.

**Аннотация:** В статье представлена КСП, методика и способы проведения урока по теме «Историко-художественная ценность романа Смагула Елубая «Жалған дүние»» по предмету казахская литература для учащихся 11 класса общественно-гуманитарного направления общеобразовательных школ.

**Abstract:** The report presents the methodology and ways of conducting a lesson on the subject of "Historical and artistic value of Smagul Elubay's novel "False World"" in the subject of Kazakh literature of the 11th grade in the public humanitarian direction of general education schools and short-term ways.

Қазақ әдебиеті әдістемесі – жан-жақты дамыған, жетілген, теориялық, тәжірибелік негізі қалыптасқан. Оның зерттейтін нысанысы (обьектісі), мақсаты, зерттеу әдістері жүйеленген. Әдебиет әдістемесінің нысанасы – оқыту мәселесі. Әдебиеттегі көркем шығармаларды оқып үйрену негізінде оқушыларға әдеби білім мен халықтық даналық тәрбие

беру жөніндегі туатын заңдылықтарды қарастырады. Бұл міндетті жүзеге асыруда педагогика ғылымының, оның теориясының жалпы қағидаларына, ережелеріне сүйенеді.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі әдебиеттану ғылымымен, тіл білімімен, тарих ғылымымен, психологиямен, педагогиканың теориясымен, таным теориясымен, эстетикамен тығыз байланысты. Қазақ әдебиеті әдістерінің зерттейтіні – көркем әдебиет. Көркем әдебиет – сөз өнерінің туындысы, алтын қазынасы.

Әдебиеттану ғылымынсыз әдебиетші мұғалімдер әдебиетті ғылымның әрі өнердің бір саласы ретінде оқыту мүмкін емес. Бұл пәнді оқытудың күрделілігі де қызықтығы да осында. Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркемсөз табиғатын ашатын заңдылықтарды білуі керек, көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс.

Әдебиет ғылымының үнемі дамуының арқасында әдебиет әдістері жүйеленіп, молайып, қорланып, байып отырады. Мектепте оқылатын әдебиет пәні, қазақ әдебиеті әдебиет тану ғылымына енген теориялар мен әдістер арқылы дамиды.

Осы басшылықтарды негізге алып құрастырған жалпы орта білім беретін мектеп-лицейдің ҚГБ бойынша 11-сыныптың қазақ әдебиеті пәнінен «Смағұл Елубайдың «Жалған дүние» романының тарихи және көркемдік құндылығы» тақырыбындағы сабақты ұсынамын.

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын **оқу мақсаты:** 11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;

11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау Оқу мақсаттары **бағдарламаның ұзақ мерзімді жоспарында көрсетілген «Пайым мен парасат» бөліміне сәйкес** алынды.

Оқу мақсаттарына сәйкес ойлау дағдыларының деңгейі жоғары. Сабақ процесінде оқушыларым жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындайтын болады. Өйткені сыныбымның деңгейі жоғары. Ерекше білім беруді қажет ететін (дамуында тежелуі бар) бір ғана оқушы бар.

Оқу мақсаттарына сәйкес оқушының алдыңғы және кейінгі білімдерін ескере отырып, **сабақ мақсаттарын** SMART форматына сәйкес, оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, нақты, шынайы, өлшеуге келетін және қолжетімді форматта алдым.

Атап айтар болсақ, сыныптағы білім алушылар Романда көтерілген мәселені анықтайды, өмірмен байланыстырады, ұлттық мүдде тұрғысынан талдайды; шығарма тақырыбын ғаламдық тұрғыда қарастырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді. **Ал ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушы** (дамуында тежелуі бар) топ мүшелерінің қолдауы арқылы көтерілген мәселені анықтап, жұбының көмегімен мәселені өмірмен байланыстырады, ұлттық мүдде тұрғысынан талдайды; мұғалімнің қолдауы негізінде шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.

Сабақ мақсатына жетуде дұрыс, ұтымды таңдалған **оқыту әдістерінің** маңызы зор деп есептеймін. Оқыту әдістерін таңдауда оқушыларымның тақырыпты өз бетімен меңгере алуына билік беру, ізгілендіру ұстанымдарын жүзеге асыруына баса назар аудардым. Оқушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс тауып, барлық оқушымның таным үрдісіне тартылатындай етіп ұйымдастырдым. Осы орайда, **«Пазл», «Сұрақ-жауап»,«Мәселелерді зерттеу ағашы», «Өрмекші»** және **«Эйлер шеңбері»әдістері** анағұрлым тиімді деп таптым.

Мысалы, «Пазл» әдісі арқылы шығарма сюжеті бойынша даму реттілігін сәйкестендіру арқылы білім алушылар шығармада мазмұнын еске түсіреді, көтерілген мәселеге қатысты ой қозғайды, ұсынылған ойды жаңа тақырыппен байланыстыруға дағдыланады. Ерекше білімді қажет ететін оқушымның тапсырманы өз бетінше орындап, өзі жіберген қателерді дұрыс жауаппен сәйкестендіре түзету мүмкіндігі болады.

«Автор романда қандай мәселелерді көтерген? Романды оқи отырып қандай құндылықтарды байқадыңыздар?» деген сауалдар қою арқылы оқушылардың өзіндік ой

жинақтауына, зейінін шоғырландыруына мүмкіндік бердім.

Ал **«Мәселелерді зерттеу ағашы»** әдісі арқылы оқушылар қадамдар бойынша сызбаны толтырды.

Шығармада көтерілген мәселені, автордың мәселе көтерудегі мақсаты мен аудиториясын анықтап, мәселеге автор көзқарасы мен өз көзқарасын жазды.

Мәселенің туындау себебі мен салдарын анықтап, шешу жолын ұсынды. ЕББҚ бар оқушыларым топ мүшелерінің қолдауы арқылы орындап шықты.

Бұл әдістің тиімділігі оқушыларым шығармашылықпен жұмыстана отырып, пәндік тілдік құзіреттілігін арттыра алды, функционалдық сауаттылығы дамыды, бірлесіп әрекет ету, сыни ойлау дағдылары қалыптасты.

Таңдалған әдістерімнің барлығы да білім алушыларды жеке және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды қолдайды.

Оқу мақсатына негізделген әр тапсырма ойлау дағдыларының жоғары деңгейіне бағдарланған. Мысалы, шығармада көтерілген мәселеге ұлттық мүдде тұрғысынан талдау жасауға арналған бұл тапсырма жоғарыда белгіленген сабақ мақсаты мен ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес келеді.

Бұл тапсырма, біріншіден, оқушының мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу дағдысын жетілдіреді. Себебі, бала романның мазмұны бойынша көтерілген мәселені анықтап алады және өзі анықтаған мәселені «өрмекші басына» жазады. Екіншіден, түрлі ақпараттарды бір бірімен байланыстыра білу дағдылары дамиды. Өйткені, өзі анықтаған мәселені қазақ халқының ұлттық мүдделерімен байланыстырып, «өрмекші аяқтарына» орналастырады.

Одан соң, өз пікірін дәйектеу үшін романнан дәлел келтіре отырып, оқушының шығарма мазмұнын жәй түсініп қоймай, одан алған ақпаратты қажетті орнына қолдана білу дағдысы дамиды. Сонымен қатар, «өрмекші денесіне»мәселені қазіргі өмірмен байланыстыру арқылы өз көзқарасын білдіреді, оқиғаға өзіндік баға беріп, рефлексия жасайды. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда осы тапсырманы орындатудың тиімділігі зор. Оқушы үшін тапсырманың орындалу қадамдары нақты, түсінікті болуы шарт. Сондықтан әр тапсырмаға дескриптор ұсынып отырамын. Бұл тапсырманы орнидауда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар өз жұбының қолдауымен сабақ мақсатына қол жеткізе алады.

Шығарманы ғаламдық тақырыптармен байланыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, шығармаға баға беруде «Эйлер шеңбері» әдісі тиімді болды. Оқу мақсатына негізделген бұл тапсырмам алдыңғы тапсырманы толықтыра түсті. Себебі, оқушылар қаламгердің шығарма кейіпкерлері арқылы тоталитарлық дәуірде жалпы ұлт мүддесінің аяққа тапталып, рухани таусылуын символикалық түрде шебер келтіргенін айта отырып, шығармаға өзіндік баға берді.

ЕББҚ бар оқушы да назардан тыс қалмай, мұғалім қолдауымен дайын сөйлемдерді орналастырды:

Қазақ халқының басынан өткерген зұлмат-зобалаң күндерін реалистік негізде шынайы бейнелеу, тіршілік философиясы, адамның жер бетіндегі миссиясын жеткізу;

XX ғ. 20-30 жж.ашаршылық нәубеті, қазақ халқының басынан өткен қасіретті зұлмат жылдары, Кеңес заманының зардаптары жан-жақты суреттелген;

Адамгершілік құндылықтарды адам тіршілігінің баянсыздығы тұрғысынан қарастыру, т.б.

Сабақ соңында оқушылар шығарма кейіпкері Хансұлудың жанына тыныштық бермеген ойларды ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау арқылы саяси қуғын сүргін азабы, ашаршылық қасіреті, демографиялық соққы жайында толғана отырып, зұлмат заманның қасіретін ұмытпауға, жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым етуге дағдыланды. Кейіпкерлер тағдыры арқылы ғалам сырына, адамзат тағдырына көз тігіп, терең философиялық ой түйді.

Қазіргі таңда ұлтжанды, ізгіленген XXI ғасырды құра алатын тұлға қалыптастыруда қазақ әдебиеті пәнін заманауи тұрғыда өткізудің маңызы зор. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні ұлттық рухтың жаршысы болуы қажет. Ендеше, әр сабағымызды тұлғаға бағыттап нәтижелі

өткізуде үнемі ізденісте болайық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_(қаралған күні)

2. Наурызбай Ж.Ж. и др. Психолого-педагогические основы духовно-нравственного развития личности в этнокультурном пространстве/ под ред. Ж.О.Жилбаева. – Астана: Фолиант, 2014. – 252 с.

3. Электронды оқулық Қазақ әдебиеті Мектеп баспасы

# ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ТИІМДІ СҰРАҚ ҚОЮ ӘДІСТЕМЕСІ

**Можанова А.К.**

Магистр, М.Жұмабаев атындағы №137 жалпы білім беретін мектептің бастауыштағы қазақ тілі пәнінің мұғалімі

**Алибаева Г.А.**

Ғабит Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназия бастауыштағы қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Тілдесу мен қарым-қатынас құруда сұрақ ерекше маңызды рөл атқарады. Себебі сұрақ қоя отырып өзара ақпарат алмасамыз, өзімізге қажетті қосымша мәлімет аламыз, алған ақпарат туралы пікір қалыптастырып, оған баға беруге тырысамыз, бақылаймыз, растаймыз немесе жоққа шығарамыз, белгілі бір затқа қызығушылық танытамыз.

**Аннотация**: Вопрос играет особенно важную роль в общении и общении. Потому что, задавая вопросы, мы обмениваемся информацией между собой, получаем необходимую нам дополнительную информацию, формируем мнение о полученной информации, пытаемся судить о ней, наблюдаем, подтверждаем или опровергаем, проявляем интерес к определенному предмету.

**Abstract**: The question plays a particularly important role in communicating and building relationships. Because by asking questions, we exchange information, get additional information we need, form an opinion about the information we receive, try to evaluate it, observe, confirm or deny it, and show interest in a particular item.

Ұлт педагогі Ж.Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан табатын өнер» [1] деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделу қажет. Жастарды қызықтыра тәрбиелеп басқару білім алушының білімге, ғылымға деген құлшынысын күшейтеде, өркендеуіне өте қажет шығармашылық қасиеттерін ашады.

Жапондарда «Сұрасаң – 15 минут ұяласың, сұрамасаң – өмір бойы ұяласың!» деген нақыл бар. Өйтені сұрақ – таным негізі. Біз тек сұрақ қою арқылы үйренеміз. Сондықтан да мұғалімнің ылғи өзіне, оқушыларға, әріптестеріне сұрақ қоюы керек. Сұрақ қою арқылы ілгерілейді, білімі мен білгін тереңдетеді, дамиды. Осы тамаша әдетті мұғалім өз оқушыларына да дарытуы керек, олардың да сұрақ қою мәдениетін дамытып оларды дағдыландыруы керек.

Тілдесу мен қарым-қатынас құруда сұрақ ерекше маңызды рөл атқарады. Сұрақ қоя отырып өзара ақпарат алмасамыз, алған ақпарат туралы пікір алмастырып, оған баға беруге тырысамыз, бақылаймыз, растаймыз немесе жоққа шығарамыз. Сұрағын дұрыс қоя білген тұлға түрлі мақсаттарға жете алады; сұхбаттасын қызықтырып, өзіне қажетті ақпарат беретіндей деңгейге жеткізеді; сұхбаттасын белсендіріп, монологтан тиімді диалогқа ауысады; ақпарат алу үдерісін өзіне қажетті бағытқа бағдарлайды. Дұрыс қойылған сұрақтар арқылы мұғалім оқушылардың іздене білу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жақсы сұрақ идеялардың, қызықты жауаптардың кепілі. Сондықтан әр мұғалім өзінің сұрақ қою шеберлігі туралы жиі ойланып, сұрақ қояр алдында келесі мәселелерді ескергені дұрыс: *сұрақты қандай мақсатпен қоясыз? Қойған сұрағыңыздың сапасы қандай?*

Бір сабақтың көлемінде сұрақтарды түр-түрімен мақсатына қарай орынды пайдалануды жоспарлай отырып ашық сұрақтарды көбірек қолдану керек. Келесі мұғалімді ойландыратын мәселе: «Сұраққа жауап беру үшін оқушыларға ойлануға жеткілікті уақыт берілді ме?» Себебі, асықтыру жауап беруші сәтсіздікке ұшыратады: ойлары шашыранқы болады, жауап толық немесе дұрыс болмайды. Керсінше жауап берер алдында ойлануға берілген уақыт оқушыға нақты жауап беруге, өз ойын жинақтап жеткізуге, өз кемшілігін өзі жойуға, жауап беруге оқушыларды толық тартуға мүмкіндік береді. Сұрақтарды түр-түріне қарай орынды пайдалана білген дұрыс. Мысалы сабақ барысында белсенділілігі немесе қызығушылығы төмендей бастаған бағалаушы сұрақтарды қолданған тиімді. Сонымен қатар оқушның айтылған ақпаратқа сабақ үстінде болған жағдайларға, қарастырған оқиғалар мен құбылыстарға қатысты эмоциясын байқаған кезде де осы сұрақтың түрін қолданған пайдалы. [2]

Себебі, бұл сұрақтың түрі оқушының жеке көзқарасы мен пікірін, бағасын білдіруге бағытталғандықтан оны ынталандырып, білім алу үдерісіне үңілуге жағдай жасайды.

Тиімді сұрақтар оқытуды бағалау стратегияларының негізгі құралы болып табылады және бірқатар жауаптар алу үшін жоспарлануы керек. Жақсы қойылған сұрақ оқушыны мазмұн туралы ойландырады (кім? не? қашан?) және процесс (қалай? неліктен) екеуінің арасындағы тепе-теңдік сақталатын танымдық саяхатты ынталандырады.

Тиімді сұрақтар оқыту мен оқу процесінің негізгі аспектісі болып табылады, өйткені біз қоятын сұрақтар біз дамытатын ой деңгейін анықтайды. Сұрақтарды қолданатын сабақтар сұрақсыз сабақтарға қарағанда нәтижеге жету үшін әлдеқайда тиімді. Жақсы сұрақтар студенттердің ойлауы және жауап беруі үшін уақытты қажет етеді, ал оқушылар оқуға неғұрлым белсенді қатысса, соғұрлым олардың қол жетімділігі артады.

Сабақ барысында сұрақтар қою кезінде тақырыптан ауытқуға жол бермеу керек, осылайша оқушының ойлары белгілі бір бағытта болады және сұрақтар арқылы тақырып талқыланады, оқуға мүмкіндік беріледі. Мәселені шешу барысында тапсырманың негізі құрылымдалады және оны басқару жүзеге асырылады, оқушылардың оқуын бағалау мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, дұрыс емес жауаптар қабылдануы керек және мұғалімнің іс-әрекеті сенімділікті жоғалтпай, оқушының мотивациясын дамыту үшін өте маңызды болуы керек. Ол нақты оқу мүмкіндігі ретінде қабылдануы керек.

Сұрақ түрлері.

Сұрақтардың түрлеріне келетін болсақ, олар келесі түрлерде болады.

1. жабық сұрақтар 2. ашық сұрақтар

Жабық сұрақ – бұл оқушылардың есте сақтау қабілетін тексеру және фактілерді есте сақтау үшін қоятын сұрақтары. Мысалы, информатика бойынша келесі сұрақтарды қоюға болады. Алғашқы бағдарламалау тілін кім енгізді? Логарифмдер желісін кім ойлап тапты? Жабық сұрақтардың әдетте бір ғана жауабы болады. Кейбір жабық сұрақтар оқушының үлгерімі туралы алаңдаушылық тудыруы мүмкін, яғни егер Мен дұрыс жауап бермесем, бұл мені төмендетеді, сонымен қатар оқушының белсенділігіне теріс әсер етуі мүмкін деген ой.

Ашық сұрақтардың әдетте бірнеше жауаптары болады. Бұл оқушының ойлау қабілетін жоғары деңгейде қалыптастырады. Егер сұрақтар нақты дайындалған болса, онда олар алдыңғы тақырып пен қазіргі нақты мәселе арасында байланыс жасай отырып, оқушылардың оқу тәжірибесін байытады.

1. Оқушылардың білімдерін анықтауға бағытталған сұрақтар оқушының негізгі білімдері мен түсініктерін анықтауға арналған. Оқушының жауабы мұғалімге алдын ала белгілі болып, оқушы осы сұраққа қатысты өзі алған білімін көрсете алады, бұл **«жабық»** сұрақтар. **«Жабық сұрақтар»** (кім?, не?, қашан?, қанша? деген сұрақтардан басталады. Адамның нақты, қысқа бір жауабын талап етеді. Бұл сұрақтар сонымен қатар жауап берушіден «ия» немесе «жоқ» деген жауап беруді көздейді: «Сен ауылдан қашан келдің?», «Қазақ тілі сабағы аптасына неше рет болады?».

2. Оқушылардың ойлау қабілеттерін айқындауға бағытталған сұрақтар оқушының өз көзқарасын білдіруді талап етеді, бұл **«ашық»** сұрақтар. Бұл сұрақ жауап берушіден өз пікірі

мен көзқарасын білдіретін көздейді, адамның түсініктеме беруді, ойлануды тлап етеді. **«Ашық сұрақтар»** (неге?, не үшін?, не себепті?, қалай?). Ашық сұрақтарды қолану барысында оқушының жауабы мұғалімге алдын ала белгілі болмауы мүмкін, бірақ бұл сұрақтың түрі оқушының болжам жасау, дәлелдеу мен талдау, жинақтау қабілеттерін дамыту үшін өте тиімді: «Сіз неге олай ойлайсыз?», «Сен мектепке не себепті келмедің?». Сабақтың соңында кері байланыс кезінде оқушыларға сабақ туралы өз ойларын жазып «үміт ағашына» ілуі сұралады. Сыныптағы оқушылардың көпшілігі өткізілген сабақтардың ұнағанын, мұғалімнің ашық сұрақтар беруі өздерін ойлануға, өз сөздерімен жауап беруге жетелегенін, осындай сабақтар жиі болса деген тілектерін білдіреді.

Ғалымдардың сұхбат кезінде адамдар бет қимылы, ымдар мен ишараттарға тоқсан пайыз сенім білдіретінін көрсетеді. Сондықтан оқушылар мұғалімнің сұрақ қою кезендегі қимылдарына көп мән береді: қойған сұрақтарыңыз бен қимылыңыздың арсында сәйкестік болмаса, бұл әрекетіңіздің шынайлығына күмән туады. Кез келген сұрақтары қойған кезде, бет қимылыңыз оқушы айтқан ақпаратқа ешқандай қызығушылық таңытпағаныңызды, ол жауап мұғалімге ұнамағанын білдіріп тұрса, сұрағыңыз сәтсіздікке ұшырайтыны айқын. Білім алу үдерісінде сұрақтарды оқушылардың өздері қойғаны да өте маңызды. Сабақ барысында оқушылар бір-біріне сұрақ қою арқылы диалогке түсіп, комунткативті дағдыларын дамыта алады. Мәтінмен жұмыс жасау несеме оқушыларды өздерінің құрдасымен диалог жүргіздіру барысында тәжірибе жинақтап және ой әрекетінің жоғары деңгейіне талпындырып, басқа мүмкіндіктер туралы сын тұрғысынан ойлатып, зерттеу жүргізу қабілеттерінің бола бастауына ықпал етуге болады. Оқушылар тарапынан сұрақ туындаған жағдайда, мұғалімге сұрақтың жауабы болуы міндетті емес, оқушылармен бірлесіп интернет көмегімен зерттеу жұмытарын жүргізіп, оқушыларға табылған ақпараттық қажетін таңдап, баға беріп, іздеудің тәсілдері туралы сын тұрғысынан ойлауға көмектесу қажет. Осы кезде балалармен бірге жаңалық ашуда, оқуда өзара қарым-қатынас орнайды. Мысалы: «Қоғамдық көлікте төменгі сынып оқушысы қасында тұрған қарт адамға орын бермеді. Сенің әрекетің?» деген жағдайаттық тапсырма беруде оқушылардың жас ерекшелігін ескере отыра ашық сұрақтар кою арқылы оқушылардың істегендері мен айтқандарын тыңдап, талай отырып, оларға жауап берген кезде білім алуда тиімді қолану көрсетіледі. [3]

Алисон Кинг айтқандай, «ойлай алатын адам сұрақ та қоя алады», демек, кейбір мұғалімдер оқушылардың қойған сұрақтары арқылы олардың ойлау қабілеттерінің деңгейін анықтай алады. Білім алу барысында оқушыларды сұрақ арқылы белсенді диалогке түсуге ынталандырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, іздену арқылы кез келген мәселені шешу жолдарын табуға үйрету қажет. [4]

Оқушы үшін пайдалы, мұғалім үшін тиімді болу мақсатында белгілі бір ережелерге сүйенген дұрыс:

- Сұрақты қояр алдында , мақсатыңызды анықтап алыңыз.
- Сирек қолданылатын терминдер мен түсініксіз сөздерді пайдаланбаған дұрыс.
- Сұрақ нақты болуы қажет.
- Қойылатын сұрақ шұбырмай, қысқа түрде болғаны дұрыс.
- Сұрақ ойға қонымды болу керек.
- Қажет болған жағдайда сұраққа түсініктеме беруге болады, бірақ сұрақтың өзі ықшам болу керек.
- Сұрақ бір сарынды, дағдылы жауаптарды болдырмау керек.
- Мұғалім өз дегеніне келтіретін сұрақ қоймау керек.
- Сұрақ жауап берушіні қажетті жауапқа мәжбүрлемеу керек.
- Оқушылардың білімдерін анықтау сұрақтары мен оқушылардың ойлау қабілеттерін айқындайтын сұрақтарды қоюды меңгеріңіз.
- Сұрағыңызды қойған соң, оқушылардың түсінгеніне көз жеткізіңіз.

Осы аталған ережелерді сақтау мұғалімге оқушылардың білім алуына деген қызығушылығының жоғарлатып, олардың берген жауаптарының сапасын арттыруға ықпал етеді. Дұрыс қойылған сұрақтар оқушының білім-білікке ие болуына ғана ықпал етіп

қоймайды, сонымен қатар өзінің әрекеттеріне, жұмыс күндеріне рефлексия жасауға, бақылау мен қадағалауды іске асыруға үйрететіні сөзсіз.

Тағы бір ескеретін жайт – сұрақ қоюды қарапайым сұрақтардан бастап, күрделендіріп отыру керек. Қарапайым сұрақтарды әбден меңгермейінше, күрделі сұрақтарды тез, ұтымды меңгеруге қол жеткізе алмайды. Тіпті оларды жаттап алған күнінің өзінде ол сұрақтарды күнделікті өмірде жатық пайдалана отырып, ауызша басқалармен тілдік қатынас, яғни күнделікті тілдік қоланысқа енгізу арқылы қазақ тілінде жатық сөйлеуде қиындықтарға тап болады. Нақтырақ айтқанда, оқушы сұрақ қоя алмайтын болса, өзге адамның қойған сұрақтарына жауап беруде де қателіктерге ұрынып отырады. Сұрақ қоя білу деген сөз – айтылған ойды түсініп, оған өз бетінше қазақ тілінде жауап бере алады деген сөз.

Сұрақ қоюға үйретуде алғашқы кезеңдерде қарапайым, қысқа жай сөйлемдер беріп сұрақ қоюға жаттықтырамыз. Сонан соң сөйлемдерді күрделендіріп, сөйлем аясын кеңейтіп береміз. Бұл жұмыстарға әбден жаттыққан соң, шағын мәтіндер беріп, мәтін құрамындағы әр сөйлемге сұрақ қойдыра отырып талдатамыз. Мәтін құрамындағы әр сөйлемге сұрақ қоя білген оқушы өз бетінше сөйлем құруға дағдыланады. Ондайда тақтадағы сөйлемдердің жасалу жолдары үлгі ретінде алынады. Жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай қадам жасай отырып, дамыта оқытамыз, тіл үйренуде әр оқушыға өз бетімен жұмыс істеуге мүмкіндік жасаймыз. [5]

Дамыту арқылы жұмыс жасағанда тапсырманы бірте-бірте күрделендіріп, қиындата түсу керек. Сөйлем аясын кеңейтуде сөздердің қайталанбауы жөнінде қатаң талап қойылады. Бұл жерде қазақ тілінің сөзге бай тілдер қатарына жататындығы туралы айта отырып, әр сөздің синонимін, антонимін, омонимін, т.б. қолдану керек екендігін ескертіп отырған жөн. Бұл оқушылардың сөздік қорының молаюына, түрлі сөздіктермен жұмыс істеуіне жол ашады.

Сұрақ қою тәсілі арқылы тіл үйретуде тапсырмаларды түрлендіріп отырған жөн. Мысалы, хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдыру, лепті сөйлемді хабарлы сөйлемге айналдыру немсесе керсінше. Ертең біз тауға саяхатқа барамыз – Ертең сендер қайда барасыңдар? Алайқай, әжем ауылдан келді! – Кеше әжем ауылдан келді. Марат, есікті жапшы – Ол Мараттан есікті жабуын өтінді.

Сұрақ қою тәсілі арқылы тіл үйретуде ойын түрлерін де қолдануға болады. Мәселен, «Даналық ағашы» ойыны. Ойын шарты: Шағын мәтін беріледі (өтіліп жатқан жаңа тақырыпқа байланысты). Оқушылар мәтінді тез оқып шығады. Сонан соң әр оқушы мәтін бойынша бір-бір сұрақтан жазып, сандықшаға салады. Ойынды жүргізуші оқушы не мұғалім сандықшадағы сұрақтарды араластырып, бір-бірден алып оқушыларға сұрақ қояды. Оқушылар белсенділік танытып, сұрақтарға жауап беруі керек. Сынып оқушыларының барлығы қамтылу керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Алимов А.Қ. Интербелсенді әдіс – тәсілдерді қолдану. – Алматы, 2021.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі ) деңгей.
3. Рысбаева А.Қ., Қулмышева Н.А., Исмаилова А.Т., Түнғатова Н.Ә. Білім алушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті табыстылығын интерактивті оқыту арқылы қалыптастыру /Оқу – әдістемелік құрал. – Алматы, 2020.
4. Укипедия материалдары https//clck.ru/Px8n9
5. Құнанбаева А.Р. Тиімді сұрақтар қою арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту https//clck.ru/Px9Lp

# ИННОВАЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Омарова С.С.**
Учитель русского языка и литературы школа-гимназия
с. Караоткель, Акмолинская область, Казахстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар мен инновациялар ұғымы, оны модернизациялау тәсілдері қарастырылады. Орыс тілі мен әдебиеті сабағын өткізудің барлық белсенді әдістері мен әдістері.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается понятие инновационных технологий и новаций в системе образования, подходы к ее модернизации. Всевозможные активные методы и приёмы ведения урока русского языка и литературы.

**Abstract:** This article discusses the concept of innovative technologies and innovations in the education system, approaches to its modernization. All kinds of active methods and techniques of teaching Russian language and literature.

Сегодня в наше современное время основной целью обучения является не только накопленные учеником знания, но и подготовка школьника к самостоятельной образовательной деятельности, творческой личности, умеющей самостоятельно делать свой выбор.

«Как сделать урок интересным? Как увлечь учащихся своим предметом? Как создать на уроке успешность каждого ученика?», - каждый учитель задумывался над такими вопросами

Имея огромный багаж педагогического искусства, опыта, мастерства, многолетний стаж работы, педагог на сегодняшний день не может считаться профессионалом без владения инновационными технологиями обучения. Глобальные перемены во всех сферах общественной жизни, как предпосылка становления и развития информационного общества, обуславливают смену парадигмы образования. Как известно, в XXI веке приоритетной становится парадигма «образование в течение всей жизни», которая ориентирует школьное образование на качественную подготовку детей к новым требованиям жизни, так как в информационном обществе на первое место выходит «человеческий фактор». В условиях быстро меняющегося мира становятся актуальными такие способности человека, как работа в команде, генерирование новых идей, выдвижение конструктивных предложений, самостоятельное принятие решений.

Особенностью **«инновационного обучения»** является новый подход к обучению, включающий в себя личностный подход,творческое начало, профессионализм, использование новейших технологий.

**Основными цели инновационного обучения:**

- развитие интеллектуальных, коммуникативных, лингвистических и творческих способностей учащихся;
- формирование личностных качеств учащихся;
- выработка умений, влияющих на учебно-познавательную деятельность и переход на уровень продуктивного творчества;
- формирование ключевых компетентностей учащихся.

**В основе инновационного обучения лежат следующие технологии:**

- развивающее обучение;
- проблемное обучение;
- развитие критического мышления;
- технология “Метод проектов”;
- дифференцированный подход к обучению;
- создание ситуации успеха на уроке;
- информационные технологии.

Использование этих технологий в учебном процессе становится для учеников интересным, все это повышает активность учащихся, развивает навыки самостоятельно получать знания в процессе взаимодействия и поиска. И как следствие, повышается качество и прочность полученных знаний. У ребят развиваются не только исследовательские навыки и умения, но и формируются аналитические способности учащихся. Параллельно с процессом обучения идет развитие коммуникативных качеств и формирование лидерских качеств личности.

При использовании инновационных технологий в обучении русскому языку и литературе можно успешно применять на уроках следующие приемы:

1) опорный конспект;
2) групповая дискуссия;
3) синквейн;
4) ключевые термины;
5) прием Кластер
6) дидактические игры (игра слов);
7) лингвистические задачи;
8) исследование текста;
9) работа с тестами;
10) задания поискового характера;
11) нетрадиционные формы домашней и классной работы;
12) метод проектов;
13) Маршрутный лист.

Остановимся на некоторых из них:

**Метод эссе:** каждый может проанализировать обсуждаемый вопрос, подумать, сделать самостоятельный выбор. Главное правило свободного письма – не останавливаться, не перечитывать, не исправлять. 5-минутное эссе обычно применяется в конце занятия, чтобы помочь учащимся подытожить свои знания по изученной теме. Для учителя – это возможность получить обратную связь. Поэтому учащимся можно предложить два пункта:

1) написать, что они узнали по новой теме;
2) задать один вопрос, на который они так и не получили ответа.

**Метод проектов**, который позволяет эффективно развивать критическое мышление, исследовательские способности аудитории активизировать ее творческую деятельность, медиакомпетентность обучающихся.

Для учебных проектов важно:

1) определить цель исследовательской;
2) обозначить проблему;
3) выдвинуть гипотезу, связанную со способами решения данной проблемы;
4) сформулировать конкретные задачи;
5), составить четкий план проекта (это может быть, например, сценарий будущего медиатекста);
6) осуществить практическое выполнение плана проекта;
7) подготовить отчет по результатам проекта и обсудить его результаты

Существует несколько классификаций нестандартных уроков и множество их видов: урок-семинар, урок-лекция, урок-беседа, урок-практикум, урок-экскурсия, урок-исследование, урок-игра, урок-КВН, урок-защита проекта, урок-диспут, урок-конференция, урок-театрализованное представление, урок-маскарад, урок-путешествие, урок-зачет.

Почти все они позволяют задавать проблемные вопросы и создавать проблемные ситуации, решать задачи дифференцированного обучения, а также повышают познавательный интерес, способствуют развитию критического мышления. Нетрадиционные уроки русского языка и литературы обеспечивают системный анализ лингвистических сведений, развивают языковую наблюдательность. Каждый учитель в своей работе может применять вышеперечисленные виды уроков.

**Кластер** (от англ. cluster — «скопление», «пучок», «созвездие») — это способ графической организации материала, позволяющий сделать наглядными те мыслительные процессы, которые происходят при погружении в ту или иную тему, свободно и открыто думать по поводу какой-либо учебной задачи.

На первом этапе урока происходит вовлечение всех учащихся в процесс. Целью этого процесса является воспроизведение уже имеющихся знаний по данной теме, постановка вопросов, на которые ребятам нужно найти ответы.

На этапе осмысления организуется работа с информацией: обучающиеся читают текст, обдумывают и анализируют полученные факты. осмысление

На стадии рефлексии полученные знания перерабатываются в результате творческой деятельности и делаются выводы.

**Дидактические игры (игра слов)**, вызывают интерес к занятиям по русскому языку. Цель игры – пробудить интерес к познанию, науке, книге, учению. При включении учащихся в ситуацию дидактической игры интерес к учебной деятельности резко возрастает, изучаемый материал становится для них более доступным, работоспособность значительно повышается. Все это создает положительный эмоциональный настрой в ходе урока. На своих уроках я использую некоторые из них: задание по типу «Исключи лишнее», «Узнай меня» и многие другие

Огромное значение для раскрытия творческого потенциала учащегося имеют и **нетрадиционные формы классного и домашнего задания**, которые призваны, с одной стороны, закреплять знания, умения и навыки, полученные на уроке, а с другой стороны, позволяют ребёнку проявить самостоятельность, и самое главное самому найти решение.

**Некоторые из них (типы классного и домашнего задания)**:

- творческая работа (самостоятельно, отвечая на вопрос, ставят к нему цель, приводят доводы, решения, анализируют, делают вывод, доказывая свою точку зрения)
- лингвистическое исследование текста;
- создание презентаций по литературным произведениям;
- художественное чтение (выразительное), инсценировка художественного произведения;
- продолжение неоконченных произведений (учащийся представляет себя в образе автора, пытается творчески подойти к данной задаче);
- составление вопросов к произведению (к правилу) по теме;
- составление конспекта, опорных таблиц, использование кластера;
- презентации (обзор героев произведения, биография писателя);
- письмо по памяти (можно использовать и на уроках русского языка и литературы).

Такие задания активизируют мышление, заставляют учащихся обобщать, систематизировать материал по теме. Ученикам интересно действовать, активно участвовать в ходе урока, ошибаться и искать причины ошибок, формулировать вопросы, доказывать свою точку зрения, самостоятельно искать выход из проблемной ситуации, формулировать цели и задачи, заполнять маршрутные листы, анализировать свои ответы, одним словом, на уроках ребята занимают активную коммуникативную позицию.

Я полностью согласна с тем, что применение новых технологий на разных этапах урока, помогает сделать его результативным, эффективным, интересным, занимательным, а процесс получения умений и знаний для учащихся – продуктивным и творческим.

**Список использованных источников**

1. Концепция воспитания в системе непрерывного образования в Республике Казахстан. Астана, 2009.

2.Мурзалинова А. Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: автореф. дисс. ...доктора пед. наук / А. Ж. Мурзалинова. Алматы, 2003. С.54

3.Джадрина М. Ж. Инновационные процессы в школьном образовании Казахстана как основание для повышения его качества // Открытая школа. № 2 (153), 2016. С. 3-5

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ТІЛДІК ПӘНДЕР БОЙЫНША ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Оразғалиева Ж.Т.**
Жаңадәуір ауылы №5 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Алматы облысы, Іле ауданы, Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары: сабақ кезінде тиімді шешімді қабылдау қабілеті, нақты жағдайларға әдістерді пайдалану біліктілігі, кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындығы, басқару шешімін қабылдай алуы, жұмысының әлеуметтік, адамгершілік қағидаларын меңгеруі қажет. Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның кәсіби құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласындаоқушының жеке тұлға екендігіне ерекше көңіл аударып, білімді нәтижеге бағыттау мақсатында ендіріліп отырған ұғым. Сондықтан оқушыға білім беру үрдісінде қазақтың ауыз әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныта білу – мұғалімнің шеберлігі.

**Аннотация:** В данной статье основными условиями профессиональной компетентности учителя являются: умение принимать эффективное решение во время занятий, умение использовать методы в конкретных ситуациях,готовность к выполнению профессиональных заданий,умение принимать управленческие решения, владение социальными,нравственными принципами работы. Особое место в формировании языковой компетенции в начальных классах занимает устная народная литература. Сказочные герои,загадки, колыбельные, пословицы и поговорки хорошо развивают мышление ребенка.Чем образованнее и креативнее учитель, тем шире сфера его профессиональной компетенций. Поэтому умение представлять казахскую народную литературу как национальную ценность -это мастерство учителя.

**Abstract:** The main components of a teacher's professionalism in this article are as follows: the ability to make effective decisions during lessons, the skill of using appropriate methods in specific situations, readiness to learn from the results of professional development, the ability to accept alternative solutions, and the necessity of developing their social and communication skills for the benefit of their work and relationships with others.Therefore, introducing Kazakh national literature as a national value in the process of education is the teacher's responsibility. The teacher's professional competence and national value promotion go hand in hand.

«Мектептің жүрегі – жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздардың қолында. Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай «Бастауыш сынып пәндерін» оқытуда жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады [28]. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Мен сындарлы оқыту бойынша бастауыш сынып пәндері бойынша әдіс-тәсілдерімен оқытып жатырмын. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді. Атап айтар болсақ халықтық шығармалардың балаларға тигізетін тәрбиелік әсері ұшан теңіз. Бастауыш сыныптарда ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы халық ауыз әдебиетінің алатын орны ерекше. Олай деп айтатын себебім, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, бесік жыры, мақал-мәтелдер, батырлар жыры, шешендік сөздер барлығы дерлік баланың тілін дамытып қана қоймай ой-өрісін тереңінен дамытып жетілдіреді. Мысалға алатын болсақ бастауыш сыныптағы

әдебиеттік оқу сабағында берілген ертегіні өткен кезде оқушылар сабаққа қызыға қатысып, өз ойларын ортаға салып жатады. Халық ауыз әдебиетімізде адам баласының өткен ғасырлардағы тарихи өмірі, тұрмысы, әдет-салты, күн көрісі, шаруашылығы, мәдениетімен таныстырып отырады. Сонымен қатар халық алдында қызмет еткен адал ұлдары мен қыздарын ардақтайды, олардың үздік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп көрсетеді [6].Балаларға арналған халық өлеңдерінде дүниеге жаңа келген жас нәрестенің болашағын ойлап, қолдан келер мүмкіндіктерін соның жолына бағыштауға тырысады.

«Бесік жырында»:

Әлди - әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Қонақ келсе, қой бөпем,

Қой тоқтысын сой бөпем.

Құйрығына той, бөпем,- деп жырлайды халық. [7]. Мұндағы балаға деген сый-құрмет, ықыластар, оның болашақ азаматы болсын деген тілек-мақсаттардан туатыны айтылған. «Бесік жырында айтылатын тілек, ақыл-өсиеттерден халықтың нені аңсап, нені көксегендігі көрінеді»,- дейді М.Ғабдуллин. Бесік жыры бала жұбатуға арналағанмен, оның ішкі мазмұнынан халық өмірінің күнделікті тіршілік тілегімен, өмірімен тығыз байланыстыра айтылатыны көрініп тұрады. Бесік жырының мазмұнына тереңірек үңілсек, оған зер салсақ, одан өмірінің бастан кешірген бар тағдыры көрінгендей болады. Баланы тербете отырып, ана кейде өз басынан кешкен қайғысын да, қасіретін де, өмірден көрген қуанышы мен азабын да қоса жырлайды. Болашақтан күткен зор үмітке, арман-тілекке, біреуге тәуелді болмай, ерікті түрде өмір сүруге жеткізетін осылар болар ма екен дегенді жас ұрпақтың құлағына құйып отырады. Оқу іс-әрекетті жоспарлағанда мұғалімнің білімділігі, ізденімпаздығы, меңгертуі, педагогикалық шеберлігі аса маңызды. Балалардың оқу іс-әрекет үстінде көңіл-күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, танымдылығын дамыту үшін пікір алысу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мұғалімге байланысты болмақ. Тілдік пәндер бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда шебер-мұғалімнің, жаңашыл-мұғалімнің, зерттеуші-мұғалім халық ауыз әдебиетіндегі әрбір мәтіннің оқушы үшін алатын орнының маңызы зор екендігін біледі. Халық тәрбиесі баланың жас басынан көпшіл, ынтымақшыл, сый-сипат көрсете білетін өнегелі адам болуын көздеген, баладан адамгершілік қасиетті талап еткен. Қолы ашық, алақаны жазық береке иесі болсын, жұдырығын түйген сұм болмасын дегенді балаға жас басынан ұқтыруға тырысқан. Баланы күту, бағы, тәрбиелеу, әлпештеп ақ бесікке салу, оның мәңгілік қамқоршысы болу – ата-ананың борышты да басты міндеті деп бағалағандықтан, кәсіби дәрежеге көтерілген мұғалімдер тілдік құзыреттілікті дұрыс қалыптастыруда халық ауыз әдебиетінің алатын орнына үлкен мән беріп оларды сабақта тиімді пайдаланса нұр үстіне нұр болатын еді. Бірінші кезекте мұғалім әрбір сабақ жоспарын құрастырғанда халық ауыз әдебиетіндегі ертегілер, жұмбақтар,мақал-мәтелдерді, батырлар жырындағы кейіпкерлерді пайдалана отырып оқушылардың өз ана тілінің қаншалықты бай екенін түсіндіріп, оны күнделікті өмірде қолдана білуге үйретуіміз қажет. Тілдік пәндер бойынша кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруда халық ауыз әдебиеті күнделікті өтілетін тақырыптарды түрлендіріп, оқушылардың дарындылығын, шығармашылығын дамытып, өмір сүруге өз үлесін қосатынын, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді деп түсінемін. Әрбір оқушы жеке тұлға екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Бірақ, сол жеке тұлғаны қалыптастыруда қандай іс-әрекет жасап жатырмыз деген сұрақ мені көп мазалайды. Ол үшін белсенді оқытуды тиімді пайдалана білуіміз қажет деп ойлаймын. Ал, білім беруде тілдік пәндердің кәсіби құзыреттілкті жетілдіру мақсатында өз пәнін жетік білетін ұстаздың оқушыны шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатыны белгілі**.** Халық ауыз әдебиеті ұлттық тәрбиенің көзі екенін білеміз. «Халықтан асқан ұлы ұстаз жоқ»демекші халық ауыз әдебиетіндегі мол мұралар балалардың рухани азығын жетілдіретін негізгі нәр болмақ. Халықтың асыл қазынасымен астасып жататын шешендік сөздер ойымызды дәлелдей түспек Тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда әдебиеттік оқу пәніне ерекше тоқтала кетсем артық болмас.

Мысалы, «Жиренше шешеннің айтқандарындағы» шешендік сөздерді алайық.

- Бұл дүниеде кім жетім? - деген сұрақ қойыпты хан Жиреншеге.

- Ата қонысынан ауған ел жетім, серіксіз ер жетім, жаңбырсыз жер жетім, - деп жауап қайтарыпты Жиренше.

- Бұл жалған дүниеде кімнің төрт құбыласы тең болады?

- Түзу мылтық, қыран құс, жүйрік аты бар, мінез-құлқы мінсіз қатыны бар ердің төрт құбыласы тең болады. Жауы үйде,досы түзде ханнан қайғылы кім бар? - деп жауап беріпті шешен [50]. Осы шешендік сөздер шағын драмалық көрініс сияқты. Онда тыңдаушының ғибрат алар өнегесі көп.

Ауыз әдебиетінің бір саласы – ертегілер. Осы ертегілердің өзі тілдік пәндер бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Қазақ ертегілері халықтың тұрмысының әр түрлі шақтарын көрсетеді. Мысалы, бір ғана «Аяз би» ертегісінің өн бойынан қаншама ұлттық бояуларды табуға болады. Ғасырлар бойы халық тұрмысымен бірге қайнасып, ұлттық дәстүрді бойына сіңірген, мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелер, айтыстар өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға негіз бола алады. Әдебиеттік оқу пәнінің әр сабағы өз ана тіліміздің кереметтігінің мәнін ашып,адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы тереңінен біліп, әрбір оқушының өз ана тіліне деген құрметін арттырады. Бұл пән арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері қалыптасады. Сабақтағы басты нәрсе – мәтін. Мәтін көркем туындыда тірі ағза сияқты. Онда сол шығармаға жан, нәр, қуат беріп тұрған қан тамырлары, жүйелері бар. Мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауды, соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, еліктеу, әр түрлі психологиялық рең ерекше көрінеді. Әдебиеттік оқу пәні – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі де осында жатса керек. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында оқушының жеке тұлға екендігіне ерекше көңіл аударып, білімді нәтижеге бағыттау мақсатында ендіріліп отырған ұғым. Сондықтан оқушыға білім беру үрдісінде қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныта білу – мұғалімнің шеберлігі.

Ұлттық құндылық дегеніміз – тұтас бір жүйе. Оған халықтың көркем мәдениеті немесе халық өнері,сондай-ақ халықтың әлеуметтік және мәдени қауымдастық ретінде пайда болуымен бірге туындаған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралғылар, ұғым-түсініктер, дағды, көзқарастар жатады [9]. Көркем әдебиеттің өзіндік ерекшелігін таныту үшін мұғалім әдебиеттанушы ғалым, зерттеуші болуға міндетті. Онсыз көркем әдебиеттің табиғатын өзі де тани алмайды, шәкірттерін де шығарманың шырынына тереңдете алмайды, эстетикалық табиғатын аша алмақ емес. Сол үшін ең бірінші мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі жоғары дәрежеде болуы керек. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше. Қазақтың салт-санасын жаңғырту еліміздің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, төл құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу – ұлттық идеяның негізгі бағыты [4]. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Құзырлылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген

мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді [21]. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары: сабақ кезінде тиімді шешімді қабылдау қабілеті, нақты жағдайларға әдістерді пайдалану біліктілігі, кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындығы, басқау шешімін қабылдай алуы, жұмысының әлеуметтік, адамгершілік қағидаларын меңгеруі қажет. Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, білік дағдыларын дамыта отырып оқытуымыз дұрыс. Оқушының білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Оқушыны жақсы көре білмеген, бар жүрегімен сүйіспеншілігін көрсете алмаған ұстаздан білікті маман иесі шығуы мүмкін емес. Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінін бірі деп есептеледі. Зерттеуші мұғалім кәсіби деңгейі жоғары тұлға. Ол өзінің атқаратын қызметінің маңызын терең түсіне отырып, біліктілікпен жұмыс істейді. Зерттеуші мұғалімге тән ерекшелік парасаттылықты және нәзіктілікті арттыра отырып, ақылмен еңбектену; өзін қоршаған ортаға жаңа көзбен қарап, жаңа идеяның тамырын ашып, терең зерттей білуі керек деп ойлаймын. Тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» деп тұжырым жасаған екен. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тәрбиелеу керек.Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім [41]. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса, барлық салаға өзінің теріс әсерін тигізетіні шүбәсіз. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Балам» деген жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады» деген. Сондықтан ел болып, жұрт болып ұрпақ тәрбиесін қолға алу – басты шаруа. Тәрбие барысында ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз еліміздің әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп сеніммен айта аламын [5]. Білім беруде басты тұлға мұғалім екенін ескерсек, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту бүгінгі күннің басты шарты болып табылады. Қай заманды алсақта озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін, ұстаздың көкірегі ашық, көңілі ояу болуы хақ. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оқушының шынайы келбетін ашып, өмірге бейімдей алады. Ендеше мемлекетіміздің білім қызметкерлеріне қойылатын талап та айтарлықтай өзгеретіні белгілі. Жаһанданудың жаппай дамуына жұтылып кетпейтін саналы ұрпақ тәрбиелу «Мәңгілік ел» болып қалыптасуымызға, мұғалімнің жаңа формацияда жұмыс жасауына, нәтижеге бағытталған білім беруге жетелейді. Жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


1. Жарқынбеков С.Д, Сманқұлова Ж.Е. XXI ғасыр мұғалімі; 12 жылдық мектептегі бастауыш сынып мұғалімдеріне, білім органдарының жетекшілері мен әдіскерлерге, инспекторларға арналған көмекші құрал – Алматы, 2006 ж.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Мұғалімге арналған нұсқаулық 4-5 беттер Нұр-сұлтан, 2018 ж.
3. Сегізбаева О.А. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, Ғылым, 1999 ж.
4. Білімдегі жаңалықтар. №4 2009ж.
5. Кенжебеков Б.Т. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін

дайындалған диссертациясының автореферати. Жоғарғы оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. - Қарағанды, 2005.
6. Ғаламтор «Google» сайтыАуыз әдебиеті
7. Уикипедия - ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

# УРОВНЕВОЕ СОДЕРЖАНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГОВ В УСЛОВИЯХ НЕПРЕРЫВНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**Подалюк М.Г.**
Учитель английского языка КГУ «Белоглинской основной средней школы», Костанайская область, Карабалыкский района, село Белоглинка, Казахстан

**Андатпа:** Мақалада негізгі компоненттер қарастырылады ағылшын тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі, кезеңдері және оның педагогикалық шарттары қалыптастыру және дамыту. Мұғалімдердің үздіксіз кәсіби білімі білім беру сапасын арттыруда және мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің негізгі аспектілерінің бірі-олардың деңгейлік мазмұны, яғни ағылшын тілін сәтті оқыту үшін қажетті білім, Дағдылар деңгейі.

**Аннотация:** В статье рассматриваются основные компоненты профессиональной компетентности учителя английского языка, этапы и педагогические условия её формирования и развития. Непрерывное профессиональное образование педагогов играет важную роль в повышении качества образования и развитии профессиональных навыков учителей. Одним из ключевых аспектов профессиональной компетентности педагогов является их уровневое содержание, то есть уровень знаний, умений и навыков, необходимых для успешного преподавания английского языка.

**Abstract:** The article discusses the main components of the professional competence of an English teacher, the stages and pedagogical conditions of its formation and development. Continuous professional education of teachers plays an important role in improving the quality of education and the development of professional skills of teachers. One of the key aspects of teachers' professional competence is their level content, that is, the level of knowledge, skills and abilities necessary for successful teaching of English.

Непрерывное профессиональное образование играет важную роль в развитии компетентности педагогов. Однако, для эффективного развития и оценки компетентности педагогов необходимо иметь четкую структуру и уровневое содержание компетенций.

Уровневое содержание компетентности педагогов представляет собой систему описания и классификации навыков, знаний и умений, которыми должен обладать педагог на разных этапах своей профессиональной карьеры. Это позволяет педагогам понимать, какие навыки они должны развивать и какие уровни компетентности они могут достичь.

Оценивание уровней компетентности педагогов в условиях непрерывного профессионального образования может осуществляться с помощью различных механизмов. Некоторые из них включают:

1. Портфолио: Педагоги могут создавать портфолио, в котором они демонстрируют свои достижения, профессиональные проекты, рефлексию и развитие своих компетенций. Это позволяет педагогам регулярно оценивать свой прогресс и устанавливать новые цели.

2. Самооценка: Педагоги могут использовать инструменты самооценки, чтобы оценить свои компетенции на основе определенных критериев. Это помогает им осознать свои сильные и слабые стороны, а также определить области, требующие дальнейшего развития.

3. Внешнее оценивание: Внешние эксперты или организации могут проводить оценку компетентности педагогов на основе установленных стандартов и критериев. Это может включать наблюдение за уроками, интервью, анализ педагогических материалов.

Современное образование требует от педагогов постоянного развития и совершенствования своих навыков. Это особенно актуально в контексте преподавания

иностранных языков, таких как английский, где требования к уровню компетентности педагогов постоянно меняются. Для эффективного обучения иностранным языкам необходимо разрабатывать уровневое содержание компетентности педагогов и механизмы оценивания этой компетентности. В данной работе рассматриваются основные аспекты этой проблемы [1].

Для того чтобы эффективно оценивать компетентность педагогов, необходимо разработать уровневое содержание, которое бы определяло не только базовые требования к педагогам, но и уровни их профессиональной подготовки.

Как известно, качество образования в большой степени зависит от компетентности и уровня профессиональной подготовки учителя. В условиях модернизации системы образования, профессиональная компетентность учителя английского языка приобретает особенно важное значение. Преимущественно, если учитывать, что иноязычное образование имеет свою специфику, так же как и предмет «Иностранный язык». Его целью является формирование и развитие у обучающегося важнейших социально значимых функции: коммуникативной, информационной, образовательной, развивающей, воспитательно-формирующей, культурологической и гуманитарной. Следовательно, повышение профессиональной компетентности педагога – необходимое условие модернизации современного образования.

В настоящее время компетентным, скорее, можно назвать не специалиста, обладающего энциклопедическими знаниями, а человека, который умеет применить имеющиеся у него знания на практике в реальной жизни. Ценятся личностные качества, позволяющие разрешить конфликт, найти общий язык и договориться.

По мнению А.В. Хуторского, компетентность учителя английского языка – это комплекс профессиональных и личностных качеств (компетенций) педагога, которая определяет эффективность его педагогической деятельности.

Педагогическая деятельность учителя английского языка развивает способность логически верно выстраивать устную и письменную речь, владетьанглийским языком на уровне, который позволяет получать и оценивать информацию из зарубежных источников, формирует готовность к толерантному восприятию социальных и культурных различий, уважительному и бережному отношению к историческому наследию и культурным традициям, способствует применению навыков публичной речи, ведения дискуссии и полемики, развивает способность разрабатывать и реализовывать учебные программы базовых и элективных курсов в различных образовательных учреждениях [2].

Главной целью моей педагогической деятельности является формирование коммуникативной компетентности обучающихся, воспитание уважения к языку, людям и их традициям, развитие гармоничной личности, общих способностей, эрудиции школьников в соответствии с индивидуальными особенностями и возможностями каждого ребёнка.

Задачи, которые ставлю перед собой – это обеспечивать высокий уровень знаний учеников, умение самостоятельно приобретать и применять их на практике;создавать условия для поисковой и исследовательской деятельности;воспитывать культуру труда, человечность и милосердие, духовность, бережное отношение к окружающему миру;сотрудничать с родителями обучающихся.

Коммуникативный подход обучения английскому языку, как следует из его названия, направлен на практику общения. В результате такого подхода в обучении формируется, реализуется и действует система владения английским языком как средством общения в широком смысле этого слова. Систематизируя речевую деятельность, я учитываю, что для обучения общению на английском языке значимыми являются как специальное, так и взаимосвязанное обучение видам речевой деятельности, в том числе говорение, аудирование, чтение и письменная речь.

В основе взаимодействия с классом на занятиях лежит сотрудничество, диалог учителя и ученика, которые направлены на совместное конструирование деятельности. При этом важно учитывать индивидуальные особенности ребёнка, интересы личный «субъективный»

опыт. Для эффективности урока применяю следующие современные педагогические технологии: информационно-коммуникационные, игровые, цифровые, проектные технологии, личностно-ориентированный подход, обучение в сотрудничестве, технологию проблемного обучения, что позволяет повышать качество образования, мотивацию обучающихся, создать ситуацию успеха и помочь обучающимся увидеть практическую направленность изучения английского языка.

С учащимися на уроках сочетаю приёмы фронтальной, групповой и индивидуальной работы. Использую не только классические формы уроков, но и нетрадиционные: урок-путешествие, урок-викторина, урок-соревнование, урок-игра, урок защиты проектов. Большое внимание уделяю использованию нестандартных форм изучения предмета, так как нетрадиционные уроки наряду с обязательным курсом создают условия для более полного осуществления практической, воспитательной, образовательной, развивающей целей обучения. Они являются одним из средств повышения мотивации, которая в свою очередь – важное условие при изучении иностранного языка. Интерес повышает желание учить и познавать, а значит, обеспечивает прочность знаний.

Постоянно стремлюсь к самосовершенствованию, прохожу курсы повышения квалификации в разных формах (очной и дистанционной), участвую в ежегодном областном методическом дне для учителей иностранных языков, даю открытые уроки и мастер-классы. Активно распространяю свой педагогический опыт, выступая на заседаниях творческой группы школы, публикую свои методические разработки.

Образовательная программа нашей школы предполагает вовлечение обучающихся в создание учебных проектов. Проектная методика является для меня эффективным приемом организации учебной деятельности. В процессе такой работы обучающиеся овладевают языком в совместной деятельности, возникает деловое сотрудничество: дети взаимодействуют с другими участниками и учителем, они получают удовлетворение от своей работы. В ходе работы над проектом, актуальны все виды деятельности – чтение, аудирование, говорение и письмо. У школьников формируются навыки самостоятельной исследовательской деятельности, развиваются умения работать с источником, анализировать, сравнивать и обобщать информацию.

Применяемая на уроке групповая форма работы обеспечивает активную деятельность каждого ученика в течение всего урока, максимально увеличивает время говорения каждого школьника [1].

В школе дети кроме психологической, получают и большую умственную нагрузку. Быстро утомляясь, они отвлекаются, внимание их рассеивается. На уроках английского языка на начальном этапе предупреждение переутомления обучающихся возможно на основе песен и рифмовок. С их помощью провожу физкультминутки с целью профилактики нарушений осанки и зрения; активизируются внимание, память, умственная работоспособность, снимается умственное и физическое напряжение. Кроме того, развивается речь, обогащается словарный запас, отрабатывается произношение, а самое главное, поддерживается интерес детей к изучению английского языка. При этом важно, чтобы такие физкультминутки не способствовали перевозбуждению нервной системы ребенка.

Каждый учитель знает, насколько важен систематический подход при изучении любого предмета. Английский язык в этом отношении не является исключением. Невозможно изучать язык хаотично, не выделяя и не обобщая определенных тематических блоков, поэтому в своей работе применяю обобщающие уроки. Обобщающие уроки дают ученику возможность воссоздать полную картину изученного по данной теме, а также способствуют появлению желания сделать следующий шаг в открытии неизвестного иностранного мира, то есть создают мотивации. На уроках применяю разные виды контроля как неотъемлемую часть учебно-воспитательного процесса, нацеленного на определение уровня знаний, умений и навыков обучающихся и формирование на этой основе оценки за определенный раздел программы или периода обучения. В своей работе особое место отвожу оценке как мотивирующей функции в обучении. Основными принципами контроля оценивания знаний

обучающихся считаю следующие: объяснять оценки, замечать успех ученика, а не недостатки, считать оценку не целью, а средством развития ученика, создавать ситуацию успеха на уроке.

Внеклассные мероприятия, в т.ч. литературно-музыкальные гостиные, фестивали английской музыки и поэзии, КВНы, дают возможность повысить интерес обучающихся к английскому языку, расширяют их кругозор, сообщают дополнительные сведения о языке, дают возможность хорошо мотивированным обучающимся заниматься дополнительно. Дети с развитыми способностями и склонностями к музыке и английскому языку разучивают песни на английском языке и принимают активное участие в различных фестивалях муниципального уровня. Яркие костюмы, декорации, музыка, чтение стихотворений, исполнение песен на изучаемом языке создают атмосферу незабываемого праздника и вызывают у детей желание изучать английский язык [4].

После уроков готовлю обучающихся к участию в олимпиадах и конкурсах разных уровней и имею благодарности за подготовку победителей и призеров.

Постоянно занимаюсь анализом своего собственного педагогического опыта. В результате самоанализа развиваю свои исследовательские навыки, которые качественно дополняют педагогическую деятельность в целом.

Таким образом, хорошо подготовленный учитель, который может вызвать у школьников интерес и желание заниматься иностранным языком, является одним из главных факторов формирования мотивации к изучению иностранных языков. В нашей школе создана доброжелательная атмосфера, способствующая профессиональному росту учителя, развитию его творческих способностей, самообразованию. Большинству педагогов характерны высокое качество выполнения трудовых функций, культура труда и межличностных взаимоотношений, умение инициативно и творчески решать профессиональные проблемы. Мы культивируем вежливые формы обращения, уважаем личность и труд каждого учителя, оказываем друг другу всестороннюю помощь и поддержку, делимся опытом работы.

В статье первого президента РК «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» говорится о том, что каждый казахстанец должен овладеть компьютерной грамотностью, знать иностранные языки, быть «культурно открытым» и непрерывно получать новые знания. Это позволит стать нации конкурентоспособной. Президент предлагает меняться без ущерба истории и культуре. Мы видим и пути достижения целей, намеченных им, которые могут реализоваться в рамках сотрудничества не только внутри нашей страны, но и за её пределами [3].

**Список использованных источников**

1. Барлыбаев Х. А. Глобализация: вопросы теории и практики // Век глобализации. Вып. № 2. 2008. [Электронный ресурс] URL: http://www.socionauki.ru/journal/articles/129849/

2. Войтович И. К.Иностранные языки в контексте непрерывного образования: монография / под ред. Т. И. Зелениной. – Ижевск: Изд-во «Удмуртский университет», 2012. – 212 с.

3. Статья Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания«URL: http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

4. Хуторской, А.В. Ключевые компетентности как компонент личностно-ориентированного образования / А.В. Хуторской // Народное образование. -2003.-№2.-90с.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫЛАТЫН СЫНЫПТАРДА «КӨКСЕРЕК» ШЫҒАРМАСЫН ЖАҒДАЯТТЫҚ КЕЙС НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДӘЛЕЛДІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

**Сулейменова М.М.**
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, п.ғ.м.
Химия-биология бағытындағы НЗМ Қарағанды, Қазақстан

**Аңдатпа:** Мақалада мұғалім педагогикалық іс-тәжірибесін зерттеу нәтижесімен бөліседі. Қазақ тілі екінші тіл болып оқытылатын сыныпта «Көксерек» шығармасы негізінде оқушылардың зерттеушілік және дәлелді сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған іс-әрекеттегі зерттеуде кейс әдісін пікірталас әдісімен кіріктіре қолданудың тиімділігі зерделенеді. Оқушылардың ақпараттарды іріктеу, байланыстыру, талдау секілді зерттеушілік дағдыларын дамытуда кейс әдісі мен дәлелді сөйлеу дағдысын дамытуда пікірталасты қолданудың тиімділігіне көз жеткізеді.

**Аннотация:** В статье учитель делится результатами изучения педагогической практики. В классе, где казахский язык преподается как второй язык, на основе произведения» Судак" изучается эффективность интегрированного использования кейс-метода в дискуссионном методе в деятельностном исследовании, направленном на развитие у учащихся навыков исследовательской и аргументированной речи. Обеспечивает эффективность использования кейс-метода и дискуссии в развитии навыков аргументированной речи в развитии исследовательских навыков учащихся, таких как отбор, связывание, анализ информации.

**Abstract:** In the article, the teacher shares the results of studying pedagogical practice. In the classroom, where Kazakh is taught as a second language, based on the work "Sudak", the effectiveness of the integrated use of the case method in the discussion method in an activity study aimed at developing students' skills of research and reasoned speech is studied. Ensures the effectiveness of the use of the case method and discussion in the development of reasoned speech skills in the development of students' research skills, such as selection, linking, information analysis.

Еліміздегі білім беру бағдарламасы бойынша орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым секілді төрт тілдік дағдыны дамытумен қатар, қазақ тілінің грамматикасы мен қазақ тілінде жазылған көркем шығармаларды меңгертуді мақсат етеді. Қазақ тілі екінші тіл ретінде оқылатын сыныптарда көрініс табатын басты мәселелер деп оқушылардың сөздік қорының аздығы, грамматикалық бірліктерді қате қолдану, сенімсіз дәлелдер, психологиялық жай-күйіндегі сенімсіздік, үрей, ұялшақтық секілді сезімдердің орын алуы ықпал етеді. Осы орайда 9-орыс сынып оқушыларының академиялық сөздік қорын және өз көзқарасын сенімді аргументтермен дәлелдей алу дағдыларын дамыту қажеттілігі туындады.

Оқушылардың көзқарасын сенімді дәлелдей алу дағдылары неліктен маңызды? Назарбаев Зияткерлік мектептерінің сыртқы жиынтық бағалау емтиханында оқушылардың оқылым және жазылым компоненттері бойынша өз ұстанымын білдіре алуы, оны сенімді аргументтермен дәлелдей алу дағдылары бағаланады. Іс-әрекеттегі зерттеу аясында 9-сыныптардың 26 оқушысынан алынған кіріс сауалнамасының қорытындысы бойынша оқушылардың өз көзқарасын дәлелдеуде *«тақырыпқа қатысты сенімді аргументтер келтіру», «дереккөздерден қажетті ақпаратты іріктеу», «аргументтерді өзара байланыстыра алмау», «ойды әсерлі жеткізуге ықпал ететін көркем сөз қорының аздығы»* секілді қиындықтарды көрсеткен. Ал өз ойын ауызша білдіру кезінде оқушылар ұялу, ашуланшақтық секілді эмоциялардан қарағанда 12 оқушы *қобалжу,* 14 оқушы *қорқыныш*, 16 оқушы *сенімсіздік* секілді жағымсыз эмоционалды қиындықтарды басынан өткереді. Ситуацияны *пікірталас, рөлдік ойын, кейстер* арқылы талқылаған ұнайды екен.

Сауалнамадағы оқушы «үнін» негізге ала отырып, оқушылардың дәлелді сөйлеу дағдыларын дамытуда пікірталас пен кейс әдісін кіріктіре қолдануды шештім. Іс-әрекеттегі зерттеу бойынша сабақтарды жоспарламас бұрын алдымен «пікірталас және кейстің оқытуда қолдану тиімділігі қандай?» деген сұраққа жауап алу мақсатында ғылыми еңбектер зерделенді. Пікірталас- даулы мәселені түрлі көзқарастар тұрғысынан салыстыру, талдау, зерттеу арқылы

шынайы пікір білдіре отырып, мәселені шешу болып табылатындықтан, мәселені жан-жақты талдуда алған білімнің ұзақмерзімді болуы, оқушылардың өзара қарым-қатынасы, пікірлерін өзара толықтыру олардың сенімділігін арттырады екен [1]. Ал кейс әдісінің тиімділігі өмірлік жағдаяттарды талқылау кезінде білімінің толығуы, ақпаратты іріктеу, талдау дағдысын дамыту арқылы оқушылардың өзіндік белсенді әрекеті ұйымдастырылатындығы болып табылады [2].

Қазақ тілі екінші тіл болып саналатын 9Е сыныбында «Жағдаяттық кейс әдісі арқылы пікірталаста көзқарасын сенімді дәлелдеу дағдыларын дамыту» деген кәсіби даму мақсаты аясында кейс және пікірталас кіріктіре қолданылатын іс-әрекеттегі зерттеу сабағын өткізу жоспарланды. Зерттеу сабағы «Жер планетасы және адамзат» тарауы бойынша М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасымен байланыстырылып, *«Пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру»* деген оқу мақсатына құрылды. Т2 сыныптарында көркем шығармаларды меңгерту үлкен дайындықты қажет ететін болғандықтан, алдыңғы сабақта «Көксерек» әңгімесі бейімделіп, сөздікпен жұмыс түрлері жасалынып, шығарма мазмұнын меңгеру жұмыстары жүргізілді. Зерттеу сабағына қажетті ресурстар мазмұны биология, этнография, қазақ әдебиеті пәндерімен байланыста құрылды.

XXI ғасырың басында туған балалар Z ұрпақтары деп саналады, өйткені олар ғылым мен технология дәуірінде туғандықтан, сандық технологияға қызығушылығы жоғары [3]. Осыны ескере келе оқушылардың қызығушылығын ояту және шығарманың мазмұнын еске түсіру үшін сабақтың басында www.liveworksheets.com онлайн қосымшасы арқылы оқушылар өз телефондарынан тақтада көрсетілген QR кодты сканерлеу арқылы шығарма мазмұнына сай келетін 4 ақпаратты анықтап, әр оқушы бірден өз нәтижесін көруге мүмкіндік алды. Ал тапсырманы интерактивті тақтада орындайтын оқушы https://flippity.net қосымшасындағы рандом арқылы таңдалды. Жоспарлауда болжағанымдай оқушылар бұл тапсырма түрін қызығушылықпен еш қиындықсыз орындап, жақсы нәтиже таныта алды. Ал тақтадағы оқушы өз нәтижесін тексеру кезінде 1 ақпараттың қате екенін байқады. Аталған платформа сабақтарымда жиі қолданылатындықтан, тапсырманың нәтижесіне қарай оқушылардың шығарма мазмұнын жақсы меңгергендерін байқауға болады.

Сабақ мақсатын анықтауға оқушылар қалай қатыстырылды? Сабақта оқушылар алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған жету үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана оқу мақсатына қол жеткізеді. Сондықтан да оқу мақсатынан күтілетін нәтижені, яғни бағалау критерийлерін жай ғана хабарлаудан гөрі, оқушылардың өздеріне талқылатуды жоспарладым. Неге десеңіз, бағалау критерийлерін оқушылармен бірге талқылау олардың өз біліміне деген жауапкершілік сезімдерін оятып қана қоймай, іріктелген бағалау критерийлерінің оқу мақсатымен байланысын дәлелдейді. Оқу мақсатынан күтілетін нәтижені түсінгендіктен, сабаққа да белсенді қатысады. Оқушылар оқу мақсатына сай келетін екі бағалау критерийін дұрыс анықтап қана қоймай, олардың оқу мақсатымен байланысын дәлелдей де алды.

Сабақтың негізгі кезеңін жоспарлауда *«Оқушыларды оқу үдерісіне тарту үшін қандай әдістер мен ресурстар тиімді болады?»* деген сұрақ туындады. Ойлана келе, сабақты сот-сабақ түрінде өткізуге тоқталдым. Ол үшін сот-сабақта талқыланатын мәселені кейс арқылы берген дұрыс деп танып, сотқа шағымданушы адамдардың атынан шығарма мазмұны негізінде шағын кейс әзірленді. Сот процесі болғандықтан, оқушылар пікірталас арқылы шығармадағы адам мен қасқырлар тобы болып өз мүдделерін қорғайды деп жоспарланды. Осы орайда бұл тапсырма түрін қалай орындатқан нәтижелі болады деген сауалға ойлана келе, оқушыларды тілдік деңгейлеріне қарай 3 топқа алдын-ала бөлдім. «Көксерек» және «Адамзат» топтары тілдік деңгейі жоғары, орта болатын 5 оқушыдан топтастырылды, өйткені топтағы оқушылар топтық талқылау және топ алдында сөйлеу кезінде бір-біріне өзара қолдау көрсетеді деп жоспарланды. Ал адам мен қасқырлар арасындағы араздықтың туындау себептері мен салдарын және кінәлі тарапты анықтап, үкім шығару, адам мен қасқыр арасындағы араздықты болдырмауға және табиғат заңын бұзбауға қатысты шешім ұсынатын «Сот» тобына тілдік

деңгейі жоғары 3 оқушы таңдалды. Біріншіден, сот-оқушылар екі тарапқа ұсынылатын қосымша ресурстармен жұмыс жасайды. Екіншіден, екі тараптың дәлелдемелерін тыңдайды, дәлелді үкім шығарады және мәселені оңтайлы шешудің тиімді жолдарын ұсынулары қажет болады.

Әр топ өз мүдделерін қорғауда аргумент ретінде қолдана алуы үшін түрлі ресурс көздерінен қасқырдың биологиялық ерекшелігі, қасқырға қатысты қазақ танымындағы ұғым-түсініктер туралы ақпараттар жинақталып, бейімделді, іріктелді. Сабақта бірден топтық талқылау және аргументтерді іріктеу, өзара байланыстыра алу жұмыстарымен айналысуға кірісуі үшін оқушылар жинақталған ресурстармен «Төңкерілген сынып» әдісі негізінде алдын-ала үйде танысып келді. Бұл - сабақта уақытты тиімді қолдануда таптырмас әдіс, себебі негізгі уақыттың көп бөлігі оқушылардың мәтіндермен танысып, түсінулеріне емес, зерттеушілік бағыттағы жұмыстармен айналысуға жұмсалады. Оқушылар алдыңғы сабақта қандай ресурспен жұмыс жасайтындықтарын біліп келетіндіктен, психологиялық жағдайы да тұрақты болады, сәйкесінше сабақта сенімді әрі белсенді әрекеттеседі. Сонымен қатар қазақ тілі екінші тіл болып оқылатын сынып екендерін ескере келе, оқушыларға тілдік қолдау көрсету мақсатында сынып қабырғаларына тақырыпқа қатысты шығарма сюжетін еске түсіретін суреттер мен сөз тіркестері және мақал-мәтелдер ілінді. Оқушыларға таныс емес сөздер ресурстардың ішінде синонимі және аудармасымен берілді. Әр топқа қосымша материалдар, көркем шығарма және тапсырма мен дескрипторлар таратылды.

Іс-әрекеттегі зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерге шолу жасауда Колумбиядағы Ла Сабана университеті зерттеушілерінің студенттердің аргументтеу дағдыларын дамытуда кесте-органайзерлерді қолдану тәжірибелеріне сүйене отырып, топтағы оқушылардың өз мүдделерін қорғауы үшін жетекші сұрақтар және ресурстар мен көркем шығармадан ұстанымдарына дәлел болатындай іріктелген аргументтерді түртіп алатын, әр жүйелі сөйлеулеріне көмек болатын кесте-органайзер құрастырылды. Сабақ кезінде тілдік деңгейі төмен оқушыларды қолдау мақсатында өз көзқарасын ауызша дәлелдеуде қолдана алатын клишелер мен сөз тіркестері ұсынылды. Әр топтың ішінде топтық жұмысты ұйымдастыратын топ көшбасшылары тағайындалды. «Адамзат» және «Көксерек» тобының топ басшылары бірден сұрақтарды талқылап, екі сұрақты топтағы екі оқушыға бөліп беріп, қалған бір сұрақты өзі талқылауға кірісіп кетті. Мысалы,«Адамзат» тобына *«Қасқырдың күшіктеріне неге қиянат жасадыңыздар?», «Ауылда Көксеректен қандай зиян көрдіңіздер?», «Адамдар қасқырларға қандай мейірімділік көрсетті?»* деген жетекші сұрақтарға топ өз мүдделерін қорғауда шығармадан күшіктер өссе, ауылдың адамдар мен малдарына қауіп төнетіндігін, Көксеректің ауыл малдарына жасаған шабуылын, ауыл иттерін қорқытқанын, Құрмаштың жасаған қамқорлықтарын қосымша ресурста берілген қасқыр аулайтын аңшылардың күшіктің біреуін тірі қалдырып кететін себебі - аң да болса баласыз қалмасын деген аяушылық сезім көрсеткендерін дәлел ретінде ұсынды. Ал «Көксерек» тобының дәлелдері әлдеқайда сенімді әрі шығарма мен қосымша ресурстарды өте жақсы байланыстыра алуымен ерекшеленді. Мысалы, бұл топтың оқушылары өз мүдделерін қорғауда қасқырдың өз жемтігін өзі тауып жейтіндігін, үй жануары бола алмайтындығын, ит сияқты еркелей білмейтіндігін, ол еркіндікті қалайтын аң екендігін, тіпті циркте де қасқырдың ешқашан үйретілмейтінін шығармадағы адамдардың қасқырларға жасаған озбырлықтарымен байланыстыра отырып, Құрмашты өлтіруінің себептерін бөлтірік кезінен адамдардан көрген жамандығын, Құрмаштың оны үй жануары еткісі келгендігін, бөлтіріктеріне жасаған қатыгездіктен туындаған кек қайтару деп түсіндіріп, өз ойларын «Қасқыр байлағанға көнбес, шошқа айдағанға көнбес» деген мақалмен түйіндеді.

Екі тараптың да пікірлерін тыңдаған «Сот» тобы табиғат заңдылығының бұзылуына кінәлі тарап «Адамзат» тобы деп таныды, оны шығарма мазмұнымен байланыстыра отырып дәлелдеді. Адам мен қасқыр арасындағы араздықты шешудің тиімді жолдары ретінде, адамдардың қасқырларға жасаған қиянатын кешіру үшін өтемақы ретінде қасқырларға бір-бір қойдан беру және қасқырларға інге жақын ауылдардың малына шабуыл жасамай, қорғауды, ал адамдарға қасқырдың апаны бар аймақтардан алыс қоныстануды ұсынды.

Сот-сабақ соңында тараптардың сот үкімімен келісетін-келіспейтіндіктерін анықтау үшін, бағдаршам әдісі қолданылды. Егер келіскен жағдайда қолдарындағы жасыл түсті, келіспесе, қызыл түсті көтеру тапсырылды. «Адамзат» тобындағы бір оқушы қызыл бағдаршамды көтеріп, сот үкімімен келіспейтіндігін білдірді. Алайда сот тобындағы Даяна деген оқушы адамды қасқырдан ерекшелейтін оны санасы екендігін, бірақ олардың қасқырдың ешқашан да қолға үйретілмейтін аса қауіпті жыртық екендігін біле тұра жасаған әрекеттерін ақтауға болмайтындығын алға тартып, бөрінің баласын қанша асырасаң да, ит болмайтындығын айтып, үкімдерінің әділ екендіктерін дәлелдеді.

«Көксерек» тобындағы бір оқушының ресурстардан ақпарат іріктеумен және топтық топтық талдауда аса белсенділік танытып отырмағанын байқадым. Бұдан қандай ой түйдім? Келесі сабақтарда топтық жұмыста оқушылардың мотивациялық типтерін ескере отырып, жеке тапсырмалар беру қажет. Сыншы досыммен сабақты талдау барысында кесте-органайзерді қолдану оқушылардың жүйелі зерттеу жасауына, көзқарастарын дәлелдеуіне, пайымдауларын негіздеуде тиімді құрал болатындығы туралы ойым нәтижесін көрсетті, сондықтан да кесте-органайзерлерді түрлендіріп қолдануды сабақтарыма жиі енгізетін боламын.

Оқушылардың зерттеу әрекеті топтық жұмыс арқылы ұйымдастырылғанымен, өзін-өзі бағалау тиімді деп танылды. Неге десеңіз, топтық бағалауда топтағы әр оқушының үлесі байқалмайды, бұл бағалаудың сындарлы болғанына күмән туғызады. Сондықтан да бағалау критерийлеріне орта, төмен, жоғары деңгейлі рубрикаларға құрылған бағалау парағы әзірленді. Әр оқушы рубрикалардың көмегімен топтағы өзінің үлесін нақты бағалайды және біліміндегі олқылықтарды көре алады. Мирас деген оқушы *«Сұрақтарға қатысты дәлелдерді дұрыс іріктейді»* деген бағалау критерийі бойынша өзін «орта» деп бағалаған. Оның себебін дәлелді шығармадан ғана алғанын, қосымша ресурстан аргумент келтірмегенімен түсіндірді.

Сабақтың рефлексия кезеңінде https://docs.google.com/forms қосымшасы арқылы оқушылардың барлығының жауаптарын бірден тақтадан көрінді. Оқушылардың көбісі ресурстардан өз көзқарастарынақатысты аргументтерді өзара байланыстырудың қиынырақ болғанын көрсеткен. Оқушылардың 85 пайызы осы сабақта сенімді сөйлеуде ресурстардың және сынып қабырғаларында ілінген ресурстардың көмегі болғанын, ал сөйлейтін сөздерін жүйелеуде кесте-органайзердің көмегі зор болғанын айтты.

Қорытындылай келе, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда ерекше форматтағы сабақтар ұнайтындығын байқадым, сабақтың шынайы өмірмен байланысты болуы үшін өмірлік жағдаяттарды кейс түрінде ұсынып қана қоймай рөлдік ойындар арқылы пікір таластырудың оқушылардың сенімді сөйлеу дағдыларын дамытуда маңызы зор.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Салиева З.И. «Дискуссия как один из методов формирования навыка говорения на уроках английского языка»
2. Назарова С.Н. «Применение метода кейса в обучении»
3. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5_Z

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

**Султанова А.С.**
КММ «Қостанай қаласы білім бөлімінің физика-математикалық лицейінің» қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Қостанай облысы, Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқылым және жазылым дағдыларын дамыту арқылы функционалды сауаттылықты қалыптастыру мүмкіндіктері туралы айтылған. Мақала

тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытудың теориялық негіздерін, әдістемелік түсіндірмелер, сабақта қолдануға арналған әдістерін, тапсырмаларын қамтиды.

**Аннотация:** В данной статье описываются возможности формирования функциональной грамотности учащихся путем развития навыков аудирования, говорения, чтения и письма. Статья включает в себя теоретические основы обучения слушанию, говорению, чтению и письму, методические пояснения, примеры заданий по развитию указанных навыков, методы и приёмы для использования на уроке.

**Abstract:** This article describes the possibilities of forming functional literacy of students by developing listening, speaking, reading and writing skills. The article includes the theoretical foundations of teaching listening, speaking, reading and writing, methodological explanations, examples of tasks for the development of these skills, methods and techniques for use in the lesson.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғым – адамдардың (жекет ұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Осыған сәйкес алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілікпен кезкелген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру – үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі қазақ тілі пәнін оқытудың басым бағыттарының бірі. Функционалдық сауаттылық қазақ тілінің функционалды сипатын зерделеу арқылы қалыптасады. Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары бәсекеге қабілетті білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Ол өз халқының баға жетпес байлығы ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын, тілдің таным және қатынас құралы ретіндегі ғажайып мүмкіншілігін пайдалана білетін тұлға қалыптастыру деген сөз.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады: оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары. Бұл дағдылар коммуникативтік дағдылар болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшілігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады.

Бұл мақаланың мақсаты – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында тілдік дағдыларды меңгертуде әдістемелік жағынан тәжірибемен бөлісу.

Міндеттері:

- тілдік дағдыларын қалыптастыру кезінде мұғалімдерді педагогикалық тәсілдермен таныстыру;
- тілдік дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін түсінуді қамтамасыз ету;
- тілдік дағдыларын дамыту процесін тиімді ету.

Аталған дағдылар туралы ақпараттар Кэмбридж басылымдары «The TKT course» (Cambridge University Press, 2011) және терминдерге анықтама «The TKT glossary» (UCLES, 2011) кітаптарынан алынды. Бұл кітаптарда айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым туралы негізігі түсініктер мен оны ұйымдастыру жолдары берілген. Сонымен қатар осы дағдыларды меңгертуге арналған оқыту тапсырмалары ұсынылып отыр.

Бүгінгі таңда Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез

келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден – бір жолы. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу барлықтарыңызға мәлім. Сондықтан, алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау- басты мақсат. Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет.Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Тыңдалымның мақсаты оқушыны: аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін детальдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға, ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өзге адамдардың көмегінсіз түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио бағдарламаларды еркін, түсініп қабылдауға, таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, т.б. үйрету. Тыңдалымға арналған белсенді жұмыс түрлері: оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді. Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әр түрлі болуға тиісті.

Айтылым дағдысында – тапсырмалар тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау туралы түсінік пен біліктілік деңгейіне бағытталады.

Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әр түрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы. Оқылым бойынша біліктілік деңгейін анықтау және бағалау келесі нәтижелермен айқындалады: түсініп оқу, зерттеп оқу, шолып оқу, мәселені сын тұрғысынан бағалау, негізгі аргументті анықтап, дәлелдеу;

Жазылым әдісі келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады: тақырыпты аша білуі, грамматикалық сауаттылығы, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеуі, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын дәлелдеуі;

**Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен тілдік дағдылардың қалыптасу қағидалары:**

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қағидасы
- Ортақ тақырыптар аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру қағидасы
- Оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын дамыта оқыту қағидасы
- Оқушылардың қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділігін және өз беттерімен жұмыс істеу біліктерін дамыту қағидасы

**Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу
- мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;
- мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

**Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- «ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау;

**Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;
- сөздердің орфографиясын меңгертуге арналған тапсырмалар;
- газет-журналдарға шағын хабарлама/мақала жазу
- белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау;


Тыңдалым (тыңдау) дағдысын дамыту үшін білім алушылардың тыңдалатын мәтіннің мәнін түсінуі маңызды. Тыңдау дағдыларын сапалы дамыту үшін өмірлік жағдайлардан әртүрлі тапсырмалар дайындап қолдану қажет. Сабақтарда тапсырмаларды білім алушылар алғаш тыңдаған кезде ауызша мәтіннің негізгі идеясын түсінетіндей етіп жоспарлау керек.

Мысалы, 4.1.1.1* Анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру оқыту мақсатымен жұмыс жасауда «Менің Отаным-Қазақстан» бөлімі аясында келесі тапсырманы беруге болады: балалар Қазақстан туралы мәтінді тыңдап, сұрақтар құрастырады, сызбаға тірек сөздерді жазады.

**Мәтінді тыңдаңыз, тапсырмаларды орындаңыз.**

Қазақстан - Отанымыз, кең байтақ еліміз. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Астанасы – Астана қаласы. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Өз рәміздері бар. Қазақстанда көп ұлттар өмір сүреді. Қазақстан табиғи ресурстарға бай. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік таулар, мөлдір көлдер, түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде түрлі аңдар мен құстар, жануарлар мекендейді.

- **Тірек сөздерді қолданып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.**
- **Сызбаға тірек сөздерді жазыңыз**




Айтылым дағдысын дамыту үшін білім алушылардың бір-бірімен сенімді қарым-қатынас жасауына арналған тілдік ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін әртүрлі ынталандырушы тапсырмаларды ұсыну қажет. Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде: жазбаша немесе ауызша мәтінмен жұмыс жасау кезінде (мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру), сондай-ақ грамматикалық немесе лексикалық материалды ауызша қолдану кезінде мақсатты сөйлеу тілін қолдануды жоспарлауға болады. Мысалы, 4.2.3.1* Белгілі бір тақырыптағы сұбхаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу оқыту мақсатымен жұмыс жасауда келесі

тапсырманы беруге болады:

**Тапсырма**

Ұсынылған рөлдердің бірін таңдап, жұбыңмен «Менің елім» тақырыбында диалог құр. Диалогта келесі мәселелерді қамту керек:

1. Еліміздің рәміздері.
2. Еліміздің қалалары.
3. Еліміздің табиғаты.

Рөлдер:

Әжесі мен немересі

Сен және сенің досың

Мұғалім және оқушы

**Тірек сөздер:** Сәлем! Сәлеметсіз бе! Өте қызықты екен! ту, гимн, Отан, елтаңба, орналасқан, шығыс, бас қала, орталық, бас қала, Рахмет! Қазақстанның рәміздері, пішіні, мемлекет, елбасы, шаңырақ, қазақша ою, қыран құс, ортасында, Көріскенше! кең дала, тәуелсіз, мақтан етемін, өзен, Сау болыңыз! асқар тау.

4.2.1.1* Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану оқыту мақсатымен жұмыс жасауда оқушыларға-қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып, сәйкестендір, және тақырып бойынша суреттерді беріп -қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолданып, берілген суреттерді сипаттап айт, деген тапсырма беруге болады.

**Тапсырма**

- **Қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып, сәйкестендір.**

| | | |
|---|---|---|
| пайдалы | | сараң |
| таза | | жағымсыз |
| еңбекқор | | пайдасыз |
| жағымды | | жалқау |
| жомарт | | қазіргі |
| бұрын | | лас |

- **Қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолданып, берілген суреттерді сипаттап айт.**

Оқылым дағдысын дамыту үшін білім алушыларға қызықты және ынталандыратын мәтіндер ұсыну керек. Мәтіндерге тапсырмалар құрастыру кезінде әртүрлі әдістерді қолдану ұсынылады, мысалы,

4.3.1.1* Мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу оқу мақсатымен жұмыс жасағанда оқушылар өлеңді мәнерлеп түсініп оқиды.

- **Өлеңді мәнерлеп оқыңыз, өлеңнен мамандықты білдіретін сөздерді тауып, астын сызыңыз.**

Мен дикан боламын,
Егін егіп, орамын.
Жүргізуші боламын,
Қамбаға астық құямын.
Мен жұмысшы боламын,
Қырманды таза қыламын.
Мен есепші боламын,
Өлшеп астық аламын.
Диірменші боламын,
Астықтан ұн аламын.
Мен – наубайшы, шырағым,
Нан пісіріп тұрамын.
Мен сатушы боламын,
Тәтті тоқаш сатамын.

- **Өлең бойынша бес мамандық иесінің атқаратын жұмысы туралы сөйлемдер**

**құрастырып айтыңыз.**

Жазылым – продуктивті дағдылар қатарына жатады. Продуктивті дағды дегеніміз – тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамсыз етеді. Біз жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдер құрастырамыз. Ал сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойымызды жеткізе аламыз.

Жазылымға арналған тапсырма түрлері көп. Осы орайда жызылым сабақтың мақсатына орай «қатаң қадағаланатын» және «еркін жазуға арналған» болып бөлінеді. Оған қоса, жазылымның дайын шаблонды толтыру формасы да ұшырасып отырады.

Мысалы, 4.4.2.1* Оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу оқыту мақсатымен жұмыс жасағанда келесі тапсырманы алуға болады.

**Тапсырма**

**Мәтінді түсініп оқы. Берілген жоспарға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын жаз.**

Қыс келді. Қыста түн ұзарып, күн қысқарады. Жиі-жиі қар жауады, боран соғады. Ағаштарды қырау басады. Бірақ қыста ашық күндер де болады. Мұндай күндерді балалар жақсы көреді. Өйткені балалар шаңғы, шана, коньки теуіп, күні бойы далада ойнайды.

Бүгін – сондай ашық күндердің бірі. Аружан ерте тұрды. Далада балалар ойнап жүр екен. Ол жылы киініп, далаға шықты. Дана мен Диас шаңғы теуіп жүр. Айгүл мен Айдана аққала жасап жатыр. Басқа балалар мұз үстінде коньки теуіп жүр. Аружан балаларға қосылып, күні бойы ойнады. Бүгінгі күн өте қызықты өтті.

Қыс – Аружанның сүйікті жыл мезгілі.

*Жоспар:*

1. Қыс сипаты
2. Қыс қызықтары
3. Көңілді күн

Мысалы, 4.4.5.2 Сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау оқу мақсатын іске асыруда келесі тапсырманы қолдануға болады.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Қорыта келгенде тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамыту коммуникативті дағдыларды қалыптастырудың негізі болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет. Яғни, оның сөйлеу процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал – құралдар арқылы меңгертіледі.

Аталған дағдыларды қалыптастырғанда әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, өзін- өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға
- ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын, тілдің таным және қатынас құралы ретіндегі ғажайып мүмкіншілігін пайдалана білетін тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012

жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
2. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. – «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. – Б. 42-
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012

## МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ҮШТІЛДІЛІКТІ МЕҢГЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Тузелбаева А.А.**
«Ә.Кекілбайұлы атындағы ЖББМ» КММ
Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Онды,Қазақстан

**Аңдатпа:** Бүгінгі таңда білім беру жүйесі бағыттарының, мақсаттарының, мазмұнының – бәрі (адамның еркін дамуына(, шығармашылық бастамасына, білім алушылардың дербес өз бетімен жұмыс істеу қабілетіне, бәсекеге бейімді, болашақ мамандардың оңтаулылығына бағытталып отыр. Сол себепті әлемдегі және Қазақстандағы білім беру мақсаттарының өзгеруі, нақтылау айтса, тұлғаның әлеуметтік өмірге араласуын қамтамассыз ету өзекті міндетті, оның бұл өмірге өнімді бейімделуі мұғалімдер алдында жаңа жауапкершіліктер жүктеді, тың мақсаттар қойды.

**Аннотация:** Сегодня все направления, цели и содержание системы образования ориентированы на (свободное развитие личности, творческую инициативу, способность обучающихся к самостоятельной работе, конкурентоспособность, позитивный настрой будущих специалистов. Именно поэтому актуальной задачей является предотвращение вовлечения человека в общественную жизнь, его продуктивной адаптации к этой жизни, налагающей новые обязанности на учителей, ставящей новые цели.

**Abstract:** Today, all directions, goals and content of the education system are focused on (free development of the individual, creative initiative, the ability of students to work independently, competitiveness, positive attitude of future specialists. That is why the goals of education in the world and in Kazakhstan are changing, specifying, according to him, the current task is to prevent a person’s involvement in public life, his productive adaptation to this life, imposing new responsibilities on teachers, setting new goals.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі бағыттарының, мақсаттарының, мазмұнының – бәрі (адамның еркін дамуына(, шығармашылық бастамасына, білім алушылардың дербес өз бетімен жұмыс істеу қабілетіне, бәсекеге бейімді, болашақ мамандардың оңтаулылығына бағытталып отыр. Сол себепті әлемдегі және Қазақстандағы білім беру мақсаттарының өзгеруі, нақтылау айтса, тұлғаның әлеуметтік өмірге араласуын қамтамассыз ету өзекті міндетті, оның бұл өмірге өнімді бейімделуі мұғалімдер алдында жаңа жауапкершіліктер жүктеді, тың мақсаттар қойды. Ол – еліміздің ұлттық білім беру саласындағы өзгерістердің теориялық алғышарттарын түсіну, оқу үдерісінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану, жағартылған білім беру бағдарламасын жүзе асыруда критериалды бағалау жүйесін тиімді енгізу арқылы өздерінің педагогикалық шеберліктерін арттыру, кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін әр мұғалім өзіне қажетті біліктер мен нақты дағдыларды қалыптастыруы қажет. Ол оқыту үдерісіне пән мұғалімінің құзыретті дамуы, оның өз құзыреттілігінің сипаты (үлгісі), оқыту үдерісін оқушылар дербестігін, олардың өз қызметі нәтижесінде жауапкершілігін дамытуына бағыттауы, оқушылар білімін бағалаудың нақты және түсінікті болуы арқылы жүзеге асырылады. Олай болса мұғалімге келесі міндеттерді атқыру жүктеледі, яғни оқушылар құзыреттіліктерін сабақта және сыныптан тыс уақытта қалыптастыру жағдайларын жасау, олардың өз ойларын, сезімдерін ашық айтуға, кері байланыстың тек сабақта ғана емес, сыныптан тыс уақытта да еркіндік беру арқылы жүргізу, нақты стратегияларды (оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін) іріктеу, түрлі технологиялар қорын жасақтау, т.б.

Кәсіби құзыретті мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны жеке ізденістерден, зерттеушілік қызметтен, оқушымен және ата – анамен тығыз ынтымақтастықтан тұрады.

Өйткені ой – өрісі жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өз ой-пікірін еркін жеткізе алатын және өзіндік көзқарасы қалыптасқан, өзгерістерге бейім, белсенді әрі шығармашылғ жан – жақты дамыған жеке тұлғаны тек қана кәсіби құзыреттіліг жоғары мұғалім табысты қалыптастырады. Сол себепті бүгінгі таңда күн тәртібіндегі өзекті мәселе: мұғалімнің өзінің құзыреттілігін жетілдіру. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – ұзақ және күрделі үдеріс. Сол себепті бқл үдеріске ойлана келу қажет. Сәтті ұйымдастырылған тідік дағдыларды қалыптастыру жұмыстары ғана оқушылардың коммуникативті жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Сонда ғана ол өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға ұмтылады, жаңа қабылдауға рдайым ашық болады, өмірдің түрлі жағдайларында саналы және жауапты таңдау жасауға қабілетті әрі алуан түрлі тілдік құралдармен коммуникативті мәселелер мен міндеттерді шеше алады.

Мемлекеттік тілді оқыту мақсаты – қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту, оқушының өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету, коммуникативті қабілетті дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау. Ал, үштілділікті меңгеру жаһандық эканомикаға ойдағыдай кірігу тілі. Сабақтарды оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, іскерлік дағдаларын жетілдіру және олардың үштілде қызығушылығын арттыру, тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеуде көзделеді. Сөйлесу қарым-қатынас дағдаларын қалыптастыру пркатикалық жұмыстарды түрлендіре ұйымдастырумен жүзеге асырылады. Оқудағы іс-әрекеттің түрлері мен сипатын жобалау оқушылардың жас ерекшеліктеріне негізделеді, бқл олардың бір – біріне толеранттық пен сенімділік сезімдерін қалыптастырады. Оқушылардың тапсырмалар түрлерін, тұрпаттарын өз бетімен таңдауы, жүзеге асыруы оларды тіл үйренуге ынталандырады, жетістікті болу ахуалын орнықтырады.

Әрбір сабақ жоспарлау кезінде жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру түсіністік және ынтымақтастық ахуалына негізделуіне, оқушылар білімнің әділ бағалануына, олардың іс-әрекеттеріне уақытылы қолдау көрсетілуіне, дербестігіне, айрықша ойлары мен тұжырымдарының мадақтауына көңіл бөлінеді. Әр сабаққа деректік, теориялық, тәжірибелік материалдар мұқият іріктелуі тиіс. Ең бастысы, олардың бәрі пайдалану үшін мазмұнды, жүйелі, тиімді және нәтижелі болып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытатын, адамгершілік қасиеттерді дәріптейтін және сыни тұрғыдан ойлауға бейімдейтін жұмыс түріне жинақталуы тиіс.

Мұғалім әр сабақ сайын оқушылардың қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуды, жалпы лингвистикалық және мідени-танымдық ой-өрістерін кеңейтуді мақсат етеді. Сол себепті оқушылардың білім алуға, тіл үйренуге уәждерін және белсенді жұмыс істеуге ынталарын арттыру мақсатымен әр сабақтың тақырыбына сай жатқа мәнерлеп өлең оқумен, сахналық көрініс элементтерін көрсетумен, проблемалық сұрақ оюмен, әсем саз әуенді ән тыңдаумен, тренинг өткізумен басталғаны тиімді. Бұл әрекеттер оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді және олардың өз сыныптастары, мұғалім алдында еркін және сауатты сөйлеу тәжірибесін игеруіне, тілдік дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тіл дамыту жұмыстарының бірі саналатын мәтінмен жұмыс оқушылардың сөз төркінін түсінуге, оны сөйлем ішінде қолдануға, талдауға, жинақтауға және өз бетімен ой-талғауын жасауға үйретететін мүмкіндіктер береді. Бұл жұмыс түрінде оқушылар оқу техникасын меңгерумен қоса, көркем әдеби мәтіндерді түсіне және мәнерлей дауыстап оқу, интонация арқылы шығарма иегерінің көзқарасын, тақырыбына және басты ойды анықтау алуы тиіс. Оқушылар өз-өзіне бақылау жүргізеді, яғни өзінің және жолдастарының сөйлеу мәдениетіне, әдеби тіл қолданысына баға береді. Мәтін бөлімдеріне тақырып қоя білу, басты және қосымша ақпаратты айқындау, жай және күрделі жоспар құру, тілдің стильдік түрін анықтау сияқты жұмыс түрлері оқушылардың өз бетімен тақырыпқа сай мәтіндер құрастыруына, шағын әңгімелер, эсселер жазуына жетелейді. Еркін тақырыпқа жазбаша жұмыстар жазу оқушыларды жалпы ойлаған ойын нақты және негізгі ойды тиянақты жеткізуіне әкеледі.

Оқушыларға түрлі стильдік жанрдағы тілдің қолданыс және мәтін мазмұнын құраушы мүшелердің құрылымдық – стилистикалық ерекшеліктерін, публикистикалық, ғылыми,

ауызекі сөйеу және көркем шығармадағы лексика – семантикалық сипаттарын салыстыра анықтап, мәтіннің тілдік – құрылымдық жүйесін ғылыми – теориялық тұрғыдан негіздеу арқылы үйрету маңызды. XXI ғасыр үдерісіндегі жаңа қоғамдағы тілдің коммуникативтік қызметін, БАҚ құралдарының тілін, ресми тілдік стильдік ерекшеліктерді, тілді қолданушының тілдік – стильдік белсенділігін оқушы өз танымы мен қолданысы арқылы саралайды. Оқушылар бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсіп, грамматикалық нормаларға сау қоршаған орта құбылыстары мен деректеріне өз көзқарастарын білдіруге, өз ойларын жүйелі, дұрыс айтыға үйренеді.

Сабақта АКТ-ны қолдану оқушылардың оқу қызметіне уәжінің, ынтасының жоғары болуына, әр оқушының жеке білімділік қабілетін дамытуға ықпал етеді. «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Ағылшын» «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндермен жүргізілетін пәнаралық байланыс оқушылардың дүниетанымын молайтып, қазақ тілін басқа ғылым негіздерімен ұштастыра меңгеруіне мүмкіндік береді. Сабаққелешекте сөйлеу мәдениетін толық меңгерген тұлға болуы және орынсыз тілдік қателіктер жібермес үшін сабақтарды орындалатын тапсырмаларды іріктеуде қазақ тіліне тән дыбыстардың дыбысталуына, грамматикалық үлгілер мен сөйлемнің синтаксистік құрылысының жасалуына баса назар аударылады. Дұрыс сөйлеу бағытына арналған жаттығулар оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдірумен қоса, мазмұндама мен шығарма жұмыстарын жазуда грамматикалық және стильдік қателер жібермеуіне ықпалды [1].

Сабақта пайда болған психологиялық кедергілерді жою жолдарын таба білуі мен оқушыларға педагогикалық қолдау көрсету тәсілдерін ұтымды пайдалана алуы – мұғалімнің кәсіби құзыреттілік деңгейімен тығыз байланысты. Сондықтан мұғалім пәндік – тілдік кіріктірілген оқытудың белсенді тәсілдерін тиімді қолдануы білім сапасының артуына ықпал етуімен қоса, білім нәтижесін әділ бағалау жолдарын нақты, айқын жүзеге асыру қажеттілігімен үндесетінін ескеруі тиіс.

«Үштұғырлы тіл» идеясының құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса, ағылшынса білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Тіпті, оқуыңды тәмәмдаған соң, біршама уақытқа шетелде қалып, еңбек етіп, тәжірибе жинақтауың үшін де бұл тамаша мүмкіндік. Ең бастысы ағылшын тілін білу - бұл іскерлік қарым – қатынас және әлемнің кез келген нүктесінде бизнеспен айналысу үшін міндетті талап. Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты – бұл елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға өз үлесін қоспақ. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып үйренуіне жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен процесіне қойылатын талаптарын күшейту керек [2].

СТО технологиясы арқылы мәтіндік арқылы мәтіндік сауаттылықты игеру, ақпараттық – коммуникациялықтехнологияларды қолдану арқылы тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыру және білімді игеру, оқылым дағдыларын аудармасыз жүзеге асыру, жазылым дағдыларын дамыту, оқушылардың коммуникативтік – когнитивтік қабілеттерін арттыруда тестілеу технологиясын тиімді қолдану, сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру, оқушыларды толеранттыққа тәрбиелеу – үштілде білім беру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру жолдарын айқын көрсететін жұмыс түрлері. Кәсіби құзыретті мұғалім ғана заманауи педагогика ғылымының ооық жаңалықтарымен қаруланып, өмір бойы оқу, үздіксіз оқу, біліктілікті үнемі жетілдіру арқылы білім беру жүйесінің жетістіктеріне қол жеткізеді.

Бүгінгі таңда елімізде «көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Халқымыз тәуелсіздіктің туын желбіреткелі бері түрлі елдермен іскерлік қарым-қатынас орнатып келеді. Тәуелсіз мемлекетіміздің қол жеткізген игіліктерінің бірі – дүниежүзілік аренаға еркін шығып, әлемдік өркениеттің озық үлгілерімен танысып, оларды өз еліміздің экономикасын нығайтыуға, медецина, ғылым және білім берк, қоғамдық – әлеуметтік салалардың іргесін кеңейтіп, замануи технологиялармен жабдықтауға жаңа мүмкіндіктердің туындауы болады. Бұл арада білімді ұрақ, білікті маман мәселесі бой көтереді.

«Тіл – ақылдың өлшемі, ұлттың жаны», деген бар. Яғни, елдің елдігін де, бірлігін де айқындайтын тіл екені белгілі. Әр халықың ғұмыры – оныңтілінде. «Әрбір тіл өзінің халқы үшін «Ұлы» деп қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, тіл – ұлттың тірегі. Ол жан – дүниеңді ашып көрсететін мөлдір айнаң. Тіл жоғалса, ұлтта жоғалатыны белгілі. Барлық қазақстанды біріктіретін – қазақ тілі. Сондықтан, егемен елімізді сақтап қалу үшін ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге ерекше ықылас қажет. Қазіргі таңда әлемніңалпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл – заман талабынан туындап отырған өажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, Президентіміз Қ.Тоқаев: «Қазыр біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жаңдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», - деген болатын [3].

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім - мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағына жаңа білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімізді, білікті ұстаз болайық!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. «Ғылыми – әдістемелік және танымдық журнал» №2(11) 2016жыл
2. Г.К.Рысбаева «Шет тілін білу – жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігінің кепілі» 2012ж, №3
3. «Мектептегі шет тілі» журналы №1, 2008.


## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ


**Утенова Б.Т.**
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№41 жалпы орта білім беру бейіндік мектебі,
Павлодар қ., Қазақстан



**Аңдатпа:** Қазақ тілі сабақтарында жобалау әдісін қолдану мазмұны жағынан ашық оқытуды, нәтижеге жетуді, осы арқылы оқушы бойында шешім қабылдау, еркін ойлау, өз ойын қысылмай жеткізу сияқты жеке тұлғалық дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдістің артықшылығы – оқушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандырады, өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттану мүмкіндігін беріп, оқудағы жетістігін біледі.

**Аннотация:** Применение метода проектирования на уроках казахского языка открывает путь к формированию у учащихся таких личностных навыков, как открытое обучение по содержанию, достижение результатов, принятие решений, свободное мышление, самовыражение. Эффективность данного метода заключается в том, что он стимулирует познавательные интересы учащихся, дает им возможность удовлетвориться результатами своего труда, дает им чувство успешности в учебе.

**Abstract:** The application of the design method in Kazakh language lessons opens the way to the formation of students' personal skills such as open content learning, achievement of results, decision-making, free thinking, self-expression. The effectiveness of this method lies in the fact that it stimulates the cognitive interests of students, gives them the opportunity to be satisfied with the results of their work, gives them a sense of success in their studies.


Жалпы жобалау әдісі – оқушыларды еркін ойлай білуге, олардың өз бетімен шешім қабылдай алуын, ойын анық әрі ашық жеткізуге, жобалау барысында өздерін тәуелсіз, еркін көрсетуге, шығармашылық жұмыстар орындауға мүмкіндік беретін оқыту әдісі. Бұл әдісті олар қолданып, жоспарлап ғана қоймай, жоспарларын жүзеге асыруға тырысады. Сол арқылы белгілі бір шешімге жетуге тырысады, шешімді табу барысында ізденіп,ақпараттарды толық

жинай бастайды. Бұл дегеніміз оқушылардың қызығушылығының қалай артқандығын көре аламыз. Осы әдіс арқылы бастаған істі аяғына жеткізіп,жауапкершілікпен қарап,болжамдарынының дұрыс бұрыстығын сараптайды. Өздерінің уақыттарын тиімді пайдалана білу,оны пайдалану барысында не нәрсеге қажет екенін ұғына отырып,өз бойында жаңа сапалардың тууына, жаңа мәселелерді өз еркімен шеше білу қабілеттерін дамыта алуға үйренеді.

Ш.Д. Абдиева: «жобалау әдісі – оқушы мен оқытушының бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады» – десе, ғалым А.А. Сатбекова: «жобалау әдісі арқылы қазақ тілін оқыту – студенттердің репродуктивтік оқу әрекеттерін біртіндеп имитациялық әрекеттерге көтеру арқылы қазақ тілінің заңдылықтарын және қазақ тілінің бай қорында жинақталған ұлттық мәдени мол мұраны студенттің ішкі құндылықтар жүйесіне енгізудің тиімді жолы» – деп тұжырымдаған.

Оқушы үшін тіл өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады. Бұл бағытта негізгі лингвистикалық жұмысты қарым-қатынас түрінде жүргізіп, бір мезгілде іске асырамыз. Жаңа технологияларды қолдана келе сабақ бойы біз бүкіл топтың жұмыс істеуін талап етеміз, сондықтан өткен сабағымыз мазмұнды, қызықты, интенсивті болады. Өзімнің практикалық тәжірибемде оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту және өз бетінше білімдерін бір жүйеге келтіру мақсатында жобалау әдісін қолдандым.

Жобалау әдісі оқушыларды өздігінен дамыту, бағдар беру, олардың іс-әрекеттерін бақылау жұмысында ең тиімді әдістердің бірі деп санауға болады. Ол әрқашан оқушылардың өзіндік іс-әрекетіне бағытталған оқушылар орындайтын жеке,жұптық, топтық тапсырмалар. Жобалау әдісін қолданудың маңызы – әртүрлі жағдайларда адам көптеген мәселелермен бетпе-бет келіп жатады, өз іс-әрекеттері барысында ойлана білуі, жауапты шешімдер қабылдауы, проблемаларды ойластыруы оны шеше білу жолы,шешу барысында іс-қимылын жоспарлау және оның әрекеттерінің қорытынды аралық нәтижелерін объективті бағалау маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Осындай әрекеттердің бәрі – жобалау. Ол әр түрлі проблемаларды шешуге, қателіктердің алдын алуға, проблеманың оңтайлы шешу жолын таңдауға көмектеседі. Осылайша, қазақ тілін оқытуда тиімді әдістердің бірі ретінде жобалау әдісін пайдалану жөн деп санаймын. Бұл әдіс оқушылардың табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді, оқып отқан әр бала өздігінен іздеуді, қиындықтарды шешуді үйренеді, өз жоспарына сүйене отырып, нақты практикалық тапсырмаларды шешеді, жалпы ақпараттық мәдениетке ие жеке тұлғаны қалыптастыруға алып келеді. Яғни, жобалау әдістін қолдану балалардың танымдық дағдыларын дамыту, өз бетінше өз білімдерін қалыптастыру, ақпараттық кеңістікте бағыттала білуі, сыни және шығармашылық ойлауды дамытуды көздейді.

Жобалап оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі мынадай:тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалап оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет. Осындай жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның қазақ тілін жетік меңгеруге және шығармашылық белсенділігін тудыруға, топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жобалау әдісі туралы авторлардың пікірлері әртүрлі, бірақ көпшілігі оны әртүрлі мәселелерді шешудің және әртүрлі қызмет салаларында түпкі мақсатқа жетудің тиімді құралы деп санайды.

Ресей ғалымы Е.С. Полаттың айтуынша, жоба әдісін пайдалана білу–мұғалімнің жоғары кәсібилігінің көрсеткіші, өйткені бұл әдіс –оқушыларды оқыту мен дамытудың алдыңғы қатарлы озық әдісі [2,18].

Жобалау әдісі барысында мұғалім бағыт берушілікпен қатар арнайы ақпарат көздерін

ұсына алады, оқушылардың ізденісінің, ой-пікірінің қалыптасуына олардың бағытының дұрыс болуына өзінің үлесін қоса алады [3,48].

Оқушылардың қызығушылығын арттырып одан сайын ізденуге, қабілеттерін аша білуге көмегін тигізе алады. Ал қазақ тілін жобалау әдісімен оқыту кезінде теориялық біліммен қатар, практикалық тапсырмаларды тиісті тепе-теңдікті сақтай отырып, байланыстырып оқыту қажет. Білім алушылардың пән бойынша қандай тапсырмаларды қызығушылықпен орындайтынын да ескеру, ең маңызды мәселелердің бірі оқушы өзі ізденіп, қорытынды шығара алатындығында. Жобалау әдісімен оқу барысында оқушылардың қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы саналы түрде жүріп отырады. Жобалау әдісі арқылы белгілі бір тапсырмаларды орындау барысында тұлғаның ерік-жігері, тілдік қабілет ресурстары, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Осы жүйемен құрылған қазақ тілін оқыту үдерісінің көздеген нәтижеге қол жеткізер мүмкіндіктері мол деп саналады. Ізденімдік жұмыстар кезеңінде қажетті материалдарды тауып оқиды,өзіне қажет деп санайтын ақпаратты талдай алады,оқытушының кеңестерін және керек ақпараттарды БАҚ көздерінен тыңдап түсінеді, қойылған сұрақтарға жауап беру, айтылған сынға жауап беру үстінде оқытушымен, топтағы өзге де сыныптастарымен тілдеседі.

Әдісті пайдаланудың тағы бір ерекшелігі бар. Жобалау әдісі белгілі бір мәселені шешуді көздесе, мәселені шешу, бір жағынан, оқытудың түрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы, екінші жағынан, оқушылардың білімнің түрлі салаларын интеграциялау арқылы шығармашылық әрекеттерін қажет етеді. Ең алдымен оқушыларды белсенді жұмыс істеуге ынталандыруы үшін оның мақсаты алдымен жасырын болуы керек, проблема тудыруы керек. Проблема туғызу бұл жоба әдісі бойынша жұмыстың бірінші кезеңі. Бұл кезеңде іс-әрекеттің негізгі мотиві болады, өйткені проблеманың болуы оны шешуге талпынып,оны жеңуге деген ұмтылысты тудырады. Оқушының проблеманы иемденуі оны өз күшімен шеше алатындығынын көрінісі. Осылайша іс-әрекетті тұжырымдау пайда болады. Ал екінші кезең – мақсат. Бұл кезеңде мәселе жеке маңызды мақсатқа айналады және ол болашақта бастаған істі аяғына дейін жеткізе алуға көмегін тигізеді. Осы кезде оқушыларда көптеген идеялар туындауы мүмкін ізденіс үстінде болады, бұл іс-әрекеттің мотивін одан әрі нығайтады [4, 9].

7-сыныпта қазақ тілі сабағында «Дұрыс тамақтану әдебі» тақырыбында оқушыларға түрткі сұрақтар қою арқылы тақырыпты өздеріне анықтатып, олар сұрақтарға ойлана жауап беріп тақырыпты аша біледі. Бұдан баланың өз бетінше ойлап, өздігінен қандай болжам жасай алатынын көруге болады. Ал әдебиет сабақтарында ақындардың шығармашылық өмірбаяндарын өту кезінде салыстыру тапсырмаларын орындатқызуға болады. Мысалы: М.Әуезовтің «Көксерек» және Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» шығармаларын салыстыру тапсырмаларын орындатқыздым. Оқушылар тапсырманы орындау кезінде ұқсастықтарын, айырмашылықтарын, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін іздей бастайды, бұл жерде оқушының іздеу жұмысы талап етіледі. Яғни әр оқушы шығарманы талдап, өздігінен шешім қабылдай алады. Іздену кезінде шығармаларды салыстыру арқылы пәнге деген қызығушылығы да, танымдық деңгейі де артады. Осылайша,олар өз еркімен шығармаларды оқи отыра,еш қиындықсыз тапсырмаларды орындай алады. Жобалау әдісі негізінде сонымен қатар, қазақ тілі сабақтарында монолог, диалог, полилог сияқты тапсырмалар да бердім. Осы тапсырмаларды орындатуымның басты мақсаты–монолог жазуда, диалог құруда қай кезді алсақ та, ең алдымен, оқушы ақпаратты сыни тұрғыда ойлайды, соның негізінде жоспар құрып, саналы шешім қабылдайды, тілдің танымдық қызметтерін өз мақсатына сай жүзеге асырады, логикалық ойлау жүйесіне сала отырып, ақпараттарды өз мүмкіндігінше өңдей алады, сөйлесім әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда ақпараттарды орынды қолданып оған болжам жасай алады.

Сонымен, қорыта келгенде, жобалау әдісі дегеніміз – бұл педагогикалық қана емес,әлеуметтік мәні бар мәселе ретінде қарастыруға болады.Өйткені, жобалау мәдениетін игеру – қайта жаңарту әрекетін игеру деген сөз. Сондай-ақ оның әдістерін, құрастыру мен модельдеу тәсілдерін тақырыпқа, талапқа сай орындай білу керек. Сонда ғана ол оқушы ойша

құрастыру,бейнелеу,кеңістіктен ойлау, логикалық ойлау сияқты сапаларын дамытуда да маңызды орын алады. Жобалау әдісі оқушының танымдық және қайта құрушылық әрекеттерінде шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға,оқу мотивациясын арттыруға,тәуелсіз шешім өабылдай алуына интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.Өз бетімен жұмыс істеу, жоспарлау, жобалау, шешім қабылдау, нәтижені бағалау дағдыларын қалыптастырады.

Жобалау әдісі бойынша өткізілген сабақтар оқушы бойындағы қызығушылықпен қатар қабілеттілік, зейіндік, байқағыштық сияқты қасиеттері де жетіліп, дамуына жағдай жасалады. Әр оқушыда өз бойында болатын қабілеттері мен шығармашылық тұстары түрліше келеді. Ал осы әдіс сабақ барысында әр оқушының жекелеген мүмкіндіктерінің ашылуына ықпал жасайды. Оқушылар ойларын ортаға салып, қысылмай ойын тиянақты жеткізе алуға, басқалардың да пікірін ескеріп,сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Бұл әдіс – келешекте оқушылардың зерттеу жұмыстарымен айналысып, ақпарат жинап шыққан нәтижені талдауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге машықтандырады, зерттеу жұмысын қорғауға дағдыландырады.

Міне, жобалау әдісінің мәні,дидактикалық рөлі де осында. Жобалау әдісі өз мәнінде қолданылғанда кез келген мәселені игерген білімі мен іскерлігін пайдалана отырып шешуде, одан шығудың жолын көрсетуде, ең болмағанда, оны шешудің бағытын айқындауда өте тиімді болып келеді.

Қазіргі таңда білім беру парагдимасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарды, білім беруге деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер  түрлі бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол аша отырып, тәрбие мен білім беру ісін жоғары деңгейге көтеруді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»,- деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйрену керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген тәрізді негізгі сұрақтар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазіргі кезде оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп білім алушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағддарламасы мен бағалау жүйесін енгізу  аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары белгілі бір пән және сынып аясында білім алушылардың нені оқып, нені үйрену қажет екендігін айқындау үшін қолданылады. Сонымен қатар, жекеленген пәнді оқыту мазмұнына қысқаша шолу ұсына отырып, бұл құжаттар мүдделі талаптарға оқушылардың белгілі сынып аясында оқу бағдарламасы бойынша жалпы түсінік алуына, белгілі бір сыныпта оқушылардың қандай білім, білік, тәжірибе жинақтайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалім әрбір кезеңде қолданатын оқыту үлгілеріне (жеке, жұптық, топтық, бүкіл сыныптық), оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беруі керек, себебі белсенді сабақта мұғалім мен білім алушының атқаратын қызметі мен іс-әрекеттерінде үлкен өзгеріс бар; сабақты жоспарлағанда мұғалім педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анық көрсетеді, яғни өзінің және білім алушыларының орындайтын әрекеттерін ашып көрсетеді. Белсенді сабақта білім алушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік

және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады. Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес. Бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар ретінде қарастырылады. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мүмкін емес. Сабақтың әдістемелік жобасын құру барысында мұғалім белсенді оқу әдістерін ұтымды қолдану арқылы оқу мақсаттарының орындалуына барынша қол жеткізуді ұстанады. Мұнда оқу-танымдық үдерістердің табыстылығына әсер ететін ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алу керек.

Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде білім алушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, білім алушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеру алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына білім алушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылумен байланысты.

Белсенді оқытудың мәні-оқу үдерісі іс жүзінде барлық білім алушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуында. Сабақтың тиімділігін және табыстылығын қамтамасыз ету- мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Дегенмен, сабақтың тиімділігін арттыру әрбір педагогтің қолынан келетіні анық. Тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін мәселелер: сабақта қолданатын әдіс-тәсілдердің бірсарындылығы; сабақта уақытты тиімді қолданбау; проблемалық оқыту элементтерін сирек қолдану; сабақта АКТ тиімді қолданбау; барлық білім алушылардың танымдық әрекетке тартылуын қамтымау; сабақтың және тапсырмалардың логикалық құрылымына мән бермеу; сабақта көрнекі құралдардың жеткіліксіздігі; жаттығулар мен тапсырмаларды немқұрайлы таңдау; оқушыларды шектен тыс көп тапсырмалармен жалықтыру.

Аталған қиындықтарды шешу жолдарының бірі-сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып сабақты белсенді әдістер қолдану арқылы тиімді жоспарлау болып табылады.

Табыстылыққа ұмтылу-оқу мен оқытудың негізгі мақсаты. Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу алдын ала болжауға мүмкін болмайтын көптеген жағдайларға тәуелді күрделі үдеріс. Оқудың табыстылығы пәннің ерекшелігіне сәйкес тиімді әдістерді таңдай білетін мұғалімнің шеберлігіне байланысты болатыны анық. Сонымен қатар мұғалімнің мәдениеті мен білім алушыларға деген сүйіспеншілігінің ең маңызы зор. Егер білім алушы сабақтан жаңа нәрсе үйреніп, өзіне көңілі толып шықса, сабақтың жақсы өткені, мұғалімнің еңбегі табысты болғаны, ал егер білім алушы сабақтан ештеңе үйренбей, немқұрайлы көңіл-күймен шықса-сабақтың сәтсіз болғаны; демек мұғалімнің ойлануы керек деген сөз. Дегенмен сабақтың табысты болуы тек мұғалімге қатысты нәрсе емес, білім алушының ынта-жігері мен өзінің білім алуына деген жауапкершілігіне де байланысты. Сабақта әрбір білім алушының өзіндік маңызын және өзінің қаншалықты табысты болғанын сезіне білуі қажет. Бұл үшін мұғалім дайын, жаттанды білім беруден арылып, білім алушыны жаңа білімді өздігінен игеруіне бағыттауы керек.

Сабақта белсенді әдістер қолдану білім алушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, білім алушыларының танымдық

әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

Білім алушылардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде білім алушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігі анықталады. Сонымен бірге білім алушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, білім алушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектеседі.

Қорыта айтқанда, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдансақ, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алып, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерінің қалыптастыруға ықпал етеміз. Білім алушылар бойына мейірімділік, бір-біріне деген сенімділік қасиеттерін ұялата аламыз, себебі олар топпен жұмыс жасағанда бірлесіп жасауға үйренеді, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артады. Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт-оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз-оқу. Надан жұрттың күні –қараң, келешегі –тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. XXI ғасыр-ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру-тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру-жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. СатбековаА.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. – Алматы, 2013. – 48 б.

2. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау теориясы мен технологиясы. –Алматы, 2011. – 209-210 б.

3. Романовская М.Б. Метод проектов в образовательном процессе. – Москва: Центр «Педагогический центр», 2006. – 160 с.

4. Алиева Г.С., Бапашева Р.Т. Оқушылардың жобалау әрекеттерін ұйымдастыру. – Алматы: ЭСПИ, 2022. – 69 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҮЙРЕТУДІ ҰШТАСТЫРУ

**Утралинова Г.С.**
қазақ тілі мен әдебиетіпәні мұғалімі
Жітіқара ауданы№12 ЖОББМ,
Қостанайоблысы, Қазақстан

**Аңдатпа:** Мақалада оқушылардың оқу сауаттылығы дағдыларын әртүрлі пәндерде қолдана алу әдіс- тәсілдері мен мүмкіндіктері қарастырылады. Әртүрлі пәндерде оқу сауаттылығының 3 оқырмандық біліктілігін қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдеріпән мұғалімдерінің тәжірибесімен түсіндіріледі. Оқу сауаттылығы дағдысы жазба мәтіндерді түсіну, көздегенмақсатқажетудеоныңмазмұнынқолдану, қоғамда белсенді болу үшін білім мен тілді терең меңгеру мүмкіншіліктерін, академиялық жазылым тілін дамытуға көмектеседі.

**Аннотация:** В статье рассматриваются методы и возможности применения навыков грамотности чтения учащимися по различным предметам. Эффективные методы и приемы формирования 3-х читательских квалификаций грамотности чтения по различным предметам объясняются опытом учителей. Навыки грамотности чтения помогают развивать навыки понимания письменных текстов, умения понимать письменные тексты, развивать знания и глубокие знания языка, академический язык письма, чтобы быть активным в обществе.

**Abstract:** The article discusses methods and opportunities for students to apply their reading literacy

skills in various disciplines. 3 effective methods and techniques for the formation of reader skills of Reading Literacy in different subjectsare explained by the experience of fashion teachers. The skills of reading literacy help to develop the ability to understand written texts, use the content of the intended goal, deep knowledge and language skills to be active in society, and the language of academic writing.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ, өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда [1]. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Функционалдық сауаттылық - оқушы өзінің оқужәнежазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынасжасауда қолдана білу қабілеті, ортаға тез бейімделе алуына жағдай туғыза алатын сауаттылықдеңгейі. Бұл деңгейде оқушы мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті, деректерді іріктеп алуы үшін және ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттері оқу сауаттылығын дамытатыны анық [2]. «Оқу сауаттылығы» термині қарапайым оқу біліктілігі емес, мәліметтерді анықтай білуқабілетімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, оқу сауаттылығы *табу және алу, біріктіру және түсіндіру, түсіну және бағалау* оқырмандық біліктіліктерін қамтиды. Оқу сауаттылығы – жазба мәтіндерді түсіну, көздеген мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану қоғамда белсенді болу үшін білім мен тілді терең меңгеру мүмкіншіліктерін дамытуға қабілеттіліктілікті қалыптастыру бағытында қазақ тілі менқоғамдықғылымдарпәндері айтарлықтай рөл атқарады. Сөзімізді айқындай түссек, осыорайда, зерттеу нысаны ретінде алынғын 8-сынып оқушылары «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен үйренген оқу сауаттылық біліктіліктерін қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінде қолдана ала ма?», «пәнаралық байланыста оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мүмкіншіліктері қандай?» деген сұрақтарға жауаптар іздей бастадық. Оқушылар рефлексиясымен сабақтарда жүргізген бақылау нәтижесіндеекі пән бойынша қалыптастырған оқу сауаттылық біліктіліктері эссе тақырыбын терең, жан-жақтыашуға мүмкіндік бергенін көре алдық. Қажетті оқырмандық біліктілікті қалыптастыратын дағдылар қатарын сабақта қалай қолданамыз? 8- сыныптың «Отбасылық құндылықтар» тарауында Н. Жүсіптің «Құл мен құмалақ» және Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімелері оқытылды. Н.Жүсіптің «Құл мен құмалақ» әңгімесінің мазмұны таныстырылған соң, оқушылардың мәтінді түсінген-түсінбегенін анықтау үшін «Кейіпкермен кездесу», *(1-сурет)* «Ұқсастық, айырмашылық» әдісі қолданылды. Бұл әдістер оқушылардың сұрақ құрастыру, кейіпкер рөлінде өз ойларын жеткізу, екі мәтіннің мазмұнын салыстыраотырып,олардыңерекшеліктерінкөребілу дағдыларын қалыптастыруда тиімді болды. Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесін оқытуда мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау әңгімегесюжеттік жоспар құру тапсырмасы негізінде жүргізілді. Тапсырманы орындауда кестені немесе түрлі органайзерлерді қолдану еркіндігі берілді (*2- сурет).* Топтағы оқушылар жұмыс нәтижесін бөлісіп, талқылады. Бұл тәсіл оқушылардың мазмұнды жалпы түсіну біліктілік деңгейін анықтауда және мәтіннің тақырыбы мен идеясын айқындау дағдыларын қалыптастыруда маңызды.




*1-сурет.Кейіпкерлер рөлінде сөйлеу*




*2-сурет. Сюжеттік жоспар құру, тақырып,идеяны анықтау*

Н.Жүсіптің «Сұрақ-жауап» Құл мен құмалақ» әңгімесіндегі кейіпкерлер келбеті тақырыбын өткенде «Сұрақ- жауап» әдісі бойынша оқушылар және мұғалім тарапынан төмендегідей сұрақтар құрастырылды: **Оқушылардың құрастырған сұрақтары:**


1. *Әңгіме шамамен қай уақытта өтіп жатыр? Дәлелдеңіз.*
2. *Туындыдағы орын негізгі идеяның ашылуында қандай маңызға ие? Дәлелдеңіз.*
3. *Екі отбасын салыстырыңыз.*
4. *Қандай отбасылық құндылықтар сөз болады? Дәлелдеңіз.*
5. *Қандай мәселелер көтерілген?*
6. *Қай кейіпкер мінезі/ әрекетісіздің көзқарасыңызға әсер етті?*
7. *Кейіпкерлерді атаңыз. Оларды (бас, жанама) жіктеңіз.*

*1-кесте.*


| | **Мұғалім тарапынан ұсынылған тапсырма** | |
|---|---|---|
| | 1. Бұл шығарма әңгіме, себебі…<br>**2.** Шығармадағы басты және екінші қатардағы кейіпкерлерді ата және олардың сипаттамасы **(Білу)**<br>*1.* Әңгімекалайаяқталады?Түйіндеңіз.<br>*2.* Әңгімеден өмірмен байланысты бір үзінді келтіріп, түсіндіріңіз Әңгіменіңатауынанкөңілаударыңыз,неге олай аталған?**(Түсіну)**<br>1. Шығармаатауыныңсізге\өміргеқатысы қандай?<br>*3.* Кейіпкердіңқасындаболсаңыз,қандайұсыныс беріп, нені түсіндірер едіңіз? **(Қолдану)** | 1. Автор кейіпкерін ақтай ма, даттай ма, әлде екеуін де ұсына ма, неге? Талдаңыз.<br>**2.** Кейіпкердіңкөңілкүйіндегі және өміріндегі өзгерісті салыстырыңыз. **(Талдау)**<br>*1.* Кейіпкер әрекетін өзгерту үшін өз шешіміңізді ұсыныңыз.<br>*2.* Кейіпкердіңорнында болсаңыз, қандайшешім қабылдар едіңіз? **(Жинақтау)**<br>*1.* Кейіпкердіңшындыққакөзқарасынбағалаңыз.<br>*2.* Шығарма соңы шындыққа жанаса ма?Неге?<br>*3.* Авторғақандайкерібайланысбересіз?<br>*4.* **(Бағалау)** |

«Сұрақ-жауап»әдісі оқушылардың автор ой түйінінен қорытынды шығару, ақпаратты жинақтау,мәтінді өмірлік тәжірибесімен байланыстыру, оның сыни талдауын жасау оқырмандық біліктілігін қалыптастырады. Сонымен қатар, оқушылардың мәтіннің мазмұны бойынша қорытындылар жасау, пікірлерді растайтын аргументтерді табу, мәтіннің атауын түсіндіру сияқты дағдыларын дамытады.

*Ақпаратты бағалау және оның негізінде болжам мен қорытынды жасап тұжырымдау* оқырмандық біліктіліктерін қалыптастыруға *«Төрт ресурс»* әдісінің *(3-4 суреттер)* артықшылықтары болды. Ол оқушылардың мәтіннен алған білім мен түсінігін бағалау, мәтін мен өмірді байланыстыру, сыни ойлау дағдыларын дамытады.




*3-сурет.«Төртресурс»әдісі*





*4-сурет.«Төртресурс»әдісі*

«Отбасы құндылықтары» тарауының мазмұнын игертуде қолданылған әдіс-тәсілдер

оқушылардытарау соңында алынатын аргументтік эссе жұмысын жазуға қалыптастыра алды.

Қоғамдық ғылымдар негіздері пәнінен Абылай хандығының ішкі саясаты тақырыбын оқытуда, оқушыларға мәтіннен қажетті ақпаратты анықтату үшін Абылай ханның өмірі мен қызметін сипаттау арқылы тұлғаның паспортын жасау тапсырмасы берілді (*5-сурет).* Оқушылар мәтіннен Абылайханның тұлғалық рөлін сипаттайтын қажетті ақпараттарды анықтап, тұжырым жасады. Тапсырманы оқушылар топта https://jamboard.google.com/ платформасында орындады. Бұл әдіс оқушылардың тұлға туралы білімі мен түсінігін қалыптастыруда тиімді болып табылады.


Сонымен бірге, тарихи ұғымдарды (терминдерді) меңгерту тапсырмалары арқылы оқушылардың жазба жұмыстарды академиялық (тарихи) тілде құрылымдау дағдысы қалыптасады. Осы мақсаттақоғамдық ғылымдар негіздері курсында оқушылар https://learningapps.org/display?v=p65asc1st2 платформасында жаттығулар жасады (*6-сурет).* Оқушылармен https://jamboard.google.com/ платформасында орындаған «Абзац (азат жол) атауларын нөмірлеу»тапсырмасы (*7-сурет)* мәтіннің идеясын ұғынуға, абзацтарға бөлу арқылы мәтін мазмұнын түсінуге көмектеседі.




*5-сурет. Абылай ханның өмірі мен қызметін сипаттау паспорты*




*6-сурет. «Кіші жүздің Ресейге қосылуы»Терминмен жұмыс.*


1- тапсырма Кестеде берілген атаулар мәтіннің қай бөлігіне сәйкес келетінін анықтап, бөлім нөмерін кестеге белгіле.
1-топ

| Абзац атаулары | № |
|---|---|
| Ресей билеушілерінің отарлау саясатын ашық түрде жүргізуге жол ашылды | 4 |
| Қазақ хандығының сыртқы жаулардан қорғануға мүмкіні болды | 2 |
| Ресей ұлт пен халықтар арасында араздықты өршітуге күш салды | 5 |
| Қазақ хандығы билеуші топтарының ішкі алауыздығының күшеюі | 3 |
| Қазақ хандығының Ресей құрамына ресми түрде қосылуының алғашқы қадамы | 1 |

*7-сурет.*«Абзац(азатжол) атауларын нөмірлеу» тапсырмасы

Қорытындылай келе, 8-сыныпта оқитын аталған пәндер бойынша мұғалімдер көлденең жоспарлау барысында эссе жазуға қажетті оқу сауаттылығы дағдыларын таңдаудан бастайды. Аталған пән мұғалімдері бірлесіп, мәтіннің негізгі ойын айқындау, негізгі және жанама ақпаратты ажырата білу, екі немесе одан да көп мәтіннің мазмұнын салыстырып, ерекшеліктерін анықтау, мәтінді тез шолып өту, мәтіннің мағыналық құрылымын анықтау және қажетті ақпаратты іріктеу, сұраққа сәйкес қажетті ақпаратты таба білу, мәтіннің мазмұны бойынша қорытынды жасау, мәтіннің атауын түсіндіру, мәтін ақпаратын өмірмен байланыстыра білу, пікірлерді растайтын аргументтер құру, өз көзқарасын дәлелдеуге бағытталған түрлі тәсілдерді қолдану арқылы эссе және басқа жазба жұмыстарын орта мерзімді оқу жоспарына енгізеді. Осындай жоспарлаудың нәтижесінде, оқушылардың бір пәнде үйренген дағдыларын келесі пәндерде қолдана алумүмкіндігі артады. Мәтіннің мазмұнын бөліктерге бөлу арқылы концептуалды талдау жұмысына мысал ретінде «*Жоңғар шапқыншылығы» тақырыбынан үлгі* ұсынылады. Мәтіннің мағыналық құрылымын анықтап, қажетті ақпаратты іріктеуде *«Хайлайтер» әдісі* қолданылады. *Мәтіннен уақыт орын кеңістік концептісін қызыл түспен белгілесе, пәндік* концептілерді көк түспен бояп ажыратады, ғаламдық мәнмәтінді жасыл түспен ажыратады. Оқушылар мәтіндегі қажетті ақпараттарды іріктеп, концепт аспектілері негізінде талдау арқылы тапсырманы Google кестеде орындайды (*8-сурет).*

| **Концепттер** | **Мысалдар** |
|---|---|
| Уақыт | 1722 жылы жоңғарлармен соғыс жүргізіп келген Қытай императоры Канси қайтыс болды |
| Орын | Жоңғарлар Ташкенттен кейін Сайрам, Түркістанды басып алды |

| | |
|---|---|
| Кеңістік | 1723 жылдың көктемінде, Цеван-рабтан өз әскерінің 70000 қолын Қазақстанға қарай 7 бағыттан аттандырды. |

***8-сурет**.Концептуалды кесте*

Оқу сауаттылығының *біріктіру және түсіндіру* кезеңінде «FILA кестесі» әдісі ақпаратты жинақтауда, өмірлік тәжірибемен байланыстырып, сыни талдауда тиімділігі жоғары. Мысалы, қоғамдық ғылымдар негіздері курсы бойынша «Абылай ханның сыртқы саясаты» тақырыбын өткенде топ мүшелерінің бірі Абылай ханның қоғамның қауіпсіздігін нығайтуға негізделге дипломатиялық іс-әрекетіне мәтіннен сәйкес фактілер (цитаталар) жинақтаса, екіншісі мәтіннің идеясын, үшіншісі, мәтін негізінде сұрақтар құрастырып, төртіншісі сұраққа сәйкес іс-әрекет жоспарын құрады. Қорытындысында топ мүшелері жұмыстарын біріктіріп, кестеде орындайды. Соңында «FILA кестесін» сыныпқа таныстырып, жұмыстарын қорғайды. Сонымен қатар, «Корнелл кестесі» әдісі де мәтіндегі ақпаратты жинақтап, біріктіруде тиімді болып табылады.

Оқу үдерісінде алған білімін өмірде де қолдану мақсатында 7 сынып оқушылары Экономикалық даму юнитін қорытындылауда «Бизнес жоспар» зерттеу жобасын жасады. Әр топ таңдау тақырыптарына сәйкес топтық зерттеу жоба жұмысынhttps://jamboard.google.com/ платформасында орындады. Таңдау тақырыптары: Мал шаруашылығы (жылқы, қой, ірі қара, түйе; ет, сүт, май өнімдері;), егін шаруашылығы (бидай, тары, күріш, күнбағыс, мақта, зығыр, кондитерлік өнімдер; нан, ұн жасау; өсімдік май;), зергерлік бұйымдар (күмістен, алтыннан және түрлі тастардан жасалған әшекейбұйымдары), ағаштан жасалған бұйымдар (үй жиһаздары, музыкалық аспаптар, ыдыс-аяқ, киіз үй), жүн мен теріден, матадан жасалған бұйымдар (балалар киімі, қыз ұзату киімі, ер азаматтар киімі, әйелдер киімі, спорттық киім, құрақ көрпе, киіз басу, кілем тоқу т.б.) Ағаштан жасалған бұйымдар тобын, «Үй жиһаздарын» дамытудың бизнес жоспарын, «Кейс-стади» форматы арқылы ұсынды.

Сонымен бірге, оқу сауаттылығының *түсіну және бағалау* біліктілігі бойынша, «Өз ұстанымыңды айқында« тәсілі мәтінді оқып, мәселені немесеқарама-қарсы көзқарастарды анықтаған кезеңде пайдалану тиімді. Оқушылар тапсырманы Jamboard

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері. Әдістемелік құрал. Атырау2019.

3. Астана қаласының Білім басқармасы. Әдістемелік кабинет. /Эссе жазу жөніндегі әдісстемелік нұсқаулық\Астана 2003.

Мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқу сауаттылығын дамыту. Онбасиева Ш.А.

**3-СЕКЦИЯ**
**«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ»**

**«МЕХАНИЗМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА ПО ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОМУ НАПРАВЛЕНИЮ»**

# ВЛИЯНИЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА РАЗВИТИЕ ПРЕДМЕТНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧИТЕЛЕЙ БИОЛОГИИ

**Абишева А.Х.**
педагог-мастер «АСТАНА ДАРЫНЫ» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы»

**Аннотация:** В статье раскрывается суть компетентностного подхода в подготовке учителей биологии, подчеркивается важность развития предметных компетенций как необходимого условия для обеспечения совершенства учителей в их профессиональной деятельности. Авторы излагают различные характеристики и содержание, связанные с предметными компетенциями, которые считаются необходимыми для учителей биологии. Обсуждаются уровни развития предметных компетенций, опираясь на систематику целей обучения Б. Блума.

**Аңдатпа:** Мақалада биология пәні мұғалімдерін даярлаудағы құзіреттілікке негізделген тәсілдің мәні ашылып, мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіндегі шеберлігін қамтамасыз етудің қажетті шарты ретінде пәндік құзыреттіліктерді дамытудың маңыздылығы көрсетілген. Авторлар биология мұғалімдері үшін маңызды деп саналатын пәндік құзыреттіліктермен байланысты әртүрлі сипаттамалар мен мазмұндарды сипаттайды. Б.Блумның оқу мақсаттары таксономиясы негізінде пәндік құзыреттіліктердің даму деңгейлері талқыланады.

**Abstract:** The article reveals the essence of the competency-based approach in the training of biology teachers, emphasizing the importance of developing subject competencies as a necessary condition for ensuring the excellence of teachers in their professional activities. The authors outline various characteristics and contents associated with subject-matter competencies considered essential for biology teachers. The levels of development of subject competencies are discussed, based on the taxonomy of learning goals by B. Bloom.

Современная образовательная политика поставила отечественные университеты в сложную конкурентную среду. Достижение более высокого уровня образовательных услуг возможно только для тех вузов, которые придерживаются инновационного развития. Значимость совершенствования национальной системы образования подчеркивается в Послании Первого Президента Н.А.Назарбаева «развитию современного образования, непрерывной подготовки и переподготовки кадров» как важнейшем направлении развития страны в Послании народу Казахстана. Он подчеркнул, что «реформа образования является одним из наиболее важных инструментов для обеспечения подлинной конкурентоспособности Казахстана» [1].

В современных условиях конкурентоспособность учителя зависит от обладания необходимыми компетенциями в профессиональной сфере. Успех профессиональной деятельности педагога зависит от его способности и желания участвовать в эффективном обучении. Современные методики преподавания биологии направлены на развитие творческих и индивидуальных способностей учащихся, развитие критического мышления, улучшение навыков взаимодействия и смещение образовательного фокуса учащихся с воспроизводства на продуктивность. Следовательно, от педагогов требуется инновационное мышление, постоянное повышение своего профессионального мастерства, умелое применение передовых подходов к преподаванию, структурирование образовательного процесса с учетом обновленного содержания образования. Следовательно, необходимо модифицировать и дополнять содержание специализированной учебной программы,

интегрируя практико-ориентированные дисциплины, конкретизируя предметные компетенции и определяя результаты обучения.

Объектом исследования является профессиональная подготовка учителей биологии.

Предметом исследования является процесс формирования предметных компетенций педагогов биологии.

Цель исследования: раскрыть влияние непрерывного образования на развитие предметных компетенций учителей биологии. Задачами исследования являются раскрытие теоретических основ компетентностного подхода в образовании учителей биологии, определения основной природы предметных компетенций и определения эффективных стратегий повышения уровня подготовки учителей.

Теоретический анализ как международных, так и отечественных психолого-педагогических исследований в сфере образования показывает, что фундаментальный аспект непрерывного обучения предполагает принятие компетентностного подхода, ориентированного на развитие профессиональной компетентности. Данную проблему исследовали различные учёные, в том числе Ю.В. Варданян, И.А. Зимняя, А.К. Маркова, В.А. Сластенин, А.В. Хуторской, В.И. Юдина, Ю.В. Сорокопуд, М.М. Левина, В.А. Болотов, В.В. Сериков, Х.Т. Шерзданова, Е.В. Исхакова и другие, как с внешней, так и с внутренней точки зрения. Исследования Л. Кьюбана, К. Элтиса, К. Терни, П. Хьюза, Р. Рэдфорда, У. Лаудена, М. Рейнольдса, М. Солтерса, А. Сербати и других углубляются в развитие профессиональных компетенций. Кроме того, роль знаний в процессе обучения исследовали такие ученые, как К. Сиротник, Д. М. Вулф и другие.

Маргарет Рейнольдс и Мэтью Солтерс подчеркивают, что развитие компетенций, служащих основой для обучения и подготовки учителей, является неотъемлемым прогрессом. Они делят компетенции на три типа в зависимости от:

- профессиональной ориентации;
- способности проявлять креативность и гибкость;
- приобретения знаний и их понимание.

Каждый тип рассматривается с точки зрения получаемых знаний, их понимания, методов и форматов обучения. Именно через компетентностный подход в профессиональном обучении способствует развитию основных компетенций учителей [2].

В своем исследовании А. Сербати рассматривает взаимосвязь преподавания, обучения и исследований в контексте реализованного проекта. Автор углубляется в понимание компетентностного подхода в подготовке учителей, раскрывая соответствующие методы преподавания и обучения, используемые во всем мире, посредством международного проекта «Тюннинг (надстройка) образовательных структур в Европе». А. Сербати утверждает, что повышение квалификации специалистов и повышение общего качества образовательной системы могут быть достигнуты только за счет инновационных подходов [3].

А. В. Хуторской подчеркивает, что компетентность — это специфическая готовность педагога мобилизовать знания, умения и внешние ресурсы для эффективного участия в конкретной жизненной ситуации [4]. В рамках компетентностного подхода акцент делается не просто на приобретении студентом знаний и осведомленности, а на развитии способности ставить цели, выдвигать гипотезы и решать проблемы. Способность учителя применять полученные знания, умения и навыки в профессиональной деятельности становится решающей, и эта компетентность должна развиваться на протяжении всего процесса обучения.

М.М. Левина выделяет различные методологические аспекты, связанные с профессиональной компетентностью, в том числе:

- фундаментальный характер образования,
- гуманистическая направленность педагогического образования,
- культурный подход,
- создание творческой среды обучения,
- профессиональная направленность образовательного процесса,
- разумное сочетание теоретической и практической подготовки учителей,

• включение многофункциональных аспектов в педагогическое образование,

• интеграция передовых технологических программ в образовательный процесс [5].

Профессиональная компетентность формируется в процессе обучения, когда используются активные методы познавательной деятельности под руководством преподавателя и с учетом его индивидуальных особенностей. Важнейшим элементом процесса обучения является создание условий, стимулирующих познавательный интерес и исследование, способствующих развитию творческих способностей, самостоятельности и научного мышления у учителей.

Использование современных и эффективных технологий обучения способствует развитию самопознания, самосовершенствования и самоуправления с акцентом на планирование самостоятельной творческой деятельности. Кроме того, это способствует привитию позитивного отношения к процессу обучения.

В Республике Казахстан подготовка компетентных учителей является жизненно важным элементом продолжающейся модернизации системы образования. Это подчеркивается потребностью современной школы в квалифицированных специалистах, обладающих теоретическими, исследовательскими и методическими знаниями, а также практическими навыками.

В результате изучения и анализа опыта профессиональной подготовки учителей выявлены конкретные показатели компетентности учителя биологии, в том числе:

• способность понимать и оценивать цели и задачи обучения;

• осознание ценностей, присущих профессионально-педагогическим знаниям;

• признание значимости субъективных отношений в образовательном процессе;

• искренняя страсть к преподаванию;

• стремление к профессиональному и личному самосовершенствованию.

Профессиональная компетентность учителя характеризуется теоретической и практической подготовленностью специалиста к педагогической деятельности.

На основании принятия квалификационных рамок Болонского процесса и признание важности формирования и развития профессиональных компетенций как основы университетских образовательных программ, выделяются общие компетенции, включающие три типа: инструментальные, межличностные и системные.

Они включают в себя развитие когнитивных способностей (понимание и применение идей и мыслей), методологических способностей (таких как управление временем, стратегии обучения, принятие решений и решение проблем), технологических навыков (использование технических инструментов, управление информацией и компьютерными технологиями). знание) и лингвистические навыки (владение письменным или устным общением, а также знание второго языка). Крайне важно уделять адекватное внимание развитию индивидуальных способностей (выражение чувств, получение и реагирование на критику), а также социальных навыков (межличностные отношения, сотрудничество и приверженность социальным и этическим ценностям).

При подготовке будущих специалистов в сфере образования первостепенной задачей является воспитание предметных компетенций. Эти компетенции включают в себя способность анализировать и действовать с точки зрения конкретных областей человеческой культуры. Они влекут за собой специализированные способности, необходимые для умелого выполнения конкретных задач в конкретной предметной области, охватывающие узкоспециализированные знания, отдельную категорию предметных навыков и особые способы мышления.

Между тем в педагогической теории проблема формирования предметных компетенций учителей биологии недостаточно исследована. Существует необходимость очертить содержание этих предметных компетенций в соответствии с таксономией целей обучения Б. Блума.

Таким образом, мы обозначили содержание предметных компетенций учителя (см. табл. 1).

*Таблица 1 – Предметные компетенции учителя биологии*

| **Уровни учебных целей** | **Характеристика уровней** |
|---|---|
| Знание | На этом уровне преподаватели обладают пониманием теоретических основ обязательных, фундаментальных и специализированных предметов, а также современными педагогическими методами структурирования образовательного опыта. |
| Понимание | Умение распознавать дидактические цели и задачи, компоненты познавательного содержания учебного предмета и устанавливать порядок его изучения. Понимает обоснование структурирования учебного материала, систематически представляет факты, события и информацию и обрисовывает потенциальные результаты на основе предоставленных данных. Осознает значение самоорганизации в учебно-познавательной деятельности для профессионального роста. |
| Применение | Проектирует и формирует учебный процесс с учетом возраста и индивидуальных особенностей учащихся, а также современных методик внедрения обновленного образовательного содержания. Выбирает необходимую информацию, технические инструменты и оборудование для создания образовательного опыта. |
| Анализ | Подчеркивает важнейшие элементы выбора, организации и предоставления образовательного контента. Разрабатывает содержание учебного материала, а также его форматы и методики, учитывая их положение и значение в стандартной учебной программе школы. |
| Синтез | Осуществляет комплексный педагогический процесс, основанный на творческой методологии, включающий дизайнерские и исследовательские инициативы, а также контролирующий экспериментальную работуучащихся. Создает дескрипторы и оценивает результаты деятельности учащихся. Участвует в научно-практических конференциях и стартап-проектах, посвященных проблемам модернизации образования. |
| Оценка | Оценивает эффективность организации образовательного процесса и реализует корректирующую работу. |

Для определения влияния непрерывного образования на развитие предметных компетенций учителей биологии, был проведен небольшой педагогический эксперимент. В ходе эксперимента было задействовано 24 преподавателя биологии. Преподавателям было предложено определить уровень их предметных компетенций до прохождения курсов переподготовки и повышения квалификации и после. Для определения искомой компетентности учителей на основе характеристик предметных компетенций, представленных в таблице 1, были разработаны три основных уровня: воспроизводящий, репродуктивный, продуктивный.

Воспроизводящий уровень предполагает действия учителя, характеризующиеся переводом теоретических знаний в практические навыки. Практические задания решаются устоявшимися методами с использованием традиционных подходов к организации учебного процесса. Учитель проводит уроки по заранее определенным краткосрочным планам, лишенным творческого подхода, использует технические средства обучения в соответствии с содержанием программы.

Репродуктивный этап развития предметных компетенций предполагает структурирование образовательного процесса с использованием фундаментальных педагогических приемов, соблюдение заранее определенного плана урока. Он демонстрирует элементы решения проблем в различных педагогических ситуациях, возникающих в ходе учебной и внеклассной деятельности. Учитель осуществляет самоконтроль для эффективной организации повседневной деятельности.

Продуктивный этап формирования предметных компетенций означает воспитание критического, новаторского педагогического мышления. При проектировании учебного

процесса преподаватель придерживается логического изложения материала, применяет инновационные педагогические технологии, учитывает возрастные и индивидуальные особенности учащихся. Очевидна реализация тематических экспериментов с использованием информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). Преподаватель демонстрирует индивидуальный подход как в деятельности, так и в общении.

Диагностика уровней сформированности предметных компетенций была осуществлена на основе результатов, полученных в процессе наблюдений и опроса.

Данные позволили констатировать, что на воспроизводящем уровне сформированности предметных компетенций оказалось 37,5 % преподавателей (9 чел.), на репродуктивном – 45,8 % (11 чел.), на продуктивном – 16,7 % (4 чел.) (рисунок 1).





Рисунок 1 – Результаты входного этапа эксперимента

Следует отметить, что в начале своей педагогической карьеры учителя биологии столкнулись со следующими трудностями:

• адаптация педагогических технологий в соответствии с возрастными особенностями обучающихся и спецификой предмета;

• формулировка критериев и дескрипторов к формативному и суммативному заданию по предметам;

• недостаточная оснащенность оборудованием для проведения демонстрационных и лабораторных работ.

Из этого всего следует, что, окончив вуз, будущий преподаватель не обладает достаточным количеством компетенций необходимых для реализации педагогической деятельности. Поэтому возникает острая необходимость в получении непрерывного образования. Непрерывное образование означает постоянное обучение и развитие навыков, которые люди получают после завершения формального образования. Непрерывное образование имеет ряд преимуществ:

- карьерный рост;
- получение навыков;
- адаптивность;
- самопознание.

Таким образом, непрерывное образование является ключевым фактором в поддержании профессиональной значимости, личностного роста и карьерного роста на постоянно развивающемся рынке труда. Он предлагает множество преимуществ, которые способствуют как профессиональному успеху, так и личной реализации.

После прохождения педагогами курсов повышения квалификации и переподготовки, уровень сформированности предметных компетенций педагогов значительно повысился. Так на воспроизводящем уровне сформированности стало - 8% (2 чел.), на репродуктивном - 21% (5 чел.), а на продуктивном - 71% (17 чел.) (рис. 2).





Рисунок 2 – Результаты контрольного этапа эксперимента

Изучение теоретических исследований и опыта подготовки учителей показывает, что грамотный подход играет важную роль в обеспечении первоклассной подготовки преподавателей. В ходе экспериментального исследования стало очевидно, что степень развития предметных компетенций учителей зависит от их готовности заниматься профессиональной деятельностью. Постепенное развитие предметных компетенций, достигаемое за счет изучения фундаментальных и специализированных предметов, а также педагогической практики, повышает общую профессиональную подготовленность личности. Непрерывное образование дает учителям возможность адаптироваться к меняющимся учебным программам, интегрировать передовые учебные инструменты и способствовать созданию инклюзивной и динамичной среды обучения. Это катализатор личностного и профессионального роста, предоставляющий преподавателям навыки и знания, необходимые для эффективного вдохновения и руководства следующим поколением учащихся.

В мире, где информация быстро расширяется, а навыки, необходимые для достижения успеха, постоянно развиваются, учителя, которые занимаются непрерывным образованием, лучше подготовлены к тому, чтобы привить своим ученикам страсть к обучению. В конечном счете, инвестиции в постоянное развитие учителей — это инвестиции в будущее образования, способствующие развитию сообщества преподавателей, которые не только обладают опытом, но также полны энтузиазма и преданы преобразующей силе обучения.

**Список использованных источников**

1. Назарбаев Н.А. К экономике знаний через инновации и образование // Казахстанская правда. – 2006. – 27 мая. No131-132.
2. Reynolds M., Salters M. Models of Competence and Teacher Training // Cambridge Journal of Education, 1995. – P. 349-359, DOI:10.1080/0305764950250306
3. Serbati A. Implementation of Competence-Based Learning Approach: stories of practices and the Tuning contribution to academic innovation. No 3(1) – 2015. – P. 19-56 DOI: 10.18543
4. Хуторской А. В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты. [Электронный ресурс] / А. В. Хуторской // Эйдос : интернет-журнал. – 2002.
5. Левина М.М.Технологии профессионального образования: Учеб. пособие для высших пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 272 с.

## ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ, ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

**Аманбаева М.Б.**
PhD, қауымдастырлған профессор м.а., Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа**: Мақала биологиялық білім берудегі зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік жүйесі мәселесіне арналған. Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігі – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын, белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі қоғамға бейімдеуге дайындық деңгейі болып табылады. Бұл студенттің өз білімін ғылыми түрде жобалау арқылы одан әрі биологиялық пәндерді терең зерттеп меңгеру, жетілдіру біліктілігі дегенге келеді.

**Аннотация:** Статья посвящена проблеме методической системы формирования исследовательской компетентности в биологическом образовании. Исследовательская компетентность студентов-это способность применять полученные им знания, умения, навыки, связанные с определенным научным оборотом, уровень готовности к самоадаптации в общество. Речь идет о квалификации студента для дальнейшего углубленного изучения, совершенствования биологических дисциплин путем научного проектирования своих знаний.

**Abstract**: The article is devoted to the problem of the methodological system of formation of research competence in biological education. The research competence of students is the ability to apply the knowledge, skills, and skills acquired by them related to a certain scientific turnover, the level of readiness for self-adaptation to society. We are talking about the qualification of a student for further in-depth study, improvement of biological disciplines through the scientific design of their knowledge.

Қазіргі жаһандану әлемінде Халықаралық бәсекелестік жағдайларына тез бейімделу қабілеті елдің табысты және тұрақты дамуының маңызды факторына айналуда. Демек, қазіргі уақытта жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделген, әртүрлі қызмет түрлерін игерген және кез-келген өмірлік жағдайда өз қабілеттерін көрсететін табысты, бәсекеге қабілетті түлектер сұранысқа ие қоғамға айналуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауындағы басым бағыттардың бірі, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция. Бұл бағыттың негізі, қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек, деп көрсетілген. Жолдауда «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек» - деп жастардың болашақ мамандықтарына баса назар аудару керектігі нақты айтылған [1].

Осы қажеттіліктерге сәйкес, жоғары білім беруді дамытудың негізгі шарты болашақ мамандарды даярлауда кәсіби білім беруге бағыттау қажеттігі анықталады студенттер мен оқытушылардың іргелі зерттеулеріне, бұл әлемдік ғылыми мектептер, сонымен қатар жаңа ұрпақ өсіру қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулер, инновациялық білім беру экономикасы. Қазіргі таңда еліміздегі білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес, жоғарғы оқу орындарындағы білімге қойылып отырған талап өзгеріске ұшырап, ең алдымен болашақ маманға пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығын меңгерту ғана емес, олардың оқу-танымдық, зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруды жүзеге асыру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты жоғары оқу орын түлектеріне қойылатын әлеуметтік талап олардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Зерттеушілік құзіреттілігі арқылы студенттің ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алу арқылы ғана емес, сонымен қатар, нақты дәлелдер және зерттеушілік әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Студенттер өз алдына орындаған зерттеушілік жұмыстар нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарының алдына болашақ мамандарды даярлауда зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру әдістерін меңгеру міндетін қояды.

Осыған орай жаңа әлеуметтік - экономикалық жағдайда студентті келешек мамандығын дайындауда басты мәселелердің бірі ретінде адам мен табиғат, мәдениет, қоғам арасындағы қарым - қатынасының заңдылықтары туралы жүйелі білім қалыптастыру болып отыр. Ал биологиялық білім өз кезегінде адам мен табиғи орта арасындағы қарым-қатынасты нақты зерттеу арқылы, өзін қоршаған табиғи ортасы, тіршілік құбылыстары туралы білімді өзіндік зерттеулер жүргізу арқылы ғылыми шындыққа көзін жеткізе алатын маман болуы қажет екендігі даусыз.

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігі – оның қабылдаған білім, білік, дағдыларын, белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі қоғамға бейімдеуге дайындық деңгейі болып табылады. Бұл студенттің өз білімін ғылыми түрде жобалау арқылы одан әрі биологиялық пәндерді терең зерттеп меңгеру, жетілдіру біліктілігі дегенге келеді. Себебі қазіргі ақпараттық қоғамда студентке жеке пәндік білімдерді дәстүрлі әдістер кешені түрінде меңгерту жеткіліксіз.

Құзыреттілік тек қабілет қана емес, ол сонымен қатар нәтижелі іс-әрекет, қабілет және ішкі мотивация. Ішкі мотивация тұлғаның құндылықтарымен анықталады және құзыреттілікті дамытудағы шешуші жағдай түрінде қарастырылады. Құзіреттіліктің мәні деп Дж. Равен «мотивация», «мақсат», «іс-әрекетті» негізге алады (кесте 1) [2].

Кесте 1 – Дж. Равен бойынша құзіреттіліктің мәнін анықтау

| Компоненттер | Сипаттамасы |
|---|---|
| Мотивация | Орындалатын іс-әрекетке жеке қажеттілік пайда болғанда құзыреттілік дами түседі.Сондықтан құзыреттілік компоненттерін мотивациядан бөлек қарауға болмайды |
| Мақсат | Тиімді қызмет мақсатқа жету үдерісінде осы жағдайға байланысты жеке құзыреттілік немесе қабілет деңгейіне қарағанда жағдайлардың кең спектрін қамтиды.Тұлғаның мақсатқа жетуіне кететін ұзақ уақыт бойы қолданылатын құзіреттіліктер жиынтығын бағалау қажет |
| Іс-әрекет | Құзыретті іс-әрекеттердің әлеуметтік үдерістерді түсінудегі құндылықтарға негізделген. Іс-әрекет көп жағдайда тұлғаның түрлі жағдайда қандай әрекеттер орындау керектігімен анықталады. Құзыретті іс-әрекеттің моделі студенттің құдылықтар туралы түсінігі, көзқарастары мен нәтижелері, қалыпты емес жағдайда құзіреттілік компанеттерін көрсете білуімен сипатталады |

Зерттеушілік құзыреттіліктің құрылымын құруда келесі құзыреттіліктің үш аспектісі біріктіреді: когнитивті (білім); іс-әрекеттік (іс-әрекет әдістері); аксиологиялық (құндылықтардың болуы).

Көптеген зерттеушілер және жеке тәжірибеміздің нәтижесінде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруды мақсатты түрде жоспарлауда белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімді екендігіне көз жеткіздік.«Белсенді оқыту» ұғымына түсініктеме берсек, А.А. Вербицкий «оқу үдерісін нақты алгоритмге яғни үлгіге, жоспарға сәйкес ұйымдастырушы формадан және әдістерден таным ынтасын дамытуға, білім алу үдерісінде шығармашылық қабілеттерін көрсетуде проблемалық, дамытушы, зерттеушілік іс-әрекетке ауысуымен сипатталады» - деп түсіндіреді [3]. Бұл әдістерді биологиялық пәндер мазмұнын оқытуда және аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибесінде қолдандық.

Қазіргі білім беру үдерісінде белсенді оқыту әдісін мақсатына байланысты төмендегідей кезеңдерге жіктеп алдық [4]:

1) нұсқау беру және айту кезеңіне - студенттерге оқу мақсаттарымен таныстырып, олардың өз кезегінде не істеу керектігін түсінетініне ерекше назар аударуы қажет. Мысалы, адам денсаулығына зиян келтіруі мен мал және ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа ықтимал вирустарды анықтау қалай орындауға болады, зерттеулер жүргізу арқылы нақты нәтиже алу, жұмысты қалай баяндау мақсаты қойылды;

2) көрсету және модельдеу кезеңіне - зерттеу жұмысын орындау жолдарын ұсыну, мысалы, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру жұмыстарын орындау жолдарын және зерттеу әдістерін құру мақсаты қойылды;

3) түсіндіру және сипаттау кезеңіне - бұған дейінгі меңгерген білімді негізге ала отырып, зерттеу жұмысына жүйеленген түсініктеме беру: мысалы, вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру әдістерін баяндау және бұл неліктен осындай нәтиже шығатынын түсіндіріп, қолданылған әдістердің орындау жүйесінің мәнін сипаттау, жалпылама пайымдау үшін қолданылатын мысалдарды келтіре отырып, зерттеу жұмыстарын орындау жолдарын талдау мақсаты қойылды;

4) зерделеу және зерттеу кезеңіне - зерттеу проблемасын анықтау; молекулярлық-генетикалық зерттеу үшін қоршаған ортадан сынама алуға негізделген зерттеу жүргізуге бағыттау; басқа да мысалдар іздеп, салыстырғанда ерекше жағдайларды айқындауды сұрау; студенттерді проблема мен оның шешімін ұсынудың графикалық немесе сызбалық нұсқадағы балама тәсілдерін қарастыруға, проблемаға басқаша тұрғыдан қарау үшін бір түрінен екіншісіне көшуге ынталандыру мақсаты қойылды;

5) бекіту және қолданысқа енгізу кезеңіне - жаңадан меңгерілген дағдыларды тәжірибеде қолдану және дамыту үшін аудиторияда және аудиториядан тыс түрлі тапсырмалардың көмегімен әр-түрлі мүмкіндік ұсыну; студенттердің зерттеу үдерісі барысында әріптесімен жұпта немесе топта бірлесе ойлануы немесе талқылау арқылы оларды өз идеялары мен пайымдауларының ауқымын кеңейтуге немесе өз жұмыстарының жазбасын жүргізу әдістері мен тәсілдерін салыстыруға және жетілдіруге ынталандыру; оларды болашақ мамандығында зерттеушілік құзіреттілігін тиімді қолдануға ынталандыру мақсаты қойылды;

6) рефлексия және бағамдау кезеңіне - студенттердің зерттеу нәтижелерін талдау жасау, өздерін және өзара бағалау, бұны оқытудың жағымды қыры ретінде қолдану; меңгерген біліктерін түсіндіру үшін пікірталас жүргізу; оқушылардың топқа таныстырылымын бағамдау; кері байланыс ұсыну мақсаты қойылды;

7) қорытынды шығару және есте сақтау кезеңіне - зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша қорытындысын шығару және студенттердің меңгерен құзіретін түйіндеу; студенттердің түсінгенін анықтау және қате түсінген болса түзету; студенттердің өз жұмыстарымен таныстырып, оның негізгі тармақтары мен идеяларын ұсынуға шақыру мақсаты қойылды[5].

Сондықтан, мақсатты түрде жоспарланған зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру кезеңдерін біз белгілі әдіскер ғалым В.П. Беспалько ұсынған білімді меңгеру деңгейлері мен аталған деңгейлер бойынша әрекеттердің түрлі негіздемелерін ұстана отырып, жүйелеу жасадық [6] және биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру кезеңдерін былайша жіктедік: дайындық; ұғыну; түсіну; орындау. Биолог студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру үдерісінде келесі жағдайларды ескеру қажет:

- зерттеу тапсырмаларының студенттерге мақсатты - мотивациялық болуы;
- биолог студенттердің оқу объектісінен оқу субъектісіне ауысуға арналған, зерттеу жұмысын нақты түсіну және оны нәтижелі жасауға ынталануы;
- биолог студенттерге өзінің білімін, білігін, құзіреттілігін қолдануы мен жеке пікірін жеткізуге жағдай жасау;
- биолог студенттердің зерттеу жұмысын жасаудың жолдарын өз бетімен іздестіру, нәтижелерін өздігінен бағалай білу білігін дамыту;
- биолог студенттердің зерттеу жұмысының қорытындысын бағалауда қойылатын талаптарын ескерту.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазіргі уақытта студенттердің берік теориялық пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға көбірек көңіл бөлу маңызды деп айтуға болады. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру шығармашылық және зияткерлік әлеуетті, пәндік және жалпы дағдыларды дамыту, сондай-ақ білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз етеді. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесінде студент білім беру процесінде субъектінің позициясын алады. Бұл ұстаным студенттердің шешім қабылдаудағы тәуелсіздігін, өзіне деген сенімділігін, өз іс-әрекеттері мен басқа да маңызды жеке қасиеттеріне жауап беруге дайындығын дамытады. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесінде зерттеу қызметінің әртүрлі формаларын білім беру процесінде кеңінен тарату және қолдану маңызды болып табылады. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесінде мұғалімнің құзыреттілігі шешуші рөл атқарады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». – Нұр-Сұлтан, 01.09.2022. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416

2. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. – М., 2002. –320 с.
3. Вербицкий А.А., Попов А.Н., Подлеснов В.А., Андросюк Е.К. Самостоятельная работа студентов: проблемы и опыт // Высшее образование в России. – М., 1995. - №2. - С. 137-145.
4. Анаркулова Э.И., Аманбаева М.Б., Богоявленский А.П. Формирования научно-исследовательской компетенций у студентов биологов//Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы «Педагогика ғылымдары», сериясы № 1 (65), ISSN 1728 -5496 - Алматы, 2020. - Б. 111 - 115.
1. Hui Cao, M.B.Amanbayeva, A.D. Maimatayeva, Z.O.Unerbayeva, K.I. Shalabayev, S.V.Sumatokhin, S.K.Imankulova, J.B. Childibayev. Methodology of Research Activity Development in Preparing Future Teachers with the Use of Information Resources// EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education., Vol.13. (11), ISSN:1305-8215, IF=0.90 (Web of Science Core Collection, Scopus) - Turkey, 2017. - P.7400-7410.
5. Беспалько В.П. О возможностях системного подхода в педагогике // Сов. Педагогика. - М., 1990. - № 7. - С. 49-60.

## БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА ПЕДАГОГТЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

**Архыматаева А.Ж.**
Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің биология пәнінің мұғалімі, зерттеуші – педагог
Қазақстан, Астана қаласы

**Аңдатпа:** Зерттеудің проблемасы білім берудің жаңа деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін, тәуелсіз, бастамашыл, шығармашыл, коммуникативті дағдыларға ие тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін педагог құзыреттілігін жетілдіруді биология пәнін оқу процесінде жүзеге асыруға қабілетті жағдайларды әзірлеу болып табылады.

**Аннотация**: Проблема исследования заключается в разработке условий, способствующих совершенствованию компетенций педагога, способствующих формированию личности, обладающей независимыми, инициативными, творческими, коммуникативными навыками, обеспечивающими достижение нового уровня образования.

**Abstract**: The problem of the study is the development of conditions that contribute to the improvement of the teacher's competence, contributing to the formation of an independent, initiative, creative, and communicative personality that ensures access to a new level of Education.

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге сай жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу білім беру бағдарламаларын, әдістерін, формаларын қайта қарастыруды қамтиды. Қазіргі мектеп білім беріп қанай қоймайды, ол өмірдің түрлі жағдайларын, өзгерістеріне дайын болатын, соған лайықты тез бейімделе алатын, белсенді, өзінің білімі мен тәрбиесінің өмірлік мақсаттарына сай қолдана алатын, зияткер, шығармашыл, жан-жақты, коммуникативті дағдыларға ие тұлғаны қалыптастыру міндет болып табылады. «Педагогтің кәсіби стандартында» көрсетілгендей педагогтың мамандық бойынша негізгі еңбек қызметі: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік болып табылады. [1] Осы тұрғыдан педагогтың білім беру үдерісінде жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы психологиялық климатты құруға бағытталған өзара әрекеті педагогикалық қарым-қатынас болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын меңгеру оның құзыретті маман екендігінің көрінісі.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі - оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді, ол оның кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыру қабілеті. Кәсіби құзыреттілік – педагогтың үш компоненттен тұратын интегралды сипаты, яғни когнитивтік (білім), операционалдық (қызметін жүзеге асыратын әрекеттер жиынтығы) және аксиологиялық (өз басында белгілі құндылықтың болуы, оны бағалау және келешекке жобалау). *Құзыреттілік* - қандай да бір оқу пәнін оқыту барысында қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі, мәселені шеше білу,

кәсіби маман дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайды. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік көлемі де соғұрлым кең болмақ. Осы тұрғыдан алғанда педагогтың кәсіби құзыреттілік шеңбері аясы кең, білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасауға қабілетті болғанда ғана өз нәтижелігін көрсетері анық.

Адамның жарқын ерекшеліктерінің бірі - сөйлеу қабілеті. Коммуникативті дағдылар - бұл белгілі бір сөйлеу жағдайында қарым-қатынас жасау және сол жағдайға сай өзінің сөйлейтін сөзін тілдік құралдарды саналы түрде таңдау мүмкіндігі. Сонымен қатар, коммуникативті дағдылар сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін және ауызша, жазбаша мәдениеттің негіздерін меңгеруді қамтиды. [2.189 б.]

**Білім алушылардың коммуникативті дағдылары** -өзінің және басқа әлеуметтік топтардың адамдарымен байланыс орнату және қолдау қабілеті, басқа адаммен қарым-қатынасты сипаттайтын тұлғааралық дағдылар. Бала жылдан жылға жас қосқан сайын әлеуметтену процесінен өте отырып, өзінің коммуникативті дағдыларын өмірлік тәжірибемен байланыста бекітеді.Басқа адамдармен қарым-қатынас процесінде бала жалпыадамзаттық тәжірибені игереді, білім жинақтайды, дағдылар мен іскерліктерді игереді, өзінің санасы мен өзін тануын қалыптастырады, нанымдар мен идеалдарды дамытады, қарым-қатынас процесінде ғана баланың рухани қажеттіліктері, моральдық және эстетикалық сезімдері қалыптасады. [3.95 б.] Өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеу функцияларын жүзеге асыру қарым-қатынас арқылы жүреді. Мұғалімдер мен оқушылар педагогикалық қарым-қатынастың субъектілері болып табылады. Педагог қызметі «адам-адам» қарым-қатынасынан тұрады. Қай пәннің мұғалімі болмасын ең алдымен қарым-қатынас дағдыларына ие болуы тиіс, онсыз оқыту үрдісін ұйымдастыру, жүргізу, нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Сондай пәндердің бірі биология сабағында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда педагогтың ең алдымен коммуникативтілік құзыреттілігі қалыптасқан болуы шарт, себебі, мұғалім өзі осы дағдыларға ие болып, оны көрсете алғанда ғана білім алушылардың коммуникативті дағдыларын дамыта алады.

*Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі* – оның жеке тұлғалық қасиеті, қарым-қатынас техникаларын меңгеруі, түрлі қарым-қатынас жағдайларында оңтайлы шешім қабылдау, мәселені шеше білу құзыреті.

Биология сабағында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы оқу жұмыс түрлері мен соның нәтижесінде қалыптасатын дағдылар:

- өз ойларын анық, дәл, дұрыс, қысқаша жеткізе білу дағдысы;
- өз ойларын толық және жан-жақты жеткізе білу дағдысы;
- сұрақ қоя білу дағдысы;
- сұрақтарға жауап беру дағдысы;
- дұрыс қарсылық білдіру дағдысы;
- әңгімелесушіні есту және оның көзқарасына түсу қабілеті;
- өз ұстанымын дәлелдеу және қорғай білу дағдысы;
- өзгерістерге, жағдайларға бейімделу дағдысы;
- басқалармен қарым-қатынас құра білу - жұпта, шағын топта диалог жүргізу, позициялардың ұқсастығы мен айырмашылығын ескеру, ортақ мақсатқа бағытталып, нәтижеге жету үшін серіктестермен өзара әрекеттесу;
- тілді коммуникация құралы ретінде білу;
- кеңістікте бағдарлай алу, сызба, карта «тілдерін» білу;
- түрлі жағдайларды бір-бірімен байланыстыра алу, сәйкестендіру, биологиялық өзгеріске ұшырау себептеріне болжамдар айта білу дағдысы;
- басқа адамдардың позициясы мен рөлін түсіну;
- сабақ барысында тапсырмаларды орындауда көшбасшылық таныту;
- командалық жұмысқа бейімделу, мәселелерді бірігіп шеше білу;
- жұмыс түрлерін орындауда шығармашылық таныту т.б.

Биологияны зерттеу жаңа терминдерді, ұғымдарды игеруді, яғни оқушының сөздік қорын кеңейтуді, сондай-ақ дәлелдеуді, жалпылауды және жүйелеуді қамтиды. Сөйлеу-бұл

ойдың өмір сүру формасы, сондықтан сабақта сөйлеу әрекетін ұйымдастырудың негізі ақыл-ой белсенділігі болуы керек. Біз сөйлеуді дамыту жұмысын биологияны оқытудың жеке немесе қосымша бөлігі ретінде емес, әр сабақ мазмұнының ажырамас бөлігі ретінде қарастырамыз. Мұғалімнің міндеті-әр оқушы пассивті тыңдаушы емес, оқу процесіне қосылуы үшін сабақтағы өмірді шынайы ету. Биологияны оқыту тәжірибесінде сабақтағы ауызша жауап үшін бағалау оқушының нақты айтқаны үшін емес, тек айтқысы келгені үшін қойылады, ал мұғалім оны түсінуі тиіс. Сабақ барысында түрлі жағдайлар жиі кездеседі, мысалы, оқушылар әрқашан бір-бірінің жауаптарын тыңдай бермейді, ол үшін оқушыларға мұғалімдер мен жолдастарының жауаптарын тыңдау қажет болатын оқу жағдайларын жасау қажет. Бұл жағдайда:

1) Сабақтарда монолог емес, диалог көп болады. Ауызша диалогтық сөйлеу ситуациямен сипатталады: сұхбаттасушылар белгілі бір жағдайда әрекет етеді.

2) Оқушылар арасындағы диалог мұғалімсіз байланыс ретінде жүреді. Мұғалім оқушының жауабын қайталамайды, ал қате жауап болған жағдайда мұғалім жауап берушінің өзін түзетуді немесе оқушылардың біреуіне түзетулер мен толықтырулар енгізуді ұсынады. [4.92б.]

Жалпы стандарт талаптарына сай оқушы тыңдай білуі, өзін тыңдата білуі, өз көзқарасын дәлелдеп, негіздей білу дағдыларына ие болуы керек. Егер адам қарым-қатынас мүмкіндігінен айырылса, онда ол дамуын тоқтатады, ал қоғам ыдырайды. Сондықтан мұғалімнің маңызды міндеті-балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Мұғалім осы тұрғыдан оған шешім қабылдауға, мобильді және коммуникативті болуға, оқу іс-әрекетін өз бетінше жоспарлауға және жүзеге асыруға, құрдастарымен және ересектермен ынтымақтасуға, оқу мен танымдық іс-әрекетке тұрақты мотивацияға, маңызды әлеуметтік және тұлғааралық қатынастар жүйесіне ие болуға үйретуі қажет. [5.204б.]Оқушылардың жалпы коммуникативті дағдылары қарым-қатынастың барлық саласында орын алады. Осыған орай пән мұғалімі оны дамыту үшін құзыретті маман болып қана қоймай, өзі коммуникативті дағдылары қалыптасқан адам ретінде қабылдануы тиіс болғанда ғана бұл міндет шешілетін болады. Осы тұрғыдан педагог мынадай құзыреттілік сапаларын көрсетуі тиіс:

***Тыңдау білу және ести білу қабілеті.*** Мұғалім ең алдымен, естуді үйрену керек. Сөздерге назар аудару сөйлеушіні жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені ол нақтылау сұрақтары үшін қосымша мүмкіндік ашады.

***Анық және қысқа сөйлей білу.*** Кез-келген жағдайда өз ойларын нақты, қысқа және қол жетімді түрде жеткізуге тырысу керек. Сонымен қатар өз ойын қандай интонация мен дыбыстық екпінмен жеткізетініне назар аударуы қажет.

***Вербалды емес қарым-қатынас.*** Зерттеулер көрсеткендей, қарым-қатынастың сәттілігіне біздің дене тіліміз (тұрысымыз, мимика, жест-ишара), сондай-ақ интонация үлкен әсер етеді. Қимыл-қозғалыстарымыз арқылы біз шамамен 90% ақпарат аламыз, бұл сұхбаттасушы туралы қандай әсер қалдыратынымызға да үлкен әсер етеді.

***Эмпатия*** - бұл өзін басқа адамның орнына қою және ол сипаттаған оқиғалар кезінде не бастан өткергенін түсінуге тырысу қабілеті. Айналамыздағы адамдардың жан дүниесі мен сезімдерін түсіну - бұл біздің мәдени құзыреттілігімізді қалыптастыратын негіз. Бұл жұмыс эмпатиядан басталады. Сөйлеушінің жағдайын неғұрлым жақсы түсінсек, әңгіме жүргізу оңайырақ болады.

***Стресске төзімділік.*** Сөйлесу әрқашан жағымды бола бермейді, кейде шиеленіс соншалықты жоғары өсіп, адамды эмоциясы басқарып кетеді, міне, осындай жағдайда стрессті жеңе білу өте маңызды қарым-қатынас дағдысы болып табылады.

***Бейімделу қабілеті*** – орта жағдайына қарай бейімделу – қақтығыстың алдын алуға, түсінбеушілікті болдырмауға, жағымды орта құруға ықпал етеді.

***Бірлескен жұмыс*** – оқу мақсаттарын бірлесе қойып, бір мақсатқа білім алушылармен бірлесе жұмыс жасау арқылы жету қабілеті. Қарым- қатынас- бұл бірлесіп жұмыс істеудің негізгі дағдысы. Бұл ашықтықты, сондай-ақ басқалар өз көзқарастарын айтқан кезде тыңдай

білуді білдіреді. Ашықтықты сақтай отырып және қандай да бір позицияға байланбай, ұжымның әрбір қатысушысы ақпаратты объективті түрде қабылдай алады және ең практикалық және тиімді шешімдерді таба алады.

***Жанжалдарды шеше білу*** – оқыту барысында туындайтын келеңсіз жанжал жағдайларын шешуде педагогикалық техника, такт талаптарын сақтау, сабырлық пен шыдамдылыққа ие болу.

***Шығармашылық*** – кез келген іске шығармашылық тұрғыдан келу, креативтілік таныту, өзінің жаңа идеяларымен, ойларымен бөлісу;

***Сыни тұрғыдан ойлау*** – оқушылармен жұмыста сыни ойлауға жетелейтін орта құру, мәселені сыни тұрғыдан шешуге бағыттау, сындарлы оқу диалогын құра білуге қабілетті болу.

***Эмоционалды интеллектіге ие болу*** – оқушылардың басқа да адамдардың эмоцияларын тану, ниеттерін, мотивациялары мен тілектерін түсіну, практикалық мәселелерді шешу үшін басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілетіне ие болу.

***Көшбасшылық дағдыларға ие болу*** – қандай істе болмасын көшбасшылық таныту, өзінің сөзіне, ісіне сендіре білу, игілікті ісі арқылы артынан ерте білуі, мүмкіндік беру, шабыттандыру, командалық өзара әрекеттесуді қолдау, тәжірибе жасау үшін қауіпсіз кеңістік құру, негізделген тәуекелдерді қабылдау және ашық ойлар алмасу.

***Ұйымдастырушылық құзыреттілікті таныту*** – мақсатқа сай оқыту үрдісін және оқушыларды қандай да бір іске ұйымдастыра білу қабіоетіне ие болу.

***Өз жұмысын ұйымдастыра алу –*** күнделікті жұмысын жоспарлап отыру, әр күн сайын орындайтын міндеттерін жазу, орындау, жұмыс күнін дұрыс ойластыру, тиянақтылық, өз ісін ұйымдастыра білу мұғалімге алға жылжуды тоқтатпау үшін күнделікті мақсаттарды анықтауға және нақты түсінуге мүмкіндік береді.

***Шыдамдылық*** – мұғалімнің негізгі қасиеттерінің бірі, ол қарым-қатынастың барлық түріне қажет, оның элементтеріне өзін ұстай білу, толеранттылық таныту, сабырлық қасиеттер жатады.

***Адамдармен жұмыс істеу дағдылары*** – жұмыс істеу тетіктерін білу, кіммен қалай сөйлесу керек, кіммен қалай қарым-қатынас жасау керектігін білген мұғалім ғана еңбек етуге ыңғайлы ортаны жасай алатын болады.

***Мәселелерді шеше білу*** – мұғалімнен келелі істерді басқаруға, деңгейіне қарай істердің шешімін табуға үйренуді талап етеді.

***Өз ісіне жауапкершілікпен келу-*** мұғалім құзыретінің көрсеткіші, жауапты іс қылатын әрекеті әрқашан да оқушыларға оң үлгі.

***Стратегиялық ойлау*** – бұл дағдылар салмақты және нақты шешімдер қабылдау үшін қолданылады. Сондай-ақ әр айтатын сөзін, ісін ойлап барып істеу, айту келеңсіз жайттарды болдырмаудың кепілі. Педагог қабылданған шешімді негіздеу үшін барлық қажетті ақпаратты қосып, жинақтап, білім алушыларға ұсынады.

***Уақытты басқару*** – пән мұғаліміне қажетті сапа, себебі, қарым-қатынас (сөз) кезінде уақыт тез өтіп кетеді немес әлсіз болған жағдайда баяу өтуі мүмкін, міне, осындай жайттарды басқара білу, міндеттерді қанша уақыт аралығында орындауды анықтау, тапсырмаларды бөле білу оның құзыреттілігінен хабар береді.

***Педагогикалық этика талаптарын сақтау*** – пән сабақтарында білім алушылармен қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтау, өзара сыйластық, құрметтеу, педагогикалық тактіні сақтау талаптарын біліп қана қоймай, таныта білуі қажет. Психологиялық-педагогикалық сөздікте: «Педагогикалық әдеп - мұғалімнің оқушыларға педагогикалық мақсатқа лайықты істерінің өлшемі, өнімді қарым-қатынас орната білу іскерлігінің стилі» деп анықталады.[6.153б.]

Бұл коммуникативті құзыреттілік дағдылары педагог жұмысы үшін де, басқа адамдармен жұмыс істеу үшін де өте маңызды.

Бүгінгі таңда салыстырмалы педагогика тәжірибелері көрсетіп отырғандай Қазақстан педагогтары басқа елдердегі білім беру жүйесімен, оқыту технологияларымен таныса отырып олардың тиімділігін негіздей келе, оларды оқыту процесіне енгізуді жүзеге асыратын

тәжірибелер көптеп саналады. [7. 48б.]Оқыту үрдісін жетілдіру жаңартылған оқыту әдістерін, тәсілдерін, формаларын қолдануға әкеледі, бұл деген сөз – білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын жаңа жағдайларға сай бейімдеу, құруды білдіреді. Сондай тәжірибенің бірі - Сингапурлық оқыту технологиясы.

Сингапурлық оқыту технологиясының негізгі мақсаты – білім алушылардың ынтасын көтеру және білімге деген қызығушылығын ояту, коммуникативті дағдыларын дамыту. Неліктен сингапурлық оқыту әдісіне қызығушылық бар? Сингапур әлемдегі ең жақсы мемлекеттік білім беру жүйесінің бірі ретінде белгілі, соның арқасында әлемдік рейтингте тұрақты түрде жоғары орын алады, ал оның жас азаматтары математика мен жаратылыстану бойынша әлемдегі ең жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Өздеріңіз білетіндей, дәстүрлі білім беру «мұғалім – оқушы» принципіне негізделген, дәріс түрінде өтеді, әдетте екі-үш білім алушы сабаққа жауап беріп үлгереді. Мұндай сабақтың ортасында мұғалім ақпарат көзі болып табылады. Сингапурлық оқыту әдістемесі – бұл құрылымдар деп аталатын тезистер мен формулалар жиынтығы. Астана қаласындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі мектептер желісінде сингапурлық оқыту әдістерін тиімді қолдану былтырғы жылдан бері жүргізіліп келеді. Аталаған оқу орындарының ұстаздарын арнайы оқу курсы «АПГРЕЙД 45» арқылы оқытудан өткізілді. Сабақ процесі кезінде оқушылардың коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыта отырып, әдістемені қолдана отырып оқыту өз нәтижесін беруде. Сингапурлық оқыту әдістемесінде барлығы 250-ге жуық құрылым бар. Сабақ кезіндегі білім алушылардың сабақ кезіндегі бірлесе жұмыс жасауы арқылы коммуникативті құзіреттіліктерін дамыту пән мұғалімнің міндеттерінің бірі болып табылады. Әдістеме бойынша сабақтың басталуының өзінде ерекшелік бар. Ұстаз дәстүрлі сабақ кезіндегіден қарағанда білім алушылардың ынтасын, зейінін өзіне аударуды сауатты түрде жүргізуі керек. Ұстаз үнемі сыныптағы педагогикалық білім бар, оқушылардың коммуникативтік құзіреттіліктерін дамытып отырыатын адам екендігін естен шығармауға тиіс. Сынып зейінні өзіне аударуды. «ВАЙ-ФАЙ» әдісін қолданғанда оқушылар ұстаз оң қолын көтергеннен бастап зейіннің бір бағытқа шоғырландыра алады. Сыныптағы білім алушылардың коммуникативті ортасын қалыптастыру үшін партаға отырғанда да 4 оқушыдан команда түрінде отырғызылады. 1А,2Б, 3А, 4Б бойынша. Сыныптағы білім алушылар әр сабақта ұстазға қойылатын сұрақтары болған жағдайда «Мәселелер қоржыны» бөліміне сұрақтарын бекітіп қоюларына болады.Оқушылар 4 оқушыдан командаларға бөлініп жұмыс жасаған кезде сынптағы барлық оқушылар бірлесе отырып нәтижелі өнімді ұсына алады. Әр білім алушы өз ойын еркін жеткізе алады. Әр пән сабақтарында білім алушылар бір-бірімен жұмыс жасау арқыл нәтижеге бағытталған, сапалы білім алуға мүмкіндік алады. Дәстүрлі топтық жұмыс кезінде тек жақсы оқитын оқушылар ғана топта жұмыс жасаса, командалық жұмыста барлығы бірлесе жұмыс жасай алады. [8]

Сингапурлық әдістемені қолдану арқылы білім алушылардың 4К дағдылары әр сабақ кезінде қалыптаса алады.

- коммуникация
- сыни тұрғыда ойлану
- креативті ойлану
- коллаборация

өздеріңіз байқағандай коммуникация бұл 4К бірінші тұрғандықтан әр сабақта ұстаз білім алушы бойынша дамытуға тиісті негізгі құзіреттілік болып табылады. Сингапурлық әдістердің сабақ кезінде қолданылуында білім алушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасай отырып, нәтижеге жете алады. Мысалы:

ТАЙМД РАУНД РОБИН – әдістемесі кезінде ұстаз командадағы 4 білім алушыға сұрақ қояды. Талдауды бастағанда қай номерлі оқушы бірінші бастайтынын айтып өтеді. Білім алушылар команда ішінде сұрақтың жауабын бірін-бірі тыңдау арқылы толықтырып талдайды. Ұстаз әр команданы сыртынан тыңдау арқылы білім алушылардың қалай жұмыс жасап жатқандығын бақылай алады. Бұл кезде педагог білім алушылардағы бірін-бірі тыңдау, коммуникация, креативтілік құзіреттіліктерін дамыта алады.




Оқушылардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуы үшін. Бірін –бірі толықтыруды «Сағаттағы достар» әдісі өз нәтижесін берді. Білім алушылар бірін-бірі тыңдау арқылы білімдерін толықтыра отырады. Білім алушылар алдын-ала сағатқа достармен кездесу уақыттарына бөліп жазады. Ұстаз тақырыпты түсіндіргеннен кейін енді осы тақырыптағы түйген ой-пікірлеріңізді 12-дегі достарыңызбен талқылаңыздар тапасырмасы беріледі. Оқушылар достарымен кездесіп бүгінгі сабақтағы тақырып бойынша өз түсініктерін бір-біріне айтып өтеді. Білім алушылар керемет қызығушылықпен бірін-бірі толықтыра отырып тақырыпты толық меңгере алатындығын көрсетті. Жоғарыда айтқандай педагог өзі әр сабақта білім алушылармен әртүрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы өзінің коммуникативті құзіреттілігін дамыта отырып, білім алушыларды нәтижеге бағыттай алады. Сингапурлық технологияларды сабаққа топ түгел қатысады, пәнде қолданылған формалар мен құралдардың әртүрлілігі кез келген нәрсені арттырады және ынталандырады. Оқушылар қаласа да, қаламаса да өз бетінше ойланып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, бірін-бірі толықтырып, пікір алмасуға үйренуі керек.

Сонымен, мынадай *қорытындыға* келуге болады:

- Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі тиімді оқыту ортасын құрып, оқыту мәселелерін шешіп, оқыту талаптарына сай ұйымдастыру техникалары элементтері арқылы танылатын болады.
- Коммуникативті дағдылар- қарым-қатынасқа, сөйлеу, өзара әрекеттесуіне және өзара түсіністікке қабілеттілік пен нақты дайындық.
- Биология сабағында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда педагогтың ең алдымен коммуникативтілік құзыреттілігі қалыптасқан болуы шарт, себебі, мұғалім өзі осы дағдыларға ие болып, оны көрсете алғанда ғана білім алушылардың коммуникативті дағдыларын дамыта алады.
- Педагог кәсіби маман ретінде іс-әрекетімен құзыреттілік сапаларын көрсетеді.
- Педагогикалық қарым-қатынас мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуіне негізделген екі жақты үрдіс. Бұл үрдістің тиімділігі мұғалімнің қызметі мен жеке басына, оның кәсіби және педагогикалық құзіреттілігіне де, оқушының іс-әрекетіне де байланысты.
- Субъектілі қатынастармен диалогтық қарым-қатынас барысында мұғалім әр нақты жағдайға сәйкес келетін оңтайлы педагогикалық шешімдерді белсенді іздейді.
- Оқыту үрдісін жетілдіру барысында енгізілетін оқыту әдістерін, тәсілдерін, формаларын қолдану – білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын жаңа жағдайларға сай бейімдеп, құра біледі.
- Сингапурлық оқыту технологиясы негізінде білім алушылардың коммуникативті дағдыларын командалық жұмыс арқылы дамытуға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Педагогтың кәсіби стандарты. http://g.engime.org/pedagogti-kesibi-standarti-jalpi-erejeler.html?page=38
2. Батыршев А.В. Организационные и коммуникативные качества личности/ А.В. Батыршев. – М.: Изд. центр «Академия» – 1998. – С.136-189
3. Бодалев А. А. Психология общения/ А.А. Бодалев. – М.: Изд. центр «Академия» – 1996. – С.95-97.
4. Галеева Н.Л. Сто приемов успеха ученика на уроках биологии: Методическое пособие для учителя. – М.: «5 за знания», 2006.
5. Клюева Н.В., Касаткина Ю.В. Учим детей общению. Характер, коммуникабельность/ Н.В. Клюева. – Ярославль: Академия развития – 2001. – 458 с.
6. Психологиялық-педагогикалық сөздік. Екінші басылым.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2011.- 224 бет

7. Морева Н.А. Современная технология учебного занятия .- М. : Просвещение, 2007.- 158 с.
8. Кокимбекова Г.Д арнайы пәндер оқытушысы «Педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаңа міндеттер: мәселелер және тәжірибе» - 29 бет

# ЖОО-ДАРЫНДА ЖАЛПЫ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

**Бейсембаева Л.К.**
х.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
**Абдысалам А.**
Магистрант әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Мақалада мультимедиялық ресурстардың тиімділігі мен қажеттілігі сондай-ақ мультимедиялық ресурстарды қолдану тиімділігін арттыруға арналған бірнеше ұсыныстар жайлы айтылған. Мақаланың мақсаты білім беру процесін заман талабына сай жандандыру болып табылады. Зерттеу жұмысы жалпы химия пәні барысында сабақта мультимедиялық ресурстарды қолданған және дәстүрлі білім алған студенттердің арасында жүргізілді. Зерттеу жұмысы негізінде алынған нәтижелер ұстаздардың білім алушыларға терең білім беруіне септігін тигізер деген үміттеміз.

**Аннотация:** В статье рассказывается об эффективности и необходимости использования мультимедийных ресурсов, а также о нескольких рекомендациях по повышению эффективности использования мультимедийных ресурсов. Целью статьи является актуализация образовательного процесса в современных условиях. Исследовательская работа проводилась среди студентов, использовавших мультимедийные ресурсы на уроке в ходе изучения общей химии и получивших традиционное образование. Надеемся, что результаты, полученные на основе исследовательской работы, будут способствовать углубленному обучению педагогов обучающимся.

**Abstract**:The article describes the effectiveness and necessity of using multimedia resources, as well as several recommendations for improving the efficiency of using multimedia resources. The purpose of the article is to update the educational process in modern conditions. The research work was carried out among students who used multimedia resources in the classroom during the study of general chemistry and received a traditional education. We hope that the results obtained on the basis of the research work will contribute to the in-depth training of teachers to students.

**Кіріспе:** Заманның қарыштап дамуы білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістерге алып келді, атап айтқанда короновирус пандемиясы салдарынан білім алушылардың ғаламтор желісіне деген тәуелділігі артып виртуалды әлемде ұзаққа байланатын болды. Бұл мәселенің шешімі қандай? Білім беру жүйесіне өзгерістер енгізу қаншалықты қажет? Дәстүрлі білім беру жүйесінің неліктен нәтижелілігі төмендеп кетті? Бұл орайда ұстаздар қауымының атқаратын рөлі қандай? Иа, көз жүгіртер болсақ шешімі алыста жатқан күрделі сауалдар саны мұнымен тоқтар емес, сол себептіде қазіргі уақытта жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында білім беру процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін оқытудың жаңа әдістері мен құралдарын іздеу ерекше өзекті болып отыр.

Қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесінде оқу процесінде мультимедиялық ресурстарды пайдалану үрдісі байқалады. Ресурстардың алуан түрлілігі бірқатар артықшылықтарына байланысты:

- ақпаратты әр түрлі формада ұсыну мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді;
- ақпаратты тереңірек игеруге ықпал етеді;
- оқуды даралау мүмкіндігі, бұл әр студентке өз қарқынымен және өзінің дайындық деңгейімен оқуға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық ресурстарды жалпы химияның әртүрлі салаларын зерттеуде пайдалануға болады. Мысалы, заттардың молекулалық құрылымын зерттеу кезінде оларды молекулалар мен кристалдардың модельдерін көрсету және компьютерлік эксперименттер жүргізу үшін пайдалануға болады. Химиялық реакцияларды зерттеу кезінде оларды реакция

кинетикасы мен механизмін көрсету және виртуалды тәжірибелер жүргізу үшін пайдалануға болады. Қазіргі уақытта жалпы химияны зерттеуге арналған көптеген мультимедиялық ресурстар бар. Олар электронды оқулықтар, оқу құралдары, зертханалық семинарлар, интерактивті қосымшалар мен ойындар түрінде ұсынылуы мүмкін. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқу кезінде мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың тиімділігі туралы мәселе туындайды.

**Материалдар мен әдістер:**

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқыту кезінде мультимедиялық ресурстардың тиімділігін анықтау қарастырылады. Ол үшін келесі аспектілер талданады:

* Мультимедиялық ресурстардың тиімділігі туралы түсінік
* Мультимедиялық ресурстардың тиімділік критерийлері
* Мультимедиялық ресурстардың тиімділігін бағалау әдістері
* Жалпы химияны оқытуда мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың практикалық аспектілері

Мультимедиа – бұл әр түрлі формада ұсынылған ақпаратты: мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейнені құруды, өңдеуді, сақтауды және ойнатуды қамтамасыз ететін әр түрлі ақпараттық технологиялардың жиынтығы. Мультимедиялық ресурстар - бұл әр түрлі формада ұсынылған ақпараттар жиынтығы және оны өңдеуге, сақтауға және ойнатуға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама. Мультимедиялық ресурстар білім берудің әртүрлі салаларында, соның ішінде жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқу кезінде де пайдаланылуы мүмкін. Олар оқу процесін көрнекі, қызықты және қызықты етуге, сондай-ақ материалды игеру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық ресурстардың тиімділігі туралы түсінік: мультимедиялық ресурстардың тиімділігі осы ресурстар арқылы білім беру мақсаттарына жету дәрежесі ретінде анықталады. Жалпы химияны зерттеу контекстінде мультимедиялық ресурстардың тиімділігін студенттердің химия бойынша білімі мен дағдыларын, сондай-ақ олардың оқуға деген ынтасын арттыру дәрежесі ретінде анықтауға болады.

Мультимедиялық ресурстардың тиімділік критерийлері: жалпы химияны зерттеудегі мультимедиялық ресурстардың тиімділігі бірқатар критерийлермен анықталады, соның ішінде:

* Материалдардың сапасы мен өзектілігі. Тиімді оқуды қамтамасыз ету үшін мультимедиялық ресурстар сапалы және өзекті болуы керек.
* Оқу бағдарламасының талаптарына сәйкестігі. Мультимедиялық ресурстар білім беру мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін оқу бағдарламасының талаптарына сай болуы керек.
* Интерактивтілік. Студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін мультимедиялық ресурстар интерактивті болуы керек.
* Қол жетімділік. Мультимедиялық ресурстар студенттерге кез-келген уақытта және кез-келген жерде қолдана алатындай етіп қол жетімді болуы керек.
* Білім мен дағдыларды игеру. Мультимедиялық ресурстар студенттердің химия бойынша білімі мен дағдыларын игеруіне ықпал етуі керек.
* Оқуға деген ынтаны арттыру. Мультимедиялық ресурстар студенттердің оқуға деген ынтасын арттыруы керек.
* Оқу нәтижелерін жақсарту. Мультимедиялық ресурстар студенттердің оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етуі керек.

Мультимедиялық ресурстардың тиімділігін бағалау әдістері: мультимедиялық ресурстардың тиімділігін бағалау үшін әртүрлі әдістер қолданылады. Ең көп таралған әдістерге мыналар жатады:

* Тестілеу. Тестілеу студенттердің химия бойынша білімі мен дағдыларының деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

* Сауалнама. Сауалнама студенттердің оқуға деген ынтасын және олардың мультимедиялық ресурстарға қатынасын бағалауға мүмкіндік береді.

* Оқу нәтижелерін талдау. Оқу нәтижелерін талдау мультимедиялық ресурстардың студенттердің оқу нәтижелеріне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Жалпы химияны оқытуда мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың практикалық аспектілері: жалпы химияны оқытуда мультимедиялық ресурстарды тиімді пайдалану үшін келесі аспектілерді ескеру қажет:

* Мақсатты аудитория. Мультимедиялық ресурстар мақсатты аудиторияның білімі мен дағдыларының деңгейіне бейімделуі керек.

* Оқу бағдарламасы. Мультимедиялық ресурстар оқу бағдарламасының талаптарына сай болуы керек.

* Педагогикалық әдістер. Мультимедиялық ресурстарды басқа педагогикалық әдістермен бірге пайдалану керек.

**Нәтижелер мен талқылаулар**

Жалпы химияны зерделеу кезінде мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін бағалау үшін біз бақылау тестілеуін өткіздік. Тестілеуге мультимедиялық ресурстарды пайдаланып химияны оқыған студенттер және мұндай ресурстарды пайдаланбай химияны оқыған студенттер қатысты. Зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің химия және химиялық технологиялар факультетінде «атом құрылысы» тақырыбы аясында жүргізілді. Экспериментке студенттердің 2 тобы қатысты: эксперименттік және бақылау. Эксперименттік топ мультимедиялық ресурстарды пайдалана отырып, "атом құрылысы" тақырыбын, ал бақылау тобы мультимедиялық ресурстарды пайдаланбай оқыды. "Атом құрылысы" тақырыбы бойынша студенттердің білім деңгейі мен дағдыларын бағалау үшін тест өткізілді. Тест атом құрылысының негізгі түсініктері мен заңдылықтарын қамтитын 10 сұрақтан тұрды (сурет-1).

Тест

1. Атомның ортасында орналасқан:
**а)** ядро
в) электрон
с) протон
д) нейтрон

2. Атом ядросы мыналардан тұрады:
**а)** протон, нейтрон
в) протон, нейтрон, электрон
с) протон, электрон
д) нейтрон, электрон

3. Атом ядросының массасы:
**а)** электрондардың массасы көбірек
в) электрондардың массасы аз
с) электрондардың массасына тең
д) электрондардың массасына қатысы жоқ

4. Атомдағы электрондар саны:
**а)** ядродағы протондар санына тең
в) ядродағы нейтрондар санына тең
с) ядродағы электрондар мен протондар саны тең емес
д) ядродағы электрондар мен нейтрондар саны тең емес

5. Атомдағы электрондар орналасады:
**а)** кванттық деңгейлерде
в) кванттық қабатта
с) кванттық ішкі деңгейлерде
д) кванттық ұяшықтарда

6. Атомдағы кванттық деңгейлер саны:
**а)** элементтің реттік нөмірі
в) элементтің атом массасы
с) элементтің реттік нөмірі + 1
д) элементтің реттік нөмірі ±1/2

7. Сыртқы кванттық деңгейдегі электрондар саны:
**а)** 8
в) 18
с) 2
д) 4

8. Элементтің реттік нөмірі сәйкес келеді:
**а)** ядродағы протондар санына
в) ядродағы нейтрондар санына
с) атомдағы электрондар санына
д) сыртқы кванттық деңгейдегі электрондар санына

9. Реттік нөмірі 18 болатын химиялық элементтің:
**а)** сыртқы кванттық деңгейде 8 электрон
в) сыртқы кванттық деңгейде 18 электрон
с) сыртқы кванттық деңгейде 2 электрон
д) сыртқы кванттық деңгейде 4 Электрон

10. Сыртқы кванттық деңгейдегі электрондар білдіреді:
**а)** элементтің химиялық қасиеттерін
в) элементтің физикалық қасиеттерін
с) атомның құрылымын
д) элементтің ядролық қасиеттерін

Сурет-1.

Студенттердің оқуға деген ынтасын бағалау үшін сауалнама жүргізілді, онда студенттер мультимедиялық ресурстарға деген көзқарастары және оларға химияны зерттеу үшін қаншалықты тиімді деп санайтыны туралы сұрақтарға жауап берді (сурет-2).

Сауалнама

Сауалнаманың мақсаты: жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқу кезінде мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін анықтау.

Сұрақтар:
1) Жалпы химияны үйрену кезінде мультимедиялық ресурстарды қаншалықты жиі пайдаланасыз?
2) Сіз мультимедиялық ресурстардың қандай түрлерін қолданасыз?
3) Мультимедиялық ресурстар жалпы химияны үйренуге қаншалықты көмектеседі?
4) Мультимедиялық ресурстардың қандай артықшылықтарын атап өтесіз?
5) Мультимедиялық ресурстардың қандай кемшіліктерін атап өтесіз?
6) Химия бойынша мультимедиялық ресурстарды жасаушыларға қандай тілектер айтқыңыз келеді?
Нұсқаулық: университеттерде жалпы химияны оқу кезінде мультимедиялық ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалауға көмектесу үшін келесі сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің жауаптарыңыз анонимді болады және тек зерттеу мақсатында қолданылады.
Қатысқаныңыз үшін рахмет!

Шамамен жауаптар:
Сұрақ 1:

Жиі
Кейде
Сирек
Ешқашан

Сұрақ 2:

Бейнелер
Суреттер
Интерактивті модельдер
Виртуалды зертханалар
Басқа түрлері

Сұрақ 3:

Олар көп көмектеседі
Көмектеседі
Көмектеспейді

Керісінше зиянды

Сұрақ 4:

Күрделі химиялық ұғымдар мен құбылыстарды жақсы түсінуге мүмкіндік береді
Оқуды қызықты етеді
Материалды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беріңіз
Қосымша ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді
Басқа нұсқа

Сұрақ 5:

Сапасыз
Оқу бағдарламасына сәйкес келмейді
Түсіну қиын
Пайдалану ыңғайсыз
Басқа нұсқа

Сұрақ 6:

Қосымша интерактивті модельдер
Қосымша көрнекі иллюстрациялар
Көбірек виртуалды зертханалар
Жоғары сапалы материалдар
Басқа нұсқа

Сауалнама нәтижелерін талдау: сауалнама нәтижелерін келесі әдістер арқылы талдауға болады:
Статистикалық талдау: әр сұраққа жауаптар санын есептеу, орташа мәндерді есептеу, студенттердің әртүрлі топтары бойынша нәтижелерді салыстыру.
Сапалық талдау: 4 және 5 сұрақтарға студенттердің мәтіндік жауаптарын талдау.
Талдау нәтижелері негізінде университеттерде жалпы химияны зерттеу кезінде мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың тиімділігі туралы қорытынды жасауға болады.

Сурет-2 сауалнама

Студенттердің 60% - ы мультимедиялық ресурстарды жиі немесе кейде пайдаланады деп жауап берді. Студенттердің 40% - ы мультимедиялық ресурстарды сирек немесе ешқашан пайдаланбайды деп жауап берді. Мультимедиялық ресурстардың ең танымал түрлері-

бейнелер мен иллюстрациялар. Интерактивті модельдер, виртуалды зертханалар және мультимедиялық ресурстардың басқа түрлері аз танымал. Сауалнама нәтижелерін талдау негізінде мультимедиялық ресурстар жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқытудың тиімді құралы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Олар студенттерге күрделі химиялық ұғымдар мен құбылыстарды жақсы түсінуге, оқуды қызықты әрі қызықты етуге, сондай-ақ материалды өз бетінше үйренуге көмектеседі. Дегенмен, мультимедиялық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру үшін олардың сапасы мен оқу бағдарламасына сәйкестігін жақсарту қажет.

Зерттеу жұмысы нәтижесінде мультимедиялық ресурстарды пайдалана отырып, "атом құрылысы" тақырыбын зерттеген эксперименттік топ студенттері бақылау тобының студенттеріне қарағанда тестте жоғары нәтиже көрсеткенін көрсетті. Сонымен қатар, эксперименттік топтың студенттері мультимедиялық ресурстарды оң бағалап, оларды химияны зерттеу үшін тиімді деп санады. Осылайша, эксперимент нәтижелері жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқу кезінде мультимедиялық ресурстардың тиімділігін растайды.

Демек, мультимедиялық ресурстарды пайдалану жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқытудың тиімді әдісі болып табылады. Мультимедиялық ресурстар студенттерге күрделі химиялық ұғымдар мен құбылыстарды жақсы түсінуге, оқуға деген ынтаны арттыруға және оқу нәтижелерін жақсартуға көмектеседі. Жалпы химияны оқытуда мультимедиялық ресурстарды тиімді пайдалану үшін пайдалану мақсаты, мақсатты аудитория, оқу бағдарламасы және педагогикалық әдістер сияқты бірқатар факторларды ескеру қажет.

Қазіргі уақытта жалпы химияны зерттеудегі мультимедиялық ресурстардың тиімділігіне бағытталған бірқатар зерттеулер бар. Осы зерттеу жұмысы және өзге зерттеулердің нәтижелері мультимедиялық ресурстар химияны оқытудың тиімді құралы бола алатындығын көрсетеді. Олар студенттерге күрделі химиялық ұғымдар мен құбылыстарды жақсы түсінуге, оқуға деген ынтаны арттыруға және оқу нәтижелерін жақсартуға көмектеседі.Зерттеу нәтижелері мультимедиялық ресурстар жоғары оқу орындарында жалпы химияны оқытудың тиімді құралы болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Джураев Р.Х, Мардонов Ш. Инновации в системе высшего педагогического образования: Сборник научных трудов Войскового института Киевского национального Университета имени Т. Шевченка Выпуск № 4 –Киев, 2009.

2. Использование компьютеров в обучении химии. В. И. Махонина, Е. В. Мещерякова. // Химия. Методика преподавания. –2002 — № 6.

3. Использование информационных технологий на уроках химии. Г. В. Щелканова. //Химия. Методика преподавания. — 2004 — №.8.

4. Осин, А.В. Мультимедиа в образовании: контекст информатизации /А.В. Осин. - М.: Ритм, 2005. - 375с.

# ЖАЛПЫ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАНЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

**Бейсембаева Л.К.**
х.ғ.к., доцент; магистрант әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
**Сулейменова А.**
магистрант әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

**Андатпа**: Мақалада жалпы химия пәнін өту барысында виртуалды зертхананы пайдалану мүмкіндіктері мен тиімділігі қарастырылады. Виртуалды зертхананың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ оларды білім беру процесіне енгізудің орындылығы анықталған. Мақалада мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін арттыру үшін Unreal Chemist платформасын қолдану жолдары көрсетілген. Электрондық ақпараттық-білім беру ортасындағы цифрлық оқыту технологиялары оқытушының кәсіби тәжірибесіне негізделіп біліктілікті арттыруға, цифрлық оқытуды құнды-тұлғалық мәнмен толтыруға және білім беру нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік беретіні айтылған.

**Аннотация**: В статье рассматриваются возможности и эффективность использования виртуальной лаборатории в ходе прохождения общей химии. Определены основные преимущества и недостатки виртуальной лаборатории, а также целесообразность внедрения в образовательный процесс. В статье показывается как использовать платформу Unreal Chemist для повышения цифровой компетентности учителя. Показано, что технологии цифрового обучения в электронной информационно-образовательной среде позволяют повысить квалификацию на основе профессионального опыта преподавателя, наполнить цифровое обучение ценностно-личностной ценностью и улучшить результаты обучения.

**Abstract:** The article discusses the possibilities and effectiveness of using a virtual laboratory during the course of general chemistry. The main advantages and disadvantages of the virtual laboratory, as well as the feasibility of their implementation in the educational process, are determined. The article describes how to use the Unreal Chemist platform to increase the digital competence of teachers. It is shown that digital learning technologies in the electronic information and educational environment make it possible to improve qualifications based on the professional experience of a teacher, fill digital learning with value and personal value and improve learning outcomes.

Виртуалды зертхана дегеніміз не? Виртуалды зертхана-бұл білім алушылар өздерінің жеке гаджеттерінің көмегімен онлайн режимінде жасай алатын ғылыми эксперименттердің интерактивті компьютерлік модельдеуі. Әрбір виртуалды зертхана білім алушыларға "виртуалды кеңістікке" кіруге мүмкіндік береді, онда олар өз білімдері арқылы эксперименттер жүргізе алады[1].

Компьютерлік технологияларды қолдану оқушылардың тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеді. Интерактивті кешенді қолдану сабақтың әртүрлі кезеңдерінде жаңа материалды түсіндіруге, зерттелетін тақырыпты бекітуге, өзіндік жұмысты жүргізуге және тексеруге, өткен тақырыптарды қорытындылауға, виртуалды материалдарды өткізуге көмектеседі. Химияны оқыту процесінде виртуалды зертхана оқытушыға оқу материалын визуализациялау процесінде, әсіресе микроәлемді (атомның, молекулалардың құрылымы) түсіну үшін қажет, ұзақ уақытқа созылатын химиялық тәжірибелер (нуклеин қышқылдарының гидролизі) "химиялық байланыс", "электртерістілік" және т.б. маңызды химиялық негізгі ұғымдарды қалыптастыруда көмектеседі[2].

Педагогтердің цифрлық дағдыларын қалыптастыру және дамыту қазіргі жағдайда бірегей міндеттер болып табылады. Мемлекет, қоғам және білім беру мекемелерінің әкімшілігі тарапынан белсенді қолдауды талап етеді. Алайда, мұғалімдердің көптеген еңбек өтілі болса да, цифрлық технологияны кәсіби түрде қолданатындар аз. Цифрлық технологияны білім беруде оның ішінде жалпы химия пәнінде пайдаланудың артықшылықтары айқын:

1. Білім алушының шабытын ашу: виртуалды зертханалар ғылымды өмірге әкелетін қызықты тәжірибе ұсынады. Модельдеу оқушыларға өздерін нағыз ғалымдардың орнына қоюға көмектесу арқылы ғылымды қызықты етеді.

2. Қолжетімділікті арттыру: виртуалды зертханалар студенттерге кез келген жерде, кез келген уақытта және өз қарқынымен жұмыс істей алатын заманауи тәжірибеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Оқытуды жеделдету: виртуалды зертханалар студенттерге абстрактілі ғылымдар теориясын елестетуге және игеру үшін қажет болғанша әдістерді қолдануға көмектеседі.

4. Виртуалды зертхана дәстүрліге қарағанда әлдеқайда арзан болуы.

Қай уақытта дәстүрлі зертханалық жұмысты виртуалды зертханаға алмастыра аламыз:

1. Химиялық зертханаларда химиялық реагенттерге қол жетімділік шектеулі немесе жоқ болса: студенттер мен мектеп оқушылары әрдайым зертханаға кез-келген уақытта қол жеткізе бермейді (мысалы, техника қауіпсіздік ережелеріне байланысты немесе белгілі бір жағдайлар бойынша).

2. Жазатайым оқиғалар қаупі болса: қауіпті химиялық заттармен тәжірибе жасау кезінде (әсіресе студенттер тәжірибесіз болған кезде қауіпті).

3. Білім алушылар заманауи, озық техникалармен бағасының жоғары болуы есебінен тәжірибе жасай алмайтындай жағдай болса. Мұндай кезде білім алушылардың оқу тәжірибесі толық емес болып қалу қаупі бар.

Жоғары аталған виртуалды зертханалардың артықшылықтарын ескере отырып, білім алушыларға жалпы химия курсында виртуалды зертханамен қолдану тиімділігі эксперимент жүзінде анықталды.

Unreal Chemist-бұл Pixel Miller компаниясы ұсынған химиялық және зерттеулер жүргізуге болатын IOS, Android қолдайтын виртуалды зертхана. Unreal Chemist виртуалды зертханасының көмегімен білім алушылар өз жеке смартфондарында химиялық эксперименттер жүргізе алады және "реалды" зертханадағы эксперименттердің визуалды көрінісін шынайы түрде көре алады. Оқушылар химиялық заттарды араластыру арқылы қалай әрекеттесетінін және түрлі-түсті жалын алу үшін тұздарды жағып, қандай түстері қалай өзгеретінін көру үшін элементтерді қыздыра алады. 170-тен астам химиялық элементтер мен заттарды әрекеттестіру арқылы нақты ұқсас графика мен егжей-тегжейлі эксперимент модельдеулерін көруге мүмкіндіктері болады.


Маңызды сәттер:

- Білім алушылар реагенттердің реакция температурасын, концентрациясы мен мөлшерін тәжірибедегідей өзгерте алды.
- Тұндыру реакцияларындағы температураны өзгертіп және температураның өзгеруі ерігіштікке қалай әсер ететінін көре алды.
- Баяулау / жылдам араластыру мүмкіндігін қолданады.
- Индикаторларды пайдаланып реакция кезінде pH деңгейін және pH өзгеруін тексереді[3].


Қосымшаның кемшіліктеріне 30 күндік тегін сынақ нұсқасының болуы, сонымен қатар ағылшын тілін білу қажеттілігі жатады.

Жалпы химия курсында өтетін қышқылдар және негіздердің индикаторларға әсері, алюминий, хром және басқа да металлдардың гидроксидтерін алу, осы гидроксидтердің амфотериясын көрсететін реакциялар жүргізу, қышқылдардың қасиеттері мен құрамын растайтын эксперименттер жүргізу, негіздермен өзара әрекеттесу, негіздік оксидтермен әрекеттесу тақырыптарын осы қосымша арқылы қамтуға болады.


Мысалы, жалпы химия пәнін өту барысында «$Pb^{2+}$ иондарына сапалық реакция» тақырыбының практикалық бөлімін «Unreal Chemist» виртуалды зертханасы арқылы бекіттік. Реакцияның орындалуы: 1-2 тамшы қорғасын ерітіндісіне 2 тамшы $CH_3COOH$ және 2-3 тамшы KI қосылады. Қорғасын ионы иодид-иондарымен сары тұнба түзеді.




1 сурет. Алдымен білім алушы зерттеуге қажетті реактивті таңдайды және реактивтер туралы барлық мәліметтерді біле алады



2 сурет. Реактивтерді әрекеттестіріп, болған өзгерістерді байқайды және температураны өзгерте алады




3 сурет. Реакция аяқталып, білім алушылар болған өзгерістер жайлы қорытынды жасай алады

Виртуалды зертханалардың тиімділігін анықтау үшін жалпы химия курсы бойынша білім алушылардың арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында студенттердің барлығына (100%) виртуалды зертханада жұмыс істеген ұнағаны анықталды. Атап айтқанда, студенттер "әр түрлі сапалы реакциялар" есте қалғанын атап өтті, "денсаулыққа зиян келтірместен қауіпті тәжірибелер жасауға болады", "эксперименттерді қайталауға мүмкіндіктері бар екенін" атап өтті деген және басқа жауап нұсқалары болды. Алайда, сауалнама барысында студенттердің бір бөлігі (43%) виртуалды зертхананың кемшіліктерін де атап өтті. Олардың пікірінше, виртуалды зертханалар "нақты" зертханалық жұмысты алмастырудың орнына жақсы қосымша бола алады, бірақ реалды зертханада жұмыс жасау тиімділігі бірнеше есе жоғары болатынын айтты.

Мақаланың негізгі түйіні, виртуалды зертхананы ақпараттық технологияларды қолдану ретінде пайдаданудың негізгі мақсаты - білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу, қазіргі заманғы, негізінен интерактивті оқыту нысанының көмегімен оқу процесін әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ оқушылардың оқу дербестігі мен шығармашылық белсенділігін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, оқытушының цифрлық құзыреттілігін дамыту жолдары қарастырылды. Жалпы химия курсы бойынша виртуалды зертханада жұмыс істеген білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама және байқалған қорытынды бойынша, виртуалды зертханамен қолдану студенттердің білім алу тиімділіктерін бірнеше есе арттыруға көмектесетіні анықталды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Никулина Т.В., Стариченко Е.Б. Виртуальные образовательные лаборатории: принципы и возможности // Педагогическое образование в России. – 2016. – № 7. – С. 62-66. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/virtualnye-obrazovatelnye-laboratorii-printsipy-ivozmozhnosti. (23.09.2023)

2. Гавронская Ю. «Интерактивность» и «интерактивное обучение» // Высшее образование в России, 2008. № 7. С. 101-104.

3. A CHEMISTRY LAB AT YOUR FINGER TIPS https://www.pixelmiller.com/unrealchemist (18.10.2023)

## ОБУЧЕНИЕ И ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

**Берилло Д.А.**
кафедра фармацевтической и токсикологической химии, фармакогнозии и ботаники в школе Фармации КазМНУ им Асфендиярова
**Берилло В.В.**
кафедра Химической и биохимической инженерии, КазНИТУ им Сатпаева
г. Алматы, Казахстан

**Аңдатпа:** Қашықтықтан білім беруді дамыту (ҚО) қашықтықтан білім беру технологияларын әзірлеуге және енгізуге әкелді. Білім алушының оқытушымен тікелей байланысы кезінде оқу ақпаратын ұйымдастырудың ерекшелігі оқыту технологиялары мен әдістерін анықтайды. Негізгі мақалалар қашықтықтан оқытуды оқытудың жаңа түрі ретінде негіздеу және дәлелдеу болып табылады. Бұл мақалада ҚО-ды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырылады, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелері, қашықтықтан білім беру жағдайында оқытудың негізгі түсініктері, модельдері, әдістері мен тән ерекшеліктері қарастырылады. Оқытуда қашықтықтан оқыту технологияларын қолданудың негіздемесі келтірілген. Қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚОТ) пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, ҚазҰМУ-да қолданылатын студенттерді оқытуға арналған әдістер мен платформалар сипатталған. С.Д. Асфендияров пен Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ қашықтықтан білім беру жағдайында.

**Abstract**: The development of distance education has led to the development and implementation of distance education technologies. The peculiarity of the organization of educational information in the absence of direct contact between the student and the teacher is determined by technologies and teaching methods. The main purpose of the article is to substantiate and argue distance learning as a new form of education. This

article compares the advantages and disadvantages of using distance learning, discusses the organization of distance learning, basic concepts, models, methods and characteristic features of learning in distance education. The rationale for the use of distance learning technologies is given. Features of the organization of the educational process using distance learning technologies (DOT), methods and platforms for teaching students used at KazNMU named after S.D. Asfendiyarov and KazNITU named after Satpayev in the conditions of distance education are described.

**Аннотация:** Развитие дистанционного образования (ДО) привело к разработке и внедрению дистанционных образовательных технологий. Особенность организации учебной информации в остутствии прямого контакта обучающегося с преподавателем определяют технологий и методы обучения. Основная статьи - обосновать и аргументировать дистанционное обучение как новую форму обучения. В этой статье сопоставляются достоинства и недостатки использования ДО, рассматриваются вопросы организации дистанционного обучения, основные понятия, модели, методы и характерные особенности обучения в условиях дистанционного образования. Приводится обоснование использования дистанционных технологий в обучении. Особенности организации учебного процесса с использованием дистанционных образовательных технологий (ДОТ), описаны методы и платформы для обучения студентов, используемые в КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова и КазНИТУ им Сатпаева в условиях дистанционного образования

**Введение.** Веками опосредованное взаимодействие участников образовательного процесса интересовало академическое сообщество. Развитие образовательных технологий опосредованного взаимодействия и технологические термины переместились от передачи опыта предыдущего поколения потомкам в устной форме, использовании рукописей и книг как средства взаимодействия постоянного обучения рассматривалось как одна из возможных форм взаимодействия в реализации учебного процесса. Теперь более года мы, являемся участниками амбициозного образовательного эксперимента на всех уровнях образования, заключающийся в обучении через дистанционное взаимодействие между учениками и учителями.

Дистанционная форма обучения - новая организация образовательного процесса, которая основывается на принципе самостоятельного обучения, при котором обучающиеся отдалены от преподавателя в пространстве и во времени. При этом обучающиеся имеют постоянную возможность поддерживать с преподавателем диалог в виртуальном пространстве (Moodle, Whats app, Social media FB, Instagram, youtube) Опыт дистанционного обучения с весны 2020 года и до настоящего времени демонстрирует потенциал дистанционного образования(ДО) и преимущества с учетом обязательного ограничения прямого взаимодействия между участниками образовательного процесса. Однако косвенное взаимодействие между учителем и учеником требует пристального внимания со стороны как преподавателей, так и методистов, организаторов и разработчиков документов для обеспечения регламентации всех аспектов учебного процесса[1]. ДО является его способность удовлетворить потребности обучаемого, благодаря виртуальной форме обучения.

Приводится преимущества и недостатки проведения занятий в дистанционном формате. Положительные стороны ДО: возможность учиться из любой точки мира, автоматизированность рутинных образовательных процессов, у обучающихся развиваются навыки самостоятельного поиска необходимой информации, а также способность работать и принимать решения самостоятельно, ДО помогает обойти психологические барьеры, связанные с коммуникативными качествами человека, экономить время и ресурсы на дорогу до места обучения. Отрицательные стороны: отсутствие «живого» общения и проблема идентификации (IP адреса) пользователя во время выполнения студентом контрольных заданий, сдачи экзаменов, тестирования, необходимость в персональном компьютере и к песперебойному скоростному доступу в Интернет [2]. Активное использование студентами возможностей искуственного интеллекта для подготовки презентаций и перефразирования текстов при написании работ по СРС и СРСП. Очень часто студенты предоставляют просто переведенные с другого языка готовые работы и как следствие отсутствие усвоения материала.

Технологии ДО - информационные технологии обеспечивают получение обучающимися основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие

обучаемых и преподавателей в процессе онлайн обучения, предоставление учащимся возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого материала, а также в процессе онлайн обучения [3].

**Основная часть.** В связи со сложившей пандемии COVID-2019, в странах расширяется спектр платформ для проведения онлайн занятий в ДО (Zoom, MS Teams, Skype, What's app), совершенствуется методы и технологии проведения занятий[4]. Используемые технологии ДО можно разделить на три категории: не интерактивные (печатные материалы, аудио, видео-носители); средства компьютерного обучения (электронные учебники, компьютерное тестирование(TestPad, Kahoot) и контроль знаний, новейшие средства мультимедиа); видеоконференции – развитые средства телекоммуникации по аудиоканалам и видеоканалам, например оригинальные презентации и видеолекции по дисциплинам «фармацевтическая химия» и «Общие методы исследования лекарственных веществ»[11].

Рассмотрим некоторые удобные методы проверки знаний обучающихся. Например, программа Padtest позволяет высылать данные по e-mail адресу студента и регистрировать IP адрес компьютера, тем не менее, это не исключает возможность выполнения задания другим человеком (репетитором или другим квалифицированным специалистом). Преподавательский опыт подсказывает, что лучше всего комбинировать Padtest с видео регистрацией процесса тестирования экрана компьютера студента через платформы Zoom или Microsoft Teams. Программа Kahoot очень удобна для проведения промежуточного контроля студентов, позволяет моментально анализировать результаты анализа и выводить статистику по оценкам и др., но не подходит для дистанционного формата, т.к. не исключен факт передачи мобильного телефона одногрупнику или другому человеку с компетенциями в этой сфере. Достаточно информативно использование и одновременного проведения тестирования через Zoom, опцию Zoom чата, при этом действительно видно, что именно этот студент сидит перед компьютером и проходит тестирование самостоятельно. Удобной опцией Zoom является то, что видна хронология предоставления ответов в сохраненном текстовом документе вместе с видеозаписью. Недостатком этого метода является трудоемкость анализа тестирования.

В КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова используются все три категории технологии обучения. Для размещения информационных материалов, в том числе электронных учебников, презентаций, гиперссылок на видео лекций по теме, на научные исследования по теме, письменных и тестовых заданий используются такие платформы как Moodle, Microsoft Teams, для проведения онлайн занятий, конференций в дистанционном формате - Microsoft Teams, ZOOM, Cisco Webex. Так как одной из основных задач кредитной технологии обучения является повышение роли самостоятельной работы студентов, на платформах для ДО задания загружаются и материалы для самостоятельного освоения и выполнения. Более того в КазНМУ введена практика трехязычия, где часть заданий студент должен выполнить на государственном, русском и английском языках. Практика трехязычия осуществляется и преподавателем, что способствует к интеграции образования с международными требованиями и подготовке высококвалифицированного специалиста. В КазНИТУ им Сатпаева большей популярностью пользуется платформа Microsoft Teams и есть лекции, практические занятия и лабораторные.

Среди технологий обучения наибольший интерес для дистанционного обучения представляют те технологии, которые ориентированы на групповую работу учащихся, т.е. обучение в сотрудничестве (работа в коллективе, работа в малых группах), активный познавательный процесс, работу с различными источниками информации [5]. Существуют также различные методы ДОТ. Метод обучения посредством взаимодействия обучаемого с образовательными ресурсами при минимальном участии преподавателя и других обучаемых (самообучение). Для этого метода характерен мультимедийный подход, когда при помощи разнообразных средств создаются образовательные ресурсы: электронные информационные материалы, видеолекций, виртуальные лаботаторные занятия по микроскопии, органической и аналитической химии [12] Метод индивидуализированного преподавания и обучения, для которого характерно взаимоотношение одного студента с одним преподавателем или одного

студента с другим студентом. Этот метод реализуется в ДО в основном посредством таких технологий, как телефон, голосовая почта, электронная почта. Основа метода содержит представление студентам учебного материала преподавателем, при котором обучающиеся не играют активную роль в коммуникации заключается в том, что видеолекций дополняются в современном ДО процессе электронными лекциями, которые представляют собой подборку передовых статей по предмету и учебных материалов. Активное взаимодействие между всеми участниками учебного процесса существенно возрастает с развитием обучающих телекоммуникационных технологий. Интерактивные взаимодействия между самими обучающимися, а не только между преподавателем и обучающимися, становятся важным источником получения знаний [6].

Различаются виды модели организации ДО, одним из таких классификаций моделей является классификация разработчика дидактических основ дистанционного обучения А.А. Андреева, выделила пять моделей, где в качестве признака классификации приняты средства, используемые для доставки и представления учебного материла [7]. Модель кейс-технологии. Эта модель основана на самостоятельном изучении учащимися специального набора учебно-методических материалов-кейсов.

Модель корреспондентского обучения осуществляется без очных контактов. Обучаемый и преподаватель обмениваются учебными материалами, выполненными заданиями с помощью традиционной почты. Радиотелевизионная модель обучения предполагает использование в качестве средства доставки учебного материала телевидения, радио, радиотрансляционных городских сетей. Модель сетевого обучения базируется на использовании сети Интернет как для доставки учебных материалов, так и для организации взаимодействия между участниками процесса обучения. Модель мобильных технологий подразумевает, что учащиеся используют мобильные портативные персональные компьютеры и смартфоны [8].

В КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова применяются методы самообучение в виде выполнения самостоятельной работы и активное взаимодействие между всеми обучающимися группы, в виде «мозгового штурма», дебаты, работы в малых группах, устное обсуждение темы занятий. Если подчеркнуть используемые в ВУЗе модели организаций ДО, то применяются модель сетевого обучения и мобильных технологий.

С 1 сентября 2021 параллельно с ДО по каждой дисциплине, то есть на платформах Microsoft Teams или ZOOM или Cisco Webex проводятся онлайн занятия, затем студенты выполняют письменные или тестовые задания загруженные преподавателем на платформах Moodle (dis.kaznmu.kz) или Microsoft Teams. Лабораторные занятия для получения практических навыков студентами обеспечивается оффлайн занятиями.

Работы, предоставляемые студентами проверяются на уникальность (оригинальность) с помощью различных платформ, таких как Turnitin.com, AntiPlagiarism.NET и многие другие[9-10]. Помимо этого те файлы, которые по ряду причин не могут быть просканированы через вышеуказанные программы могут быть проверены в ручном формате. Например, в свойствах документа MS Word и PowerPoint есть возможность посмотреть сколько версий документа было и какое время студент потратил на выполнение данного задания, более того, можно получить информацию о том в каком году был впервые создан этот документ и кто был его изначально первым автором этого документа. Также, можно проверить текст на подмену похожих (о, е, р, с, В, у) букв буквами из другого алфавита, что достаточно часто используют студенты для повышения уникальности документа, или же если текст стилистически не верно звучит есть вероятность того, что студент перевел готовую работу через переводчик. Чтобы доказать академическую нечестность обучающегося необходимо подготовить несколько специфических вопросов касательно данной темы и опросить студента. По данной методике автором снято несколько видеороликов на русском и английском языках[11-12]. Из вышеизложенного, можно сделать вывод, что в режиме ДО компетентно и дифференцированно оценить студента более сложная задача, чем при традиционной очной форме обучения. В настоящее время студенты признаются, что пользуются ресурсами

искуственного интеллекта для перефразирования текстов, поэтому необходим выборочный устный опрос.

В настоящее время существует программа Aero proctoring, позволяющая записывать во время экзамена не только звук и видео обучающегося, но и рабочий стол компьютера[13]. Данная программа используется многими ВУЗами нашей страны во время промежуточной аттестации (экзаменационной сессий). Онлайн прокторинг позволяет подтвердить личность обучающегося, исключает возможность использование студентами шпаргалок и помогает объективно оценить знания обучающегося[14-15]. При приеме экзаменов в офф-лайн формате все еще редко применяют глушение сигнала интернета в здании, что существенно усложняет работу экзаменаторам и прокторам.

Все виды дистанционных образовательных технологии не вступают в противоречие с традиционными формами образования. Они дополняют, изменяют его качественно, способствуют развитию и формированию инновационных подходов, где возможны и смешанные варианты применения образовательных технологий. В целом применение технологий ДО позволяет расширить возможности обучения по многим критериям: возможна организация обучения одновременно для обучающихся разного профиля, специализации, направления и повышения квалификации преподавателей; [16-17] повышается профессионализм и компетентность учащихся посредством использования информации в рамках дисциплины в «домашних» условиях; формируется единое информационное пространство [9].

**Заключение**. К выбору современных средств обучения необходимо подходить весьма основательно, так как это важный момент преподавательской деятельности. Необходимо обоснованно оценивать возможности конкретной технологии обучения, знать ее сильные и слабые стороны и знать, где ее лучше применить. С развитием информационных технологий невозможно предугадать все методы подмены работ и другие случаи нарушения кодекса академической нечестности, совершаемые студентами, но мы попытались показать некоторые методы которыми можно пользоваться, для предотвращения или выявления таких случаев. Как видно дистанционный формат обучения требует предварительной тщательной подготовки преподавателей с целью повышения качества образования. Необходимо требовать от студентов рассказа презентации своими словами и запрещать обычное чтение с листа или экрана монитора, более того рубежные контроли необходимо принимать в офф-лайн формате, исключая использование электронных приборов.

**Список использованных источников**

1. Shtaleva, N. R., Derkho, M. A., Pribytova, O. S., & Shamina, S. V., March). Distant learning: challenges and risks of 2020. In IOP Conference Series: Earth and Environmental Science (Vol. 699, No. 1, p. 012026). 2021. IOP Publishing.

2. Кузьмина Л. В. Преимущества и недостатки дистанционного обучения // Вестник Московского университета МВД России. 2012. №1. С.8-10.

3. Горева О.М., Барбаков О.М. Дистанционная форма вузовского образования: реалии и перспектива. Тюмень: Вектор Бук, 2007. ISBN 978-5-91409-033-0. С. 159.

4. Осипова Л.Б., Горева О.М. Дистанционное обучение в вузе: модели и технологии // Современные проблемы науки и образования. 2014. № 5. С.1-8.

5. Шаров В.С. Дистанционное обучение: форма, технология, средство // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. 2009. №94. С. 236-240.

6. Попова Н.Е., Чикова О.А. Технологии дистанционного обучения как инновация в процессе реализации образовательных стандартов нового поколения // Вестник НГПУ. 2014. №2 (18). С.17-24.

7. Сагиндыкова, А.С. Актуальность дистанционного образования // Молодой ученый. 2015. № 20 (100). С. 495-498.

8. Галяев Владимир Сергеевич, Гасанова Зарема Ахмедовна О классификации моделей дистанционного обучения // Высшее образование в России. 2012. №4. С.103-108.

9. Saleh, M. Turnitin-The Role of The Principal in Increasing Teacher Performance through //Periodic Academic Supervision. 2021

10 Oliveira, G., Grenha Teixeira, J., Torres, A., & Morais, C. An exploratory study on the emergency

remote education experience of higher education students and teachers during the COVID-19 pandemic.// British Journal of Educational Technology. 2021

11 Берилло Д.А. Методические рекомендации проверка Power Point презентаций и другихдокументов на уникальность https://www.youtube.com/watch?v=ofAUnqPI__Q&list=PLBW_3hyp9s1n6a_tejQQ2rEMBxBn5TNcC&index=4&pbjreload=101

12. Berillo D.A. Novel technologies of student training in the conditions of distance education part-2, // Education and Student Experience Conference July 2021 https://www.youtube.com/watch?v=gEoc7UPo7cU&list=PLBW_3hyp9s1n6a_tejQQ2rEMBxBn5TNcC&index=2

13. Kanchi, M., Malhotra, P., Senniappan, K., Kumar, A., Krishnan, R., Das, S., & Belani, K. Online Fellowship Exit Examination During the COVID-19 Pandemic. https://globalbioethicsenquiry.com/wp-content/uploads/2021/02/RP3-KANCHI-136-150.pdf

14. Meulmeester, F. L., Dubois, E. A., Krommenhoek-van Es, C. T., de Jong, P. G., & Langers, A. M. Medical Students' Perspectives on Online Proctoring During Remote Digital Progress Test. // Medical Science Educator 2021, 1-5.

15. González-González, C. S., Infante-Moro, A., & Infante-Moro, J. C.. Implementation of e-proctoring in online teaching: A study about motivational factors. Sustainability, 2020, 12(8), 3488.

16. О. Позднякова Мастер класс "10 правил для создания грамотных презентаций, о которых не знают 99% педагогов! https://www.youtube.com/watch?v=nB-IO35BYa0&t=408s

17. О. Позднякова Киберпедагог Мастер класс 1 "Настолько ли сильная "Мягкая" сила? Новые 4 роли педагога" https://youtu.be/STPMMj8XMi0?t=270

18. Толстоухова И.В. Дистанционное обучение как современная педагогическая технология // Человек и образование. 2016. №2 (47). С.98-100.

## ХИМИЯ КУРСЫ БОЙЫНША ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУ ОҚЫТУШЫ ҚҰЗЫРЕТІНДЕ

**Дүйсехан Д.А., Қаимбек Г.Т.**
Магистранттар,әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
**Рыскалиева Р.Г.**
х.ғ.к. доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мақалада «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығына жүргізілетін «Тіршілік қауіпсіздігіндегі химия» пәнінің оқу-әдістемелік кешенін жасау ерекшеліктері тұжырымдалып, мамандыққа байланысты химияның қазіргі заманғы бағыттарын бөліп, негіздеу және оның әрі қарай даму үрдістерін анықтау арқылы студенттерге химияны оның кәсібилігі үшін маңызды, қызықты және қарқынды дамып келе жатқан ғылым саласы ретінде қабылдауға мүмкіндік беру мәселелері қарастырылады.

**Abstract:** The article formulates the features of creating an educational and methodological complex of the subject "Chemistry in Life Safety" for the specialty "Life Safety and Environmental Protection", as well as by highlighting and justifying modern areas of chemistry related to the specialty and discusses problems that allow students to perceive chemistry as important , an interesting and rapidly developing branch of science for its professionalism, justifying and defining trends in its further development, determining the directions of its further development.

**Аннотация**: В статье сформулированы особенности создания учебно-методического комплекса предмета «Химия в безопасности жизнедеятельности» для специальности «Безопасность жизнедеятельности и охрана окружающей среды», а также путем выделения и обоснования современных направлений химии, относящихся к специальности и рассматриваются проблемы, позволяющие студентам воспринимать химию как важную, интересную и быстро развивающуюся отрасль науки для своего профессионализма, обосновывая и определяя тенденции ее дальнейшего развития.

Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қоятын талаптары қазіргі таңда күрделене түсуде. Жаңа қоғам педагогы – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты білімді, кәсіби құзыретті, өз теориялық білімін практикада әр түрлі педагогикалық технологиялармен жүзеге асыра алатын өз кәсібінің шебері бола білуі қажет. Сондықтан оқытудың дәстүрлі жүйесінде білікті мамандар даярлайтын жалпы оқу орындарының қазіргі мақсаты – әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға даярлау. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген [1]. Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және оны тиімді пайдалану керек. Аталған жолдар арқылы оқытушыға білім сапасын арттыру, оның мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру және жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай шығармашыл тұлға қалыптастыру мәселесін қойып отыр [2].

Осындай тұлғаны қалыптастыру, дамыту, яғни Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» деген сөзі ұстазға үлкен жауапкершілік арттырса, ал ғылыми педагогиканың негізін салушы Ы.Алтынсарин мұғалімнің қоғам алдында рөлін қарапайым түрде айта келіп, кезінде «...Салып жатқан үйдің жақсы болуы, оның іргесін берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отыратын ісіміз де, қазақ мектептерінің бар келешегі көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты [3].

Қазақстан әлемнің дамыған елдерімен дүниеде дараланауы тек білімді, жігерлі, сапалы білім алған, құзыретті, бәсекелестіктің небір мықты істеріне төтеп бере алатын жас ұрпақ арқылы жүзеге асады. Ал ұрпақ тәрбиелеуде студенттерді бүгінгі заманның талабына сай оқытудағы басты мақсат - жан-жақты жетілген, өз тарихының өткеніне көз жүгіртетін, қоғамның даму үрдісіне өзінше баға бере алатын ұлтжанды, патриот азаматын қалыптастыру [4].

Дәстүрлі түрде білім беру мақсаты – түлек меңгеруі тиіс білім, білік, дағды жиынтығымен анықталды. Бүгінгі күні бұл тәсіл жеткіліксіз болды. Қоғамға одан әрі өмір сүруге дайын, олардың алдында тұрған өмірлік және кәсіби мәселелерді іс жүзінде шеше алатын түлектер қажет. Бұл көбінесе алған білімдерге, шеберлікке және дағдыларға, сондай-ақ білім берудің қазіргі заманғы мақсаттарын түсінуіне сәйкес келетін "құзыреттілік" ұғымын белгілеу үшін қолданылатын қосымша қасиеттерге байланысты. Бұл ұғымдарды педагогикалық практикаға енгізу, білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, білім алушылар білім берудің аяқталуына және жекелеген пәндерді оқу кезінде меңгеруі тиіс қызмет түрлерін нақтылауды талап етеді [5].

Құзыреттілік тәсіл басым білім беру парадигмасының біртіндеп қайта бағдарлануын, қазіргі заманғы көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, ақпараттық және коммуникациялық бай кеңістік жағдайында бітірушінің өмір сүруге және тұрақты тіршілік етуге қабілетін білдіретін, құзыреттілік кешенін меңгеру үшін жағдайлар жасауға дағдылардың қалыптасуын білдіреді [6].

Осы орайда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінің «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығының 2-курс студенттеріне жүргізілетін «Тіршілік қауіпсіздігіндегі химия» пәнінің оқу-әдістемелік кешенін жасау ерекшеліктеріне тоқталмақпыз. Әрине, химия пәнін оқытудың көптеген әдістемелік құралдары, оқулықтары көп. Дегенмен, бұл мамандыққа түскен студенттерге жалпы химияның белгілі сабақтары қажет емес. Осыған байланысты біз алдымызға «5В073100 – Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығының студенттеріне химия пәнін дәстүрлі оқытудан өзгеше, олардың мамандықтарына пайдасы болатындай жағынан беруді алдымызға міндет етіп қойдық.

Химияның қазіргі заманғы бағыттарын бөліп, негіздеу және оның әрі қарай даму үрдістерін анықтау, бұл студентке химияны оның кәсібилігі үшін маңызды, қызықты және қарқынды дамып келе жатқан ғылым саласы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуде бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары, бейорганикалық қосылыстардың эмпирикалық және графикалық формулаларын құру, оксидтерді анықтау және жіктеу, гидроксидтер, сілтілер, сілтілердің химиялық қасиеттері, қышқылдар, анықтамасы және жіктелуі, тұздар тақырыптарын біріктіріп, бір лекция сабағында шолу жасауды жөн көрдік. Аталғандардың әрқайсысында жеке заттардың басқа сипаттамаларын негізге ала отырып, кеңейтілген жіктеуді қолдануға болады.

Біз қазіргі университеттік курста атмосфера, гидросфера және литосферада жүретін химиялық процестер туралы мәліметтерді байыпты кеңейтуді маңызды деп санаймыз Және сол тақырыптарға сәйкес лабораториялық жұмыстар мен студенттің өзіндік жұмыстары таңдап алынды. Біздің пікірімізше, аталған мамандық бойынша негізгісі болып табылады және сондықтан химия курсының негізгі көлемін құрауы тиіс деп есептейміз. Бұл білімдер элективті және арнайы курстарда өзіндік ерекшелігін табады.

«5В073100-Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша оқитын студенттерді биосферада қолданылатын негізгі химиялық принциптермен, литосферадағы, атмосферадағы және гидроферадағы физика-химиялық айналудың ерекшеліктерімен, биосферадағы ғаламдық процестердің химизмімен таныстыру, сонымен қатар инновацияны, жаңа химиялық қосылыстарды және жаңа химиялық технологияларды енгізу қоршаған орта үшін зардаптарды азайту бойынша міндеттерді шешу стратегиясы мен тактикасына үйрету.


Химияны оқытудың блоктық-модульдік жүйесін құру және іске асыруда біз ішкі пәнаралық интеграцияны ескере отырып, фундаменталды материалды проблемалық ашу моделі жетекші етіп алдық. Мұндай тәсіл химияның зерттеу әдістерін одан әрі кәсіби қызметте пайдалану мүмкіндігін көрсетеді. Оқытудың бұл жүйесі химиялық дайындықтың сапасын арттыруға бағытталған және студенттердің оқу қызметі саласындағы инновациялық өзгерістерді көрсетеді, жалпы химия курсын жаңғыртуды және химиялық білім деңгейін арттыруды жүзеге асыру. Сондықтан бұл модельді жүзеге асыру, кәсіби қызметтің жалпыланған химиялық іс-әрекеті мен тәсілдерін, студенттердің ғылыми ойлауын, сондай-ақ теориялық және практикалық мәселелерді шешу бойынша олардың белсенді танымдық қызметін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Пәнді оқыту кезінде құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру мақсатында заманауи білім беру технологиялары қолданылады: практикалық-бағытталған технологиялар (практикалық жұмыстар), ақпараттық технологиялар (презентациялар), оқыту технологиясы (проблемалық оқыту), эвристикалық оқыту технологиясы (шығармашылық жобаларды орындау, «ми шабуылы», ойын әдістемесі). Білім алушылардың жалпы және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту үшін сабақтарды өткізудің белсенді және интерактивті түрлері (топтық кеңес беру, нақты жағдайларды талдау, іскерлік және рөлдік ойындар, топтық пікірталас) қолданылады.

Тәжірибе алдында студенттердің пәнге деген көзқарастарын білу және жұмыстың маңыздылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің:

- 80%-ы «Тіршілік қауіпсіздігіндегі химия» курсын оқыту аса қажет деп санайды;
- 10%-ы химия курсы жеке оқытылғаны дұрыс деп санайды;
- 10%-ы химия пәнін оқытудың маңыздылығын түсінбейді.




1-сурет. Сауалнама нәтижелері

Студенттердің химия пәнінен базалық білімдерінің деңгейі анықталды. Студенттерден ауызша сұрақ-жауап түрінде және жазбаша түрде төмендегідей критерийлер бойынша бақылау алынды:


- Химиялық таңбаны білу;
- Валенттілікті білу;
- Реакция теңдеуін жаза алу;
- Қарапайым реакцияларды теңестіре алу;
- Химияның негізгі заңдылықтарын білу.

Алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі 2-суретте көрсетілген.

Бақылау нәтижесі бойынша студенттердің:

- 30%-ы химия пәнін түсінеді, білімі жақсы;
- 25%-ының химиядан білімі орташа;
- 45%-ының химиялық білімі жоқ.

Студенттердің білім деңгейінің төмен болуы олардың химиялық процестерді түсінбеуінен, теориялық білімдерін практикада қолдана алмауынан және бұл курстың өз мамандықтарын игерудегі маңызын түсінбеуінен болуы мүмкін. Студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін оқу бағдарламасына осы мамандыққа сай (бейіндік) зертханалық жұмыстарды енгізу қажеттігі туындайды. Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында бірнеше зертханалық жұмыстарды оқу бағдарламасына енгізу ұсынылады.




2-сурет. Бақылау жұмыстарының нәтижелері

Жасалған «Тіршілік қауіпсіздігіндегі химия» курсының оқу-әдістемелік кешені бойынша студенттерге сабақтар жүргізілді. Бақылау тобына бұрынғы «Химия» курсының бағдарламасы бойынша сабақтар жүргізілді. Ал эксперименттік топтағы студенттерге сабақтар жаңа кешен бойынша жүргізілді.

Әр сабақ басында студенттердің осы тақырыпқа қатысты білім деңгейлерін, осал тұстарын анықтау мақсатында «кіріс бақылаулары» алынды. Кіріс бақылауының сұрақтары қарапайым, жалпы білімдерін анықтауға арналған.

Тотығу-тотықсыздану процестері тақырыбына арналған кіріс бақылауы:

- *Тотығу дегенді қалай түсінесіңдер?*
- *Табиғатта металдардан жасалған заттар уақыт өте келе таттанады. Таттану қандай процесс?* Студенттердің білімін тексергеннен кейін осы пәнге арналған оқу-әдістемелік кешеннің мазмұнын өзгертіп, осы мамандыққа сай (бейіндік) зертханалық жұмыстарды енгізе отырып, қайтадан құрастырдық. Оқытушы өз пәні бойынша студенттерді не қызықтыратын ескеріп, қажет болған жағдайда бағдарламаға түзету енгізуге құзіретті деп есептейміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 287 Заңы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_(2017 ж 13 ақпанда қаралған).

2. Қанжігітова Д.Қ., Рыскалиева Р.Г. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін модульдік оқыту технологиясы. ҚазҰҚПУ хабаршы 2020 ж. №2 (82). Алматы.

3. Айдарханова З. Аймақаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары «VI Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» Павлодар, 2018.-242б.

4. Gulimzhan Suleimenova. Civil Service Training in Kazakhstan: The Implementation of New Approaches // Universal Journal of Educational Research 4(10) : 2016.-C.2359-2366. (DOI: 10.13189/ujer.2016.041014).

5. Балтабаева Д.А. Пилоттық мектепте жаңартылған білім беру мазмұнын апробациялауда «Жаратылыстану» пәнінің маңыздылығы. Белгілі ұстаз, ғалым, ЖОО-нда білім беруді ұйымдастырудың шебері Қуандық Досмағанбетұлы Жоламановтың 85-жылдығына арналған «Жоғары педагогикалық білім: дәстүр мен жаңашылдық» атты конференция материалдары. -Көкшетау, 2016.-38 б.

6. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар.-Алматы, 2014 .–73 б.

## БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІМЕН ИНТЕГРАЦИЯСЫ

**Еркін А.Е.**
А.Нұрманов атындағы жалпы білім беретін мектебі
Байғабыл селосы, Амангелді ауданы, Қостанай облысы

**Аңдатпа:** Қазақстанның дамып келе жатқан білім беру саласында биология сияқты күрделі пәнді ағылшын тілінде оқытуды интеграциялау ерекше қиындықтар туғызады. Бұл мақалада жобаға негізделген оқытудың (әрі қарай “PBL”) әлеуетті шешім ретінде әдістемелік аспектілері қарастырылады, оның принциптері мен кезең-кезеңімен жүзеге асырылуына баса назар аударылады. PBL біртұтас тәсілі биологиялық ұғымдарды терең түсінуді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар ағылшын тілін, әсіресе ағылшын тілі шет тілі ретінде (әрі қарай “EFL”) контекстінде меңгеру үшін ыңғайлы әрі түсінікті ортаны қамтамасыз етеді. Практикалық жүзде іске асырулар мен теориялық негіздемелер арқылы бұл жұмыс мұғалімдерге пәнді меңгеру мен тілдік біліктілікті арттыру үшін жан-жақты нұсқаулық ұсынады.

**Аннотация:** В развивающемся образовательном ландшафте Казахстана интеграция английского языка в качестве средства обучения сложным предметам, таким как биология, представляет собой уникальные проблемы. В этой статье рассматриваются методологические аспекты проектного обучения (PBL) как потенциального решения, подчеркиваются его принципы и пошаговая реализация. Целостный подход PBL не только обеспечивает глубокое понимание биологических концепций, но также обеспечивает богатую среду для изучения английского языка, особенно в контексте EFL. Благодаря практическому внедрению и теоретическому обоснованию эта работа

предлагает преподавателям комплексное руководство для улучшения как владения предметом, так и языковых навыков.

**Abstract:** In the evolving educational landscape of Kazakhstan, integrating English as a medium of instruction for complex subjects like biology presents unique challenges. This article delves into the methodological aspects of Project-Based Learning (PBL) as a potential solution, emphasizing its principles and step-by-step implementation. PBL's holistic approach not only ensures deep understanding of biological concepts but also provides a rich milieu for English language acquisition, especially in EFL contexts. Through practical implementations and theoretical underpinnings, this work offers educators a comprehensive guide to enhance both subject mastery and linguistic proficiency.

Қазақстанның кең байтақ және алуан ландшафтында, оның бай биологиялық әртүрлілігі далаларды, тауларды және көлдерді қамтиды, биологияны түсіну маңыздылығы жоғары болады. Дүние бір-бірімен тығыз байланыста болған сайын, биологияның маңыздылығы біздің қоршаған ортаны түсіну тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар оның технологиямен, денсаулықпен және тұрақты дамумен қарым-қатынасында үнемі артып келеді. Сонымен қатар, жиі жаһандық «лингва франка» деп аталатын ағылшын тілі коммуникация, жаһандық зерттеулерге қол жеткізу және кеңірек академиялық қоғамдастықпен интеграциялаудың маңызды құралына айналды. Қазақстан білім беру реформаларында алға жылжып келе жатқандықтан, жастарды тереңдетілген пәндік біліммен және ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерумен қаруландыруға баса назар аударылуда.

Тақырыптың өзектілігі. Көптеген қазақстандық оқушылар үшін екінші (үшінші) тіл болып табылатын ағылшын тілі арқылы күрделі процестер мен терминологияларға толы күрделі пән болып табылатын биологияны оқытудың өзіндік ерекше қиындықтары бар. Тапсырма биологиялық білімді беру ғана емес, оны тілдік түсінуді қамтамасыз ететін, сыни ойлауды ынталандыратын және пәнге деген шынайы қызығушылықты арттыратын етіп жасау. Көбінесе жаттау мен пассивті оқытуға сүйенетін дәстүрлі оқыту әдістемелері бұл екі жақты әрекетте жетіспеуі мүмкін.

Жобаға негізделген оқытуға назар аудару қажет. Конструктивистік педагогикаға негізделген PBL фокусты мұғалімге бағытталған нұсқаудан оқушыға бағытталған зерттеуге ауыстырады. Ақпаратты пассивті қабылдаудың орнына оқушылар нақты жобалармен айналысады, проблемаларға терең бойлайды, гипотеза жасайды, эксперименттер жүргізеді және соңында өз нәтижелерін ұсынады. Бұл практикалық, бірлескен тәсіл олардың биологиялық түсініктерді түсінуін нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар оқушылар қарым-қатынаста, ынтымақтастықта және жұмыстарын ұсынатын кезде ағылшын тілін белсенді түрде қолдануды талап етеді.

Неліктен PBL-ді Қазақстанда биология мен ағылшын тілін оқытуды интеграциялаудың әлеуетті шешімі ретінде қарастыру керек? Жаһандық деңгейде білім беру парадигмалары өзгеруде. Оқушылар 21 ғасырда өркендеуі үшін оларға тек пәндік білімнен басқа дағдылар қажет деген консенсус бар. Сыни тұрғыдан ойлау, ынтымақтастық, коммуникация – көбінесе «21 ғасыр дағдылары» деп аталады – өмірлік маңызды болып саналады. Жаһандық білім беруде алдыңғы қатарлы болуға деген ұмтылысы және білім беру реформаларымен үздіксіз әрекеті бар Қазақстанда PBL сияқты әдістемелер тұтас білім беру тәжірибесіне жол аша алады.

Мақаланың мақсаты: Қазақстандағы педагогтарға Жобаға негізделген оқытуды (PBL) ағылшын тілімен биологияны оқытудағы оқыту құралы ретінде қалай тиімді біріктіруге болатыны туралы жан-жақты түсінік беру, EFL контексттерінің бірегей мәселелерін шешу.

Міндеттері:

- Ағылшын тілі арқылы биологияны оқытудағы оның өзектілігі мен артықшылықтарын көрсете отырып, PBL теориялық негіздерін түсіндіру.
- EFL үшін арнайы жағдайлары ескере отырып, оның жүйелі процедуралары мен озық тәжірибелерін егжей-тегжейлі көрсете отырып, PBL әдіснамалық негізін сипаттау.
- Биологияны түсінуге және ағылшын тілін білуге қол жеткізу үшін қазақстандық сыныптарда PBL табысты енгізуді қамтамасыз ететін педагогтарға практикалық ұсыныстар мен стратегияларды ұсыну.

Бұл мақалада біз PBL теориялық негіздерін терең зерттейміз, оның әлеуетті артықшылықтары мен қиындықтарын түсінеміз және қазақстандық контекстке арнайы әзірленген практикалық енгізулерді зерттейміз. Осы барлау арқылы біз тәрбиешілерге биологияны оқыту мен ағылшын тілін меңгеруді дамыту арасындағы күрделі биді басқаруға көмектесетін жан-жақты нұсқаулық беруді мақсат етеміз.

1. Жобаға негізделген оқытудың анықтамасы мен принциптері (PBL)

Білім беру әлемінде теориялар іргелі болып табылады, олар тиімді тәжірибелер құрылатын тіректерді қамтамасыз етеді. Биологияны оқытуды ағылшын тілімен біріктіру, әсіресе Қазақстан жағдайында, сенімді теориялық базаны қажет етеді. Осы зерттеуге кіріскен кезде, теориялық түсініктер оқшауланған нысандар емес, практикалық нәтижелермен тығыз байланысты екенін есте ұстаған жөн.

Біздің зерттеуіміздің негізінде PBL жатыр. Бастапқыда Джон Дьюидің еңбектеріне негізделген, ол «іс-әрекет арқылы оқуды» жақтаған, PBL өткен ғасырда айтарлықтай дамыды. Блюменфельд және т.б. [1] PBL тек жобалар туралы емес, сонымен қатар оқушылардың ойлауын ынталандыру және терең түсінуге ықпал ету екенін түсіндіреді. Ол оқушыларды белсенді ізденуші және білімді конструктор ретінде орналастырып, орталыққа қояды.

PBL мәні оның принциптерінде жатыр. Томас [2] белгілеген бұл принциптерге орталықтылық, қозғаушы сұрақтар, сындарлы зерттеулер, автономия және реализм жатады. Ағылшын тілінде биологияны оқыту контекстінде бұл принциптер пәнді меңгеру мен тілді меңгерудің екі жақты мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ететін бағдаршам ретінде қызмет ете алады.

2. Тілдерді меңгеруді жақсартудағы PBL артықшылықтары

Тілді меңгеру, әсіресе EFL контекстінде, тек лексика немесе грамматика шеңберінен шығады; ол мәдени реңктерді, идиоматикалық өрнектерді және күрделі ойларды айту қабілетін қамтиды. PBL ынтымақтастық пен қарым-қатынасқа баса назар аудара отырып, осындай біртұтас тілді дамыту үшін бай ортаны ұсынады. Столлер [3] атап өткендей, PBL мағыналы контексттерді қамтамасыз етеді, бұл тілді үйренуді мәжбүрлеуден гөрі органикалық етеді.

3. PBL-дегі биология мен ағылшын тілінің өзара әрекеттесуі

Күрделі терминологиялары мен процестері бар биология ағылшын тілінде оқытылатын кезде нәзік тепе-теңдікті қажет етеді. Выготскийдің әлеуметтік даму теориясына негізделген PBL конструктивистік негізі тіл мен ойлаудың бір-бірімен байланысты екенін көрсетеді. Осылайша, оқушылар биологиялық жобалармен айналысқанда, ағылшын тілі оқу процесінің ортасы ғана емес, сонымен бірге ажырамас бөлігі болады [4].

PBL әдістемелік негізі

| № | PBL әдістемелік компоненттері | Сипаттамасы | Мақсаты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мәселені немесе сұрақты анықтау | Оқушылар, көбінесе, топта, мәселенің көлемін түсінуге тереңірек кіріседі. Олар нені білетінін, нені білу керектігін айтады | Бұл қадам оқушыларға өздерінің оқуын басқаруға және шешуі қажет білім кемшіліктерін анықтауға көмектеседі |
| 2 | Зерттеу және тергеу | Оқушылар мәселені жақсырақ түсіну және шешу жолдарын іздеу үшін әртүрлі көздерден – оқулықтардан, зерттеу мақалаларынан, сұхбаттардан, эксперименттерден және т.б. ақпарат жинайды | Бұл кезең оқушыларға мазмұндық білімді де (бұл жағдайда биология) және зерттеу, ынтымақтастық және сыни ойлау сияқты дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Гипотезаларды немесе шешімдерді әзірлеу | Оқушылар өздерінің зерттеулеріне сүйене отырып, проблеманы шешу жолдарын немесе сұраққа жауаптарды ұсынады | Бұл аналитикалық ойлауды ынталандырады, өйткені оқушылар мәселені шешу үшін үйренгендерін қолдануы керек |
| 4 | Өнімді немесе прототипті жасау | Оқушылар нақты нәтижелер жасайды – бұл модель, есеп, презентация, бейне және т.б. болуы мүмкін | Бұл оқушыларға жұмыс істеуге нақты мақсат береді және олардың оқуын көрсетуде шығармашылыққа мүмкіндік береді |
| 5 | Кері байланыс және қайта қарау | Құрдастар, мұғалімдер немесе сыртқы сарапшылар тұрақты кері байланысты қамтамасыз етеді. Осы кері байланыс негізінде оқушылар жұмыстарын пысықтайды | Бұл қайталанатын процесс оқушыларды кері байланыс пен үздіксіз жетілдірудің құндылығына үйретеді |
| 6 | Презентация немесе қорғау | Оқушылар өздерінің соңғы өнімін немесе шешімін көрсетеді, көбінесе олардың мұғалімдері немесе сыныптастары ғана емес аудиторияға | Бұл оқушыларға шеберлікті көрсету, қарым-қатынас дағдыларын жаттықтыру және олардың күш-жігерін растау үшін платформа ұсынады |
| 7 | Рефлексия | Жоба аяқталғаннан кейін оқушылар не үйренгені, орындаған процесі және дамытқан дағдылары туралы ойлайды | Рефлексия түсінуді тереңдету және оқушылар үшін олардың өсу және жетілдіру бағыттарын тануы үшін өте маңызды |
| 8 | Бағалау | Бұл алдын ала анықталған критерийлер негізінде оқушылардың жұмысын бағалауды қамтиды. PBL бағалауы көп қырлы және соңғы өнімді, процесті және жеке және топтық үлестерді бағалауды қамтуы мүмкін. Рубрикалар, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және рефлексиялық журналдар жиі қолданылатын құралдар болып табылады | Бағалау оқушыларға да, тәрбиешілерге де түсіну тереңдігі, дағдыларды дамыту және қосымша назар аударуды қажет ететін салалар туралы түсінік береді. Ол сонымен қатар PBL қызметінің оқу мақсаттарына қол жеткізілгенін қамтамасыз етеді |

## EFL контекстін қарастыру

Қазақстан сияқты EFL (ағылшын тілі шет тілі) контекстінде қосымша әдістемелік ойлар пайда болуы мүмкін:

1. Тілдік қолдау: Оқушыларға глоссарийлер, екі тілді сөздіктер немесе тірек техникасы сияқты қосымша лингвистикалық ресурстармен қамтамасыз ету оларға тіл қиындықтарын шешуге көмектеседі.
2. Мәдени контекст: PBL үшін таңдалған тақырыптар немесе мәселелер мәдени тұрғыдан өзекті болуы және оқушылардың өмір тәжірибесімен үндесуі керек.
3. Бірлескен тіл тәжірибесі: PBL аясындағы топтық іс-әрекеттер оқушыларға ағылшын тілін үйренуге арналған платформа ретінде қызмет ете алады, бұл биология мен ағылшын тілін үйренуді өзара нығайтады.
4. Тілді қолдану бойынша кері байланыс: Мазмұн бойынша кері байланыспен қатар тілді қолдануға қатысты нақты кері байланыс EFL оқушыларына ағылшын тілін меңгеру дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, PBL динамикалық және икемді тәсіл болып табылады. Жоғарыда аталған қадамдар құрылымдық жолды қамтамасыз еткенімен, мұғалімдер көбінесе

сыныптағы нақты контекстке, оқушылардың қажеттіліктеріне және қол жеткізуге бағытталған оқу мақсаттарына қарай бейімделеді және өзгертеді.

***Ағылшын тілі арқылы биологияны оқытуда PBL практикалық жүзеге асыру***

Ағылшын тілі арқылы биологияны оқыту контекстінде PBL практикалық қолдануы күрделі болғанымен қызықты. Біздің мектепте PBL тиімді жүзеге асырылған болатын, соны қарастырайық:

*Сынып демографиясы және бастапқы бақылау.* Сыныпта ағылшын тілін әр түрлі деңгейде меңгерген оныншы сыныптың 30 оқушысы бар. Алғашқы бақылау оқушылардың шамамен 60%-ы ағылшын тілін орташа деңгейде меңгергенін, ал 30%-ы жаңадан бастағандар, ал қалған 10%-ы жоғары дағдыларды көрсеткенін көрсетті. Дегенмен, олардың биологияға деген ынта-ықыласы біркелкі болды, бұл оны PBL енгізу үшін маңызды негіз болды.

*Жобаны таңдау және жобалауды бастау.*Қазақстанның биологиялық әртүрлілігін ескере отырып, «Қазақстанның эндемикалық фаунасы» атты жоба таңдалды. Жоба оқушыларды Қазақстандағы жануарлар түрлерін және олардың маңызын зерттеуге және жақынырақ танысуға бағытталған.

*Топты құру және рөлді бөлу.*Сынып бес оқушыдан алты топқа бөлінді. Әр топтағы ағылшын тілін меңгеру деңгейлерінің араласуын қамтамасыз ету үшін әр топқа орта деңгейдегі (A2) екі оқушы, екі төменгі (A1) және бір жоғары деңгейлі (B1) оқушы тағайындалды. Әр топта рөлдер бөлініп алынды: зерттеу жетекшісі, тіл сарапшысы, презентация дизайнері, жоба менеджері және баспасөз хатшысы.

*Зерттеу кезеңі.* Төрт апта бойы оқушылар зерттеу жұмыстарын жасады. Олар келесі ақпарат көздерін пайдаланды:

- Кітаптар - 70%
- Онлайн журналдар - 20%
- Жергілікті биологтармен сұхбат - 10%

Бұл кезеңде әр топтағы тіл маманы ақпараттың дәл ғана емес, сонымен қатар грамматикалық тұрғыдан үйлесімді болуын қамтамасыз етіп, шешуші рөл атқарды.

*Нәтижені құру.* Әр топ егжей-тегжейлі есеп пен презентация әзірледі. Есепте мазмұн келесідей бөлінді:

- Фауна түрімен таныстыру - 20%
- Биологиялық маңызы - 40%
- Экологиялық маңыздылығы - 30%
- Қорғап қалу жұмыстары - 10%

Тілдік дәлдік пен түсінікті болу үшін топтардың 80%-ы қос тілді сөздіктерді пайдаланды, ал 50%-ы ағылшын тілі мұғалімдерінен нұсқаулық сұрады.

*Кері байланыс механизмі.* Баяндамалар мен презентациялардың жобалары кері байланыстың екі кезеңінен өтті:

- Бір-бірін тексеру: Басқа топтар биологиялық дәлдікке (60%) және лингвистикалық айқындыққа (40%) назар аудара отырып, мазмұнды қарастырды.
- Мұғалімнің шолуы: Мазмұнның тереңдігі (70%) және тіл (30%) туралы толық кері байланыс берілді.

*Презентация және қорғау.* Шара соңында әр топ оқушылары, мұғалімдер және шақырылған жергілікті мұғалімдерден тұратын аудиторияға өз нәтижелерін таныстырды. Презентациялар төмендегілер негізінде бағаланды:

- Мазмұнның дәлдігі мен тереңдігі: 50%
- Тілдің анықтығы мен еркіндігі: 30%
- Презентация дағдылары мен шығармашылық: 20%

*Нәтижелер және бағалау.* Орындаудан кейінгі бағалау мынаны анықтады:

- Оқушылардың 85%-ы таңдалған эндемикалық түрді тереңірек түсінетінін көрсетті.
- Тілді меңгеру айтарлықтай жақсарды, оқушылардың 60% кем дегенде бір деңгейге көтерілді.

- Жақсартылған дағдылар, әсіресе ынтымақтастық (топтық ынтымақтастық туралы оқушылардың 90% оң пікірі білдірді) және сыни ойлау (80% оқушылар өздерінің зерттеушілік және аналитикалық қабілеттеріне көбірек сенетінін айтты) салаларында байқалды.

*Рефлексия және қайталау*. Жобаның шарықтау шегінен кейін есеп беру сессиясы өтті. Негізгі қорытындылар мыналарды қамтиды:

- Көбірек лингвистикалық ресурстарға қажеттілік: Оқушылардың 40% осыны көтерді
- Экскурсиялар немесе көбірек сарапшылар сұхбаттары сияқты нақты әлемде өзара әрекеттесуге деген ұмтылыс: Оқушылардың 70% өз ойын білдірді
- Биологияны неғұрлым тартымды ету және ағылшын тілін контексттік оқытудағы PBL құндылығы туралы бірауыздан келісті.

*Ұсыныстар.*1. Бастапқы тренингтер мен семинарлар:

Ұсыныс: PBL енгізер алдында педагогтар PBL әдістемелеріне және ағылшын тілін оқыту стратегияларына баса назар аударатын оқыту семинарларынан өтуі керек.

Негіздеме: Бұл мұғалімдердің қажетті біліммен және дағдылармен жақсы жабдықталғанын қамтамасыз етеді, бұл PBL енгізуді тиімдірек етеді.

2. Бірлескен құралдар және цифрлық платформалар:

Ұсыныс: Топтық жобаларды жеңілдету және оқушылар арасында үздіксіз байланысты қамтамасыз ету үшін GoogleWorkspace, Trello немесе MicrosoftTeams сияқты бірлескен құралдарды қосыңыз.

Негіздеме: Бұл платформалар ынтымақтастықты жақсарта алады, жобаның орындалу барысын қадағалайды және оқушыларға интерактивті жағдайда ағылшын тілін үйренуге мүмкіндік береді.

3. Мультимодальдық ресурстар:

Ұсыныс: Оқушыларға әртүрлі ресурстарды, соның ішінде бейнелерді, подкасттарды, онлайн мақалаларды және интерактивті биология модельдеулерін ұсыныңыз.

Негіздеме: Әртүрлі әдістер әртүрлі оқу стильдеріне сәйкес келеді және мазмұн мен тілді жақсы түсінуге көмектеседі.

4. Тілді қолдау тетіктері:

Ұсыныс: Ағылшын тілін терең меңгерген оқушылар төменгі немесе орта деңгейдегі оқушыларға көмектесетін тілдік қолдау сессияларын немесе әріптестік бағдарламаларын құрыңыз.

Негіздеме: Бір-бірінің көмегімен оқыту сенімділікті арттырып, ынтымақтастық ортасын қалыптастырады және тілді жақсы меңгеруге ықпал етеді.

5. Жергілікті контекстік интеграция:

Ұсыныс: Мүмкіндігінше жергілікті контексттерді, экожүйелерді және мәдени элементтерді биология жобаларына біріктіріңіз.

Негіздеме: Бұл мазмұнды оқушыларға көбірек сәйкес етіп қана қоймайды, сонымен қатар жаһандық биологиялық тұжырымдамалар мен жергілікті қолданбалар арасындағы байланысты орнатуға көмектеседі.

Қорыта келе, Қазақстан контекстінде биологияны ағылшын тілі арқылы оқыту құралы ретінде жобаға негізделген оқытуды (PBL) зерттеу оның трансформациялық әлеуетін көрсетті. Пәнаралық және оқушыға бағытталған PBL мазмұнды меңгеруді де, тілді меңгеруді де дамытатын иммерсивті оқу ортасын қамтамасыз етеді. Ағылшын тілі шет тілі болып табылатын елде дәстүрлі педагогикалық әдістер кейде түсінуге кедергілер тудыруы мүмкін. Дегенмен, PBL-ді ағылшын тілін оқытумен біріктіру бұл олқылықты жояды, бұл оқуды контекстік, тартымды және өзекті етеді.

Сонымен қатар, ынтымақтастыққа, нақты әлемде қолдануға және PBL-де үздіксіз бағалауға баса назар аудару оқушыларыдң күрделі биологиялық ұғымдарды түсініп қана қоймай, сонымен қатар олардың жалпы академиялық және өмірлік жолдарын жақсарта отырып, ағылшын тіліндегі қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Білім беру ландшафтының дамуы жалғасуда, PBL сияқты әдістемелерді біріктіру оқушыларды өзара байланысты, жаһанданған әлемде қажетті дағдылар мен білімдермен жабдықтау үшін маңызды болады. Негізінде, PBL арқылы биология мен ағылшын тілінің интеграциясы тек оқыту стратегиясын ғана емес; бұл біздің білімге деген көзқарасымыздың парадигмасының өзгеруін білдіреді, бұл біртұтас, интеграцияланған және тәжірибелік оқытуды жақтайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Blumenfeld, P. C., Soloway, E., Marx, R. W., Krajcik, J. S., Guzdial, M., & Palincsar, A. (1991). Motivating project-based learning: Sustaining the doing, supporting the learning. Educational psychologist, 26(3-4), 369-398.
2. Thomas, J. W. (2000). A review of research on project-based learning.
3. Stoller, F. L. (2006). Establishing a theoretical foundation for project-based learning in second and foreign language contexts. Project-based second and foreign language education: Past, present, and future, 19-40.
4. Wells, G. (2000). Dialogic inquiry in education: Building on the legacy of Vygotsky. Constructivist education in an age of accountability, 51-85.


## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯДАН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ


**Жанбеков Х.Н.**
Жер ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ,
**Утемисова А.Ж.**
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан



**Андатпа:** Мақалада жоғары оқу орындарында студенттердің химия пәндері бойынша әдістемелік даярлығының негізгі компоненттерінің бірі кәсіби құзыреттілік қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылады. Құзыреттілік білім алушының химиядан оқу процесінде алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана білу қабілеті. Заман талабына сай жоғары білікті болашақ мамандарға білім беруде әдістемелік құзыреттіліктің өзіндік орны бар. Студенттің химиядан әдістемелік құзыреттілігін қалыптасуы мен дамуы оның әдістемелік ойлауы мен білімін пайдалана білу дағдысына байланысты.

**Аннотация:** В статье одной из основных составляющих методической подготовки студентов химических дисциплин в высших учебных заведениях рассматриваются актуальные проблемы формирования профессиональной компетентности. Компетентность – это способность студента использовать на практике знания и умения, полученные в процессе изучения химии, для решения некоторых практических и теоретических задач в повседневной жизни. Методологическая компетентность имеет свое место в подготовке будущих высококвалифицированных специалистов в соответствии с современными требованиями. Формирование и развитие методической компетентности студента по химии зависит от его методического мышления и умения использовать свои знания.

**Abstract**: In the article, one of the main components of the methodological training of students in chemical subjects in higher educational institutions is considered the actual problems of professional competence formation. Competence is the student's ability to use the knowledge and skills acquired in the process of studying chemistry in practice, to solve some practical and theoretical problems in everyday life. Methodological competence has its own place in education of highly qualified future specialists according to modern requirements. The formation and development of a student's methodological competence in chemistry depends on his methodological thinking and the ability to use his knowledge.


Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген. [1]

Соған сәйкес, еліміздің білім беру жүйесі қазіргі кезде өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне біріктіруге ұмтылыс жасауда. Бұл білім сапасын жетілдіру және оны жоғары деңгейге көтеруді алға тартады.

Бұл тұста Болон процесінің талаптары мен нұсқауларына байланысты ғалымдар көрсеткен педагогтердің құзыреттілігі туралы тоқталу керек. Ғалымдардың көрсетуінше педагогтің құзыреттілігінің құрамы келесі компоненттерден құралады:

- кәсіби құзыреттілік;
- әдістемелік құзыреттілік; ақпараттық құзыреттілік осы құзыреттіліктің аясына енетін компоненті деп санауға болады.
- әлеуметтік құзыреттілік;
- персоналды / дербес құзыреттілік.

Бұлардың барлығы біріге келе, біртұтас мақсатты көздейді. Түпкі көзделетін мақсат – болашақ педагогтердің әрекетшіл құзыреттілігін қалыптастыру. [2].

Болашақ педагогтерді даярлаудың негізгі мақсаты – болашақ мұғалімдердің педагогикалық қызметке кәсіби даярлау барысында көрсетілген құзыреттіліктерді қалыптастыру. Болашақ химия пәні мұғалімдерінде көрсетілген құзіреттіліктерді қалыптастыру әрекетшіл құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын меңгерту арқылы және тиімді әдістерді қолдану мен үйрету міндеттерін шешуге бағытталған барлық пәндеріне қатысты болып табылады.Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім.Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі.

Кәсіби құзыреттілік – бұл кәсіби қызметті түсіну мен жүзеге асыруда білімнің, интеллектуалды және практикалық дағдылардың, әдеттердің қалыптасқан жүйесі. Құзыреттілік білімдік, танымдық және тәжірибелік аспектілердің бірлігін құрайды. Кәсіби құзыреттілік білім мен белсенділік, тиімділік, тұтастық, тереңдік, келісімділік қырлары арқылы сипатталады.

Келесі яғни әдістемелік құзыреттіліктірде қалыптастыру бойынша бұл мәселенің теориялық және әдістемелік негіздері отандық және шетелдік ғалымдар – М.М.Шалашованың, С.Ж.Пралиевтің, Б.А.Тұрғынбаеваның, Б.Т.Кенжебековтің, Г.Ж.Меңлібековаңың, К.С.Құдайбергенева, К.М.Беркімбаев, Ш.Таубаеваның, Nezahat Guhlu, F.E.Weinert, S.P. Brown, J.Jones, В.А Сластенин, Н.В.Кузьмина, И.А.Зимняя, А.К.Маркова, А.П.Тряпицына және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылғаны белгілі.

Әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыруда оқу жоспарынан бастап, сабақ формалары, әдістер мен амал-тәсілдер, барлығы бір мақсатқа бағытталған біртұтас жүйені құрауы тиіс. Бұл жерде оқытудың белсенді/актив формаларын орнымен қолданудың маңызы үлкен. Атап көрсетсек, олар келесідей:

- басты құзыреттілікті қалыптастыруды аддитивтілікті және интеграциялауды қолдана отырып жүзеге асыру;
- пәнаралық байланыстардың маңыздылығына мән беру;
- іс-тәжірибемен яғни теорияның практикамен тығыз байланыста болуы керектігіне баса назар қою;
- басқа елдерде химия пәні педагогын даярлаудың тәжірибелерін үнемі назарға алып отыру;
- химия тілінің яғни терминдер мен тұрақты қолданыстардың белсенділігін және дұрыстығын сақтауға мән беру.

Осы көрсетілген оқыту формаларының тиімді деңгейге көтерілуі үшін, сөз жоқ, тиімділікке жеткізетін әдістер мен амал-тәсілдердің сапалы жүйесі анықталуы керек екені белгілі. Бұл ретте халықаралық деңгейде қарастырылған болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру әдістері ретінде көрсетілген төмендегі әдістерді атап өтуге болады:

1. Жаңалық аша отырып оқыту («открывающее обучение»). Білім беруді ұзақ жылдар бойы белгілі бір ақпараттыр жиынтығын студентке жеткізу деп түсініліп келгені, тіпті осы кезде де сол тәртіп сақталып отырғаны белгілі. Бұл процесті белорус ғалымы Б.А. Бадак «адамзат жинақтаған мәдени-тарихи білім қорын студенттің жеке бас ерекшелігін ешбір ескерместен, оқытушының «монологы» түрінде жеткізу» деп атайды. [«Бадак Б.А. «Открывающее обучение» как одна из перспективных форм развития творческого потенциала студентов в процессе преподавания математики] Ал «жаңалық аша отырып оқыту» процесінде оқытушының жеке монологынан – студентпен бірге танымдық диалогке көшу басты орында тұрады. Эвристикалық диалог барысында көптеген актив әдістер қолданылып, студенттің «өзіне жаңалық ашқандай етіп» химиялық процестерге таңғалымпен қарауды үйрету мүмкін болады. Мысалы, H2O - судың формуласы екенін бәріміз білеміз. Ал осы формуланы құраушы Н және О – от болып жанатын элементтер екенін студенттерге диалог арқылы жеткізу студенттің өзіне-өзі жаңалық ашқанай күйге бөлейтіні анық. Химия курсында мұндай «кереметтер» өте көп кездесетіні белгілі. Оның барлығын оқытушы студенттерге монолог түрінде айтып бермей, студентпен диалог құра отырып орындату үлкен тиімділікке қол жеткізетін әдіс болып табылады. Студенттік қызығушылықтың мамандық қызығушылыққа, ғылыми қызығушылыққа қарай көтерілетін сатысы - осындай эвристикалық диалог.

2. Экскурсияларды жиі өткізу. Химия - өмірдің, тіршіліктің сәт сайын өтіп атқан процесінде маңызды, мүмкін басты орын алатын процестерін зерттейтін ғылым саласы. Сондықтан, қоғамның кез келген орындарына саяхат жасау арқылы нақты практикалық көрнекілік ретінде таныту мүмкін болатын, сөйтіп студентке теорияның түйінін практикадан табатындай күйге түсіру әдісін қолдануды ұсынамыз.

3. Рөлдік ойындар мен, іскери ойындарды жиі қолдану. Әрбір химиялық элемент пен олардың өзіндің ерекшеліктері рөлдік ойында немесе химияның адамзат өміріндегі қажеттілігі туралы іскери ойын (дәрі шығару, тұрмыстық химия өнімдерін шығару, жерді өңдеу т.б.) ұйымдастыру да өзінің сапалы нәтижесін беретіні анық.

4. Студенттері белгілі бір заңдылықты дәлелдеуші экспериментаторлар ретінде дайындалуын тапсырып, мазмұндық сапасы жоғары арнайы лабораториялық сабақтар өткізу.

5. Заманауи тақырыптарға қатысты Жоба орындату.

6. Болашақтың химиялық келбетін танытатын «шеберханасын» ұйымдастыру.

7. Студенттердің химиялық білім мен оны сапалы орынлдау жолдарын өз бетімен іздену, оқытушы берген тапсырмаларды сапалы орындауға қалыптастыруды үздіксіз жүргізіп отыру.

8. Студенттерге химия пәні бойынша маңызды тақырыптарға құрылған семинарларға модератор болуды үйрету яғни басқаны оқтуы арқылы студентті оқыту.

Бұл әдістер – белгілі әдістер, дегенмен олардың теорияны практикамен ұштастыратын қырлары да, жолдары да көп екенін ескерсек, үзбей қолданудың пайдалылығына көз жеткізе аламыз.

Студенттің кәсіби және әдістемелік рөлін атқару мүмкіндігін сипаттайтын жеке тұлғалық қасиеті – әдістемелік құзыреттілік. Әдістемелік құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің, соның ішінде педагогикалық құзыреттіліктің негізгі компоненттерінің бірі ретінде танылып жүр. Химиялық және әдістемелік пәндерді меңгеру барысында қалыптасқан білім мен дағдының педагогикалық практика кезіндегі тәжірибелік іс-әрекетте кәсіби даярлығын әдістемелік құзыреттілік деп анықтама берілген [3-4]

Педагогикалық қызметтің әдістерін тиімді қолдануға негізделген студенттің білімі, дағдылары мен қабілеттері – әдістемелік құзыреттіліктің негізгі компоненттері. Кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда студенттердің кәсіби бағытта өзін-өзі дамытуы жоғары оқу орнындағы оқу үдерісіндегі маңызды шарттардың бірі. Күнделікті кездесетін жағдайларда студенттердің өзіндік пікірін ұсына білуі, проблемаларды шешудің түрлі жолдарын таба білуі, күрделі жағдайдан тиімді нұсқасын таңдай білу қабілеті студент бойында дағды қалыптастырады. ЖОО-дағы әдістемелік дайындық пәннің әдіснамасын меңгеруді, оны арнайы зерттеулерде қолдануды, ғылыми зерттеулер әдіснамасын меңгеруді, жүйелік

талдауды, әртүрлі өзгерістерге бейімделуді меңгеруді, белгілі бір жағдайдың дамуын болжауды қамтиды.

Студенттің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру оқу процесін ұйымдастыруға, соның ішінде сабақ жоспарлаумен ғана шектелмеуі тиіс. Жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігі жоғары ғылыми және мәдени көзқараспен кәсіби ұтқырлықтың үйлесімі арқылы анықталады. Әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру үшін жасалатын әрекеттерді анықтау, зерттеу проблемасы бой көтерді. Студенттердің біліктілік дәрежесінің жоғары деңгейде болуы әдістемелік құзыреттілікке тікелей байланысты. Ұсынылған түрлі әдіс-тәсілдердің ішінен тиімді әдіс-тәсілді таңдап қана қоймай, оны өзінің ғылыми-зерттеу жұмысына пайдалана білуі және әдістемелік оқу әрекетінің мазмұн-мақсатына деген қызығушылығын арттыруы студенттің әдістемелік құзіреттілігін қалыптастыру маңыздылығы болып есептеледі. Студенттердің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру ЖОО-дағы студенттің өзі таңдаған мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы, педагогикалық, әдістемелік, пәндік білімдерін біріктіру арқылы, оқытушы мен студент арасында шығармашылық байланысы арқылы кәсіби педагогикалық дәрежесін көтеруге болады.

**Аңдатпа:** Салауатты өмір салтын ұстану үшін сізге пайдалы тағамдар қажет, сондықтан сіз қандай йогурттардың пайдалы екенін білуіңіз керек. Керемет дәмі мен тағамдық қасиеттерінің арқасында йогурттар отандық тұтынушылар арасында тез танымал болды. Жарнаманың әсерінен көптеген адамдар йогурттарда адам ағзасына пайдалы әсер ететін көптеген пайдалы элементтер мен дәрумендер бар деп санайды. Дүкенге келгенде, біз кейбір өнімдердің неге ұзағырақ, ал басқаларының сақтау мерзімі қысқа екендігі туралы ойланбаймыз. Көбінесе біз денсаулығымызға, кейде тіпті өмірімізге зиян келтіретін алдаудың құрбаны боламыз. Өнім нарығында монополияны жүзеге асыратын ірі компаниялар бізді өз өнімдерін сатып алуға итермелейтін үлкен жарнамалық компанияларды өткізеді, олар көбінесе өте әдемі және қызықты түрде оралған.

**Аннотация:** Для того чтобы вести здоровый образ жизни нужны полезные продукты питания, поэтому нужно выяснить какие йогурты полезны. Благодаря отличным вкусовым и питательным свойствам йогурты быстро завоевали популярность среди отечественных потребителей. Поддействием рекламы многие люди полагают, что йогурты содержат в себе множество полезных элементов и витаминов, благотворно влияющих на организм человека.Приходя в магазин, мы не задумываемся над тем, почему одни продукты хранятся дольше, а другие имеют меньший срок хранения. Часто мы становимся жертвами обмана, который способен навредить нашему здоровью, а иногда даже и нашей жизни. Большие компании, осуществляющие монополию на рынке продуктов, проводят огромные рекламные компании, побуждая нас покупать их продукцию, которая зачастую упакована весьма красиво и интересно.

**Abstract:** In order to lead a healthy lifestyle, healthy foods are needed, so you need to find out which yogurts are useful. Thanks to its excellent taste and nutritional properties, yoghurts have quickly gained popularity among domestic consumers. Under the influence of advertising, many people believe that yoghurts contain a lot of useful elements and vitamins that have a beneficial effect on the human body. When we come to the store, we do not think about why some products are stored longer, while others have a shorter shelf life. Often we become victims of deception, which can harm our health, and sometimes even our lives. Large companies that exercise a monopoly on the product market conduct huge advertising campaigns, encouraging us to buy their products, which are often packaged very beautifully and interestingly. Therefore, an especially important part is to find out which additives contain various dairy and fermented milk products, and what their permissible content is.

**Актуальность работы:** для того чтобы вести здоровый образ жизни нужны полезные продукты питания, поэтому нужно выяснить какие йогурты полезны. Благодаря отличным вкусовым и питательным свойствам йогурты быстро завоевали популярность среди отечественных потребителей. Поддействием рекламы многие люди полагают, что йогурты содержат в себе множество полезных элементов и витаминов, благотворно влияющих на организм человека.Приходя в магазин, мы не задумываемся над тем, почему одни продукты хранятся дольше, а другие имеют меньший срок хранения. Часто мы становимся жертвами обмана, который способен навредить нашему здоровью, а иногда даже и нашей жизни. Большие компании, осуществляющие монополию на рынке продуктов, проводят огромные рекламные компании, побуждая нас покупать их продукцию, которая зачастую упакована весьма красиво и интересно.

Поэтому особенно важной частью является – выяснить, какие добавки содержат различные молочные и кисломолочные продукты, и какое их допустимое содержание для данной продукции.

**Целью исследования** является оценка качественного состава йогуртов наиболее популярных торговых марок.

**Гипотеза:**составйогуртов наиболее популярных торговых марок соответствует заявленным характеристикам.

**Объект исследования:** йогурты наиболее популярных торговых марок.

Предмет исследования: качественный состав йогуртов наиболее популярных торговых марок.

полезные продукты питания, поэтому нужно выяснить какие йогурты полезны.

**Задачи:**

1. Изучить литературу по данному вопросу;
2. Провести опрос с целью определения самых популярных торговых марок йогуртов;
3. Провести оценку вкусовых качеств йогуртов наиболее популярных торговых марок при участии фокус-группы;
4. Провести анализ йогуртов наиболее популярных торговых марок по органолептическим показателям;
5. Провести анализ компонентов, содержащихся в йогуртах наиболее популярных торговых марок;
6. Провести качественный химический анализ состава йогуртов наиболее популярных торговых марок и домашнего йогурта;
7. Дать оценку качественного состава йогуртов наиболее популярных торговых марок.

**1.1 История йогурта**

Скифы и родственные им кочевые народы издавна перевозили молоко в бурдюках на спинах коней и ослов. Из воздуха и шерсти в продукт попадали бактерии, на жаре происходило брожение, а постоянная тряска довершала дело, превращая молоко в густой кислый напиток, который долго не портился и при этом сохранял все полезные свойства.

Первым о нём сообщил Плиний Старший, написавший в своей «Естественной истории»: «Скифы умеют сгущать молоко, превращая его в кислый и весьма вкусный напиток». Для питья этот напиток разбавляли водой, а для еды подсушивали, получая что-то вроде творога.По одной из версий, первыми, кто стал изготавливать продукт, напоминающий йогурт, были древние фракийцы. Они разводили овец и заметили, что прокисшее молоко сохраняется дольше, чем свежее, и стали смешивать свежее с закваской из прокисшего молока, тем самым получив первый йогурт.По другой версии, первыми были древние булгары. Сначала они изготавливали напиток кумыс из лошадиного молока. Впоследствии, когда они осели на Балканском полуострове и создали Первое Болгарское царство, они стали разводить овец и изготовлять йогурт из овечьего молока.

В Европе некоторую известность йогурт приобрёл в связи с болезнью живота короля Людовика XI. Король никак не мог излечиться, и ему помог некий врач из Константинополя, который принёс ему балканский йогурт. Будучи признательным, французский король распространил информацию о еде, спасшей ему жизнь.

**1.2 Общая характеристика и классификация**

**Йогурт** — кисломолочный продукт с повышенным содержанием сухих обезжиренных веществ молока, произведённый с использованием смеси заквасочных микроорганизмов — термофильных молочнокислых стрептококков и болгарской молочнокислой палочки

Существует большое количество разнообразных йогуртов, но в целом их можно разделить на две основные группы:

1) с живыми бактериями («живой» йогурт);

- срок хранения – не более 30 дней;
- температура хранения – от 4 до 6 °С. В магазинах он лежит в холодильнике;
- на упаковке сверху крупно написано: «Йогурт»;

- в состав входит йогуртовая закваска;
- обычно указывается содержание молочнокислых микроорганизмов.

2) «Неживой» йогурт – это обычный питательный, легкоусвояемый кисломолочный продукт, содержащий белок, витамины и микроэлементы.

- срок хранения – 3 месяца;
- температура хранения – от 4 до 25 °С;
- сверху на упаковке вместо слова «Йогурт» написано: «Йогуртер» или «Биогурт»;
- сбоку указано: «Продукт йогуртовый терминизированный»;
- в составе нет йогуртовой закваски.

Настоящий же — не подвергается термической обработке. Это главное отличие, и на это надо обязательно обращать внимание при покупке. В зависимости от степени жирности йогурты делятся на молочные, молочно-сливочные и сливочные. Различают также йогурты простые и сложные, содержащие различные добавки (фруктовые, овощные йогурты, а так же с содержанием цельных зерен, ароматизированные). Простой йогурт не содержит никаких добавок (в том числе сахар, крахмал, желатин, стабилизаторы).

**Органолептические показатели.**Внешний вид и консистенция - Однородная, в меру вязкая. При добавлении стабилизаторов — желеобразная или кремообразная. При использовании вкусоароматических пищевых добавок — с наличием их включений.

Вкус и запах - Кисломолочный, без посторонних привкусов и запахов. При выработке с сахаром или подсластителем — в меру сладкий. При выработке со вкусоароматическими пищевыми добавками и вкусоароматизаторами — с соответствующим вкусом и ароматом внесённого компонента.

Цвет - Молочно-белый, равномерный по всей массе. При выработке со вкусоароматическими пищевыми добавками и пищевыми красителями — обусловленный цветом внесённого ингредиента.

Белки, жиры и углеводы. Именно эти соединения, которые наполняют наш организм жизненной силой и служат для него источником необходимых для функционирования элементов. Из них состоят оболочки и внутреннее содержимое наших клеток. Они нужны нам для поддержания тела в нормальном состоянии.

- Белки — основа ДНК, клеток и тканей, а также ферментов и гормонов.
- Жиры — основной энергоноситель и резервный источник тепла и воды в организме.
- Углеводы — неплохой источник быстрой энергии для обогрева организма и экстренного запуска обменных процессов.

Основные компоненты в йогурте: сахар, крахмал, лимонная кислота, кармин, гуаровая камедь, желатин, лецитин, молоко, глюкоза, галактоза, лактоза.

## II Исследовательские работы и методы

### 2.1 Опрос с учениками, опрос фокус-групп

С целью выявления предпочтений при выборе йогуртов нами был проведен опрос, в котором приняли участие 97 респондента.

Вопросы в анкете были следующие:

- Сколько вам лет?
- Йогурты какой торговой марки вы предпочитаете?
- Как вы думаете йогурт повышает иммунитет?
- Какой вкус йогурта вам нравится больше, чем другие вкусы?
- На что вы ориентируетесь при покупке йогурта?
- Какая упаковка йогурта для вас предпочтительнее?
- Имеет ли для Вас значение страна-производитель йогурта?

В анкете участвовали следующие йогурты:

- «Нежный»
- «Fruttis»
- « Actimel»
- «Живой йогурт»

- « Чудо»

Основную массу людей, которые голосовали в анкете, составляли подростки (12-15 лет).
На вопрос повышает ли йогурт иммунитет
Да - 83,5% , Нет -16,5%
Дети больше предпочитают йогурты
«Нежный»- 30,9% «Чудо»-27.8% «Живой йогурт»- 14.4% «Fruttis» - 13,4% «Actimel» - 13,4%.
Также, основная масса людей проголосовала за фруктовый вкус (клубничный и персик).
На вопрос на что вы ориентируетесь при покупке йогурта?
Состав – 45,4% Цена - 24,7%
Советы друзей и родителей -16,5% Упаковка -13,4%
Какая упоковка йогурта для вас предпочтительнее?
Не имеет значения - 60.4% Пластиковый стаканчик - 22.9%
Бутылочка-16.7%
Имеет ли для Вас значение страна-производитель йогурта?
Да - 72.2% Нет - 27.8%




Диаграмма 1.Ответ учеников




Диаграмма 2.Ответ учеников

Для исследования было взято 5 марок-лидеров: «Нежный», «Fruttis», «Actimel», «Живой йогурт», «Чудо». Чтобы установить особенности вкусовых ощущений и сделать

соответствующие предположения, а также для того, чтобы полученные сведения были объективны, была сформирована фокус-группа, которая и оценивала вкусовые ощущения каждой из марок. Образцы, которые ребята заполняли для оценки вкусовых качеств йогуртов наиболее популярных торговых марок.

Далее приведено мнение, к которому пришли все участники фокус-группы:

- «Нежный» - в меру сладкий, жидкая консистенция;
- «Fruttis» - сладкий, жидкая консистенция с кусочками;
- «Actimel» - неприятный;
- «Живой йогурт» - приятный йогурт, имеет воздушный вкус;
- «Чудо» - очень сладкий, вязкая.

Вопросы в анкете были следующие:

- Употребляете ли вы йогурт постоянно?
- Оцените вкус йогурта по 5-бальной шкале (1 – не вкусно… 5 – очень вкусно)?
- Оцените в нескольких словах ваши вкусовые ощущения от каждого образца?
- Отметьте номер образца йогурта, который Вы точно будете употреблять?
- Отметьте номер образца йогурта, который Вы точно не будете употреблять?

По мнению ребят самыми вкусными йогуртами оказались «Живой йогурт» «Нежный» и «Чудо»

**Таблица 1. Ответы фокус групп:**

| Вопросы | | 1-образец | 2-образец | 3-образец | 4-образец | 5-образец |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | иногда | | | | |
| 2 | | 4 | 4 | 1 | 5 | 5 |
| 3 | | приятный | сладкий | неприятный | нежный | вкусный |
| 4 | | | | | + | + |
| 5 | | | | + | | |

Участникам фокус- группы понравился образец 4 и 5 (Живой йогурт и Чудо)

Не понравился образец под номером 3 (Actimel)

**2.2 Анализ йогуртов по органолептическим показателям**

Чтобы приступить к эксперименту, было подготовлено оборудование.

Для начала мы пронумеровали пробирки и сами йогурты:

1. «Нежный»
2. «Fruttis»
3. « Actimel»
4. «Живой йогурт»
5. « Чудо»

По органолептическим показателям был проведен анализ йогуртов наиболее популярных торговых марок.

1) «Нежный»:

- Внешний вид и консистенция - однородная
- Вкус и запах – в меру сладкий; запах клубничный.
- Цвет – персиковый

2) «Fruttis»:

- Внешний вид и консистенция - однородная
- Вкус и запах – с кусочками персика; в меру сладкий; с приятным ароматом.
- Цвет – нежно-желтый

3) «Actimel»:

- Внешний вид и консистенция - жидкая
- Вкус и запах – неприятный привкус запах не приятный.
- Цвет – молочно-желтый

4) «Живой йогурт»:

- Внешний вид и консистенция - однородная, немного вязкая

- Вкус и запах – вкус клубничный; запах клубники;
- Цвет – нежно-розовый

5) «Чудо»:

- Внешний вид и консистенция - однородная
- Вкус и запах – вязкая; запах клубничный; с ароматом клубники.
- Цвет – нежно- розовый

**2.3 Анализ компонентов**

Также был проведен анализ компонентов, которые содержатся в составе йогуртов наиболее популярных торговых марок (см. табл. 2).

**Таблица 2. Анализ компонентов, содержащихся в йогуртах наиболее популярных торговых марок.**

| Компоненты | «Нежный» | «Fruttis» | «Actimel» | «Живой йогурт» | «Чудо» |
|---|---|---|---|---|---|
| Молоко обезжиренное | + | + | + | + | + |
| Сливки | - | + | + | - | - |
| Сахар | + | + | + | + | + |
| Лимонная кислота | + | + | + | + | - |
| Желатин | + | + | - | + | + |
| Крахмал | - | - | - | + кукурузный | + кукурузный |
| Лецитин | - | - | - | - | - |
| Глютен | - | - | - | + | - |
| Инулин | - | - | - | - | - |
| Гуаровая камедь | - | - | - | + | - |
| Ксантановая камедь | - | - | - | - | - |
| Цитрат натрия | + | + | - | - | + |
| Бифидобактерии | - | - | - | - | - |
| Загуститель | + | + | + | - | - |
| Ароматизаторы | + | + | + | + | + |
| Йогуртовая закваска | + | + | + | + | + |
| Фруктовый наполнитель | - | + | - | + | + |
| Пищевая ценность на 100 г | жира – 1,2 г; белка – 2,5 г; углеводы – 16,0 г | жира – 5 г; белка – 2,2 г; углеводов – 16,0 г | жира – 1,5 г; белка – 2,6 г; углеводов – 11,2 г | жира – 1,5 г; белка – 2,8 г; углеводов – 16,4 г | жира – 2,5 г; белка – 3,4 г; углеводов – 16,5 г |

**2. 4 Качественная реакция на белки,на углеводы,на жиры**

**Исследование №1**

Оборудование: пробирки, мерный стеклянный цилиндр, шпатели.

Реактивы: гидроксид натрия, сульфат меди.

Также мне понадобились вода и йогурт.

Цель работы: определение белка в йогурте.

1. Мы взяли 1 мл йогурта и поместили в пробирку.
2. Затем налили в пробирку 5 мл воды, 1 мл NaOH, 5 капель CuSO4.
3. Потом нужно было хорошенько взболтать.
4. Если получился фиолетовый цвет, значит в йогурте имеются белки.

У всех образцов образовался фиолетовый цвет. Под цифрами 1 (Нежный) и 2 (Fruttis), легкий отблеск фиолетового оттенка, 3(Actimel) и 4(Живой йогурт) – получился светло –

фиолетовый.Под цифрой 5 (Чудо) самый насыщенный цвет, это означает достаточное количество белка.

**Качественная реакция на крахмал**

**Исследование №2**

Оборудование: планшетка, пипетка

Реактивы: раствор йода.

Цель работы: определение крахмала в йогурте

Мы взяли 1 мл йогурта, поместили в планшетку, и капнули пипеткой пару капель йода. Крахмал, мы выявили в йогуртах под номерам 4( Живой йогурт) в растворе было оттенок синего цвета. У остальных образцах цвет не изменился. В составе было крахмал у йогурта под цифрам 5 (Чудо), но опыт не показал изменение цвета.

**Качественная реакция на жиры**

**Исследование №3**

Оборудование: пробирки.

Реактивы: ацетон.

Цель работы: определение жиров в йогурте.

Мы взяли 1 мл йогурта и поместили в пробирки

Затем добавили 1 мл ацетона.

Наличие жиров было у йогуртов 2 (Fruttis) 4(Живой йогурт) , 3(Actimel) , 5(Чудо)

В йогурте «Нежный» по составу, жиры – 2,5 г, но опыт не показала хорошее количество жиров в этом йогурте.

**2.5 Определение кислотности (pH)**

**Исследование №4**

Оборудование: планшетка, индикаторная бумага, эталонная шкала pH.

Цель работы: определить с помощью индикаторной бумаги кислотность (pH)

Мы взяли 1 мл йогурта и поместили в планшетку.

Затем поместили туда индикаторную бумагу.

Индикаторная бумага показала нам слабокислотную среду (по эталонной шкале под номером 5).

**III Выводы**

Таким образом, целью нашего исследования какую информацию должен знать нутриционист при выборе йогурта.

Изучение литературы помогло нам узнать больше информации о йогурте;

При опросе местного населения, мы установили, что, дети больше предпочитают йогурты «Нежный» «Чудо» «Fruttis».

При опросе фокус-группы мы выяснили, что самыми вкусными йогуртами по вкусовым качествам оказались «Живой йогурт» и «Чудо»;

В ходе анализа йогуртов наиболее популярных торговых марок по органолептическим показателям, мы изучили какую консистенцию, вкус и запах, а также цвет имеют йогурты;

В результате проведения анализа компонентов в йогуртах наиболее популярных торговых марок, было установлено следующее:

✓ качественный анализ на содержание белка показал малые количества белка в йогуртах «Нежный» и «Fruttis» , в остальных образцах белок в достаточном количестве;

✓ анализ показал наличие крахмала в йогурте «Живой йогурт» соответствует составу, указанному на этикетке; в йогурте Чудо на этикетке был указан крахмал, но опыт не показал его в составе. В остальных образцах на этикетке и в результате опыта крахмал не обнаружен.

✓ качественная реакция на жиры оказалась положительной во всех образцах, кроме йогурта «Нежный».

✓ йогурт – это кисломолочный продукт, имеющий кислую среду. Классический йогурт имеет pH = от 4,5 до 5. Во всех образцах йогуртов определен именно это значение pH, это означает, что кислотность в йогуртах в норме;

домашний йогурт прошел все испытания, в нем нет химических веществ, которые могли бы навредить организму человека. В нем достаточное количество белков и жиров. Также нет крахмала, так как мы его не добавляли. Кислотность в йогурте – 5, в норме.Натуральный йогурт менее калориен, в 2 раза богаче кальцием, не содержит сахара.

В результате исследования, мы установили, что йогурт марки ««Чудо» и «Живой йогурт» является самым натуральным и содержит компоненты, полезные для здоровья человека. В нем нет химических веществ, которые могли бы навредить организму.

**Список использованных источников**

1. Оспанова М.К.Химия. Учебник для 7кл.общеобразоват.шк. /М.К. Оспанова. Т.Г. Белоусова К.С. Аухатиева- Алматы: Мектеп 2017 – 100-107с

2. Химия: Углубленный уровень: 10 класс : учебник / В.В.Еремин, Н.Е.Кузьменко, В.И.Теренин, А.А.Дроздов, В.В.Лунин; под ред. В.В.Лунина. – 7-е изд., стереотип. – М. : Дрофа, 2020. – 446, [2] с. : ил. – (Российский учебник)

3. Билл Стеймен. «Полный справочник вредных, полезных и нейтральных веществ, которые содержатся в пище, косметике, лекарствах», «Эксмо - пресс», 2003.

4. Габриелян О.С., Лысова Г.Г. Учебное пособие для выпускных классов общеобразовательных учебных заведений. – Москва, 2000.

5. Зайцев А.Н. О безопасных пищевых добавках и «зловещих» символах «Е» журнал «Экология и жизнь», № 4, 1999.

6. Исупов В.П. «Пищевые добавки и пряности. История, состав и применение», ГИОРД, 2000.

7. Лада М.И. «Запрет пищевой добавки» / «ТВС – анонс» № 39, 2007.

8. Петрухина А. Из чего мы состоим? Из того, что мы едим… Наука и жизнь, № 1, 2009. - 26-29с.

9. Химия пищевых добавок: Тезисы докладов Всесоюзной конференции. Черновцы. — Киев: НПО «Пищевые добавки», 1989. — 256 с.

## 4 - СЕКЦИЯ
## «МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ»

## «МЕХАНИЗМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА ПО МАТЕМАТИКЕ, ФИЗИКЕ»

# МЕКТЕПТЕ ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖДЕРДЕ ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІЛІК ПЕН САБАҚТАСТЫҚТЫ КАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

**Абилова Х.Ж.**
жаратылыстану ғылымдарының магистры, әдіскер,
Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі,
Павлодар қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Бірізділік қағидалары мен интербелсенділік тәсілдерін физиканы оқытудағы маңызын ашу, жетілдіру; сабақтастықпен интербелсенділікті зерттеген еңбектермен танысу және зерттеулерге теориялық жалпылама жасау; ғылыми сараптамалар жасау барысында бірізділік қағидаларымен интербелсенділікті күнделікті қолдану негізінде кездесетін қиындықтарды анықтау.

**Аннотация:** Выявление и повышение значения принципов последовательности и методов интерактивности в обучении физике; ознакомление с работами, в которых изучалась интерактивность с преемственностью, и теоретическое обобщение исследований; выявление трудностей, возникающие на основе ежедневного использования интерактивности с соблюдением принципов последовательности в ходе проведения научных исследований.

**Abstract:** Identifying and increasing the importance of the principles of consistency and methods of interactivity in teaching physics; familiarization with works that studied interactivity with continuity, and theoretical generalization of research; identifying difficulties arising from the daily use of interactivity in compliance with the principles of consistency in the course of scientific research.

Оқушының жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуын бүгінгі мектеп толыққанды қамтамасыз ете алмауда. Бұл олқылықтың орнын жою үшін мектептерде оқыту әдістемесін бірізділікпен жалғасқан сабақтастықты, ақпарат ағынын қабылдауда технология таңдау мәселесін жаңаша жолға қойып, ізденіске түсу қажет .

Оқу үдерісінде бірізділікпен білім беру, интербелсенді технологиямен астарласып жататындығы белгілі. Бұл мәселелерге А. А. Абдуғадыров, Г.Б.Ахметова, В. С. Гершунский, М.И. Жалдак, Г.Б.Камалова, Ж.Қ.Нұрбековалар және т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізді. Дегенмен, физика саласында білім беруді ақпараттандыру арқылы оқыту сапасын арттыру факторы ретінде әдістемелік жүйені дамыту мәселесі жетілдіруді қажет етеді.

Физика саласында білім беруді ақпараттандыруға байланысты зерттеулерге талдау жасай келе: Мемлекеттік тұжырымдамалар мен бағдарламалар білім беруді ақпараттандыруды жүзеге асыруға бағытталған және Назарбаев зияткерлік мектептерінің жұмыс жүйесі басқа жалпыға бірдей білім беретін мектептер үшін таратылуда. Біздің елімізде білім беру деңгейінің бірізділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру жүйесі құрылған.

Физика саласында білім беруді интербелсенді оқыту технологиясына еліміздегі, шетелдердегі даму тенденцияларына ғылыми-теориялық талдау;

Жасалған оқытудың әдістемелік жүйесі жоғары оқу орындарында физика саласында білім беруде бірізділікті сақтау мақсатында, мазмұнына, әдістеріне, ұйымдастыру формаларына, оқыту құралдарына және ақпараттық құзыреттілігі - базалық және пәндік құзыреттіліктеріне жауап береді;

Физика саласында білім беруде бірізділіктің педагогикалық шарттары: оқу үдерісіне

ақпараттық коммуникациялық, интербелсенді технологияларды енгізу арқылы оқытушы қызметін кезең-кезеңімен түрлендіруді іске асыру; біртұтас ақпараттық білім беру интернет-ортасы болуын қамтамасыз ету; оқытушы мен студенттердің ақпараттық құзыреттілігін мақсатты түрде қалыптастыру;

Физика саласында білім беруді ақпараттандыруды дамытуға бағытталған білім мазмұны ақпараттық құзыреттілік қалыптастыруға негіз болады; атап айтқанда:

- «Физика» пәні саласын интербелсенді технология арқылы ақпараттандыруға бағытталған курстың типтік және жұмыс бағдарламалары, бірізділікті сақтайды;
- физикадан білім беру үдерісін ақпараттандыруға бейімделген зертханалық жұмыстар жүйесі, интербелсенді әдістермен жүзеге асырылады;
- вариативті практикалық және шығармашылық тапсырмалар жүйесі;
- оқу-әдістемелік кешенді оқу үдерісінде пайдалануға арналған әдістемелік нұсқаулар.

Жалпыға бірдей білім берудегі физиканың орны**.** Қазіргі заманда білім берудегі басты міндет оқушыға іргелі білім беру емес, оның өмірде әлеуметтік бейімделуіне қажет шарттардың орындалуымен бірге өзін-өзі дамытуға дайындығы болып табылады. Бұл бағытта интербелсенді білім беру технологиясы үлкен көмек көрсетеді, мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларда оларды кеңінен қолдану туралы баса айтылған.

Осы мәселені шешуде Білім туралы Заң сөзсіз негіздемелік құжат. Білім беру жүйесінде «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» [1] міндеті қойылған.

Мұғалім бірізділікті сақтау үшін бала бойында мета-сананы – қалай оқу керектігін үйренуді, тұлға ретінде дамуына мән беріп, ықпал етеді. Қазіргі заманда оқушының өзгермелі өмірге дайын тұлға болып шығуы – басты мақсат. Ақпараттық технология мүмкіндіктеріне талдау жаса отыра, мында бас педагогикалық элементті, құрал ретінде айырып айтуға болады:

- интербелсенділік
- мультимедиа
- модельдеу
- коммуникативтік
- өндірістік [2].

Интербелсенділік – электронды білім беру ресурсының ең негізгі оқу құралы болып табылады. Мультимедиа нысандарды көзбен-көргендей қабылдауға көмектеседі, интербелсенділік ойлау мен шешім қабылдау мүмкіндігін береді, ал модельдеу зерттеу нысаны мен үрдістеріне тән реакция қалыптастырады (нысанның сапасы, түрі мен түсінің өзгерісінің визуалды көрінісі арқылы). Өнімділік – оқушының оқу үрдісі барысында қолданған түрлі ресурстар арқылы нәтижеге қол жеткізуі. Бұл – оқу құралының ішіндегі оқу үрдісінің тиімділігін арттыратын ең маңызды әрі тиімді тәсілі, білім алушының өз бетімен жұмыс істеуіне берілетін жаңа мүмкіндік.

Білім алушының өздік шығармашылықпен жұмыс жасауына, ізденуіне, қажетті материалдарды іріктеп, жинақтауына, оны тиімді қолдануына жасалған жағдай. Атап айтар болсақ:

- жаңа ақпараттарды қолдануға;
- жаңа оқу материалын білуге;
- лабораториялық және практикалық жұмыстарды орындауға;
- виртуалды лабораторияда модельдерді талдау мен құруға;
- оқу үрдісінде «жеке» өнімін: реферат, жоба және т.б. құрастыруға;
- баяндамалар мен презентациялар дайындауға;
- байқау, олимпиада, интеллектуалды сайыстарға дайындалуға;

- оқу-зерттеу жұмыстарын орындауға;
- аралық және ағымдық бақылауға арналған тестілеу жүргізуге ықпалын тигізеді.

Сонымен, физиканы оқыту әдістемесінің дамуындағы бірізділік пен интербелсенді технология заман талабына сай, сапалы білімді қамтамасыз ететін әдістеме ретінде кенінен пайдаланулада. Халықаралық білім кеңістігіне қосылудағы негізгі бағдар – бәсекеге қабылетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл міндеттерді жүзеге асыру оқу үдерісінің мазмұнын жаңа әдіснамалық тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Ол үшін білім мазмұнын заманауи озық білім технологияларымен жетілдіру қажет. Сонда халықаралық білім кеңістігімен ықпалдастыру – білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастырудың жолы болып табылады. Жаңа білім жүйесінде электронды білім беру технологияларын құру және пайдалану жаңғыртудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Біздің елімізде де білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдермен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін олардың өмір бойы білім алу қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Қазіргі заман талабына сай қорытындыны «Бірізділіктің бастауыш және орта буын сыныптары арасындағы дидактикалық жетістікке жету – шарты» атты еңбегінде Н.А. Цирулик берген [2].

Жаратылыстану салалары бойынша алатын білім оқушылардың техника мен қоршаған орта құрылымы мен қасиеттерін тануына, дүниетанымын қалыптастыруға, мамандыққа даярлау негіз болады.

Физика курсы оқушылар бойында адам мен техника және табиғат туралы біртұтас түсінік қалыптастыруда өзінің маңызды міндеттерін атқарып келеді. Алайда оның жеке пән ретіндегі мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін білеміз. Оқытудың белгілі бір кезеңінде табиғат құбылыстарын, техникалық феномендерді тереңірек пәнаралық негізде, жалпы теориялық тұрғыда зерттеп қарастырудың қажеттігі туады.

Академик Б.Т. Лихачев бірізділікті өткенмен, бүгінгі және болашақ арасындағы байланыстың орнығуы, үздіксіз оқудағы білім, білік, дағдының жоғары ғылыми-тәжірбиелік негізде қалыптасуы деп баға береді. Барлық зерттеуші педагогтар бірізділікті, сабақтастықты оқытудағы білімді дамыту деп есептейді. Өткен материалды келесі сыныпта оқығанда есте сақтау. Сабақтастықты дидактикалық тұрғыдан қарастырғанда соңғы алған білімнің жалғасы ретінде білімді, дағдыны және біліктілікті арттыру керек. Бірізділік – үздіксіз, терең білім, қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Физиканы оқытудағы негізгі екі проблема:

1) Көптеген физикалық құбылыстарды физика кабинетінде демонстрация жасау мүмкін емес. Олар: микроәлем құбылыстары, тез өтетін процесстер, не кабинетте жоқ приборлармен, құрал-жабдықтармен жасалатын тәжірбиелер. Ал, компьютер осындай құбылыстардың моделін жасап, оқушыға ойша көзге елестету мүмкіндігін береді. Процесстің қалай жүрып жақанын, оның кейбір шарттарының өзгеруіне, сондай-ақ оқу матерниалын тез игеруге оңтайлы жағдай туғызады.

2) Физика – эксперименттік ғылым. Зертханалық жұмыссыз оқу, білу мүмкін емес. Өкінішке орай зертханалық жабдықтар кешені күрделі лабороториялық жұмыстарды, ғылыми-зерттеу әдістерді пайдалануға сай емес, оған қазіргі заманғы жабдықтар талап етіледі. Осы жағдайдан шығуда АКТ көп көмегі тиеді. Күрделі зертханалық жұмыстарды орындап, оқушының, не студенттің өз қалауы бойынша көрген құбылыстарға талдау жасауға, өзгерістерді бақыдауға соған сәйкес қорытынды, нәтиже шығаруға болады.

Құбылыс жайында не білу керек: 1. Құбылыстың сыртқы белгілері. 2. Құбылыс өтуге қажетті шарттар. 3. Құбылыстың мәнісі және оның өту механизмі, яғни қазіргі ғылыми теориялар негізінде құбылысты түсіндіру керек. 4. Құбылыстың анықтамасы. 5. Берілген (қарастырылып отырған) құбылыстың басқа құбылыстармен байланысы. 6. Құбылыстың сандық сипаттамалары (құбылысты сипаттайтын шамалар, шамалар арасындағы байланыс, байланысты өрнектейтін формулалар). 7. Құбылыстың практикада қолданылуы. 8. Құбылыстың зиянды әсерінен сақтандыру амалдары.

Шамалар жайында не білуі керек: 1. Берілген шамалар қандай құбылысты немесе

денелердің қандай қасиетін сипаттайды. 2. Шаманың анықтамасы. 3. Анықтайтын формула (туынды шама үшін берілген шаманың басқа шамалармен байланысын өрнектейтін формула). 4. Бұл қандай шама-скалярлық па, әлде векторлық па. 5. Берілген шаманың өлшем бірлігі. 6. Шаманы өлшеу амалдары.

Заң жөнінде не білу керек: 1. Заң қандай құбылыстар (процестер) арасындағы немесе қандай шамалар арасындағы байланысты кескіндейді. 2. Заңның тұжырымдамасы. 3. Заңнын математикалық өрнегі. 4. Заңнын дұрыстығын растайтын тәжіриелер. 5. Заңның практикада (іс жүзінде) ескерілуі және қолданылуы. 6. Заңның қолдану аясы.

Теория жайында не білу керек: 1. Теория жасауға негіз болған тәжірибелік деректер (теорияның эмпириялық негізі). 2. Теорияның негізгі ұғымдары. 3. Теорияның негізгі баптары (принциптері). 4. Теорияның математикалық аппараты (негізгі теңдеулері). 5. Берілген осы теориямен түсіндірілетін құбылыстар. 6. Теория болжап айтатын құбылыстар және денелердің (бөлшектердің) қасиеттері.

Құралмен танысудың жалпылама жоспары: 1. Құралдың міндеті. 2. Құрал қалай жұмыс істейді? 3. Құралдың құрылысы (құрамдас бөліктері және олардың байланысы) 4. Құралды пайдалану ережесі. 5. Құралдың қолданылу аясы.

Интербелсенділікті қолданудың түрлері мен әдісі. Физика сабағында интербелсенділікті енгізу үшін мына интербелсенді технологияларды пайдалануға болады: ұжымдық ойлау әрекеті; ойын сабақтары; эвристикалық технология; сын тұрғысынан ойлау технологиясы; жобалау технологиясы; мультимедиалық технология

Интербелсенді әдістерді ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдана отырып пайдалануда әртүрлі мақсат қоюға болады және сабақтың әр кезеңінде міндеттерді айқындап, қол жеткізугі болады:

- көрнекілікті пайдалану
- мұғалім бағыттаушы, оқушы білімді өздігінен алады
- бақылау сұрақтарын қоя білу, диагностика жасау
- шығармашылық – ізденушілік жұмыстар жасау
- виртуалдық зертханалық жұмыстар
- әртүрлі дамыту бағдарламаларын пайдалану
- ақпараттық-анықтамалық жүйені пайдалану
- оқушыларды жобалау технологиясына үйрету
- қашықтық оқыту
- ресурстық қорларды өздігінен пайдалану (интернет, қосымша ғылыми әдебиет, баспасөз).

Физиканы оқытудағы негізгі әдістің бірі – зертханалық әдіс. Ол оқушының өздігінен ізденуіне, эксперимент жасап, зерттеу жүргізуіне мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияны пайдалану өз кезегінде оқушы белсенділігін арттырады, ол үнсіз бақылаушыдан, ізденуші – зерттеуші, өз қолымен жасап, қорытынды жасап, баға беретін талдаушыға айналады. Ғылыми негізге сүйенген гипотеза жасайды, шешу жолдарын анықтайды, керек құрал-жабдықты таңдайды. Бұл – оқушының шығармашылық қабілетін дамытады, танымдық ой-өрісін кеңейтеді. Зертханалық жұмыста пайдаланылатын компьютерлік технологиялар екі функция атқарады: компьютер арқылы зертханалық жұмыс жасау; зертханалық жұмыс парақтарын пайдаланып нәтижені өңдеу

Бірізділікті интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып физика пәнінен мектептен колледж арасында сапалы байланыс, білім мазмұнында сабақтастық сақталуы үшін оқыту мен оқудың күрделілігіне оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдану арқылы тиімді шешуге болады. Тақырыптардың байланыста берілуі, мектептен кейін қайталау, не бір орында тоқырау болмай тақырыптар желісі қарапайымнан күрделіге ауысып, оқушының бұрынғы алған білімі астарласа жүзеге асуы тиіс. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайларын да ұжымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы ескерілмей, терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, керексіз болып, оқушы оны өмірде

тиімді пайдалана алмайды. Интербелсенді әдістердің мақсаты – оқушының, студенттің пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, физиканы оқытудағы басты назарда – физикалық есептер болып табылады. Физикалық есептерді шығару физикалық түсінікті кеңейтіп, физикалық ойлау жүйесін реттейді, пәнаралық, пәнішілік сабақтастық жүзеге асады. Бірақ, мектептерде есеп шығаруда толық білім беру қорлары пайдаға аспайды, яғни физикалық есептердің ғылымилығы, есепті шығару барысында ықшамдау, елестету, ойлау операциялары жүзеге асады, дидактикалық талаптардың орындалуы, есептеу шапшыңдығы, өткен білімді пайдалану жүзеге асады. Мысалы, «А және Б пунктінен бір-біріне қарсы екі велошабандозшы, екеуі де бірдей 15 км/сағ. жылдыамдықпен жүріп келеді. Екеуінің бір-бірінен ара-қашықтығы 300 км қалғанда «А» пунктінен шыққан велошабандозшының иығынан ұшқан маса 20 км/сағ. жылдамдықпен «Б» пунктінен шыққан велошабандозшыға қарсы ұшады да, онымен «А» велошабандозға қарағанда ерте түседі. Бұндай ұшу маршрутына қызыққан маса екі велошабандозшының бірінен екіншісіне кезек ұшып жүре береді, осылайша екі велошабандозшы кезкенше екі аралықта ұшады». Сонда масаның жүрген жолы қандай? Қандай жол жүріп өтті, есеп қарапайым болып көрінгенмен, шығару жолы күрдеоі. Екі велошабандозшының бір-біріне жақындауы екеуінің біреуімен байланысты санақ жүйесінде берілсе, масаның жолы желмен байланысты санақ жүйесінде берілген. Есептің бірінші бөлімін тез шығарса, екінші бөлімі қиындық туғызады. Себебі, шығарушылар велошабандозшымен байланысты қарастырады. Бұл есептің шешімі – методологиялық, әдіснамалық қағида-салыстырмалылық принципіне сүйенгенде ғана шығады, бұл жерде күрделі есептеу, талқылау керек емес, физикалық түсінік-түйсік қажет.

Физика пәнін оқытудағы сабақтасытықпен бірізділік қағидаларын сақтауда интербелсенді әдістерді пайдалану оқыту мақсатымен міндеттеріне сай болуы, білім мазмұнына сәйкес болуы шарт. Қазіргі қарқында даму жағдайында физиканы ерте оқыту, оз оқыту, тереңдетіп оқыту қоғам, әлеуметтік топ – ата-ана, оқушылар сұранысына сай жүргізілуде. Білім берудің әр сатысында теория мен практиканың ұштасуы, физикалық түсінік, білім, дағды, білік қалыптастыруда сабақтастық проблемасы, мазмұнға сай шешілуі керек. Бұл зерттеу жұмысында бірізділік немесе сабақтастыққа қағида ретінде түсініктеме беріледі, солай қарастырылды. Бұрынғы, не алдынғы сатыда алынған білімнің заңды жалғасы келесі білім сатысында мазмұнды ашып, білім алу жүйесінің сапалы, тұрақты дамуын қамтамасыз етсе, әр білім сатысында сана мен танымдық өзгеріс – жүйелі дамуды берсе, онла бірізділік қағидасының, сабақтастық үдерісінің нәтижесі жоғары болмақ; білім беру тиімділігі артып, кез келген жетілдіру стартегиясы үшін ең маңыздысы жай ғана құрылымдық өзгеріс емес, оқытуды жақсарту мақсаты орындалады.

Тізбекті реттілікпен берілген бағдарлама мазмұны деңгейін жоғарлата отырып, басқа пәндермен сабақтастықта жүзеге асырылады. Физикалық білім беруде физикалық түсінік қалыптастыру да бірізділікті сақтау, физикалық түсінік, физикалық білім және дағды оқулық арқылы жүзеге асады

Мұғалім, оқытушы интербелсенді әдістерді қолдану арқылы осы пәнді жетілдіреді, ғаламтор желісі арқылы қолжетіміді көптеген модельдеулер бар, оны баламалы шарттардың және іс-әрекет жоспарларының болжамды шынайы әсерлерін көрсету үшін қолданады. Оқыту бірізділігі мектеппен  колледж білім беруде бірлескен жағдайда мына жетістіктерге жетеді:

– Оқу оқушы, студент үшін ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын, сабақтастықтың белсенді үдерісі болып табылады.

– Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау және қайталауды емес, өзара белсенді, ақпараттарыд өңдеу және қорытуын талап етеді.

Бірізділікпен, сабақтастық қағидасының осындай бірлескен ортада тиімділі артады, оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дамиды, олар да әр түрлі көзқарасты тыңдап, өз идеяларын айтып, қорғау дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар, бірлескен оқу жағдайында басқа тұжырымдарға күмәнмен қарауға және талқылауға белсенді қатысуға

мүмкіндік алады. Білім берудегі сабақтастық – теориялық және тәжірбиелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор ретінде оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы біліммен дағды қалыптастыру шарты болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Филатова Л.О.Преемственность общего среднего и вузовского образования // Педагогика. - 2004. - № 8. - С. 63-69.
2. Стеденкова Н. А. О проблеме обеспечения преемственности образовательных программ в системе непрерывного образования // Қазақстан кәсіпкері. - 2007. - № 3. - С. 33-34.
3. Андреев А. Н. Проблема оценивания качества образования при переходе от средней к высшей школе // Среднее профессиональное образование. - 2003. - № - С. 19-21.
4. Бельгибаева С. А. Использование возможностей flash в создании интерактивных элементов электронных обучающих средств // Вестник ПГУ. Сер. Физико-математическая. - 2007. - № 3.
5. Мажитова Л. Х. Информационно-деятельностное обучение физике в техническом университете // Алматы энергетика және байланыс университетінің хабаршысы // Вестник АУЭС. - 2013. - № 4. - С. 86-91.
6. Масырова Р. Р. Использование технологии интерактивного обучения в современной школе // Білім берудегі менеджмент=Менеджмент в образовании. - 2011. - №3. - С. 78-81.


# БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ТЕСТІЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ


**Ардабаева А.К., Разақ Ж.Н., Беккул А.С.**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан



**Аңдатпа:** Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтар бойынша бітірген түлектердің ұлттық біліктілік тестілеуінен өтуі болашақ мұғалімдерді кәсіби сапалы дайындауға да жоғары талаптар қояды. Мақалада осы мәселелер туралы ой қозғалып, болашақ математика мұғалімдерін дайындау бойынша білім беру бағдарламаларына талдаулар жасалған және әдістемелік идеалар ұсынылған.

**Аннотация:** Прохождение национального квалификационного тестирования выпускников педагогических специальностей в высших учебных заведениях предъявляет высокие требования к профессиональному качеству подготовки будущих учителей. В статье рассмотрены эти вопросы, проведен анализ образовательных программ подготовки будущих учителей математики.

**Abstract:** Passing the national qualification testing of graduates of pedagogical specialties in higher educational institutions places high demands on the professional quality of training of future teachers. The article discusses these issues and analyzes educational programs for training future mathematics teachers.


Республикамызда 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қағидаларға сәйкес жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтар бойынша бітірген түлектер ұлттық біліктілік тестілеуінен сәтті өтіп, «педагог» біліктілік санатын алғаннан кейін жұмысқа қабылдану іске асырылуда [1].

2023 жылы болашақ математика мұғалімдері үшін біліктілік тестілеу «Оқу пәнінің мазмұны» бойынша - 30 тапсырма және «Педагогика, оқыту әдістемесі» бойынша – 20 тапсырмадан тұрады.

«Педагог» біліктілік санаты тестілеуден кемінде 25 балл жинаған түлектерге беріледі, яғни педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнының түлектері үшін «Оқу пәнінің мазмұны» бойынша – 50% (15 балл) және «Педагогика, оқыту әдістемесі» бойынша – 50% (10 балл) жинауы тиіс.

Болашақ математика мұғалімдері үшін ұлттық біліктілік тестілеудегі тапсырмалардың зерделей келе түлектердің берген жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылатыны айқындалды:

1) тест тапсырмасындағы бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын

тапсырмалар үшін 1 балл, қалған жағдайларда 0 балл берілді;

2) тест тапсырмасындағы 2-4 дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін барлығын дұрыс жауап бергендерге – 2 балл; жіберілген 1 қате үшін – 1 балл; екі және одан да көп қателіктер үшін – 0 балл алды.

2022, 2023 жылдары сәуір, мамыр және тамыз айларында республикамыздың жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтарды бітірген түлектер «Оқу пәнінің мазмұны» және «Педагогика, математиканы оқыту әдістемесі» оқу пәндерінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұны бойынша игерген білімдері мен біліктерін білім беру бағдарламалары мен талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ұлттық біліктілік тестілеуден өтті.

Ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижелерін талдау барысында кейбір педагогикалық жоғары оқу орындарының білім сапасын жақсарту бағытында жүргізілген жұмыстардың мардымсыз екені анықталды. Кейбір жоғары оқу орындарының түлектерінің ұлттық біліктілік тестілеуден өтудегі нәтижелері төмен екені айқындалды, ал бұл олар үшін үлкен сабақ болды. Сондай-ақ, кейбір жоғары оқу орындары байыппен жұмыс істеп, көрсеткіштерін айтарлықтай арттырды.

2023 жылмен салыстырғанда 2022 жылы Республика бойынша жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтарды бітірген түлектердің ұлттық біліктілік тестілеуден өтудегі қорытындысы бойынша орташа баллды 45,77% алған.

Ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижелерінен еліміздегі қандай жоғары оқу орындарында білім сапасы жоғары, қайсысында төмен екендігін көруге болады. Оның басты себептерінің бірі келесідей демекпіз:

– мамандықтың білім беру бағдарламалары сапасының төмен болуы, болашақ мұғалімдердің кәсіби-әдістемелік дайындығына бағытталмауы;

- білім беру бағдарламалары мазмұнының жалпы білім беретін мектептің оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары мазмұнымен сабақтастығының болмауы;

- пәндерді немесе курстарды жүйелегенде мектеп пәндерінің бөлімдерімен сабақтастық байланысы, әдістемелік пәндермен кіріктірілуі сақталмауы;

- ғылыми бағыттағы және педагогикалық бағыттағы мамандықтарға оқытылатын пәндер мен курстардың ара жігін нақты ажыратылмауы, яғни іргелі пәндер мен кәсіби-әдістемелік пәндердің арақатынасының дұрыс сақталмауы және т.б.

Осыдан, болашақ математика мұғалімдерінің білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін мазмұндық, әдістемелік жағынан жұмыстар жүргізілуі қажет деп санаймыз.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми дереккөздерге шолу және талдау көптеген ғалымдар өздерінің зерттеулерінде педагогикалық білім беруді дамытудың перспективалық бағыттарын қарастыруына және жоғары мектепте педагогикалық кадрлардың кәсіби және әдістемелік даярлығының әртүрлі мәселелерін жариялауына алып келді.

Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлаудың ғылыми негіздерін дамыту мәселелері А.Е.Әбілқасымова, А.Көбесов, Д.Рахымбек, А.С.Кенеш, А.К.Қағазбаева және т.б. және ТМД елдерінің И.Б.Бекбоев, В.А.Гусев, Ж.И.Икрамов, Ю.М.Колягин, В.И.Крупич, Г.Л.Луканкин, Е.И.Лященко, В.И.Мишин және т.б. ғалым-әдіскерлердің еңбектерінде көрініс тапқан [2].

Педагогикалық ЖОО-да мұғалімнің кәсіби дайындығында әдістемелік дайындыққа ерекше рөл беріледі. Мысалы, осы мәселелер А.Г.Мордкович, И.А.Новик, А.Е.Әбілқасымова, А.К.Қағазбаева, Н.Л.Стефанова, О.А.Иванов, Е.В.Силаев, Дж.У.Байсалов, Д.Рахымбектің докторлық диссертацияларында зерттелген.

Аталған ғалым-әдіскерлердің жұмыстарын, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, онда математика мұғалімдерін кәсіби-әдістемелік даярлау жүйесінің мәні мен құрылымын теориялық негіздеумен байланысты маңызды мәселелер қаралып, шешілген; оның даму принциптерін анықтаумен; жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімнің әдістемелік даярлығы мазмұнының әртүрлі үлгілерін әзірлеумен байланысты деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары педагогтар мен білім беру қызметкерлерді, педагогикалық

мамандықтарды бітіруші түлектерді аттестациялаудың ережелері өзгеруде. Жалпы алғанда тиімді түрде аттестациялау міндеттерін ғылыми деңгейде шешу мәселесі іс жүзінде барлық білім беру қызметкерлерін толғандырады.

Педагогикалық жаңалықтардың бірі – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында ұлттық біліктілік тестілеуден өтуі.

Ұлттық біліктілік тестілеуі білім алушылардың білім, білік, дағды дейгейін объективті бағалауға, болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім берудің стандарттарына сәйкестігін тексеруге, болашақ мұғалімдердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін және дайындығындағы күрделі мәселелерді анықтауға жол ашады.

Білім алушылардың білімін бақылауды ғылыми ұйымдастырудың жалпы мәселелеріне, педагогика теориясы мен әдістемесі, оқу процесін басқару мәселелеріне қатысты В.И.Андреев, Ш.А.Амоношвили, С.И.Архангельский, Г.А.Балл, Ю.К.Васильев, Г.Г.Городничий, И.А.Данилов, В.И.Журавлев, В.И.Загвязинский, М.Н.Катханов, В.В.Краевский, И.И.Кобылявский, М.М.Левин, И.Я.Лернер, В.П.Мизинцев, Н.Д.Никандров, В.М.Полонский, Л.И.Рувинский, М.Н.Скаткин, В.А.Сластенин, Т.И.Шамова, Н.М.Шахмаев, В.А.Якунин, т.б. көптеген ғалымдардың еңбектері бар.

Сонымен қоса, тестілеуді білім алушылардың білімін бақылау мақсатында ғана емес, оқыту мен дамыту мақсатында да пайдалану бағыттары қарқынды іздестірілуде. Осындай зерттеулердің қатарына А.Е.Әбілқасымова, Б.Б.Баймұқанов, Л.Т.Искакова, Ю.М.Колягин, В.И.Крупич, Е.О.Медеуов, Ә.К.Қағазбаева, А.В.Метельский, Д.Р.Рахымбек, С.Е.Шәкілікова, И.М.Чередов, Н.М.Шахмаев, ҚА.Өтеева және т.б. еңбектерін қосуға болады. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде білімді тексеру мен бағалаудың нақты тәсілдерін қарастырып қана қоймай, білім алушылардың педагогикалық ой-өрісін кеңейту, оқу қызметін ұйымдастыру түрлері мен әдістерінің жалпы қағидаларын да айқындап көрсетті.

Мысалы, Л.Т.Ысқақованың кандидаттық диссертациясы оқушылардың математикадан білім, білік, дағдысын тексеру мен бағалаудың қолда бар құралдарын кешенді теориялық талдауға және тексерудің тесттік түрін дәстүрлі бақылау түрлерімен ұштастыра пайдаланып, бағалаудың ғылыми әдістемелік негіздерін жасауға арналған [3].

Сонымен, біз зерттеу жұмысымызда болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың мазмұндық, процесуалдық, нәтижелік мәселелеріне талдаулар жасалды; болашақ мұғалімдердің білім алудағы іс-әрекетінің нәтижелерін анықтауда тесттілеу әдістерін қолданудың проблемаларының жағдайына талдау жасалды; білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің нәтижелерін тесттік бақылаудың орны мен рөлі белгіленді; тестілеудің пайдаланудың, тарихи аспектілері мен қазіргі тәжірибені талдау нәтижесінде бақылау жүйесінің оның ішінде тестті бақылау жүйесін жетілдіру қажеттігі анықталды.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттердің сапалы кәсіби-әдістемелік дайындықтары және ұлттық біліктілік тестілеуден өтудегі нәтижелер ең алдымен сол мамандықтарға арналған білім беру бағдарламаларын сапалы құрастырумен, оның ішінде мамандық бойынша базалық және бейіндеуші пәндерін мектеп курсы мазмұнымен сабақтастықта таңдап алумен; пәндердің білім мазмұнын логикалық-пәндік, логикалық-дидактикалық, әдістемелік жағынан жоспарлаумен және жобалаумен; пәнді оқыту бойынша оқу-тәрбие процесін жаңартылған мазмұнға сәйкес ұйымдастырумен; сабақтардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттырумен байланысты болып табылады.

Жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың білім беру бағдарламаларының мазмұны мектептегі математикалық біліммен сабақтастықта базалық және бейіндеуші пәндерін үздіксіз оқытуды іске асыруға бағытталғаны жөн, өйткені бір-бірімен байланысқан оқу пәндері, оның ішінде әдістемелік пәндермен кіріктіріп оқыту болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының сапасын едәуір жақсартады [4].

Дегенмен, қазіргі уақытта педагогикалық мамандарды, атап айтқанда болашақ математика мұғалімдерін даярлаумен айналысатын университеттер мен педагогикалық оқу орындарының білім беру бағдарламаларын талдаулар нәтижесі көрсеткендей мектеп

математика курсымен байланысы бар оқу пәндерінің аз қамтылуы және олардың математиканы оқыту әдістемесімен әлсіз байланысқандығы анықталды. Мектеп пен жоғары оқу орындарында математиканы оқытудағы алшақтықтар, яғни білім беру мазмұнында, оқыту әдістемесі мен түрлерінде, студенттер мен оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерінде сабақтастық байланыстарының бұзылуы байқалады.

Жоғары оқу орындарының «6В015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер (математика)» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын талдау барысында мыналар анықталды:

1) кейбір модульдердің атауы орта білімнің мазмұнына сәйкес келмейді және оқытудың күтілетін нәтижелері модульдер мен пәндердің мазмұндарына сәйкес емес;

Кез - келген масштабтағы және күрделіліктегі бақылау жұмысы, сондай - ақ жыл қорытындысы бойынша алгебра немесе геометрия бойынша ауызша емтихан құзыреттілік сынағы болып табылмайтынын ескереміз, өйткені олар дағдыларды сатып алу және ұсыну жағдайынан тыс ауыстыру міндетін қанағаттандырмайды, яғни сынақ емес, тексеру.

Жас динамикасы және құзыреттілік сынақтарының жасына сәйкес формалары туралы сұрақтар әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


1. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая ос- нова компетентностного подхода в образовании. Авторская версия. М.: Ис- следовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. 40 с.
2. Селевко Г.К. Педагогические компетенции и компетентность // Сельская школа. 2004. № 3. С. 29–32.
3. Hutmacher W. Key competencies for Europe // Report of the Symposium Berne. Secondary Education for Europe. Strasburg: Council for Cultural Co-operation (CDCC), 1997. 121 p.
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. 2003. № 2. С. 58–64.
5. Компетентностный подход как способ достижения нового качества образования. Материалы для опытно-экспериментальной работы в рамках Кон- цепции модернизации российского образования на период до 2010 года. М.: НФПК, Институт новых технологий образования, 2002. 96 с.
6. Ходырева Н.Г. Становление математической компетентности будущего учителя при подготовке в педагогическом вузе // Педагогические проблемы становления субъектности школьника, студента, педагога в системе непрерывного образования: Сб. науч. и метод. тр. Вып. 6. Ч. 1. Волгоград: ВГИПКРО, 2002. С. 58–61.
7. Белоконь О.И., Знаменская О.В., Францен О.А. Динамика становления исследовательских и математических компетентностей старшеклассников // Директор школы. 2006. № 5. С. 60–65.
8. Аронов А.М., Ермаков С.В., Знаменская О.В. Учебно-образовательное пространство в педагогике развития: математическое образование. Красноярск: КрасГУ, 2001. 173 с.
9. Аронов А.М., Знаменская О.В. Условия индивидуального прогресса школьников в математике // Педагогика развития: социальная ситуация развития и образовательные среды: Материалы 12-й научно-практической конференции. Красноярск: КрасГУ, 2006. С. 103–110.
10. Ястребов А.В. Дуалистические свойства математики и их отражение в процессе преподавания // Ярославский педагогический вестник. 2001. № 1. С. 48–53.
11. Хинчин А.Я. О воспитательном эффекте уроков математики // Математическое просвещение. 1961. Вып. 6. С. 7–28.

12. Примеры заданий по чтению, математике и естествознанию. Международная программа PISA 2000 / Сост. Г.С. Ковалева и др. М.: ИОСО РАО и НФПК, 2003. 106 с.

# ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ КОМПЬЮТЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

**Ошақбай Н.Ғ.**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистрі, Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мақалада физикалық құбылыстары компьютері пайдаланып оқыту әдістерін жетілдіру тікелей білім беру жүйесіне де, тұтастай ақпарат технологиясын дамытуға да үлесін қосатынығы жазылған. Жалпы педагогика, жеке әдістемелер және компьютердің түйісуінде жаңа бағыт: оқытудың ақпараттық технологиялары дүниеге келуі. Оқыту үдерісінде компьютерді қолдануға негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты қолданылуы қажет. Кейбір жағдайда оқушылардың сұранысын терең ұғыну қажет болады, келесі бір жағдайда пәндік саладағы білімді талдау маңызды роль атқарады, ал үшінші бір жағдайда оқытудың психологиялық ұстанымдарын ескеру басты роль атқарады.

**Анотация:** В статье написано, что совершенствование методов обучения физическим явлениям с помощью компьютера способствует непосредственно системе образования и развитию информационных технологий в целом. Новое направление на стыке общей педагогики, индивидуальных методов и компьютера: рождение информационных технологий образования. В образовательном процессе следует использовать отдельные методы, основанные на использовании компьютеров, в зависимости от образовательных целей и условий. В одних случаях необходимо глубоко понять потребности учащихся, в другом случае важную роль играет анализ знаний по предметной области, а в третьем ключевую роль играет учет психологических аспектов обучения.

**Abstract:** The article says that improving methods of teaching physical phenomena using a computer directly contributes to the education system and the development of information technology in general. A new direction at the intersection of general pedagogy, individual methods and computers: the birth of educational information technologies. In the educational process, separate methods based on the use of computers should be used, depending on educational goals and conditions. In some cases, it is necessary to deeply understand the needs of students, in other cases, the analysis of knowledge in the subject area plays an important role, and in others, taking into account the psychological aspects of learning plays a key role

## Кіріспе.

Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше, сондай-ақ өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Компьютердің көмегімен әр түрлі функциялардың арасынан, физиканы оқытуда пайдаланатын бағдарламалар үшін мейлінше маңыздырағы есептегіш, сызбалық және модельдегіш функциялар болып табылады.

Физика сабағында компьютерлік моделін қолдану мұғалімге тапсырманы түрі жағынан да, мазмұны жағынан да жекелендіріп беруге мүмкіндік жасайды. Оқушылардың өз бетімен ойлауын дамытуға ықпал етеді, оларға есепті шығару кезінде шартында көрсетілген өлшем мәндерін талдауға мүмкіндік береді.

Компьютердің графикалық режимінде болуы оқушылардың оқыту бағдарламасының жұмыс істеуі барысында оларға шығармашылық есептердің физикалық және математикалық мазмұнын терең түсінуі мен есте сақтауын жақсартуға жағдай жасайды. Сонымен бірге сабақ барысында оқушылар өздері компьютердің көмегімен шығармашылық есептің нәтижесінде алған графиктерін, сызбаларын, суреттерін қадағалай отырып, ол қандай құбылыстарды түсіндіретінін, онда қандай сыр жатқанын ұғатындай дәрежеге көтеріле алады.

Көбінесе, физикалық есептерді шығару үдерісінде компьютерді пайдалану оқушылардың шығармашылық жұмысының өнімділігін арттыруға ықпалын тигізеді. Компьютер әдеттегі физикалық есептерді жаңа мазмұнмен толықтыруға мүмкіндік береді, оларды анағұрлым қолайлы, қызықты етеді.

Компьютерді физика сабағында пайдалану - орта мектептегі физиканы оқыту жүйесін өзгертеді. Компьютерлік оқытудың мүмкіндіктерін жеткілікті мөлшерде бағалау үшін, компьютерлендіру жағдайларындағы физиканы оқыту әдістері мен ұйымдастыру түрлерін алу қажет.

Физика сабағын компьютер арқылы оқытудың ерекшеліктерін анықтау үшін, ***біріншіден,*** физиканы оқыту әдістерінің жалпы теориялық ерекшеліктерін, ***екіншіден,*** оқыту құралы ретінде электрондық есептеуіш машиналар (ЭЕМ –нің) құрылымы мен ерекшеліктерін негіздеу қажет. Негізгі мектепте компьютерді физика сабағында қолдану – оқушылардың информациялық мәдениетін қалыптастыруға, оқытылатын құбылыстар мен процестердің мәнін терең оқып игеруде, ЭЕМ негізінде одан әрі қарай өнімді әдістермен, іс-әрекет құралдарын қолдануға, психологиялық даярлау және көңіл аударуға мүмкіндік туғызады.

Физика сабағында оқу үдерістерін ұйымдастыру түрлері мен әдістемелік сапасының өзгеруі оқытылатын құбылыстардың кешенді олрнықтырылған жүйелік тәсілінің негізінде пайда болады. Сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарай оқушылардың үйренуі (зертхананы жаңа аспаптармен және ЭЕМ - базасында есептеу құралдарымен жабдықтау), жаңа әдістемелік материалдар жасау және т.б. қажеттігі туады.

Қазіргі кезде оқыту үдерісіне компьютерді қолдануға байланысты зерттеу жұмыстары мына мәселелер төңірегінде жүргізілуде:

- компьютермен жұмыс барысындағы оқушының қабылдау және ойлау заңдылықтарын зерттеу;
- компьютермен адамның шығармашылық ойлау әрекетін тиімді ұштастыруға мүмкіндіктер жасау;
- компьютерлік техниканы пайдалану барысында ақыл-ой қызметіндегі өзгерістерді зерттеу;
- әрбір пән бойынша оқу әрекеті моделдеріне құрылымдық әрі функциялық және мазмұндық сипаттама беру;
- компьютермен жұмыс барысында оқушылардың жеке және жас ерекшелігін есепке алу.

Компьютер физиканы оқытудың аса тиімді құралы болып табылады. Өйткені оны физика сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Мысалы, компьютерді физикалық құбылыстарды моделдеуде; зертханалық жұмыстар жүргізу мен есептер шығаруда; зертханалық қондырғылармен жұмысты басқаруда; бағдарламалы оқыту мен білімді тексеруде қолдануға болады.

Көрсетілген бағыттардың әрқайсысы өзіндік арнаулы ерекшеліктерге ие. Солардың ішінде кеңінен қолданылатын кейбір бағыттарды қарастырайық. Сабақта компьютерлік құралдарды пайдалану оқушылардың компьютермен жұмыс барысында кейбір дағдылар мен іскерліктерді меңгеруін қажет етеді.

Компьютер мұғалім еңбегін ғылыми ұйымдастыру мен сабақ үдерісін басқару құралы ретінде де қолданыс табады. Бұл жағдайда компьютердің негізгі міндеті ақпараттық деректер қорын құру, жүйелеу, әр түрлі ақпараттарды топтастыру және бағалау болып табылады. Басқаша айтқанда, компьютер – ғылыми-педагогикалық зерттеулерге тиеселі баға беруге және басқаруды оптималандыруға септігін тигізетін, әрі зерттеу және басқару жұмысының тиімділігін арттыратын қуатты құрал болып есептеледі .

Компьютерді физиканы оқыту үдерісіне қолдану мәселесіне арналған зерттеулерге талдау жасасақ, компьютерді пайдаланудың төмендегідей негізгі бағыттарын көруге болады [2]:

**1. Сабақ үдерісін басқаруда компьютерлік құралдарды пайдалану.**

Компьютерді физика сабақтарына қолдану физика мұғалімінің сабаққа дайындалуына және сабақ үдерісін ұйымдастыру мәселелерін шешуіне көмектеседі.

Анықтамалық-ақпараттық жүйе құрудың болашағы зор деп есептелінеді. Мұның құрамына есептер, тәжірибелер, әдебиеттер каталогы, құрал - жабдықтар, жүйелеуші және

қорытындылаушы материалдар қатары кіреді, әрі мұндай ақпаратты сақтауға көп жер қажет емес. Мұндай ақпараттық жүйе негізінде белгілі бір әдебиетті, тақырыпты т.б. өтуге қажетті есептерді іріктеуге болады және осындай анықтамалық – ақпараттық жүйеде оқушылардың пән бойынша үлгерімі, олардың қызығушылықтары мен жеке қабілеттері туралы мәліметтерді көрсетуге болады. Бұл жүйе негізінде компьютер жекелеген оқушылармен жұмыста қажет кеңестер беріп, мұғалімге үлкен көмек көрсете алады.

**2. Мұғалім еңбегін ғылыми ұйымдастыруда компьютерлік құралдарды пайдалану.**

Бұл бағытты жүзеге асыру мұғалімді әр түрлі сипаттағы каталогтар үшін карталар толтыру, материалды көбейту, зерттеулер нәтижелерін есепке алу сияқты техникалық жұмыстардан босатады.

**3. Компьютерлік құралдарды физика сабағындағы есептеулерді автоматтандыру үшін қолдану.**

Бұл бағыт физика сабағында оқушылар жүргізетін есептеулерді тездетуге мүмкіндік береді. Есептеу операциялары есебінен уақытты үнемдеу кең көлемді ақпараттарды өңдеп өткізуге , жаттығулар көлемін ұлғайтуға, өтілген материалды тереңірек бекітуге мүмкіндік туғызады.

**4. Зертханалық қондырғылармен жұмысты басқаруда компьютерлік құралдарды пайдалану.**

Тәжірибе, әркез физика саласындағы ғылыми табыстардың тірегі қызметін атқарып келеді. Уақыт өтеді, тәжірибелер күрделенеді, оларды жүргізу нәтижесінде алынатын ақпараттар көлемі де өсе береді.

Мәліметтерді эксперимент барысында талдау және күрделі тәжірибелік қондырғыларды басқару зерттеушілерге қиын бола бастады. Осындай жағдайлар ғылыми зерттеулердің автоматтандырылған жүйесін құрудың қажеттілігін туғызды. Ал мұндай жұмыстардың негізінде ЭВМ –ді қолдану жатыр. Компьютерді қолдану принциптері , өз кезегінде, әр түрлі болуы мүмкін.

Тәжірибе үстінде қарапайым жағдайларда физикалық шамалардың мәнін өлшеу мен жазу арқылы ақпарат жинау ғана жүзеге асырылады. Мәліметтерді өңдеу мен талдау тек тәжірибе анықталған соң ғана жүргізіледі. Мұндай жүйелер тек баяу өтетін үдерістер үшін қолданылуы мүмкін.

Тәжірибе жүргізудің бұдан да күрделірек жағдайлары кездеседі. Біріншіден, физикалық үдерістер әдетте тез өтеді. Екіншіден, тәжірибелік мәліметтерді өңдеуді тәжірибе барысында автоматты түрде басқару қажет. Бұл принциптерді шешу үшін компьютермен басқарылатын, автоматтандырылған жүйе қажет[3] .

**5. Зертханалық жұмыстардың нәтижелерін өңдеуде компьютерлік құралдарды пайдалану.**

Бұл бағыт жұмысты орындаудың, эксперимент барысын талдаудың, практикалық дағды мен іскерліктерін қалыптастырудың мазмұнына көп назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың әдетте математикалық есептеулерге жіберетін уақытын азайту есебінен мүмкін болады.

Зертханалық практикумда компьютерді пайдалану кезінде аса маңызды педагогикалық принциптердің бірі – сабақ үдерісін ұйымдастырудың жоғары деңгейінде оқытуды дараландыру принципін жүзеге асыруға болады. Компьютерді зертханалық практикумда қолдану келтірілген.

**6. Есептер шығару сабақтарында компьютерді пайдалану.**

Дәстүрлі есептер жинағы, негізінен, бастапқы деректерді қайта құруға негізделген есептерді қамтиды. Компьютерді пайдалану сыныпқа циклды есептеулерді қажет ететін есептерді бөліп алуға мүмкіндік береді. Мұндай есептер практикалық мәнге ие.

Физика есептерін шығаруда компьютерді тиімді пайдалану үшін мына ұстанымдар (принциптер) қарастырылады:

- оқытушының салыстырмалы бостандығы;

- оқытушының өз мүмкіндіктерін дұрыс бағаламау жағдайында

берілген есептерді шығару қиындығы деңгейін компьютердің автоматты түзету ұстанымы;

- нақты есеп деректерін қалыптастыру үшін қажет кездейсоқ сандар генераторы пайдаланатын тапсырмаларды толық дараландыру ұстанымы;


- есеп шығаруда жіберілген оқушы қатесін автоматты талдау, себептерін анықтай отырып, қажетті кеңестер беру ұстанымы;

- мұғалімге қажет толық әрі жан-жақты ақпарат пен оқыту нәтижелерін архивте сақтау үшін оқушы жіберген барлық қателердің құжаттық талдауымен бірге, есептерді шығару сапасын объективті бағалау ұстанымы;


- оқушының сабақ материалын және компьютермен жұмыс барысында қажет дағдыларды меңгере алмаған жағдайында міндетті түрде мұғалімнен кеңес сұрау ұстанымы.

Осы ұстанымдарды ескере отырып, компьютерді сабақ үдерісінің төменде көрсетілген түрлері мен формаларында кең түрде қолдануға болады


Мысалы, 1 - 5 суреттерде бірнеше физикалдық құбылыстарды модельдеп оқыту арқылы, оқушыларды электрондық оқулықтармен жұмыс істеуге, есептер шығаруға үйретудің жолдары көрсетілген.





Сурет 1 – Айнымалы ток генераторының моделі





Сурет 2 – Түзу тоқтың магнит өрісі




Сурет 3 – жарық поляризациясының моделі




Сурет 4– эдектр өрісіндегі зарядтың қозғалысы




Сурет 5 – магнит өрісіндегі зеарядтың қозғалысы

Модельдеудің зертханалық экспериментпен көп ұқсас жақтары болғандықтан, оны кейде есептеу эксперименті деп те атайды. Компьютерлік бағдарлама физикалық жүйені модельдейді және есептеу экспериментін сипаттап шығарады. Мысалы , біз ешқандай зертханалық аналогы жоқ құбылысты моделдей отырып, шын мәнінде нақты әрі дәл нәтижелер ала аламыз. Модельдеу нәтижелерін тиісті теориялық есептермен салыстыру есептеу әдістерін дамытуға себепкер бола алады [5].

Соңғы кезде болашағы зор бағыт ретінде арнаулы 3-DS пакеттері көмегімен компьютерде үш өлшемді модельдер құрастырыла бастады. Мұндай модельдер ең қарапайым физикалық объектілер мен құбылыстарды жаңа аспектіде көрсетуге мүмкіндік береді. 3-DS моделдері тамаша көрнекі құрал бола алады және олардың мақсаты шындықты жан-жақты, толық қайта жасау болғандықтан, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла береді.

Мектепте физиканы оқыту барысында компьютерді пайдаланудың мына ұстанымдарын орындау қажет:

а) Компьютерлік техниканы тек нақты эксперименттерге қосымша ретінде ғанаи пайдалану.

ә) Оқушылардың көру органдары мен нерв жүйесіне күш түсірмес үшін дисплейден пайдаланылатын жұмыстарды мөлшерден асырмау.

б) Өздігінен айналысуға уақыт бөле отырып, оқушылардың компьютермен айналысуын жоспар бойынша және оқытушы жетекшілігімен ғана жүзеге асыру.

в) Компьютермен жұмысты бірізділікпен күрделендіру.

г) Физика курсында оқушыларды жоспарлы әрі жүйелі түрде ЭЕМ-ның физикалық негіздерімен және жұмыс принциптерімен таныстырып отыру.

д) Компьютердің қазіргі өмірдегі орны мен оның физикада қолданылуын жүйелі түрде көрсетіп отыру.

Бұл айтылғандар қазіргі заманғы есептеу техникалық құралдарының аса мол дидактикалық күш-қуатымен айқындалады.

Оқушылардың сабақтан тыс уақытта физика пәнінің шеңберінде электрондық техникамен жұмыс істеуге даярлау – білімді жүйелермен байланысты болуы мүмкін. Көптеген жағдайда физика сабағында электрондық техника алдымен мұғалімнің , сонан соң оқушылардың қолданылатын техникалық құралына айналады. Электрондық техникалардың мұндай құрал ретінде қолданылуы, оның мектепте физика курсында пайдалануға тән ерекшелігі болып табылады.

Егер мектептегі физика курсында компьютерді пайдаланып сабақ өткізудің әдістемелік ерекшеліктері бар болса, информатика мен пән аралық байланыс жүзеге асырылса, онда жасалған әдістеме жоғары сынып оқушыларына физика сабағында компьютер қолданғанда таным белсенділігін , оқу қызметін арттыруға мүмкіндік туғызады және оқу процесінің (мотивіне) желісіне әсер етеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жинақталған тәжірибелерден алынған қорытындылардан біз ЭЕМ-ді мектепте физиканы оқытуға пайдаланудың негізгі принциптерін айқындадық :

1. ЭЕМ-ді тек қана экспериментті орындау үшін пайдалану керек, оқушыларға қажетті біліктілік пен дағды, құралмен жұмыс жасаған кезде ғана беріледі. Физика кабинетінде қондырғыларды пайдаланып эксперимент жасауға мүмкіндік болмаған жағдайда, физикалық құбылыстарды, үдерістерді компьютерде модельдеу қажет.

2. Оқушыларды экранның жылтылынан және эмоционалдық кернеуден көру органдары мен нерв жүйесіне шамадан тыс әсер етпейтіндей етіп жұмыс жасағанда, физикалық құбылыстар мен үдерістерді компьютерде модельдеу қажет.

3. Оқушы мен ЭЕМ арасындағы байланысты мұғалімнің басшылығымен іске асыру.

4. ЭЕМ мен жұмысты біртіндеп күрделендіру.

5. Физика курсында оқушыларды электрондық есептеу техникасының физикалық негіздері мен жұмыстың принциптерін жоспарлы және жүйелі түрде таныстыру.

6. Есептеу техникасын оқу үдерісіне енгізуде нақты көзқарастарды орнықтыруды ұсынатын әрбір ғылым элементтерінің құрылымының біртұтас біріктіруші және оқушыларды оқытудың әрбір кезеңіндегі педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктерін міндетті түрде есепке ала отырып, мектеп курсындағы пәндерді түрлендіру жүйелі-функционалдық сипатта болуы қажет.

Көрсетілген принциптер білімді қорытуға және жүйелеуге, басты көзқарастарды жүзеге асыруға, физика пәнінен жалпы білім беруге және міндеттерін орындауға, сабақты оқытудың міндеттерін шешудің кешенді талаптарын есепке ала отырып, оқытушының әдістерді түрлендірулеріне, дамыту мен оларды тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады.

**Пайдалынған әдебиеттер тізімі**

1. Е.В.Михеева. Информационные технологий в профессиональной деятельности. М.:Академия, 2006. — С384.

2. Моделирование деятельности специалиста на основе комплексного исследования. Под редакцией Е.Э.Смирновой. Ленинград, 1984. -С177.

3. Педагогика профессионального образования. Под редакцией В.А.Сластенина. М.:ACADEMA, 2004. -С368.

4. М.Т.Громкова. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учебное пособие для вузов. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. -С415.

5. Б.Д.Сыдықов. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі. Пед.ғыл.док.дисс.автореферaты. Түркістан, 2008. -36б.

## ТРЕНИЕ И ДВИЖЕНИЕ

**Рыспеков Р.А.**
учитель физики КГУ «Средняя школа имени Н.Островского» отдела образования Бородулихинского района управления образования области Абай, Бородулихинский район, с.Бородулиха

**Андатпа:** Берілген мақалада үйкеліс күші қозғалмалы күш сияқты қате қозғалатын қозғалыс мысалдары қаралған. Тыныштық және тербеліс үйкеліс күші заманауи физикалық мәліметтану тұрғысынан қаралады.

**Аннотация:** В данной статье рассмотрены примеры движения, в которых сила трения может ошибочно трактоваться как движущая сила. Природа сил трения покоя и качения рассматривается с позиций современного физического материаловедения.

**Abstract:** Examples of motion in which the friction force may mistakenly be interpreted as a driving force. Nature forces of static and rolling friction is considered from the standpoint of modern solid state physics.

### Введение

Трение – одно из важнейших явлений природы, во многих случаях играющее ключевую роль в технике. Значение трения столь же велико, как и значение движения. Движение и трение – пара неразлучных противоположностей. Однако изучению трения в курсах школьной физики и общей физики в технических вузах уделяется незаслуженно мало внимания.

С трением школьник знакомится в начальном курсе физики. Приведем в качестве примера два фрагмента из учебников физики для 7-го класса.

«Сила, возникающая при соприкосновении поверхностей двух тел и препятствующая их перемещению относительно друг друга, называется силой трения» [1].

«При соприкосновении одного тела с другим возникает взаимодействие, препятствующее их относительному движению, которое называют трением. А силу, характеризующее это взаимодействие, называют силой трения» [2].

При изучении физики в старших классах и в вузе сила трения учитывается при решении задач, но природа трения, как правило, либо вообще не рассматривается, либо кратко

констатируется, что «…трение обусловлено шероховатостью соприкасающихся поверхностей; в случае же очень гладких поверхностей трение обусловлено силами межмолекулярного притяжения» [3]. Вузовские учебники уделяют дополнительное внимание классификации видов трения [4].

Далее определение из физического энциклопедического словаря: «Трение (внешнее) – механическое сопротивление, возникающее в плоскости касания двух прижатых друг к другу тел при их относительном перемещении. Сила сопротивления F, направленная противоположно относительному перемещению данного тела, называется силой трения, действующей на это тело» [5].

Общее для всех цитированных определений: трение – явление, заключающееся в противодействии движению, препятствующее взаимному перемещению тел. Следом за авторами приведенных определений ограничимся далее внешним трением, не затрагивая трение внутреннее.

Итак, при движении двух соприкасающихся тел друг относительно друга обычно возникает сила, противодействующая этому движению – сила трения. При поступательном движении возникает сила трения скольжения, при вращательном – сила трения качения. Далее особое внимание будет обращено на силу трения покоя, которая возникает, когда относительного движения нет, но есть сила, пытающаяся сдвинуть тела друг относительно друга.


Любые силы, за исключением сил трения, вызывают ускоренное движение, увеличивая кинетическую энергию тела. Силы трения скольжения и качения вызывают отрицательное ускорение, приводя к уменьшению кинетической энергии. Сила трения покоя не создает никакого ускорения, будучи всегда равна силе, стремящейся вызвать движение, и не изменяет кинетическую энергию соприкасающихся тел.

**Примеры взаимодействия при наличии трения**

Рассмотрим несколько достаточно часто предлагаемых учащимся задач динамики, в которых фигурирует сила трения покоя.

*Пример 1*

На горизонтальной поверхности П лежит брусок 1, на котором лежит другой брусок 2 (рис. 1).




Если двигать нижний брусок 1 равномерно или с небольшим ускорением, то брусок 2 останется лежать на бруске 1 и будет двигаться относительно поверхности П так же, как и брусок 1. Обычно говорят, что в этом случае брусок 2 начинает двигаться благодаря силе трения покоя, возникающей между соприкасающимися поверхностями брусков 1 и 2. Следовательно, здесь сила трения выступает в качестве движущей силы!? Именно такое мнение часто формируется у выпускников средней школы, и оно затем, к сожалению, сохраняется и у студентов.

При достаточно большом ускорении верхний брусок начнется скользить по нижнему, отставая от него, и между брусками будет действовать сила трения скольжения.

*Пример 2*

На наклонной плоскости находится тело (брусок). Если он покоится, то действующие на него силы скомпенсированы. При решении задач такого рода в школе обычно считается, что на брусок действуют три силы: тяжести, трения и реакции опоры. Такой подход удобен для решения задач, но физически он не вполне корректен.

Вспомним, что сила – это мера взаимодействия тел, причем, согласно третьему закону Ньютона, два тела действуют друг на друга силами, равными по величине и направленными противоположно друг другу: (рис. 2).





Рис. 2. Взаимодействие двух тел

При этом на каждое из взаимодействующих тел действует только одна сила. Если взаимодействует N тел, то на каждое тело действует (N – 1) тело, следовательно, столько же сил, т. е. (N – 1).

На брусок, лежащий на наклонной плоскости, действуют два тела: Земля и опора (наклонная плоскость). Земля действует на тело силой тяжести , направленной вертикально вниз. Если брусок покоится, значит опора действует на него силой , равной силе тяжести по модулю, но направленной вертикально вверх (рис. 3).





Рис. 3. Тело, покоящееся на наклонной плоскости

Природа силы тяжести – гравитационное взаимодействие, природа силы - межатомное (межмолекулярное) взаимодействие.

Для удобства решения подобных задач (и только для этого!) вектор силы принято разлагать на две взаимно перпендикулярные компоненты: одну перпендикулярную (нормальную) наклонной плоскости – , вторую – параллельную (касательную, иначе называемую тангенциальной) плоскости – . Компоненту, перпендикулярную наклонной плоскости, назвали силой реакции опоры, хотя по смыслу это название следовало бы применять к силе . Такое несоответствие возникло, вероятно, потому, что понятие реакции опоры исторически возникло применительно именно к горизонтальной плоскости.

Компоненту , параллельную плоскости, назвали силой трения покоя, опять-таки по аналогии с задачей о теле на горизонтальной плоскости.

Таким образом, силы реакции опоры и трения покоя, будучи компонентами одной и той же силы, имеют одну и ту же физическую природу – межатомное взаимодействие.

Силу тяжести можно также разложить на две компоненты – перпендикулярную и параллельную наклонной плоскости. Первую из них называют силой нормального давления, а вторую - скатывающей силой. Силу компенсирует сила . Наличие силы обусловливает появление равной ей по модулю и направленной противоположно силы трения покоя , которая действует со стороны тела на плоскость.

Необходимо иметь в виду, что в данной задаче есть две пары взаимодействующих тел: брусок – Земля и брусок – наклонная плоскость. Пара наклонная плоскость – Земля не рассматривается, так как наклонная плоскость фактически является частью Земли. Напомним, что согласно третьему закону Ньютона два тела, составляющих пару, действуют друг на друга силами, равными по величине, но направленными противоположно друг другу.

*Пример 3*

Вращающийся цилиндр падает на горизонтальную поверхность стола. Будем считать, что вертикальная скорость цилиндра в момент соприкосновения с поверхностью обращается практически в нуль. Сразу после падения цилиндр начнет катиться по столу в ту сторону, в которую двигались верхние точки цилиндра (на рис. 4 вправо).





Рис. 4. Качение цилиндра

Единственная сила, действующая на цилиндр, которая направлена вправо – сила трения покоя. Казалось бы, логический вывод: сила, заставляющая цилиндр двигаться вдоль горизонтальной поверхности – сила трения покоя. Но сила трения покоя, в соответствии с ее определением, возникает только в том случае, если есть сила, пытающаяся сдвинуть одно тело по поверхности другого. Какая же это сила в нашем случае? На цилиндр действует только стол, следовательно, только он и может быть «источником» этой силы.

При качении цилиндра появится сила трения качения, которая заставит его, в конце концов, остановиться. «Источником» силы трения качения является тот же стол. Две силы трения, действующие на одно и то же тело (цилиндр) со стороны одного и того же тела (стола), направлены противоположно друг другу (?!).

**Деформация твердого тела**

Итак, силы реакции опоры и трения покоя имеют общую физическую природу - межатомное (межмолекулярное) взаимодействие. Учитывая данные современной науки, целесообразно эту природу рассматривать на основе представлений физического материаловедения (или физики твердого тела).

Рассмотрим твердое (кристаллическое) тело в форме параллелепипеда (рис. 5a).





Рис. 5. Деформируемое сдвигом твердое тело.

Если к нему приложить сдвиговое усилие, то оно деформируется – вначале упруго (рис. 5b). Упругие механические напряжения будут препятствовать движению верхней части тела вправо, а нижней – влево. Затем при увеличении сдвигового напряжения может произойти пластическая деформация и разрушение по наиболее слабому месту (средняя линия на рис. 5c), т. е. разделение одного тела на два. Далее верхняя часть тела будет скользить (с трением) по нижней его части.

**Трение и упругость**

Применим проведенные здесь рассуждения к анализу ситуации в рассмотренных выше примерах.

В примере 1 в состоянии покоя или равномерного движения сил трения нет. Благодаря межмолекулярному взаимодействию два бруска представляют собой фактически одно твердое тело (как две части бруска на рис. 5), а поверхность их соприкосновения может рассматриваться как дефект - граница раздела. Ускоренное движение нижней части бруска 1 вызывает появление упругих напряжений в верхней его части, которые передаются бруску 2, заставляя верхний брусок начать движение вместе с нижним. Упругие напряжения будут препятствовать соскальзыванию верхнего бруска с нижнего, обусловливая тем самым то, что

мы называем трением покоя. Следовательно, сила, заставляющая двигаться верхний брусок – возникающая в нем из-за деформации сила упругости. Сила трения покоя по-прежнему противодействует проскальзыванию брусков друг относительно друга. После разрушения объединенного тела по плоскости соприкосновения два тела движутся друг относительно друга, а межатомное взаимодействие обусловливает наличие силы трения скольжения.

В задаче с наклонной плоскостью по отношению к силе трения ситуация аналогичная рассмотренной.

В примере с колесом наличие сцепления колеса с дорогой (трение покоя) можно также рассматривать как факт объединения их в одно тело. Сила, развиваемая двигателем автомобиля, стремится повернуть колесо (прикладывая силу к оси [1]) так, чтобы его верхняя часть двигалась в нужном направлении, а нижняя – в противоположном. Если обеим частям колеса ничто не мешает, оно будет вращаться, но автомобиль останется на месте. Если же нижняя часть колеса связана с дорогой, то сила двигателя, приложенная к оси колеса, обусловливает возникновение деформации сдвига и упругих механических сил (напряжений) в материале колеса. Вследствие этого верхняя часть колеса, ось и весь автомобиль будут перемещаться вперед. В данном случае сцепление колеса с дорогой препятствует перемещению (скольжению) нижней части колеса относительно дороги и, следовательно, играет роль трения покоя. Сила трения покоя – это сила, препятствующая разрушению объединенного тела. Роль движущей силы, заставляющей колесо как целое двигаться вперед поступательно, играет сила упругости. Это можно продемонстрировать на следующем опыте.

Возьмем обычное велосипедное колесо и удалим у него почти все спицы, оставив три или четыре. Поставим перед колесом какое-нибудь препятствие, прижмем обод к дороге (полу) и начнем поворачивать центральную часть колеса. Можно будет увидеть, что при этом спицы начнут деформироваться.




Рис. 6. Колесо 1 на дороге 4: 2 – ось, 3 – спица.

Если спицы сделаны из хорошей стали, то деформация будет упругой. Известно, что сила упругости одинакова в обеих точках закрепления спицы, т. е. у оси и у обода. Пока деформация невелика, колесо не будет проворачиваться, так как возникает сила трения покоя, которая точно равна силе упругости, возникшей в спицах. Сила упругости спиц приложена к дороге. Но дорога сама деформируется упруго (рассматриваем только упругую деформацию!). Сила упругости дороги в соответствии с третьим законом Ньютона, действует на колесо, причем эти две силы равны друг другу. Если теперь убрать препятствие, то колесо покатится под действием силы упругости. Спицы начнут выпрямляться, сила упругости, а, следовательно, и вызванное ей ускорение будет уменьшаться. Когда сила упругости станет меньше силы трения качения, движение станет замедленным.

Таким образом, сила упругости, возникающая в спицах, рассматриваемая в месте соприкосновения обода колеса с дорогой, играет роль силы, пытающейся двигать колесо вперед, а сила упругости дороги – роль трения покоя. Ничем не скомпенсированная сила упругости, рассматриваемая в месте соединения спицы с осью колеса, играет роль силы тяги.

Колеса реальных транспортных средств изготавливаются таким образом, что возникающая в них упругая деформация настолько мала, что невооруженным глазом не видна,

однако она есть, так что приведенные здесь рассуждения полностью относятся к любым колесам, сделанным из любых материалов.

Когда колесо катится, в его задней части происходит разрыв межмолекулярных связей, сопровождающийся преобразованием части энергии связей в тепловую. На это затрачивается часть механической энергии, которую и рассматривают обычно как работу сил трения, в данном случае трения качения.

Аналогичный анализ может быть проведен и для других задач с силами трения. В любом случае сила трения, в частности, сила трения покоя, не является движущей силой.

**Заключение**

Можно привести много примеров ситуаций, в которых сила трения покоя кажется движущей силой, что противоречит определению силы трения, как противодействующей движению. Более того, при решении некоторых задач механики ее можно формально вводить в уравнение второго закона Ньютона. Противоречие снимается, если детально рассмотреть силы, возникающие при возможном относительном движении соприкасающихся тел, с позиций физики деформируемого твердого тела.

**Список использованных источников**

1. Физика и астрономия : учеб. для 7 кл. общеобразоват. учреждений / А. А. Пинский, В. Г. Разумовский, Ю. И. Дик и др.; Под ред. А. А. Пинского, В. Г. Разумовского. – 6-е изд. – М. : Просвещение, 2002. – 191 с.- С. 107.

2. Перышкин, А. В. Физика. 7 кл. : учеб. для общеобразоват. учреждений / А. В. Перышкин. – 10-е изд., доп. – М. : Дрофа, 2006. – 192 с. - С. 71.

3. Трофимова Т. И. Курс физики : Учеб. пособие для вузов. –. М.: Высшая школа, 2001. – С. 18.

4. Савельев И. В. Курс общей физики : Учебное пособие. В 3-х тт. Т. 1. Механика. Молекулярная физика. 5-е изд., стер. – СПб. : Изд-во «Лань», 2006. С. 66-67.

5. Физический энциклопедический словарь / Гл. ред. А. М. Прохоров. М: Сов. энциклопедия, 1984. – 944 с. - С. 765.

## ОРТА МЕКТЕПТЕ «ЖҰҚА ЛИНЗА» ТАРАУЫН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

**Саламатов Т.**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистрі
Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Қазіргі білім беру кезеңінде инновациялық технологиялар білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналды. Атап айтқанда, орта мектепте оқытылатын физика пәнін оқытуда иновациялық құралдарды пайдалану арқылы білім беру процессін дамытудың жаңа жолдарын тапты. Бұл мақала "Жұқа линза" тарауына ерекше назар аудара отырып, физиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың өзекті талқылануына арналған.

**Аннотация**: На современном этапе образования инновационные технологии стали неотъемлемой частью образовательного процесса. В частности, нашли новые пути развития образовательного процесса путем использования иновационных средств в преподавании физики, преподаваемой в средней школе. Данная статья посвящена актуальному обсуждению применения инновационных технологий в обучении физике с особым акцентом на главу" тонкая линза".

**Abstract:** At the present stage of education, innovative technologies have become an integral part of the educational process. In particular, he found new ways to develop the educational process through the use of innovative tools in teaching physics, which are taught in high school. This article is devoted to a topical discussion of the use of innovative technologies in teaching physics, with special attention to the Chapter "thin lens".

Қазіргі білім ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуынан туындаған революцияны бастан кешуде. Бұл революция оқытудың барлық аспектілеріне, соның ішінде

жаратылыстану пәндеріне, атап айтқанда физикаға қатысты болды. Орта мектепте физиканы оқыту инновациялық технологияларды қолдану арқылы қызықты әрі түсінікті болды. Дәстүрлі оқулықтар мен дәрістер енді білімді игерудің жалғыз жолы емес. Бүгінгі таңда студенттер материалмен өзара әрекеттесе алады, дерексіз ұғымдарды көзбен көре алады, оларды зерттей алады және саналы қорытынды жасай алады.

"Жұқа линза" тақырыбын игерудің маңыздылығын және оқушылар кездесетін қиындықтарды негіздеу

"Жұқа линза" тақырыбы физикада маңызды, сонымен қатар өмірде практикалық қолданысқа ие. Ол фокустық қашықтық, үлкейту және кескін қалыптастыру сияқты маңызды оптикалық ұғымдарды қамтиды. Бұл ұғымдарды түсіну оптика, фотография және медициналық технологиялар саласындағы білімді дамытудың негізі болып табылады.

Дегенмен, көптеген студенттер үшін "жұқа линза" тақырыбы күрделі және дерексіз болуы мүмкін. Бұл олардан дерексіз оптикалық құбылыстарды визуализациялау және түсіну қабілетін талап етеді. Инновациялық технологиялар материалды ассимиляциялау процесін едәуір жеңілдетіп, оны қол жетімді және көрнекі ете алады.

Демек, бұл мақалада орта мектепте "жұқа линза" тарауын тиімдірек оқыту үшін инновациялық технологияларды қолданудың әртүрлі жолдары мен әдістері қарастырылады. Осы әдістердің арқасында студенттер оптикалық ұғымдарды жақсы түсініп, елестете алады, бұл өз кезегінде физиканы оқытуды тартымды және өнімді етеді[1].

Жұқа линзалардың интерактивті модельдеуін қамтамасыз ететін қолданыстағы білім беру бағдарламалары мен веб-қосымшалардың сипаттамасы.

Білім беру саласында оптикалық құбылыстарды, соның ішінде жұқа линзалардың жұмысын тереңірек зерттеу үшін интерактивті модельдеуді қамтамасыз ететін бірқатар білім беру бағдарламалары мен веб-қосымшалар бар. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген:

- PhET Interactive Simulations: Колорадо университеті әзірлеген PhET физиканың әртүрлі аспектілерін қамтитын көптеген интерактивті модельдеулерге тегін қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олардың арасында студенттерге линзалардың әртүрлі түрлерімен тәжірибе жасауға, олардың параметрлерін өзгертуге және оның кескіннің қалыптасуына қалай әсер ететінін байқауға мүмкіндік беретін модельдеу бар.

- Geogebra: GeoGebra-математика мен ғылымдарды, соның ішінде физиканы зерттеуге арналған әмбебап білім беру қосымшасы. Онда оптикалық құбылыстарды зерттеу үшін жеке модельдеу мен визуализация жасауға мүмкіндік беретін құралдар бар.

- Optics Bench Interactive: бұл оптикалық жүйелердің интерактивті модельдеуін, соның ішінде жұқа линзалардың жұмысын қамтамасыз ететін білім беру веб-қосымшасы. Оқушылар линзалардың параметрлерін реттей алады және олардың жарық сәулелерімен өзара әрекеттесуін бақылай алады.

- The Physics Classroom: бұл ресурс Физика үшін көптеген интерактивті білім беру материалдарын, соның ішінде оптикалық құбылыстарды модельдеуді ұсынады. Оқушылар оптиканы жақсы түсіну үшін виртуалды эксперименттер жүргізе алады[2].

Мұғалімдер сонымен қатар өздерінің интерактивті модельдеулерін әзірлеуге және оларды оқу процесіне енгізуге мүмкіндік алады. Бұл мұғалімдерге оқушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін сабақтар жасауға мүмкіндік береді. Жеке модельдеуді әзірлеу процесі келесі қадамдарды қамтиды:

- Оқу мақсаттарының анықтамасы: мұғалім оқушыларда модельдеу арқылы қандай нақты мақсаттар мен дағдыларды дамытқысы келетінін анықтайды.

- Модельдеу дизайны: мұғалім оқу мақсаттарын ескере отырып модельдеу жасайды. Бұл оқушылар реттей алатын параметрлерді және көрнекілік үшін визуалды элементтерді таңдауды қамтуы мүмкін.

- Сабақта модельдеуді қолдану: мұғалім өзінің модельдеуін оқу процесіне біріктіреді, оның қолданылуын түсіндіреді және оқушыларға оптикалық құбылыстарды зерттеу үшін тапсырмалар береді.

Мұғалім оқушылардың материалды өз модельдеуін қолдана отырып қаншалықты сәтті игергенін талдайды және оқу процесіне түзетулер енгізе алады[3].

Оптикалық құбылыстарды түсіну үшін практикалық тәжірибелер мен эксперименттердің маңызы.

Тәжірибелік тәжірибелер мен эксперименттер оптикалық құбылыстарды, соның ішінде жұқа линзалардың жұмысын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Олар студенттерге оптикалық ұғымдарды терең түсінуге ықпал ететін материалмен тікелей әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Оптика сабақтарында оқушылар линзалармен өз бетінше жұмыс істей алады, олардың параметрлерін реттей алады, жарыққа назар аударады және суреттегі өзгерістерді байқай алады. Бұл практикалық тәжірибелер деректерді бақылау, өлшеу және талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді және оқушыларға күрделі оптикалық құбылыстарды жақсы есте сақтауға және түсінуге көмектеседі[4].

Интерактивті модельдеулерді практикалық тәжірибелермен біріктіру неғұрлым толық білім беру әсерін тудыратынын, бұл оптикалық құбылыстарды зерттеуді оқушылар үшін тиімдірек және қызықты ететінін атап өткен жөн.

Оптика мен жұқа линзаларға қатысты білім беру мобильді қосымшалары мен ойындарына шолу.

Оқушыларға жұқа линзалардың жұмысын интерактивті және тартымды түрде үйренуге мүмкіндік беретін бірқатар білім беру мобильді қосымшалары мен ойындары бар. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген:

- "Optics Lab": бұл мобильді қосымша пайдаланушыларға әртүрлі линзалармен виртуалды эксперименттер жүргізуге және олардың Жарық фокусына қалай әсер ететінін зерттеуге мүмкіндік береді.

- "iOptics": бұл қосымша линзалар мен басқа оптикалық құбылыстардың жұмысын зерттеуге арналған интерактивті модельдеуді ұсынады. Пайдаланушылар линзалардың параметрлерін өзгерте алады және суреттегі өзгерістерді байқай алады.

- "Physics Learning Games": бұл білім беру ойындарының сериясы физиканың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде оптиканы қамтитын ойындарды қамтиды. Ойындар оптикалық құбылыстарды түсінуді тереңдетуге көмектесетін тапсырмалар мен басқатырғыштар ұсынады.

Оқу ойындарының мысалдары және олардың оқушылардың мотивациясына әсері[5].

Оптика мен жұқа линзаларға қатысты білім беру ойындары оқушылардың мотивациясын едәуір арттырып, оқу процесін қызықты ете алады. Мұндай ойындардың мотивацияға әсер ету мысалдарына мыналар жатады:

- Интерактивті оқыту: Ойындар оқушыларға сабаққа белсенді қатысуға және эксперимент жасауға мүмкіндік береді, бұл тақырыпқа деген қызығушылықты оятуы мүмкін.

- Бәсекеге қабілетті элемент: көптеген білім беру ойындары студенттерге бір-бірімен немесе өздерімен бәсекелесуге мүмкіндік беретін бәсекеге қабілетті аспектіні қамтиды, бұл тақырыпқа тереңірек енуге ықпал етуі мүмкін.

- Марапаттар мен жетістіктер:ойындар көбінесе марапаттар мен жетістіктер жүйесін ұсынады, оқушыларды нәтижелерін жақсартуға және мақсаттарына жетуге ынталандырады.

- Интерактивті кері байланыс: білім беру ойындары студенттерге өз қателіктерін жақсы түсінуге және олардан үйренуге көмектесетін жедел кері байланыс бере алады.

Оқыту әдістерінің әртүрлілігінің және оқушыларды тартудың маңыздылығы.

Оптика мен жұқа линзаларды оқытуда мобильді қосымшалар мен білім беру ойындарын пайдалану дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырады. Оқыту әдістерінің әртүрлілігі табысты білім берудің негізгі аспектісі болып табылады[6].

Әр түрлі оқушыларда білім беру әдістеріне қатысты әртүрлі оқу стильдері мен қалаулары болуы мүмкін. Кейбір оқушылар интерактивті модельдеу арқылы сәтті оқи алады, ал басқалары дәстүрлі сабақтарды мүмкін. Сондықтан оқушыларға оптикалық құбылыстарды зерттеудің әртүрлі нұсқаларын ұсыну өте маңызды, сондықтан әркім өзіне сәйкес әдісті таба алады.

Мобильді қосымшалар мен ойындарды басқа оқыту әдістерімен бірге пайдалану білім беру тәжірибесін байытады, оны қызықты етеді және оқушыларға жұқа линзалардың күрделі тұжырымдамаларын жақсы меңгеруге көмектеседі.

**ҚОРЫТЫНДЫ:**

Мақаланың негізгі ойларын қорытындылау және орта мектепте "жұқа линза" тарауын оқытудағы инновациялық технологиялардың рөлін атап өту.

Осы мақалада біз Орта мектептегі "жұқа линза" тарауының оқу процесіне инновациялық технологиялардың маңыздылығы мен әсерін талқыладық. Біздің талдауымыз инновацияның заманауи білім беруде маңызды рөл атқаратынын және оның физиканы, соның ішінде оптиканы оқушыларға қолжетімді және қызықты ету мүмкіндігі бар екенін көрсетті. Инновациялық әдістерге виртуалды және кеңейтілген шындықты, интерактивті модельдеуді, Мобильді қосымшаларды және білім беру ойындарын пайдалану кіреді.

Инновациялық технологиялар студенттерге оптикалық құбылыстарды көрнекі және интерактивті түрде байқауға, тәжірибе жасауға және өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға жарыққа назар аудару және кескін қалыптастыру сияқты күрделі ұғымдарды жақсы түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, олар оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясын ынталандырады, өйткені оқыту қызықты және практикалық болады.

Олар абстракцияны оқу процесінен алып тастайды, бұл оқушыларға физикалық құбылыстарды сөзбе-сөз көруге және өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл күрделі ғылыми тұжырымдамалардағы кедергілер мен қорқынышты азайтады.

Инновация сонымен қатар цифрлық дәуірде өскен және оқытуда технологиямен өзара әрекеттесуді күтетін заманауи студенттердің қажеттіліктері мен мүдделерін ескереді. Бұл білім беру әдістерін қазіргі қоғамға бейімдеудің маңыздылығын растайды.

Инновациялық әдістер, соның ішінде технологияны қолдану білім беру тәжірибесін байытады, оны қызықты әрі тиімді етеді. Олар физика сияқты ғылымды үйренудің жаңа мүмкіндіктерін ашады және оны барлық оқушылар үшін жақынырақ және түсінікті етеді.

Қорытындылай келе, Физиканы оқытудағы инновациялар, соның ішінде "жұқа линза" тарауы білім беру процесін өзгертеді және оқушылар үшін жарқын және қызықты болашақ жасайды, оларды оптика әлемін және жалпы ғылымды зерттеуге шабыттандырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Құрастырушылар: Тұрғынбаева Б., Әлімов А. Қ. – Алматы, 2011.
2. Цукерман Г. А. Инновации в мировой педагогике. – Рига: Эксперимент, 1998.
3. Инновационное обучение: Стратегия и практика. /Под ред. Ляудис В. Я. – М., 1994.
4. Роджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006
5. Нағымжанова Қ. М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері. – Өскемен, 1999.
6. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.


## МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ


**Салыкпаева А.Қ.**

Бастауыш сыныптағы математика пәнінің мұғалімі, №67 ЖББМ

**Жубаева Л.А.**

Бастауыш сыныптағы математика пәнінің мұғалімі, №5 мектеп-гимназия



**Андатпа:** Мақалада математика сабақтарында шығармашылық тапсырмаларды қолдану қажеттілігі және оларға қойылатын талаптар туралы ойлар келтірілген.

**Аннотация:** В статье приводятся размышления о необходимости применения на уроках математики творческих заданий и предъявляемые к ним требования.

**Abstract:** The article provides reflections on the need to apply creative tasks in mathematics lessons and the requirements imposed on them.

Бүгінгі таңда мектептің алғашқы күндерінен бастап балалар мүмкіндігінше көп ақпаратты қабылдауы керек және жан-жақты дамиды. Мұның бәрі бүкіл білім беру жүйесіне мүмкіндігінше көп көңіл бөлуге, оқу бағдарламаларына жаңа нәрсе әкелуге шақырады. Оқытудың барлық жаңа әдістерін әзірлеу, бұл қазіргі қоғамда жаңа, күрделі мәселелерді шешуге, олардың сапалы шешімдерін белгісіздік, таңдаудың көптігі және қоғам жинақтаған білімді үнемі жетілдіру жағдайында табуға қабілетті белсенді тұлғаларға деген қажеттілік артып келе жатқандығына байланысты. Бүгінгі күннің шындығында оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту өмірдің білімге қоятын негізгі сұраныстарының бірі болып табылады. Шығармашылық бастаманың болмауы көп жағдайда стандартты емес мәселелерді шешу қажет болатын жоғары сынып оқушыларын оқытуда қиындықтар туғызады. Осыған байланысты бастауыш мектеп жасы тұлғаның шығармашылық әлеуетін анықтау және дамыту үшін ең қолайлы және маңызды кезең болып саналады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бастауыш мектеп жасы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолайлы кезең болып табылады. Өйткені бұл жаста балалар өте қызығушылық танытады, олардың айналасындағы әлемді білуге деген үлкен желыласы бар. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының ойлауы ересек балалардың ойлауына қарағанда еркін екенін мойындау керек. Догмалар мен стереотиптер оны әлі басып алған жоқ. Бұл сапаны барлық қол жетімді тәсілдермен дамыту керек. Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту мектептегі оқытудың барлық кезеңдерінде маңызды. Бастауыш сыныптарда оқу жұмысының тәсілдерін қалыптастыру алғаш басталған кезде бұл міндет әсіресе өзекті болады. Сондықтан зейінді, байқауды, есте сақтауды дамытуға, талдау, салыстыру, заңдылықтарды табуға бағытталған үздіксіз нақты білу қажет [1].

2. Жеңілдетілген орналасу: Scratch Jr интерфейсі үлкен белгішелермен және таза, қысқа дизайнмен Scratch-қа қарағанда қарапайым. Бұл 1 сынып оқушыларының экрандағы тым көп элементтерге алаңдамай, тапсырмаға назар аударуға көмектеседі.

3. Көрнекі бағдарламалау: Scratch Jr, Scratch сияқты, визуалды программалау тілін қолданады. Дегенмен, Scratch Jr-дегі текшелер ашық түстермен және қарапайым пішіндермен оқушыларға қол жетімді болу үшін жасалған.

4. Сенсорлық интерфейс: Scratch Jr дәстүрлі компьютерлерге қарағанда оқушылардың қолдануға оңай планшеттер сияқты сенсорлық құрылғыларда қолдануға да арналған.

Жалпы, Scratch Jr – ерте жастан бастап программалау негіздерін бастаудың тамаша тәсілі. Оның қарапайым, қол жетімді интерфейсі және визуалды программалау тілі сабақты қызықты етеді.

Алайда, Scratch нұсқасын мүлде оқу бағдарламасынан алып тастау керек деген пікірді қолдауға да болмайды. 1 сынып оқушылары үшін Scratch Junior нұсқасын қолданса, 2-4 сынып оқушылары үшін Scratch программалау ортасы тиімді деген көзқарасты ұсынуға болады. Scratch бағдарламалау ортасы барлық операторлар мен элементтер программаны жасайтын блоктық кодтар арқылы өзара байланысты. Бұл блоктар әртүрлі түстерде келеді және синтаксистік дұрыстықты қамтамасыз ету үшін белгілі бір жолмен ғана қосылуы мүмкін, бірақ олар ешқандай ережелерді бұзбайды. Scratch бағдарламалау ортасында объектілердің әдістері мен атрибуттарын анықтау үшін қолданылатын блоктардың 8 санаты бар ("спрайттар"деп аталады). Көк блоктарда басқару және Цикл операторлары бар, ал жасыл блоктар Спрайт костюмдеріне (қасиеттеріне) қол жеткізуге мүмкіндік береді, мәтін мен дыбыстарды қосуға және сахнадағы спрайттың өлшемі мен орнын реттеуге мүмкіндік береді. Сары блоктар визуалды эффектілерді қамтамасыз етеді. Соңында, "қалам (қара)" санаты пайдаланушыларға сахнаға сурет салуға мүмкіндік береді [7].

**1 сынып оқушыларын программалау негіздерін оқыту арқылы есептеу ойлау қабілетін арттыру**

«Цифрлық сауаттылық» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген [8] құжатта көрсетілгендей 1 сынып оқушыларының

программалау негіздерін оқытуда оқушылардың есептеу ойлау қабілетін дамыту қажеттігі қамтылады. Одан бөлек, жас ерекшелігіне оның пән бойынша білім мен білігінің қалыптасуына бағдарлануы ғана емес, сонымен қатар, білімді функционалдық және шығармашылық жағынан қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, әртүрлі коммуникациялық әдістерді пайдалану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын жатқызады [9].

Есептеу ойлауы мәселені шешу процесі болса, кодтау алгоритмдермен әртүрлі цифрлық құралдарды программалау процесі болып табылады. "Есептеу ойлау" ұғымының мәнін ашатын алғашқы сипаттама Карнеги Меллон университетінің профессоры Дж. Вингке тиесілі. Атап айтқанда, "есептеу ойлау" терминін кеңінен қолдану 2006 жылы өзінің аттас жұмысын жариялаудан басталды, ол "есептеу ойлау - бұл адамның ойлауын компьютерлерге ұқсату әрекеті емес, адамдардың проблемаларын шешу тәсілі. Есептеу құрылғыларымен жабдықталған біз компьютер дәуіріне дейін шеше алмайтын мәселелерді шешу және тек қиялымызбен шектелген функционалдығы бар жүйелерді құру үшін ақыл-ойымызды пайдаланамыз" деген. Кейіннен 2010 жылы Дж. Винг анықтаманың келесі нұсқасын ұсынды:"есептеу ойлау – бұл проблемаларды қоюға және оларды шешуге қатысатын ойлау процестері, осылайша шешімдер ақпаратты өңдеу құралдары арқылы тиімді жүзеге асырылатын түрде ұсынылатын болады" [10]. Есептеу ойлау туралы зерттеген ғалымдардың еңбегін қарастыратын болсақ, Л.Л. Босова, О.И. Шилтова, А.П. Ершов, Е.Ы. Бидайбеков, Исабаева Д.Н., Устюжанина Н.В., Абрамова И.В., Э.П.Бальцер, Портнягин И.А., Шарипова Э.Ф., П.Е.Уфимцева, Сорокина Т.Е. және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі программалау негіздерін оқытудың әдістемесі туралы ой тұжырымдары аппараттық және программалық құралдарды оқу үдерісінде қолдану әдістемесін жетілдіруге негіз болады.

**Гипотеза:** Егер 1 сынып оқушыларына Scratch-тің орнына білім беру бағдарламасына Scratch Junior ортасын енгізсе оқушылардың программалау негіздерін меңгеруде қызығушылықтарын арттырып, материалды толық қабылдауға қиындық туғызбайды.

**Зерттеу әдісі:**

Сауалнама сұрақтары арқылы деректерді жинау мен талдауды қамтитын сандық зерттеу әдісі пайдаланылды. Сауалнама Google Forms арқылы алынды. Сондай-ақ, сауалнамада жауап беруші мұғалімдердің аты-жөнінің және жауабының құпиялылығы сақталды.

**Қатысушылар:**

Сауалнамаға бастауыш сыныпқа сабақ беретін информатика пәні мұғалімдері қатысты. Сауалнаманы толтыру барысында 1 сынып оқушыларына программалау негіздерін оқытуда өзге де кедергілер бар екендігі мұғалімдердің кері байланысынан-ақ көрінді. Атап айтсақ, жалпыға білім беру стандартында көрсетілген 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда сынып бөлінбейтіндігі.

**Деректерді жинау:**

Деректерді жинау үшін мұғалімдердің сауалнама тақырыбы туралы ойланып, негізгі сұраққа жауабын нақты алу мақсатында өзге де қосымша сұрақтар қойылып, ғылыми жетекшімен бірнеше рет ақылдасып дайындалған жалпы саны 10 сұрақтан тұратын сауалнама пайдаланылды.

**Іске асыру:**

Зерттеуді жүзеге асыру екі аптаға созылды. Себебі, әуелі мұғалімдерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға Алматы облысы, Жамбыл ауданы информатика пән мұғалімдері тобына, нақты саны - 198 мұғалімге жіберілген сауалнамаға тек қана 32 мұғалім жауап берді.


**Зерттеу нәтижесі:**

Зерттеу сұрағына 59,4% пән мұғалімдері оқушылардың жас ерекшеліктеріне Scratch программалау ортасы күрделі екендігін көрсетті. 1-сурет.




*1-сурет. Scratch программалау ортасы оқушылардың жас ерекшеліктері бойынша*

Зерттеу нәтижесі бірінші кезекте «Цифрлық сауаттылық» пән мұғалімдерінің программалау негіздерін оқытуда кездесетін қиындықтары туралы сұрақтар қойылды. Мұғалімдердің басым көпшілігі 75%-ы Scratch программалау ортасының күрделі екендігін жеткізді. Ал 21,9%-ы оқушыларда кездесетін әріптерді толық қосып оқи алмауы, тілдік дағдылардың қалыптасудың бастапқы сатысында екендігі, блоктарды өз бетінше түсініп қоя алмайтындығын көрсетті. (2-сурет):




*2-сурет. Мұғалімдердің программалау негіздерін оқытудағы кедергілері*


«Егер Scratch Junior-ды қолдануды ұсынсаңыз, не себепті:» деген сұраққа мұғалімдердің 51,6%-ы Scratch Junior-дың оқушыларды мәтіндік блоктан қарағанда сурет арқылы команда беру тиімді болатынына жауап берген. (3-сурет):




*3-сурет. Мұғалімдердің Scratch Junior программалау ортасын қолдануға көзқарасы*

Сонымен қатар мұғалімдер арасында «1 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып Scratch Junior-ды Scratch орнына оқытуды ұсынуға келісетін бе едіңіз?», «1 сынып оқушылары үшін программалау негіздерін оқытуда қосымша ұйымдастырылуы

керек жұмыстар:» деген сұрақтар қойылып, жауаптарына талдау жасалынды. Мұғалімдер «Программалау негіздерін оқытуды бүгінгі таңда неден бастау қажет?» деген сауалға 37,5 %-ы программалау ортасын дұрыс қолдану қажет деп тапса, ал 25%-ы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға жағдай жасау керектігін алға тартты. (4-сурет).




*4-сурет: Мұғалімдердің пікірінше программалау негіздерін үйретудің алғашқы қадамдары*

Мұғалімдерге бұдан бөлек «1 сынып оқушылары үшін программалау негіздерін оқытуда қосымша ұйымдастырылуы керек жұмыстар:» сатысы ұсынылды. Мұғалімдердің 75%-ы программалау тілдерін оқытуға арналған дайын тапсырма нұсқаулықтары болса деген қатарды белгілеген, ал 12,5%-ы видеосабақтардың көп болса оқушылардың программалау негіздерін оқытуда септігін тигізеді деген көзқарасты таңдады.

**Талқылау**

Зерттеу нәтижесінен оқушыларды программалау негіздерін оқытуда Scratch программалау ортасын меңгеруден бұрын Scratch-тің алғашқы нұсқасы болып табылатын Scratch Junior-ды визуалды ортасынан бастау қажеттілігі анықталды. Ал, Scratch программалау ортасы кейінгі 2 - 4 сынып оқу бағдарламасында оқытылса деген көзқарасты болжады. Scratch Junior-дың оқушыларды мәтіндік блоктан қарағанда сурет арқылы команда беру яғни, оқушыларға қарапайым интерфейс тиімді болатыны айқындалды. Алайда, 1 сынып оқушыларында программалау негіздерін үйренуде кездесетін қиындықтарды түбегейлі жоюға әдістемелік нұсқаулықтар, қосымша материалдар аздық ететіні қарастырылды. Scratch Junior - оқушылардың программалау негіздерін оқытуға мүмкіндік беретін, сонымен қатар оқушылардың есептеу ойлау, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Scratch Junior-ды пайдалану арқылы оқушылар алгоритмдерді жазу, оларды өңдеу және орындау мүмкіндіктерін оңай түсінеді [11]. Мұғалімдердің басым көпшілігі 75%-ы Scratch программалау ортасының күрделі екендігін белгіледі. Сонымен қоса, мұғалімдердің 1 сынып оқушыларының программалық-мәтіндік блоктарды өз бетінше түсініп қоя алмайтындығын, егер Scratch Junior программалау ортасын қолданысқа енгізетін болса оның бірден-бір артықшылығы, оқушылардың материалдарды қарапайым блок-суреттерді орналастыру арқылы программалау негіздерін меңгеретіндігі. Бұдан Scratch Junior ортасын 1 сынып оқушылары (5-8 жас) үшін программалау негіздерін оқытуда қолданса, ал Scratch 3.0 ортасын 2- 4 сынып оқушыларының (8-16 жас) оқу бағдарламасына енгізу тұжырымдалды.

**Қорытынды**

Программаларды үйрену оқушының шығармашылық қабілетімен есептеу ойлауын дағдыларын жақсарта алады. Алайда, оқытудың тиімділігі мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттері, қолданылатын программалық орта және оны оқыту әдістері сияқты бірнеше факторларға байланысты. Осы салада жүргізілген көптеген зерттеулерге қарамастан, әлі де жауапсыз тұрған сұрақтар бар. Оқушының жасы мен оның программалауды түсіну қабілеті арасындағы байланысты анықтау керек. Сондықтан балалардың кіші, орта немесе орта мектепте оқитынына қарамастан жасын ескеретін оқыту әдістемесін әзірлеу және әрбір жас тобы үшін ең қолайлы программалық орта мен оқыту әдістерін анықтау маңызды. Бүгінгі

цифрлық қоғамда атқарылуы тиіс жұмыстарды соңынан емес, алғашқы қадамынан бастаған жөн. Оқушыларды программалауға үйретудің артықшылықтары да, кемшіліктері де бар деп айтуға болады. Артықшылығы – программалауды негіздері 1 сынып оқушыларға оқыту арқылы проблемаларды шешудің және есепте ойлаудың құнды дағдыларын дамытуға, шығармашылық пен инновацияны дамытуға көмектеседі. Дегенмен, оқушының экран уақытына қатысты алаңдаушылық және денсаулығы мен әл-ауқатына теріс әсер ету сияқты басқа маңызды дағдыларға зиян келтіретін техникалық дағдыларға шамадан тыс мән беру қаупі сияқты ықтимал кемшіліктерді де ескеру қажет [12].

Қорытындылай келе, Scratch Junior – 1 сынып оқушыларын программалау және цифрлық сауаттылық тұжырымдамаларымен таныстырудың қолайлы нұсқасы. Оның жасына сәйкес дизайны, түрлі-түсті интерфейсі және блокқа негізделген кодтау тілі оны кішкентай оқушылар үшін қол жетімді және қызықты етеді. Scratch Jr-дің шығармашылыққа және әңгімелеуге баса назар аударуы оқушыларды сыни тұрғыдан есептеу ойлауға және өздерін жаңа тәсілдермен көрсетуге шақырады. Сонымен қатар, Scratch Jr-дің ұлттық стандарттарға сәйкестігі және оқытушылар үшін ресурстардың қол жетімділігі оны оқытушылар үшін практикалық жағынан таңдауды тиімді етеді. Басқа программалау құралдары да қол жетімді болуы мүмкін, бірақ Scratch Jr мүмкіндіктерінің бірегей үйлесімі оны 1 сыныпта программалауды үйренудің ең жақсы нұсқасы етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді.* https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767

2. International Journal of People-Oriented Programming, 4(1), 50-55, January-June 2015 http://www.digitalfriend.org/document/ScratchJr-AppReview-IJPOP4(1)pp50-55.pdf

3. Tatiana Havlaskova, Tomas Javorcik and Katerina Kostolanyova, SCRATCH JUNIOR APP IN PRESCHOOL EDUCATION, ISBN: 978-989-8704-28-3 © 2021 https://www.researchgate.net/profile/Tomas-Javorcik/publication/349882288_SCRATCH_JUNIOR_APP_IN_PRESCHOOL_EDUCATION/links/6045e3b892851c077f248e04/SCRATCH-JUNIOR-APP-IN-PRESCHOOL-EDUCATION.pdf

4. Journal of Mathematics Education © Education for All December 2016, Vol. 9, No. 2, pp. 119-131 Programming Multimedia Stories in Scratch to Integrate Computational Thinking and Writing with Elementary Students Shaunna Smith Texas State University, U.S.A. Lauren E. Burrow Stephen F. Austin University, U.S.A https://educationforatoz.com/images/2016_Commentary_6.pdf

5. Jurnal Pengabdian Pada Masyarakat METHABDI Vol. 2 No. 2 (Desember 2022) METHABDI PELATIHAN PENGEN https://ejurnal.methodist.ac.id/index.php/methabdi/article/view/1512

6. Голикова Лариса Владимировна, Кравцова Мария Владимировна Scratch-хакатон для начинающих программистов // Исследователь/Researcher. 2020. №2 (30). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/scratsh-hakaton-dlya-nachinayuschih-programmisto

(дата обращения: 27.04.2023).

7. *Introducing basic Programming Concepts to Elementary School Children*, Volume 106, 10 December 2013, Pages 1576-1584 https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042813048015?ref=pdf_download&fr=RR-2&rr=7be0958f39ebbcaf

8. Digital learning and teaching: Our vision for digital learning. [Online] Available from: http:// www.gov.scot/Topics/Education/Schools/ICTinLearning [Accessed 2nd July 2015]

9. National curriculum in England: Computing programmes of study. [Online] Available from: https://www.gov.uk/government/publications/national-curriculum-in-england-computing-programmes-ofstudy/national-curriculum-in-england-computingprogrammes-of-study [Accessed 12th November 2015].

10. An analysis of young students' thinking when completing basic coding tasks using Scratch Jnr. On the iPad G Falloon - Journal of Computer Assisted Learning, 2016 - Wiley Online Library *https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/jcal.12155*

11. Emily Tate, EdTech Magazine, Why ScratchJr is the Best Option for First-Grade Programming Education https://www.edtechmagazine.com/k12/article/2021/08/why-scratch-junior-best-option-first-grade-programming-education

12.Christine Elgersma , The Pros and Cons of Teaching Kids to Code" ,"Common Sense Media" https://www.commonsensemedia.org/blog/the-pros-and-cons-of-teaching-kids-to-code

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ӘЗІРЛЕУ

**Жұмабекова Ж.Ж.**
Ж.Бәрібаев атындағы орта мектеп, информатика пәнінің мұғалімі, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің жоғары ғылыми-педагогикалық білім магистранты, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Мақалада инклюзивті білім беру жағдайындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың топтары қарастырылады. Мобильді қосымша қандай жағдайда қолданылатыны және қолданудағы артықшылықтары мәлімделеді. Мобильді қосымшаны қолданылу ортасы ретінде информатика пәні алынды. Әзірлеу мақсатында мектеп ұстаздарына бірнеше сауалдар қойылып сауалнама нәтижесіне қол жеткізілді. Нәтижеге сүйене отырып, сурдопсихология тобына жататын балаларға арналған мобильді қосымша әзірленді. Мобильді қосымша информатика пәнінен 7 сыныптарға арналған «Тармақталған алгоритмдерді программалау» тақырыбына арналды. Сабақты өткізу үшін қысқа мерзімді жоспар қажет екені мәлім, осы жоспарға сәйкесінше кезеңдерге бөле отырып бала өз бетінше білім алатындай жағдай жасалынады. Мұндай мобильді қосымшалар инклюзивті білім беру жағдайында барлық топтағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім сапаларын арттыру мақсатында әр пән тақырыптарына жасалса, мұғалім мен оқушыға бірден-бір көмекші құрал болып табылар еді.

**Аннотация:** В статье рассматриваются группа детей с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования. В каких случаях будет использоваться мобильное приложение и какие преимущества в использовании. В качестве среды применения мобильного приложения был выбран предмет информатика. В целях разработки мобильного приложения педагогам школы было задано несколько вопросов в виде анкеты. Исходя из результата, разработана мобильное приложение, относящихся к группе сурдопсихологии. Мобильное приложение было разработано в теме «Условные операторы» для учащихся 7 классов по информатике. Как известно, для проведения урока необходим краткосрочный план, в соответствии с которым были созданы этапы для самостоятельного обучения ребенка. Такие приложения в условиях инклюзивного образования были бы единственными вспомогательными средствами для учителя и ученика, если бы они были разработаны на темы каждого предмета с целью повышения качества знаний детей всех групп с особыми образовательными потребностями.

**Abstract:** The article deals with a group of children with special educational needs in inclusive education. In which cases the mobile application will be used and what are the advantages of using it. The subject of computer science was chosen as the medium of application of the mobile application. In order to develop a mobile application, the teachers of the school were asked several questions in the form of a questionnaire. Based on the result, a mobile application related to the group of sign language psychology has been developed. The mobile application was developed in the topic "Conditional operators" for students of grades 7 in computer science. As you know, a short-term plan is needed to conduct the lesson, according to which the stages for self-education of the child were created. Such applications in the context of inclusive education would be the only auxiliary means for teachers and students if they were developed on the topics of each subject in order to improve the quality of knowledge of children of all groups with special educational needs.

Инклюзивті білім – бұл гуманизмге, руханилыққа және әлеуметтік әділеттілікке әкелетін ерекше сала. Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарда «Әр адам қоғамдық өмірде тең және кемсітусіз өмір сүруі керек» деген идеяға негізделгені белгілі. Сондықтан соңғы жылдары әлемдік білім беру жүйесіне инновациялық идеялар енгізілді. Білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беруді енгізу процесі уақыт мәселесі болып табылады. Бүгінгі таңда бүкіл әлемдік қоғамдастықтың назарын аударатын мәселе -

балалардың инклюзивті білім алуға деген жеке сұраныстары, ол қоршаған орта мен отбасының оның ерекшеліктеріне қатысатын білім беру процесіне толық енгізуді көздейді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың физикалық және психикалық бұзылыстары олардың жалпы дамуына өзінше әсер етеді. Мұндай балалар тобы арнайы дайындық пен тәрбиені, сондай-ақ түзету жұмыстарын қажет етеді. Атап айтсақ, ерекше білімді қажет ететін балалар тобына:

- ✓ Есту қабілетінің бұзылуы;
- ✓ Көру қабілетінің бұзылуы;
- ✓ Сөйлеу тілінің бұзылуы;
- ✓ Ақыл ойдың дамуы бұзылады;
- ✓ Ақыл ойдың баяу дамуы;
- ✓ Тірек - қимыл аппаратының аурулары;
- ✓ Күрделі типтегі бұзылулар;
- ✓ Психикалық мінез-құлық тұрғысынан бұзылған [2].

Жоғарыда қарастырылып өтілген ерекше білім беруді қажет ететін балалар тобына өздігімен білім алулары үшін мобильді қосымшаны әзірледік. Жалпы, мобильді қосымша дегеніміз - бұл смартфондар немесе планшеттер сияқты мобильді құрылғыларға орнатылатын программалық жасақтама. Мобильді қосымшалар әдетте App Store немесе Google Play сияқты арнайы дүкендерден жүктеледі.

*Мобильді қосымшалардың бірнеше негізгі артықшылықтарын атап айтатын болсақ:*

- ✓ Программалық жасақтамының интерфейсі сенсорлық экран немесе түймелер арқылы мобильді құрылғыда жұмыс істеу үшін арнайы жасалған;
- ✓ Гаджет пайдаланушылары үшін ыңғайлы және түсінікті навигация, мобильді мәзір;
- ✓ Хабарламалар, push хабарландырулары, еске салғыштар арқылы жақсартылған пайдаланушы тәжірибесі. Мобильді қосымша тіпті фондық режимде де функцияларды орындай алады, бұл сайт туралы айту мүмкін емес. Жасақтамамен жұмыс істеу үшін сізге шолғышты ашудың қажеті жоқ және көптеген қосымшалар интернет өшірілген кезде де бірқатар мүмкіндіктерді қолдайды;
- ✓ Пайдаланушының жеке деректерін сақтау. Бұл мүмкіндік мобильді қосымшаларды жекелендіру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мысалы, үйге такси шақырады (тұруға ықтиярхат), медициналық саясат және басқа да жеңілдіктер бойынша дәрігерге жазылады [3].

Жоғарыда аталып өтілген артықшылықтарға сүйене отырып, инклюзивті білім беру жағдайындағы балаларға информатика пәнінен мобильді қосымшаны пайдаланатын болсақ, заманауи АКТ технологияларын қолдана отырып, мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты жеңілдету деп түсіндіре аламыз [5]. Технология дәуірінде мұғалімдер балалармен жұмыс істеуді жеңілдету үшін АКТ бағытын қосуы керек. Мүмкіндігі шектеулі балалар қатысатын сыныпта информатика сабағын жоспарлау белгілі бір шарттарға сәйкес жүзеге асырылуы керек, мысалы:

- ✓ оқытудың икемді кестесін ұйымдастыру;
- ✓ оқыту құралдарын таңдау мүмкіндігі;
- ✓ мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дербес қызметін жеке мүмкіндіктер ауқымында ұйымдастыру; ынтымақтастықта оқыту;
- ✓ сараланған және көп деңгейлі дидактикалық материал;
- ✓ мамандандырылған техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану;
- ✓ тәрбиешіні қолдау және т. б. [1].

Инклюзивті білім беру аясында сабақты ұйымдастырған кезде АКТ технологияларын белсенді қолдану ұсынылады, өйткені оларды қолдану қолда бар қабілеттердің тиімдірек дамуына ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар оқу-танымдық қызметті жүзеге асырудағы кемшіліктердің орнын толтыруды қамтамасыз етеді. Теориялық материалды дайындау

мәтіндік құжаттар, презентациялар, құрылымдық-логикалық схемалар, веб-беттер сияқты кеңінен қолданылатын технологиялық шешімдерді ғана емес, сонымен қатар аудио, бейне және медиа файлдарды және т. б. Информатика сабақтарында практикалық жұмыс жүргізу кезінде компьютер дәстүрлі түрде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың бір бөлігі ретінде қолданылады – тапсырмалар оқушылар орындайтын тапсырмалардың жеңілдетілген нұсқалары болуы мүмкін нормалар, немесе бірдей күрделілікте, бірақ презентацияның ыңғайлы түрінде. Сондай-ақ, бүгінгі күні баланың зейіні мен қызығушылығын арттыру, оқу процесін жеңілдету және Тәуелсіздік пен өзін-өзі бақылаудың дамуын қамтамасыз ету үшін әртүрлі дидактикалық компьютерлік ойындар әзірленді [4].

Балалардың типін, сыныбын және мұғалімдердің сабақтан өту кезінде қиындықтарға тап болатын бағытын анықтауы үшін сауалнама жүргізілді. Жалпы сұрақтар; инклюзивті білім беруде мобильді қосымшаны пайдалану білім сапасын жақсартады ма? Инклюзивті сынып үшін мобильді қосымшаны пайдалану керек пе? Немесе арнайы білімге мұқтаж оқушыларға ма? Сіз арнайы білімді қажет ететін балалардың түрі туралы не айтасыз? Ерекше білімді қажет ететін балалардың қай типіне мобильді қосымшаны жасау қажеттілік етеді? Әр тақырыпқа мобильді қосымшаны әзірлеу керек пе? Немесе жылдық сабақ жоспарына ма? Бұл сауалнамаға Әбіжан Байсалбаев атындағы орта мектебінің 13 мұғалімі қатысты. Сауалнама жасырын түрде жүргізілді. Нәтижесінде мобильді қосымшаның білім беру сапасына үлкен үлес қосатыны анықталды, мобильді қосымша сурдопсихология бағытына жататын оқушыларға қажет екені және әр тақырып үшін мобильді қосымшаны бөлек жасалғаны жөн деген жауап алынды. Осыған байланысты мобильді қосымшаны қолдана отырып, информатика пәнінің «Тармақталған алгоритмді программалау» тақырыбына әзірленді. Мобильді қосымша Android Studio программалық жасақтамасы негізінде жасалған. Жалпы, мобильді қосымшаның міндеттерін атап айтсақ:

- Мұғалімдер үшін сабақты жеңіл өткізуді жеңілдетеді;
- Сізге әр баламен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік береді;
- Сурдопсихология бағытынан сабақ беретін мұғалімдер үшін оңтайлы жұмысты қамтамасыз етеді;
- Балаларға тақырыпты тез және оңай түсінуге көмектеседі.

Тағайындалған мобильді қосымша бір тақырыпқа яғни, бір сабаққа арналып, қысқа мерзімді жоспарға сәйкес жасалды. Мобильді қосымшаның ішкі құрылысы 1-кестеде орналасқан. Тақырып бойынша әзіренген мобильді қосымшамен таныса өтіңіз:

1 сурет. Мобильді қосымшаның алғашқа беті. Мұнда қандай пән, қай сынып және бүгінгі өткелі отырған тақырыптың атауы жазылған. Мұғалім қай оқушының тапсырманы орындап отырғанын білу мақсатында оқушы аты-жөнін еңгізе алатындай терезе құрастырылған. Сабақты бастау пәрменін басқаннан кейін келесі орындалатын бағыттары ашылады.

2 сурет. Оқушы өзінің аты-жөнін еңгізуі үшін ашылатын терезе.

3 сурет. Сабақты бастау батырмасын басқаннан кейін сабақта қандай тапсырмалар орындалуы қажет және қандай тапсырма қай жерде орналасқаны жайында нұсқаулық беріледі. Бұл терезенің төменгі бөлімінде әр бөлімге өту үшін батырмалар орналасқан.

4 сурет. Сабаққа қажетті қосымша ресурстар QR code арқылы бейнеленген. Тақырыпты түсіну арысында қиындықтар туындаған жағдайды мәліметтер ала алады.

5 сурет. Сабақты бастар алдында психологиялық ахуал тудыру үшін «Жақсы көңіл-күй – жан шуағы» әдісі арқылы баланың көңіл-күйін анықтап аламыз. Оқушы өзінің ойымен бөліседі.

6 сурет. Тақырып түсіндірмесі бейне материал ретінде ұсынылған. Презентация түрінде әзірленген түсіндірмені QR code арқылы жүктей алады.

7 сурет. Бейне материалда берілген ақпарат аз болатын болса, қосымша тақырыпқа байланысты мысалдар ендірілді. Мысалдар сурдопсихология типіне жататын балаларға арнайы түсіндірмесімен тағайындалған.

8 сурет. Сабақтың қызықты кезеңі, тақырыпты өз бойына сіңірген бала алғашқы тапсырманы орындайды. Сабақ бойынша екі тапсырма берілді. Соның алғашқы бірінші тапсырмасы «Ойлан тап» әдісі арқылы бейнеленді

9 сурет. Бірінші тапсырманы орындаған оқушы екінші тапсырма атты батырманы басу арқылы тапсырманы ашады. Тапсырманы орындау үшін онлайн компилятор сілтемесіне QR code арқылы өте алады.

10 сурет. Екінші тапсырма күрделі болса, және орындауға қиын болса, көмекші парақшаға өтіп, тапсырманы орындау үшін қосымша ақпарат ала алады.

11 сурет. Сабақты қортындалау кезеңі. Тақырыпты бекіту үшін оқушыдан тест тапсырмаларын тапсыру міндеттеледі.

12 сурет. Тест тасырмасының жауап нұсқаулықтарын белгілеу үшін ашылатын терезе.

13 сурет. Мұғалім оқушының тақырыптан қандай әсер алғанын білу үшін және алдағы сабақтардың міндет-мақсаттарына еңгізу үшін жауап алмасады.

14 сурет. «Бес саусақ» әдісі арқылы оқушының сабақтан алған әсерін бақылайды

15 сурет. Үй тапсырмасы берілді.

*1-кесте*





1 сурет. Алғашқы беті




2 сурет. Оқушы аты-жөнін еңгізетін терезе





3 сурет. Нұсқаулық





4 сурет. Ресурстар




5 сурет. Көңіл-күй білдіру парақшасы




6 сурет. Тақырып түсіндірмесі





7 сурет. Мысалдар




8 сурет. №1 тапсырма




9 сурет. №2 тапсырма




10 сурет. №2 тапсырмаға көмекші парақша




11 сурет. Тест тапсырмасы




12 сурет. Белгілеу парақшасы




13 сурет. Рефлексия




14 сурет. Кері байланыс




15 сурет. Үй тапсырмасы

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда инклюзивті білім беру жағдайындағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың интеллектуалды, физикалық, эмоционалдық, әлеуметтік, тілдік және басқа сипаттамалары қарастырылады. Соған қарамастан білім беру бағдарламаларының қолжетімділігіне бағытталған және сараланған оқытумен тығыз байланысты екенін атап айтқан жөн. Мұғалімдер инклюзивті сыныпта белгілі бір уақыт аралығында барлық оқушыларға тақырыпты меңгертуі керек. Сабақ барысында барлығына бірдей тақырыпты меңгеруге уақыт тапшы болуы мүмкін. Егер біз оңтайлы жағдайды қарастыратын болсақ, осындай мобильді қосымшаны алып, бір тақырыпты ғана емес, сонымен қатар жылдық сабақ жоспарын жасасақ, оқушылар сабақты оңай әрі тез түсінеді, ал тапсырмаларды орындау тәртібі ыңғайлы бағытта болатын еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Г.И. Салгараева, Ж.Б. Базаева, А.С. Маханова, Б.Сабит. «Инклюзивті оқыту жағдайында компьютерлік ойындардың рөлі», «Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда» атты IX Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция, қазан, 2020 жыл
2. Inclusive education. Inclusive education. Dorota Podgorska-Yakhnik, Gabdrakhmanova Sh. T.,Arystangalieva V. T., Panishcheva O. A. - Educational and methodical manual (Uralsk, 2020, 7 page)
3. https://www.calltouch.ru/blog/glossary/mobilnoe-prilozhenie/
4. А.С. Маханова. «Дамытушы компьютерлік ойындар жүйесі». Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №2/2 (45) 2017.
5. Г.И. Салгараева, Б.Сабит. «Инклюзивті білім беру жағдайында информатика пәнін қашықтан оқытудың мәселелері». Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия (2021 ж).

## ПРОГРАММАЛАУ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ ТОПТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Закиева Д.К.**
Абай атындағы ҚазҰПУ, магистрант, 2-курс, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Топтық технологияның негізгі принциптері топтық тапсырмаларды ұйымдастыруды, коммуникативтік дағдыларды дамытуды, оқытудың заманауи технологиялары мен құралдарын пайдалануды, сондай-ақ білімді практикалық тұрғыдан қолдана білуге назар аударуды қамтиды. Осы әдісті қолдану нәтижесінде білім алушылар программалау тілдерін тереңірек түсінеді, командалық дағдыларды дамытады және ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіби дайындықтарын жақсартады.

**Аннотация:** Основные принципы групповой технологии включают организацию групповых заданий, развитие коммуникативных навыков, использование современных технологий и инструментов обучения, а также сосредоточение внимания на умении применять знания с

практической точки зрения. В результате применения данного метода обучающиеся получают более глубокое понимание языков программирования, развивают командные навыки и улучшают свою профессиональную подготовку в области информационных технологий.

**Abstract:** The basic principles of group technology include the organization of group tasks, the development of communication skills, the use of modern technologies and learning tools, as well as focusing on the ability to apply knowledge from a practical point of view. As a result of using this method, students gain a deeper understanding of programming languages, develop team skills and improve their professional training in the field of information technology.

Бүгінгі таңда программалау тілдері қазіргі ақпараттық технологиялар мен информатика әлемінің ажырамас бөлігі болып табылады. Алайда, программалауды үйрену білім алушылар үшін, әсіресе жаңадан бастаушылар үшін белгілі бір қиындықтар тудыруы мүмкін. Оқу процесін жеңілдетіп, оны білім алушылар үшін қалай тиімдірек етуге болады? Бұл сұраққа жауаптардың бірі - топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесін қолдану. Бұл әдіс оқытушы мен білім алушылар арасында, сондай-ақ топтық тапсырмалар аясында білім алушылардың өздері арасында белсенді өзара әрекеттесуді қамтиды.

Бұл программалау тілдерін түсінуді жақсартуға ғана емес, сонымен қатар командалық дағдыларды, коммуникативті дағдыларды дамытуға, сонымен қатар заманауи технологиялар мен оқыту құралдарын игеруге мүмкіндік береді. Бұл жұмыста топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесі егжей-тегжейлі қарастырылады, оның артықшылықтары мен кемшіліктері бөліп көрсетіледі, сонымен қатар оны қолданудың практикалық аспектілері анықталады.

Топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесінің теориялық негіздері оқыту процесінде әлеуметтік өзара әрекеттесу мен мәдениеттің өзара әрекеттесуіне, яғни әлеуметтік-мәдени көзқарас тұжырымдамасына негізделген.

Бұл әдістеменің негізгі идеяларының бірі-оқытушы мен білім алушылар арасындағы, сондай-ақ білім алушылардың өздері арасындағы белсенді өзара іс-қимыл. Бұл өзара іс-қимыл тек білім беруді ғана емес, сонымен бірге оқуға қатысушылар арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін жағдай жасауды да қамтиды.

Әдістеменің маңызды құрамдас бөлігі білім алушыларді бірлесіп жұмыс істеуге, білім мен тәжірибе алмасуға ынталандыратын топтық тапсырмаларды ұйымдастыру болып табылады. Бұл тәсіл қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және топтық жұмыс шеңберінде өзара әрекеттесу деңгейін жақсартуға көмектеседі.

Бұл әдістеменің тағы бір маңызды аспектісі - веб-конференциялар, онлайн курстар, интерактивті платформалар және т.б. сияқты заманауи технологиялар мен оқыту құралдарын пайдалана алу. Олар оқу процесін білім алушыларға интерактивті түрде қол жетімді етуге көмектеседі, сонымен қатар оларға оқытушымен және оқу процесіндегі басқа қатысушылармен онлайн режимде байланысуға және ынтымақтасуға мүмкіндік береді.

Осылайша, топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесі оқыту процесін тиімдірек және интерактивті етуге мүмкіндік беретін оқытуға әлеуметтік-мәдени тәсілге негізделген кешенді тәсіл болып табылады.

Бұл әдістеменің маңызды элементі - әр білім алушыке жеке көзқарас. Оқытушы оқу процесін мүмкіндігінше тиімді ету үшін әр білім алушының дайындық деңгейін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруі керек.

Сонымен қатар, топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесін қолдану білім алушыларға қазіргі әлемдегі маңызды құзыреттілікке ие болып табылатын шығармашылық ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістеменің басты артықшылықтарының бірі - білім алушылардың ынтасын, мотвациясын арттыру. Тренингке қатысушылар арасындағы топтық пен өзара әрекеттесу білім алушылардың қызығушылықтары мен оқуға деген ұмтылыстарын арттырады және білім алушыларға оқу процесінде кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Алайда, топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесінің кейбір кемшіліктері бар. Мысалы, бұл тәсіл жеке оқытуды ұнататын немесе топтық тапсырмаларда өзін жайлы сезінбейтін білім алушылар үшін тиімсіз болуы мүмкін.
Тұтастай алғанда, топтық оқыту технологиясы негізінде программалау тілдерін оқыту әдістемесін пайдалану оқыту процесін неғұрлым интерактивті және тиімді етуге, сондай-ақ білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, командада жұмыс істеу дағдыларын және шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік беретін оқыту процесіндегі тиімді тәсіл болып табылады.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі қоғам технологияға көбірек тәуелді және осыған байланысты Ақпараттық технологиялар саласындағы жоғары білікті мамандарға сұраныс артып келеді. Осы салада жұмыс істеу үшін қажетті маңызды дағдылардың бірі - программалау тілдерін білу.

Алайда, программалау тілдерін оқыту білім алушыларден жоғары мотивацияны және жаңа ақпаратқа тез бейімделуді талап ететін күрделі процесс болуы мүмкін. Осыған байланысты соңғы жылдары оқу процесін тиімдірек ете алатын программалау тілдерін оқытудың әртүрлі әдістеріне бағытталған көптеген зерттеулер пайда болды.

Топтық оқыту технологиясы негізінде программалау тілдерін оқыту әдістемесі осындай әдістердің бірі болып табылады. Оның тиімділігі мен практикада қолданылуы соңғы жылдары зерттеу тақырыбы болды. Осы зерттеулер барысында заманауи технологиялар мен топтық әдістерін қолдану программалау тілдерін оқыту процесін едәуір жақсарта алатындығы, оны интерактивті және тиімді ететіндігі, сонымен қатар білім алушылардың командалық дағдылары мен шығармашылық ойлауын дамыта алатындығы анықталды.

Зерттеудің контексті сонымен қатар COVID-19 пандемиясына байланысты әсіресе өзекті болып табылатын онлайн оқыту мен қашықтықтан жұмыс істеуді дамытумен байланысты. Топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесі онлайн оқыту жағдайында, әсіресе интерактивті және тиімді оқыту формаларын құру қажет болған кезде пайдалы болуы мүмкін.

Топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесінің негізгі артықшылықтарының бірі білім алушыларға материалды жақсы меңгеруге және дағдыларын дамытуға көмектесетін интерактивті тапсырмалар мен жобаларды құру мүмкіндігі болып табылады. Бұл тапсырмалар код алмасу, командалық жұмыс, кері байланыс, итерация процесі және т.б. сияқты әртүрлі компоненттерді қамтуы мүмкін.

Әдістеменің тағы бір маңызды аспектісі - командада жұмыс істеуге баса назар аудару. Білім алушылардың бір-бірімен және оқытушымен ынтымақтастығы топтық жұмыс дағдыларын дамытуға, сондай-ақ оқу процесіне мотивация мен қатысу деңгейін арттыруға ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, онлайн оқыту платформалары және жобаларды басқару жүйелері сияқты заманауи технологияларды пайдалану оқу процесін икемді және білім алушыларға қолжетімді етуге көмектеседі. Онлайн оқыту сонымен қатар оқытушы мен білім алушылар арасындағы кері байланыс пен өзара әрекеттесу үшін қосымша мүмкіндіктер бере алады.

Осылайша, бірлесіп оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесі программалау тілдерін оқыту процесінің тиімділігі мен сапасын арттыра алатын оқытудың перспективалық тәсілі болып табылады. Бұл әсіресе интерактивті және тиімді оқыту формаларын құру қажет болған кезде онлайн оқыту және қашықтан жұмыс істеу жағдайында пайдалы болуы мүмкін.

Топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесі келесі қадамдарды қамтиды:

Оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау: оқытушы оқу барысында қол жеткізуге болатын мақсаттар мен міндеттерді анықтайды. Олар белгілі бір ұғымдарды игеруге, практикалық дағдыларды үйренуге немесе жобаларды әзірлеуге байланысты болуы мүмкін.

Интерактивті тапсырмаларды құру: оқытушы білім алушыларға материалды жақсы меңгеруге және дағдыларын дамытуға көмектесетін тапсырмаларды әзірлейді. Бұл

тапсырмалар кодты бөлісуді, топтық жұмысты, кері байланысты, итерациялық процесті және т. б. қамтуы мүмкін.

Топтық жұмысты ұйымдастыру: оқытушы жобаларда немесе тапсырмаларда бірге жұмыс істейтін білім алушылар тобын құрады. Командада жұмыс істеу командалық жұмыс дағдыларын дамытуға, сондай-ақ оқу процесіне мотивация мен қатысу деңгейін арттыруға көмектеседі.

Заманауи технологияларды қолдану: оқытушы оқу процесін икемді және білім алушыларға қолжетімді ету үшін онлайн оқыту платформалары және жобаларды басқару жүйелері сияқты заманауи технологияларды пайдаланады. Онлайн оқыту сонымен қатар оқытушы мен білім алушылар арасындағы кері байланыс пен өзара әрекеттесу үшін қосымша мүмкіндіктер бере алады.

Кері байланыс және итерациялық процесс: оқытушы білім алушыларға тапсырмалар мен жобалар барысында кері байланыс береді. Итерациялық процесс білім алушыларға өз жұмыстарын жақсартуға және қателіктерінен сабақ алуға мүмкіндік береді.

Нәтижелерді бағалау және талдау: оқытушы білім алушылардың нәтижелерін бағалайды және қойылған мақсаттар мен міндеттерге қаншалықты сәтті қол жеткізілгенін талдайды. Бұл ақпаратты болашақта оқыту әдістемесін жақсарту үшін пайдалануға болады.

Тұтастай алғанда, оқыту технологиясы негізінде программалау тілдерін оқыту әдістемесі оқытушы мен білім алушылар арасында, сондай-ақ білім алушылардың өздері арасында белсенді өзара іс-қимылды болжайды. Бұл белсенді және позитивті оқу ортасын құруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқу тиімділігін жақсарта алады. Сонымен қатар, программалау тілдерін оқытудың бұл тәсілі білім алушыларға командалық жұмыс дағдыларын дамытуға және болашақ кәсіби қызмет үшін маңызды мәселелерді бірлесіп шешуге көмектеседі.

Топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесі оқытудың жаңа және инновациялық тәсілі болып табылады. Ол дәстүрлі оқу орындарында да, онлайн білім беруде де қолданылуы мүмкін және әртүрлі курстар мен аудиторияларға бейімделуі мүмкін.

Контексттік зерттеу топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесінің дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар екенін көрсетті. Біріншіден, бұл білім алушыларға оқу процесіне белсенді қатысу арқылы материалды тиімдірек игеруге мүмкіндік береді. Екіншіден, оқытудың бұл тәсілі білім алушыларға болашақ кәсіби қызмет үшін маңызды болып табылатын командалық жұмыс және тапсырмаларды бірлесіп шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, топтық оқыту әдістемесі материалды тереңірек түсінуге және білім алушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері сонымен қатар топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесін дәстүрлі оқу орындарында да, онлайн білім беруде де сәтті қолдануға болатындығын көрсетті. Ол әртүрлі курстар мен аудиторияларға бейімделуі мүмкін және оқу тиімділігін жақсартуға және материалды меңгеру деңгейін арттыруға көмектеседі.

Алайда, топтық оқыту технологиясы негізінде программалау тілдерін оқыту әдістемесін табысты іске асыру үшін қажетті ресурстарды, оның ішінде тиісті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ оқытушылар мен білім алушыларды бірлескен жұмыс және коммуникация технологияларын пайдалануға оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесі білім алушыларға оқу процесіне белсенді қатысу және топтық жұмыс дағдыларын дамыту арқылы материалды тиімдірек игеруге мүмкіндік беретін оқытудың инновациялық тәсілі болып табылады. Сонымен қатар, оқытудың бұл тәсілі білім алушылардың мотивациясын арттыруға көмектеседі және материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері топтық оқыту технологиясына негізделген программалау тілдерін оқыту әдістемесін дәстүрлі оқу орындарында да, онлайн білім беруде де сәтті қолдануға

болатынын және оқу тиімділігін жақсартуға және материалды меңгеру деңгейін арттыруға көмектесетінін көрсетеді. Алайда, осы әдістемені табысты іске асыру үшін оқытушылар мен білім алушыларға бірлескен жұмыс және коммуникация технологияларын қолдануға Қажетті ресурстар мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Қорытындылай келе, топтық оқыту технологиясы негізінде программалау тілдерін оқыту әдістемесі заманауи білім беру жүйесі үшін перспективті және тиімді болып табылатынын атап өтуге болады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытудың көптеген қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді, мысалы, білім алушылардың мотивациясының болмауы және материалды игеруде тиімділігінің болмауы.

Алайда, осы әдістемені іске асыру үшін тиісті курстар мен оқу материалдарын әзірлеуге, сондай-ақ білім алушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыруға және оларды топтық жұмыс пен коммуникация дағдыларына үйретуге назар аудару қажет. Бұдан басқа, тиісті технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ осы әдістемені өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алатын оқытушылар кадрларын даярлау қажет.

Тұтастай алғанда, топтық оқыту технологиясы негізінде программалау тілдерін оқыту әдістемесі ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарды неғұрлым табысты даярлауға әкелетін білім берудегі перспективті бағытты қамтиды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Д.С.Ильясова, М.К.Тасбулатова, Т.А.Оспанова. Бірінші сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсыныстар. Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесінен.

2. Жүнісбек Ә. Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, No4, 2008.

3. М.Жампейісова. Оқыту тәрбиесі мен технологиясы. - Алматы, 2013.

4. Таубаева Ш. Т., Барсаи Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. - Алматы, 2005.

5. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

6. Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы Б., Байкенова Б.А «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы. - 3-басылым. - Астана, 2014. - 292 б.

7. Глазкова А. В. Организация индивидуальной, групповой, коллективной деятельности. // Начальная школа. 1999. № 10.

8. Шмелева, О. В. Групповые технологии как средство формирования ключевых компетенций обучающихся на примере общественного смотра знаний / О. В. Шмелева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 12 (116). — С. 932-934.

9. Б.И.Иманбекова.,Ф.Т.Саметова. Бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру. - Алматы, 2004.

## ЦИФРОВОЙ МЕНЕДЖМЕНТ В УПРАВЛЕНИИ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНЫМ ПРОЦЕССОМ

**Кайынбаева Н.А.**
педагог-эксперт,заместитель директора по учебной работе, учитель математики и информатики КГУ «Комплекс средняя школа – детский сад имени Трофима Клименко» ОО по Уланскому району УО ВКО, Восточно-Казахстанская область, Казахстан
**Барабанова Т.А.**
педагог-исследователь, заместитель директора по учебной работе, учитель информатики КГУ «Опытнопольская средняя школа» ОО по Глубоковскому району УО ВКО, Восточно-Казахстанская область, Казахстан

**Андатпа:** Цифрлық технологияларды қолдану басқару іс-әрекетінің үдерісін жылдамдатады және тұтастай алғанда оның тиімділігін арттырады. Мақалада директордың оқу ісі жөніндегі

орынбасарының жұмысында электрондық кестелердің мүмкіндіктерін пайдалану әдістері мен құралдары берілген. Ақпаратты жылдам пайдалануға және қажет болған жағдайда жауап беруге мүмкіндік беретін бұлтты технологияларды қолдану арқылы ақпаратты жүйелеу әдістері қарастырылады.

**Аннотация**: Применение цифровых технологий ускоряет процесс управленческой деятельности и, в целом, повышает ее эффективность. В статье представлены методы и способы применения возможностей электронных таблиц в работе заместителя директора по учебной работе. Рассмотрены способы систематизации информации с применением облачных технологий, которые позволяют оперативно использовать информацию и реагировать в случае необходимости.

**Abstract:** The use of digital technologies speeds up the process of management activities and, in general, increases its efficiency. The article presents methods and means of using the capabilities of spreadsheets in the work of the Deputy Director for Academic Affairs. Methods for systematizing information using cloud technologies are considered, which allow you to quickly use information and respond if necessary.

Цифровизация образования в Казахстане - это процесс внедрения информационных технологий в образовательную систему, с целью повышения качества обучения и доступности образования для всех граждан.

В последние годы Казахстан активно работает над цифровизацией образования. Основные направления цифровизации включают в себя:

1. Создание электронных образовательных ресурсов: разработка электронных учебников, онлайн-курсов и платформ для дистанционного обучения. Это позволяет студентам и учителям иметь доступ к актуальной информации и современным методикам обучения.

2. Внедрение электронных журналов и систем управления образованием: автоматизация процессов ведения учета успеваемости, контроля посещаемости и оценок, что позволяет родителям и учителям в режиме реального времени отслеживать успехи учеников.

3. Онлайн-обучение и дистанционное образование: это позволяет учащимся получать образование вне границ школы или университета, особенно в удаленных регионах страны. Также это способствует повышению доступности образования для людей с ограниченными возможностями.

4. Научно-техническое развитие: содействие и поддержка научных исследований в области цифровизации образования, разработка инновационных подходов и методик обучения.

Цифровизация образования в Казахстане имеет ряд преимуществ. Она способствует повышению качества образования, развитию информационной грамотности учащихся, повышению мотивации к обучению и продвижению новых технологий в образовательную среду. Кроме того, цифровизация позволяет оптимизировать процессы управления образованием и улучшить коммуникацию между участниками образовательного процесса, т.е. Цифровой менеджмент позволяет собирать и анализировать большие объемы данных о учебном процессе, таких как результаты контрольных работ и экзаменов, анкеты и отзывы учащихся и родителей и т.д. Это позволяет школьным администраторам и педагогам быстро выявлять проблемные места в учебном процессе и принимать соответствующие меры для их устранения.

И очень часто в работе заместителя директора необходимо оперативно собрать какие-либо данные в табличном виде. И в этом нам помогает приложение Google – GoogleSheets, или «Google Таблицы» – это бесплатный сервис для работы с электронными таблицами. Его аналог – Excel от MicrosoftOffice.


В сервисе можно создавать и редактировать файлы, просматривать их вместе с другими пользователями. Строить графики и диаграммы в цвете. Использовать встроенные формулы, анализировать информацию с помощью сводных таблиц.

Открыть документ можно как с компьютера, так и с мобильного телефона. А когда вы внесёте изменения, они сохранятся автоматически. При этом данные не потеряются – всё фиксируется в истории версий.

GoogleSheets совместимы с Excel. Вы можете открыть файл Excel в этом сервисе, преобразовать его в таблицу Google, и обратно.

Рассмотрим это более детально на конкретном примере:


Например, пришла таблица по выпускникам, поступившим или не поступившим на грант:




Для того чтобы ее заполнить нам необходимо ее перенаправить классным руководителям. Но!... Данную таблицу мы немного отредактируем, файл преобразуем в Google Таблицы, поставим защиту на ячейки с формулами, откроем совместный доступ для редактирования и отправим ссылку классным руководителям.


Теперь все эти действия рассмотрим по порядку:

1) Так как у нас имеется не один 9-ый и не один 11-ый класс, мы вставим дополнительные строки для классов, а столбец назовем «Класс и ФИО классного руководителя». Проверим все формулы, которые нам нужны.





2) Теперь преобразуем наш файл в Google Таблицу. Сделать это можно несколькими способами, но не во всех способах можно проставить защиту ячейки. Покажу один, в котором можно поставить защиту на диапазон ячеек:

- открыть браузер Google

- в приложениях Google открыть Диск  – создать  – загрузить файлы. В открывшемся окне выбрать необходимый файл «Гранты выпускники» - открыть. Файл с расширением .xlsx появится на диске.






- Теперь в левом углу сверху нажимаем создать  - Google Таблицы. Появится вкладка «Новая таблица».




- Из файла с расширением .xlsx скопируем таблицу в «Новую таблицу» (для того чтобы можно было поставить защиту ячеек)


- Выделить диапазон ячеек, которые надо защитить - Правая кнопка мыши - Показать другие действия с ячейкой – защитить диапазон




енгізуден бастап мобильді оқытуды пайдалануға дейін білім беру тәсілдерін өзгертті. Білім беру мекемелері оқыту нәтижелерін арттыратын технологияларды енгізуде. COVID-19 пандемиясы қашықтықтан оқытуды енгізуді жеделдетті және Заттар интернеті бұл ауысуда маңызды рөл атқарды. Дегенмен, e-Learning әлі де жетілдіруге мүмкіндік береді және IoT олқылықтарды жоюға және тіпті жаңа цифрлық білім беру әдістеріне жол ашуға көмектеседі.Біздің өміріміздегі барлық нәрселер сияқты, білім де цифрлық өзгерістерге ұшырайды. Заттардың интернеті, атап айтқанда, осы вертикаль үшін пайдалы болды. "Төңкерілген сыныптардан" интеграцияланған мобильді оқытуға дейін біз дәстүрлі оқыту (және өзін-өзі тәрбиелеу) әдісінен ұзақ жолдан өттік. Заттар интернетіне негізделген құрылғылар қарындаштарды, тақталарды және қағаздарды тез ауыстырады және оқу тәсілдерін кең көлемде өзгертеді! Білім беру мекемелері технологияны енгізген соңғы жылдарға дейін дәстүрлі оқыту әдістерін ұстанды.

Сала жетекшілері бұл оқу нәтижелерін арттыруға ең маңызды үлес қоса алатынын түсінді. Төңкерілген сыныптар мен Ar және VR мүмкіндіктері бар смарт тақталардан қауіпсіз оқу орталарына қол жеткізуге дейін IoT білім беру секторындағы ынталы ізбасарларды тартады. Бүкіл білім беру жүйесі Қашықтықтан оқытуға сүйенді. Заттар интернеті оқытушыларға да, студенттерге де құрылымдық Қашықтықтан оқытуға көшуге көмектесуде маңызды рөл атқарды [6].

**Білім беру ортасына заттар интернетін енгізу кезінде еңсеру керек негізгі қиындықтар қандай?**

Білім беру ортасына заттар интернетін (IoT) енгізу кезінде бірнеше қиындықтарды жеңу керек. Олардың кейбір негізгілеріне мыналар жатады:

**Қауіпсіздік мәселелері:** IoT құрылғылары қауіпсіздікті бұзуға осал және білім беру мекемелері өз желілері мен құрылғыларын ықтимал кибершабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуі керек.

**Техникалық күрделілік:** IoT құрылғыларын орнату және басқару қиын болуы мүмкін, бұл білім беру мекемелерінде болмауы мүмкін арнайы техникалық білімді қажет етеді.

**Құны:** IoT құрылғыларын сатып алу және күтіп ұстау қымбатқа түсуі мүмкін және білім беру мекемелері осы технологияларға инвестиция салуға бюджеті бар екеніне көз жеткізуі керек.

**Қолданыстағы жүйелермен Интеграция:** IoT құрылғылары оқытуды басқару жүйелері (LMS) және оқушыларға арналған ақпараттық жүйелер (SIS) сияқты қолданыстағы білім беру жүйелерімен біріктірілуі керек, бұл күрделі процесс болуы мүмкін.

**Оқыту:** мұғалімдер мен қызметкерлер интернет заттарын тиімді пайдалануға және оларды оқыту тәжірибесіне біріктіруге үйретілуі керек.

Тұтастай алғанда, білім беру ортасына заттар интернетін сәтті енгізу осы қиындықтарды жеңу үшін мұқият жоспарлауды, енгізуді және басқаруды қажет етеді.

**"Ақылды сынып" идеясын қалай анықтайсыз және оның негізгі ерекшеліктері қандай?**

"Ақылды сынып" - бұл оқыту процесін жақсартуға арналған әртүрлі сандық құрылғылар мен құралдарды қамтитын заманауи технологияға негізделген сынып. Аудиовизуалды мазмұн оқушылардың білім деңгейін және оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі, ал оқытушылар сабақта да, қашықтан да өткізілуі мүмкін интерактивті сабақтар өткізеді. Интеллектуалды сыныптар оқушыларға тиімдірек үйренуге көмектесу үшін 3D анимация және бейне сияқты сандық құралдарды пайдаланатын дәстүрлі сыныптардың жетілдірілген нұсқасы ретінде жасалған. Жүйе оқушылардың жас тобына және білім беру қажеттіліктеріне байланысты әр стандарт үшін оңтайландырылған. Бұл сыныптар оқу процесіне көмектесетін ақылды проекциялық экрандармен, компьютерлермен және басқа сандық құрылғылармен жабдықталған. Мұғалімдер сонымен қатар интеллектуалды сабақтарды оқушылармен қарым-қатынастың тиімді әдісі деп санайды. Жалпы, интеллектуалды сыныптар-бұл студенттер үшін де, оқытушылар үшін де жоғары тиімді оқыту және білім алу процедурасы.

Смарт-кластың негізгі ерекшеліктеріне мыналар жатады:

Интерактивті тақталар немесе СМАРТ тақталар: бұл тақталар мұғалімдерге сандық мазмұнды көрсетуге және басқаруға мүмкіндік береді, ал оқушылар нақты уақыт режимінде материалмен әрекеттесе алады [7].

Интернетке қосылу: интеллектуалды сыныптар интернетке қосылған, бұл студенттер мен оқытушыларға онлайн ресурстарға қол жеткізуге және нақты уақыт режимінде басқалармен ынтымақтасуға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық мазмұн: интеллектуалды сыныптар оқуды қызықты әрі интерактивті ету үшін мультимедиялық мазмұнды, соның ішінде бейнелерді, анимацияларды және модельдеулерді пайдаланады.

Виртуалды және кеңейтілген шындық: интеллектуалды сыныптар виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын оқушыларға сандық мазмұнды зерттеуге және онымен үш өлшемде өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін қызықты оқу тәжірибесін жасау үшін пайдалана алады.

Жекелендірілген оқыту: интеллектуалды сыныптар жеке оқу стилі мен оқу үлгеріміне байланысты әрбір оқушы үшін оқу процесін жекелендіру үшін деректер аналитикасы мен машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалана алады [5].

Тұтастай алғанда, ақылды сынып оқыту мен оқу нәтижелерін жақсарту үшін технологияны пайдаланатын динамикалық, ынтымақтастыққа негізделген оқыту ортасын көрсетуге арналған.

**Гипотеза:**

Егер мектеп информатикасында цифрлық ресурстарды қолданса, онда оқытушылардың білім беру дағдылары артып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары арта түседі.

**Зерттеу әдісі:**

Сауалнама сұрақтары арқылы деректерді жинау мен талдауды қамтитын сандық зерттеу әдісі пайдаланылды. Сауалнама Google Forms арқылы алынды, R бағдарламасы арқылы талдау жасалынды. Сондай-ақ, сауалнамада жауап беруші мұғалімдердің аты-жөнінің және жауабының құпиялылығы сақталды.

**Қатысушылар:**

Мектеп информатикасында Заттар интернеті тарауын оқытуда ресурстарды талдау болғандықтан, сауалнама оқытушылардан алынды. Сауалнамаға қатысушылар саны аз болғандықтан зерттеу нәтижесі шектеулі, сондықтан нәтиже аталған жайттың нақты сипатын бере алмауы мүмкін.

**Деректерді жинау:**

Деректерді жинау үшін мұғалімдердің сауалнама тақырыбы туралы ойланып, негізгі сұраққа жауабын нақты алу мақсатында өзге де қосымша сұрақтар қойылып, ғылыми жетекшімен бірнеше рет ақылдасып дайындалған жалпы саны 10 сұрақтан тұратын сауалнама пайдаланылды.

**Іске асыру:**

Зерттеуді жүзеге асыру екі аптаға созылды. 80 мұғалімге жіберілді.

**Зерттеу нәтижесі:**

Зерттеу сұрағына мектеп мұғалімдері қатысты. Негізгі сұрақтарды қарастырылды. Көрсеткіштері төмендегідей, барлығы 10 сұрақ сауалнамаға қойылды, оларға қысқаша шолу:




1-сурет. Сауалнама сұрағының көрсеткіші

Зерттеу нәтижесі бірінші кезекте мұғалімдердің Заттар интернеті туралы түсініктерінің бар-жоғын анықтау мақсатында “Мектеп информатика курсында Заттар интернеті негіздерін оқыту керек екеніне келісесіз бе”, «Заттар интернеті технологиялары негізінде "ақылды сынып" және "ақылды мектеп"сияқты ұғымдарды сәтті жүзеге асыруға болатынына келісесіз бе?», «Ақылды сынып жүйелерімен басқарылатын оқу кабинеттерінде информатиканы оқытудың ерекшеліктері екеніне келісесіз бе?» деген сұрақтар қойылды.




2-сурет. «Заттар интернеті технологиялары негізінде "ақылды сынып" және "ақылды мектеп"сияқты ұғымдарды сәтті жүзеге асыруға болатынына келісесіз бе?» сұрағының көрсеткіші.




3-сурет. «Ақылды сынып жүйелерімен басқарылатын оқу кабинеттерінде информатиканы оқытудың ерекшеліктері екеніне келісесіз бе?» сұрағының көрсеткіші

**Талқылау**

Білім беру саласында жаңа технологияларды қолдану маңызды бола түсуде. Зерттеу жұмысында Заттар интернетіне және оның тұрақты "ақылды" мектептерді құру әлеуетіне ерекше назар аударылды, сонымен бірге оны жүзеге асырудағы қиындықтары айтылды. Технология тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар тұрақты болуы керек деп есептеледі. Бұл қымбат, зиянды немесе қоршаған ортаға зиянсыз технологияларға басымдық берілмеуі керек дегенді білдіреді. Оның орнына негізгі қағида ретінде тұрақты дамуға басымдық беретін технологияларды қолдануды талап етеді. Зерттеудің нәтижесінде, Заттар интернеті (IoT) білім беру мекемелері үшін айтарлықтай әлеуеті бар инновациялық технология екенін көрсетеді. Заттар интернетін мектептерде мұғалімдер және оқушылар тұрғысынан қалай пайдалануға болатыны зерттелді.. IoT сенсорлық технологиясын қолдана отырып, көптеген мәселелерді шешуге болады, мұғалімдердің көзқарасы бойынша IoT сабаққа қатысуды, бағалау және кері байланыс жүйелерін, STEM сабақтарын, интеллектуалды оқу орталарын және оқытудың интерактивті құралдарын басқару үшін пайдаланылуы мүмкін деп қарастырылды. Оқушылар үшін IoT интеллектуалды оқу орталарын, оқуды басқарудың жекелендірілген жүйелерін, ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған интеллектуалды құрылғыларды, оқытуға арналған интерактивті құралдар мен ынтымақтастық құралдарын жасай алады. Дегенмен, мектептердегі Заттар интернетінің мүмкіндіктерін толық түсіну үшін қосымша зерттеулер қажет және технологияны біріктірудің тұрақты әдістерін табу қажет. “Мектеп информатика курсында Заттар интернеті негіздерін оқыту негізіне” мектеп оқытушыларының 85%-ы өз қажеттіліктерін білдірді. Сонымен қатар, «Ақылды сынып жүйелерімен басқарылатын оқу кабинеттерінде информатиканы оқытудың ерекшеліктері екеніне келісесіз бе?» -деген сауалнамаға мұғалімдердің 73%-ы келісімін берді [3]. Сондықтан технологияны білімге біріктірудің тұрақты әдістерін зерттеу өте маңызды.

Технологияға негізделген интеллектуалды білім тұрақты болуы үшін ол арзан, жалпыға қол жетімді, қоршаған ортаға зиянсыз және денсаулықты нығайтуға ықпал етуі керек.

**Қорытынды**

Жалпы алғанда, "Заттар интернеті" тарауын оқыту үшін цифрлық ресурстарды пайдалану қазіргі білім беру кеңістігінде маңызды бола түсуде. Заттар интернеті (IoT) - бұл қарқынды дамып келе жатқан сала, сондықтан мұғалімдер оқушылардың сабаққа дұрыс дайындалуын қамтамасыз ету үшін соңғы тенденциялар мен технологияларға ілесуі керек. Зерттеу жұмысының мақсаты IoT білім беру мекемелеріндегі "ақылды мектеп" мүмкіндіктерін қалай қосуға болатыны туралы жан-жақты шолу және оны мектеп информатика курсына енгізу барысында пайдаланылатын ресурстарды талдау, олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне негізделді. Цифрландыру тұрақты және жоғары сапалы білім беру мүмкіндігіне ие болғанымен, бұл мақсатқа жету жолында әртүрлі шектеулер бар. Зерттеуде "ақылды мектеп" тұжырымдамасын жүзеге асыру құралы ретінде Заттар интернетін пайдалану бойынша соңғы зерттеулерді қорытындылады, бұл оның мектептерге, мұғалімдерге және оқушыларға басшылық етудің негізгі функцияларын жүзеге асыру керектігін көрсетті.

Қорытындылай келе, Заттар интернеті интеллектуалды оқу ортасын құруға ықпал ете отырып, тұрақты "ақылды" мектептерді құруда трансформациялық күш бола алады. Мақалада IoT технологиясын мектепті интеллектуалды басқару, оқыту және оқыту ресурстарын қалай пайдалануға болатыны егжей-тегжейлі талқыланды. Сондай-ақ, білім берудегі Заттар интернетін қолдану кезінде туындайтын мәселелерге, атап айтқанда құпиялылық, қауіпсіздік, ауқымдылық мәселелеріне назар аударылды. Оны қауіпсіз ететін шешімдерді табу үшін қосымша зерттеулер қажет. "Заттар интернеті" бөлімін оқыту үшін цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың оқу нәтижелеріне оң әсер етіп, оларды тез өзгеретін жұмыс күшіне дайындай алады. Оқытушылар цифрлық ресурстарды оқытуға енгізуді жалғастыра отырып, олардың тиімділігін бағалау және оқушылардың болашақтағы қиындықтары мен мүмкіндіктеріне дайындалуын қамтамасыз ету үшін оқыту стратегияларын қажетінше реттеу маңызды болады.

Зерттеу жұмысы мектеп информатика курсында оқушылардың сыни және аналитикалық ойлауын дамыту үшін “Заттар интернеті” тарауында оқыту ресурстарын пайдалануға бағытталды.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Industry 4.0 https://medium.com/@Imrajkumar/what-is-industry-4-0-db3859008c32
2. Төртінші өнеркәсіптік революция https://www2.deloitte.com/content/dam/Deloitte/ch/Documents/manufacturing/ch-en-manufacturing-industry-4-0-24102014.pdf
3. 2021 IEEE 11th International Conference on System Engineering and Technology (ICSET) Published: 2021 https://ieeexplore.ieee.org/abstract/document/9028679
4. The United Nation World Commission on Environment and Development. Available online: https://sustainabledevelopment.un. org/content/documents/5987our-common-future.pdf (accessed on 20 March 2022).
5. University of California, Los Angeles (UCLA) Sustainability Committee. Available online: https://www.sustain.ucla.edu/wpcontent/uploads/UCLA-Sustainability-Charter.pdf (accessed on 20 March 2022).
6. Reynolds, P. Sustainable Education: Principles and Practices. In Proceedings of the AARE Annual Conference, Canberra, Australia, 29 November–3 December 2009. Available online: https://www.aare.edu.au/data/publications/2009/rey091135.pdf (accessed on 20 March 2022).
7. Zhou, B. Smart classroom and multimedia network teaching platform application in college physical education teaching. Int. J. Smart Home 2016, 10, 145–156. [CrossRef]


## ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІН АТТЕСТАЦИЯЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


**Кунтубаева Ж.К.**

Қожа Ахмет Яссауи атындағы № 123 мектеп-гимназияның информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, Алматы қ., Қазақстан



**Андатпа:** Бұл мақалада еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, келешектің жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогтердің біліктілік сапасын арттыруы, педагогтердің кәсіби біліктілігін аттестаттау – білім сапасының кепілі болып табылатыны және педагогтерді аттестаттау процесіндегі нормативтік құжаттарынадағы өзгерістер қарастырылады. Информатика пәні мұғалімінің үздіксіз кәсіби дамуының ерекшеліктеріне, оқыту процесінде қолданылатын онлайн сервис түрлері берілді.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются усилия страны по выходу в мировое образовательное пространство, повышение качества учителей, которые учат и воспитывают поколение, мыслящее по-новому, обладающее развитой мировоззренческой культурой и сознанием, проводится аттестация профессиональной квалификации учителей. гарантия качества образования, а также изменения нормативных документов в процессе аттестации учителей. Виды онлайн-сервисов, используемых в учебном процессе, приданы особенностям непрерывного профессионального развития учителя информатики.

**Abstract**: This article examines the country's efforts to enter the global educational space, the improvement of the quality of teachers who teach and educate the generation of new thinkers, the culture and consciousness of the world view, the certification of the professional qualifications of teachers is a guarantee of the quality of education, and the changes in the normative documents in the process of certification of teachers. The features of the continuous professional development of the teacher of computer science, the types of online services used in the teaching process were given.


Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы келешектің жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогтердің біліктілік сапасын арттыруды талап етіп отыр. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің ажырамас бөлігі ретінде саналады. Олай болса, педагогтердің кәсіби біліктілігін аттестаттау – білім сапасының кепілі болып табылады.

Дамыған мемлекеттерде педагогтерді аттестациялау процесі түрлі бағыттарда жүргізілгенмен олардың кәсіби деңгейі мен құзыреттілігін бағалау стандарты біртекті болып келеді. Біздің елімізде педагогтерді аттестаттау процесінде келесі нормативтік құжаттар негізге алынады:

- «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (жаңа редакцияда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 желтоқсан № 533 бұйрық)

- "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы бекітілген біліктілік талаптарына немесе кәсіптік стандартқа ("Педагог" кәсіби стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы) (бұдан әрі кәсіптік стандарт) сәйкес келетін педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;

- ҚР БҒМ 07.12.2011 жылғы №514 бұйрығы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің №232 25.05.2021 жыл).

Нормативтік құжаттарға сәйкес аттестаттау дегеніміз Қағидалар негізінде педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау бойынша жүргізілетін рәсім [1]. Нәтижесінде педагогтерге біліктілік санаттары беріледі. Ал мұғалімдерді аттестаттау - мамандық шеберлігінің шынайы деңгейін айқындайтын құрал.

Аттестацияның негізгі мақсаты педагогтердің кәсіптік біліктілігін арттыру, шығармашылық белсенділігін дамыту, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету. Аттестация өткізудің негізгі қағидаттары еріктілік, алқалық, әділдік болып табылады. Аталған қағидаттар аттестациялық комиссияны жасақтауда қатаң сақталуы тиіс.

Қазіргі қолданыстағы аттестаттау рәсімімен әзірленіп жатқан жаңа Аттестаттау ережесіне тоқталатын болсақ, келесі айырмашылықтарды байқауға болады.

Жаңа ереже бойынша аттестаттаудың мақсаты – педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы – мұғалімнің бүкіл еңбек жолында үздіксіз білім алуы, кәсіби өсуі, біліктілік санатын арттыру процесі болып табылады. Бұл процестің білім алушыларға сапалы білім мен тиімді оқуды қамтамасыз етуге ықпалы зор.

Информатика мұғалімінің үздіксіз кәсіби дамуының ерекшеліктеріне тоқталып өтейік:

- *Үздіксіз білім*: информатика мұғалімі заманауи оқыту әдістері, оқытудың инновациялық технологиялары, білім беруді цифрландыру трендтері (*жобалық оқыту, программалап оқыту, білім беруді геймификациялау, төңкерілген оқыту, қашықтан оқыту, мобильді оқыту, машиналық оқыту* т.б.) және білім беру стандарттарындағы өзгерістер туралы хабардар болуы керек. Бұл біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, тренингтерге, вебинарларға және конференцияларға қатысу арқылы жүзеге асырылады.


- *Рефлексия және өзін-өзі бағалау*: мұғалімдер өз жұмысын үнемі бағалап, жақсарту жолдарын іздестіруі керек. Бұған өзінің педагогикалық тәжірибесіне рефлексия жасау, оқушылардың оқу нәтижелерін талдау, кәсіби дағдыларын өзін-өзі бағалау кіреді.

- *Жеке даму жоспары*: Әрбір педагог өзінің кәсіби даму жоспарын жасай алады, ол нақты мақсаттар мен оларға жету қадамдарын қамтиды. Бұл жоспарды әрбір мұғалімнің қажеттіліктері мен мақсаттарына сәйкес келтіруге болады (1-сурет)





1-сурет. Жеке даму жоспары

- *Әріптестерімен ынтымақтастық*: басқа мұғалімдермен онлайн және оффлайн режимде ынтымақтастық және тәжірибе алмасу кәсіби дамудың маңызды бөлігі болып табылады. Мұғалімдер желілік қауымдастық, тәжірибе алмасу семинары мен тренингтерде өз әдістерін талқылап, озық тәжірибелерді үйрене алады (2-сурет).




2-сурет. Тәжірибе алмасы алаңы (Trello)


- *Зерттеу жұмысы*: мұғалімдер білім саласында болып жатқан өзгерістер туралы білімдерін кеңейту және ғылыми жобалар мен түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстарына қатыса алады (3-сурет).




3-сурет. Робототехника

- *Заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолдану*: мұғалімдер заманауи цифрлық құралдарды, онлайн сервистерді және жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктерін сабақ процесінде қолдануды үйренуі керек (1-кесте).

1-кесте. Заманауи цифрлық технологиялар мен онлайн сервистерді талдап, Информатика пәнін оқыту процесіне қолдану

| № | мазмұны | онлайн сервис түрлері |
|---|---|---|
| | | |
| 1 | Презентация |  |
| 2 | Байланыс. Видеоконференция. |  |
| 3 | Онлайн тақталар |  |
| 4 | Квиз-тест |  |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Конструкторлар |  |
| 6 | Дидактикалық ойындар |  |
| 7 | Формативті бағалау. Жұмыс парақшасы. |  |
| 8 | Әртүрлі қолданбалар |  |

- *Бағалау және қолдау*. Білім беру мекемелері мұғалімдерге бағалауды және олардың кәсіби дамуын қолдауды қамтамасыз етуі керек. Бұған өнімділікті бағалау, кері байланыс және оқытуға қолжетімділік енеді.

Осы айтылған ерекшеліктерді негізге ала отырып, аттестаттаудың жаңа жүйесіндегі өзгерістерін сараптай аламыз, яғни аттестаттаудың бұрынғы жүйе бойынша педагогтер қағаз/электрондық форматта 11 құжат жинайтын болса, ал жаңа жүйеде педагогтер құжат жинап қиналмайды, құжат өзі автоматты түрде жинақталады. Сонымен қатар, құжаттарды қарау мерзімі қысқарады, бұрын 6 айға дейін созылатын процесс, енді автоматты түрде қалыптасатын болады.

Педагогтерді аттестаттаудағы жаңа ереженің басты ерекшелігі - аттестаттау процесін автоматтандыру, яғни бірыңғай ақпараттық жүйені құру болып табылады.

Педагогтің жеке құжаттары мен оның біліктілік деңгейін анықтайтын қысқа мерзімде қорытындылайтын ақпараттық жүйеде тиісті материалдар автоматты түрде жинақталады және талданады. Бұл адами факторды толығымен шектейді, аттестаттау рәсімінде объективтілік пен ашықтықты орнатуға ықпал етеді.

Жоспарланған жаңа өзгерістерге сәйкес педагог қызметінің жоғары кәсібилігі мен табыстылығы оқушылардың жетістіктерімен тікелей байланысты болады. Аттестаттауды тестілеу рәсімін жетілдіру, біліктілік санатына байланысты жоғары, орта, төмен деңгейдегі

тапсырмалардың пайыздық арақатынасын кезең-кезеңімен арттыра отырып, педагогтердің пәндік білімін бағалау жоспарлануда.

Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасында педагогтер тәжірибесінің нәтижелерін қалыптастыру (педагогтің қатысуынсыз) әзірленді.

Деректер базасымен интеграциялау арқылы платформада педагогтердің материалдары жүйелі түрде (жыл сайын) қалыптасады. Педагог платформадағы жеке кабинеті арқылы өтінішті өз бетінше береді.

Сонымен бірге тестілеудегі негізгі ерекшелік педагог тек пән бойынша тест тапсырады. Тест тапсырмалары үш түрлі деңгейден тұрады. Тесттен әдістеме мен педагогиканы білуге арналған сұрақтар алынып тасталады, өйткені осы бағыттағы сұрақтар мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік бермейді. Мұғалімнің әдістемені қаншалықты меңгергенін анықтау үшін жалпы мұғалімнің сабағы мен педагогикалық практикасын бағалау критерийлері жасалды.

Педагог бейінінде ҰББДҚ (НОБД) бастап, еліміздегі қолданыстағы басқа да электрондық жүйелерден педагогтердің қызметі мен оқушылардың жетістігі туралы мәліметтер жинақталады. Демек, педагог туралы тиісті ақпараттар бір профильде жиналу арқылы автоматтандырылады.

Педагогтердің негізгі бейінінде:

- ✓ жеке мәліметтер,
- ✓ оқыту сапасының мониторингін,
- ✓ тәжірибені бақылау,
- ✓ білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жетістіктерін,
- ✓ педагогтің жетістігін,
- ✓ үздік педагогикалық тәжірибелерді таратуды (трансляция) көруге болады.

Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасында педагогтердің белсенділігі немесе белсенді емес екендігі бойынша ескертпелер келіп тұрады. Бұл өз кезегінде әрбір педагогтің жеке жауапкершілікті сезіндіреді және ашықтықты қамтамасыз етеді. Бұл да педагогті қағазбастылықтан арылтады.

Жаңа жүйе бойынша Аттестаттау комиссиясы педагогтердің материалдарын платформада қарайды, сараптау кеңесі алынып тасталды, құжаттарды тек қана аттестаттаттау комиссиясы қарайды. Бұл да педагогтердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиетте тізімі**


1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары / Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317
2. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020551
3. «Педагог» кәсіптік стандарты// https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36333005#sub_id=0
4. 2023-2024 жылдарға арналған әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2023 / https://uba.edu.kz/storage/app/media/2023%20%D3%98%D0%9D%D0%A5/%20%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%2028%2008%202023.pdf


## МЕКТЕПТЕГІ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫ: БАСЫМДЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ


**Мәлімбай Т.Қ.**
педагог-зерттеуші, Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы Тараз, Қазақстан



**Андатпа:** Баяндаманың тақырыбы: «Мектептегі информатика сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» (педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту,функционалдық сауаттылықты

қалыптастыру). Баяндаманың 10 беттен тұрады. Оның ішінде мектептегі информатика сабағындағы басымдықтар ақпарат көзінен алынған. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағыттылған үлгіге бет алуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын,ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады.Қазіргі заман адамның осы құзіреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруы қамтамасыз ету ғана емес,іске асыру мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады». Мұғалім өз оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау үшін оларға нақты өмірден кейбір мәселелерді қарастыру ұсынылады. Бұл мәселені шешу, бейтаныс жағдайда білімді қолдануды, жаңа шешімдерді немесе әрекет ету әдістерін іздеуді талап етеді, яғни шығармашылық белсенділікті қажет етеді.

**Аннотация:** Тема доклада: “урок информатики в школе: приоритеты и Стратегии совершенствования” (развитие предметной компетентности педагогов,формирование функциональной грамотности). В процессе повышения качества образования и перехода к модели,ориентированной на результат, учителя выполняют личностно-развивающую функцию с высокой информационно-коммуникативной культурой, умением находить решение проблемы в результате профессионально владеющих исследовательскими умениями и навыками в достижении результатов, заданных государственным стандартом.Современный человек, овладев этой компетенцией,может не только “обеспечить оптимизацию своей профессиональной гибкости, но и сформировать потребность в постоянном обучении и самореализации”. Чтобы учитель оценил уровень функциональной грамотности своих учеников, им предлагается рассмотреть некоторые вопросы из реальной жизни. Решение этой проблемы требует применения знаний в незнакомой ситуации, поиска новых решений или способов действий, то есть требует творческой активности.

**Abstract:** Topic of the report: " computer science lesson at school: priorities and strategies for improvement " (development of subject competence of teachers,formation of functional literacy). In the process of improving the quality of education and moving to a result-oriented model,teachers perform a personal and developmental function with a high information and communicative culture, which can find a solution to the problem as a result of professionally mastered research skills and skills in achieving the results set by the state standard. Modern times,when a person acquires this competence, can not only "optimize professional flexibility, but also form the requirement of constant study and self-development of the possibility of implementation." In order for the teacher to assess the level of functional literacy of his students, they are offered to consider some issues from real life. Solving this problem requires the use of knowledge in an unfamiliar situation, the search for new solutions or methods of action, that is, creative activity.

*Мұғалім- өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды,ізденуді тоқтатқан күні оның мұғалімдігі де жойылады.*

*Константин Ушинский*

Әр мұғалім АКТ-ны пайдалана отырып сабақты дайындап, өткізе алуы қажет. Мұндай сабақ дәстүрлі түрде болсын, қашықтан оқыту форматында болсын, уақытты үнемдейді, оқушының өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Оқыту нәтижесін жылдам бақылауға және бағалауға мүмкіндік туады.

Білім беру жүйесін дамытудың маңызды стратегиялық бағыты – тұлғаға бағытталған білім беру.

Ауқымды, серпінді, жылдам өзгеретін әлемде өмірге және жұмыс істеуге бейім мамандары дайындау – тұлғаға бағытталған оқыту процессі.

Білім саласын компьютерлендірудің басты артықшылықтары:

- Олардың орындаулының дұрыстығын тексеру үшін қажетті компоненттермен үй тапсырмасын орындау кезінде оқудың дербестігін арттыру мүмкіндігі.
- Білім беру процесіне қатысушылардың ақпараттық қауіпсздігінр арттыру.
- АКТ енгізу арқылы қашықтықтан білім берудің мәнін өзгерту.
- Тапсырмаларды беру қарқынын, белгілі бір оқушының білімді меңгеру реттілігін таңдау арқылы оқытуды даралау мүмкіндіктерін арттыру.
- Компьютер – білімді бағалаудың объективтілігін арттыру құралы.

Заманауи жағдайда сабақты дәстүршілдіктен ажырататын ең маңызды нәрсе – оның жоғары түпкі нәтижесі.

Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге,соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін,қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған,жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі жаңартылған білім беру әдіс-тәсілдері «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық,психологиялық.педагогикалық негідерін,теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағыттылған үлгіге бет алуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын,ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады.Қазіргі заман адамның осы құзіреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруы қамтамасыз ету ғана емес,іске асыру мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады».

Функционалдық сауаттылық – оқу жағдаяттарынан тыс кең ауқымды міндеттерді шешуде мектепте алған білім, білік, әрекет тәсілдерін қолдана білу.

Мұғалім өз оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау үшін оларға нақты өмірден кейбір мәселелерді қарастыру ұсынылады. Бұл мәселені шешу, бейтаныс жағдайда білімді қолдануды, жаңа шешімдерді немесе әрекет ету әдістерін іздеуді талап етеді, яғни шығармашылық белсенділікті қажет етеді.

***Пәндік құзыреттілік*** – қоршаған ортада туындайтын проблемаларды пәндік білімнің көмегімен шешуге қабілеттілік.

- *қоршаған ортада туындайтын және пәннің көмегімен шешуге болатын проблемаларды анықтау;*
- *бұл проблемаларды пәнмен байланыстыра отырып тұжырымдау;*
- *пәндік білім мен әдістерді қолдана отырып проблемаларды шешу;*
- *қолданылған шешу әдістерін талдау;*
- *анықталған проблеманы ескере отырып, қол жеткен нәтижелерге түсінік беру;*
- *белгіленген проблеманы шешудің қорытынды нәтижелерін тұжырымдау және жазу.*

***оқыту әдіс-тәсілдері мен түрлерін қайта қарау,*** сондай-ақ ***күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес сабақ жоспарлауға енгізу үшін, өткен жылдардағы зерттеулердің тапсырмаларын терең зерделеу.***

**Құзырет** - берілген пәндік салада тиімді қызмет үшін (түрлі мәселелерді шешу үшін) қажетті білім мен тәжірибенің болуы;

**Құзыреттілік** - білім алушылардың алған білімдерін, оқу біліктері мен дағдыларын, сондай-ақ практикалық және теориялық міндеттерді шешу үшін өмірде қызмет ету тәсілдерін пайдалануға дайындығы (қабілеті) (құзыреттер жиынтығын меңгеру)

**Функционалдық сауаттылық –** кең ауқымды міндеттерді, оқу жағдайларынан тыс білім, білік әдіс-тәсілдерді меңгерген кездегі тапсырмаларға ұқсамайтын тапсырмаларды шешуде білім, білік дағдыларын, әдіс-тәсілдерді іс-әрекетте қолдана білу.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Нәтижеге бағытталған жаңаша білім беру тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейінгіде жетістігінің кепілі болып табылады. Бүгін қоғамның білім беруге қойып отырған талаптары мен білім берудің нақты жағдайы арасындағы қарама-қайшылықтарды үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін барлық деңгейінде – кәсіптікке дейін, жоғарғы оқу орнындағы, жоғарғы оқу орнынан кейін де жаңарту негізделген. Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беруді дамыту стратегиясының негізгі мақсаты жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете алатын жоғарғы оқу орнының ұлттық моделін құру, нәтижеге бағытталған білім беру негізінде кәсіби құзіретті мұғалім қалыптастыру. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген

мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.

2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.

3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.

4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті

5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.

6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту — оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс.

Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне , мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты. «Мектептің жүрегі — жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздардың қолында. Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай «қазақ  тілі» пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады.Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Мен сындарлы оқыту бойынша қазақ  тілі пәні бойынша әдіс-тәсілдерімен оқытып жатырмын. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді..

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталайық. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл — ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы.
Оқу іс — әрекетті жоспарлағанда мұғалімнің білімділігі, ізденімпаздығы, меңгертуі, педагогикалық шеберлігі аса маңызды. Балалардың оқу іс — әрекет үстінде көңіл — күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, танымдылығын дамыту үшін пікір алысу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мұғалімге байланысты болмақ. Мұғалім оқушыны жігерлендіруші, қуат беруші.

Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым деп көрсеткен К.Құдайбергенова. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз — педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы». К.Құдайбергенова құзырлылық,

нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазған. Кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер — мұғалімнің, жаңашыл — мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады. Бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы, өзіндік іс — әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз. Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінін бірі деп есептеледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. «Білім беру мекемесі» 241. Т.М. Маутиева –2022-48 бет.
2. «Білім беру мекемесі» Ходжабергенова Гүлнар Махақызы 2019-33 бет.
3. «Педагог мәртебесі» Налибаева Сабира Абшеевна 2022 – 45 бет.
4. Информатика негіздері журналы, № 5-6 2016 жыл. – Алматы.


## СМАРТ БІЛІМ БЕРУ: ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР РЕСУРСЫ


**Мамиреева А.А.**

Информатика пәнінің мұғалімі, әлеуметтік педагог, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы, Қазақстан



**Андатпа:** Мақала білім берудегі цифрландыру және смарт технологиялар мәселесіне арналған. Қазіргі қоғам ақпараттың үлкен ағымымен және әр түрлі қызмет салаларына инновацияларды енгізумен сипатталады, бұл адамнан белгілі бір білім мен дағдыларды талап етеді. Күнделікті жұмыс электронды есептеу арқылы белсенді түрде беріледі машиналар, оның негізінде жасанды интеллект жатыр.

**Аннотация:** Статья посвящена вопросу цифровизации и смарт технологиям в образовании.Современное общество характеризуется большим потоком информации и внедрением в различные сферы деятельности нововведений, что требует от человека определенного багажа знаний и умений, во главе которых – креативность и творческое мышление. Рутинная работа активно передается электронно-вычислительным машины, в основе которых лежит искусственный интеллект. Система образования должна обеспечить уверенный переход в цифровую эпоху, которая обеспечит рост экономики и производительности труда. Система образования формирует у человека базовые знания и умения для успешного существования в условиях цифровизации.

**Abstract***:* The article is devoted to the issue of digitalization and digital technologies in education. Modern society ischaracterized by a large flow of information and the introduction of innovations in various fields of activity, which requires a certain amount of knowledge and skills from a person, at the head of which is creativity and creative thinking. The routine work is actively transferred to electronic computers, which are based on artificial intelligence. The education system should ensure a confident transition into the digital age, which will ensure the growth of the economy and labor productivity.

Заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен *«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры»* деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектепке жүктеледі[1].

Сапалы білім беру қазіргі уақытта, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Заман ағымына қарай ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Кезкелген сабақта электрондық оқулықты пайдаланып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды[2].

Сабақта компьютерлік технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, Exsel программасында мәліметтерді енгізу, формулаларды және функцияларды пайдалану, енгізілген мәлімет арқылы диаграмма құруға машықтандыру, оқушының ақпараттық ізденіс қабілеті арттырады.Ақпараттық технологияларды пайдалану – бұрыннан пайдаланатын жүйелерге қосымша болғанда емес, дәстүрлі жүйелермен тұрақты байланыста, оқыту процесінде қатысушыларға жаңа мүмкіндіктерімен ұйымдастырылғанда ғана тиімді.

Сабаққа дайындық барысында Ms Office Smart мүмкіндіктерін пайдалану үшін Word Power Point бағдарламаларында Вставка → Smart Art әмірін орындаймыз.

Smart Art блогы бізге көрнекілік моделдерін ұсынады, ол моделдерді жасап, өңдеп, әсемдеуге болады.

Ақпаратты түрлендіру, ұтымды, көрнекі етіп беру мұғаолмінің пән бойынша бағдарламаны меңгертудегі жетістікке әкелетін басты дағдысы десек қате болмайды[3].

«Тізім» смарт мүмкіндіктері көмегімен оқулықта, сабақ тақырыбы бойынша ұсынылған ақпаратты жүйелеп, орындау алгоритмдерін, талдау сызбаларын, жоспарларды визуалдауға болады.

«Процесс» смарт мүмкіндіктері кез келген пән бойынша үдерістерді сипаттап, көрсетіге, моделдеуге жағдай жасайды. Оқушыларға үдерістердің жетіспейтін түйінін жазуға, жалғастырып жазуға, құрылымдауға тапсырма беруге болады.

«Цикл» смарт мүмкіндіктері қайталанатын үдерістерді визуалдауға, құрылымдауға көрнекі көмек болады, мысалы, жыл мезгілдері, күн режиміндегі қайталанатын іс-әрекеттер, физикадаға астрономиялық құбылыстар, географиядағы судың табығаттағы айналымы, т.б.

«Иерархия» смарт мүмкіндіктері мәтіндік ақпарат негізінде кезкелген пән бойынша жіктеу сызбасын жасақтап, тақырып материалын жүйелеуге жағдай жасайды.

«Связь» смарт блогы кезкелген ұғымдарды байланысын, пайда болуын түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, бірнеше элементті қосып жаңасын алу, заттың құрамы, географиядағы халық құрамы, т.б.

Төменде берілген «Матрица» блоктары күрделі көпдеңгейлі ақпаратты жүйелепр, көрнекілендіруге мүмкіндік береді. Әр сабақта постер жасауда, көрнекілік жасауда басшылыққа алуға, шаблон ретінде пайдалануға болады.

«Пирамида» блоктары ақпаратты маңыздылығы бойынша жіктеуге, үдерістерді

көрсетуге, өсім мен динамиканы бейнелеуге мүмкіндік береді. Мысалы, тамақтану пирамидасы, Маслоу, Блум үдерістерін көрсеткен ұтымды болады.

Мұғалімдердің әрбір жұмысының соңында күтілетін нәтиже, мәтіндік, фото, бейнеесептер болатыны сөзсіз. Осы орайда біз смарт блоктардың «Рисунки» түрлерін қолданып, әр фотоларды, тақырыптық суреттерді жүйелі орналастырып, астына сілтемелерін жазуға болады.

Өткізілген шараның әр сәтін ұтымды, жүйелі көрсетуге де осы суреттер блогы орасан зор мүмкіндіктер береді.

Мектептің пән мұғалімдерімен өткізілген шеберлік сыныбында төмендегі тапсырмалары берелді, оларға сүйене отырып, оқушыларға берілітен тапсырмаларды, ақпаратты жүйелеу шаблондарын, постер шаблондарын, жіктеу сызбалары мен кестелерді ойластыруға болады.

SMART – оқытудың кең таралуы, біріншіден, интернет-технологияларды жетілдірумен байланысты. Екіншіден, Wi-Fi, 3G, 4G сияқты сымсыз технологиялардың дамуымен және үшіншіден, интернеттегі интерактивті оқыту ресурстарының кең таралуымен.

Smart education қалыптастырудың негізі Web 2.0 технологияларын дамыту болды Facebook, YouTube, Twitter және блогтар сияқты адамдарға өздерінің интернет мазмұнын жасауға мүмкіндік береді.

Web 2.0 технологиясының мүмкіндіктерін педагогикалық практикада қалай қолдануға болады?

**Бұл сұраққа бірқатар жауаптар бар:**

✓ Оқу материалдарын еркін тарату үшін желілік қауымдастықтарды пайдалану («цифрлық білім беру» порталы ttp://www.digital-edu. ru/socnet / 101/, оң әдеттер мектебі http://www.positiveschl.ru/);

✓ оқу материалдарын өз бетінше жасау;

**Андатпа:** Бұл мақалада цифрлық әлемде педагогтің моделін қалыптастырудың өзекті мәселелері, шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеу нәтижелері, ЮНЕСКО стандартында берілген педагогтердің цифрлық құзырлылығын қалыптастыру өлшемдері педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытумен байланыстырылып, келтірілген. Сонымен бірге цифрлық дәуірде заманауи цифрлық құралдар мен білім беру платформаларының жылдам өзгерісіне сәйкес педагогтің осы ортаға бейімделу мүмкіндіктері қарастырылады.

**Аннотация:** В данном статье рассматриваются актуальные вопросы, связанные с развитием моделей педагогов в цифровом мире, представлены результаты исследований, проведенных как международными, так и отечественными учеными, а также рассмотрены механизмы измерения оценки сформированности цифровых компетенции учителей в соответствии со стандартами ЮНЕСКО с целью оценки развития профессионаьной компетентности педагогов. Кроме того в нем исследуются вопросы о возможностях адаптации педагогов к цифровой эпохе в условиях быстрого развития современных цифровых инструментов и образовательных платформ..

**Abstract:** This article discusses current issues related to the formation of models of teachers in the digital world, the results of research by foreign and domestic scientists, measurement mechanisms for the formation of digital competencies of teachers in the UNESCO standard in order to test the professional competence of teachers. Questions about the possibilities of adaptation of teachers in the digital era with the rapid pace of development of modern digital tools and educational platforms are also considered.

Білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау жағдайында педагогтің кәсіби құзырлылығын қалыптастыруға біршама өзгерістер енгізіледі. Сонымен бірге цифрлық технологиялар мен білім беру платформаларының үздіксіз өзгерісі педагог біліктілігінің үнемі арттырып отыру қажеттігін білдіреді. Ол келесі факторлармен сипатталады:

- *Цифрлық технологиялардың динамикалық түрде жедел дамуы.* цифрлық технологиялардың тез дамуына сәйкес педагогтің бейімделе алуы;

- *Цифрлық әлемге педагогтің дайындығы*. Күнделікті өмірде барлық салада цифрлық технологиялар қолданылуда. Сондықтан кез келген адамнан цифрлық дағдыларды қажет етеді. Ал мұғалімдер оқушыларды цифрлық сауаттылыққа, ақпараттық қауіпсіздікке және технологияларды тиімді пайдалануға үйретуде шешуші рөл атқарады.

- *Білім берудің икемділігі мен қолжетімділігі:* цифрлық технологиялар географиялық аймақтан тыс оқуға мүмкіндік береді, әсіресе, бұл пандемия кезінде қашықтан оқыту арқылы

анық байқалды. Педагогтер Интернетте білім беру ресурстарын құруға және оқытуды басқаруға дайын болуы керек.

- *Дербес оқыту*: цифрлық құралдар оқу сапасын және оның нәтижелерін жақсарта отырып, білім беру процесін оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Педагогтер дербес оқытудың оқу жоспарларын құру үшін құралдарды қалай қолдану керектігін білуі керек.

- *Оқыту процесін ұйымдастыруды жетілдіру*: цифрлық ресурстар мен технологиялар интерактивті сабақтарды, виртуалды экскурсияларды, сарапшылармен өзара әрекеттесуді және т.б. мүмкіндіктер береді. Бұл білім беру тәжірибесін байытады және оқыту процесін қызықты етіп, ұйымдастыра алуы керек.

- *Деректерді талдау және білім беру сапасын арттыру*: цифрлық құралдар оқыту деректерін жинауға және талдауға мүмкіндік береді, бұл білім беру бағдарламаларының тиімділігін арттыруға сәйкес әдістерді таңдай алуы керек.

- *Педагогтердің кәсіби дамуы*: педагогтер заманауи білім беру талаптарына сай кәсіби міндеттерін орындау үшін цифрлық педагогика саласындағы дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Келтірілген факторлар заманауи оқушылардың сапалы білім алуы үшін цифрлық әлемдегі педагогтің моделін қалыптастырудың өзектілігін айқындайды.

Цифрлық әлемдегі педагогтің моделін жасау үшін ЮНЕСКО стандарты мен педагогтердің цифрлық құзырлылығының Еуропалық моделі (DigCompEdu2.1.) және «Педагог» кәсіптік стандартында берілген цифрлық құзыреттілікті дамыту дағдылары негізге алынды.

ЮНЕСКО стандартында мұғалімдердің цифрлық құзырлылығын қалыптастыру технологиялық сауаттылыққа, білімді тереңдету мен қалыптастыруға негізделген тәсілдер матрицаларға (саясат және ұстаным, білім беру бағдарламасы және бағалау, АКТ, педагогика, ұйымдастыру және басқару, мұғалімнің кәсіби дамуы) бөліп, оқу мақсаттары мен мұғалімнің дағдысына негізделіп берілген [1].

Еуропалық модель 3 негізгі бағыт аймағында, атап айтқанда, оқыту мен оқу процесінде цифрлық технологияны қолдануды жетілдіру, цифрлық трансформациялауға қажетті дағдыларды дамыту және цифрлық білім беруге талдау мен жобалауға негізделген [2].

Қазақстандық «Педагог» кәсіптік стандартында орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін цифрлық құзыреттілікті дамыту келесі дағдыларды қалыптастырумен, яғни пәнді беру әдістерін, оқытудың заманауи технологияларын, оның ішінде, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу процесінде қолдануды біле отырып, пәндік салаларда цифрлық білім ресурстарын және кәсіби қызметте цифрлық технологияларды қолдана алатындығымен сипатталады [3].

Жоғарыда берілген стандарттар негізінде цифрлық әлемдегі педагогтің моделін қалыптастырудың мазмұны 5 модуль аясында құрастырылады:

1. Цифрлық сауаттылық: Мұғалім заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын, оның ішінде компьютерлік бағдарламаларды, бұлтты қызметтерді, әлеуметтік желілерді және коммуникацияларды білуі керек.
2. Инновациялық білім беру: Мұғалім цифрлық ресурстарды, онлайн курстарды және басқа да білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеп, енгізуі керек.
3. Оқытуды даралау: Мұғалім мәліметтерді талдау және оқытудың дербестендірілген әдістерін қолдана отырып, білім беру процесін әрбір оқушының қажеттіліктеріне қарай бейімдей алуы керек.
4. Онлайн байланыс: Мұғалім цифрлық кеңістікте оқушылармен және олардың ата-аналарымен, соның ішінде электрондық пошта, бейнеконференция және ақпарат алмасу платформалары арқылы тиімді әрекеттесе алуы керек.
5. Ақпараттық қауіпсіздік: Мұғалім құпия деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және деректерді қорғау туралы заңдар мен ережелерді сақтауы керек.

Берілген модульдер арқылы педагогте келесі дағдылар қалыптасуы қажет:

- базалық дағдылар (деректерді талдау, машиналық оқыту, мобильді оқыту, жасанды интеллект, программалау, IT-жүйелер архитектурасы, киберқауіпсіздік);
- коммуникациялық дағдылар (эмоционалдық интеллект, командамен жұмыс, әлеуметтік желілер, желілік этика, презентация арқылы сөйлеу мәдениеті, желілік қауымдастықпен тәжірибе алмасу);
- арнайы дағдылар (ақпаратты іздеу,өңдеу және талдау, обьектіге бағдарланған программалау, ақпараттық гигиена, бұлттық сервистер, медиасауаттылық);
- кәсіби дағдылар (нейропрограммалау, үлкен деректермен жұмыс, мобилъді қосымшалар мен цифрлық контенттер құру, роботтандырылған процестерді басқару).

Заманауи педагог келтірілген дағдыларды қалыптастыруда олардың үздіксіз кәсіби құзыреттілігін арттыру қажеттігі туындайды, себебі цифрлық индустрияның дамуына сәйкес электрондық оқыту, гибридтік оқыту, мобильді оқыту, машиналық оқыту түрлері де дамып келеді.

Аталған тұжырымдамалық идеялар «Үздіксіз кәсіптік педагогикалық білім берудің қазіргі жай-күйіне зерттеу жүргізу және Lifelong Learning Teacher (педагогтің үздіксіз білім беруі) Тұжырымдамасын әзірлеу» жобасы негізінде жүзеге асырылды.

Заманауи цифрлық технологиялар мен білім беру процесін цифрландыру тез қарқынмен дамып келеді. Соңғы уақытта бұл өзгерістер оқу процесінде қолданылып келе жатқан технологиялық инновациялармен сипатталады. Келтірілген өзгерістер оқытуда қолданылатын технологиялармен мен әдістердің және тәсілдердің түбегейлі жаңаруымен түсіндіріледі. Бұл процесс педагогтің кәсіби дағдысына жаңа талаптардың қажеттігін айқындайды.

Бұл қажеттілікті шешу үшін оқу процесінде цифрлық технологияларды қолдану бойынша педагогтің стандартын жасауға мүмкіндік береді. Стандарттың мазмұны педагогте XXI ғасырдың базалық дағдыларын қалыптастырумен бірге креативтік қоғамда педагогтің кәсіби қызметінің өзгерісіне қосымша импульс беруді қамтамасыз етеді.

Білім беруді цифрландыру қолжетімділікті арттырады және педагогтің өз бетінше кәсіби траекториясын дамытуға мүмкіндік береді, қала және ауыл мектептеріндегі мұғалімдерінің білімдік бейімділігін теңестірумен қатар әлемдік аренаға жол ашады. Осыған байланысты цифрландырудың тез қарқынмен дамуы жаһандық трендке айналды. Дүние жүзінде 35 миллиард құрылғы бар, бұл үнемі деректерді құруға және алмасуға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш әлем халқының санынан 5 есе көп. Мұның барлығы мектептегі білім беру жүйесінің цифрландыру процестерінің жаһандық деңгейге қатысуын айқындайды.

Сондықтан Қазақстанда мектептегі білім беруді цифрландыру оны реформалау үдерісіндегі жетекші тенденциялардың бірі болып табылады. Мектептердің болашаққа деген көзқарасы көбінесе барлық пәндердің бұлтты оқыту жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Негізгі мәселе онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар, ашық білім беру мазмұны, әрбір білім алушыға икемді және жеке көзқарасын ашық, айқын білдіре алатындығымен сипатталады. Оқушылар үй тапсырмасын онлайн түрде орындай алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық-компьютерлік орталықтарға айналуда. Бүкіл оқу процесі әрбір білім алушының ID-нөмірімен байланыстырылады деп жоспарлануда, бұл балл қоюға және рейтингтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогтердің цифрлық білім беру ресурстары жүйесін пайдалану және қолдану құзыреттілігін біз білім беру жүйесінде цифрлық оқыту идеясын жүзеге асырудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз, өйткені оның табыстылығы мен тиімділігі, бірінші кезекте мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің қалыптасуымен айқындалады.

Педагогтердің цифрлық құзырлылығын қалыптастыру үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- дәстүрлі және цифрлық оқытуды сабақтастыру жолдарын анықтау;

- шетелдік және отандық тәжірибелерді негізге ала отырып, білім беру жүйесіне цфрлық оқытуды енгізудің тиімді индикаторларын айқындау;

- ЮНЕСКО стандарты негізінде педагогтердің цифрлық құзырлылығын қалыптастыру индикаторларын жасау;

- оқу процесінде цифрлық технологияларды қолдану бойынша педагогтің құзырлылық деңгейін анықтау;

- педагогтің құзырлылығын әрбір деңгейдің талаптарына сәйкес тапсырмалар жасау.

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында заманауи педагогтің құзыреттілігін қалай қалыптастыру керек деген сауалға жиі тап боламыз. Заманауи педагог өзінің кәсіби қызметінде дәстүрлі әдістермен қатар АКТ құралдарының мүмкіндіктерін пайдаланады және бұл жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіші болып табылады. Ал педагогтердің біліктілігін арттырудың дәстүрлі жүйесінде курстарды ұйымдастыру сызбасы білім беруді цифрландыру үдерісінің талаптарына толық жауап бермейді, сәйкесінше жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі де қалыптаспаған. Сондай-ақ педагогтердің өз бетінше кәсіби дамуы үшін виртуалды орта қалыптаспаған.

Педагогтердің цифрлық құзырлылығын қалыптастыру бойынша келесі проблемалар айқындалды, ол:

*біріншіден,* педагогтердің психологиялық тұрғыдан дайын еместігі.

*екіншіден,* біліктілікті арттыру жүйесінде бірыңғай ақпараттық жүйенің құрылмауы. Осыған байланысты біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтердің даярлаудың көпвекторлық жүйесі құрастырылды. Бұл жүйенің құрылуы педагогтердің цифрлық құзырлылығын қалыптастырудың негізі болып табылады, әрі цифрлық технологияларды меңгеру бойынша үздіксіз біліктілігін арттырумен сипатталады.

*үшіншіден,* білім беруді цифрландыруды жүзеге асыруда цифрлық ресурстардың үздіксіз пайда болуы. Бұл проблеманы шешу барысында шетелдік тәжірибеге талдау жасалып, ЮНЕСКО стандарты негізінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру нормасы ескерілді. Мұғалімдердің АКТ қолданудағы құзыреттілік деңгейлерін қалыптастыру үшін матрицалық байланыс жасалды. Бұл оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу негізінде мұғалімнің кәсіби бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*төртіншіден,* бұл цифрлық білім беру ресурстарын, цифрлық оқытудың мазмұнын қамтамасыз ету мәселесі. Осыған байланысты цифрлық білім беру ресурстары мен бейнеконтент құру, робототехника және STEM технологиялары бойынша педагогтердің цифрлық құзырлылығын айқындалады.

Еуропалық стандарт негізінде Блум таксономиясы арқылы цифрлық әлемде педагогтердің моделін деңгейлеп қалыптастыру матрицасы 1-кестеде берілген.

1-кесте. Блум таксономиясына сәйкес цифрлық әлемде педагогтердің моделін деңгейлеп қалыптастыру матрицасы

| Деңгейлері | Кәсіби тұрғыдан қызығушылық таныту | Цифрлық ресурстар | Оқыту және оқу | Бағалау | Оқушылардың мүмкіндігін кеңейту | Оқушылардың цифрлық құзырлылығын дамыту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| С2 жаңашыл | Кәсіби іс-әрекеттегі инновация | Цифрлық ресурстарды пайдаланудағы ынталандыру | Оқытудағы инновация | Бағалаудағы инновация | Оқушыларды жаңашылдыққа баулу | Оқушылардың цифрлық құзырлылығын дамытуға негізделген инновациялық әдістерді қолдану |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| C1 көшбасшы | Талқылау және жаңарту | Озық ресурстар мен стратегияларды жан-жақты қолдану | Педагогикалық тәжірибелерді стратегиялық мақсатта жаңарту | Цифрлық бағалау стратегияларын сыни тұрғыдан талдау | Оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейту | Оқушылардың цифрлық құзырлылығын жан-жақты және сыни тұрғыдан дамыту |
| B2 сарапшы | іс-тәжірибесін жақсарту | Интерактивтік ресурстарды стратегиялық бағытта қолдану | Оқыту мен оқудың тиімділігін арттыру | Цифрлық бағалаудың стратегиялық және тиімді қолдану | Оқушылардың мүмкіндігін кеңейту үшін құралдар жиынтығын стратегиялық тұрғыдан қолдану | Оқушылардың цифрлық құзырлылығын стратегиялық тұрғыдан дамыту |
| B1 интегратор | Кәсіби іс-әрекетін кеңейту | Цифрлық ресурстардың оқыту мазмұнына сәйкестігі | Цифрлық ресурстар мен сабақтастыра алуы | Дәстүрлі бағалауды жетілдіру | Оқушылардың мүмкіндігін кеңейтуді қамтамасыз ету | Оқушылардың цифрлық құзырлылығын дамыту бойынша іс-шаралар өткізу |
| A2 зерттеуші | Цифрлық мүмкіндіктерін зерделеу | Цифрлық ресурстарды үйрену | Оқыту мен оқудың цифрлық стратегиялларын үйрену | Цифрлық бағалау стратегия ларын үйрену | Оқушыға бағытталған стратегияларды үйрену | Оқушылардың цифрлық технологияларды қолдану аясын ынталандыру |
| A1 бастапқы | Хабардар; анық білмейді; базалық деңгейде қолдану | | | | | |

1-кестедегі мәліметтерді негізге ала отырып, цифрлық әлемде педагогтің үздіксіз кәсіби даму трактoриясын ұсынамыз (2-кесте).


2-кесте. Цифрлық әлемде педагогтің үздіксіз кәсіби даму траекториясы

| Дамуы | | Меңгеру деңгейі |
|---|---|---|
| A1 бастапқы | Білімді тереңдету үшін Интернет мүмкіндіктерін аз қолданады | Мен өз білімімді немесе дағдыларымды тереңдету үшін интернетті сирек қолданамын. |
| A2 зерттеуші | Білімді тереңдету үшін Интернет мүмкіндіктерін қолданады | Мен интернетті пәндік немесе педагогикалық білімімді тереңдету үшін қолданамын. |
| B1 интегратор | Үздіксіз кәсіби даму мақсатында Интернеттің, цифрлық технология мүмкіндіктерін қолданады | Мен кәсіби дамуым үшін қажетті оқу курстарын және басқа да іс шараларды (мысалы, конференция) іздеу үшін Интернеттің мүмкіндіктерін қолданамын |
| B2 сарапшы | Онлайн режимде үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктерін үйренеді | Мен интернетті кәсіби даму үшін қолданамын, мысалы, онлайн курстарға, вебинарларға қатысу немесе цифрлық оқу материалдары мен бейне сабақтарымен танысу. Мен кәсіби дамуымның ақпараттық көзі ретінде кәсіби онлайн қауымдастықтарда формальды және формальды емес пікір алмасуды қолданамын. |
| C1 көшбасшы | Үздіксіз кәсіби даму мақсатында стратегиялық тұрғыдан Интернетті және цифрлық технологияларды қолданады | Мен онлайн оқыту мүмкіндіктерін зерттеймін және даму қажеттіліктеріме, оқу стиліме және уақыт шектеулеріне сәйкес таңдаймын. Мен онлайн-тренингтерге белсенді қатысамын және |

| | | |
|---|---|---|
| | | оларды жетілдіруге өз үлесімді қосамын, сонымен қатар әріптестеріме кері байланыс беру арқылы цифрлық технология құралдарын дұрыс таңдау жасауға көмектесемін. |
| С2 жаңашыл | Әріптестерінің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін Интернетті және цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолданады | Мен цифрлық технологияларды, жасанды интеллект құралдарын әріптестеріме оқытудың инновациялық әдістері бойынша кеңес беру үшін қолданамын, мысалы, кәсіби қауымдастықтарда, жеке блогтар немесе олар үшін цифрлық оқу материалдарын әзірлеуге ықпал етемін. |

Сонымен, педагогтердің цифрлық құзырлылығын айқындау мақсатында келесі тапсырмалар ұсынылады:

1. Цифрлық ортада педагогтің кәсіби қызметін өзгерту үшін алынған білімдерді пайдалануды айқындау мақсатында берілген бейнелерге сәйкес XXI ғасыр технологияларының атауын ? таңбасының орнына жазыңдар.




2. Оқушылардың қалыптастырушы және жиынтық бағалауда цифрлық ресурстарды қолдана алуы үшін **WOOCLAP** веб-сервисі арқылы түрлі форматта сауалнамалар мен тест тапсырмаларын құрастырыңыз.

(https://www.wooclap.com/)

3. Сабақты өткізу барысында оқушыларға кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыру үшін қандай цифрлық сервистерді пайдаланған тиімді?

**A. Quizizz**
**B. Google form**
C. Viber
**D. Kahoot**

4. Мұғалім Информатика пәнінен 6 сыныпта «Сымсыз желілер» тақырыбын түсіндіреді. Сабақта оқушыларға осы тақырып бойынша презентация жасау тапсырмасын береді. Оқушылар тапсырманы орындап отырған кезде жарық өшіп қалды. Бұл жағдайда оқушыларға қандай программада жұмыс жасау тиімділігі ұсынады?

A. MS Powerpoint
**B. Google Презентация**
C. Prezi
D. Canva

Кейс тапсырмалар педагогтің цифрлық құзырлылығын қалыптастырудың алғышарттары болып табылады.

Физика пәні мұғалімдері үшін цифрлық ресурстар топтамасы ұсынылады:

https://www.pasco.com/subjects/highschool-physicshttps://www.pasco.com/resources/distance-learning#hs-physics-panelhttps://www.phywe.com/ru/eksperimenty-i-nabory/laboratornye-rabotyhttps://ljcreate.com/es/elearning/working-with-stem/

https://www.youtube.com/watch?v=kymtJ-l6ZLw – 8 сынып Электр тогының жұмысы мен қуаты

https://www.youtube.com/watch?v=YAWJgDqARrM – 8 сынып Ом заңы, Өткізгіштің кедергісі,Тоқ күші,Кернеу

https://uchitelya.com/fizika/142943-temy-proektov-po-fizike.html

http://vostrikov.dolgorukovo48.ru/index.php/197-temy-issledovatelskikhrabotpo-fizike

Сонымен, цифрлық әлемде педагогтің моделі ЮНЕСКО мен Еуропалық стандарт пен «Педагог» кәсіптік стандарттары негізінде тұжырымдалып, берілді. Ұсынылған модель Блум таксономиясына негізделіп, матрица ретінде айқындалды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. ЮНЕСКО Мұғалімдердің АКТ-құзырлылығын қалыптастыру / http://ru.unesco.kz/unesco-ict-competency-framework-for-teachers-version-3
2. Европейская рамка цифровой компетенции педагога //https://www.etf.europa.eu/sites/default/files/2023-07/DigCompEdu_RU.pdf?destination=/translated-content/documents%3Fsuccess
3. «Педагог» кәсіптік стандарты// https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36333005#sub_id=0
4. Колыхматов, В.И. Профессиональное развитие педагога в условиях цифровизации образования. – учебно-метод.пособие – Спб.; ГАОУ ДПО «ЛОИРО», 2020. – 135 с.
5. 2023-2024 жылдарға арналған әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2023 /https://uba.edu.kz/storage/app/media/2023%20%D3%98%D0%9D%D0%A5/%20%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%2028%2008%202023.pdf


## МЕХАНИЗМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЯ ИНФОРМАТИКИ: РОЛЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ


**Надирова Ф.К.**

магистр «ВТиПО», учитель информатики КГУ СШ №169 им. Н.Илялетдинова, пос.Жанакорган, Кызылординская обл.,Казахстан



**Аннотация:** В статье говорится о влиянии совершенствования профессиональной компетентности современного учителя информатики на формирование и развитие ключевых компетенций обучающегося. В современном обществе, требующем высокообразованных специалистов, высокие требования предъявляются качеству образования. Большое внимание в статье уделяется анализу понятий компетентность и компетенции, рассматриваемых учеными педагогами с различных точек зрения. Автор приходит к выводу, что компетентность педагога играет важную роль в профессиональном становлении будущих учителей информатики. В процессе практических исследований в рамках развития профессиональной компетентности углубляются теоретические знания учащихся, формируются их педагогические умения, навыки и профессионально-личностные качества, развиваются педагогическое мышление, творческая активность и самостоятельность.

**Андатпа:** Мақалада информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуға әсері туралы айтылады. Жоғары білімді мамандарды қажет ететін қазіргі қоғамда білім сапасына жоғары талаптар қойылуда. Мақалада ғылыми ұстаздар әр түрлі көзқарас тұрғысынан қарастырған құзіреттілік пен құзыреттілік ұғымдарын талдауға көп көңіл бөлінген. Мұғалімнің құзыреттілігі болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келеді. Тәжірибелік зерттеу процесінде кәсіби құзіреттілікті дамыту шеңберінде оқушылардың теориялық білімдері тереңдетіліп, олардың педагогикалық шеберлігі, іскерліктері мен кәсіби және тұлғалық қасиеттері қалыптасады, педагогикалық ойлауы, шығармашылық белсенділігі мен дербестігі дамиды.

**Abstract:** The article deals with the influence of improving the professional competence of a modern computer science teacher on the formation and development of key competencies of a student. In modern society, which requires highly educated specialists, high demands are made on the quality of education. Much attention in the article is paid to the analysis of the concepts of competence and competencies, considered by educational scientists from different points of view. The author comes to the conclusion that teacher competence plays an important role in the professional formation of future teachers of informatics. In the process of practical research within the framework of professional competence development, students' theoretical knowledge is deepened, their pedagogical skills, skills and professional and personal qualities are formed, pedagogical thinking, creative activity and independence are developed.

Современное образование сталкивается с растущим спросом на компетентных учителей информатики, способных не только транслировать знания, но и внедрять новые технологии в учебный процесс. Механизмы обеспечения компетентности учителя информатики играют ключевую роль в формировании качественного образования и развитии информационного общества.

К новым слагаемым компетентности современного учителя информатики необходимо отнести умения:

− содействовать созданию единой образовательной информационной среды образовательного учреждения;

− осуществлять «диалоговое взаимодействие педагогов в сетевых сообществах», повышать квалификацию с помощью телекоммуникационных образовательных технологий и т.д. (сетевая компетентность);

− осуществлять медиа-образовательную деятельность в аудитории различного возраста;

− реализовывать информационно-аналитическую деятельность; − проводить, обрабатывать и анализировать результаты социологических исследований в системе образования;

− осуществлять эвристическую, инновационно-маркетинговую деятельность;

− участвовать в бизнес-процессах, развивая свою организационно-управленческую культуру;

− осуществлять деятельность в области управления процессами информатизации образования;

− реализовывать программы раннего обучения информатике [1].

Уровень ИКТ-компетентности учащихся напрямую зависит от деятельности преподавателей информатики. Квалификация учителя влияет на уровень компетентности учеников: чем выше квалификация учителя, тем выше ИКТ-компетентность его учеников.

Одним из основных механизмов обеспечения компетентности является высококачественная профессиональная подготовка будущих учителей информатики. Образовательные программы должны включать в себя актуальные темы, связанные с информационными технологиями, программированием, цифровой грамотностью и методиками обучения информатике.

Введение компетенций в нормативную и практическую составляющую образования позволяет решать проблему, типичную для казахстанских школ, когда ученики могут хорошо овладеть набором теоретических знаний, но испытывают значительные трудности в деятельности, требующей использования этих знаний для решения конкретных жизненных задач или проблемных ситуаций. Особое внимание в последнее время уделяется ключевым компетенциям. В настоящее время не существует общепринятого определения компетенции. Общим для всех определений является понимание ее как способности личности справляться с самыми различными задачами. Новым вызовам образования, новым запросам и ожиданиям подростков должны соответствовать новые компетенции педагогов. Причем развитие образования вызывает необходимость выделить в их деятельности две особые группы компетенций (сторон их профессионализма) [2]. Во-первых, это компетенции общекультурного содержательного характера — универсальные образовательные — свои и направленные на других. Здесь, конечно же, особую роль играет информационная

компетентность учителя — компьютерная грамотность плюс умение вести поиск информации, использование и оценка информации, владение технологиями компьютерных коммуникаций, умение осваивать и использовать возможности информационных технологий для решения проблем. Во-вторых, компетенции методического характера, собственно профессиональные — педагогические компетенции, обеспечивающие сопровождение индивидуального и группового развития детей. Значимость ключевых в современном образовании качеств, таких как инициативность, предприимчивость, независимость, способность быть индивидуальностью, жить по своим критериям, можно рассматривать как условие необходимости развития научно-исследовательской компоненты инновационной деятельности, как в школах, так и в вузах [4].

Компетентность – «уже состоявшееся личностное качество (совокупность качеств) ученика и минимальный опыт деятельности в заданной сфере», т. е. владение «учеником соответствующей компетенцией». Компетенция – владение, обладание человеком соответствующей компетентностей, включающей его личностное отношение к ней и предмету деятельности [7]. И.В. Соколова отмечает, что термин «компетенция» может быть использован, с одной стороны, для определения границ области деятельности специалиста в системе образования и, с другой стороны, для обозначения суммы знаний, которыми владеет специалист, а «компетентность» – для оценки качества деятельности специалиста [6].

1. Учебно–познавательные компетенции – это умения: ставить цель и организовывать её достижение, уметь пояснять свою цель; организовывать планирование, анализ, рефлексию, самооценку своей учебно-познавательной деятельности; ставить познавательные задачи и выдвигать гипотезы; выбирать условия проведения наблюдения или опыта; выбирать приборы и оборудование; описывать результаты, формировать выводы; выступать о результатах своего исследования с использованием ИКТ; иметь опыт восприятия картины мира.

2. Информационные компетенции – это умения: владеть навыками работы с различными источниками информации – книгами, учебниками, справочниками, энциклопедиями, каталогами, электронными носителями информации, работа в Internet; самостоятельно искать, анализировать и отбирать необходимую для решения учебных задач информацию, организовывать, преобразовывать, сохранять и передавать её; ориентироваться в потоках информации, уметь выделять в них главное; уметь осознанно воспринимать информацию, распространяемую по многочисленным каналам СМИ; применять для решения учебных задач информационные и телекоммуникационные технологии – аудио и видеозапись, электронную почту, Internet.

3. Коммуникативные компетенции – это умения: представить себя устно и письменно, написать анкету, резюме, письмо, поздравление; уметь представлять свой класс, школу, страну в режиме диалога культур; владеть способами взаимодействия с окружающими людьми и событиями; выступать с сообщениями, уметь задавать вопросы, корректно вести учебный диалог; владеть способами совместной деятельности в группе; иметь позитивные навыки общения в поликультурном, полиэтническом обществе.

4.Общекультурные компетенции – это умения: владеть знаниями и опытом выполнения типичных социальных ролей; иметь представления о системах социальных норм и ценностей в Казахстане и других странах, иметь осознанный опыт жизни в многонациональном обществе; действовать в сфере трудовых отношений в соответствии с личной и общественной пользой, владеть этикой трудовых и гражданских взаимоотношений.

5. Ценностно-смысловые компетенции – это умения: формулировать собственные ценностные ориентиры; владеть способами самоопределения в ситуациях выбора на основе своих позиций; уметь принимать решения, брать на себя ответственность; осуществлять индивидуальную образовательную траекторию.

6. Социально–трудовые компетенции – это владение знанием и опытом: в сфере гражданско-общественной деятельности; в социально-трудовой сфере; в вопросах экономики и права; в области профессионального самоопределения.

7. Компетенции личностного самосовершенствования предполагают: непрерывность саморазвития и самопознания; освоение способов деятельности в собственных интересах и возможностях; формирование культуры мышления и поведения; забота о собственном здоровье [3]. Существует трёхуровневая иерархия компетенций:

1) ключевые компетенции – относятся к общему (метапредметному) содержанию образования;

2) общепредметные компетенции – относятся к определённому кругу учебных предметов и образовательных областей;

3) предметные компетенции – частные по отношению конкретных учебных предметов. С позиций компетентностного подхода основным непосредственным результатом образовательной деятельности является формирование ключевых компетенций. Названы они так, потому что являются своего рода ключом к успешной жизни человека в обществе. Практика показывает, что на формирование этих компетентностей у обучающихся в наибольшей степени нацелены следующие современные образовательные технологии:

1. Проектная и исследовательская деятельность как средство всестороннего развития ребёнка.

2. Внедрение ИКТ как мощного средства добычи и переработки информации.

3. Нестандартные, в том числе интегрированные уроки как средство развития творчества, креативности мышления и социализации личности.

4. Индивидуальные образовательные технологии:

а) создание ситуации успеха для каждого ученика,

б) индивидуальная работа с одарёнными детьми.

Цель исследования – определить систему ключевых компетенций школьника и способы их формирования; выявить и обосновать педагогические условия формирования ключевых компетенций учащихся через реализацию творческих проектов с использованием ИКТ на занятиях образовательной области «Технология» в основной школе. Экспериментальная работа была связана с использованием ИКТ на занятиях образовательной области «Технология» в основной школе для формирования ключевых компетенций учащихся. Например, магистрантом–учителем информатики – Козловым А.Г. была разработана и экспериментально проверена система формирования ключевых компетенций учащихся основной школы, в рамках которой: определены уровни ключевой компетенции познавательной деятельности и даны рекомендации по их освоению в основной школе (на предметном материале курса истории); выявлены дефициты ключевых познавательных компетенций и определены их причины, предложены способы организации педагогической деятельности по их устранению; предложены методы диагностики учебных достижений с учетом ключевых компетенций; разработаны диагностические материалы, позволяющие определять качество ключевых познавательных компетенций учащихся 6 - 9 классов. Были разработаны технологии проектирования содержания занятий образовательной области «Технология» в русле компетентностного подхода, включающей: критерии отбора и принципы построения содержания занятий, уровни построения содержания занятий, средства и способы реализации компетентностного подхода в обучении школьников основной школы, определены состав и структура субъективного опыта школьника основной школы, раскрыт перечень входящих в него компетенций, выявлены особенности создания образовательной среды занятий образовательной области «Технология», отвечающей компетентностному подходу, разработаны методические рекомендации по реализации предлагаемой модели содержания образования на уровне учебного предмета. На современном этапе информатизации образования использование средств ИКТ на занятиях образовательной области «Технология» открывают новые возможности, как перед учителем, так и перед учащимся [5].

Быстрое развитие информационных технологий требует от учителей информатики постоянного обновления своих знаний. Учитель должен активно участвовать в

профессиональных курсах, семинарах и мастер-классах, чтобы быть в курсе последних трендов и передовых методик преподавания.

Создание среды поддержки и сотрудничества среди учителей информатики играет ключевую роль в развитии их компетентности. Обмен опытом, совместные проекты и обсуждение педагогических проблем способствуют профессиональному росту и повышению квалификации педагогов.

Использование инновационных образовательных технологий, таких как онлайн-курсы, вебинары, образовательные платформы и интерактивные уроки, помогает учителям информатики создавать увлекательные и эффективные учебные процессы. Эти технологии способствуют развитию креативности и самостоятельности у учеников.

Систематическая оценка работы учителя информатики и обратная связь со стороны учеников, коллег и руководства помогают выявлять сильные стороны и области для улучшения. Постоянный анализ своей деятельности позволяет учителям совершенствовать свои методы обучения и повышать свою компетентность.

Механизмы обеспечения компетентности учителя информатики играют важную роль в образовательном процессе. Стремление к постоянному обновлению знаний, использование инновационных методик и обмен опытом помогают создавать качественное образование, соответствующее современным требованиям информационного общества. Учителя информатики играют ключевую роль в формировании цифровой грамотности и подготовке будущих профессионалов в области информационных технологий.

**Список использованных источников**

1. Гершунский, Б.С. Философия образования для XXI века. — М.: Интер-Диалект, 2001.

2. Гудкова, Т.А. Формирование информационной компетентности будущего учителя информатики в процессе обучения в вузе: Дис.... канд. пед. наук: 13.00.08. — Чита, 2007.

3. Можаров, М.С. Формирование профессиональной мобильности будущего учителя информатики // Педагогическая информатика. — 2009. — №3.

4. Мудракова О.А. Проблемы развития ИКТ-компетентности учителей информатики путем использования электронных ресурсов образовательного назначения при повышении квалификации– Майкоп: АГУ, 2012 – 90-95с

5. Мудракова О.А. Традиционные и инновационные процессы в образовании: научно-исследовательская деятельность учителя. 2012. № 9 (109). С. 148-151

6. Нефедова Л.А., Ухова Н.М. Развитие ключевых компетенций в проектном обучении // Школьные технологии. - 2006. -№ 4.- с.61.

7. Хуторской, А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования/ А.В. Хуторской // Ученик в обновляющейся школе. - М.: ИОСО РАО, 2002.

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Нұрымқызы А.**
№200 мектеп-гимназия директоры,
Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Цифрлық революция өзімен бірге қазіргі заманның түрлі қиындықтарына төтеп беру құралдарын алып келді. Кез келген салада цифрлық технологиялар мен құралдарды шебер пайдаланатын адамның интеллектуалдық еңбегінің өнімділігі айтарлықтай артады. Бұл білім беру саласына да қатысты. Мақалада оқу үдерісі барысында оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру процесінде цифрлық оқыту мен ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтары қарастырылады. Заманауи педагогикадағы цифрлық оқыту мен ақпараттық технологиялардың рөлі бағаланады, оның педагогикалық білім беруде қолданылатын артықшылықтары талданады.

**Аннотация:** Цифровая революция принесла с собой инструменты для решения различных проблем современности. В любой сфере значительно возрастает интеллектуальная продуктивность

человека, умело использующего цифровые технологии и инструменты. Это относится и к сфере образования. В статье рассматриваются преимущества использования цифровых технологий обучения и информационных технологий в процессе формирования у студентов информационно-коммуникативных навыков в ходе образовательного процесса. Оценивается роль цифрового обучения и информационных технологий в современной педагогике, анализируются их преимущества в педагогическом образовании.

**Abstract:** The digital revolution has brought with it tools to solve various problems of our time. In any field, the intellectual productivity of a person who skillfully uses digital technologies and tools increases significantly. This also applies to the field of education. The article discusses the advantages of using digital learning technologies and information technologies in the process of forming students' information and communication skills in the course of the educational process. The role of digital learning and information technologies in modern pedagogy is assessed, their advantages in teacher education are analyzed.

Қазіргі жаһандану кезеңіне қадам басқан заманауи қоғамға тән қасиеттің бірі - әрбір 72 сағат сайын екі еселенетін ақпараттың үлкен ағыны деуге толық негіз бар. Демек, кез келген білім беру ұйымдарындағы білім мен тәрбие беру құрылымын қазіргі заман талабына сай ұйымдастыру, дайындау және ұсыну уақыт талабына сай болуы керек. Ал білім беру ұйымдарындағы басты тұлға - мұғалімнің негізгі құзыреттерінің бірі кәсібилік қана емес, цифрлық құзыреттілікті де қамтуы тиіс.

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде цифрлық оқыту мен ақпараттық технологияларды қолдануға көп көңіл бөлінуде. Олардың көмегімен мәтінді, графиканы, дыбыс пен бейнені біріктіретін электронды оқулықтарды, интерактивті ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға болады.

Білім беру кеңістігінде цифрлық оқыту мен ақпараттық технологияларды дамыту кәсіби білім берудің жетекші мақсаты болып табылады, бұл ертеңгі жарқын болашағымызды құратын оқушыларымыздың келешекте жоғары білікті маман болу жолында бәсекеге қабілетті қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқушының жеке қабілетін ескере отырып, оқу-тәрбие үрдісінде цифрлық оқыту мен осыған негізделген ақпараттық технологияларды қолдану білім беру ұйымдарының, оның ішінде мектеп ұжымының орталық міндеті болып табылады [1, б. 9].

Қазіргі еңбек нарығы жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттілігін тудырып отырғаны баршаға аян, осыған байланысты білім беру кеңістігінде инновациялық технологияларды пайдалану үдерісі қарқынды жаңартылуда. Қазіргі таңда кез келген салаға цифрлық технологиялармен жұмыс істей алатын мамандар қажет. Ал цифрлық оқыту арқылы ақпараттық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерге негізделген білімнің алғашқы іргетасы ең әуелі білім ошақтарында қаланады. Осыған сай негізгі орта мектептердің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі – оқушылардың теориялық білімді меңгеруі ғана емес, сонымен қатар ақпараттық технологияларды қолдана алуы, ақпаратты өз бетінше шығарып, талдай алу қабілетін дамыту болып табылады.

Ертеңгі еліміздің тұтқасын ұстайтын өскелең ұрпақтың кемел келешегі үшін еліміздің барша білім беру ошақтары цифрлық оқыту мен ақпараттық технологияларды кеңінен таратуы қажет деп ойлаймын.

Ендігі мәселе цифрлық оқыту мен ақпараттық технологияларды қолданудың мәні мен мақсатын айқындауға келіп тоқталады. Алдымен цифрлық оқыту түсінігіне тоқталып өтейік. Цифрлық білім беру технологиялары – сабақ көрнекілігін қамтамасыз ететін электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі. Цифрлық технологияларды қолданудың мақсаты – білім беру үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыру, сонымен қатар оқушыларымызды табысты әлеуметтендіру.

Білім беру жүйесіндегі цифрлық технологиялардың соңғы кездердегі қарқынды даму себептерін көптеген зерттеушілер білім берудегі жүктеменің азаюымен және өзіндік жұмыс үлесінің артатындығымен байланыстырады. Сондықтан білім беру сапасын сақтау және арттыру мақсатында оқушылардың білім алуы мен тәрбиесіндегі олқылықтарды дер кезінде

жою жұмысын көздей отырып, мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін цифрлық білім беру технологиялары белсенді түрде енгізілуде.

Дәстүрлі оқыту құралдарын цифрлық технологияларды қолданумен презентация, компьютерлік ойындар және интерактивті жаттығулар түрінде үйлесімді үйлестіру оқушылардың оқуға деген ынтасын айтарлықтай арттырып, сол арқылы оқу уақытын қысқартады.

Оқушыларға білім беру жүйесіндегі цифрлық оқыту мен ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- Тапсырмалар мен оқу материалдарын орындаудың ұтқырлығын арттыру;
- Оқушылардың ынтасын арттыру;
- Оқу процесін дараландыру;
- Материалдардың көрнекілігін арттыру;
- Мұғалімнің жедел кері байланысын жүзеге асыру;
- Оқушыларға тапсырманы орындағаннан кейін бірден нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Цифрлық оқыту жүйесін құрайтын ақпараттық технологиялар қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан көптеген ғалымдардың айтуынша, олар оқу процесіне оңай кіріктіріледі, өйткені оқушылар өз өмірінде әртүрлі электронды құралдарды қолдануға дағдыланады және бұл оларға әртүрлі технологиялармен жұмыс істеуді жеңілдетіп қана қоймайды, оларға электронды құралдар мен жаңа ақпаратты оңай қабылдауға және материалдарды оңтайлы игеруге мүмкіндік береді.

Цифрлық оқытуға негізделген жаңашыл технологиялар оқу үдерісін саралауға, оны әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес құруға, дайындық деңгейіне сәйкес тапсырмалар беруге және сол арқылы білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдарды қолдану оқушының оқу процесінің белсенді субъектісіне айналуына жағдай жасауға ықпал етеді. Тіпті, енжар оқушының өзі сабақты пассив қабылдау деңгейінен белсенді қабылдау әрекеттеріне көшеді және тапсырмаларды орындау үшін өзге оқушыларға үлкен ынтамен қосылады.

Оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу және пайдалану мәселелерін Г.Қ. Нұрғалиева, С.С. Құнанбаева, Е.И. Бидайбеков, Д.М. Джусубалиева, Е.В. Артықбаева, Ж.К. Нұрбекова, М.Қ. Нұрғалиев, А.Е. Сағымбаева, А.Т. Чакликова, А.И. Тәжіғұлова, Л.А. Шкутина және т.б. сынды қазақстандық ғалымдар қарастырды [2, б. 15].

Білім беруді ақпараттандыру саласындағы зерттеулер Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем бойынша әлі де өзекті болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі болашақ мұғалімдердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге дайындығы мәселелеріне, сондай-ақ электрондық оқулықтар, цифрлық білім беру ресурстары және мультимедиялық оқыту бағдарламалары сияқты цифрлық білім беру мазмұнын дамыту мәселелеріне байланысты үлкен маңызға ие.

Оқушылардың жаңа буыны қазіргі заманғы ақпарат көздерін, цифрлық білім беру технологияларын, ақпараттық технологияларды, олардың тұлғалық өсуі үшін виртуалды коммуникация құралдарын көбірек басшылыққа алуда, өйткені оқу ақпаратын цифрлық түрде беру оқушыға кешенді әсер етеді. Нәтижесінде оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, білім деңгейінің шеңбері кеңейеді, білім сапасы жақсарады, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс жақсарады.

Кәсіби педагогикадағы ақпараттық технологиялар арқылы цифрлық оқыту айтарлықтай жас сала болғанына қарамастан, өте қарқынды дамып келеді. Цифрлық оқыту білім берудің барлық деңгейлерінде – негізгі орта мектептерде, жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісіне белсенді түрде енгізілуде. Сонымен қатар, білім беруді ақпараттандыру және интернет-технологиялар білім берудің жаңа түрі – қашықтан оқытудың қарқынды дамуына әкелді, бұл қазіргі уақытта білім беруді ақпараттандырудың ең жоғары дәрежесі болып табылады [3, б. 25].

Қазіргі таңда кәсіптік білім беру саласы мамандарының пікірінше, заманауи мұғалім оқу процесін жүргізу үшін заманауи ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық құрал-жабдықтарды пайдалана білуі керек.

Профессор Д.М. Джусубалиеваның айтуынша, болашақ мұғалімдердің бірқатар құзыреттіліктерін қалыптастыруда цифрлық технологиялардың көмегі зор, оның бірі цифрлық құзыреттілік. Ғалымның пікірінше, педагогтардың сабаққа қажетті ақпаратты таба білуі, оны құрылымдауы және оқу мазмұнын сабаққа дайындауы – білім сапасын арттырудың бір факторы.

Цифрлық оқыту оқушылардың ақпараттық дағдыларын қалыптастыру саласындағы перспективті бағыт болып табылады. Оқушылардың оқу процесінде компьютерлік технологияны еркін пайдалана алуы алуан түрлі ақпаратты жылдам іздеу және қарапайым қабылдау сынды оқушы тұлғасының қарқындылығын арттыра түседі. А.К. Көптеловтің айтуы бойынша, жаһандық ауқымда белсенді дамып келе жатқан жаңа инновациялық технологияларға негізделген цифрлық оқыту жақын арада IT саласының мүмкіндіктері туралы түсінігімізді түбегейлі өзгертеді.

Цифрлық технологияларды қолдану оқу үдерісін мінсіз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ең перспективалы және кеңінен қолданылатын цифрлық технологиялардың бірі - бір құрылымға біріктірілген ақпаратты ұсыну құралдарының кең ауқымын біріктіретін цифрлық білім беру ресурсы. Бұл білім беру ресурсы бойынша мәтіннің, графиканың, бейне және аудио тректердің, интерактивті жаттығулар мен тест сұрақтарының кезектесуі ақпаратты ең көрнекі және оңай қабылданатын түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды қолдана оқытуда ақпаратты ұсынудың тағы бір түрі – презентация. Жалпы қабылданған мағынада презентация көпшілік алдында сөйлеуге арналған демонстрациялық материал болып табылады. Компьютерлік презентация – бұл тақырып пен дизайнның жалпы принциптерімен біріктірілген, логикалық байланыста слайдтар тізбегі ретінде дайындалған құжаттар жинақталған файл. Презентация көрнекілігі арқылы өткізілетін сабақтың өте қызықты болатынына күмән жоқ. Себебі, оқушылар бірсарынды сабақтан жалығып кетуі мүмкін. Ал түрлі-түсті дизайн арқылы құрылымдалған презентациялық сабақ оқушылардың тақырыпты меңгеруге деген ынтасын арттырып, құлшынысын оятады. Мұғалім үшін де ақпараттық технологияның озық үлгілерін қолдану өте тиімді. Күрделі әрі ұзақ уақытты талап ететін тақырыптың өзін ақпараттық технология нәтижесімен оқушыларға ықшамдап беруге болады. Қысқа да нұсқа немесе нақты әрі ықшам сабақ оқушылар үшін қашан да қызық екеніне дау жоқ.

Цифрлық оқытудағы тағы бір тәсіл - цифрлық технологиялардың мультимедиа түрінде қолданылуы. Мультимедиялық құралдардың әдістемелік күші оқушының дыбыстық және көрнекі бейнелердің біртұтас ағынын қабылдағанда оның қызығушылығы мен білім алуын жеңілдететіндігінде. Оқу ақпаратының электронды түрде ұсынылуы әсіресе электронды оқулықтарда жақсы ұсынылған, өйткені электронды оқулықтар оқушыларға пәнді өз бетінше оқуға мүмкіндік беретін дербес дидактикалық оқу құралы ретінде қарастырылады. Бұл әсіресе қашықтықтан оқыту курсында белсенді қолданылады [4, б. 16].

Жоғарыда айтылғандардың барлығына байланысты педагогикалық өзара әрекеттестік моделін анағұрлым органикалық форматқа жақындату үшін оқу-тәрбие процесінің құрылымы мен мазмұнының дидактикалық, әдістемелік және коммуникативтік құрамдас бөліктерін бүгінгі заман балаларының қабылдауына сай келетіндей жетілдіру қажет екені белгілі болды. Сол үшін де дәстүрлі оқыту үдерісін жаңартуға, оқушылардың, әсіресе жасөспірімдердің қызығушылығын, эмоционалдық және коммуникативті белсенділігін оятуға мүмкіндік беретін цифрлық оқыту мен ақпараттық технологияларға негізделген білім беру үдерісін құру бүгінгі білім беру саласы үшін үлкен сұранысқа ие.

Цифрлық оқыту білім берудің көптеген салаларында тиімді және нәтижелі оқыту тәсілі ретінде көбірек қолданылуда. Цифрлық оқыту мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруды, қашықтықтан оқытуға дайындығын қамтамасыз етуді, қайта даярлауды және т.б. кәсіби біліктіліктерін арттыруды талап етеді. Профессор Е.В.Артықбаеваның пікірінше, цифрлық

оқыту педагогикалық және инфокоммуникациялық технологияларды біріктіруге негізделген, сонымен қатар оқытудың дербес түрі болып табылады [5, б. 14].

Цифрлық оқытудың қосымша жалпы артықшылықтары ретінде синхронды заманауи коммуникация пішімдерін (мысалы, жедел хабар алмасу, чаттар, бейнеконференциялар), сондай-ақ асинхронды байланыс (мысалы, электрондық пошта және форумдар) арқылы әлеуметтік оқытуды ілгерілетуді қамтитындығын айтуға болады.

Қорыта айтатын болсақ, білім беру саласындағы жаңа жетістік болып табылатын жетілдірілген цифрлық оқыту мен ақпараттық технологиялар еліміздің бүкіл білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етті. Білім беру саласындағы басты тұлғалар - мектеп мұғалімдерін цифрлық дағдыларға баулу және цифрлық құзыреттіліктерін дамыту өте маңызды, өйткені бүгінгі заманның балалары кез келген жаңа технологияның құлағында еркін сөйлейді және оларды цифрлық технологияларды пайдалана отырып оқыту оларды оқу процесіне ынталандыратыны анық.

Осылайша, білім беру жүйесіндегі цифрлық оқыту мен ақпараттық технологиялар өскелең ұрпаққа қазіргі қоғамдағы өмір мен еңбекке қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге ықпал етеді. Оқушыларға ақпарат ағынына бейімделуге, халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруға, 21 ғасыр дағдыларын меңгеруге үлес қосатын цифрлық оқытудың рөлі осы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Джусубалиева, Д.М. Роль информационных технологий в образовании [Текст]// Международный форум по информатизации образования. - Алматы, 2002. - с.75-78.
2. Джусубалиева Д.М., Мынбаева А.К., Сері Л.Т., Тахмазов Р.Р. Цифровые технологии в иноязычном образовании. Дистанционное обучение: Учебно-методическое пособие. - Алматы, 2019. - 252 с.
3. Мямешева Г. Добродетель в современном смарт-мире // Bulletin KazNU. «Pedagogical science» series. - 2015. - #1 (44). - с.152-157.
4. Каракозов С.Д., Уваров А.Ю. Успешная информатизация - трансформация учебного процесса в цифровой образовательной среде // Проблемы современного образования. 2016. №2. С. 7-19.
5. Артыкбаева Е.В. Теория и технология электронного обучения в общеобразовательной школе. (Дисс., д.п.н. 13.00.02- Алматы, 2010).- 332 с.


## РОБОТОТЕХНИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ


**Нурчаева Н.М.**
Абай атындағы ҚазҰПУ, МФИ институты, 7М01507-информатика, магистрант, 2-курс, Алматы, Қазақстан
**Жунисова Б.Ж.**
Мақсұт Жылысбаев атындағы №14 мектебі, Меркі ауданы, Қазақстан



**Аңдатпа:** Мақалада негізгі оқушылардың жобалық іс-әрекетін дамыту қажеттігі атап көрсетіліп, білім беру мекемесінің мұғалімдерін арасында сауалнама алынды. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында журналдардан, интернет сайттарынан, педагогикалық және әдістемелік еңбектерден, оқу бағдарламаларынан деректер жинау арқылы теориялық талдау әдісі және сауалнама арқылы сандық зерттеу әдісі қолданылды.

**Аннотация:** В статье рассматриваются необходимость развития проектной деятельности, а также проведено анкетирование среди учителей образовательного учреждения. В ходе проведения исследования использовался метод теоретического анализа и количественный метод при обработке результатов анкетирования. Метод теоретического анализаосуществлялся путем сбора данных из журналов, интернет-сайтов, педагогических и методических работ.

**Abstract:** The article discusses the need to develop project activities and also conducted a survey was conducted among teachers of the educational institution. During the study, the method of theoretical analysis

and a quantitative method were used to process the results of the survey. The method of theoretical analysis was carried out by collecting data from magazines, Internet sites, pedagogical and methodological works.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Осы орайда білім беру саласында жобалық іс-әрекеттерді дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, жобалық іс-әрекет білім алушылардың шығармашылық және жаңашыл, инновациялық қабілеттерін дамытумен сипатталады, олардың болашақ кәсіби қызметінде қажет болатын практикалық дағдыларды қалыптастырады [1]. Яғни, оқушылар жаңа білімді меңгертіп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынасқа түсу, проблемаларды шешу, топпен жұмыс істеу, сыни ойлау, шығармашылықпен айналысу сияқты практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан мектептері үш деңгейлі оқыту жүйесінде жұмыс атқарады. Бірінші деңгей-бастауыш білім беру (1-4 сыныптар), екінші деңгей-негізгі орта буын (5-9 сыныптар), үшінші деңгей- жоғарғы сыныптар (10-11 сыныптар). Осы орайда негізгі мектеп оқушыларына назар аударатын болсақ, олар 5-9 сыныптар аралығында жасөспірімдік шақта болып саналады. Бастауышты аяқтап, 5-сыныпқа көшкен оқушыға бұл шақ балалықтан есеюге бет бұратын күрделі кезеңмен сипатталады. Бұл кезеңде баланың маңызды құндылықтарын, қызығушылықтары мен өмірге көзқарастары қалыптасады. Баланың оқуға қызығушылығы басылып, жан-жағына еліктеген шағында оқушы бойында жобалық іс-әрекетін дамыту ерекше маңызды. Оқушыны жобалық жұмыстарға тартатын болсақ, онда оқушының мектеп қабырғасында берілетін білімге, оқылатын пәндерді игеруге қызығушылығы артады ма? деген сұрақ туындайды. Өкінішке орай, мектептерде мектепішілік немесе аудан, облыстық, республикалық жобалық жұмыстар жүргізілсе де, оған қатысатын бала саны аз болуда.

Зерттеу жұмысының мақсаты негізгі мектеп оқушыларының жобалық іс-әрекетін дамытудың маңыздылығы мен оқушының жобалық іс-әрекетін дамытуда робототехниканы оқытудың әсері барын зерттеу.

Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаты – жан-жақты білімді, белсенді және табысты, өз қызметін өз бетінше ұйымдастыра алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Баланың өздігінен білім алу үдерісінде берілген білімді меңгеретін оқыту тәсілі қажет. Бұл ретте зерттеу элементтері бар жобалық іс-әрекеттер ерекше маңызға ие.

Жоба сөзі латынның projectum сөзінен, proicere етістігінен шыққан, «іс-әрекетке дейін» деген мағынаны білдіреді, ол өз кезегінде pro-, уақыт бойынша басқа нәрседен бұрын болатын нәрсе және icere, «істеу» деген сөзден шыққан. Сонымен, «жоба» сөзі бастапқыда «іс-әрекетке дейін» деген мағынаны білдіреді. Ағылшындар бұл сөзді қабылдаған кезде, бұл жоспардың нақты орындалуын емес, тек бір нәрсеге арналған жоспарға сілтемені білдірген. Жобада жасалған нәрсе «нысан» деп аталған.

Жоба – оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Сондықтан оқушылардың жобалық іс-әрекеті қазіргі педагогикада өзекті бола түсуде. Жобалық іс-әрекет білім алушылардың шығармашылық және жаңашыл, инновациялық қабілеттерін дамытумен сипатталады, сонымен қатар олардың болашақ кәсіби қызметінде қажет болатын практикалық дағдыларды қалыптастырады. Сонымен қатар оқушының барлық білім алу дағдылары қалыптасады. Олар: қазіргі педагогикадағы күрделі тұлғалық қасиеттер, оның ішінде өзара байланысқан білім, дағдылар, құндылықтар, сондай-ақ оларды кез келген жағдайда қолдану дағдылары. Өз бетінше жұмыс жасап, өзіндік шешім қабылдау барысында оқушының ой еңбегінің мәдениеті жақсы қалыптасады.

Жобалық әдістің мәні оқушы нақты мәселелерді шешуге бағытталған топтық жұмыс жүйесіне кіріктірілгендігінде. Оқушы жобалау, талдау, зерттеу және т.б. жұмыстарды орындай отырып, тиісті жұмысты орындау жолдарын меңгеруге мүмкіндік алады.

Бұл орайда оқушы меңгеруге қажетті дағдылар:

1. Шығармашылық ойлау: Жобамен жұмыс істейтін оқушылар әдетте жаңа және ерекше нәрсе жасау үшін өздерінің қиялдары мен шығармашылығын пайдалану мүмкіндігіне ие болады;

2. Топта жұмыс істеу: Оқушылар топпен жұмыс жасайды, бұл олардың топта жұмыс істеу, өзара әрекеттесу және басқалардың пікірін құрметтеу дағдыларын дамытуға көмектеседі;

3. Дербес даму: Жобалық іс-әрекетпен айналысқан оқушылар әдетте жобаның тақырыбын және оны қалай жүзеге асыру керектігін таңдау еркіндігіне ие болады, бұл дербестік пен жауапкершілікті дамытуға көмектеседі;

4. Білімдерін толықтыру: Жобалармен жұмыс істеу оқушыларға таңдаған тақырыпты тереңірек ашуға және осы саладағы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді;

5. Шабыт алу: Жобалық іс-әрекетке қатысатын оқушылардың оқу үдерісіне деген ынтасы және қызығушылығы артады;

6. Жоспарлау және уақытты басқару: жасалған жобалық жұмысқа баға бере алады және жоба жұмысын орындау жоспарын ұстану арқылы уақытын жоспарлай алады;

7. Қарым-қатынасқа түсу: өз ойын анық және ашық жеткізуге, басқа қатысушыларды тыңдап, пікірімен санасуға үйретеді:

8. Жаңа дүниені меңгеру: жаңа бағдарламалар мен құрылғыларды, техникаларды тез меңгеру және бейімделу мүмкіндігі туады. Оқушылардың жобалық іс-әрекет дағдылары – жоба жұмысын жоспарлау, оны ұйымдастыру мен бағалау үшін қажетті дағдылар мен білімдер.

Білім беру саласы оқушылардың оқу-танымдық қызметін нәтижеге бағыттау мақсатында жобалық әдісті қолдану идеясына негізделеді. Жобалық іс-әрекет блум таксономиясының ең жоғарғы «Бағалау» деңгейінің тапсырмасы болып табылады. Сол себепті оқушының білімін бөлім бойынша бағалау тапсырмасын ұйымдастыруда жоба арқылы бағалау да ұсынылады.

Жобалық жұмыстарды орындау барысында оқушылар әдетте топта жұмыс істейді, ол дегеніміз білім алушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын, ұйымдастырушылық және жоспарлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Мектеп жасындағы балалар үш топқа бөлінеді: бастауыш сынып оқушылары (6-10 жас), орта сынып (11-14 жас), жоғары сынып оқушылары (15-18 жас). Әрбір топтың өзіндік ерекшеліктері бар және оларды жобалық тапсырмаларды беру барысында ескеру керек.

Сонымен қатар мектеп қабырғасында жобалық жұмыстарды жүргізу үшін үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонент есебінен 4, 5-11 - сыныптары үшін «Робототехника», 8, 9-сыныптары үшін «3D-модельдеу», 6, 8-11 сыныптары үшін «Python тілінде программалау» элективті курстарын жүргізу ұсынылады [2]. Сабаққа қосымша тәрбиелік тұрғыдан да кітапқа қызығушылығын арттыратын, дебат қозғалыстары, мектеп парламенті, театрланған қойылымдар, жылыжайлар мен көгалдандыру сияқты көпдеген жобалық жұмыстар жүргізіледі. Әр жыл сайын мектепішілік, аудандық, облыс көлемінде және республика көлемінде әр пәнге байланысты түрлі жобалық тапсырмаларды орындауға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады. Оның бірі 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсы, 8-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауы (ғылыми жарыстар).

Қазіргі уақытта Қазақстан мектептерінде білім берудің жаңа сатысына бастау алған. Қазіргі кезде инфрақұрылымдық дамыту, жаңартылған білім мазмұнына көшу басты басымдықта тұр. Ақпараттың, техниканың қарқынды дамыған замадында білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» өзгертуді қажет етеді. Сондықтан XX ғасырдың 80-ші жылдары әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері білімді орталыққа дәлдеуден - практикалық-бағдарланған білім беруге бет алды [3]. Осы тұста мектеп қабырғасында оқушыларды робототехника үйірмелеріне қатыстырып, жоба жұмыстарын жасату арқылы оқушының жобалық іс-әрекетін дамытуға болады. Себебі, оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасуға мүмкіндіктері болады, жеке және топта жұмыс істейді, алған теориялық білімдерін практикада қолданады, өздері жоба жұмысын ойлап шығарып, соны құрастыра алады [1]. Оқушылар үйірмелерге қатысу арқылы аудандық, облыстық, республикалық және халық аралық жарыстарға қатысуға мүмкіндік алады. Атап айтқанда:

- "RoboSpace": робототехникадан Қазақстанның колледждері мен мектеп оқушыларының арасында ұйымдастырылатын ұлттық олимпиадасы;
- "RoboCup": әртүрлі елдердің командалары қатысатын роботтардың халықаралық конкурс-фестивалі. Қазахстанда бұл конкурс "RoboCup Asia-Kazakhstan Open" атымен өткізіледі;
- "LEGO League": әлемнің әртүрлі елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да өткізілетін орта мектеп оқушыларының халықаралық байқауы;
- "Techno Robot League": Қазақстанда орта мектеп оқушыларына арналған робототехникадан ұлттық жарысы;
- "Робофестиваль": Қазақстанда осы саланы оқушылар мен студенттер арасында кеңінен насихаттау және дамыту мақсатында өткізілетін робототехника фестивалі.


Бұл жобалық байқаулар мен олимпиадаларға қатысу оқушылардың қабілеттерін дамытуға, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге, ЖОО-ға немесе жұмысқа түсу кезінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Жоба жұмысы оқушының сыни ойлауына, функционалдық сауаттылығына, әлеуметтік және шығармашылық дағдыларының дамуына және оқушылардың жобалық іс-әрекеті қалыптастырады.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында теориялық талдау әдісі (журналдардан, кітаптардан және интернет сайттарынан, зерттеу тақырыбы бойынша педагогикалық және әдістемелік еңбектерді, оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарынан деректер жиналды) және сауалнама арқылы сандық зерттеу әдісі қолданылды. Мектеп оқушыларының жобалық іс-әрекеттерін дамытудың маңыздылығын анықтау мақсатында білім беру мекемелерінің бірінің 154 оқытушысынан сауалнама алынды. Сауалнама Google Forms-сервисінде жасалып, сауалнамаға жауап беру ерікті түрде жүргізіліп, сауалнамаға қатысушылардың аты-жөнінің құпиялылығы сақталды.


Сауалнамаға қажетті ақпараттар алдын ала дайындалып, оқушының жобалық іс-әрекетін дамытудың маңыздылығын анықтау үшін қосымша сұрақтар қойылып, жалпы 10 сұрақтан тұратын сауалнама жасалды. Сауалнама Google-онлайн сервисінде жасалып, мессенжер арқылы сілтемесі мұғалімдер чатына жіберілді. Сауалнамаға 154 мұғалім жауап берді.

Сауалнамаға қатысушылардың 54,5%-ы жобалық іс-әрекет дағдылары оқушының дамуына жақсы әсер етеді десе, 45,5%-ы қалыпты іс-әрекет ретінде қабылдайды. Сауалнамаға қатысушы 82,5% мұғалімдердің оқушылары жобалық жұмыспен айналысатындығы, ал қалған 17,5% мұғалімдердің оқушылары жобалық жұмыстарға тартылмағандығы анықталды (1-сурет).





*1-сурет. Сауалнамаға қатысушы мұғалімдердің оқушыларының жобалық жұмыстарға қатысу үлесі*

Мұғалімдердің 36,4%-ы жобалық жұмыспен айналысу оқушының білім сапасының артуына әсер етеді десе, 63,6%-ы дүние танымын кеңейтеді деп белгілеген (2-сурет). Сонымен қатар мұғалімдерден оқушының жобалық жұмыспен айналысудың күшті жақтары мен әлсіз жақтары сұрады, бұл орайда сауалнамаға қатысушылар түгел оқушының жобалық жұмыспен айналысуының әлсіз жағы жоқ деп жазған.




*2-сурет. «Жобалық жұмыспен айналысу оқушының біліміне қаншалықты әсер етеді?» деген сауалға жауап берушілердің үлесі*

Мұғалімдердің 38,3% «Жобалық тапсырмалар Блум токсономиясының қай деңгейіне жатады?» деген сұраққа «Бағалау» деңгейін таңдап дұрыс жауап берген, қалған 36,4% талдау, 25,3%-ы жинақтау деңгейі деп қате жауап берген (3-сурет). Бұл орайда жобалық жұмыстардың таным мен ойлау деңгейінің жоғарғы деңгейіне жататынын көбі біле бермейтінін аңғаруға болады.




*3-сурет. «Жобалық тапсырмалар Блум токсономиясының қай деңгейіне жатады?» деген сауалға жауап берушілердің үлесі*

Сауалнама нәтижесін талдау арқылы оқушының жобалық іс-әрекетін дамыту оқушының жеке қабілеттері мен дағдыларын дамыту мен қатар, білім сапасынада оң әсерін тигізетіндігін байқасақ болады.

Зерттеу нәтижесінен негізгі білім беру мектептерінде жобалық жұмыстар жүргізіліп жатқандығы байқалады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей 154 мұғалімнің ішінде 27 мұғалім оқушыларын жобалық жұмыстарға тартпайтындығы байқалды. Алайда сауалнамаға қатысқан мұғалімдер түгел оқушының жобалық іс-әрекетін қалыптастыру қажет деп санайды. Оқушының жас ерекшелігіне сай негізгі мектеп оқушыларын жобалық жұмыстармен айналыстыру қажет. Теориялық білімді беріп қана қоймай, оны өмірде қолдана алуға үйрету қажет. Осыдан оқушыларды робототехникадан жобалық жұмыстарға баулу арқылы топта жұмыс істеу барысында өз ойын жеткізе алу мен өзгенің ойымен санасуға, жоба жұмысының жоспарын құру арқылы алдына мақсат қоюға үйрете отырып болашақта өз таңдауын жасай алатын, өзіндік пікірі қалыптасқан тұлға қалыптастыруға болады деген тұжырым жасауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Шекербекова Ш.Т., Абдулкаримова Г.А., Арынова Г.С., Ербол А. «Білім беру робототехникасын оқыту барысында болашақ информатика мұғалімдерінің жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру»/мақала/Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Физика-математика ғылымдары»/сериясы №2(74)/ 77–85 бб./ 2021 ж.

2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ.

3. «2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ.

# ИНФОРМАТИКА ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ, МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Осимбаева А.К.**
Алматы облысы білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі №10 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Аңдатпа:** Мақалада информатика пәнін оқытудың маңызы жан-жақты баяндалған. Қазіргі ақпараттық заманда информатиканы жеткілікті меңгеру арқылы қол жеткізуге болатын мүмкіндіктер сараланып көрсетілген. Сонымен қатар информатика пәнін оқытудың өзіне тән ерекшеліктері сипатталып, оқыту әдістемесін жетілдіру мәселесіне ден қойылған. Автор оқушыларға информатика пәнін меңгерудің қаншалықты қажет екендігін түсіндіре отырып оқыту олардың оқу материалын жылдам игерулеріне септігін тигізеді деп санайды.

**Аннотация:** В статье подробно описана важность преподавания информатики. Возможности, которые могут быть достигнуты при достаточном владении информатикой, иллюстрируются конкретными примерами. При этом описываются характерные особенности преподавания информатики, а также рассматривается вопрос совершенствования методики преподавания. Автор считает, что обучение школьников путем разъяснения необходимости освоения предмета информатики поможет им быстрее освоить учебный материал.

**Abstract:** The article details the importance of teaching computer science. The possibilities that can be achieved with sufficient knowledge of computer science are illustrated with specific examples. At the same time, the characteristic features of teaching computer science are described, and the issue of improving teaching methods is also considered. The author believes that teaching students by explaining the need to master the subject of computer science will help them quickly master the educational material.

Педагогика ғылымына өзіндік үлесін қосқан Мағжан Жұмабаевтың білім беру саласына қатысты айтқан мына бір сөзі әрқашан жадыда болғаны жөн. «Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек». Ақынның сонау XX ғасырдың басында, осыдан дәл бір ғасыр бұрын оқыту процесіне байланысты айтқан сөзі бүгінгі күнмен де тікелей байланысты. Әр адам – өз заманының перзенті. Сол себепті жас буын өкілдері өз заманына сай білім алуы қажет. XXI ғасыр ақпараттық ғасыр болғандықтан оқушылардың информатика ғылымымен теориялық тұрғыда және іс жүзінде жете танысуы өте маңызды. Информатика ғылымы жайлы толыққанды мәлімет бере отырып, болашақта ғылымға, ақпараттандыру процесіне өзіндік жәрдемін тигізетін оқушы даярлап шығарсақ нұр үстіне нұр болар еді! Оқушылардың барлығы да информатика саласының қазіргі күндегі жетістіктерін меңгеруі маңызды болып саналады.

Информатика пәнін оқыту оқушылардың компьютерлік сауаттылықтарын және олардың бәсекеге қабілеттіліктерін арттыруда төмендегідей маңызға ие екендігін баса айтқымыз келеді: компьютердің құрылысын, жалпы ақпарат негіздерін және Word, Excel, PowerPoint, Corel draw, фотошоп және т.б. заманауи бағдарламаларында жұмыс жасай білудің алғышарттарын меңгерту, оқушылардың компьютерлік сауаттылықтарын арттыру, алған білімдерін өмірде қолдана білуге жаттықтыру. Информатика саласына қатысты негізгі ұғым-түсініктерді жан-жақты, терең түсіндіру және пән мазмұнында қамтылған теориялық мағлұматтарды күнделікті өмірде іс жүзінде пайдалана білуге баулу. Ақпараттық сауаттылықтарын арттыру, түрлі бағдарламалармен жұмыс істей білудің алғышарттарын үйрету. Информатика саласы тек қана информатиктерге қажет сала емес, кез келген мамандық иесі оны меңгеру арқылы көптеген жетістіктерге жете алатынын дәлелдеп көрсету. Информатиканың осындай өзекті мәселелері оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы, сауатты маман болуына, ақпараттық жүйені толық түсініп меңгеруіне ықпал етуімен ерекшеленеді.

Білім беруде сапалы нәтижеге қол жеткізудің бірнеше алғышарты бар. Атап өтер болсақ:

- білім алушының ниеті, ынта-жігері.
- өз пәнінің білгірі, шебер ұстаз.

- материалдық-техникалық база.

Білім алушының сабаққа зейін қойып, оны шын ықыласымен оқуына мұғалімнің ықпалы зор. Оқушының пәнді оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін сабақ мазмұны логикалық қисынды болып, түрлі әдіс-тәсілдерге негізделуі қажет. Біз қазір соның алғашқысына тоқталып өтелік. Мәселен оқушы пәннің қолданбалылық сипатын түсінуі қажет. Оқушы көкейінде бұл айтылған ақпараттар маған не үшін керек деген түйткілді сауал болмауы қажет. Ең алдымен информатика пәнінің, компьютерлік сауаттылықтың қазіргі таңдағы маңызы жан-жақты нақты мысалдар негізінде дәлелденіп көрсетілгені жөн. XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры, компьютердің заманы дейміз. Бұны егжей-тегжейлі түсіндірмей-ақ әр адам компьютердің қазіргі таңдағы атқаратын қызметін бес саусақтай біледі, онсыз еш жұмыстың бітпейтіндігі бәріне аян. Дегенмен оқушыларға бұл пәнді оқудың аса қажет екендігін белгілі критерийлер арқылы айқындап түсіндірген дұрыс. Қазір мектеп бағдарламасында оқытылып жатқан пәнге селқостық танытса, кейін соны ақылы курстар арқылы оқуға тура келетіндігін оқушы түсінуі қажет. Әр саланы былай қойғанда, бір ғана адамның өмірінде информатиканы оқудың, компьютерді меңгерудің қаншалықты тиімді жағы бар екендігі төмендегідей түрде көрсетілуі керек:

| | |
|---|---|
| БІЛІМ САЛАСЫНДА | • қашықтан оқыту технологиясын жүзеге асырады.<br>• білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану білім сапасын арттырады.<br>• қажетті ақпараттарды сақтау, өңдеу, тасымалдау қызметіне қол жеткіземіз.<br>• білім алуға қажетті дереккөздерді қолдану мүмкіндігі болады.<br>• білім беру ресурстарының дүние жүзілік мәліметтер базасына қол жеткізе аламыз.<br>• компьютерлік сауаттылығы, ақпараттық мәдениеті артады.<br>• түрлі олимпиада, конкурстарға қатыса алады.<br>• Түрлі бағдарламалар арқылы өз-өздерін жетілдіре алады. |
| ТҰРМЫСТА | • Жаңалықтарды естиді, ауа райын алдын ала біледі.<br>• Бос уақытын тиімді жоспарлайды.<br>• үйінде отырып, онлайн сауда жасап, уақыттарын ұтады. |
| БИЗНЕСТЕ | • өзінің сайтын жасап, онлайн бизнес түрін жандандыра алады.<br>• қазіргі таңда кассалық аппараттар компьютердің көмегімен қолданылады.<br>• бизнесті жоспарлау процесінде динамикалық қатарлардың маңызы зор екендігі.<br>• компьютердегі түрлі бағдарламаларды меңгеру арқылы өзгелерге түрлі ақылы қызмет көрсетуге болады. |

Әрине, компьютер арқылы қол жеткізетін мүмкіндіктер бұнымен ғана шектелмейді. Біз күнделікті өмірге қажетті маңызды ақпараттарды қамтуға тырыстық. Оқушылар компьютерлік сауаттылық мәселесінің шегі жоқ екенін білуі керек. Яғни мен бұл тақырып төңірегінде білдім дейтін емес, оны әрі қарай тереңірек меңгеру арқылы одан да зор мүмкіндіктерге ие болатыны түсіндіріледі. Мәселен,

- Пайдаланушы деңгейі: компьютерді іске қосу және сөндіру, дисплеймен, пернетақтамен жұмыс істей білу, ақпаратты енгізе білу, сақтау, өңдеуді меңгеру.
- Бағдарламашы ретінде пайдалану.
- Техник: компьютердің құрылысын, негізгі құрылғыларының қызметін біледі,

Пәнді оқытудың өзектілігі, мақсат-міндеті түсіндірілгеннен кейінгі мәселе оқушылардың қандай теориялық білім алып, қандай дағдыларының дамитындығы жөнінде қысқаша ақпарат беріп өткен дұрыс. Мәселен:

- Ақпараттың ұсынылуы, яғни ақпаратты күнделікті өмірде қолдана білу, түрлендіру, сақтау және тарату.
- Алгоритмдер және бағдарламалау. Алгоритмдер арқылы адам қызметін автоматтандарудың мүмкіндіктері. Алгоритмдерді жазу, есептер шығару, нәтижелерін талдау.
- Компьютер және оны бағдарламалық қамтамасыз ету;
- Ақпараттық технологиялар: мәтіндік, графикалық редакторлармен жұмыс.
- Әлеуметтік информатика: ақпараттық технологиялардың қоғамдағы маңызы мен ақпараттық қауіпсіздіктің кейбір мәселелері.

Міне, осы аталғандар пәннің мазмұны болып табылады. Бастауыш сыныптан бастап жоғары сыныпқа дейін осы аталып көрсетілген бөлімдер бойынша концентрлі жүйемен қарапайымнан күрделіге дейін қағидаты бойынша білім беріледі.

Сабақ құрылымына келетін болсақ, өзге де пәндер сияқты информатика пәнінде жұптық, топтық, жеке, жаппай және ұжымдық оқыту сияқты оқу формалары қолданылады. Ал компьютермен жұмыс сабағында келесідей оқу формаларын пайдаланамыз.

- Көрсету (демонстрациялау формасы);
- Жаппай зертханалық жұмыс;
- Практикалық сабақтар (жаттықтыру).

Сабақты дәріс, семинар, тәжірибелік сабақ, зертханалық сабақ,ойын сабақ, экскурсия т.б. түрінде ұйымдастыра аламыз. Оқыту формалары мен әдістерін таңдау нәтижеге бағытталуы қажет және бұл ұстаздың педагогикалық шеберлігінің бірден-бір кепілі болып саналады.

Информатика пәнін оқытудың маңыздылығы, өзектілігі, қолданбалылық сипаты аса жоғары. Қазіргі таңда информатика пәнін жете меңгеру әрбір адам баласына үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Сол себепті оқушылардың ерте бастан ақпараттық мәдениеттерін қалыптастырып, компьютерлік сауаттылықтарын арттыра білуіміз қажет. Ол үшін сабақтың құрылымы мен мазмұны дұрыс ұйымдастырылып, белгілі модульдерге негізделген тақырыптар жүйелі түрде түсіндірілуі керек. Педагогикалық оқыту технологияларының тиімді әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдана білу оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіре түспек. Пән мазмұнын теориялық тұрғыда түсіндіру қандай маңызды болса, оны тәжірибе жүзінде көрсету, практикалық жұмыстар арқылы дағдыларын дамыту одан екі есе басымдыққа ие болады. Сол арқылы оқушылардың компьютер бағдарламаларын меңгеруінің негізін, алғашқы білімнің іргетасын қалаймыз.

Бағдарламалау – қазіргі таңдағы нағыз сұранысқа ие қызметтің түрі. Оқушыларға бағдарламалау тілі мен жалпы жүйесін меңгерту арқылы олардың бәсекеге қабілеттіліктерін арттыра түсеміз. Сол үшін әр ұстаз әрібір баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, пәнді теориялық-тәжірибелік тұрғыдан игеруіне атсалысуы қажет. Оқытудың озық технологиялары мен тиімді әдіс-тәсілдерін таңдай білу, сабақ барысында ұтымды қолдана білу, соның нәтижесінде өз пәні бойынша жүйелі, сапалы білім беру әр ұстаздың мойнындағы жауапкершілігі зор іс.

Ендігі мәселе мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Оқытудың озық технологияларын өз сабағында тиімді қолдану мәселесі өзекті. Педагогикалық оқыту технологияларының арасында жиі қолданылатындары төмендегілер болып келеді:

1. Модульдік оқыту технологиясы;
2. Қашықтықтан оқыту технологиясы;
3. Ақпараттық технология;
4. Оқытудың ынтымақтастық технологиясы;
5. Іскерлік ойын технологиясы;
6. Жобалау технологиясы;
7. Деңгейлеп саралап оқыту әдісі;
8. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;
9. Тірек сызбамен оқыту технологиясы;
10. Блум таксономиясы т.б.

Информатика пәнінде бұл аталған оқыту технологияларын тиімді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, белсенділік танытуларына жол ашады. Пәнді теориялық тұрғыда меңгеріп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге ұмтылады. Компьютерлік сауаттылықтары артып, компьютерде жұмыс істеу дағдылары дамиды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. IEA халықаралық есебі «Сандық ғасырдағы өмірге дайындау: ICILS компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы халықаралық зерттеу», (2014).

2. Қойбағарова Т.Қ., Ельтинова Р.А. Информатиканы оқыту әдістемесі. Павлодар: ПМПИ, 2013. -195 бет.
3. Искакова Л., Беркутов Ә. Информатиканы оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесі. - Шымкент, 2003.
4. Беркутов Ә. Компьютер оқу жүйесінде. - Шымкент, 1996.
5. О.Камардинов. Информатика 1-2 бөлімдері. - Шымкент, 2003.
6. Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары. - Алматы, 2005 жыл.
7. Занков Л.В. Наглядность и активизация в обучении. Москва: Учпедгиз, 1960 год.
8. А.Шәріпов. Информатика. Алматы, «Қазақ университеті», 1992 жыл.
9. М.Қ. Байжұманов, Л.Қ. Жапсарбаева. Информатика. Астана, 2004 жыл.
10. «Информатика» журналдары.
11. Ғаламтор материалдары.

# БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ

**Садуакасова Г.К.**
Информатика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Тарбағатай ауданы бойынша білім беру бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі» КММ,
Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан

**Андатпа:** Болашақ информатика мұғалімінің мобильді қосымшаларды пайдалануға дайындығын қалыптастырудың және білім беруде белсенді әдіс-тәсілдердің маңыздылығы мен тиімділігі қарастырылады. Белсенді тәсіл көптеген ақпаратты есте сақтауға және оқудың жаңа, соның ішінде жобалық, шығармашылық, зерттеушілік түрлерін игеруге мүмкіндік береді. Мобильді қосымшаларды қолдану технологиясы оқу процесінің сапасын және оқушылардың материалды игеру дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

**Аннотация:** Рассматривается важность и эффективность формирования готовности будущего учителя информатики к использованию мобильных приложений и активных методов и приемов в образовании. Активный подход позволяет запоминать большое количество информации и осваивать новые, в том числе проектные, творческие, исследовательские формы обучения. Технология использования мобильных приложений позволяет повысить качество учебного процесса и степень усвоения материала учащимися.

**Abstract:** The importance and effectiveness of the formation of the readiness of the future computer science teacher to use mobile applications and active methods and techniques in education are considered. An active approach allows you to remember a lot of information and master new types of learning, including Project, Creative, Research. The technology of using mobile applications makes it possible to increase the quality of the educational process and the degree of assimilation of the material by students.

Өмірлік белсенділігі ақпараттық ағындар мен технологияларға байланысты қазіргі қоғамның өзгерген қажеттіліктері информатиканың ғылыми білімнің қарқынды дамып келе жатқан іргелі саласы ретіндегі рөлінің артуымен байланысты. Сондықтан мектепте информатиканы оқыту әдістемесін түзету, болашақ информатика мұғалімдерін даярлаудың барабар жүйесін құру, олардың АКТ-құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты.

Болашақ информатика мұғалімінің интерактивті оқыту құралдарын пайдалануға дайындығы мобильді қосымшаны дұрыс пайдалануды қамтамасыз ететін мұғалімнің дағдылары мен тәжірибесінің қарқынды дамып келе жатқан жүйесі болып табылады.

Дайындық құрылымы келесі компоненттерден тұрады: оқу үрдісіндегі мобильді қосымшаның орны туралы білу, мобильді қосымшаны қолдана отырып, оқытуды жүзеге асыру әдістерін білу.

1. Мобильді қосымша-бұл әр түрлі әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін платоформада орнатылған бағдарлама. Мобильді қосымшаларды қолдану технологиясы оқу процесінің сапасын және оқушылардың материалды игеру дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді. Өйткені оқушыларға мобильді құрылғылармен білім алған ұнайды. Оқушыларға белсенді әдіс-тәсілдер арқылы мобильді қосымшаларды қолданып, сабақты ұғымды, қызықты өткізуге көмектеседі және оқушының оқуға деген ынтасы артады.

2. Мобильді оқытуды енгізу қазіргі заманғы мобильді құрылғылардың кең ауқымды функцияларының арқасында мүмкін болды. Олар: дауыстық байланыс, графикалық алмасу, хабарлама алмасу, интернет –браузерлер және т.б оқытудың тиімділігін арттыру үшін мобильді қосымшаларды пайдалану.

Көптеген мұғалімдер үшін мобильді оқыту технологиялары жақында зерттеу мен қолданудың маңызды бағыттарының біріне айналды. Бүгінгі таңда мобильді оқыту көптеген білім беру ұйымдары үшін стратегиялық тақырып болып табылады. Құрылғылар мен қосымшалардың жаңа түрлерінің пайда болуы білім беруді өзгертеді, сондықтан мобильді оқытуды енгізу мәселесі туындады.

Мобильді құрылғылардың көмегімен сыныпта айтылған оқу материалдарын тереңірек түсіну үшін қосымша материалды оңай таба алады.

Болашақ информатика мұғалімдерін даярлау процесі біртіндеп жүреді және келесі принциптерді ескере отырып ұйымдастырылған:

- оқу процесін осындай ұйымдастыруды қарастыратын дараландыру, ұйымдастыру формаларын, оқыту әдістері мен құралдарын, педагогика мен ақпараттық технологияларды таңдауда адамның қабілетімен, жас ерекшелігімен, болашақ информатика мұғалімдерінің мүдделері мен қажеттіліктерімен анықталады;
- Moderna ақпараттық қоғамының талаптарына сәйкес болашақ информатика оқытушыларын даярлау сапасын жақсартуды қамтамасыз ету үшін педагогика мен ақпараттық технологияларды біріктіру;
- субъект базасы, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынастағы субъективтілік, басқа адамдардың эквиваленттілігін тану, құрмет, сенім, алынған нәтижелердің жауапкершілігі, өзара көмек, болашақ информатика мұғалімдерінің өзін-өзі дамыту қажеттілігін жүзеге асыру;
- болашақ информатика мұғалімінің жаңа білім алуға, дағдыларды меңгеруге және ақпараттық технологиялардың жетістіктерін тез меңгеруге, білімді нақты педагогикалық практикадан беруге, жаңа енгізілімдерге икемді әрекет етуге, үздіксіз өздігінен білім алуға және тұрақты кәсіби дамуға ұтқырлық.;
- компьютерлік оқыту ортасында педагогикалық өзара әрекеттесудің әртүрлі түрлерін, оқу материалын ұсыну мазмұны мен әдісін, оқу жолын таңдауға қарамастан, меңгеру уақытын, мәселені шешу әдісін білдіретін өзгергіштік;
- болашақ информатика мұғалімінің өзіндік ерекшелік және жаңа идеяларды жинақтаудағы тапқырлық, шығармашылық идеялар мен жобаларды іске асырудағы интуиция мен тәжірибе бойынша кеңестер;

Білім беру жүйесіне арналған бірнеше мобильді қосымшаларды қарастырайық. Мысалы, Nearpod бағдарламасы: мобильді құрылғылар арқылы құру, өзара әрекеттесу және бағалау. Nearpod мектептің барлық деңгейлері мен пәндері бойынша дайын, толығымен интерактивті, шебер жасалған сабақтарды ұсынады. Сонымен қатар, Nearpod мұғалімдерге сабақтарды кез-келген файл түрінен импорттауға және оларға интерактивті элементтерді, веб-сілтемелерді немесе бейне үзінділерін қосуды бастауға мүмкіндік береді.

Nearpod-да интерактивті сабақтарды одан әрі кеңейту идеялары бар.

Nearpod пайдаланушыларында Nearpod 3D және Nearpod VR қосылу мүмкіндігі бар.





Сурет 1 - Nearpod

Kahoot! - бұл ойын алаңы және әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан оқыту брендтерінің бірі. Kahoot! Бұл кез-келген тақырып үшін, кез-келген тілде, кез-келген құрылғыда, барлық жастағы адамдар үшін бірнеше минут ішінде қызықты білім беру ойындарын оңай құруға, ашуға, ойнауға және бөлісуге мүмкіндік береді. Kahoot! - бұл мұғалімдерге бірнеше таңдау негізінде көңілді оқу ойынын тез құруға мүмкіндік береді.





Сурет 2 - Kahoot!

Buncee-бұл сыни ойлауды, қарым-қатынас, ынтымақтастық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін презентация жасау құралы. Buncee-дің көптеген функциялары 10 мыңнан астам графикалық кескіндерді қамтиды, бұл оқуды қызықты етеді. Тікелей Buncee-де аудио және видео жазу мүмкіндігі бар, сонымен қатар YouTube, Pixabay және басқа да көптеген ресурстармен біріктірілген.





Сурет 3 – Buncee

AdmitHub – EdTech-тің басқа салаларына назар аудара отырып, GitHub американдық университеттердің ұсыныстары бойынша сараптамалық кеңестің іздеуге ыңғайлы көзін ұсынды




Сурет 4 – AdmitHub

Remind-бұл мұғалімдерге, студенттерге және ата-аналарға тез және тиімді қарым-қатынас жасауға көмектесетін сыныптағы хабар алмасу бағдарламасы. Facebook, WhatsApp Group, мәтіндік хабарлар, адамдардың мәтіндік хабарлары немесе электрондық пошталар-тізім жалғасуда. Платформада болған адамнан келген хабарламаны есте сақтаудың қиын процесін жоюды ұмытпаңыз. Контактілер бір-бірімен тікелей байланыса алады және жоспарлай алады.



Сурет 5 – Remind

Matific-бұл балаларға арналған математикалық ойын қосымшасы, сөйлемдегі бірінші нәрсені үйренуге арналған ресурс. Балаларды тәжірибе жасауға және ойнауға шақырады, бұл математика ұғымын терең түсінуге көмектеседі. Matific-бұл 4 жастан 11 жасқа дейінгі балаларға математиканы оқытуға арналған таңғажайып ресурстар кітапханасы. Білім ұялы телефондар мен планшеттерге арналған қызықты интерактивті қосымшалар түрінде ұсынылған.





Сурет 6 – Matific

ThingLink - суреттер мен бейнелердің аннотациясы. Интерактивті аннотациялардың әртүрлі қосымшаларының ішінде ThingLink ерекшеленеді. Нақты уақыттағы суреттер мен бейнелерді өңдеу үшін ғана емес, сонымен қатар 360 градустық бейнелер мен виртуалды шындық/кеңейтілген шындық мазмұнын қолдайды.





Сурет 7 - ThingLink

Book Creator - бұл iPad-та электронды кітаптар жасауға арналған қарапайым бағдарлама (және жақында платформалық болады). Қызметтің міндеті-мұғалімдерге келесі буын мазмұнын құруға және оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік беру. Мұғалімдер Book Creator бағдарламасын оңай таратуға және қолдануға болатын интерактивті және білім беру ресурстарын дамыту үшін қолдана алады. Электрондық ресурсты сақтау өте оңай, ол жыл сайын жаңа топқа сабақ барысында редакциялау құқығымен жаңартылады.





Сурет 8 - Book Creator

Quizizz-ойын-сауық викториналары. Емтихандар сізге басқа мұғалімдерден таңғажайып сынақтарды табуға немесе оларды бүкіл әлеммен бөлісуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер көшбасшылар тақтасын, сағатты және басқа параметрлерді өзгерту арқылы процесті басқара алады. Барлық құрылғыларда қол жетімді викторинаның арқасында оқушылар бірге ойнай алады.



Сурет 9 - Quizizz

Education City-бұл балаларға арналған білім беру ойындары мен мұғалімдерге арналған ресурстар. 3 жастан 12 жасқа дейінгі балалар үшін өте қолайлы. Ағылшын, математика, жаратылыстану, информатика, француз және испан тілдерін қамтитын интерактивті білім беру ресурстары. Ол топтық және жеке оқытуға сәйкес келетін әртүрлі мазмұн түрлерін ұсынады.




Сурет 10 - Education City

Padlet – бұл бірлескен жұмысты ұйымдастыруға арналған бағдарлама. Padlet экрандағы ақ бетке ұқсас. Бос беттен бастаңыз, содан кейін оған қалағанның бәрін салыңыз. Бейнені жүктеңіз, сөйлесуді жазыңыз, мәтін қосыңыз немесе құжаттарды жүктеңіз және нақты уақыт режимінде беттерді жаңартыңыз.




Сурет 11 – Padlet

Қорыта айтқанда, болашақ информатика мұғалімінің мобильді қосымшаларды пайдалануға дайындығын қалыптастыру моделі- кәсіби білімге, құзыреттілікке негізделген процестердің дамыған моделінің көмегімен жүзеге асырылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Развитие цифровой грамотности школьников в условиях создания цифровой образовательной среды. [Электронный ресурс] - Режим доступа: http://elibrary.ru

2. Бешенков С. А. Проект примерной программы по информатике для среднего (полного) общего образования. /С.А. Бешенков, В.МКирюхин, Э.В. Миндзаева, Е.А. Ракитина, М.С. Цветкова // Информатика и образование. - 2012. - №6. - С. 66 - 78.

3. Баракина Т. В. Использование интерактивной доски на уроках информатики в начальной школе. Информатика в школе, № 5. 2013, С. 3044

## USING OPPORTUNITIES 0F AR TECHNOLOGIES IN DISTANCE LEARNING

**G. Salgarayeva [1], J. Caiko [2], Zh. Bazayeva [3], B. Sabit [3]**

[1] Candidate of technical sciences, professor,
Kazakh National Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
[2]PhD, professor, ISMA University of Applied Sciences, Riga, Latvia
[3]PhD doctoral students, Kazakh National Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

**Аңдатпа:** Жұмыста басты назар қашықтықтан оқытуда кеңейтілген шындық технологиясын қолданудың бір нұсқасына аударылады. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқытуда толықтырылған шындық технологиясын пайдалануға ерекше назар аударылады. Мақалада қашықтықтан білім беруде кеңейтілген шындық технологиясын қолданудың артықшылықтары мен шектеулері келтірілген. Толықтырылған шындық қосымшаларын құруға арналған AR платформалары табылды. Қашықтықтан оқытуда қолданудың функционалдығы мен тиімділігін анықтау үшін AR платформаларына талдау жасалды**.**

**Abstract.** The focus of the work is on one of the possible options for the use of augmented reality technology in distance learning. Also, special attention is paid to the use of AR technology in distance learning for children with special educational needs. The article presents the advantages and limitations of using AR technology in distance education. AR platforms for creating augmented reality applications have been found out. An analysis of AR platforms was carried out to determine the functionality and effectiveness of the use in distance learning.

**Аннотация:** Основное внимание в работе уделяется одному из возможных вариантов использования технологии дополненной реальности в дистанционном обучении. Также особое внимание уделяется использованию технологии дополненной реальности в дистанционном обучении для детей с особыми образовательными потребностями. В статье представлены преимущества и

ограничения использования технологии AR в дистанционном образовании. Выявлены AR-платформы для создания приложений дополненной реальности. Проведен анализ AR-платформ для определения функциональности и эффективности использования в дистанционном обучении.

In modern conditions of development of society, the problem of structuring and developing special professional knowledge is becoming especially relevant. The rapid development of scientific and technical knowledge excludes the possibility of developing a certain static complex of knowledge, the ability to apply it in further practice at regular intervals. This is because there is a high probability that the knowledge of today will no longer be needed tomorrow.

Therefore, distance learning technology is of great importance, which allows you to implement the educational process with the help of information and communication technologies, independent of the student's place of residence. Among the innovative technologies used in this type of educational process, a special place is occupied by augmented reality, which can be used in many areas of human activity and is of interest.

With the help of augmented reality technology, laboratory work that cannot be executed for various reasons can be carried out in virtual mode in a manner close to realistic. Virtual reality technology is a technology that allows you to explore the world around you using three-dimensional graphics and interactive sensory technologies, make learning interesting and involve all senses in the learning process.

Distance learning is not only for learners who aim to get secondary or higher education, but also for the general population, including learnerswith special educational needs as an opportunity to do something new or acquire certain skills. Today, anyone has access to educational resources. In this context, AR applications can be used to integrate a wide range of virtual learning resources into a real environment, thus bringing practical learning opportunities to a new level. Pedagogical advantages of AR technology (Table 1) [1]:

***Table 1***

| |
|---|
| **Available.** |
| AR can make education more accessible and mobile. Compared to VR (Virtual Reality), AR does not require special tools; the learning resource created by AR is implemented using a tablet or smartphone. |
| **Interest of learners.** |
| Learning using AR is focused on the individual, which allows learners to develop their individual abilities. Interactive "game" learning with AR encourages learners to learn, increases their activity in the classroom. |
| **Cooperation.** |
| The educational activities of learners and their learning ability are formed, including through participation in joint groups and communities. The wide range of AR capabilities for conducting interactive classes helps learners to work together, develop teamwork skills. |
| **Interactive.** |
| AR allows learners to explore the world in an interactive way, creating a multidimensional space with enormous opportunities for learning. Learners achieve good learning results through visualization and full immersion in the topic being studied. Thus, the use of AR improves the quality of the educational process, makes it more efficient. |

Despite the above advantages, there are also certain factors that must be taken into account when using AR products in education. Such factors include: lack of training of teachers to use AR products; dependence on hardware (not all students may have smartphones that support AR applications); problems with the mobility of content across all platforms and devices [1, P.673].

Also, AR products are one of the indispensable technologies in education, including remote education of children who need special education in inclusive classes [2, P.6]. However, the successful use of this technology in distance education, unfortunately, is not in a satisfactory situation in our country. The reason is that there is no opportunity to use this technology in traditional or distance learning of inclusive classes due to the lack of AR products (in Kazakh language) in the education of children with special needs. In Russia, products on the AR Tutor platform for an inclusive environment are popular with users and in good demand. "AR Tutor" is a free mobile application for teaching and social adaptation of children with intellectual disabilities. Today, the platform has 5 apps, 3 AR apps and about 10,000 regular users.

In addition, AR Tutor also has modern technologies for rehabilitation, training and social adaptation. They are a kinesthetic channel with smartphone and card activities; visual channel with videos, text and animations; with special voice-over tapes, audio channels with music and sound effects. Instructional manuals and video tutorials for parents and students allow them to learn the application quickly and easily. With this application, a child with special educational needs can work independently and with the help of parents during home schooling or distance learning format. This has a great impact on the child's development [3, P.8]. The rational side of the application was the grouping of tasks according to the specifics of each child in the application. The need to develop AR products in the Kazakh language is based on this experience in our country.

AR technology opens up new opportunities for learning theory and practical skills. Combines virtual and real experiences in a practical way and enriches learners' personalized activities. In this regard, AR technology has become a universal pedagogical tool at all levels of education, interesting for learners of any age and with special needs in a simulated space.

When talking about the effectiveness of using AR technology in the educational process, it is impossible to ignore the positive impact on the material side of training, because in this case, it is possible to significantly reduce the costs of producing educational materials, and in some cases, not to incur costs [4. P.35].

Currently, there are a number of software solutions that work on many mobile technical devices and allow you to use the features of AR technology. The computing potential and hardware composition of mobile devices allow the process of adding various digital content to the graphic image received in real time from the video camera of the device.

Currently, there are enough platforms for building AR applications. Among them are Vuforia, ARToolKit, Kudan, Catchoom, Augment, HP Reveal, WikiTude, LayAR, Blippar, EON Reality, InfinityAR and others [5, P.645].

The most widely used program is Qualcomm's Vuforia, which has paid/free versions and offers developers many tools for creating augmented reality objects. Vuforia's functionality allows not only to scan several real 2D and 3D objects at the same time, but also to match them, multiply additional elements using a set of specifications, and see a virtual display of the desired object. During object recognition, the application allows using data located on a mobile device or cloud storage.

Daqri, a company known for developing augmented reality software, offers a set of open-source ARToolKit software libraries. The program allows you to get an augmented reality interface by tracking predefined object markers with a mobile device camera, further recognizing them and playing them in 3D. ARToolKit supports most modern operating systems, and the free software is available on all platforms.

Another tool for developing augmented reality is the WikiTude library, which is offered only on a paid basis. The functionality of the application allows you to define 2D and 3D file formats; supports rendering and animation of 3D models; It has the ability to track object location and convert augmented reality objects to HTML. WikiTude is compatible with Android, iOS operating systems and supports the operation of all modern virtual reality devices.

One of the tools with "powerful" functionality for creating AR applications is the Kudan AR library. Kudan AR differs from other tools in that it allows you to recognize 3D objects of different complexity, identify markers located at a distance, at different angles, and even in places with insufficient light. In addition, there is an opportunity to use the marker-free tracking method, which

allows real-world objects to be used as ready-made markers without the need to set special markers. In this case, it is not necessary to use special visual identifiers to represent objects, which is another advantage of using the library.

The HP Reveal platform combines AR (Augmented Reality) and IoT (Internet of Things) technologies to create an updated version of the Aurasma AR library. The working principle of HP Reveal is similar to the widely used QR code recognition technology. Using the mobile device's camera, GPS, Bluetooth, Wi-Fi, accelerometer and gyroscope, the program detects all objects in the surrounding space. Then, through visual interactivity, files of various formats (graphics, audio, video, etc.) are superimposed on these objects and the resulting objects are transferred to the screen of the mobile device.

In conclusion, it turns out that the effect of using AR technology products in distance learning is special. With distance learning, any person has the opportunity to get an education, regardless of location, age and specifics of development. Since there is no need for any special technical device other than a smartphone to use the products of Augmented Reality technology in education, it is better to note the importance of the accessibility property of this technology. In addition, the effectiveness of training using AR technology in the course of distance learning for people with special educational needs was determined. Taking into account the tools and specifics of the preparation of AR products in education, the educational process will undoubtedly be more fruitful when using augmented reality technology as an auxiliary tool for people to gain knowledge and acquire certain skills.

**References**

1. Kumar A., Mantri A. Evaluating the attitude towards the intention to use ARITE system for improving laboratory skills by engineering educators, Educ Inf Technol, 27, 671–700 (2022)

2. Stelmah S. A. Vozmojnosti distantsionnyih obrazovatelnyih tehnologiy v podgotovke pedagogov inklyuzivnogo obrazovaniya. // Distantsionnoe obrazovanie v period pandemii – Nur-Sultan: ENU imeni L.N. Gumileva. – 2020. – p. 97

3. Kaur M. Tools of ICT in Open and Distance Learning for Inclusive Education in Developing World. In: Anjana (eds) Technology for Efficient Learner Support Services in Distance Education. Springer, Singapore. – 2018.

4. Zhu E. et al. Augmented reality in healthcare education: an integrative review. PeerJ PrePrints, 2014. №. e335v2.

5. Hadi S.H., Permanasari A.E., Hartanto R. et al. Developing augmented reality-based learning media and users' intention to use it for teaching accounting ethics, Educ Inf Technol, 27, 643–670 (2022)

## БҰЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ

**Саттаркулов М.С.**
№53 мектеп – гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі
Педагог-зерттеуші. Тараз қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мен өзімнің бұл мақаламда бұлтты технология дегеніміз не?, бұлттық технологияны қалай қолдануға болады деген сұрақтарға жауап іздеп көрейін деп шештім. Мақала бұлттық технологиялар туралы түсініктермен басталады. Мысалы бұлттық технологиялар, бұлт сөзінің анықтамасы, оның артықшылығы, бұлттық есептеулер деңгейлері қалай жіктеледі, олардың әр деңгейінің қызметі. Сонымен қатар бұлттардың бөлініу қоғамдық, жеке, гибридті, қауымдастық бұлт категорияларына сипаттама берілген. Өзімнің педагогикалық тәжірибемде қандай бұлттарды және қалай қолданатынымды сипаттап, оны практика жүзінде қолданылуын көрсеттім.

**Аннотация:** В этой статье я решил попытался найти ответы на вопросы, что такое облачные технологии и как их использовать. Статья начинается с обзора облачных технологий. Например, облачные технологии, определение слова «облако», его преимущества, классификация уровней

облачных вычислений, функции каждого уровня. Кроме того, описывается разделение облаков на категории общедоступных, частных, гибридных и общественных облаков. Я описал, что это за облака и как я их использую в своей педагогической практике, показал их практическое применение.

**Abstract:** In this article, I decided to try to find answers to the questions of what is cloud technology and how to use cloud technology. The article begins with an overview of cloud technologies. For example, cloud technologies, the definition of the word cloud, its advantages, how the levels of cloud computing are classified, the function of each level. In addition, the division of clouds into public, private, hybrid, and community cloud categories is described. I described what kind of clouds and how I use them in my pedagogical experience, I showed their practical application.

Бұлтты технологиялар (немесе бұлтты есептеулер) - цифрлық деректерді үлестірілген өңдеуге арналған технологиялар, оның көмегімен компьютерлік ресурстар интернет пайдаланушысына онлайн қызмет ретінде ұсынылады. Бағдарламалар жергілікті компьютердегі веб-шолғыш терезесінде жұмыс істейді және олардың нәтижелерін көрсетеді. Бұл ретте, жұмыс істеуге қажетті барлық қосымшалар мен олардың деректері қашықтағы интернет-серверде орналасады және уақытша клиент жағында кэштеледі: ДК, ойын консолі, ноутбук, смартфондар...

Технологияның артықшылығы – пайдаланушы өзінің деректеріне қол жеткізе алады, бірақ ол жұмыс істейтін инфрақұрылым, операциялық жүйе және бағдарламалық қамтамасыз ету туралы алаңдамайды.

«Бұлт» сөзі барлық техникалық мәліметтерді жасыратын күрделі инфрақұрылымды білдіретін ұғым. Бұлтты есептеу технологиялары келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

1. Бірнеше гаджеттерде файлдармен ыңғайлы жұмыс: оларды бір құрылғыдан екіншісіне тасымалдамай, бағдарламалық жасақтаманың үйлесімділігі туралы алаңдамай өңдеу және өңдеу.

2. Компьютердің қатты дискісінің немесе флэш-картасының шектеулі сыйымдылығы мәселесін шешу.

3. Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару.

4. Бір құжатта бірнеше адамның бір уақытта жұмыс істеу мүмкіндігі.

Бұлтты есептеу деңгейлері

Бұлтты технологияларда үш бөлек санатты немесе үлгіні ажырату әдеттегідей:

1. Төменгі деңгей «Инфрақұрылым қызмет ретінде» (IaaS, қызмет ретінде инфрақұрылым). Пайдаланушылар негізгі есептеу ресурстарын — процессорларды және сақтау құрылғыларын — алады және оларды өздерінің операциялық жүйелері мен қолданбаларын жасау үшін пайдаланады. Тұтынушы негізгі бұлттық инфрақұрылымды басқармайды, бірақ операциялық жүйелерді, сақтау жүйелерін және орналастырылған қолданбаларды басқарады. Желілік құрамдастарды таңдау бойынша шектеулі бақылау мүмкін (мысалы, желіаралық қалқандары бар хост).

2. Келесі деңгей – «Platform as a service» (PaaS, қызмет ретінде платформа). Пайдаланушылардың қызмет провайдері ұсынатын платформада өз қолданбаларын орнату мүмкіндігі бар. Пайдаланушы негізгі бұлттық инфрақұрылымды: желілерді, серверлерді, операциялық жүйелерді және сақтау жүйелерін бақыламайды, бірақ орналастырылған қолданбаларды және хостинг ортасының кейбір конфигурация параметрлерін басқарады.

3. «Software as a service» (SaaS, software as a service) бұлттық есептеулердің ең жоғары деңгейі. Бұлтта деректер ғана емес, сонымен қатар олармен байланысты қолданбалар да сақталады, жұмыс істеу үшін пайдаланушыға тек веб-шолғыш қажет. Тұтынушы бұлттық инфрақұрылымда жұмыс істейтін провайдердің қолданбаларын пайдаланады. Бұл ретте пайдаланушы бұлттың негізгі инфрақұрылымын – желілерді, серверлерді, операциялық жүйелерді, сақтау жүйелерін, тіпті кейбір пайдаланушы қолданбасының конфигурация параметрлерін қоспағанда, жеке қолданба параметрлерін басқара алмайды.

Қолдану үлгілері

«Бұлттардың» келесі категориялары бөлінеді:

1. Қоғамдық (қоғамдық, жалпы);

2. Жеке (жеке);
3. Гибридті.
4. Қоғамдастық бұлты.

Қоғамдық бұлт – көптеген пайдаланушылардың АТ инфрақұрылымына бір уақытта қол жеткізуі. Бірақ пайдаланушылардың бұл бұлтты басқару және қолдау мүмкіндігі жоқ, барлық жауапкершілік осы бұлттың иесіне жүктеледі. Кез келген компания немесе жеке тұлға ұсынылатын қызметтердің абоненті бола алады.

Жеке бұлт - бұл тек бір абонент өз мүддесі үшін басқаратын және басқаратын АТ инфрақұрылымы. Жеке бұлтты басқаруға арналған инфрақұрылым пайдаланушының үй-жайында немесе сыртқы операторда немесе ішінара пайдаланушы мен оператор арасында орналастырылуы мүмкін.


Гибридті бұлт – бұл жалпыға ортақ және жеке бұлттардың ең жақсы қасиеттерін біріктіретін АТ инфрақұрылымы. Мұндай композицияда деректер немесе қолданбаларды құрамдас бөліктер арасында тасымалдауға мүмкіндік беретін стандартталған немесе меншікті технологиялармен өзара байланысты бірегей нысандар бар (мысалы, бұлттар арасындағы жүктемені теңестіру үшін).

Қауымдастық бұлты. Бұлтты инфрақұрылым ортақ алаңдаушылықтары бар тұтынушылардың белгілі бір қауымдастығы (мысалы, миссиялар, қауіпсіздік талаптары, саясаттар) пайдалану үшін дайындалған. [https://martebe.kz/b-ltty-tehnologijalar-turaly-toly-m-limet/]


Өзімнің практикамда қалай қолданамын.

1. Мектептің түрлі сауалнамаларында;
2. Оқушылардың білім сапасын бақылауда;
3. Оқушыларға түрлі сауалнамалар арқылы олардың қызығушылықтарын анықтауда;
4. Сабақтағы көрсетілімдерде;
5. Компьютердегі ақпараттарды қауіпсіз сақтауға;
6. Қажетті ақпараттарды бұлттардан жүктеуде;
7. Оқушыларға тапсырма беруде.

**Практикада бұлтық қосымшаларды қолдану**




**1-сурет. Бұлттық құжат құруда**




Кері байланыс - 11-03-22

Файл Правка Вид Вставка Формат Данные Инструменты Расширения Справка

B10 кызыкты отты

| | A | B |
|---|---|---|
| 1 | **Мұғалім жазбасы** | Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін. Осы сабақтан алған білімдеріңізді өмірде қолдана алады деп сенемін. Сонымен қатар Сіздердің білімдеріңіз әрқашан Сіздерге табыс әкелетін құрал болуына тілектеспін! |
| 2 | Арастамбек Бексұлтан | маган сабак унады |
| 3 | Ахтанберді Медина | кызыкты болды |
| 4 | Есенбеккызы Ақнұр | мен ашык саюакттын аркасында брик циклын тусындым |
| 5 | Жаксылык Әсел | саюбак кызыкьы отти |
| 6 | Жолдыбай Мариам | сабак оте кызыкты өтти маган унады |
| 7 | Мақұлбек Мерей | сабак жаксы отты |
| 8 | Мақұлбек Нұрай | Сабақ өте қызық болды |
| 9 | Науханбай Еркебұлан | |
| 10 | Рашитхан Нұрхан | кызыкты отты |
| 11 | Серік Ақмаржан | маган сабак оте унады |
| 12 | Тілеміс Жанерке | сабак кызык отты |
| 13 | Усембек Әйгерім | буугинг.и сабак оте кушты болды |
| 14 | Ілесбек Айжан | тестпен жумыс жасаган кызык болды |

**Оқушылардан кері байланыс алуда. 2-сурет.**



Недавние презентации

Владелец: кто угодно

Копия Literary Analysis a... 7 сент. 2023 г.

ашык сабак - 1-12-22 Сат... 1 дек. 2022 г.

DBMS, Lesson 1 (Introduction to DBMS, Database Management Systems) 18 нояб. 2022 г.

Мұғалім 6 окт. 2022 г.


11 ә 5 окт. 2022 г.

Портфолио 26 июн. 2022 г.

6666.pptx (Ойлы болсаң, озып көр (сынықтан тыс)) 14 июн. 2021 г.

555.ppt (Зияткер урпак) 10 июн. 2021 г.

**Көрсетілімдерде қолдану. 3-сурет.**



Вопросы Ответы 21 Настройки Всего: 10

Процедуралар мен функциялар

Описание

Аты жөніңізді еңгізіңіз: *

Краткий ответ


Бірнеше іс - әрекетті орындайтын көмекші алгоритм *

- Функция
- Процедура
- Цикл
- Шарт


**Оқушылардың білімін бағалауда. 4-сурет.**





**Онлайн компилятор ретінде қолдану. 5-сурет.**




**“Google-drive” бұлттық сақтау қоймасын қолдану. 6-сурет.**




**7-сурет. Майл-ру облаков бұлттық сақтау қоймасын қолдану**




**8-сурет.Mega.nz бұлттық сақтау қоймасын қолдану**

Практикамдағы бұлттық сервистерді қолдана отырып, қазіргі кезде білім беру саласында, медицинада, қаржы саласында да көптеген мүмкіндіктер бар екенін білген дұрыс деп есептеймін. Сол себепті де өзімнің ұсынып отырған мақаламда қолданылатын салаларды да кірістіріп, оларда қалай қолдануға болатынын көрсете кеткенді жөн санаймын.

**Білім беруде.** *Бұлттық технологиялар* – оқу процесін ұйымдастыруда көмекші техникалық құрал. Бұлттық технологиялар білім беру процесін жеңілдетіп, сапасын арттырып қана қоймай, соңғы жаңалықтарға ілесе алатын ақпараттық мәдениеті қалыптасқан тұлғаны дамытуға көмектеседі. Білім беру процесінде қолданылатын бұлттық технологиялардың дүниежүзілік ең көп тараған түрі – Microsoft корпорациясы ұсынған Live@edu. Live@edu – пайдаланушылардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуіне арналған құралдар жиынтығы.



Мұнда пайдаланушылар хабар, аудио, видео қоңырауларды жылдам қабылдай алады және қашықтан жұмысты бірлесіп өңдейді. Live@edu Windows және Mac операциялық жүйелерінде браузерлер немесе мобильді телефон арқылы ресурс сервистеріне қосыла алады. Сонымен қатар Googlекомпаниясы ұсынған Google Apps Education Edition бұлттық қызмет түрі оқытудың оңтайлы өтілуінің барлық мүмкіндіктерін қарастырған және оқу барысын қолжетімді бірлескен ортаны құру ресурстары ретінде ұсынылған.

Қазіргі уақытта Яндекс, IBM және т.б. ірі компаниялар ұсынған бұлттық қызмет түрлері қолданыста жүр. Өзінің веб-сайттары арқылы білім алушылар мен оқытушылар (мұғалім) арасындағы онлайн қарым-қатынасты, қашықтан бірлесіп жұмыс жасау тиімділігін арттыруға арналған қызмет түрлерін ұсынады.



**Іскерлік салада.** Бұлттық технологиялар – іскерлік саланы ұйымдастырудың оңтайлы тәсілі. Онлайн жұмыс орнының анағұрлым ұлғаюы мен жалпыға қолжетімді болуы – үлкен мүмкіндік. Іскерлік сала үшін тапсырыс беру мен тапсырыс алу арасындағы байланыс «жылдамдығы» маңызды.

Сонымен қоса бірлескен орта, кездесулерді жоспарлау, онлайн-видеоконференцияларды ұйымдастыру, ортақ файлдарды өңдеу және т.б.әртүрлі қызмет түрлерін кез келген құрылғылар арқылы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) басқаруға болады. Іскер адам қазіргі технологиялардың дамуының арқасында өз ісіне ыңғайлы бұлттық технологияларды таңдайды. Іскерлік салада қолданыста жүрген бұлттық технологиялар: SmartCloud, IT-Grad, Microsoft Hosted Exchange және т.б.

**Медицинада.** Бұлттық технологиялар медицин а саласында да сұранысқа ие. Өйткені ауруханалар, емханалар, сақтандыру компаниялары мақсаттарын іске асыруға және медициналық қызмет түрлерінің сапасын жақсартуға өз септігін тигізуде. Дәрігерлер арасында ақпарат алмасудың жедел жүйесі есебінен науқастарға күтім жасау сапасы жақсарды. Негізгі ақпараттарды «бұлттық қоймаларда» орналастыра отырып, ауруханалар мен емханалар арасында нақты уақыт режимінде файлдарды бірлесіп өңдеу арқылы жұмыс барысын анағұрлым жеңілдетті.



Көптеген сарапшылардың бағалау нәтижесі бойынша бұлттық технологиялар трансляциялық жылдамдығымен икемділік жағынан жоғары деңгейде бағаланды. Ауқымды қолданыста жүрген, көптеген компаниялар ұсынған бұлттық ресурстар: CareCloud, Oracle, AgfaHealthcare, CarestreamHealth, MergeHealthcare және Damumed т.с.с.

**Қаржы индустриясында.** Жоғары жылдамдық, жұмыс жасау икемділігі, өз-өзіне қызмет көрсету мен қашықтан басқару тиімділігі барлық банк қызметкерлері үшін маңызды. Осы мәселелерді шешуде бұлттық технологиялар сұранысқа ие болды және банк бөлімшелері бұлттық ортаның ең белсенді тұтынушыларының біріне айналды. Қарқынды дамудың арқасында қаржы индустриясы алдыңғы қатардан көріне бастады. Қазіргі уақытта белсенді қолданыста жүрген бұлттық технологиялар: MicrosoftHostedSharePoint, oblako.kz, 1С Онлайн (Uchet.kz, ITSheff), 1С (Первый БИТ), SmartCloud, 1С бұлтта (1С-Рейтинг) және т.б.

**Бұлттық сервистер мынадай маңызды талаптарды қанағаттандыруы тиіс:**

- Қолданушының сұранысы бойынша өз-өзіне қызмет көрсету ыңғайлылығы мен қолайлылығы. Қолданушы бұлттық сервис иелерінің араласуынсыз автоматты түрде өзіне көрсетілетін қызметтер;
- Бұлттық қызмет түрлерінің жылдамдығы. Бұлттық ресурстар Интернет желі жылдамдығымен ілесе алуы;
- Жедел реакция. Тұтынушыға берілетін бұлт ресурстарының көлемін тез және икемді түрде өзгерте алу мүмкіндігі (кеңейту немесе азайту), кез келген мөлшерде сатып алу қолайлылығы мен жылдам іске асуы.

Қорыта келе мынандай пайым жасағанды жөн көрдім:

Пайдаланушы өзінің деректеріне қол жеткізе алады, жұмыс істейтін инфрақұрылым, операциялық жүйе және бағдарламалық қамтамасыз ету туралы алаңдамайды. Сол себепті де бұлттық технологиялар қазіргі заманның талабына сай құрылым болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Информатика: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытының 11-сыныбына арналған оқулық. / Г.И.Салғараева, Л.А.Рсалина, А.Б.Есенкүл
2. https://martebe.kz/b-ltty-tehnologijalar-turaly-toly-m-limet/сайт материалдары
3. https://www.ps.kz/hosting/cloud-storage? ad=70&gclid=Cjw KCAjwvfmoBhAw EiwAG2tqzDKYzI2lSHvEg3Fo7NACDbN0rT2M1rhMjpb5pQEY8oKCDL7re4qYeRoCsfUQAvD_BwE – материал алынған сайтқа сілтеме.

## CORE ПЛАТФОРМАСЫН ЖӘНЕ OBS STUDIO БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ, ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

**Саттаркулова М.С.**
№53 мектеп – гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Тараз қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мұндағы орындалатын тапсырмаларды мұғалім өзі дайындап, құрастырады. Ол үшін көптеген функциялар қарастырылған. Сол фукциялар арқылы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып жаттығулар, тапсырмалар жасап, БЖБ, ТЖБ құрастыруға болады.

Кері байланыс бағыты да бар. Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жасалады. Жіберілген тапсырмаларды оқушылар орындайды. Ол үшін оқушыларға сілтеме жіберіледі.Тапсырманы қанша бала орындады, оның деңгейі қандай, бәрі көрсетіліп тұрады. Күнін, тапсырманың орындалу уақытын белгілеп қойса да болады. Бұл платформаны көшіріп қажет емес, ғаламтор желісіне «Core.app» деп кіріп, орындай берсе болады.

«CORE»-нің мүмкіндігі мол. Бұл онлайн-диагностика құруға және бастауға арналған сандық білім беру платформасы. Дайын блоктар мен шаблондарды қолданып онлайн сабақтар мен курстар жасауға арналған. Сабақтарды тегін құрастырып, тексеріп көруге, онлайн курстар мен конференциялар ұйымдастыруға болады. Кері байланыс негізінде оқушылардың жұмысын талдау және оқу материалдарын жақсарту көзделген.

Ең бастысы, бұл тегін білім беру платформасы, ол арқылы оқушыларға сабақпен қатар, олимпиада ұйымдастырса да болады. Барлық оқушының үлгерімін бақылап отыруға да өте ыңғайлы. Олардың алған нақты баллдары көрсетіліп тұрады.

**Аннотация:** Задания для выполнения здесь готовит и составляет сам преподаватель. Для этого предусмотрено множество функций. С помощью этих функций вы можете создавать упражнения, задачи, а также создавать , итоговые оценка по главам используя разные методы.

Также существует петля обратной связи. Обратная связь осуществляется посредством вопросов и ответов. Учащиеся выполняют предложенные задания. Для этого учащимся рассылается ссылка, сколько детей выполнило задание, какой его уровень, все показано. Есть возможность установить дату и время выполнения задачи. Вам не нужно копировать эту платформу, вы можете зайти в Интернет под именем «Core.app» и запустить ее.

«CORE» имеет большой потенциал. Это цифровая образовательная платформа для создания и запуска онлайн-диагностики. Предназначен для создания онлайн-уроков и курсов с использованием готовых блоков и шаблонов. Вы можете бесплатно создавать и тестировать уроки, организовывать онлайн-курсы и конференции. На основе отзывов планируется анализировать работы студентов и совершенствовать учебные материалы.

Главное, что это бесплатная образовательная платформа, с помощью которой помимо уроков студенты могут организовать олимпиаду. Также очень удобно следить за успеваемостью всех учеников. Показаны их точные оценки.

**Abstract:** The tasks to be performed here are prepared and compiled by the teacher himself. Many functions are provided for it. With the help of those functions, you can create exercises, tasks, and create a summary assessment by department using different methods.

There is also a feedback loop. Feedback is made through questions and answers. Pupils perform the assigned tasks. For this, a link is sent to the students. How many children completed the task, what is its level, everything is shown. It is possible to set the date and time of the task. You don't need to copy this platform, you can go to the Internet as "Core.app" and run it.

"CORE" has a lot of potential. It is a digital education platform for creating and launching online diagnostics. Designed for creating online lessons and courses using ready-made blocks and templates. You can create and test lessons for free, organize online courses and conferences. Based on the feedback, it is planned to analyze the students' work and improve the learning materials.

The main thing is that it is a free educational platform, through which students can organize an Olympiad in addition to lessons. It is also very convenient to monitor the progress of all students. Their exact scores are shown.

**Платформа.** Сіз бұл сөзді үнемі естисіз, бірақ бұл нені білдіреді?

Технология мен есептеулер туралы сөз болғанда, платформа аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу мен қолдаудың негізі болып табылады.

Қордың жоғарғы бөлігіндегі барлық нәрсе бірдей шеңберде жұмыс істейді. Осылайша, әрбір платформада қандай аппараттық / бағдарламалық қамтамасыз етуді құруға және әрқайсысы қалай жұмыс істеуге болатындығын анықтайтын ережелер, стандарттар мен шектеулердің өз жиынтығы бар.

**Аппараттық платформалар:**

- Барлық жүйелер

- Жеке компоненттер
- Интерфейстер

Аппараттық платформалармен салыстырғанда, бағдарламалық платформалар кеңірек, бірақ пайдаланушыларға оңай қатысты. Құрал-жабдықты (мысалы, тышқандар, пернетақталар, мониторлар, сенсорлық экрандар) айырманы азайтуға көмектессе де, бағдарламалық жасақтама / бағдарламалармен жиі өзара әрекеттесетін болсақ, мағынасы бар. Бағдарламалық жасақтама платформалары төмендегі санаттардың жалпы санатына жатады:

- Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету
- Қолданбалы бағдарламалар
- Аппараттық платформалар мэйн фреймлер, жұмыс станциялары, үстел үсті компьютерлер, ноутбуктар, планшеттер, смартфондар және т.б. сияқты толық жүйелер (яғни есептегі шқұрылғылар) болуы мүмкін. Олардың әрқайсысы аппараттық платформа болып табылады, себебі олардың әрқайсысы өздерінің формалық коэффициенті бар, басқа жүйелерден тәуелсіз жұмыс істейді және пайдаланушыларға, әсіресе, пайдаланушыларға ресурстарды немесе қызметтерді (мысалы, бағдарламалық жасақтаманы / қолданбаларды іске қосу, құрылғылар / интернеткеқосылу және т.б.) түпнұсқа дизайнмен күтілмеген.
- **Жеке компоненттер**
- Компьютерлердің орталықпроцессоры (CPU) сияқты жеке компоненттер, сонымен қатар, аппараттық платформалар ретінде қарастырылады. Процессорлар (мысалы, Intel Core, ARM Cortex, AMD APU) барлық жүйені құрайтын басқа компоненттермен жұмыс, байланыс және өзара әрекеттесуді анықтайтын әртүрлі архитектураларға ие. Мысалы, процессорды ана төлемін, жадты, диск жетектерін, кеңейту карталарын, перифериялық құрылғыларды және бағдарламалық жасақтаманы қолдайтын негіз ретінде қарастырыңыз. Кейбір құрамдастар түрі, пішінімен сыйысымдылығына байланысты бір-бірімен өз ара алмастырылуы мүмкін.
- **Интерфейстер**
- PCI Express , жылдамдатылған графикалық порты (AGP) немесе ISA кеңейту слоттары сияқты интерфейстері кеңейту / кеңейту карталарының әртүрлі түрлерін жасау үшін платформалар болып табылады. Интерфейстің әр түрлі факторлары бірегей болып табылады, сондықтан, мысалы, PCI Express картасын AGP немесе ISA слотына физикалық түрде енгізу мүмкін емес – бұл платформалар ережелермен шектеулерді белгілейді. Интерфейс сондай-ақ байланыстырылған кеңейту картасына байланыс, қолдау және ресурстар ұсынады. Мұндай интерфейстерді қолданатын кеңейту карталарының үлгілері: бейнеграфика, дыбыс / аудио, желілі кадаптерлер, USB порттары, Serial ATA (SATA) контроллеріжәнет.б.
- **Жүйелік бағдарлама**
- Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету – бағдарлама бағдарламалық жасақтамасымен бірге бірнеше аппараттық ресурстарды басқару / үйлестіру кезінде бірмезгілде процестерді орындау арқылы компьютерді басқарады. Жүйелік бағдарламалық жасақтамаға арналған ең жақсымысалдар - Windows, MacOS, Linux, Android, iOS және Chrome OS (бірақ онымен шектелмей) операциялық жүйелер .
- Операциялық жүйе интерфейстер арқылы (мысалы, монитор, тінтуір, пернетақта, принтержәнет.б.), басқа жүйелермен (мысалы, желілер, Wi-Fi, Bluetooth жәнет.б.) байланыс жасау арқылы өз ара әрекеттесуді қолдайтын орта қамтамасыз етеді; қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету.
- **Бағдарламалық жасақтама**
- Қолданбалы бағдарламалық қамтамасызету компьютерден ақтытапсырмаларды орындауға арналған барлық бағдарламаларды қамтиды – көпшілігі платформалар ретінде қарастырылмайды. Платформа емес қолданбалы бағдарламалық жасақтаманың жалпымысалдары болып табылады: кескін өңдеу бағдарламалары, сөздік процессорлар, электрондық кестелер, музыкалық ойыншылар, хабаралмасу / сөйлесу, әлеуметтік медиақолданбалары жәнет.б.

## ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ: CORE.APP ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ ӨТЕ ТИІМДІ



2018 жылдың желтоқсанына арналған CORE платформасының ерекшеліктерінің арасында:

Бағдарламалау дағдыларынсыз оқу материалдарын оңай және жылдам жасау;

Оқу материалдарының эргономикалық дизайны және әр түрлі құрылғыларға автоматты түрде бейімделуі;

Материалдарды оқытуды басқарудың басқа платформалары мен қызметтерімен біріктіру;

Елдің экспорттық әлеуетін арттыру;

Big Edu Data негізінде пайдаланушыларға арналған білім траекториясын және ұсыныстар жүйесін қалыптастыру;

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қолжетімді оқу материалдарын әзірлеу;

Ұтқырлық пен бейімделгіштік: сіз кез келген құрылғыда оқу материалдарын ойната аласыз және ыңғайлы уақытта оқи аласыз;

Мультимедиялық мазмұн және интерактивті тапсырмалар;

Жеке кабинет және жеке кері байланыс мүмкіндігі;

Сауалнама, білімді бақылау және сертификаттау арқылы кіру (Pro);

Материалды жасаудың жоғары жылдамдығы;

Материалдарды 3 рет басу арқылы бөлісу мүмкіндігі (Pro);

Үлгілер мен тәжірибелер кітапханасы;

Автоматты кері байланыс және жекеленген тәсіл (Pro);

Аналитикалық пакет;

Бұлттағы онлайн мектеп (Pro);

Шешілетін мәселе;

Каникул және демалыс кезінде балаларға қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру;

Мұғалімдер арасында АКТ құзыреттілік деңгейін арттыру.;

Оқу үрдісінде ұсынымдық IT жүйесін қолдану арқылы Оқушылар, да мұғалімдер дедің білім нәтижелерін арттыру;

Мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім алуға қолайлы жағдай жасау.

Мектептерге заманауи IT -шешімдерді енгізу арқылы білім сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

Жаттығудың сипаттамасы.

CORE – бұл онлайн сабақтарды құру, қашықтықтан топтық жұмыстарды жүргізу, Оқушылар, да мұғалімдер дедің үй тапсырмасын тексеру және автоматты режимде жұмыс нәтижелері бойынша талдаулар алу мүмкіндігі бар мектептегі оқыту платформасы. Платформаның құралдар жинағына әр түрлі пәндер бойынша білімді тексеруге арналған жаттығулардың 40 -тан астам түрін жобалау мүмкіндігі кіреді (LearningApps -пен интеграция бар).

Мұғалімнің мүмкіндіктері:


- интерактивті онлайн сабақтар құру;
- білімді тексеру үшін жаттығулардың 40-тан астам түрін қолдану;
- оқушыларды оқу үдерісіне тарту үшін олимпиадалар мен жарыстар ұйымдастырады;


- білімді автоматты түрде тексеру;
- әр оқушының және жалпы сыныптың табысы туралы аналитикалық мәліметтер жинау;
- үй тапсырмасын беру және тексеру;
- платформаны пайдаланып кері байланыс беру;
- озық білім беру тәсілдерін енгізу: аралас оқыту, жобалық оқыту және т.б.;
- мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- басқа мұғалімдермен онлайн сабақтарды бөлісу (сабақтарды көлденең бөлісу)
- білім беру вебинарларына, марафондарына қатысу;
- біліктілігін арттыру курстарынан өту;
- өз жұмысында ASI әлеуметтік жобаларын қолданады.


**Мектептерде қолдану мүмкіндіктері:**

- демалыс және карантин кезінде қашықтан жұмыс түрін ұйымдастыруға;
- әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, жалпы мектепішілік онлайн олимпиадалар, викториналар және басқа да бұқаралық конкурстар өткізу;
- озық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мектеп өміріне енгізу;
- оқу үдерісінде оқушылардың мобильді құрылғыларын қолдануға қолайлы жағдай жасау;
- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың білім алу мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету.
- Билік үшін мүмкіндіктер:
- АКТ саласындағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру;
- аймақтағы мұғалімдердің даярлық деңгейін диагностикалау, сонымен қатар білім сапасын тәуелсіз бағалау;
- OGE және USE форматында тәуелсіз онлайн диагностикасын жүргізу;
- Оқушылар, да мұғалімдер дедің пәндік және метапәндік білімдеріне тәуелсіз онлайн диагностикасын жүргізу;
- оқытудың заманауи бағыттары бойынша облыстық олимпиадалар мен жарыстарды ұйымдастыру;
- конкурстық іс -шаралардың нәтижелері бойынша Big Data өңдеу негізінде талантты жастарды іріктеуді ұйымдастыру;
- жаңа және перспективалық мамандықтар бойынша, соның ішінде World Skills бойынша онлайн оқытуды ұйымдастыру.

**Бағдарламамен жұмыс жасау скриншоттары:**






**OBS STUDIO БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮКТЕУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛЫ**

Бұл қандай бағдарлама?


OBS Studio - экранды компьютерге түсіруге және жазуға арналған бағдарлама.

Мүмкіндіктерін қарастыратын болсақ:

OBS Studio бағдарламасын бейне жазу үшін де, тікелей трансляция үшін де орнатуға және пайдалануға болады (ағындар), мысалы, YouTube сайтында. Қалай пайдалануға болады? Маңызды. Жұмысты бастамас бұрын Сіз бағдарламаны ресми сайттан жүктеп алуыңыз керек, ол тегін: https://obsproject.com/en/download сайтынан жүктеп алуға болады.

OBS бағдарламасымен жұмыс жасау үшін келесі әрекеттерді орындауымыз қажет.


1. Googleбраузерін іске қосамыз.
2. Іздеу жолағына obs studio енгіземіз.





Табылған тізімнен бірінші тұрған

Скачать OBS Studio


Сайт сілтемесін басып, жүктеу сайтына өтеміз.





Компьютерде орнатылған операциялық жүйеге байланысты Windows, Linux, macOS операциялық жүйелеріне арналған нұсқалары берілген. Қажеттісін таңдаймыз және оның үстіне тінтуірді апарып шертеміз.




Осыдан кейін Скачать установщик батырмасына шертеміз.




Осы кезде программа жүктеледі.




Программа жүктелгеннен кейін программаны орнатамыз.





Ары қарай NEXT батырмасын басып, толықтай орнатамыз.


Программа орнатылғаннан кейін программаның іске қосу таңбашасы жұмыс үстелінде пайда болады.




Оны іске қосып жұмыс жасаймыз.




Бағдарламаның алғашқы қосылғандағы жұмыс терезесі.





SOURSES панелінде қажетті баптауларды орындаймыз. Мысалы, жұмыс экранын түсіру, қолданушының бейнесін алу сияқты мүмкіндіктер қарастырылған.




CONTROLS панелінде ЮТУБ сайтында онлайн сабақ өтуге мүмкіндік береді.
Тіркелу барысында телефон номерін сұрайды және SMS – код жазып тіркелеміз.
Тіркелгеннен кейін онлайн эфирге шығуға мүмкіндік береді.
Онлайн эфир баптаулары



Онлайн эфирге шғатын атауын енгізуді сұрайды. Енгізіп, іске қосамыз.



Осындай баптаулардан кейін тікелей эфирге 24 сағаттан кейін тікелей шығып, трансляциялар жүргізуге мүмкіндік пайда болады. Яғни бұл программа арқылы алдын ала онлайн сабақтарды да жоспарлап өтуге мүмкіндік бар деген сөз.

Қорыта келе мынанпай пайым жасағанды жөн көрдім:

Оқушыға арналған тапсырмаларды мұғалім тез дайындап, құрастырады. Ол үшін көптеген функциялады қолданады. Сол фукциялар арқылы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып жаттығулар, тапсырмалар жасап, БЖБ, ТЖБ құрастыруға болады.

Осы платформа арқылы кері байланыс ұйымдастырады. Жіберілген тапсырмаларды оқушылар орындайды. Ол үшін оқушыларға сілтеме жіберіледі.Тапсырманы қанша бала орындады, оның деңгейі қандай, бәрі көрсетіліп тұрады. Күнін, тапсырманың орындалу уақытын белгілеп қойса да болады. Бұл платформаны көшіріп қажет емес, ғаламтор желісіне «Core.app» деп кіріп, орындай берсе болады.

Жалпы айтқанда «CORE»-нің мүмкіндігі мол. Сабақтарды тегін құрастырып, тексеріп көруге, онлайн курстар мен конференциялар ұйымдастыруға болады. Кері байланыс негізінде оқушылардың жұмысын талдау және оқу материалдарын жақсарту көзделген.

Ең бастысы, бұл тегін білім беру платформасы, ол арқылы оқушыларға сабақпен қатар, олимпиада ұйымдастырса да болады. Барлық оқушының үлгерімін бақылап отыруға да өте ыңғайлы. Олардың алған нақты баллдары көрсетіліп тұрады.

Ал OBS Studio бағдарламасына келетін болсақ - бұл мүлдем тегін бағдарлама. Сондықтан ол өзінің танымалдылығына ие болды және пайдаланушыға функциялардың кең ауқымын ұсынады.

OBS Studio көріністер арасында жылдам ауысуға, веб-камерадан суретті көрсетуге, қайырымдылық пен қайырымдылық тізімін, чат терезесін және басқа да маңызды ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді.

Бағдарламада хромакей функциясы бар, яғни пайдаланушы оның артында монотонды фон орнатып, оны кез келген суретпен немесе бейнемен оңай ауыстыра алады.

Жылдамдыққа келетін болсақ, бұл ең жақсы, өйткені бағдарлама трафикті тұтынуды азайту және кескінді тасымалдауды жылдамдату үшін пакеттерді қысу және ақпаратты беру үшін кеңейтілген алгоритмдерді пайдаланады. Қорытындылай келе осы бағдарламаларды қолдану барысында оқушылардың қызығушылығын арттырып, пәндік құзыреттілігін арттыру мүмкіндігі өсе түседі. Ендеше осы бағдарламаның, оның мүмкіндіктерін, оның жаңа нұсқаларын өзімнің сабақтарымда жиі қолдана беруді жалғастырамын деп ойлаймын.

OBS Studio бағдарламасын кез келген адам пайдалана алады, себебі бұл бағдарлама тегін таратылады. Сіз оны ресми сайттан жүктей аласыз: операциялық жүйенің қажетті нұсқасын таңдау жеткілікті. Орнату оңай, жүктеу процесінде конфигурация таңдауы болмайды, сондықтан экрандағы нұсқауларды орындаңыз. OBS Studio - бұл экранды компьютерге түсіруге және жазуға арналған бағдарлама.

Бағдарлама суреттерді YouTube-те тікелей эфирге жіберуге мүмкіндік береді. Орыс мектептері оқушыларының басым көпшілігі осы желіде тіркелгісіз-ақ әртүрлі форматтағы бейнелерді көру мүмкіндігіне ие. Ал осы платформада Оқушылар, да мұғалімдер деіңізбен араласу мүмкіндігін пайдаланбау үлкен қателік болар еді.

YouTube сайтындағы онлайн сабақтың форматы трансляцияға (ағынға) шектеулі (өз қалауыңыз бойынша) қолжетімділікті қамтуы мүмкін. Оқушылардың кері байланысы – чат. Мұндай сабақ нақты уақыт режимінде өтеді, Оқушылар, да мұғалімдер де саны, шын мәнінде, шексіз. Яғни, барлық параллельдермен бірден сабақты оңай өткізуге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. https://7-su.kz/news/cat-12/10454/
2. https://studio-obs.ru/
3. Черноусова Татьяна Николаевна
https://www.1urok.ru/categories/2/articles/34355
4. https://play.google.com/store/apps/details?id=com.coresmartwork.coreapp&hl=kk&pli=1

# ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ЖАРЫТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА БАҒЫТТАҒЫ ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

**Саулдаш С.Қ.**
Абай атындағы ҚазҰПУ, МФИ институты,
магистранты, Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа**: Қазіргі кезеңде жоғарғы сынып оқушыларының креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады.Жаңартылған білім беру мазмұнында дағдыларға негіздеп оқыту басшылыққа алынады.

**Аннотация**: В настоящее время формирование креативности и творческой самостоятельности старшеклассников считается очень важной, сложной и многопрофильной проблемой. Формирование креативности описывается как интеллектуальный процесс, присущий каждому индивидууму, определяющий качество творческой деятельности и способностей, приводящих к творчеству, а также приводящий к адаптации к познанию и созданию нового. Обучениенаосновенавыковопределяетобновленныйобразовательныйконтент.

**Abstract**: Currently, the formation of creativity and creative independence of high school students is considered a very important, complex and multidisciplinary problem. The formation of creativity is described as an intellectual process inherent in each individual, which determines the quality of creative activity and abilities leading to creativity, as well as leading to adaptation to cognition and the creation of new things. Skills-based learning defines updated educational content.

Креативті ойлау өзгермелі өмір сүру талаптарына бейімделуге, тұлғаның ішкі ресурстарын тиімді қолдануға, оның әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Креативтілік қабілеттерін адам өмірін жеңілдететін қызықты идеялар тудыруда ғана емес, жалпы тұлғаның өзін жетілдіруіне және тұлғалық дамуына қолдануға болады. Кез келген шығармашылық жұмыс бізге өзіндік мағына тауып, өз құндылықтарын тануға мүмкіндік береді. Жоғарғы сынып оқушыларының бойында креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру өзгермелі өмір сүру талаптарына бейімделуге, тұлғаның ішкі ресурстарын тиімді қолдануға, оның әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Креативтілік қабілеттерін адам өмірін жеңілдететін қызықты идеялар тудыруда ғана емес, жалпы тұлғаның өзін жетілдіруіне және тұлғалық дамуына қолдануға болады. Кез келген шығармашылық жұмыс бізге өзіндік мағына тауып, өз құндылықтарын тануға мүмкіндік береді.Креативтіліктің бар немесе жоқ екендігін қандай көрсеткіштер арқылы айта аламыз? деген сұрақ түбегейлі мәселе болып табылады. Креативтілік басқаларға ұқсамайтын айрықша шығармашылық серпіліс, ұлы жаңалық немесе шедевр ретінде көрініс табады деген көзқарас кеңінен таралған, бұл пәнді терең білумен, іске асыру шеберлігімен де, сондай-ақ дарындылықпен, ерекше қабілеттермен немесе талантпен де тығыз байланысты болады [Чиксентмихайи М., 2017]. Бұл құбылыс «ауқымды креативтілік» (Big-C creativity) деп аталады. Сонымен қатар креативтілік күнделікті істерде де көрінуі мүмкін, мысалы, сыйлықты немесе фотоальбомды ерекше безендіруге, азық-түлік қалдықтарынан дәмді тағам дайындауға немесе күрделі логистикалық проблеманың тамаша шешімін табуға, күн тәртібі кестесін оңтайлы құруға қабілеттілік және т.б. Мысалы, кешкі сағат тоғызда баланың есіне ертеңгі күні мектепке немесе балабақшаға мерекелік костюммен келу керектігі түседі. Сұрақ: Сіз қолда бар материалдардан жарасымды – ерекше, тартымды, мүмкіндігінше қарапайым, бірақ айрықша нәрсе жасай аласыз ба, әлде Сіздің қолыңыздан балаға, мектептің қисынсыз талаптарына, дүкендердің жабылғанына, заттардың қымбаттығына ашулану ғана келеді ме?

«Креатив» түсінігін алғаш рет 1922 жылы Д.Симпсон адамның стереотиптік ойлау тәсілдерінен бас тартуы ретінде қарастырып, пайдаланған. Креативтік түсінігі «шығармашылық қабілеттер» түсінігінің баламасы бола отырып, шығармашылықпен, қандай

да бір жаңаны туындататын, ой-лаудың дәстүрлі сұлбасынан ауытқуды білдіреді . Креативтілікті қабілеттердің арнайы түрі ретінде қарастыру өткен ғасырдың 50-ші жылдары басталды және ол белгілі американдық психологтар Л.Терстоун мен Дж. Гилфорд есімдерімен байланысты. Дж. Гилфорд креативтілікті мінез кластарын, жүйелерін, түрлендірулерді, нәтижелерін тану қабілетіне, тұлғааралық қарым-қатынастағы күрделі жағдайлардың логикалық дамуын түсінуге, адамдардың мінездерінің ішкі мотивтерін түсінуге қатысты әлеуметтік интеллектің факторы ретінде қарастырады. Басқаша айтқанда креативтілік әлеуметтік интеллектің деңгейін көтереді, сонымен бірге, тұлғаның адаптивтік мүмкіндіктерін жоғарылатады. Креативтілік екі бағытта қарастырылады. Алғашқысы, креативтілік пен интеллектің өзара қалай байланысатындығын айқындайды және креативтілік-ке қатысты танымды үдерістерді зерттеуге бағдарланады. Екіншісі – тұлға-ның психологиялық ерекшеліктерінің креативтіліктің басым аспектілі бола алады ма соны зерттейді. Бұл бағыт тұлғалық және мотивациялық сипаттарға көңіл бөлуге тиесілі. Д.Ж.Гилфордтың креативтілік тұжырымдамасына сәйкес, креативтілік әмбебап танымдық шығармашылық қабілет, интеллектке тәуелсіз жеке фактор болып табылады. Креативтік ойлау шығармашылық жетістіктердің негізі. Зерттеуші креативтіліктің алты параметрін анықтап көрсетеді: 1) проблеманы табу және қоюға қабілеттілік; 2) жаңа идеяларды табу; 3) түрлі идеяларды өндіру қабілеттілігі - иілгіштік; 4) түпнұсқалылық – стандартты емес идеяларға қабілеттілік; 5) қабылдағыштық қалыпты емес тетіктерге анықталмағандыққа қайшылықтарға сезімталдық, сонымен қатар бір идеядан екіншісіне жылдам өтуге даярлық; 6) проблемаларды шешуге, яғни анализ бен синтезге қабілеттілік. Креативтілікті зерттеу екі бағытта жүреді. Бірінші бағыт - креативтілік интеллектпен байланысты ма және танымдық үрдістермен алмастырыла ма деген сұраққа жауап іздесе, екінші бағыт - жеке тұлға психологиялық ерекшеліктерімен қоса креативтілік аспектісі бола ма және жекелік, мотивациялық белгілерімен беріледі ме деген сұрақтармен айналысады . Сондай-ақ, креативтіліктің құраушылары сапасында болжамдаумен ойлаудың ассоциативтілігіне қабілеттілікті атауға болады. Оның мәні организмнің болашақ жағдайға дайындалу мүмкіндігімен анықталады. Бұл байқампаздықпен байланысты интегративті креативтік қасиет.

Зерттеу жұмысының болжамын практикалық түрде тексеру мақсатында 25 жаратылыстану – математика бағыты бойынша бақылау тобы және гуманитарлық бағыт бойынша тәжірибелік 25 білім алушы қатысты. Жүргізілген зерттеу жұмыстары жоғары сынып оқушыларының креативтілігін қалыптастырудың,шығармашылық ойлау деңгейін және оның дұрыс пайдаланылуын тәжірибеден өткізу үшін бағытталған болатын.

Кесте-1 Жоғары сынып оқушыларының креативтілігін қалыптастырудың пайыздық көрсеткіштері.

| Берілген сұрақтар | Бақылау тобы 25 білім алушы | Тәжірибелік топ 25 білім алушы |
|---|---|---|
| креативтілікті қалыптастыруда қиындық жоқ | 9,8 % | 19,1% |
| креативтілікті қалыптастыруда қиындық аздап көрінеді | 28,6 % | 40,2 % |
| креативтілікті қалыптастыруда біршама көлемде қиындық бар | 70,8% | 61,5% |

Анықталған қиындықтарының өзіндік ерекшелігі, жоғары сынып оқушыларының креативтілігін қалыптастыру үдерісіне байланысты болып табылады. Жалпы жоғары сынып оқушыларының негізгі қиындықтары, олар үшін жаңа білімнің жетіспеуі, оның ішінде креативтілікті қалыптастыру үдерісінде қызығушылығының, дағдының тапшылығы, өзін-өзі дамыту қағидасын, ұстаным мен жүзеге асыру жолдарының меңгерілмегендігінде болып отыр.

Информатика пәнінен жарытылыстану-математика бағыттағы жоғарғы сынып оқушыларының креативті ойлауын қалыптастыруға байланысты мотивациялық-құндылық қатынастың, әлеуметтік мотивтердің болуын анықтау барысында біз креативтілік,

дарындылық, шығармашылық психологиясын зеттеуге арналған «шығармашылық қабілет» атты Е. П. Ильиннің тесті алынды. Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тесті бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштері 2– кестеде берілген.

Кесте-2 Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тест бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерінің нәтижелері

| Деңгейлері | Бақылау тобы (25) | Тәжірибелік топ (25) |
|---|---|---|
| Өте төмен 10-20 балл | 5 % (2) | 5 % (3) |
| Ортадан төмен 20 - 40 бал | 15 % (7) | 17 % (9) |
| Орташа 40 - 60 балл | 50 % (26) | 52 % (20) |
| Орташадан жоғары 60 - 80 балл | 26 % (12) | 21 % (13) |
| Өте жоғары 80 - 100 балл | 5 % (3) | 5 % (3 |

Көрсетілген тест бойынша 10-20 балға дейін жинақтаған 2 білім алушы 5% бақылау тобында және 3 білім алушы 5 % тәжірибелік тобында, ол өте төмен деген деңгейге сәйкес келеді, бұл білім алушыларда шығармашылық қабілеті өте төмен деңгейде көрінуімен сипатталады. 20 - 40 балды иеленген 7 білім алушы 15% бақылау тобында және 9 білім алушы тәжірибелік топта 17 % пайызды құрайды, деңгейі ортадан төмен. Ол білім алушылардың шығармашылық қабілеті орташа. 40 - 60 балл жинаған орташа деңгейдегі бақылау тобында 26 білім алушы 50 % пайызды және тәжірибелік тобында 20 білім алушы 52 % пайызды құраған. Бұл сыналушылардың шығармашылық қабілеті орташа. 60 - 80 балды иеленген орташадан жоғары деңгейдегі бақылау тобында 12 білім алушылар 26 % және тәжірибелік топта 13 білім алушы 21 % пайызды құрайды, бұл білім алушылардың шығармашылық қабілеті орташадан жоғары екендігін білдіреді. 80 – 100 баллды жинаған 3 білім алушы 5 % бақылау тобында және 3 білім алушы 5 % тәжірибелік тобында, бұл білім алушылардың шығармашылық қабілеті өте жоғары дегенді білдіреді.

Алынған тест бойынша бақылау тобында еш өзгерістер байқалмайды. Тәжірибелік топ бойынша 10-20 балға дейін жинақтаған өте төмен деген деңгейге сәйкес келетін коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік өте төмен деңгейде көрінуімен сипатталатын нәтиже жоқ. 20-40 балды иеленген экспериментке дейінгі 9 білім алушы 17 % пайызды құрайды, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш саны 9 білім алушы 11 % азайған. Бұл білім алушылар қарым-қатынасқа ұмтылысы төмен, жаңа ортада, ұжымда өзін ыңғайсыз сезінетін, жалғыздыққа бейімділік танытады.Мұндай білім алушылар саны жүз пайыздың 11 % ғана құрайды, оны өте жақсы нәтиже деп есептейміз. 40-60 балл жинаған орташа деңгейдегі экспериментке дейін 20 білім алушы 52 % пайызды құраған, ал эксперименттен кейін олардың саны 20 білім алушы азайған, яғни ол 100% көрсеткіштің 36 % ғана құрайды. Бұл қатысушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің орта деңгейіне ие. Олар адамдармен байланысуға бейім, таныстық шегін шектемейді, өзіндік пікірі бар, өз жұмысын жоспарлай алатын, дегенмен бейімділік әлеуеті жоғары тұрақтылықпен ерекшеленбейді. 60-80 балды иеленген орташадан жоғары деңгейдегі экспериментке дейін 13 білім алушы 21 % пайызды құраған, эксперименттен кейін 13 білім алушы 37% ға өскен. Бұл білім алушыларда коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің орташадан жоғары деңгейі тиісті. Олар жаңа ортаға еркін кіріге алатын, достық қарым-қатынасты оңай құра алатын, таныстарын көбейтуге әрдайым ұмтылысы бар, қоғамдық іс-әрекетте бастамашылдық танытатын, өзгеге көмек беруге даяр, туындаған жағдайға байланысты дербес шешім қабылдауға мүмкіндігі бар тұлғалар. 80-100 балға ие сыналушылар экспериментке дейін 3 білім алушы 5 % пайызын құраған, эксперименттен кейін 6 білім алушы 16 % көрсеткішті берді. Бұл білім алушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетте қажеттілікті сезінеді және оған белсенді түрде ұмтылады.

Қорытындылай келе креативтілік дегеніміз - тұлғаның айрықша идеяларды шығару, ойлаудың дәстүрлі схемаларынан кете алу, проблемалық жағдаяттарды шеше алу қабілеті. Креативтілік интеллектуалдық қабілеттердің ішінде ерекше тип ретінде бөлініп шықты. азіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір балада сапалы және терең білім мен

іскерлігінің болуын, олардың креативтілікпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Осындай ерекше мәнге ие болып отырған кезде, бүгінгі таңда, балаларға білім берумен қатар, олардың ақыл-ой белсенділігін, іс-әрекетін дамыту мәселесі алдыңғы қатарда тұр. Осы жерде баланың танымдық сұранысын туғызатын, оның іс-әрекетінің жоғары сипатқа ие болуын қамтамасыз ететін креативтілік тапсырманы берудің мәні зор.Зерттеу проблемасы өте күрделі болғандықтан және алғаш рет зерттеліп отырғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта оқушылардың креативтілік әлеуетін дамыту, оқушылардың креативті ойлауын дамытуға, студенттердің коммуникативтік креативтілігін дамытудың интербелсенді әдістерін жобалау және т.б. проблемалар арнайы зерттеу проблемасы болу керектігін қажет етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана: 26 желтоқсан, 2003. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941
2. А.В.Хуторской. Учебник для ВУЗ-ов-СПб; Питер, - 2010.
3. Кларкин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе.-М.:Танио, - 2004.
4. Хуторской А.В. Современная дидактика. - Санкт-Петербург: 2008.
5. Чернилевский Д.В. Креативные аспекты становления образовательной системы. - М., 2000.
6. Шевченко Л.Л. Педагогическое творчество. - М., 2009.
7. Рахимов А.З. Психология творчества. - Уфа, 2008.
8. Гнатко Н.М. Проблема креативности и явления подражания. - М., 2000.
9. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. - М., 2005.
10. Морозов А.В. Диагностика креативности //Монография. - М., 2002.


# БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ


**Сәлғожа И.Т.[1], Мамытбек Ә.П.***

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан



**Аңдатпа:** Қазіргі цифрлық қоғамда педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру информатика саласындағы болашақ мамандарды даярлау кәсіби даярлаудың маңызды аспектісі болып табылады. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай әрбір мұғалім қазіргі заман талабына сай ескі қағидаларды пайдаланбай өз білімін жетілдіріп, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса оқушыларға жаңа білім алуға қызығушылығын, шығармашылығын оятуға, өз бетімен білім алуға мүмкіндік туғызады. Мақалада информатика мұғалімі және оған қойылатын талаптар мен міндеттері, педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы, педагогикалық зерттеу дағдыларын қолдана отырып оны мұғалімнің өз сабағында қолдана алуы және педагогикалық зерттеу дағдыларын сабақ барысында қолданатын және қолданбайтын мұғалімдердің айырмашылығы қарастырылған. Болашақ информатика мұғалімінің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру туралы информатика пәні мұғалімдері мен болашақ информаткиа мұғалімдерінен сауалнама алынып, R бағдарламасы арқылы талдау жасалынды. Зерттеу нәтижесі бойынша болашақ информатика мұғалімінің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру туралы мұғалімдердің көзқарастары анықталды. Сонымен қатар, мұғалімдерді арнайы курстарда білімін жетілдіргеннен кейін ғана олардың педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыруын жеткілікті деңгейде меңгеріп, мұғалімнің өз ісіне деген қызығушылықтары мен жауапкершіліктері артады деген тұжырым жасалды.

**Аннотация:** Формирование навыков педагогического исследования в современном цифровом обществе подготовка будущих специалистов в области информатики является важным аспектом профессиональной подготовки. Как говорил русский педагог К. Д. Ушинский, каждый учитель, совершенствуя свои знания, не используя старые принципы, соответствующие современности, ежедневно применяя на своих уроках новые инновационные технологии, дает возможность учащимся пробудить интерес, творчество к получению новых знаний, получить знания самостоятельно. В статье

рассматриваются учитель информатики и предъявляемые к нему требования и задачи, важность формирования навыков педагогического исследования, умение учителя применять его на собственном уроке с применением навыков педагогического исследования и отличия учителей, использующих и не использующих навыки педагогического исследования в ходе урока. О формировании педагогических исследовательских навыков будущего учителя информатики был опрошен опрос учителей информатики и будущих учителей информатики и проведен анализ с помощью программы R. По результатам исследования были выявлены взгляды педагогов на формирование у будущего учителя информатики навыков педагогического исследования. Кроме того, сделан вывод о том, что только после совершенствования знаний учителей на спецкурсах у них достаточно развито формирование навыков педагогического исследования, повышается интерес и ответственность учителя к своему делу.

**Abstract:** The formation of pedagogical research skills in the modern digital society, the training of future specialists in the field of computer science is an important aspect of professional training. As the Russian teacher K. D. Ushinsky said, each teacher, improving his knowledge, not using the old principles corresponding to modernity, daily applying new innovative technologies in his lessons, gives students the opportunity to awaken interest, creativity to acquire new knowledge, to gain knowledge independently. The article discusses the computer science teacher and the requirements and tasks imposed on him, the importance of forming pedagogical research skills, the teacher's ability to apply it in his own lesson with the use of pedagogical research skills and the differences between teachers using and not using pedagogical research skills during the lesson. A survey of computer science teachers and future computer science teachers was conducted on the formation of pedagogical research skills of a future computer science teacher and an analysis was carried out using the R program. According to the results of the study, the views of teachers on the formation of pedagogical research skills of a future computer science teacher were revealed. In addition, it is concluded that only after improving the knowledge of teachers in special courses, they have sufficiently developed the formation of pedagogical research skills, the teacher's interest and responsibility for his work increases.

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемнің озық елдердің қатарына ену стратегиясы бойынша білім беру саласының мазмұны әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуі мақсатында жаңартылуда. Осыған сәйкес ғылыми білімнің қазіргі деңгейі педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда басқарудың жалпы теориясын қолдану қажеттілігін туындатады. Болашақ мұғалімнің сынып ұжымын, оқу-тәрбие үдерісін оқушының жеке тұлғасының дамуын адами қорларды қажетті деңгейде басқару үшін оның бойында жоғары педагогикалық білімнің болуымен қатар, білім берудегі басқару саласынан арнайы білім, біліктерінің болуы қажет етіледі. Осыған байланысты білім беру саласындағы мамандарды даярлауға жаңа талаптар ұсынылады. Мақала тақырыбына арқау болған өзекті мәселе ол информатика мұғалімдерінің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру болып отыр. Жалпы алғанда информатика мұғалімі кім? Информатика пәні мұғалімі – сабақ барысында өзге пәндерге қарағанда оқушыларды ақпараттық технологияларды үйрету мен оларды ұтымды пайдалану арқылы қызықтыра оқытып, тосыннан туындаған жағдаяттарға бейімделуге қабілетті адамды дайындайтын және оқытатын адам.

Болашақ информатика мұғалімінің бойында кәсіби шеберлігі шыңдалған, өз ісіне сүйіспеншілікпен, шыдамдылықпен сонымен қатар жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен жеке ізденістерге жетеленген [1], нәтижеге бағытталған білімдендірудің жаңа жүйесіне көшкен, білімін үнемі дамытып отыратын болса ғана педагогикалық дағдылары қалыптасты деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасында болашақ информатика мұғалімдерін даярлау, сонымен қатар 6В01505(5В011100)-Информатика мамандығы бойынша білім беретін жалпы саны 25-ті құрайтын жоғары оқу орындары бар [2]. 6В01505(5В011100)-Информатика білім беру бағдарламасының мақсаты - жоғары білікті педагог кадрларды даярлау.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауды жүзеге асыру кезінде педагогикалық университеттердің білім алушыларының өздерін қалыпты сезінуі өте маңызды. Себебі, олардың болашақ қызметі информатиканы оқытумен байланысты. Егер олар университет кезінде үздіксіз педагогикалық практикаға белсене атсалып қатысатын болса, бұл өз кезегінде оларды өздері арқылы мектептің нақты оқу процесі, оның ерекшеліктерімен танысу, оқу процесінде кездесетін проблемалар және оларды белсенді шешу жолдарын іздеу және табу, өз

идеяларын бір сөзбен айтқанда, оның белсенді қатысушысы болуына мүмкіндік береді. Қытай Халық даналығында айтылғандай: "маған айтыңыз – мен ұмытып кетемін, маған көрсетіңіз – мен есімде сақтаймын, мені қатыстырыңыз – мен үйренемін" [3], мұндай үздіксіз әрекет білім алушылардың болашақ кәсіби қызметі саласында, мұғалімдік қызметінде жалпылау және озық тәжірибені жинақтау, оның ерекшеліктері мен талаптарына бой ұсыну оларға тез бейімделуге мүмкіндік береді.

**Болашақ информатика мұғалімі** - білім беру саласында жұмыс істейтін және информатиканы оқытумен айналысатын, оқушыларға ақпараттық технологияларды үйрету мен оларды ұтымды пайдалануды үйретеді. Сонымен қатар, тосыннан туындаған жағдаяттарға бейімделуге қабілетті тұлғаны дайындайды және оқытады. Сондықтан, болашақ информатика мұғалімі оқушыларға информатика пәнін оқыту үшін техникалық және педагогикалық білім мен дағдыларға ие болуы керек.

**Педагогикалық зерттеу дағдылары** - бұл проблемаларды зерттеу, оларды оқу процесінде дамыту, тиімді әдістерді әзірлеу және олардың шешімдерін табу жүйесі. Ол болашақ информатика мұғалімдерінің оқуға деген көзқарасын жақсартады және оқу процесін арттыруға көмектеседі. Педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін информатика мұғалімдеріне педагогикалық зерттеулер мен оқу қызметін талдаудың оқыту әдістемелеріне арналған арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру қажет. Сондай-ақ мұғалімдерді білім беру саласындағы перспективалық зерттеулер мен әдістерді дамытуға ықпал ететін қоғамдық педагогикалық білім беруді және зерттеулерді дамытуға тарту маңызды [4]. Сонымен қатар, мұғалімдерді білім беру мақсатында зерделеу, оларға әдістемелік және консультациялық көмек көрсету, сондай-ақ информатика мұғалімдері арасында басқа әріптестердің үздік педагогикалық тәжірибелерінен үйренуге мүмкіндік беретін тәжірибені ұстану қажет. Осылайша, педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру болашақ информатика мамандарын кәсіби даярлаудың маңызды компоненттері болып табылады.

Информатикада педагогикалық зерттеу әдістерін қолданатын мұғалім әдетте бұл әдістерді қолданбайтын мұғалімге қарағанда информатиканы қалай тиімді оқыту керектігін тереңірек түсінеді. Педагогикалық зерттеу әдістері әр түрлі іс-шаралар үшін қандай әдістері қолданылатынын және информатиканы қалай тиімді оқыту керектігін жүйелі түрде және тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, информатика пәнінде педагогикалық зерттеу әдістерін қолданбайтын мұғалімдер өзге қолданбалы әдістерді қолданумен шектеледі және ерекше қажеттіліктер мен қызығушылықтарды таңдамайды. Олар оқушылардың қалай оқитыны туралы терең түсінікке ие болмауы мүмкін, бұл олардың ассимиляциясы мен қабілеттерін бағаламауға немесе қайта бағалауға әкелуі мүмкін. Педагог, профессор Джон Дьюидің [5] «Егер біз балаларымызды кешегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз [6]» деген ойына назар аудара отырып, информатикада педагогикалық зерттеу әдістерін қолдану мұғалімге оқытуға жеке көзқарас қалыптастыруға көмектеседі, бұл өз кезегінде нәтижелерге және олардың тақырыпқа көзқарастарының жалпы шешіміне әкеледі деп айтуға болады.

Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру маңызды, өйткені бұл оларға оқушыларын тезірек оқытуға және кәсіби деңгейлерін арттыруға көмектеседі. Шынында да, педагогикалық зерттеудің техникалық дағдыларын пайдалану кәсіби дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл оларға оқу қызметін тиімді ұйымдастырып қана қоймай, педагогика ғылымының дамуына өз үлестерін қосуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық зерттеулер тәрбие теориясында, дидактикада, педагогика тарихында және әдіснамада, әлеуметтік педагогикада, жеке әдістемелерде жүргізіледі.

Педагогикалық зерттеу әртүрлі функцияларды орындайды: коммуникативті, танымдық, әлеуметтік.

- коммуникативті функциясы - бұл білім беру арнасы ғана емес, сонымен бірге адамдардың рухани және интеллектуалды қарым-қатынасының құралы.

- танымдық қызметі - оқу, тәрбие, қарым-қатынас, әлеуметтену процесінің маңызды жақтарын зерттеу, түсіну болып табылады.

- әлеуметтік функциясы - оның көмегімен қоғам үшін маңызды мәселелер шешілетіндігінде көрінеді, нәтижесінде жарияланымдардың мазмұны, тілі өзінің әлеуметтік мақсатына, олар тағайындалған тұтынушылар тобының қажеттіліктеріне жауап беруі керек.

Педагогикадағы әдіснамалық зерттеулердің мақсаты мен негізгі міндеті - негізделген теорияны дамытудың тиімді құралдарын табу, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық теориясы мен әдістемесін құратын, дамытатын және жетілдіретін ғалымдардың зерттеу қызметінің тиімділігін арттыру. Осылайша, педагогикалық мәселелерді зерттеуді тәрбие мен оқыту мәселелерін шешуде жалпы ғылыми әдісті қолдану ретінде анықтауға болады.

Г. И. Александров, В. И. Гмурман және А. Макаровская педагогикалық зерттеулердің келесі түрлерін анықтады: негізгі, қолданбалы және инклюзивті. Бұл классификация поляк классификациясымен сәйкес келеді, мұнда педагогиканың практикалық, индуктивті және инновациялық сипатына, сондай - ақ педагогикалық зерттеулердің ерекшеліктері мен мақсаттарына сәйкес ғылыми зерттеулер іргелі, қолданбалы және инклюзивті болып бөлінеді. Мұнда жіктеудің негізі – нәтиже [7].

Негізгі зерттеулердің мақсаты - белгісіз ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарды ашу және талдау. Осы типтегі зерттеулер келесі сұрақтарға жауап беруі керек: «Бұл не?», «Қалай?», «Неге олай, басқаша емес?». Олар еркін және бағытталған болуы мүмкін. Еркін негізгі зерттеулер жүргізу кезінде зерттеуші зерттеу саласында да, оларды жүзеге асырудың әдістері мен құралдарында да таңдау еркіндігіне ие. Бағытталған негізгі зерттеулердің мақсаты алдын-ала анықталады, зерттеуші оларды жүзеге асырудың әдістері мен құралдарын таңдау еркіндігіне ғана құқылы. Зерттеудің бұл түрін ғылыми топтар жүргізеді, көбінесе еркін негізгі зерттеулердің нәтижелері қолданылады. Педагогикадағы негізгі зерттеулер тәрбие мен оқытудың заңдылықтарын, педагогиканың жалпы теориялық тұжырымдамаларын ашады, оның әдістемесін жасайды, сонымен қатар қолданбалы зерттеулер мен инклюзивтердің негізін құрайды.

Қолданбалы зерттеулердің нақты мақсаты бар және нақты педагогикалық мәселелерге қатысты. Педагогикада бұл жеке теориялық және практикалық міндеттер болуы мүмкін, мысалы, тәрбие әдістерімен, оқыту мазмұнымен, педагогикалық кадрларды, белгілі бір мамандарды даярлаумен және т.б. Қолданбалы зерттеулер пәні неғұрлым шектеулі және практикалық нәтижеге, педагогикалық практиканың ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Олар педагогика мәселелерін зерттеу процесінің буыны, бірақ негізі мәселелерден бір саты төмен.

Педагогикалық дағдыларды қалыптастыратын қасиеттер:

**Кәсіби құзыреттілік** - педагогтың жеке бас салалары мен оның психологиялық - педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады [8]. Информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі - оның кәсіптік даярлау үдерісінде қалыптасатын маманның ішкі негізгі құзыреттіліктерінің жиынтығында көрінеді. Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың перспективалы бағыттарының бірі кәсіби бағдарланған дидактикалық ақпараттық ортаны жобалау болып табылады [9]. Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К. Құдайбергенова «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субьектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы«competens»белгілі сала бойынша жан -жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [10]. Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз –педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы» [11]. Ш.Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген

білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» - деп қарастырылады [12].

**Мұғалімнің педагогикалық кәсіби шеберлілігі** оның кәсіби қызметінен тыс қарастыру мүмкін емес. Осы мәселеге байланысты Ф. Харламов мұғалімнің кәсіби шеберлілігін даму сатысы бойынша төрт кезеңге бөліп қарастырады [13]. Бірінші кезең - педагогикалық біліктілік болып табылады. Бұл кезең бойынша педагог ЖОО-да оқудың, сондай-ақ мектептегі жұмыс барысында алғашқы кәсіби сынақтардың арқасында біліктілігін арттырады делінген. Екінші кезеңде - педагогикалық шеберлікке тікелей практикалық қызметте кәсіби білімді теориялық дайындау барысында алған нәтижелері арқылы қол жеткізе алатынын айтқан. Үшінші кезең - педагогикалық шығармашылыққа бағытталған. Мұғалім түбегейлі жаңа оқыту тәсілдерін, ұйымдастыру нысандарын, танымдық жұмыстарын жетілдіреді. Төртінші кезеңде - педагогикалық жаңашылдық туралы, мұғалім іс жүзінде жаңа идеяларды, білім сапасын арттыруды жүзеге асырады. Сондықтан да, болашақ информатика мұғалімі оқуға түсінікті тілде күрделі құбылыстар мен техникалық терминдерді түсіндіре білуі, сондай-ақ оқушыларды сабаққа қызықтыра алуы керек.

**Мұғалімнің өз ісіне деген сүйіспеншілігі** тек жұмыстан тұрмайды. Бұл оның адалдығы және істеген ісіне деген қызығушылығы. Алайда, кез-келген басқа құмарлықтар сияқты, ол уақыт өте келе біртіндеп жоғалып кетуі мүмкін. Педагогикалық ғылым бір орында тұрмайды, сондықтан ешқашан бір орында тұрақтап қалуға болмайды, үнемі семинарлар мен конференцияларға қатысып, түрлі курстардан өтіп ізденіс үстінде болу керек [14]. Сонымен қатар, оқушылар мен әріптестерге қолдау білдіріп көмек қолын созу керек, информатика мен технологияны жақсы білуі және олармен жұмыс істегенді ұнатуы керек.

**Педагогикалық шыдамдылық** - бұл талаптарға, қателіктерге және түсінбеушілікке қарамастан, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде педагогикалық қабылдау мен шыдамдылық. Бұл мұғалімнің кәсіби дағдыларының маңызды бөлігі және білім беру ортасының өнімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Жалпы информатиканы оқыту қиын, сондықтан мұғалім шыдамды және оқушылармен қиындықтарды жеңуге дайын болуы керек. Осы себепті педагогикалық шыдамдылық оқушылардың мұғалімнің қолдауы мен сенімін сезінуі үшін қажет, бұл өз кезегінде олардың өзін-өзі бағалауы мен өзіне деген сенімділігінің дамуына әсер етеді. Ол сондай-ақ мұғалімге сыныпта оң көзқарасты қалыптастыруға және оқушылармен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

**Педагогикалық жауапкершілік** - мұғалімнің жұмысының сапасы, оқушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты, сондай-ақ олардың дамуы мен білім беру мақсаттарына жетуі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы. Педагогикалық жауапкершілік тек кәсіби міндеттерді орындауды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, кәсіптің этикалық нормалары мен лауазымдарын сақтауды, сондай-ақ олардың білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіруге дайындықты қамтиды. Педагогикалық жауапкершілік педагог жұмысының барлық аспектілерінде көрінеді - сабаққа дайындалудан және оқыту әдістерін таңдаудан бастап оқушылардың білімі мен мінез-құлқын бағалауға, сондай-ақ білім беру процесінің басқа белгілерімен өзара әрекеттесуге дейін.

Соңғы жылдары Қазақстанда информатика саласындағы мамандардың педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған бірнеше заңнамалық актілер қабылданды. Осындай актілердің бірі – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім және ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 4 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл заңда «Білім туралы» Заңына және білім беру бағдарламалары мен педагогтердің талаптарына қойылатын талаптарды нақтылайтын басқа да заңнамалық актілерге өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, бұл болашақ информатика пәнінің мұғалімдеріне де тікелей қатысты. Сондай-ақ 2018 жылы «ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы білім беру қызметін реттейтін білім беру мекемелерін аккредиттеу және тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 ақпандағы қаулысы қабылданды. Қағидаларда педагогикалық зерттеу дағдыларын қоса алғанда, ақпараттық технологиялар саласындағы білім беру

бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар қамтылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі өз қызметі шеңберінде информатика саласындағы педагог кадрларды даярлау және біліктілік бағдарламаларын, оның ішінде педагогикалық зерттеу дағдыларын дамытуға баса назар аудара отырып, белсенді дамытатынын атап өткен жөн. 2018 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №227-VI (2021 жылға арналған өзгерістермен) Заңы қабылданды, ол білім беру бағдарламаларына және әртүрлі салаларда, соның ішінде информатика салаларында мамандар даярлауға қойылатын талаптарды белгілейді. Заңға сәйкес педагогикалық қызмет үшін пайдалы құзыреттер мен дағдыларды, оның ішінде педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Осылайша, Қазақстанда информатика саласындағы болашақ мамандардың педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру жөніндегі заңнама білім беру бағдарламалары мен кәсіптеріне қойылатын талаптарды айқындайтын бірқатар қарапайым және Нормативтік іс-қимылдарды қамтиды. Жалпы, Қазақстан Республикасының заңнамасы соңғы жылдары информатика саласындағы болашақ мамандардың педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлуде.

**Гипотеза:** Болашақ информатика мұғалімінің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар дұрыс ұйымдастырылмайтын болса, ол айтарлықтай мұғалімнің кәсіби деңгейінің жеткіліксіздігіне алып келеді. Оны оқушылардың оқу тиімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етеді дейтін болсақ, онда болашақ мұғалімдердің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптыстыру арқылы кәсіби дайындығы жоғары маманға ие боламыз.


Информатика мұғалімдерінен және болашақ информатика мұғалімдерінен педагогикалық зерттеу дағдыларына байланысты Google Forms арқылы сапалық және сипаттамалық салыстырмалы талдау әдісі қолданыла отырып сауалнама алынып, R бағдарламасы арқылы талдау жасалынды.

Сауалнамаға 43 информатика мұғалімдері мен болашақ информатика мұғалімдері қатысты. Сауалнамаға қатысушылар саны аз болғандықтан зерттеу нәтижесі шектеулі, сондықтан алынған нәтиже аталған жайттың нақты сипатын бере алмауы мүмкін. Сондай-ақ, сауалнамада жауап беруші мұғалімдер мен болашақ информатика мұғалімдерінің аты-жөнінің және жауабының құпиялылығы сақталды.

Деректерді жинау үшін мұғалімдер мен болашақ мұғалімдердің сауалнама тақырыбы туралы ойланып, негізгі сұраққа жауабын нақты алу мақсатында өзге де қосымша сұрақтар қойылып, ғылыми жетекшімен бірнеше рет ақылдасып дайындалды. Сауалнама жалпы саны 10 сұрақты қамтыды.

Зерттеуді жүзеге асыру екі аптаға созылды. Себебі, сауаланамадағы сұрақтар тікелей информатика мұғаліміне және болашақ информатика мұғалімдеріне қатысты болғандықтан жіберілген сілтеме бойынша ойларын нақтылап алуға уақыт кетті. Сонымен қатар, жіберілген сілтемеге бей-жай қарайтын әріптестеріміз де кездесті. Сондықтан да жіберілген сілтемедегі сауалнамаға жауап берушілер саны 43-ті құрады.


Зерттеу сұрағына жауап қайтарған мұғалімдердің сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерінің әртүрлі екенін көруге болады. Эмпирикалық әдісті 20% мұғалім пайдаланатын болса, тағы 20%-ы теориялық әдісті қолданады, ал әдіснамалық әдісті 35%-ы қолданытын болса қалған 25% мұғалім сұрақ-жауап әдісін қолданатынын осы проценттік шкала арқылы білуге болады(1-сурет).



*1-сурет. Мұғалімдердің сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерінің көрсеткіші*

Зерттеу нәтижесі бірінші кезекте мұғалімдердің педагогикалық зерттеу дағдылары бойынша түсініктерінің қалыптасқандығы оны арттыру туралы, сонымен қатар информатика пәні бойынша білім алудың маңыздылығы туралы түсініктерінің бар-жоғын анықтау мақсатында «Информатика пәніне мұғалімнің педагогикалық зерттеу дағдылары қалыптасқаны маңызды ма?», «Зерттеу дағдыларын қалыптастыру ұзақ жылдық тәжірибені талап етеді ме?», «Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауды жетілдіру қажет дегенді қолдайсыз ба?» деген сұрақтар қойылды.

Жауаптарды R бағдарламалау ортасына салып талдағанда нәтиже төмендегідей болды (2-сурет):





*2-сурет. Мұғалімдердің педагогикалық зерттеу дағдылары бойынша түсініктері туралы ақпарат*

Егер ақпаратты кесте түрінде берсек:

| *Сұрақ/жауап* | *Ия* | *жоқ* | *аздап* |
|---|---|---|---|
| Информатика пәніне мұғалімнің педагогикалық зерттеу дағдылары қалыптасқаны маңызды ма? | 80% | 15% | 5% |
| Зерттеу дағдыларын қалыптастыру ұзақ жылдық тәжірибені талап етеді ме? | 45% | 25% | 30% |
| Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауды жетілдіру қажет дегенді қолдайсыз ба? | 80% | 15% | 5% |

*1-кесте. Мұғалімдердің педагогикалық зерттеу дағдылары бойынша түсініктері туралы ақпарат*


Сонымен қатар мұғалімдер арасында «Сабағыңыз аяқталған соң оқушыларға өткен әдісіңіз бойынша талдау жасайсыз ба?», «Информатика пәнінің білім алуда маңызы бар ма?» деген сұрақтар қойылып, жауаптарына талдау жасалынды. Сауалнамаға қатысушылардың 65%-ы «міндетті түрде жасаймын» десе де, олардың 20%-ының арагідік яғни «кейде» ғана жасайтынын көруге болады. Мұғалімдер арасында тіпті талдауды «мүлдем жасамайтындар» да кездесті. Бұл арқылы кейбір мұғалімдеріміздің өз ісіне селқос қарайтынын аңғаруға болады (3-сурет).




*3-сурет. «Сабағыңыз аяқталған соң оқушыларға өткен әдісіңіз бойынша талдау жасайсыз ба?» деген сауалға жауап берушілердің үлесі*


Келесі «Информатика пәнінің білім алуда маңызы бар ма?» деген сұрақ бойынша 90% мұғалімдер маңызы бар десе, 10%-ы маңызы жоқ деген шешімге келген.

Мұғалімдерге «Мұғалімнің оқыту барысында өз дағдыларын қолдануы білім алушылардың білім алу қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді ме?», «Инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін мұғалімнің дағдыларын арттыру керек деп есептейсіз бе?» деген сұрақтар да қойылды. Олардың 75%-ы мұғалімнің оқыту барысында өз дағдыларын қолдануы білім алушылардың білім алу қабілеттерінің дамуына «мүмкіндік береді» деп жауап қайтарса, 10% мұғалімнің «мүмкіндік бермейді» деген жауапты таңдағанын байқауға болады. Сонымен қатар, 15%-ы «аздап қана мүмкіндік береді» деп есептейді (4-сурет).




*4-сурет. «Мұғалімнің оқыту барысында өз дағдыларын қолдануы білім алушылардың білім алу қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді ме?» деген сұрақтың проценттік шкаласы*


Сауалнама ішінде «Мұғалімдерді педагогтік шеберлікке үйретуге арналған курстармен таныссыз ба?», «Педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру тиімді және қажетті деп ойлайсыз ба?» деген сұрақтар да кездесті. «Мұғалімдерді педагогтік шеберлікке үйретуге арналған курстармен таныссыз ба?» деген сұраққа 55%-ы «ия, таныспын» десе, 25%-ы «жоқ таныс емеспін» деп жауап қайтарды және 15%-ы «курстан өту маңызды емес» деп 5%-ы «курстардың көмегі тимейді» деген тұжырымға келген(5-сурет).




*5-сурет. Мұғалімдердің «Мұғалімдерді педагогтік шеберлікке үйретуге арналған курстармен таныссыз ба?» сауалына жауаптары*

Келесі «Педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру тиімді және қажетті деп

ойлайсыз ба?» деген сұраққа 35%-ы «тиімді бірақ қажет емес», 25%-ы «тиімді емес бірақ қажет» деген жауаптарды таңдаса, қалған 35%-ы «ия, қажет және тиімді» және 5%-ы «жоқ, қажет емес және тиімді емес» деп жауап бергенін көруге болады (6-сурет).




*6-сурет. «Педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру тиімді және қажетті деп ойлайсыз ба?» сұрағына берген жауаптары*

Зерттеу нәтижесінен болашақ информатика мұғалімінің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру туралы 43 информатика пәні мұғалімдері мен болашақ информаткиа пәні мұғалімдерінен сауалнама алынып, R бағдарламасы арқылы талдау жасалынды. Зерттеу нәтижесі бойынша болашақ информатика мұғалімінің педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру туралы мұғалімдердің көзқарастары анықталды. Зерттеу барысында мұғалімдердің барлығы (100%) сабақ барысында әдістерді қолданатыны белгілі болды. Алайда әртүрлі әдісті қолданады. Мәселен эмпирикалық әдісті 20% мұғалім пайдаланатын болса, тағы 20%-ы теориялық әдісті қолданады, ал әдіснамалық әдісті 35%-ы қолданытын болса қалған 25% мұғалім сұрақ-жауап әдісін қолданатыны белгілі болды. Қолданған әдістері бойынша біршама мұғалімдер (20%) сабақтан кейін өзі үшін кейде ғана талдау жасаса, ал кейбір мұғалімдердің (15%) мүлдем талдау жасамайтыны анықталды. Осылайша мұғалім өз-өзіне ұзақ уақыт есеп бермей, талдау жасамайтын болса педагогикалық кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігінің жеткіліксіздігіне алып келеді. Ал ол өз кезегінде оқушыларды оқыту тиімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етеді. Осы себептен де, мұғалімдердің басым көпшілігі (80%) информатика пәніне мұғалімнің педагогикалық зерттеу дағдылары қалыптасқаны маңызды деп есептейді. Сонымен қатар, алынған сауалнама нәтижесі бойынша мұғалімнің оқыту барысында өз дағдыларын қолдануы білім алушылардың білім алу қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді (75%) дейді. Сонымен қатар, мұғалімдерді арнайы курстарда білімін жетілдіргеннен кейін ғана олардың педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыруын жеткілікті деңгейде меңгеріп, мұғалімнің өз ісіне деген қызығушылықтары мен жауапкершіліктері артады деген тұжырым жасалды.

Қорытындылай келе, педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру болашақ информатика мұғалімі үшін маңызды екені белгілі болды. Бұл дағдылар мұғалімдерге оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын қолдануға және қолдануға, олардың әдістерінің тиімділігін талдауға және бағалауға, сондай-ақ кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Технология үнемі дамып, жаңарып отыратын кең ақпараттық қоғамда информатика мұғалімдері өздерінің дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Педагогикалық зерттеу дағдылары оларға білім беру және ақпараттық технологиялар саласындағы соңғы жаңалықтардан хабардар болуға, сондай-ақ оларды іс жүзінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, педагогикалық зерттеу дағдыларын қалыптастыру информатика саласында кәсіби қажеттілік және жалпы білім беру сапасына көбірек көңіл бөлу болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Bilimdinews.kz сайты: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі: Нәтижеге бағытталған білім беру негізі, (05.09.2020) URL:https://bilimdinews.kz/?p=117049(оқылым күні: 12.03.2023)

2. URL:http://testent.ru/publ/specialnosti_bakalavriata/obrazovanie/informatika/12-1-0-395

3. URL:https://socratify.net/quotes/kitaiskie-poslovitsy-i-pogovorki/49495
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы бойынша «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», (қаралым күні: 25.04.2023)
5. Kk.warbletoncouncil.org сайты: Джон Дьюи өмірбаяны, теориялары мен үлестері, URL: https://kk.warbletoncouncil.org/john-dewey-16157
6. Нұргүл Мырзашқызы Сулекина «Заманауи сабақ – тиімді сабақ» мақаласы (оқылым күні: 02.04.2023)
7. URL: https://pedagogika.org/index/issledovanija_v_pedagogike/0-30(оқылым күні: 17.05.2023)
8. Жүсіпова Ж.А . Педагогикалық шеберлік. //Алматы, 2011
9. О.С. Ахметова, М.Ф. Ирисбаева Болашақ информатика мұғалімдерінде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Физика-математика ғылымдары» сериясы, No3(63), 2018 – 327 б.
10. Құдайбергенова К. Құзырлылық — тұлға дамуының сапалық критерийі: Ғыл.-практ. конф. материалдары. —Алматы, 2008. — 9–11-б.
11. Тұрғынбаева Б. // Бастауыш мектеп. — 2005. — № 3. — 3–5-б.
12. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Оспанова Б.Ә. // Білім әлемінде. — 2013. — № 3. — 3–5-б.
13. Вейдт В. П. Профессиональное мастерство учителя: толкование понятия // Научнометодический электронный журнал «Калининградский вестник образования». — 2019. — № 3 (сентябрь). — С. 13-23. — URL: https://koirojournal.ru/realises/%20g2019/30sept2019/kvo302/
14. Fiona Hallett and Margaret K. Merga. The Love of Learning: A Study of the Emotional Labor of Teaching // journal «Education Sciences» — 2021.

# ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН БАҒАЛАУ

**Симтикбаева А.Т.[1], Шахан А.Е. [2]**
[1]№152 Мектеп-гимназия, Алматы қ., Қазақстан
[2]Магистр, №76 ЖББМ, Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Информатика саласының заман ағымына сай дамуы мен өркендеуі үшін, пән мұғалімдердің кәсіби біліктілін үздіксіз дамыту маңызды фактор болып табылады. Мақалада «Информатика пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігінің моделі» көрсетілген. Жасалған модельге сәйкес информатика пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігін бағалау оның ғылыми-теориялық білімін, әдістемелік біліктілігін сонымен қатар психологиялық және педагогикалық біліктілігін бағалауды қажет ететіндігі көрсетілген.

**Аннотация:** Для современного развития и процветания информатики важным фактором является непрерывное развитие профессиональной квалификации учителей-предметников. В статье представлена «Модель профессиональной квалификации учителя информатики». Показано, что оценка профессиональной квалификации учителя информатики в соответствии с разработанной моделью требует оценки его научно-теоретических знаний, методической квалификации, а также психолого-педагогической квалификации.

**Abstract**: For the modern development and prosperity of the computer science industry, the continuous development of professional skills of subject teachers is an important factor. The article presents the"Model of professional qualification of a computer science teacher". It is shown that the assessment of the professional qualifications of a computer science teacher in accordance with the developed model requires an assessment of his scientific and theoretical knowledge, methodological qualifications, as well as psychological and pedagogical qualifications.

Бүгінде білім беру жүйесінің дамуы мен өркендеуі үшін мұғалімдердің кәсіптік біліктілігінің маңызы өте жоғары. Мұғалімнің құзыреттілігі білім алушылардың сапалы білім алуына қол жеткізудің маңызды аспектісі болып табылады. ҚР "Кәсіптік біліктілік туралы" Заңының жобасына сәйкес біліктілікті анықтау мен бағалау азаматтарды біліктілік деңгейін арттыруға және дағдылар мен құзыреттерді, әсіресе цифрлық дағдыларды дамытуға ынталандыру; кәсіби біліктілікті тануға бірыңғай түсінік пен көзқарасты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ұлттық біліктілік жүйесі енгізілді. Білім берудің 8 деңгейі ұсынылған

Ұлттық біліктілік шеңбері бекітілді. Салалық біліктілік шеңбері жаңартылды және белгілі бір кәсіптің білімі мен дағдыларын айқындайтын 623 кәсіби стандарт бекітілді[1].

Мұғалімдердің кәсіби қызметке дайындығы, мамандарды даярлау сапасын бағалау ретінде және білім берудің жаңа парадигмасында «кәсіби құзыреттілік» ұғымының тұжырымдалуына әкелді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық функционалдық-әрекеттік компонентті сипаттайтын негізгі және арнайы құзыреттердің жиынтығын құрайды. Педагогикалық іс-әрекеттің өзі көп қырлы, мұғалім әр түрлі қызмет түрлерінің субъектісі ретінде әрекет етеді: тәрбиеші, пән маманы, әдіскер, ұйымдастырушы, зерттеуші. Сонымен қатар бүгінгі күнде мұғалім креативті, цифрлық құзыреттілігі жоғары, инновацияларға бейім болу керек. Қазіргі заманғы педагогикалық оқыту технологиялары, кәсіби өсу және ұтқырлық қабілеті, педагогикалық қасиеттерін дамыту басты назарда болу керек.

Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби дайындығы информатиканы оқыту пәні, әдістемесі бойынша кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар оларды қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, ғылым мен техниканың, қоғамның сұраныстарының дамуына сәйкес болашақ кәсіби қызметте қолдана білуді де ескеруі керек[2].

Бүгінде цифрландыру үрдісі жан жақты дамып, жаңашылдықтар ашылып отырған уақытта информатика пәні мұғалімдері үшін үнемі кәсіби құзыреттілік пен біліктілікті дамытып отыру маңызды. Информатика пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігін бағалау оның ғылыми-теориялық білімін, әдістемелік біліктілігін сонымен қатар психологиялық және педагогикалық біліктілігін бағалауды қамту керек. Информатика пәні үшін кәсіби құзыреттілікті бағалауда теориялық білім мен практикалық білімді қатар алу керек. Себебі теориялық білімді практика жүзінде қорытындылау информатика пәнінде маңызды болып есептеледі.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігі – бұл педагогикалық іс-әрекеттің дайындығының негізі, оның шығармашылық сипаты мен жеке дамуын қамтамасыз етеді. Информатика пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігінің моделі (1-суретте) ұсынылған. Жасалған модель бойынша біліктілік мұғалімнің ғылыми-теориялық білімі анықталады: пәндік білім, білік және дағды базасын қамтиды,бұл оның практикалық жұмысқа дайындығын анықтайды. Мұғалімнің психологиялық-педагогикалық дайындығы анықталады: оның іс-әрекетінің мотивациясы танымға деген қызығушылықтың тұрақтылығы мен тереңдігі; оның тұлға ретіндегі гуманистік ұстанымы; нновациялық педагогикалық ойлау. Мұғалімнің біліктілігінің әдістемелік біліктілігі білім беруде интеграциялық және іргелі позицияны алады.Оның педагогикалық қызметке дайындығы негізінен білім беру қызметін жүзеге асыру механизмі туралы білімнің, дағдылардың және әдістер мен тәсілдердің кең спектрімен анықталады.




1-сурет. Информатика пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігінің моделі

Әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық құзыреттілік саласындағы білім мен дағдыларға негізделгенін атап өткен жөн. Информатика саласында жеткілікті дайындық деңгейіне ие болмай, мұғалім әдістемелік мәселелерді тиімді шеше алмайды. Мысалы, оқу процесін жобалау оқу мазмұнын талдаудан, физикалық материалдың көлемі мен деңгейін анықтаудан басталады, оны кез-келген оқу процесін ұйымдастырған кезде оқушылар игеруі керек. Ғылыми-теориялық дайындығы төмен мұғалім игерілетін мазмұн бойынша оқулық параграфының мәтінін ғана түсінеді. Ғылыми-теориялық құзыреттіліктің жоғары деңгейі бар мұғалім зерттелетін мазмұнның теория құрылымындағы орнын түсінеді, осыған сүйене отырып, тақырыптың құрамындағы осы сабақтың орнын қайта анықтайды, сабақ түрін анықтайды; себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсетеді, тақырыптың логикасын оның жеке бөліктерінің өзара байланысында ашады. Танымдық іс-әрекеттегі оқушылардың деңгейіне сәйкес келетін оқыту әдістерін таңдағанда, зерттелетін материалдың күрделілігін бағалау қажет. Информатиканы оқытудың нақты әдістері мен әдістері саласындағы мұғалімнің әдістемелік дағдылары ғылыми-теориялық дайындыққа негізделген. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік саласында білімі мен дағдылары жоқ мұғалім оқу процесін құра және ұйымдастыра алмайды, әр оқушының дамуына бағытталған, оқытуды саралауды жүзеге асыра алмайды, өз қызметінің деңгейін бағалай алмайды. Егер мұғалімнің белгілі бір шығармашылық әлеуеті болса, онда ол үлгі бойынша оқу жобаларын жасау арқылы жұмыс істей алмауы мүмкін. Дәл осы сәтте ол өзінің білімін көрсету үшін практикалық және танымдық қызметпен айналысқанда мұғалімнің әдістемелік мәдениеті жаңа қырынан қалыптаса бастайды.

Мұғалімдердің әдістемелік қызметі– ғылыми зерттеудің жаңа әдістері мен құралдарын алуға бағытталған арнайы - ғылыми қызмет ретінде жүзеге асырылады. Әдістемелік құзыреттілік-бұл мұғалімнің дидактикалық, ұйымдастырушылық, аналитикалық қабілеттерімен қамтамасыз етілетін кәсіби білімнің, дағдылардың, жеке қасиеттердің құрылымы. Бұл информатиканы оқыту процесін құру бойынша, оның ішінде қолдану арқылы

білім мен дағдылардың кеңейтілген жүйесі . Болашақ информатика мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің құрылымына информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесін білу және оқу процесін жобалау қабілеті, сонымен бірге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндігі, сондай-ақ осы технологияларды мектептің білім беру процесіне енгізуге дайындық кіруі керек. Соңғы жылдары білім беру секторында мұғалімдердің білім беру мазмұнын цифрлық білім беру ресурстарын қолдану қажеттілігіне назар аудара отырып әзірлеу қажеттілігі көрінеді. Сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу саласындағы педагогикалық зерттеулерге қызығушылық артып келеді.

Информатика және АКТ мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінде келесі компоненттерді бөліп көрсетуді ұсынады[3]:

1. пәндік компонент;
2. әдістемелік компонент;
3. Акт-компонент.

Информатика пәні – үздіксіз білім алуды, бір орында тұрмауды талап ететін пән. Себебі ақпарттық цифрлы заманда үдерістердің қарқынды дамуы әрдайым үздіксіз білім алуды, өз біліміңді, біліктілігінді дамытуды, әрдайым ізденісте жүруді талап етеді. Сондықтан информатика пәні мұғалімдерінің біліктілігін көтеру өте маңызды.

Информатика пәні мұғалімдерінің біліктілігін бағалаудағы ерекшеліктерге: ғылыми және теориялық біліктілікті анықтау яғни пәндік білімін анықтау, кәсіби педогогикалық әдістемелік біліктілігін анықтау, педагогикалық және психологиялық даярлығын анықтау жатады. Ғылыми және теориялық білімін «Информатика» пәні аясындағы пәндік тапсырмалар қамту арқылы анықтау қарастырылу керек. Ал әдістемелік компонент сабақта әдіс тәсілдерді қолдану, ол әдістерді цифрлық ресурстармен байланыстыру арқылы сабақ беру үлгілерін қамту керек. Психологиялық және педагогикалық біліктілікті: әртүрлі педагогикалық және педагогикалық жағдаяттарды мысалға келтіру арқылы, педагогикалық шеберлікті көрсетуін анықтау арқылы көрсету.

Мұғалім жұмысының тиімділігін зерттеудің ең танымал моделі-мұғалім В. Д. Шадриковтың құзыреттілігін бағалау моделі [4]. Автор алты негізгі құзыреттілікті анықтайды:

1) жеке қасиеттер саласындағы құзыреттілік;
2) педагогикалық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін қоюдағы құзыреттілік;
3) білім алушыларды ынталандырудағы құзыреттілік;
4) өзге де, дидактикалық материалдардың ақпараттық негізін қамтамасыз етудегі және педагогикалық шешімдер қабылдаудағы құзыреттілік;
5) педагогикалық қызметті ұйымдастырудағы құзыреттілік.

Автор ұсынған модель ұсынылған деңгейге сәйкестікті немесе сәйкессіздікті кәсіби бағалау үшін маңызды сипаттамалық сипатқа ие.

Қорытындылай келе, информатика мұғалімдерінің пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін зерттеу, біліктілігін бағалау бір жағынан, кәсіби қызметін, өзін-өзі тәрбиелеу және одан әрі біліктілігін арттыру шеңберінде педагогикалық шеберлікті арттырудың жеке траекториясын жобалайды. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру жүйесі бір арнаға тоғысады – мұғалім  білім беру мазмұнын жүзеге асыруға қажетті барлық біліммен және дағдылармен, цифрлы заманауи ресурстармен қамтамасыз етіліп, оған үнемі әдістемелік қолдау көрсетілуі қажет. Білім беру саласының  табысқа жетудің бір жолы – мұғалімдердің күнделікті жұмысын тұрақты түрде жақсартып отыруға қол жеткізу. Бұл үшін мұғалімдер кәсіби дамуына уақыт арнап, күш-қуа жұмсап, әдістемелік цифрлы ресурстарды қолдану аясын кеңейтіп, үнемі талпыныс пен ізденісте болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Сағымбаева А. Е. Болашақ информатика мұғалімдерін оқушылардың білімін бақылау мен бағалауға дайындаудың теориялық-әдістемелік негіздері: Алматы, 2010ж
2. Кәсіптік біліктілік туралы Қазақстан Республикасы Заңы 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000014

3. Кручинина Галина Александровна, Акимова Ирина Викторовна Формирование профессиональной компетентности бакалавров педагогических специальностей профиля «Информатика» // Вестник ННГУ. 2013. №1-1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnoy-kompetentnosti-bakalavrov-pedagogicheskih-spetsialnostey-profilya-informatika (дата обращения: 18.10.2023).
4. Шадриков В.Д., Кузнецова И.В. Экспертная оценка педагогической деятельности учителя // Справочник заместителя директора школы. 2012. № 11. С.70–92.

# ОҚУШЫЛАРҒА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОРТАНЫ ПАЙДАЛАНЫП ҮЙРЕТУШІ ОЙЫНДАР ЖАСАУДЫ ОҚЫТУ

**Сағымбаева А.Е.**
п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
**Ниетбаева Н.А.**
аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

**Андатпа:** Қазіргі әлемде информатика мен компьютерлік дағдылар жеке және кәсіби даму үшін маңызды бола түсуде, ал оқыту ойындарын құруды үйрену оқушыларды программалауға тартудың креативті тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты-оқушыларға үйретуші ойындарды құру дағдыларын игеруге көмектесетін тиімді оқыту әдістері мен құралдарын зерттеу. Бұл оқушыларға шығармашылық және компьютерлік дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

**Аннотация:** В современном мире информатика и компьютерные навыки становятся все более важными для личного и профессионального развития, а обучение созданию обучающих игр является одним из творческих способов вовлечения учащихся в программирование. Цель этой статьи - изучить эффективные методы и инструменты обучения, которые помогут учащимся овладеть навыками создания обучающих игр. Это помогает учащимся улучшить свои творческие и компьютерные навыки.

**Abstract**: In the modern world, computer science and computer skills are becoming increasingly important for personal and professional development, and learning to create educational games is one of the creative ways to involve students in Programming. The purpose of this article is to explore effective teaching methods and tools that will help students master the skills of creating educational games. This helps students improve their creative and computer skills.

Қосымша білім беру жағдайында информатика пәні көлемінің шектеулігіне байланысты мектеп курсына енгізілмеген курстарды оқыту кең таралған. Программалау, компьютерлік графика, 3D модельдеу және визуальдау, компьютерлік ойындарды жасау, соның ішінде үйретуші ойындарды жасауға бағытталған курстарды айтуға болады.

Сонымен қатар қазіргі уақытта қосымша білім беру жүйесінде оқыту ойындарын программалауға оқыту тәжірибесі баршылық. Қосымша білім беру жағдайында информатика пәні бойынша дамытушы ойындарды оқыту тәжірибесі оқу бағдарламасының нақты мақсаттары мен міндеттеріне, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай оқытудың әртүрлі тәсілдер мен әдістерін қарастыруды қажет етеді.

Информатикадан қосымша білім беру жағдайында үйретуші ойындарды жасау оқушылардың программалау дағдыларын дамытудың қызықты және тиімді әдісі болып табылады [1].

Информатикадан қосымша білім беру жағдайында оқушылардың программалау дағдыларын қалыптастыруда үйретуші ойындарды пайдаланудың мақсаты - оқушыларды оқу үдерісіне тарту және интербелсенді ортада жаңа ұғымдар мен дағдыларды, жаңа тұжырымдар мен дағдыларды меңгеруге көмектесу. Ойындардың мазмұны оқу бағдарламасымен және курс немесе пән бойынша оқу мақсаттарымен келісілуі керек.

Компьютерлік ойындар құру негізінде программалауды оқытудың мақсаттары:

- жеке компьютерлік ойын жасау;

- программалау тілін үйрену;
- ойын жасау технологиясын меңгеру;
- өзінің сюжеті мен дизайнында өзін-өзі көрсету;
- нәтижелерді көрсету;
- ойын жасау үдерісінен рахаттанып, ләззат алу;
- қарым-қатынас, бірлескен жұмысты іске асыру болып табылады.

Интербелсенді орта – оқушыларға қоршаған ортамен, нысанмен және басқа да оқушылармен өзара іс-әрекет жасау арқылы өз білімдерін құруға мүмкіндік беретін орта. Интербелсенді орта арқылы дайындалған үйретуші ойындар оқушыларды мәселелерді шешудің әртүрлі стратегияларын зерттеуге және тәжірибе жасауға көмектесетін орта құруға бағытталады.

Интербелсенді ортаны пайдаланып үйретуші ойындарды әзірлеу және ұйымдастыру үшін мына әдістерді пайдаланған жөн:

*Проблемалық-бағдарланған оқыту*: оқушылар жаңа тұжырымдамалар мен дағдыларды меңгеру үшін ойында қойылатын міндеттер мен мәселелерді шешеді.

*Жобалар негізінде оқыту*: оқушылар жобамен немесе ойындағы тапсырмамен жұмыс істейді, оны орындау үшін өз білімдері мен дағдыларын қолданады.

*Бірлескен оқыту*: оқушылар командалық жұмыс пен қарым-қатынасты ынталандыра отырып, ойындағы тапсырмалар мен міндеттерді орындау үшін бірге жұмыс істейді.

*Ойын арқылы оқыту*: оқушылар белгілі бір ұғымдарды меңгеру және программалау дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы дайындалған ойын ойнайды [2].

Сыныпта үйретуші ойындарды пайдалануды ұйымдастыру үшін мұғалімдер ойындардың қашан өткізілетіні туралы кесте немесе жоспар жасай алады, оқушыларға рөлдерді немесе міндеттерді тағайындай алады, сондай-ақ қажеттілігіне қарай басшылық пен қолдауды қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, ойындарды қалай ойнау керектігі туралы нақты ережелер және оқушылардың үлгерімін бақылау үшін тұрақты кері байланыс пен бағалауды қамтамасыз ету пайдалы болуы мүмкін.

Оқушыларды интербелсенді ортаны пайдаланып, үйретуші ойындарды әзірлеуге үйретудің негізгі мақсаты оларға жаңа түсініктер мен дағдыларды көңілді және қызықты түрде меңгеруге көмектесу болып табылады. Оқушылар өздерінің жеке ойындарын әзірлеп және жасай отырып, алған білімдері мен дағдыларын практикалық, нақты контексте қолдана алады және өздері үйренетін нәрселерді практикалық қолдануда көре алады.

Оқушыларды интербелсенді ортаны пайдаланып үйретуші ойындарды әзірлеуге үйрету арқылы қол жеткізуге болатын бірнеше қосымша мақсаттарға:

*1. Мәселелерді шешу және сыни ойлау дағдыларын дамыту:* оқушылар тиімді білім беру ойындарын жобалау және әзірлеу үшін шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауы тиіс.

2. *Командалық жұмыс пен ынтымақтастық дағдыларын жақсарту:* оқушылар топтарда командалық жұмыс пен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесетін оқыту ойындарын құру бойынша жұмыс істей алады.

3. *Цифрлық сауаттылықты және компьютерлік дағдыларды арттыру:* Оқушылар цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуға көмектесетін үйретуші ойындарды жобалау және әзірлеу үшін бірқатар технологиялық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануы тиіс.

4. *Шығармашылық пен инновацияларды көтермелеу:* Өзіндік білім беру ойындарын әзірлей және жасай отырып, оқушылар шығармашылық көзқарас танытуға және стандартты емес ойлауға мүмкіндік алады.

5. *Өзін-өзі реттеу және уақытты басқару дағдыларын жақсарту:* оқушылар өз уақытын тиімді басқаруы және білім беру ойындарымен жұмыс істеу кезінде ұйымшылдығын сақтауы тиіс.

Жалпы оқушыларды интербелсенді ортаны пайдаланып үйретуші ойындарды әзірлеуге үйрету бірқатар маңызды дағдылар мен білімдерді дамытуға көмектесетін құнды әрі пайдалы тәжірибе болып табылады [3].

Оқушылардың информатиканы оқу мотивациясын арттыруға қабілетті тәсілдердің салыстырмалы сипаты

| **Тәсіл** | **Сипаттама** | **Мысалдар** |
|---|---|---|
| Практикалық оқыту | Оқушыларға технология лармен өзара іс-қимыл жасауға және практикалық жобалар арқылы оқитын -дарын қолдануға мүмкіндік беру. | Кодтау мәселелерді, ойын дизайны, робототехника, қосымшаларды әзірлеу |
| Геймификация | Ойын элементтерін ойын емес контекстерде тарту мен ынталандыруды арттыру үшін пайдалану. | Оқушылар балл мен белгі табатын программалау бойынша міндеттер үшін ойын ортасын құру. |
| Дербестендіру | Оқыту үдерісін оқушының жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне бейімдеу. | Оқушыларға алдыңғы білімдері мен мүдделе-ріне негізделген әртүрлі оқыту жолдарын ұсыну. |
| Ынтымақтастық | Ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен жұмыс. | Жобалармен бірлесіп жұмыс істеу және топтағы мәселелерді шешу |
| Нақты әлемдегі өзектілік | Информатика тұжырымда-маларын нақты қосымша-лармен және мәселелермен қосу. | Қауымдастық мәселесін шешу үшін қолданбаны әзірлеу сияқты нақты мәселелерді шешу үшін информатиканы пайдалану. |

Интерактивті ортаны пайдаланып оқушыларға ойындарды әзірлеуді оқытудың мазмұны бағдарламаның нақты мақсаттары мен міндеттеріне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және қабілет деңгейлеріне байланысты болады.

Дегенмен, жалпы тақырыптарға мыналар жатады:

- Ойын дизайнының принциптері: оқушылар ойын дизайнының принциптері, мысалы, ойыншыларды тарту, тепе-теңдік және прогресс және тиімді оқу ойындарын жасау үшін осы принциптерді қалай қолдану керектігі туралы біле алады.

-Ойын әзірлеу құралдары мен программалық қамтамасыз ету: оқушылар оқу ойындарын жобалау және әзірлеу үшін ойын қозғалтқыштары немесе программалау тілдері сияқты әртүрлі құралдар мен программалық құралды пайдалануды үйрене алады.

- Ойын механикасы және ойын үдерісі: оқушылар әртүрлі ойын механикасы туралы біле алады және оларды ойыншылар үшін қызықты ойын үдерісін және тапсырмалар жасау үшін қалай пайдалану керектігі туралы біле алады.

- Ойын эстетикасы және визуалды дизайн: оқушылар ойындардағы визуалды дизайнның маңыздылығын және визуалды тартымды графика мен пайдаланушы интерфейстерін қалай жасау керектігін біледі.

- Ойындарды тестілеу және бағалау: оқушылар ойыншылардың тиімді және тартымды екендігіне көз жеткізу үшін білім беру ойындарын қалай тексеруге және бағалауға болатындығын біле алады.

Жалпы интербелсенді ортаны пайдаланып оқушыларға үйретуші ойындарды жасауға үйретудің мазмұны оқушыларға тиімді және қызықты оқу ойындарын құру үшін қажетті дағдылар мен білімді дамытуға көмектесуге бағытталуы керек [4].

Информатикадан қосымша білім беру жағдайында интербелсенді ортаны пайдаланып үйретуші ойындарды құру оқушылар үшін қызықты және танымдық тәжірибе болуы мүмкін, дағдыларды қалыптастыру үшін әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдануға болады:

**Scratch** - бұл балалар мен программалауды жаңадан бастаған программалаушыларды оқытуға арналған ақысыз визуалды программалау ортасы. Бұл мәтіндік программалау тілдерін білместен интерактивті ойындар, анимациялар және мультимедиялық жобалар жасауға мүмкіндік береді.

**Unity** - бұл 2D және 3D ойындарын жасауға арналған қуатты қозғалтқыш. Бұл жоғарғы сынып оқушыларына арналған және ойын дамытудың бай мүмкіндіктеріне ие.

**GDevelop** - кодтауды қажет етпестен 2D ойындарын құрудың тағы бір құралы. Бұл жаңадан бастаған әзірлеушілер үшін өте ыңғайлы.

**Quandary** - жүрісті таңдаумен тапсырмаларды жобалауға арналған сервис. Ортадағы жұмыс белгілі бір тақырып бойынша интерактивті зерттеу түрінде ұйымдастырылады.

**RibbonHero** - жаңа таспа интерфейсінде қол жетімді құралдарды пайдаланушыларды оқыту үшін Microsoft Office кеңсе пакетіне тегін қондырма.

**Game Marker** – 2D ойындарын құрастыруға арналған программа. Код жолдарының орнына ойын кейіпкерлерінің дайын әрекеттері қойылады. Қолданушы тек ойын объектілерін құрып, оларды екі өлшемді спрайттармен немесе анимациялармен қамтамасыз етеді, ал қалған объектілер арасындағы байланысу ережесін құру, объектілерді дәрежесі бойынша орнату, графика және анимацияны «Game Marker» программасында өзге программаларды қолданбай да құрастыруға болады.

**3D Rad** – 3D ойындарын құруға арналған программалар. 3D ойын қозғалтқыштарының ішіндегі ең арзан нұсқасы. Программаны тегін пайдалануға болады. Бұл көбінесе жарыс ойындарын құрастырғанда қолданылады. Программа қарапайым және түсінікті интерфейсімен ерекшеленеді.

**Unity 3D** - ойын құруға қажеттінің барлығын қамтитын кешенді құрал. Unity 3D пакеті DirectX және Open GL мүмкіндіктерін толық пайдаланатын графикалық қозғалтқыш, 3D моделінің кірістірілген редакторы, шейдерлер, көлеңкелер, ландшафтар, дыбыстарды құру және өңдеуге арналған жеке программмалар, сондай - ақ скриптердің бай кітапханасын қамтиды [5].

Интербелсенді орталар мен ойын жасау құралдары оқушылар үшін программалауды үйренуді қолжетімді және қызықты етеді. Оқушылардың шығармашылығы мен тәуелсіздігін ынталандыру программалау дағдылары мен ойын дизайнын дамытуға ықпал етуі мүмкін.

Қорытындылай келе, үйретуші ойындарды әзірлеуде интербелсенді ортаны пайдалана отырып оқыту әдістері мен құралдары қосымша білім беру жағдайында информатиканы оқытудың тиімді құралдарын ұсынады. Олар материалды тереңірек және қызықты игеруге және оқушылардың әртүрлі дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Сагимбаева А.Е., Ниетбаева Н.А. Роль игровых технологий в обучении школьников программированию. Материалы III Международной научной конференции«Информатизация образования и методика электронного обучения».–Красноярск: СФУ. -2019.-С. 291-296

2. Шабалина, О.А. Компьютерные игры как средство обучения разработчиков программного обеспечения [Текст]: монография / О. А. Шабалина, П. Н. Воробкалов, А. В. Катаев ; М-во образования и науки Российской Федерации, Волгоградский гос. Технический ун-т. - Волгоград :2011.

3. Никитин П.В., Горохова Р.И., Зайков А.С. Применение компьютерных игр как фактор повышения качества обучения информатике// Образовательные технологии и общество. – 2015. - No3.- с. 397-409

4. Жемчужников Д.Г. Разработка динамических игр как средства обучения программированию// Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: Информатика и информатизация образования. – 2010. – № 2. – С. 49-51.

5. Сағымбаева А.Е., Ниетбаева Н.А. Компьютерлік оқыту ойындарын жасау орталарына талдау. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Физика математика» сериясы. –Алматы.-2019. –№2 (66). –Б. 265-270.

# ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

**Сванова А.А.**
Бастауыш сынып мұғалімі, Ә.Бөкейханов атындағы орта мектебі
Жамбыл облысы, Қазақстан

Третий этап (1990-2001 гг.) компетентностного подхода характеризуется активным использованием категории компетенции (компетенций) в образовании. В материалах ЮНЕСКО приводится ряд компетенций, которые рассматриваются как желаемый результат образования. В 1996 году Совет Европы ввел понятие «ключевые компетенции», которые должны способствовать сохранению демократического общества, многоязычия, отвечать новым требованиям рынка труда и экономических преобразований [1].

В. Хуторской отмечает, что введение в практику преподавания понятия «компетенция»позволит решить характерную для российской школы проблему, когда учащиеся, овладев набором теоретических знаний, испытывают значительные трудности в их реализации при решении конкретных задач или проблемных ситуаций. Педагогическая компетентность предполагает не овладение учащимися отдельными знаниями и умениями, а освоение ими комплексной процедуры, в которой для каждого выделенного направления определен соответствующий набор образовательных компонентов. Особенностью педагогических целей развития компетенций является то, что они формируются не в виде действий преподавателя, а в виде результатов деятельности обучающегося, т.е. его продвижения и развития в процессе усвоения определенного социального опыта [2].

В современном обществе существует потребность в специалистах современных профессий, владеющих новейшими знаниями и актуальными методами их применения. Дизайн является одним из наиболее востребованных и перспективных направлений подготовки специалистов. Однако существуют противоречия между новой системой требований к профессиональной подготовке дизайнеров и устаревшими способами их формирования.

Программы подготовки дизайнеров по-прежнему ориентированы на сложившиеся стереотипы практической деятельности. Однако последние изменения в этой сфере, новые направления в проектной деятельности фактически радикально изменили существующую структуру и формы организации профессиональной деятельности.

Компетентностный подход в определении целей и содержания образования не является абсолютно новым в отечественной системе образования. К профессиональной компетентности как педагогической проблеме исследователи в основном стали обращаться в 80-90-е годы XX века. Идеи компетентностного подхода в обучении рассматривались исследователями, например, П.И. Галипериным [3] Работы С.Т. Шацкого и его последователей в области теории и практики исследовательского обучения фактически явились престижем компетентностного подхода. В современной практике термин "профессиональная компетентность" чаще всего употребляется в смысле способности применять на практике освоенные студентом знания.

Впервые проблема исследования компетенций была научно обоснована на конференции «Компетенции: Analysis, Critique, Reassessment» в Пенсильванском государственном университете (США, май 1980 г.) [4]. В американской практике компетенции рассматриваются как характеристика, влияющая на успешность выполнения того или иного действия.

Наиболее полный набор ключевых образовательных компетенций разработан А.В. Хуторским, который представляет их в виде четырех основных групп: 1) как средство мировоззренческой ориентации (ценностно-смысловая компетенция); 2) как знания и умения

в определенной сфере (учебно-познавательные, информационные, коммуникативные, социально-трудовые); 3) как круг вопросов, по которым человек должен быть осведомлен (общекультурные); 4) как основа для освоения способов физического, духовного и интеллектуального саморазвития (компетенция личностного самосовершенствования); 3) как совокупность компетенций в определенной сфере (учебно-познавательной, информационной, коммуникативной, социально-трудовой); 3) как совокупность вопросов, по которым человек должен быть осведомлен (общекультурная); 4) как основа для овладения способами физического, духовного и интеллектуального саморазвития (личностная самосовершенствовательная компетенция). По мнению А.В. Хуторского, компетенция - это совокупность взаимосвязанных качеств личности (знаний, умений, навыков, способностей, способов деятельности), заданных по отношению к определенному кругу предметов и процессов и необходимых для того, чтобы качественно и продуктивно действовать по отношению к ним6.

Анализ работы В.И. Байденко [5] показывает, что компетентность, рассматриваемая как результат обсуждения и всестороннего развития личности, характеризуется и описывается определенными элементами - компетенциями.

От общетеоретического анализа понятия «профессиональная компетентность» необходимо перейти к рассмотрению этого термина применительно к подготовке дизайнеров костюма. Вначале необходимо рассмотреть понятия «дизайн» и «дизайн костюма» в работах различных авторов.

По мнению О.П. Андреевой [6], дизайн относится к неизобразительным искусствам, которые служат для создания материального и предметного окружения человека. Сегодня дизайн - это комплексная междисциплинарная проектно-художественная деятельность, интегрирующая естественнонаучные, технические, гуманитарные знания, инженерное и художественное мышление, направленная на формирование на промышленной основе предметно-пространственной среды во всех сферах жизнедеятельности человека. Андреева выделяет ряд исследователей, работающих в профессиональных сферах дизайна, теоретические исследования которых определили сущность дизайна как социального явления: В. Гропиус, Ле Корбизьер, П. Беренс и др.

Компетентностный подход к педагогическому процессу способен структурировать имеющийся набор знаний, визуализировать поэтапный процесс овладения знаниями и умениями, выявить области необходимого совершенствования. Такое совершенствование в будущем возможно благодаря выявлению нами новых компетенций и их внедрению в педагогический процесс с целью повышения квалификации специалистов в области художественно-проектной деятельности.

Формирование профессиональной компетентности дизайнера возможно с помощью прикладных творческих дисциплин (таких как рисунок, живопись, графика, композиция) в процессе обучения в колледже. Важнейшим компонентом в структуре профессиональной компетентности дизайнера одежды мы считаем профессиональную компетентность в области декоративно-прикладного искусства и композиции. Эти дисциплины дополняют и неотделимы друг от друга. В основе этих дисциплин лежит важнейшее умение будущего дизайнера - это композиционное построение заданного пространства и его декоративное решение.

Компетенции широкого применения, обладающие определенной универсальностью, называются ключевыми компетенциями. Ключевые компетенции определяют реализацию специальных компетенций и специфических компетенций. Одни и те же ключевые компетенции обеспечивают продуктивность различных видов деятельности. Компетенция не может быть изолирована от конкретных условий ее реализации.

Совет Европы выделил пять групп ключевых компетенций, которые важны для подготовки молодежи:

- Политические и социальные компетенции - способность брать на себя ответственность, совместно вырабатывать решение и участвовать в его реализации,

терпимость к различным этнокультурам и религиям, проявление сопряженности личных интересов с потребностями предприятия и общества, участие в функционировании демократических институтов;

- Межкультурные компетенции - содействие развитию позитивных отношений между людьми разных национальностей, культур и религий, понимание и уважение друг друга;

- Коммуникативная компетенция - определяет владение технологиями устного и письменного общения на разных языках, включая компьютерное программирование, в том числе общение через Интернет;

- Социально-информационная компетенция – характеризует владение информационными технологиями и критическое отношение к социальной информации, распространяемой средствами массовой информации;

- Личностная компетентность - готовность к постоянному повышению образовательного уровня, потребность в актуализации и реализации своего личностного потенциала, способность к самостоятельному приобретению новых знаний и умений, способность к саморазвитию [7].

Целевая ориентация профессионального образования на конечный результат обусловила необходимость разработки профессиональных стандартов. Смыслообразующими единицами профессиональных стандартов могут и должны стать ключевые образовательные конструкты. Формирование этих конструктов у обучающихся (студентов) будет способствовать усилению фундаментальной подготовки специалистов. Важное место в реализации компетентностного подхода принадлежит технологии саморегулируемого обучения и развивающим образовательным технологиям.

К ним относятся:

- когнитивно ориентированные технологии: диалоговые методы обучения, семинары-дискуссии, проблемное обучение, когнитивная инструкция, когнитивные карты, инструментально-логическое обучение, рефлексивное обучение и др.;

- деятельностно-ориентированные технологии;Деятельностно-ориентированные технологии: методы проектов и направляющих текстов, контекстное обучение, организационно-деятельностные игры, комплексные (дидактические) задания, технологические карты, имитационное и игровое моделирование технологических процессов и т.д.;

- деятельностно-ориентированные технологии: методы проектов и направляющих текстов, контекстного обучения, организационно-деятельностных игр, комплексных (дидактических) заданий, технологических карт, имитационного и игрового моделирования технологических процессов и т.д.;

- личностно-ориентированные технологии: интерактивные и имитационные игры, развивающее обучение, развивающая психодиагностика и др.

Подводя итог вышесказанному, следует подчеркнуть, что компетентностный подход является важным условием обеспечения непрерывного образования, а его смыслообразующие конструкты выступают в качестве специфических целей общего и профессионального образования.

**Список использованных источников**

1. Зимняя И.А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. - 2003. - № 5.

2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология строительства // Народное образование. - 2003. - № 5

3. Галиперин П.Я. Психология как объективная наука / Под ред. А.И. Подольского. - Москва; Воронеж: 2003 http://www.superinf.ru/view_article.php?id=386 (Дата обращения 28.09.2023)

4. Байденко В.И. Компетентностный подход к проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования (методологические и методические вопросы М.: 2005

5. Андреева О.П. Дизайн как художественное конструирование предметно-пространственной среды // Вестник Чебоксарского филиала Московского государственного

гуманитарного университета им. М.А. Шолохова: Практический журнал. - Чебоксары: 2010. - № 7. - С.148 – 153

6. Государственные и образовательные стандарты в системе общего образования. Теория и практика / Под ред. В.С. Леднева, Н.Д. Никандрова, М.В. В.С. Леднева, Н.Д. Никандрова, М.В. Рыжакова. - М., 2002.с

# ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ СПОРТ ӨНЕРІНІҢ БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ ЫҚПАЛЫ

**Ахметов І.Ж.**
философия ғылымдарының кандидаты, ҚазМемҚызПУ

**Андатпа:** Бұл мақалада көшпенділердің өмір салты мен физикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Спорттың жас ұрпақты тәрбиелеудегі ролі көрсетіліп, этноспорттың шығу тегі талданады. Дене тәрбиесі мұғалімдері этноспорттың шығу тегін біліп, оны қолдануының ерекшеліктері көрсетіледі. «Асық», «Бестас» ойындарының технологиясы көрсетіледі. Сондай-ақ, Жоғары оқу орындарында «Дене тәрбиесі және спорттың этнопедагогикасы» атты пән енгізі ұсынылады.

**Аннотоция:** В этой статье рассматриваются образ жизни и физические возможности кочевников. Показана роль спорта в воспитании подрастающего поколения, проанализировано происхождение этноспорта. Учителя физической культуры должны знать происхождение этноспорта, особенности его применения. Будут показаны технологии игр «Асык», «Бестас». Также в вузах предлагается введение дисциплины «этнопедагогика физической культуры и спорта».

**Abstract:** This article discusses the lifestyle and physical capabilities of nomads. The role of sport in the upbringing of the younger generation is shown, the origin of ethnosport is analyzed. Physical education teachers should know the origin of ethnosport, the specifics of its application. Technologies of games "Assik", "Bestas" will be shown. It is also proposed to introduce the discipline "ethnopedagogics of physical culture and sports" in universities.

Түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті мен тұтас дүниетанымдары тарихи-әлеуметтік тұрғыдан қарағанда ұлттардың әлемді көркениет деңгейінен тұғырлы орнын таба алатындығын көрреміз, ол өз кезегінде рухани кеңістіктен төл тума ерекшеліктерін анықтай алатын құндылықтар жүйесін құрайды, соның ішінде дене тәрбиесі спорт өнері де бар.

Көшпенділердің табиғи дамуы қалыптасуы - табиғатқа тез бейімделуді,табиғи-әлеуметтік қолайсыздықтарға қарсы күресе алуы, тез икемделуі, өзін табиғатта еркін сезіне білуі олардың дене қаблеттерінің жоғары болуын талап етті. Дене қаблеттері мүмкіндіктері жағынан жетілген адамдар шаруашылықты жүргізуде, жаулардан қорғануда үлкен сұраныстарға ие болды олар шынайы күшті, төзімді адамдарға айналды.

Адамдардың дене қаблеттерінің жақсы жетілген көрнісі ұлттың дәстүрлі мәдениетінің бөлігі ретінде, ұлттық болмыстың өз заңдылығы бойынша өсуінің,дамуыныңтұрақтылығын сақтады.

Адамды бала кезінен бастап ойындар арқылы дене тәрбиесінің мектебінен өту міндетті шартқа айналды. Ойындар мен спорт өнерін меңгеру өркениеттің мәдени-әлеуметтікдамуының ішкі мотивациялық элементі түріне айналды. Түркілік дүниетаным жан жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру арқылы әлемдегі өз орнын табу және онытаныта білудегі басты сапа көрсеткішіне айналды.

Осындай жігер мен қуатты негізге алған күштің культін сюжетке айналдыратын мифтік сана, әлем көшбасшысы болуға ұмтылған көшпелілік менталитет, эпосс арындарындағы қаһармандық дәуір ықпалы түркілердің дәстүрлі мәдениетінде дене күшімен қуатты айрықша сапа деп білді,олөз кезегінде ұлттық намысты тудыратын сана жүйесін құрап,арнайы дене жаттығуының ролі артып адамдардың құлшынысын тудыратын тәрбие құралына айналды. Спорттық өнер қазіргі ұлттардың заманауи даму тенденциясындағы объективті және субъективті жағдайлардан туындап, жер шарына тарады.

Ұлттық этноспорт өнерінің қалыптасуы тамырларын қысқаша шартты түрде мынандай бағыттар арқылы ажыратып көрсетуге болады: Ұлттық ойындар; жауынгерлік өнер; Күш иесін құрметтеу; Тұрмыс шаруашылық салтының үлгілері; Ата-бабаныңұрпаққа бергенмирасқорлықтәжірибесі; денсаулық пенсалауаттыөмірсалты; адам бойында ізгілік пен рухани тазалықтың болуы.

Түркі халықтарының ұлттық мәдени-рухани дамуының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тұтас болмысы, жасампаздығымен өміршеңдігі олардың әлемді каренадағы беделінің сақталуына қызмет етіп келеді.

Қазақстан Тәуелсіздік алып, дүниежүзілік қоғамдастық таныған мемлекет болды. Осындай кезеңді бастан кешіріп отырған мемлекетімізге алдына қойған үлкен мақсаттарды шешу үшін халқымызда қалыптасқан тәрбие жолдарын ұтымды пайдалану қажеттілігі туындап отыр, соның ішінде болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін дамытудағы ұлттық ойындар мен спорттың орны, ықпалы үлкен екендігі белгілі, себебі арнайы дене шынықтыру жаттығуларын қолдану және спортқа бейімделу арқылы біз денсаулықты жетілдіріп сақтай аламыз.

Педагогикалық тәрбиелік бағыттағы сан ғасырлар бойы жинақталған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тұрмыс-тіршілік және шаруашылықта қажетті болып жинақталған, іріктеп алынған тәжрибелердің барлығы жас ұрпаққа оның ішінде болашақ ұстаздарға арнайы әдістемелермен беріледі. Осы жұмыстардың нәтежиесінде болашақ ұстаздың шеберлігі мен менталитеті қалыптасып, рухани дәрежесі өседі.

Педагогикалық білім және тәрбиенің тұрақтылығы ұлтты ұлт ретінде сақтап қала алатын мүмкіндігі бар. Осы жағдайды білетін сырттан келген жаулаушылар алдымен елдегі тарихи қалыптасқан тәрбие мен білім негізін жоюды бірінші қолға алады, тілден, салт-дәстүрден ажыратады.

Педагогиканың қоғамда үлкен күші бар екендігіне айта келіп тәрбиенің біртұтастығы жүйелі жүргізілуді, адамды дамыта тәрбиелеу, білімнің үздіксіз жүргізілуі, тәрбие жұмыстарын ұжымдық түрде беру сияқты басты бағыттарына тоқтала отырып, осы бағыттардың барлығы дене тәрбиесіне де тиесілі екендігін айтпақпын, бұл болашақ дене шынықтыру ұстаздарының құлағында болуы керек.

Зерттеушілер қазір қазақтың ұлттық ойындарының мөлшерлік саны 400 жуық деп болжайды. Мен сіздерге осы ойындар ішінен екі ойын түріне ғана тоқталып өткім келеді. Бірі «Асық» ойыны, екіншісі «Бестас» ойыны, бұл ойындар сіздерге де таныс деп ойлаймын. Осы асық ойынында балаға дене қаблетін арттыруға, ойлау жүйесін жетілдіруге қажетті педагогикалық жолмен үйретуге болатын 33 қыймыл қозғалыс, ойлау, есептеу түрлері бар. Ал «Бестас» ойыны тіптен қызық, оның жылдамдық,ептілік, дәлдік, алу, қосу, мөлшерлеу амалдарын үйретуімен қоса, көз жанарын сақтауға, жетілдіруге таптырмайтын құрал екендігі белгілі.

Осы ғасырлар бойы жинақталған мол халықтық дене тәрбиесі тәжірибесі этнопедагогиканың маңызды бір саласы ретінде танылып, дене тәрбиесіне байланысты жинақталған тәжрибелер мектепке дейінгі мекемелерде, орта мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарында негізгі пәндердің бірі ретінде қарастырылып оқытылуы қажет деп санаймын.

Түркі халқтарының дене тәрбиесі және спорты өте ерте уақыттан бастау алатындығына мысал ретінде белгілі тіл маманы, түрколог Олжас Сүлейменовтің еңбегінен мысал келтірмекшімін ол, көне Грециядағы олимпиадалық ойындардың пайда болуына байланысты түркі сөзі рij (би) билеуші ұғымын Грециядағы Олимп тауының атымен байланысты екендігін айтады. Сол кездегі алғашқы демократиялық сайлау тәртібі бойынша өлген билеушінің орнына жаңа билеушіні сайлау спорттық жарыстар өткізу арқылы іске асырылған. Ондағы мақсат кімде кім өз күші менептілігінің арқасында жеңіске жетсе сол ғана ел басшысы болуға мүмкіндік алған.

Грекиядағы «Жаңа билеушіні таңдау үшін өткізілетін осы ойындар прототюрктік қоғамда «Olimp – рі» - «Би өлімі» атты діни ритуалды өткізу кезінде іске асырылған. Осы жарыста кім «Бірінші» болса соған егер түркілер елінен болса басшының белгісі ретінде

қолына шоқпар берген, ал римдіктер жеңімпаз болса басына лавр ағашы жапырақтарынан, бұтақтарынан жасалған венок кигізген».

Менің баяндамамның тақырыбы «Түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетіндегі спорт өнерінің болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін дамытудағы ықпалы» болғандығын ескере келіп ұсыныс ретінде айтарым, болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін дамытуды одар әрі жетілдіру үшін ЖОО орындарындаоқытылатын «Дене тәрбиесі және спорттың этнопедагогикасы» атты пәнді енгізу қазіргі күн талабына сәйкес деп санаймын, себебі этностық ерекшелігі айқындалған дене тәрбиесі, ұлттық ойындар, спорт туралы білім беру дене тәрбиесі және спорт педагогикасын толық және жүйелі оқытуға негіз болады деп есептеймін.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Гончаров В.Д. Человек в мире спорта. Физическая культура человека: традиций и современность (социально-психологические аспекты).– М.: Физкультура и спорт, 1978. - 96 с.

2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993.- 516с.

3. Зайончковский А. Старейшие арабские хадисы о тюрках. VII-XI вв.: Тюркологический сборник. – М., 1996.-276с Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетии. – Алма-Ата: Рауан, 1992.-374с.

4. Қазақ спортының саңлақтары. (Октябрь Жарылғапов, Әбдісалан Нұрмұханов, Бекзат Саттарханов туралы естеліктер)/Құраст. Жарылқасын Нұсқабайұлы. – Алматы: Білім, 2007. – 272 б.

5. Устиненко В.И. Игра и эстетическая деятельность: автореф. ... док. пед. наук. – М., 1969.- 123с.

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНЕ БЕЙІМДЕЛУДІҢ МАҢЫЗЫ

**Ахметкалиева А.М., Тұрлыбекова Ж.Д.**
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, №177 ЖББМ
Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа**: Адам – мемлекеттің басты байлығы, ал адамның басты байлығы – денсаулық. Денсаулық адамға табиғаттың берген ең ұлы құндылығы болып саналады. Сол табиғаттың бізге ұсынған басты сыйын бағалап, жас күнінен бастап оны күтудің жолдарын үйренуіміз қажет. Қазіргі таңда оқушылар спорттық ойындардың қандай түрлерін ойнайды деген сауалға жауап іздей отырып, дене шынықтыру пәнінің адам денсаулығына әсері туралы теориялық мәліметтерді жинақтай келіп, басты тұжырымдарды өз қатарластарыма ұсыну, денсаулыққа ерте бастан көңіл бөлуге шақыру.

**Аннотация**: Человек – главное богатство государства, а главное богатство человека – здоровье. Здоровье считается величайшей ценностью, которую природа дала человеку. Мы должны ценить главный дар, который преподносит нам эта природа, и учиться тому, как заботиться о ней с юных дней. В поисках ответов на вопрос, в какие виды спортивных игр сейчас играют школьники, обобщая теоретические сведения о влиянии физической культуры на здоровье человека, представляя основные выводы своим сверстникам, побуждая с самого начала уделять внимание здоровью.

**Abstract**: Man is the main wealth of the state, and the main wealth of man is health. Health is considered the greatest value given to man by nature. It is necessary to appreciate the main gift that this nature offers us and learn ways to take care of it from a young age. Looking for answers to the question of what types of sports games students play today, summarizing theoretical data on the impact of Physical Culture on human health, presenting the main conclusions to my peers, calling for early attention to health.

Мемлекетіміздің басты ресурсы – адам. Халықтың физикалық және рухани тұрғыдан сау болуы мемлекеттің өркениет деңгейін анықтайды. Білімді, дені сау ұрпақ ұлт дамуының басты индикаторы ретінде көрсетіледі. Өйткені тек дені сау оқушы ғана терең білім алып, келешекте қоғамға пайдалы қызмет ете алады. Оқушының физикалық тұрғыдан денінің сау болуы, физиологиялық тұрғыдан өз деңгейіне сай өсуі үшін дене қозғалысы өте қажет. Әсіресе, қазіргі өмір жағдайында оқушылардың ми, жүйке, жүрек, көз тәрізді органдарына басым салмақ түсіп, бұлшық ет жұмысының жоққа тән болуы белең алып отыр. Ой еңбегінің шамадан тыс жүктеліп, дене еңбегінің ысырылып қалып жатқанын ешкім жоққа шығара

алмайды. Ой еңбегі мен дене еңбегі жүйелі үйлесімділік тапқанда, оқушы бойында көптеген игі қасиеттердің жетіліп, оның өмірге, білім алуға деген көзқарасының одан әрі жетіле түсетіндігін байқауға болады. Дене тәрбиесі арқылы оқушының көңіл-күйі көтеріледі, белсенді қозғалыста болады, ойын түрлері арқылы өз эмоциясын сыртқа шығара алады. Қандай жағдайда болмасын, белсенді қимыл-қозғалыс бала ағзасы үшін ауадай қажет. Жалпы денені шынықтыру не үшін қажет, оның ағзаға қандай пайдасы бар деген маңызды сауал мәңгілік өзекті тақырып болып қала бермек.

Денсаулық, салауатты өмір салтын ұстану мәселесі өзіндік арнасын тапқан, бағыты жүйеленген, алайда ешқашан өзінің өзектілігін жоймайтын мәңгілік тақырыптардың бірі [1].

«Қазақстан-2030» стратегиясындағы жеті ұзақ мерзімдік басымдықтардың қатарында Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әлауқаты төртінші бөлімді тұтастай қамтыған. Бұнда «барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту» тікелей міндет етіп қойылған. Стратегияда «Гүлденген экономика жағдайында өз денсаулығын дұрыс күтпеуінің және қоршаған ортаның ластануы салдарынан науқас адамдардың саны жылдан-жылға өсіп отырғанын көзге елестету қиын емес. Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек», – делінген. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясындағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыттарының арасында аталып көрсетілген міндеттердің қатарында «Ұлт денсаулығы – табысты болашағымыздың негізі» деп нақты аталып көрсетілген. Ал денсаулық кепілі салауатты өмір салты екендігі және аян. Мемлекеттің басты тірегі – халық. Халықтың денсаулығы – мемлекеттің қымбат қазынасы. Ол – әр адамның баға жетпес байлығы. Елбасымыз атап көрсеткендей, денсаулығы мықты адам ғана қоғамға лайықты қызмет етеді, оның дамуына ықпал етіп, ел экономикасын жақсартуға өзіндік үлес қосады [2].

Мектеп қабырғасындағы оқушының жүріс-тұрысынан бастап, бүкіл өмірлік ұстанымының қалыптасуына дейінгі кезеңде орынды ықпал ете білу қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өз өзектілігін арттыра түспек. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, түтінінің түзу ұшуына бірден-бір себепкер өскелең ұрпақ болғандықтан, балалар мен жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты сақтау және нығайту мәселелері ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Дене шынықтыру – оқушы өмірінде ерекше орын алатын пәндердің бірі. Оқушылардың дене мәдениетін арттыруды, физиологиялық тұрғыдан дұрыс дамып жетілуін қамтамасыз ететін бұл пән оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына да бірден-бір себепкер болады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ толық танымдық, теориялық мағлұмат беру, яғни дене шынықтыру пәні туралы түсініктерін қалыптастыру аса маңызды. Дене шынықтыру пәні арқылы оқушының ең алдымен, эстетикалық талғамы, дене мәдениетіне деген құрметі арта түседі.

Байқағаным, оқушылардың барлығының өзге де пәндер сияқты дене шынықтыруға деген бейімділігі де әр түрлі. Алайда әр оқушының білім деңгейін, мүмкіншілігін, бейімділік қасиеттерін ескере отырып, олардың жетістіктері мен кемшін тартып жатқан тұстарын әділ бағалау, сабақ барысында кездесетін түрлі қиындықтарды жеңіл меңгеруіне мүмкіндік жасау, игере алмай жатқан тұстарына көмектесу қажет деп білемін. Сонымен дене шынықтыру пәніне байланысты кім-кімнің де көкейінде жүрер төмендегі сұрақтарға жауап беріп көрдік.

**Дене тәрбиесі немесе спорттық ойындар не үшін қажет?**

- Денсаулықты, жалпы ағзаны нығайтады;
- Жасөспірім ағзасының дұрыс өсуіне, физиологиялық тұрғыдан дамуына ықпал етеді;
- Ой еңбегіне деген қабілетін арттырады;
- Тыныс алу және жүрек-қан тамыр жүйесіне жақсы әсер етеді;
- Нормативтік тест жаттығуларын меңгереді;
- Оқушының өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауына, салауатты өмір салтын ұстануына басты мұрындық болады.

**Дене шынықтыру барысында оқушы бойында қандай дағдылар дамиды?**

- Дене физиологиялық тұрғыдан дамиды;
- Ептілік пен икемділік дағдысы дамиды;
- Қозғалыс ойындары фантазияны дамытады;
- Ойын ережелері белгілі тәртіпке, өз ісіне жауап бере білуге баулиды;
- Топпен бірлесіп жұмыс істеу арқылы бәсекеге қабылеттілікке ұмтылады;
- Белсенді өмір сүру, батылдық, көшбасшылық, табандылық пен шешім қабылдай білушілік қасиеттері дамиды.

Осылайша, бала ағзасының дұрыс дамып жетілуі және денінің сау болып өсуі үшін оның физикалық тұрғыдан үнемі қозғалыста болуын, түрлі спорттық шараларға белсене қатысуын қадағалау ата-ана тарапынан да қадағалануы керек деп ойлаймын.

**Оқушылардың физикалық дайындық деңгейі қалай жетіледі?**

1. Дене шынықтыру сабақтарының базалық бөлігі мен вариативті формалары арқылы;
2. Сыныптан тыс шаралар нәтижесінде;
3. Спорттық-көпшілік және жалпы спорттық іс-шаралар арқылы.

Дене шынықтыру сабақтарының базалық бөліктері мен вариативті формалары

**Базалық бөліктер:**

- дене шынықтыру сабағы;
- үй тапсырмасы;
- өз бетімен орындалатын тренировкалар;
- таңғы гимнастика.

**Вариативті формалар:**

- мектеп таңдауы бойынша;
- оқушы таңдауы бойынша;
- ата-ана кеңесі бойынша.

Ата-ана тарапынан қолдау көрсетіліп, балаларын түрлі спорттық секцияларға жаздырып жатса нұр үстіне нұр! Алайда, мектептерде тегін секциялар жоққа тән, тіпті ақылы үйірмелердің өзі саусақпен санарлық. Сол себепті, балаларын спорттық шараларға қатыстыруға барлық ата-ананың қолы жете бермейді. Осыған орай, міндетті орта білім беру орындарындағы дене шынықтыру пәнінде 45 минуттың ішінде сапалы білім алуға тырысуымыз қажет. Ол үшін әр оқушы дене шынықтырудың не үшін керектігі, ондағы әрбір әрекеттің адам ағзасы мен денсаулығы үшін қандай ықпал, әсері бар екендігін білгендігі дұрыс деп ойлаймын [3].

**Дене шынықтыру пәнінің мақсаты мен міндеттері:**

Мақсаты:

- салауатты өмір салтын қалыптастыруды ұйымдастыруда дене шынықтыру пәнінің маңызын жан-жақты танытып, оқушылардың дене мәдениетін дамыту;
- оқушылардың өз денсаулықтарына ұқыптылықпен қарауына қажетті мотивтерді қалыптастыра білу және оны ұдайы дамыту.

Міндеттері: білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру, дамыту.

**Дене шынықтыру пәніндегі басты міндеттер қандай болмақ?**

Білім беру: пәннің мән-маңызын ашып көрсету, дене мәдениетінің адам ағзасы үшін пайдалылығын таныту, спорттық ойындардың түрлері мен ережелері және қазақстандық әйгілі спортшылар жайлы танымдық-ақпараттық мағлұматтар беру.

Тәрбиелеу: ережелерге бағыну, гигиеналық және эстетикалық тәрбиені ұстану.

Сауықтыру: арнайы сауықтыру және шынықтыру іс шараларын жүргізу;

Дамыту: ағзаны дамыту, дене мәдениеті жайлы түсініктерін кеңейту, спорттық іс шараларға қатыстыру, салауатты өмір салтын ұстануға бейімдеу, дене шынықтыру пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Оқушылар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Жақсы денсаулық адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетіне жемісті қатысуына үлкен ықпалын тигізеді.

Өмірге қажетті дағды мен іскерлік табиғи қозғалыстың барысында қалыптасады. Табиғи қозғалыстың түрлері: жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика, снорядта жаттығу сияқты тағы да басқалар болып келеді. Олардың арасында қыста таза ауда ойналатын қысқы ойындарың түрлері аса маңызды [3].

Жас адамның денесі түрлі жаттығулардың көмегімен ширап, дамиды екен. Жоғарыда аталған қысқы ойындардың түрлері арқылы балалардың күші көбейеді, төзімдікке ие болады, жылдамдықтары артып, қимыл-қозғалысы епті, икемді бола бастайды. Бала бойында бұндай қабілеттердің дамуы олардың қозғалғыштық тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Сабақта және сыныптан тыс дене тәрбиесі жұмыстарында біз дене жаттықтыру, организмді шынықтыру, тамақтану гигиенасы, ұйқы тағы басқа жөнінде мәлімет аламыз. Мәселен, уақыт ырғақтары туралы оқушылардың білуі өте маңызды. Уақыт ырғағы деген – ол жүйелілік. Мәселен, ойнағанның жөні сол екен деп таңнан кешке дейін ойнай бер деген сөз емес. Адамның ой, дене еңбегі, тамақтануы, ұйқы т.б. жүйелі болғаны дұрыс. Әрқайсысының өзіндік маңызы бар. Ырғақ дегеніміз сол, жаңағы аталған әр түрлі іс-әрекеттердің ұзақтығы, олардың кезектесуі. Оған белсенді демалыс, тамақтануды реттеу, ұйқының ұзақтық мерзімі жатады. Мамандардың айтуынша, «Ырғақтық кезеңнің кезектесуін сақтау, организмде белгілі ритмнің және шартты рефлекстер тізбегінің пайда болуын қамтамасыз етеді. Бұл жағдай балалардың денсаулығына және олардың жалпы жұмыс қабілетіне қолайлы ықпал жасайды».

Оқу, еңбек және демалыс ырғағы оқушылардың жас ерекшелігіне қарай жасалады.

Кез келген ойын процесінде балалардан төмендегілер талап етіледі:

1. Адамгершілік сапалары: өзгелермен тіл табысу, ойын ережесіне бағыну;

2. Уақыт ырғағын сақтау т.б.

Спорттық ойындар денсаулықты нығайтуға, тіршілік үшін маңызды дағдылар мен ептіліктерді игеруге, жоғарғы жұмыс қабілетіне жетуге бағытталған. Оның адамды өнімді еңбекке даярлауда зор маңызы бар. Мұнда адамның жылдамдық, күш, ептілік, төзімділік секілді дене қасиеттерінен басқа, табандылық, ерлік, мақсаттылық, шешімділік, өзін-өзі ұстай білу секілді бағалы психикалық қасиеттері де дамиды. Алуан түрлі дене жаттығулары, қимылды ойындар, спорт-дене тәрбиесінің құралдары болып табылады.

Әр түрлі бұлшық ет топтарын, буындар мен сіңірлерді ұдайы жаттықтыру олардың атқаратын қызметі мен үйлесімділігін күшті дамытады. Дене еңбегі организмнің мүшелері мен системаларын жаттықтырады, қимыл апаратының қалыпты жұмыс істеуін, зат алмасу процестерін қамтамасыз етеді. Белгілі бір мөлшерде әр түрлі жаттығуларды күн сайын орындап отыру, оларды алдын ала белгіленген көлемде, өзіңді ешбір босаңсытпай дұрыс істеуге тырысу белгілі әдетті, одан соң мінез-құлық ережелерін бұлжытпай орындау мұқтаждығын қалыптастырады. Осының арқасында адамның тәртіптілігі артып, оның еркі нығаяды.

Ұл балалар мен қыз балалардың организмінің дене мүмкіндіктері әр түрлі. Ұлдар шұғыл дене еңбегін оңай атқарады, олардың күші, қимыл амплитудасы көбірек. Ал қыздар төзімдірек, бірқалыпты ұзақ жұмысты жақсы атқарады екен. Сондықтан ұлдар мен қыздардың ойындарында сәл айырмашылық бар. Бірақ төзімділікті, жылдамдықты, қимыл дәлдігін дамытатын жаттығулар оқушылардың барлығына да бірдей пайдалы, ұлдарға бұған қосымша күшті дамытуға, ал қыздарға – икемділікті дамытуға арналған ойындар қажет.

Ұлдарда, жасөспірімдерде кейде өздерінің дене мүмкіндіктерін асыра бағалау мен белгілі бір абайсыздықтар болады. Кейде олардың шамасы келмейтін салмақты көтеруіне, үлкен биіктіктен секіруіне, сөйтіп орынсыз күш, батылдық және т.с.с. көрсетуіне себепші болады. Олар дене күшін көбіне асыра бағалап, көзге түсе бермейтін, бірақ әсіресе төзімділік секілді өмірлік маңызды сапаларды жете бағаламайды. Әсіресе, қандай көзге түсерлік болса да дене артықшылықтарын көрсету жолымен емес, пайдалы істерді атқару арқылы айналадағылардың сый құрметіне бөленуге болатындығын балалар есте сақтауы керек [4].

Дене тәрбиесі, спорттық ойындар организмге дамытушы, жетілдіруші және оңдаушы әсер етеді. Сонымен қатар, қысқы ойындар адамның психикалық күйін жақсартып, көңіл-

күйін көтереді, жалпы тіршілік тонусын арттырады. Таза ауада ойналған ойындар баланың иммуниетін нығайта түсетіні белгілі. Мәселен, қаланың балларына қарағанда ауылдың балаларының күші басым болып келеді. Өйткені олар таза ауада жүреді, қысқы ойынды ғана ойнап қоймайды, қысқы –жазғы еңбек түрлеріне де араласады. Адамның күші оның бұлшық еттерінің дамып, жетілуіне байланысты болады. Бастауыш сынып оқушыларының бұлшық еттерінің күші аз болады. Тек 10 жастан бастап қана бұлшық еттер біртіндеп жетіліп, күші молая береді. Төменгі сынып оқушыларының бойы тез өсетін болғандықтан, бұлшық еттері көбінесе ұзынынан созылып өседі. Сондықтан оның күші аз болады. Бұлшық еттердің күшін арттыру үшін қосымша дене шынықтыру жаттығуларын орындау қажет.

Балалардың күші олардың сүйек бұлшық еттері жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Бой тез өскенде, бұлшық еттер мен кеуде баяу өседі. Ал, керісінше, бойдың өсуі баяуласа, бұлшық еттер тез өсіп-жетіледі.

Бұлшық еттерді жетілдіруде ең алдымен барлық бұлшық ет топтарының жан-жақты жетілуіне көңіл бөлу қажет. Әдетте балалардың қарын, қол, аяқ және дененің басқа да көлденең бұлшық еттері нашар дамыған күйде болады. Сондықтан осы аталған бұлшық ет топтарын жетілдіру үшін арнайы жаттығулар орындау қажет. Бұлшық еттерді дамыту үшін жүру мен жүгірудің, екі адам бір-біріне қарсылас ретінде шығып жаттығулар орындаудың және жүйелі түрде тыныс алудың маңызы ерекше [5].

Жылдамдық қабілетін жетілдіруге арналған жаттығуларға негізінен жүгірудің әрқандай түрлері және жылдамдықпен тікелей байланысты болып келетін қимыл-қозғалыс ойындары жатады.

Төменгі сынып оқушыларының төзімділік қабілеті әлі жетілмеген күйде болады. Мәселен, 9-10 жастағы баланың 9 минут бойы жұмыс істеу кезіндегі төзімділігі ересек адамдардың осы уақыт ішіндегі жұмыс қуаты мен төзімділігінің 40%-індей ғана. Тек 10 жастан бастап баланың төзімділік қабілеті біртіндеп арта береді.

Төзімділік қабілетін жетілдіре бастау үшін де қысқы ойындардың маңызы зор. Мысалы, әр түрлі қашықтыққа жүгіру, шаңғымен жүгіру және басқа да денеге күш түсіретін күрделі жаттығулар адамды төзімді болуға жаттықтырады.

Қыстың сәні – қар мен мұз. Ал, жасанды мұз айдыны болса, балаларға тіпті жақсы. Айнадай жалтыраған мұз айдынында коньки киіп, асыр сала сырғанауды балалар қатты ұнатады.

Мектеп алаңында мұз айдынының болуы, балалардың бос уақытын тиімді де мазмұнды өткізуіне себепкер болады. Қыста балаларға коньки теуіп, хоккей ойнауға, сырғанақ тебуге болады. Сырғанау ерекше сергек көңіл-күй сыйлайды.

Барлық халықтарда ғасырлар бойы өзіндік дене тәрбиесі программасы қалыптасқан. Бас орында халық ойындары тұрды. Сол ойындарды жаңарту арқасында біз дене шынықтыру сабақтарының дұрыс жүргізілуін,балалардың үйде, достарының арасында жақсы ұстауын қамтамасыз етуімізді қалыптастыруымыз керек. Қазақтарда дені сау баланы тәрбиелеу алғашқы күннен-ақ басталады. Бұл процесс өздігімен жүрмейді,оны қатаң қадағалап отырады.Ата-аналар өз балаларына басқалармен жүгіруге бұйырады, ол үшін оларды алшақтау жерге апарып, тез жүгіріп келгеніне ұтыс берген. Өз жастарымен күресуді бұйырады, суыққа төзімді болулары үшін,балаларын қыста таза ауада жүгіруге және ойнауға үйретті. Дегенмен, қоғам халық ойынның неше алуан түрлерін ойластырып қана қойған жоқ, соны іс жүзінде қолданып, оның тәрбиелік, білімдік жақтарын да көре білді. Сондықтан олар «Бала ойынмен өседі» деген өмірлік қорытынды жасап, осы тәжірибелік қорытындыны өздерінің бала тәрбиесі туралы көзқарастарының негізгі арқауы етті. Бала ойынды тоқтатса, одан қол үзіп үйде бола берсе, ол баланың денсаулығы ата-аналарын мазасыздандыратын болады. Ересек адамдардың еңбек етуі қандай қажет болса, баланың ойыны да сондай қажет нәрсе ретінде қабылданған [6].

Сонымен ойымызды қорыта келе, спорттық ойындардың бала денсаулығына, жалпы адамның ағзасына қандай пайдасы бар? Міне осы сауалға жауап беріп өтейік:

• Спорттық ойындардың көбі таза ауада өтетіндіктен, ең бастысы, таза ауаның өзі адам денсаулығының кепілі болып саналады.

• Баланың иммунитеті нығаяды;

• Ойын арқылы зат алмасу процесі жақсы жүреді;

• Қоршаған ортаның жағымсыз факторлары мен жұқпалы ауруларға ағзаның қарсылығы артады;

• Жылуды реттеу реакциясы жетіледі;

• Көтеріңкі көңіл-күй болғандықтан, адам өзін сергек, ширақ сезінеді, жағымды эмоционалды жағдай туады;

• Дене шынығады, қозғалыс белсенділігі артады;

• Дене бітімі сұлулана түседі.

• Бойлары өседі немесе бұлшықеттері дами түседі;

• Ақыл-ой және дене қабілеттерінің артуына себепкер болатын шыдамдылық, күш, жылдамдық пен икемділік сияқты қасиеттері дамиды.

• Спортқа қызығушылықтары артады;

Ендеше, спорттық ойындар балалардың, жасөспірімдердің дене бітімі мен ақыл-ой қабілетінің дамуына үлкен септігін тигізеді [3].

Адамның өміріндегі басты байлығы оның денсаулығы дедік. Дені сау адам ғана салауаттылықты жан-жақты ұстанып, белсенді өмір сүру көзқарасын ұстанады. А.Шопенгауэр сөзімен айтсақ, «Бақытымыздың оннан тоғыз бөлігі деніміздің саулығына байланысты». Егер салауатты өмір сүру мәселесін насихаттау сандық көрсеткіштермен шектелмей, әр жыл сайын оның сапасы арта түссе дені сау, жаны сау ұрпақ қатарының артатыны сөзсіз.

Қазіргі таңда барлық пәннен оқушыға жан-жақты білім берілуі қажет. Оқушының мектеп қабырғасында оқу мен жазудағы сауаттылығы, математикалық сауаттылығы, компьютерлік сауаттылығы, денсаулық сақтау бойынша сауаттылығы, отбасы мәселелері бойынша сауаттылығы және дене мәдениеті бойынша сауаттылығы қалыптасып шығуы қажет. Дене шынықтыру пәнінде оқушыларға спорт түрлерін, спорттық ойындардың маңызын, ережелерін толық меңгертіп, оны іс жүзінде қолдана білуге үйретсе, тәрбиелеуіміз қажет. Дене шынықтыру пәнінде оқушылардан секіруді, ойынның жақсы нәтижесін талап етпес бұрын, алдымен оның техникасын міндетті түрде үйрету керек. Оқушылар спорттық ойындардың төмендегідей маңызын жете білуі қажет:

• сыртқы дене бітімі өзгеріп, әдемілене түседі,

• денесі икемді, епті бола түседі;

• қимыл-қозғалыстары үйлесімді, сәнді болып шығады;

• бұлшық еттері сергиді.

• дене шынықтыру және спорт жаттығуларын орындау адамның жан-жақты өсіп-жетілуіне қолайлы жағдай туғызады [3].

Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға насихаттау ісі кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қажет ететін күрделі құбылыс. Әсіресе, негізгі іргетасының дұрыс қалануын қадағалауымыз керек. Аталған кезеңдердің бірінде ата-ана немесе тәрбиеші, ұстаз тарапына жіберілген сәл олқылықтың өзінің орнын толтыру кейін көп уақытты, көп күшті қажет етеді. «Темірді қызған кезде соқ» демекші әр буынға өз уақытында жеткілікті дәрежеде көңіл бөле білгеніміз болашақтағы салауатты тұлғаның өсіп жетілуіне негіз болмақ. Ендеше салауатты өмір салтын насихаттау жұмысы жылдан-жылға толықтырыла түсетін болса дені сау, жаны сау ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндігіміз артатынына толық сенім білдіреміз [7].

Әр оқушыны түрлі спорттық ойындарға ерте бастан үйрету олардың қызығушылықтарын арттыра білумен тығыз байланысты. Мектеп қабырғасында оқытылатын дене шынықтыру пәнін жоғары деңгейде өткізу осы мақсаттарды жүзеге асырудың бірден-бір құралы болып табылады.

Ғаламтор бетіндегі бір ақпаратта «Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Барлық оқушылардың сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып қолайлы жағдайлар жасау

қажет. Әрбір мектепте, кәсіптік-техникалық училищеде, барлық оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтармен және құралдармен жақсы жарықталған спорт залдары мен алаңдары болуы тиіс. Оқушыларға дене тәрбиесін беру үшін спорт ұйымдары мен клубтардың, кәсіпорындар мен мекемелердің базасы кеңінен пайдалануы керек», – делінген екен [8].

Осыған орай, жас өскелең ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға, дене тәрбиесімен дұрыс айналысуға дағдыландыру маңыздылығы барынша насихатталуы қажет екендігі анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Акиева Г.С. Педагогические основы развития и совершенствования системы охраны здоровья школьников. Алматы, 1997.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» стратегиясы. – Алматы: Білім. – 1997.
3. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: "Атамұра". – 2005 ж.
4. Уақбаев Е. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. - Алматы: Санат, 2000 ж.
5. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: "Рауан". – 1993.
6. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы қаласы: "Қайнар" 1994.
7. Икіманова Г. Саулық пен сымбат. - Алматы: Қайнар, 1991.
8. Тұрыскелдин М. Төменгі және ортаңғы буындағы дене тәрбиесі. – Алматы: "Мектеп". – 1991.

## КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Байсенгирова Қ., Мырзан А.Е.**
Көркем еңбек пән мұғалімі, №182 ЖББМ
Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді.

**Аннотация:** В преподавании предмета художественного труда – через изучение предпосылок труда, предусматривается цель воспитания учащегося как личности. В ходе реализации данной цели учитель классифицирует задачи по совершенствованию воспитательного процесса учащихся, повышению производительности труда через обновление культуры труда, нравственных отношений между людьми, формирование трудовой квалификации.

**Abstract:** In teaching the subject of artistic labor, the goal is to educate the student as a hated person by learning the prerequisites for working. In the course of implementing this goal, the teacher classifies the tasks of stimulating students to increase their productivity by improving the educational process, updating the culture of work, moral relations between people, and forming labor qualifications.

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті – еңбек екенін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Көркем еңбек» пәнін үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену – Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс-қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған. Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- ✓ өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- ✓ азаматтық нарыққа қатыса алады;
- ✓ өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- ✓ жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу – мектептің материалдық – технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты.

Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау. Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет.

Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден – іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т.б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады [1].

Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі. Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек. Сабақ – оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу – оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту – оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі [2].

Оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолданусабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т.б. Көркем еңбек – пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі – қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан. Балаларды еңбекке тәрбиелеу – қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады [3].

**Көркем еңбек сабағында жобалау әдісін қолдану.** Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты

қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады [4].

Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі. Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек. Сабақ – оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу – оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту – оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі

– оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану

- сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу,

- ойын элементтерін пайдалану т.б.

- Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі

- қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі [5].

Еңбек тәрбиесінде еңбек сабақтарының мәні ете зор, оларда оқушылар еңбек операцияларын меңгереді. Бұл сабақтарда оқушылар өздері үшін керекті және басқа нәрселерді даярлайды, еңбек дағдыларын меңгереді, техникалық және технологиялық білімдерімен қаруланады. Оқушылардың еңбеккерлік сезімдері әсіресе жоғарғы сыныштарда еңбек тәрбиесінің ғылыми білімдерімен беки түседі. Оқушылардың еңбек ету әрекеттері дами түсіп, олардың еңбекке деген қызығушылықтары артып, олар әрбір істі саналы орындауға ұмтылыс жасай білуге әрекет етеді. Еңбек сабағында орындайтын тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға талпына бастайды. Ондай кезде мектеп оқушыларының шығармашылыққа бет бұру ниетін сөндіріп алмау керек.

Мектепте өтілетін пәндердің бірі ретінде технология пәнінде мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулуда кластан тыс жұмыстардың мүмкіншілігі мол. Атап айтқанда оқудан тыс уақыттағы «Шебер қолдар» үйірмелеріндегі жұмыстар, еңбек әрекетін қамтиды, оқушылардың творчестволық ойларын дамытады. Үйірмелерде әрбір оқушылар тек кана сабақтарда алған практикалық дағдыларын ғана дамытып жетілдірмейді, сонымен бірге өз істерінің-әрекеттерінің түрлері мен әдістерін тыңдауда инициатива көрсетеді, өз еңбегін тиімді етудің жолдарын іздестіреді, еңбекке творчествоны енгізеді.

Көптеген жоғарғы класс оқушылары техникамен әуестенеді, бұған еліміздегі техникалық прогресстің өрістеуі, мектептің өмірге, өндіріске жақындай түсуі, оның материалдық-техникалық базасының нығаюы себеп болады. Осыған байланысты кейінгі кезде мектептерде және мектептен тыс тәрбие орындарында техникалық үйірмелер жүйесі кеңейе түсті.

Кең түрде ұйымдастырылған пән үйірмелері де (химия, математика, физика т.б.) кеңінен дамыған. Бұндай үйірмелерде оқушылардың ақыл-ой жұмыстары дене, қол еңбектері мен ұштасып отырады. Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін және творчествосын дамытады.

Үйірмелерге қатынасушылар оның жұмысына көптеген жаңалықтар мен зерттеулер енгізеді. Бірақ үйірмелер барлық балаларды қамти алмайды. Сондықтан олардың жұмыстары жалпы бұқаралық істермен толықтырылып отырылады. Мектептерде ғылым мен техникаға арналған арнайы кештерде өткізіледі, оқушылардың өндіріс озаттарымен кездесулерінде мектеп оқушыларының үйірме жұмыстарына қызығушылықтары арта отырып шығармашышыққа бет бұра бастайды [7].

Барлық сыныптағы оқушылар іс-әрекетке құштар. Жалқаулық, жұмыссыздық, кертартпалық балалар табиғатына жат. Ал мұндай ерекшеліктердің кейбір оқушыларда кездесуі – бұл теріс тәрбиенің, еңбек әрекеттерінен алшақ ұстаудың, ақсаусақ етудің нәтижесі. Өз әдетіне сәйкес еңбек үстінде балалардың өзіндік іс-әрекеттері кеңейе түседі. Қоғамдық пайдалы еңбек процесінде оқушышар өз жолдастарымен еңбек қарым-қатысына тартылады (сынып, мектеп, ересектер ұжымына), еңбек сабақтарында және кластан тыс жұмыстарда тәрбиеленетін қасиеттер, сапалары беки түседі; өз еңбегіне жеке басының жауапкершілігі, іске тврочестволық қатынасқа тәрбиелейд деп атап өтеді [8].

Жастар тартымды, қоғамдық мәнді іс-әрекеттерге құштар. Сондықтан күн сайын қайталап отыратын тек кана төзімділікті, ептілікті талап ететін бір сарынды күнделікті еңбек оларды әрдайым қызықтыра бермейді. Оқушылар орындайтын жұмыстарының мәніне түсінгеннен кейін ғана жемісті жұмыс істеуге үйренеді, олардың еңбекке көзқарасы өзгереді, жұмыста ұйымшылдық көрсетеді.

Мектеп оқушыларының еңбек процесін дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Еңбектің бір саласының өзі әр түрлі жағдайда ұйымдастырылуы мүмкін. Жұмыстың ұйымдастырылуының әдісіне қарай оқушылардың сол жұмысқа көзқарасы да, оны орындауы да әртүрлі болады.

Еңбек процесінің ретті құрылуы үшін оқушьшардың бір тобының еңбегі басқалардың еңбегімен байланысты болғаны жөн.

Мұндай жағдайда әр ұжымдардың арасында еңбек байланыстары құрылады. Оқушылар өздерін үй және маңызды істі, қоғамдық мәнді істі орындаушылар деп санайды. Демек, еңбектің қоғамдық әсерлілігі, тиімділілігі сол еңбектің мазмұнына ғана емес оның ұйымдастырылуы тәсіліне де байланысты. Оқушылардың еңбек әрекеттерінің тиімділігі жарыс ұйымдастырылған жағдайда едәуір арта түседі. Класс активі жарыстың көрсеткіштерін алдын-ала ойластыра белгілейді, онымен барлық оқушыларды таныстырады.

Жарыс оқушыларды жұмыстың алғашқы басталу кезеңінде-ақ қызықтырады, әуестендіреді. Жарыстың бір түрі – конкурстар, бұлар класс ұжымын немесе бүкіл мектеп ұжымын қамтиды. Оқушыларда қуаныш ар-намыс сезімдерінің тууының мәні зор балаларды жолдастарына көмектесу, жалпы істің жемісті болуына тәрбиелеу керек.

Оқушылардың білім алуында шығармашылық әрекетін белсендіруге, олардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік дамуын арттыруға байланысты мәселені шешу дидактикалық тәсілдерді өзгертуді және мұғалім ақпаратына берілетін уақыт бөлігін азайтып, оқушының өзіндік танымдық, шығармашылық іс-әрекет уақытын көбейтуге әкелетін, оқу уақытын қайта бөлуге орай қажетті жаңартулар жүргізуді талап етеді

Мұғалім тарапынан берілетін ақпарат оқушылардың қызығушылықтарын, жаңа мазмұнды зерттеуге деген құлшыныстарын арттыру мақсатында, өзекті мәселе туындату үшін қолданылады.

Сондықтан адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік қабілеттілігі оның үстіне қазіргі кездегі бизнеспен айналыса білетін кәсіптілікті дамыта білетін жаңашыл тұлғалық шығармашылық ойлауына қатысты анықталатыны белгілі. Жалпы мектеп оқушыларын еңбекке баулу негізінде оқушыларды шығармашылыққа баули білу мектептерде өтілетін еңбек пәнінің негізгі міндеттері толып саналады. Өйткені оқушыларға өндірістік білім негізін қалыптастыратын негізгі пәннің бірі еңбек пәні арқылы мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділіктерін дамытуда көптеген мүмкіндіктер бар деп толық айта аламыз. Ал, тұлға тәрбиелеудің ең негізгі алғы шарттары – шығармашылыққа ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады.

Қорыта келгенде әлемдік бәсекелестік заманда әр адамның білім санасы, қабілет деңгейін іскерлік деңгейін, іскерлік мүмкіндіктерін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіндегі өткір қойылып отырған мәселелерінің бірі. Демек, бәсекеге қабілетті интелектуалдық күші жеткілікті маман кадрлар әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономикасы дамымайтыны белгілі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Досымбаева Э.Еңбекке баулу жолдары //Сыныптан тыс жұмыстар.-2009.-№7.-22-23б.
2. Сейталиев К. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1983
3. Күнпейіс Ж.Қ. Жәнібек Ұ. Еңбек тәрбиесі арқылы мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу жолдары //Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің республикалық конференция материалдары. -2012.
4. Э.Кант. Философия: Учебник. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2003. -- 608 с.
5. Ноғайбаева Г. Бастауыш сыныпта жүргізілетін еңбекке тәрбиелеу жұмыстарының түрлері мен оларды ұйымастыру //Бастауыш мектеп. -2004.-№9.22-23б.
6. Еңбекке тәрбиелеу мен оқыту тұжырымдамасы. //Қазақ-стан мұғалімі. 19 аңпан, 1993 жыл.
7. Омарова Р, т.б. Мектеп оқушыларының шығармашылық еңбегін қалыптастыру. Актөбе. 2005 ж.
8. Бабаев С.Б. және т.б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы /Алматы: Заң әдебиеті. – 2008. - 124б.

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

**Жданова Ғ.Ж.**
«Алматы облысы білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «№10 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Аңдатпа:** Мақалада көркем еңбек пәні арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға баулудың маңызы мен басты жолдары көрсетілген. Ұлттық қолөнердің қазақ халқы үшін маңызы сипатталып, қазіргі жаһандану заманында әр ұлттың өзіне тән болмысын, рухани және материалдық құндылықтарын сақтап қалудың қажеттілігі қарастырылған. Көркем еңбек пәні арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде жиі қолданылатын оқутыу технологиялары қарастырылған.

**Аннотация:** В статье показано значение и основные способы привития учащихся национальным ценностям через предмет трудовое обучение. Описано значение национальных ремесел для казахского народа, а также рассмотрена необходимость сохранения индивидуальность, духовных и материальных ценностей каждого народа в современную эпоху глобализации. Приведены образовательные технологии, которые часто используются при воспитании учащихся к национальным ценностям через предмет трудовое обучение.

**Abstract:** The article shows the importance and main ways of instilling national values in students through the subject of labor education. The importance of national crafts for the Kazakh people is described, and the need to preserve the individuality, spiritual and material values of each people in the modern era of globalization is considered. Educational technologies that are often used in educating students to national values through the subject of labor education are presented.

Қазіргі таңда әлемдік беру кеңістігіне ену мақсаты басты бағдар етіп алынып отырғандықтан, өскелең ұрпақтың өз заманының талабына сай білім мен тәрбие алуы үшін үлкен мүмкіндіктер қарастырылып, сол межеге жету жолында игілікті істер жүзеге асып келеді. Солардың қатарында оқушылардың үш тілді қатар білу деңгейлерін арттыру, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін, функционалдық сауаттылықтарын арттыру ісі мен жаңартылған білім беру бағдарламасының қабылдануы т.б. атауға болады. Бұл аталғандардың барлығы, сайып келгенде, заман талабына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындап шығаруды көздейді. Өз заманына сай тұлға тәрбиелеу дегенде, «таяқтың екі ұшы бар» екендігін естен шығармауымыз қажет. Заманауи болмысты ұстанғанның жөні сол екен деп, Еуропа мен Батысқа еліктейтін, өзінің қазақы болмысын жоғалтқан жандардан сақтануымыз қажет. Қазіргі жаһандану дәуірі жүріп жатқан заманда алпауыт елдердің апанына түсіп кетпес үшін, бүгінгі буын ұлттық дүниетаным негізінде білім мен тәрбие алып, қазақ халқының мәңгілік болмысын сақтап қалуы қажет, оны әлемге танытуы керек. Бұл үшін оқушыларды балабақша жасынан, бастауыш сыныптан бастап, оң мен солын ажыратқан ересек жасына жеткенге дейін ұлттық негізде білім алуларына мұрындық болуымыз керек. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалада «ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі - олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай... Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.»,-дегені белгілі. Бұл өте орынды айтылған сөз. Расында, қазіргі заманда алпауыт елдердің жетегінде кетіп, солардың арасына сіңіп кету қаупі тұрады. Біздің бұл арада алаңдайтынымыз – тіл мен діл, дін, әдебиет пен мәдениет мәселесі. Өз болмысымызды сақтай отырып, ұлт ретіндегі ерекшеліктерімізді өзгелердің алдында айшықтай білу – баршамыздың мойнымыздағы жауапкершілікті міндет. Өзімізді өзгеге таныта білу үшін өзіміздің ұлттың ерекшелігін алдымен өз ұрпағымыз жете меңгергені жөн. Оның үстіне көркем еңбек пәні қолданбалылық сипаты жоғары пән екендігі белгілі, пән мазмұнын игеру барысында алған теориялық білім міндетті түрде іс жүзінде

қолданылуы қажет. Оқушының бұлайша алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана білуі оның бәсекеге қабілеттілігінің бір көрсеткіші деп санауға болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалардан күтілетін нәтижелер:

- Белсенділігі артады;
- Шығармашылық тұрғыда ойлайды;
- Өз бетінше шешім қабылдауға талпынады;
- Алған білімін күнделікті өмірде қолдана алады;
- Өмір бойы білім алуға деген дағдылары қалыптасып, дамиды.

Көркем еңбек пәнінен алған білімдерінің оқушылардың түрлі білік, дағдыларының дамып жетілуіне ықпалы зор болғандықтан, біз бұл міндетті қалтқысыз атқаруымыз қажет. Сол себепті бұл пәнді оқытудың маңызы зор.

Сонымен жас буын, өскелең ұрпаққа өз заманына сай білім бере отырып, оны ұлттық дүниетаным негізінде тәрбиелеудің мән-маңызы аса зор. Әсіресе, қазіргі жаһандану дәуірі жүріп жатқан XXI ғасырда алпауыт мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймай, асыл құндылықтарымызды бағалай білу, баршаға таныта білу әрбір азаматқа үлкен сын. Батысқа, Еуропаға еліктегіш жастардың сана-сезімін батысшылдық дерті жаулап алмас бұрын, «балаға тал бесіктен тәрбие бергеніміз» дұрыс. Өзінің елін, жерін сүйетін, ана тілін қадірлейтін, ұлттық дін мен ділді (менталитет) бойына сіңіре білген, ұлттық болмыс бүкіл өн бойынан аңқып тұратын саналы жастарды тәрбиелеп шығару арқылы ел ертеңінің жарқын болуына үлес қосатынымыз анық.

«Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерінің басы біріктірілген «Көркем еңбек» пәні 1-4 сынып аралығында оқытылады. «Көркем еңбек» пәніне 1-сыныпта 33 сағат, 2-4 сыныптарда аптасына 1 рет 34 сағат бөлінген. Көркем еңбек пәнін мазмұндық тұрғыдан екіге бөліп қарауға болады. Тақырыптың басым бөлігі ұлттық мәдениет, ұлттық қолөнер бағытын қамтыса, келесі бір бөлігі заманауи қолөнерге, заманауи мәдениетке қалыптастыруды көздейді. Ұлттық білімді заманауи ұстанымммен астастырып, қолданғанымыз жөн. Астарына мән беріп қарайтын болсақ, әр тақырыптың төркініне үңілер болсақ, көркем еңбек пәнінің әр тақырыбы арқылы оқушыларға ұлттық дүниетаным негізінде білім беруге негіз бар. Мысалы 1-сыныптағы төмендегі тақырыптарды алып көрелік: Мен мектеппен танысамын; Мен текстураны меңгеремін; Мен мектепті безендіремін. Осы көрсетілген тақырыптар атап айтарлықтай ерекшелігі жоқ күнделікті кездесетін тақырыптар сияқты болып көрінгенімен, мектеппен танысу, тексураны меңгеру, мектепті безендіру ісінде де ұлттық менталитетке сай әрекеттерді жасауға баулу қажет. Сонда оқушылар ұлттық менталитетке, ұлттық болмысқа сай емес әрекеттерден аулақ болады. 1-сыныптағы «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем» бөлімдерінің аясындағы тақырыптар туралы да осыны айтуға болады. Ал «Салт дәстүр және фольклор» бөлімі тікелей ұлттық құндылықтарды меңгертуге арналған.

- Қазақ халқының қолданбалы өнерінің негізгі элементтерін (ою-өрнектері, түстер, материалдар) анықтау;
- Музыкалық аспаптар жасау;
- Дыбыс жасау;
- Аспаптарды безендіру;
- Музыкалық аспаптардың көрмесі.

2-сыныпта ұлттық дүниетаным негізінде тереңірек білім беруді қалыптастыратын «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімінде «Сәндік қолданбалы өнер», «Қазақ халқының қолөнері», «Ою-өрнектер құрастырамыз», «Папье-машеден әшекейлі тәрелке жасаймыз» атты тақырыптарды ерекше бөліп атауға болады. Тақырыпты меңгерту барысында

материалдардың және құралдардың негізгі көркемдік мәнерін айқындау, әр түрлі тәсілдермен материалдарды және компоненттерді өлшеу, белгілеу, қию, пішінін келтіру, жинақтау, қосу және біріктіру, өзінің жұмысын (нобай, бұйым және т.б.) негізгі идеясын және үдерісін түсіндіріп таныстыру, ұлттық және әлем мәдениетінің әр түрлі өнер туындыларын сипаттап, өз идеяларын дамыту үшін қолдану, әр түрлі материалдар мен техникалардың негізінде, өз идеялары мен сезімдерін шығармашылық деңгейде ұсыну әрекеттері жүзеге

асатын болады. Осы әрекеттер арқылы ұлттық қолөнер бұйымдары жасалатын материалдар, олардың көркемдік мәнін ашатын ұлттық ою-өрнектер, оны белгілеу, қию, пішіндеуге қалыптастырамыз. Оқушылардың ұлттық қолөнерге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында, қазіргі таңда осы ұлттық қолданбалы өнер арқылы кәсібін дөңгелетіп отырған жандар, олардың отандық өнімді дамытудағы үлесі туралы тиянақты білім беріп, түсініктерін кеңейту қажет.

3-сыныптың «Көркем еңбек» пәнінде «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Атақты тұлғалар», «Демалу мәдениеті. Мерекелер» атты бөлімдерінде ұлттық құндылықтар негізінде дүниетанымдарын кеңейте аламыз. 4-сыныптағы «Менің Отаным - Қазақстан», «Адам құндылықтары», «Мәдени мұра» бөлімдерінің аясындағы тақырыптарды оқыту барысында ұлтық дүниетанымдарын кеңейтіп, қазақы болмыста білімдерін қалыптастыруға мүмкіндік мол.

Көркем еңбек пәнінде оқушылардың еңбек ету туралы, еңбектің адамзат өміріндегі маңызы жайлы жалпы түсініктерін жетілдіріп қана қоймай, оқушылардың өздерін де осы еңбек етуге баулу арқылы олардың бойындағы көптеген икем-дағдыларының дамуына себепкер боламыз, өмірге шынайы қарап, әр нәрсені бағалай білуге үйретеміз, болашақ кәсіптеріне бағдар береміз, сонымен қатар ісмерлік, шеберлік, ұсталық өнердің қыр-сырымен таныстырамыз. Бұл аталғандардың барлығы көркем еңбек пәнінің негізгі мақсат-міндеттері болып табылады. Ал көркем еңбек пәнінде белгілі бір салаға байланысты тереңірек білім беру оқушылардың танымдық деңгейін арттырып, шеберлік қырларын дамыта түседі.

Көркем еңбек пәнінде оқушыларға қолөнер, заманауи қолөнер, дизайн т.б. туралы теориялық білімдерін жетілдіру арқылы оқушылардың осы аталған істерге деген қызығушылықтарын арттырып, пән мазмұнын игеруге деген ынта-ықыластарын оята түсеміз. Мәселен бір ғана қолөнер тақырыбында тереңірек білім беру оқушыларды ұлттық мәдениетті құрметтей білуге, қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты кейбір қағидаттарды тереңірек білуіне мұрындық болып, ұлттық қолөнердің алғашқы әліппесін үйретуді, ұлттық киімдер мен тұрмыстық заттардың кейбірінің жасалу ерекшеліктерін түсіндіреміз және соны жасай білуге баули аламыз. Балалар кішкентай күнінен бастап, көрген-білгенінің барлығы оларға әдет болып жабысады, дағды болып бойларына сіңеді. Сол себептен де оқушыларға дәл осы мақсатта ұлттық негізде тәлім-тәрбие берудің маңызы зор деп есептейміз.

Бастауыш сыныптарда көркем еңбек пәнін оқытуға баса мән бергеніміз жөн. Өйткені бұл шақта оқушылар әлі жеткіншек жас кезеңіне жете қойған жоқ. Олардың негізгі әрекеті – оқу. Оқуға баса көңіл бөледі және бұл кезеңде мұғалімнің беделі басым екендігі психологияда дәлелденген.

Абай Құнанбайұлы айтқандай, «баланың көрсем, білсем, үйренсем» деп тұратын шағы нағыз осы кез. Бұл жастағы оқушылардың көркем еңбек пәніне қызығушылық танытуының тағы бір себебі, күнделікті өзі үйінде көріп жүрген істерін сабақта оқу - олар үшін тағы бір жаңалық. Бұл жаста қыз балалар үйде үй шаруасына қолғабыс ете бастайтын кезі. Сабақ барысында айтылғандарды үйреніп, оны ата-анасына жеткізуге асығады. Өзінің көркем еңбек пәнінде қандай еңбек еткенін айтып, оның нәтижесімен бөліскісі келіп тұрады. Міне, оқушының осындай қызығушылығы мол кезеңін пайдаланып, оларға ұлттық тәлім-тәрбие беретін көптеген маңызды мәселелерді үйретуге болады. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушылары мұғалімді әбден тыңдайды, оның әрбір сөзі есінде сақталып қалады, оның айтқандарын күнделікті өмірде орындап жүруге тырысатыны баршамызға мәлім.

Көркем еңбек пәні пәні арқылы оқушыларға білім берумен қатар, тәрбиенің бірнеше бағыты бойынша жұмыс жүргізе аламыз. Мысалы технология пәнінде іске асатын тәрбие бағыттары:

1. Рухани-адамгершілік тәрбие;
2. Эстетикалық және рухани сұлулық тәрбиесі;
3. Салауатты өмір салты;
4. Экологиялық, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
5. Мамандыққа бағдарлау;

6. Ұл мен қыз және отбасы тәрбиесі.

Жалпы сабақ барысында қай технологияны қолдансақ та, нәтиже мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, сабақты ұйымдастыруына, сабақ мазмұнын жүйелей білуіне, тапсырмаларының ұтымдылығына байланысты болып келеді. Бұл тұрғыда кез келген уақытта мұғалім жетекші тұлға ретінде танылады. Оқушының сабаққа деген ынта-ықыласын арттыру, оның зейін қойып оқуына мұрындық болу, пәнге деген қызығушылығын ояту басты мәселе болып саналады. Себебі сабаққа ешқандай ынта қоймай отырған оқушылармен жұмыс жүргізудің өзі мүмкін емес, ондай жағдайда нәтиже жоққа бағаланады. Сол себепті оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ынталандыра түсу үшін төмендегідей әрекеттер мұғалім тарапынан міндетті түрде орындалуы керек:

1. Сабақтың жүргізілу барысын басынан-аяғына дейін мұқият ойластыру, ұйымдастыру, жүйелеу.
2. Әр сабақты түрлендіріп өткізу.
3. Саралап деңгейлеп оқыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, сыни тұрғыдан ойлау, проблемалық оқыту, ірі блокпен оқыту, жобалай оқыту, жеделдетіп оқыту, алдын-ала оқыту, тұлғалық гумандық технология, шоғырландырып-қарқынды оқыту, жүйелілік тұрғысынан оқыту, үшөлшемді әдістемелік жүйе, интерактивті оқыту технологияларын ықпалдастастыра қолдану;
4. АКТ құралдарын, аудио және бейне жазбаларды тиімді пайдалану және оның қолданылуын оқушыларға да үйрету;
5. Сабақта тақырып мазмұнына байланысты көрнекілік құралдарды кеңінен орынды пайдалану;
6. Сабақта оқушылардың өздері жасаған суреттерін, сызбаларын қолдану;

Сыни тұрғыдан ойлаудың баршаға белгілі үш моделі бар. Олар:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны ашу;
- ой толғаныс.

Қызығушылықты ояту барысында болжау, топтау, түртіп алу, жұпта талқылау, кластер т.б. әдістері қолданылса, мағынаны ашу барысында INSERT, ББҮ т.б. стратегиялары пайдаланылады. Ал ой толғаныста Венн диаграммасы, Синквейн әдісі, қосжазба күнделігі, РАФТ стратегиясы, Шатысқан логикалық баулар т.б. әдістерді қолдануға болады. Көркем еңбек пәнінде бейне көріністерден үзінді көрсетудің маңызы зор.

Сабақта сыни тұрғыдан ойлау технологиясының осындай әдіс-тәсілдерін пайдалану нәтижесінде сыныптағы оқушыларды толық қамтимыз. Әркімнің ойлануына, өз дәрежелерінде шешім қабылдауларына, шығармашылық белсенділіктерін танытуға жағдай жасаймыз.

Оқушыларға пән аясында теориялық, тәжірибелік білім бере отырып, олардың қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, қолөнерін т.б. жөнінде біршама толыққанды біліммен қаруландыру, ұлттық қолөнерді меңгерте отырып, болашақта ел экономикасының көтерілуіне атсалысатын, ұлттық бренд өнімдерді дайындайтын келешек кәсіпкерлердің қалыптасуына мұрындық болу көркем еңбек пәнінің ұстаздарының мойнындағы жауапкершілікті іс болып табылады.

Көркем еңбек пәнінде оқушылардың қолөнер бұйымдары жайлы негізгі таным-түсініктерін қалыптастыра отырып, төмендегідей кешенді міндеттер іске асуы қажет:

- оқушыларға ұлттық негізде білім беру;
- ұлттық мәдениетті, ұлттық қолөнерді құрметтей білуге үндеу;
- ұлттық қолөнер жайлы жалпы түсініктерін кеңейту;
- тоқыма тоқу, кесте тігу, құрақ құрау тәрізді т.б. меңгерту;
- жалпы еңбекке, еңбекқорлыққа баулу;
- икем, дағдыларын жетілдіру;
- ұлттық санасын қалыптастырып, адамгершілікке тәрбиелеу.

- оқушыларға теориялық, тәжірибелік білім бере отырып, олардың өздерін қосымша іздендіру, зерттеу жұмысына баулу, теориялық материалдарды салыстыра отырып, өзіндік ой түюге, тұжырым жасай білуге үйрету.
- жалпы пән мазмұнын меңгерте отырып, оқушыларды алынған теориялық білімді өмірде тиімді жүзеге асыра білуге қалыптастыру.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері». – Алматы. 1995 ж.
2. Әбдіғапбарова Ұ.М. «Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау». – Алматы. 1998 ж.
3. Д.Шоқпарұлы., Д.Дәркембайұлы «Қазақтың қолданбалы өнері». – Алматы, 2007 ж.
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 9 том. Алматы, 2007 ж.
5. Қазақтың киіз үйі / Сайын Назарбекұлы. - Астана : Елорда, 2005. - 93 б. :
6. Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990 ж.

# ВИЗУАЛДЫ ӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРҒА КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ МЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Калдыбаева Г.А.**
ҚРСО мүшесі, қауым.проф.м.а., ҚазҰлтҚызПу
Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Мектеп оқушыларына визуалды өнер негізінде сапалы көркем білім беру ісінде оның жеке даралық ерекшеліктеріне мән бере отырып мәдени саналылығымен, табиғи шығармашылық қабілетін қалыптастыру арқылы эстетикалық тәрбие беру.

**Аннотация:** Обеспечение эстетического воспитания школьников путем формирования у них культурного сознания и природной творческой способности, уделение внимания их индивидуальности в предоставлении качественного художественного образования на основе изобразительного искусства.

**Abstract:** Ensuring the aesthetic education of schoolchildren by forming their cultural consciousness and natural creative ability, paying attention to their individuality in providing quality art education based on fine arts.

Болашақ бүгіннен басталады, ел болашағы - ертеңгі азамат бүгінгі жас ұрпақ. Жасұрпаққа көркем білім беру мен эстетикалық тәрбие - болашаққа ең үлкен инвестиция.

Бүгінгі таңда, еліміздің болашағы – жас ұрпаққа мектеп аясында адамгершілік, имандылық, ізгілік, парасаттылық, мәдениеттілік, т.б. қадір-қасиеттерге тәрбиелеуде шешімін күтетін өзекті мәселелер бар. Мектепте көркемдік білім беру мазмұнын визуалды өнер негізінде қалыптастыру, қазақ халқының бейнелеу өнеріне, соның ішінде көркем еңбек өнеріне деген қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту, халқымыздың ұлттық бейнелеу өнеріндегі жинақталған құнды шығармаларды қастерлеуге, бағалап, эстетикалық тәрбиеге талпындыру, білім беру ісінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі таңда республикада жүріп жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер, елімізді бүкіл әлемдік өркениеттік кеңістікке енуді қамтамасыз ететудің басты іс-шаралары. Бұл үрдіс, ел болашағы - жас ұрпақ өмірінің барлық жақтарын дамыту үрдісіне де ықпал етеді. Туған халқының рухани мәдениет үлгілерін, адамгершілік сапаларын, этикалық-эстетикалық құндылықтарын және бүкіл әлемдік мәдениеттің өнегелік нұсқаларын бір-біріне кіріктіре отырып, оқушыларға игертуге бағытталған педагогикалық талаптар мен міндеттер, оқушы тәрбиесінің мазмұнын және жүйелік нысандарын одан әрі жетілдірудің қажеттілігін туғызып отыр. Бұл мәселелердің шешімін табу, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақты жан-жақты жетіліп, үйлесімді дамыған, адамгершілік қадір-қасиеттері мол жеке тұлға етіп тәрбиелеуде берік тұғырлық негіз қалайды. Сондықтан да, жалпы білім беретін мектептің жеткіншек ұрпаққа білім беру сапасын, оқыту әдістемелері мен шығармашылықтарын жетілдірумен бірге, оқушыларға жан-жақты тәлім-тәрбие берудің мазмұнын, әдістемелік іс-шараларын қоғамның

даму үрдісімен ұштасқан міндеттер мен талаптарға негіздеп, үнемі жаңартып отыруды талап етіледі. Болашақ бүгіннен басталады, ел болашағы – ертеңгі азамат, бүгінгі жас ұрпақ. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек. Жас ұрпаққа сапалы білім мен эстетикалық тәрбие беру, өміріне жолдама алуына, барлық жағдай жасау үшін білім беру ісінде оның жеке даралық ерекшеліктеріне мейлінше мән бере отырып, мәдени саналылығымен, табиғи шығармашыық қабілетін ашу болып табылады. Бүгінгі таңда, еліміздің болашағы - оқушыларға мектеп аясында адамгершілік, имандылық, ізгілік, парасаттылық, мәдениеттілік, т.б. қадір-қасиеттерге тәрбиелеуде шешімін күтетін өзекті мәселелер бар. Мектепте көркемдік білім беру мазмұнын визуалды өнері негізінде қалыптастыру, қазақ халқының ұлттық өнерге, соның ішінде- көркем еңбек пен визуалды өнеріне деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, халқымыздың бейнелеу өнеріндегі жинақталған құнды шығармаларды қастерлеу және бағалау. Қазіргі таңда республикада жүріп жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер, елімізді бүкіл әлемдік өркениеттік кеңістікке енуді қамтамасыз ететудің басты іс-шаралары. Бұл үрдіс, ел болашағы - оқушы өмірінің барлық жақтарын дамыту үрдісіне де ықпал етеді. Туған халқының рухани мәдениет үлгілерін, адамгершілік сапаларын, эстетикалық құндылықтарын және бүкіл әлемдік мәдениеттің өнегелік нұсқаларын бір-біріне кіріктіре отырып, оқушыға игертуге бағытталған педагогикалық талаптар мен міндеттер, оқушы тәрбиесінің мазмұнын және жүйелік нысандарын одан әрі жетілдірудің қажеттілігін туғызып отыр. Бұл мәселелердің шешімін табу, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақты жан-жақты жетіліп үйлесімді дамыған, адамгершілік қадір-қасиеттері мол жеке тұлға етіп тәрбиелеуде берік тұғырлық негіз қалайды. Сондықтан да, жалпы білім беретін мектептің оқушыға білім беру сапасын, оқыту әдістемелері мен шығармашылықтарын жетілдірумен бірге, оқушыларға жан-жақты тәлім-тәрбие берудің мазмұнын, әдістемелік іс-шараларын қоғамның даму үрдісімен ұштасқан міндеттер мен талаптарға негіздеп, үнемі жаңартып отыруды талап етіледі. Сондықтан ел болашағы жарқын болуы үшін мектеп оқушыларына халқымыздың өнерін, мәдениетін, тілін, дінін, салт-дәстүрін, ұлттық тәрбие ерекшеліктерін терең білуге және құрметтеуге үйрету [1, 55 б.].

Сонымен қатар оқушыларды шығармашылық шеберлікке бейімдеп, әсемдік пен әдемілікке тәрбиелеу арқылы өнерге, өз еліне жеріне деген патриоттық сүйіспеншілігін арттырып өнер және шығармашылық шеберлікке баулып эстетикалық тәрбие беру.Көркем білім мен эстетикалық тәрбие берудің педагогикалық негізгі кәсіби шеберліктер мен іскерліктер арқылы еркін бағдарлай білетін, өзін-өзі дамытуға өз бетінше жаңаша ойлауға, адамгершілік тұрғысынан нақты шешімдер қабылдауға және бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны рухани-мәдениет құндылықтарын игерту арқылы арқылы қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты білім беру жүйесінде болашақ мектеп мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін арттыру қажеттілігі туындайды. Мектеп оқушыларының ұлттық рухта тәрбиелеудің маңызды проблемаларын шешу, жасөспірімдердің рухани байлығын арттыру, оларды әсемдік пен әдемілік тәрбиелеп көркем білім беру басты міндетіміз. Рухани-мәдениет құндылықтары арқылы білім беріп тәрбиелеу дегеніміз - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Халықтың барлық озық идеялары мен тәрбиелік-тәжірибесі мол мәдениетімізде жинақталғандығын рухани мәдени құндылықтарын игерту арқылы білімгерлерге эстетикалық тәрбие берудің қажеттілігін дәлелдейді. Өйткені, құндылық адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал болып саналады. Сондықтан мектептегі «Бейнелеу өнері» пәндерінен беретін мұғалімдерге қойылатын талап ұлттық рухани мәдениет құндылықтарын игерту негізінде берілген материалдарды пайдалану арқылы, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, әлеуметтендіру және шығармашылығын дамыту болып табылады.

Мектеп оқушыларының көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының бейнелеу өнеріне қызығушылығын дамытып, халқымыздың бейнелеу өнеріндегі жинақталған құнды шығармаларды қастерлеуге, бағалап, қадір тұтуға талпындыру, білім мен тәрбие беру ісінің

өзекті мәселелерінің бірі. Қазақстан Республикасы дамыған мемлекет ретінде, қоғам алдында жас өспірімдерді жаңа заман талабына сай жан-жақты жоғары білімді, мәдениетті, өнерлі, елжанды етіп жеке тұлға ретінде тәрбиелеу міндетті. Қазіргі жас ұрпақ пен жас өспірімдердің болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын мектеп оқушыларының сана- сезімін, мінез-құлығын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып шығармашылық істерге дағдыландырудың тәлім-тәрбиелік маңызы зор.

Визуалды өнері белгілі бір бейне көрінісін бейнелейтін көркем шығармалар атауы. Бүгінгі педагогикалық зерттеулерде, көбінесе, бейнелеу өнері, визуалды өнері пәндерін оқыту барысындағы оқушылыардың тек көркемдік дағдылары мен шығармашылық қабілеттіліктерін қалыптастыру, дамыту мәселелеріне көңіл бөлінген. Мектептік визуалды өнері пәнінің оқу-тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерін зерттеуші педагог-ғалымдар – С. Аманжолов, Л. Сманов, Ә. Қамақ т.б., оқу сабақтарының құрылымында, өнердің кез-келген түрін игеру үшін алдымен оның жасалу техникасын меңгертіп алып, содан кейін ғана жалпы көркемдік даму мен тәрбие үрдісіне ауысуға болады деген пікір қалыптасқанын айтады. Зерттеулершілер еңбектерін талдай отырып, осы күнгі қолда бар жетістіктерді зерделей отырып, оқушылардың көркемөнердегі оқу-шығармашылық іс-әрекетінде, көркем білім мен музыкалық білім беру жүйесінде, халықтық этномәдениеті мен ұлттық өнердегі эстетикалық дәстүрлерді игерту мәселелері аз зерттелгенін байқаймыз [2, 41 б.].

Оқушыларды визуалды өнерге баулу саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми зерттеушілер жұмыстарының нәтижелері мен тұжырымдарынан, оқушылардың көркемдік жетістіктері ең алдымен туған жердің топырағымен, елінің дүниетанымдық дәстүрлерімен, табиғатының сұлулығымен, өнерлерінің айшықты образдық бейнелерімен т.б. бай қазыналарының материалдарының ықпалымен тәрбиеленетінін танып білеміз. Туған елінің көркем өнерінің, балалар бойында, қабылдау дағдылары мен өнерге деген әсерлі танымдық қатынастан туындайтын, тәрбиеленіп қалыптасатын эстетикалық сезімталдық, көркемдік талғам бекіп дамиды. Өнердің көркем–мәнерлі тілін, оқушының мектеп қабырғасын аттағаннан бастап «визуалды өнері» пәнін оқыту барысында, оның қоршаған шындықты, өнерді сұлулық заңдылықтарына тән игеру іс-әрекеті бастау алады. Визуалды өнерін игеруі негізінде, туған халқының көркемөнердегі рухани, көркемдік, материалдық құндылықтарымен, эстетикалық дәстүрлерімен танысады әрі меңгереді. Бұл, өнердегі рухани құндылықты игерту, оқушының шығармашылық, орындау іс-әрекеттерімен қоса, өнертанулық, өнердің өмірдегі атқаратын қызметін, өнердегі халықтың мәдени құндылықтарын игертуге бағытталып ұйымдастырылған ғылыми-педагогикалық сәйкестікті талап етеді. Қазіргі таңда республикада жүріп жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер - елімізді бүкіл әлемдік өркениеттік кеңістікке енуді қамтамасыз етуге бағытталған басты іс-шаралары.

Дегенменде, әліде болса, мектеп жасындағы оқушылардың бойында, қоғамның өркениетті дамуына кері әсер ететін келеңсіз жат мінез-құлықтардың, рухани өрістің таяздығынан халықтық мәдени құндылықтарға деген немқұрайлы көзқарастардың бой алуы жиі көрініс беруде. Сондықтан, бұл үрдіс, халқымыздың этномәдениет саласындағы рухани-адамгершілік сапаларын, этикалық-эстетикалық құндылықтарын бүкіләлемдік мәдениеттің өнегелік нұсқаларымен кіріктіре отырып оқушыларға игерту арқылы, тәлім-тәрбие беруге бағытталған педагогикалық талаптар мен міндеттерді жүзеге асыру қажеттілігін туғызып отыр. Мектеп оқушыларына қойылатын талаптар жүйесінде, оқушының жеке басының өнер арқылы адамгершілік құндылықтарының қалыптасуын қамтамасыз етілу жайы жан-жақты қарастырылған. Бұл қағида педагогтан барлық оқу-тәрбие жұмысын жүйелі түрде жүргізілуін, барлық оқушшының және әр баланың ұлттық рухани мәдени құндылықтарды меңгеруін мінез-құлық тәжірбиесіне сай есепке ала, біртіндеп күрделендіре отырып, жүзеге асыруды талап етеді. Сондай-ақ оқу-тәрбие міндетін неғұрлым толық шешуді қамтамасыз ететін жағдай жасау қажет: ұлттық мәдени құндылықтар негізінде эстетикалық тәрбиесін қалыптастырып, баланың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру қажет.

Оқу-тәрбие үдерісінде бұл қағиданы есепке алу педагогтан баланың отбасымен тығыз байланыста болуды ата-аналарға белгілі бір ұсыныстар жасап, олармен де әрдайым байланыста болу, эстетикалық тәрбиені ұлттық рухани мәдени құндылықтар негізінде жүзеге асыру мәселесінде балаларға ықпал етудің ортақ, біртұтас әдістерін жасауды талап ететіні анық. Жеке тұлғалық қасиеттер – ақыл-ойдың, сезім мен түйсік, түсініктердің жиынтығынан тұратын өмірге деген көзқарасын, мінез-құлқын, ерік-жігерін, іс-әрекетін көрсететін сапалық көрсеткіш. Бұл қасиеттер жеке адамның тұлғасын айқындауда кешенді түрде, бірлікте қызмет етеді. Адамның жеке тұлғасы, қоғамнан, қоршаған ортадан тысқары қалыптаспайды. Оған туған – туысқандары, отбасы мүшелері мен ауыл-аймақ, мектептес, сыныптас достары түгел дерлік ықпал етеді Оқушыны қоршаған ортаға, дүниеге көзқарасы оның сенімімен тығыз байланысты қалыптастырылып саналады. «Сендіру – оқушыны әлеуметтік және рухани қарым-қатынасқа түсіруге, олардың бойына қоғамдық және мінез-құлық ережелерін сіңіріп қалыптастыруда әсерленушілік сезімге бөлеп, оқушының жеке басына саналылықпен сезіледі. «Сендіру – оның әсерленушілік сезімін ояту арқылы іске асырылатын іс-әрекет» – дейді профессор С.Қалиев.

Мектеп оқушысына өмірде өз орнын табуы, еліне, жеріне белгілі бір пайда келтіретіндей қоғам мүшесі, қалыптасқан тұлға болуы үшін мектепте жүргізілетін өнер тарихы, визуалды өнері, кескіндеме өнері пәндерінің маңызы зор. Өйткені мектепте көтерілетін ең басты мәселелердің бірі – адамды жан-жақты тәрбиелеп, оның биік тұлға болып қалыптасуына ықпал ету- көркемдік білім арқылы іске асады. Мектеп оқушысына ұлттық мәдени құндылықтар негізінде эстетикалық тәрбие беруге не әсер етеді десек, ол біріншіден, оқушының, әдемілік пен тұрпайылықты сезіне алуы; зұлымдық пен мейірімділікті, жексұрындық пен жақсылықты сезінуі жатады. Өз сезімін өзі билеп, басқара білуде эстетикалық тәрбиенің белгісі болып табылады. Олай болса өнер, соның ішінде ұлттық өнер мәдени құндылық ретінде мәні бар және барлық адамдарға керек іс-әрекет. Сол арқылы адамның қиялына, ойына, сезіміне әсер етіп, оның эстетикалық тәрбиесіне ықпал етеді. Оқушылардың білім сапасын арттыру барысындағы эстетикалық тәрбие беруге әсер ететін факторларға – олардың жеке шығармашылық танымы, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі танып, өзін-өзі жетілдіруге және өз бетімен білім алға қажеттілігін, қызығушылық, белсенділік, ой дербестігін жатқызуға болады. Яғни білімгердің іс-әрекетін шығармашылық деңгейге көтеріп, оны оқу үдерісінің басты субъектісіне айналдыру. Оқытуда оқу іс-әрекеті негізгі болып есептелетіндіктен, ол мынадай элементтерден тұрады: қажеттілік, себеп, қызығушылық мақсат, міндет, әрекет осылардың барлығы белгілі бір сыртқы және ішкі (субъектіге тән әрекет) жағдайлардың әсеріне байланысты [3, 68 б.].

Қазіргі мектептерде әлеуметтік жағынан белсенді, еркін ойлай алатын, өздігінен ақпаратты меңгере білетін, саналы, шығармашыл оқушы тәрбиелеу талабы қойылуда. Соған байланысты төменгі сыныптан бастап оқушылардың оқуға, еңбек етуге танымдық қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл тұрғыда мектеп оқушыларының бейнелеу өнері арқылы шығармашылығын қалыптастыру мәселесін жаңа талап тұрғысынан шешу басты міндеттердің бірі болып саналады. Ғылыми білімнің әртүрлі салаларында көптеген отандық және алыс-жақын шет елдік ғалымдардың еңбектерінде тұлғаның субъекті ретінде қалыптасуында шығармашылық мәселесі басты орынға ие. Оқушыларының шығармашылығын қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау «шығармашылық», «қабілет», «визуалды өнері материалдары», мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту» ұғымдарын қарастырумен тығыз байланысты. Бұл ұғымдардың мәні мен мазмұнын логикалық тұрғыдан талдауда ғылыми әдебиеттерде, сөздіктерде берілген анықтамаларға назар аударып қарасақ философиялық сөздікте: жаңаша сапалы өнер тудыратын қызмет. Еліміз ежелгі замандардан-ақ жас ұрпақтың болашағын ойлап, оны ертеңгі тіршілік дүниесіне дайындау мәселелеріне ерекше мән берген. Қазақ халқы ауыз әдебиеттің асыл үлгілерінің мазмұнына тереңірек үңіле түссек, халқымыздың қадым замандардан бастап-ақ, жас баланың қарапайым білім-түсініктерін қалыптастыруға ерекше мән бергендігін байқауға болады. Бабаларымыз өзінің барлық асыл

сөз, даналық ойларын мақал-мәтелдер етіп кейінге қалдырып отырған. Визуалды өнері пәні сабағында мақал-мәтелдерді қолдану-оқушылардың білім мен ғылымды игерулері тиіс, көркем білімнің қажеттігін насихаттау үшін өте қажет мәселе. Қазіргі заманауй кезеңінде қазақ халқы да өзінің рухани-әлеуметтік тіршілігінің өн бойында көркем туындыларды дүниеге әкелу үстінде. Ондай мұраларды тіліміздің даму процесінен, қол өнері мен бейнелеу өнерінен, салт-дәстүрімізден, музыкамыздан, сөз өнеріміздің, ойын-сауықтарымыздан мол ұшыратуға болады. Қысқасы, халық өзінің барша болмысында бір сәт көркем шығармашылық тұғырынан таймақ емес. Қазіргі халқымыздың бойынан табылатын жақсы моральдық қасиеттердің түп негізі ғасырлар қойнауында қалыптасқан құндылықтар әлемінде деп білеміз.Ол құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа ауыз әдебиеті арқылы берілген эпостарда, фольклорда, аңыз-әпсаналарда, айтыс өнерінде, дәстүрлі өнер түрлерінде, дәстүрлі дүниетанымдық түсінікте сақталып келді. Сондықтан жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде рухани дамуы мен көркем өнерді бағалай білуі жетекші орынға шығады. Оның рухани деңгейін көтеру арқылы оның бойындағы ақылдың терең қасиеттерін ашу мен қатар бейнелеу өнері арқылы өзінің қолынан келетініне нық сенімді болатындығын көруге болады.Эстетикалық таным сезімдер адамдардың өмірінде зор роль атқарады. Ол рухани өмірін байытып, қызықты етіп, оған ең жоғарғы рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Адам өмірінде эстетикалық көз-қарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға ерте жастан бастап әсемдікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және сапалы болу үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені қабылдау деңгейіне жеткен жөн. Оқушыға сонымен қатар жасампаздықытың да әсемдігі ашылады. Қазіргі мектептің алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы – жас өспірімді жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу.

«Эстетикалық тәрбие» - дегеніміз оқушылардың бойында өз өмірін сұлулық заңдарына сай құра алу қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және, еңбекте, қоғамдық іс-әрекетте адамдармен қатынас жасауды сұлулық идеалдарын негіздеу. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын қалыптастыру. Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемдігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге мән береді. Эстетикалық көз-қарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатысы бар. Бұл біздің қоғам өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процессінде оқушылар бойында өнердегі, өмірдегі, табиғаттағы, тұрмыстағы, еңбектегі, мінез-құлық және іс-әрекеттегі әсемдік пен әдемілікке деген әсерлі сезімталдық дамиды.

Эстетикалық тәрбие негізінен жеке адамның эстетикалық талғамының қалыптасуына, өнер шығармаларында бейнеленген ақиқат құбылыстарды эстетикалық тұрғыдан ұғынуды дамытуға, көркем өнерпаздық қабілеттікке және өнер саласындағы дербестікке бағыттайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Сенотрусова. Л.С. Эстетическое воспитание и активизация художественно-творческой деятельности учащихся на уроках ИЗО и черчения. Алматы. «Даир» 2010. – 55 б.

2. Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 41 б.

3. Неменский Б.М. Мудрость кросоты. О проблемах эстетического воспитания. Книга для учителя-2-е изд. – М.,1987. – 68 б.

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Калиева А.Н.**
Көркем еңбек пәні мұғалімі, №42 ЖББМ
**Шуленбаева Э.М.**
Көркем еңбек пәні мұғалімі, №184 ЖББМ
Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа:** Мақаланың өзектілігі мен тұжырымы, қазіргі мектепте оқыту мен тәрбиелеудің күрделі мәселелерін сәтті шешу педагогикалық процесті ұйымдастыру проблемасымен, оқушылардың ең тиімді формалары мен әдістерін іздеумен тығыз байланысты. Қазіргі жағдайдағы міндет – оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының максималды тәуелсіздігін жүзеге асыру. Оқытудың тиімділігі мен оңтайландыру, сондай-ақ мектеп жұмысының практикасы мәселелері бойынша зерттеулерді талдау бастауыш сынып оқушыларының ойлау дербестігін, ақпаратты өз бетінше өндіру және талдау қабілетін қалыптастыру, оқыту сапасын арттырудың басты шарттарының бірі болып табылатындығында.

**Аннотация:** Актуальность и формулировка статьи, успешное решение сложных проблем обучения и воспитания в современной школе неразрывно связаны с проблемой организации педагогического процесса, поиском наиболее эффективных форм и методов обучения учащихся. Задача в современных условиях – реализовать максимальную самостоятельность младших школьников в учебном процессе. Эффективность и оптимизация обучения, а также анализ исследований по вопросам практики работы школы заключается в том, что формирование у младших школьников самостоятельности мышления, способности к самостоятельному производству и анализу информации является одним из главных условий повышения качества обучения.

**Abstract:** The relevance and conclusion of the article, the successful solution of complex problems of teaching and upbringing in a modern school, is inextricably linked with the problem of organizing the pedagogical process, the search for the most effective forms and methods of teaching students. The task in modern conditions is to realize the maximum independence of Primary School students in the educational process. The effectiveness and optimization of teaching, as well as the analysis of research on the problems of the practice of school work, lies in the fact that the formation of independence of thinking of Primary School students, the ability to independently produce and analyze information, is one of the main conditions for improving the quality of teaching.

Қазіргі заманғы әлеуметтік және экономикалық процестер тоғысатын дамудың күрделі кезеңін бастан өткеріп жатқан Қазақстан Республикасы зияткерлік қоғамның талаптарына толық сәйкес келетін және жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік бірегейлігі бірдей, өз қызметінде жеке мүмкіндіктерді, зияткерлік қабілеттерді шығармашылықпен пайдалана алатын тұлғаны тәрбиелеу проблемасына тап болады. Сондықтан басты міндет оқу-тәрбие жұмысын бірегей іске асыру процесінде оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашылық тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты мектептегі оқу-тәрбие процесі әр адамның шығармашылық қабілеттерін ескере отырып, мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылуы керек.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында: «Тұлғаның шығармашылық, рухани және жеке мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау жолымен зияткерлік байытумен қатар әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының салт-дәстүрлерін зерделеу» баса назар аударылды [1]. Осы тұрғыдан алғанда, басты міндеттердің бірі-жаңа талап тұрғысынан көркемдік және еңбек қызметі арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесін шешу.

Көркем еңбек қызметі арқылы оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру проблемасының өзектілігінің артуы мектептегі оқу-тәрбие процесіне жаңа көзқараспен

қарауға және оны оқушылардың білім, білік, дағдыларды игеруі ғана емес, танымдық іс-әрекет және интеллектуалдық-шығармашылық процесс ретінде қарастыруға міндеттейді.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында: алған білімдерін іс жүзінде еркін қолдана алатын, бәсекеге қабілетті, Шығармашылық, Құзыретті тұлғаны тәрбиелеу міндетін іске асыру 12 жылдық білім беру жүйесіне жүктелетін болады. Осы негізде жан-жақты мәдени тұлғаны қалыптастыруға қабілетті, өзін-өзі дамытуға қабілетті, шығармашылықпен жұмыс істейтін, қоғамдық, нарықтық бәсекелестікке қабілетті, өзін-өзі толық жүзеге асыруға қабілетті функционалды азаматты тәрбиелеу көзделеді [2]. Сондықтан оқушының шығармашылық қасиеттерін оның әр іс-әрекетіндегі жеке, көркемдік қызметі арқылы көрсету қажеттілігі туындайды.

Жалпы білім беретін мектептердің білім беру мазмұнын айқындайтын құжаттарда басты талаптардың бірі-оқушыларды негізгі пәндер арқылы еңбекке баулу және оларды жан-жақты, шығармашылық азамат ретінде бағдарлау болып табылады [3]. Олай болса, бастауыш сыныптарда көркемдік жұмыс арқылы шығармашылықты қалыптастыруға көптеген мүмкіндіктер бар, бірақ бұл күрделі және ұзақ процесс.

Бастауыш білім беру сатысы орта мектептің құрамдас бөлігі, алғашқы іргетасы болып табылады. Сондықтан бастапқы кезеңде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты танымдық мүмкіндіктерін дамыту және оқыту мақсаттарын бағдарлау табиғи құбылыс болып табылады. Мұнда жеке тұлғаның санасы қарқынды дамып келе жатқан ерекше құнды кезең болғандықтан, оқушылардың шығармашылық қабілеттері әртүрлі оқу іс-әрекеттерінің негізінде қалыптаса бастайды.

Бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек қызметін ғылым негізінде нәтижелі зерттеуде және оның дайындық деңгейін арттыруда олардың дербес шығармашылығы ерекше орын алады.

Оқушылардың шығармашылық қызметі мен оның мәні ұлы ойшылдар М.Қашқари, Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, Қорқыт ата, қ. Яссауи және т. б. еңбектерінде жан-жақты талданып, зерттеу барысында анықталды.

Оқушының шығармашылық қызметінің психологиялық аспектісін психологтар А.А. Люблинская, л. с. Выготский, к. Жарықбаев, т. Тәжібаев, М. Мұқанов, А. Алдамуратов, Ж. Ы жан-жақты зерттеді. Намазбаева, Х.Т. Шерьязданова, Б. Ш. Байжуманова және т. б. талдады.

Шығармашылық тақырып қоғамның кез-келген кезеңіндегі педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі ретінде қарастырылады және тәуелді мемлекеттердің, шет елдердің және біздің еліміздің достық елдерінің ғалымдарының еңбектерінде әлі де зерттелуде. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қызметін ғылыми тұрғыдан қарастырған зерттеуші ғалымдар Б. А. Тургунбаева, А. С. Амирова болды.

Оқушының шығармашылығы – білімнің ең жоғарғы көрінісі. Ғалым-Психолог Тализина Н. Ф. оқушының танымдық шығармашылығы бойынша зерттеу жұмысында тәжірибелі педагог оқушының жауабын әр түрлі бағалай алатындығын көрсетеді. Математика сабағында мұғалім баланың үшбұрыштың перпендикуляр жақтары тең деп теориялық тұрғыдан айтқан кезде баланың беске жауабын бағалады. Бірақ бұл оқушының айтуынша, ол үшбұрыштың сызықтық бұрыштарын латын әліпбиімен белгілеп, дәлелдеуді сұрағанда, ол тапсырманы орындай алмады. Біздің ойымызша, бұл оқушылардың танымдық шығармашылықты есте сақтауы мен механикалық қабылдауын көрсетеді. Егер бала түсіну арқылы есте сақтаса, оны танымдық шығармашылыққа жатқызуға болады [4].

Шығармашылық ойлау процесі ұғымымен тығыз байланысты. Ойлау – бұл адамның нақты құбылыс пен заттың нақты белгілерін көрсететін және олардың арасындағы Әртүрлі байланыстарды ашатын психикалық процесс. Психологиялық жұмыстарда ойлау көбінесе жаңа мәселенің шешімі ретінде түсіндіріледі. Бірақ, ақыл-ой қызметі жаңасын ашумен шектелмейді, сонымен қатар алынған білімді іріктеу, бағалау сәті бар, яғни ойлау тек шығармашылық қана емес, сонымен қатар репродуктивті және сындарлы элементтерден тұрады. Шығармашылық ойлау белгілі бір мәселені шешуді және оны шешуді білдіреді.

Сонымен, бастауыш сыныптарда оқушылар күнделікті өмірде қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастырады және бастауыш жалпы жұмысқа дайындалады. Балалар қарапайым техникалық құрылғылар мен материалдарды қолмен өңдеуді үйренеді. Бірақ осы бағыттағы материалды өңдеу бөлімінде көркемдік жұмыс элементтері бар.

Қазіргі бастауыш мектептердегі шығармашылық инновациялық білім беру проблемасы – жаңа білімді тану және жаңа өнімді жасауға бейімделу арқылы танылатын әрбір тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың шығармашылық қызметінің сапасын анықтайтын зияткерлік процесс. Оқушының шығармашылық деңгейі-оның қиялында берілген тақырыпқа байланысты тақырыпты және оны көркемдік құру тәсілдерін табудан көрінеді. Мұнда жаңа білімді игеру процесі шығармашылық ойдың қалыптасуы мен дамуымен бірге жүреді. Демек, шығармашылық ойдың нәтижесі белгілі ұғымдарды қайталау және жаңғырту ғана емес, сонымен қатар жаңа білім құру, тапсырманы орындауда жаңа жолдарды ашу болып табылады.

Осылайша, шығармашылық – бұл рухани құндылықтарды қалыптастыратын және шығармашылық өзін-өзі дамытудың шарты бола отырып, рефлексия мен субъективті өзін-өзі бағалау негізінде жаңа нәтижелерге қол жеткізуде шығармашылыққа бейімділікте көрінетін тұлғаның сапалы қасиеті.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру кез-келген сабақта жүзеге асырылуы мүмкін. Ол үшін, ең алдымен, оқушының білімге деген ұмтылысы мен мұғалімнің кәсібилігін үйлестіру қажет. Шығармашылық-бұл адамның шынайы өмірде өзін-өзі тануға деген ұмтылысы, ұмтылысы. Өмірде дұрыс жолды табу үшін адам дұрыс ойлауды және саналы, негізделген шешімдерді өз бетінше қабылдауды үйренуі керек. Адамның бойында қабілеттерін дамыту және олардың жойылып кетуіне жол бермеу адамның рухани құндылықтарын нығайтуға және өзін-өзі тануға ықпал етеді.

XXI ғасырдағы білім беру жүйесі – бұл өзіне қоғамдық талаптар тұрғысынан сыни баға беру және әр адамның шығармашылықпен қайта құрылуы, қоршаған ортаны жақсы жаққа өзгертуге қатысуы үшін жағдай жасау мүмкіндігі. Білімнің арқасында интеллект, рухани құндылықтар артып, адамның жеке басы қалыптасады. Оқушының шығармашылық әлеуетін қалыптастыру жаңашылдықтың, ұйқышылдықтың қажеттілігін түсіну, оған деген сенімін арттыру арқылы көрінеді, сонымен қатар өз білімін, танымдық қызығушылығын кеңейтуге негіз болады.

Психологтар мен мұғалімдер «шығармашылық» ұғымының мазмұнын келесідей сипаттайды:

– тұлғаның жаңашылдықты сезінуге деген көзқарасы, жаңашылдыққа ұмтылу, жаңа жағдайға байланысты қызмет түрлерін тез өзгерту мүмкіндігі. Ю. Н. Кулюткин [5];

– адамның тәуелсіз белсенді іс-әрекетінің жоғары нысаны ретінде ерекшелігі, әлеуметтік маңыздылығы бойынша бағаланады. А. В. Запорожец [6];

– жеке тұлғаның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін көрсететін қасиет. Л. В. Занков [7].

Бүгінгі таңда біздің елімізге қораптан тыс ойлауды, шұғыл шешім қабылдауды білетін белсенді, шығармашылық тұлға қажет. Бұл туралы зерттеуші ғалым А. С. Амирова өз еңбегінде әлемдік бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігіне кірудің инновациялық стратегиясына сәйкес шығармашылықты қалыптастыру идеяларын зерттеу және талдау негізінде мектептің даму тарихындағы озық педагогикалық идеялардың маңыздылығын атап өтті: философиялық-танымдық бағыт; дидактикалық-психологиялық бағыт; педагогикалық бағыт – әдістемелік бағыт; педагогикалық-инновациялық бағыт; акмеологиялық бағыт, – деп нақты көрсетті.

Осылайша, психологиялық-педагогикалық және философиялық зерттеулерді талдау келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

– оқушының шығармашылығы-бұл ішкі тенденция, адамның қоршаған ортаның әсеріне жауап беруінің белгілі бір тәсілі, өзінің қайшылықтарының әсерінен саналы түрде өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу және әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қоршаған ортаға деген субъективті қатынастарын есепке алу негізінде;

– шығармашылық қызметке талапшылдық, танымдық, реттеуші, рефлексивті, белсенді өзара әрекеттесу және т.б. жатады, олар өзін-өзі дамытудың бағыты мен өсуін, жеке компоненттердің деңгейін және олардың сабақтастығын анықтайды, адамға өзін-өзі жетілдіру бойынша Тәуелсіз іс-әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

– шығармашылықты қалыптастыру-субъектіге бағытталған шығармашылық қызметтің ерекше түрі, ол бір жағынан "өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыру" қарқынын күшейтуге және арттыруға ықпал етеді, екінші жағынан, мұғалім оларды шешу процесінде субъективті бағытты ұстанатындай тұрақты болып табылады. шешуге бағытталған проблемалық шығармашылық міндеттердегі Қайшылықтар, олар күрделене түседі [8].

Шығармашылық қызметтің себебі мен мақсаты қоғамның қажеттіліктерінен туындайды, ал ғылым, өнер саласындағы кез-келген шығармашылық мәселелерді шешу мүмкіндігі қоғамның даму процесінде олар үшін қолайлы жағдайлар туындаған кезде пайда болады. Алайда, шығармашылық көбінесе заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен байланыстарында бұрын белгісіз болған жаңа тәсілді, әдістерді, белсенділік әдісін қолдануды білдіреді. Шығармашылық қабілеттер адамнан барынша табандылықты, білімді, қабілетті талап етеді.

Қол жетімділік принципін жүзеге асырудың маңызды құралы тапсырмаларды саралау болып табылады: әлсіз оқушыларға қолда бар олқылықтардың орнын толтыруға және негізгі жұмыстарды орындауға көмектесетін жеңіл тапсырмалар берілуі мүмкін; күштілерге қиындықтың жоғарылауы беріледі.

Оқушылар үшін зерттелетін материал мен еңбектің қол жетімділігі сабақтарды ұйымдастыруға, қолданылатын әдістерге, еңбек оқытудың басқа принциптерін жүзеге асыруға байланысты.

Оқушылардың сана-сезімі және еңбекке баулудағы белсенділігі. Бұл қағида оқушыларға білім мен тәжірибеде қолдану әдістерін, еңбек дағдылары мен дағдыларын саналы және белсенді игере алатындай етіп оқытуды ұйымдастыруды талап етеді, осылайша олар еңбекте шығармашылық бастама мен тәуелсіздікті, ойлауды, сөйлеуді дамытады және еңбек мәдениетін қалыптастырады [3].

Сана принципін жүзеге асыру оқушылардың алдында еңбек жаттығуларының міндеттері мен сабақтың нақты мақсаттарын ашудан басталады. Олардың белсенділігі теориялық материалды өз бетінше игеру, еңбек тапсырмаларын орындау, шығармашылық міндеттерді шешу барысында көрінеді. Олар жұмысты өз бетінше жоспарлауды, оны орындау тәсілдерін анықтауды, барысы мен нәтижелерін бақылауды, түзетулер енгізуді үйренеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы Заңы». // Егемен қазақстан, 11 маусым, 1999 ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егеменді Қазақстан. 2004.
3. Жалпы білім беретін мектептер оқушыларын еңбекке оқыту мен тәрбиелеу тұжырымдамасы. - Алматы, 1996.
4. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности младшего школьника. – М.: Просвещение, 1988. – 275 с.
5. Кулюткин Ю.Н. Художественное творчество и ребенок. – Москва, 330 с.
6. Запорожец А.В. Избранные психологические труды.-М.:Педагогика, 1986. – 320с.
7. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. – М.:Педагогика,1990. – 375с.
8. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – Алматы, 1999.

# К ВОПРОСУ О ПРЕПОДАВАНИИ ПРЕДМЕТА «ЧЕРЧЕНИЕ» В ШКОЛАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Калиякбарова А.Б.**
Педагог-исследователь, учитель художественного труда
КГУ «Школа- гимназия №10 им.Ж.Ташенова»
г.Астана, Казахстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада мектептегі сызуды оқытудың проблемалары, оқушылар үшін техникалық дағдылардың маңыздылығы, сонымен қатар оқу процесінің инвариантық бөлігіне пәнді енгізу қажеттілігінде оқушылардың техникалық сауаттылық деңгейін арттыру мүмкіндігі көрсетілген.

**Аннотация:** В данной статье освещаются проблемы преподавания черчения в школе, о важности технических навыков для обучающихся, а также о возможности повышения уровня технической грамотности учащихся и необходимости введения предмета в инвариантную часть обучающего процесса.

**Abstract:** This article highlights the problems of teaching drawing at school, the importance of technical skills for students, as well as the possibility of increasing the level of technical literacy of students in the need to introduce the subject into the invariant part of the learning process.

Образование и воспитание подрастающего поколения является одной из важнейших задач общества. Как оно развивается, какие ценности исповедует, какую экономику может развивать — все это зависит от образования. Хорошо структурированная система образования приводит к повышению качества знаний. Также важны рациональность и актуальность программы обучения, уровень квалификации преподавателя, наличие мотивации у школьников и приоритетность школьных дисциплин.

Сейчас мы наблюдаем творческий поиск обновлений школьного образования. Но, к сожалению, эти поиски не всегда идут в пользу отдельных школьных предметов. В частности, такого учебного предмета, как «Черчение». На сегодняшний день мы имеем практически полное отсутствие в школьных программах направления, связанного с развитием технического мышления, пространственных представлений, а также способностей к познанию техники с помощью графических изображений.

Не углубляясь в историю, отмечу, что как отдельный предмет черчение изучали в советской школе, начиная с 1930-х годов, но часы преподавания и возраст учащихся постоянно менялись. В 2000-х годах черчение изучали в 9 классах, а с 2019 года предмете убрали из инвариантной части школьной программы.Однако в 10-11 классе в программу естественно-математического направления ввели учебную дисциплину «Графика и проектирование» как предмет по выбору. В идеале учащиеся, планирующие поступать на инженерные специальности, могут выбрать для себя «Графику и проектирование», но ни для кого не секрет, что в приоритете предметы, которые сдают при поступлении в ВУЗ (ЕНТ), следовательно, «Графику и проектирование» дети «выбрать» не могут и на сегодняшний день мы имеем практически полное отсутствие в школьных программах направления, связанного с развитием технического мышления, что может привести к нехватке на рынке труда специалистов таких профессий, как архитекторы, проектировщики, инженеры.

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев на заседании Мажилиса 11 января 2022 г. сказал: «Всем нам нужно изменить взгляд на образование. Пора увлечения гуманитарными специальностями прошла. Приоритет нужно отдать техническим профессиям. Предстоит взрастить новое поколение инженеров-промышленников».

Это высказывание отличается большой значимостью для дальнейшего развития страны. Пока же процесс обновления образования в школах Казахстана привел к тому, что предметам, ориентирующим учащихся на пространственное видение, не уделяется должного внимания. Ведь изобразительное искусство — это художественная графика, а для дальнейшего развития пространственного мышления и целостного восприятия настоящего мира ребенку необходима и техническая графика.

При этом нельзя забывать, что предмет «Черчение» очень тесно связан с предметами «Математика», «Геометрия». И математика, и черчение в школьной программе занимаются изучением пространственных форм и отношений материального мира. Мысли чаще всего выражаются с помощью чисел и рисунков с числами. Данные знания помогают учащимся в изучении предметов «Геометрия» и «Стереометрия», раздела алгебры.

Большая часть учащихся уже после окончания 9 класса уходит в средне-специальные учебные заведения учиться техническим специальностям, где знание основ черчения необходимо. А при поступлении в архитектурный институт или университет абитуриенты сдают экзамен по черчению, там необходимо начертить аксонометрию по примеру фронтальной и боковой проекции изделий с определенной толщиной линий, разметкой листа, выносками и засечками. Вот только где абитуриенту взять необходимые для этого эти знания и навыки?

Черчение является основой инженерной иконструкторской мысли. Его изучение впериод профессиональной ориентации школьников закладывает фундамент для дальнейшего технического, инженерного образования. Черчение - начало основ инженерного образования. Ученые выяснили, что процесс развития пространственных представлений человека завершается к 15-16 годам. Иными словами, если в средней школе ребенка не научат пространственному мышлению, то дальше уже будет практически невозможно это сделать, время будет упущено.

Черчение - инженерный язык, освоить который без линейки и карандаша в руке, то же самое, что вместо обучения устному счету первокласснику дать калькулятор. Навыки мелкой моторики и глазомер не помешают вообще никому, не говоря уже о пространственном воображении ѳ это все формируется с помощью чертежей.

Следует сослаться на международный опыт. Так, в российские школы «Черчение» возвращается, начиная с2024/2025 учебного года, в программы основного общего образования. Вкомментарии «Парламентской газете» инициатор возобновления уроков Яна Лантратовапрокомментировала: «Неважно, вкаком классе - четвертом, пятом или шестом. Важно, чтобы предмет был обязательным ивдостаточном объеме. Достаточный объем - тот, который позволит учиться всредних специальных ивысших заведениях. Он развивает пространственное воображение, которое пригодится влюбой отрасли знания».

Как было отмечено выше, «Графика и проектирование» находится в вариативной части учебного плана в 10-11 классах, тогда как основная масса обучающихся уходит в технические средне-специальные учебные заведения уже после 9 класса. Учитывая то, что большинство учеников поступает в средние технические учебные заведения, надо понимать, что черчение является одним из главных учебных предметов. Знания и умения, полученные на уроках черчения в школе, пригодились бы при изучении инженерной графики, начертательной геометрии и математического моделирования.

На основе научных представлений, системы конструкторской документации и других данных черчение даёт человеку определенный минимум образования, позволяющий ему ориентироваться в разнообразном мире графических информационных средств. Оно формирует навыки графической деятельности, разбирает пространственные представления, позволяет приобщиться к графической культуре общества.Ночертежинужныне только в технике. Они являются постоянными спутниками многих профессийчеловека. Почертежамделают мебель, озеленяют города и поселки.Чертежинужныврачу, модельеру и многим другим специалистам.

Курс черчения у школьников формирует аналитические и созидательные (включая комбинаторные) компоненты мышления и является основным источником развития статических и динамических пространственных представлений учащихся. Не секрет, что многие учащиеся не обладают достаточно развитым пространственным воображением. Пространственное воображение сопровождает нас в течение всей жизни. Мы живем и двигаемся в трехмерном пространстве, предметы в повседневной жизни занимают пространство. Пространственное воображение может служить для различных целей. Оно

является способом приобретения и переработки информации, формулировки задач, полезным помощником или средством при решении определенной проблемы. Необходимость усовершенствования графического образования в целом диктуется не только современными требованиями производства, но и ролью графики в развитии технического мышления и познавательных способностей учащихся. Развитое воображение необходимо бизнесмену при принятии рискованных финансовых решений; политику, прогнозирующему общественный резонанс своих выступлений, ученому, инженеру, любому человеку, всем, кто в своей деятельности должен мысленно представлять последствия своих поступков и возможные варианты развития событий. Словом, воображение является одним из жизненно важных качеств человека.

Поднимая вопрос о предмете конечно же нельзя не сказать о развитии компьютерной графики, где произошли изменения в процессе черчения. С помощью программного обеспечения можно выполнить сложные 2D и 3D модели, быстро создавать, изменять и редактировать чертежи с использованием различных инструментов. Однако нужно не забывать, что основы чертежа и технического рисунка являются абсолютно базовым умением для освоения всего, что связано с технологиями 3D, VR и AR.

Таким образом, приоритетность школьных дисциплин нужно пересмотреть и вернуть предмет «Черчение» («Графика и проектирование») в инвариантную часть школьного компонента.

**Список использованных источников**

1. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями от 27.03.2023 г.) [Электронный ресурс]: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_/history

2. [Электронный ресурс]: https://rg.ru/2023/04/06/nuzhno-li-vozvrashchat-v-rossijskie-shkoly-cherchenie-otdelnym-predmetom.html

3. https://vm.ru/news/1057928-ekspert-hekalo-poyasnil-zachem-v-shkolah-neobhodimo-cherchenie

## ВОКАЛДЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ – ӘНШІЛІК ТЫНЫС АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

**Қонақ Қ.С.**
магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Мақалада әншілік өнердің негізі және дауыстың қуат күші болып табылатын, орындаушының дұрыс дамуы мен қалануына бағытталған әншілік тыныс алудың аппараттары мен жолдары қарастырылған. Тыныс алу жолдарын кірістіре отыра, оны меңгерту мақсатында тыныс жаттығулары да ұсынылған. Орындаушының вокалдық ойлау, сезіну, қабылдау және жеткізу қызметтері жүйелі түрде дамып, еркін, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететіндігі зерттелді.

**Аннотация:** В статье рассматриваются аппарат и способы певческого дыхания, составляющие основу певческого искусства и силы голоса, направленные на правильное развитие и желание исполнителя. Дыхательные упражнения рекомендуются также с целью освоения органов дыхания. Изучено, что функции речевого мышления, чувства, восприятия и подачи у исполнителя систематически развиваются и способствуют формированию свободной, творческой личности.

**Abstract:** The article discusses the apparatus and methods of singing breathing, which form the basis of the art of singing and the power of the voice, aimed at the proper development and desire of the performer. Breathing exercises are also recommended for the purpose of mastering the respiratory system. It has been studied that the functions of verbal thinking, feeling, perception and presentation in the performer are systematically developed and contribute to the formation of a free, creative personality.

**Кіріспе.** Вокалдық өнер – музыкалық орындаудың кең таралған түрі. Дегенмен вокалдық өнерді кәсіби тұрғыда меңгеру үшін дауыс анатомиясы, физиологиясымен жете

танысып, дауысты тәрбиелеуде бірнеше жыл еңбек ету қажет. Орындаушы вокалдық өнер арқылы орындаушылық негізінің қыр-сырын меңгереді, көркемдік талғамы дамып, ой-өрісі кеңейеді. Психологиялық тұрғыда сезім, қиял, ішкі эмоционалдық күйін дауысы арқылы жеткізеді. Сонымен қатар, вокалдық өнерде музыкалық дағдыларды үйретумен қатар, эстетикалық тәрбие берудің де өте тиімді әдісі болып табылатыны да айқын. Дегенмен вокалдық өнерді меңгеру жолында қалыптастыру қажетті техникаларға бей-жәй немесе айналып өтпеген жөн. Соның ішінде ең негізгісі - тыныс алу. Тыныс алу жаттығулары тек әншілер үшін ғана емес, әрбір адам баласына қажетті, күнделікті өмірде міндетті түрде жасау керек жаттығу екеніне көз жеткіздік. Себебі кешегі өткен бүкіләлемдік COVID жұқпалы дерт кезінде осы тыныс алудың ықпалы зор болды. Сондықтан алып отырған мақаламның тақырыбы вокалдық орындаушылықтың негізі – әншілік тыныс алу және оның жаттығулары арқылы денсаулық, орындаушылық, күш-жігер (энергия) қалыптастырып, дені сау, ой-өрісі дамыған, сезім мен саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз деген сенімдемін.

**Негізгі бөлім.** Тыныс алу – дауысты қалыптастырудың негізгі факторының бірі. Бұл дауыстың қуат көзі және маңызды вокалдық дағды болып табылады. Сондықтан мен мақаламның басын «Вокалдық өнер» ұғымына түсінік беруді ұйғардым. «Музыкалық энциклопедияда» музыкалық шығармашылық өнердің кез келген салада сапалы, жаңа нәрсені құруды көздейтіні жаратылыстардың бейнелі-қайталанбас түрінде, шындықтың ерекшеліктерін көрсететін, нәтиженің қол жеткізуін пайымдайды. Демек, шығармашылықтың кез келген өнер саласында жаңа деңгейге шығуына, әрекет түрінің қайталанбайтын ерекшеліктерімен айқындалады [1, 469 б.].

Дұрыс тыныс алу тақырыбы бойынша жүздеген деген жылдар зерттеліп, түрлі ақпарат көздері болғанымен бұл мәселеде қазіргі күнге дейін әртүрлі көзқараспен қарайды. Кей мұғалімдер сабақтың басын орындаушыға тыныс алуды қоюмен бастаса, басқаларында бұл тұрғыда елеулі қателік көрмесе ештеңе айтылмайды. Дегенмен елеусіз қалдыруға болмайтын тақырып және жұмыс. Себебі дауыстың сапалы болуы үшін дұрыс дауыс аппараттарымен жұмыс жасай алу қажет.

Әншілік тыныс алу күнделікті өмірдегі қарапайым тыныс алумен салыстыруға келмейді. Себебі қарапайым өмірде тыныс алу аппаратының бір ғана міндеті бар - қанның орынды газ алмасуы. Ал ерікті түрде алынған тыныс алу күрделілеу. Өйткені ән салу барысында тыныс алуға қатысатын аппараттарға күш түседі. Бұл дегеніміз дауыс аппараттарын қозғалысқа келтіретін қозғалыс күші секілді. Ән айту техникасының барлық түрлері тыныс алуды тікелей меңгергеніңізге байланысты шығады. Әлемге танымал орыс классикалық меццо сопрано әншісі Елена Образцова былай деген: «Тағы да қайталағым келеді: ән салу – бұл тыныс алуды меңгеру өнері. Бұл ең маңыздысы! Осымен бітті немесе ән салудың барлық құпиясы осы» деген.

Тыныс алу қалай жұмыс жасайды? Қандай аппараттар қатысады?

Тыныс алу – (respratio) процесс, ағзаны оттегімен қамтамасыз ететін процесс. Ауа мұрын жұтқыншағынан көмей мен бронхтар арқылы өкпеге барады. Өкпеге еніп, кеуде қуысы кеңейеді, диафрагма күмбезі жиырылады және іш қуысын баса отырып төмен түседі, нәтижесінде іш алға жылжиды. Қатысатын негізгі аппараттар:


**Трахея** – ұзындығы 15 см болатын қуыс түтік. Кеуде қуыстарына өтіп, оң және сол негізгі бронхтарға бөлінеді. Бөліну арқылы бронх ағаштары түзіліп, ауа өкпеге жеткізіледі.

**Өкпе** - бұлшықеттері жоқ және өздігінен кеңейе алмайды. Тыныс алу бүйірлік қозғалыс және кеудені көтеру, сондай-ақ диафрагманы төмендету арқылы жасалады. Өкпе кеуде қабырғалары мен диафрагманы жаңға және төменге пассивті түрде жүре отырып, соның арқасында ауа трабронхиальды ағашқа енеді.

**Диафрагма** - күмбезге ұқсайтын күрделі пішінді бұлшықет. Бұлшықет талшықтары жиырылғанда диафрагма күмбезі жалпақ және төмен тартылады, ал бұлшықет талшықтары босаңсығанда диафрагма күмбезі көтеріледі.

Көптеген бұлшықет топтары тыныс алу процесіне қатысады. Әйтседе диафрагма маңызды рөл атқарады. Кеудеге теріс қысым жасап, салдарынан ауа өкпеге кіреді. Дем алу

және шығу бұлшықеттері антагонистер секілді жұмыс істейді. Тыныс алу бұлшықеттері жиырылғанда дем шығару бұлшықеттері босаңсиды, ал диафрагма жиырылған кезде іш бұлшықеттері босаңсып, іш алға жылжиды. Белсенді дем алу кезінде іш прессі жиырылады, ал диафрагма босаңсиды, ішішілік қысымның әсерінен жоғары көтеріледі. [2,8 б.].




Тыныс алудың қазіргі уақытта 3 түрін білеміз: кеуде (клавикулярлы), іш (диафрагма, абдоминалды) және кеудедиафрагмалық (аралас, костоабдоминалды).

Бүгінгі таңда вокалдық-педагогикалық тәжірибеде вокалдық тыныс алудың осы дәстүрлі түрлерін түсіндіргенімен, ішінде ән айту үшін ең қолайлысы кеудедиафрагмалық тыныс алу болып саналады, оны қазір вокал мұғалімдерінің басым көпшілігі мойындайды. Себебі тыныс алудың бұл түріне кеуде және диафрагма бірге белсенді қатысады. Диафрагма мен қабырғалар бір мезгілде қозғалысқа түсу арқылы, терең тыныс алуға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулер тыныс алу түрлерін қалыптасқан және өзгеріп тұратынын көрсетті. Тыныс алу орындаушының шығармада қолданатын дыбысының сипатына байланысты өзгеріп отырады. Орындаушы шығарманың сипатына сәйкес тыныс алуын еркін пайдалануы және бақылауы және тыныс алуды дауыстың дыбысынан бастау қажет. Дегенмен ең бастысы барлық жағдайда тыныс алу белсенді болуы керек, өйткені баяу тыныс алу дыбыс сапасын нашарлатады. [2,9 б.].

Білуміз қажет:

Бастаушы орындаушыларға ең алдымен әндік тыныс алудың дамуына кедергі келтіруі мүмкін зиянды қозғалыстарды жою қажет. Мысалы, бүкірейіп тұру, тыныс алғанда иықты көтеру, қатты және шулы тыныс алу. Шулы дем алу трахея мен бронхтың нашар кеңеюінен, сондай-ақ өтетін ауаның ақауға қарсы үйкелісінен пайда болады. Шулы тыныс алу құлаққа жағымсыз және дауысқа зиян. Бұл оқылыққа жол бермеу үшін терең және ақырын, сезіну арқылы жұмыс жасау қажет.

Дұрыс тыныс алу үшін дененің дұрыс тұруы да маңызды. Арқа түзу, тіреуші аяқты алға қойып, нық тұру қажет. Өйткені диафрагма жиырылу кезінде сүйенетін тірек керек. Бас түзу, астыңғы жақ иекке қарай төмен, ал үстіңгі жақ керісінше тісті көрсету арқылы екі жаққа ашылу қажет. Мойын созып басты жоғарыға қарай созуға болмайды.

Кеңестер:

- Дене тұрысы дұрыс опорада тұру қажет.
- Демді алу тыңдаушылардың құлағына және көздеріне көрінбеу керек.
- Асқазанды толтырып ән айтуға болмайды, себебі диафрагманың еркіндігін бұзады.
- Дем алуға кедергі жасайтын тар киім кимеу қажет, тыныс кеудеге дейін көтеріліп кетуі мүмкін.

Тыныс алу жаттығулары:

Тыныс алу жаттығуларын орындауда өзіндік ережелері болады. Жаттығу барысында дем алу міндетті түрде мұрынмен, ал оны ауыз арқылы шығарса болады. Жаттығулар жеңіл, орта, күрделі болып бөлінеді.

1. Дем алғанда гүл иіскегендей мұрынмен тыныс аламыз және ауызбен шығарамыз. Бастапқыда жәй темппен сабырлы, әрі қарай жылдамдық қосып, тез орындаймыз. Бұл жаттығу диафрагманы сезінуге көмектеседі.

2. Терең тыныс алып, демді ұстап қаламыз. Алған демді жібермей, дене жаттығуларын жасаймыз. Бұл жаттығу демді ұстап, оны басқаруға және қозғалысқа түсіп ән орындау барысында шаршамауға көмектеседі.

3. Демді толықтай шығарып тастаймыз, сосын алақанымызбен ауызымызды орташа деңгейде баса, жібермей ауаны жинаймыз. Бұл жаттығу түрі кеуде, диафрагма, төменгі қабырға, тыныс алуға қатысатын барлық аппараттарды сезінуге мүмкіндік береді.

4. Терең тыныс алып, алған демді тістің арасынан жәймен жібереміз. Жіберген демімізді уақытпен есептейміз. Егер орындаушы минуттан асырса бұл жақсы нәтиже.

Көрсетілген жаттығулар дұрыс дем алуға және бұлшықеттерімізді сезінуге, орындаушыны әнге дайындауға мол ықпалын тигізеді. Ең бастысы төзім және үздіксіз еңбек керек. Себебі кез-келген техника уақыт өте келе қалыптасып, дамитын болады. Кейін тыныс аппараттары автоматты түрде жұмыс жасайтын болады.

**Қорытынды.** Сонымен, біз мақаламызды қорыта келе тыныс алудың тиімділігін, оның денсаулыққа да пайдалы екенін көрсеттік. Тыныс алуды қалыптастыру мақсатында бірнеше жаттығулар мен кеңестер жазып кеттік. Жалпы алғанда әншілік тыныс алу, орындаушының дамуы мен қалыптасуына жағдай жасайтын күрделі процесс. Тыныс алу – дыбыстың күші мен ұзақтығы және оның тембрлік түстері тәуелді болатын энергетикалық фактор. Сондықтан, біз әншілік тыныс алуды кез-келген жағдайдың сәтті бастаушы дағдысы деп есептейміз.

Зерттеу деректеріне сүйене отырып, тыныс алу әрекетін мектеп оқушыларынан бастап кез-келген мамандық иесі орындау қажет екеніне көз жеткіздік.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Музыкальная энциклопедия. Т. 5 Симон - Хейлер. – М.: Советская энциклопедия, 1981. С. 469.

2. Певческое дыхание. П.А.Викторивич: 2013

3.Дмитриев Л.Основы вокальной методики. –М.,2004

# ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

**Қордабаева Д.Е., Тұрсын А.Б.**
№ 204 ЖББМ, бастауыш сыныптағы көркем еңбек пән мұғалімдері
Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытудағы мұғалімдердің рөлі мен жауапкершілігі артып келеді. Шынында да, қазір әдеттен тыс жағдайларда мәселелерді шеше алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын және дұрыс шешім қабылдай алатын бастамашыл, шығармашылық адамдар бұрынғыдан да қажет. Бұл қасиеттер адамның шығармашылығымен тікелей байланысты.

**Аннотация:** Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытудағы мұғалімдердің рөлі мен жауапкершілігі артып келеді. Шынында да, қазір әдеттен тыс жағдайларда мәселелерді шеше алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын және дұрыс шешім қабылдай алатын бастамашыл, шығармашылық адамдар бұрынғыдан да қажет. Бұл қасиеттер адамның шығармашылығымен тікелей байланысты.

**Abstract:** Today, the role and responsibility of teachers in the formation and development of creative qualities of the younger generation is increasing. After all, now more than ever, initiative, creative people are needed who are able to solve problems in non-standard situations, think critically and make the right decisions. These qualities are directly related to a person's creative potential.

Қазіргі қоғамның құндылық бағдарларын өзгерту біздің еліміздің білім беру жүйесіне бірқатар жаңа стратегиялық міндеттер қояды. Осындай міндеттердің бірі – орта білім беру жүйесін тұрақты дамыту және жаңғырту.

Балалық шақ табиғи бейімділіктің дамуы үшін ең қолайлы. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайлар бұл бейімділіктердің қабілеттерге, болашақта талант пен данышпандыққа айналуына мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдер осы сәтті жіберіп алмау үшін барынша күш салуы керек. Мұнда орта білім беру мұғалімдері мен ата-аналардың өзара әрекеттесуінің рөлі өте маңызды.

Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, Көркем еңбек балаларға арналған ең қызықты және тартымды іс-әрекет түрі болып табылады. Балалар үлкен қызығушылық танытады, ең бастысы жаңа материалды жақсы меңгереді, алған білімдері мен дағдыларын есте сақтайды, содан кейін іс жүзінде қолданады. Көркем еңбек оқушының бойында мақсатқа ұмтылу, басталған істі соңына дейін жеткізе білу, шыдамдылық, төзімділік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі, еңбек мәдениетін, экологиялық мәдениетті, эстетикалық мәдениетті, эстетикалық талғамды қалыптастырады. Балалардың шығармашылығы танымдық белсенділікпен тығыз байланысты.

Біздің ойымызша, балалардың жетістіктері мұғалімнің жеке басына, оның кәсіби дайындығына және шығармашылық әлеуетіне тікелей байланысты. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығына ерекше көңіл бөлінеді. Оның оқушыларының шығармашылық әлеуетін ашу мұғалімнің қаншалықты шығармашылық адам екеніне байланысты. Тек шығармашылық адам шығармашылық тұлғаны қалыптастырады, балаға қол еңбегіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті оятуға көмектеседі. Сондықтан болашақ мұғалімдерді даярлауда эстетикалық пәндер цикліне ерекше назар аудару қажет, өйткені, олар студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыруға барынша ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибе негізінде орта білім беру жүйесіне енгізілетін өзгерістердің басымдықтары ретінде жиі өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдайларға дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру қарастырылады. Орта білім беру жүйесіндегі бұл өзгерістер оқушылардың әртүрлі мәселелерді шешу үшін жағдайды, идеялар мен ақпаратты талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін дағдыларды меңгеру қажеттілігін анықтайды. Бастамашылық, қызығушылық, өзгеруге дайындық, қарым-қатынас сияқты жеке қасиеттер өзекті болып табылады.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында қазіргі мұғалімге және білім алушылардың жеке басына қойылатын талаптар ғана емес, сонымен қатар оқу процесінде жүзеге асырылатын пәндік мазмұн мен педагогикалық тәсілдер де толығымен қайта қаралады, өйткені қазіргі білім беру сапасы көбінесе білім беру мазмұнын тиімді таңдауға байланысты.

Бастауыш мектепте енгізілетін «Көркем еңбек» пәні бейнелі ойлауды, кеңістіктік қиялды, көркемдік, жобалық, конструкторлық қабілеттерді қалыптастыруға ықпал ететін шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлерінде көркемдік-технологиялық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде әзірленген пәннің оқу бағдарламасы белсенді танымдық және шығармашылық қызметті көздейді. Оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында оқушылар көркем шығармашылық пәндерін құрудың әртүрлі тәсілдерін және әртүрлі материалдар мен құралдармен жұмыс істеу техникасын меңгереді.

Жаңартылған бағдарламалардың бір ерекшелігі – оқу пәнінің мазмұнын анықтауға негіз болатын оқу мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер. Пәннің мазмұны тек пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Оқыту мақсаттарының құрылған жүйесі мынадай дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, шығармашылық қызмет процесін жоспарлау, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білу. Кең

ауқымды дағдылар мектептегі білім беру практикасында да, одан тыс жерлерде де оқушылардың табысты іс-әрекетінің кепілі болып табылады.

«Көркем еңбек» оқу пәнін оқыту мақсаттары жүйесі шығармашылық қызмет процесінде негізгі білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша бөлінген.

1-бөлім «Идеяларды зерттеу және дамыту» оқушылардың зерттеу дағдылары мен шығармашылық қиялын дамытуға бағытталған, оның барысында олар қоршаған әлемді, түрлі материалдарды зерттейді, қазақ халқының және басқа да халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін зерттейді, өздерінің шығармашылық идеяларын әзірлейді.

2-бөлім «Жасау, дайындау, құру» қоршаған ортаны бейнелеудің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған, оның барысында оқушылар әртүрлі материалдармен тәжірибе жасайды, әртүрлі жұмыс әдістерін меңгереді және өз қызметін жоспарлайды.

3-бөлім «Көрсетілім, талдау және бағалау» оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және академиялық тілін қалыптастыруға бағытталған.

Оқу бағдарламасының оқу мақсаттары белгілі бір контекстке тікелей байланысты болмайтындай етіп тұжырымдалған және мұғалімнің өз сабағын қалай құратынына байланысты әртүрлі тақырыптарды зерттеу кезінде қол жеткізуге болады. Бағдарламаның бұл ерекшелігі мұғалімге де, оқушыларға да шығармашылық қызмет үшін еркіндік береді.

Шығармашыл мұғалімнің рөлі – ол балаларды сауатты сурет салуға немесе сәндік қолөнер жасауға үйретіп қана қоймай, сонымен қатар көркем еңбек сабақтарында шығармашылықты дамытуға көп көңіл бөліп, оқу процесінде тәуелсіздіктің көрінісін ынталандыруы керек.

Мұғалімнің өнер сабақтарындағы қызметі белгілі бір шығармашылық өнімді құрумен ғана шектелмеуі керек, ол көп сатылы дәйекті әрекет ретінде жүзеге асырылуы керек, мұнда соңғы өнімге емес, бүкіл шығармашылық шығармашылық процеске ерекше назар аударылады.

Мұғалім оқушылардың зерттеу дағдылары мен танымдық іс-әрекетін дамытуға үлкен көңіл бөледі. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, егер оқушылар танымдық белсенділік танытса, оқу процесінде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге болады. Танымдық белсенділікті қолдаудың негізгі формаларының бірі – сабақта ұсынылатын іс-әрекеттің әртүрлілігі мен өзгергіштігі. Бейресми жағдай, жұмыстың ерекше басталуы, әдемі және алуан түрлі материалдар, қызықты және қайталанбайтын оқу тапсырмалары, шығармашылық идеяларды ұсыну үшін материал мен техниканы таңдау мүмкіндігі студенттердің танымдық белсенділігі мен қызығушылығын қамтамасыз етеді.

Оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін мұғалім әр оқушыны жеке, жұптық және топтық жұмыс түрінде өткізілетін белсенді мақсатты оқу-танымдық іс-шараларға тартуы керек. Монотондылықты болдырмау және оқушылардың көркем жұмысқа деген қызығушылығын сақтау үшін сабақ барысында әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізу қажет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға үлкен мүмкіндіктер туғызады. Оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі құралдарын қолдану оқу бағдарламасын іске асырудың және кең ауқымды дағдыларды дамытудың қажетті шарты болып табылады. Көркем еңбек сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және оның орасан зор әмбебап мүмкіндіктерін пайдалану мыналарды пайдалануды қамтиды:

- шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде компьютерлік бағдарламалар мен қосымшалар;
- зерттеулер жүргізуге, презентациялар мен жобалар жасауға арналған интернет ресурстар;
- байланыс, тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты дамыту үшін қауіпсіз әлеуметтік желілер мен онлайн орта;
- белгілі бір ақпаратты жазуға және түсіруге арналған сандық камералар.

Бағдарламаның мазмұны көркемдік-шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлерін көздейді. Көркем еңбек мұғалімдері өз сабақтарында жүзеге асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін өз бетінше таңдауға және анықтауға үлкен спектрге ие. Негізгі мұғалім оқу жылында біркелкі бөлініп, көркемдік қызметтің негізгі үш түрін жүзеге асыруы керек: сындарлы, бейнелеу, сәндік. Көркемдік қызметтің бұл түрлері визуалды кеңістіктік өнердің негізгі бағыттарын анықтайды, мысалы:

- бейнелеу – кескіндеме, графика, мүсін;
- конструктивті – сәулет, дизайн;
- декоративті – сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі жанрлары.

Орта білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде жеке тұлғаны әлеуметтендіруге, әртүрлі әлеуметтік топтарда тиімді қарым-қатынас жасай алатын азаматтарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлінеді. Бұл міндетке жету үшін көркем еңбек сабақтарында қажетті ортаны құру және оқушылар коммуникативті дағдыларды дамытатын және өз ойларын сенімді түрде білдіретін іс-әрекеттерді таңдау қажет.

Оқушылардың қарым-қатынасын дамыту үшін оқу бағдарламасында шығармашылық жұмыстың көрсетілімін, пәннің академиялық тілін қолдана отырып, белгілі бір аудитория алдында сөйлеуді көздейтін оқытудың жекелеген мақсаттары айқындалған. Пән шеңберіндегі оқушылар өз шығармашылығының белгілі бір өнімін ұсынып қана қоймай, өз жұмыстары мен басқалардың жұмыстарына енгізілген нәтижелерге, жұмыс әдістері мен шығармашылық идеяларға түсініктеме бере, талдай және дұрыс бағалай білуі керек.

«Көркем еңбек» пәнінің мазмұны тек пәндік сипаттағы мәселелерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар эстетикалық тәрбиеге ерекше назар аударылатын оқушылардың жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған.

Осы пән аясында жүзеге асырылатын эстетикалық білім мен тәрбие шығармашылық тұлғаның дамуы мен қалыптасуына тиімді әсер етеді және тұтастай алғанда бүкіл оқу процесіне дамушы, оң әсер ете алады. Өнер сабақтарында эстетикалық білім мен тәрбие шығармашылық қызмет процесінде жүзеге асырылады, оның негізінде пәндік және пәнаралық білім, шығармашылық қабілеттер қалыптасады, бұл оқушылардың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына үлкен мүмкіндіктер береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы [Электронды ресурс] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ ((дата обращения: 28.09.2023)

2. Типовая учебная программа по предмету «Художественный труд » для 1-4 классов уровня начального образования. – Астана: 2016г.

3. Лялина Л.А. Дизайн и дети (из опыта методической работы). - М.: ТЦ Сфера, 2006

4. Көркем еңбек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. — Астана, «Назарбаев зияткерлік мектептер» ДББҰ, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру Академиясы, 2017.

5. Құдабаева К.І. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығындағы студенттерге арналған оқу құралы. — Қарағанды, 2005. URL: https://moluch.ru/archive/282/63664/ (дата обращения: 28.09.2023).

## КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

**Кулдибаева Ш.З.**
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі, №195 ЖББМ
**Раханова Н.С.**
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі, №136 мектеп-гимназия

**Андатпа:** Мақалада мектеп оқушыларын халық қолөнері арқылы көркем қолөнерге тәрбиелеу қарастырылады

**Аннотация**: В статье рассматривается воспитание школьников художественным промыслам через народные промыслы

**Abstract**: The article deals with the education of schoolchildren in artistic crafts through folk crafts

Оқушылардың өмірге деген сүйіспеншілігін арттыру, еңбекке деген шеберлігі мен икемділігін қалыптастыру, ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт дәстүрлерімен таныстыру біздің міндетіміз. Әр халықтың өзіне тән қолөнері бар. Ол халықтың қазынасы.

«Өнер көзі халықта, халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ. Оны жаңғыртып іске асыру-біздің басты парызымыз». Қазақ халқы талғампаз халық.Ұрпағына өнеге қалдырған мұрасы – тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған, халықтың өміршең тәжірибесі толы.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдары әсемдігі, өрнегі тұрмысқа сән берумен қатар адамдарға рухани ләззат әкелген. Қазақ қолөнерінің барлық түрінде кеңінен қолданатын қолөнер туындылардың көркемдік-эстетикалық мәнін ашып, әшекейлеп, айшықтай түсетін өнер.

Ұлттық қолөнерде білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындату, ұлттық тәрбиегеұштасу қажет. Кез-келген оқушының көркем дүниені қабылдауы, эстетиккалық талғамы, сезінуі әртүрлі болады. Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз білімімен ізденуіне, ойын жеткізе білуге, шығармашылық жұмыс жасауына жағдау жасауымыз керек. Осы бағытта оқушыларды еңбекке баулу арқылы эстетикалық тәрбие беру маңызды ірі қызмет атқарады.

Халықтың ұлттылығы тек қана санмен ғана емес, адамзат баласының ой-өрісіне қосқан мәдениетімен, білімімен, рухани дүниетанымымен бірге ұлттық дәстүрлі өнерімен айқындалады. Халқымыздың қолөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты болған. Ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұраның ең асыл құнды қазынасы. Қолөнер- өресі биік, өрісі кең өнер.

Қазақ халқы – кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші [1].

Тарихымызға үңілсек, ұрпағын жан-жақты тәрбиелеуде, ақын-жырауларымыз, ойшылдарымыз, мәдени мұрамыз, ұлттық мәдениетіміз, өнеріміз, музыкамыз қай дәрежеде дамығанынан байқай аламыз. Оларды әлемдік деңгейге көтере отырып, дүние жүзіне таныта да, таңқалдырып келе жатқандығы әрбір қазақтың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялататыны сөзсіз.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетін, мәдени мұрасын, дәстүрлі қол өнерін, музыкасын дүниежүзілік деңгейге көтерсек қазақ ұлты ұлы, өркенеиетті ұлттар қатарынан көрінетіні сөзсіз. Ол үшін біз ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміздің тарихи дәстүрлі бастауларын насихаттауымыз қажет. Ендігі жерде ұлттық өнерімізге, атабабаларымыздың діни наным-сенімі көрініс тапқан бүгінгі таңдағы ұлттық өнер туындыларын насихаттауды әр қазақтың міндеті деп санауымыз керек.

Дәстүрлі өнеріміздің тарихи тамыры тереңде жатқаны бәрімізге белгілі, сондай-ақ қазақ ұлттық өнерінің негізгі бастауы болып табылатын наным-сенімдер қолөнер және ою-өрнек негізінде қарастырылады.

Мектепте көркем еңбек сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы ерекше. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетті айналу үшін еңбек ету талабын қалыптастырудың зор маңызы бар. Бұл міндет адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімділігі мен мүддесіне сай келетін және моральдық қанағаттану сезімін беретін іспен шұғылданып жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс таңдап алумен тығыз байланысты.

Еңбекке шығармалышық тұрғысынан қарау ғана еңбекті тек жасау мен материалдық игілік алудың құралынан, ортақ рухани және ең алдымен адамның адамгершілік дамуының құралына айналдыра алады.

Көркем еңбек сабағында қолөнерге үйрету арқылы тәлім-тәрбиені арқау етіп, нақты іс әрекет нәтежесін көрсете оқытып, дамыту керек. XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Қазіргі кезде біз өмір сүріп отырған қоғам талабының ауқымына енетін 12 жылдық білімге көшуге дайындыққа байланысты, оқушылардың кәсіби мамандық алуына жеке көңіл бөлінуде, соған байланысты көркем еңбек сабағында білім алушы оқушы оқу бағдарламасын игереді, мұғалім балаға білім беріп қана қоймайды және жеке мамандықты меңгеретін жеке тұлғаны да қалыптастырушы. Бала бойындағы дарыны үнемі ізденіс үстінде қызмет жасайды. Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнеріне, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Шығармашылық әр баланың бойында болуы әбден мүмкін. Біздің міндетіміз оқушының бойындағы жасырынып жатқан дарынды ашу. Қолөнерге қызығушылықты ояту. Оқушының өзіндік мамандық таңдау дайындығының мақсаты мен міндеттерін айқындау. Өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыра келе қолөнердің бір саласымен айналысып, дарындылығы ашылған бала әрине сол маман иесі болары анық. Оқушы қолөнерді үйрену барысында бойына халықтың ізгі қасиеттерін сіңіреді, салт-дәстүрлерін бағалай білуге, шеберлікті, әсемдікті, үнемділікті, ісмерлікті, білімділікті бойына дарытады [2].

Қазақтың қолөнері – көне заман тарихымен бірге біте қайнасып келе жатқан бай қазынамыз. Өресі биік, өрісі кең қолөнердің қай саласынан болсын жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандарынан бері келе жатқан тамаша тарихымен бір өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. Өзге халықтар сияқты, қазақтың да қолөнер шеберлігін үйренуде ерте заманнан бері жиып-терген мол тәжірбиелері бар. Мектеп оқушыларына халық өнерінің тарихи жолдарынан нақты білім беру, өнерпаздық пен шеберлік тәсілдерін түсіндіру, қолөнер иелерінің жасаған еңбектерін қастерлеу, олардың дәстүрлі әдістерін бүгінгі күннің кәдесіне жарату, оны түрлендіре отырып әдіс-тәсілімен оқушы бойына дарыту. Атам қазақ бала тәрбиесінде өмір тіршілігінің ертеңгі келешегіне ерекше мән берген. Өз ұрпағының сегіз қырлы, бір сырлы өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, үйрепіп келген. Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы,өз тіршілігі үшін де қажет. Жас кезінен көзі көргенді көңілге тоқып, қолы үйреніп істей алатындай, заман талабына сай ұрпақтар тәрбиелеу бүгінгі мұғалімдердің басты мақсаттарының бірі болып тұр. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үлкен қажырлықты талап етеді. Оқушы жан-жақты дамыту үшін мұғалім үнемі үздіксіз шығармашылық ізденісте болуы керек. Ұлттық қолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін мектептерде жүргізілетін – көркем еңбек пәні. Олай болса, «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде,балаға эстетикалық білім беретін көркем еңбек пәнінің атқаратын қызметі өте зор. Оқушылар көркем еңбек сабағында шеберлікті, үнемшілдікті, төзімділікті, мәдениеттілікті үйреніп, өзін-өзі жан-жақты дамыта алады. Қолөнер дәстүрдің жалғасы, сөнбестің айғағы, мәңгілік. Өнер мәдени мұра. Қолөнер арқылы ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қажет. Игі істерді жандандыру – өз қолымызда [1].

Көркем еңбек сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрге тәрбилеудің артықшылығы көп. Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулумен қатар атабабаларымыздан қалған салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы.

Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы шығармашылықпен іске кіріседі.

Көркем еңбек сабағының мақсаты: қолөнердің барлық салаларын бағдарламаға енгізіп, ұлттық педагогиканың негізінде шәкірттерге білім мен өнегелі тәрбие берудің тиімділігін көрсету тиіс. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай

дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз: еңбекқорлыққа, ұлтжандылыққа, рухани мәдениетке, іскерлікке, табандылыққа, шыдамдылыққа, ізденімпаздыққа және жаңашылдыққа.

Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Қолөнер өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді [3].

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында оқушылардың жалпы білімін көтеру, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырып, бүгінгі оқушы, ертеңгі жас маман екенін ескере отырып, оларға кәсіби білім беріп, қабілетін, дарынын аша білу, шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әр мұғалімнің мақсаты болып табылады. Қолөнердің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезеңінде өнерге, өзіне деген көзқарасын, білімін, біліктілігін арттырып, шығармашылыққа баулимыз. Әр оқу пәні оқушы алдында мүмкіндігінше еңбек пен мамандықтар әлемін ашады. Бұл мүмкіндік әсіресе технология пәнінде жүзеге асырылады. Көркем еңбек – шеберлік, іскерлік, білгірлік мектебі.

Көркем еңбек сабақтарында оқушылар жан-жақты дүниетанымын қалыптастыра отырып, болашақта өмірге, өндіріске қажетті мамандық алып шығады, саналы, заман талабына сай өмірге бейімделген, еңбекті бағалайтын, үнемшіл ұрпақ тәрбиеленеді. Еңбек сабағында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізіледі. Қолөнерге ұштастыра білім мен тәрбие берудің түрі – шығармашылыққа баулу. Ал қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек, қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ, оқушы шығармашылықпен іске кіріседі.

Еңбек үстінде шығармашылық ізденудің нәтижесінде алуан қолөнер туындылары дүниеге келеді. Сыныптарда оқушылардың мұндай топтарының болуы – білімді қалыптасытыру кезінде шеберлікті, шығармашылықты дамыту үшін дифференциалды көзқарасты керек етеді. Мектеп шеберханаларының құрал-саймандарын, станоктарын және басқа жабдықтарын қолдануда қол қызметінің көркемдік-қолданбалы түрі оқушының сенсорлық-қозғалыс қабілетіне жоғары талап қояды [4].

Қимыл-қозғалыс жұмыс барысында бірден пайда болмайды, сол себепті ең алдымен қолөнермен айналысу техникасы мен орындау технологиясын оқытып, үйрету қажет. Ұлттық қолөнерде білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындату, ұлттық тәрбиеге ұштасу қажет. Кез-келген оқушының көркем дүниені қабылдауы, эстетиккалық талғамы, сезінуі әртүрлі болады.

Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз білімімен ізденуіне, ойын жеткізе білуге, шығармашылық жұмыс жасауына жағдау жасауымыз керек. Осы бағытта оқушыларды еңбекке баулу арқылы эстетикалық тәрбие беру маңызды ірі қызмет атқарады.

На этапе 1. планирования деятельности делается выбор областей интегрирования. В частности, нами были выбраны области технология, живопись и кулинария/дизайн. Хочется отметить, что технология позволяет реализовать обширные межпредметные связи, в этом видится интегрирующее ее начало. Далее мы переходим к 2. целеполаганию, 3.разработке задач урока. В частности, на данном уроке реализуем задачу более глубокого изучения предмета, знакомства с разными способами изображений и понимание живописи, (что в традиционном уроке требует гораздо большего времени). На этапе 4. реализация мы строим полностью технологическую сетку урока, с описанием всех этапов урока, а также обеспечиваем их реализации. В частности, для данного урока запланировано изложение основных вопросов изучаемой темы с применением интернет-ресурсов, видеосюжетов, проблемных ситуаций, познавательных задач.

Реализация дифференциации запланирована была нами с порой на самостоятельный выбор проектного задания обучающимися. Были предложены задания на выбор, рабочие группы были образованы по желанию школьников. Этот факт решает задачу повышения учебной мотивации школьника, способствует проявлению самостоятельности и инициативности, поддерживает интерес, сотруднические отношения, творческий подход. Сложность для учителя представляется в необходимости использования инновационных методов обучения, отборе тематического материла продумывание воспитательного значения используемых материалов, однако опрос учителей, применяющих данную технологию показывает высокую удовлетворенность результатами собственной профессиональной деятельности. Для примера предлагаем ознакомиться с результатами работы школьников. На

занятии реализованы цели знакомства с натюрмортами, стилями художников, изучены инновационные художественные техники и пр. (рисунок 1).



Рисунок 1. Работы школьников, выполненные в дифференцированных группах

В данном случае для ребят были предложены две группы учебных заданий. В классе разнородный состав обучающихся, имеющих различия в имеющемся уровне развития личности, так и в личностной ориентации и мотивации к обучению. На практике, полагаем, каждый думающий учитель решает задачи ориентации на индивидуально-личностные особенности детей, что требует применения личностно-индивидуального и дифференцированного подхода.

Как показывают результаты нашего исследования, наши педагоги открывают новые возможности для реализации межпредметных связей, интеграции в сознании обучающихся знаний по разным предметам; успешно проводят межпредметные занятия различного уровня (межпредметного, бинарного, интегрированного).

**Список использованных источников**


1. Молева, Г.А. Методика дифференцированного обучения учащихся учебному предмету «Технология» / Г.А. Молева; Владим. гос. ун-т им. А.Г. Столетовых. – Владимир: Изд-во ВлГУ, 2018.- 20с.
2. Шахмаев Н.М. Дифференциация обучения в средней общеобразовательной школе. В кн.: Дидактика средней школы / под ред. М.Н. Скаткина, – М.: Просвещение. – 2000. – 240 с
3. Осломовская И.М. Школьные проекты: деятельность, направленная на обогащение знаний и духовного мира учащихся // Директор школы. 2003. № 10. С. 10—14
4. Энциклопедический философский словарь / редкол.: С.С. Аверинцев, Э.А. Араб-Оглы, Л.Ф. Ильичев и др. – 2-е изд. – М.: Сов. энц., 1989. – 815 с.
5. Гревцева Г.Я., Циулина М.В., Болодурина Э.А., Банников М.И. Интегративный подход в учебном процессе вуза // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 5.; URL: https://science-education.ru/ru/article/view?id=26857 (дата обращения: 27.12.2022).


## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА «МУЗЫКА» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ


**Сарсенбаева Г.И.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

«Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының магистранты.

Қызылорда қ., Қазақстан.



**Аңдатпа**: Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын - баланың негізгі іс-әрекеті. Мақалада балабақшадағы «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекетіне егжей-тегжейлі талдау жасалып, ойындарды оқу құрылымына тиімді ендіру әдістемесі қарастырылады. Тыныс алу және дауыс жаттығуын ойын түрінде жасауды, музыкалық аспаптың көмегімен балалардың тыңдау, тыңдалым дағдысын қалыптастыруға, ірі және ұсақ моториканы дамытуға бағытталған қимылды ойындарды тиімді пайдалану жолдары көрсетілген.

**Аннотация:** В дошкольных организациях игра является основным видом деятельности ребенка. В статье сделан подробный анализ организованной деятельности «Музыка» в детском саду, а также рассмотрена методика эффективной интеграции игр в структуру обучения. Показаны способы проведения тренировки дыхания и голоса в игровой форме, эффективное использование двигательных игр, направленных на формирование у детей навыков слушания с помощью музыкального инструмента, развитие крупной и мелкой моторики.

**Abstract:** In preschool organizations play is the main type of child's activity. The article makes a detailed analysis of the organized activity "Music" in kindergarten, and considers the methodology of effective integration of games into the structure of learning. The ways of conducting breathing and voice training in a game form, effective use of motor games aimed at the formation of children's skills of listening and hearing with the help of a musical instrument, development of large and fine motor skills are shown.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы бойынша мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі бекітілді. Осы аталған моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық үдерісті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау – деп атап көрсеткен болатын [1]. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек" [2]. Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр. Білім беру мектепке дейінгі ұйымдардың табалдырығынан басталады десек қателеспеген болар едік. Н. А. Ветлугина өз еңбегінде Психикалық және физикалық дамудың, адамгершілік тазалықтың және өмір мен өнерге деген эстетикалық қатынастың үйлесімді дамуы тұтас тұлғаны қалыптастырудың қажетті шарттары. Осы жоғары мақсатқа жетуге балалардың музыкалық тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру ықпал етеді деп, атап көрсетті.[3]. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекет қаншалықты маңызды болса, мек-теп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де ойын арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту соншалықты маңызды деп атауға болады. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – балаларды тәрбиелеуде ойын арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту әдіс-терін енгізу болып табылады. Музыкалық ойындар зерттелген материалды тез есте сақтауға, оқу қарқындылығына, балаларды тұлғалық ашылуына, комплекстерден арылуға ықпал етеді. Музыка баланы сұлулықпен, үйлесімділік сезімімен таныстырады, бір сөзбен айтқанда, оның рухани әлемін байытады.[4]

Мәселен, “Музыка” ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға арналған ойындарды іс-әрекет құрылымының әр кезеңіне енгізуді өз тәжірибемізде қолдана бастадық. Осы тұста мектепалды тобында өткен «Ғажайып қыс» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекетке тоқтала кетейік. Аталған іс-әрекеттің міндеті – ән айту, музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуге дайындау, музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілімен танысады, ойын арқылы балалардыңептілігін, дәлдеп лақтыруын қалыптастыру, достық көмек беруге, жанашырлыққа тәрбиелеу болып табылады. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында баян, фортепиано аспаптарын, сонымен қатар, шулы аспаптар: сылдырмақтар, ксилофон, қоңырау, маракастар, үшбұрыш, ағаш қасықтар; проектор, экран, балаларды марапаттауға арналған төсбелгілер, қар қиыршықтары, ойынға арналған жапсырмамен жапсарланған екі шеңбер, қол сүртетін салфеткаларлы пайдаланамыз.

Ұйымдастырылған іс-әрекет құрылымы бойынша маршпен залға кірумен басталады. Балалар залға марш екпінімен кіреді де шеңбер бойына орналасып, сәлемдеседі. Сонан соң әуенді-ырғақтық қимылдар жасайды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық қозғаушылық кезеңінде балалардың дыбыстық хат-хабарлама арқылы назарын экранға аударамыз. Хаттағы видеода Чунга-чанга аралының балалары балабақша балаларынан қыс

жайлы айтып берулерін, қыстың суретін салып жіберулерін өтінген екен. Осы тұста балалар әлемде қыс мезгілі болмайтын жерлер бар екенін біледі. Чунга-чанга аралындағы балаларға жылдың жаздан басқа да мезгілдерін, және қыс айларын айтады. Осы арқылы балалар жыл мезгілдерінің, қыс айларының атауларын естеріне түсіреді.

Музыка тыңдау кезеңінде қыс мезгілінің сұлулығын, ерекше табиғат құбылыстарын музыкамен суреттеген орыс композиторы П. Чайковский «Қаңтар» деген музыкалық шығармасын тыңдайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің әр кезеңідегі тапсырмаларды орындаған кезде балалар Чунга-чанга аралынан хат жазған балаларға қыс жайлы айтып беріп жатырмыз деген сезіммен ерекше ойын үдерісі жүреді. Бұл балалардың достық, жанашырлық, көмек беруге ынтасын дамытады.

Қыс мезгілі жайлы айтқанда қысқы ойындарды атамай кетпге болмайды. Сол себепті де балалар қыста ойналатын ойындар жайлы қуана айтып береді. Осы жерде “Қар лақтырып ойнаймыз” ойынын ойнатамыз. Ойынға картоннан қиылған шеңберлерге жапсырманың жабысқақ бетін балаларға қаратып, шеңбер ішін толтыра жапсыру қажет. Және осы екі шеңберді балаларды бойының деңгейіне сәйкестендіріп орналастыру қажет. Балалар екі топқа бөлініп, жарыса ойнайды. Ол үшін қол сүртетін бір реттің майлықтарды қолдарымен қыржымдап, шеңберге дәлдеп лақтыра бастайды. Бұл үдеріс жылдам, ойнақы музыкамен сүйемелденеді. Ойын балалардың ірі және ұсақ моторикасын дамытып қана қоймай, дәлдеу, дәлдеп лақтыру, зейінін шоғырландыру сияқты дағдыларын қалыптастырады. Ойын аяқталғаннан кейін балаларды жеңімпаз төс белгілерімен марапаттаймыз.

Қыс мезгіліндегі балалар үшін маңызды, қызықты мереке - ол жаңа жылды қарсы алу. Осы жерде балалар тек жаз болатын аралдағы достарына жаңа жыл мерекесі жайлы әңгімелеп, ертеңгілікте оқыған тақпақтарын айтып береді. Бұл да балаларға өткенді қайталау, пысықтау болып табылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетіміздің басты кезеңі - ән айту. Ән айтар алдында балалармен тыныс алу, дауыс жаттығуларын жасаймыз. Осы тақырыпқа лайықтап, дауыс жаттығуы мен тыныс алу жаттығуын біріктіріп, “Қар қиыршықтарын үрлейміз” деген ойын ретінде жасайды. Ол үшін қағаздан қиылған қар қиыршығын жіппен бекітіп, «Боран соқты далада, қар ұшады ауада» деп әндетіп, үрлеп, ұшырады.




Балалар осылайша тыныс алу және дауыс жаттығуының өзін қызығып, белсеніп орындайды. Бұл жаттығуларды жасау баланың ән салу кезінде денсаулығын сақтауға ғана көмектесіп қоймай, жалпы дауыс аппаратының жұмысын сезуге үйретеді. Бұл келешекте баланың өз бойындағы процестерді бақылауға дағдыландырады. Жаттығуларды жасап болған соң балалар Б. Бейсенованың “Келді, міне, жаңа жыл” әнін орындайды.

Балалармен келесі ойналатын ойын балалардың тыңдау, тыңдалым, есту, зейін қою дағдыларын дамытады. Ойынның аты «Қанша қар түсті?» деп аталады. Шарты бойынша балалар көзін жұмып отырады. Үшбұрыш аспабының көмегімен дыбыстар соғамыз: үшбұрышпен қанша дыбыс соғылса, балалардың алақанына сонша қардың түскенін білдіреді және қанша “қар түсенін”, яғни қанша дыбыс екенін балалар ажыратулары қажет.



Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылауға «Қарлы доп» ойынын қолдануға болады. Ойынның шарты бойынша балалар осы “қарлы допты” бір-біріне жылдам берулері керек. Себебі, допты қолды ұзақ ұстап қалсақ, қолымыз тоңып қалуы мүмкін немесе добымыз «еріп» кетуі мүмкін. Осы кезде көңілді музыка ойнап тұрады, музыканы тоқтатқанда доп кімнің қолында қалып қойса, сол бала сұрақтарға жылдам жауап беруі қажет. Бұл ойынның балалардың дамуына ықпалы орасан зор. Себебі, бала ойын барысында тақырып бойынша білімін бекітеді, жылдамдыққа үйренеді, ойын барысынды доптың қозғалысын мұқият бақылап тұрады.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жан-жақты дамуына, бағдарламаға сәйкес білімді игеруде ойынның маңызы жоғары орынға шығарылуы тиіс мәселе. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің әрбір кезеңіне ойынды ендіру, білімді ойын арқылы меңгерту - тиімді, нәтижелі әдістердің бірі. Осы орайда мектепке дейінгі педагогтарды дайындайтын жоғары оқу орындары, арнаулы педагогикалық колледждердің білім алушыларына балаларға арналған ойындарды модельдеуді және кіріктіруді оқыту заман талабы екенін атап өткен жөн.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан қ. 2022ж.– 32 бет.
2. Тоқаев Қ.К. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам». Қазақстан халқына жолдауы. 2022 жыл, 1 қыркүйек
3. Ветлугиной Н. А. Методика музыкального воспитания в детском саду / под редакцией Ветлугиной Н. А. М. Музыка, 2000 г.
4. Образцова Т. Н. Музыкальные игры для детей.- Гамма Пресс, 2000; 2005


## ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ САНАСЫ


**Рысымбетов Е.К.**
Философия PhD докторы, аға оқытушы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан.



**Аңдатпа:** Бұл мақалада жастарға ұлттық сана мен эстетикалық құндылықтар негізінде жан-жақты тәрбие беру – сол өркениетке жету жолындағы мұратымыздың кепілі.Жастарға білім беріп қана қоймай, алған білімдерін үздіксіз дамыту, олардың бойына адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, елдік сана мен ұлттық рухты қалыптастырудың мәселесі тәрбиелік талдау мәселелері мен ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу қарастырылған. Мақалада ұлттық тәрбие, жастар тәрбиесі, ұлт санасы қолдану, көрнекті ғалымдардың тәрбиелік дағдыларын дамыту тәсілдері ұсынылған.

**Аннотация:** В этой статье говорится, что всестороннее воспитание молодежи на основе национального сознания и эстетического ценностей - залог нашего идеала в достижении этой цивилизации. Предусматривается не только обучение молодежи, но и непрерывное развитие полученных знаний, воспитание у них полностью совершенной, националистической личности, в которой сформированы вопросы воспитательного анализа и национального самосознания, вопросы нравственности, добродетели, смирения, формирования национального сознания и национального

духа. В статье представлены подходы к национальному воспитанию, воспитанию молодежи, использованию сознания нации, развитию воспитательных навыков выдающихся ученых.

**Abstract:** This article says that the comprehensive education of young people based on national consciousness and values is the key to our ideal in achieving this civilization. It provides not only for the education of young people, but also for the continuous development of the acquired knowledge, the upbringing of a completely perfect, nationalistic personality in which issues of educational analysis and national consciousness, questions of morality, virtue, humility, the formation of national consciousness and national spirit are formed. The article presents approaches to national education, youth education, the use of national consciousness, the development of educational skills of outstanding scientists.

Ұрпақ тәрбиесі қай кезде де, қай қоғамда да өзекті. Алдыңғы буын ағалар ұрпақ тәрбиесіне бейжай қарамаған. Себебі, бүгінгі бұғанасы қатпаған бала – ертеңгі ел тұтқасын ұстар азамат.

Бүгінгі таңда жаһандану дәуірі өршіп тұрған қоғамда өркениетті қоғам көшіне ілесе алатын ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені, қазіргі таңдағы еліміздің жағдайы білім мен мәдениеттің дамуына байланысты болып отыр. Сол себепті, қазақты тоқпейілділіктен арылтып, іскерлікке бейімдеу қажет.

Ұлттық салт-дәстүрді, мәдениет пен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

Қазақ халқының түп тамыры тереңге бойлаған еліміздің ұлттық қайнар тәрбие көздерімен сусындаған жастардың өсіп, қалыптасуы ауадай қажет. Біздің, қазақ халқының болашағын айқындап, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір тұлға – қазақ жастары. Оларды отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелепжетер жеріне жеткізу біздің парызымыз. Тәуелсіз елдің ертеңі өскелең жас ұрпақта. Оның бойына тәрбиенің бес көзі: дінін, тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихын, ділін қадірлей білуге, қалыптастыруға баулу тәрбиедегі басты міндет.

Қазіргі жаппай жаһандану кезіндегі өзгерістер адам өмірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси, технологиялық, коммуникациялық, рухани негіздерін түгел қамтығандықтан, бүгінгі таңда адамзат алдында туындаған көптеген түйіткіл мәселелердің ортақтығы айқын сезіліп отыр. Әлемнің тұтастығы, халықтар мен елдердің өзара байланыстылығы анық байқалады. Мұндай жағдайда ғылым мен білім жаңа мән мағынаға ие болады. Әртүрлі саладағы адамның қызметі ғылым мен білімнің тұтастай даму дәрежесіне тікелей тәуелді бола түсуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі керек», - деген болатын [1].

Демек, ғылымның маңызын терістеу жаһандық ақпарат қоғамын қалыптастыру дәуірінде уақыт шындығында қайшы келетін ескірген көзқарасқа айналып, жаңа сапалы әлемдегі адамзаттың аман қалуының қажетті шарты болып табылады. Ғылым мен білім бүгінде шын мәнісінде халықаралық, ғаламдық құбылыстар. Білім беру мен ғылымның даму бағдары, олардың сипаты жалпы және тегіс дүниетанымдық және мәдени-әлеуметтік бағдарларға, қоғамның экономикалық және басқа да қажеттеріне тәуелді. Өйткені, тәрбие мен білім әрқашан да қоғамдық дамудың ажырамас бір бөлігі болып келеді және бола бермек. Бұған байланысты ғылым мен білім беру алдында және келешек ұрпақ бойына тәрбие дарыту жолында бүгінгі таңда мүлдем жаңа ұйымдастырушылық, әдістамалық мәселелер бой көтеруде. Сондықтан жастарды тәрбиелеуде, оларға дұрыс бағыт-бағдар беруде нақты жоспар құрып алған орынды.

Ұлттық эстетикалық тәрбие іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайындағы ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін отбасында, мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбие идеяларының өскелең жас ұрпақ санасына дарытуда тәрбиенің алатын орны маңызды.

Жаһандану құбылыстарының басымдылығына ұлттық құндылықтардың көмескілеуі орын алуда. Ұлттық құндылықтардың жоғалуы жағдайында әлем халықтарының басым көпшілігі өздерінің этникалық белгілерін сақтауға ұмтылыс жасауда. Қазақ ұлтыда тарихи тағдырдың осындай сынына төтеп беру үшін күресуде. Халықтардың әлемдік бәсекелестік

заманында қазақ ұлты жойылып кетпеуі үшін, ұлттық тілін, тарихи санасын, бай ауыз әдебиеті құндылықтарын сақтап қалу және дамыту міндеттерін шешуге тиісті.

Қазіргі заманда ұлтты сақтау оның тілінің, тарихи жадының, ділінің көсегесін көгерту ең маңызды міндет болып саналады. Осы міндетті шешуде ойшыл, ақын Шәкәрімнің рухани мұрасының берері мол. Шәкәірім: «Сөз – құдайдан шыққан бу», - деп, құдіретті сөздің Жаратушыдан бастау алатынына мән береді. Барлығының бір бастауы мен заңдылығы бар екендігін ескертеді. Тегінде данышпандар осы заңдылықтарды адамзаттың рухани, мәдени дамуында түп қазыққа айналдыруды ғибрат етеді. Кезінде Шәкәрім: «XX ғасырда адамзат баласынан ізгілік... көрмедім» деп назалануында үлкен мән бар. «XX ғасырдың адамынан, Анық таза бір елді көрмей өттім – деп-Ар түзейтін бір ғылым табылмаса, зұлымдылықты тегінде әділ жеңбес», - дейді. Солай тарқатып: «Адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл бар жерде адам нәпсісіне ие болады, әділетсіздікке, арамдылыққа, өтірікке, алдауға тосқауыл қояды. Осы үш құндылық арқылы адам түзу жолға түседі. Адам жөнделсе – қоғам мен өмір жөнделеді, жаратушыны шын сүю басталады», - деп тұжырымдайды ойшыл ақын. Бүгінгі күні адамзаттың зиянды және қауіпті белгілеріне тек қана адал еңбек, арлы ақыл және ақ жүрек қана тосқауыл бола алады. Осы үш құндылықты басшылыққа алса адамзат түзеледі. Үш құндылықты берік ұстанымға айналдыру қанша қиын болса да түбінде олардың өркениетке тірек болатыны ақиқат. Шәкәрім осы күрделі байланысты дөп баса отыра:

Ескіден қалған сөз теріп,
Өз ойымнан өң беріп,
Үйретуді жөн көріп,

Түзетпек едім адамды [2], - деп өзінің ізгілікті мақсатын ашып айтады. Шәкәрімнің өмірдегі басты принциптерінің бірі – «Адам түзету» екендігі айқын.

Абайдың «толық адам» іліміндегі өзекті мәселе «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүрек» ұғымдары. Ал Шәкәрімде «арлы ақыл», «адал еңбек», «ақ жүрек» негізінде тереңділеді. Екі ойшылдың адамды түзету идеясындағы ортақ мазмын мен түрдің өзгешілігі айрықша көрініп тұрады. Бұл ерекшілік Абай көтерген адамға қатысты жүйенің Шәкәрімде жалпылық, халықтық немесе ұлттық мәселеге айналуында. Абайдың адамтану ілімін, Шәкәрім жетілдіріп, «түзу адам», «шын таза жан» тұлғасын қалыптастырады. Адамның рухани тәрбиесінің білім беру үрдісінде және қоғам үшін ұлттық эстетикалық тәрбие маңыздылығы айрықша орын алады.

Жоғарыда аталған құндылықтар адам бойында өзінен-өзі бола алмайды. Оларға адамның өзі ынтық болып ұмтылуы керек. Шәкәрімнің пікірінше, түзу адам үнемі өзін-өзі жақсылық жолымен жетілдіруге ұмтылған адам. Шәкәрімнің осы ойлары ғұлама әл-Фараби ойларымен тоғысып жатқандығын айта кету жөн. Әл-Фараби: «Адамның өзін өзі жетілдіру туралы жетушіліктің кез-келгені адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі күмән жоқ адамның қалауы», - деп көрсетеді [3].

Қазіргі таңдағы ұлттық рухтың оянуы ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүр және тілге байланысты жаңа көзқарасты қалыптастырады. Осы ретте біздің міндетіміз мемлекеттік мүдде, ұлт санасы секілді күрделі мәселелерді уақыт талаптарына сай шешудің жолдарын іздестіру болып табылады.

Қазіргі қазақ қоғам дамуының басты бағыты – жастар тәрбиесі болып табылады. Демек, бүгінгі ұлттық қауіпсіздік мәселесі – ертеңгі ел тағдыры. Осыған орай, өскелең ұрпақтың денсаулығына, білім сапасына, ұлттық санасы, ұлтаралық мәдениеті мен әлеуметтік жағдайына аса назар аударылуда. Осы мәселелердің шешімі олардың ертеңге деген сенімін нығайтып, ұлт патриоты, ел азаматы, білікті маман болып қалыптасуында.

Білім, мәдениет, тіл баға жетпес үлкен рухани қару, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш болып табылады. Расында да, білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық-рухани күш, қуат көзі жоқ екені баршамызға мәлім. Тек білімі, мәдениеті, тілі, өнері жоғары сапалы мемлекеттің ғана әлемдік қауымдастықта бәсекелестікке қабілеттілігі биік болмақ. Сондықтан да, күллі әлемдік жаңа идеология ең алдымен білім мен ғылым күшіне арқа сүйейді. Білім мен ғылым – биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күретамыры, ел дамуының алтын

арқауы. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың: «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін білім», - деп атап көрсеткеніндей, рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім ғана ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайта алады.

Қазіргі кездегі білім берудің негізгі мақсаты – жастарға білім беріп қана қоймай, алған білімдерін үздіксіз дамыту, олардың бойына адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, елдік сана мен ұлттық рухты қалыптастыру.

Бүгінгі таңда ұлт тәрбиесі өзекті болып табылады. Ұлт тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжылмас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне көтеріледі.

Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретеді. Себебі, әрбір жеке тұлға ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың өкілі екендігін терең сезініп, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамдағы орнын белгілеуі қажет. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық идея, ұлттық құндылық, ұлттық мінез туралы болып отыр. Бұлай дегеніміз мұның барлығы өазіргі жаһандану үдересінде өзімізді ұлт болып, ұлттық тарихымызды, дінімізді, діліміздi, тіліміздi, мәдениетімізді, дүниетанымымызды сақтап қалудың бірден бір кепілі болып табылады.

Ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты Елбасымыз өзінің «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Ұлттық мәдениетке, ана тілге еркіндік беру, оны тәлім-тәрбие құрылымына айналдыру, тәрбие мәселесінде ұлттық ізгілік пен өркениетті әлемдік имандылық үрдісінің ортақ мүддесін жаппай сезіну және оны кіріктіре пайдалану арқылы іске асыру керек», - деп атап көрсетеді.

Міне, осы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан бүгінгі таңда өзінің әлеуметтік әлеуетін паш етіп, сәтті саяси-экономикалық реформаларымен бүкіл дүние жүзін мойындатып келе жатқан дамушы ел.

Ең алдымен, әлемдік қауымдастықтағы басқа елдермен терезесі тең, төрт құбыласы түгел мемлекет ретінде қалыптасу үшін білім-білігі жоғары, рухы биік жастарды отаншыл, мемлекетшіл етіп тәрбиелеуге көңіл бөлуіміз қажет. Ол үшін қазақ елінің өткендегі ерлік істері мен жасампаздығын терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді әдістері мен формаларын қарастыруды талап етеді. Ұлттық сана-сезім туа бітті, қанмен келетін нәрсе емес, ол әлеуметтік, анығырақ айтқанда тарихи ортада қалыптасатын қасиет. Яғни, жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, отаншылдық қасиетті, патриотизмді қалыптастыру қажет. Сонда ғана халықтың рухани құндылығы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мәңгі өмір сүреді. Ұлттық тәрбие берудегі негізгі мақсат осындай жағдайлармен тікелей байланысты болады. Шын мәніндегі ұлттық тәрбие пәнінің мақсаты – ешқандай да ұлтшылдыққа бет бұру емес, керісінше қазақ елінде білім алатын басқа ұлт өкілдеріне автохонды ұлттық тұрмысынан, салт-дәстүрінен, арман-мүддесінен, әдеп-ғұрпынан мағлұмат бере отырып, оны оқыту, түсіндіру арқылы қазақ халқының бүгінгі күнге дейін қол жеткізген жетістіктері мен мол мүмкіндіктерін паш етіп, бірлігін, қарым-қатынасын нығайту, сөйтіп еліміздің басқа жұртқа үлгі-өнеге ретінде боларлықтай ұлттық тәрбиесі бар екенін насихаттау.

Білім мен тәрбие егіз дейтін болсақ, тәрбие жұмысының білім беру процесімен қатар да және одан тыс уақытта да жалғасатыны бәрімізге белгілі. Жастарымызды білім нәрімен сусындатып, ұлттық құндылықтарымызды, ата-бабаларымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан мұрасын, қазақ ойшылдары мен ағартушылдарының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шыңайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушылар, ғалым мен қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде жан-жақты пайдаланығымыз жөн.

Сондықтан да, біздің міндетіміз бүгінгі уақыт талабына сай ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу болса, осы бағытты ұстанып отыруымыз қажет.

Жастарға ұлттық сана мен құндылықтар негізінде жан-жақты тәрбие беру – сол өркениетке жету жолындағы мұратымыздың кепілі. Біз жастарды тәрбиелегенде шынайы отаншылдарды тәрбиелеуді естен шығармауымыз керек. Себебі, солар ғана еліне игілікті істер тындыра алады. Біздің бастаған ісімізді аяқтаушы. Жалпы, келешек ұрпақтың қамын бүгін ойлау – аға ұрпақ борышы. Ұлттық тәрбие беру ата-бабамыздың, біздің алдымыздағы парызы болса, келер ұрпаққа соны жеткізу біздің қарызымыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. - 336 б, 32 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. - 541 б.
3. Құдайбердиев Ш. Иманым. - Алматы: «Арыс», 105 б. – 2000. - 105 б.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде». – Алматы, 2000.
5. Түймебаев Ж. Елбасы және ел білімі. /Егеменді Қазақстан. – 3 шілде, 2010.


# МЕКТЕПТЕ БАЛАНЫ ДОМБЫРАҒА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


**Смагулова Ж. Ж.**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Қоғамдық гуманитарлық бағыт пәндері»
зертханасының ғылыми қызметкері



**Аңдатпа:** Мақаланың өзектілігі жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды ұлттық құндылықтарды дәстүрлі домбыра өнерімен ұштастыра отырып, ұрпақ бойына сіңірудің алғашқы қадамы ретінде тәрбиелеудің әдістемелік-теориялық аспектілерінің әзірленуімен байланысты. Мақалада жалпы білім беретін мектептерде ұлттық құндылыққа тәрбиелеу қазіргі заманың талабына сай, әрбір балаға қолайлы тәрбие беру қарастырылады.

**Аннотация:** Актуальность статьи связана с разработкой методолого-теоретических аспектов обучения учащихся общеобразовательных школ как первого шага привития национальных ценностей с помощью традиционного искусства домбры. В статье воспитание национальных ценностей в общеобразовательных школах рассматривается в соответствии с требованиями современности, обеспечивающими достойное образование каждому ребенку.

**Abstract:** The relevance of the article is connected with the development of methodological and theoretical aspects of teaching students of general education schools as the first step in instilling national values with the help of the traditional art of dombra. In the article, the upbringing of national values in general education schools is considered in accordance with the requirements of the present, providing a decent education for every child.


Халқымыздың әлдилеген әнінен күмбірлеген күйіне дейін тұнып тұрған ұлттық сана-сезім бояуға қанық өнеріміздің құдіреті асқақ екені айдан анық. Ұлтымыздың болмысы баяндалып, тіршілігіне әр берген қазақ домбырасының абыройын асқақтатып, мәртебесін биіктету үшін бүгінгі таңда қанша еңбек жасалуда. Ұлттық құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңірудің алғашқы баспалдағы әулеті және соның қалыптастыру бізге аманат. Ол аманат ұлттық салт-сана, дәстүрлі өнер, ұрпақ алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух деп, осы сөзге барлық ойды сыйдырсақ болады, халқымыздың жан серігі болған ән-күйлері, термесі, жыры, қисса мен халықтың музыкалық шығармашылығының негізінде жас ұрпақты адамгершілік рухта, музыкалы-эстетикалық нәзік сезімге тәрбиелеуде үлкен рөл атқарып отыр. Ұлан-байтақ далаға, құс ұшырса қанаты талатын қазыналы жерге ақыл-парасат, ойлы да арлы адамгершілік қасиеттері бар, ұлттық құндылыққа бай ұрпаққа мұра етіп қалдырған.

Ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Оларға мәдениет, шығармашылық, рухани байлық сынды қасиеттер жатады. Егер саналы әрбір азамат өз мүддесін қоғам мүддесіне айырбастаса, *ұрпағымыздың санасынан құндылықтарымыз* мықтап орын алады. Заманауи мәдениетті жете таныған бала ұлттық дәстүріміздің түп бастауы мен қайнары; халық музыкасына (халық әні, халық күйлері, аңыз күйлер, айтыс өнері, жыраулық дәстүр), яғни, төл өнеріміздегі құнды қазынамызға қанып, сусындап өседі, сонда біз Отаншыл, мемлекетшіл ұрпақ тәрбиелейміз. Өзіміз үлкен қалаларда өмір сүріп жатсақ да, балаларды дәстүрлі әдіс бойынша тәрбиелеуді жолға қойсақ, өз құндылығын өзі ұрламайтын, рухы мықты ұрпақ тәрбиелемекпіз. Қазіргі таңда баланың күнделікті өмірімен айналасы музыкаға толы заманда өмір сүріп жатырмыз, маңайымыздың бәрі дерлік цифрланды десек те болады. Бұл теледидар мен әртүрлі интернет желісі, әлеуметтік желілер мен түрлі контенттер мен трендтер және музыка аспаптарының кем дегенде бір түрінің кез келген үйден кездесуі. Осылардың өзі мәдениетіміздің өскенін, музыкамен айналысуға әркімнің де мүмкіндігі барын, талап-талғамының артқанын дәлелдейді. Ән және музыка баланың көңіл серігіне айналып, оларды шаттыққа бөлеп, жігерлендіріп, талаптандырып, қанаттандырады [1].

Дәстүрлі музыкамыз арқылы этномәдени білім беру жалпы білім ауқымында көп нұсқалы және бейімділікті өркендетуге, гуманитарлық бағдар жасауға, олардың білім мазмұны арқылы ұлттық тәрбие мен білімді ғылыми негізде тұтас қабылдауына жол ашу. Болашақта бұл білім мазмұнының бір нысаны сапасында болса қуанарлық жайт болар еді. «Алдымен бұл мәселе нені көздейді?» - деген ойға жауап беріп көрейік. Балаларға шығармашылық тәрбие беру, дәстүрлі өнер арқылы көркемдік талғамын дамыту оларды шығармашылық әсерленуге жетелейді.

Ықылым заманнан бері халқымыз балаларын әртүрлі өнер түрлеріне баулып өсіргені соның дәлелі. Ән салу өнері сол заманнан бері көптің ортасына жылдам жетіп, кең таралатын өнердің ең түсінікті және көне түрі және қоғамды дамыту құралы ретінде пайдаланған. Әншілік өнер әншінің дауыспен орындауы, музыкалық шығарманың образды-идеялық мазмұнын әнші дауысының мәнерімен, күшімен жеткізу және ашу өнері. Осы өнерді дамытып келе жатқан халқымыз өзінің сан қырлы әншілік дәстүрін ғасырлар қойнауынан аялап, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Әр аймақтың, әр өлкенің өзіндік әйгілі ұстаздары, әншілері, композиторлары, суырып салма ақындары өздерінің бойына сақтаған ата-бабаларымыздың музыкалық дәстүрін жас ізбасарларына, шәкірттеріне үйретіп, бойына сіңіріп, қалдырып отырды. Олар шәкірттерін әр шығарманың өзіндік ерекшелігін тыңдаушының сезімінің пернесін дәл басқандай етіп жеткізе білуге, орындау мәдениеттілігі мен дауысты жоғарғы шеберлігіне үйретеді. Осы орайда, халқымыздың заманауи ұлттық құндылықтары, ата-бабамыздан қалған көне салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен келетінін ұмытпауымыз керек.

Бала тәрбиесін ұлттық құндылықтар негізінде жетілдіру, қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі. Әрбір жас ұрпақтың жеке тұлғалық сапалары жан-жақты дамыту үшін музыкаға бейімдеу интеллектті дамытудың да бір жолы іспеттес. Мектептерімізде білім алушыларымызды рухани құндылықтарға, көркем шығармашылық әрекеттерге тарту басым бағыт алуда [2].

Қазақ халқының рухани адамгершілік құндылықтары ұлттық тәлім-тәрбиемен тығыз байланысты. Ұлттық құндылықтарды айтар болсақ еліміздің соңғы жылдарындағы жастардың X, Y және Z ұрпақтары екенін ойласақ, олардың әртүрлі гаджеттер мен қалаған контенттерге байланғанын ескерсек, олардың еркін өсіп, өз ойларына байланған балалар екенін жасыра алмаймыз. Осы орайда біз мектеп қабырғасынан балаларды халқымызды аса құнды байлығы домбыра аспабына іңкәрлігін оятуымыз парыз. Бұл домбыра аспабы арқылы халқымыздың фольклорымен сусындап, сол арқылы салт-сана мен адамгершілік құндылықтары бала бойына сыналап кіріп орын алады. Домбыра – ертеден келе жатқан қазақ халқының музыкалық аспабы, қазақтың қасиетті дүниесі. Өскелең ұрпақтың жан-жақты білімді болуы, эстетикалық талғамының жоғары болуына, жалпы адамгершілік, имандылық қасиетінің дамуына бұл аспаптың тигізетін әсері мен рөлі өте зор. Оны тарта алмаса да, қадірлей білсе, баланың бойына халықтың рухани байлығы, дүниетанымы домбырамен сіңеді. «Домбыраның сырлы

сазына ауызданбаған бала, уызына жарымаған көтерем қозыдай болады» - деп халқымыз керемет сөз қалдырған. Осы аспаптағы кереметтей өнер түрлері өте көп. Атап айтар болсақ айтыс, жыраулық өнер, күй қайнары халқымыздың көне тарихы мен болмысына тығыз байланған. Аталған ұлттық асыл мұрамызды жас ұрпақтың санасына ұлттық бренд ретінде кіргізе аламыз [3].

Кішкентайынан белгілі бір балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнауға бейім болса ерте бастан мидың маңдай бөлігі мен шығармашылығын дами бастайды. Балаларды ұлттық өнерге жетелеудің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жаңаша қарастырған жөн. Оларды әртүрлі домбыра және ұлттық аспаптардың сүйемелімен қарапайым әндерді салуға жетелеудің жолдары осы анық та айқын жолдардан басталса жұмыс дұрыс бағытта дамиды.

Қазақтың бағына туып, қыруар қазына қалдырған небір суырыпсалма ақын, от ауызды жырау, дәулескер күйші, күміс көмей әншілеріміздің өнеріне тәнті қылып баули үйрету, мектептегі музыка пәні құзырына берілу керек. Ғасырлар кереметтерімен үндескен, тарпаң тағдырлы күн кешкен кемеңгер ғұламаларымыздың өнерін паш ету міндетіміз. Осы ретте дәстүрлі әндерді заманға сай эстрадалық бағытта орындап жүрген аз емес. Бұл халықтың дәстүрлі өнерінің барлығына да қатысты айтылған сөз. Сонымен қоса дәстүріміз жаңарып жаңашаланып отыруы керек. Әр уақыттың өзіне сай сазы және сол уақыт шеңберінде өнер тудырушысы, сондай-ақ сол өнердің тыңдарманы болады. Өнеріміз жаңа сипатқа ие болу арқылы да ол өз маңызын одан әрі тереңдете түседі. Әрине бұл жерде негізгі түр-бірін түбегейлі өзгерту деген сөз емес. Қайта сол саф алтындарымызды түбін сақтай отырып жаңа сипат берсек, ешқандай айыбы жоқ. Заманға сай әр шығарманы өңдеп, түр мен түсін жоғалтпай, жаңа деммен, жаңа нұсқасымен насихаттап, жаңа қырынан таныта беру керек. Жыр термелерді қазіргі заманға лайықтап эстрадалық нұсқада орындау арқылы да бұл өнерді дамытып, жаңа тыңдарманын қалыптастыру заман талабы.

Жастайынан баланы өнерге баулып, оны осы қайнар бұлақтан сусындата отырып ұлттық құндылықтарға бойлату. Ал, ән айту өнері бұрыннан келе жатқан өнер. Қазіргі уақыттағы вокалдық педагогикамен астастыра отырып өнерге көзқарастарын қалыптастыру. Әртүрлі жастағы балалардың ән айту ерекшеліктерін зерттей келе, дұрыс ән айтуды, олардың табиғи дауыстарын сақтап, әрбір оқушының әншілік дауыстарын дамытуда қамтамасыз ету.

Қазақта адам өмірге келгеннен бастап «Бесік жырымен» әлдилеп қарсы алып, дүниеден озарда «жоқтауымен» шығарып салуынан өмірімізде қатар жүретін әннің салмағын бағалай беруге, Абайша айтса,

*Туғанда дүние есігін ашар өлең,*
*Өлеңмен жер қойнына кірер денең...*

деп бір ауыз сөзбен түйіндеуге болады.

Қазақта ән айту кеңінен орын алғаны соншалық олар тұрғылықты жеріне байланысты аймақтық ерекшелікке бай өнер. Оларды сан түрлі саңлақтары өнер айдынында өз қолтаңбаларын сызып кеткен.

Атап айтсақ Арқа мен Жетісу және Батыс мектептері. Соның ішінде арқадан шыққан Біржан сал, Ақан сері, Майра Уәлиқызы, Шашубай өнерлерін үлгі етіп кәсібилікке баулыған –Жүсіпбек Елебеков, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосыновтар, бұлардан өзге, ән өнерінде ерекше із қалдырған әншілер жолы жалғасуда.

Бұлардан өзге мектептерде де Ғарифолла Құрманғалиев, Қали Байжанов, Әміре Қашаубаев, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Байғабыл Жылқыбаев, Манарбек Ержанов, Жамал Омарова, Рабиға Есімжановалардың есімдері өнер сүйер қауымға кеңінен таныс. Олардың әндері де еркін ырғақпен айтылып, басқа мектептерге қарағанда диапазон мүмкіндігі мейлінше кең болады. Осы жоғарыда атап өткен керемет күміс көмей әншілеріміз бір ғана домбырамен және сырнайлатып өнерлерін жарты әлемге паш етті емес пе. Тарихтан белгілі, қазақтың сал-серілері де екі не үш ішекті домбыраны серік еткен. Домбырамен сүйемелдеп ән айту сол кезден ақ шеберліктің шыңы саналған. Киелі қара домбыра мен қобыздың сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі әндер кең диапазон, күрделі ырғақ -иірімдерімен ерекшеленеді. Әрине, қазақтың дәстүрлі әндері тек домбыра, қобызбен шектелмесі анық.

Жетігенмен, сыбызғы, шертер, адырнамен ән айту өнері қазірге таңда сейілсе де бұрын ел ішінде, ұлт арасында да жалғасып жатты [1].

Сонымен, адамның дауыс аппараты ең үлкен байлық, оны күтіп, қадағалап, сапалы түрде қолдану керек, дұрыс ән айту тәрбиесі – дауысты қорғау болып табылады. Жұмыс нәтижелі жүру үшін әлбетте біз дауыс бұлшық еттері толық дамып бітпеген балалардың дауыс қатпарларының толық ашылмауына және дауыс диапазонының түрлеріне назар аударамыз. Осы өнер ақылы олардың кішкене жүректеріндегі әдемілікке, әсемдікке іңкәрлігін оята аламыз.

Адам өмірінде болатын әр қуанышты сәттерге дайын тұратын тамаша дәстүрлерімізді сақтаудың өзі адамгершіліктің айнасы. Соның ішінде қасиетті халқымыздың рухани жәдігерліктерінің бай мұрасының бірі – дәстүрлі әндер. Музыка зерттеушілерінің айтуына сүйенсек бес мыңнан аса күй, он екі мыңға жуық ән бар көрінеді. Сол кәусәр бұлақтан су ішкізгендей әнге баулу ұрпақтың өзінің кім екенін ұмыттырмау деп айта аламыз.

Аспапты меңгеруге бейімдеудің бала дамуына да қосар үлесі бар екенін ескерсек, бала кішкентайынан белгілі бір балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнауға бейім болса ерте бастан мидың маңдай бөлігі мен шығармашылығын дами бастайды екен. Сондықтан ата-баба жолымен кез келген сыныптың бала санына қарамай домбыра қағыстарын көзбен көріп, әуенін құлақпен ілу арқылы баулуымыз қажет. Балаларды ұлттық өнерге жетелеудің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жаңаша қарастырып үйретуге бейімдеудің арқасында оларды, миы мен қоса рухани яғни құндылықтарға бай етіп өсіреміз. Оларды әртүрлі домбыра және ұлттық аспаптардың сүйемелімен қарапайым әндерді салуға жетелеудің жолдары осы анық та айқын жолдардан басталса жұмыс дұрыс бағытта дамиды.

Бала тәрбиесін ұлттық құндылықтар негізінде жетілдіру, қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған ауқымды істердің бірі. Әрбір жас ұрпақтың жеке тұлғалық сапалары жан-жақты дамыту үшін музыкаға бейімдеу интеллектті дамытудың да бір жолы іспеттес. Мектептерімізде білім алушыларымызды рухани құндылықтарға, көркем шығармашылық әрекеттерге тарту басым бағыт алуда.

Дүниежүзінде саф өнер кейін қалып, жолдан қосылып сана улар бұралқыларының жолы болып тұр. Оған түрлі әсерлер бар. Қазақтың көне замандардан келе жатқан текті өнері атадан балаға мирас болып жетті. Көздің қарашығындай сақтаған құндылықты үздіксіз дәріптелсе де, санада сақталып, керек кезде жаңғырып отырады емес пе. Сондықтан мақсат айқын, көлденең келген бұралқыны емес, өз өнерін таңдар ұрпақ қалыптастыру керекпіз. Бітелген уланған сананы қайта жаңғыртқаннан гөрі оған жастайынан, ұлттық өнерді ұғынатын таным мен зерде құю маңызды. Осы орайда жеті атасынан жыраулық дәстүрді насихаттап, дәріптеп қана қоймай ұстанып келе жатқан ұрпақ өкілдері арамызда кездеседі. Саф өнерден алар мол нәріміз бар екенін ұмытпайық. Жыраулық өнердің тыңдаушысы болу да үлкен тәрбиесі мол мектеп десек артық айтпаймыз, оның сыртында осы айтыс өнері мен жыр жаухарларынан орындауды үйренсе балалар сөз қадіріне де жетері анық.

Күйдің бейнелеу құралы сөзсіз дыбыс болғандықтан, тыңдаушысын ең алдымен әуендік, дыбыстық тілмен баурайды. Күй тыңдаушы күйдің әуендік, дыбыстық тілін іштей жорып, алуан түрлі сезіммен әсерге бөленеді.

Мысалы: күйді «сөйлейді» деп айтылуы тегін емес. Бұл мысалдан - музыканың, оның ішінде күйдің де сезімдік тілі өмірдің өзіндей шексіз дегенге саяды. Неғұрлым музыканың ұлттық төлтума тілі айқын болса, неғұрлым сол төлтума тілге тыңдаушының құлағы қанық болса, яғни музыканың ұлттық тіліне жүйрік болса, соғұрлым музыка мен тыңдаушы арасындағы сезімнің тілі бай болмақ.

Сонымен қоса, домбыра үйрену әдістемесі ғасырлар бойы қалыптасқан күй үйрену тәжірибесінің қағидаларымен тығыз байланыста болуы керек. Халқымыздың дәулескер күйшілері қалдырған күй үйрену тәжірибесінің негіздерін жинақтап, қазіргі домбыра үйренудің жүйелі әдіс-тәсілдерін жасап, домбыра үйренудің болашақтағы бағыт-бағдарын анықтап алуды өмірдің өзі талап етіп отыр.

Жалпы күйшілігіміздің де өнердің сан ғасырлық даму тарихы бар. Ол сонау Қорқыт бабамыздан бастау алатыны белгілі, содан бастап ұлы халық күйшілері өзінен-өзі пайда

болмаған. Осы орайда домбыра тартуда халқымыздың сан ғасырдан бері келе жатқан өңірлердегі *төкпе* және *шертпе* тәрізді дәстүр қалыптасса, сол екі мектептің айырмашылығы қағыс түрлерінде екенін ескере отырып үйреткен абзал.

Қазақ халқының дәстүрлі домбыра үйрену мектебінде аспапты меңгеруде түрлі әдіс - қағыстарды суреттейтін көптеген түсініктер бар. Осы сөздердің көбі дәстүрді сақтау және болашаққа алып барудың керектігінен туған және күні бүгінге дейін *ауызша* үйрету жүйесінде белсенді түрде қолданылып келеді [1].

Домбыра аспабында орындалатын музыканың мазмұнын ашатын ең басты құрал – ол оның қағыстары екені естен шықпауы керек. Домбыраның қағысы – ән мен күйдің тілі. Сондықтан, оң қолдың қағысының неше бір түрлерін көрсететін, әрқайсысының белгілі бір өзіне тән аты бар. Осы тәсілдер арқылы ұстаздарынан тәлім алған шәкірттер мектебі жалғасып отырған, сол ұстаздардың арқасында қазақтың әншілік, жыршылық, күйшілік, шешендік, ақындық сияқты өнер түрлері қалыптасқан.

Осы халық өнерпаздарының өздері жасаған әдістемелік жүйесі бар екенінің дәлелі ретінде көптеген ұстаздарымыз бен өнерпаздарымыз өз әдістемелерін ойлап табуда.

Ең бастысы бұрынғы халық күйшілерінің күй үйрену тәжірибесінен үлгі алып домбыра арқылы құндылығымызды жоғалтпай, келер ұрпаққа табыстау.

Қазақтың домбыра өнері бүгінгі таңда екі бағыттағы яғни, ғасырлар бойы келе жатқан күйшілік өнер жолымен қазіргі кәсіби домбырашылар өнерін сабақтастыра үйрету.

Балаларымызға халқымыздың рухани талап-тілегін қанағаттандыра алатындай дәрежеде домбыраны серік қылу. Осы ретте музыка пәніне жүктелген жұмыс пен түрлі бағыттар мен әрекет түрлерінің нақты әрі ұтымды болуы шарт. Балаға музыкалық - ән ортасының іргетасын қалыптастыру. Әннің баланың өмірінде ерекше орны болуы шарт. Ән айту баланың табиғаты мен мүмкіндіктеріне сәйкес қолданылады. Күнделікті ән айту арқылы баланың ой - өрісін жақсарту, балаға бесік жырын, жұбату әні, ойнату әні барлығы балаға есте сақтау, есту, ырғақ, сөйлеуімен қоса интелектуалды даму дағдыларының қалыптасуына көмектеседі.

**Нәтиже**

Заманауи зерттеулер музыкалық аспапта ойнайтын адамның, басқаларға қарағанда неғұрлым тиімді жағдайда екенін айтып отыр. Кез-келген аспапта ойнау миды белсендіреді, Орындаушының физикалық және психикалық денсаулығын нығайтады. Музыкалық әуен қан қысымын қалыпқа келтіреді, стрессті азайтады, жүйке жүйесін тыныштандырады.

Баласы домбырада ойнайтын ата-аналар ақылға қонымды әрекет жасайды. Осы орайда, келесі жайтпен бөліскім келеді, швейцариялық ғалымдар музыкалық аспапта ойнайтын балалардың ұсақ моторикасы, зейіні жақсарып, жаңа білім тезірек үйренетінін анықтады. Эксперименттер музыканы оқыту әдебиет, тіл және математика бойынша оқу үлгерімін арттыруға көмектесетінін дәлелдеді. Соның нәтижесінде ол балалар алты айдан кейін артта қалған оқушылар құрдастарын қуып жетеді.

Бұл тек балаларға ғана қатысты емес. Ересектер музыкамен айналыса отырып, ақыл-ой қабілеттерінің өсуін және есте сақтаудың нығаюын атап өтеді. Мұндай хобби екі есе пайда әкеледі – өмір сапасын жақсартады және жасқа байланысты деменцияның алдын алады. Бұл туралы толығырақ тоқталайық.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері кез-келген жастағы музыкалық іс-әрекеттің пайдасы туралы гипотезаны растады. Бірнеше ай ойнағаннан кейін аспапта оң өзгерістер байқалады.

*Үйлестіруді жақсарту* (координация)- кез – келген кәсіби немесе әуесқой музыкант үшін дұрыс ойнау техникасы маңызды. Бұл қолдар мен аяқтардың қозғалысының дәлдігіне байланысты. Техникалық дағдыларды үнемі жетілдіру қажеттілігі тек қол мен көзді ғана емес, сонымен бірге жалпы үйлестіруді де дамытады. Музыкалық дайындығы бар спортшылардың өздерін сенімді сезінуі таңқаларлық емес.

*Когнитивті функцияны дамыту*- Канзас медициналық орталығының мамандары субъектілердің үлкен тобында когнитивті (танымдық) қабілеттерге зерттеу жүргізді.

Диагностика көрсеткендей, музыканттар жүргізген тест нәтижелері басқаларға қарағанда жақсы. Ғалымдар бұл мидың жоғары белсенділігінің салдары деген қорытындыға келді.

*Көңіл-күйді басқару-* музыка эмоционалды күйге әсер ете алады. Сүйікті шығармаңызды орындау қайғылы ойлардан алшақтатады. Музыкалық аспапта ойнай алатын адам эмоцияларын сындарлы бағытқа бағыттайды және денсаулығын сақтайды.

Домбыра үні- адамның рухани жан азығы. Айналаны қоршап тұрған дыбыс болса, ал оны жағымды әуендерге айналдырып жеткізетін - домбыра аспабы. Егер, қоршаған айналаның дыбыстары түгел жойылатын болса, онда адамдардың өмір сүру қабілетіне нұқсан келген болар еді. Мысалы, қазіргі үлкен қалаларда құстардың табиғи сайрауының жоқтығы үлкен ой салады,

Оқушысын аспапта дұрыс меңгерумен қатар өз бетімен дайындалуға үйретіп, музыкалық қабілетін үнемі арттырып, орындаушылық өнерге ынталандыру оқытушы үшін нәтиженің көзі болып есептелінеді.

Домбыра тартуда балада қол жылдамдығымен қоса оның ұсақ моторикасы жақсы дамиды, сол қол саусақтарының шеберлік жылдамдығын өсіру арқылы мидың сол бөлігі де өте жақсы дамиды.

Балалар домбыра аспабында ойнай бастағаннан бастап бойларын намыс пен парыз ойнайды деп ойлаймын.

Қорыта келгенде атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүрлі өнерімізді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеу ұрпақтан ұрпаққа жалғасар асыл қасиетіміз.

Бұл ұрпақтан - ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан талаптар мен үрдістер. Ол - қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез - құлқының, іс - әрекетінің рухани негізі. Әр халықтың дәстүрі мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел құндылықтарын сақталған ел.

Қазіргі таңда бұған дәлелдер және мектептер де көпшілік. Атап айтсақ; Назарбаев зияткерлік мектептері, «Көкіл» мектебі тағы басқа көптеген мектептер домбыраны білім алушыға біліммен қанаттастыра үйретіп отыр.

Қазақ халық аспаптарының пайда болуы жайлы қызғылықты аңыз-әңгімелерден тұрады. Сонымен қатар бүлдіршіндердің домбыра үйренуіне арналған жаттығулар беріледі, Қорқыт, Құрманғазы, Дина, Қазанғап сынды халық композиторларының шығармашылығымен танысып, домбыра аспабын меңгеруді жалғастыра түседі. Ақан – сері, Біржан – сал сынды халық әнші-композиторлардың лирикалық әндерімен қатар, қазақтың салт-дәстүрімен танысады, әрі қарай шіңкілдек, шертер, тұяқтас, дауылпаз сияқты аспаптардың басын қосып фольклор ансамблін жасайды. Оқушылардың сахнаға шығып өнер көрсетуі, олардың өз мүмкіншіліктеріне деген сенімін арттыра түседі. Сатылап айтыс өнерімен, оны жыраулық дәстүрмен танысумен жалғайды. 5 – сыныпта оқушылар 11 буындық қара өлең құрап үйренсе, 6-сыныпта жыраулардың ізімен өз терме - толғауларын шығарады. 7-сыныпта Еуропа мен Шығыстың классикалық өнерімен танысады. Оқушылар қазақтың дәстүрлі өнерінің үлкен түркі мәдениетінің бір бөлшегі екендігін біледі. Ең бастысы Қазақстанның қазіргі заман музыка өнерінің әлем мәдениетімен біте қайнасып жатқандығын жете түсіне бастайды.

Сөздің соңында *«Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да болмайды, жеміс те бермейді»,* - деген Бауыржан Момышұлының сөзімен келіспеске болмайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ғасырлар пернесі. Ахмет Жұбанов 51-52 бет. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы- 1965ж.

2. Қазақ күй өнері // https://massaget.kz/mangilik_el/sikyirlyi_saz/kuy/61220/ (25.10.2023)

3. Дәстүрлі әншілік өнер айтылуы және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты түрлі мектептерге бөлінуі // https://martebe.kz/dasturli-anshilik-oner-ajtyluy-zhane-khurylymdykh-erekshelikterine-bajlanysty-turli-mektepterge-bolinui/ (25.10.2023)

# ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ МУЗЫКИ

**Снигирева И.И.**
Учитель музыки КГУ«Гимназия им. А.М. Горького отдела образования города Костанай» УОАКО», г. Костанай, Казахстан.
**Остапенко Л. Г.**
Учитель музыки КГУ «Школа-лицей №1 отдела образования города Костанай» УОАКО» г. Костанай, Казахстан.

**Аңдатпа:** Мақалада жаңартылған білім беру жағдайында оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып, бағдарламалық материалдарды зерделеуге баса назар аудара отырып, сабақтың өзіндік нұсқасын жасауға мүмкіндік беретін "Музыка" пәні бойынша электронды құралдар берілген.

**Аннотация:** В статье представлены электронные пособия по предмету «Музыка», использование которых, позволит учителю создать собственный вариант урока, сделав акцент на изучение программного материала с учетом уровня подготовки учащихся в условиях обновленного образования. И проследить метапредметные связи с другими предметами.

**Abstract:** The article presents electronic manuals on the subject "Music", the use of which will allow the teacher to create their own version of the lesson, focusing on the study of program material, taking into account the students' level of training in the context of updated education.

Современный урок уже невозможно представить без использования компьютера. Цифровые технологии коснулись и сферы музыкальной деятельности – как профессиональной, так и любительской. И происходящие в ней преобразования поражают своей масштабностью и радикальностью. В современном уроке музыки наблюдается тенденция к систематическому использованию интерактивных технологий.

Цифровой инструментарий завоёвывает всё более уверенные позиции в музыкальном образовании. В детских музыкальных школах, школах искусств и других учреждениях дополнительного образования открываются классы и отделения электронного музицирования, данная деятельность эффективно внедряется и на уроках в общеобразовательной школе.

Каково предназначение синтезатора и компьютера на музыкальных занятиях? Они призваны облегчить процесс усвоения необходимых знаний, умений и навыков в традиционных сферах музыкальной деятельности или нужны для электронного музыкального творчества? Конечно, вопросов много. Не приведёт ли использование компьютеризированной музыки к снижению уровня музыкальной культуры? Электронная музыка, является элитарным направлением, ограниченным рамками поп- и рок-музыки, в большинстве случаев построенном на примитивных штампах. Несмотря на существование такой точки зрения, игнорировать процесс внедрения электронной музыки невозможно.

Е. Орлова в статье «Образование за рубежом» пишет: «В результате технической революции произошли кардинальные перемены в художественной сфере – возникло понятие цифровые искусства, обозначающие такие виды художественной деятельности, концептуальная и продуктивная фаза которых определяется цифровой средой.» [1]. Новые средства рождают и ранее не существующие художественные жанры, и формы (трёхмерная анимация, виртуальная действительность, интерактивные системы, интернет и т.д.)

Общество ещё не готово к кардинальным преобразованиям, и специалисты, сознавая все трудности и проблемы применения цифровых технологий, постоянно работают над новыми концепциями музыкального образования.

Учителя эстетического цикла, освоившие язык программирования, считают, что различие между цифровым изобразительным искусством и традиционным больше, чем между инструментальной и электронной музыкой.

Общеизвестно, что современные электронные инструменты обладают широким диапазоном возможностей. Во многом это обусловливается «эффектом новизны» электронного звука. Всё новое обычно спонтанно приковывает внимание человека и, как

следствие этого, лучше запоминается. Появление в музыкальном произведении партии необычного инструмента или изменение какого-либо тембрового компонента слушатель заметит почти наверняка, хотя, возможно, и не зафиксирует на этом внимание. Ванесса Мэй, Айман Мусаходжаева и другие современные исполнители являются примером того, как классика находит новое звучание с использованием электронной скрипки.

Музыка как школьный учебный предмет содержит не только познавательный аспект, но и, прежде всего, формирует эмоциональное состояние школьников. Цифровизация классической музыки передаёт звучание на более качественном уровне, позволяет использовать альтернативное звучание, что вызывает тем самым интерес к предмету и музыкальному искусству [2]. (Например, слушание и сравнение пьесы «Шторм» в исполнении Ванессы Мэй с III частью «Гроза» Второго концерта для скрипки с оркестром Антонио Вивальди).

Следует отметить, что непривычное звучание может погрузить слушателя в ассоциативный ряд, связанный с новыми ощущениями, или актуализировать старые, давно забытые эмоции. Это позволяет слушателю иначе взглянуть на окружающую реальность и обратиться к самому себе. Эффект новизны также стимулирует жизненные ресурсы человека, что даёт шанс ему более полно реализовать себя в творчестве. По-новому, свежо и ярко звучат народные мелодии в исполнении, или с дополнением, электронных инструментов. Например, видеоклипы на кюи великих мастеров инструментальной музыки Курмангазы, Даулеткерея, Казангапа в исполнении этно-рок группы «Ұлытау», этно-фольклорной группы «Туран» и др.

Возможность внесения нового звучание зависит от общего социокультурного контекста, его настроенности на определённый спектр эмоций и свободу самовыражения. Внесение в традиционную культуру элементов непривычных или неожиданных (незнакомый тембр, ритмический рисунок, необычная пространственная локализация и т.д.) подчас оказывает на неё стимулирующее воздействие и способствует возникновению новых духовно-творческих тенденций и направлений.

Классику можно преподнести интересно, с использованием новых возможностей.

Интересным ресурсом для более эффективного урока являются электронные продукты «Фредерик Шопен. Жизнь и творчество в ритме вальса». «Джоаккино Россини. Интерактивное жизнеописание великого мастера и кулинара».Компоновка материала позволяет использовать данные ресурсы учителю на уроке в игровой форме, так как представлена в виде поэтапного перехода, с элементами квеста.

В настоящее время учителя всё чаще используют на уроках электронные учебники. Например, электронный учебник Балтабаева Мурата Хамитовича по авторской программе по музыке «Елім-ай» [4]. Преимущество этого учебника комплексно-вариативный характер, что позволяет импровизировать содержание урока учителю самостоятельно. Недостатком программы можно считать то, что нет приложений для выбора методических приёмов и музыкального материала.

Учителя музыки города Костанай (Снигирева И.И. и Остапенко Л.Г.и др.) с целью систематизации учебного материала, создали ряд электронных продуктов для учителей музыки. Лицензионные программы и пособия, созданные учителями, позволили собрать программный материал в единый ресурс, используя который, каждый учитель может создать собственный вариант урока, сделав акцент на изучение программного материала с учетом уровня подготовки учащихся.

В связи с этим появилась возможность разнообразить урок, сделать его интереснее, содержательнее, доступнее.

Общий список, лицензированный работ:

– «Әнімді саған арнаймын, Қазақстан!» на государственном языке - ноябрь 2011;
– «Методические рекомендации. Музыка. Здоровье. Психология» - февраль 2012
– «Музыка» электронное пособие для учителя музыки общеобразовательной школы» – март 2012
– «Электронное пособие по предмету «Музыка» (1 классы) – февраль 2014

– «Музыкальное творчество Востока» – 2016;

– «Электронный сборник дидактических материалов для учащихся шестых классов по обновлённому содержанию предмета «Музыка»», «Музыка 6 класс» электронное пособие для учителя общеобразовательной школы в рамках обновленного содержания образования» - июнь 2019

– Обновлённые электронные пособия «Методические рекомендации. Музыка. Здоровье. Эмоции» и «Музыка для 6 класса» - май 2022 года.

Электронное пособие *«Әнімді саған арнаймын, Қазақстан!»* создано коллективом учителей города Костанай (Остапенко Л.Г., Снигирева И.И., Сарана И.А., Рсмагамбетова Б.Р., Абишева А.К.) по результатам систематизации музыкального материал по казахской музыке: народной и композиторской, инструментальной и вокальной. Даётся краткая биографическая справка о музыкантах и народных инструментах. Включён материал по деятельности костанайской филармонии: солисты, ансамбли, оркестры. Простота навигации даёт возможность использовать на уроке любой объём произведения.

*«Методические рекомендации. Музыка. Здоровье. Психология.»* (составители Остапенко Л.Г., Снигирева И.И.) В методических рекомендациях на электронном формате представлены музыкальные материалы по сопровождению урока. В данных рекомендациях содержатся интересные и занимательные упражнения, направленные на активизацию и релаксацию психоэмоционального состояния учащихся.

*«Музыка» электронное пособие для учителя музыки общеобразовательной школы»* и *«Электронное пособие по предмету «Музыка» (1 классы)* (авторы-составители Снигирева И.И., Остапенко Л.Г.)

Пособия являются результатом обобщения и систематизации накопленного музыкального материала педагогов. Главной целью данного электронного пособия является оказание помощи учителю в проведении грамотного современного урока, используя информационные технологии.

Пособие состоит из разделов:

1. Введение. Содержит информацию об авторах-составителях и сведения о пособии.

2. Презентации – составлены к каждому уроку музыки с 1 по 4 класс и распределены по классам и четвертям. На каждом уроке прослеживается линия работы по знакомству с классическими произведениями и их авторами, народной музыкой, музыкальными инструментами и песенным материалом как в звучании с голосом, так и под фонограмму «минус». Презентации содержат в себе текстовую, визуальную, звуковую информацию, что позволяет задействовать в учебном процессе все виды памяти учеников. Музыкальный материал по слушанию музыки и пению расположен как в звуковой ссылке, так и внутри презентаций.

3. Аудио архив - содержит весь музыкальный материал по программе с учётом содержания учебников. Особенно актуален данный раздел при повторении тем четверти, на уроках-концертах, во внеклассных мероприятиях

4. Видео архив используется для удобства работы с пособием. Ознакомившись с материалом, легко найти дополнение и обогащение методического материала урока.

Систематизация всех блоков на одном носителе позволяет сократить урочное время на переключение при смене разделов урока. Материал изложен в доступной форме. С помощью навигатора легко и просто можно перемещаться по разным разделам пособия, поэтому использовать его может любой начинающий пользователь персонального компьютера. Электронный продукт создан в AutoPlayMediaStudio.

*«Музыкальное творчество Востока».* Этот электронное пособие содержит систематизацию музыкального материала по странам Востока по 4 разделам: Индия, Китай, Япония, Корея. С его помощью учитель легко может сравнивать и анализировать музыкальное искусство восточных народов.

Одна из работ, прошедших 2019 году областной экспертный совет - *«Электронный сборник дидактических материалов для учащихся шестых классов по обновлённому*

*содержанию предмета «Музыка»»*, позволяет учащимся проверить свои знания. Он представляет собой современный «тестёр» состоящий из введения, дидактического материала и используемых ресурсов. Дидактический материал представлен тремя блоками:

1. Интерактивные тесты
2. Презентации - тесты
3. Дидактические игры «Угадай мелодию»

Интерактивные тесты позволяют обеспечить объективный контроль знаний учащихся, обеспечивая при этом возможность получать новую информацию.

Ещё одна совместная работа 2022 года (Снигирева И.И., Остапенко Л.Г.) – *«Музыка 6 класс» электронное пособие для учителя общеобразовательной школы в рамках обновленного содержания образования».* Данный электронный ресурс состоит из нескольких разделов. Есть аудиоархив, видеоархив, материал по нотной грамоте, дополнительный материал по композиторам и инструментам и нотный материал по классическим произведениям в облегчённом варианте.

Учитель может использовать данные материал так, как считает нужным. В данном пособии собрана музыка по четвертям и темам уроков. Это и музыка народов Казахстана – кавказских народов, славянских, тюркских (кыргызская музыка, уйгурская, татарская, туркменская, узбекская), музыка народов мира, современная музыка новых течений. Подбор музыкального материала позволяет учителю использовать его в любой последовательности вне зависимости от этапов урока.

При создании пособия было учтена возможность использования музыкального и видеоматериала в свободном доступе. Простая навигация позволяет учителю с любым уровнем владения информационно-коммуникационными технологиями воспользоваться данным электронным ресурсом.

Использование вышеописанных электронных ресурсов интерактивных технологий по мнению учащихся и учителей заметно повышает мотивацию учащихся к урочной деятельности, качество обученности, заинтересованность и вовлечение в содержание программного материала.

Саморефлексия, проводимая учителями на уроке, позволяет сделать вывод о том, что учащиеся развивают такие навыки, как самообучение, умение работать в группе, слушать и слышать себя, вести диалог. Эти навыки способствуют эффективной адаптации учащихся в социуме.

Обогащение музыкальной учебной деятельности за счёт применения современных информационных технологий способствует решению проблемы приобщения к музыкальному творчеству и музыкальной культуре в целом.

Оснащение школ на данный период уже даёт возможность внедрять новые электронные технологии во всех учебных учреждениях, поэтому осваивать и быть готовыми к применению этих технологий необходимо всем педагогам, не зависимо от возраста и опыта работы.

Как сказал Махатма Ганди «Хочешь изменить мир - начни с себя!» Изменения, происходящие в школьной практике, зависят от учителя.

**Список использованных источников**

1. Орлова Е. Образование за рубежом / «Музыка в школе» №4 2000.– с.10
2. Никитин О. Электронная музыка глазами психолога/ «Музыка и электроника» №6 2001. – с.65
3. Балтабаев М., Кишканбаев Т., Утемуратова Б. Программа по музыке «Елім ай». – Алматы: Өнер, 1990 – с.5-9
4. Кабалевский Д. Б. Как рассказывать детям о музыке? – Москва: Просвещение, 1986. – с.191

# МУЗЫКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ «СОФТ МОЦАРТ» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

**Султанова М.С. - п.ғ.к., доцент, Уразалиева М.А. – п.ғ.к., проф.м.а**
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Мақалада музыканы оқытудағы ғылыми жаңалық, ғылыми жетістік ретінде автор Елена Хайнердіңұсынған «Soft Mozart»бірегей инновациялық жүйесінің мазмұны, оның негізгі бағыттары мен ерекшеліктері қарастырылады. Жоғары оқу орнына музыкалық білім берудің оқу үдерісіне пайдалануға тиімді, мүмкіндіктері ұтымды, білім алушылар үшін маңызды деп саналатын бағдарлама мазмұны талданады.

**Аннотация:** В статье рассматривается содержание уникальной инновационной системы «Soft Mozart», предложенной автором Еленой Хайнер как научное новшество, научное достижение в преподавании музыки, ее основные направления и особенности. Анализируется содержание программы, которая считается рациональной по возможностям, значимой для обучающихся, эффективной для использования в учебном процессе музыкального образования вуза.

**Abstract:** The article examines the content of the unique innovation system "Soft Mozart", proposed by the author Elena Heiner as a scientific innovation, a scientific achievement in music teaching, its main directions and features. The content of the program is analyzed, which is considered rational in terms of capabilities, significant for students, effective for use in the educational process of music education at the university.

Жаһандану заманында білім беру парагдигмасындағы түбегейлі өзгерістер, оқыту жүйесі мен әдіс-тәсілдердің жаңалануы ойлау қабілеті ұшқыр, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, кәсібінің қыр-сырын жақсы меңгерген құзыретті мамандарды даярлауға аса назар аударуда. ҚР ЖОО-ры әлемнің алдыңғы қатарлы білім мекемелеріндегі озық үлгідегі пәндерді оқу үдерісіне енгізу арқылы жас ұрпаққа жан-жақты да сапалы білім беруі ағартушы-ғалым Ш.Уәлихановтың «...Европалық, адамзаттық білімді игеру және оған жету жолындағы барлық кедергілермен батыл күрес – даму мен мәдениетке қабілетті әр халықтың түпкі мақсаты болуы керек» [1], - деп кезінде айтылған саналы ой-байламымен үйлесім тапқандай. Білім беру мазмұнын қалыптастырудың бүгінгі жағдайы оның бір жағынан, қалыптасқан педагогикалық дәстүр мен үлгілерді қоғамның әлеуметтік мәдени негіздері ретінде сақтауды қамтамасыз етсе, екінші жағынан, білім беру саласына заман талаптарына сай мақсатты өзгерістер енгізу арқылы қайта жаңартуды қамтамасыз етуге мүдделі екендігін көрсетіп отыр.

Құзыретті мұғалімдердің нені білуге және үйренуге тиіс екендігін анықтау қарапайым міндет емес, мұғалімнің іс-әрекетіне нақты бағдар беретін бір ғана әдіс-тәсіл бар деп те айта алмаймыз. Алайда, қолданыстағы халықаралық деңгейдегі бағдарламалардың қалай жұмыс істейтінін зерделеп, музыканы оқытудың жаңа бағыттары мен негізгі базасын анықтауға мүмкіндік береді. Оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру арқылы субъект-субъектілі қарым-қатынасты орнатуды, авторитарлық үдерісті бірлескен ынтымақтастық үдеріске ауыстыруды, диалогтық оқыту арқылы барлық оқушының іс-әрекетін белсенді етуді, балалардың ішкі мүмкіндіктерін ашуды, оқудағы ерекшеліктерді түсінуді, көптеген тәсілдердің, мәдени әсер мен мінез-құлық, дағдының, қызығушылық пен оқыту амалдарының болатынын жете түсінуді негізгі мақсат ретінде айқындауымызға болады.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады», - дегендей, музыканы оқытуда, фортепианоны өзбетінше меңгертуге шабыт беретін «Soft Mozart» («жұмсақ Моцарт») музыкалық оқыту жүйесі қабылдау мен жүйелік тәсіл заңдарына негізделген ғылыми платформаға ие.

Ежелгі грек философы Платон музыканы басқалардан бұрын үйрену керек негізгі оқу пәні деп атағаны кездейсоқ емес. Музыкалық тіл негізінен жан-жақты. Бұл абстрактілі (ноталар) мен нақты (қабылдау), логика (грамматика) мен сезім (интонация), уақыт (импульс пен ырғақ) пен кеңістік (дыбыс биіктігі) арасындағы тепе-теңдікті дамытудың ең тиімді құралы. Музыкалық тілді үйрене отырып, бала көптеген маңызды білім мен дағдыларды алады – барлық салаларда білім мен дамудың тірегі. Музыкалық сауатты балалар барлық мектеп

пәндерін оңай меңгереді. Ол арқылы біз еш қиындықсыз көптеген басқа мәселелерді шешеміз» деген. Шығыстың ұлы ғұламасы әл-Фараби «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ырғақтардың классификациясы» т.б. трактаттарында музыка теориясы, музыкалық композиция, дыбыстың физикалық қасиеттері, дыбыстың шарықтау шегі, биіктік, ұзақтық, тембр туралы қомақты ой-пікірлер білдіре отырып, ғылыми тұрғыда музыка физика-математикаға жақын, өнер ретінде поэзиямен туыстас екендігін жеткізеді.

Музыканы оқытудың жаңа тәсілінің авторы, американдық музыкатанушы Елена Хайнердің пайымдауынша, «Soft Mozart» - музыкалық сауатсыздыққа қарсы күрес және музыкалық ойлауды дамыту бойынша жақсы ойластырылған және мұқият жүйеленген бағдарлама, бұл музыкалық білім берудің бастапқы құралы ретінде фортепиано арқылы білім алушылардың дарындылық дәрежесіне және олардың интеллектуалдық деңгейіне қарамастан халықтың барлық топтары үшін музыкалық тілді оқыту жүйесі» [2]. Гвидо Аретинскийдің трактаттарына сүйене отырып, Е.Хайнер заманауи технологиялардың көмегімен нота жасаушының бастапқы жоспарының жалғасын жасай алды. Е.Хейнердің музыкалық сауаттылыққа үйретудің тиімді жолдары туралы зерттеулері Ресей Федерациясындағы бірқатар ғылыми басылымдарда баяндалған. Бұл жүйе әлемнің 60 елінде сынақтан өткен. Ресей халық әртісі, пианист Юрий Розумның пікірінше, «жұмсақ Моцарт» кеңестік музыкалық білім беру жүйесіндегі жетіспейтін визуалды-интерактивті буын [3].

Музыканы оқытудың бірегей инновациялық жүйесі - «Soft Mozart» ғылыми жаңалық, ғылыми жетістік ретінде Оксфордта куәлендірілген, Римский-Корсаков атындағы Санкт-Петербург консерваториясы мен Герцен атындағы университетпен мақұлданып бекітілген. Музыка мен фортепианоны оқытудың ең тиімді тәсілі ретінде бағдарлама екі жастан бастап, музыкалық мектептерде, үй жағдайында музыканы оқытуда, мүмкіндігі шектеулі «ерекше» балаларға, кәсіби мамандарды даярлауда өте тиімді. Автор Е. Хайнер жалпы музыкалық білім беру мәселелерін жан-жақты талдай келе, «Бүгінгі таңда «жұмсақ Моцарт академиясы» - музыка мен музыкалық сауаттылықты оқытудағы нәтижеге кепілдік беретін жалғыз музыкалық мектеп», - деп тұжырым жасайды [3].

Бағдарлама бірегей симметриялық жүйе болып танылады, яғни ноталықстан кеңістігі мен клавиш сызбасының өзара тығыз байланысын көрсетеді. Сызба, кеңістік және клавиштер бір-бірінің жалғасы іспетті. Дәл осы тығыз байланыстылықты көрсету үшін Е.Хайнер ноталықстанды кілтімен жоғары қарай айналдырды. Бұл тәсілдің жаңалығы оқушының көрнекі қабылдауына сүйенуінде болмақ. Е. Хайнер әдісінің музыканы оқытудағы барлық басқа тәсілдерден басты айырмашылығы мынада: барлық қолданыстағы әдістер оқушыдан не ойнайтынын іздеуді талап етсе, ал «Soft Mozart» жүйесі оны бірден көруге мүмкіндік береді.

Бұл әдістеменің бірегейлігі сонда, кез-келген жастағы алғашқы рет музыкалық аспапты меңгере бастаған оқушыға өзіне деген сенімділігін арттырып, өзін-өзі реттеуге, дамытуға мүмкіндік береді. «Ғылым – өлшем жасаған уақытта басталады» (Д. Менделеев) дегендей, бағдарлама нота мәтінін оқу барысында нақты сандарды өлшейді, ол да болса мұғалімге оқушының даму дағдыларын көруге мүмкіндік береді. Яғни қол-көз кідірісі (ЗМЗ) Е.Хайнер әдістемесінің ең маңызды бөлігі екенін және оның басқа бағдарламаларда баламасы жоқ екенін атап өту қажет, яғни «оқушы» фортепиано аспабында ойнау уақытын өз бетінше қадағалап, дәл өлшей алады, осылайша музыкалық сауаттылықты, оның орындалуын дербес игеріп, дамыта алады.

«Егер сен музыканы түсініп сүйгің келсе – оны ыждағаттықпен тыңдай біл! Кейін сен оны міндетті түрде ұнататын боласың, бірте-бірте өзің белгісіз мезетте қалай үйренгеніңді де сезбей қаласың, жақсыны жаманнан айыра алатын боласың. Осылай сенде тамаша талғам пайда болады», - деп Д.Шостакович [4] айтқандай, қарапайымнан күрделіге, жалпыдан абстрактіге дидактика принципіне негізделген, бірнеше ойын модульдерінен тұратын оқу бағдарламасы ноталарды оқу, фортепианода ойнау, музыкалық есту қабілеті сияқты қабілеттерін дамытуға бағытталған:

1. ***Gentle Piano –*** электрондық оқулық-хрестоматия, фортепианода ойнауға арналған пьесалар жинағы. Әр шығарманың ноталық мәтіні визуалды, интерактивті және тікелей

компьютер мониторынан ойнатылады. Синтезаторы бар компьютердің тұрақты диалогы, көрнекі кеңестер және басқа да пайдалы опциялар ең оңтайлы оқу жағдайларын жасайды. бағдарламаның жұмысын осы жерде және қазір бақылауға мүмкіндік береді. GentlePiano көмегімен үйлесімділік дағдыларын дамытуға (көру-моторлық координациясы, екі қол координациясы, барлық саусақтарды сезіну, аппликатураны басқару), концерттік репертуармен жұмыс жасауға, нотаны бірден оқуға, гармониямен танысуға, аккордтарды ойнауға, транспозиция жасауға, музыкалық-ырғақтық диктант жазуға, музыка тыңдау, музыка тарихымен танысуға болады.

2. ***GuessKey*** **–** оқушының назарын бір октава диапазонындағы ноталарды тануға аудартуға бағытталған модуль. Бұл тәсіл оқушыға пернетақтаға қарамай-ақ ноталар мен пернелерді тез тануға көмектеседі. Бұл дағды фортепианода ойнауды меңгеру үшін өте маңызды, өйткені пернелердің орналасу құрылымы барлық октаваларда бірдей. Жаңадан бастаушылар мен кішкентай балаларға октавадағы пернелерде бағдарлау үшін жапсырмаларды пайдалануды ұсынады. Қиындықтың жоғары деңгейлерінде бағдарламаның қарқыны артып, оқушыны пернетақтаға қарамай қол мен саусақты дұрыс үйлестіруге итермелейді. Жетілдірілген оқушы бұл ойынды 27 минутта (5 минуттық таза ойын уақыты) аяқтай алады. Жаңадан бастаушылар мен кішкентай балаларға бұл ойынды алдымен 1-5 минуттан артық емес орындау ұсынылады (балаларға ойын тапсырмаларын ұзақ уақыт орындауға шоғырлану қиын болады).

3. ***NoteDuration*** **–** ырғақ пен координацияны сезінуді, түрлі нота ұзақтықтарын тануды меңгертетін ойын түріндегі модуль.Бұл модуль шағын нысандарға назар аудару және визуалды фокусты ноталардан бос орын пернесіне жылжыту қабілетін дамытады. Ырғақты дұрыс ойнату әр түрлі пьесалардың әуендерін бір пернемен естуге мүмкіндік береді. Осы модульдің көмегімен ырғақ ұзақтықтарын санау дағдысы қалыптасады.

4. ***Note Alphabet*** –оқушыға ноталарды реттілігін до-ре-ми-фа-соль-ля-си немесе A-B-C-D-E-F-G үйретететін ойын, бір нотаны екіншісінен ажыратуға, содан кейін кез-келген комбинацияда, тізбектерде оларды тануға үйретеді. Осы модульдің көмегімен ноталар мен кілттердің орналасуын анықтауда оқушылардың логикалық ойлау дамиды, сондай-ақ-нота және пернетақта қатарларының сәйкестігін түсінеді, ноталық қозғалысты бекітуде кеңістіктік ойлау дағдысы қалыптасады. Солай музыкалық алфавитті бірте-бірте меңгереді.

5. ***Fruit Lines*** – нота аттарын және олардың скрипка, бас кілттері бойынша нота сызықтарында орналасуын есте сақтауға көмектесетін модуль. Бұл модульмен жұмыс нота әліпбиімен (note Alphabet) танысқаннан кейін басталуы керек. Нота қатарларымен танысқаннан кейін оқушылар нота сызықтары мен кеңістіктерінде қалай таралатынын көре алады. Модуль алфавиттік және итальяндық жүйелерден нота атауларын тану дағдыларын кез-келген тәртіпте (тура және кері) дамытады. Ойын әр нотаны сызықтары мен кеңістіктердегі орналасуы бойынша салыстырмалы түрде басқаша ажыратуға және тануға үйретеді.

6. ***Treble Staff Puzzle*** – бағдарламаны жаңадан меңгеретін оқушыға скрипка кілтіндегі кез-келген музыкалық ноталарды тез анықтауға үйретеді.

7. ***Bass Staff Puzzle*** – бас кілтіндегі кез-келген ноталарды меңгертуге, есте сақтауға көмектеседі. Ойнай отырып, нотаны оқу және музыкалық есту дағдыларын жақсартады [2].

Әрбір модуль нақты музыкалық қабілеттерді дамытуға, жетілдіруге бағытталған, сонымен қатар «Soft Mozart» курсының барлық элементтерімен тығыз байланысты. Бағдарламада егжей-тегжейлі сабақ жоспары, көптеген бейне материалдар, дидактикалық құралдар бар. Оқушыға өз күнделігін жүргізуге мүмкіндігі бар. Балалар қызықты ойын түрінде музыка теориясымен, сольфеджиомен танысады, музыка тыңдауды, диктант жазуды үйренеді. Алғашқы сабақтардан бастап олар ноталар бойынша ойнай алады. Бағдарлама барлық дерлік техникалық бөлікті, сондай-ақ бағалау бөлігін алады. Моцарт бағдарламалық жасақтамасынан кейін әзірлеушілер жаңадан бастаушының көзіне музыкалық нотаны визуалды түрде жеңілдетіп, оны интерактивті етіп, ноталар мен фортепиано пернелері арасында тікелей визуалды байланыстарды жасап ұсынады. Әрбір пьесаның ноталық мәтіні интерактивті және компьютер мониторынан оқып, тыңдау мүмкіндіктері бар. Компьютер мен синтезатор

арасындағы диалог, визуальді көмек көрсету және басқа да опциялар музыкалық аспапты меңгерудің ең тиімді жолы болып танылады.

Олай болса, музыканы оқытудың классикалық тәсілдерінің маңыздылығын ерекше атай отырып, сол тәсілдердің қосымша әдісі ретінде «Софт Моцарт» бағдарламасын барлық білім алушыларды оқытуда қолдануға тұрарлық инновациялық жүйе деп атауымызға болады.

Бүгінгі күні білім беру мәдениеті жоғары, шығармашылық жағынан белсенді, өзінің кәсіби іс-әрекетінде икемділік пен қабілеттілік таныта алатын мамандарды дайындау міндеті тұр. Бұл міндетті шешудің бір жолы болашақ музыка мұғаліміне дайын ғана білімді беріп қоймай, олардың теориялық көзқарастарын негіздеуге, пәндік-практикалық тәсілдерді игеруге шақыру болып табылады. Болашақ мамандардың міндеті оқу-тәрбие үрдісіне, оларды сауаттылықпен игеріп, түсініп енгізу болып табылады, сонда ғана жалпы білім беретін мектептердегі музыкалық білім беруді ізгілендіру нақты іске аса бастайды.

Қазіргі уақытта әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтындағы «музыка» кафедрасының студенттері музыканы оқытудың инновациялық жүйесі «Soft Mozart» - Е.Хайнер әдістемесімен «Музыканы оқыту әдістемесі», «Мұғалімнің кәсіби бағдарлары» т.б. курстарда теориялық тұрғыдан кеңінен танысып келеді. Келешекте тәжірибелік тұрғыда оны меңгеруге арнайы жұмыстар бағытталуда. Ол да болса, болашақ мамандардың шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. «Soft Mozart» бағдарламасын енгізу жобасы 2011 жылы «Астана қаласының мүгедек балалар қоғамы» қайырымдылық қорының қолдауымен бастау алып, №64 «Асыл-бөбек» балабақшасының базасында (жетекшісі М.Санкибаева) мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау барысында қолданылуда.

Білім беру мазмұнын қалыптастырудың бүгінгі жағдайы оның бір жағынан, қалыптасқан педагогикалық дәстүр мен үлгілерді қоғамның әлеуметтік мәдени негіздері ретінде сақтауды қамтамасыз етсе, екінші жағынан, білім беру саласына заман талаптарына сай мақсатты өзгерістер енгізу арқылы қайта жаңартуды қамтамасыз етуге мүдделі екендігін көрсетіп отыр. Ежелгі ғұлама Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң - үйренемін», - дегендегі мақсаты: ұстаз жеңілдететін, ынталандыратын тапсырмалар беру арқылы жағдай жасап, шәкіртіне белгісізді өзі тануға жәрдем беру болатын [1]. Ол да болса, білім алушыға өзбетінше ізденіп, білімін толықтыру мүмкіндіктеріне екпін қойғандығын айғайқтайды, сәйкесінше, «Soft Mozart» - осы ілімнің бір дәлелі іспетті.

Ұлтты ұлт етіп, оны әлемдік деңгейге көтеретін – білімді де өнегелі, дарынды да талантты ұрпақ десек, ал әрбір ұстаз алдындағы міндет - өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәулесі бар, білуге құштар, кез-келген оқушы бойындағы дарындылығын ашып, оған бағыт-бағдар беріп, дамыта білу.

Оқушы бойындағы дарынын қырағылықпен көре білу – мұғалім үшін аса қажетті қасиет. Ол үшін әр мұғалім өзі ізденіп, ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілеттерін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтайды. Сол тұлғаның пәнге деген қызығушылығын туғызып, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін интерактивті оқыту үрдісін пайдалану өте қажет. Оларды баулып, қамқорлыққа алып тәрбиелеу – ортақ шара. Сондықтан қайткенде баланың ойына, сезіміне серпіліс ендіруді мақсат ете отырып, сан алуан әрекет арқылы ақыл-ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін, музыкалық талғамын біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру – бүгінгі қажеттілік десек, музыкалық білім беруде мұғалімдерге тынымсыз еңбек, шығармашылық қабілет, өнер арқылы өмірдің алға қойған бағыттарына эстетикалық талғамы жоғары жас ұрпақты лайықтап өсіру міндетіне сай лайықты іс-әрекеттер жасау міндет деп тануымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әлем өзгеруімен біз де өзгереміз / /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы. – Астана, 2015.

2. Интегративное обучение дошкольников с помощью компьютерной программы Софт Моцарт https://nsportal.ru/npo-spo/kultura-i-iskusstvo/library/2018/02/12/statya-po-interaktivnomu-obucheniyu-doshkolnikov-s
3. Международная школа музыкальной грамотности и педагогики https://globalmusiceducation.com/pages/russian-home-page
4. https://www.softmozart.com/forum/24-recitals-winter-summer.html

# МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

**Султанова Н.К.**
«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент, "ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY", Семей, Қазақстан

**Андатпа:** Әртүрлі әдістерді қолдана отырып жаңартылған бағдарлма аясында бағалауды түсіндіріп жеткізе білгенде ғана, музыкалық білім берудің жаңартылған мазмұнын жоспарлау және бағалауды бүгінгі болашақ жас мамандарға жетікзе алатындығы жайлы баяндаймыз

**Аннотация:** В статье рассматриваются актуальные вопросы подготовки будущих молодых специалистов, работающих в системе образования. Необходимым качеством для работы с обучающимися является умение молодых специалистов планировать и оценивать достижения в обновлённом содержании музыкального образования

**Abstract:** The article discusses current issues of training future young specialists working in the education system. A necessary quality for working with students is the ability of young specialists to plan and evaluate achievements in the updated content of music education

Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Міне, қазіргі таңдағы аяқ басқан «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Музыка» пәні бойынша Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Міне, қазіргі таңдағы аяқ басқан «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Музыка» пәні оқушылардың рухани және адамгершілік тұлғасын қалыптастыратын негізгі пәндердің біріне жатады. Музыка баланың бойындағы асыл қасиеттерін оятып, елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелейді.

Музыка оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, олардың қиялын, есте сақтау қабілетін, танымдық қызметінің белсенділігін арттыруына ықпалын тигізеді.

Осы орайда**,** орта білім беру мазмұнын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін, оқушылардың музыкалық мәдениетін, оқушылардың музыка өнері жайында көзқарасын кеңейту, музыкалық құбылыстарға қызығушылығын, көркемдік талғамын музыкалық-

шығармашылық әрекет барысында, тәжірибелік дағдыларын, жаңартылған оқу бағдарламаларына сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын түсінуін, критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін жаңартылған орта білім беру мазмұнын оқу процесіне енгізудің маңызын қалыптастыру болып табылады.

Музыкалық білім беру жаңартылған мазмұнының негізінде келесі ұстанымдар іріктелген:

- түсініктілік ұстанымы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра, музыкалық қабілетінің дамуына ықпал ететін тиімді әрі қолайлы оқу материалдарын қолданады;
- үздіксіздік ұстанымы барлық сыныптар арасындағы сабақтастықты, мазмұн, шығармашылық жағынан жүйелілік пен бірізділікті білдіреді;
- тәжірибелік әрекет ұстанымы музыкалық ұғымдарды игеріп, ән айту және аспапта орындау тәсілін бойына сіңірудегі басты әдіс болып табылады;
- шығармашылық ұстанымы оқушының бойындағы қабілетін аша түсіп, өнермен араласу барысында жетістікке жетуіне ықпал етеді.

**Музыка сабағындағы негізгі әрекеттердің түрлері:**

- музыка тыңдау – музыка талғамын қалыптастыру: мәнерлі де көркем-бейнелі ырғақтар, аңдар мен құстардың үні, адамның сөйлеу дауысы, табиғаттың үніне еліктеу сияқты музыкалық қиялын дамыта түседі; музыканы мән беріп, аса ұқыпты тыңдап, музыкалық аспаптардың тембрлік бояуын ажырату;
- білімділік әрекеті - музыка мәнерлігінің негізгі белгілерімен танысу; музыка сауаты: жоғары, орта және төмен дыбыстар; дыбыстың қатты немесе ақырын естілуі; тез, орташа және жай екпіндер; музыканың көңілді – мұңды, салмақты – үрейлі сипаты; музыканың мәнерлеу белгілері мен түрлері туралы қарапайым түсінік: екпін, ырғақ, дыбыс күші, ән шумағы, күйдің буыны, аяқталған шығарма;
- ән орындау - орындаушылық әрекеттің негізгі түрі болып табылады; мұғалімнің негізгі міндеті: әр түрлі сипаттағы әндерді көркем әрі мәнерлі орындауға машықтандыру; балаларды күш салмай табиғи дауысымен айтуға дағдыландыру;
- музыкалық аспаптарда орындау - топ болып домбыра және ұрмалы аспаптарды меңгеруге негізделген; домбыра үйрену тәсілдері халық әндерінің негізінде жасалған жаттығу – тұғыр орындау түрінде жүргізіледі; музыка сабағында таяқшалар, ағаш қасықтар, қоңырау, сылдырмақтар сияқты тағы да басқа ұрмалы аспаптарды қолдану ырғақтық сүйемел жасауға көмектеседі; музыка аспаптарында орындау және музыкаға сәйкес би қимылдарын жасау оқушыға шығарманың жалпы мінезін және екпіні мен бояу ерекшеліктерін сезінуге көмектеседі; жұмыстың бұл түрі баланың музыкаға деген сезімі мен ынтасын арттыра түседі.

Шығармашылық тапсырмалар баланың қиялы мен фантазиясына негізделген; шығармашылық импровизация музыка сабағында алған білімін пысықтаудың бірден-бір тәсілі болып табылады; сабақта төмендегідей жұмыс түрлерін пайдалануға болады: ырғақтық ойындар мен ырғақтық сүйемел, музыкаға сәйкес қимылдар жасау, музыканың мазмұнына сай сурет салу, әндерді, ертегілерді, аңыз-күйлерді сахналау.

**Сонымен бірге, музыканы оқыту барысында мынандай пәнаралық байланыс жүзеге асырылады:**

- «Қазақ тілі»: сөздің және музыкалық интонацияның байланысы; тілдік және музыкалық есту қабілетін дамыту; ойдың толық, түсінікті болуына, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына мән беру;
- «Әдебиеттік оқу»: тілді дамыту; әннің мәтініне көңіл бөлу;
- «Бейнелеу өнері»: музыкадағы белгілі бір тариха құбылыстың мазмұнын бейнелеуге баулу.

Академиялық және қазіргі заманғы музыкалық шығармалардың сан алуан жанрлары – симфония, опера, балет, джаз, эстрадалық муызыка түрлерімен, қазақ халқының кәсіби аспаптық музыкасы және дәстүрлі әншілік өнері туындыларының шығу тарихымен, поэзия, театр, кино және бейнелеу өнері туындылары музыкамен тығыз байланысты екеніне көз жеткіземіз.

Музыкалық сабақтарды білім берудің жаңартылған мазмұнын жоспарлау және модельдеу кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын меңгеру, мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологиясыны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады. Олар мына төмендегідей:

- педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;
- оқу бағдарламысының түрлендірілген нұсқауларын құрастыру;
- оқу модульін құрастыру;
- оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр оқушыға арналған тапсырмалар құрастыру;
- оқушылардың жаңа материалды меңгеру бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау;
- оқу әрекеттерінің бағалау көрсеткіштерін анықтау.

Педагогикалық технологияда Музыкалық сабақтарды білім берудің жаңартылған мазмұнын жоспарлау және модельдеу игеруге қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие үрдісін ұтымды әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты.

Жаңа педагогикалық жүйе жобасында оқытудың мазмұны, әдісі және түрі оқушының өзіндік танымдық іс-әрекет ерекшелігін есепке алып анықтауды қажет етеді. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану жағдайындағы әдістемелік жүйеге толықтай қойылатын жаңа талаптар анықталып отыр:

1. Әдістемелік жүйені жетілдірудің қажеттілігі:
- оқытудың жаңа әдістерін дұрыс таңдау;
- оқытуды ұйымдастырудың формасын дәл анықтау.
2. Оқу мотивациясы мен белсенділігін қалыптастыру;
- оқушылардың танымдық қызығушылығын тудыра алу;
- оқушылардың ізденімпаздығын, шығармашылығын қалыптастыру.
3. Оқу іс-әрекетін басқару үрдісін жетілдіру:
- оқушының өзін-өзі басқаруы мен оқытудағы бағалау.

2019 жылы баспадан жарық көрген Шунк Дейл Х. «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» атты еңбекте қазіргі заманауи жаңартылған бағдарламаға байланысты көптеген мәселелер қарастырылған, аталған еңбек XII тараудан тұрады екен. Соны қарастыра отырып, бізде музыка мұғалімдеріне, студенттеріне қажет керек дүниені алып, сіздерге ұсынғалы отырмыз.

Сонымен, **бағалау**- зерттеліп отырған білім беру факторларына қатысты оқушылардың мәртебесін ресми түрде анықтауға тырысу. Мектепте зерттеліп отырған білім беру факторы деп оқушының әр салада қол жеткізген жетістігін (оқу, жазу, есеп шығару, ғылым) айтамыз. Бұл мәселеге қатысты екі нәрсе айта кеткен жөн: **біріншісі** – мектептердің есеп берунің нәтижесінде емтихан емтихан білімді бағалау тәсіліне айналса, білімді бағалау, өз кезегінде, тестілеуден басқа да білімді өлшеу тәсілдерін қамтиды. **Екіншіден,** конттентік тұрғыдан қарастыратын болсақ, негізі бағалануы қажет нәтиже – оқушылардың дағдысы. Мысалы, оқушылар жаңа көзқарастар мен өзіндік бақылау жолдарын уйренді ме немесе контенттік оқыту нәтижесінде олардың мүдделері, құндылықтары, өзіндік тиімділігі мен ынтасы артты ма деген сауалға жауап іздеуі ықтимал. Мұндай тәсілдерге бақылау, жазбаша жауап беру, ауызша жауап беру, өзгенің бағалауы және өзіндік есеп жатады, оны төмендегі кестеден аңғаруымызға болады (кесте 1):

Кесте 1. Оқытуды бағалау кестесі

| **Категориялыры** | **Анықтамасы** |
|---|---|
| Тікелей бақылау | Оқыту нәтижесін білдіретін мінез-құлық қасиеттері |

| | |
|---|---|
| Жазбаша жауап беру | Бақылау жұмыстарын, шағын тестілерді, үй таспырмасын, курс жұмыстарын және жобаларды жазбаша орындау |
| Ауызша жауап беру | Оқыту барысында ауызша сұрақ қою, жауап беру және түсініктеме беру |
| Өзнегің бағалауы | Оқыту белгілеріне қарай зерттеушілердің оқушыларды бағалауы |
| Өзіндік есеп | Адамдардың өздерін бағалауы |
| Сауалнама | сұрақтарға жазбаша жауап беру немесе бағалау |
| Сұхбат | Сұрақтарға ауызша жауап беру |
| Еске түсіру | Белгілі бір уақытта болған оқиғаны белглілі бір адамның еске түсіруі |
| Даустап ойлау | Тапсырма орындау барысында өз ойын, іс-әрекетін, сезімдерін дауыстап білдіріп отыру |
| диалог | Екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы әңгімелесу |

Аталған кестедегі оқытуды бағалауды музыка пәні мұғалімдері көптеген тақырыптарда жиі қолданылады деген ойдамыз.

Сонымен бірге осы еңбекте «**Тікелей бағалау**» қарастырылған. Тікелей бақылау дегеніміз – оқыту нәтижелі болды ма, жоқ па дегенді бағалау мақсатымен оқушылардың мінез-құлқын бақылау. Осы орайда музыка мұғалімдері тікелей бақылауды жиі жүргізіде, әсіресе ән айту кезінде, аспапта орындау, музыка тыңдау, сольфеджио пәндерінде оқушыларды бақылап, қадағалап, дағдыны қаншалықты жақсы меңгергенін бағалай алады.

**Жазбаша жауап беру** – жазбаша бақылау жұмыстары, шағын тестілерді, үй таспырмасын, курс жұмыстарын және жобаларды жазбаша орындауды бағалайды. Жазбаша жұмыстар негізінде және оқушылардың дағдыларды игеру деңгейін бақылай отырып, мұғалім оқыту процесі дұрыс бағытта ма, берілген материалды оқушылардың толық түсінбеуіне байланысты қосымша білім берудің қажеті бар ма деген мәселені шешу қажет.

**Ауызша жауап беру**- мектеп мәдениетінің ажырамас бөлігі. Мұғалімдер балаларға сұрақ қойып, олардың берген жауабына қарай оқк нәтижесін бағалайды. Сабақ кезінде оқушылар да сұрақ қоя алады. Егер олардың сұрағынан қандай да бір нәрсені түсінбегені байқалса, онда оқыту қажетті деңгейде өткізілмеді деген шешім шығаруға болады. Себебі ауызша жауап беру – тапсырмасының бір түрі.

**Өзіндік есеп** – адамдардың өздерін бағалауы мен өздері туралы мәлімдеулері. Өзіндік есептің бірнеше түрі бар: сауалнама, сұхбат, еске түсіру, дауыстап ойлау және диалог.

**Сауалнама –** респонденттерге ойлары мен әрекеттеріне және түрлі мәселелерді ақылға суйене отырып шешіп, бағыт-бағдар беретін компютер жуйесі

Сауалнамаға қатысушылар өздері айналысып жүрген істері жайлы айтып, біліктіліктің қандай деңгейіне жеткен бағалаумен қатар, осы іспен қашаннан бері айналысып жургені туралы ойын бөлісе алады.

**Сұхбат –** сұхбат алушы талқылау үшін берген сурақтарға репонденттің ауызша жауап беруін айтамыз. Сұхбатқа негізінен, жеке адамдар қатысады, алайда топтық сұхбаттар да болады.

**Еске түсіру** – тәсілі бойынша адамдарға бір тапсырма беріледі де, сол тапсырманы орындау кезінде не ойлағандарын еске түсіру қажет болады.

**Даустап ойлау** - Тапсырма орындау барысында өз ойын, іс-әрекетін, сезімдерін дауыстап білдіріп отыру. Оқушылардың қандай да бір тапсырманы орындау барысында өз ойларын, әрекеттерін, сезімдерін сыртқа шығаруы.

**Диалог** - Екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы әңгімелесу. Диалог оқушылвардың тапсырманы орындауы барысындағы нақты қарым-қатынасты қамтығанмен, олардың нәтижесін талдау кезінде нақты жағдайын тыс жағдаяттар да талдануы мүмкін.

**Өзіндік оқу** – оқу мақсатын жету үшін оқушылардың ойларын, сезімдері мен әрекеттерін сол мақсатқа бағыттап оытруын айтамыз. Яғни, өзіндік оқу іске асуы үшін оқушылар оқу тәсілдерін, оған кететін уақытты, оқу деңгейіне кететін уақытты, оқу деңгейіне қойылатын талапты, оқу ортасын және оған әсер ететін әлеуметтік жағдайды таңдап алу керек.

Қорытындылай келе, Оқыту адамдар білімге қалай қол жеткізеді, білімін, оқу тәсілдерін, сенімдерін және мінез-құлқын қалай жетілдіреді деген мәселелерді зерттеумен тығыз

байланысты. Мектеп пен мұғалімдердің тиімділігін бағалау оқушылардың білім алу процесін бақылып, олардың қажеттіліктеріне сай білім беру әдістерін таңдап алуды қамтиды. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Сонымен, әр-түрлі жаңартылған әдістерді қолдана отырып жаңартылған бағдарлма аясында бағалауды мысал ретінде түсіндіріп жеткізе білгенде ғана, музыкалық білім берудің жаңартылған мазмұнын жоспарлау және бағалауды бүгінгі болашақ жас мамандарға уйрете аламыз деген ойдамыз.

**Пайдаланылған дереккөздердің тізімі**

1. Шунк Дейл Х. «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі»- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры. 2019 жыл. – 608 бет.

**2.** Султанова Н.К. Музыкалық білім берудің жаңартылған мазмұнын жоспарлау және модельдеу.Семей: Оқу құралы. «Интеллект» баспа үйі, 2021. Жыл. – 134 бет.

## МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ АКТИВНОГО СЛУШАНИЯ НА УРОКЕ МУЗЫКИ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

**Столяренко О.А.**
Учитель музыки КГУ «Физико-математический лицей отдела образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области
г.Костанай, Казахстан

**Андатпа:** Оқушылардың жалпы музыкалық білімі әрқашан жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесінің ажырамас бөлігі болып қала береді. XXI ғасырда бүкіл әлемдегі мектеп білімі Пәндік білім мен дағдыларды қалыптастыруға дәстүрлі бағдардан алшақтайды, XXI ғасырдың дағдыларын дамытуға жағдай жасауға тырысады, мұнда "инновациялық дағдылар" - сыни ойлау және проблемаларды шешу, шығармашылық пен инновация, коммуникация және ынтымақтастық, сондай-ақ "өмірлік" және "өмірлік" дағдылардың үлкен жиынтығы ерекшеленедімансап". Әлемдік классиканың шедеврлерін тыңдамайтын немесе таңданбайтын адам білімді бола алмайды.

**Аннотация:** Общее музыкальное образование школьников всегда было и остаётся неотъемлемой частью эстетического воспитания подрастающего поколения. В XXI веке школьное образование во всём мире отходит от традиционной ориентации на формирование предметных знаний и умений, стараясь создать условия для развития уменийXXI века, где выделяются «инновационные умения» - критическое мышление и решение проблем, креативность и инновационность, коммуникация и коллаборация, а так же большой набор умений «жизненных» и «карьерных». Образованным не может быть человек, который не слушает и не восхищается шедеврами мировой классики.

**Abstract:** The general musical education of schoolchildren has always been and remains an integral part of the aesthetic education of the younger generation. In the XXI century, school education around the world is moving away from the traditional orientation towards the formation of subject knowledge and skills, trying to create conditions for the development of skills of the XXI century, where "innovative skills" stand out - critical thinking and problem solving, creativity and innovation, communication and collaboration, as well as a large set of "life" and "career". An educated person cannot be a person who does not listen and does not admire the masterpieces of world classics.

Музыка является одним из богатейших и действенных средств эстетического воспитания, она обладает большой силой эмоционального воздействия, воспитывает чувства человека, формирует вкус.

В знаниево-ориентированной парадигме обучения превалирует отчужденный от учеников опыт человечества [2]. В противовес этой позиции в зоне первичного внимания должна находиться деятельность ученика, его внутреннее образовательное приращение и развитие. То есть учебный материал не может являться предметом усвоения, а внешней составляющей профессиональной подготовки, образовательной средой для самостоятельной деятельности обучающихся. Деятельность является мотивированным процессом использования студентами определенных средств для достижения заданной цели. Внутреннее содержание образование является атрибутом самой личности, создается на основе личного опыта будущего педагога-музыканта.

Последний действующий стандарт по направлению подготовки 53.03.06 Музыкознание и музыкально-прикладное искусство, профиль «Музыкальная педагогика», содержит конкретное описание универсальных и общепрофессиональных компетенций. Вместе с тем выбор и формулировка непосредственно профессиональных компетенций остаются в ведении каждого конкретного вуза. Вследствие этого при разработке образовательных программ необходимо опираться, с одной стороны, на сложившиеся в системе высшего музыкального образования традиции, с другой стороны, учитывать некоторые современные тенденции, мировой опыт, сегодняшний взгляд на профессию учителя музыки. В частности, как показывает опыт проведения чемпионатов «Молодые профессионалы» (WorldSkillsRussia) компетенции R57 Преподавание музыки в школе, наибольший вес приобретают умения методически грамотно организовать музыкально-практические виды деятельности учащихся. То есть те, которые позволяют детям непосредственно поучаствовать в производстве и воспроизведении музыкальных интонаций различными способами.

Подобный подход обусловливает необходимость формирования у педагога-музыканта таких профессиональных компетенций, благодаря которым он сможет эффективно управлять действиями учащихся, в полной мере использовать свои индивидуальные возможности для налаживания межличностного контакта. Как показывает реальность, перенесение в непосредственную работу с детьми приобретенные методические знания для будущих учителей музыки становится зачастую сложной задачей. Трудности вызывает практическая реализация педагогических ситуаций, которые требуют проявления артистического компонента педагогического стиля, умения «дирижировать» коллективом учащихся, спрогнозировать их реакции на определенные задания, найти выход из конфликтной ситуации и т. д.

В этом контексте для формирования профессиональных компетенций педагога-музыканта одним из наиболее адекватных средств является применение интерактивных технологий.

Интерактивное обучение строится на основе взаимодействия в процессе освоение опыта учеником. На первом плане здесь прямое взаимодействие обучающихся с заданным преподавателем учебным окружением. Это своего рода воссозданная естественная среда, смоделированная реальность, в которых можно обнаружить конкретную область опыта, который необходимо присвоить. Переживаемый непосредственно опыт и становится, по мнению М. В. Кларина, базовым источником учебно-познавательного процесса [3]. Здесь важно понимать, что речь идет не о каких-либо вспомогательных материалах, обладающих иллюстративным характером, а о проживаемом в активной деятельности опыте. То есть, преподаватель создает условия для реализации инициативы, побуждает студентов к самостоятельному поиску решения педагогических проблем. В результате обучающиеся получают возможность преобразовать свой имеющийся опыт, получают инструменты для будущей профессиональной деятельности.

При этом преподаватель сочетает фасилитаторскую и экспертную позиции. Согласно первой он помогает обучающимся двигаться к освоению новых знаний, формированию профессиональных компетенций. Как эксперт он может предложить модели разрешения

определенных музыкально-педагогических ситуаций, показать свою компетентность в процессе их обсуждения.

Однако, когда преподаватель собирается внедрить в профессиональную подготовку педагогов-музыкантов интерактивные технологии, он должен сначала продиагностировать обучаемых на степень их готовности к участию в подобных технологиях. Их реализация выходит далеко за рамки простого воспроизведения и обработки учебного материала, информации. Ведь студенты должны «вжиться» в заданную ситуацию. В процессе ее решения они не только активны в познании, но и физически перемещаются по аудитории, обсуждают и задают вопросы, выполняют различные роли. Все это создает дополнительные личностные трудности для выполнения профессиональных задач.

Поэтому у каждого участника «действа» должно быть сформировано понимание важности общей учебной деятельности, ее результативности в сочетании с индивидуальной ответственностью, необходимости развития навыков совместной работы, построения грамотных межличностных отношений при работе в команде, оценивания эффективности работы группы при решении задания.

Кроме того, преподавателю следует позаботиться о том, чтобы каждый студент был вовлечен в решение задач и был психологически к этому готов, для чего проводятся специальные разминки. Они могут иметь и музыкальную направленность, актуализировать имеющиеся знания. Заранее должна быть подготовлена и аудитория, чтобы участникам было удобно пересаживаться, был создан физиологический комфорт. Не менее важно закрепление регламента, это существенно стимулирует работу в малых группах и позволяет достичь максимального учебного результата. При этом более целесообразно соблюдать принцип добровольности при делении на группы, вместе с тем при специальных задачах группы могут быть сформировано на основе иных правил.

К обязательным условиям применения интерактивны технологий относится создание доверительных отношений между обучающимися, внедрение демократического стиля, многообразие форм предоставления учебной информации, форм деятельности, стимулирование мотивации обучающихся к формированию профессиональных компетенций.

Одной из наиболее эффективных интерактивных технологий является работа в малых группах. В процессе применения такой формы все студенты могут принять участие в совместной работе, сформировать навыки действовать сообща. Организация групповой работы предполагает, что коллектив студентов будет разбит на подгруппы не более 5 человек в каждой. Каждая группа может получить разное или идентичное задание. При его выполнении в микрогруппах студентам необходимо распределить роли (аналитик, генератор идей, регистратор, эксперт и т. д.). Задание в группе выполняется на основе дискуссии, обсуждения различных мнений и позиций. Практически любое учебное задание можно реализовать на основе этой технологии.

В нашей практической работе в качестве проблемных вопросов для студентов выступали, например, образная визуализация своих представлений о профессиональных терминах. В частности, студенты могли получить задание перевести в визуальные образы (не схемы) свое понимание о сущности различных видов музыкальной деятельности: слушание музыки, исполнительская деятельность, музыкально-творческая, музыкально-теоретическая, музыкально-историческая, полихудожественная, музыкально ориентированная. Каждая подгруппа путем закрытого выбора получала свой вид деятельности, который и должна была представить наглядно-образно. При этом важно было отразить все стороны и характеристики, отличительные особенности данного вида деятельности. Потом подгруппы обмениваются своими продуктами и пытаются на основе визуальных образов расшифровать, какой вид музыкальной деятельности был задан изначально. По завершению выполнения работы в малых группах оценивается степень отражения всех особенностей данного вида музыкальной деятельности в каждом конкретном случае.

Особые возможности предоставляют тренинговые технологии. На занятиях со студентами они не всегда могут применяться в полном формате. По сути тренинги направлены

на отработку специальных алгоритмов профессиональных действий и методов разрешения типовых обучающих заданий. При этом основная цель тренинга заключается в проигрывании процесса взаимодействия при решении определенных профессиональных задач. Здесь мы можем порекомендовать прибегнуть к социально-психологическому тренингу. Его особенность заключается в том, что студенты обучаются на собственном опыте настоящего момента.

В частности, мы предлагаем студентам на первый взгляд несложное задание – рассказать о своем любимом композиторе. Но при этом поставлено дополнительное условие: рассказать надо так, чтобы «влюбить» аудиторию в творчество этого композитора. Каждый студент представляет устно свой вариант. После, как принято в тренинговой технологии, обратную связь в первую очередь дает не преподаватель-эксперт, а однокурсники. Это может оказаться довольно болезненным для неподготовленных психологически к этому обучающихся. Подобные комментарии могут быть очень важны с учетом будущего взаимодействия со школьниками. В заключение итог подводит преподаватель как эксперт.

Еще одна важная интерактивная технология, которая может применяться в процессе формирования профессиональных компетенций педагога-музыканта, кейс-стади. Например, в рамках дисциплины «Методика музыкального образования», студенты получают задание ознакомиться с видеоуроком и проанализировать, насколько была достигнута поставленная цель. Заранее подобран материал, который подталкивает обучающихся к негативному выводу. Далее им предлагается выбрать путь методического решения, способствующего достижению поставленной цели на основе кейса, набора материалов, нацеливающих на разные способы решения сформулированной проблемы. Каждая из подгрупп выбирает тот способ, который им представляется наиболее результативным. Далее найденные способы презентуются и выбирается самый целесообразный.

Таким образом, практика формирования профессиональных компетенций педагога-музыканта средствами интерактивных технологий является наиболее эффективным средством, применяемым в контексте профилирующих дисциплин.

**Список использованных источников**


1. Словарь иностранных слов. – 15-е изд., испр., – Москва : Рус. яз., 1998. – 608 с.
2. Хуторской, А. В. Деятельность как содержание образования / А. В. Хуторской // Народное образование. – 2003. – №8. – С. 107-114.
3. Кларин, М. В. Интерактивное обучение – инструмент освоения нового опыта / М. В. Кларин // Педагогика. – 2000. – №7. – С. 12-18.

# УРОВЕНЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЯ ИСТОРИИ

**Айтчанова З.Д.**
Педагог-эксперт, учитель истории школы-гимназии №75 г.Астана

**Андатпа:** Кәсіби педагогикалық құзыреттілік-бұл мұғалімнің іскерлік және жеке қасиеттерінің интегралды сипаттамасы, ол кәсіби қызметтің мақсаттарына жету үшін жеткілікті білім, білік, тәжірибе деңгейін ғана емес көрсетеді.Мақалада тарих мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің деңгейлері ашып қарастырылған

**Аннотация:** Профессиональная педагогическая компетентность – это интегральная характеристика деловых и личностных качеств учителя, отражающая не только уровень знаний, умений, опыта, достаточных для достижения целей профессиональной деятельности. В статье раскрываются уровни профессиональной компетентности учителей истории

**Abstract:** Professional pedagogical competence is an integral characteristic of a teacher's business and personal qualities, reflecting not only the level of knowledge, skills, and experience sufficient to achieve the goals of professional activity. The article reveals the levels of professional competence of history teachers

Как педагог, имеющий большой опыт работы, с уверенностью могу сказать, что профессиональная компетентность всегда помогает при решении профессиональных задач, которые ежедневно стоят перед учителем.

Что мы называем профессиональной компетентностью? Во-первых, если говорить научным языком, это способность решать профессиональные проблемы в педагогической деятельности. Во-вторых- это система знаний и умений, которая определяет результативность профессиональной деятельности.

Профессиональная компетентность педагога может состоять из нескольких составляющих основными из которых я считаю:

- педагогическая компетентность- умение применять знания и опыт в педагогической практике;
- рефлексивная компетентность- способность педагога к рефлексии своей деятельности, скажем так «учимся на своих ошибках»;
- конструктивная компетенция-видеть свой результат, итог своего урока, своей деятельности, представлять картину в целом.

Если говорить о таком предмете как история, здесь сразу возникает вопрос: учитель истории какими навыками должен обладать? В чем заключается его профессиональная компетентность? Прежде чем я озвучу свою точку зрения, хочу отметить немаловажный аспект, что предмет история, это не только предмет, изучающий исторические процессы, события и многое другое. Это предмет, который невольно помогает выстраивать в сознании человека отношение к обществу в настоящем времени через опыт истории. История это предмет как наибольше из числа других применим для воспитания патриотизма, чувства гражданского долга, любви к Родине. И это в свою очередь накладывает определенный отпечаток на профессиональную компетентность учителя истории. Нужно уметь очень аккуратно и тонко подвести учеников к историческому факту или событию не вызывая при этом предубеждения, отторжения или другой негативной реакции.

К выше перечисленным компетенциям учителя истории можно добавить еще несколько. В обновленной системе образования приняты новые требования к квалификациям учителей. Существует несколько категории на данный момент, это:

- Педагог-мастер
- Педагог-исследователь;
- Педагог-эксперт;
- Педагог-модератор;
- Педагог.

Все они имеют определенные требования к педагогам, начиная от уровня образования и заканчивая результатами участия в международных конкурсах и олимпиадах. Но все они имеют один общий критерий-соответствие высокого уровня профессиональной компетенции, знание своего предмета, уметь самостоятельно разрабатывать методику преподавания предмета, использовать формы и методы активного обучения..

Единой должностной инструкции к уровню профессиональной компетенции учителя истории нет. Но есть ряд универсальных обязанностей, которые включают в себя: личностная компетентность, диагностическая компетентность, методическая компетентность, коммуникативная и информационная компетентность.

Все данные виды компетентности поддерживают профессиональный рост учителя. В классе деятельность учителя истории всегда носит индивидуальный хараектер: на нем лежит большая ответственность за введение ученика в мир истории. Умение выявлять индивидуальные особенности методики, анализировать результаты своей обучающей деятельности, определять проблемы в организации процесса обучения истории составляет содержание профессиональной компетентности.

Высокий уровень профессиональной компетентности подразумевает также умение учителя разработать свой индивидуальный стиль преподавания плюс сильную методологическую основу.

С профессиональным ростом возможны и нужны профессиональные изменения. Учитель истории никогда не должен оставаться на одном месте.

Учитель должен меняться, совершенствоваться, уметь адаптироваться к изменяющемуся миру. И успевать отмечать важные исторические процессы, свидетелями которых являются он и его ученики. Как учитель истории, ко мне часто обращаются учащиеся, что бы услышать мое мнение по поводу современных политических событий. И я должна, во-первых, как человек, высказать свою точку зрения, во-вторых, как историк, очень тонко и корректно подвести ученика к правильному мнению.

В своей педагогической практике часто использую новые подходы и методы обучения, что позволяет мне развиваться в условиях растущего внешнего вызова и оставаться на высоком уровне компетенции.

Профессиональная педагогическая компетентность – это интегральная характеристика деловых и личностных качеств учителя, отражающая не только уровень знаний, умений, опыта, достаточных для достижения целей профессиональной деятельности, но и социально-нравственную позицию личности, позволяющих человеку использовать свой потенциал, осуществлять сложные виды деятельности, оперативно и успешно адаптироваться в постоянно изменяющемся обществе и профессиональной деятельности. Будучи интегративным образованием, профессиональная компетентность не сводится ни к отдельным качествам личности или их сумме, ни к определенным знаниям, умениям и навыкам. Она отражает не только имеющийся у человека потенциал и способность его использовать, но и порождает новые явления, качества жизни и деятельности, позволяющие человеку быть успешным.

# ПЕДАГОГТІҢ БЕДЕЛІ, МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТІ

**Алигулова А.М.**
педагог-зерттеуші, №141 ЖББМ-тің тарих пәні мұғалімі, Алматы қ.

**Андатпа**: Құзіреттілік дегеннің өзі бір сөзбен айтқанда тек өз пәнін жетік меңгертумен ғана шектелмей өз мамандығына деген қатынасының тереңдігі болып табылады. Мұғалім құзіреттілігі оның елдің ертеңін қалыптастыру , құндылықтардың берік қамалын тұрғызу болып табылатындығын ескерсек, онда мұғалім ол мамандық таңдау емес, болашақтың керегесінің кепілі деп қараған жөн. Мақалада Қазақстанда педагогтың беделі, мәртебесі және құрметі қарастрылады.

**Аннотация**: Одним словом, компетентность-это глубина отношения к своей профессии, не ограничиваясь только овладением своей дисциплиной. Учитывая , что компетентность учителя заключается в том, чтобы сформировать будущее страны, построить прочный замок ценностей, то учителя следует рассматривать не как выбор профессии, а как залог будущего. В статье рассматривается авторитет, статус и уважение педагога в Казахстане.

**Abstract:** In a word, competence is the depth of attitude to one's profession, not limited only to mastering one's discipline. Given that the competence of a teacher is to shape the future of the country, to build a strong castle of values, teachers should be considered not as a choice of profession, but as a guarantee of the future. The proverb examines the authority, status and respect of a teacher in Kazakhstan.

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төр мұғалімдікі»- бұл қағиданың қаншалықты ақиқат екеніне талай Алашты аузына қаратқан тарландар да көз жеткізген. Әркімнің жүрегіне жол тапқан бір ұстазы бар. XXI ғасырдың ұстазына бұл тұжырым өзектілігі мұғалім мәртебесіне әкелгендей.

Ұстаз болу – бір баланың көкірегіне шам жағу. Мұғалім мәртебесі күн тақырыбының маңызды мәселесінің бірі. Соңғы 20-30 жылда мұғалімге деген көзқарас, қатынас түбегейлі өзгеріске ұшырады. Оның себептерін қазбаласақ: қоғамдағы экономикалық өзгерістер, әлеуметтік мәселелер мен құндылықтардың ауысуы деп ойлаймын. Бүгінгі талап мұғалімге құрмет және оның мәртебесінің қалыптасуы жаңа құндылықтарға негізделген. Ол мұғалімнің құзіреттілігі.

Жоғарыда атап кеткендей Қазақстанда мұғалім мәртебесі біршама төмендеп, бұл мамандықты оқуға түсе алмаған жастардың диплом алу үшін таңдап кеткенін жақсы білеміз. Осындай келеңсіз құбылыстар ұстаз мәртебесінің өсуінің еш кепілі бола алмайды, және бұл үрдіс соңғы 20-10 аралығында орын алғанын ескерсек, тез арада мұғалімге деген қоғамның саналы құрметіне бөлену мүмкіндігі қандай болатыны сезіп отырмыз. Мемлекет тарапынан бұл мәселені шешу үшін «Педагог мәртебесі туралы заң» шығарды.

Бұл заңда төмендегідей маңызды мәселелер қарастырылған.

Десек те, заң арқылы ғана қоғамдағы құрметке ие болу мүмкін бе ? – деген сұрақ туындайды. Осы сұрақтың жауабын мен құзіреттіліктен іздеп көрдім.

Мысалы Сингапурдағы мұғалімнің құрметті мамандық екенін талайлар тамсанып айтып жүреді. Бекер емес, себебі мұғалім –ол мектептің жүрегі. Сондықтан оның құзіреттілігі маңызды және мұғалім құзіреттілігі төрт фактордан тұрады екен:



Бұл фактордан бұрын , оның ортасындағы басты нәтижеге көз салсаңыз, ол «баланың біртұтас дамуы». Яғни, басты назарда бала және оның эмоционалдық құндылықтары мен өмірге дайындығы, білім сапасының өсуі. Оны құраушы 4 факторы: 1) баланың ойы мен жүрегін жаулау, 2) бірге даму, бірігіп жұмыс істеу 3) білім жүйесінің дамуы 4) өзіңді және өзгені тану; Олар сонда мына нәтижеге қол жеткізбекші: тәртіпті, еңбекқор, білімді, адами қасиеттерге ие, қайырымды, әділ азамат.

Бастапқы мақсат пен соңғы нәтиженің арасын мұғалім құзіреттілігі байланыстырады. Тағы бір тоқтала кететін жағдай, баланы әділ, тәртіпті,білімді, еңбекқор, қайырымды ету үшін ұстазы сол қасиеттерге ие болуы хақ. Осы орайда Сухомлинскийдің бір сөзін мысалға келтіре кеткім келеді. Сухомлинский: «Педагог шеберлігінің негізі баланың өзінде жатқанын, оның сізге және оқуға деген қатынасында жатқанын ұмытпау керек» - деп көрсеткен. Бала айтқанды емес, көргенін жасайды.

«Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» дегендей, біздің педагогтердің құзіреттілігі жалпылай көрсетілген шаблонға ұқсас сияқты. Десек те, мұғалімнің құзіреттілігіне қол жеткізу үшін нақты мақсатын мен міндетіңді сезіну, оқытудың әдістерін баламен қатынасқа түсу арқылы дамыту керек екенін жете түсінеміз.

Мен бір мектеп бітіруші түлектен, өмірдегі мақсатын сұраған кездегі алған жауабым «көп мұғалімдердің аттарын білмеймін, және мүмкіндік болған кезде шет елге кетіп, сол жақтың азаматтығын алам» - деген сөздері қатты ойға қалдырған еді. Осыдан кейін өзіме деген талап пен маған керек мақсатты анықтай бастадым. Біз мектепте тек стандартты меңгертуді басты назарға алып, баланы кейінгі орынға ысырып қойғанымыз анық болды. Қазіргі күндерде де қоғамның ішінде «еліміздің білім саласы сапасыз»- деген тұжырымдарды жиі естимін. Олай еместігіне халықаралық олимпиадаларда қазақстандық жеткіншектердің қол жеткізіп жатқан нәтижелерін көріп қуанып отырсам, екінші жағынан олар кейін шет елге кетіп, алған білімінің жемісін еліне көрсетер ме екен деген күдік те ұялайды.

Айтпағым мемлекет тарапынан мұғалімге көрсетілген құрмет, қоғам тарапынан мойындалу керек сияқты. Ол эмоционалдық деңгейде болу керек.

Мына сызбаға назар аударсақ, мұғалімнің құзіреттілігі мен оған деген құрмет осы стандарт арқылы меңгерілуі керек деп ойлаймын.




Бүгінгі мектептің сыншысы- ата-ана. Қоғамдағы құндылықтарды мектеп пен орта сіңіреді. Сол себепті ұстаздың ролі жауапты болғандықтан , ол құзіретті болса, құрмет оған өзі келеді.

Педагогтың кәсіби құзіреттілігі:ол шығармашылық пен жаңаға құштарлық; білім алушының оқуға деген құштарлығын ояту мен сапалы білім беру.

Мұғалімнің құзіреттілігінің үш жағы бар: жалпы мәдени, кәсіби, әлеуметтік.


Бірінші, жалпы мәдени құзіреттілік – интегративті мәдениетінің көрсеткішінен тұрады(интеллект, сөйлеу және қарым-қатынас стилі,өзіне қарым-қатынасы, мәдениеттілігі)

Екінші, кәсіби құзіреттілігі-өз ісінің нағыз маманы( пәнін жетік білуі, әдіс-тәсілдерді педагогикалық жағдайларды тиімді қолдану)

Үшінші, әлеуметтік құзіреттілік- құндылықтар жүйесінің бағытынан тұрады.

Осы орайда «педагог мәртебесі туралы» заңның мына бабы, мұғалімнің мәртебесіне лайық болуды көздейді.

Мұғалім мәртебесі мен құрметінің өсуі мына факторлардан тұрады деп ойлаймын – өзін-өзі саралаудан, өзін үнемі дамытудан, өзін түзетіп, толықтырып отыру. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ұстазға деген құрмет оның педагогтік шеберлігі, құзіреттілі мен құндылықтар жүйесі мен жауапкершілігінен тұрады.




Франсуа Рабленің Гаргантюа мен Пантагрюэль шығармасының моралі неде?

Нәтиже

- Өзіне сенімді
- Өз бетінше дамуға бағытталған
- Белсенді өмірлік позициясы бар
- Жауапкершілігі жоғары азамат
- Құндылықтарға дағдыланған

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға». Абыройыңыз асқақ, беделіңіз жоғары мәртебелі ұстаз болыңыздар құрметті ұстаздар!

## ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ

**Архыматаева А.Ж**.
тарих ғылымы бойынша PhD, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндері зертханасының меңгерушісі

Қазіргі білім беру парадигмасының орталығында позитивті типтегі және әлеуметтік жауапкершілік қағидатындағы қарым-қатынас негізінде өмір сүру әдістері мен формаларын икемді өзгертуге қабілетті еркін өзін-өзі жүзеге асыратын жеке тұлға көрсетілген. Соған орай педагогикалық үрдіс бағытының нәтижесі - білімді, адамгершілікті, ізгі, еңбекқор, өз бетімен кез келген жағдайда жауапты шешім қабылдай алатын, тәуекелшіл, ымырашыл, ұтқыр, белсенді де өткір, шапшаң, кез келген ортаға тез сіңіп, үйренісіп кететін, елінің алдында жауапкершілік сезімі бар адамдарды тәрбиелеу жаңа құрылымның құндылықтары құзыреттілік болатын бағдарға негізделеді. Өзекті және білім беру саласындағы басымдық ретінде мәлімделген құзыреттілік тәсіл білім берудің негізгі нәтижесі білім, білік және дағдылар жүйесі емес, зияткерлік, қоғамдық-саяси, коммуникациялық, ақпараттық және басқа салалардағы мемлекет мәлімдеген негізгі құзыреттер жиынтығы болуы керек деген құзыреттілік парадигмасына негізделген.

Бүгінде білім беру мекемесі шығармашылыққа ие, рефлексияға қабілетті, оқытудың заманауи технологиялары мен оқушылармен сындарлы өзара әрекеттесу тәсілдерін білетін "жаңа формация" мұғаліміне мұқтаж. Мұғалім жоғары адамгершілік нормалары мен ізгіліктің, құндылықтардың жаңа жүйесінің тасымалдаушысы беделіне айналуы керек. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістердің негізінде қоғамдағы мұғалімнің ұстанымы да өзгерді, осы уақытқа дейін мұғалімнің негізгі қызметі жаңа ақпарат пен пәндік білім беру болса, ендігі кезекте қоғамға адам өмірінің негізгі кезеңдерінде оның дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық-педагогикалық жағдайларын жобалауға және жүзеге асыруға қабілетті, идеялы, жаңа ұрпаққа мәдени үлгілер мен тәрбие өнегесін беру міндетін орындайтын және оқыту әдістері мен техникаларын білетін, кез келген

жағдайда құзыреттілік тұрғысынан жауапты шешім қабылдай алатын, белсенді менеджер-технолог, рухани тәлімгер, тәрбиеші,кеңесші, кәсіби мұғалім қажет.

Кәсіби маманның жеке-кәсіби мүмкіндігі білім деңгейінен, зияткерлігін, кәсіби дайындық дәрежесінен, қабілеті мен құзыреттілігінен құралады. Қазіргі білім беру педагогтың кәсіби қызметінің құзыреттілігін алға қояды.

**Құзырет –** маманның кәсіби міндеттерді алған білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, тиімді шешуі болса, құзыреттілік соны шынайы тәжірибеде таныта алуын білдіреді.

***Құзыреттілік*** – таным, тәжірибе, міндеткерлік, беделді болуды біріктіретін ұғым, ол кәсіби маманның өз ісін жеткілікті дәрежеде білуән, кәсіби білімін, дағдысы, тәжірибелік іскерлігін, тәртібін (жұмыс стилі, ойлауы, имиджі, жұмыс дағдысы, кәсіби мәдениеті т.б.), тәжірибелік дағдыларын танытады. Оған маманның когнитивті, технологиялық, ынталандырушылық, әдеп, әлеуметтік, тәртіп нормалары жатады. Құзыреттілік маманға әлеуметтік ортаға жылдам бейімделуіне, өмір жағдайларын жылдам құруға, оқу-тәрбие ортасын жасауға ықпал етеді.

***Кәсіптік құзіреттілік*** - бұл кәсіби білім, іскерлік, дағдылар мен жеке басының сапалық қасиеттерінің бірккен жүйесі, маманның нақты кәсіби қызметте алған білімдерін, дағдыларын, іскерліктерін, тәжірибесін жеке қасиеттерімен біріктіре отырып, жүзеге асыруға қабілеттілігі мен дайындығы, әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырылған және міндеттер мен мәселелерді өз бетінше шешуге дайын және қабілетті, сонымен қатар өз қызметінің нәтижелеріне баға бере алу, мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттерінің тұтастығы, қызмет барысында туындайтын мәселелерді тиімді шешу қабілетін анықтауға мүмкіндік береді. Оған: әдістемелік, пәндік білім, технологиялық сауаттылық, өмірге бағыттылығы мен өмірлік тәжірибесі жатады. Ол үшін педагог әрдайым үнемі өзін жетілдіру жолында болуы тиіс.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - бұл оның мұғалім және ғалым ретіндегі кәсіби қызметінің негізін құрайтын білім, білік және қабілет жүйесі. Құзыретті маман өзінің алған кәсіби білімін, дағдысы мен іскерлігін алға қойған мақсатына жетуде және белгіленген стандарттарға сай қолдана алады. Кәсіби құзыреттілік құрылымы түйінді және арнайы құзыреттерді қамтиды.

| № | Құзыреттіліктер | Мазмұны |
|---|---|---|
| | **Жеке тұлғалық құзыреттілік** | жағымды мінез;<br>балаға деген махаббат;<br>баланы жоғары құндылық ретінде қабылдау;<br>эмпатия;<br>парасаттылық;<br>өзін-өзі ұйымдастыру;<br>кәсіптік мінез–құлық (төзімділік, батылдық, мейірмділік т.б.) ;<br>жоғары мәдениеттілік;<br>өз өмірін салауаттылықпен құру;<br>зиялылық. |
| | **Пәндік-әдістемелік құзыреттілік** | кәсіптік білім;<br>дидактикалық қабілеттілік;<br>өзін кәсіби тұрғыдан жетілдіру;<br>оқытылатын ғылым саласындағы арнайы білім мен іскерліктер;<br>пән бойынша қазіргі заманғы зерттеулерге бағдарлану;<br>әр сала бойынша базалық білімінің болуы;<br>әдістемелік білім мен іскерлік;<br>оқыту-тәрбие әдістері мен технологияларын білу, оны өз еңбек тәжірибесінде қолдана алу;<br>көпміндеткерлік: бір уақытта бірнеше жұмысты орындай алу;<br>пәнді оқыту әдістемелерін меңгеру;<br>кәсіби ойлау. |
| | **Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік** | таным процестерінің психологиясы мен психофизиологиясының жеке ерекшеліктері саласындағы теориялық білім; |

| | | |
|---|---|---|
| | | оқушының танымдық құралдарының даму деңгейін педагогикалық тәсілдермен анықтай білу;<br>"мұғалім - оқушы" жүйесінде тиімді қарым-қатынас тәсілдерін практикалық меңгеру;<br>педагогикалық техниканы меңгеру;<br>өз сезімін басқара алу, эмоционалды зияткерлік;<br>күйзеліске төзімділік;<br>*дифференциалды-психологиялық құзыреттілік,* білім алушылардың жеке психологиялық және жас ерекшеліктерін білу, жеке тұлғаға психологиялық әсер ету тәсілдерін меңгеру;<br>*әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік*, топтық және коммуникативтік процестердің заңдылықтарын білу, оқушылар ұжымын қалыптастыру және қарым-қатынасты басқару тәсілдерін меңгеру.<br>психикалық күйлердің, тұлғааралық қатынастардың және әлеуметтік орта жағдайларының үнемі өзгеруімен басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға, өзін және басқаларды түсінуге дайын болу және ұмтылу;<br>кәсіби мамандық сапаларын (жауапкершілік, педагогикалық такт, әдеп, мейірімділік) меңгеру;<br>білім саласындағы жаңартуларға ұмтылу;<br>педагогикалық қабілеттерді меңгеру (дидактикалық, коммуникативтілік, перцептивтілік, өз ісіне талдау жасау т.б.) |
| | **Коммуникативті к құзыреттілік** | адамдармен түрлі ортада, түрлі жағдайларда қарым-қатынас жасай алу; тіл табыса білу;<br>тілдік тұрғыда: таза, анық, нық сөйлеу, әдебие сөйлеудің тілдік нормаларын сақтау, оқу ақпаратын дұрыс беру, жеткізу, тіл арқылы сезімдік әсер ету, ана тілінде жақсы сөйлеу;<br>әлеуметтік-психологиялық тұрғыда: жағымды пікір қалыптастыру, әр баланы сол күйінде түсініп, қабылдау, жағымды әсер ету; адамгершілік-әдеп тұрғысында: ізгілікті, ашық қатынас жасау, кәсіптік әдеп нормаларын басшылыққа алу, әр оқушының жеке басына құрметпен қарау;<br>эстетикалық тұрғыда: ішкі және сыртқы үйлесімділікке әкелу, оқушыларды жоғары қарым-қатынас мәдениетіне қосу, сезімдік әсер ету, өмірге деген жағымды көңілкүйді туғызу, қарым-қатынас қуанышын сезіндіру;<br>технологиялық тұрғыда: оқыту-тәрбие әдістерін, құралдарын тиімді қолдану, қарым-қатынастың тиімді стилін ұстану, педагогикалық такт сақтау, нәтижеге жұмыс жасау;<br>өзіне және басқаға сыни көзқараспен қарау;<br>командада жұмыс жасай алу;<br>тұлғаралық қарым-қатынас дағдысының болуы;<br>басқа сала мамандарымен қарым-қатынасқа түсе алу;<br>әдеп қағидаларын ұстана отырып, халықаралық ортада жұмыс жасай алу дағдысы. |
| | **Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік** | өзінің кәсіби қызметінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды практикалық қолдану;<br>компьютерлік сауаттылық;<br>ақпаратты басқара алу дағдысы (түрлі дереккөздерден ақпаратты тауып, оны талдай алу), әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеудің әмбебап мүмкіндігін меңгеру;<br>сандық ресурстарды қолдана алу;<br>бағдарламалық-әдістемелік кешендермен жұмыс;<br>құжаттарды электронды түрде орындай алу;<br>қашықтан оқыту қызметін жүзеге асыра алу;<br>АКТ-ға дайын болу, ақпараттық-коммуникациялаық технологиялармен жұмыс жасай алу іскерлігі;<br>мәселені шешу, шешім қабылдау;<br>медиа-технологияларды қолдана алу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құндылыққа бағытталған құзыреттілік** | қоршаған әлемді, өмір сүріп отырған ортаны дұрыс қабылдау;<br>жоғары этикалық құндылықтарға;<br>азаматтыққа және патриотизмге негізделген қоғамның шығармашылық өміріне ат салысу,<br>*тәрбиелік құзыреттілік*, тәрбие ұстанымдары мен заңдылықтары, мақсаты, мазмұны, тәрбие құралдары туралы білім , тәрбие әдістемелерін меңгеру;<br>педагогикалық үрдістегі мәселелерді адамгершілік қағидаттары тұрғысынан шешу;<br>ақиқатты тану;<br>өзіне, айналасына, өзінің болашақ педагогикалық қызметінде қиянат жасамау;<br>жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау;<br>педагогикалық мәдениет. |
| | **Ұлттық құндылыққа бағытталған құзыреттілік** | этнобағдардың болуы;<br>ұлттық ерекшелік пен мәдениетті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді білу және жаңғырту;<br>жеке және қоғамдық өмірде ұлттық мәдениет құндылықтарын жетілдіру;<br>бала үшін рухани ұстаз, тәлімгер, бала жүрегіне жол табушы;<br>құндылықтарға бағдар беруші;<br>ұлттық психологияны меңгерген;<br>ұлттық құндылықтарды насихаттаушы;<br>азаматтық позициясы бар;<br>өз елінің патриоты;<br>ортақ идеяға қызмет ететін;<br>қоғамдық өмірге белсене араласушы. |
| | **Технологиялық - ұйымдастырушылық құзыреттілік** | басқарушылық технологияларды меңгеру;<br>ресурстарды педагогикалық талдау;<br>оқу орнының беделін көтеруге үлес қосу, имиджін сақтау;<br>педагогикалық технологияларды қолдана алу;<br>өз жұмысын тиімді ұйымдастыра алу;<br>шешім қабылдай алу, мәселені шеше білу;<br>икемділік - кез-келген жағдайда жұмыс істеуге дайын болу, білім беру стандартының жаңа талаптарына тез бейімделу, жаңа оқулықтарды игеру, жаңа техникалық құралдарды қолдану, әртүрлі онлайн-платформаларда жұмыс істеу, аудиторияның білім деңгейіне сай жауап беру қабілеті;<br>мәдени ұтқырлық (мобильділік) - оқиғаларды еркін ойлау және бағалау, оқу бағдарламаларын шығармашылықпен қабылдау және оларды бейімдеу, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті, өзгеретін жағдайларда стандартты емес шешімдерді табу мүмкіндігі, зерттелетін саладағы, әлеуметтік дамудағы өзгерістердің сипаты мен бағытын болжай білу;<br>кәсіби ұтқырлық - икемділік, белсенді азаматтық позиция, кәсіби міндеттерді шеберлікпен орындау;<br>педагогикалық ұтқырлық - педагогтің білім беру процесінің субъектілерімен (оқушылар, ата-аналар, әріптестер, әкімшілік) бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыра білуі, қазіргі заманғы білім берудің мақсаттары мен міндеттерін, құндылық бағдарларының әлемдік және ұлттық парадигмасын ескере білуі;<br>оқушыларды ынталандыру;<br>жағымды оқу-тәрбие ортасын құру;<br>педагогикалық ақпаратпен бөлісу;<br>серіктестік, ынтымақтастық. |
| | **Жобалау-конструктивтік құзыреттілік** | басым мақсатты анықтау, осы мақсатқа сәйкес келетін педагогикалық құралдарды таңдау;<br>педагогикалық процестің жағдайларын диагностикалау;<br>жетістіктерді болжау және осы негізде нақты іс-қимыл жоспарын жасау;<br>мақсаттарды жобалау, жоспарлау, ұйымдастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | зерттеу құзыреттілігі,инновацияларды енгізу бойынша педагогикалық экспериментті жоспарлау, ұйымдастыру, өткізу және талдау білігі;<br>ізденушілік;<br>жобаларды жасау және оны басқара алу;<br>бастамашылық таныту;<br>сапаға жұмыс жасау;<br>өз жұмысының нәтижелерін түзету және талдау қабілеті;<br>оқу-тәрбие үрдісін түзету, реттеу. |
| | **Шығармашылық құзыреттілік** | креативтілік;<br>сыни ойлау;<br>топ құру;<br>жұмыс стилін таңдау;<br>жаңалыққа құштарлық;<br>шығармашылық белсенділік;<br>оқу-тәрбие міндеттерін шығармашылық тұрғыда орындау;<br>оқушының қабілеттерін дамытуға дайын болу;<br>әр іске жаңашылдық тұрғысынан келу;<br>бала үшін жетістік жағдайын құру. |
| | **Жүйелік құзыреттілік** | алған білімін қолдана алу;<br>идеялы болу және өз идеясын жүзеге асыра алу;<br>жаңашыл, жаңа жағдаяттарға бейімделе білу;<br>көшбасшылық дағдыларының болуы;<br>бастамашылық;<br>тәуекелшілдік;<br>бәсекеге қабілеттілік;<br>стратегиялық ойлайтын. |
| | **Аналитикалық-рефлексивті құзыреттіліктер** | өз қызметін реттеу;<br>кері байланыс механизмін жүзеге асыру;<br>оңтайландыру;<br>ішкі ресурстарды іздеу арқылы педагогикалық процесс, сонымен қатар мұғалімнің өз құзіреттілік деңгейін саналы түрде арттыру;<br>рефлексияға қабілеттілік;<br>құзыреттілік деңгейін, кәсіби мүмкіндіктерін бағалау;<br>педагогикалық үрдісті талдау, баға беру;<br>ішкі психикалық күйлер мен өз іс-әрекеттерінің негіздерін түсіну;<br>өз қызметінің нәтижелерін және өзінің даму деңгейін, жеке жетістіктерін саналы түрде бақылау;<br>талдау мен сараптауға дайын болу; шығармашылық, бастамашылық, ынтымақтастыққа бағытталған, шығармашылық, интроспекцияға бейімділік сияқты қасиеттер мен қасиеттердің қалыптасуы;<br>өзін-өзі басқару, өзін-өзі тану, кәсіби өсу, шеберлікті жетілдіру, мағыналық шығармашылық қызмет және жеке тұлғаны, жұмыс стилін қалыптастыруды реттеу. |
| | **Акмеологиялық** (акме-шыңға шығу) **құзыреттілік** | тұрақты кәсіби жетілдіру қабілеті;<br>кәсіби өсу үшін қажетті бағыт пен қызмет түрлерін таңдау мүмкіндігі;<br>өзін-өзі кәсіби тұрғыдан жетілдіру, дамыту;<br>жетістікке ұмтылу;<br>үнемі ізденісте болу;<br>педагог имиджін қалыптастыру;<br>педагогикалық техника элементтерін меңгеру;<br>педагогикалық такт пен әдепті сақтау;<br>педагогикалық шеберлік;<br>стратегиялық ойлау,кәсіби өсу, өзін педагогикалық қызметте көре алу. |

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде **түйінді құзыреттіліктерге** мән беріледі. Олар: ***Әлеуметтік құзыреттілік***: әлеуметтік қырағылық, өзіне жауапкершілік алу, оны

сезіну, өзінің жеке қызығушылығын қызметімен сәйкестендіру, еңбек нарығындағы жағдайды талдау, өзінің кәсіби мүмкіндіктеріне баға беру, өзін-өзі ұйымдастыру, өзара қарым-қатынас әдебі мен нормаларын сақтау, белсенді азаматтық бағытты ұстану, отбасылық, қоғамдық,саяси, экономикалық байланыстарда белсенді болу, қазіргі саяси, экономикалық және әлеуметтік ортада қырағы болу, балаларды ынталандыру мен түсіну, олар үшін сәттілік пен таңдау жағдайын жасау, толеранттылық;

***Коммуникативті құзыреттілік***: адамдармен, түрлі әлеуметтік топтармен ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсе алу, өз ана тілінде қарым-қатынасқа түсе алу, басқа тілдерді білу, тілдік нормаларды сақтау,қоғамда өзінің түрлі әлеуметтік рөлдерін орындай алу, эмпатияға қабілеттілік, бастамашылық;

***Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік***: ақпараттық технологиялардың көмегімен ақпараттық ресурстарды қолдана алу, компьютерлік сауаттылық, құзаттарды электронды түрде орындай алу, қашықтан оқыту қызметін орындай алу, бағдарламалық-әдістемелік кешендермен жұмыс жасай алу; ***Арнайы құзыреттілік***: кәсіби міндеттерді дербес орындау;

***Когнитивті (танымдық құзыреттілік)***: білім алу, өзі қосымша ізденіп оқу, кәсіби білімін жетілдіру; маман ретінде өзін-өзі жетілдіру, дамыту, өзіне қолдау жасау, мақсат қоя алу, рефлексияға қабілеттілік;

***Мәдени құзыреттілік***: мәдени және рухани тұрғыда жетілу, бос уақытын тиімді қолдану, өзінің өмірлік жолына дұрыс таңдау жасай алу;

Қорыта келе білім беру жүйесіндегі өзгерістердің негізі қазіргі қоғамдағы мұғалімнің ұстанымының өзгеруі болып табылады, ол деген мұғалімнің бұрынғы негізгі жаңа ақпаратты беру және пәндік білімнің көзі болу функциясын өзгерту деген сөз. Қазіргі уақытта қоғамға адамның дамуының негізгі кезеңдерінде оның дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық-педагогикалық жағдайларын жобалауға және жүзеге асыруға қабілетті, жаңа ұрпаққа мәдени үлгілер мен барқын бейнелерді таныту міндетін орындайтын, оқыту әдістері мен тәсілдерін, технологияларын білетін кәсіби мұғалім қажет.

## ТАРИХ САБАҒЫНДА БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Битлеуова Э.Д.**
Абай облысы Білім басқармасы
М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің оқытушысы

*Ұстаздық мінез – құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкіртті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді.*

***Әл – Фараби***

*Мемлекет басшысы республикалық педагогтар съезіне қатысып* Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни біздерге зор жауапкершілік жүктеді.

**Танымдық** — (таным әрекеті, танырлық, танылатын, танып білерлік) танылатын үрдіс; танымдық қызығушылық — ғылым жаңалықтарын; қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге деген қызығушылық. Танымдық есеп — жаңа білім іздеуге, оқудағы байланыс, дәлелдерді белсенді пайдалануға түрткі болатын оқу тапсырмасы. Танымдық есеп жүйесі

бүкіл оқыту процесінде оқудың мазмұны мен іс-әрекет амалдарын біртіндеп күрделілендіре беретін бірізділікке негізделеді. Сондықтан мұғалім білім алушының білімді меңгеруімен қатар, оның оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру жағына да баса назар аударуы керек. [2]

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі ұғымдардың бірі - «құзыреттілік». «Құзыреттілік» (латын сөзі) competenens – қабілетті, қатысты деген мағынада. «Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, енгізген американдық ғалым Н.Хомский.

Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның, білім алушының бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш–жігердің болуы. Құзыреттілік –білім алушының іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Білім алушылардың танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың соған сәйкес танымдық ізденімпаздығын дамытудың негізгі шарттарының бірі- тасқынды ақпараттарды іріктеп, таңдай, бағдарлай білуі.

Өзінің жұмыстардың бұл түрі танымдық ізденімпаздықты қалыптастыруда және ақыл –ой мен жаға эмпирикалық, практикалық білім игеруде жетекші роль атқарады. Бұл жұмыстар оқытудың іскерлік ойыны, конференция, мәжіліс, пікірталас және т.б. сияқты өзіндік формаларын ұсынды.

Сондықтан өз іс- тәжірибемде сабақ беру үрдісінде мынадай негізгі факторларды басшылыққа аламын:

- Өз бетінше тапсырмалар беру;
- Білім алушыларды өз бетінше жұмыс істеу белсенділігін арттыру;
- Білім алушылармен жекелей, жұптық топпен жұмыстар жүргізу.

Өз бетімен жұмыс істеу білім алушылардың біліміне ғана әсер етпей, сонымен қатар тәртібі мен мінез – құлқына тигізер ықалы зор. Жауапкершілік сезіне отырып, білім алушыны ізденімаздығы, шығармашылығы дамиды.

Жалпы жаңа педагогикалық технологияны қолдану сабақтың сапасын көтеруге, білім алушылардың білімге деген оқу – танудық қызғушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді. Ал, бұған тоқталғалы отырған төменгі оқыту әдістері жатады:

Цифырлық әлемінде – жылдар көрсетіледі, білім алушы сол жылы қандай оқиға болғанын еске түсіріп айтуы қажет. (Мысалы: 1836 ж., 1723ж ., 1986 ж. т.б.)

Кісі есімі, топонимикалық атаулар көрсетіледі, білім алушылар бұл кім екені, қандай қайраткер екені туралы айтады.(«Б.Муссолин», «А.Гиттлер», «К.Қасымұлы», «С.Датұлы»).

Кестені орындау, бір оқиғаның болған жылы беріледі, орнын табу крек, қозғаушы күші бар, нәтижесін жазу, сипаты жазылған т.б.

| Уақыты | Жетекшісі | Қай жерде қамтыды | Нәтижесі | Сипаты |
|---|---|---|---|---|
| 1916 ж | | | | Ұлт – азаттық |
| | И.Таймануұлы | Кіші жүз | | |
| 1837-1847 | | | | Отаршылдыққа қарсы |

Келесі кестеде салыстыру:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 1211 ж | | 1 Орталық Азияны басып алды. |
| 2 | 1219-1221 ж.ж | | Шыңғыс хан әскері Қытайдың Цзинь империясына басып кірді. |
| 3 | 1227 ж | | Қытайдағы жаулаушылық жорықтар тоқтады. |
| 4 | 1359 ж | | Шыңғыс хан дүниеден өтті |
| 5 | 1279 ж | | Мәскеу тағына Иванович отырды |

Зерттеу әді шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады.

Зерттеу ұғымы жинақталған білімдерді жетілдіре отырып, белгіленген мақсаттар мен міндеттерге жету барысында заңдылықтарды қалыпастырады, салыстырмалы талдаулар

жүргізуді және ғылыми негізделген ұсыныстар беруді қамтиды. Зерттеу әдісі арқылы білім алушы білімін қолданып, ғылыми танып әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірбиесін жинақтайды. Проблемалық оқыту кезінде оқытушы ізденіс жұмыстарын ұйымдастырады, оның барысында білім алушылар жаңа білім іскерліктерді меңгеріп, жалпы қабілетін, зерттеу белсенділігін дамытады, шығармашылыққа үйренеді, оқу мен оқыту сипаты өзгереді. Білім алушылар шағын зерттеу мен шығармашылық – тәжірбиелік жұмыстарымен айналысады. «Зерттеу» арқылы жаңа білімдер – факті, заңдылықтар, ұғымдар, принциптер, теориялар, ережелер, алгоритмдер қалыптасады.

Шығармашылық тапсырмаларды орындауда тақырыптың құрылымына сай оларды саясаткер, социолог, экономист мамандары ретінде бөле отырып, әрқайсысы өздерін тән тақырыпты зерттеп, игеруге мүкіндік алады.

Танымдылық қызметінде бейне сұрақ қойылып, жауапты тыңдалғаннан кейін топ білім алушылары тақырып аясында бейнесұрақ танымдық қояды. Бұл әдісті әр топ білім алушылары білім деңгейінің түрлі болуына байланысты, тақырып бойынша қаншалықты хабардар екенін анықтауға мүмкіндік бере отырып, бір-бірінің өзара білім алмасып, тексеруге, жауаптарын тыңдап сыйластыққа, алғырлыққа тәрбиелейді.

Топтық жқмыстарда, топ білім алушыларымен XIX ғасырдың II жартысындағы жүргізілген реформалардың жағымды, жағымсыз жақтарын көрсетеді. II және III топ білім алушылары өз тақырыптарының оң және теріс жақтарын анықтайды.

| Жағымды жағы | Жағымсыз жағы |
|---|---|
| | |

Қорыта айтқанда әрбір ұстаздың мақсаты ерік-жігер мықты, адамгершілік деңгейі жоғары, сапалы білім беру арқылы Қазақстанның болашағына сай келетін ұрпақты тәрбиелеу. Белсенді оқу арқылы білім алушылардың танымдық дағдылары дамып арытады. Кез- келген материалмен жұмыс жасауда қорытынды шығару, есте сақтауға білім алушылардың сабақ мақсатына сай үйренгенін түйіндеу мен түсінігін анықтау мен қате түсінген жағдайда түзетуге, өз жұмыстарымен таныстырып идеяларын ұсынуға шақыруға көмектеседі.

**Пайдалынған әдебиеттер тізімі**

1. А.Ж.Байоразова тарих пәнін оқытуда колледж студенттерінің өзіндік, шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері. Қазақстан кәсіпкер №1, 2009 ж.

2. Н.Өміреев. Оқытудың кредиттік жүйесінде студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың әдістері .Қазақ тілі мен әдебиеті №12, 2006ж.

3. Т.Қ.Сейтқалиева //Педагогика мәселелері Ғылыми – теориялық журнал №5-6 2019 ж.

## ФОРМИРОВАНИЕ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ

**Джайнакбаева Г.Т.**
кандидат пед. наук, ассоциированный профессор КазНПУ им. Абая, г.Алматы, Казахстан

**Андатпа:** Бұл мақалада оқушылардың оқыту процессіндегі біліктілігін көрсететін теориялық талдау мәселелері қарастырылаған. Бұл үдеріс теория және тәжірибе кезінде маңызды өзгертулерге ұшыратады. Мақалада Қазақстан Республикасының білім саласында болып жатқан өзгерістер мен модернизацияға білдіріп жатқан ой дисскусияларға байланысты жақында ғылыми айналымға түскен «құзыретті әдіс» және «кілтті құзыреттілік» түсініктері қарастырылған. Жоғарыда көрсетілген түсініктерге назар аударулуының басты себебі, білім саласында қажетті өзгерістерді айқындау, соның ішінде мектеп саласы мен қоғамдағы өзгерістерге негізделген. Мақалада негізгі, шешуші құзыреттіліктердің білімін толықтыру мақсатында қолдануға, өмірлік машықтарын қолдану маңыздары ашылған.

**Аннотация**: Статья посвящена теоретическому анализу ключевых компетенций учащихся, формирующихся в процессе обучения истории. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в теории и практике образовательного процесса. В статье рассматриваются такие понятия

как «компетентностный подход» и «ключевые компетентности», которые получили распространение сравнительно недавно в связи с дискуссиями о проблемах и путях модернизации казахстанского образования. Обращение к этим понятиям связано со стремлением определить необходимые изменения в образовании, в том числе в школьном, обусловленные изменениями, происходящими в обществе. В статье раскрывается содержание ключевых компетенций, отражающих степень готовности ученика к применению знаний, умений, навыков в жизни. Ученик в процессе обучения должен овладеть ключевыми компетенциями, теми, что понадобится ему и в дальнейшем образовании, и в будущей взрослой жизни.

**Abstract:** The article is devoted to theoretical analysis of key competencies of pupils, formed in the process of learning history. This process is accompanied by substantial changes in the theory and practice of the educational process. The article deals with concepts such as "competence approach" and "key competence", which have spread relatively recently in connection with the discussions on the problems and ways of modernization of Kazakhstan's education. Accessing these concepts related to efforts to determine the necessary changes in education, including at school, due to the changes taking place in society. The article reveals the contents of key competencies, reflecting the degree of readiness of the student to apply knowledge and skills in life.

Система Казахстанского образования претерпевает существенные изменения, которые связаны со сменой культурно-исторического развития общества. Модернизация в образовательной сфере Казахстана предусматривает переход на образовательные стандарты нового поколения. Изменения, происходящие в современном образовании, предполагают новые подходы к организации всего учебно-воспитательного процесса, качеств личности, которая должна быть подготовленной и разносторонне развитой, способной самостоятельно решать поставленные задачи, находить оптимальные варианты решения проблем, выдвигать инновационные идеи, предлагать новаторские проекты и успешно претворять их в жизни.

Новые запросы общества обусловливают подготовку выпускников соответствующих уровней в системе образования, что отражено в государственных общеобязательных стандартах образования, государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, и в стратегии «Казахстан-2050», а также других государственных документах, определяющих стратегические пути развития страны.

Инновациялық іс-әрекет – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс әрекетін саналы түрде өзгертеді.

Инновациялық процестің кезеңдері:

- иновацияның себептері;
- жаңалықты жобалау;
- жаңалықты жүзеге асыру.

Инновациялық іс-әрекетке орта да әсер етеді. Мектеп жаңалықтың себебін, жобасының дұрыстығын дәлелдеп, жаңалыққа мұғалімдерді, оқушыларды, ата-аналарды қызықтыра білгені жөн.

Инновацияның негізгі критерийі ғылыми педагогикалық тәжірбиеге де баға беруде басшылыққа алынатын жаңашылдық деп білеміз. Сондықтан инновациялық процеске араласқысы келетін мұғалім қолға алған жаңалығының мәнін, оның жаңашылдығының деңгейін анықтап алуы тиіс. Біреулер үшін жаңалық болып табылатын құбылыс екіншілер үшін олай болмауы мүмкін. Осыған байланысты мұғалімдерді инновациялық процеске тартқанда олардың еріктілігін, тұлғалық ерекше-лігін, дербестік-психологиялық мінездемелері ескерілуі тиіс. Жаңашылдықтың бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге болады.

Олар: абсолютті, локальді-абсолютті, шартты, субъективті, танымалдық деңгейі және қолдану аймағы бойынша.

Нәтижелік инновацияның критерийі ретінде мұғалім қызметіндегі оң нәтижелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. өлшемдегі технологиялық, нәтижені бақылау мен белгілеудегі, түсіну мен баяндаудағы тұтастық бұл критерийді, жаңа әдістің маңыздылығын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналдырады. Педагогикалық инновацияның мазмұны мен критерийлерін тап басып тану, оларды қолданудың әдіс-тәсілін меңгеру жеке мұғаліммен бірге оқу орнының жетекшісіне де оны енгізуді объективті бағалау мен болжамдауға мүмкіндік береді.

Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу Асхат Әлімовтың «Интербелсенді әдістемес», Д.Қ.Ибрагимовтың «Тарих пәні: оқуды жоспарлау» және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Сонымен бірге педагогикалық инновация педагогикалық іс-әрекетке жаңаны енгізу, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында олардың мазмұны мен технологиясын өзгерту болып табылады.

Әр түрлі анықтамаларды талдау инновацияға мазмұнды өзгерістер тән деген қорытындыға әкеледі, ал инновациялық өзгерістің басты функциясы өзгерту функциясы болып табылады.

Инновация мамандар даярлау міндеттерін дәстүрлі формалар (мазмұн) арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда пайда болып, жаңа мақсат пен міндеттерге сәйкес жаңа технологияларды пайдалану қажеттігін тудырады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Қорытынды

Білім - ел қазынасы, халқымыздың білімділігі – ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың инетбелсенді әдістерін қолдануымыз қажет. Оқушылардың алатын негізгі білімдерінің сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді. Сондықтан әрбір ұстаз - өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, оқушының білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде зерттеу мәдениетін басшылыққа алу керек.

Қорытындылай келе,озат тәжірибенің алғы шарттарын ұсынғым келеді:

• Сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы оқушыны өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға баулу. Соның арқасында Отансүйгіштікке, имандылыққа, адам табиғат және қоғам арасындағы қарым –қатынасты терең білуге игеруге тәрбиелеу арқылы оқушының мектеп бітіргеннен соңда өмірден өз орнын таба білуіне бағыт сілтеу.

• Оның бағдары, талап – белгілері, жиынтығы, тұжырымдамасы, оқыту жүйесі, оқыту мазмұны, оқыту құралы, материалдық базасы оқыту мазмұны мен базасының отандық стандартына сай келуі.

• Оқытудың интербелсенді әдістемесі жаңа технологияларды ендіру, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, оқу негіздерін тиімді ұтымды пайдалану. Сонымен қатар,сабақ мақсатын сабаққа игеру, қосымша әдебиеттермен жұмыс, дарынды балалар мен үлгерімі төмен балаларды теңестіру жұмыстары, тиімді көрнекіліктерді табу. Оқушы мұғалім арасындағы педагогикалық ынтымақтастыққа халық педагогикасы тұрғысынан тиімді ықпал ету, табиғаттану, тарихтану, өнер – салт, дәстүр тану, әдебиет тану, ой дамыту, руханият әлемін кеңейту. Білім стандарттары мен әлемдік стандарттардың ара жігін кіріктіру.

Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді.Қазіргі білім беру саласында проблема-әлеуметтік- педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді интербелсенді әдістерін іздестіру , оны өмірде пайдалану..

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет ұстаздардың мәртебесі, беделі жоғары болуына әрдайым баса мән беретінін жеткізді. Бәріміз осы маңызды мақсат жолында табанды еңбек етуіміз қажет. Ұлы Абай "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға деген. Сіздер осы қастерлі миссияны әрдайым абыроймен атқарасыздар деп сенемін. Мемлекет ұстаздардың мәртебесі, беделі жоғары болуына әрдайым баса мән береді", - деп президент айтқандай бүгінде педагогтердің зерттеу мәдениетін дамытудағы тәжірибе мен инновациялар қоғамда маңызды рөл атқарады. Жаңашыл педагог жоғарыда айтылған инновациялық ұстанымдарды берік ұстаса алдындағы тәрбиеленуші шәкірті де ғалым болуы сөзсіз дегім келеді.

**Пайдалынған әдебиеттер тізімі**


1. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.
2. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие беру. /Методикалық нұсқау.А.,1990.
3. Ақназарова Б. Класс жетекшісі. -А., Мектеп, 1973.
4. Амоношвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников. М;- 1984.
5. Әбенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. -А., 1992.
6. Әбиев Ж . , Бабаев с. , Құдиярова А. Педагогика . – Алматы : Дарын , 2004.
7. Әбдіғалиева Қ. Осы заманғы педагогикалық технология. //Қазақстан мектебі – 2001 №2 8-13 бет.
8. Баймаханова С. Деңгейлеп саралап оқыту. //Қазақстан мектебі. №10, 2004, 63-67 бет.
9. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология . Тараз : ТарМу , 2003.
10. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар – Алматы, «Үш Қиян», 2005 , 12-бет.
11. Мұхамбетов С.Қ. Педагогика .Ақтөбе, 2001.
12. Таубаева Ш.Т. Барсай.Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары . //Бастауыш мектеп №3-4 ,1999.
13. Оқытудың жаңа технологиялары.//Халық тәлімі арнайы басылым. №1 2002 , 3-7 бет.
14. А. Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО- қолдану мәселелері. Алматы- 2013
15. Ибрагимов Д.Қ. Тарих пәні: оқытуды жоспарлау. Нұр- Сұлтан 2020

# КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ

**Дюсембаева С.З.**
"Жаңа Ғасыр" №175 гимназия, Алматы қ.

**Аңдатпа:** Бұл мақалада білім сапасын арттырудың тетіктері, төмен үлгерім мәселесін жүйелі шешудің жолдары, ұстаздардың кәсіби біліктілігін жетілдіру, оқу процессі барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалардың дайындалуы туралы баяндалған.

**Аннотация:** В данной статье описаны механизмы повышения качества образования, пути системного решения проблемы низкой успеваемости, повышения профессиональной квалификации педагогов, методы, применяемые в ходе образовательного процесса, составления заданий с учетом возрастных особенностей обучающихся.

**Abstract:** This article describes the mechanisms of improving the quality of education, ways to systematically so

lve the problem of low performance, improving the professional qualifications of teachers, methods used during the educational process, and preparation of tasks according to the age characteristics of students.

Қазіргі күнде, еліміздің білім беру жүйесінде пайда болған үлкен өзгерістерді ескере отыра, білім беру жүйесінің негізгі міндеттері, қазіргі жасаған талаптарға жауап беретін педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда өзгерістер туындауда. Талаптарды өзгерту оқытушыларды кәсібилендіру процесін және осы процесті жүзеге асыру үшін түзету-теориялық және техникалық қосымшаларды жаңарту және жетілдіру міндетін қояды.Арнайы мамандар мен студенттердің қалыптасу процесін басқарудың жаңа аксиоматикалық принциптеріжеке тұлға руханиятының негізгі компоненттеріне құжаттық растау береді. Экономикалық және әлеуметтік дамудың ұлттық стратегиясы барлық салаларда жаңа, білікті субъектілер үшін кәсіби қызметті талап етеді, олар алғаш рет жаңа білім мен дағдылар жолына түседі,сонымен бірге арнайы педагогикалық мамандарды мамандандырупроцесі педагогиканың негізгі проблемаларының біріне айналады [1]. Арнайы педагог маманының кәсіби құзыреттілігін іске асыру педагогтарға педагогикалық шеберлікті арттыру мәселелерінде практикалық көмек көрсетуді, үздік педагогикалық тәжірибені зерделеуді, жинақтауды және практикаға енгізуді, ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа нысандарын, әдістері мен тәсілдерін меңгеруді көздейді. Бұл арнайы педагогтардың кәсіби қызметін сүйемелдеудің теориялық және ұйымдастырушылық-педагогикалық әзірлемелеріндегі маңыздылығын ескертеді. Педагогикалық мамандықтың бүгінгі түлегі, психологиялық-педагогикалық және пәндік хабардарлық деңгейіне ие болса, кәсіби қызметке өзінің дайындығын сенімді түрде жүзеге асыра алатын, жағдайды тез бағдарлай алатын, оқытудың оңтайлы және барабар технологияларын таңдап, өз жұмысында авторлық ұстаным мен тәсілдерді көрсете алатын білікті маман болып көрінеді [2].

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. XXI ғасыр білім беру саласының қоғамының даму үдерісі, ақпараттардың үздіксіз ағыны және де ғылымның өзгеруіне байланысты болып отыр. Заманауи білім кеңістігінен өту жағдайында бәсекеге қабілетті жаңарған ұлттық санаға ие тұлға қалыптастыру ұстаздың басты міндеті саналуда. Білім беру саласында жаңартылған білім мазмұны қолданысқа еніп жатқаны баршамызға мәлім. Осы өзгерістерге сай бүгінгі мұғалім де өз сабағын жаңаша құру міндетті. Білім сапасын арттыруда педагог қызметінің жалпы және кәсіби құзырлығын қалыптастыруда әдіс тәсілдерді қолдануы және тәжірибе алмасуы. Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейінде даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың - болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей өскелең ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, ұлттық тәрбие мен білім өзектілігін жойған емес. Шәкірттеріміздің мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы ұстаздың мықтылығы, білімділігі мен жаңашылдығында. Қай салада болмасын ондағы жұмыстың

нәтижесі сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алып алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады [1]. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Сапаны көтерудегі ең өзекті мәселелердің бірі – мұғалімдерді даярлау және кәсіби шыңдау мәселесі болып отыр. Жаңа заман мұғалімі «дайын» білім көзі ғана болмай, оқушылардың танымдық іс - әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестіруші бола білуі, білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән беруі, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңа жолдар мен әдістер табуға дағдыланған маман болуы қажет. Адамның болашағы оның қазіргі алған білімнің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты. Жеке тұлғаны калыптастыру тек қана әлеуметтік жағдайда ғана жүзеге асады, яғни адамның табиғи қабілеттеріне қоршаған орта әсер еткенде ғана толық ашылады.

Ал оқу орны - балаға бірден-бір әсер ететін орта. Сол себепті жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті оқу орнына жүктеліп, білім алушының жеке қабілетін дамытуда, дарынын ашуда және қоғамдық белсенді әрекетін жүзеге асыруда мұғалімдердің іс-әрекеті мен озық тәжірибесі, қабілеті мен шеберлігі шешуші рөл атқарады. Ол үшін оқыту ісіне жаңа әдіс-тәсілдер дайындап, тәжірибеге енгізуге тиіспіз. Өйткені, мұғалім дамымай оқушы дамымайды, ақпараттық және білім беру технологияларын пайдаланбай, білім алушы мен мұғалімнің сапасын арттырамын деу мүмкін емес. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов «білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Дәрігер өзінің білместігімен бір ғана адамға зардап әкелуі мүмкін, ал педагог бір ұрпақты құртуы мумкін. Ендеше білім берудің нәтижелігі мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы мен кәсіби құзіреттілігіне тікелей байланысты.

Қазіргі заман талабына сай мұғалім болу аз, мұғалім- инноватор - иннотехник болуы керек. Бұл жолды мұғалім, пәнін неғұрлым жылдам әрі іс-тәжірибе жинақтай жүріп өтсе, онда әрине, бүгінгі шәкірт – ертеңгі маман болашағына нық қадам басады. Бүгінгі мұғалім қоғамдық- әлеуметтік талаптарына жауап беретін, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, білім алушының жан-жақты дамуын ұйымдастыра алатын және жұртшылықпен ынтымақтастық орнатуға икемді, шығармашыл тұлға болуы тиіс [2].

XXI ғасыр - ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ізденімпаздық - шығармашылыққа апаратын бірден–бір жол. Шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін оқушының өзін-өзі тануына өзіндік «менін» қалыптастыруға, сол «меннен» шығармашылық тұлғаға жетуіне ықпал жасау әр мұғалімнің міндеті. Тарих сабағында оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге дейін жеткізу мақсатындағы іс-әрекеттердің бірі - шығармашылық тапсырмалар болып табылады. Шығармашылық тапсырмалардың өзін оқушыларды қабілетіне, пәнге деген сүйіспеншілігіне байланысты оқуға қойылатын талаптарын басшылыққа ала отырып, жүргізген жөн. Ол үшін оны түрлендіре әрі орындауға жеңіл етіп берген тиімді болмақ. Бір сабақтың өзінде бірнеше тапсырма ұсынып, таңдап орындауды баланың өз қалауына қалдыру керек. Өте жемісті тәсілдердің бірі - тапсырмаларды жүйеге бөліп, оқушының біліміне, қабілетіне байланысты ұсынуға болады [3].

Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге сәйкес білімін, іскерлігі мен дағдысын үнемі жетілдіріп, ізденімпаздығы мен шығармашылығын дамытып отыратын білікті маман даярлау

қоғамның әлеуметтік талабы. Сондықтан да, қазіргі маманға қойылатын негізгі талаптың бірі - өзінің білімін әрдайым жетілдіріп отыру. Оқушылардың ізденімпаздық деңгейінің бағыттары, алған білімдері мен дағдылары оның әлеуметтік-психологиялық және психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Осы тұрғыда өзіндік жұмыстарды орындау барысында түрлі қиындықтарды жеңу, жаңа шығармашылық деңгейге өту, күткен нәтижеге жету шәкірттің көңіл-күйін көтеріп, оның шаттану, қуану сезімдерін тудырады. Мұндай көңіл-күй сезімі танымдық әрекетті одан әрі дамытуға себеп болады. Оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмысы – шәкіртке берілетін білім сапасын арттырудағы аса маңызды жолдарының бірі. Жас тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, қалыптастырудың міндетті шарты және құралы. Сондықтан тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, оқу орнында білім сапасын арттыруда, оқу процесінің демеуші күші, оқытудың тиімді әдісі болып табылатындықтан оқушының өзіндік жұмысының маңызы зор [4].

Қорытындылай келе, білім сапасын арттырудың басты міндеті - заман талабына сай, жаңа технологиямен қаруланған, ұшқыр ойлы, кез келген уақытта жылдам шешім қабылдай алатын, заманауи ұстаз болу. Инновациялық әдіс тәсілдерді, оқушы жас ерекшелігіне сай қолдана білуі, үлгерімі төмен оқушының қызығушылығын, бейінін анықтап қолдай білуі-ұстаздың жанашыр қамқор болуында деп білемін. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интелектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ. Бәсекеге қабілетті интелектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономиканың дамуы мүмкін емес. Ұлттық білім жүйесін инновациялау үрдісі тек қана отандық және шетелдердің білім саласындағы ең үздік жетістіктерін тиімді пайдалана алғанда ғана нәтижелі болары даусыз. Уинстон Черчиль айтқандай: “Мен мұғалімдерге қызыға қызғана қараймын, себебі олардың қолында қоғамды өзгертетін алпауыт күш бар. Олар бүгінгі ұрпақты қалай тәрбиелеп оқытса болашақ солай болмақ.”

Ұстаздың кәсіби құзыреттілігінің еңбегі- педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым-қатынас, педагог тұлғасын қалыптастыру. Педагогтың қызметі, қарым-қатынасы және ұстаз бейнесін өзін-өзі жүзеге асыру ұстаздың еңбек процессін сипаттайды. Педагогикалық шеберлік- бұл педагогтардың кәсіби қызметінің жоғарғы деңгейі. Ол сырттай табысты шығармашылық шешімдер арқылы көрінеді.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

[1] Нұрматов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана. – Алматы: Ғылым, 1996.- 131 б.

[2] Столяренко А.М. Социальды психология. - Юнити, 2001. - 543 б .

[3] Бөлекбаева Ү. Ұстаздық ізденістер. - Алматы, 2007 – 10 б.

[4] Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. –А.: Білім, 2008- б.7

[5] Жолдасбекова С.А. Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлау. Алматы: Жаршы, 2008-б.13

## ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ САБАҚТАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ШЫҢДАЛУЫ

**Жаппасова М.Е., Рахметова К.А., Дайрабаева Ж.А.**
Юрий Гагарин атындағы мектеп –лицейінің тарих пәнінің мұғалімдері Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы

**Андатпа:** Жаһандану дәуірі мен ақпараттық технологиялардың көз ілеспес жылдамдықпен дамуы білім саласына да өз әсерін тигізуде. Осы ретте баланы сабаққа қызықтыра отырып оқыту бүгінгі мұғалімнің басты талаптарының бірі. Білімнің жаңа үрдісі қалыптасқан бұл заманда білім беру саясатының ең негізгі мақсаты-оқушылардың кез келген проблемасының теориялық негізін анықтап, практикалық мәселелерінің шешу тәсілдерін қамтамасыз ету мүмкіндігін ұйымдастыру болып табылады. Мақалада тарих пәнін қызықтыра отырып оқытудың әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктері

қарастырылған. Қазіргі жас амандарға көмекші болатын бұндай мақалардың қажет екендігі сөзсіз түсінікті.

**Аннотация:** Эпоха глобализации и бурное развитие информационных технологий оказывают влияние и на сферу образования. При этом обучение ребенка с интересом к занятиям является одним из главных требований сегодняшнего учителя. В этот период, когда сформировалась новая тенденция образования, основной целью образовательной политики является организация возможности определения теоретической основы любой проблемы учащихся и обеспечения способов решения практических проблем. В статье предусмотрены методы и особенности обучения с интересом к предмету истории. Понятно что такие макы нужны нынешним молодым людям, которые будут помощниками.

**Abstract.** The era of globalization and the rapid development of information technology also have an impact on the field of education. At the same time, teaching a child with interest in classes is one of the main requirements of today's teacher.In this period, when a new trend of education has emerged, the main goal of educational policy is to organize the ability to determine the theoretical basis of any problem of students and provide ways to solve practical problems. The article provides methods and features of teaching with interest in the subject of history. It is clear that today’s young people need such poppies as helpers.

Ұстаздардың негізгі мақсаты-қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастарының саналы ойлауын қалыптастыру, шығармашыл, өз мамандығын дұрыс таңдаған, ой-өрісі жоғары жеке тұлға дайындау.

Қоғамның дамып өркендеуі, оның әлеуметтік-мәдени эпостық ерекшеліктерін толық меңгеріп,өзгерістер, жаңалықтар, ұғымдар туралы болып жатқан барлық мәселелерге мән бере отырып, салауатты өмір салтын құруда, білім беру саласындағы инновацияны меңгеруде, қоғамымызды ізгілендіруде мұғалімдерге олардың кәсіптік салаларына,білімділігі, ғылыми – зерттеуге қабілеттілігі, мәдениеті, парасаттылығы, т.б. қасиеттеріне байланысты екендігін, мұғалімдік мамандықтың жан -жақты білімді шынайы сезімтал болуды, шәкірттеріне шексіз сүйіспеншілікті беруді талап ететінін, еңбегінің нәтижесі күн сайын балаларға қуаныш әкелгенде ғана жемісті болатынын ұғындыру.

Қазіргі уақыттағы білімнің жаңа үрдісі қарқын алып жахандану кезеңінде білім беру саясатынің ең негізгі мақсаты-оқушылардың кещ келген проблемасының теориялық негізін анықтап практикалық мәселелерінің шешу тәсілдерін қамтамасыз ету мүмкіндігін ұйымдастыру. Педагогикалық қызуғушылық –ол эмоциялық- танымдық, өзінің мамандығына белсенді қарым қатынас, балалармен де жұмыс істеуге өз септігін тигізе отырып, тақырыпты меңгерту үшін маңызды элемент болып табылады.

Соңғы жылдары басты назар мұғалім жұмысындағы шығармашылық мәселесіне, мұғалімді де оқушыны да дамытуға көбірек көңіл бөлініп, зерттеулер жүргізіліп, педагогикалық шеберлік, педагогикалық этиканы жетілдіруге байланысты көптеген ұсыныстар айтылуда. Солардың ішінде мұғалім мына жайттарға баса назар аудару қажет Мәселен балаға деген сүйіспеншілік, олардың ата- анасына деген жағымды көзқарас.

-Мұғалімнің білім қорының толық, нақты болуы және өз білімін үнемі толықтырып отыруы.

- Педагогикалық жұмысқа белсенді қатысу.

- Мұғалімде қабілеттілік пен құзіреттілік балалармен жұмыс істеу барысында қалыптасып дамып отыру қажет.

- Педагогикалық қабілеттілік адам тұлғасының ерекшелік сипатымен педагогикалық жұмыстың талаптарына жауап беретін өз мамандығын жақсы меңгеруі соның нәтижесінде жоғары жетістіктерге жете білу деп түсіндіріледі.

Педагогикалық қабілеттіліктің құрылымына педагогикалық байқағыштық, педагогикалық шығармашылық, педагогикалық ойлау, талап қоюшылық, педагогикалық такт, ынтымақтастық, жаңашылдық, т.б компоненттерде кіреді . Педагогикалық қабілеттіліктің компоненттерін түзуде ең бірінші оқу процесіне қатысты элементтерді таңдап алу өте маңызды. Сонымен қатар қоғам мен табиғат жөнінде білімдерін кеңейтеді, шығармашылық ізденіс негізінде қабілеттерін дамытады, дүние танымда саналы мәдениет қалыптастырады. Сол себепті мектептегі педагог қызметкерлердің жаңа инновациялық педагогикалық

технологияларды тәжірибесіне енгізудің құрылымдық мазмұндық моделі бар. Мәселен: мотивациялық- мұғалімнің өз қызметіне танымдық қызығуы, кәсіби шеберлігін дамытуға және біліктілік деңгейін көтеруге талпынуы ұрпақ тәрбиесінде жетекші ролын сезінуі

Мазмұндық - мұғалімнің мәдениеттілік дайындығы мен әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша теориялық білімі, педагогикалық білім жүйесі, заңдылықтардың теориялық және ғылыми негіздерін меңгеруі.

Бейімділік - білім беру жүйесінде түрлі өзгерістерге бейімделу қабілеті жаңа әдіс тәсілдерді меңгере алатындығы.

Танымдық - әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуы, нәтижелі әдіс тәсілдерді танысып, үйренуі, өз тәжірибесінде қолдана білуі.

Іс әрекет- кәсіби мақсатымен міндеттерін анықтай алуы, жоспарлап , педагогикалық үрдісте жүзеге асырулдың тиімді жолдарын қолдана білуі .

Шығармашылық- шығармашылықептілік, белсенділік, ізденушілігі, ғылыми тұрғыда зерттеу жұмыстары , өзіндік жаңалықтары.

Технологиялық- оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтап, оқытудың нәтижесін болжай білуі, психологиялық- педагогикалық білімдерді меңгеру жолдарын таба алуы.

Мұғалімдердің кәсіби қызметі осы көрсетілген өлшемдерге сай болса оқушылардың білімділік деңгейі көтеріліп, өщдігінен білім алу дағдысын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысын талдау, жинақтау сияқты орта логикалық таным әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен , мәтінмен жұмыс істеу оқиғалармен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс тісілдер негізінде іске асады. Оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалім сапалы білім берудің тиімді жлдарын таңдау, тариха жіне мәдени мұраларын таныстыру қосымша элементтерді пайдаланумен тариха деректерді оқып үйренуді дағдылану. Баяндама, хабарлама жасату, өз бетінше оқып ізденіп, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістермен тәсілдерді сабақ барысында қолдануы маңызды.

Заман талабына сай сапалы білім беру үшін әр пән тартымды да қызықты өту керек. Мәселен тарих сабағында карта қолдану пәнді игерудің негізгі құралы болып табылады. Себебі картаны білген жағдайда оқушының тақырыпты меңгеруі жылдам жүзеге асуыда орын алатыны белгілі, сондықтан картамен жұмыс жасау арқылы оқушының тарихи білімдері шыңдалады.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский «қызығушылық туғызбайтын оқыту бірте- бірте оқушының білімге деген құштарлығын жояды, ал тек қызығушылыққа негіделген оқу оқушының еркін күш жігерін тәрбиелемесе мәнін жоғалтады» деген, сондықтан тарих пәнінің мұғалімі осы қағидаға сүйене отырып, пәнді оқыту үдерісінде жаңа технология элементтерін қолдану қажет. Жаңа әдіс тәсілдерді қолдану барысында мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін, және таңдаған әдістерінің тақырыпты ашуына мән беруі қажет. Сабақ беру дегеніміз-өнер. Көптеген әдіс тәсілдерді сынақтан өткізіп, өзінің оқыту тәсілдерін, озық-тәжірибелерді күнделікті жұмысында пайдаланып отыру-қазіргі таңда сабақты ұйымдастырудың тиімді жолы.

Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері көбеюде. Түрлі әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім саналы тәрбие беруде сабқтың тиімді т.рлерін қолданып келеміз. Оқушылардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін ойын сабақтары, сын тұрғысынан дамыту, пікір талас, семинар, сынақ, жарыс, өзіндік жұмыс мәнерлеп оқыту т.б. тәсілдерді қолданамыз. Сурет илюстрациялар бойынша әнгіме құрастыру, тірек сигналдар, тірек сызбалар, кластерлер, хранологиялық таблицалар құрастырк, трек конспектілер, венн диограммасы арқылы жұмыс істеу әдістерін қолданылса болады.

Қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өз бетінше талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды баға береді.

Түрлі жұмыстар жүргізу арқылы оқушының біліктілігімен белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.Сабақта түрлі тапсырмаларды пайдалану арқылы сабақ сапасын көтерумен қатар, оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттырыпоқушы назарын пән мазмұнына аударып, өз бетінше практикалық жұмыстарды орындауға қызықтырады.

Түрлі тапсырмаларды орындау оқушыны еркіндікке, төзімділікке, мақсаткерлікке баулиды, оқушының қиялдау мүмкіндігіне жол ашылады, ақыл ой белсенділігін дамытуға көмектеседі.

Тарих пәнінің әрбір сабағы көп ізденуді, қосымша деректермен толтыруды керек етеді. Мұғалім тақырыптың мазмұнын кеңейтетін және толықтыратын қосымша материалды кең қолдану арқылы дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізіп, оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын үнемі арттырып отыруға тиіс. Осы міндеттермен талаптарды мұғалім сабақ барысында қолданып, баланың білімдік және біліктілік дағдыларын қалыптастыра алады. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайыда нақтылы қалыптасады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда тапсырмаларды түрлендіріп отырудың маңызы өте зор. Оқушыларда бұл тапсырмаларды қызыға орындайды, әрі естерінде жақсы сақтайды.

Қазіргі уақытта жалпы білім қоғам талап ететін қажеттілік ғана емес,сонымен қатар жеке адамның өзінің интелектуалды, адамгершілік, гуманистік тұрғыдан дамуды қажет ететін,оның қоғамдық мәдени өмірге,кәсіптік еңбекке қатысып,білімін одан әрі жетілдірудің мөлшері болып табылады. Қазіргі заманғы мұғалім қызметінің негізгі мазмұны мәдениеті өркендеген демократиялық қоғамға үйлесімді жаңа адам үлгісін тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Ұстаз еңбегі оқушы білімімен сапасы, нәтижесімен өлшенеді,оның күрделігі әрбір оқушы жүрегіне жол тауып әр шәкірттің бойындағы қабілетті дамыту арқылы танып, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіндіре білуінде жатыр.

Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгі есіне сақтайды. Нағыз ұстаз деген міне осы.Өйткені, әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуіне,бәсекге қабілетті болуының ең басты ошағы-ұстаз берген білімде. Ұстаз білгенін .йретуші ғана емес, тұлға бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Шәкірті өзінен озса, ұстаз еңбегінің ақталғаны. Өйткені өмірдің заңы даму, ілгерлеу, озу. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін шебер ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл тұлға даярлай алады. Ұстаз өз мамандығын жақсы көрсе ғана жұмысында игі істерге ұйытқы болып, арман оты жүрегінде алаулаған шәкірттерін болашақтың иесі етіп, бәсекеге қабілетті қоғам құруға атсалысуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. 2016-2017жылғы оқу жылында Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқаулық хат. Астана Ы.Алтынсарин ҰБА 2016;

2. Б.Г. Аяған Қазақстан тарихы әдістемесі 2004-2006ж;

3.Бағдарлы мектеп және кәсіптік мектеп 2009жыл;

4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық (ұшінші негізгі деңгей) 2012ж

5.Қазақстан Тарихы әдістемелік журнал №4, №5, №6;

6. Интернет парақшалары.

# «ИСТОРИЯ ОДНОЙ ИГРЫ» – ИГРА НА УРОКАХ ИСТОРИИ В 5-Х КЛАССАХ КАК АКТИВНАЯ ФОРМА ОБУЧЕНИЯ

**Жолбатырова Л.Т.**
учитель истории и обществознания Общеобразовательной школы №1 г.Аксай
Бурлинский район, ЗКО

**Андатпа:** Баяндамада 5 сыныптарда тарих сабағында оқу ойындарын пайдалану барысында мұғалімнің қол жеткізген жеке тәжірибесінің нәтижелері туралы айтылады. Оқушы тұлғасының дамуына ықпал ететін оқу ойындарының әр түрлі аспектілері және ұйымдастырудың ерекшеліктері талданады. Мұғалім тәжірибесінен оқу ойындарының мысалдары келтіріледі

**Аннотация:** В данной работе приведены приемы и методы использования учебных игр на уроках истории из личного опыта учителя. Анализируются различные аспекты и особенности организации учебной игры среди учащихся 5-х классов, которые способствуют развитию личности учащихся. Приводятся примеры наиболее активных и познавательных учебных игр.

**Abstract:** This paper presents techniques and methods for using educational games in history lessons from the teacher's personal experience. Various aspects and features of the organization of educational games among students in grades 5, which contribute to the development of students' personalities, are analyzed. Examples of the most active and educational educational games are given.

Каждый учитель хочет, чтобы его уроки были интересными, увлекательными и запоминающимися. Как удивить современного школьника, который проводит массу времени не за книгой и в библиотеке, а за компьютером и гаджетами, причем в позиции активного игрока?

Как решить одну из важнейших задач современного образования – задачу формирования у учащихся готовности эффективно организовывать свои внутренние и внешние ресурсы для принятия решений и достижения поставленной цели. Для этого на уроках используются различные формы и методы подачи учебного материала, инновационные технологии, которые способствуют формированию ключевых компетентностей учащихся.

На мой взгляд, одной из технологий, формирующих вышеназванные компетентности учащихся, является дидактическая игра как одно из средств интенсификации обучения.[6]

Игра – это естественная для ребенка форма обучения. Она часть его жизненного опыта. Передавая знания посредством игры, педагог учитывает не только будущие интересы учащегося, но и старается удовлетворить сегодняшние.[1] Учитель, использующий игру, организовывает учебную деятельность, исходя не только из своих (взрослых) интересов, но и учитывая естественные потребности ребенка. В процессе игры между ребенком и взрослым осуществляется жизненный баланс.

Задача любой интеллектуально – познавательной игры - развлекая школьников, обучать их.

В результате использования игры на уроке можно задействовать каждого ученика, что даёт ему возможность не утратить мотивацию. А, как известно, это и является одним из непременных условий качественного условия знаний. В данной статье, я хочу раскрыть некоторые эпизоды собственного опыта применения игровых приёмов на уроке.

*Целью* данной статьи является: показать, как через использование учебных игр на уроках истории можно повышать интерес к предмету и развивать познавательные способности учащихся.

*Задачи:*

- проанализировать, как учебная игра будет способствовать развитию личности учащихся на уроках истории;
- объяснить педагогические особенности организации игр на уроках истории;
- обобщить личный опыт использования игр на уроках истории.

Историческое образование - один из сложных и противоречивых элементов образовательной системы. Задача учителя сделать процесс исторического образования наиболее интересным, ярким и запоминающимся.

*Целевая аудитория:*

Эффективность достижения целей и задач урока зависит от эффективного использования на уроке того или иного метода или приема. И в этом случае я нашла для себя лучшее решение. Использование дидактическх игр на уроках истории для учщихся 5-х классов, является конкретным воплощением и выражением методической концепции и одновременно является показателем производительности труда учащихся и учителя. Так, как для учащихся 5 – х классов предмет истории является новым, моя основная цель преподнести его интересным и увлекательным.

*Ценностью* метода использования игры на уроках истории является, то что я хочу сделать урок истории для учащихся 5-х классов легким в то же время донести до каждого ученика основную идею того или иного исторического события.

*Ключевыми ресурсами* в использовании данного метода было определение основного перечня дидактических игр применяемых на уроке. Для этого я распределила и закрепила для себя имеющийся широкий список игр по следующим вариантам:

| | |
|---|---|
| игры для начала урока (для раскрытия темы, постановки целей) | «Веришь или нет?», «Внимание! Черный ящик», «Бюро находок» [3] |
| игры для проверки домашнего задания | «Третий лишний», «Интеллектуальные снежки», «Кто Я», «Историческая азбука» [3] |
| игры для середины урока | «Исторический диктант», «Историческая личность» [3] |
| игры для завершения урока | «Кто Я?», «Историческое лото», «Аукцион», «Три предложения» [3] |

Для удобства и практичности я подготовила необходимый дидактический и раздаточный материал для каждой игры. Определив для себя приоритетные для использования игры, подготовив материал для многоразового использования, при составлении каждого урока в соответствии с темой и учебными целями урока я подбираю ту или иную игру и планирую на каком этапе урока наиболее эффективнее ее применить.

Игры можно использовать на разных этапах усвоения знаний: на этапах объяснения нового материала, его закрепления, повторения, контроля, они также позволяют включить в активную познавательную деятельность большее число учащихся. В полной мере решая как образовательные задачи урока, так и задачи активизации познавательной деятельности, и быть основной ступенью в развитии познавательных интересов учащихся. На одном уроке как правило использую одну, две дидактических игры.

Практика показывает, что игра на уроке – это занятие серьезное. Методически верно организованная игра, особенно ролевая, требует от ее участников активной познавательной деятельности не только на уровне воспроизведения или преобразования, но и на уровне творческого поиска, способствует сотрудничеству учителя и учащихся в процессе обучения. [2]

*Основное время и место* применения учебных игр на уроках истории определяется как было уже отмечено при планировании урока. Из опыта могу отметить, что лучше всего использование игрового метода подходит при проверке пройденного материала и закреплении темы урока.

Хочу отметить что, я так же внедрила в практику самостоятельное формулирование целей урока учащимися и здесь очень хорошо использовать игру «Внимание! Черный ящик» и «Веришь или нет?». Данные игры помогают заинтересовать учащихся с самого начала урока. Наводящими вопросами подвожу учащихся к теме урока, а затем составлению целей урока. Учащиеся так же знают, что цель необходимо сформулировать конкретной, измеримой, достижимой - SMART цель. На каждом уроке за лучшую формулировку цели урока ученики получают дополнительные баллы. Это позволяет настроить учащихся сознательную работу в течении всего урока.

Занимаясь методом использования игр на уроках истории среди учащихся 5-х классов, можно сделать следующие выводы:

1. Игра - это мощный стимул в обучении, это разнообразная и сильная мотивация. Посредством игры гораздо активнее и быстрее происходит возбуждение познавательного интереса отчасти потому, что человеку по своей природе нравится играть.
2. В игре активизируются психические процессы участников игровой деятельности: внимание, запоминание, интерес, восприятие, мышление.
3. Игра эмоциональна по своей природе и потому способна даже самую сухую информацию оживить и сделать яркой, запоминающейся.
4. В игре возможно вовлечение каждого ученика в активную работу, это форма, которая противостоит пассивному слушанию или чтению. В процессе игры интеллектуально пассивный ребёнок способен выполнять такой объём работы, какой ему совершенно недоступен в обычной учебной ситуации.
5. Игра создаёт особые условия, при которых может развиваться творчество. Суть этих условий заключается в общении "на равных", где исчезает робость, возникает ощущение - "я тоже могу", т.е. в игре происходит внутреннее раскрепощение.
6. В игре также происходит воспитательная работа. [1]

*Однако следует отметить*, что дидактические игры, конечно, не могут рассматриваться как универсальное средство и должны использоваться только в совокупности с другими приемами и средствами обучения. [5]

Основываясь на личном опыте, могу утверждать, что *результатами* использования игр на уроках истории у учащихся 5-х классовявляется то, что дидактическая игра содействует лучшему пониманию исторической сущности вопроса, уточнению и формированию знаний учащихся. Способствует развитию познавательных способностей учащихся. Использованная на уроке истории «одна игра» тщательно спланированная, подготовленная сделает урок событийным, интересным увлекательным и запоминающимся для ученика!

**Список использованных источников**


1. Аникеева Н.П. Воспитание игрой. М., 2004. – 144 с.
2. Борзова Л.П. Игры на уроке истории. М., 2009.
3. Букатов В.М. Педагогические таинства дидактических игр. М., 1997.
4. Гин А.А. Приемы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность: Пособие для учителя. М., 2013. – 112 с.
5. Кулагина Г.А. Сто игр по истории. М., 2007.
6. Источник: https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=510919


## ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ПЕДАГОГЫҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ


**Жумагалиева К.Е.**

Алматы қаласы білім басқармасы

А.Қарсақбаев атындағы №41 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі


Жаппай тұтастану дәуірінде әртүрлі елдердің тарихы таразыланып, әлемдік тарих ғылымының даму жетістіктері дүниені танудың жаңа қырларына назар аударуды қажет етті. Көптеген тарихи деректерге жаңаша көзқарас тұрғысынан қарау – тарихи білімдердің толастауына, білімнің күрделене түсуіне әкелгені баршамызға аян. Оқушының бойында айналада болып жатқан өзгерістер мен құбылыстарды түсіну, пайымдау үшін қажет көшбасшылық білімді, адамгершілік құндылықтарды, біліктілікті, оқиғаға сыни көзқараспен қарауды, талдауды, оқиғалардың өрбуін, құбылыстардың қайталанып келетін иерархиялық жүйесін түсінуді үйретететін бірден-бір пән – Тарих пәні. Қоғамдағы күнделікті өзгерістер мен жаңалықтарды байыптап, ғылыми айналымға еніп үлгермеген тарих саласындағы

жаңалықтарды зерделеп отыру – педагогтың үнемі дамуы, ізденуі керектігін еске салып тұрғандай.

Сан түрлі, толассыз ақпараттарды қабылдау, жүйелеу, талдай білу адамзат баласынан терең білімді ғана емес, жан-жақтылықты, дербестікті, шығармашылықты талап етеді. Білім көзі түрлі ресурстардан алынатын қазіргі өркениетте жылдам өзгеріп жатқан әлемнің жағдайларына бейімделе білетін, бәсекелестікке түсуге қабілетті адамды қалыптастыру қажеттігі – білім берудегі басым бағыт екені баршаға аян. Білім саласын ізгілендіру мен жаңарту жүріп жатқан қоғамымызда жеке тұлғаның әлеуметтенуі, оның рухани, салауатты өмір салты негізін қалыптастыру, интеллектісін арттыру үшін педагогтерден кәсібилікке, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа, жаңашылдыққа бағытталған қабілеттерді талап ету де күшейді.

Білім дамыту концепциясының негізгі мәселесі – мемлекеттің интеллектуалдық потенциалын дамыту болып келеді. Әр оқушының қабілетіне қарай дарындылығын айқындап, дамыту – әр мектептің алдындағы басты міндеттердің бірі. Қазіргі заманауи білім беру әдістері білім алушының жан-жақты, қабілетті, дарынды болуын қамтамасыз етеді, ал оны оқытатын педагогтың ізденімпаз, шығармашыл, терең білімді болуы – абыройлы міндет. Жүйрік уақыттың жетегінен қалмай, өзгерістерге сай бейімделіп отыру үшін педагог – жүйелі түрде шығармашылықпен айналысуы қажет.

Ұстаз арқалаған жауапкершіліктің жүгі қашанда оңай болған жоқ. Жаһандану жағдайында жан-жақтан толассыз құйылған ақпараттардың ортасында педагогтердің сапалы, қазіргі заманғы білімді білім алушыларға қолжетімді түрде беруі заманның талабына айналды. Қазіргі білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы - ғылымға және тәжірибеге негізделген тың идеяларды, жаңа технологияларды қолданудың бірегей мүмкіндіктерін тудырды.

Білім алушының шығармашылығын дамытудағы бірден-бір жүргізілетін жұмыстың түрі – ғылыми жоба. Жалпы, ғылыми жоба – ұзақ уақыт бойы ізденуді, шыдамдылықты, терең ізденісті қажет ететін жұмыс екені баршаға аян. Ғылыми жобаны қалай жазу керектігі туралы арнайы әдістемелік нұсқаулықтар, youtube желісінде түсіндірме материалдар көптеп кездеседі. Бір алаңдататын жайт, көбінесе ұстаздар қауымы, бір-бірінен жазған жұмысын сұрап жатады, яғни, «бір көріп шығу үшін»... Ал негізгі дұрыс шешім, педагогтерге арнап, шәкіртінің ғылыми жобасы қалалық, республикалық деңгейде жүлделі орын алып, жетістікке жеткен педагогтердің іс-тәжірибесін қала, аудан деңгейінде тарату. Ұстаздардың біліктілік арттырып, өзара тәжірибе алмасуы - уақыт талабы. Білім мен инновацияның, сыни ойлаудың, зерттеудің ашық алаңын қалыптастыру – ұстаздар қауымының мүддесі үшін қажет-ақ.

Сонау кеңестік дәуірден ғылым мен білімнің, мәдениеттің шоғырланған орталығы саналатын Алматы қаласының шәкірттері жыл сайын ғылыми шығармашылық байқауларында жүлделі орындарды иеленіп отырулары тиіс. Себебі, мұражай да, мұрағат та, яғни, жан-жақты ресурстардың қолжетімді болуы сынды ғылыми жұмыспен айналысуға қажетті алғышарты жасалған.

Ғылыми жоба жазуда дұрыс бағытты, тың тақырыптың тиімдісін таңдап, нәтижеге қол жеткізу – педагогтың кәсібилігіне тікелей байланысты, әрі оны мақсатты, жүйелі түрде жүргізу ғана жетістікке жеткізеді. Білім алушыға бағыт-бағдар беретін жоба жетекшісі жобаға таңдалған тақырып туралы терең білетін, оның жаңашылдығын айқындай алатын болуы тиіс.

Осы орайда, жеке іс-тәжірибемдегі жұмыстарға шолу жасай отырып, нақты мысал ретінде түсіндірсем. 2022 жылы «Алматы Дарыны» орталығы ұйымдастырған Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауында «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар» бағыты «Өлкетану» секциясы бойынша "Жәңгір ханның қазақ жеріне әкелген жаңалығы: инфрақұрылым" тақырыбында ғылыми жоба қорғаған 10-сынып оқушысы қалалық кезеңнен II – орын иеленіп, байқаудың республикалық кезеңінің бірінші турына қатысты.

Білім алушының бойында ғылыми ізденіс белгілерінің қалыптасуына, шыңдалуына, ғылыми жобаның сәтті шығуына зор ықпал ететін негізгі қадамдарға тоқталсақ.

✔ Білім алушылардың тарихқа қызығушылығын арттыру бойынша арнайы жұмыстардың жасалуы. Мәселен, педагог білім алушылармен мұражайларға саяхат сабақ жасап, алған әсерлері туралы шағын эссе немесе әңгіме жазып келуді тапсырады. Іс-тәжірибе барысы көрсеткендей, мектеп оқулықтарында кездеспейтін, толық айтылмайтын, ғылыми айналымға енбеген тарихи оқиғалардың, ескерткіштердің мұражайларда кездеседі. Кітапта баяндалған жайтты, теориялық тұрғыдан емес, көзбен көргенде білім алушының қызығушылығы арта түсері анық. Күтілетін нәтиже – білім алушылардың тарих пәніне қызығушылығын, ықыласын ояту, байқау.

✔ Келесі қадам - жоба тақырыбына айналар негізгі мәселенің дұрыс таңдалуы. Көбінесе, тақырып таңдауда жаттанды, зерттеліп қойған тақырып емес, жаңашылдығы басым болуы қажет деген кеңес жиі кездеседі. Мұндағы ескеретін жайт, тарих бойынша бұрын зерттелмеген тақырып табу оңай емес, сол себепті, тарихқа жаңа көзқараспен, жаңашылдық бағытпен келу негізінде тақырып таңдай білу маңызды. Тақырып қою шеберлікті талап етеді. Себебі, тақырып дұрыс айқындалмаса, жұмыстың мазмұны да бұрмаланып кетеді. Тақырып таңдауда ресурстардың қаншалықты жеткілікті екендігіне көз жеткізіп, алдын-ала шағын зерттеу жүргізіп алған дұрыс. Мысалы, "Жәңгір ханның қазақ жеріне әкелген жаңалығы: инфрақұрылым" тақырыбында Жәңгір ханның елге сіңірген еңбегін неге өлкетану тұрғысынан зерделедік? Бірнеше себептері бар. Біріншіден, Жәңгір ханның белгілі бір аумақта (өлкеде) ғана жер билегені баршаға мәлім. Оның қызметі де тек сол өңірді дамытуға бағытталды. Сәйкесінше, Жәңгір туралы зерттеу, әдебиеттер, арнайы іс-шаралар көбінесе тек сол өлкеде ғана жүргізілуде. Екіншіден, тарих оқулықтарындағы, әдебиеттердегі Жәңгірдің бейнесінің біржақты кейіпте танылуы. Әсіресе, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс кезінде, патшаның қолшоқпары, Ордадағы жерді заңсыз иеленіп алушы озбыр хан ретінде сипатталуы. «Хан емессің, қасқырсың, қас албасты басқырсың...» деген өлең жолдарының әр қазақтың жадындағы жаттаулы өлеңдердің бірі екені ақиқат. Мектеп оқулықтарында Жәңгір ханның мемлекет пен халық мүддесі үшін атқарған игі істері туралы оқытылмайтынын, тек көп мектептерде қолданыста жоқ өлкетану хрестоматияларында ғана кездесетіні өкінішті жайт.

✔ Таңдалған мәселені ашатын тақырыптың сәтті таңдалуы. "Жәңгір ханның қазақ жеріне әкелген жаңалығы: инфрақұрылым" деген тақырыптың атауында салааралық немесе пәнаралық байланыстың жүзеге асуының көрініс табуы. «Инфрақұрылым» термині тарихтан гөрі, шаруашылық саласына қатысты көбірек қолданылатыны белгілі. Яғни, тақырып атауынан жалпы жұмыстың бағыт-бағдарының, жаңашылдығының көрініс табуы маңызды.

✔ Әрине, ғылыми жоба жазуда қарапайым негізгі қағидаттарды басшылыққа алу қажет, ол бойынша:

- жоспар құру;
- әр қадамды жазып отыруға, яғни, жоба күнделігін толтыртып отыруға машықтандыру;
- пайдаланатын әдебиеттер мен дереккөздерді таңдау, мұрағатпен жұмыс, қосымша ресурстармен жұмыс жасауды үйрету.

Келесі бір маңызды жайт, зерттеу бағытындағы нысанаға алынған тақырып бойынша қажетті мәліметтерді жүйелеу келесі сұрақтарға жауап беру негізінде анықталады: қолда қандай мәліметтер бар? Қандай мәліметтерді жинастыру қажет? Қалай салыстыру керек? Зерттеу аясы қандай болуы керек? Берілген уақыт шегі қандай? Білім алушының зерттеушілік дағдысы қалыптасқан ба? Сандық деректер (тестілеу, сауалнама) қоры қандай? Сапалық деректер қоры қандай?

Ғылыми жобаны жазудың бірізділігін қалыптастыру, жұмыстың табысты шығуы үшін орындалуы, сақталуы тиіс негізгі қағидаттар мен талаптарға тоқтала келе, жоба жазудағы жиі кездесетін қателіктерге де зер салсақ, ғылыми жобаның талаптарға сай дұрыс рәсімделмеуі, жоба жазуда сілтемелерді дұрыс қолданбау, жобаның өнімі болмауы, эмпирикалық әдістердің қамтылмауы (сұхбат алу, сауалнама жүргізу т.б.) т.б. қателіктер жиі қайталанады. Керісінше, жобада зерттелу аясы тар тақырыпты алып, таңдалған тақырып бойынша ізденіс жұмыстары

жүргізілсе, жұмыстың сәтті шығары сөзсіз.

"Жәңгір ханның қазақ жеріне әкелген жаңалығы: инфрақұрылым" тақырыбында ғылыми жобаны жазуда білім алушымен Ұлттық кітапханада, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде жұмыс жасалды. Жас ізденуші кітап қорымен, мерзімдік басылымдармен жұмыс істеу, архивтерде құжаттармен (опись) жұмыс істеу жолдарын үйреніп, әр қадамын бақылау күнделігіне толтырып отырды. Жұмысын жүйелеу барысында анықталған жаңалықтарға жетекшімен бірге талдау жүргізді. Жұмыс барысында білім алушы ғана емес, жетекші үшін де тың ақпараттар табылды. Жобаға қызығушылық артып, күнделік шимайға толды. Инфрақұрылым туралы жеке зерттеулер жүргізіліп, Жәңгір ханның жасаған қызметтері инфрақұрылымның әр саласына жіктелді.




(Сурет №3, жобаның негізгі бөлімі)




(Сурет №4, жобаның негізгі бөлімі)

Қорытынды бөлімінде жұмыстың нәтижелілігі көрсетілетіндіктен, жұмыстың қорытынды бөлігі былай жазылды:

«Жәңгір хан мен оның елге жасаған қызметі – тарихымыздың тыңғылықты зерттеуді қажет ететін, деректей және заттай жәдігерлері, ескерткіштері көп бөлшегінің бірі. Жәңгір ханның елге жасаған қызметі– халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Оның еңбектері адам тіршілігінің сан саласын қамтып, кешегі тарих пен болашақты ұштастырған өміршеңдігімен, әмбебап әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама белестерін бағындырып, асулардан асса да Жәңгір ханның жасаған қызметі мемлекетіміздегі экономикалық, ғылыми, оқу-ағарту, әлеуметтік салалардағы өміршең мәселелермен астасып жатыр. Сондықтан Жәңгірдің өз дәуірінде жасаған жаңалығының шарапаты әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Жәңгір хан негізін салған тұңғыш мектеп, мұражай, мешіт, жәрмеңке, аурухана, тіпті экологиялық мәселелерді шешу үшін отырғызылған ағаштар ғасырлар бойы сол өлкенің халқына қызмет етіп келеді».

Алматы жұртшылығы арасында сауалнама жүргізудегі негізгі себепті білім алушы былай түсіндіреді:

«Жәңгірді тану бойынша жұмыстардың тек сол өлке шеңберінде жүргізілетінін, бүкіл республика жұртшылығына Жәңгір туралы мәліметтің таныс еместігін өзекті проблеманың бірі деп атар едім. Аюдай ақырған азулы Ресей елімен шекаралас жатқан Бөкей Ордасы қашанда еліміздің маңызды стратегиялық пункттерінің бірі ретінде маңызын жоймақ емес.

Бөкей ордасынан үш мыңдай шақырым қашықтықта жатқан Алматы жұртшылығынан Бөкей Ордасы, Жәңгір хан туралы сауалнама жүргізуді ұйғардым».

Жоғарыда келтірілген жұмыстың басында қала жұртшылығы мен қонақтары арасында жабық сауалнама жүргізіліп, жалпы саны 75 адам қатысты. Сауалнама негізінде Жәңгір хан туралы, ханның ел игілігі үшін жасаған істері туралы жұртшылыққа таныс емес екендігін, яғни, бағыттың дұрыстығы айқындалды.

| № | Сауалнама сұрақтары: | Барлығы 75 | Пайыз % |
|---|---|---|---|
| **I** | Тарихта Бөкей Ордасы туралы естігенсіз бе? | | |
| **1** | Батыс Қазақстанда орналасқан | 25 | 33% |
| **2** | Махамбет пен Исатай бастаған ұлт-азаттық көтеріліс болған жер | 50 | 66%% |
| **3** | Білмеймін | - | |
| **II** | Жәңгір ханның тұңғыш қазақ балаларына арнап мектеп ашқанын білесіз бе? | | |
| **1** | Жоқ | 45 | 60% |
| **2** | Естігем | 9 | 12% |
| **3** | Білемін | 21 | 28% |
| **III** | Қазақ жерінде Жәңгір хан тұңғыш жәрмеңке ашты дегенге сенесіз бе? | | |
| **1** | Ия | 25 | 33% |
| **2** | Жоқ | 10 | 13% |
| **3** | Естімедім | 40 | 53% |
| **IV** | Жәңгір хан қазақ хандарының ішіндегі тұңғыш геенрал-майор атағын алды деген дерек қаншалықты рас деп ойлайсыз? | | |
| **1** | Рас, естігем | 45 | 60% |
| **2** | Жоқ, естімедім | 22 | 29% |
| **3** | Білмеймін | 8 | 10% |
| **V** | Жәңгір ханның тұңғыш дәріхананы ашқанын білесіз бе? | | |
| **1** | Білмеймін | 42 | 56% |
| **2** | Білемін | 5 | 4% |
| **3** | Енді естіп тұрмын | 28 | 37% |
| **VI** | Жәңгір ханның саясаты туралы айтқанда мына жауаптардың қай нұсқасын таңдар едіңіз? | | |
| **1** | Халықты қанап, патша үкіметінің жандайшабы болды | 39 | 52% |
| **2** | Халқы үшін аянбай еңбек еткен | 15 | 20% |
| **3** | Білмеймін | 21 | 28% |
| **VII** | Кезінде Жәңгір ханның экологиялық проблеманы шешу тәжірибесі әлемдегі барлық елдерге үлгі болды дегенге сенесіз бе? | | |
| **1** | Ия, сенемін | 10 | 7% |
| **2** | Жоқ, сенбеймін | 60 | 90% |
| **3** | Жауап беруге қиналамын | 5 | 3% |

(Сурет №4, жобаның қорытынды бөлімі)

Қорыта келгенде, жаңартылған мазмұндағы білім беруде ынтымақтастық пен әдебі, терең білімі бойынан үйлесім тапқан, заман талабына сай дайындық деңгейі жоғары, оқыту әрекетінің нәтижесіне жетуді білетін, үнемі ізденіп, өзін-өзі дамытатын мұғалімдер мемлекет пен қоғам мүддесіне сай болуы қажет. Осы орайда А.Байтұрсыновтың «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдануы керек» деген сөзі еріксіз еске оралады. Жаңартылған білім беру жүйесінде бала тыңдаушы рөлінен өзіндік көзқарасы қалыптасқан ізденушіге, мұғаліммен тең қарым-қатынасқа түсе білетін, білім беру үдерісінің белсенді қатысушысына айналуда. Білімге, білім саласындағы жаңаша өзгерістерге тез бейімделіп, ғылыми жаңалықтарды зерделеп, сабақты түрлендіріп, жаңа инновацияларды қолданып, білім сапасын көтерудің жолдарын іздестіру – мұғалімдердің еншісіндегі іс болып қала бермек.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Әміренов А.Д., Оқушылардың ғылыми жобасына қатысты біраз сөз. // Дарын, 2010 №1, 17-19 б.
2. А.Мешітбай., Ғылыми жоба жазудағы ізденістерім.//Мектеп директоры, 2008, №4, 5-9 б.
3. Нуртаева К., Зерттеушілік мәдениеттің қалыптасуы. // Развитие грамотности: чтение и письмо. Алматы, 2006, 162-168 б.
4. Оспанова Г.С., Ғылыми жобалар арқылы оқушылардың білімі мен тәрбиесін қалыптастыру.//Қазақстан жоғары мектебі, 2015.№2,62-68 б.
5. Махатова Н., Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларындағы деректерді мектеп оқушылары шығармашылығында пайдалану. Алматы, 2013, 228-229 б.

# ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИНОЛДЫҚ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ИГЕРТУДЕ ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

**Каймолдина Л.Б.**
Сүйінбай атындағы 143 мектеп – лицейінің тарих және құқық негіздері пәндері мұғалімі, Алматы қ.

Құқық негіздері сабағында білім алушылардың функционалдық оқу дағдыларын игеруде педагогтың рөлі, демек «функционалдық сауаттылық» терминіне тоқталсам, алғаш 1957 жылы ЮНЕСКО енізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ. 1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары. 2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары. 3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәлім іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек 4 білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың 5 әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін

тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Негізгі құзыреттіліктер кез келген адамның таңдаған мамандығына қабілеттіліктері мен біліктігіне, бәсекеге қабілетті орта жағдайында өзінің жеке өмірі мен кәсіби жұмысында нәтижеге жетуін түсінуіне мүмкіндік береді.

Пәндік білімдеріне,ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Осыған орай барлық сабақтарда оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамытуды ескере отырып әр түрлі тапсырмалар берілуі керек.

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды.

Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік , мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Пәндік білім, білік, дағдыларды меңгертудегі шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән берілді. Белгілі бір қатысымдық міндеттерді шешу барысында оқушылардың өз тілек-емеуріндерін іске асыруға мүмкіндігі болады. Оқу үдерісінде оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуге ден қойылады.Ол үшін қазіргі таңдағы оқыту технологияларының әр түрлі әдіс – тәсілдерін пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо-ұжымдық оқыту» , «Дана үкілер» , «Ажурлы ара» , «Мозаика немесе Ара ұясы» әдіс – тәсілдері. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, ұжымда талқылау. Бұл әдіс – тәсілдер мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады. Сондай –ақ, мұғалімді мектеп қызметкерлерін түсіну оларға деген дұрыс көзқарасқа үйретеді.

Сабақта әр бір өтілген мәтінді өмірмен байланыстырып отыру арқылы бүкіл табиғаттың, қоршаған ортаның сырын, өз туған өлкеңмен байланыстырып өту баланың қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – әрқашан кішкене білім, кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

***Жұптағы ой қозғау.*** Оқушылар қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, оқушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.

***Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада).*** Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның

жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді.

***Ойлан, жұптас, пікірлес*** – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады.

***Алдын – ала берілген атаулар*** – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау) оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады

***Еркін жазу*** – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек.

Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігінен жаңа мәліметті жан – жақта қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

***Сұрақ қою қайтадан сұрақ қою*** – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға бір – біріне немесе өзгеде оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А оқушы В-ға бірнеше сұрақ жазбаша дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В оқушы жауап береді. Екінші бөлімнен кейін керісінше В оқушы А оқушыға сұрақ қояды. Үшінші бөлімнен кейін екеуі С және Д оқушыларға сұрақ қояды.

***Жеке тұлғаны анықтау*** атты ойынның да тиімді жағы көп. Жүргізуші (мұғалім) ғалымдардың немесе жазушылардың портреті жапсырылған беттерді таратады.Оқушылар портреттегі адамның фамилясын, өмірін, жаңалықтарын есімімен байланысты оқиғалар т.б еске түсіру керек.Талдау ұзақтығы 5 минут.

***«Джигсо»*** әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

- Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

Құрылған *әр топқа* дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді. ЖИГСО әдісін ауқымды тақырып өткен кезде қолданған дұрыс сияқты. Себебі мұнда әр топ мүшесі басқа топтың ішіне кірігіп, сол топтың ақпаратын тобына әкеледі. Осы кезде оқушыларда даму, ұйымшылдық қалыптасады. Сыни тұрғысынан ойлау модулі бойынша «миға шабуыл» стратегиясын қолданған өте тиімді. Бұл әдіс бойынша оқушыларда топпен жұмыс істеу арқылы, көшбасшылық пайда болады.Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі: • қажетті ақпараттар жинауды; • дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды; • кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар; • ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды көздейді.

Төменде балаларға сынып тапсырмаларын ойдағыдай орындау үшін қажетті әрекеттер реті мен дағдылар келтірілген:

1. Көру немесе есту арқылы алынған ақпаратты өңдеу, сондай-ақ бастапқы дереккөздерді зерделеу кезінде алынған деректерді, жауап алу немесе сауалнама барысында жиналған деректерді немесе оқулықтар, энциклопедиялар немесе веб- сайттар сияқты екінші дереккөздерден жиналған ақпаратты өңдеу.
2. Зерттеу жүргізуге арналған дәлелдемелерді немесе зерттеу нәтижесінде алынған дәлелдердің негізін құрайтын дәлелдемелерді жүйелейтін түйінді мәселелер, болжамдар мен гипотезаларды түсіну.
3. Осы түйінді мәселелер мен қолда бар дәлелдемелердің бір-біріне сәйкес келуін және үндесуін талдау.
4. Жекелеген факторлар немесе түрлі дербес бағалар мен болжамдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау.
5. Дәлелдерді немесе бірқатар идеяларды дайындау үшін түрлі ақпарат көздерін жүйелеу. Сіздің идеяңызды қалыптастыратын және қолдайтын түрлі дереккөздер арасында байланыс жүргізіңіз.
6. Сіздің зерттеуге қатысты дәлелдемелердің шынайылығы мен дәлелділігін және дәлелдемелер сіздің болжамдарыңызбен, туындаған идеяларыңызбен қаншалықты сәйкес келетінін бағалау.
7. Зерттеу негізінде жатқан сұрақтардың жауабына түсініктеме беру кезінде зерттеу барысында алған білімін қолдану.
8. Зерттеу қорытындылары мен нәтижелерін дәлелдеу және негіздеу.

Белсенді оқыту мен оқу әдістерін қолдану үдерісінде оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытқысы келетін мұғалімдер арасында оқу мақсаттарын жіктеудегі Блум таксономиясы ең маңызды жұмыстардың бірі болып табылады. 1 Білу (есте сақтау және қалдыру) Кім, қашан, қайсысы, қайда, не екенін сипаттау, қайталау, тұжырымдау арқылы не білетіндімізді, нені есте сақтағамызды айту. 2 Түсіну (түсінік беру және түйсіну) Өзіңіздің бір нәрсеге қатысыңыз туралы сипаттау және баяндау, оның мәнін түсіндіру, салыстыру, арақатынасын белгілеу. 3 Қолдану (қатысу) Сіз мұны қалай пайдаланасыз, оны проблеманы шешу үшін пайдалану, көрсету. 4 Талдау (қатысу) Факторлардың, тәуекелдердің, проблемалардың, оны шешу жолдарының, күтілетін нәтижелер мен салдардың құрылымын, ретін, себебін анықтау. 5 Жинақтау (біріктіру) Бұдан әрі өзгерту, түрлендіру, жақсарту тәсілдерін анықтау. 6 Бағалау (пайымдама және бағалау)

***Оқытумен оқуда АКТ-ны пайдалану***.АКТ-ны пайдалана отырып өткізілетін сабақтарды жоспарлау әдістемесі · АКТ-ны жай ғана «пайдалану керек» деген ұстаныммен пайдаланбаңыз. АКТ сіздің оқыту мен оқу мақсаттарыңызға жетудің ең оңтайлы тәсілі екендігін/еместігін анықтап алыңыз. · Егер сіз АКТ-ны пайдалануға сенімсіз болсаңыз, әріптестеріңізден кеңес сұраңыз. · Есіңізде болсын, көптеген оқушылар компьютерлендірілген әлемде өсіп келе жатқандықтан, АКТ-ны сенімді пайдаланады. Мұны сіздің құзыреттілігіңізге төнген қауіп ретінде қарастырмай, керісінше қосымша көмек пен қолдау ретінде қабылдаңыз. Оқушылар өздерін «сарапшы» ретінде сезінгенді ұнатады, бұл олардың өзіндік бағасын арттыруға ықпал етеді

Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер:

***Ыстық орындық*** – Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады (мысалы, Гордон Браун немесе жалғыз басты жас ана).

***Оңай және қиын сұрақтар кестесі.*** Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесее жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар саулдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

***Алтын балық*** – барлық сынып алдында өз пікірін білдіргені болмаса, қалған жағдайда «ыстық орындық» сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда отырады, басқалары оларға сұрақ қойып, түсініктеме беруді талап ете алады және т.б. Бұлардан өзге сабақтың бұл кезеңінде семантикалық карта, Венн диаграммасы, сөз жұмбақ, тәжірибе жасаут.б тәсілдерді пайдалануға болады.

Бағалау модулі бойынша, бағалаудың формативті бағалау түрі оқушыларды ынталандырады. Бағалау — ең қызықты да, күрделі модуль. «Қосу- алу — қызықты» стратегиясының негізінде де бағалауға болады. Оқушының дұрыс жауабына «қосу», аздаған қатесі бар жауапқа «алу», қосымша ақпараттық жауапқа «қызықты» смайлигін қойса, оқушының ынтасы артады —бұл бір, екіншіден оқушы шынайы бағаланады.

Сабақта ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады.




Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады.Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек.

Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

Қорытынды: Құқық бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын атап өткен тәсілдер арқылы жетілдіруге болады. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен

жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық.




# ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ПӘНДЕРІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

**Кельгенбаева А.К., Кенжебаева Ж.О.**
Тарих пәні мұғалімдері,
TAMOS Education ЖШС, Алматы қ., Қазақстан

**Аңдатпа**: Мақалада тарих және құқық негіздері бойынша педагогтың кәсіби құзіреттілігі, сонымен қатар, оның жан-жақты шеберлігі сондай-ақ, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруі және мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары қарастырылған. Сонымен бірге, мақалада құзыреттілік ұғымына анықтама беріліп, алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігіне де баса назар аударады.

**Аннотация:** В статье рассмотрены профессиональные компетенции педагога по истории и основам права, а также его всестороннее мастерство, освоение новых методов обучения и основные условия профессиональной компетентности учителя. Вместе с тем, в статье дается определение понятия компетентности и подчеркивается способность применять полученные знания и умения на практике, в повседневной жизни, к решению тех или иных практических и теоретических задач.

**Abstract:** The article discusses the professional competence of a teacher on the basics of history and law, as well as his comprehensive skills, as well as the acquisition of new teaching methods and the main conditions for the professional competence of a teacher. At the same time, the article defines the concept of competence and emphasizes the ability to apply the acquired knowledge and skills in practice, in everyday life, to solve any practical and theoretical problems.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндетттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.[1]

Осы білімді де, біліктілікті оқушының бойына қалыптастыратын оқытушы. Оның міндетті сапасы білім алушының тұлғасына қатысты көрінетін гуманизм болып табылады.

Педагогтің сенімдері мен көзқарастары азаматтарды болашақтың көзқарасына сәйкес тәрбиелеуде және өздерінің құндылықтары мен қатынастарын қалыптастыруда көрінеді.

Педагогикалық іс-әрекетке дайындық педагогикалық білім мен білік, білім беру және этикалық нормалар кешенінің болуымен көрінеді.

Педагогтің еңбек қызметін бағалау білім беру қызметін жүзеге асыру және оны басқару үшін педагогикалық техниканы игеруде, тәрбие мен оқытудың жоғары деңгейде көрінетін педагогикалық шеберлік деңгейін анықтайды.

Педагог өз қызметі барысында үнемі кәсіптік білімі мен құзыреттілігін кеңейтеді және байытады, білім беру инновацияларын жасайды және енгізеді. [2]

Қазіргі таңда қоғамның алдына өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Ал, ол, өз кезегінде мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі. Құзіреттілік мұғалімнің жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығартырымашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Сонымен қатар, құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік оқыту нәтижесін ғана емес, сонымен бірге ол оқушылырдың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Сондай-ақ, құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең бірінші мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзіреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі тарих пәніне енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.[3] Осындай, білімді де, білікті, құзыреттілігі жоғары мұғалімнен білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестікке төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың «Алтын көпірі» десек қате айтпағанымыз болар. Сондықтан да еліміздің дүниежүзінде алдыңғы қатарда болуы білімді, жігерлі жас ұрпақ арқылы іске асара алатыны сөзсіз. Соған байланысты, тарихты мектепте оқыту – күрделі, сан қырлы, қарама-қайшылыққа толы педагогикалық құбылыс. Оның заңдылықтары оқушыға білім беру, оны дамыту мен тәрбиелеу арасындағы обьективті байланыс негізінде анықталады. Ал үдерістің негізі – оқушыларды оқыту. Әістеме оқушылардың білім алу қызметін оқытудың мақсат-міндеттеріне орай, оқу материалын меңгеруге басшылық жасаудың әдістерін, тарихты оқыту барысының негізгі бөліктері арасындағы тұрақты қайталанатын байланыстарын оқып, зерттейді және оқытудың мақсаты мен мазмұнын айқындап береді. Мақсат пен мазмұнға сәйкес оқыту мен білім берудің ыңғайлы түрі таңдалып алынады. Тарихты оқыту үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі орта мектептерде оқушылардың тарихи білімді меңгеруде жақсы нәтижеге қол жеткізудің тұрақтылығымен анықталады.[4] Ал, елімізде білімді ұрпақ тәрбиелеуде мектептерде тарих және құқық негіздерін оқыту әдістері мен олардың жіктелуін келтіріп отырмыз: Бірінші әдіс - әңгіме, дәріс, экскурсия түрінде, оқулықтың натуралды немесе жазба ша та ри хи құ жаттың, тарихи объектінің көшірмесі не суретінің көмегімен жүзеге асырылады. Екінші әдіс - қайта еске түсіру. Тарихты оқыту барысында мұғалім берген тапсырма бойынша оқушылардың белгілі бір мәтінмен ауызша, жазбаша жаттығуларды басқа да оқу қызметтерін өздігінше орындауы арқылы жүзеге асады. Бұл әдіс репродуктивті әңгімелесу – қайта еске түсіру арқылы да орындалады. Үшінші әдіс - проблемалық информациялық-рецептивті әдісте қолданылған жұмыс түрлері мен құралдар пайдаланылады, бірақ айтылатын хабардың мазмұны басқаша болады. Төртінші әдіс - эвристикалық (тапсырмалық) әдіс – эвристикалық әңгімелесуді, ізденуді талап ететін тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындауды (қиындық келтірген жағдайда), оқушылардың іс-әрекетіне дұрыс бағыт беру үшін мұғалімнің толықтырушы

жағдайлар ту-ғызуын да сол құралдардың көмегімен жүзеге асады. Ол зерттеу сипаты бар тапсырмалар беру арқылы орындалады.[5] Тарих пәнін оқытуға арналған әдістер барлық кезде де нақты тәсілдер арқылы іске асырылады, ал оларды біріктіріп, тұтас және бір-бірімен ұштастырсақ, оның бәрі жиылып оқыту әдістемесін қарастырады. Ал қазақ мектептері тарихшылардың тәжірбиесінде көбіне иллюстрациялап түсіндіру немесе информациялы – рецептивті және эвристикалық әдіс қолданылады, қалған әдістер көпшіліктің тәжірибесінде кездесе бермейді. Өйткені оларды қолдауға белгілі бір жағдай керек, ең ал-дымен, мұғалімнің де оқушылардың да қажетті дайындығы болуы тиіс. Мәсе-лен, тарихтан жаңа сабақты оқытып үйреткенде проблемалық баяндау әдісін қолдану үшін төмендегілерді ескеру қажет. Алдымен, проблеманы дұрыс таңдай білу керек. Оқушылардың алдына қойылатын проблема осы сынып-тың шамасына лайық, яғни оқушылар оны дұрыс түсінетіндей және оларды қызықтыратындай болғаны дұрыс. Екіншіден, берілген проблеманы шешуге оқушылар белсене қатысуы немесе шешілу жолдарын толық аңғаруы үшін төмендегідей білім негіздерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Олар:

а) проблеманы шешуге қажетті фактілер мен білімдер;

ә) проблеманы шешуге қатысы бар жалпы қағидалар;

б) проблеманы шешетін тәсілдерді меңгерту немесе оқушылардың сол тәсіл-дерді өздігінше табуына жағдай жасау;

в) пролеманың шешілуін тексеруге, оның негізділігін, логикалық дұрысты-лығын анықтауға немесе оның дұрыс шешілгендігін талдап дәлелдеуге қажет болған жағдайда өзгертулер енгізуге оқушылар ды белсене қатыстыру. [6]

Осы айтылғандарға байланысты, мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары төмендегідей екенін аңғаруға болады:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. [7] Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Сондай-ақ, кәсіби шеберлігі шыңдалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технологы болу ұстаздан нені талап етеді десек, ол мұғалімнің шығармашылық іс – әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден тұрады. Нәтижеге бағытталған білімдендірудің жаңа жүйесіне көшу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда да жаңа көзқарасты қалыптастыруды, құзырлықтарын үнемі дамытуды талап етеді. Жоғары мәдениетті адам ғана осы қажеттіліктерді шешудің жолдарын іздейді және табады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

2. Жалпы білім беру бадарламаларына арналан үлгілік оқу бағдарламалары. http://kosynov-karasai.mektebi.kz/

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. https://www.azattyq.org/a/1151394.html

4. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» - Алматы: 2005, - 105б.

5. Г. Б. Қозғамбаева Н. К. Алпысбаева «Тарихты оқыту әдістемесі». Оқу құралы. Өңделіп, толықтырылған екінші басылым - Алматы «Қазақ университеті»: 2016, 95 б. 6.К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»
(ғылыми-практикалық конференция материалдары) –Алматы: 2008, - 16 б.

7.К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»
(ғылыми-практикалық конференция материалдары) –Алматы: 2008, - 54 б.

# ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ АКТ-НЫҢ РӨЛІ

**Коржумбаев А.Н.**
педагог-шебер, тарих және құық негіздері мұғалімі, №12 жалпы білім беру мектебі
Мұнайлы ауданы, Маңғыстау Облысы

**Аңдатпа:** Тарих ғылымы пән ретінде үнемі даму үстіндегі аса маңызды білім саласына жатады. Тарихты бүгінгі заманның талабына сай оқытудағы басты талап – жан-жақты жетілген, өз тарихының өткеніне көз жүгіртетін, қоғамның даму үдерісіне өзінше баға бере алатын, белсенді, ұлтжанды, патриот азаматты қалыптастыру. Республикалық желілік қоғамдастық тарих пәнінің ұстаздары тарих сабағын оқыта отырып, жаңа инновациялық технологиялар – тарихи диктант, тірек сызбалар, хронологиялық таблицалар, кластерлер т.б. әдістерін білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданып, өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамуын қадағалайтын әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынады. Бұл ұсынылып отырылған әдістемелік құралда әр тақырыпқа жеке-жеке талдау жасалынып, тақырыпты кеңірек ашып, оқушының танымдық іс-әрекеттерін, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты, жүйелі білім алуын меңгерту ескерілген. Әдістемелік оқу құралында осы әдіс-тәсілдер кеңінен, түсінікті берілген.

**Аннотация:** Историческая наука как дисциплина принадлежит к важнейшей области знаний, которая постоянно развивается. Главным требованием преподавания истории в соответствии с требованиями сегодняшнего времени является формирование активного, националистически настроенного, патриотичного гражданина, умеющего оглядываться на собственную историю и по-своему оценивать процесс развития общества. Преподаватели республиканского сетевого сообщества при проведении уроков истории используют новые инновационные технологии – исторический диктант, опорные рисунки, хронологические таблицы, кластеры и т.д. Использование методики в целях повышения качества образования представлено как методическое пособие по контролю за всесторонним развитием растущего человека. В предлагаемом методическом средстве каждая тема анализируется индивидуально, тема раскрывается шире, развивается познавательная деятельность учащегося, система логического мышления, учитывается тщательное, систематическое обучение. Эти методы широко и наглядно представлены в методическом учебнике.

**Abstract:** Historical science as a discipline belongs to the most important field of knowledge that is constantly developing. The main requirement in teaching history in accordance with the requirements of today's times is to form an active, nationalistic, patriotic citizen who can look back on his own history and evaluate the development process of the society in his own way. While teaching history lessons, teachers of the republican network community use new innovative technologies - historical dictation, supporting drawings, chronological tables, clusters, etc. methods are used in order to increase the quality of education, and it is presented as a methodological aid to monitor the comprehensive development of a growing person. In this proposed methodical tool, each topic is analyzed individually, the topic is opened more widely, the student's cognitive activities, logical thinking system are developed, and thorough, systematic education is taken into account. These methods are widely and clearly presented in the methodological textbook.

Кәсіби шеберлігін сала отырып, жалпы орта білім беретін ұстаздар қауымынан, және тәжірибелі еңбек өтілі бар ұстаздар қауымының жазып, оқушыларға терең жеткізе білетін оқулық болар сөзсіз-ақ. Дидактикалық материалдар мен күнделікті ең тиімді әдіс-тәсілдері арқылы, тест тапсырмалары мен функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар сабақтың мазмұнды да, нәтижелі болатыны анық. Оқулықта келтірілген құжаттар мен жазба дерек үзінділері, суреттер, карта, кестелермен аталған кезеңдегі тарихи оқиғаларды терең игеруге көмектестеді.

Білім беру желілері ұзақ уақыт бойы бірлесіп жұмыс істеу және ғылыми қызмет арқылы мұғалімдерге толыққанды білім алуға мүмкіндік жасайды және оқуға ынталандырады. Мен бастысы осы зерттеуді жүргізбес бұрын ең алдымен зерттеу тақырыбының дұрыс

таңдалуының маңыздылығын түсіндім. Таңдалған зерттеу тақырыбының мектеп үшін де, сынып үшін де маңыздылығы, өзектілігі, тәжірибелік маңызы анықталуы қажет екен.

Жеке тұлға құзыреттілігін дамытуда оқу-әдістемелік кешендердің республикалық оқушылар мен ұстаздарымызға пайдасы орасан зор. Өздігінен оқу мақсатын игеруге сеп болары сөзсіз!!!

Қарыштап дамыған бәсекелестік заманда білім беру жүйесі қоғам талабына сай өзгеріп, жаңаруда. Еліміздің педагогтері заман көшінен қалмай, озық тәжірибелі елдердің іс-тәжірибесін зерттеп, заманауи білім берудің жолдарын дамытуды басты нысанаға алып отыр. Жаңашыл ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны әлемдік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне жетуіне тәрбиелеуі қажет. Сонымен бірге өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуына көмектесетін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етілуі тиіс. Кәсіби желілік қауымдастықтардың ең басты ерекшелігі педагогтер арасындағы сенімділік болып табылады. Мектепаралық желілер мұғалімдерді оқытуда тиімді жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Желілік қызмет білім алып, тәжірибе алмасуға және мектептерде жүріп жатқан әртүрлі іс-шаралармен хабардар болып отыруға, сондай-ақ оқыту жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру деңгейлік курсының идеясын дамытудың бір жолы – педагогтердің желілік қауымдастығы. Білім саласында жаңа білім мен инновациялар алмасу үдерісінде желілік қауымдастық қызметінің маңыздылығын көптеген білім ұйымдары мойындап отыр.

Заман ағымына сай сындарлы оқыту теориясына негізделген заманауи мектепке жаңа талаптар қойылып отыр, атап айтқанда: білімнің жаңа мазмұны, оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды интеграциялау; оқу әрекетінің белсенді түрлері, соның ішінде, жобалау, зерттеу әрекеттері, қашықтықтан оқыту формасы, жекелеу тұрғысы; педагогтің мектептегі жаңа ролі; жаңа сандық және электрондық оқу құралдарын қолдану; мектепті басқарудағы жаңа әдіс-тәсілдер. Бүгінгі таңда мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға. Ұстаздардың жаңашыл, кәсіби шебер ұстаз болып қалыптасуына, оқыту мен оқудың нәтижесін жақсартуда бүгінгі таңда желілік қоғамдастық қызметінің берері мол. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мұғалімдер тәжірибесіне терең еніп кетті, күнделікті пайдаланып жүр десек те болады. Уақыт өте келе компьютерлік технология қызметін кәсіби түрде пайдалану қажеттілігі туындауы заңдылық. Мысалы, қандай да бір озат тәжірибені насихаттауда, болмаса оқыту жүйесінде туындап жатқан өзекті мәселелерді талқылауда, педагогикалық идеялармен алмасуда мұғалімдердің командалық іс-әрекеттері нәтижелі көрсеткіштерге жетелейтіні сөзсіз. Осы орайда мұғалімдердің желілік қауымдастықтары аталған қажеттіліктерді қанағаттандыратын бірден-бір құрал болып табылатыны айқындалып отыр. Желілік қауымдастық деңгейлік бағдарламалардың концептуалдық идеясын тарату және тәжірибе алмасу, қарым-қатынас жасау мақсатымен ұстаздар арасында құрылады. Өзара белсенді қарым-қатынас жасайтын әрі заманауи ақпараттық технологиялардың көмегімен бірлесіп әрекеттесетін педагогтер тобын қауымдастық деп атаймыз.

Көкжиегімізде көрініп тұрған жарқын болашағымызға жету жолдарының нышандары атқарар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесінен көрініс табуда. Қазіргі таңда әлем өзгеруде, соған сәйкес мұғалім де өзгеріссіз қалмай, өздерінің білім беру жүйесі арқылы орын алған өзгерістерге қалай ықпал ететіндігін білуі тиіс.

Мектептердің желілік қоғамдастықтары үздіксіз бірлескен жұмыстар мен жаңа әдістемелердің жекелеген мектептерден тысқары таралуына мүмкіндік беру арқылы мұғалімдерге және мектептің басқа қызметкерлеріне педагогикалық әдістемелерді зерделеу мен жетілдіру мақсатында оқуға және бірлесе жұмыс істеуге жағдай жасайды. Әр түрлі мектептердің қызметкерлері арасында құрылымдалған өзара әрекеттестік қоғамдастық ішіндегі жұмыстың тиімді түрі болып табылады.

Мектептердің желілік қоғамдастығы оқушылар жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін бірнеше мектеп арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған көптеген іс-әрекеттерді жоспарлау, жүзеге асыру және оның мониторингін жүргізу мақсатында бірігетін мектептер тобы немесе әріптестер бірлесе отырып,мұғалімдердің желідегі практикалық қызметін ұйымдастыру; құрылатын жобаларға қатысушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және іске асыру; мектепті басқарудың жаңа бастамаларын игеру - өзектілігі болып табылады. Сонымен қатар жаңа идея,тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісу; оқытуда жаңа тәсілдерді қолдану, тәжірибелермен алмасу; мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасау; қолда бар ресурстарды бірігіп пайдалану — ол желілік қоғамдастықтың тиімділігі. Желілік қоғамдастық мұғалімге не береді? Педагогикалық интернет-қоғамдастықтар жұмысына қатыса отырып, мұғалімдер мынадай мүмкіндікке ие болды: қазіргі адамға қажетті білім, іскерлік және сапаларға үйреніп, меңгереді; қызықтырған тақырыбы бойынша ең өзекті ақпаратты ала алады;

Білім беру желілері ұзақ уақыт бойы бірлесіп жұмыс істеу және ғылыми қызмет арқылы мұғалімдерге толыққанды білім алуға мүмкіндік жасайды және оқуға ынталандырады. Мен бастысы осы зерттеуді жүргізбес бұрын ең алдымен зерттеу тақырыбының дұрыс таңдалуының маңыздылығын түсіндім. Таңдалған зерттеу тақырыбының мектеп үшін де, сынып үшін де маңыздылығы, өзектілігі, тәжірибелік маңызы анықталуы қажет екен. Нақты, анық баяндалған сұрақты қалыптастыру зерттеудің сұрағына жауап беру жолында деректерді жинақтауда, қандай деректердің ең пайдалы екендігін анықтауға көмектеседі екен. Осылай болған жағдайда ғана алға қайған мақсатыма жетемін деп ойлаймын. Осы Республикалық желілік қауымдастық арқылы екі жылда 50 –ге жуық оқу-әдістемелік кешен, көмекші әдістемелік құралдар жарыққа шықты. Бұлда жұмыла көтерген жүктің жеңіл деп айтып жатады.Десекте оңайға түпеді, зерттеу барысында 5-11 сыныптар арасында қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы және құқық негіздерінен оқу-әдістемелік құралдар жарыққа шықты. Жалпы құрылымы иллюстрациялы материалдар, концептуалды кесте, карта, тапсырмалар т.б.

Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты білімді, саналы өз бетімен ойлау білуге талпынатын, өз көзқарасы, ой-тұжырымы бар бала тәрбиелеу ұстаз алдындағы ұлы іс. Қауымдастық желідегі тарих пәнінің мұғалімдері В.Шаталовтың «Тірек сызбалар арқылы оқыту» әдістерін қолданып, жаңалықтарды енгізе отырып, оқыту технологиясын басты назарда ұстап, осы әдістемелік құралды оқушының ойын ұштайтын, зейінін дамытатын хронологиялар арқылы алған білімінің тиянақтылығын, есте сақтауын қадағалайтын әдістемелік көмек ретінде ұсынады.

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы Қазақстан Республикасы аумағында өмір сүрген, қазірде өмір сүріп жатқан қазақ және басқа да халықтардың тарихы және бүкіл адамзат тарихының құрамдас бөлімі. Еуразия және Орталық Азия елдері тарихымен тығыз байланыста ұштасып жатыр.

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы – Қазақ халқының Ұлы даласының XX ғасырдан бастап күні бүгінге дейін орын алған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, үдерістерді тарихи фактілерді, дала заңдары мен заңдылықтарды аша отырып, оларды тығыз байланыста тұтас қарастыратын пән. XX ғасыр қайшылықтарға толы көптеген, саяси–әлеуметтік бетбұрыстар мен мәдени төңкерістердің, дүниежүзілік соғыстардың, экономикалық өзгерістердің орын алған кезеңі болғандықтан және бүгінгі күнмен байланысып жатқандықтан, осы үдерістерді оқытуға аса көңіл бөлу қажет. Хронологиялық кесте, тірек-сызбамен анықтауда Қазақстан тарихын тұжырымдық және практикалық зерттеуде пәнаралық ұстанымдар қолданылды.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. **Дайындалған оқу-әдістемелік кешендерден үзінді:**



Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек», – деп атап көрсеткен еді. Республика көлемінде осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Бұл жинақ қазақ тілін оқыту үдерісінде көзделетін мақсат пен міндет оқулықтар мен оқу құралдарынан көрініс табуға тиіс.

Қымбатты ұстаздар, қауымдастық желідегі ұстаздардың ұсынып отырған бұл әдістемелік оқу құралын, сіздер әр сабақта көмекші құрал ретінде пайдаланып, шығармашылық жұмыстарыңызды дамытуға, тарихи білім негіздерін үйренуге, үйретуге көмегі тиер деген сенімдеміз. Әдістемелік құрал жалпы орта мектептің оқушылары мен мұғалімдеріне арналған.

Тарихи зерттеу жүргізе білуге баули отырып, оқушылардың бойында тарихи сананы қалыптастырады. Сұрақтар мен тапсырмаларды орындау олардың білімін жетілдіре түседі. Қорыта келгенде, қымбатты ұстаздар мен оқушылар, республика бойынша жасақталған зерттеу жұмысының нәтижесін сіздер үнемі пайдаланады деген сенімдеміз. Бұл әдістемелік құралдарды сіздер көмекші құрал, дидактикалық материалдар ретінде пайдаланасыздар деген сенімдеміз.

## ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНДЕРІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Қуанышова С.Т**.
тарих пәні әдіскері, Келес ауданы, Түркістан облысы,

**Аңдатпа:** Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі білім берудегі маңызды міндет болып табылады. Өйткені, осы пәндердің мұғалімдері оқушылардың білімін, дағдылары мен құндылықтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мақалада тарих және құқық негіздері пәні мұғалімдерінің құзіреттілігін арттыруда қолданылатын заманауи технологиялар жайлы қарастырылған.

**Аннотация:**Формирование профессиональной компетентности педагогов является важнейшей задачей в современном образовании. Ведь учителя этих предметов играют решающую роль в формировании знаний, умений и ценностей учащихся. В статье рассмотрены современные технологии, применяемые для повышения компетентности учителей истории и основ права.

**Abstract:** The formation of professional competence of teachers is an important task in modern education. After all, teachers of these disciplines play a key role in the formation of knowledge, skills and values of students.The article discusses modern technologies used to improve the competence of teachers of the basics of history and law.

Білім беру саласындағы ақпараттық технологиялар мен өзгерістер барған сайын маңызды рөл атқаратын қазіргі қоғамда тарих мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін және педагог құқығының негіздерін арттыру маңызды болып табылады. Бұл тек қоғамдық,

әлеуметтік және саяси процестердің дамуына ғана емес, сонымен қатар оқу бағдарламалары мен жалпы білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың жаңаруына байланысты.

Тарих және құқық негіздері пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін және қалыптастыру міндеті көп қырлы екенін атап өткен жөн. Ол пән бойынша мамандандырылған білімді игеруді ғана емес, сонымен қатар педагогикалық дағдыларды, жалпы мәдени құзыреттіліктерді, оқушылардың әртүрлі жас топтарымен жұмыс істей білуді, оқытудың заманауи әдістерін қолдана білуді қамтиды. Мұғалімге оқушыларымен және әріптестерімен тиімді және этикалық қарым-қатынас жасауға көмектесетін кәсіби этика мен моральдық принциптерді қалыптастыру да маңызды.

Тарих және құқық пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесі жүйелі болуы керек. Бұл тұрақты оқыту және тренингтік іс-шараларды өткізуді, сондай-ақ мұғалімнің үнемі өзін-өзі тәрбиелеуін білдіреді. Алайда, мұғалімдердің жеке ерекшеліктерін, олардың тәжірибесі мен қажеттіліктерін ескерусіз құзыреттілікті сәтті қалыптастыру мүмкін еместігін есте ұстаған жөн.

Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектепте қалыптастыру қажет адамның негізгі құзыреттерінің нақты тізімі жоқ. Ең көп тарағаны - А.В. Хуторскийдің жіктеуі. Ол құзыреттіліктің келесі түрлерін ажыратады:

құндылық-семантикалық құзыреттер,
жалпы мәдени құзыреттер,
оқу-танымдық құзыреттіліктер,
ақпараттық құзыреттер,
коммуникативтік құзыреттер,
әлеуметтік-еңбек құзыреттері,
жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреттері.

Құндылық-семантикалық құзыреттіліктер. Бұл оқушының құндылық бағдарларына, оның қоршаған әлемді көру және түсіну қабілетіне, оған бағдарлануға, оның рөлі мен мақсатын білуге, өз әрекеттері мен әрекеттері үшін мақсатты және семантикалық көзқарастарды таңдай білуге, шешім қабылдауға байланысты дүниетаным саласындағы құзыреттер. Осы құзыреттер оқу және өзге де қызмет жағдайларында оқушының өзін-өзі анықтау тетігін қамтамасыз етеді. Оқушының жеке білім беру траекториясы және оның жалпы өмір сүру бағдарламасы оларға байланысты.[1]

Методисты предлагают множество видов заданий и методов работы с текстов на уроках истории, такие как интеллект-карт, кластеры, сводные таблицы и т.д.

Прежде чем перейти непосредственно к вопросам и проблемам использования технологии схем и таблиц, нужно сначала объяснить их определения.

Схема - это представление исторической информации в виде графика, в котором факты графическое изображение исторической действительности, где отдельные части, признаки явления обозначаются условными знаками (символы, линии, стрелки, геометрические фигуры).

Таблица - это представление исторической информации в виде графика, который может быть сравнительным, хронологическим, сводным, тематическим и т.д. [2]

Использование схем и таблиц позволяет обучающимся быстро и правильно, используя дескрипторы выполнить задания, в том числе провести самооценивание.

Системность при разработке заданий в виде схем и таблиц содействует эффективному результату среди учащихся при изучении истории.

Данные методы имеют свои положительные стороны, такие как дифференцированный и индивидуальный подход при выполнении задания, эффективный контроль и оценивание достижений обучающихся, легкость заполнения и понятный алгоритм задания и многое другое.

Стоит обратить внимание, что задания в виде схем и таблиц содержат не только фактический материал, но являются способом формирования логического и проблемного мышления и развивают ответственность и стремление к поставленной цели.

Как мы уже упоминали, что задания имеют дифференцированное содержание, поэтому в самой таблице учитель может составить вопросы для разных уровней учащихся (А, В, С), а в дальнейшем этот метод позволяет нейтрализовать проблемные вопросы среди учащихся уровня С (скованность, отсутствие интереса, замкнутость).[3]

Схемы и таблицы эффективны для обучающихся, которые по причине болезни отсутствовали на уроках, так как эти приемы позволяют самостоятельно изучить тему по заполненной схеме или таблице. В том числе благодаря данным методам повышается качество знаний, повышается интерес к истории, учащиеся проявляют интерес к выполнению научно-исследовательских проектов.

Но всегда нужно помнить, что таблицы и схемы не нужно перегружать сверх лишним историческим материалом, лучше сократить до минимума.

В дальнейшем учитель может предложить учащимся самостоятельно разработать задания на основе следующих принципов: краткая формулировка вопроса, логическая взаимосвязь, наличие причины и следствия, характерные черты личности, целостность, компактность и т.д. [4]


Так, например, учащиеся могут, используя материал учебника составить последовательную схему исторических событий при изучении темы: «Какова была картина мира в начале XX века?».

**Задание 1.** Определите изменения, которые повлияли на «Пробуждении Азии» в начале XX в.

**Цель обучения:** 8.3.2.5 характеризовать территориальный раздел мира политическое устройство стран к началу XX века.

**Критерий оценивания:** Определяет политические изменения вследствие территориального раздела стран Азии.

**Дескрипторы:** Последовательно определяет не менее 4-х политических изменений в странах Азии в начале XX века? - 4 б.




**Задание 2.** Таблица «Причинно-следственные связи» Распад колониальной системы.

**Тема:** Почему во второй половине XX века усилился процесс деколонизации?

**Цель обучения:** 9.3.2.1 анализировать причины и последствия распада колониальной системы

**Критерий оценивания:** Определяют причины и последствия начала деколонизации во второй половине XX века

**Дескрипторы:**

Определяет не менее 4-х экономических, политических причин деколонизации – 2 б.

Определяет не менее 4-х экономических, политических последствий деколонизации – 2 б.

Составляет вывод о влиянии исторических событий второй половины XX в. на колонии – 1б.

| **Причины** | **Последствия** |
|---|---|
| ✓ Окончание Второй мировой войны<br>✓ Политика США под флагом «борьбы за свободы народов» и стремление к свободному доступу на рынки колониальных стран.<br>✓ Политика СССР – «ликвидация колониальной системы империализма».<br>✓ Политика СССР и США ослабили позиции Запада на Востоке.<br>✓ Деятельность ООН. | ✓ Развивающие страны (гос-ва, освободившиеся и провозгласившие независимость) стали оказывать воздействие на принятие решений ООН.<br>✓ Развивающие страны объединились в международное Движение неприсоединения.<br>✓ Изменился национальный состав населения стран Западной Европы (иммиграция населения из бывших колоний)<br>✓ Европейские гос-ва стали форсировать разработку своих природных ресурсов. |
| **Вывод:** | |

**Задание 3. «Причинно-следственные связи». Немецкое и итальянское «экономическое чудо».**

**Тема:** Почему во второй половине XX века «государства благосостояния» переживали экономический кризис?

**Цель обучения:** 9.4.2.1 интерпретировать и обосновывать эффективность экономических систем

**Критерий оценивания:** Определяют причины и последствия экономического чуда в Германии и Италии во второй половине XX, обосновывая эффективность экономической системы

**Дескрипторы:**

Определяет не менее 4-х причин экономического чуда в Германии и Италии– 2 б.

Определяет не менее 4-х последствий экономического чуда в Германии и Италии – 2 б.

Составляет вывод об эффективности капиталистической экономической системы – 1б.

| **Страны** | **Причины** | **Последствия** |
|---|---|---|
| **Германия** | создавалась высокая концентрация производства и капитала.<br>внедрение новейших технологий.<br>высокая работоспособность немецкого населения.<br>отсутствие военных расходов.<br>отсутствие затрат на содержание колониального управления. | ФРГ вышла на второе место по измышленному производству.<br>Германская валюта стала сильнейшей среди стран Западной Европы.<br>Была обеспечена полная занятость населений.<br>Исчезла безработица. прекратились забастовки, повысился жизненный уровень |
| **Италия** | Аграрная реформа.<br>отказ США, Великобритании от своих долей репараций с Италии;<br>помощь по плану Маршалла.<br>государственная поддержка крупных корпораций.<br>значительные капиталовложения в развитие отсталого юга страны.<br>дешевая рабочая сила.<br>привлечение иностранного капитала.<br>участие в европейских интеграционных процессах | Увеличение национального дохода в 2 раза.<br>Рост уровня жизни населения.<br>Из аграрно-промышленной страны среднего уровня развития она превратилась в высокоразвитую промышленную страну. |
| **Вывод** | | |

**Задание 4. Таблица «Кто/Что? Где? Когда? Почему? Общеевропейский процесс безопасности и сотрудничества.**

**Тема:** Каковы причины европейской интеграции в послевоенное время?

**Цель обучения:**

9.3.2.4 выделять интеграционные и дезинтеграционные процессы в мире после окончания холодной войны

9.2.3.2 оценивать влияние идей защиты прав человека на деятельность современных международных правозащитных организаций;

**Критерий оценивания:**

Определяют предпосылки и последствия европейской интеграции

Определяют и оценивает итоги переговоров

**Дескрипторы:**

Определяет дату проведения Общеевропейского процесса безопасности и сотрудничества- 1 б.

Определяет место заседания Общеевропейского процесса безопасности и сотрудничества- 1 б.

Определяет имена политических личностей, повлиявших на проведение Общеевропейского процесса безопасности и сотрудничества- 1 б.

Определяет причины проведения Общеевропейского процесса безопасности и сотрудничества- 1 б.

Оценивает итоги совместных переговоров– 1 б.

| | |
|---|---|
| **Кто/Что?** | участвовало 35 государств, лидеры СССР (Л.Брежнев), США (Д.Форд) и т.д. |

| | |
|---|---|
| **Где?** | Хельсинки |
| **Когда?** | Несколько этапов: с 1973 по 1975 гг. |
| **Почему?** | Угроза безопасности и военное противостояние в Европе между капиталистическими и социалистическими странами |
| **Чем завершился?** | было образовано Совещание по безопасности и сотрудничеству в Европе |

**Задание 5.** Сводная таблица: Локальные конфликты в годы «холодной войны».

**Тема:** Каковы особенности событий холодной войны в 1946-1963 гг.?

**Цель обучения:**

9.3.2.3 характеризовать противостояние военно-политических блоков НАТО и ОВД, опираясь на знание исторических фактов и карты;

**Критерий оценивания:**

характеризует противостояние между социалистическими и капиталистическими странами

**Дескрипторы:**

Определяет даты локальных конфликтов – 2 б.

Определяет причины локальных конфликтов – 2 б.

Определяет участников конфликта – 2 б.

Определяет причины конфликта – 2 б.

Определяет итоги конфликта – 2 б.

| **Берлинский кризис** | **Вопросы** | **Карибский кризис** |
|---|---|---|
| 1961 г. | **Дата** | 1962 г. |
| ГДР,ФРГ, США, СССР | **Государства** | США, СССР, Куба |
| СССР требовал окончания четырёхстороннего управления Берлином и превращения Западного Берлина в свободный демилитаризованный город | **Причины конфликта** | размещение советских ядерных ракет на Кубе в ответ на размещение ракет США в Турции |
| 13 августа 1961 г. за одну ночь вдоль границ Западного Берлина, но со стороны и по территории Восточного, была возведена кирпичная стена.<br>В октябре 1961 г. Было признано де-факто установление границ и контроль за ними со стороны ГДР. | **Итоги конфликта** | 28.10.1962 г. кризис был разрешен. вывод советских баллистических ракет с Кубы; вывод американских баллистических ракет из Турции; предоставление со стороны США гарантий невмешательства в политический режим на Кубе. |

**Задание 6.** Сводная таблица: доктрина Трумэна и план Маршалла

**Тема:** Как сформировалась биполярная система мира? **Цель обучения:**

9.3.2.2 анализировать исторические события для объяснения понятия «холодная война»;

**Критерий оценивания:**

Характеризует и анализирует доктрину Трумэна и план Маршалла для объяснения понятия «холодная война»

**Дескрипторы:**

Определяет даты принятия доктрины Трумэна и плана Маршалла – 2б.

Определяет государства, заинтересованные в доктрине Трумэна и плане Маршалла – 1 б.

Определяет причины принятия доктрины Трумэна и плана Маршалла – 2б.
Определяет цель принятия доктрины Трумэна и плана Маршалла – 2б.
Определяет последствия принятия доктрины Трумэна и плана Маршалла – 2б.

| **Вопросы** | **доктрина Трумэна** | **план Маршалла** |
|---|---|---|
| **Дата принятия** | 1947 г. | 1948 г. |
| **Государство-инициатор** | США | США и страны Западной Европы |
| **Причины принятия** | Невозможность Великобритании оказать помощь странам (Турции, Греции)<br>Усиление позиции СССР в послевоенные годы | Экономический спад, начавшийся в США в 1947 году.<br>Опасность перепроизводства из-за неспособности стран Запада покупать товары из США.<br>Последствия Второй мировой войны Усиление роли СССР в мире. |
| **Цели** | Оказание экономической и военной помощи Турции и Греции.<br>Оказание экономической помощи европейским странам, включая Великобританию, Францию, Италию, Бенилюкс;<br>Поддержание антисоветских сил в странах Восточной Европы;<br>Создание блока НАТО; | Восстановление разрушенной экономики<br>устранение торговых барьеров<br>модернизация промышленности<br>сбыт товаров странам Европы<br>вытеснение из властных структур коммунистических партий в Европе |
| **Последствия принятия** | Обострение глобального противостояния между СССР и США<br>Доктрина была направлена на создание однополярного мира и т.д. | Европейская экономика оправилась от последствий войны всего за 20 лет. Страны Европы получили возможность уплатить внешние долги, в том числе долги по ленд-лизу или репарации; Было ослаблено влияние СССР и коммунистов; Был восстановлен европейский средний класс и т.д.. |

Таким образом, задания в виде схем и таблиц педагогу можно применять как для проведения формативного, так и суммативного оцениваний. Данные методы позволяют оптимизировать задания и сделать их более ясными и понятными. Применяемые методы оказывают помощь педагогу:

создавать и применять исторический материал различного содержания;
обеспечивать учащимся свободу выбора средств и способов решения учебных заданий;
подвергать анализу и оценивать индивидуальные способы учебной работы;
демонстративно показать обучающимся учебный материал;
сосредоточить внимание на отдельных, наиболее сложных местах учебного материала;
повторять исторический материал; за короткое время осуществлять рефлексию;
организовывать благоприятную обстановку на уроке.

**Список использованных источников**

1. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М.: ВЛАДОС, 2003. – 384 с.
2. Мирошниченко Н.П. Преподавание истории древнего мира по системе В. Ф. Шаталова // Преподавание истории в школе. 1990. № 6.

3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М.: ПОСТМЕТОДИКА, 1998. - С.37-43.
4. Трубицин А.Г. Таблицы и схемы на уроках истории и обществознания// Проблемы преподавания истории и обществознания: межрегиональная научно-практическая конференция для учителей и преподавателей высших учебных заведений, 24 ноября 2011 г. – Липецк: ЛГПУ, 2011. – С.261-266.

## ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕПТЕ БОЛАШАҚ ТАРИХ ПЕДАГОГТАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ ПӘНДІК ҚҰЗІРЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

**Мукатаева З.К**.
т.ғ.к., Шәкәрім университеті Тарих және құқық кафедрасының аға оқытушысы
**Калиаскарова Е.Б**
«Тарих және құқық» кафедрасы, D016 - Тарих педагогтерін даярлау, 3 курс докторанты

**Андатпа:** Бұл жұмыста болашақ тарих педагогтарын даярлаудағы пәндік құзіреттерін қалыптастыру мақсатын жүйелеп, үш негізгі мәселе тұрғысынан қарастырылды. Заманға сай, белсенді, білімді, бойында қажетті дағдылары бар мамандарды даярлауда бар ақпараттарды оңтайландырып берудің тағы бір жолдары қарастырылды.

**Аннотация:** В данной работе были систематизированы цели формирования предметных компетенций в подготовке будущих педагогов истории и рассмотрены три основных вопроса. При подготовке современных, активных, образованных специалистов, обладающих необходимыми навыками, были рассмотрены другие пути оптимизации и передачи имеющейся информации.

**Abstract:** In this paper, the objectives of the formation of subject competencies in the training of future history teachers were systematized and three main issues were considered. When preparing modern, active, educated specialists with the necessary skills, other ways of optimizing and transmitting available information were considered.

Әлемде күнделікті орын алып жатқан интенсивті, кейде түбегейлі өзгерістер адамзатты жаңа сын-қатерлердің алдына әкелуде. Кез келген саладағы өзгерістер адамзаттан ұтымды әрекеттер, жаңа дағдыларды игеруді талап етеді. Бұндай қажеттіліктердің орын алуы заңдылық. Себебі, адамзат, әлем бірін-бірі ауыстыратын механизмдер арқылы дамиды. Сәйкесінше, білім беру институттары заман талабына сай, белсенді, кез келген бәсекеге дайын мамандарды даярлауы басты міндет.

Қазақстандағы жоғары мектеп білім жүйесінде түрлі өзгерістер кезеңдеп орын алуда. Бұл өзгерістер жалпы білім жүйесіндегі жаңалықтар әсеріне немесе зерттеулер нәтижелеріне негізделген. Дегенмен, мақсатты, нақты қажетті деген сапалы өзгерістер ғана білім жүйесін жетілдіріп, білім сапасын арттырады. Кейбір шешімдер мен өзгерістер қажет болған жағдайларда орын алып, тәжірибеде толық жұмыс жасай алмай, кері нәтижелерге әкеліп жататыны да бар. Мысалы, білім жүйесін цифрландыру қазіргі таңда өте өзекті. Осыған орай, бүкіл күш осы бағытқа беріліп отыр. Бірақ, цифрландыруды игеру үшін «білім жүйесі оған толыққанды дайын ба?» деген сұрақ туындайды. Цифрландыруды 100% орнықтырудан бұрын білім жүесіндегі объектілер мен субъектілер қазір бар дәстүрлі мүмкіндіктерді игеріп болды ма және білім беруде, білім алуда барлық дағдылар қалыптасты ма?

Осыған орай, баяндамада жоғары мектеп жүйесіндегі тарих педагогтерінің құзіреттіліктерін қалыптастыруда, дамытуда бар мүмкіндіктерді бір жүйеге келтіріп, өзіміздің тарапымыздан мәселенің бір шетін талдауға тырыстық.

Қай кезеңде болмасын кәсіби педагогикалық кадрларды қалыптастыру мәселесі өте өткір және өзектілігін жоймайды. Бұрынғыдай «қатаң дағдылар», «hard skills» яғни өз кәсібі бойынша терең теориялық біліммен қаруландыруға негізделген білім беру бағдарламаларымыз болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі толығымен қалыптаса алмайтыны белгілі болады.

Бакалавриат даярлығы шеңберінде кез келген құзыреттілікті қалыптастыру үшін маңызды шарт болып табылатын "тәжірибиеде қолданып көру" кезеңін жоспарлы түрде жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы бізге үздіксіз білім берудің ашық жүйесі шеңберінде Тарих және қоғамдық пәндер мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туралы мәселені күн тәртібіне қойып, зерттеу жұмыстарының өзегіне айналдыру қажеттігінен бүгінгі алқалық жиынға республикамыздың түпкір түпкірінен ғалымдар, практик пән мұғалімдері жұмылырылып отыр.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім беру мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде де, студенттердің жеке қаражаты есебінен де жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылында еліміздің барлық білім беру деңгейіндегі жоғары оқу орындарында 624 263 жас білім алуда, оның 30 пайызы мемлекеттік білім гранттары есебінен қаржыландырылады. Мемлекеттік білім гранттарының ең көп бөлігі техникалық мамандар мен педагог кадрларды даярлауға бөлінген. [1]. Мемлекеттік білім гранттарымен қатар университеттер ішкі гранттар мен оқу ақысына жеңілдіктер арқылы жоғары білімге қолжетімділікті кеңейтуде. Яғни, қазіргі таңда мемлекетімізде жоғары білім жүйесінде белсенді жұмыстар жүргізіліп, мәселелерді анықтап, оны шешуге ресурстар қарастырылуда.

Қазақстандық жоғары білімнің сыртқы нарыққа шығуы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының міндеті болып табылады және ұлттық жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысын арттыруға ықпал етеді [1]. Осы арқылы басқа да білім саласының институттарымен тәжірибе алмасып, әрқашан тұрақты дамуға ұмтылу қажет.

Ақпараттық және постиндустриалды қоғам кәсіптік білім берудің осындай моделіне қажеттілікті тудырды, мұнда адам базалық деңгейге сүйене отырып, кәсіптік дамудың келесі кезеңдерінде өзінің де, қоғамның да қажеттіліктері икемделе отырып жеке және өзіндік бірегей кәсіби қасиеттер жиынтығын қалыптастыра алады. Жоғары білім алғаннан кейін адам болашақта әртүрлі формалар арқылы біліктілігін арттыруға зор мүмкіндіктер жасалған. Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құрылымы «бакалавр-магистр-доктор PHD» жоғары деңгейлі білім беру жүйесі іске асуда [2]. Бұл жүйе бүгінгі таңда өз позитивті нәтижелерін көрсетіп, жаңа перспективалар ашуда.Көп деңгейлі кәсіби дайындық әртүрлі білім беру құрылымдары арасындағы сабақтастық принципіне негізделген. Студенттердің үздіксіз білім алуын "көп деңгейлі оқу орнында оқытудың барлық сатыларында сабақтастықты ұйымдастыру" контекстінде қарастырылған. Бұл білім беру мазмұнының элементтерін (практикалық және зияткерлік іскерліктері мен дағдылар) игеруге байланысты мазмұнды сабақтастық және оқудың әр сатысында студенттердің оқу және оқудан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың жақсы тәсілі деп қарастыруға болады.

Қазіргі динамикалық әлемде ЖОО да кәсіби білім беруде өз функцияларын тек даму режимінде, үнемі ізденісте, дәстүрлер мен инновацияларды біріктіру арқылы тиімді орындай алады. Қазіргі жаһандық даму үрдістері, қоғамдағы өзгерістер, техникалық-технологиялық прогресс болашақ мамандардан кәсіби функцияларды жақсы орындаушыны ғана емес, сондай-ақ мақсаттарды іске асыратын және оның нәтижелері үшін жауапты болатын, өздігінен және құзыретті шешімдер қабылдауға қабілетті, өзінің кәсіби қызметінде өзін-өзі дамытуға және өзін- өзі іске асыруға дайын кәсіби қызмет субъектісін де даярлауды талап етеді.

Құзыреттіліктер негізінде білім беру процесін жоспарлау үшін адам тәжірибесі саласына (білімдері, біліктері және дағдылары), когнитивті салаға (зейіні, қабылдауы, есте сақтауы, ойлауы), сонымен қатар келесі тиісті жеке-психологиялық қасиеттерді де дамытуға жүгіну қажет:

-кәсіби санасын дамытуға;

- кәсіби жетістіктерге қажеттілігін дамытуға;

-кәсіби қызметтің ішкі себептерін (ішкі ынтасын) дамытуға.

ЖОО орындарында кәсіби мамандарды әзірлеудегі сапасы білім беру мекемелерінің талаптарына бара бар (адекваты) деп айта алмаймыз. Өкінішке орай сәйкессіздіктер де

кездесіп жатады. Білім беру мекемелеріне бізден «қызыл дипломмен» бітірген қатты дағдыларды «hard skills» меңгерген маман ғана емес бар білімге, іскерліктері мен дағдыларға сүйене отырып, қиындықтарына қарамастан мәселелерді шеше білу қабілеті бар көптілді маманға деген сұраныс бірінші кезекке қойылып отыр. Жас маман әртүрлі күрделі кәсіби жағдайларда білімін қолдана отырып жаңа білімдер қалыптастыру арқылы өз бетінше әрекет ету қабілеті қарастырылады.

Жұмыс берушілердің (стейкхолдерлер) сұраныстарын ескере отырып, кәсіби маман даярлау мен тәрбиелеуде құзыретті тәсілдің функциялары:

-білім беру кеңістігін интеграциялау (біріктіру);

- диагностикалық және бағалау рәсімдерінің объективтілігін қамтамасыз ету;

- оқытуды сүйемелдейтін процестердің (тәрбие жұмысы) сапасын арттыру;

- сапаны басқару жүйесін қалыптастыру мәселелерін үнемі назарға алу қажет.

Осылайша, кәсіби білім беру мақсаттары мен нәтижелерін бағалаудың жаңа көзқарасына бағытталған құзыреттілік тәсіл білім беру процесінің басқа компоненттеріне: мазмұнына, педагогикалық технологияларға, бақылау мен бағалау құралдарына өз талаптарын қояды.

Демек, біздің мамандарды даярлаудағы құзыреттілік тәсілдің негізгі принциптерінің бірі – студенттерді оқыту мен кәсіби қызметтің әртүрлі түрлеріне қосу жағдайларын тудыратын оқыту технологияларын жобалау және енгізу. Бүгінгі конференцияға жиналған қауымның мақсаты мен болашақтағы қызметінің аясы білім беру процесінің нәтижесіне қойылатын пәнаралық, интеграцияланған талаптарды басымдық бере отырып тәжірибие алмасу. Осылайша, құзыреттілікке бағытталған оқыту процесс ретінде студенттердің кәсіби өзін-өзі дамытуын жандандыру және қолдау, өзін-өзі басқаратын оқу қызметін ұйымдастыру болып табылады, бұл студенттердің осы процесті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға белсенді қатысуын, оларға бірқатар өкілеттіктер беруді, мұғалім мен студенттер арасындағы құқықтарды, бастамаларды, жауапкершілікті бөлуді, демек, олардың арасындағы қатынастардың өзгеруін білдіреді.

Жалпы құзыреттердің тізімін үш санатқа бөлуге болады: аспаптық, тұлғааралық және жүйелік.

Аспаптық: 1. Талдау және синтездеу қабілеті. 2. Ұйымдастыру және жоспарлау қабілеті. 3. Негізгі жалпы білімдері. 4. Мамандық бойынша негізгі білімдері 5. Ана тіліндегі қарым-қатынас дағдылары. 6. Қарапайым компьютерлік дағдылар. 7. Ақпаратты басқару дағдылары (әртүрлі көздерден ақпаратты алу және талдау қабілеті). 8. Проблемаларды шешу қабілеті. 9. Шешім қабылдау қабілеті.

Тұлғааралық: 1. Сыни ойлау және өзін-өзі сын көзбен қарау қабілеттері. 2. Топпен жұмыс жасай білу. 3. Тұлғааралық дағдылары. 4. Пәнаралық топта жұмыс жасай білу. 5. Басқа пәндік салалардағы мамандармен қарым-қатынас жасай білу. 6. Әртүрлілік пен мәдениетаралық айырмашылықтарды қабылдау қабілеті. 7. Халықаралық контексте жұмыс істеу қабілеті. 8. Этикалық құндылықтарды ұстануы.

Жүйелік: 1. Білімді іс жүзінде қолдану қабілеті. 2. Зерттеу қабілеті. 3. Оқу қабілеті. 4. Жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті. 5. Жаңа идеяларды тудыру қабілеті (шығармашылық қабілеті ). 6. Көшбасшылық қабілеті. 7. Басқа елдердің мәдениеттері мен әдет-ғұрыптарын түсінуі. 8. Автономды жұмыс істеу қабілеті. 9. Жобаларды әзірлеу және басқару қабілеті. 10. Бастамашылық және кәсіпкерлік қабілеті. 11. Сапа үшін жауапкершілігі. 12. Табысқа жету табандылығы.

Оқу процесі білім алушылар оқу процесіне белсенді қатыса алатындай етіп ұйымдастыруға көп көңіл бөле отырып, сабақтарда оқу процесінің тиімділігін арттыратын техникалық құралдар қолданып, олардың көмегімен оқу материалын ұсыну кезінде студенттер есте сақтаудың барлық түрлерін қолдуға жағдай жасалыну керек. Тарихтан арнайы пәндерді оқу кезінде негізгі мақсат – білім алушыларды теориялық білімді практикамен ұштастыруға үйрету, ол үшін «мектепте осы тақырыпты оқытқанда қалай оқытамыз? Нені оқытамыз? деген мәселені қозғай отырып, тарихты оқыту ғана емес, тарихпен оқытудың 6 концептісінің

негізінде қарастыру керек. Тарихтан арнай білімді игеріп қана қоймай белсенді әдістер, оқыту нысандары, стандартты емес тапсырмалар қолдана отырып, осы мәселені орта мектептегі оқушының жас ерекшелігін ескере отырып оқытуға мән берілу керек. Сонда студент болашақ кәсіби мамандығының негіздері мен қоса әдістеменің қыры мен сырын, ерекшеліктерін түйсініп, сезіне алады.

Жоғарғы мектепте болашақ тарих педагогтарын даярлауда дәстүрлі әдістер мен заман талабына сай мүмкіндіктер белсенді қолданылады. Білім беру негіздері кезеңдік зерттеулер нәтижелері, білім алушылар мен оқытушылардың сұраныстары мен талаптары ескеріле отырып қалыптасуда.

Болашақ тарих педагогтарын даярлауда нақты мақсаттар мен міндеттер, күтілетін нәтижелер белгілі болуы қажет. Ол үшін болашақ тарих педагогтерінің пәндік құзіреттерін қалыптастыру жүйесі сапалы жұмыс жасап, әр уақытта негізделген, қажетті толықтырулар басым болуы басты міндет.

Болашақ тарих педагогтері маман болып, білім бере бастағанда білім алушыларға тарих арқылы білім мен дағдыларды еркін түрде көрсетіп, бере алуы қажет. Ол үшін бүгінгі білім алушы тарих педагогтерін сапалы білімі мен қажетті дағдыларды бойында дамытқан, тарихи ойлауы объективті, тарихты бүгінгі күнмен байланыстыра алатын, пәндік құзіреттері максималды қалыптасқан маман ретінде дайындау қажет.

Бұл күтілетін нәтижелерге жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер, білімдік база бар және сапалы жұмыс жасауда. Олар теориялық білім алу, тәжірибелік мүмкіндіктер (міндетті педагогикалық тағылымдамалар, түрлі білім алмасу бағдарламалар, археологиялық экспедициялар, мұрағаттар мен кітапхана, мұражайларда жұмыс жасау). Дегенмен, біздің тарапымыздан осы жүйеге басқа қырмен қарап, қалай оңтайландыруға болады және маңыздырақ деген үш мәселе қарастырылды. Олар: 1) тарих педагогтерінің даму дереккөзі – оқу және субъективті тәжірибе; 2) тарих педагогтерінің зерттеу бағытындағы білімі мен дағдылары (ауызша тарих деректемелері мысалында); 3) тарих педагогтерінің бойындағы «soft skills» маңыздылығы.

Жұмысты жазу барысында мәселені шешу, қойылған мақсатқа сәйкес келетін инновациялық тәсілді әзірлеу үшін қажетті теориялық және практикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің теориялық әдістемесі бойынша жалпы ғылыми (анализ, синтез, индукция, аналогия) және жеке ғылыми (сауалнама, интервью) әдістер қолданылды. Яғни, тақырыпқа сәйкес әдебиеттер (оқулықтар, бағдарламалар, заңнамалар, ғылыми мақалалар, монографиялар мен архив материалдары) қарастырылып, индукция арқылы ақпарат сараланып, анализдеп, аналогиялық негіздеулер арқылы мәселені тарқату идеялары ұсынылды. Тарих педагогтерін даярлауда зерттеу бағытындағы білімі мен дағдылары сұрағы бойынша бүгінгі таңда білім берушілер мен білім алушылардан алынған сауалнама, интервью үзінділері келтірілді.

Жұмыстың тарихнамалық базасы түрлі материалдарды қамтыды. Мемлекеттік заңнамалар, бағдарламалар, мемлекеттік, мемлекеттік емес агенттіктердің ақпараттары (Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құрылымы «Білім туралы» Заңы (27.07.2007), ҚР ҒЖБМ "Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы, Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA)) және оқулықтар, монографиялар, түрлі зерттеулер нәтижелері, ғылыми мақалалар мен архив құжаттары (Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір; Donald A. Ritchie. Doing Oral History; Oral history projects. Helping your application. - Cardiff, 2004; Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді?. – Алматы, 1993 және т.б.) кеңінен қолданылды.

Болашақ тарих педагогтарын даярлаудағы пәндік құзіреттерін қалыптастыру үшін жүйелі тәсілдер жиынтығы қажет. Маманды дайындайда білім беруші тарапынан не сұралады, еңбек нарығында қандай қажеттіліктер орын алуда және білім алушының сұранымдары мен қажетіліктері арқашан ұштасып, бір бағытта жұмыс жасап отыруы қажет.

Тарих саласы маманнан бірінші кезекте теориялық білімнің жоғары сапасын қажет етеді. Бұл мәселені «тарих педагогтерінің даму дереккөзі – оқу және субъективті тәжірибе»

деп топтастырдық. Яғни, даму үшін міндетті түрде сапалы білім алып, маманның жеке субъективті тәжірибесін жіктеп қарап, оны жақсартуға, дамытуға тырысу қажет.

Кәсіби құзыреттілік үнемі жетілдіруге, жаңа білім мен дағдыларды игеруге, қызметті байытуға деген ұмтылыспен сипатталады. Құзыреттіліктің психологиялық негізі-өз біліктілігін үнемі арттыруға, кәсіби дамуға дайын болу.

Бірінші кезекте тарих педагогтерінің даму дереккөзі – оқу болғандықтан, оқытушы тарапынан, білім беруші ұйым тарапынан барлық материалдық-техникалық қажеттіліктер қамтамасыз етілуі керек. Білім алушыларға сабақ процессінен үздіксіз түрлі электрондық ресурстар (отандық, шетелдік), мерзімдік ғылыми шығарылымдар, кітапхана, архивтармен жұмыс күнделікті қолжетімді болып, білім алушылар бойында «оқу, ақпаратты меңгеру» мәдениеті еркін түрде қалыптасуы қажет.

Субъективті тәжірибе - бұл негізгі философиялық және психологиялық түсінік, тек бір адам бастан кешіретін тәжірибе, субъективті шындықтың элементі. Көптеген тәсілдерде адамның психикалық өмірін сипаттауда негізгі рөл атқарады [3]. Субъективті тәжірибеден объективті компоненттерді (сыртқы шындықты) бөліп алу мәселесі философияның әртүрлі мектептерінде әр түрлі шешілетін эпистемологияның орталық мәселелерінің бірі болып табылады. Психология мен педагогика шеңберінде субъективті тәжірибені оқыту процесінде алынған жеке білім мен дағдылардың құрылымы ретінде нақтырақ түсіндіру қарастырылады [4]: жүйелік психофизиологияда субъективті тәжірибе элементін қалыптастыру жүйелік Генезис — білім деп аталады, оқыту кезінде пайдалы бейімделу нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған жаңа жүйе [5].

Болашақ тарих педагогтарын даярлаудағы пәндік құзіреттерін қалыптастырудағы екінші мәселе - тарих педагогтерінің зерттеу бағытындағы білімі мен дағдылары. Болашақ маманды бүгіннен ғылыми, педагогикалық зерттеу түсінігі мен әрекеттерін бойында сіңіріп, қажетті ресурстар мен құралдарды беру қажет. Зерттеу дегеніміз не, ол қалай іске асады, педагогтің күнделікті жұмыс процессі зерттеулер негізінде құрылымдануының қажеттілігін түсіндіру, негіздеу, үйрету маңызды. Ол үшін білім алушыға әр сабақта бір жүйеге салынған зерттеу білімі мен дағдыларын қалыптастыратын әдістер қолданылуы қажет. Мысалы, білім алушы, Отан тарихының өзекті мәселесі курсында да, құқық негіздері мен экономика негіздері пәндерінде де зерттеу сұрақтарының негізгі үш түрі (фактілі, дебатты, концептуалды) бар, олар қалай құрылады деген бірдей ақпарат алып, түрлі ақпарат негізінде қолдана білуі қажет. Және де, кез келген әдебиет түрімен жұмыс жасап, оның түріне, мағыналық, мақсаттық негізіне анализ жасай білуі қажет. Түрлі оқулықтар мен мақалалар, монографиялар мен зерттеулерді, архив құжаттары мен археологиялық ресурстарды, ауызша тарих деректемелерімен еркін жұмыс жасауды барлық пәндік курстарда жүйелі оқытып, үйрету қажет. Сонда ғана болашақ маман зерттеу білімі мен дағдылары фундамент ретінде мықтап орнығады.

Осы ретте, ауызша тарих деректемелерімен жұмыс жасау арқылы тарих педагогтерінің кәсіби құзыреттілігінің даму мүмкіндіктерін қарастырсақ.

Адамның физикалық күшін қажет ететін зауыттардың кәсібіне роботтар, электронды машиналар орнатылып, адамды толығымен ауыстырды. Тіпті, жасанды интеллектке тән емес ойлау, фантазия дағдыларының өнімдерін өндіруде де адамды алмастырды. Оған мысал ретінде, американдық режиссер Оскар Шарптың жасанды интеллект жазған сценарийі бойынша фильм түсіруі [6]. Осының бәрі кез келген салада жаңашылдыққа дайын болып, бейімделіп, ұтымды жолдар арқылы қандайда бір мақсаттарға жету қажеттігін түсіндіреді.

Келтірілген аналогия тарих саласында деректердің дәстүрлі түрлерін ғана мойындап, қолданып, ғылыми айналымға енгізгеннен бөлек ауызша тарих деректемелерін басшылыққа алып, тең деңгейде пайдалану қажеттігін ақтайды.

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы бөлімінде ұлттық кодты сақтай отыра, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет деп көрсетеді. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол

адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы [7].

Яғни, ұлтты дамытуда дәстүрлі емес мүмкіндіктер мен әрекеттерді, дағдылар мен құралдарды дұрыс қолдану эффективті екенін түсіне аламыз. Ауызша тарих деректемелері заманға сай жабдықталған құралдар мен әрекеттер арқылы тарих саласының жандануына үлес қосады. Ауызша тарих дегенде кейін пайда болған, жас сала деп қабылдамау керек. Бұл жерде ауызша тарих деректемелерін дәстүрлі деректемелер қорларының қатарына енгізіп, кеңінен қолдану қажеттігін жеткізу үшін мысал ретінде келтірілді.

Ауызша тарих қоғамдық жазбалармен, статистикалық мәліметтермен, фотосуреттермен, карталармен, хаттармен, күнделіктермен және басқа да тарихи материалдармен толықтырылған өткеннің толық және дәл бейнесін береді. Оқиға куәгерлері құжатталған тарихтағы олқылықтарды толтыратын, кейде түзететін немесе тіпті жазбаларға қайшы келетін әртүрлі көзқарастарды білдіреді. Интервьюерлер басқа жазбаларға енгізілмеген сұрақтарды қоя алады және әңгімелері айтылмаған немесе ұмытылған адамдардан сұхбат ала алады [8]. Кейде сұхбат белгілі бір орын, оқиға немесе адам туралы ақпараттың жалғыз көзі бола алады.

Яғни, тарих саласына жаңашылдық, серпіліс, белсенді жұмыс жүйесі қажет. Жоғарыда келтірілген тарихымыздың ақтандақ беттерін ашып, зертеп дәстүрлі тарихи зерттеу әдістерінен қарағанда ауызша тарих әдіс-тәсілдерін, инструменттерін қолданып, замануи технологияларды қолданып ақпараттарды жинақтап, сақтау қажет. Мысалы, тарихи кезеңдерге арналған AppStore, GooglePlay кеңістігінде жүктей алатын мобильді қосымша құрастыру. Осы қосымшаны құрастыру барысында ақпараттар дәстүрлі де, ауызша тарих әдістері де арқылы жинақталып қосылса. Тақырып бойынша әр түрлі мамандардан интервью алып, қосымша ішін аудио, видео материалдармен толықтырса. Бұл идея заманға сай, қолжетімді, кез келген уақытта қоғамның барлық топтары қарап, таныса алатын өнім болар еді.

Болашақ тарих педагогтарын даярлаудағы пәндік құзіреттерін қалыптастырудағы екінші мәселе – тарих педагогтерінің «softskills» маңыздылығы.

Өзін өз ісінің маманы деп санайтын әрбір адам hardskills-ті дамыту арқылы білімді тереңдетуге тырысады. Мысалы, бағдарламашы жаңа бағдарламалау тілдерін үйренеді, ал автомеханик автомобильдердің құрылымын біледі. Алайда, әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, жұмыс берушілер үшін техникалық дағдылар ғана емес, сонымен қатар мектепте немесе университетте алуға болмайтын қосымша "икемді" дағдылар да маңызды. Олар кез-келген маманды құнды және еңбек ақысының жоғары болуына кепілдік береді.

Softskills дегеніміз не? Бұл тікелей міндеттермен ешқандай байланысы жоқ жұмыс үшін қажет әмбебап кәсіби дағдылар. Қарапайым тілмен айтқанда, икемді дағдылар-бұл басқа адамдармен қарым-қатынас жасау және олармен жақсы қарым-қатынас орнату мүмкіндігі. Оларға мыналар жатады:

әр түрлі кәсіптердің, әлеуметтік топтардың өкілдерімен ауызша сөйлесу;

вербалды емес қарым — қатынас-мимика, жест-ишара арқылы ақпаратты беру және оқу;

белсенді тыңдау-әңгімелесушінің айтқанын есту қабілеті;

сендіру-өз көзқарасын дәлелді түрде қорғай білу, ойды жеткізе білу;

шыдамдылық-асығыс шешім қабылдауға байланысты қателіктерден аулақ болу дағдысы;

қойылған міндеттерді түсіну;

адамдарды басқару-команда құру, міндеттер қою және өкілдік ету.

Ойлаудың икемділігі адамның жаңа шешім стратегияларын тез және оңай іздеу қабілеті деп аталады. Ойлаудың икемділігі-бұл бастапқы материалды еркін басқара білу, ассоциативті байланыстар орнату және мінез-құлық пен ойлауда бір сыныптың құбылыстарынан екіншісіне ауысу, көбінесе алыс.

Көптеген ғалымдар ойлауды негізгі, тіпті ең маңызды адами қасиеттердің бірі деп санайды. Ойлаудың арқасында адам өзінің алдында туындайтын маңызды өмірлік міндеттерді шеше алады, мәселелерді шешудің жолдарын таба алады, мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарайды. Ойлау әртүрлі болуы мүмкін. Ол аналитикалық, сыни, шығармашылық, дерексіз және т.б. болуы мүмкін. Бұл дағды үнемі жетілдіруге қабілетті: дағды неғұрлым жақсы дамыған болса, адамға қоршаған әлемге бейімделу оңайырақ болады, ол міндеттерге және өз мәселелерін шешуге икемді болады. Егер біз табысты адамдарды, әсіресе бірнеше ондаған жылдар бойы көшбасшылар тізіміне енгендерді ескеретін болсақ, онда олардың компаниялары бейімделіп, нарық көшбасшысы болып қала алды.

Ойлаудың икемділігінің стандартты анықтамасы-бұл белгілі бір міндеттерді жүзеге асыруда шығармашылық көзқарасты қолдана отырып, ойды әртүрлі көзқарастардан ойлау немесе бірнеше мәселелерді бір уақытта шешу, сондай-ақ алгоритмді түбегейлі өзгеше, талдау және синтез үлгісіне өзгерту мүмкіндігі [9]. Қысқаша айтқанда, ойлаудың икемділігі-бұл бейімделу, бейімделу, бұралу, бұл үшін шығармашылық қабілеттеріңізді пайдалану, ойлау мен мінез-құлық үлгілерінен асып түсу, қораптан тыс ойлау қабілеті. Біздің ойымызша, икемділік ойлау-бұл мәселелердің ерекше шешімдерін тез таба білу ғана емес, бәрінен бұрын бір нәрсеге деген ескі көзқарастардан бас тарту және шындықтың жаңа заңдарын қабылдау сапасы.

Осылайша, болашақ мамандарды кәсіби даярлау кезінде икемді ойлауды және тиісті икемді дағдыларды дамытуға ықпал ету өте маңызды екені анық.

Студенттер үшін гуманитарлық пәндерді оқу кезінде әртүрлі сабақтарда бірқатар интерактивті әдістер мен технологияларды қолдану ұсынылады:

1) кейс әдісі-қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін кезеңдер;
2) қазіргі білім беруде белсенді қолданылатын пікірталас әдісі;
3) сыни ойлауды дамыту технологиялары;
4) интернет-технологиялар және т. б. [10].

Егер көрсетілген алғашқы үш әдіс пен технология ұзақ уақыт бойы әр түрлі профильдегі мамандарды, әсіресе гуманитарлық, шығармашылық мамандықты, сондай-ақ мәдениет пен бос уақытты оқытуда сәтті қолданылса, онда бұл әдіс педагогикада тек қарқын алады.

Тарих педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы softskills маңыздылығын келесі мысал арқылы жеткізуге болады: білім (не, не үшін) – информация + шеберлік (әрекет: қалай?) + талпыныс (әрекет жасауға деген ынта)=әрекет жасау автоматты түрге жетуі. Softskills (жұмсақ дағдылар): логикалық және сыни ойлау; креативтілік; қарым-қатынас жасай алу; адаптация.

Жоғарғы мектепте болашақ тарих педагогтарын даярлаудағы пәндік құзіреттерін қалыптастыру мәселесі бойынша бүгінгі ұсынылған жүйе үш негізгі мәселемен топтастырып, жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік алды. Бүгінгі күннің мақсаты - болашақ тарих педагогтері білімді, қажетті дағдылары автоматты түрде қалыптасқан маман иелері болуы және алған білімдерін басқаға ұтымды жеткізе алуы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстандағы жоғарғы оқу жүйесі. 2023 ҚР ҒЖБМ "Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК // https://enic-kazakhstan.edu.kz/reference_information/sistema-vysshego-obrazovaniya-v-kazahstane

2. Қазақстандағы жоғары білім беру. 2008–2023 Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA) // https://iqaa.kz/kk/zhogary-bilim/kazakstandagy-zhogary-bilim-beru

3. Александров Ю. И., Александрова Н. Л. Субъективный опыт, культура и социальные представления. — М.: Изд-во Институт психологии РАН, 2009. — С. 16. — 320 с.

4. Ревонсуо, Антти. Введение. Сознание и его место в научном взгляде на мир // Психология сознания / Перевод: А. Стативка, З. С. Замчук. — Санкт-Петербург: Питер, 2013. — С. 13. — 336 с.

5. Жарылгасова П.Е., Кокшеева З.Т. Профессиональная компетентность педагога // Современные наукоемкие технологии. – 2013. – № 7-2. – С. 142-143.

6. Александра Степанова. Искусственный интеллект уже создает музыку, сценарии и стихи. Теперь настала очередь фильмов? [Электрондық ресурс]: 25 августа 2020. – электрондық деректер. – Сайт «Компания RB.RU». – Қатынау режимі: https://rb.ru/story/first-ai-movie/

7.Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [Электрондық ресурс]: 2017 жылғы 12 сәуір. – электрондық деректер. – Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – Қатынау режимі: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

8. DonaldA. Ritchie. DoingOralHistory [Электрондық ресурс]: – электрондық деректер. – Amazon.com сайты. – Қатынау режимі: https://www.amazon.com/Doing-Oral-History-Donald-Ritchie/dp/0195154347

9. Глузман А.В., Горбунова Н.В. Искусство педагогики. Гуманитарные науки. Ялта. 2016; № 4 (36): 11 – 18.

10. Глузман Н.А., Горбунова Н.В. Профессионализм педагога: успешность и карьера: монография. Ялта, 2017.

# ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

**Наршиева Г.А**.
тарих пәні мұғалімі, №1 ЖОББ мектебі,
Ақсай қ., Бөрлі ауданы, БҚО

**Аңдатпа:** Қазіргі уақытта білім беру жүйесіде «құзыреттілігі», «кәсіби құзыреттілік» сияқты терминдерді жиі қолдануда және бұл мәселе өзекті болып отыр. Өйткені уақыт өте келе мемлекет пен қоғам өзгереді, демек, мемлекет пен қоғамның мұғалімге қойылатын талаптары өзгереді. Мұғалімдерде қандай қасиеттер немесе кәсіби құзыреттіліктер тұрақты болуы керек, Жаңартылған білім беру бойынша мұғалімдерге қандай кәсіби құзыреттілік қажет. Педагог әрбір оқушының, өскелең ұрпақтың, қоғам мен мемлекеттің тағдыры үшін жауапкершілікке ие лауазымды тұлға. Бүгінгі таңда мұғалімдердің жұмысының нәтижесі қандай болса, ертең біздің қоғам сондай болмақ.

**Аннотация**: В настоящее время в системе образования все чаще используются такие термины, как «компетентность», «профессиональная компетентность», и этот вопрос становится актуальным. Потому что со временем меняются государство и общество и, следовательно, меняются требования государства и общества к учителю. Какие качества или профессиональные компетенции должны быть постоянными у учителей, какие профессиональные компетенции необходимы учителям в области обновленного образования. Педагог-это должностное лицо, которое несет ответственность за судьбу каждого ученика, подрастающего поколения, общества и государства. Каким бы ни был результат работы учителей сегодня, завтра наше общество будет таким.

**Abstract:** Currently, such terms as "competence", "professional competence" are increasingly used in the education system, and this issue is becoming relevant. Because over time, the state and society change, and therefore the requirements of the state and society for the teacher change. What qualities or professional competencies should be permanent in teachers, what professional competencies are needed for teachers in updated education. The teacher is an official responsible for the fate of each student, the younger generation, society and the state. Tomorrow our society will be the same as the results of the work of teachers today.

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер педагогтің біліктілігі мен кәсібилігін яғни оның кәсіби құзыреттілігін арттыруды өзекті етеді. Еркін ойлайтын, өз қызметінің нәтижелерін болжайтын және білім беру процесін модельдейтін педагог қазіргі білім беру мақсатына қол жеткізудің кепілі болып табылады. Қарапайым тілмен айтқанда мектеп өмір бойы үйретпеуі керек - мектеп өмір бойы оқуға және алған білімдерін іс жүзінде тиімді пайдалануға үйретуі керек, яғни болашақта қажетті негізгі құзыреттіліктерді дамыту, олардың қалыптасу деңгейі, әрине бұл педагогтің құзыретіне байланысты. Оқушыларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда дәл осы құзыретті педагог оң және тиімді нәтижелерді қамтамасыз етеді. Мақалмызда тарих және құқық негіздері пәндері бойынша мұғалімінің

кәсіби құзыреттілікті дамытуды сөз етеміз. Алдымен «құзыреттілік», «кәсібилік» сөздеріне тоқтала кетсек.

Құзыреттілік – сапалы және нәтижелі әрекет ету үшін қажетті заттар мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты берілген өзара байланысты жеке қасиеттердің (білім, білік, дағды) жиынтығы. Құзыретті болу дегеніміз - бұл жағдайда алған білімі мен тәжірибесін жұмылдыру қабілеті.

Кәсібилік – бұл педагогикалық еңбектің бірнеше жағын (іс-әрекет, қарым-қатынас, мұғалімнің тұлғасы) жүзеге асырудың жоғары үлгілеріне қол жеткізу.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі дегеніміз - әртүрлі жағдайларда әрекеттің жүйелі, тиімді және сенімді орындаудағы адамның ерекше қасиеті. Кәсіби шеберлікті игеру үшін тиісті қабілеттер мен өз шеберлігін жетілдіруге дайын болу. Кәсібилік ұғымы жоғары білікті еңбектің сипаттамасымен шектелмейді, бұл адамның ерекше дүниетанымы адам бойындағы адамгершіліктен бастау алады. Адам кәсіпқойлығының қажетті бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту - бұл педагогтің үздіксіз өздігінен білім алуын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіру, жеке кәсіби қасиеттердің дамуына, кәсіби тәжірибе жинақтауға алып келетін кәсіби тәжірибені игеру мен жаңғыртудың серпінді процесі.

Бұл жағдайда мұғалімнің қызметі мыналарға бағытталуы керек:

- жұмыста интерактивті технологияларды қолдану;
- стандартты емес сабақтар өткізу;
- зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылардың өздігінен білім алу қызметін ынталандыру;
- оқушылардың даму динамикасын бақылау;
- ғылым мен мәдениет жетістіктерін насихаттауға;
- қосымша ақпарат көздерін пайдалануды талап ететін тапсырмаларды іріктеу;
- қажетті ақпаратты іздеу бойынша консультациялар өткізу;
- шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды дайындау;
- өз ойларыңызды білдіруге ынталандыру;
- оқу процесінде диалогтық әдістерді қолдану;
- әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеу;
- проблемалық жағдайлар жасау;

Сондай-ақ педагогтің кәсіби құзыреттіліктерінің негізі тетіктеріне мыналар жатады:

- Әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік.
- Жалпы педагогикалық кәсіби құзыреттілік.
- Пәндік құзыреттілік.
- Басқару құзыреті.
- Рефлексивті құзыреттілік.
- Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік.
- Инновациялық қызмет саласындағы құзыреттілік.
- Шығармашылық құзыреттілік.

▪ Қазіргі білім беруді жетілдіру педагогтың үш негізгі құзыреттілікті дамытуымен байланысты:

- коммуникативтік құзыреттілік («өзін-өзі басқару»; коммуникациялық қызметтің нәтижелерін кәсіби түрде жүзеге асыру және бағалау қабілеті, әлеуметтік өзара іс-қимылға дайындығы, әлеуметтік даму үрдістерін бағалау қабілеті, жоғары коммуникабельділік және қарым-қатынасқа дайындығы).

ақпараттық құзіреттілік (аналитикалық жұмысқа қабілеттілік, айқын және стратегиялық бағытталған ойлау, ақпараттық ресурстарды игеру, өмір процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, шет тілдерін білу т. б.);

мәселелерді шешу құзыреттілігі өзін-өзі басқару, қиял, кәсіпорынның мақсаттары мен коммуникациялық бағдарламалар арасында байланыс орнату мүмкіндігі, экономикалық инстинкт.

Мұғалімдердің алдында тұрған қиындықтар өте көп. Бұл мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын, міндеттерін, оқушылардың оқу іс-әрекетінің уәждемесін ескере отырып, қызметтің мақсаттары мен міндеттерін анықтаудағы қиындықтар, оқу қызметі саласындағы педагогикалық қызметтің ақпараттық негізін қамтамасыз етудегі мұғалімнің жеткіліксіз құзыреттілігі. Мұғалімдердің жеке басының ерекшеліктерімен байланысты мәселелер бар: психологиялық, дидактикалық, ұйымдастырушылық және нормативті түрде еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жоқтығымен, нормативтік құжаттармен жұмыс тәжірибесімен, жобалық топта жұмыс істеу дағдыларымен және т. б. Кәсіби құзыреттілік сонымен қатар мұғалімнің қызметте сараптамалық-аналитикалық, болжамдық және ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыруға дайындығымен анықталады.

Анықталған қиындықтарды жеңу жолдарын қарастырыңыз.

**1.** Қиындықтарын түзету бойынша жоспар құру.

**2.** Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

**3.** Мұғалімдердің кәсіби қиындықтарын жеңу үшін мемлекеттік білім беру стандартын ескере отырып әдістемелік дайындықты жүзеге асыру келесі бағыттар бойынша жүргізілуі керек:

✔ қазіргі заманғы талаптарға сәйкес педагогтердің психологиялық және педагогикалық дайындығын арттыру;

✔ мұғалімдер үшін кәсіби-педагогикалық ақпараттың қолжетімділігін дамыту, жаңарту және қамтамасыз ету;

✔ мемлекеттік білім беру жүйесінде қолданылатын жаңа педагогикалық формалар мен педагогикалық технологияларды енгізу.

Тарих және құқық негіздері пәндері мұғалімдерінің жаңа білім беру жүйесін енгізу жағдайында айтарлықтай мәселелер баршылық. Атап айтқанда: мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру; мемлекеттік білім беру стандартын енгізу кезінде білім беру процесіне қатысушылардың барлығының іс-әрекеттерін синхрондау; мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес кәсіби қызметтегі өзгерістер; ыңғайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында әлеуметтік тапсырысты анықтау.

Кәсіби құзыреттіліктің компоненттері:

✔ интеллектуалдық-педагогикалық құзыреттілік – тиімді оқыту мен тәрбиелеу үшін білімді, кәсіби қызметтегі тәжірибені қолдана білу, педагогтің инновациялық қызметке қабілеттілігі;

✔ коммуникативтік құзыреттілік – маңызды кәсіби сапа, оның ішінде коммуникативтік дағдылар, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдылары, экстраверсия, эмпатия;

✔ ақпараттық құзыреттілік – мұғалімнің өзі, тәрбиеленушілері, ата-аналары, әріптестері туралы ақпарат көлемі;

✔ рефлексиялық құзыреттілік – мұғалімнің мінез-құлқын басқару, эмоцияларын бақылау, рефлексия қабілеті, стресске төзімділігі.

Осылайша, кәсіби құзыреттілік үнемі жетілдіруге, жаңа білім мен дағдыларды игеруге, қызметті байытуға деген ұмтылыспен сипатталады. Құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі – өз біліктілігін үнемі арттыруға, кәсіби дамуға дайын болу. Сондықтан мұғалімнің құзыреттілігін арттыру бұл педагогикалық процестің де, жалпы білім берудің де сапасын арттырудың қажетті шарты.

Қорыта айтқанда, педагогтың кәсіби құзыретінің негізге тетіктері – бұл өз жұмысын жаңа шығармашылық тұрғыдан түсінуге деген ұмтылыс, шығармашылық әлеуетті дамыту мүмкіндігі. Құзыретті мұғалім кәсіби, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қасиеттердің жоғары деңгейін бойына жинаған, өз шәкірттеріне қазіргі ғылымның кең мұхитында қажетті білімді табуға үйрете алатын шебер деген ойға келеміз. Ол өз оқушыларын оқуға шабыттандыруы керек. Сондықтанда педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-

қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асыратын, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижелерге қол жеткізетін мұғалімді кәсіби құзыретті деп атауға болады.

**Пайдалынған әдебиеттер тізімі**


1. Аубакиров С.А. Қазіргі заманғы мұғалім //Қазақстан мектебі. №6. Алматы, 2005.
1. Рубцов, В. В. Психолого-педагогическая подготовка учительских кадров для новой школы / В. В. Рубцов //
2. Вопросы психологии. – 2010. — № 3. – С. 57 – 64.
3. Столяренко, Л. Д. Педагогическая психология: [учеб. пособие для вузов] / Л. Д. Столяренко. – Изд. 6-е; стер. – Ростов н/Д: Феникс, 2009. – 541 с.
4. https://bilimainasy.kz/кәсіби-құзыреттілік-және-педагогтың/
5. https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/123456789/6436/alt-chtenia-17-02-2023-2_57-60.pdf?sequence=1&isAllowed=y
6. https://ru.essays.club/Гуманитарные-науки/Педагогика/Мұғалімдердің-өздігінен-білім-379956.html


## ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ


**Раймбекова Ш.Д.**

тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, №5 орта мектеп,Жаңадәуір ауылы, Іле ауданы, Алматы облысы



**Аңдатпа:** Педагогикалық қызметтің ерекшелігі оның қызмет ету құралы мен шарттарының бірі оқушыға берілген білім мазмұнының белсенді авторы ретінде мұғалімнің өзі болып табылады. Қазақстан тарихының мұғалімі рухани жаңару жолында басты тұлға болып табылады, себебі ол азаматтық білімді қалыптастыруға және болашақ тәрбиешілердің патриотизмін қалыптастыруға көмектеседі, жаңа ойлаудың мұғалімдері, сын тұрғысынан ойлау қабілеті бар , күрделі ,өзгеріске толы қазіргі заманғы әлемде жүре алады.

**Аннотация:** Особенностью педагогической деятельности является то, что одним из средств и условий её функционирования выступает личность самого педагога как активного автора содержания передаваемых ученику знаний. Учитель истории Казахстана ключевая фигура на пути духовной модернизации, так как именно он способствует формированию основных гражданских компетенций и воспитанию патриотизма будущих специалистов-педагогов новой формации, обладающих критическим мышлением и способных ориентироваться в столь сложном и меняющемся современном мире.

**Abstract:** One of the features of pedagogical performance is that a teacher himself is an active author of the knowledge transferred to the student, it is one of the tools and conditions for pedagogical performance. The Kazakhstan History teacher is a key figure in spiritual modernization, he promotes formation of the main civil competencies and patriotism education of new future specialists-teachers, who have critical thinking and are able to navigate in the complex and rapidly changing modern world.


Ұшқан құстың қанаты талатын,шапқан аттың тұяғы тозатын байтақ жерімізді мұраға қалдырған ата-бабаларымыздың даңқты тарихын жас ұрпаққа үйрету тарих пәні мұғалімдеріне жүктелген аса жауапты міндет.Бүгінгі мектептегі оқушылар тарих пәнін тек емтиханнан, ұлттық бірыңғай тестілеуден өту үшін ғана керек дегендей ниетте жүреді.Бүгінгі таңда мектепте оқытылатын тарих оқулықтарының сапасы мен мазмұны жағынан да тартымдылығы шамалы болып отыр.Оқушыларды тарих пәніне қызықтыру тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзіреттілігіне,оның біліктілігі мен өз пәнін терең меңгерген білімі мен беделінің болуына қажеттілікті тудырып отыр.Елімізде білім беруді дамытудың 2023-2029 арналған тұжырымдамасы қабылданды,оның ерекшелігі бағдарламаларды жаңартып, қосымша пәндер енгізеледі.Биыл алғаш рет 5 қазан – педагогтердің кәсіби мерекесі

Мұғалімдер күні деп бекітілді,Астанада педагогтердің республикалық I сьезі өтікізіліп, Қазақстан Президенті Қасым- Жомарт Тоқаев «Мұғалім болу қастерлі міндет» атты баяндамасында : «Білім мен ғылым -табысқа жетудің ең басты кілті.Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру өте маңызды міндет»,- деп көрсете келе ширек ғасырда әлемдік пән олимпиадаларынан 12 мыңға жуық жастарымыздың жүлделі орын алғаны педагогтердің қажырлы еңбегінің нәтижесі екендігін атап өтті [1].

Тарихи білім беруді дамытудың жаңа жолдары іздестірілуде.Бұл үшін білім беру ісінде кәсіби құзырлылық қалыптастыру көзделуде.

Кәсіби құзырлылықтың қатарына келесі қабілеттер жатады:

1. Бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық);

2. Мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

3.Оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

4. Коммуникативтік құзіреттілік ( адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

5.Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі бұл мұғалімге өз бетімен әрекет етуге мүмкіндік беретін психологиялық жағдай, белгілі бір еңбек қызметтерін орындау үшін қабілеті мен іскерліктерінің болуы, тұлғаның жалпы мәдениеті мен білімділік деңгейі, педагогикалық қызметті жүзеге асыруда теориялық және практикалық дайындығының және тәжірибесінің, теориялық білім мен практикалық білік-дағдысының болуы, сонымен қатар педагогтың бойында тұлғалық сапаларының болуы өте маңызды [2].В.А.Метаева кәсіби құзыреттілікке мынадай анықтама береді. Кәсіби құзыреттілік бұл педагог тұлғасы қасиеттерінің бірлігі деп сипаттайды. Яғни, кәсіби құзыретті педагог деп - психологиялық, педагогикалық, пәндік білім салаларын игерген, кәсіби біліктілігігі және дағдылары бар, жеке тұлғалық тәжірибесі жеткілікті тұлғаны айтады. Оған қоса педагогтың жұмысы жетістікке жетуге бағытталғандығы жөн. Тарих пәні мұғалімі қажетті білімдер алып, өзін жетілдіруге бейім, өзіне-өзі сенімді, кәсіби маңызды жетістіктерге қол жеткізуге қабілетті болуы шарт [3]. Н.В.Кузьмина кәсібилікті субьект қызметінің сапалы орындалуы деп анықтайды. Яғни, ол кәсіби міндеттерді шешуде педагогтың жаңа құралдарды игеруімен, қолдануымен өлшенеді. Н.В.Кузьмина педагогикалық қызметтің бес функционалды элементін қарастырады:

- арнайы құзыреттілік – терең білімдер, берілетін пән саласындағы еңбек тәжірибесі және біліктілігі;

- әдістемелік құзыреттілік оқушыларға білімді, дағдыны, іскерлікті қалыптастыру саласында көрініс табады. Оқытудың түрлі әдістерін игеруі, білімді игертудің психологиялық механизмдерін білуі.

- психологиялық-педагогикалық құзыреттілік – педагогикалық диагностиканы игеруі, оқушылармен педагогикалық мақсатты қарым-қатынас құру дағдысы, жеке жұмысты жүзеге асыру, жас ерекшелік психологиясын білуі, тұлғааралық және педагогикалық қарым-қатынастың психологиясын білуі;

- дифференциалды-психологиялық құзыреттілік оқушылардың бағыттарын, қабілеттерін анықтау саласында – тұлғалық ерекшеліктерді анықтай алуы, оқушыларға бағыт бере білуі, адамдардың эмоционалды жай-күйін ескеріп, анықтай алуы, жетекшілерімен, әріптестерімен сауатты қарым-қатынас құра білуі;

- аутопсихологиялық құзыреттілік – жеке қызметінің деңгейін сезіне білуі, яғни, өзінің қабілеттерін, өзін-өзі кәсіби жетілдірудің жолдарын білуі, өзіндегі, өз жұмысындағы жетіспеушіліктердің себептерін көре білуі, өзін-өзі жетілдіруге деген талабының болуы[4].

Білім саласында оқушылар құзіреттілігін қалыптастыруда төмендегідей қағидалар басшылыққа алынуда:

1. Білім берудің мәні оқушыларды түйткілді мәселелерді жол тауып шешуге қабілетті, өмірде тәжірибесін пайдалана алатын деңгейде дамытуды көздейді.

2.Білім берудің мазмұны танымдық дүниетанымдық,адамгершілік, саяси т.б. мәселелерді шешудің әлеуметтік тәжірибесін көрсетеді.

3. Білім беру үрдісін ұйымдастыру мәнісі оқушылардың өз бетімен танымдық, коммуникативті, ұйымдастырушылық, адамгершілік т.б. проблемаларды шешу қабілеті қалыптасуына жағдай жасау.

4. Білім беру нәтижесін бағалау оқыту барысындағы оқушының қол жеткізген білім деңгейін көрсетеді.

Білім беруді жаңғырту қоғамның дамуына,мүмкіншілігі мен сұранысына байланысты болады.Мектеп оқушыларды өмірге дайындауы қажет.Тарих пәнінің мұғалімі оқушыларға тарихи мәліметтерді білуге,түсінуіне,тарихи құжаттарға сыни тұрғыдан қарауға,тарихи оқиғаларды талдауға,өзінің азаматтық ұстанымы мен көзқарасын білдіруіне дайындауы қажет.

Нәтижеге жетудің кейбір жолдарына тоқталсақ:

1. Оқиғаларды түсіндіргенде тарихи деректерді пайдаланудың маңызы зор.Мысалы,біздің мектепте тарихи-өлкетану мұражайын аштық, онда ауылымыздың 250 жылдық тарихынан мәліметтер берілген , Алматыдағы Д.А.Қонаев, Ахмет Байтұрсынов мұражайлары мен Есіктегі «Алтын адам» , «Таңбалы тас » сияқты тарихи орындарға саяхаттау оқушылардың тарихи таным деңгейін көтергендігі даусыз.

2. Белгілі бір оқиға немесе тұлға жөнінде дәлелдер келтіру үшін интербелсенді әдістерді қолдану,тарихи көркем және деректі фильмдерді көруге,тарихи әдебиеттерді оқуға кеңес беру.

3. Адамдардың басынан кешкен оқиғаларды ұмытпай ,кейбір заттарды не үшін сақтап жүргеніне түсініктеме беру.Мысалы, Кенесары ханға Марал ишан сыйлаған қасиетті Құранның таяуда табылуы ,оқушыларды бір тебірентіп өтті.

4. Өткен заман туралы әртүрлі деректерді атай отырып,нақты тақырып бойынша оны қалай пайдалану керектігін білу,киіз үй, арба сақтардың аң стилі бұйымдары т.б.заттардың үлгісін жасау

5. Өзінің өткен замандағы тарихын білу қоғамның бүгінгі және болашақтағы дамуына әсер ететіндігін көрсете білу.

6.Тарихты пайдалану ісінде кейде жағымды,жағымсыз көзқарастар болатындығын да ескере отырып,шынайы тарихты жеткізу қажет.Мысалы,Бөкей Ордасындағы Жәңгір ханның тұлғасына ,Кіші Жүз ханы Әбілқайырға т.б. қатысты әртүрлі пікірлер бар екендігіне назар аударту.

Танымдық құзіреттілікті арттыруда пәнаралық байланыстың маңызы зор.Қазақ халқының тарихы ауызша тарих арқылы көбіреке жеткендіктен, қазақ әдебиетіндегі тарихи жыр ,дастандар,аңыз,әңгімелермен байланыстыра оқыту қажет.Мысалы,Жоңғар шапқыншылығында шыққан Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастаны және «Елім-ай» халық әнінің шыққанына биыл екі жүз жыл болды, ел мен жер үшін күрескен батырлар мен хандарымыз туралы халық ауыз әдебиетінде жырлар мыңдап саналады.Тақырыпқа сәйкес Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанынан т.б. үзінді тыңдатып отырудың жастарды Отанымызды сүюге,патриот болуын қалыптастыруға әсер ететіндігі сөзсіз.Тарих сабақтарында тарихи кітаптармен де жұмыс істеп,ғылыми жоба зерттеу әдісін пайдалану танымдық құзіреттілікті дамытып,оқушының зияткерлігінің дамуына жетелейді.Тарихи деректердің сабақта пайдаланылған түрлерінен үлгі ретінде келтірсек**:**

**1.Шыңғыс ханның әскери заңының баптарынан үзінді**

15-бап.Әр ер адам жасақта қызмет етуге міндетті

28 –бап.Әскерлерге жоғары жақтан рұқсат етілмейінше ,жауын талан -таражға салып,заатын алуға рұқсат берілмейді [5].

**2.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабынан үзінді:**

«Күнбатысы -Сырдария,күншығысы- ұзын аққан Ертіс,оңтүстігі- Жетісу өзені,солтүстігі- Еділ,Жайық.Сол төрт судың арасы -заман қадимда «Дешті Қыпшақ » атанған.Қыпшақ жұртының қонысы еді.Сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел тарайды. «Қытай көп пе,Қыпшақ көп пе?» -деп,мақал болған себебі сол[6].

**3. Қожа Ахмет Ясауи : «Диуани хикмет» кітабы, 8- хикметінен үзінді:**

Бұл опасыз дүния барша жұрттан өтеді,
Мақтанбаңдар малыңа, бәрі қолдан кетеді,
Ата- ана, қарындас,қайда кетті ойласаң,
Төрт аяқты «ағаш ат» бір күн саған жетеді[7].

Интернет арқылы да әлемдік білім беру кеңістігіне шығу мүмкіндігін пайдалану маңызды.Оқушылар сабақ үстінде мынандай іс-әрекеттерді жүзеге асыра алуы керек:өзіндік білімін жетілдіру;өзіндік көзқарасын,пікірін айта алу;өмірлік жағдайларға баға беру;сыныптастарымен,адамдармен тіл табысып,ынтымақтаса білу;қиыншылықтарға шыдамдылық көрсету.

Оқушылардың тарихи танымын кеңейту үшін рөлдік ойындардың да маңызы зор.Мысалы атақты ақын,жазушы,қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың туғанына 80 жылдығы құрметіне мектебімізде кездесу өткіздік. Ақынның «Отырар» дастанын оқушылар театр әртістерінен кем ойнамады,ақын атамыз риза болып,батасын берді.

Сонымен, қорыта айтқанда, замануи білім беру жағдайында педагог маман–бұл қай кезде де, ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол-ақпарат көздерін өмірге енгізуге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамға адал қызмет ететін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаларды қалыптастырып,тәрбиелеуші,шығармашыл ұстаз. Ол-оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына кешенді тұрғыда қарайтын зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен практика іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары-адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, парасатты мінез-құлық қасиеттерді бойына сіңірген маман. Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесін әлемдік озық деңгейге бағыттау мақсаты туындап жатқан қазіргі таңда педагогтік мамандыққа қойылатын талаптарға жауап бере алатын, білім мен іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігінің жоғары деңгейіне құзіретті тарих пәнінің маманы болуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 ҚР Президенті Қасым- Жомарт Тоқаев. «Мұғалім болу қастерлі міндет» // газет EGEMEN QAZAQSTAN, 2023жыл, 6 қазан,1-беті .

2. Г.Т.Балакаева. Повышение статуса профессиональной компетентности педагога – стратегический курс образования // журнал Білім берудегі менеджмент, №4 ,2012 ,стр 7-9

3.Е.В.Ильина. Раскрытие личностных потенциалов – важная сторона професссиональной подготовки студентов. // журнал Педагогика және психология, №4, 2010, стр.22-27

4. Метаева В.А. Рефлексия как метакомпетентность. – М.: Педагогика ,№3. 2006, стр. 59

5.Аманжолов К.,Рахметов Қ.Түркі халықтарының тарихы.-Алматы,Білім,1996,217б.

6.Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп.Шығармалар жинағы.-Алматы,Өлке,2014,278б.

7.Қожа Ахмет Ясауи.Жетпіс хикмет.-Түркістан,2017,27б.

## ТАРИХ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ-БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДАН БАСТАЛАДЫ

**Рубилова А.А**.
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№19 мектеп- гимназиясы» КММ тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

**Аңдатпа**: Қазіргі уақытта білім беру жүйесіде «құзыреттілігі», «кәсіби құзыреттілік» сияқты терминдерді жиі қолдануда және бұл мәселе өзекті болып отыр. Өйткені уақыт өте келе мемлекет пен қоғам өзгереді, демек, мемлекет пен қоғамның мұғалімге қойылатын талаптары өзгереді. Мұғалімдерде қандай қасиеттер немесе кәсіби құзыреттіліктер тұрақты болуы керек. Жаңартылған

білім беру бойынша мұғалімдерге қандай кәсіби құзыреттілік қажет. Педагог әрбір оқушының, өскелең ұрпақтың, қоғам мен мемлекеттің тағдыры үшін жауапкершілікке ие лауазымды тұлға. Бүгінгі таңда мұғалімдердің жұмысының нәтижесі қандай болса, ертең біздің қоғам сондай болмақ.

**Аннотация**: В настоящее время в системе образования все чаще используются такие термины, как «компетентность», «профессиональная компетентность», и этот вопрос становится актуальным. Потому что со временем меняются государство и общество и, следовательно, меняются требования государства и общества к учителю. Какие качества или профессиональные компетенции должны быть постоянными у учителей, какие профессиональные компетенции необходимы учителям в области обновленного образования. Педагог-это должностное лицо, которое несет ответственность за судьбу каждого ученика, подрастающего поколения, общества и государства. Каким бы ни был результат работы учителей сегодня, завтра наше общество будет таким.

**Abstract:** currently, such terms as «competence», «professional competence» are increasingly used in the education system, and this issue is becoming relevant. Because over time, the state and society change, and therefore the requirements of the state and society for the teacher change. What qualities or professional competencies should be permanent in teachers, what professional competencies are needed for teachers in updated education. The teacher is an official responsible for the fate of each student, the younger generation, society and the state. Tomorrow our society will be the same as the results of the work of teachers today.

*"Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді, тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады"*

*К.Ушинский*

Қазіргі білім саласындағы жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді толығымен меңгермейінше сауатты, жан-жақты білімді маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің құзыреттілігін, зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани т.б, көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Біліктілігін арттыру курстарынан өткен әрбір мұғалім бірінші қиын тақырыптарымен жұмыс жасауды және жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып нәтижесін қорытындылайды.

Осы мақсатта біздің жұмысымыз мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі оның білімінің жан-жақталығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны меңгеруімен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік қабілеті де жоғары болады.

**Кәсіби құзіреттілік** - деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады.

Тарихи білім берудің тиімді заманауи жүйесін құру дүние жүзі тарихы мен отандық тарих арасындағы оңтайлы тепе-тендікті анықтауды карастырады. «Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 10-11 сыныптардың қиын тақырыптары», «5-9 сыныптардың қиын тақырыптары» атты тарих пән мұғалімдеріне арналған 10 күндік курстар жүргізіліп жатыр. Бұл курстар білім беру бағдарламасы тарих пәні мұғалімдерінің күрделі тақырыптарды зерделеуді ұйымдастыру бойынша кәсіби құзыреттілігін дамытуға, тарих пәні мұғалімдерінің пәндік білімдерін дамытуға қолдау көрсетуге, оқу сабағын тиімді құруға, тарихты жүйелі негізде оқытудың өзекті әдістерін меңгеруге бағытталған, «Тарих» пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұны жағдайында пәнді оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған.

✔ **Бағдарламаның мақсаты:** Тарихи білім берудің тиімді заманауи жүйесін құру дүние жүзі тарихы мен отандық тарих арасындағы оңтайлы тепе-тендікті анықтауды қарастырады.

✔ **Бағдарламаның бағыты:** Тарихи оқиғалар мен процестерді талдау, салыстыру және қорыту дағдыларын, тарихи және мәдени мұраны ұсыну және сақтау дағдыларын, тарихи оқиғалар мен үдерістерге көзқарастарды дәлелдеу, тарихи терминдер мен ұғымдарды, күндерді, кезеңдерді, үдерістер мен оқиғаларды иелену дағдыларын дамыту бойынша пәндік құзыреттерді жетілдіруге бағытталған, тарихи білім берудің жаңартылған

мазмұны аясында жоғары сыныптарда күрделі тақырыптарды оқытудың инновациялық әдістерін оқу мен қолдануда тарихи білім мен дағдыларды практикалық қызметте және күнделікті өмірде қолдану.

**«Өрлеу»** біліктілікті арттыру ұлттық орталығы соңғы жылдары осы курстарды жүргізуге білікті, педагог-шебер, педагог-зерттеушілерді шақыруда. Менің ойымша бұл курсты баламен етене жұмыс жасап, тарих пәнін оқытудын қиындықтары мен мүмкіншіліктерін ішінен біліп, көріп жүрген мұғалімдердің өткенінің артықшылықтары болмаса, кемшілігі жоқ деп сенемін.

**12.09-23.09.2022ж**.күні аралығында «Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 10-11 сыныптардың қиын тақырыптары» курсы облыс тарихшыларының қатысуымен өтті. Бұл курсқа жиналған мұғалімдердің көп бөлігі еңбек өтілі 10 жылдан асқан, жоғарғы сыныптарға сабақ беретін, ҰБТ-ға оқушыны дайындап жүрген, олимпиададан оқушылары жоғары деңгей көрсетіп жүрген ұстаздар қауымы жиналды. Курсқа қатысушылардың құрамында Аталиков Якуб, Алиева Гүлзада, Рахимова Ғалия сынды мұғалімдер болды. Бұл курстың баска курстан ерекшелігі курсты жүргізген орталық әдіскері емес, шебер, зерттеуші санаты бар, білікті, теориялық білімі жоғары, оқушылары ҰБТ- ден жоғары көрсеткіш көрсетіп жүрген мұғалімдер өткізді. Курстың мақсаты 10-11 сынып тарих оқулығындағы қиын тақырыптарды талдауға бағытталған.

Мен бұл курс барысында оқулықтағы киын тақырыптарды оқушыларга жеткізуде, білім берудің тиімді жолдарын үйретуге баса назар аудардым:

1. Сабақ жоспарын жасағанда ең негізгі берілетін ұғымдарды іріктеп алып, сол ұғымдарды үйрету;
2. Тарихқа деген қызығушылығын тереңдету. Ол үшін әр елдің тарихына байланысты сабақты өту кезінде сол елдің ерекшелігін көрсететін, есте қалатындай тарихи, мәдени мұралары туралы айту;
3. Шығармашылық күш қуатын дамытуға дағдыландыру (білім сапасын көтеруде септігін тигізетін қосымша элементтерді енгізу, тарихи деректерді оқып уйрену);
4. Пәнаралық байланыс. Өнер, кино, көркем әдебиет,тарихи шығармалармен байланыстыра өту;
5. Сабақтарға жаңа педагогикалық технологияларды инновациялық бағыттарды әдістер мен тәсілдерді енгізу;
6. Конференция сабақ (әр елдер бойынша берілген хабарлама, баяндама, рефераттарды тыңдау, жұмыстарды қорғау);
7. Сабақтың жүйесіне қарай жергілікті жер материалдарын пайдалану;
8. Әр тараудан соң тест-интервью алу;
9. Әр тоқсанның аяғында өтілген барлық материалдар бойынша зачет алу;
10. Картаны көрсете білу сауаттылығын қалыптастыру.Бірін-бірі картадан оқыту, үйрету арқылы сол елдер туралы түсінігін, қызығушылығын қалыптастыру;
11. Көрнекі және техникалық құралдарды пайдалану;
12. Мұғалімнің мәдениеті, ақыл-ой және адамгершілік бет бейнесі.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сүйене отырып он күн қатарына қоян-қолтық жұмыс жасап мынандай нәтежиге қол жеткіздік:

✔ Тарих әдіснамасын тарихты зерттеу әдістері мен тәсілдерінің жүйесі ретінде түсіну мен қолдануды үйренді;

✔ Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихын оқытудың концептуалдық негіздерін білді және түсінді;

✔ Тарихи концептілер негізінде зерттеуге негізделген оқытуды жоспарлау дағдыларын жетілдірді;

✔ Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар шеңберінде окушылардың сабақта тарихи дереккөздерімен, тарихи карталармен жұмыс істеуін, басқа пәндермен интеграцияланған шығармашылық тапсырмаларды орындауын ұйымдастыру дағдыларын дамытты;

Мұғалімдер тек қана курс бағдарламасы аясында білім алып қана қоймай, курсқа

қатысып отырған басқа әріптестерімен іс-тәжірибелерімен танысты:

- «Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадаға дайындау үшін ұсынымдар» Бауыржан Аймановтың іс-тәжірибесінен;
- «Ғылыми жұмысқа оқушыны дайындау жолдары» Рахимова Ғалия;
- «Тарих пәнін оқытуда ойын әдістерін пайдаланудың тиімділігі» Я.Аталиков;
- «ҰБТ – ге оқушыларды тиімді дайындау жолдары» Делек Базаргүл;
- «Инклюзивті балаларға арналған тапсырмалар» Аманжол Ардақ;
- «Тарих сабағында пікірталасты қалай қолданған жөн?» Ғаниқызы М.;
- «Тарих пәні бойынша соңғы бұйрық бойынша дұрыс ҚМЖ құру жөнінде » шеберлік сабағы Жумаева Рысжан;

Курстан кейінгі қолдау, мұғалімдердің кәсіби өсуіне көмек үздіксіз жүргізіліп отыр. Осы курсқа қатысқан көптеген мұғалімдер аттестациядан өз пәндері бойынша ең жоғары ұпай жинап, өткендігін атап өтуге болады. Курстан алған білімдерін, жаңаша әдіс-тәсілдерді күнделікті сабақтарында қолданып, сабақтарын түрлендіріп өтуде. Курс барысында мұғалімдердің мәдени – демалыс уақытын тиімді ұйымдастыруға аса назар аударылды. Сол мақсатта мұғалімдерді Ә. Кекілбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейіне, тарихи-мәдени мұражайға, Н. Жантөрин атындағы театрда өтіп жатқан II Халықаралық «Әбіш әлемі» фестивалінің ең үздік «Дүние- ғапыл», «Рамео мен Джульетта», «Шәкәрім. Жолсыз жаза» атты қойылымдарына бару бақыты бұйырған тамаша курсты аяқтадық. Мұндай курстарды үздіксіз өткізіп отыру тарих пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға көмектесері сөзсіз.

**КУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ПІКІРІ:**

**Ақтау қаласы №29 мектептің тарих пәні мұғалімі Әндіжанов Әділет:**

Мәнді һәм сәнді өткен бұл курс баршамыздың есімізде ұзаққа сақталары сөзсіз!!! Әлі күнге дейін ойымызда жүр сол курста айтылған идеялар, тың ақпараттар. Ең бастысы әріптестер арасында берік ынтымақтастық аясында өткізген бұл екі аптамыз бәрімізге үлкен тәжірибе болды. Және бір ерекшелік- курсымызға өңірімізге аты мәшһүр һәм тарих саласының майталман сайыпқырандарының қатысуы.Кілең сен тұр, мен атайындар) осы күндерді нәтижелі, шеберлікпен ұйымдастырған тренеріміз Ақмаржан ханымға үлкен рақметімізді айтамыз!!!

**Мұнайлы ауданы №10 орта мектеп тарих пәні мұғалімі Жайылганова Айымгүл:**

Тарих сабағында мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту тақырыбындағы біліктілік арттыру курсы өте пайдалы,олжалы курс болды. Мұғалімге қажетті көптеген дүниелер алдық, тәжірибе алмастық, мұражайға және театрға барып рухани құндылығымызды да толықтырдық. Осындай пайдалы курс ұйымдастырған "Өрлеу"БАО на және куратoрымыз Рубилова Ақмаржан ханымға үлкен алғыс білдіремін. Және алдағы уақытта жалғасын таба берсін дейміз.

**Жаңаөзен қаласы №11 орта мектеп тарих пәні мұғалімі Еспулаев Нұрсұлтан:**

Пәндік құзыреттіліктерді дамыту курсы өте жақсы өтті. Менің ең алғашқы, есте қаларлықтай керемет курстардың бірі. Өте мықты мамандармен ұжымдас болдым, Біліктілік дәрежелері жоғары ұстаздармен бір кемеде отыру өте керемет! Көп нәрсені үйрендім, көп нәрсе өзіме ала алдым. Тәлімгер Ақмаржан ханым курсты өте жақсы алып шықтыңыз, бар ынта жігеріңізді салып жас мамандарға көп нәрсе үйреттіңіз, сізге алғысымыз шексіз!

**И.Жанболатов атындағы №15 мектептің тарих пәні мұғалімі Каримова Бибигүль:**

Еңбегің жемісті болсын.Курстан құнды мәліметтер алып,білімімізге білім қостық. керемет өз ісіңнің маманысың

**«Нұртас Ондасынов атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ тарих пәні мұғалімі Аталиков Якуб :**

Көш бастап білгір бапкер Ақмаржан,
Қостаушысы алғыр маман Бауыржан,
Тарихшылар қыркүйекте бас қосты.
Жайлаған Маңғыстаудың жерінде,
Әсем қала Ақтаудағы,

Өрлеудің кең төрінде!
10 мен 11 сыныптарда,
Тарих пәнін оқыту –
Әдістерін нақтылап,
Білгендерін аямай,
Бір-біріне үйрету –
Болды жиын мақсаты!
Үлкені бар,жасы бар,
Жақыппенен Ғалиядай-
Ардагерлер - басы бар
Орта буын мықтылар,
Жігерлі жас тапқырлар
Осы топты құрады
Көп білімді меңгерді
Хас тарихшы мамандар
Бірінен - бірі керемет
Өз ісінде тарландар
Білімдерің тасысын
Орындалсын армандар!

Курс жақсы деңгейде өтті. Тренер курсқа қатысушыларды қызықтыра отыра, олардың біліктілігін, білімділігін қолдана отыра, курстың құндылығын арттырып, көздеген мақсатына жете білді. Іске сәт!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. «Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (01.01.2022 жылға өзгерістер мен толықтырулармен).URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747 (өтініш берген күні: 04.05.2022).
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726. (өтініш берген күні: 04.05.2022).
4. Алаш-Орда: Сборник документов./ Сост. Н.Мартыненко. А.-А.: Малое издательство «Айкап», 1992. - 192с.
5. Борисов А. Ю., Клейменова Н. Е., Наринский М.М., Сидоров А.Ю. История международных отношений в трех томах. Том 2. Межвоенный период и Вторая мировоя война. / - Москва, МГИМО, 2012. - стр. 510
6. Гомбожапов А.Д. Кочевые цивилизации Центральной Азии в трудах Л.Н.Гумилева. - Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2010.
7. Левшин А.И. Описание орд и степей казахов. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2005. – 212 с. с. 18;
8. Тоқаев Қ-Ж.К. Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1900002019
9. Dudley, P. (2011). How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice [Каким образом Lesson Study определяет основное содержание знаний и обучения учителя для создания значительных перемен в профессиональной практике]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo. https://lessonstudy.co.uk/wp-content/uploads/ 2013/07/Lesson- Study- Handbook -Russian.pdf
10.Гуревич В. Рекомендации по разработке компетентностно- ориентированных заданий.https://pandia.ru/text/78/484/54706.php
11.Зегер ван дер Вал, PhD, «Работа с поколением Y и поколением Z», Назарбаев Университет, Высшая школа образования, октябрь 2018 г., www. zegervanderwal.com
12.История мировых цивилизаций. http://festival.1september.ru/articles/ 526293/

# РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГОВ В ОБЛАСТИ ИСТОРИИ И ПРАВА: АНАЛИЗ И РЕКОМЕНДАЦИИ

**Темірбаев М. Е.**
учитель истории и географии, КГУ «Перцевская основная средняя школа отдела образования города Рудного» Управления образования акимата Костанайской области
г.Рудный, Казахстан

**Аңдатпа:** Бұл зерттеу тарих және құқық саласындағы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету тетіктерін талдауға арналған. Әлемдік және қазақстандық тәжірибені талдау негізінде оқытудың заманауи әдістемелерін қолдануды, сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруды, білім алушылардың қатысуын жандандыруды және білім беру сапасын арттырудың басқа да стратегияларын қамтитын ұсынымдар ұсынылды.

**Аннотация:** Данное исследование посвящено анализу механизмов обеспечения профессиональной компетентности педагогов в области истории и права. Основываясь на анализе мирового и казахстанского опыта, представлены рекомендации, включающие применение современных методик преподавания, организацию внеурочной деятельности, активизацию участия обучающихся и другие стратегии для повышения качества образования.

**Abstract:** This study is devoted to the analysis of the mechanisms of ensuring the professional competence of teachers in the field of history and law. Based on the analysis of the world and Kazakhstan experience, recommendations are presented, including the use of modern teaching methods, organization of extracurricular activities, activation of student participation and other strategies to improve the quality of education.

Современный этап развития казахстанского общества характеризуется быстрой сменой технологии, что обуславливает формирование новой системы образования, предполагающей постоянное обновление. Одним из ключевых факторов успеха эффективного образования является конкурентоспособность всех участников образовательной системы, которая опирается на такие качества, как активность, инициативность, творческое мышление и способность находить нестандартные решения. Поэтому одним из перспективных направлений развития образования в стране становится повышение профессионального мастерства, распространение передового опыта, создание инновационной образовательной среды.

Сегодня образование в Казахстане ориентировано на активного и мобильного педагога, проявляющего инициативу, четко осознающего свои профессиональные цели, открытого для всего нового и оптимистично настроенного по отношению к инновациям. Именно такой педагог сможет эффективно реализовать ключевые направления, отраженные в посланиях и программных документах Главы государства.

В своем послании нации, Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев выделил ключевые направления развития страны в современном глобальном контексте. Одним из важнейших аспектов является образование и подготовка высококвалифицированных кадров. Учитывая стратегические приоритеты, выделенные в соответствующих документах, обеспечение педагогов соответствующей профессиональной компетентностью становится крайне актуальной задачей [1].

Основу данного исследования составляет комплексный анализ научных работ, посвященных повышению квалификации педагогов в области истории и права. В процессе исследования были использованы как отечественные, так и зарубежные исследования, что позволило рассмотреть проблему с различных точек зрения и выделить наиболее эффективные подходы к развитию компетентности преподавателей. Множество работ посвящены педагогическим проблемам компетентного подхода в структуре образовательного процесса. Авторы этих работ включают Т.А. Крюкова, О.Е. Левицкая, Р.П. Мильруд, А.М.Новиков, О.Ю. Перцева, Н.Ф. Радионова, В.В. Сериков, Н.М. Слаутина, П.И. Третьяков, А.П. Тряпицына, Н.В. Фомин, и других.

Дальше в работах зарубежных и российских ученых, таких как H. Spencer, T. Ribot, W.B. Cannon, D. Blum, И.А. Зимняя, Дж. Равен, В.В. Сериков, Н.В. Чекалева, Э.Ф. Зеер, и других,

сделаны глубокие исследования компетентного подхода, который интегрирует предметное и социальное содержание профессиональной деятельности педагога.

Также, проблемам компетентности в педагогической доктрине уделено внимание казахстанскими исследователями, среди которых С.К. Абильдина, С.Б. Абдыгаппарова, С.А. Абдыманапова, А.Е. Абылкасымова, Н.А. Балабанова, А.Б. Бекманова, А.А. Булатбаева, С.А. Жолдасбекова, А.Е. Жумабаева, А.К. Жунусбекова, С.М. Кенесбаева, А.К. Мынбаева, и другие.

Необходимость рассмотрения вопросов формирования компетентности в отечественном образовании и их практического решения диктуется Законом Республики Казахстан «Об образовании», «О статусе педагога», Концепцией развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы, а также другими нормативно-правовыми документами, регулирующих отечественную, образовательную деятельность [2, 3, 4].

В педагогической научной литературе существует различное определение понятия «профессиональная компетентность». Одни авторы считают ее совокупностью знаний, умений и навыков в педагогической и психологической сферах [5]. Другие подразумевают систему представлений о профессионально-педагогической деятельности и ее технологической реализации [6]. Третьи утверждают, что профессиональная компетентность педагогов включает в себя личностные свойства, влияющие на педагогическую деятельность и способствующие ее преобразованию (Занина Л.В., Меньшикова Н.П. и др.). Однако существует мнение, согласно которому профессиональная компетентность - это взаимосвязанный комплекс знаний, умений, навыков, психологических особенностей, профессиональных и аксиологических инвариантов (Деркач А.А. и др.).

Резюмируя данные толкования, Толмачёва Д.Г. подчеркивает, что профессиональная компетентность педагога – это характеристика субъекта педагогической деятельности, который действует в рамках своей профессии. Она определяется внешними нормативами, но предполагает также личностный вклад внутри данного контекста [7].

В современном обществе, где уровень знаний и информированности приобретают ключевое значение, профессиональная компетентность педагогов, специализирующихся в области истории и права представляет стратегическую значимость. Педагоги являются основой развития активных и ответственных граждан, способных принимать обоснованные решения и справедливо оценивать действия, опираясь на знания исторических событий и принципов права.

Сегодня в Казахстане существуют разнообразные, образовательные программы и государственные инициативы, которые активно способствуют развитию и повышению квалификации в различных предметных областях. Эти программы не только позволяют получить новые знания, но и предлагают различные курсы, семинары и тренинги, национальные программы, охватывающие всевозможные аспекты преподавания и методологии обучения.

Участие в международных педагогических обменах и стажировках для профессионального роста педагогов – предоставляют возможность обмена опытом с коллегами из разных стран и открытия передовых педагогических практик.

Участие в профессиональных сообществах и ассоциациях предлагают уникальную возможность обменяться знаниями, поделиться опытом и совместно разработать новые, инновационные методики преподавания. Главным преимуществом участия является научно-методическая поддержка, которая является ценным ресурсом для педагогических кадров. Данная поддержка включает в себя возможность получения актуальных научных публикаций, статей и книг, содержащих последние исследования и анализы в области образовательных тенденций.

Предлагаемые государством образовательные курсы открывают возможности для повышения уровня компетенций и получения новых и полезных навыков для внедрения в учебную практику педагогов.

Система аттестации также является эффективной процедурой, которая проводится с целью оценки компетенций и квалификации педагогических работников. Это важный инструмент регулирования качества образования и повышения профессионального уровня педагогов.

Для повышения профессиональной компетентности педагогов регулярно организуются мастер-классы и семинары, в ходе которых авторитетные лидеры в сфере образования делятся своими знаниями и передовыми методами преподавания.

Участие педагогического персонала в профессиональных сообществах и ассоциациях является важным фактором в обеспечении актуализации знаний относительно последних тенденций, а также овладению передовыми методами развития педагогического искусства под руководством ведущих экспертов данной области.

Зарубежные специалисты в области образования также предлагают разнообразные модели, направленные на улучшение образовательного процесса. Каждая страна разрабатывает уникальные подходы к обучению и воспитанию.

– Финляндия: Критическое рефлексивное мышление. Подход к профессиональному развитию учителей в Финляндии основан на их развитии критического рефлексивного мышления. Учителя регулярно анализируют свою педагогическую практику, обмениваются опытом с коллегами и ведут исследования для улучшения своей работы.

– Швеция: Развитие цифровых компетенций. Швеция активно развивает цифровые технологии в образовании, предоставляя учителям доступ к современным программным средствам и ресурсам. Учителя в Швеции используют цифровые платформы и технологии, чтобы создавать интерактивные уроки, совместные проекты и электронные портфолио. В результате, студенты развивают навыки работы с информацией, критического мышления и сотрудничества

– Сингапур: Использование робототехники в образовании. В Сингапуре робототехника активно внедряется в образовательный процесс. Есть специальные курсы и программы, где учащиеся учатся создавать и программировать роботов. Робототехника помогает студентам развивать навыки логического мышления, проблемного решения, командной работы и творческого проектирования.

– Германия: Непрерывное профессиональное образование. Германия предоставляет разнообразные программы непрерывного профессионального образования для учителей. Это включает в себя курсы повышения квалификации, стажировки и обмены опытом с коллегами из других стран.

– Япония: Педагогические исследования. Японские учителя активно занимаются педагогическими исследованиями, чтобы развивать новые методики и подходы к обучению. Они также проводят учебные семинары и обмены опытом с учителями из других стран.

– Китай: Практика учителей-мастеров. В Китае существует система учителей-мастеров, которые имеют значительный опыт и успешно проходят обучение других учителей. Это способствует передаче лучших практик и методик от опытных учителей к начинающим и помогает повысить общий уровень образования.

– Австралия: Признание компетенций. В Австралии существует система признания компетенций учителей, которая позволяет им получить официальное признание своих навыков и квалификации, что способствует их профессиональному развитию.

– Южная Корея: Индивидуальные программы развития. В Южной Корее каждый учитель имеет персональный план развития, который включает в себя курсы повышения квалификации, участие в профессиональных сообществах и другие мероприятия, способствующие профессиональному росту.

– США: Национальные стандарты образования. В США разработаны четкие национальные стандарты для учителей, которые определяют необходимые компетенции и ожидаемые результаты. Это обеспечивает единый уровень квалификации в образовательной системе.

– Франция: Педагогические исследовательские группы. Французские учителя могут принимать участие в педагогических исследовательских группах, где они совместно разрабатывают новые методики и делятся лучшими практиками. Такие педагогические исследовательские группы являются важной частью французской системы образования и способствуют развитию инновационных методов обучения. Они помогают учителям развивать свои профессиональные навыки и обеспечивают непрерывное профессиональное образование.

Норвегия: Профессиональные стандарты и оценка. Норвегия предлагает четкие профессиональные стандарты для учителей, а также систему оценки, позволяющую им развиваться и повышать свою компетентность.

Великобритания: Профессиональные стандарты QTS. В Великобритании существуют профессиональные стандарты QTS (QualifiedTeacherStatus), которые устанавливают ожидания к компетенциям учителя и требования к профессиональному развитию.

Интеграция международных норм и стандартов в образовательный процесс позволяет подготовить квалифицированных специалистов с глубоким пониманием международной правовой системы и ее влияния на глобальный курс развития.

В свете вышеуказанных факторов предлагаются следующие рекомендации для улучшения профессиональной компетентности педагогов в рассматриваемых областях:

1. Применение современных образовательных технологий и интерактивных методов, что способствует более эффективному обучению.

2. Организация внеклассных мероприятий для расширения кругозора и развития аналитических навыков.

3. Стимулирование учебной активности и исследовательской деятельности в данных областях.

4. Формирование педагогических сообществ для обмена опытом и развития образовательного процесса.

5. Постоянное профессиональное развитие через участие в семинарах и конференциях.

6. Стимулирование критического мышления и аналитических навыков в предметных областях.

Эффективное развитие компетентности педагога истории и права требует постоянного стремления к профессиональному росту, включающая в себя не только знания предметной области, но и овладения современных методов и технологий преподавания, предлагаемых не только в нашей стране, но и во всех развитых государств.

Таким образом, эффективное развитие компетентности педагога в области истории и права предполагает комплексный подход, включающий в себя как углубление профессиональной деятельности, так и формирование восприимчивости к педагогическим инновациям, способности адаптации в условиях меняющейся педагогической среды.

**Список использованных источников**

1. Послание Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2022 года «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество».

2. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании».

3. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI ЗРК «О статусе педагога».

4. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы № 249 от 28.03.2023г.

5. Митина Л.М. Психология профессионально-карьерного развития личности/ Л.М. Митина. — СПб.: Нестор-История, 2019.

6. Годник С.М. Развитие субъектного потенциала личности — реальный гуманизм педагогической деятельности/ С.М. Годник // Факторы и условия становления школьника и студента в качестве субъекта образовательного процесса: сб. ст. / под ред. С.М. Годника, В.И. Хлоповских. — Воронеж: ВГУ, ВГИ МОСУ, 1999. — С. 4–12. Сущность методической компетентности педагога Серия «Педагогика». № 2(98)/2020 109.

7. Толмачёва Д.Г. Методическая компетентность педагога [Электронный ресурс] https://center-yf.ru/data/Kadroviku/metodicheskaya-kompetentnost-pedagoga.php [Дата обращения 16.10.2023г.].

# ТАРИХИ ҚҰЖАТТАРМЕН ДЕРБЕС ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Тынышбаева Л.Ж.**
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер,
Ақтөбе қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** Бұл мақалада білім мазмұнының жаңартылған шеңберінде тарих сабақтарындағы міндеттердің бірі-сабақ барысында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Мұғалім мен оқушының белгілі бір тарихи проблеманы шешудегі ізденісі бойынша ортақ шығармашылық процесіндегі зерттеу жұмысының маңыздылығы көрсетіледі. Осындай оқу процесін ұйымдастырудан күтілетін нәтижес тарихи ойлау дағдыларын дамыту (болжамдарды ұсыну,зерттеу үшін сұрақтарды құрастыру, дереккөздерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру,қорытындылар мен нәтижелерді қалыптастыру,жеке позицияны анықтау) болып табылады. Зерттеу жұмысы барысында оқушылардың әртүрлі тарихи деректермен дербес жұмыс істеу, ақпаратты іздеу, жүйелеу арқылы шығармашылығын дамыту, тарих пәніне қызығушылығын арттыру, оқу сауаттылығын дамытуға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға қол жеткізу мәселелері баяндалады.

**Аннотация:** Одной из задач на уроках истории в рамках обнавленного содержания образования является организация исследовательской работы в процессе урока. В поисках решения определённой исторической проблемы учителям и учащимся важно понимать общий творческий процесс в качестве исследовательской работы. Ожидаемым результатом данного учебного процесса являются развитие навыков исторического мышления (предоставления версий составление вопросов для исследования, анализ источников, сопоставления различных взглядов, формирование результатов и итогов, орпеделение личной позиций). Посредством самостоятельной работы учасщегося с различными историческими материалами , поискам информаций, систематизации в ходе учебного процесса, добиться развития творчество совершенствования интереса к предмету «история», развития учебной грамотностисовершенствования к чтению книг.

**Abstract:** In this article, as part of the updated content of education, one of the tasks in history lessons is considered-the issue of organizing research work during the lesson. The importance of research work in the process of common creativity on the search of a teacher and student in solving a particular historical problem is shown. The expected result of the organization of such an educational process is the development of historical thinking skills (presentation of forecasts,compilation of questions for research, analysis of sources, comparison of different points of view,formation of conclusions and results,determination of an individual position). In the course of the research work, the issues of independent work of students with varioushistorical data, the development of creativity through the search and systematization of information, increasing interest in the subject of history, the development of reading literacy, the desire to read books are highlighted.

Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы пәндері бойынша жаңартылған білім беру мазмұнында оқу бағдарламасына қойылатын міндетті талаптардың бірі- сабақ барысында зерттеу жұмысын ұйымдастыру болып табылады. Зерттеушілік тәсілі негізінде білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуде іске асырылады. Зерттеу тәсілі: ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістерін оқу танымының барлық кезеңдерінде енгізу, яғни қабылдаудан практикада қолдануға дейін, оқу және оқудан тыс іздестіру-шығармашылық қызметті ұйымдастырумен сипатталады.Зерттеу тәсілі тарих пәніне қызығушылықты өрістетеді. Зерттеу жұмысын өткізу мақсаты:оқытылатын бөлім тақырыптарының жекелеген аспектілері бойынша теориялық материалды жинақтау, терең талдау және жүйелеу. Зерттеу жұмысы барысында білім алушылар жеке,жұпта немесе топтарда тақырыптық бөлімнің тоқсанда зерттелген аспектілердің бірі бойынша кіші- зерттеу жүргізеді. Зерттеу тақырыбын білім алушылар тоқсан бойы таңдай алады. Әр тоқсан соңында білім алушылар өз зерттеулерін

аяқтап, әр түрлі формада сынып алдында таныстырады. Бұл баяндамалар, презентациялар, рефераттар, шағын жобалар, мақалалар, эссе және т.б. болуы мүмкін. Зерттеу жұмысы қорытындысы бойынша формативті бағалау қарастырылған**.**

Әдістемелік нұсқау хатта 2021-2022 оқу жылында мерейтойлық күндерге назар аудару ұсынылған, осы мақсатта қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – **150** жылдығына орай сабағымды осы тақырыпқа ұйымдастырдым және тақырып бойынша оқушылар зерттеу жұмысын жасады. 8-сыныпта «Кеңестік Қазақстанның мәдениеті:білім мен ғылым» тарауында «Ахмет Байтұрсынов – ұлт ұстазы» тақырыбына 3 сағат берілген. [1]

| | |
|---|---|
| Пәні | Қазақстан тарихы |
| Бөлім | Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым |
| Сынып | 8 |
| Сабақтың тақырыбы | Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы»<br>**Зерттеу сұрағы**: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай? |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | 8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау. |
| Сабақтың мақсаты | А.Байтұрсыновтың ұстаздық жолындағы шығармаларын талдайды<br>А. Байтұрсыновтың қазақ альфавитін құрудағы іс – әрекетін анықтайды<br>**А. Байтұрсыновтың ғылыми мұрасын және қоғам қайраткері ретіндегі рөліне баға береді**<br>**Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолын біледі,ұлт үшін жасаған еңбегін анықтай алады,қоғамдық-саяси қызметін бағалай біледі** |

Сабақта «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың негізгі міндеттерін зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра отырып қалай іске асырдым. Біріншіден ,әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту міндетін іске асырдым. Ол үшін оқушыларға деректер жинауға тапсырма берілді.

Сабақта арнайы деректерді жинау келесі крийтерилерге сәйкес анықталды;

- Сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне сай болуы;
- Оқытылып жатқан кезеңнің негізгі фактілері мен оқиғаларын бейнелеу;
- Тарихи білімдерді өзектендіруге жәрдемдесу;
- Мазмұны мен көлемі бойынша оқушыларға қызықты,қолжетімді болу
- Оқушыларға белгілі бір эмоционалды әсер ету;
- Әдеби және ғылыми құндылығы зор,ақыл-ой еңбегінің танымдық жетілдіруіне септігін тигізу

«Ахмет Байтұрсынов –ұлт ұстазы» тақырыбында оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыруда төмендегідей А.Байтұрсыновқа қатысты тарихи деректер таңдап алынды.Тарихи құжаттармен дербес жұмыс жасау оқушылардың басты ұғымдары мен білімдерін қалыптастыруға және тарихи ой-өрісін дамытуға жәрдемдесуі тиіс. Сонымен бірге деректермен жұмыс істеу оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға, оқу және арнайы икемділігін қалыптастыруға көмектеседі.

| Тарих дерек түрлері | | |
|---|---|---|
| Құжаттар | Артефакттар | Иллюстрациялар |
| Көркем шығарма, ғылыми еңбектер | Фотоаппарат, көзілдірік | Суреттер, фотолар |

Оқушыларға аудандық орталықтандырылған кітапханадан төмендегі әдебиеттермен танысуға кеңес беремін. С.Тілешов, Д.Қамзабекұлы «Алаш қозғалысы» Энциклопедиялық анықтамалық.Алматы: Сардар баспасы, 2014 жыл, Ғ.Әнес, С.Смағұлова «Алаш Орда» Энциклопедия Алматы: Арыс баспасы, 2009 жыл, Қ.Сақ «Алаш мұрасы» Алматы: Қазығұрт

баспасы, 2014 жыл, «Шамшырақ» алаңы /фейсбугте/, интернет ресурстарды пайдалану.А.Байтұрсынов «Маса» өлеңдер жинағыА.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш».

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін де сабағымда басшылыққа алдым.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады . [3]Тақырып бойынша жұмыс жасау барысында оқушылар «Оқуға құштар мектеп», «Музей сабақтары» жобаларын іске асыруға үлес қосады. Мұражай базасында өткізілген сабақтар білім алушылардың азаматтық және патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін, ой-өрісін кеңейтуге, тарихи және мәдени ескерткіштерге ұқыпты қарауға ықпал етеді. ***«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»*** жобасы оқу сауаттылығы – табысты, бәсекеге қабілетті тұлғаны және оның қазіргі қоғамда коммуникативтік құзыретін қалыптастырудағы базалық дағдылардың бірі. Екіншіден , білім алушылардың тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру міндетін іске асыруды көздедім. Үшіншіден, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдануға бағыттау болып табылады. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту. Сынып оқушыларын 3 топқа бөлдім. 1-топқа берілген тапсырма «Ахмет Байтұрсынұлының –қоғам қайраткері ретіндегі тұлғасына баға беру », 2- топқа «Ахмет Байтұрсынұлы- ағартушы», 3-топқа «Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ тіл білімінің негізін қалаушы» тұлғасына баға беруге арналған тапсырмалар беріледі. Бір топта 5 оқушы жұмыс жасады. Әр топқа берілген бірінші тапсырма сабақ тақырыбын анықтауға арналды. Топ мүшелері өздеріне берілген тапсырманы топта талқылап, жұп болып тақтада қорғады.

**І топ тапсырмасы**

| **Шатасқан әріптердің арасынан 5 атақты адамның тегін тап** |
|---|
| ЦУБАЙТҰРСЫНҰЛЫЕНИНФЫНДУЛАТОВДЖЭЯЧСМИТЬМКАРСЭТПАЕВАЙДАРЮ ЙЦУКЕНЗХЪФЫВАЙМАУЫТОВАПЛОГИТЬБОЛГДЙЦУКБЛНГШЩЗХЪФЫДРАСФЕНДИЯР ОВПРОЛДЖЭЯЕРРОЛНРОШЖҰМАБАЕВРГШСРН |

**ІІ топ тапсырмасы**

| **Тұлғаның өмірбаянына қарап, кім туралы айтылғанын анықтау.** |
|---|
| Өмірбаяннандеректер:<br>1) Ол 1872-1937 жылдар аралығында өмірге келген<br>2) Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті өкілі,қоғам қайраткері<br>3) Қазақ тіл білімі мен ғылымының негізін қалаушы<br>4) Ағартушы, ұлт ұстазы<br>5) «Қазақ» газетінің редакторы |

**ІІІ топ тапсырмасы**

| **Ширату: «Табамыз .Кімнің портеті»** |
|---|
| Конверттің ішінде 4 бөлікке бөлінген портреттер жатыр.<br>Сіздерге тапсырма: бөліктерді құрастырғанда кімнің<br>портреті шыққанын табу |

Тапсырмалар орындалғаннан кейін сыныпқа ортақ тапсырма беріледі. Ортадағы үстел үстіне фотоаппарат, көзілдірік, әліпби, газеттер орналастырылады. Оқушылар портреттер құрастыру арқылы анықтаған қазақ зиялы қауым өкілдерінен, кімге тиесілі екенін анықтайды. Топтық тапсырма арқылы сабақтың тақырыбы анықталады.Үстел үстіндегі заттардың кімге

тиесілі екенін анықтау оқушыларға қиындық тудырмайды, себебі оқушылар зерттеу жұмыстары нәтижесінде заттардың кімге тиесілі екендігі туралы ақпаратпен таныста.

Әр топ өздеріне берілген тапсырма бойынша зерттеу жұмыстарын қорғайды. Бірінші, екінші, үшінші топ оқушылары өз жұмыстарын аудандық кітапхана және аудандық мұражайда таныстырады.

*Тарихи тұлғаға сипаттама бергенде мынадай арнайы жадынаманы қолдану ұсынылады:*

- тарихи қайраткердің сыртқы бейнесін суреттеу;
- тұлғалық белгілерін сипаттау;
- өмірінің ең жарқын маңызды фактілерін атау;
- тұлғаның тарихқа қосқан үлесіне баға беру.

Бұл тарихи тұлғалардың іске асырған ерекше әрекеттерінің білім алушының есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

**I топ «Ахмет Байтұрсынұлы-қоғам қайраткері»**

| |
|---|
| **Біріншіден** ол Алаш қозғалысының қалыптасуына белсене қатысты. Оған дәлел ол Қарқаралы петициясының авторларының бірі. Петицияда көтерілген өзекті мәселелер зайырлы білім беру, ар-ождан, бостандығы және дінге еркіндік және газет шығару туралы айтты. |
| **Екіншіден** Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің редакторы болды. Газет халыққа білім таратушы, олай дейтініміз газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетілмекші деп халықты оятуға кіріскен еді. «Қазақ» газеті 1913 жылы 1913 жылы Орынборда аптасына 1 рет, 1915 жылы аптасына 2 реттен шығып тұрды.Таралымы 3 мың, кей жылдары 8 мыңға жетті. |
| Басылым неліктен «Қазақ» деп аталды? Білесіз ба? **Біріншіден,** жалпы ұлттың мақсаты қазақ халқын топтастырып бір ортаға біріктіру болғандықтан ұлттың атын иемденді |
| **Екіншіден,**ғылыми жазбаларда қазақ аты аталмай қырғыз аталып келгені белгілі, сондықтан туған халқының төл атын қайта оралту мақсатында қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген. Ұлт мүддесі Ахмет үшін бірінші орында болды. |
| **Ахмет Байтұрсынұлы әуесқой фотограф болғанын білесіз бе?** Ахмет Байтұрсынұлының фотоөнерге қызығушылығын оятқан себептерге тоқталғым келеді.Ұстаз жарыққа шығарған ұлттық баспасөз «Қазақ» газетін фотосуретпен безендіріп, деректілігін арттыруда фотоаппарат таптырмас құрал болды. Шәкірттерге арналған мектеп оқулықтарының басылымын толықтырып дайындау үстінде ұлттық тәрбиелік мәні зор, бояуы қанық фотосуреттер тапшы болды |
| 19 ғ аяғы мен 20ғ басында кино фото өнерінің қоғамдағы орны бүгінгі сандық технологиядан мән-мағынасынынан кем болған жоқ.Ұлт ұстазы қолына фото камера алып өз дәуірінің сан алуан қайталанбас тылсым сәтін суретке түсіру қызығушылығы болған екен.**Фото өнер бағытында кәсіби шебер болған**. Фото суретті әзірлеу білте шаммен шығарылды. Қазақ газетін шығаруда пайдаланды. Ұлт ұстазының мұрағатында сақтаулы суреттердің біразы ұлт ұстазының фото өнерін шебер меңгергенін көрсетеді. [4] |

**II топ «Ахмет Байтұрсынұлы- ағартушы»**

| |
|---|
| 1921 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ҚАЗАКСР-і Халық Ағарту комиссариаты жанындағы республикалық академиялық орталықты басқарды. Оның жетекшілігімен орталық ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысты, қазақ мектептеріне арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарды басып шығаруды ретке келтірді. |
| Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы жазылып, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылып шығарылған қазақша әліппе «Оқу құралының » авторы. Бір жүйеге келтірілген , алғашқы қазақ тілі оқулығы «Тіл құрал» ұлт ұстазының қаламынан шықты. Сауатсыздықты жою кезінде жаппай пайдаланылған оқу құралы «Баяншыны» жазды. |
| Ахмет Байтұрсынұлының 1911 жылы Орынбор қаласында «Маса » өлеңдер жинағы жарқ көрді. Ондағы басты идея халықты ояту. қазақ халқын ілім-білімге, әрі мәдениетті қоғам құруға шақыру. Адамгершілікті дәріптеу.Еңбек етуге үндеу. Ақын өлеңдері ағартушылық бағытпен үндесіп, елдің ауыр халін аз да болса да жеңілдету жолдарын ойлайды. |
| Ақынның Оянған ерге, ұмтылған жерде. Еруші аз да, серік кем.Қас білген досты, дос білген қасты.Мұндай елді көріп пе ең. Қыс ішінде бірер қаз.Келгенменен қайта жаз. Деген өлең жолдары ел ішіндегі азын-аулақ зиялы азаматтардың сөзіне құлақ қоюдың аздығына күйінуден туған. |

**II топ«Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ тіл білімінің негізін қалаушы»**

| |
|---|
| Ахмет Байтұрсынов араб жазу негінде жасалған жаңа әліппидің негізін қалаушы.1929 жылы араб әліппиі ауыстырылды.. Бүгінде ол жасаған әліппиді шетелдегі млн қазақтар пайдаланып отыр. |
| Ғұлама ғалым тіл білімі негіздерін және қазақ тілі оқыту әдісін зерттеумен айналысты.1926 жылы ғалымның құнды еңбегі «Әдебиет танытқыш» жарыққа шықты., онда әдебиет тарихы, теориясы мен методологиясы қарасытырылып, қазақ әдебиеттану ғылымының негізі қаланды. |
| «Әдебиет танытқыш» еңбегінің маңыздылығы неде. Біріншіден Өнер , әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек.Ташкент қаласында 1926 жылы басылып шықты. Онда 350 термин сөздер болды, олар ұлт ұғымына жақындатылды. Осының өзі Ахмет Байтұрсынұлының кемеңгер ғалымдығы танылады. Әдебиет танытқыш түркі әлемі үшін де маңызды.Әр буын қайта оралып рухани нәр алатын ұлт өнерінің озық туындысы. [4] |

Тарихи деректердің маңыздылығы ол тарихи материалды нақтылауға, өткеннің жарқын бейнелері мен суреттерін жасауға ықпал етеді.Тарихи деректер арқылы білім алушыларда тарихқа деген қызығушылық қалыптасады. Жаңа фактілерді тарту оларға дәуір рухын сезінуге мүмкіндік береді. Олармен жұмыс істеу кезінде оқушылардың ойлау және қиял процесі белсендіріледі, ұлт тарихи білімді меңгеруге және тарихи сананы дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың зерттеу элементтерімен өзбетінше жұмыс істеу,ақпаратты талдау және алу, өткен және қазіргі тарихи дерек көздердің мәнін бағалау дағдылары қалыптасады.Тарихи ойлау бұл адамның өткенді, қазіргіні және болжамды болашақты ұғынуға бағытталған ақыл-ой қызметі деп анықтама берген И.Я.Леннердің тарихи ойлау құрылымының біріншісі, яғни қоғамдық құбылыс пен оқиғаға сай белгілер мен фактілерді таңдай алу арқылы сипаттама бере алады. [2]

Оқушылар зерттеу жұмыстарын өз ойларын ауызша әдемілеп жеткізіп, көркемдеп жүйелі қорғап шықты.Топта жұмыс жасау дағдылары жетілді, достық, жанашырлық қасиеттері қалыптасуға жол ашты. Оқушылардың танымдық белсенділігі, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері дамыды. Сабақ соңына қарай оқушылар өздері Ахмет Байтұрсынұлы туралы жаңа мәліметтерді ортаға салды. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында түсірілген фильм туралы «Қазақстан» телеарнасы каналы арқылы ақпаратпен танысады. Басты рольді сомдаған Азамат Сатыбалдының пікірін тыңдайды. Рухани-адамгершілік тәрбие мақсаттары іске асады, өзара қарым-қатынас пен білім алушылардың оқу құзыреттілігі, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігі артады, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үрдісін кеңейту бойынша жұмыстарға жол ашады. Кітап оқуға құмар балалар саны артады. Тарихи деректердің интерпетациясы бойынша тапсырмалар әзірлеуде оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеуі олардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, дайындық деңгейін ескере отырып біртіндеп күрделендіруді жөн көрдім. Тарихты оқытуда түрлі тарихи деректерді, аудио және бейне материалдарды, иллюстрацияларды қолдандым.Ақпараттық –комуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету,түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді.

«Ахмет Байтұрсынұлы –Ұлт ұстазы» тақырыбы бойынша оқушылар зерттеу жұмысын жасай отырып нәтижелерге қол жеткізді. Зерттеу барысында оқушылар ынталанды, қызығушылығы жоғарлады, дербес, сенімді жұмыс жасай алды, өз жұмыстарына талапқа сай талдау жасады.

- Мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыру және дамыта оқыту;
- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;

- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану;

- оқу процесінде тарихи құжаттардың фрагменттерін талдау, ақпарат жинақтау және қорытынды жасау, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және т.б. талап ететін тапсырмаларды кеңінен қолдану; - сабақта білім алушының біліміндегі кемшіліктерді уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін пайдалану жүзеге асты.Сонымен«Қазақстан тарихы»,«Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін тарихи концептілер негізінде оқытуда оқушылар өздерінің зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытады және тарихи үдерістер мен оқиғаларды түсінуді үйренеді. [3]

Білім алушылар:

- Болжамдарды ұсынады;
- Зерттеуге арналған сұрақтарды құрастырады;
- Тарихи зерттеуді жоспарлайды және жүзеге асырады;
- Тарихи фактілерді зерттейді және бағалайды;
- тарихи зерттеудің нәтижесін талқылайды, дәйектерді нақтылайды және қорытынды шығару үшін пайдаланады.

Тарихи ойлау әртүрлі деректерден (жазбаша құжаттарды,өнер туындыларын,археологиялық артефактілерді, ауызша және басқада бастапқы дереккөздерді қоса алғанда) өткен тарихи оқиғалар туралы айғақтарды анықтау, сипаттау және бағалау қабілетін болжайды. Ол қажетті ақпаратты алу,негізделген қорытындылар жасау және осы айғақтарды контексте түсіну қабілетін қамтиды .

Оқушының өзіндік ерекшілігі мен іс-әрекет белсенділігіне қарай төмендегіше жіктесек, бала шығармашылық жұмыста осы сатыдан өтеді де біртіндеп іріктеледі, шын шығармашылық тұлға қалыптаса бастайды. Қазіргі заманда оқушыларды ғылыми жоба жасауға баулу – адамның ойлауы мен психикалық және дене күштерінің ынталануын талап ететін бір түрі болып табылады. Ғылыми жұмыстың тиімділігі көп жағдайда адам ой- өрісінің кеңдігіне, білімділігіне, жалпы ақпараттық мәдениетіне байланысты. Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Белсенділікке оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Тарих пәні ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтейтін және қабылдайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуға ниетті тұлғаны тәрбиелеуден көрінетін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттарын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. «2021–2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Аакадемиясы, 2021. –25 б,279 беттер.

2. **Лернер И.Я.** Развитие мышления учасщихся в процессе обучения истории. Пособие для учителей. М.Просвещение 1982. 191 с.

3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары.

4. **С.Тілешов, Д.Қамзабекұлы** «Алаш қозғалысы» Энциклопедиялық анықтамалық.Алматы: Сардар баспасы, 2014 жыл

5. **Ғ.Әнес, С.Смағұлова** «Алаш Орда» Энциклопедия Алматы: Арыс баспасы, 2009 жыл

6. **Қ.Сақ** «Алаш мұрасы» Алматы: Қазығұрт баспасы, 2014 жыл

# ЖЕКЕ ІСТЕР ҚАРҚАРАЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКУМЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ

**Түсіпбек Қ.Е.**
г.ғ.м.тарих пәні мұғалімі, Riviera International School by Quantum, Астана қ.

**Андатпа:** Мақала Орталық Қазақстанда алғаш ашылған педагогикалық техникумда білім алушылардың жеке істеріндегі деректер бойынша жазылған. Негізгі мақсаты архивте сақталған жеке істер арқылы аталған оқу орнына келіп оқуын жалғастырған балалардың қолжазбалары арқылы оқуға қабылдау жүйесі, әлеуметтік жағдайына байланысты шәкіртақы тағайындау, мүмкіндіктер мен жазалау тәртібін анықтау.

**Аннотация:** Статья написана по источникам личных дел обучающихся в педагогическом техникуме, впервые открывшемся в Центральном Казахстане. Основная цель, через личные дела хранящиеся в архиве, через рукописи детей, поступивших в данное учебное заведение, установить систему приема на обучение, назначение стипендий в зависимости от социального положения, возможности и порядок наказания.

**Abstract:** The article is written based on the sources of personal files of students at the first pedagogical college of Central Kazakhstan. The main goal is to identify the system of admission, the appointment of scholarships depending on social status, opportunities and the order of punishment through the examination of personal files stored in the archive and the manuscripts of children enrolled in this educational institution.

Қарқаралы педагогикалық техникумының 1952 жылы 30 жылдық мерейтойына арнайы жазылған кітаптың атауын «Орталық Қазақстанның көшпелі қазақ ауылдары арасындағы тұңғыш совет педтехникумы» деп атайды. Осы атаудың өзі бұл оқу орнының орталық Қазақстанның білім беру жүйесіндегі ерекше статусын бейнелеп тұр. Тура сол жылы 14 желтоқсанда оқу орны Қарқаралы қаласынан Саран қаласына жаңа ғимаратқа көшіріледі.

1926 жылы Қарқаралы педагогикалық техникумы өзінің алғашқы 15 түлегін шығарады. [1, 25 бет] 1930 жылы 30 түлек [1, 32 бет], 1938 жылы түлектер саны 46 мұғалімге [1, 36 бет], ал 1946-47 жылдары 30 халықтық білім беру мамандарын шығардық деп жазады. [1, 48 бет] Осы динамиканы қарап отырсақ оқуға түсушілер саны әр жылда әр түрлі болған. Жалпы жоспарлы экономиканың алғашқы екі бесжылдығында 1929-1942 жылдар аралығында мұғалімдердің қысқа мерзімді курстарын, сыртқы бөлім мен екі жылдық педкурстарды аяқтағандарды қоспағанда 456 түлек шыққан.[1,33 бет]

Қарқаралыда ашылған оқу орнына қазақ ауылдарынан балалар келіп оқуға тапсыра бастайды. 1924 жылдың 15-ші қыркүйегінде 12 мұғалім сабақ беретін 70 білім алушы болған, солардың 50-і шәкіртақы алған. [2] Бұл ауылдан келген балаларға үлкен ынта мен мүмкіндік бергені сөзсіз.

Ауылды жерлердегі балалар орта немесе орталау мектептерден 7-8 жылдық біліммен келген. Осындай мектептер негізінен ірі елді мекендер мен аудан орталықтарында орналасқан. Оқу орнына мектеп түлектері жаз-күз айларында құжат тапсырған. Орта білімін дәлелдейтін құжат болмаса, оқыған жерінің директорынан справка алып келіп оқуға түскен. Жазба құжаттармен қоса білім алушылардың жазған диктант жұмыстары, сөгіс қағаздары және кейбірінде мақтау қағаздары жеке істеріне тігілген. Оқуға тапсырушылардың жеке істерінен байқайтынымыз, білімін растайтын мектеп директорынан справкасы, Қарқаралы педагогикалық техникумының директоры атына өтініші, сонымен қоса қысқаша өмір тарихын жазған. Қысқаша өмір тарихын жазуда, арнайы нұсқаулық болғанға ұқсайды. Бұл жазбаларда мынандай мәселелерге жауап жазған. Ата-анасының революцияға дейінгі әлеуметтік жағдайы, отбасында сотталғандар болды ма немесе барма, оқуға тапсыру сәтінде әкесі қайда, оқу үлгерімі қандай болды, бір сыныпта екі жыл оқыдыма деген мәселелерді анықтап жазған. Айта кететіні, қазақ ауылдарынан келген балалардың барлығы әкем жалшы немесе кедей деп жазады. Бұдан әлеуметтік жағдайды немесе оқуға қабылдануға мүмкіндік пен шәкіртақының тағайындалуына себеп ретінде деп болжай аламыз.

Елдегі қиын жағдайларға қарамастан, білім ошағы жұмысын тоқтатпаған. Ұстаздар мен білім алушылары өңірдің саяси-әлеуметтік өміріне белсене қатысқан.

Соғыс жылдары Қазақ даласын паналап көшкен отбасылар көп болды. Қазақстан территориясына келген балалар әрі қарай білімін жалғастыру мақсатында жергілікті оқу орындарына тапсыра бастағаны анық. Солардың бірі Одесса қаласында 1926 жылы дүниеге келген Шнайдер Анна Львовна болған. 1943 жылдың 2-ші қыркүйек күні Педагогикалық техникумның директорына 2-ші курстан оқуға қабылдауын сұрап өтініш жазады. Толық орта білімі бар екенін, бірақ асығыс эвокуация кезінде білімін растайтын құжаттарын жоғалтып алғанын жазады. Әкесі мен ағасы Отан қорғауға кеткенін, өзі Қарағанды қаласына эвокуацияланғанын және Пархоменко зауытында комендант болып жұмыс жасап жатқанын және сабаққа үлгеретінін хабарлайды. [3, 2-4 бет]

Білім алушылар арасында оқуын белгілі жағдайлармен тоқтатып, кейін келіп қайта оқығандарда болған. Оқу орны оқуға қабылдағаннан кейін, оқушының мекен-жайына директордың қолы қойылған қағаз жіберіп отырған.

1943-44 оқу жылында оқуға түсішілердің арасында Жолдасбаева Зината атты білім алушының жеке құжаты ерекше көңіл аудартады. Қарқаралы қаласындағы қазақ орта мектебін 1941-1942 жылдары аяқтап, қаладағы райпромкомбинатта жұмыс жасап жүргенінде директор Сырымбетовке 2-ші курсқа қабылдауды өтінеді. [4, 11 бет] Оқуға қабылданғанын 1944 жылдың қаңтарында жазған екінші өтінішінде баяндайды. Арадағы бір жылда сотталғанын, кейін айыптауы бұзылып ақталғанын хабарлайды. Бұдан бұлай үлгілі, тәртіпті оқушы болатынын және жұмысы мен оқуын қатар алып жүре аламын деп жазады. [4, 10 бет]

Қазақ балаларының білімін жалғастыруға деген құштарлығы болған. Сонымен қоса қоғамдық өмірде белсенділік танытқандарды қолдаудың белгілі жүйесі болса керек. Белсенді білім алушылардың бірі Алимханова Укшы 1931 жылы Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Сарыөленде дүниеге келген. Абралы ауданында 4 сыныптық оқуды, 8 сыныптық оқуды Қоңырат ауданында Горки орта мектебінде оқыған екен. Орта білімін 4-5 деген отметкакмен оқығанын және комсомол мүшесі екенін ескере отырып 1946 жылы директор Дүрмағанбетовке 2-ші курсына қабылдауын сұрап өтініш жазады. [5, 4-5 бет] Өтінішінде осы уақытқа дейін колхозда жұмысшы болып жұмыс жасайтын әкесінің қолында өскені жайлы айтады. 1948 жылы 16 маусым күнгі №89 бұйрыққа сәйкес оқуын аяқтайды. [5, 2 бет]

Қарқаралы педагогикалық техникумының басты миссияларының бірі: аз уақытта сапалы мұғалімдерді даярлап, өңірдегі ашылып жатқан мектептерде туындап отырған кадр мәселесін шешу болған. Оқуға тапсырушылардың әлеуметтік жағдайы әр-түрлі болды. Әлеуметтік жағдайын оқуға тапсырушы балалар автобиография жазу арқылы жеткізген. Қиындығы бар оқушыларға оқу орны тарапынан көмек көрсетілген болар. Олар әр – түрлі болуы мүмкін, квоталар, льготалар, шәкіртақы дегендей.

1945 жылы 18 қыркүйек күні №89 бұйрықпен Жазымбаева Фируза атты білім алушы оқуға қабылданады. 1930 жылы Қу ауданында кедей отбасында дүниге келіп, Әкесі революцияға дейін жалшы болып жұмыс жасаған. Семей қаласында 1938 жылдан бастап 7 жылдық орталау білім алған. [4, 36 бет] Әкесі 1942 жылы соғыста қаза болғанын және жағдайын ескере отырып 1-ші курсқа қабылдауды сұрайды. [4, 35 бет]

Педагогикалық техникумда ішкі жазалау тәртіптері де болған. Солардың бірі 1945 жылдың 29-шы қыркүйегінде директор Дүрмағанбетовке оқуға қабылдау жайлы өтініш жазған Жексенбаева Мәкен атты білім алушыға берілген. Қарқаралы ауданының Мартбек ауылының тумасы, Сартау орталау мектебінде 7 жылдық білім алған. Өзінің мұғалім болуға құштарлығының барын, әкесі кедей таптан шыққанын жазады. Сонымен қоса отбасында сотталған ешкім жоқ, ал әкесі қазір әскерде деп өзі жайлы ақпарат береді. [4, 40-41 бет] 1948 жылдың 2 қаңтарында №48 бұйрығында сабаққа себепсіз келмегені үшін шәкіртақыдан айырып, қайталанған жағдайда қатаң шаралар болатындығы ескертіліп бұйрық жеке ісіне тігілген. [4, 42 бет]

Қарқаралы педагогикалық техникумы мұғалім кадрлар дайындауда үлкен жұмыс атқарған. Оқу орнына еліміздің басқа да өңірлерінен келіп оқуға түскен. Оқуға қабылдау туралы арыз 1946 жылдың 17 маусым күні Жакенова Балғанымнан директорға келеді.

Арызында Қызыл-орда қаласындағы педагогикалық техникумның 1-2 курсын сырттай бөлімде оқығанын айтады. Алған білімін алға тартып, Қарқаралыда 3-ші курстан оқығысы келетіндігін жазады. [4, 63-64 бет]

1947 жылдың 17 желтоқсанындағы мұғалімдер кеңесінің кезекті отырысында 3-ші курс білім алушылары Кансибаев, Абдильдин, Амирханов, Мустаер, Омаровтарға соңғы ескерту мен қатаң сөгіс шығарады. Бірақта не себепті екенін көрсетпеген. [6, 63 бет]

Қарқаралы педагогикалық техникумына оқуға құштар қазақ жастары көп келген. Оқуға түсерде жазған өтінішінен басынан алдына қойылған мақсат пен қайраттылықты байқауға болады. Солардың қатарында Қазақ КСР ағарту министрінің орынбасары, ағартушы, еңбек сіңірген мұғалім Канафин Ауезхан болды. Қоңырат ауданының орталығындағы орта мектепті мақтау қағазымен аяқтап, 1945 жылдың 24 қыркүйегінде директордың атына оқуға қабылдауға өтініш жазады. Өтінішінде алған білімін дамытқысы келетінін, шамасы келгенше аянбай оқитынын жазады. [6, 91-92 бет]

XX ғасырдың басынан Қарқаралы қаласында жұмыс жасаған педагогикалық техникумдың Орталық Қазақстанның білім жүйесіне қосқан үлесі үлкен. Оқу орнынан түлеп ұшқан шәкірттер биік белестерді бағындырған, халық арасында танымал азаматтар мен азаматшалар болды. Үлкен өмірге, білім саласына деген қадамын нақ осы оқу орнынан бастаған. Жеке істеріндегі қолжазба құжаттарын оқып отырып осы ынта мен білімге деген құлшынысын байқауға болады.

Жеке істер оқу орнының тарихы ретінде қарастыру арқылы оқуға кімдер келді, әлеуметтік жағдайы қандай болды немесе тәртібі жайлы деректер аламыз. Сонымен қоса оқу орнының оқуға қабылдауда, ішкі тәртіпте белгілі бір ережелерге жүгінгенін және осы деректер алқылы сол ережелердің мақсатын түсінеміз.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Орталық Қазақстанның көшелі қазақ ауылдары арасындағы тұңғыш совет педтехникумы 1929-1950жж., 60 б.
2. Абай атындағы Саран гуманитарлы-техникалық колледж музейі қорынан.
3. Қарқаралы ауданының мемлекеттік архиві, Фонд 139, опись 2, дело 81, св.8, 26 б.
4. Қарқаралы ауданының мемлекеттік архиві, Фонд 139, опись 2, дело 61, св.6, 55 б.
5. Қарқаралы ауданының мемлекеттік архиві, Фонд 139, опись 2, дело 49, св.4.
6. Қарқаралы ауданының мемлекеттік архиві, Фонд 139, опись 2, дело 66, св.6, 140б.

## ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Усенбеков М.К.**
Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы тарих және құқық негіздері әдіскері

**Аңдатпа:** бұл мақала тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен қазіргі мектептегі құқық негіздеріне, мұғалімнің кәсіби тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, қойылған міндеттерді тез және сапалы шешуге арналған.

**Аннотация:** данная статья посвящена характеристике профессиональной компетенции учителя истории и обществознания в современной школе, умение педагога быстро и качественно решать поставленные задачи, опираясь на свой профессиональный опыт и знания.

**Abstract:** this article is devoted to the characteristics of the professional competence of a history teacher and the fundamentals of law in a modern school, the teacher's ability to quickly and efficiently solve assigned problems, relying on his professional experience and knowledge.

*Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі*
*Ы. Алтынсарин*

Бүгінгі таңда кәсіби педагогикалық кадрларды қалыптастыру мәселесі өте өткір. Жеке тұйық құрылымдар аясында мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі дайын өнім ретінде толық қалыптаса алмайтыны белгілі болды.

Қазақ қоғамы дамуының қазіргі кезеңі технологияның қарқынды өзгеруімен сипатталады, ол үнемі жаңартуды көздейтін жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуына әкеледі. Үздіксіз білім беруді жүзеге асырудың табыстылығы білім беру жүйесінің барлық субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін сақтай білуіне байланысты, оның маңызды шарттары белсенділік, бастамашылық, шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдерді табу болып табылады.

Сондықтан Қазақстандағы білім беруді дамытудың келешегі зор бағыттарының бірі – кәсіби шеберлікті арттыру, озық тәжірибені тарату, инновациялық білім беру ортасын құру. Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім бастамашыл, өзінің кәсіби мақсаттарын анық сезінетін, барлық жаңалыққа ашық, жаңашылдыққа оптимистік көзқараспен қарайтын белсенді және ұтқыр мұғалімге бағытталған.

Қазіргі жағдайда мұғалім табысты және сұранысқа ие болу үшін кез келген өзгерістерге дайын болуы, жаңа жағдайларға тез және тиімді бейімделуі, кәсіби маман болуға ұмтылуын танытуы, білімі мен біліктілігін үнемі жаңартып отыруы, талпынуы қажет. өзін-өзі дамыту үшін, белгісіздікке төзімділік таныту, тәуекелге дайын болу, т.б. кәсіби сауатты болу.

Бүгінгі таңда тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін арттырудың жаңа талаптар қойылады, олардың тұрақты өсуіне бірқатар әлемдік даму тенденциялары себеп болады:

- қоғамның даму қарқынын жеделдету оқушыларды тез өзгеретін жағдайларда өмірге дайындауды талап етеді;

- мәдениетаралық өзара әрекеттестік ауқымының айтарлықтай кеңеюімен мектеп түлектерінің коммуникативті дағдылары мен толеранттылығы ерекше маңызға ие болады;

- жаһандық мәселелердің пайда болуы мен өсуі жастардан оларды шешу үшін заманауи ойлауды талап етеді;

- қоғамды демократияландыру, саяси және әлеуметтік таңдау мүмкіндіктерін кеңейту мектепті азаматтардың мұндай таңдауға дайындығын қалыптастыру қажеттілігімен бетпе-бет келеді;

- экономиканың серпінді дамуы және жұмыскерлердің кәсіби біліктілігін арттыру мен қайта даярлаудың тұрақты қажеттілігін анықтайтын жұмыспен қамту секторындағы терең құрылымдық өзгерістер, мектеп түлектерінің өмір бойы білім алуға құштарлығы мен қабілеті болады [1 б. 67 б].

Осы талаптарды орындау үшін тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімдері, болып жатқан өзгерістерге икемді жауап беретін, жауапкершілікті қабылдай алатын, өз дамуын құндылық ретінде қарастыратын, үнемі білім алуға қабілетті және дайын тәуелсіз, белсенді мұғалім жүзеге асыра алады. Сонымен, ең алдымен мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға кестеде көрсетілгендей мынадай талаптар қойылады:

| ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ |
|---|
| |
| ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ |
| 1. Педагогикалық бірлескен шығармашылық<br>2. Педагогикалық шеберлік<br>3. Педагогикалық инновация |
| КӘСІБИЛІК |
| 1. Өз білімін, дағдылары мен дағдыларын қажетті нәтижеге айналдыру мүмкіндігі<br>2. Өз жұмысын орындауда жоғары шеберлік дәрежесін көрсету<br>3. Жұмысыңыздың әртүрлі әдістері мен формаларын білу<br>1. 4. Жалғыз кәсіптік қызметте практикалық білімдерін, дағдыларын және дағдыларын жетілдіру |
| ҚҰЗЫРЕТТІЛІК |
| 1. Аналитикалық ойлау қабілеті |

| |
|---|
| 2. Өз міндеттерін орындауға кешенді тәсілді енгізу<br>3. Жеке тұлғаның кәсіби деформациясына қарсы тұру арқылы тұлғалық өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін меңгеру<br>4. Жағдайға сәйкес әрекет ете білу<br>5. Қарым-қатынас және интеграциялық қабілеттердің болуы, қарым-қатынасты сақтау, өз бетінше әсер ету және оған қол жеткізу, бірлескен топтық кәсіби қызметті меңгеру, ынтымақтастық<br>6. Кәсіби қарым-қатынас техникасын білу<br>7. Жұмысыңыздың нәтижесі үшін әлеуметтік жауапкершілік |
| БІЛІКТІЛІК |
| 1. Қызметкердің кәсіби қызметке дайындығы<br>2. Қызметкерде белгілі бір жұмысты орындауға қажетті білім, білік және дағды болуы |


Қазіргі уақытта тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру үшін құзыреттілік парадигмасы мыналарды қамтиды:

- Мұғалімде адам туралы психологиялық білім кешені болуы және оны іс жүзінде қолдану;
- Мұғалім оқушылардың жасына байланысты психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеру;
- Оқу процесінің тұлғалық бағыттылығы (мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы оң болса, педагогикалық процесс жоғары сапалы болады);
- Тұтастығымен, сыншылдығымен, бейнелілігімен ерекшеленетін гуманитарлық ойлау стилі (дүниеге жүйелі көзқарас оқыту іс-әрекетін құрылымдау мүмкіндігін болжау).
- Педагогикалық технологиялар (мұғалім оқушылардың білімді табысты меңгеруіне ықпал ететін инновациялық технологияларды меңгеруге ұмтылуы тиіс – білікті мұғалімнен сауатты оқушыға дейін).
- Мұғалімнің тарихи көз қарасы (тарих және құқық негіздері мұғалімі өзінің кәсіби іс-әрекеті барысында белгілі бір тарихи фактілер бойынша көптеген көзқарастармен бетпе-бет келеді);
- Шығармашылық ойлау және шығармашылық (мұғалім өз жұмысына шығармашылықпен емес, монотондылықпен қарайтын болса, ол кәсіби күйзеліс әсерін сезінуі мүмкін. Жұмыста инновациялық әдістер мен оқыту әдістерін қолдану арқылы мұны болдырмауға болады). [1б.432б.]

## ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

| | | |
|---|---|---|
| Сауалнама | Әдістемелік десант | Онлайн-әдіскер |
| «Сұрақ-жауап» алаңшасы | Ғылыми жоба | Ассоциация отырыстары |

## ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ




## ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ




## ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ ТІРЕКТІ КОММУНИКАЦИЯСЫ






Қорытындылай келе, тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттырудың тиімді жолдардың ең маңызды факторы – мектептегі инновациялық білім беру ортасын құру, ол мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке араласуы арқылы жүзеге асады. Осылайша, тарих және құқық негіздері пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға қатысты қазіргі заманғы кәсіптік білім беру жүйесінің тұтастығы мен бірлігі қағидаларын жүзеге асыру бұл жүйені ашық деп санауға мүмкіндік береді. Мұнда негізгі кезеңдерде бірқатар қағидаттар дәйекті түрде жүзеге асырылады, сондай-ақ динамикалық, үздіксіз кәсіптік білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу үшін жағдай жасау болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту: теория және практика Печеркина А.А. Сыманюк Е.Е. Умникова Е.Л. 2011 ж

2. 16. Асмолов А.Г. Тұлға психологиясы: жалпы психологиялық талдау принциптері: оқу құралы. жоғары оқу орындары үшін / А. G. Асмолов. – М.: ММУ баспасы, 1990. /367 б.

3. 31. Выготский Л.С. Жинақталған шығармалар. 6 томда / Ред. Эльконина Д.Б. – М.: Педагогика, 1984. 4-том. – 432 б.

4. 57. Исламғалиев Е.Ғ. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі (социологиялық талдау): Диссертациялық... Ph.D. әлеуметтік Ғылымдар – Екатеринбург, 2003. – 176 б.

5. 80. Маслоу А. Адам психикасының алыс шекаралары. – Петербург: Петр, 1997. – 521 б.

6. 130. Татур Ю.Г. Білім беру нәтижелерін өлшеу мен бағалаудың объективтілігін қалай арттыруға болады // Ресейдегі жоғары білім.–2010 No5.–Б.5-12.

7. Competence: Inguires into its Meanning & Acguisition in Educational Settings / Ed. E.C. Short. – N.Y.; Univ. Prese of America, 1997. – 84-185 p.

8. Reid K., Hopkins D., ets. Towards the effective school : the problems and some solutions / K.Reid, D.Hopkins, ets. – Oxford, 1987. – 307 p.

9. Schelten A.Einfurung in die Berufspadagogik. Stutgard, 1991. – 290 p.

## ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧИТЕЛЯ ИСТОРИИ, КАК КРИТЕРИЙ УСПЕШНОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ШКОЛЕ

**Щелкун С.С.**

педагог-модератор, КГУ «Большевистская основная средняя школа отдел образования Житикаринского района» Управления образования акимата Костанайской области, село Тургеновка

**Андатпа:** Мақалада педагогикалық қызметтің негізгі тұстары қарастырылып, жалпы мұғалімдердің және атап айтқанда тарих және құқық пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін меңгеруге бағытталған жұмыстардың нақты мысалдары келтірілген.

**Аннотация:** В статье рассмотрены основные моменты педагогической деятельности, приведены конкретные примеры работы, направленные на владение профессиональными компетенциями педагогов в целом и учителей истории и права в частности

**Abstract**:The article discusses the main points of pedagogical activity, provides specific examples of work aimed at mastering the professional competencies of teachers in general and teachers of history and law in particular

Большое внимание на современном этапе в национальной политике образования уделяется инновациям. «Основным социальным условием реформирования системы образования Казахстана, средством подготовки к ней является широкое инновационное движение. Одним из стратегических направлений внедрения новой модели образования Казахстана…является формирование учителя». [1]

Инновация, инновационное движение, инновационный проект, инновационная деятельность в школе давно стали притчей во языцех и широко используются в педагогическом лексиконе. В данной статье инновационная деятельность педагога, представляется как основа механизма обеспечения профессиональной компетентности педагога в области истории и права.

Основой процесса формирования личности педагога современной школы является его направленность на непрерывное обучение, профессионально-личностное саморазвитие и самосовершенствование – образование на протяжении всей жизни. Для этого необходимо сформировать новое педагогическое мышление – желание и умение мыслить и действовать по-новому, самостоятельно, творчески, в духе времени, преодолевая ранее сложившееся представления и стереотипы.

Учитель всё активнее становится субъектом процесса непрерывного образования. В этой связи, ориентир на потребности учителя – это один из основных ресурсов роста профессионального мастерства кадров в условиях реформирования системы образования. [2]

Сегодня заинтересованный, творчески подходящий к работе учитель, а особенно учитель истории, потому как история это непрерывный процесс и учитель истории обязан знать события прошлого, владеть информацией о настоящем, учить детей смотреть в будущее – имеет массу возможностей познакомиться с новыми методами преподавания, выбрать оптимальные для себя и использовать их на практике, тем самым осуществляя инновационную деятельность у себя в школе, таким инновационным скачком может стать проект «Развитие критического мышления через чтение и письмо» на уроках истории и права. Данная технология представляет научно-обоснованную, практически проверенную систему преподавания и большое количество интересных, эффективных методов обучения и познания. Её использование вдохновляет учеников, даёт им силы, вовлекая их в сложный процесс мышления, требующий анализа, сравнений, оценки. Применение методов проекта помогает ученикам не только приобрести большой объём знаний, но и развиваться в критически мыслящих и активных граждан.

Неотъемлемое требование программы – принимать и ценить разнообразие мнений и взглядов в классе. При традиционной организации работы, когда столы и парты выстроены в ряды, в классе трудно вести диалог. Методы РКМЧП (развитие критического мышления через чтение и письмо) предполагают изменение привычной обстановки в классе для поощрения работы в парах, в больших и малых группах. Одноклассники лучше узнают друг друга, раскрываются такие стороны их индивидуальности, которые трудно увидеть в традиционной модели «учитель – объясняет, ученик слушает». Совместная работа учащихся стимулирует активное участие каждого ученика в работе класса. Роль учителя меняется, он становится посредником и проводником.

Преподавание акцентируем на обогащение словарного запаса, через стратегии «ассоциации», «мозговой штурм», расширение общих знаний. Учащиеся учатся пониманию

посредствам прогнозирования, наблюдения. Дети выступают в роли мыслителей (откуда я это знаю?), участников создания текста (что это значит?), пользователей текста (что я могу с этим сделать?), аналитиков и ценителей (чем это важно для меня?). Методы и приёмы, используемые программой для развитие критического мышления через чтение: учить мыслить, развивать речь, абстрагироваться, учить слушать собеседника, товарища, обогащать свой словарный запас.

Читать можно трояко – читать и не понимать, читать и понимать, читать и понимать, что написано между строк.

Что даёт письмо человеку, ученику, работающему в данном проекте? Письмо – это способ общения, источник и способ передачи информации поколениям. Письмо даёт голос маленькому человеку, позволяет быть услышанным, учит выражать свои мысли, отстаивать свободу интереса, пополняет словарный запас, способствует проницательности, усиливает любознательность, улучшает читательские способности, письменный ответ становится сильным обучающим элементом. Любой ученик может писать чудесные вещи, здесь даётся шанс блеснуть каждому. Стратегии ПОПС, метод Джигсо, метод Инсерт, «Эссе» повышают активность детей, грамотность, а главное умение применять свои знания в жизни. [3]

РКМЧП не ограничивается фактами и знаниями как таковыми, а акцентирует внимание на практическом их применении. Цель обучения-вырастить самостоятельных, независимых мыслителей, стремящихся к знаниям в течении всей жизни. Учитывая индивидуальные особенности детей проект даёт возможность достичь успеха в жизни.

Учитель состоится только в том случае, если будет постоянно в поиске, работать над собой, самосовершенствоваться.

Почему президент ставит задачу подготовки педагогических кадров новой формации? Мы строим совсем другое общество, живём в условиях конкуренции. Теперь, если учитель не будет выдавать конкурентноспособную продукцию, то не сможет сохранить за собой рабочее место.

Если на вопрос «Чему учить?» можно найти ответ в государственных общеобразовательных стандартах, то на вопрос «Как учить?» ответ надо искать в профессиональной подготовке учителя, умении использовать новые технологии, чётко видеть свою конкретную цель, в мастерстве формирования ребёнка – как полноправного члена мирового информационного общества.

Педагог новой формации – это педагог, способный реализовать идеи компетентностного образования, ориентированного на результат.

Учитель новой формации должен обладать как общей, так и профессиональной культурой, включающую культуру педагогического мышления, труда, общения, речи, знания, положений дидактики, основ возрастной и педагогической психологии, теории проектирования учебных программ, применение современных информационных подходов в процессе обучения и воспитания. Уровень образованности учителя должен быть не на голову выше, как это считалось всегда, а уже на две головы – это требование времени.

Педагог новой формации – это специалист, владеющий не только системой предметных знаний, умений и навыков по той или иной отрасли научных знаний, но и системой технологии обучения, средствами и методами управления учебной деятельностью учащихся, направленной на приобретение компетенций и жизненных навыков.

Следует заметить, что в современном образовании, наряду с традиционном подходом к обучению, существует инновационный подход, который ставит учащегося в центр процесса обучения, что соответствует результатам теоретических изысканий многих учёных, как например: Г.Б. Корнетова, И.Я. Лернера, Г.К. Селевко и др. Разработанные ими теоретические положения о личностно – и гуманно ориентированном образовании нашли своё отражение в педагогической практике учителей новаторов В.А. Сухомлинского, Ш.И. Амонашвили, В.Р. Шаталова и др. Это были не смотря на множество последователей, энтузиасты-одиночки.

И представим наглядную разницу между традиционными учителями и учителями новой формации, сравним их по нескольким параметрам:

- Отношение учителя к знаниям, которые должен усвоить учащейся: Традиционный педагог является носителем предметных знаний, умений и навыков, однажды и на всю жизнь приобретённых; Педагог новой формации становится проводником создающим условия для развития учащихся, для их самосовершенствования;

- Условия, в которых знания усваиваются учащимися: Традиционный педагог обязан передать учащимся знания в обработанном, готовом виде для усвоения; Педагог новой формации обязан создать учебную среду для учебной деятельности учащихся по приобретению новых знаний, оказать поддержку учащимся в решении учебной проблемы;

- Характер взаимоотношений учителя с учащимися: Традиционный учитель строит субъектно-объектные отношения доминирует над учащимися; Педагог новой формации стремится к субъектно-субъектным отношениям, к равноправию, партнёрству;

- Результат учебного процесса: При традиционном обучении ценится количество усвоенных учащимися знаний, умений и навыков; При новом подходе – приобретённые учащимися компетенции и жизненные навыки.

Таким образом – педагог новой формации это специалист, владеющий не только системой предметных знаний, умений навыков по той или иной отрасли научных знаний, будь то история, право или может быть другой предмет, но и системой технологий обучения, средствами и методами управления учебной деятельностью учащихся, направленной на приобретение компетенции и жизненных навыков. [4]

Профессиональные компетенции современного педагога в области истории и права достаточно чётко прописаны в государственных стандартах об образовании, где имеется определённая «рамка профессиональных компетенций педагога» это и есть своего рода определённый механизм обеспечения профессиональной компетентности, в нём прописано следующее:

- профессиональные ценности; педагог выполняет свою профессиональную деятельность на основе уважения и ответственности, честности и справедливости

- профессиональные знания; педагог понимает педагогические подходы качественного обучения на основе знаний стратегических документов в области образования, культурных ценностей и теории обучения

- Практика преподавания/ обучения и воспитания; педагог планирует образовательный процесс, организует безопасную, благоприятную среду для всех обучающихся/воспитанников и обеспечивает достижение целей обучения и воспитания

- Профессиональное развитие; педагог управляет собственным профессиональным ростом и развивает компетенции для эффективной педагогической деятельности.

Таким образом подводя итог по всему вышесказанному можно констатировать следующее – современного учителя истории должны отличать творческий подход к педагогической деятельности, глубокие знания в области предметной и методической подготовки, активная жизненная позиция, гражданственность и патриотизм, умение ориентироваться в лавинообразных информационных потоках и информационно-коммуникационных технологиях, адаптироваться в социальной и профессиональной сфере, стремление к личностному и профессиональному росту, поэтому понятие «профессиональные компетенции учителя истории и права» мы рассматриваем с позиции системного подхода и определяем как актуализированную систему ценностей, умений и навыков в психолого-педагогической и историко-методической областях знаний, способную воплощаться в педагогической деятельности учителя.

**Список использованных источников**

1. Муканова С.Д. Образование, ориентированное на результат: единство и многообразие/ С.Д. Муканова//Открытая школа. – 2005. - №4(41)
2. Научно-методический вестник «БІЛІМ-ИНФО». – 2010. - №1(22)
3. Информационно-методический журнал «Открытая школа». – 2007. - №9 (70) ISSN 1729-5351
4. Научно-педагогический журнал «БІЛІМ-ОБРАЗОВАНИЕ». – 2008. - №5(41)

# ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА АКТ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

**Утегенова Г.Т.**
тарих пәнінің мұғалімі, М. Жүнісов атындағы ЖОББМ, Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы

**Андатпа:** Тарих сабағының неғұрлым тиімді жаңа түрлерін пайдалану оқушы белсенділігін арттыруда зор маңыздылығын айта келе, өз педагогикалық қызметімде пайдаланып жүрген білім беру технологияларына тоқталғым келеді. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілген сабақтарда оқушылар өзін бесенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Тарих сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өзіндік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. Тарихшы ұстаз АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап, интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолана білсе, интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс.

**Аннотация:** Я знаю, что урок истории имеет большое значение для расширения возможностей изучения новых видов истории, и знаю, что он уже появляется в моей педагогической работе.
На уроках, проводимых с помощью информационных технологий, учащиеся могут вести себя активно и свободно, на равных с учителем. Внедряя информационные технологии на уроках истории, можно повысить активность урока, реализовать идею развивающего обучения, провести урок быстро, увеличить объем самостоятельной работы. Учитель-историк должен уметь готовить презентации для различных занятий с использованием ИКТ, владеть функциями интерактивной доски, пользоваться Интернетом, электронной почтой, электронным учебником, глобальной информационной системой.

**Abstract:** I know that the history lesson is important for expanding the learning of new types of history, and I know that it is already appearing in my teaching work. In lessons taught with the help of information technology, students can behave actively and freely, on an equal footing with the teacher. By introducing information technologies in history lessons, you can increase the activity of the lesson, implement the idea of developmental education, conduct the lesson quickly, and increase the amount of independent work. A history teacher must be able to prepare presentations for various classes using ICT, master the functions of an interactive whiteboard, use the Internet, e-mail, an electronic textbook, and a global information system.

Соңғы кездері бүкіл әлемде мектептегі білім беру пәндік білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі бағдардан қазіргі заманғы негізгі құзыреттіліктерді немесе 21 ғасыр дағдыларын дамытуға жағдай жасауға көшуде. Ұстаз бойындағы мына құзыреттеріне ерекше назар аударылады: шығармашылық, сыни ойлау, коммуникация және ынтымақтастық.

Өз кезегінде, бұл негізгі құзіреттіліктер адамның негізгі білімі мен дағдылары немесе базалық сауаттылығы, оның ішінде АКТ сауаттылығы болған жағдайда ғана дами алады. АКТ сауаттылығы – дербес компьютердің не екенін, бағдарламалық өнімдерді, олардың атқаратын қызметтері мен мүмкіндіктерін білу, «оң жақ түймелерді басу» мүмкіндігі, компьютерлік желілердің бар екендігі туралы білім.

Қазіргі қоғамдағы ақпараттық технологиялардың рөлі тез өсуде. Сондықтан табысты әлеуметтену үшін компьютерлік сауаттылық негіздері жеткіліксіз, практикалық және кәсіби мәселелерді шешу үшін ақпараттық технологияларды пайдалана білу маңызды. Сондықтан АКТ құзыреттілігі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігіне айналады.

